

МЫРЗАГЕЛДИ КЕМЕЛ

ЕКІ ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

БІРІНШІ ТОМ



“КАЗЫҒҮРТ”
АЛМАТЫ
2013

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-4
К 29

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Тіл комитетінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында
тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған
мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды*

Кемел Мырзагелді.

К 29 Екі томдық шығармалар жинағы / Мырзагелді Кемел. – Алматы:
«Қазығұрт» баспасы», 2013.
1-том. – 848 бет.

ISBN 978-9965-22-459-1

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Мырзагелді Кемелдің руханият әлеміне бойлайтын, парасаттылыққа, имандылыққа, арлылыққа үндейтін көптеген кітаптары жарық көрген.

Бұл екі томдықтың бірінші томында Конфуцийдің, Луций Анней Сенеканың, Толстойдың, Шәкәрім Құдайбердіұлының, энциклопедист-жазушы Әбіш Кекілбаевтың, этнограф-ғалым Акселеу Сейдімбектің, тарихшы ғалым Қойшығара Салғараұлының шығармашылығы жайлы еңбектері мен «Абзалдық әліппесі», «Өзіме сабақ» атты көсемсөздік шығармалары берілген.

Кітапты жоғарғы оқу орындарының филология, журналистика, философия, элеуметтану, педагогика, психология және өзін-өзі тану пәндерінде қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-4

ISBN 978-9965-22-459-1 (Т.1)
ISBN 978-9965-22-458-4

© Кемел М., 2013
© «Қазығұрт» баспасы», 2013

БЕТАШАР

Жарық дүниеге келген пенденің арман қумауы қандай мүмкін болмаса, арманға жетуі де сондай мүмкін емес.

Бірақ, аз тындыру бар, көп тындыру бар, қол қусырып құр отыру бар. Көп тындыру үшін құлық керек, білік керек, ыждаһат керек. Құлық жарыққа талпынған жан иесінің бәрінде де бар. Оның жүзеге асуы, дегенге жетуі білікке байланысты: Білік тапқан кісі ыждаһат та таба алады.

Білік – сана иесінің басты қасиеті. Бірақ, оны молайту үшін бір басыңның көрген-білгені аздық етеді. Қанша темір өзек жан болса да, адамзаттың әлденеше ұрпағының ауызын күйдіріп, ақылын молайтқан ащы-тұщының бәрін бір басынан өткеріп үлгерер ұзақ ғұмыр сүруі мүмкін емес. Сондықтан есті құлақ замандастарының ауызына, есті көз бұрынғылардың жазуына үніліп бағады.

Қолыңыздағы кітапты сондай есті құлақ пен есті көз тудырған екен. Әлбетте ол екеуі бір басын емес, көптің қамын қамдай жүретін қайырымды пиғыл иесіне тән келеді.

Шығарманың әр бетінен, әр сөйлемінен сондай бір пәтуалы рахым лебі, парасат әуезі жібектей есіліп тұрады екен.

Тірлікке жаңа ұрпақ жетіліп келіп жатқан, бұрынғы бар ұрпақтың өзі тағдыр мен тарихтың талай таразысынан қайта өтіп жатқан қазіргідей кезеңде бұл тіптен керек кітап.

Қазір қайсымызға да, ақша да, басқа да қат болғанымен, ең басты қат нәрсе – ақыл. Жанашыр достың ақылы. Көргені көп кемелдің, жеткені көп беделдің немесе солардың тереңіне бойлай білген зерде мен зейіннің айтатындары.

Бұл сондай ыждаһатты зерде мен ысылған тәжірибенің жиынтығындай шынайы шығарма. Ағын суға кері ағызбай, уақытпен бірге алға адымдататын абзалдық әліппесі. Кәріге де, жасқа да бірдей қастерлі кітап. Өйткені, өмірдің алдында бәріміз шәкіртпіз. Ендеше, бұл кітапты оқып шығыңыз. Ғасырлар бойы ауызы дуалылар жақ жаппай баршамыз үшін – бүгін жер басып жүргендеріміз үшін де, бұл дүниеге бізден соң келетіндер үшін де қапы жібермей қадағалай тыңдайтындай қып айтып келе жатқан ғибрат сабағына тағы да бір құлақ тосыңыз. Өкінбейсіз. Ақылдың артық болмайтынына тағы да көзіңіз жете түседі.

Жер бетінде сіз уайымдағанның бәріне дәл өзіңіздей толғанып, дәл өзіңіздей тебіреніп жүрген тағы бір парасат иесі бар екеніне көңіліңіз бітіп, бір кенеліп қаласыз. Кітап авторына дән разы боласыз.

Әбіш Кекілбаев

КОНФУЦИЙ

Біздің дәуірімізге дейінгі жетінші ғасыр мен біздің дәуірдің он жетінші ғасыры арасында бүгінгі өркениеттің негізі қаланған. Осы аралықта жер жүзінің әр мәдени өлкелерінде бір мезгілде және бір-біріне байланыссыз адамзаттың рухани өрлеуі жүзеге асқан, жаңа таным туындаған. Сол танымды ұсынушылар ретінде Будда, Заратуштра, Палестиналық иудей пайғамбарлары мен Грекиядағы алғашқы философтар танылса, солардың бел ортасында қытайлықтар Лао цзы мен Конфуцийдің аты аталады.

Неміс философы Карл Ясперс: «Адамзат тарихында ерекше бір мерзімдер болады, болашақ өркениеттің тағдыры соған байланысты өрбиді», – дейді. Оны өзекті жылдар деп атайды.

Ясперстің бұл теориясының дұрыстығына жоғарыда айтқан өрлеу жылдары дәлел бола алады. Бұл теорияны қабылдамағанның өзінде де адамзаттың ұстазы болған ұлылар қатарында Конфуций ең басты тұлғалардың бірі болып қалары анық.

Еуропалықтар Конфуций деп атап кеткен Кун-цзы біздің дәуірімізге дейінгі 551 жылы дүниеге келген. Оның әкесі төменгі аристократтар тобына жатқанымен қоңыртөбел күн кешкен, әскери қызметте болған. Ержүректігімен, адалдығымен, мемлекет ісіне берілгендігімен көзге түскен.

Бірінші әйелінен 9 қыз көрген Шулянь Хэ күндікке келген қызға үйленіп, ол ұл туған. Ол кезде оның жасы жетпіске таяп қалған болатын. Бала қол-аяғы кемтар болып туылған. Көне қытай тәртібінде дене кемшілігі бар бала мұрагер деп есептелмеген. Хун әулетінің ұрпағы жалғаспай қалу қаупі шындап туғанда Шулянь Хэ белгілі Янь әулетінің кіші қызына құда түсіріп, үйленеді. Сол некеден туған балаға Цю деп ат қояды. Цю Хунге Чжун Ни деген лақап ат қосылады. Екі жасында әкесі өліп, әкесінің туыстарынан көп қысым көрген ана мен бала көптеген қиындықтарға ұшырайды. Цю бала жасынан рәсімдік жөн-жоралғыларды жақсы көреді, оны зерттей бастайды. Ол он жетіге келгенде отыздан жаңа асқан анасы қайтыс болады.

Кун-цзыдың бойы ұзын – 1 метр 91 сантиметр болған, бас құрылысы ерекше екен. Маңдайы қайқы, басы үлкен әрі буылтық-буылтық болған.

Бірде төменгі аристократтар тобына жататын бір ауылдасы банкет жасайды. Оған 17 жасар Конфуций (Кун-цзы) де барады. Қақпа алдында қарсы кездескен үй иесінің «сені ешкім шақырған жоқ» – деген сөзі жетімдігі мен кедейлігін мезегенін түсінген ол маңдайға соққандай әсермен кері қайтады. Осы оқиғаны ол өле-өлгенше ұмытпайды, сон-

дай мінездің өзінде болмауына тырысады және өз үлгісімен өзгелерді де солай болуға тәрбиелейді.

Үйленген соң Конфуций астық қоймасында есепші, соңынан жайылым қараушысы болады.

Зерттеушілер Конфуцийдің ең алғашқы қанатты сөзі деп 28 жасқа келгенде Лу патшалығының бас храмында құдайы беру рәсімі кезіндегі мына сөздерін үлгі етіп айтады: «Ол әр рәсімнің, жөн-жоралғының қалай атқарылуы жөнінде қайта-қайта сұрай береді. Оған: «Сен рәсімдердің тәртібін білмейсің бе, неге қайта-қайта тәптіштеп сұрай бересің?» – дейді. Сонда Конфуций: «Бұндай орында тәптіштеп сұраудың өзі рәсім емес пе?» – деген екен». Бұл ой кейіннен ұстаз Кунның оқыту тәсілінің негізіне айналды десе боларлық. «Егер білемін десең, онда, білемін деп айт, егер білмейтін болсаң, онда білмеймін деп айт» – деген афоризм осы ойдың дамуы секілді.

Бір кездері Кун-цзы жеті ішекті музыка аспабы цинде ойнауды үйренуден дәріс алады. Өзіне-өзі қатаң талап қоятын, қай іспен айналысса да, табандылық пен ыждаһат танытатын ол оқудың он күні өткенде тек алғашқы аккордтарды қалай алуды мұқият үйрене бастайды. Оқытушы: «Сен бұны меңгеріп алдың, келесі әуенге көшейік», – десе ол: «Мен әуенді игергенмен, оны орындау мәнерін игерген жоқпын», – депті. Аз уақыт өткеннен кейін: «Сен әуеннің орындау мәнерін де игердің, жаңа әуен үйретейін», – десе, «Мен оның әлі ішкі тереңдеріне үңіліп үлгермедім», – деп жауап беріпті. Тағы біраз мерзім өткен соң «Бұл әуеннің ішкі иірімдерін де игерген боларсың, келесі әуенге көшейік», – деген оқытушы сөзінен кейін Конфуций ұзақ ойға шомыпты. Сөйтіпті де: «Мен осы әнді жазған адамды көзіме елестетіп отырмын. Бұны жазған кісінің дүниенің төрт бұрышынан хабары бар адам екен, сірә, бұл әнді Вэнь-ван жазған болар» – деп әуенге қарап авторын дәл тауыпты. Бұл мысал – оның кез келген істі осындай дәрежеге дейін терең зерттеп, бойына сіңіруге ұмтылатынының дәлелі.

Конфуцийдің кезінде білімді деп алты өнерді меңгерген адамды айтады екен: рәсімдерді дұрыс орындай алатын, музыканы түсінетін, садақ ата білетін, арба айдауды білетін, оқи білетін және математиканы білетін (есептей білетін). Ол осы алты өнерді де жете меңгерген.

Конфуцийдің «он бес жасымда оқуға ұмтылдым, отызымда кісілікке жеттім, қырықта күдіктерім жойылды, елуде Аспанның сырын түсіндім, алпыста менің түйсігім тереңдеді, жетпісте шектен шықпай өз жүрегімнің қалауын жасауды үйрендім» – деген сөзі бар.

Кун-цзы отыз жасына қарай тұлға ретінде қалыптаса бастайды. Осы жасқа дейін ол ескіқытай мәдениетінің жетістіктерін толық зерттейді,

бұл білім оған кейінірек цзиндердің бес кітабы деген кітаптар топтамасын жазуға негіз болады. Олар: «Өзгерістер кітабы», «Тарихи құжаттар кітабы», «Өлең кітабы», «Дәстүрлер туралы кітап», «Көктем мен күз кітабы, яки біздің эрамызға дейінгі 721-480 жылдардағы оқиғалар тізбегі» деп аталады. Осы жастарда Конфуцийдің этикалық-философиялық көзқарасы негізінен қалыптасты. Олар жэнь (мейірімділік, адамды сүю) және ли (ереже, этикет) концепциялары. Бұнда ли жэньнің ең жоғарғы көрінісі ретінде қаралады.

Конфуций «орта жолмен жүру» идеясын ұсынды. Ол Аспанның ырқына бағыну керектігін насихаттауға саяды. Кейбіреулер түсіне алмай «конформизм» деп жүрген – «шенеуніктер билеушінің айтқанынан шықпасын» – деген ойын Ғарыш көлеміндегі, яғни кең көлемдегі үндестікке жету деп қабылдаған жөн.

Конфуций ілімінің діңгегі болып оның рәсімдер толықтығын сақтау идеясы есептеледі. Байсалдылық, әр нәрсені өз кезегінде орындау өмірінді рахатқа кенелтеді дейді ол. Табиғат пен адамды бірдей қарайтын тәртіп болуы керек, ол барша тірлікте болатын өрлеу заңының жетілуіне әкеледі дейді.

«Егер заң арқылы басқарсаң, жазалау арқылы реттесең, халық аяғын тартады, бірақ ұятты сезінбейді. Егер ізгілік арқылы басқарсаң, оны дәстүрге айналдырсаң, халық ұялып қана қоймайды, көндігуге тырысады», – дейді.

Өз елінде Конфуцийдің абыройы уақыт санап артқанымен, билік саласында биіктерге жете қойған жоқ. Бірде билеуші Цзин-гун Конфуцийді қабылдап, сөйлеседі. Бірақ қызмет емес, сыйлық береді. Сыйлық билеушіге тәуелді ететінін білген Конфуций одан бас тартады.

Кейінірек жасы елулерге келгенде Конфуций кейбір мемлекеттік қызметтерді де атқарды: Чжунду қаласына билеуші, кейінірек Жоғарғы соттың кеңсе басшысы болып қызмет етті. Бірақ билеуші топтың ақылдыға деген махаббаты көктемдегі мұз секілді өзгергіш, төрт жылдай билік саласында қол қызмет атқарған ақылман сарайды тастап шығады, тіпті Лу патшалығынан Вэй патшалығына өтіп кетеді. Одан кейінгі он төрт жыл қызмет іздеп, қаңғумен өтеді. Су патшалығына, одан Чэнь патшалығына өтіп, екі жылдан соң Чу патшалығына, одан екі жылдан кейін қайтадан Вэй, соңынан Лу патшалығына қайтып оралуға мәжбүр болады.

Өмірінің соңын өзіне шын берілген шәкірттерінің ортасында өткізген «ұрпақтың ұстазы» Конфуций біздің эрамызға дейінгі 479 жылы 73 жасында дүние салады.

Бүгінде, дүниеден өткеніне екі жарым мың жыл өтсе де, Конфуций ілімі ұмытылмақ емес, қайта жаңарып, жасара түсуде. Мына сөздер

бүгінгілерге де жол көрсетіп тұрғандай: «Егер Аспан астында жол көрінсе, қатардан қалма, жол болмаса – жасырынып қал. Елінде көрініп тұрған жол болса, кедей және елеусіз болып қалудан ұял, егер жол болмаса, онда бай әрі көрнекті болудан ұял».

Он сегізінші ғасырдың ағартушы философтары жер жүзінде Қайырымдылық пен Ақыл патшалық етеді деді. Он тоғызыншы ғасыр ақылмандары: «Ғылым дамыса, барлық әлеуметтік проблемалар шешіледі» десті. Олай бола қоймағанына жиырмасыншы ғасыр дәлел. Ақыл пайда емес, орасан зиян келтіруі де мүмкін екенін, ғылымның дамуы қару-жарақтың жер-жүзін қиратуға қабілетті жаңа түрлерінің пайда болуына әкеліп соққанын өмірдің өзі көрсетті. Жауапкершілік сезімі біздің өшпенділік пен зорлық-зомбылыққа бейімділігімізден төмен болып шықты. Мақсатты мақсатқа жету құралы алмастырғысы келді, ғылыми-техникалық дамудың жетістіктеріне қуана қол соғып отырып, адамзат сол ақыл-ой жемісінің құрбаны болуға айналды. Автомашина өмірді жеңілдеткендей болса, оның мың жылға дейін бөлшектенбейтін түтіні озон қабатын ыдыратып, адамзатты қасиетті Күннің зиянды сәулесінен қори алмайтын жағдайға апармақшы. Бұрынғылардан храмдар мен мешіт-кесенелер қалса, бүгінгі ұрпақтан соңғыға полигондар мен залалданған жер қалатын сияқты. Батыс философтары дәуірдің тоқырау белгілерін түсіндіргенде, оған халықтың жақсы өмір көксіп жер-жерде көтеріле беруі себепкер десе де, бұл адамзат өркениетіндегі терең рухани ауытқудың нәтижесі екені айдан анық.

Атақты психолог Карл Юнг индеецтердің: «Барлық американдықтар – есуастар» – дегенін таңырқай жазады. Неге олар бұлай деп есептейтінін білгісі келген Юнгтың сұрағына олар: «Американдықтар басымызбен ойлаймыз дейді, дұрысы адамдар жүрегімен ойлауы керек. Біз жүрекпен ойлаймыз» – деп жауап берген екен. Сол айтқандай, ұлы ойшыл Конфуций ілімінің осы кезге дейін әспеттелуі кезінде жүрекпен ойлағандықтан десек жарасар.

Конфуциандық Қытайда «синьшу» – «жүрек техникасы» деген бағыт бар. Оны игергендерге адамдар арасындағы сенім, шыншылдық пен жарқын жүзділік тиесілі деседі.

Бүгін біздің өмір сүріп отырған ортамыз адам үшін керектінің бәрін орташа қамтамасыз етуге жетерлік. Тек бөліс дұрыс болуы керек. Әлеуметтік қорғау шындап жолға қойылған елдерде ең аз табыс пен ел бойынша орташа табыс арасы 1,5-2 еседен аспайды. Бүгінгі батысшылдардың пікірінше, алдыңғы қатарлы елдердің әр тұрғынының тұрмыстық жағдайы орта ғасырдағы ең бай адамдардың халінен артығырақ. Адамдар жақсы тұрмысқа әбден үйреніп, одан да жақсы бола берсін деп талап

қоюда. Осы кезеңде бүгінгі ойшылдар жағдайы жақсы кісі жағдайы нашарға көмектессін, бай елдер кедей елдерге жәрдемдессін, адам баласының бәрі бірдей, сондықтан бәрі бірдей қамсыз өмір сүруге құқылы деген формуланы ұсынып отыр. Конфуций заманында осындай ұсыныс болуы тіптен де мүмкін емес еді.

Бүгінгі өркениеттің қатаң ритмінде, ауа райы жылынып, адам жүрегі суынып бара жатқан кезде біз қаншама жақсы өмір сүріп, ғылыми-техникалық дамудың нәтижесінде қолымызды жылы суға малып қана отырсақ та, жаяу жүрмесек те, бабалар көрген тұрмыстық қиындықтың бірде-бірін көрмесек те, өмірді толығымен сезінуден қалып, жаратылыс біртұтас екенін ұмытып барамыз.

Осы тұрғыдан қарағанда біз: «біздің білім үшін жұмсаған ақылымыз қайда, біздің ағартушылыққа жұмсаған біліміміз қайда» – деп Томас Элиоттың айтқанына қосылудан басқа амалымыз жоқ.

«Кім шектен тыс тырысқақ және икемді болса, ондай адам өзгені айыптауды жақсы көреді, кім тоқтаусыз сөзшең болса, ол өзгелерде өшпенділік туғызып, өзін қауіпке итермелейді. Бірақ ұл боп туған адам тек өзі туралы ғана ойламауы керек». Бұл сөзді қытайдың тағы бір ақылманы Лао цзы Конфуциймен кездескенде айтыпты деседі.

Конфуцийден сұрапты: «басқарудың мәнісі неде?»

– Патша – патша, құл – құл, әке – әке, ұл – ұл бола білсе, басқарудың мәні осы», – деп жауап беріпті. «Басқару – байлықты үнеммен жұмсау», – депті тағы да.

Конфуцийдің үш мыңдай оқушысы болыпты. Ол оқушыларын алты өнерді білумен қатар білімділікке, мәрттікке, адалдыққа және берілуге үйретіпті. Оған мына төрт кемшілік жат екен: күңкіл-сүңкілге сену, үзілді-кесілді сөз бен қимылға құмартпау, кесірлік және менмендік. Ұстаз пайда туралы, тағдырға үңілу жайында көп айтуды қаламаған. Тамақты шектеуге, ұрысқа ынтықпауға, аурудың алдын алуға мұқият көңіл бөлген. Ауыл адамдарының ішінде қарапайым болып, қызыл сөзге құмартпаған, ал сарай ішіндегі әңгімелерге қызу араласқан, бірақ қысқа сөйлейтін болған. Жоғарғы қызметтегілермен сөйлескенде табанды, төмендегілермен жұмсақ сөйлескен. Ескірген ет пен балықты жемеген. Қайғы болған жерде тамақтан ауыз тиіп қана қоятын болған. Жылаған күндері өлең айтпаған. Қайғы жамылған кісіге, көзі көрмейтін адамға ерекше құрмет көрсеткен.

«Мінезін жақсартқысы келмегендерді, оқығанын түсінбейтіндерді, өз сеніміне ермейтіндерді, кемшіліктерін жоюға тырыспайтындарды көргенде қайғы шегемін», – дейді екен.

Ғажайып нәрсе жөнінде, күш көрсету жайында, бұлғақ туралы, жын-перілер жайлы ештеңе айтқысы келмейтін.

Конфуций өзінің ұрпақтарына болашақ жөнінде таңғажайып болжамдар да тастап кеткен. Мұны Қытай билеушілері екі жарым мың жыл жасырын зынданда ұстап, ешкімге көрсетпей келді. Құпия сақталған сол құжатта ақылман Иса пайғамбардың дүниеге келетінін 500 жыл бұрын болжап жазып кеткен. Америка құрлығының ашылуын болжаған, қайда орналасқанын, көлемін шамалап көрсеткен. Жиырмамыңшы ғасырда өкіметті халық арқылы басқару, яғни демократия жүзеге асырылатынын, жаңадан ашылған құрлықтың билеушілерімен қытай елінің аралас-құраласы ХХ ғасырдың үшінші бөлігінде барып жүзеге асатынын, Қытай сол ғасыр соңында ең ұлы мемлекетке айналатынын жазған.

Ол туралы Янь Юань айтады: «Қараған сайын биіктейді, үңілген сайын тереңін сеземін, түбіне жете алмаймын, бірде алдымда тұрғандай болып тұрып, бірде артыма шыққандай, бірде жанымда сияқты, бірде ұзап кеткендей. Бәрін бірден ашып көрсетпейді, адамды еліктіріп әкетеді, көзімізді ашқандай, дәстүрлер мен рәсімдерді сақтай біледі. Күшім азайып бара жатса, маған жақындағанын сезінемін. Артынан көз жұмып ерейін десем ере алмаймын», – дейді.

«Аспанға қол жайып біреуді айыптамадым, төменгі істермен айналысып, Жоғарыға жеттім», – дейді данышпан.

«Өзіңді таза қалпымда сақтаймын деп өмірден алшақтама, ештеңемен айналыспай ортаңнан қол үзіп қалма», – дейді.

Конфуцийді Сы өзенінің жағасына жерледі. Оқушылары үш жыл қара жамылды. Кейбіреулері мазар басында алты жылға дейін қалды. Бірте-бірте оның төңірегіне жүздеген үйлер қоныстанды.

Вольтер Конфуций туралы былай депті: «Қытай Үкіметі төрт мың жыл ішінде халықты алдамай-ақ басқаруға болатынын, ақиқат Құдайға қызмет етуді алдаусыз жасауға болатынын, соқыр сенім пайдасыз ғана емес, дін үшін де зиянды екенін көрсетті және көрсетіп келеді. Құдайды құрмет тұту ешуақытта Қытайдағыдай таза әрі киелі болған емес. Мен халықтық секталар туралы айтып отырғаным жоқ, әңгіме билеушінің діні туралы да емес немесе барлық соттар мен қара халыққа жатпайтын барлық адамдардың діні туралы да айтып отырғаным жоқ. Осынша ғасырлар бойы Қытайдағы ізгі ниетті адамдардың барлығының дінінің беріктігі не себеп? Меніңше ол діннің жолы қысқартып айтқанда: Аспанға бағын және Әділетті бол».

Біз Конфуций деп атайтын ұлы Кун-фу-цзы кейде көне замандағы заң шығарушы ретінде, діннің негізін қалаушы ретінде қаралатыны жиі кездеседі, бұл – үлкен қателік. Кун-фу-цзы салыстырмалы түрде айтсақ ең алғашқы діндерден кейінірек өмір сүрген. Ол ешқандай табынарлық

нәрсе жасамаған, жаңа рәсім шығармаған, өзін ешуақытта Құдай өкілі немесе пайғамбар атамаған, ол тек адамгершіліктің көне тәртіптерін бойына жинаған, жүйелеген, өзінен кейінгілерге жеткізген.

Ұстаз балық аулайтын, бірақ ау салмаушы еді, ол қонып отырған құсқа оқ атпаушы еді.

Атқорасы өртенгенде ұстаз: ешкімге зиян келген жоқ па? – деп сұрады. Аттар жөнінде ештеңе сұрамады.

Ұстаз төсекте жатқанның өзінде өліп қалған кісі секілденбей жинақы жататын. Өз үйіндегілермен отырғанда қонақ күтіп отырған кісінің кейпін кимеуші еді.

Ол адамдарды қорлықты кешіруге және тек ізгілікті есте тұтуға, өзін-өзі ұдайы қадағалауға және кеше жіберген қатені бүгін жөндеуге шақырады. Өз сезімін ауыздықтау және достықты қолдау, бергенде көп бермеу және алғанда да аса зәрліні ғана алу, жарамсақтанбау жолын ұсынады.

Ол «өзіңе жасағың келмеген қиянатты өзгеге де жасама» деп үйретпейді, оны зұлымдыққа тыйым жасау ғана деп түсіндіреді, одан да көбіректі, биігіректі қалайды: «өзіңе қалай жасағанды қаласаң, өзгеге де соны жаса» – дейді.

Ол тек қарапайымдылыққа ғана үйретпейді, бағынуға, бар ізгілікті қолдауға үндейді».

Міне Вольтердің Конфуцийді түсіну деңгейі осылай.

Орыстың ұлы перзенті Лев Толстой Конфуцийдің үлесі мол ілімін былайша мақұлдайды:

«Шын ілім адамдарды биік ізгілікке үйретеді, ол – адамдардың жаңаруы. Биік жетістікке жету үшін:

1. бүкіл халықтың тұрмысы жақсы болсын.

Ол үшін:

2. отбасының жағдайы жақсы болсын.

Ол үшін:

3. жеке өзіңнің жағдайың жақсы болсын.

Ол үшін:

4. жүрегің таза болсын.

Ол үшін:

5. шыншыл бол, ой саналылығы болсын.

Ол үшін:

6. жоғары сатылы білімің болсын.

Ол үшін:

7. өзінді өзің зертте.

Ақылды адам өзі жалғыз қалғанда да өзіне сақ, ол қашан да тепендік пен келісімді сақтайды. Оны барлығы бірдей біліп, құрметтемесе де ол оған өкінбейді. Оның ісі елеусіз жасалып-ақ ұзаққа жетеді.

Адам жетілудің үлгісін өзінен табады. Ізгі кісі өзін жетілдіргенімен өзгеден соны талап етпейді. Өзін жетілдіруді қиынсынған кісі алдамшы жолға түскен кісідей: ылғи аландаумен, бақытты сәтті күтумен болады. Адам ізгілікке жетсе, садақ атып, тимей қалғанда межелеген нәрсеге емес, өзіне өкпелеген мерген сияқты, сәтсіздік бола қалса өзгеге өкпелемейді. Жетілуге ұмтылған адам ұзақ жолды біртіндеп өтетін, тауға өрмелегенде төменнен бастаған адам сияқты.

Тоғышар адам бір іс туралы оны білмей тұрып пікір айтады, менмен кісі мәселенің шешімін өзі айтуға ұмтылады. Ізгі кісі үшін мәселенің ірі-ұсағы болмайды, ол ең майда мәселені де байқаусыз қалдырмайды, соның өзін жетілу дәрежесіне жеткізуге тырысады. Ол өзінің ескі білімін бағалайды және оны толықтырып отырады.

Ізгі адам мынаны уайымдайды: әркім өз жүрегін ұдайы тыңдайды, онда ешқандай есуастық қалмауын ойлайды.

Ізгі адам өзгенің көре алмайтын нәрсесін көреді. Аспан әрекетінде жарық та, дыбыс та, иіс те жоқ. Ол тек ізгі кісіге көрінетінінің себебінің өзі сондықтан».

Бұл – қытай ілімінің Толстойға еткен әсері. Конфуцийді адамзат жаратылғалы биік ақыл деңгейіне жеткендердің ең ұлысы деп бекер атамаған. Бұл ілім ескірмейді, ұмытылмайды, қашан болсын ілгері жетелеуін қоймайды. Оның қасиетінің өзі осында.

Конфуций соңына көптеген еңбектер қалдырған. Соның ең көрнектісі «Луньюй» – «Қанатты сөздер» деп аталады. Енді сол кітаптың ішінен теріліп алынған маржан сөздерге құлақ түріңіз.

Ұстаз айтты:

Оқып үйрену мен оқығаныңды қайталап, кемелденуге ұдайы ұмтылудың өзі қуаныш емес пе? Алыстан келген досыңа өзің барып амандасқаның жөн емес пе? Ізгі адам деп елге танымал болмағанына өкінбеген адамды айтпаймыз ба?

Ұстаз айтты:

Әкені құрметтейтін, үлкенді қадір тұтатын адам билеушіге сын айтпайды. Билеушіге өшікпеген адам бүліншілікке құмартпайды. Ізгі адам осының түбіріне үңіледі: әңгіме әкеге құрмет пен үлкенді сыйлау – адамгершіліктің негізі екенін, бүкіл болашақтың тағдыры осында жатқанын түсіндіруде жатыр.

Ұстаз айтты:

Сан құбылған мәнермен, күлмедеп сөйлеуге құмарлардың адамгершілігі аз болады.

Ұстаз айтты:

Адамдар үшін адал қызмет ете алдым ба? Мінез-құлқым жұртқа жайлы ма? Достарыммен қарым-қатынаста адалмын ба? Маған үйреткенді қайталап айтып, өнеге алып отырамын ба? – деп мен өзімнен күніне үш рет сұраймын.

Ұстаз айтты:

Тізгін ұстар болсаң, мыңдаған әскери күшің болсын, істе мұқият бол, әділ бол, адамның қамын ойла, қаржыны үнемді жұмса және адамдарды тиімді еңбекке жұмылдыра біл.

Ұстаз айтты:

Егер кімде-кім ізгілікті сезімнен биік қойса, әке-шешесіне беріле қызмет етсе, патшаға қызмет жолында өзін құрбан етуге дайын тұрса, достарына адал болса, сауаты болмаса да, оны ғалым десе жарасады.

Ұстаз айтты:

Егер жақсы кісі тамақ үстінде қанағатшыл болып, қалайда асқазанды толтыруды мақсат тұтпаса, өз тұрмыс жағдайы үшін көп бас қатырып, дүниеқоңызданбаса, істі шебер де шапшаң бітіріп тастауға ұмтылса, абайлап сөйлесе және өзін-өзі түзете жүрсе, істің шешілу жолын іздесе, оны жетілуді сүйетін кісі деуге болады.

Ұстаз айтты:

Жас адамдар ата-анасын ардақтауға, жасы үлкендерді сыйлауға, өз ісіне ыждаһаттылықпен қарауға, халқына махаббатпен қарап, адамдарды бір-бірімен жақындастыруға міндетті. Осы міндеттерден артылған уақытта кітап оқысын.

Ұстаз айтты:

Адалдық пен туралыққа ұмтыл, өзіңе тең көрмеген адаммен достаспа, өз қатеңді түзетуден қорықпа және тартынба.

Ұстаз айтты:

Адамдар мені білмейді-ау деп қайғыланба, мен адамдарды білмеймін-ау де.

Ұстаз айтты:

Ескіні ұмытпай, жаңаны игерген адамды ұстаз десе болады.

Ұстаз айтты:

Жақсы кісі деп сөзінен ісі көрінетін, айтқан сөзін кейіннен өзі ұстанатын кісіні айтады.

Ұстаз айтты:

Баланың ата-анасын сыйлауы оларды заттай қамтамасыз ету ғана деп түсінетіндер бар. Бірақ, жануарды да қамтамасыз етеді ғой. Үлкенге құрмет дегенде осы айырмашылықты білген жөн.

Ұстаз айтты:

Жақсы кісі түсінуге тырысады, бірақ одан пайда іздемейді. Жай адам пайда іздейді, бірақ түсінуге тырыспайды.

Ұстаз айтты:

Ой болмаса, оқудың керегі жоқ. Оқусыз ой қауіпті.

Ұстаз айтты:

Өзгенің айтқанына көзсіз еру зиян келтіреді.

Ұстаз айтты:

Білетініңді білім деп ұқ, білмейтініңді білім деме. Білім дегеніміздің өзі осы.

Ұстаз айтты:

Балалықты тастадым, білім құдым он бесте
Отыздарға келгенде кісі болу келді еске.
Қырық жасқа келгенде ойдағы желді тастадым,
Елулердің кезінде аға бола бастадым.
Өтірікті шындықтан ажыраттым алпыста
Жетпісімде жетіліп, қария болдым расында.

Халықты қалай бағындыруға болады деген сұраққа Ұстаз айтты:

Егер адал адамды көтермелеп, арамзаларды басшылықтан аластатсаң, халық бағынады. Егер арамзаны басшы етіп, адал адамдарды аластатсаң, халықты бағындыра алмайсың.

Халық қайткен күнде билеушіні құрметтейді, беріле қызмет етеді және көтеріңкі көңіл күйде болады деп сұрағанда Ұстаз айтты:

Халқыңа байсалды бол, сонда ол сені құрметтейді, ұл мен әкенің парызын ұстан, сонда ел саған беріле қызмет етеді, қабілеттіні көтермеле, қабілетсізге үйрет, сонда ел көтеріңкі көңіл күйде болады.

Ұстаз айтты:

Көбірек тыңда, түсініксіз сөзді алып таста, қалғаны жайлы сөйле, сонда сені айыптай алмайды. Көбірек бақыла және қауіптен қаш, басқасында асықпай әрекеттен, сонда аз өкінесің. Егер сөзің үшін сирек айыптаса және әрекетің үшін аз өкінсең, бұның қайтарымы бағалы.

Ұстаз айтты:

Басқаруға араласқың келсе, ата-ананды қалай құрметтесең, туыстарыңа қалай сүйіспеншілікпен қарасаң, соның бәрін ел басқарғанда еліңе пайдалан.

Ұстаз айтты:

Адам әділетті болмаса бола ма? Бұлай болуы мүмкін екенін түсіне алмаймын. Арбаға жегілген атқа арбаның үлкен-кішілігіне қарамай мойынтұрық керек қой, онсыз арба жүре ме?!

Он ұрпақтан кейінгілердің не көретінін болжай аласыз ба деген сұраққа Ұстаз айтты:

Ұрпақтан – ұрпаққа, әкеден – балаға не қалып жатқанын дәл білсек, оныншы емес, жүзінші ұрпаққа да не қалатынын болжап білу қиын емес.

Ұстаз айтты:

Әділеттілікпен іс істейтін жағдайға тап болғанда, бұғып қалғанды қорқақтық дейміз.

Ұстаз айтты:

Халықты айтқаныңды мүлтіксіз орындауға зорлап көндіруге болады, бірақ әлдебір нәрсені үйренуге зорлап көндіре алмайсың.

Ұстаз айтты:

Адамгершілік бар жер жанға да жайлы. Ақылды кісі таңдау бола тұрып оны таңдамауы мүмкін бе?

Ұстаз айтты:

Адамды сүйе де, жек көре де білетін адамды ғана адамгершілігі мол кісі дейді.

Ұстаз айтты:

Әрбір адам өзінің әділеттілігіне қарай қателеседі. Адамның қатесіне үңіліп қарасаң оның қаншалықты әділ екенін білуге болады.

Ұстаз айтты:

Адамгершіліктен ажыраған адам ұзақ уақыт кедей боп қалмас, бірақ мол байлыққа да кенелмейді. Адамдық қасиеті бар кісіге адамгершілік – рахат, ал ақылды кісіге ол пайдасын тигізеді.

Ұстаз айтты:

Жақсы адаммен кездесе беру қиын. Мінезі тұрақты кісіні кездестірсең де жетерлік. Кімнің сөзі тұрақсыз болса, ол жоқты іздейді, босты толы дейді, қажеттілікті асып-төгілгенмен теңгергісі келеді.

Ұстаз айтты:

Күші жетпегендер бастаған ісін орта жолда тастап кетеді, бастамағандарды қайтеміз?

Ұстаз айтты:

Білу деген қалау емес, қалаудың бәрі рахат емес

Ұстаз айтты:

Үлкенге демалыс, досқа түсіністік, кішіге мейірім керек.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі адамдарға жәрдемді бай кезінде емес, кедей кезінде береді.

Ұстаз айтты:

Ортадан жоғарырақ тұрған адамға жоғары туралы айтуға болады, ал ортадан төмен адаммен жоғары туралы айтып әуре болма.

Ұстаз айтты:

Әр ауылда мені адалдығымен орап өтетін кісі табылады, бірақ білімге ұмтылудан олар маған жете алмас.

Ұстаз айтты:

Үндеместен есте сақтасам, талмастан оқысам, шаршамастан үйретсем – осы үшеуінің қайсысы менде бар.

Ұстаз айтты:

Мінезін жақсартпағандарды, оқытқанды ұқпағандарды, парызды ұмытқандарды, кемшілігін жоюға тырыспағандарды көргенде қайғы шегемін.

Ұстаз айтты:

Білгір білмегенмен ақылдасса, дарынды дарынсыздан сұраса, өзінде бар кісі ештенесі жоқтай түр көрсетсе, толы нәрсені бос десе, ренжітсе жауап қайтармаса – кісі сол, менің бір досым солай жасайтын.

Ұстаз айтты:

Нағыз адам қолжаулық бола алмайды.

Ұстаз айтты:

Шашып төгуге құмарлық бағынбауға ниеттендіреді, үнемділік – жүдеулікке. Бірақ жүдеулік бағынбағаннан жақсы.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі үш нәрсені ұстанады:

Құр сыртқы пішін, мінез дөрекілігі мен салдыр-салақтықтан аулақтық;
Бет пішіннің сенім келтіретіндей байсалдылығы;
Сөз сөйлегенде жалғандық пен ластықтан қашу.

Ұстаз айтты:

Жетім-жесірге қарайтын, үлкен отанымыздың тағдырын сеніп тапсыруға жарайтын, парызын сатып кетуге итермелегенмен көнбейтін кісіні ізгі кісі дейміз.

Ұстаз айтты:

Ғалым кісі табанды әрі тиянақты болмаса болмайды, өйткені оның өзіне артқан жүгі ауыр және жүрер жолы ұзақ. Оның жүгі – адамгершілік, ол ауыр болмай қалай болсын. Ол өз жолын өлгенде ғана аяқтайды – бұдан ұзақ жол бар ма?!

Ұстаз айтты:

Мен кеңес беруді бір тұтам сүр ет берген кісіден бастаймын.

Ұстаз айтты:

Қайырымдылық бар жерде береке бар.

Ұстаз айтты:

Қайырымы жоқ кісі жарымайды. Олар қуаныш дегеннің не екенін шындап сезіне алмайды. Мейірімді кісі өзі де мейірім көреді.

Ұстаз айтты:

Ақылды кісіні көрсең, соған ұқсауға ұмтыл. Ақылсыз адамды көрсең, өзінді онымен іштей салыстырып көр де, ойлан.

Ұстаз айтты:

Ата-анаңнан онша ұзап кетпе. Алыс кетуге мәжбүр болсаң, хабар алып тұр.

Ұстаз айтты:

Сабырлы адам сирек қателеседі.

Ұстаз айтты:

Тек қана өз басының қамын ойлаған адам жеккөрініш туғызады.

Ұстаз айтты:

Қайырымды кісі зұлым бола алмайды.

Ұстаз айтты:

Ата-анаңды аяла, олардың бетінен алма. Олар сенімен келіспесе, қарсылық көрсетпе. Бұл жолда шаршасаң да төз.

Ұстаз айтты:

Мансабым жоқ деп қайғыланба, өмірден өз орнымды таба алмадым ба деп қайғылан.

Ұстаз айтты:

Ақылды азамат сөзге сараң, іске жомарт келеді.

Ұстаз айтты:

Табиғатынан тәрбиелілігі басым болса – жай адам.

Тәрбиелілігі табиғатынан басым болса – ғалым адам.

Табиғаты тәрбиесімен тең түсіп тұрса, нағыз ақылды азамат сол.

Ұстаз айтты:

Алдыма бір табақ ет әкеліп қойса да, қолымдағы кітабымды тастамаймын.

Ұстаз айтты:

Жауға қарсы аттанар болсам, жолбарысқа қарсы шауып мерт болатынды; өзеннен қайықсыз өтемін деп суға кететінді емес, іске ойланып, есеппен, сақтықпен кірісетінді; алдын ала жүрер жолының жөн-жобасын барлап алатын байсалды кісілерді алар едім.

Ұстаз айтты:

Ештеңе оқып, үйренбей-ақ іс тындыруға болады дейтіндер бар. Мен ондай емеспін. Көп тындап, қалағанымды, көңіліме қонғанын таңдап аламын. Көп байқап, қалағанымды, жаным ұнатқанды ойыма сақтаймын. Білімге жету дегеннің өзін осылай түсінемін.

Ұстаз айтты:

Адам өзі жүріп келе жатқан жолын ұлы ете алады, ал жол адамды ұлы ете алмайды.

Ұстаз айтты:

Ең алдымен өзіңді дұрыс ұста, сонда ел сенің артыңнан ешбір бұйрықсыз ереді. Егер өзіңді дұрыс ұстамасаң, бұйрық берсең де елің бағынбайды, бет-бетімен кетеді.

Ел басқарудың мәнісі қалай дегенге Ұстаз айтты:

Патша – патша, құл – құл, әке – әке, ұл – ұл болсын.

Ұстаз айтты:

Егер мемлекетте дұрыс та әділ мақсат іске асырылып жатса, онда ойыңды ашық айт, ашық әрекеттен. Егер мемлекетте дұрыс та әділ мақсат жүзеге аспай жатса, онда ашық әрекет жасауға болғанмен, сақтықпен сөйлеген жөн.

Ұстаз айтты:

Патша болу қиын. Құл болу да оңай емес.

Ұстаз айтты:

Егер сен қарау әрі қызба болсаң, басқа жақсы мінезіңнен не пайда?!

Ұстаз айтты:

Үш жыл жалақы жөнінде ойланбай оқып-үйренуге талаптанған адамды табу оңай емес.

Ұстаз айтты:

Өзіңді оның орнына қойып ойлана алмасаң, өзгенің ісіне араласып әуре болма.

Ұстаз айтты:

Іздегеніңді таба алмайтындай, тапқаныңды жоғалтып алатындай болып ізден.

Ұстаз айтты:

Тамақты аз жеп, бірақ құдайыны мол берсе, күнделікті киімді қарапайым киіп, діни рәсімдер күні жарқырай киінсе, нашар үйде тұрып, ауылын топан судан қорғайтын тоған мен арық қаздыруға ақшасын аямаса, ондай кісіден кемшілік іздеме.

Ұстаз айтты:

Үйде әкем мен ағаларыма, түзде патша мен билеушіге қызмет етсем, өлілерді ұмытпасам, шарапқа мас болмасам – осылардың үдесінен шығу менің бойымда сақталса – өзіме талабым осы.

Ұстаз айтты:

Төбе жасамақ болып топырақ үйіп, оны бітіру үшін тек соңғы зембіл қалғанда тоқтасам, бұл тоқтау маған байланысты. Немесе, тегіс жерде төбе жасау үшін бірінші зембілді төксем, бұл ілгері жылжу, ол да маған байланысты.

Ұстаз айтты:

Менімен әңгімелескенде өзгені ойлап отыратындарды көріп қиналамын.

Ұстаз айтты:

Көктеп шыққанмен гүлдемейтін, гүлдегенмен өнім бермейтін ағаштар бар.

Ұстаз айтты:

Адам баласы жанымыздан ағып өтіп бара жатқан өзен суы сияқты: біздің жанымыздан өтіп кеткенмен күндіз-түні өзінің жүрісін тоқтатпайды.

Ұстаз айтты:

Әділ сын айтса, неге келіспеске? Бұл орайда өзіңнің жөнделуің де маңызды. Сыпайы айтылған ақылға неге қуанбасқа. Бірақ бәрінде де оның мәнісін түсіну керек. Келісе тұрып, өзін жөндемеген және істің мәнісін түсінбегендерге мен көмектесе алмаймын.

Ұстаз айтты:

Бастысы – адал әрі әділ болу, өзіңе тең болмаса достаспа, өз қатенді түзетуден қорықпа.

Ұстаз айтты:

Сіздер «бізді бағаламайды» деп шағынасыздар. Егер сіздерді біреу бағалай қалғанда, оны сіздер қалай пайдаланар едіңіздер?!

Ұстаз айтты:

Қолбасы мен сарбазды айыруға болады, бірақ қарапайым адамды өз қалауынан қалай айырарсың?

Ұстаз айтты:

Қарағай мен кипарис күн суыған сайын қатая түседі.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі адамдағы ең жақсы қасиеттер жеңіп, нашар қасиеттер жеңіліс тапса дейді. Нашар адам керісінше жасайды.

Ұстаз айтты:

Білетін кісі күмәнданбайды, адамгершілігі бар уайымдамайды, батыр кісі қорықпайды.

Ұстаз айтты:

Бірге дәріс алған адамның бәрі бірге жол жүруге жарай бермейді, бірге жол жүрген кісінің өзімен жеме-жемге келгенде ойың бір жерден шыға бермейді, ондай кісінің өзімен кей жағдайларда бірге қимылдай алмайсың.

Ұстаз айтты:

Өзіңнен кішіні құрметтеу керек. Оның сенен озып кетпейтінін қайдан білесің. Бірақ 40-50-ге келгенше айтарлықтай ештеңе жасамағандар құрметтеуге лайықсыз.

Ұстаз айтты:

Қалауын шектей білетін адам, сыйлық берсең де ұрлық жасамайды.

Ұстаз айтты:

Адамгершілік деп нені айтамыз? Егер кісі өзін-өзі ел ішінде жүргенде мықты бір ұлықты күтіп алуға жүргендей болып ұстаса, өзіне қаламағанды өзгеге жасамаса, ел ішінде бүлік салмаса, үй ішінде де ұрыс-керіске себепкер болмаса, онда ол – адамгершілік иесі.

Ұстаз айтты:

Біреулер жақсы көрсе оған өмір тілеп, жек көрсе – өлім тілейді. Біреуге өмір не өлім тілеу екеуі де – адасқандық.

Өлім деген не? – дегенге Ұстаз айтты:

Өмірдің не екенін білмей тұрып өлімді білуге бола ма?!

Ұстаз айтты:

Жиырма пайыз салық алсам да жетпей жатыр, биыл өнім де нашар болып тұр деген князье, Ю Жо айтты:

Онда он пайыз салық ал. Халыққа жетсе Сізге де жеткені. Халыққа жетпей тұрса, Сізге қалай жетпек?

Ұстаз айтты:

Басқару мүмкіндігі қолында тұрған адам өзі жақсы істермен айналысса, бүкіл халқы да жақсы іске ұмтылады. Ізгі кісіге ізгілік – жел, нашар кісіге ол – желге иілген шөп.

Ұстаз айтты:

Ұлы деп айлалылықтан аулақ әрі турашыл, әділдікті сүйетін, адамдардың айтқанын зерделейтін және олардың бет-жүзін барлайтін, өзін өзгелерден төмен қоюға тырысатын кісіні айтамыз. Ол өз елінде ғана емес, өз үйінде де көрнекті.

Цзы-гун сұрады:

Мемлекетті қалай басқаруға болады?

Ұстаз айтты:

– Біріншіден – мемлекетке жеткілікті азық-ауқат болсын.

– Екіншіден – мемлекетке жеткілікті қару-жарақ болсын.

– Үшіншіден – халық өз патшасына сенетін болсын.

Сонда Цзы-гун:

Егер осы үшеуінің біреуін құрбан ету керек болса, алдымен қайсысын құрбан етуге болады?

– Онда қару-жарақты құрбан ету керек.

– Қалған екеуінен біреуін құрбан етуге тура келсе ше?

– Онда азық-ауқатты. Себебі, азық-ауқатсыз ашығып қиналғанмен, патшаға сенім болмаса, ол ел мемлекет болып қала алмайды.

Ұстаз айтты:

Басқару дегеніміз – жөнделу. Кімде-кім жөнделгісі келмесе Сіз өзіңіз қашан жөнделесіз.

Ұстаз айтты:

– Адамгершілік деген не?

– Адамдарға махаббат.

– Білім деген не?

– Ол адамдарды білу. Адал кісіні адал еместерден биік қойсаң, адал еместерді адалдыққа тартасың.

Ұстаз айтты:

Біреуге дос болу үшін оған кеңес бергенде әділ бол. Егер ол тыңдама-са, тыңдауды талап етпе, көңілің қалады.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі достық байланыстар жасағанда өзінің біліміне сүйенеді, ал достық байланыстар оның адамгершіл болуына жәрдемдеседі.

Ұстаз айтты:

Ұстамсыз бен тәртіптінің екеуінің ортасында жүргендер, орта жолда келе жатқан кісіні таппадым демесін. Ұстамсыздарда мақсаттылық, тәртіптілерде ұстамдылық бар.

Ұстаз айтты:

Қай елді жүз жыл бойы жақсы кісі басқарса, сол елде зорлық пен кісі өлтіру болмайды.

Ұстаз айтты:

Мені қызметке шақырған билеушінің ісі бір жылда оңала бастайды, үш жылда жетістіктерге жетеді.

Ұстаз айтты:

Билеуші рәсімдерді сақтайтын болса, халық оған құрметпен қарамауға батылы бармайды; билеуші әділеттілікті сүйсе, ешкім оны тыңдамай кетпейді; билеуші шындықты сүйсе, ешкім адалдықтан аттамайды. Осылай болса бұл елге жан-жақтан балаларын арқалаған адамдар келіп қоныстанады. Сонда билеуші егінді өзі ормайды.

Ұстаз айтты:

Қарамағындағыларға үлгі бол, оларды аз ғана кемшілігі үшін айыптама, лайықты әрі қабілеттілерді қызметте жоғарылат.

Ұстаз айтты:

Өзіңді жөндесең, басқаруың жеңілдейді. Өзіңді жөндемесең, өзгені қалай жөңдейсің?

Ұстаз айтты:

Жетістікке тез жетемін деп есеп жасама және аз табысқа елікпе. Асықсаң – мақсатқа жете алмайсың, азға қанағаттанып қоя салсаң, үлкен жетістікке жете алмайсың.

Ұстаз айтты:

Мемлекетті басқарудағы жетістік дегеніміз жақындағылар қуанып, ұзақтағылардың жақындауы.

Ұстаз айтты:

Оқымысты кісі деп мінезінде ұялу бар, өзге елге барғанда өз елінің абыройына қызмет етуге жарайтын, ата-анасына, үлкендерге құрметпен қарайтын, сөзі шыншыл, әрекеті батыл адамды айтамыз.

Ұстаз айтты:

Кімнің ізгілігі тұрақты болмаса, ол кісі ұятқа қалады.

Ұстаз айтты:

Кім табанды, тәрбиешіл, алдамайтын болса және ойланбастан іс қыл-маса, ол адам адамгершілікке жақын.

Ұстаз айтты:

Білімдар адам деп насихат бере алатын және тілектес бола алатын кісіні айтады. Ол досына насихат беріп, туысына тілектес бола алады.

Ұят деген не деп сұрағанға Ұстаз айтты:

Елде ілгері жүрер жол көрінбей тұрған кезде еңбегіңе жалақы талап ету.

Ұстаз айтты:

Жеті жыл оқу оқытқан кісіні дауға жіберуге болады.

Ұстаз айтты:

Ізгі басшының қолында қызмет ету оңай, бірақ оның көңілін табу қиын. Көңілін таппаған соң айтқанынан шығуға тырыссаң, ол – бұрыс жол. Ондай басшы әркімнің дарынына қарап бағалайды.

Ортақол басшының қолында қызмет ету қиын, бірақ оған жағу оңай. Ондай басшы дарынға қарай бағаламайды, ұсақ ескертпелер жасауға құмар.

Ұстаз айтты:

Білімді кісі тоқ және жайлы өмір көксемейді.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісінің қашан болсын айтар сөзі бар, бірақ айтар сөзі бар кісі ылғи ізгі бола бермейді.

Ұстаз айтты:

Адамгершіл кісі ержүрек, бірақ ержүректің бәрі адамгершіл емес.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісінің де адамгершілігі кем болып кездесетіні бар, бірақ нашар адамның адамгершіл болып кездесетіні болмайды.

Ұстаз айтты:

Кедейдің өшпенді болмауы қиын, байдың озбыр болмауы оңай.

Ұстаз айтты:

Жетілген кісі деп әділдікті өз пайдасына жеңдірмейтін, қиын кезде өзін қиюға аянбайтын, бірақ, ұзақ қиыншылықтың өзінде мойымайтын, уәдесін ұмытпайтын кісіні де айтпаймыз ба?

Ұстаз айтты:

Уақытын тауып сөйлесе, оның сөзінен ешкім шаршамайды; көңілді кезде күлсе, оның күлкісі ешкімнің ызасын туғызбайды; адал жолмен меншік иесі болса, онда оның меншігін ешкім қызғанбайды.

Жамандыққа жақсылық жасау керек пе – деп сұрағанға Ұстаз айтты:

Онда жақсылықтың төлемі қандай? Жамандыққа әділдігіне қарай төлем жаса, жақсылыққа – жақсылық жаса.

Ұстаз айтты:

Жасында тәртіпсіз болып үлкенді тындамағандар, үлкейгенде ұрпағына қалдырарлық ештеңе жасамағандар, қартайғанша солай жалғастыра беретіндер – қарақшылар.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі өз абыройына сай емес іс туралы ойламайды.

Ұстаз айтты:

Сөйлесуге тұратын кісімен сөйлеспесеңіз, дарындыны жіберіп аласыз, сөйлесуге тұрмайтын адамға сөз айтсаңыз, оған айтқан сөзіңіз босқа

кетеді. Ақылды кісі мүмкіндікті де жіберіп алмайды, сөзін де босқа шығындамайды.

Ұстаз айтты:

Көне заманда өзін жетілдіру үшін оқушы еді, бүгінде біреуге ұнау үшін оқиды.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі көп сөйлеуге ұялады, ал іске келгенде тойымсыз болады.

Ұстаз айтты:

Біреулерге баға бергіш адамды жетілген кісі деуге болмайды. Ізгі кісінің оған уақыты жоқ.

Ұстаз айтты:

Ізгі адам тапшылықта да өзін сақтайды, қиындықта ұстамды келеді, нашар адам босаңсып кетеді.

Ұстаз айтты:

Ойы биік адамдар және адамгершіл кісілер өз өмірін сақтап қалу үшін адамзатқа зиян келтірмейді, тек соңына дейін адамгершіл болу үшін өмірін қия алады.

Ұстаз айтты:

Егер сіздің сөзіңіз адал әрі әділ болса, ісіңіз ізгі және құрметке толы болса, сіз жауыздар елінде де өзіңізді көрсете аласыз. Ал сөзі жалған болса және әділ болмаса, ісі ізгі және құрметке толы болмаса, ондай адам өз елінде де өзін көрсете алмайды. Тұрған кезде сіз ойша алдыңызда өзіңізді көріңіз, арбада бара жатсаңыз, жақтауға сүйеніп отырған өзіңізді көріңіз. Сонда ғана өзіңізді танысыз.

Ұстаз айтты:

Ұзағынан ойлай білмейтін кісі жақын реніштерден құтыла алмайды.

Ұстаз айтты:

Уәде қиындықсыз орындалмайды.

Ұстаз айтты:

«Қалай ету керек?», «Қалай ету керек?» – деп өзінен қайта-қайта сұрай білмейтіндерді қалай етуге болатынын мен білмеймін.

Ұстаз айтты:

Күні бойы ақылды сөздер айтып, әділдік туралы ештеңе айтпау қандай қиын!

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі әділдіктің мағынасын әсерсіз қабылдайды. Рәсімдер іс-қимылыңды соған теңгеру үшін керек, көндігу – рәсімнің мағынасы ашық көрінуі үшін, шыншылдық – рәсімде жетілу биігіне шығу үшін керек.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі өзінің жетілмегендігі үшін қайғырады, адамдарға белгілі емес-тігі үшін қайғырмайды.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі өлген соң өзінің аты атақты болмай қалады-ау деп уайымдамайды.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі өзінің ақылы асып тұрғанын біле тұра оны өзгеге көрсетпейді, ол адамдармен тез тіл табысып кетеді, ешкімді алаламайды.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі біреуді сөзі үшін көтермелемейді, бірақ біреудің сөзін кім айтқанына қарап қайтарып тастамайды.

Өмір бойы ұстанатын бір сөз бар ма – деп сұрағанға Ұстаз айтты:

Өзіңе тілемегенді өзгеге де тілеме.

Ұстаз айтты:

Егер мен біреуді жұрт алдында мақтасам, тек әбден тексерілген кісіні мақтадым.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі өзіне талапшыл. Нашар кісі өзгеге талапшыл.

Ұстаз айтты:

Мүлтіксіз сөз ізгі істі көлеңкелеуі, азғана төзімсіздік ұлы жоспарларға зиян келтіруі мүмкін.

Ұстаз айтты:

Кімде-кімді бәрі бірдей жек көрсе, оны тексеру керек. Кімде-кімді бәрі бірдей жақсы көрсе, оны да тексеру керек.

Ұстаз айтты:

Жөнделмегенді ғана қателік дейміз.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі ұсақ істерде бағалы емес, бірақ ол барлық ұлы істерді игере алады; жай адам ұлы істі ешуақытта игере алмайды, бірақ олар ұсақ істерде бағалы.

Ұстаз айтты:

Адамгершіл болу мүмкіндігінде өзіңнің ұстазыңа да кезек берме.

Ұстаз айтты:

Өзіне талапшыл өзгеге кешірімді адамға өшпенділік бағытталмайды.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі өз пікірінде тұра біледі, бірақ қасарыспа болмайды.

Ұстаз айтты:

Жолың бір болмаса, бірге жоспар жасама.

Ұстаз айтты:

Бағалы асылзаты болып тұрып, елінің жолдан адасқанына жайбарақат қарап отырған адамды адамгершіл дейміз бе? Жоқ. Іске кірісуге ұмтыла тұрып, соны жасамаған адамды ақылды дейміз бе? Жоқ. Күндер мен айлар өтеді, сонымен бірге біздің өміріміз де өтеді.

Ұстаз айтты:

Көп күндер мен түндерде тамақ ішпей және ұйықтамай ойланып едім, сөйтсем, пайдалысы – оқу екен.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі пікірді ашық айтпай, оған дәлел табуға тырысатындарды жақтырмайды.

Ұстаз айтты:

Мемлекетті немесе белгілі әулетті басқарып отырған кісіні байлықтың жоқтығы емес, оны дұрыс бөлмеу, халықтың аздығы емес, оның әлауқаты тынышсыздандырғанын көрдім. Шаманы білетін жерде кедейлік жоқ, үндестік болса кемшілік болмайды, әл-ауқат жақсы болса, наразылық тумайды.

Ұстаз айтты:

Адамгершілік адамдар үшін от пен судан да маңыздырақ. От пен судан өлген кісіні көрдім, бірақ ешқашан адамгершіліктен өлген адамды көрмедім.

Ұстаз айтты:

Биік ақыл мен ең үлкен топастық қана ешуақытта өзгермейді.

Ұстаз айтты:

Сырттай қатал көрініп, өзі ұяң болса, оны бір нашар адаммен салыстырсаң, ол қабырғадан ойық ойып тұрып, қабырғаға ұрынатын ұрыға ұқсамай ма?!

Ұстаз айтты:

Табиғат адамды өзгелерге жақындатады, әдет оларды бір-бірінен алыстатады.

Ұстаз айтты:

Кім өсек таратса, ізгіліктен ажырағаны.

Ұстаз айтты:

Нашар кісімен бірге патшаға қызмет етуге бола ма? Ондай адам әлі мақсатына жетпей тұрып, оған жетуге мазасызданады. Жетіп алған соң оны жоғалтып алмауды уайымдайды. Жоғарыға жетіп алуға уайымдап ол бәріне баруға әзір.

Ұстаз айтты:

Көне замандарда адамдарда үш кемшілік болмаған. Біздің заманымызда ондайларды табу қиын. Бұрынғылар өз пікірі болғандықтан бағынбаушы еді, қазіргілерде ол бейбастақтықтан болатын болды, бұрынғыларда паңдық ұстамдылықтан болушы еді, қазір ызадан, бұрынғылардың ақымақтығы туралықтан болса, қазіргілердікі өтірікшіліктен.

Ұстаз айтты:

Әйелдермен және пиғылы нашар адамдармен сөйлесу қиын. Олар жаңыңа тым жақындап кетсе әдепсіз бола бастайды, кері ысырсаң өшігеді.

Ұстаз айтты:

Нашар адам қателескенде ылғи ақталарлық себеп табады.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі бәрінен де әділеттілікті жоғары бағалайды. Кім батыл болып, әділ болмаса, онда ол бүлік туғызады.

Ұстаз айтты:

Бір оқиға тап келгенде қандай мінез көрсету керектігін мен алдын ала болжамаймын. Ол пиғыл менде дайын.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі лайықты адамдарды құрметтейді, өзгелердің бәріне төзімділік танытады, жақсыларды мақтайды, қолынан іс келмейтіндерді аяйды.

Цзы-гун сұрады:

Ізгі кісі біреуді жек көре ала ма? Ұстаз айтты:

Жек көре алады. Өсекшіні, жоғарыдағыны жамандайтын төмендегіні, батыл болғанмен қиқарларды.

Сен Цы кімді жек көресің?

Мен өзгенің ақылымен өмір сүретіндерді, бағынбауды батылдық, сөз тасуды туралық деп түсінетіндерді жек көремін.

Ұстаз айтты:

Жеңіл істі лайықты бітіру де дұрыс іс, бірақ ізгі кісі үлкен іске бет алғанда көп еңбектенеді, жеңіл істе онша көп күш шығындамайды.

Ұстаз айтты:

Оқуды сүйетін адам деп өзінің жетілмегендігін күніге ұғатын, үйренген нәрсесін айына бір рет есіне түсіріп тұратын кісіні айтады.

Ұстаз айтты:

Оқымыстылық, ұмтылыстың табандылығы, ізденгіштік, барлық жақындар үшін қамқорлық. Адамгершіліктің өзі осы.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі үш жағдайда әртүрлі көрінеді: ұзақтан үлкен болып көрінеді, жақыннан сүйкімді, ал сөзі қаталдықпен ерекшеленеді.

Ұстаз айтты:

Қызметіңнен бос кезде оқы, оқудан бос кезінде қызмет ет.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісінің қателігі күн мен айдың тұтылғаны сияқты. Ол қателесе – жұрттың бәрі көреді, қатесін жөндесе – жұрттың бәрінің беті оған бұрылады.

Ұстаз айтты:

Ел басқару үшін ізгі кісіге мынадай бес қасиет керек. Ол шапағаттылық көрсетсе де шығындамайды, яғни өзіне түскен пайданы халыққа үлестіреді; адамдарды жұмыс істетсе де оларда өшпенділік тумайды, өйткені әркімге шамасы келетін іс береді; оның тілек-мақсаттарына дүниеқоңыздық жат, өйткені ол тілектер адамгершіл, мақсат – биік; ол маңғаз, бірақ өркөкірек емес, өйткені ешкімге менсінбегендей етіп қарамайды; ол айбатты, бірақ мейірімсіз емес.

Сонымен бірге мынадай төрт кемшілікті жою керек:

Өлімге айдалатын себебі белгіленбеген кісіні өлтіру – қаталдық, орындауды алдын ала ескертпей, орындалуын талап ету – озбырлық, бұйрықты кешіктіріп, оның орындалуын асықтыру – қиындыққа итермелеу, адамдарды бір нәрсесінен айырылдыра тұрып, қараулық таныту – ойсыздық.

Ұстаз айтты:

Айтқан сөзін түсінбей, адамның кім екенін білу қиын.

Ұстаз айтты:

Кәсіпшілер өз ісін орындау үшін шеберханада еңбектенеді, ал ізгі кісі өз ісін орындау үшін оқиды.

Ұстаз айтты:

Ұстамды адамның қателігі аз болады.

Ұстаз айтты:

Тек пайда көздеген адам өшпенділікті өсіреді.

Ұстаз айтты:

Менің орным қайда деп өкінбе, өзіңнің жетілмегендігіне өкін. Мені білмей қалатын болды деп өкінбе, мен өзгелерді жете білмедім деп өкін.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі парызды ойлайды. Төмен адам пайда ойлайды.

Ұстаз айтты:

Өзіңнен жоғарыға қарап, соған жетуге ұмтыл, өзіңнен төменді көріп, өз ішіңе үңіл.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі қарапайым адамдардың сеніміне кірмей істі орындауға мәжбүр етпейді, өйтсе ол зорлықшы көрінер еді; сенімге кірмей ол насихат бермейді, өйтсе оны жалақор деп қабылдауы мүмкін.

Ұстаз айтты:

Билеушімен келіспесең көрген күнің қиындар, достарыңмен келіспесең достықтан айрыларсың.

Ұстаз айтты:

Жетістікке тез жетемін деп есеп жасама және аз табысқа елікпе. Асықсаң – мақсатыңның орындалуы қиындайды, азға қанағаттанып қоя салсаң үлкен жетістікке жете алмайсың.

Ұстаз айтты:

Мемлекетті басқарудағы жетістік дегеніміз – жақындағылардың қуанып, ұзақтағылардың жақындауы.

Ұстаз айтты:

Ұстамсыз бен тәртіптінің екеуінің ортасында жүргендер, орта жолда келе жатқан кісіні таппадым демесін. Ұстамсыздарда мақсаттылық, тәртіптілерде ұстамдылық бар, орта жолды ұстанғандар оның екеуінен де тәлім алғандар.

Ұстаз айтты:

Адам әкесі өлген соң үш жылға дейін әке жолын ұстанса, онда әкесінің аруағын құрметтей алғаны.

Ұстаз айтты:

Кімнің ізгілігі тұрақты болмаса, ол кісі ұятқа қалады.

Ұстаз айтты:

Оқымысты кісі деп мінезінде ұялу бар, өзге елге барғанда өз елінің абыройына қызмет етуге жарайтын, ата-анасына, үлкендерге құрметпен қарайтын, сөзі шыншыл, әрекеті батыл адамды айтамыз.

Ұстаз айтты:

Үш пайдалы және үш зиянды қуаныш бар. Пайдалысы – рәсіміне музыкасы сай болса, адамдардың жақсы ісі туралы сөз болса, достасқандарының көбі лайықты адамдар болса. Зияндысы – өзімшілдікке, ештеңе істемегенге және отырысқа қуану.

Ұстаз айтты:

Үш пайдалы дос болады, үш зиян келтіретін дос болады. Пайдалысы – әділ дос, шыншыл дос және көп білетін дос. Зиян келтіретіні – әділетсіз дос, екіжүзді дос және көп сөйлейтін дос.

Ұстаз айтты:

Алты адасуға апаратын алты себеп:

Адамгершілікке ұмтылып, оқығысы келмесе, бұл адасу ақымақтыққа алып барады.

Ақылды екенін көрсетуге ұмтылып, оқығысы келмесе, ол өрескелдікке алып келеді.

Әділ болуға ұмтылып, оқығысы келмесе, зиян әкеледі.

Туралыққа ұмтылып, оқығысы келмесе, дөрекілікке алып келеді.

Ержүрек болуға ұмтылып, оқығысы келмесе, бүлікшілікке алып келеді.

Қажымастыққа ұмтылып, оқығысы келмесе, онда ол аңдамаушылыққа алып келеді.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі үш жағдайда тебіреніс сезінеді: Аспан Әмірін, Ұлылар әмірін және биік ақыл иелерінің сөздерін естігенде. Жай адам Аспан әмірін түсінбейді, ұлылар әміріне құрмет сезімі болмайды және биік ақыл иелерінің сөздерін қабыл алмайды.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісінің жанында үш қателікке жол беріледі: сөйлемейтін кезде сөйлеу – асығыстық, сөйлеуге тиіс кезде сөйлемей – бұл тұйықтық және әріптесінің бет-әлпеті өзгеруіне қарамай сөйлеу – көрсоқырлық.

Ұстаз айтты:

Төрт нәрседен бойыңды аулақ сал:

– өнбес ойға берілу;

– үзілді-кесілді болу;

– айтқанынан қайтпайтын қыңырлық;

– жеке басын ғана ойлау.

Ұстаз айтты:

Ізгі кісі тоғыз ойды есінде тұтады:

қараған кезде анық байқады ма;

естіген кезде дұрыс естіді ме;

өзінің бет-әлпеті тартымды ма;

сөзі шыншыл ма;

іске дұрыс көңілмен қарай ма;

күмән туса ақылдасуға дайын ба;

ашуланса соңы теріске айналып кетпей ме;

қандай жетістіктерге болса да жеткенде онысы әділетті бола ма.

Ұстаз айтты:

«Жақсыға ұмтыламын, одан айрылып қаламын ба деп қорқамын, жаманнан күйіп қалатындай болып қиналамын» – дегендерді көп естідім. «Жүрегім неге ұмтылса соны табу үшін өмір сүремін: әділ істі ғана жасаймын, солай етіп өз жолымды табамын» – дейтіндерді кездестірмедім.

Ұстаз айтты:

Адамгершіл кісіде мына бес қасиет болуы керек:

Кісіге шын құрмет, кең пейілділік, шыншылдық, зеректік, мейірбандық.

Біріншісі – жарамсақтануға жол бермейді:

Екіншісі – барлығын бағындырады:

Үшіншісі – адамдардың көңіліне сенім ұялатады:

Төртіншісі – жеңіске жетуге мүмкіндік береді:

Бесіншісі – адамдарды басқаруға мүмкіндік туғызады.

Ұстаз айтты:

Ұлы адам – туғаннан біліп туады, келесісі – оқып біледі, одан кейінгісі – керек кезде оқиды, ең соңғысы керек кезде де оқымайды.

Ұстаз төрт түрлі нәрсеге үйретті:

Бірінші – кітапты түсініп оқуға;

Екінші – адамгершілікті сақтауға;

Үшінші – Отанға адалдыққа;
Төртінші – әділдікке.

Міне құрметті оқырман, Конфуций даналығы дегеніміз осы.

Өмірінің соңына қарай ақылман Ұстаз бір сөзінде былай депті: «Бәрі бітті. Мен сезім рахатындай етіп ізгілікті сүйетін ешкімді кездестіре алмадым». Ұдайы қанағаттанбау, ұдайы көңілі толмаушылық деген осы. Кісі өмірінің соңына қарай арманшылдықтан гөрі өкінішті ойларға көбірек ойысатынын көреміз. Бұндай ойларды Абайдан да, Толстойдан да, Баласағұннан да кездестірдім.

Бұл шығарма Конфуцийдің орыс тілінде жарық көрген шығармалар жинағының негізінде және түрлі ақпарат көздерінен оқыған құжаттар негізінде дайындалды.

Осы жазбаларды оқып, қытай мәдениеті, қытай үлгісі деген тақырыпты бір досыммен бірер сағат талқылап отырдық. Ол ешкімді әсіре үлгі етіп, табына берудің керегі жоқ деп бастап, екеуміз ұзақ сонар тартысқа түсіп кеттік. Мен оны қыздырмалатып қарсы сұрақтар қойып отырдым.

Алдымен ол бастады. Екеуміздің әңгімеміз былай өрбіді:

– Қытай халқы бұрын бір кішкене ғана ауылда болған, кейіннен барып көбейген.

– Біз бәріміз де солай көбейгенбіз ғой, қытайлар бәрібір біздің халқымыздан үш-төрт мың жыл бұрын қалыптасқан.

– Біздер аз болғанымызбен еркіндік сүйгенбіз, кісілік кейпіміз, ірілігіміз ешбір елден төмен болмаған.

– Бүгінгі қазақтарда сол мінезден аз ғана қалған сияқты...

– Олай емес. Рух әлсіреген жоқ, майысты... Немесе жасырынып қалды деуге болар. 86-да бұрқ етіп көрінгенін мойындарсың?!

– Бәрібір, еркіндігі жоғалып – жарамсаққа айналып, кісілік қалыпты абайшылдыққа, бақай есепке айырбастап баратқандар көбейді емес пе?

– Отырықшылық, жер жүзінде адам санының осы ғасырда күрт көбеюіне байланысты қазақ секілді еркін ұлтты өркениеттің даму жолында адастыра бастады ғой.

– Болашақтан үміт солып бара жатқандай...

– Өзің дәріптеп отырған Конфуций не деді: «Он ұрпақтан кейінгілердің не көретінін болжай аласыз ба деген сұраққа Ұстаз айтты:

Ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден-балаға не қалып жатқанын дәл білсек, оныншы емес жүзінші ұрпаққа да не қалатынын болжап білу қиын емес». Болашағымыз жарқын. 86-ның рухы қазақты дүр сілкіндірді, аяғы егемендік пен тәуелсіздікке ұласты.

– Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бесік жыры үзіліп баратқанын қайда қоямыз? Оған памперс қана кінәлі емес, алдымен аналардың көбінің бесік жыры түгілі өз ана тілін де білмейтіні кінәлі. Ертегі айта білетін анадан арақ ішіп отырып бала емізетін немесе тууды тіптен қаламайтын әйелдер көбірек болып барады. Сен рухымыз биіктігін көрсеттік дейсің. Рухтың биіктігі бір кесек қимылмен ғана өлшене ме екен. Базардағы күнделікті күнкөріспен ғана жүргендерді, сол базарда тауарын саудалаудан бойындағы жалғыз қымбаттысы – арын саудалауды жеңіл көріп жүргендерді қайтеміз?

– Қоғамның дамуы дәстүрлер мен рәсімдерге өзгерістер енгізеді, оған көндігу керек. Өмірдің мағынасын түсіндіретін тәрбиені қайта бастау, жандандыру керек, оныңмен келісемін.

– Қытайлықтардың рәсім мен жөн-жоралғыны ұстануын мойындай бастапсың ғой, сөзіңе қосып қалыпсың.

– Бүгінгі қытайлықтарда мен білетін мынадай кемшіліктер бар: олар өтірік сөйлемейді, тек шындықты айтпайды; олар «сыртың биязы, ішің қатты болсын» деп үйретеді. Мысалы, еуропалықтарды «шәйнек» десек (іші де, сырты да ыстық), қытайлықтар «термос» (іші ыстық, сырты суық). Демек, ішкі шын сезім сыртқа шыға бермеуі керек. Барлық жерде қайғының түсі – қара, Қытайда – ақ. Бір кісі, бұрынырақта, кәдімгі қол есепшотының бізде көлденең қағылса, оларда тігінен қағылатынын көріп таңданғанын айтып еді. Бүгін де солай екен: компьютер сандары барлық жерде солдан оңға қарай жазылса, оларда оңнан солға қарай. Компас бізде солтүстікті көрсетсе, оларда оңтүстікті көрсетеді. Олардың өзге елдерден келгендермен сөйлесу мәнерінен астамшылық, менсінбеу, сыйламау, жек көру, санаспау, енжар қарау, өздеріне ризалық сезініп тұрады.

– Бүгінгі қытайдағы дәстүр мен мінездің бәріне Конфуций кінәлі емес қой... Қазақта дәстүр мен жөн-жоралғы адасып, қай әдет қай ұлттың дәстүрі екені ұмытылып, араласып кеткен.

– Қазақта қасиетті мінездер аз емес. Мысалы, жілікті қазанға саларда бөлмей салудың өзі биік қасиет емес пе? Моңғолдар етті шірітіп жейді, қазақ тоңазытқыш деген атымен жоқ заманда етті қалай әдемілеп сақтай білген. Жүректі тыңдау деген ұғым қазақтан шыққан. Қазақтың баласы неге мейірімді, ата-анасын мүлтіксіз тыңдайтын болған? Оның себебі қазақтың әйелі баласын қойнына алып жатқан. Қойында көп жатқан сайын бала мейірімді болады.

– Мүмкін оның рас та шығар, бірақ қазір баланы қойынға алып жататындар азайды емес пе, қойынға алмақ түгілі емізбейтіндер көп, уызында жарымаған бала қайдан оңсын. Сосын баланы қойынға алып жатар таза-

лық та қалмады. Қай қазақтың үйінде ғұсылхана бар? Қазақ зиялыларының ішінде өздері қазақ тілін насихаттап, қорғағансып жүргендердің бәрінің дерлік балалары қазақша білмейді...

Әңгімеміз аяқталмай қалды.

Бұл бір кеште аяқтала қояр әңгіме емес еді...

Мұндай сұхбатқа жиі орала берудің де сәті түсе бермейді...

IX. 1997 – XII. 1998

XII. 2005

СЕНЕКА

Луций Анней Сенека көне философтардың ішінде даналығы жағынан әрі ақын, әрі көсемсөзші, әрі философ ретінде аты тарихта қалған белгілі тұлға.

Сенека біздің дәуірімізден 4 жыл бұрын дүниеге келіп біздің дәуіріміздің 65 жылы қайтыс болған. Ол Испанияның Бетика провинциясында Кордова қаласында туған. Ол кезде ол жер Италияның колониясы болған. Оны кей қатарластары провинциал деп кемсітетіні осы себепті.

Сенеканың жастық шағы Папирий Фабианның әсерімен өтті. Соның нәтижесінде оның жан дүниесі философия мен шешендіктің бірлігін қабылдады.

Сенеканың тағдыры өте күрделі. Сенатор болып, онан соң қуғындалып жер аударылған, одан императордың мұрагерінің – зұлымдығы мен залымдығынан атағы шыққан Неронның тәрбиешісі, сол арқылы елдің нақты билеушісі болған, сол кездегі аса байлардың бірі, бір емес бірнеше рет қазынаның мүлкіне қол сұққаны үшін, мемлекет мүлкін төгіп-шашқаны үшін айыпталған әкімші, соңғы сәттері ұмытылған шонжар, отставкадағы оппозиционер болып, ақыр соңында императордың аяусыздығының құрбаны болғанда өзіне-өзі қол жұмсаған, яғни өз дәуірінің барлық маңызды оқиғаларының куәгері ғана емес, қатысушысы да болған адам. Ол осылай бірде биікке самғап, бірде биіктен оңбай құлап өмір кешкен. Сенека өмірінің соңында – дүние жалған екен, барлығы бекер, тек қана философиямен айналыссам, ешкімді көрмесем, араласпасам, байланысымды үзсем, уақытымды олар үшін босқа кетірсем деп ойлаған. Айдауда жүргенде әуелі ұнжырғасы түсіп, өмірге нала болған, кейіннен оңалып, философиямен айналысқан, «Өмірдің қысқалығы туралы» деген трактат жазған.

Бір-біріне кереғар істермен айналысқан ерекше тағдыр иесі Сенека сонда да тарихта негізінен жақсы жағымен аты қалған, оның себебі Сенеканың ілімі барлық адамға бағытталған. Ондай адамдардың жағымсыз жақтарының бәрі аузына ие бола алмай күндегендердің сөзі сияқтынып ұмытылады да, ақыл-парасатқа толы негізгі өмірі елдің есінде қалады.

«Мені түсіну үшін мен өмір сүрген заманды түсін» – деп Шәкәрім қажы айтпақшы Сенеканы танып-білу үшін оның өмір сүрген ортасын тану маңызды.

Рим мемлекеті біздің дәуірімізге дейінгі 509 жылдан біздің заманымыздағы 30-жылдарға дейін республика болған. Билік халық өкілдері – Бүкілхалықтық жиналыс пен Сенат және Жоғарғы магистранттар – халық жыл сайын қайта сайлайтын атқару билігі арасында тең бөлінген еді.

Біздің дәуірімізге дейінгі 27-жылы Октавиан Август Республиканы құлатып, Империя құрды, яғни монарх басқаратын бір адамның билігі орнады. Бірақ Август жеке басқару билігін орнатқанмен қалыптасып қалған республикалық жүйені тұтастай ыдырата алмады. Ол өте берік және өміршең болып шықты. Император тек солардың бәрінің үстінен қарайтын билеуші болып қалды. Біраз уақыт Халықтық жиналыс пен Сенаттың жұмысы бұрынғыша жүрді. Дегенмен бұрын билікті қатаң бөліске салып, жылына бір рет қайта сайланатын бұл жүйе бұрынғыша істеп кету мүмкін болмай қалды. Император іс жүзінде барлық билікті қолына алды. Ол «Халық трибуны» өмір бойғы атаққа ие болды, Магистраттың, Халықтық жиналыстың, Сенаттың шешімдеріне veto қоя алатын болды. Одан соң ол Сенаттың принципсі деп жарияланды. Принципс – ол барынша құрметті адам ретінде Сенатта бірінші болып сөйлеу құқығына ие тұлға еді. Бұрын да болған бұл атақ жай ғана құрмет белгісі ретінде болса, енді Сенатта принципс сөйлеген соң басқа сенаторларға тек соның сөзін мақұлдау ғана саналды.

Осылай бола тұрып Август Сенаттың пікірін қолдаушы ғана делінді. Ешкім нақты биліктің императордың қолында екенін айта алмады.

Августың өзінің ұлы болмады, сөйтіп әйелінің бұрынғы күйеуінен туған баласы Тиберийді ұл етіп өзіне жаздырып, өз орнына соны қойды. Тиберий елді 23 жыл басқарды. Бұл кезде де император билігі шексіз болуы жалғасты. Сол кезде ғой Тациттің: «өліп бара жатқан бостандықтың іздері ғана қалды» дейтіні.

Тиберий принципстің, яғни императордың ұлылығына тіл тигізгендер мемлекетке сатқындық жасағандармен қатар жазаланатын заң шығарды. Принципске қарсы сөз айту, оны қорлау саналды.

Өмірінің аяғында Капри аралдарына кетіп қалған Тиберий өзінің кезінде күнге болған кісі өлтіру, жазықсыз жазалау секілді әділетсіздігі үшін кешірім сұрап Сенатқа хат жазды. Осыған орай Тацит: «Сократтың: «Тирандардың жан дүниесіне үңіліп қарасаң, оның жара мен ісік басқан тәнін, залымдық пен азғындық жайлаған жанын көресің» дегенінің растығына көз жеткіздім» деп жазды.

Бұлардан кейінгі билеушілер Гай Цезарь, Калигула, Клавдийлер де нағыз Шығыс деспоттары секілді шексіз билік жүргізді. Осы Калигуладан бастап Сенеканың сарайда қызмет етті.

48-жылы Клавдийдің әйелі Мессалина өлтіріліп, оған әйелдікке Агриппина келгенде оның ұлы Нерон 11 жаста ғана болған. Агриппина Сенеканы айдаудан алдырып, жоғары қызметке қойып, баласына тәрбиеші болуды ұсынған. Әйелдің әріден жоспарланған ойын Сенеканы түсінбеген, өйткені ол императордың сарайының айлаларын әлі білмейтін. Неронға

тәрбиеші болып келісімен Сенеканың Магистраттың (Үкіметтің), Халықтық жиналыс пен Сенаттың жай ғана иллюзия екенін, нақты билік «принципстің достарының» азғана тобының қолында екенін бірден түсінді және сол азғана топтың ішіне кіріп кетті. Сарайдың ішкі оқиғаларына қаныға бастағанда, бес жылдан кейін Агриппина күйеуіне у беріп өлтіріп, 16 жасар Неронды император еткеніне куә болды. Сөйтіп әуелден тұтқынға түскендей болған Сенеканың жас императордың ең жақын кеңесшісіне айналған.

Нерон император Клавдийдің әйелі Агриппинаның бұрынғы күйеуінен туған ұлы еді. Агриппина Клавдийді өзінің орнын оның бұрынғы әйелі Мессалинадан туған ұлы Британикке беріп қоя ма деп өлтіртіп жіберді.

Сенеканың билік маңайына өте жақын жүруіне не себеп болғанын біз білмейміз, ол мүмкін атаққұмар я пайдакүнем болды ма (оны осылай деп өте жиі айыптаған), жоқ философ бола тұрып, яғни адамның ішкі дүниесін жіті бағалаушы ретінде билеушінің жанында болып доктрина жүргізу адамдарға тиімді деген сенімде болды ма, біз білмейміз. Білетініміз – Сенеканың жеке билік мемлекетті ұшпаққа жеткізетініне әбден сенген және соны ұдайы насихаттаған. Адамдар мемлекеттің бір мүшелері ғана деп санаған. Сондықтан да жеке билікке қызмет ету арқылы жеке билік иесін жақсылықты, ізгілікті жағдайларға бұрсам деген ниетте болған.

Сенеканың, тіптен, мемлекеттегі билік иесіне қызмет ету моральға сәйкес келмеуі де мүмкін және онда тұрған ештеңе жоқ деген ойда болған. Ол сарай ішіндегі пәлелердің жуан ортасында жүріп-ақ, компромисс пен жол беру арқылы бәрін де шешуге болады деген тактика ұстанған. Осы философияның ықпалымен ол Клавдийді Агриппина өлтірткенде «Клавдийдің асқабаққа айналуы» деген памфлет жазды, сөйтіп бұрын мадақтап жүрген императорды балшыққа батырды, оны нақұрыс, қанішер және қатыгез деп айыптады. Осылай ете тұра ол жас Неронды аспанға көтеріп, мақтау сөз жазды. Сөйтіп ол іс жүзінде мемлекет басқарушы төрт адамның біріне айналды. Неронды анасын тыңдамауға үндеді, өйткені оның билікқұмар қатыгездігіне көзі жеткен еді. Әлі қауіпті жастағы императорды арандатып алмау үшін Сенеканың гвардия басшысын одақтас етіп алып, Сенаттың ролін арттырды. Сол кездері Сенеканың: «Тек ақылман адам ғана патша бола алады» дейтін ұран тастады. Неронға қаратылған «Мейірімділік туралы» дейтін трактаты да сол жылдардың жемісі. Бұлар – Сенеканың қиялына сәйкес туындаған идеалдар болғанымен, нақты жағдай ол ойлағандай болмай шықты. Агриппина жайлы шектеулер жасауға кеңес берген сайын Нерон оған аса үлкен көлемде сый жасап тұрды. Сенеканың байлығы өскені сонша сарай төңірегінде оны күндеп,

«Сенеканың уағыздары бір басқа, тұрмысы бір басқа» деп өсек тарата бастайды. Император болғанына алты жыл болғанда, 22 жасар Нерон анасын өлтіруге бұйрық береді. Тациттің жазуынша, Нерон анасын да әуелде у беріп өлтіргісі келеді. Бірақ Британик солай өлтірілген соң ол әдісті қайталағысы келмеді. Сөйтіп, ақыл берушілерді тыңдап, суға түскеннен соң бір тетіктерді іске қосқанда қирап кететін корабль жасаттырып, бір мерекеде анасын соған отырғызып, теңізге жібереді. Азғана жел тұрғанда корабль қирап суға кетуі тиіс болды. Бірақ корабль қирағанмен Агриппина өзі жүзіп жағаға жетеді. Бұл ұлынан келген іс екенін түсінген анасы сыр білдірмей қоя салады. Мұны естіген Нерон басқа жолы қалмағандықтан адам жіберіп анасын төсегінде өлтіртеді. Сенека қызмет бабына орай амалсыздан Неронды ақтап Сенат алдында сөз сөйлейді. Бұдан кейін барлық ашу-ыза Неронға емес, Сенекаға қаратылады, оның басына бұлт үйіріледі. Өзін ақтау үшін Сенека «Игілікті тұрмыс туралы» деген трактатын жазады.

Бұл кездері Агриппинаның әсерінен құтылған Нерон Сенеканың кеңестерін тыңдамайтын өзімбілермен бола бастайды. Ол ессіз ойынсауыққа, төсек қызығына алаңсыз түседі. Оның бұдан басқа ермегі театрда роль ойнап, лираның сүйемелдеуімен ән айту бола бастады. Ол кезде театр екінші сортты адамдардың ісі саналатын. Билеушінің бұл ісін Сенека да мақұлдамады, бірақ қара халық қол шапалақтап қарсы алды.

Нерон таққа отырмас бұрын Клавдийдің Октавия деген қызына үйленіп алған еді. Бірақ таққа отыра сала аты жайылып қалған, еркімен кеткен Акта деген қылықты қызбен бірге болуды ұнатты. Көп өтпей өз ортасынан Сабина Поппея деген әйелге құмартты. Неронның сенімді өкілі болып билікке араласа бастаған Сабина жөнінде Тацит: «Онда жанның адалдығынан басқаның бәрі бар» деді. Бірте-бірте Неронмен көңілдес болғандардың көбі сонша, олардың аты-жөнінің соңынан қуу мүмкін болмай қалды. Сенека жас әйелдердің сыбырымен өзіне төгілуі мүмкін билеуші қаһарына ұшырап қалмау үшін іштей мақұлдамағанымен бұған тыйым сала алмады. Нерон да әлі тіпті жас еді.

Сенека өз заманындағы үлкен байлық иесінің бірі болды. Ол өзі сынаған артық сән-салтанаттың құшағында өмір сүрді. Ол байлығын адал жолмен құралған деп ақтап алғысы келді. «Ақылман байлықты сүймейді, бірақ оның болғанын қалайды; ол байлыққа өзінің жүрегін ашпайды, бірақ оны үйіне кіргізеді» деді. «Тамаша өмір туралы» деген трактат жазып, «Байлық кедейліктен жақсырақ және керісінше», «толық жоқшылықта өмір сүрген мақұл» деген ойларды мақұлдады.

Сенека: «Ақсүйектер сапына жатпайтындар қоғам ісіне араласуына болмайды» деген келісуіміз қиынға соғатын пікірді де айтқан философ.

Осындай кереғар, қатерлі мезгілде Сенека сарайда өмір сүрді. Бәрін өз көзімен көріп, көңілінен өткізген соң Сенека қызметінен бас тартып арыз жазады және Нерон берген барлық сыйды қайтаратынын императорға мәлімдейді. Ол берген сыйлықтарын қайтып алудан бас тартып, өзінен алыс жібергісі келмей біраз жүрді. Бірақ Сенека қалай болғанда да мемлекет істерінен алыстап, тыныш өмірге көшуге бел байлайды, «Жан тыныштығы туралы» трактатын жазады. Онда азаматтық істерден, форумдарға қатысудан, ел алдында сөйлеуден, түрлі демалыс кештерінен бас тартқысы келетінін, яғни азамат емес, адам ғана болып қалғысы келетінін айтады. Және осылай жасайды да. Ол «Бос уақыт туралы» трактат жазады. Онысы Корсикада жазған «Өмірдің қысқалығы туралы» трактатқа ұқсас болып келеді, яғни бірталай өмірді өткізіп, қаншама құрмет пен қиыншылық көріп, қайтадан айдаудағы сәтіне қайта оралғандай күй кешеді. Сенеканың: «Адамдар арасындағы қарым-қатынаста бәрінен бұрын Отанға деген құрмет жоғары тұруы керек» дегені нағыз мемлекетшіл, Отаншыл адамның сөзі.

Сенеканың өмір жолын барлап қарасақ, ол Август тұсында дүниеге келді, Калигула оны жек көрді, Клавдий Корсика аралдарына жер аударды. Император сарайына хат жазып Римге қайта оралған оны Агриппина ұлына философияны үйретсін деп таңдаған жоқ, оны адал, жөнімен сөйлейтін адам ретінде таңдады. Неронға Сенеканың ықпалы орасан зор болып бара жатқанын байқаған Агриппина бір кездері қалайда баласын өзіне қаратып алу үшін, өзіне көңілдес етуді ойлады. Оны байқаған Сенека Акта арқылы Неронға: «Жалпыға бірдей ұнамсыз мұндай әрекетке барған билеушісінен ел теріс айналуы мүмкін» деген ойды жеткізіп, бұл қылмыстан императорды айырып алады. Осыдан соң Нерон анасын жек көрді және оны өлтіруінің бір себебі осы болды. Басты себеп – Неронның Октавияға сезімі болмағанмен, оның артында саяси күш тұрғандықтан, онымен ажырасып, Поппеяға үйленгісі келгендіктен анасын өлімге қиды. Өлімге анасының Неронның орнын тартып алмақ болып, кейбір іс-әрекеттер жасай бастағаны да себеп болды. Сондықтан Сенеканы Агриппинаның өліміне себепкер болды деушілердің сөздері қисынға келмейді. Қайта Агриппинаның өлімі Сенеканың Неронның өзінен алыстатуына алып келді. Ол Сенеканың «Агриппинаның айтқанын онша тыңдай берме, еркін басқар» деген кеңесін оның өзіне қарсы пайдаланды.

Тарих қайталанды. Клавдийді Агриппина өлтіртсе, Агриппинаны Нерон өлтірді. Осының бәрі тақ үшін болған талас еді. Платонның: «Адам қанын бір татқан адам қасқырға айналады» деген сөзі Неронға дәлме-дәл келеді.

Жетпіс жылға жуық өмір сүрген Сенека үш императорға (Калигула, Клавдий, Нерон) қызмет қылған. Оның үшеуі де түптің-түбінде Сенеканы өз жолдарынан тайдырғысы келген. Мұның себебін Сенеканың ел билеу ісіне қатысқандағы адалдығы мен шыншылдығының, қолынан келгенінше дұрыс бағыт беруге тырысқанынан іздеуіміз керек.

Осылайша тарихта екі Сенека қалды, бірі – өрелі философ, екіншісі – айлалы эзезіл. Осы екі образды қалай біріктіруге болады? Біздің алдымызда кім: екіжүзді ме, жауыз ба, айлалы алдағыш па, жоқ, терең ойшыл, таза тақуа ма, біліп болмайды. Ал сөздері... Олар адал, ашық, шыншыл. Өмірінің соңында барлығынан баз кешіп, тыныштық іздеуі де тәубешілдіктің белгісі.

Сенека үлкен драматург болған, оның қаламынан «Медея», «Эдип патша», «Фиест», «Федра» секілді осы кезге дейін құндылығын жойылмаған трагедиялар туған. Олардағы хорға арналған қысқа сентенциялар мен монологтарда Сенека өзі ұстанған философиясы негіздерін ұсынған.

Сенека жоғарыда аталғандардан басқа «Диалогтар», «Полибийге жұбату сөз», «Мейірімділік туралы», «Марциалға айтқан сөз», «Гельвийге жұбату сөз», «Ашу туралы», «Апоколокинтос», «Ақылманның тұрақтылығы туралы», «Бақытты өмір туралы», «Көріпкелдік туралы», «Адамгершілік философиясы туралы кітап», «Ерте өлім туралы» атты ірілі-ұсақты трактаттар жазған.

Сенеканың шығармалары философиялық ойдың ерекше тереңдігімен емес, таңқаларлық адамгершілік биіктігімен және күйкі тірліктің игіліктерінің бәріне де жиіркеніштігімен тәнті етеді.

Оның айтқан сөздерінің ішінен бірен-саранын теріп мысал етер болсақ, олар мыналар:

...Барлық айғайлардың ішінен мен сенің кемшіліктеріңді айтқан кездегі ауырсынған айғайыңды естігім келеді.

...Құлдың еркін адамнан ешбір айырмасы жоқ.

...Жауға да шын пейілмен жәрдем беруге тиіспіз.

...Болып жатқан нәрсенің барлығы болуы тиіс нәрсенің белгісі.

...Діндерде белгілі бір материалдық игіліктерге жету (байлық, денсаулық, бақыт) мотиві бар. Бұлар Құдайдың көзінше ешбір құндылыққа ие емес, оларды Құдайдан сұрау пайдасыз және керексіз, өйткені ол адамның өзіне ғана қатысты нәрселер.

...Қанша қаласаң сонша өмір сүру – біздің қолымызда.

...Сана ғана мәңгілік, ол мәңгі қалады.

...Бізге өзінің айнымас заңдарын таңатын тағдыр әрбір заттың ретін анықтайды, әлемді бағындарған Құдайлық өре, адамдардың істерін

хаосқа араластырып жіберетін кездейсоқтық, осының бәрінен бізді философия қорғайды.

...Бір адамды өлтіргендер жазаланады, сөйте тұра ал тұтас ұлтты жойып жатқандардың ісі ерлікке бағаланатыны несі?!

Осы соңғы ой одан он сегіз ғасыр кейін дүниеге келген Толстойда да бар.

«Құдайдан жасырмағанды адамнан жасыра алмайсың» деген қазақ сөзінің мағынасындағы бір ой да Сенекада бар.

Сенека ұстанған стоиктер ілімінде адамдағы проблемалардың себебін сыртқы әлемнен іздеу қажетсіз, өйткені ол – адамның жан дүниесінде жүріп жатқандардың сыртқы көрінісі ғана делінеді.

Сенека әлемдегі барлық жамандық қайдан шығады деген сұрақ қойып, «құмарлықтан» деп жауап берген. Оның айтуынша құмарлықтың ең жаманы – ашу, одан – дөрекілік, әдепсіздік, қатыгездік, құтыру келіп шығады. Махаббат та, егер ол ұятсыздыққа алып барса, құмарлыққа жатады. Құмарлық адамның жан-дүниесіндегі сана күшін жоқ етеді, өйткені құмарлық жанды баурап алып оны көрсоқыр қылады. Сенеканың осы ойларын оқығанда, басқа бір философ, Сенеканың шығармашылығын онша қабылдай бермейтін Квинтиллиан оған «Шешенді тәрбиелеу» деген трактатында мынадай мінездеме береді: «Оның көп сөздері мақұлдауға лайық, көбісі таңдану туғызады, бірақ оларды мұқият таңдап алу керек; оны Сенеканың өзі жасаса тіптен дұрыс болар еді! Табиғатында ол лайықты адам еді, жақсылық іздей жүретін және іздегенін тапқан еді» деген.

Осылайша ол өзінің соңғы еңбегінің бірі «Адамгершілік хаттары» деген Луцилийге арнаған хаттарын жазады. Бұл хаттардан кейбір үзінділерді оқырманға жеке ұсынғымыз келеді.

Луцилийге жазылған адамгершілік хаттары

1. Өзінді өзін үшін жеңуге тырыс, бұрындары сенен тартып алған немесе ұрлаған, бостан-босқа өткен уақытыңды сақта және жинақта. Біздің уақытымыздың бір бөлігін бізден күшпен тартып алады, бір бөлігін ұрлайды, біраз бөлігі босқа ағып кетеді. Бірақ барлығынан ұяттысы – біздің өз ұқыпсыздығымыздан жоғалтқан уақытымыз. Бажайлап қарап көрші: біз өміріміздің басым бөлігін ақымақтық істерге, бірталай бөлігін – бостан-босқа және барлық өмірімізді керек емес істерге жұмсап өткіземіз. Уақытын бағалай білетін, бір күннің өзі неге тұратынын білетін, әр сағат сайын өлімге жақындап жатқанын толық сезінетін бір адам-

ды көрсетші... Өлім біздің алдымызда тұр, біз өлімнің құрығындамыз. Сондықтан әр сағатыңды босқа жіберме. Бүгінгі күнді уысында ұстай білсең, ертеңгі күнге азырақ бағыныстасың. Кейінге қалдырып жүргенінде, бүкіл өмір ағызып өте шығады.

2. Барлық жерде боламын дегендер еш жерде де болмайды.

Дәрілерді жиі ауыстыру ауруға ем болмайды. Түрлі дәрі жаққан жараның жазылуы қиын. Өсімдікті бір орыннан екінші орынға ауыстырып отырғыза берсең, жайқалып өспейді.

Дүниесі аз адам кедей емес, соны көбейте түскісі келетін адам кедей. Адамдағы ең аз байлық – барлық керектің болуы, ең көп байлық – тойынғаныңша баю.

3. Дос болғың келген адамды жан-тәніңмен қабылда, пікіріңді ашық айт, онымен өзіңмен сөйлескендей сөйлес. Сонда оны танысың. Танып болған соң одан күдіктенбе. Онда ол сатқынға айналады. Оған сенсең – сенімді етесің.

Әбігершілікке құмарлық – қайраткерліктің белгісі емес, рухы ылғи қозып езілудің белгісі және әрбір қимылды ауырлық санау әдеті – алаңсыздықтың белгісі емес, еркелік пен имансыздықтың белгісі.

Табиғаттан кеңес сұра: ол саған күн мен түнді жаратқанын айтады.

4. Бастаған ісінді табандылықпен жалғастыр және жаныңның жайлылығы мен жетілуіңнен ұзағырақ рахат алу үшін асық.

Көп адамдар сарқырап ағып жатқан суға кетіп бара жатқандай, тікенекті бұтақ пен үшкір тастарға жабысқандай жабысатын мына өмірден ешбір қиналыссыз айрылыса алатындай болуды күн сайын ойлан. Көп адам өлімнің қорқынышы мен өмірдің азабы арасында аласұрады: олар өмір сүргісі де келмейді, қалай өлуді де білмейді. Өз өміріңді тартымды ет, ол жайындағы барлық үрейді таста. Жоғалту әзір тұрмаса, ешбір игілік оның иесіне қуаныш әкелмейді.

Кім өзінің өмірін жек көрсе, өзгенің өміріне қожайындық жасайды.

Аштық пен шөлге шыдай алмай, өзіңе үстірт қарайтындардың есігінен қарама, қабағын түйе жақтырмай қарағандар мен сәлемінді жек көргенін жасырмай алатындарға барма.

5. Тобырдан дұрысырақ өмір сүру үшін бәрін жасауға тиіспіз.

6. Өзім үшін алған білімім, қанша ізгілікті болса да, мені ешқандай қанағаттандырмайды.

Гекатонның мына сөзі маған ұнады: «Сен менен қандай жетістікке жеттің деп сұрайсың. Мен өзіме өзім дос болдым».

7. Барлығынан бұрын неден қашу керектігін білесің бе? Тобырдан! Тобыр ішіне кірсем сол күйімде шыққан кезім болған емес. Одан бір нәрсе жұқтырып, кірленіп шығасың. Одан шыққанда сараң, менмен, сән-салтанатқа құмар, ашушаң және қатыгез болып шығасың.

Келіңіздер, біздер көпшіліктің мақтағанынан рахат ала кетпеу үшін жанымызды таза ұстайық. Бізді көп адам мақұлдағаны сенің көп адамға түсінікті болғаныңнан шығар, оған несіне риза боласың? Біздің қадір-қасиеттеріміз біздің ішкі дүниемізге қызмет етсін.

9. Кімнің ісі жүріп тұрса – достары мың, қиналысқа түссе – айналасы шөл.

10. Мен өз пікірімді өзгерте алмаймын: тобырдан қаш, азғана топтан да қаш, бір адамнан да қаш!

Адамдармен өмір сүргенде, Құдай саған қарап тұрғандай бол, Құдайға қарата сөз айтқанда, сені адамдар тыңдап тұрғандай бол.

12. Әрбір күніңді сол күн қатардың соңын алып тұрғандай, өміріңнің күнін аяқтап тұрғандай етіп шығарып сал.

15. Бізден бұрынғылар хат жазысқанда: «Егер сенің денің сау болса, онда жақсы, ал менің денім сау» деп бастайтын болған.

Өзімнен өзім озсам де!

17. Саған жақсы өмір сүруге біреулер кедергі болса, жақсы өлуге ешкім де кедергі бола алмайды.

Эпикур: «Көп адамдар байлық жию арқылы қиындықтарынан құтылам деп ойлайды, олар қайта басқа қиындықтар тауып алады» деген.

Оған таңданатын ештеңе жоқ, ауру адам ағаш керуетте жата ма, алтыннан жасалған керуетте жата ма, қайда болса да кеселі бірге жүреді.

22. Өлім сағаты алдында біз дүниеге келген сәттен гөрі нашарырақпыз. Оған өзіміз ғана кінәліміз: біз ынтықтықтан, қорқыныштан, ырым-шылдықтан, залымдықтан, тағы басқа кеселдерден құтыла алмадық. Өлгенде туғандағыдай алаңсыз болғандар даналыққа жетеді.

23. Біреулер өмірін аяқтауға тиіс кезде бастайды, кейбіреулердің өмірі басталмай жатып аяқталады.

24. Кәрілік деп толық қуатсыздықты емес, адамның шаршаған жасын айтамыз.

28. Өзіңнен қашып кете алмайсың!

Өзінің кемшілігін білмейтін адам, оны болдырмауға тырыспайды.

30. Теңдік – әділеттіліктің басы.

51. Сен еркіндік деген не деп сұрайсың. Жағдаяттың да, болмай қоймайтын істің де, кездейсоқтықтың да құлы болмайтын, фортураны өзімен бір қатарға қоя алатын, ол сенің алдында әлсіз болып шықса, еркіндік сол.

53. Кім қалың ұйқыға кете алмаса, қайдағы-жайдағылар түсіне кіреді, шырт ұйқыға кеткен адам өзін-өзі ұмытқандай болып ұйықтайды.

59. Егер қызық пен рахат қусаң – қасіретке ұшырайсың. Қуаныш деген әркімнің-ақ мақсаты, біреулер оны ойын-сауық пен сән-салтанаттан іздейді, тағы біреу – атаққұмарлықтан, оны қоршап ісі түсіп тұрғандардың көп болғанынан іздейді, тағы біреу – көңілдерден, тағы бірі – ештеңеге ем болмайтын сөз өнерінен іздейді. Олар осы іздегендеріне мас болғандай алдамшы тәтті сезімде жүреді. Бірақ айнымайтын қуаныш – даналықта.

61. Барлығын бұйрықпен жасаушы бақытсыз емес, сол ісін өз еркінен тыс орындағандар бақытсыз.

64. Қайғы деген тез арада-ақ жеккөрінішті нәрсеге айналады. Біреудің өлгеніне қатты күйзелген адам – өзінің одан бұрын өлуі мүмкін екенін

ойлап көрмеген адам. Өлген кісі кіші болсын мейлі, тағдыр өлімді кезекке қарап келтірмейді. Біз ылғи өзіміз де, бізге сүйікті адамдар да өлетінін ойлана жүру керек.

77. Ақылды қашан да байсалды. Өйткені ол басқа нәрсеге тәуелді емес және фортунадан да, адамдардан да мейірім күтіп тұрған жоқ. Фортуна күліп қарағанда пенделерді құрметке, игілікке толы етеді, бірақ бір нәрселерден айырады – жаңағылардың жолында ардан аттаудан арланбайтын жолдастар кезігеді, тойымсыздықпен жиналған дүние-мүлік жоғалуға бейім келеді, бір сөзбен айтқанда – қуанышы аз болады.

Жан рахатына жеткісі келгендер құрмет пен игілікке тек адалдық арқылы жетсін.

Адалдықпен кешкен өмірді қыстартқанмен, одан оның адалдығы азаймайды.

Туллий Марцеллин өз жастығын байыппен өткізді, бірақ қатерлі болмаса да көп күшін алған, ұзағынан келген жанды ауыртатын ауру еңсеріп, тез-ақ қартайып қалды, сөйтіп өлім туралы ойлай бастады. Ол көптеген достарын жинады, олардың біреулері ауруға мән бермегенсіді, біреулері жағымпаздыққа салынып, досқа ұнайтын сөздермен жұбатқысы келді, тек біздің стоик досымыз ғана өзіне тән ержүректікпен және шыншылдықпен былай деді: Марцеллин, сен аса бір маңызды нәрсені ойлағандай уайымдай берме! Өмір сүру маңызды емес, түптеп келгенде – сенің құлдарың да, малдар да өмір сүреді, маңыздысы – адал, ақылмен және жүректілікпен өмір сүру. Тамақ, ұйқы, махаббат – осы үшеуінің төңірегінде ғана айналып жүргеніңе көп болғаны есінде ғой. Алдымен өлім туралы қорқыныштан өзінді құтқар. Біз өлуге тиіс болсақ та өлгіміз келмейтіні, өліп бара жатқанда да өлгіміз келмейтіні жиі кездесетін жағдай. Айналып келгенде бізді бір өлім күтіп тұрғанын білмейтін тоғышар жан жоқ, бірақ өлім жақындап келе қалғанда қашқақтап, қалтырап, жылай бастаймыз. Мың жыл бұрын неге өмір сүрмедім деп ойлайтындар, мың жыл кейін де неге өмір сүрмеймін дегенмен бірдей. Сен бұрын да болмағансың, бұдан кейін де болмайсың. Бұрын өлгендердің қаншама тобы сенің алдында өткен, кейін өлетіндердің қаншама тобы алдында кезек күтіп тұр. Бізге дейінгі де, бізден кейінгі де уақыт біздікі емес. Өзіңе белгіленген уақытты созамын десең – күшінді босқа жұмсағаның!

Жауының қолына түсіп қалған бір спартандық, оған қорланатын бір жұмыс орындауды нұсқағанда: «Мен құл емеспін!» – деп бақырыпты. Міне бұл еркіндіктің бізге қаншалықты жақын екендігінің көрінісі. Сөйте тұра адамдар құлдыққа түседі. Сен – адамдардың, заттардың, өмірдің құлысың! Өйткені өлуге ерлігі жетпесе, ондай өмір – құлдық өмір!

Гай Цезарь құлдыққа алған біреу одан өлім тілегенде: «Сен қазір өмір сүріп жүрмісің?» депті. Кемпірлер ұзақ өмір сүргенін мақтаныш етеді, бірақ төңірегінде оған төзе бер ме? Өмір пьеса сияқты, оның ұзақтығы маңызды емес, құлаққа жағымдылығы мен жақсы ойналғаны маңызды.

78. Достардың махаббаты ауруға ем, ол қорқыныш пен өлімді күту туралы ойды қуады. Егер достарым өмір сүре берсе, мен де өмір сүргенім – олармен бірге болмасам да, олардың іштерінде, ойларында өмір сүремін.

Посидоний: «білімдар адамның бір күні тоғышардың ұзақ ғасырынан да ұзақ» деген. Бақытсыздықта уайымға түсіп кетпе, сәттілікке сенбе, фортуаның алдамшылығын ойла – ол бірде оңынан, бірде терісінен келеді. Ұзақтан бері күтіп жүргеніміз бола қалғаны оңайырақ.

80. Денесін шынықтыратын адамдар көп, жан дүниесін жетілдіретіндер өте аз.

82. Нені ойыңа алсаң соны орында, қалай өмір сүргің келсе солай өмір сүр, өмірің желіп өтетіндей болғанша, қиын болсын.

83. Ішімдікке салыну – өз еркімен ессіздікке ұрыну. Адамдардың көбін тыйым салынатын нәрседен жақсы ниет емес, ұят ұстап қалады.

84. Ғылымға құмарлық – өзгенің есебінен ақыл алу. Оқысам, біріншіден – өзіме өзім риза бола түсуден арыламын, екіншіден, біреудің білгенін біліп болған соң, оны жетілдіруді ойлаймын. Оқу ақылға азық береді. Тек жазумен немесе тек оқумен ғана айналысуға болмайды, оларды кезектестіріп отыру керек. Сонда біз оқығанымызды елеулі бір нәрсеге айналдырамыз. Осылай біз гүлге қонып бал шырынын жинап, оны алып келіп бір қауызға құйып балға айналдыратын бал арасына ұқсаймыз.

87. Кездейсоқ нәрсе бізді жақсы ете алмайды.

Байлық делдалға да, жезөкшеге де қона салады. Клеопатраның сүйіктілерінің бірі Хелитон да бай болған. Жалған сөйлейтін және аузы

таза емес Натал да (әйелдер оның аузына кіші дәрет сындыратын болған) көп байлыққа мұрагер болған және мұрагерлікке көп байлық қалдырған. Кім қандай нәрсеге ие болса, өзі де сондай. Ақша салатын жәшіктің құны ішіндегі ақшаның құнымен тең, жәшіктің өзі сол ақшаға қосымша ғана. Сондай-ақ, көп ақшаның иесі сол ақшаға қосымша. Ал игілік әркімге беріле бермейді. Ол жамандықтан туындамайды, байлық сараңдықтан пайда болады, демек, байлық – игілік емес.

Қанжар өзі ешкімді өлтірмейді, бірақ ол өлтіруге құрал бола алады.

88. Музыка жайында айтсақ, шектер жуан және жіңішке дыбыстар шығарғанмен, өзара үйлесім табады. Адам жанында да осындай үйлесім болуы тиіс.

Геометрия менің иелігімдегі жерді өлшеуді үйретеді, бірақ адамға қанша жер керек екенін үйрете алмайды. Маған сол иелігімді кішірейтіп алма деп ақыл береді, ол – жерді өз туыстарыммен де бөліспе дегенімен тең. Одан да мен бәрін беріп, көңілді күйімде қалуды үйренсем болар еді. Тура сызықтың қандай екенін біле тұрып, тура жол таппасаң, оны білгеннен пайда не?!

Білсең де, білмесең де солай болатын болса, болмай қоймайтын нәрсені алдын ала білудің керегі не?!

Жақсылық пен жамандықты зерттейтін тек философия ғана. Уәдеге беріктік – өрте, ұр, өлтір, бәрібір сатып кете алмаймын, – дегенге алып келсе, ондай қаскөйлікке негізделген уәдеге беріктік неге керек.

Адамға қатысты істердің қайсысын алмасаң да, оның біліп алатын және зерттейтін нәрселері қисапсыз көп, соның жаныңның қоржынына сыйғызу үшін басқа артық нәрсенің бәрін жаныңның қойнауларынан қуып шығу керек. Ізгілік тар, лас жерде жасалмайды. Жаныңды тазарт, керексіз нәрселерді қоқысқа таста.

89. Өзіңді бағындыр Луцилий! Енжар бола бастасаң – оят, бейбастақтық бар болса – тыйым сал, өзіңнің де өзгенің де сараңдығыңды қадағалап, түзет. Жеріңнің шекарасын, байлықтың көлемін – өсіремін деп қашанғы тырысуға болады?! Бүкіл ел сыйып кететін жердің бір ғана қожайынға керегі не? Араларын бөліп тұрған өзенді, тіптен теңізді де бөліп алуға тырысудың қажеті қанша? Ондағы аралдар да менікі болсын деу қай ақылға сыяды? Бүкіл имениені, тіпті державаны өз иелігіне алғанның иелігінен тыс тұрған бөлік бәрібір көп болады.

Ал, біреу сараңдық жасаса, біреулер орынсыз шашуға құмар, оларды қайтеміз. Әсем көлдердің жағалауын менің үйім сәндендіріп тұрсын дейтіндер, сән-салтанатқа құмарлар неге көп? Соншама көп ұйықтайтын бөлмелер кімге керек? Соның біреуінде ғана жатпай ма адам?

Біреуге бір нәрсе айтқанда, оны өзің де есітетініңді, жазғанда оны өзің оқуға тиіс екенінді ұмытпа?

90. Дүниеге келгендердің барлығы саналы болса, даналық өзінде барды жоғалтып алар еді. Оның ең бағалы және биік болатыны – ол бізді өзі іздеп келмейді, оны ұғынуға әркім өзі барады, біреу арқылы оны ешкім ала алмайды.

Философияның еңбегі біреу ғана – барлық құдайлық және адамдық істерде ақиқатты табу. Әділеттілік, арлылық, ұяттылық онымен дос. Ол бүкіл киелі нәрселерді құрметтеуді және бүкіл адами нәрселерді сүюді үйретті, құдайлардың қолында билік, адамдардың қолында достастық болуды насихаттады.

Барлық нашарлардың жақсыларға бағынатыны – табиғи іс. Үйірді немесе қотанды үлкені немесе мықтысы басқарады. Адамдарды басқаратын билеушілер үлкен немесе мықты болумен бірге адамдық қасиеттері мол болса игі.

Посидонийдің «құйылған темірді ақылмандар жасап шығарды» дегенімен келісе алмаймын. Темір мен мысты ақылдылар емес айлалылар тапқан. Өйткені ондай заттарды табу үшін оны бағалай білу керек.

Ақылманның тамақ табуы жеңіл. Өйткені оған көп нәрсе керексіз.

Бір ақылман қос алақанын біріктіріп бұлақтан су ішіп тұрған баланы көріп, қашаннан бері қалтасында алып жүрген шыныаяғын лақтырып жіберіпті. Табиғат ешкімге салмақ салмайды, ешкімнен ешқандай ауыр жұмыс талап етпейді. Біз әзірге тап болғанбыз, тойына бастағанда одан да жақсырақ болуын қалап, өзімізді өзіміз қиындыққа мойынсұндырғанбыз. Сән-салтанатқа құмарлық табиғаттың тепе-теңдігін бұзды, олар алдымен артық нәрсені қалай бастады, сонсоң табиғилыққа жат істерге барды, бірте-бірте жанын тәніне құл етті.

Ақылман жалған пікірлерге бағынуға тыйым салды, кейін өкінетін рахатты айыптады, бізді ылғи қуанышқа алып баратын игілікті мадақтады.

Ең бақытты адам – бақытты керек етпейтін адам, өзіне билік ете алатын адам – ең билігі толық адам.

93. Ұзақ өмір сүруді емес, ризалықпен өмір сүруді уайымдау керек.

98. Бақытқа бағыныштыларды бақытты деме.

Кім керегінен ерте қасірет шексе, сол керегінен көп қасірет шегеді.

Бақыттың сағымы тобырды еліктіреді.

99. Досың қаза болса, сондай досың болғанына шүкірлік ет, сонда қайғың азаяды.

Бақытты да, қайғыны да көзге ұрып тұратындай сездіру – санасыздық.

101. Әрбір күн, әрбір сағат біздің түкке тұрмайтынымызды көрсетіп тұр.

Өмірге құштарлықтан да құтыла жүру керек: ақыры болмай қоймайтын нәрсе болмай қоймайды.

Дүниеден өтер сағатың соққанда қорықпа: ол сенің жаныңның емес, тәніңнің соңғы сағаты. Табиғат бізді кетерде келген кезіміздегідей тонайды. Әкелгеніңнен көп нәрсе әкете алмайсың, қайта өмірге ала келген нәрсеңнің біразын тастап кетуге тура келеді. Сенің соңғы күнім деп қорқып жүрген күнің – сенің мәңгі өміріңнің туған күні.

103. Дауылдан алдын найзағай жарқылдайды, ғимарат құлар алдында қабырғасында жарықтар пайда болады, өрт болғанда алдымен түтін иісін сезесің.

105. Адамды басқа біреуді өлтіруге итермелейтін – үміт, қызғаныш, жек көру, қорқыныш, жаны жаратпау.

Ең пайдалысы қобалжымау және адамдармен аз сөйлесу, өзіңмен көбірек сөйлес.

Жаза күткен жазаға ұшырайды, ал ол жаза лайықты болса, онда келмей қоймайды. Ұсталмаған айыптының өзі ұсталып қалар ма екенмін деп уайыммен өмірін өткізеді.

107. Өмір – дөрекі нәрсе. Сен ұзақ жолға шықтың, демек бір жерде сүрінесің, бір нәрседен таяқ жейсің, құлайсың шаршайсың, сонда: «өліп қалсам етті» деп ойлайсың, бірақ өзінді алдап тұрсың, ол ойдан шошисың.

Қыста жаурайсың, жазда ыстық, теңіздегі тыныштықтан кейін толқындар көтеріледі, кезектесіп желдер соғады, түн күнді алмастырады, мәңгіліктің өзі қарама-қарсылықтардан тұрады.

ХІІ.2008 – ІІ. 2009.

ІІІ. 2012.

ТОЛСТОЙ ТАҒЫЛЫМЫ

Жан дүниесіне шолу

Лев Толстой 1828 жылғы тамыздың 28 жұлдызында Мәскеу түбіндегі Ясная Поляна деп аталатын мекенде дүниеге келді. Толстойлар отбасы Ресейдегі ең бай әрі үбірлі-шүбірлі отбасыларының бірі болатын. Әкесі Османлы елшілігі міндетін атқарған атаның ұлы болса, шешесі Волконская ханша еді.

Толстой бала жасынан-ақ өте ақылды әрі зерек болды. Алайда, үш жасында анасынан, тоғыз жасында сүйікті әкесінен айырылып, тұл жетім қалған Лев өлімнен қатты қорқатын. Бағына орай, мұнан соңғы тәрбиешілері аса ақкөңіл, діндар жандар боп шығады. Оны асыраған, туыс болып келетін екі әйел қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсіреді.

Бала Лев өте көңілшек болатын. Көңілі марқайған сәттерінде балаша қуана алмай, жағдайы мүшкіл адамдарды ойлап, уайымға салынып жылайтын. Тайына міне қалса, оған жаны ашып, мойнынан құшақтап кешірім сұрайтын. Өз ойынан әңгіме шығарып, оған өзі жылайтын. «Естеліктер» атты шығармасында сол күндерді былайша еске алады: «Алғашқы қайғысыз жылдарым қайта оралар ма? Сол күндердегі жан-тәніммен тілейтін тілектерім қайда? Бейкүнә көз жасым қайда?».

Толстой ұзақ әрі бақытты ғұмыр кешкен. 34 жастан асқанда 17 жасар Софья Берске үйленген. 82 жыл өмір сүрген, 13 ұл-қыздың әкесі атанған. Екінші қызы Татьяна 96, кіші қызы Александра 95 жыл өмір сүрген. Осылайша ұлы жазушы отбасы қызығын молынан көрген, әйелімен тату-тәтті өмір кешкен. «Менің әйелім сенімді және әбден берілген дос қана емес, ол менің барлық істерімдегі – тұрмыстағы және әдебиеттегі жәрдемшім» деп жазып қалдырған. Тек өмірінің соңына қарай Толстой мен әйелінің арасында түсініспеушілік пайда болыпты, оған да көбіне Толстойдың мінезіндегі, өмір сүру қалпындағы ерекшеліктер себеп болған секілді.

1843 жылы Дарулфунунның шығыс тілдері факультетіне оқуға барды. Шығыс тілдеріне деген қызығушылығы ерекше еді. Алдымен араб, түрік тілдерін таңдайды. Кейінірек тілшілікті тастап, құқық негіздерін оқи бастайды. Бірақ бұл кезде Толстой діни сенімдерден мақрұм боп қалған-ды. 17 жасында-ақ шіркеуге сенбейтін. Сонда да рухани толысу, кемелденуге үлкен мән беретін. Өзін-өзі рухани кемелдендіруге барынша күш салатын. Сол кездерін есіне алғанда: «Жақсы болғым келетін, бірақ жалғыз әрі жас едім» – деп жазды.

1847 жылы университетті тастап, Ясная Полянаға барады да, 1851 жылға дейін сонда қалады. Сөйтіп, халықпен қоян-қолтық араласады. Мұқтаждарға көмектесіп, жарлы-жақыбайға жәрдем беруге тырысады. Бірақ мұнан да қанағаттанбай, ақыры әскерлік жолды таңдайды. 23 жасында Кавказға барып, армияға қосылады. Біраз өзіне-өзі келгендей болады.

Орыс жазушыларының бәрі де Чернышевскийдің «Не істеу керек?» деген сауалын өздеріне қойған. Толстой да осы сауал төңірегінде ойла-нып, ақиқатты іздеді. Бұл жолда ол философ сияқты емес, жанын жегі-дей жеген өлім қорқынышының шарасын іздейді. Бізге жеткен жазу-шының естеліктері арасынан табылған бір жазбада төмендегі сауалдар тізіліпті:

- 1) Не үшін өмір сүремін?
- 2) Жаратылуымдағы мақсат не?
- 3) Өзгелердің өмірінің мәні неде?
- 4) Ішімдегі жақсы және жаман сезімдердің болу себебі не?
- 5) Қалай өмір сүруге тиіспін?
- 6) Өлімнің сыры неде? Өзімді қалай құтқара алам?

Осы сұрақтардың нәтижесінде ол жаратушыны қайта тапты. Қайта-дан дінге мойын бұрды. Бірақ пікірлері сенімінен кейінде қалды, тән сезімдерін жеңу оңай емес-ті. Құмарлықтары мен діни көзқарасы ара-сында бітіспес күрес жүріп жатты. «Күнделігінде» бұл жайында былай жазады:

- 1) Құмар ойындары (Бұны жеңуге болады);
- 2) Жыныстық құмарлық (Жеңу өте қиын);
- 3) Өркөкіректік (Бәрінен де қауіптісі осы).

Толстой 1859 жылы Ясная Полянаның маңайында шаруалардың ба-лалары үшін жиырмадан көп мектеп ашты. Оған дейін ол мектепте оқыту жүйесін өзгерту жайлы көптеген мақалалар жазды. Келер жылы Толстой Еуропа мектептерінің жай-күйімен танысу мақсатында сапарға шықты, Лондонда біржарым ай болды, сосын Германияға, Францияға, Швейцарияға, Бельгияға барды. Ол елдердегі мектептердің оқыту жүйесін зерттеді, бірақ оларды қорытындылай келгенде қанағаттану сезімі бол-мады.

Толстой мектептерде «оқушының еркіндігі» идеясын енгізіп, білім беруде озбырлық болмауын ұсынды, оған көптеген дәлелдер келтірді.

Осы мәселемен мықтап айналыспақ болып, 1862 жылы «Ясная По-ляна» атты педагогикалық журнал шығарды. Оның қосымшаларында балаларға арналған халық ауыз әдебиетінің нұсқалары жарияланды. «Әліппе» және «Жаңа әліппе» деген жарияланымдар жасады.

Толстойдың шығармашылыққа ұмтылысының арта түсуімен бірге іштей рухани тынышсыздығы, ақиқатқа ұмтылысы да арта түседі. Ол әскерлік қызметті тастайды. Сүйікті бауыры Николаның көз алдын-да өмірмен қош айтысуы, мәңгілікке жоғалу қаупін арттырып, сенімі жойыла бастайды. Жазған сөздерінің бірінде: «Өмірде қадір тұтатын аяулыларымының бәрінен айырылдым. Енді өмірдің не мәні бар? Бүгін-ертең ауру не өлім мені де тұзағына іледі... Адам мас күйінде ғана өмір-ден ләззат ала алады. Отбасылық өмір, тірлік, өнер дегендердің бәрі де сәтсіз, мәнсіз бола бастады. Осы сезім өте қорқынышты. Бұл қауіптен құтылу үшін өзімді өлтірмек те болдым. Мені құшағына алған қараң-ғылықтың қаупін тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Осы азаптан бір оқпен өзімді құтқарғым келеді» депті.

1862 жылы қыркүйекте Толстой 18 жасар Софья Бернге үйленеді. Бі-раз уақытқа дейін соның қызығымен басқа нәрсе ойлауға мұршасы бол-майды. Алайда, бұл қуаныш ұзаққа бармайды. Азапты ойлар көңілін қайтадан кеміре бастайды.

«...Мен кімін? Не үшін өмір сүремін? Өмірімнің мақсаты не? Жақ-сылық қайда? Жамандық ше? Бай болайын, атақты болайын, маған не пайда? Бүгінгі ісімнің, ертеңгі тіршілігімнің не мәні бар? Өлімді жеңетін күш бар ма, сірә?».

...«Өмірде ең сенімді дегенімнің өзінің күл-талқаны шықты. Неге сүйенсем жаныма сая табам?...».

«...Өзіңді өзің өлтір, сонда бәрінен құтыласың. Өмір ұнамайды, солай ма? Өлтір өзіңді. Тірі жүріп тірліктің мәнін түсінбесең, босқа өзіңді ал-даусыратпа».

«...Тіршіліктен жирендің ғой. Онда неғып жүрсің? Кет, көзіңді жо-ғалт».

Бұл сөздерді жазғанда Толстой бар болғаны 35 жаста ғана еді.

Өзіне-өзі қол жұмсағандарды салыстырып, ойланып қарасақ, олар өмірлік тонусы төмен адамдар немесе жарқылдап отырып-ақ бірден мұндана қалатын сезімтал болып шығады. Бұндай мінездің адамдарына аз ғана қиыншылық алынбайтын қамалдай болса керек, ауыр жағдайға итермелейтін сол-ау, сірә.

Толстойдың кей мінездерін ұлы адамдардың бойында болатын артық-ауыс, астын-үстін келе беретін іс-әрекет деп бағаласа да болар ма еді? Олардың көбі солай болған ғой...

Пушкинде оқыс мінездер, әулекілік аз болмаған, ол карта ойынының құмарпазы болып, түк ақшасы қалмағанша ойнап, қарызға ұтылып, ақыр соңында өлеңдерін салып, ұттыратын болған. Тіптен «Евгений Онегин» поэмасын жазып бітпей жатып, бастапқы тарауларын ұттырған, сөйтіп, кейіннен қайтып сатып алған.

Өзіңе-өзің қол жұмсамай-ақ, екі қолыңды төбеге қойып, өз үйіңнен қашпай-ақ өмір қысқа, аз ғана сәт те емес – қас-қағым сәт қана. Бақбақтың піскен кезі сияқты, уақыты келгенде үп етеді де біте салады. Қандай қиындық болса да уақытша.

Шәкір Әбенұлының хадистік бір әңгімесінің мазмұны мынадай: Бай саудагерге арнап шебер екі тұмар жазып, былғарыға тігіп дайындапты. Бірін қуанышта, бірін басына қайғы түссе ашып оқырсың депті. Бай кезі келіп әуелі біреуін, кейінірек екіншісін ашып оқығанда, екеуінде де бірдей сөздер жазылған екен: «Бұл да бір уақытша!».

Бірте-бірте Толстой бай тұрмыстың жайлылығы мен ессіз құштарлықтан бас тартып, дене еңбегімен көптеп айналысты, қарапайым киім киіп, шаруашылық жүргізді, вегетариандық салт ұстанып, ет жемейтін болды, кейініректе бар байлығын отбасы мүшелеріне бөліп берді.

XIX ғасырдың 80-жылдарының басында-ақ Толстой өзіне-өзі: «Немене, Лев Николаевич, уағыздауын сіз уағыздайсыз, ал қашан орындайсыз?» – деп сауал тастайды және оның жауабын өзі береді: «...Мен кінәлімін әрі сұмпайымын және жек көрушілікке лайықпын... Менің бұрынғы және қазіргі өміріме қараңдаршы, сендер менің не орындағым келіп жүргенін көресіңдер. Мен оның мыңнан бір бөлігін де орындамадым, бұл шындық, оған кінәлімін, бірақ орындағым келмегендіктен емес, қалай орындалатынын білмегендіктен оны жасай алмадым... Басқа жолмен келе жатқаным үшін жазғыра беріңдер мені...» деп жазған еді.

Толстой өмірмен қош айтысқысы келсе де, тірліктен бір нәрсе күтетін. Ойына әр нәрсе келеді.

«...Өмірдің мәнін ұғына алмасаң, оны ойлап басыңды қатырма. Тек қыбырлап тіршілік кешсең болды...».

«...Бұлай істей алмаймын. Өйткені бүгінге дейін осылай әрекеттеніп көрдім».

«...Өмірдің мәні! Ол қайда? Шындық деген не? Шындық – өлім.

Жо-жоқ, шындық – өлім емес, нағыз ақиқат – өмір.

Бірақ менде тіршілікке қабілет қалмады ғой... Өмірдің мәнінен адастым.

Іздей түс, жаңа жол табарсың...».

Сөйтіп, Лев Толстой тірліктің мәнін қайта іздеуге кіріседі.

«Оны ұзақ уақыт бойы азаптанып іздедім. Өзін құтқармақ болған адамша іздедім, ештеңе таба алмадым».

Отбасы, әдеби шығармашылық та оны қанағаттандыра алмайды.

«Сұмдық ақиқат алдында көзіме перде болған екі тамшы – отбасым мен шығармашылық та мен үшін мүлдем ләззатсыз боп қалды».

«Отбасым, иә балаларым мен әйелім олар да адам, олардың да жайы мез емес: я жалғанға алданып жүре береді, я болмаса қорқынышты шындықпен бетпе-бет келеді.

Оларды жаныммен сүйемін, бірақ ақиқатты жасырып қалу мүмкін емес. Ғылымдағы әрбір қадам, өмірдегі әрбір адым ақиқатқа жетелейді. Ал ақиқат – өлім. Өнер мен өлең жай безендіруші әшекейлер ғана, өмірдің мәнін нақты түсіндіре алмайды.

Фэлсафадан да қайыр жоқ!».

Ақыры Толстой миын әбден «ашытқан» мәселенің жарасын табады: «Адамның өмір сүру мүмкіндігі иманмен байланысты. Қай дінге сенсек те, иман бізге өмірдің сырттай қарағанда шектеулі, ал шындығында ешбір соңы жоқ екенін, азаптың, тіпті өлімнің де оны жоя алмайтынын сезіндіреді, яғни адам өмірдің мәнін тек иманнан таба алады».

Толстой өзін осындай ойлауға итермелеген оқиғаны былайша баяндайды:

«Мезгіл көктем болатын. Орманда жалғыз келе жаттым. Айналамдағы әрқилы дыбысқа, түрленген табиғатқа ден қойдым, санамды мазалаған мәселе бар-ды... Құдайды тану... Құдай менің бүкіл өмірім сияқты реалды емес, тек абстрактылы ғана болса, ондай Жаратушы жоқ деген сөз. Сонда мен үздіксіз іздеген Құдай ше? Бұл пікір қайдан шықты? Менің санамда осындай ойдың болуының өзі Құдайдың бар екендігінің дәлелі емес пе? Осыны ойлауым мұң екен, менде өмірге құштарлық пайда болды, рухым оянғандай болды. Иманнан алыстағанда өзімді өліммен бірдей сезіндім. Мен Құдайды іздегенде, соған ұмтылғанда ғана өмірден ләззат алатынымды білдім».

«...Олай болса, өмір сүре жүріп Құдайды ізде. Тірлік кешу – Құдайды іздеу дегенді білдіреді. Осыдан соң айналам, ішкі дүнием жаңадан нұрланды да ғұмыр бойы маған жарық берді».

Осылайша Толстойда тіршіліктің мәнін ұғынуға, өзі ұғынып қана қоймай, бүкіл адамзатқа азаттық жолын көрсетуге деген ұмтылыс пайда болды. Толстой дінді әу бастағы саф күйінде қабылдауды, кейіннен қосылған жаңсақтықтардан бойды аулақ салуды насихаттады. Кейіннен пайда болған «христиандыққа қосымшалардан» ол ешнәрсе түсінбей, басын қатырды. Ол жайында: «Діннің бар дегенін істеп, ертелі-кеш басқосуларды қалт жібермейтінмін. Бірақ түк түсінбей, өзімді зорлап мән-мағына шығаруға тырысқан сайын Құдайға деген сенімімді азайта түскендей сезінетінмін», – дейді.

Ол өз толғаныстарын былайша тілге тиек етеді:

«Өткен естеліктерді ұмытып, өмірдің мәнін ұғынған соң, бақыттың дәмін тата бастадым».

Мұның себебі неде?

– Құдайдың қалауын орындауда...

– Идеал не болуға тиіс?

– Баршаны жақсы көру және өзіміз қаламайтынды өзгеге жасамау...».

Толстойдың барлық діндерді құрметтеуі оған деген шығыстықтардың, әсіресе, мұсылмандардың сүйіспеншілік сезімін тудырды. Батыстан, шығыстан, көптеген хаттар ағылып келе бастады. Патшаны, үкіметті жазбаларымен жерден алып, жерге салып жатса да, оған тиіскен ешкім болмады.

Патша мен шіркеуге қарсы шыққан Толстой өз мұраларының қаламақыларынан, Нобель сыйлығынан бас тартқан. Өлерінен бір жылдай уақыт бұрын күнделігіне мынадай сөздерді жазып қалдырыпты: «Өзімнен: Тәңір алдында, қожайын алдында не істеймін деп сұрадым».

Ислам дініне қатысты сұраққа ол былай деп жауап беріпті: «Менің ислам туралы пікірімді білгіңіз келсе, меніңше бір ғана шынайы дін бар. Бұл дін әлі ашылған жоқ, бірақ оның біраз бөлігі мінәжат арқылы байқалады. Бар адамзаттың ілгерілеуі бүкіл шынайы діндердің барған сайын пәрменді бірігіп, олар пәрменді насихаттап түсіндіруді керек етеді. Сондықтан барша ақиқатты жақсы көретіндерге ол діндердегі айырмашылықтар мен ақауларға шұқшимамай, олардың бірлігі мен артықшылығын іздегенге не жетеді? Барша діндерге қатысымды білдіруге тырысатынымдай, маған түгел аян исламға да солай қараймын» деп жазады.

«Мен бақытты адаммын, өзім күніге жүретін бөлмедегі шкаптардың арасындағы белдеуге асылып қалмайын деп өзімнен жіпті жасырып жүремін, аңға шыққанда да өмірден оп-оңай құтылу үшін пайдаланбайын деп қолыма мылтық ала шықпайтын болдым. Маған не керек екенін өзім де білмеймін: мен өмірден қорықтым, содан қашқым келді, сөйте тұра одан бір нәрсе күттім» деп жазыпты бірде дана қарт.

Л.Толстойдың жазбаларында: «...Тән үшін сүрген өмірдің рахаты болмайды, тән үшін өмір сүру азап шектіреді. Рух үшін өмір сүрген өмір ғана рахатқа жеткізеді» деген сөздер бар.

Уақыт зырлап өтті. Толстой әбден қартайып, күресуге дәрмені қалмайтын кезі келді. Қоршаған ортасы ойлануына мұрша бермейтін, айналасы көңіл көтеруге әбден берілген адамдарға толы болатын. Қайда қашса да құтылмайтын өлім ақиқатына олар жанасып қалған-ды. Толстой жасанды жамағаттан жирене түсті.

Адамның кей-кейде, бәрінен мезі болып, адамдармен аз араласып, оңаша отыруды қалайтын кезі болады. Оның себебі тыныштыққа ұмтылуда жатса керек, тыныштық болмаса, тіпті, кішкене ойланып алуға да

уақыт табылмайды. Бұл, әрине, тыныш тұрмысты, құлақтың тыныштығын аңсау емес.

Тыныштықты аңсау, өз-өзінен оңашалыққа ұмтылу әркімде, әр кезде кездесетін сияқты. Жасың ересек тартып, ақыл тоқтатқанда, өмірге тұрақты көзқарасың қалыптасқанда өзіңе-өзің есеп беру қажеттілікке айналатындай, сол кезде кей істеріңнен, кей әдеттеріңнен қашатындайсың.

Толстой да солай жасады. Сексеннің сегіріне шыққанда екі қолын төбесіне қойып, өз үйінен өзі қашады.

Дүрмекті өмір кешіп келе жатқан кісі тыныш өмірге көндігуі қиын. Тыныш өмірді аңсаған кісінің көбі ойлануға уақыт іздегендіктен тыныштыққа ұмтылады. Адам баласына қашан да уақыт аздық еткен, қазір ол – өте-мөте тапшы.

Өзіммен-өзім болып, оңаша тірлік кешсем деу тек қиялда ғана әсем. Әйтпесе, жалғыздық – жасқа да, кәріге де бірдей қасірет.

Түрлі себептермен адамдарға өкпелі, өшпенді кісілер болады. Қазіргі күндері ондайлар өте-мөте көбейген. Олардың кейбірі, тіпті, жанына жақын ортаның өзінен баз кешіп кетуге әзір. Бірақ... ортаңнан баз кешкенмен, өзіңнен қайда қашып құтылам дейсің. Ол – тағдыр ғой.

Адам мінезі жұмбақ. Ыстық болса, салқын жай іздейді. Қар болса, жапырақты жазды аңсайды. Көптің ішінде жүріп, өзін жалғыз сезінеді. Жалғыз қалса – жалғызсырайды.

Бірде сегізге толған қызының туған күні болып, үйіне көп кісі келеді. Тойдағы ойын-күлкі, айқай-шу оған өте ауыр тиіп, қызына «рухымда сөзбен айтқысыз ауырлық бар» – дейді. Сол тұста күнделігіне «Көз көрмес, құлақ естімеске кеткім келеді. Қашудан басқа амалым қалмады. Осыған бел байладым» – деп жазады.

Ромен Роллан «Толстойдың өмірі» атты роман-эссе жазды. Онда ол Толстой туралы:

«Достарының арасында жүргенде де жаны жалғыздықтан қапаланды. Ең кіші қызы мен ауыл дәрігерінен басқалары оны түсіне алмады» – деп жазды.

Толстой 1903 жылы: «Менің қайраткерлігім, қалай десең де, кейбір адамдарға пайдалы болып көрінгенімен, уағыздаған дүниенің негізгі белгілерін орындамаған соң – өзінің ең үлкен мағынасын жоғалтып жатыр» – деп жазды.

Көңілі өзіне ұдайы толмай жүретін Толстой: «Адамдар мені өздері үшін маңызды саналатын «Соғыс және бейбітшілік» секілді арзымайтын нәрсеге бола жақсы көреді... Маған бұл секілді таңырқаулар мен мақтаулар біреулердің Эдисонға: «мазурканы қалай жақсы билейсіз» дегені сияқты болады да тұрады» депті.

Толстойдың 1897 жылдың 8 шілдесінде әйеліне жазған хаты табылды. Онда ол: «Жетпіс жасқа аяқ басқанда мен тыныштықты, өмірімді жалғыздықта өткізгенді қалаймын. ...Сен Соня, мені еркінмен жібергендей болшы, іздемеші мені, мені жоқтап зарламашы, мені жазғырмашы. Менің сенен кеткенім өзіңе разы болмағанымды білдірмейді. Отыз бес жыл бірге өткізген өмірімізді, махаббатпен және ризашылықпен еске аламын» дейді.

Бірақ ол кете алмады. Отбасымен тағы да 13 жыл бірге өмір сүрді.

1910 жылы қазанның 28-і күні таңсәріден тұрып, киініп, керек жабдықтарын жинап алды да, көшірінен арба дайындауын өтінді. Оңтүстік елдеріне, онан Болгария, Сербия сияқты славян мемлекеттеріне кетпек болды. Бірақ жолда Остапова стансасында науқастанып қалады. Жол жүруге дәрменсіз оған станса бастығы өз бөлмесін босатып беріп, жағдай жасайды. Толстой жанын меңдеген кеселмен арпалысып жатқанда бүкіл газеттер оның қашу сапарын жазып дүрлігіп жатты. Әйелі, бала-шағасы, жолдас-жорасы, журналистер мен операторлар, жандарм қызметкерлері Остаповаға асығыс келіп жатты. Көпшіліктен, атақ-даңқтан, дау-дамай-дан қашып шыққан Толстой тағы да дабыраның ортасында қалды.

Үйінен кеткеніне он шақты күн өткенде, қарашаның 7-сінде сағат сегіздер шамасында Толстой дүниеден өтті. Оны Ясная Полянадағы ормандағы жарқабақтың шетіне, жас кезінде өзі адамдардың барлығын бақытты ететін «жасыл таяқшаның» құпиясы сақталған жер деп санаған жерге жерледі. Ол өлімі туралы: «Егер мүмкін болса мені священниксіз, отпевание жасамай-ақ жерлендер. Олай ету ұнасымсыз болса, онда қарапайым ғана, көп шығын шығармай жерлеуді өтінемін», – деп жазды.

Жастарға арнаған үндеуінде ол былай дейді:

«Өзіңе сенбе атағың биік бүгінгі. Алғаш рет жүрегінде оянған алғашқы ізгілікке, алғашқы кіршіксіз бұлақ бастауына, сол тұстағы өзіңе сен...

Сенің бұл ниетің жастық шақтың орындалмайтын арманы ғана, бәріміз де арман қылдық, қол создық, сөйтсек, өмірдің өз талабы, өз қалауы бар екен, ендеше, өмір былай болар ма еді деп бос қиялдағанша, сол өмірдің талабына сай әрекет қыл дегендерге сене көрме.

...Ізгілік пен ақиқаттың толық үстемдік етуі мүмкін емес дейтіндерге сенбе...

Тәңірі тектес сезім шырағы алғаш рет көкірегінде жарқ етіп тұтқан киелі шақтағы, әу бастағы адал шақтағы мына өзіңе сен. Сол шырақты өшіре көрме, бар қуатыңды пана қылып жандыра түс, лаулай түссін».

Ұлы жазушы бұл сөзін өлерінен аз бұрын, өмірден көрген-түйгендерін таразылай отырып, ақтық қорытынды ретінде жазған екен.

Өлерінің алдында ол соңғы сөздерінің бірі ретінде былай дейді:

«Мен әулие емеспін және еш уақытта да өзімді ондай санамағанмын, қайта керісінше мен көрсеқызар және кейде, тіпті бар уақытта ойлағаным мен сезінгенімді, айтқым келмегендіктен емес, айта алмағандықтан, қателескендіктен өсіріп сөйлейтін адаммын. Бұл сөз жүзінде. Ал, әрекеттерім одан да сорақы. Мен өте әлсіз, ақиқаттың құдайына қызмет еткісі келгеніммен, ылғи да адасатын кемшілігі көп адаммын. Жұрттың бәрі маған қателеспейтін адамға қарағандай назар аударғанда, менің қателіктерімнің бәрі не өтірікке немесе екіжүзділікке айналады. Сонда ғана мен адамдарға кім екенімді, – оңбаған, бірақ бар жан-тәнімен жақсы, яғни Құдайдың құлы болғысы келетінімді айтамын».

Толстойдың жұмыс үстелінде аяқталмай қалған соңғы шығармасы «Өмірде кінәлілер жоқ» деп аталады.

Шығармашылық

Орда бұзар отызына жақындағанда Толстой жазуға алаңсыз бет бұрды. «Естеліктерінің» балалық шағын баяндайтын бөлімін бітіреді. Әскери қызметпен қатар қаламын ұштай түседі. «Севастополь», «Естеліктер», «Казактар», «Басқыншылық» аталатын кітаптарын майдан шебінде жүріп-ақ жазады. Содан соң «Соғыс және бейбітшілік» пен «Анна Каренинаны» жазған.

1863-1869 жылдар аралығында Толстой жаңа бір әдеби жұмысты бастап, әуелі «Мың сегіз жүз бесінші жыл» деп аталған көлемді еңбек жазды. Бұл жылдар жаңа ғана үйленген жазушының көңілі көтеріңкі, отбасы бақыты тыныш қана жазу мүмкіндігімен жалғасып жатқан бақытты сәттер еді. Еңбегін роман деп атап, оған «Соғыс және бейбітшілік» деген ат қойып, бірінші бөлімін 1865 жылы «Русский вестник» деген журналда жариялады. Бұл еңбек жария көре сала қоғамда қатты қызығушылық туғызды, оған пікір айтқандар да көп болды. Роман кең эпикалық полотно еді, онда тарихпен байланыстырылып алынған жеке адамның тұрмысы да қатар өрілетін. Ол орыс қоғамында Отан соғысы жүріп жатқан сәттердің проблемаларына берілген жауап болды. Толстой өз еңбегін роман деп атағанмен: «Мен халықтың тарихын жазғым келді, оның жанры роман ба, хикаят па, дастан ба, тарихи баяндау ма, мен үшін бәрібір» деді.

Толстойдың ең сүбелі еңбектерінің бірі «Анна Каренина». Ол 1873-1877 жылдар аралығында жазылды. Ол сол заманғы қоғамның өмірі туралы роман еді, онда екі сюжеттік желі бір-біріне қарама-қарсы қо-

йылады: Анна Каренинаның отбасылық драмасы жас помещик Константин Левиннің өмірінен көріністер суреттеледі. Бұл жұмыстан Пушкиннің прозаға көше бастаған сәтіндегі сөйлемдерді қарапайым құру, айту мәнерінде баға берудің аздығы секілді тәсілдер байқалады. Бұл романды әдетте Толстой шығармаларына оң баға беруге сараң Достоевскийдің өзі жоғары бағалады. Роман соңындағы Левиннің өзін-өзі әшкерелеуі Толстойдың 1880 жылдарға қарай басталған өз жан дүниесіндегі дағдарысты көрсетеді.

Толстойдың санасында бетбұрыс болған, шығармашылығындағы ояну мерзімі 1880 жылдардан басталады. Осы жылдары ол «Иван Ильичтің өлімі» (1884-1886), «Крейсер сонатасы» (1887-1889), «Сергий әке» (1890-1898), хикаяттарын, «Тірі өлік (бітпей қалған)» (1900) драмасын жазды. Оның ағына жарыла сыр айтатын публицистикасы да осы жылдары жазыла бастады, оларда Толстойдың өз жан дүниесінің драмалары бар: елдегі әлеуметтік теңсіздік пен сауатты топтың шат-шадыман тұрмысын айта келе ол өзінің және қоғамның алдына өмір мен діннің мәні туралы сауал тастайды, барлық мемлекеттік институттарды сынады, ғылымды, өнерді, сот жүйесін, некені, өркениет жетістіктерін жоққа шығарады.

Христиан діні жөнінде мақала жазып, онда христиандық догмаға қарсы шығады, шіркеу мен мемлекеттің жақындасуын сынады. Осы және де басқа шіркеуге жиі айтылған сындары үшін 1901 жылы ол шіркеуден аластатылады.

Толстойдың «Арылу» атты еңбегінде: «Егер бір сиқыршы келіп менен бүгінгі уақыт жөнінде сұрап, менің тілегенімді беремін десе, не деп айтарымды білмеймін» дейді. Бұл сөзінен оның өзі өмір сүрген заманның түйткілді мәселелерінің көптігінен қайсысы маңызды екенін біле алмай жүргенін түсінуге болады.

Толстой ұсақ әңгімелердің де асқан шебері. Оның «Соңғы бал» деген әңгімесіндегі той үстінде өзінің тәрбиелі жүріс-тұрысымен, мәдениетімен, зиялылығымен көзге түскен адамның таңертеңгілік әскери ортада қатыгез, мейірімсіз офицерге айналуы – қоғамдағы адам психологиясының күрделі қайшылықтарының айқын көрінісі.

Мемлекеттік қызмет бабында жүргенде адамның мінез-құлқының қалай өзгеретінін талай көргенбіз. Кеше ғана кішіпейілдік көрсетіп, көшенің арғы бетінен келіп сәлемдесіп жүрген біреулер, бір қарасан, саған бұрылып қарауға ерініп кетіп бара жатады. Япыр-ау, бұған не болған десең, қызметі жоғарылаған болып шығады. Немесе сені кісі құрлы көрмей, елемей жүретін біреу аяқ астынан құрақ ұшып, кішіпейіл бола қалады. Сөйтсең, орнынан түсіп қалған екен. Бұл екі күннің бірінде жүріп жатқан үйреншікті комедия. Трагикомедия.

Сондықтан биік лауазым иелерінің бойынан адамгершілік қасиеттердің табылуы қоғам үшін, ұрпақ үшін айрықша мәні бар нәрсе.

Өркениеттіліктің шын белгісі Отан қоймасына құйылған астықтың көлемімен де, салынып жатқан зәулім үйлердің биіктігімен де, ішкі жалпы өнімнің пайызымен де өлшенбейді, өркениеттің шын белгісі сол ел тәрбиелеп өсірген адамның кісілік келбетімен өлшенеді.

Лауазым иелері үшін ең үлкен қазына – халықтың сенімі, ықыласы, сүйіспеншілігі. Ешкімге өзінді зорлап сүйгізе алмайсың. Ол басы ашық нәрсе.

Елдің жүрегіне жеткізетін жалғыз нәрсе – ол өзінің шынайы кісілік келбетің. Сол арқылы Аллаға да, адамға да сүйкімдісің. Адам ол қасиеттен жүре келе айрылуы мүмкін. Егер ол қасиеттен бір айырылсаң, онда сені сүйкімсіздіктен биік мансап та, мол байлық та, шен-шекпен де, арғы ата-бабаңның қадір-қасиеті де – ештеңе де құтқарып қала алмайды.

Оның «Ильяс» деген әңгімесінің мазмұны мынадай:

«Уфа губерниясында Ильяс деген бір башқұрт өмір сүреді. Ол үйленгеннен кейін бір жылдан соң әкесі қайтыс болды, ол ортақол шаруа еді, одан жеті бие, екі сиыр, жиырма шақты қой қалды.

Ильяс әйелі екеуі 35 жыл бірге өмір сүріп, шаруақорлықтың, ұқыптылықтың нәтижесінде әбден байыды – жылқысы 200, сиыры 150, қойлары мыңға жетті. Жалшылар ұстады, жұрт Ильяспен тамыр-таныс болуға тырысты. Қонаққа келгендерді Ильяс меймандостықпен қабылдап, жақсы күтетін.

Ильястың екі ұл, бір қызы бар еді, оларды аяқтандырды. Үлкен ұлы әкесінің дәулетін көтере алмай, маскүнемдікке салынды. Сөйтіп, бір төбелесте өліп тынды. Кішісі адуын, ақылсыздау әйелінің соңына еріп, кетіп қалды.

Бір жылы жұт келіп Ильястың көп малы қырылды, жұттан қалған жылқысын қазақтар барымталап, талап әкетті. Қуаты қайтып, жетпіске таяп қалған Ильяс кемпірі екеуі бірер жыл қамқа тон, қалы кілемдерін, қымбат ер-тұрмандарын сатып күнелтті. Қызы қайтыс болды, сөйтіп, олар екеуден-екеу қалды. Ең ақырында сауып сүтін ішіп отырған жалғыз сиырын да сатты.

Мүсәпір күйге түскен қарттарға Мұхамедшах деген көршісі көмектесті, кемпірі екеуін үйіне алдырып, бірге тұруға көндірді.

Еңбекке әбден қайнап піскен екеу қарап отыра алмады, сөйтіп, көршінің малын қарасып, биелерін саууға кірісті. Әуелі ауырсынса да, бірте-бірте көндігіп, өз істерін адал атқарып жүре берді.

Бір күні Мұхамедшахтың құдалары келіп, Ильясты танып, кешегі атағы шыққан бай қалайша үй қараушы қызметшіге айналғанына таңыр-

қап, мән-жайды түсінген соң: «Апырмай, дүние кезек деген осы екен ғой, бірде аспанға көтеріп, бірде түпсіз тереңге тастап жібереді екен-ау», – деді.

Олар Ильястың өзімен әңгімелесіп, бір кезде дәулеті тасып, қазір қиын жағдайда жүргеніне жаны ауыра ма екен, білейік, бұл өміріне не айтар екен деп үйге шақырды.

– Сіз дәулет, бақыт, бақытсыздық, қайғы-уайым жайлы не айтар едіңіз, – деді қонақ.

– Оны кемпірімнен сұраңыз, – деді Ильяс.

– Біз шалымыз екеуміз елу жыл бірге өмір сүріп, бақытты олай да іздедік, былай да іздедік, таба алмадық. Міне, екі жылдай болды, әбден тігерге тұяқ қалмаған шақта, жалшылықта жүргенімізде нағыз бақытты таптық. Біз енді осыған шүкіршілік етеміз, – деді кемпірі.

Мына сөзге қонағымен қоса үй иесі де қайран қалды.

– Қалжың емес, бар шынымыз осы: елу жыл ен дәулеттің ортасында бақыт іздедік, таба алмадық. Тақыр кедей кезімізде таптық іздегенімізді. Бұдан артық ештеңенің керегі жоқ бізге!

– Сонда бұл бақыттарыңның мәні неде?

– Мәні мынада: бар болған кезімізде шал екеуміз бір күн де, бір сағат та тыным көрмейтінбіз: сөйлесуге де, ойлануға да, тіпті, Құдайға сыйынуға да уақытымыз болмайтын. Қам-қарекет дейтінің бастан асатын! Мейман келсе, сөге жамандап кетпеуі үшін ішіп-жемін қалай беру керек, қандай сый-сияпат жасап, тарту-таралғы берген дұрыс, осымен бас қатырасың. Қонақ күтіп жүріп қызметкерлерден де көз жазбау керек. Олардың кейбірі тамаққа тойған соң, жұмысты қойып, жата қап ұйықтағанды ұнатады. Азық-түлікке сұғанақтық жасалмасын деп, оны да қарайсың, Күдіктену – күнә, әрине. Бірақ, амал жоқ. Құлынды яки бұзауды қасқыр тартып кетпеуін, ұры үйірлі малды айдап әкетпеуін қадағалау – ол да жұмыс. Содан уһ деп орнына жетсең, онда да, тыныштық жоқ: «Саулық қой қозыларын жаншып тастамады ма екен?» – деп түн ішінде жылы төсекте тастап, қораға барасың. Қысқа жем-шөп қамдау – бұл да бейнет. Бейнет болғанда да, шал екеуміз кейде келісе алмай керісіп те қалатынбыз. Ол олай істейік дейді, мен былай деймін... Керіскен соң артық, ауыр сөз шығып кетеді. Ол, әрине, күнә.

Осылайша тірліктен тірлікке, күнәдан күнәға көшіп жүріп, бақытты өмір дейтінді көрмеппіз ғой.

Қазір шалымыз екеуміз төсектен тұрғаннан сыйластықпен сөйлесіп, шүйіркелесеміз. Таласатындай ештеңе жоқ. Игере алмай жататындай жұмыс та жоқ. Бір ғана ісіміз бар – қожайынға қызмет ету. Шамамызға қарай, ынты-шынтымызбен жұмыс істейміз. Қожайын зиян шекпесе екен,

қайта пайда көрсе екен дейміз. Жұмыстан келсек – ауқатымыз пісулі, қымыз құюлы. Суық түссе – отқа жағатын тезек жеткілікті, жылы тонымыз бар. Қожайынның берген еңбекақысы өлерімізге жұмсалатынына сенімдіміз. Әңгімелесуге, иман туралы ойланып, Құдайға мінәжат етуге де уақыт табылады. Елу жыл іздеп тапқан бақытымыз осы біздің!

Ильяс та өз ойын қосып:

– Бұл қалжың емес, адам тағдыры, өмір. Біз де бұрын кемпіріміз екеуміз баянсыз байлығымызды жоқтап жылап, ақымақ болған екенбіз. Құдай көзімізді шындыққа жеткізді. Енді оны еріккендіктен емес, сендерге жақсылық тілегендіктен өздеріне ашып айтып отырмыз», – дейді.

Толстойдың шығармалары оны әлемдегі ең көп оқылатын жазушылардың қатарына шығарды, оның «Анна Каренина» романы 13 рет, «Соғыс және бейбітшілік» 6 рет, «Тірі өлік» 3 рет, «Арылу» 2 рет, басқа да шығармалары, барлығы 41 рет еңбектері экранға жолдама алған. Бұл әзірге...

Толстой сазгерлік әлеміне бойлап, бір досымен бірге вальс те шығарған.

Толстой жазушылықтан басқа ақсүйек адам, офицер, помещик, педагог, бітістіруші, уағызшы, өмір сүрудің ұстазы десе боларлық ғұмыр кешті.

Даналық

«Толстой тұлғасы – адамзат тұлғасы» – деді Дмитрий Мережковский.

Махатма Ганди Толстойды өз заманының ең адал адамы деп бағалады. Оның бүкіл өмірін ұдайы ізденіс, шындықты қалайда табу мен оны жүзеге асыруға тырысушылық деді.

Шынында, қай қоғам тұсында болса да Толстой бүкіл адамзатқа тән құбылыс. Дәуірінің ақ сөзін сөйлеп, ар-ұяты болған тау тұлға кішкене аяға сыймайды.

Башқұрт пен қазақ даласына дімкәсі қозған сайын қайта-қайта (1862, 1871, 1883 жылдары) келіп, қымыз ішіп емделіп, сырнай, домбыра тыңдап тыныққан ұлы жазушы, өзін ой қажытып, сезімі шайқалып, жаны жабыққанда осы далаға оралып отырған болса керек.

«Біз Азия әлемін нашар білеміз. Оны кім зерттеп, кім тереңіне үңіліпті? Саяхатшылармен сұхбаттасқанда байқағаным: олар іске мығым, қарым-қатынастарында адал, сөзінде тұрады, ешуақытта алдамайды. Ал, ол Еуропада сирек кездеседі ғой» – дейді Толстой.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан Толстой фәлсафасын ерекше бағалап сөз етеді: «Бостандық, тендік, туысқандық XVIII ғасырдан бері жарыққа

шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртының саяси ерлері. Осы үш түрдің бірі біздің тарихтан («Құран» дегісі келген болса керек), Инжілден, Будданың оқуынан, Толстой философиясынан табылады, көзі ашық, талантты ер іздесе. Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ. Бұл – жолдан шыға сала жайылған хайуандыққа қайтқан болады» деді.

Шәкәрім де өмірінің бір сатысында өзі көптен бері әуестеніп жүрген толстойшылдық идеясына беріліп, өмірден баз кешіп, ел-жұрттан аулақтауға бел буады.

Шәкәрім өзін Толстойдың шәкіртімін деп таниды. Ол:

*...Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың,
Адампаз, арам сопы, кәпір қойдың.
Жанымен сүйді әділет, ардың жолын,
Сондықтан ол иесі терең ойдың.
...Ақиқат сырымды айтсам, Толстойдың
Мың сопыны алмаймын тырнағына..., –*

деп өткен ғасырдың 20-жылдарында жазған. Шәкәрімнің аты қазаққа алғаш танылған 1959 жылғы «Қазақ әдебиеті» газетінің №2 санындағы Шәкәрім өлеңдерінің топтамасына осы өлең енгізілген. Қазақ халқы үшін Шәкәрімнің Толстойды ашуы Абайдың Пушкин мен Лермонтовты ашуымен бірдей.

Толстой шығармаларын қолға қалам алып отырып оқығанда мына бір ойларын көшіріп алыппын:

...Азшылық (баршылық) Құдайды қажет ететіні, оларда Құдайдан басқаның бәрі бар, ал көпшілік (жоқшылық) – Құдайдан басқа ештеңесі болмағандықтан оны қажет етеді.

...Романтизм – шындыққа тура қарауға қорқыныштан туады.

...Ғылым дегеніміз – шарлатан-алхимик дайындаған құйма алтын. Оны қарапайымдандырып, жұрттың бәріне түсінікті ету үшін одан көптеген жалған монеталар жасау керек. Халыққа бұл монетаның нағыз бағасы белгілі болғанда – ол бізге рақмет айтпайды.

...Әйел тәнімен еркектен гөрі шыншылдау, ал оның ойлары – жалған. Бірақ ол алдағанда – өзіне сенбейді.

...Мен мастарды жақсы көрмеймін, бірақ ішіп алғанда қызықты бола түсетін, арақ ішпейтіндеге қарағанда тапқыр, шешен, ойы сұлу, сөзі алғыр және бай болатындарды көргенде шарапты мадақтағым келіп кетеді.

...Білу деген не? Міне мен – Толстой, жазушымын, әйелім, балаларым бар, шашым бурыл тартқан, өнім сұрықсыз, сақалым бар, бұлардың бәрін паспортта жазады. Ал жан дүние туралы паспортта жазылмайды,

жан дүние туралы менің білетінім – жан Құдайға жақындағысы келеді. Ал Құдай деген не? Ол менің жанымның бір бөлшегі. Осы ғана... Кім ойлануды үйренсе, оның сенімі күмәнді, ал Құдаймен бірге өмір сүру үшін сенім болуы керек. Тертулиан айтады: «Ой деген жамандық.

...Ең күшті нәрсені, егер онда ол нәрсе туралы түсінік әлі болмаған болса, өте топас адамға да түсіндіруге болады; бірақ ең қарапайым нәрсені, онда не туралы айтылатынын білетініне нық сенімі бар адамға сендіре алмайсың.

...Біздің мектептерімізде, жоғары оқу орындарында, қажеттісі бар, қа-жетсізі бар, ғылым-білімнің неше түрі оқытылады, бірақ біз бақытты болу үшін ең бірінші қажетті пән – адамгершілік пәні оқытылмайды.

Толстой Евангелиядағы (Буддадағы да) жамандыққа күшпен қарсылық көрсетпеу идеясын мақұлдады. Бұл кімде-кім үшін де оп-оңай мойындай салатын тұжырым емес еді.

Толстой: «О дүниеге Библия мен Достоевскийдің кітаптарын әкелер едім» – деп жазады. Сөйте тұра, оның жазғандары туралы түсініктерін жалаңаштап ашып тастайды: «Достоевский өзінің нақұрыстау персонаждарының бірі туралы, ол өзі сенбеген нәрселерге қызмет еткені үшін өзінен де, басқалардан да кек алу үшін өмір сүрді деп жазды. Бұл оның өзі туралы жазғаны еді, яғни өзі туралы бірдене десе ол осылай дер еді».

Өз басым Толстой айтыпты деген бір сөзді өмірде пайдаланғаным бар. Астанаға жаңа көшіп келген жылдары көп балалы отбасы болғандықтан базардағы еттен сатып алғаннан гөрі соғым сойып алғанды жөн көретініміз бар еді. Соғымның еті таза, берекелі болады емес пе...

Астанада мал базары жоқ, сосын амал жоқ төңіректегі ауылдарға барып сұрастырамыз. Сондай бір жолы бір үй иесі жігітке саудаласып, атаған бағасынан кішкене төмендетуін сұрандым. Ол:

– Мен бір сөзді адаммын, айтқанымнан қайтпаймын, – деп қасарысты.

Біз ұсынған бағаның сатылатын малдың салмағына қарай қанша ет беретінін, ол баға жаман емес екенін айтқанмен, бірсөзділігін қайта-қайта айтып болмады.

Ол кезде Астана төңірегінде мал бар еді, жалғыз осының малына қарап тұрған жағдай жоқ болатын. Сонда да мен: бір уәж айтамын, содан жеңілсең біз сұраған бағаға бересің бе, – дедім. Анау келіскендей болды. Сосын мен: Толстойдың шығармашылығын қадағалап жүрген біреу: «Сіз осыдан пәлен уақыт бұрын бүгінгі айтқаныңыздан басқаша пікір айтқан едіңіз?» – деп сұрапты. Сонда Толстой:

– Мен бір сайраған әуенін қайта сала беретін бозторғай емес шығармын. Ол кездегі сенімім солай болған шығар, қазір өзгерген болар-

мын. Бір айтқанға қатып қалу деген қайдан шыққан? Адамның ой-өрісі өспей ме, көңіл көкжиегі кеңімей ме бұл қай дегенің маған?! – деген екен. Сондай келелі мәселелердің өзінде бір адам алуан түрлі пікірлер айтып жатса, сіздің мал бағасын етке шағып, дәлелдесіп саудаласқанымызда бір сөзден айнымаймын дегеніңіз қисынға келе ме? – дедім.

Ол жігіт малын біз сұраған бағаға берді. Сөйтсем ол ауылында орыс тілінен жоғары сыныптарға сабақ беретін, Толстойды сүйіп оқитын мұғалім екен.

Толстой туралы Кеңес кезінде мәдениет министрі болған Ләйлә Ғалымжанова былай дейді:

– Бүгінге дейінгілер Абайды, Толстойды оқып өскендердің балалары еді, енді барынша рухсыз, өмірдің қызығы тәтті тамақ пен әсем киім деп санайтындар келді.

Келе жатқан жаңа толқын қазақтың жанашыры бола ала ма? 1991 жылы туған бала 16-ға толды... Біз оған ұлт рухы тұрғысының нені сіңіре алдық?

«Осыдан жүз жылдай бұрын, дәлірек айтсақ, 1906 жылдың 16 шілдесінде, сол кездегі «Новая время» журналының тілшісі Ю.Беляев орыстың ұлы жазушысы Лев Толстойдан: «Думаның іс-әрекетін қадағалап отырған жазушы ретінде айтыңызшы, депутаттардың тірлігіне қалай қарайсыз?» деп сұрағанда: «Депутаттардың іс-әрекеті, біріншіден, күлкілі; екіншіден, жиіркенішті; үшіншіден, өте сорақы» деп жауап беріпті». Мұны «Жас Алаш» газетінде Әмірхан Меңдеке жазды.

Амангелді Кеңшілікұлы өзінің «Пайғамбардың азабы» атты шығармасында Толстой туралы мына сөздерді келтіреді:

«Артық немесе асылық сөйлеуді ұнатпайтын Чехов бір күні Бунинмен әңгімелескенде:

– Ертең Толстой өлген соң бәрінің де күллі көкке ұшады, – дейді.

– Сонда не, әдебиеттің де ме? – деп таңғалады Бунин.

– Иә, әдебиеттің де, – дейді Чехов мұңайып.

Чеховтың көріпкелдігі дәл келді. Ұлы Толстой дүние салған соң жеті жылдан кейін Ресейде төңкеріс болды. Әдебиет – ұлтты адамгершілікке тәрбиелеу миссиясынан айырылып, таза идеологияның құралына айналды. Ресейде ХХ ғасырда Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Толстой, Достоевский, Чеховқа пара-пар ұлы тұлғаның тумауының себебінің астарын осыдан іздеу керек. Бізде де Абайдан соң бір ғасырдың ширегінде азаматтық позициясы биік, оған пара-пар тұлғаның тумауы мақтаныш емес – трагедия. Дегенмен біздегі Абайдан соңғы қазақ руханиятының басында болған трагедияны есіңе алсаң – жүрегің қан жылайды.

...Тәуелсіздік алсақ та, басқа халықтың алдында құлдық ұрғымыз келіп тұратынымыздың үлкен себебі де осындай азаматтардың жоқтығынан болып жатыр».

Журналист-жазушы Жомарт Әбдіхалық өзінің «Ақселеуге жаздым хат» мақаласында (Егемен Қазақстан. 26.01.2011 ж.) былай дейді: «Толстойдың: «ойланған нәрсені ойлап нең бар, оны дайын күйінде ал да, әрі қарай тарт», – деуінде үлкен мән бар. Іздеуші жалғыз біз ғана ма?..».

Толстой мемуар жазбаған, онысын «өмір жолымды білген жұрт менен түңіліп кетуі мүмкін» деп түсіндіреді.

Толстой туралы естеліктерінде Горький былай депті:

...«Оның жанын ең жиі жейтін ой – Құдай туралы ой. Ол кейде ой емес, әлдебір өзінен үстем тұрған бір нәрсеге барынша қарсылық жасау секілді көрінеді. Сайып келгенде, Құдаймен оның қарым-қатынасы онша айқын емес.

...Оның қолдары ерекше – көріксіз, кеңіп кеткен қан тамырынан жіңішке келеу көрінеді, сонда да одан бір мәнер мен шығармашылық қуат көрініп тұрады. Шамасы Леонардо да Винчидің қолдары осындай болған болса керек. Мұндай қолдармен бәрін де жамауға болады. Кейде сөйлесіп отырғанда ол саусақтарын қимылдатады да біртіндеп жұдырыққа жинап алады, артынан кенет ашады, сөйтіп бір жақсы, толыққанды сөз айта бастайды. Ол Құдайға ұқсайды.

...Анархизмнің даналығын мадақтап, князь Кропоткиннің кішкене бір кітабын бұлғақтата берген Сулержицкийге былай деді:

– Ах, Левушка, қойшы, шекеме тидің. Тотықұс сияқтанып, бостандық, бостандық, – деп бір сөзді қайта-қайта айтып қоймайсың. Айтшы, онда қандай мағына бар? Егер сен өзің қиялдағандай бостандыққа жетсең, не болады, айтшы? Философиялық тұрғыдан алғанда – түпсіз терең бос кеңістік, ал, өмірде, іс жүзінде – сен жалқау, масыл бола бастайсың. Сен ойлағандай еркіндік сені өмірмен, адамдармен қалай байланыстырады деп ойлайсың? Міне, мына құстар еркін, бірақ олар да ұя салады ғой. Ал сен ұя салғың жоқ, төбет сияқтанып, еркектік қажеттілігіңді қайда болса сонда қанағаттандырып алып, тайып тұрмақсың. Мықтап ойланып көр, сонда түптеп келгенде бостандық деген әншейін бос нәрсе, шектеусіздік екенін түсінесің.

Христос еркін болды, Будда да солай, сонда да олар әлемнің барлық күнәларын өздеріне қабылдап, өмірдегі тұрмысқа өз еркімен тұтқын болды. Ешкім одан әрі таман кеткен жоқ, бәрі де сөйтті. Ал біз ше... Біз жақындарымызға, қоғамға деген міндеттіліктен бостандық алғымыз келеді, шынына келгенде осы міндеттілікті сезінудің өзі бізді адам етіп тұрған жоқ па. Олай болмағанда біз де аңдар қатарында жүрмес пе едік?..

Бостандық деген – барлығы және бәрі менімен келіскенде келеді, бірақ ол кезде мен болмаймын...

...Гольденвейзер Толстойдың алдында Шопенді ойнағанда онда мынадай ойлар туыпты:

– Бір кішкентай неміс патшасы: «Құлдарым болсын десең, барынша көп музыка жазу керек» – депті. Бұл – дұрыс ой, орынды байқаған, музыка ақылды топастандырады. Бір тулалық поп маған Христос еврей құдайының ұлы болса да, анасы еврей болса да, еврей болмаған, – деп сендіргісі келеді. Мен сұрадым: «Онда кім ол?» Поп иығын қиқандатты да: «Бұл маған да құпия!» – деді.

... – Сіз Андерсеннің ертегілерін жақсы көресіз бе? – деп сұрады ол ойлы қалыппен. – Мен бастапқыда оны түсінбеген едім, он жыл өткен соң оқып қарасам, оның өте жалғыз болғанын сезіндім. Мен оның өмірін білмеймін, маған ол бейберекет өмір кешкендей көрінеді. Жиһанкездігі де болған сияқты. Сонда да ол – жападан-жалғыз өмір сүрген. Сондықтан да балаларға арнап жазған, оның ойынша балалардың аяушылығы үлкендерден басым деп ойласа керек. Бірақ бұл қате пікір – балалар ештеңені аямайды, олар аяй білмейді...

...Маған ол буддалық катехизисті оқуға кеңес берді. Христті ол онша жақсы көрмейді, оның сөздерінде құлшыныс, пафос жоқ және жүрек отының бір де ұшқыны жоқ деді.

...Ауру оны кептіріп жіберген, ондағы бір нәрселерді күйдіріп тастапты. Оның ішкі дүниесі де жеңілдеу, мөлдір бола түсіпті. Көзі – бұрынғыдан да өткір, өңменіңнен өтеді. Мұқият тыңдайды және бір ұмытылған нәрсені еске түсіргендей, жаңа бір, бұрын білінбеген нәрсені күткендей болады. Ясныйда ол маған өзіне бәрі белгілі және одан басқа, адам шешкен мәселелердің ештенесін де білудің керегі жоқтай сезілген.

...Егер ол балық болғанда тек мұхитта ғана жүзер еді, ешқашан ішкі теңіздерге, әсіресе суы тұщы өзендерге жоламас еді.

...Оның маған қызығуы – этнографиялық қызығу. Мен оның көзіне, оған бейтаныс бір тайпаның өкілі ғана секілдімін.

...Мен оған өзімнің «Өгіз» деген әңгімемді оқып бердім. Ол қатты күлді, мені «тілдің фокустарын» жақсы біледі екенсің деп мақтады.

– Бірақ сөздерді орнымен пайдаланбайды екенсің, сіздегі барлық мұжықтар өте ақылды сөздер айтады екен. Өмірде олар топтау сөздерді ғана қолданады, не айтайын деп тұрғанын бірден біле алмайсың. Мұны олар әдейі жасайды – олардың сөздерінің топастығының астарында қашан да басқаға айтып қалуға мүмкіндік беру қалауы тұрады. Жақсы мұжық ешқашан өзінің ақылын бірден көрсетпейді, бұл оған тиімсіз.

...Оның маған оқуға берген күнделік дәптерінен оғаштау бір афоризм оқыдым: «Құдай дегеніміз – менің қалауым».

...Екеуміз Юсупов паркінде серуендеп жүрдік. Үлкен орыс әйелі тік бұрыш болып еңкейіп, пілдің аяғы секілді аяғын жалаңаштап, он фунт келетін емшегін шайқалақтатып гүлдердің түбін шұқып жатты.

– Дворяндар кейде осы секілді аттармен де қойындасып тұруы керек. Бірақ қызуы тарқағанда сарай қыздарына үйленіп алса, олардан жақсы тұқым қалады. Ал, дворяндардың қалың деревнялық қан араласуынан да сапалы бала туылады. Бұл пайдалы.

... – Сіз жастық шағыңызда қыздармен көп жүрдіңіз бе? – деп сұрады бірде ол Чеховтан.

Чехов түсініксіз бірдеңені мінгірледі де қойды.

– Ал мен шаршамайтын едім, – деді де сөзінің соңын мықтап «тұздықтап» жіберді.

...Оның бір таңқаларлық нәрсесі – ол карта ойнауды ұнататын. Ойнағанда байыппен, қызуқанды болып ойнайтын. Оның қолы да картаны ұстағанда, тап бір картонның өлі бөлігін емес, саусақтарында тірі құс ұстап отырғандай діріл қағатын.

...Кейде ол өзгеше ойлайтын, өзгеше сезетін, бір-біріне басқаша қарым-қатынас жасайтын, тіпті, жүрістері басқаша, басқа тілде сөйлейтін тым алыстағы бір елден жаңа ғана келгендей болып отырады. Ол бұрышқа тығылып алып, шаршау, қоңырқай, басқа жердің шаңын жұқтырғандай болып, төңірегіне бөтен адамның және мылқаудың көзімен қарағандай қарайтын.

... Өзіне келген хаттарды қарап отырып: «Шулайды, жазады, ал өлсем, бір жылдан соң «Толстой? Ә-ә, ана етікке тері илейтін граф па, оған не болып еді?» – деп сұрайды».

...Біз Чехов екеуміз Толстойдың: «Шекспир суреткер болған жоқ» дегені туралы әңгімелесіп қалдық.

– Шалдың сынайтын адам таппағандай Шекспирге шүйліккені несі? – дедім. Сонда біраз ойланып алып, Чехов оған былай деп жауап береді:

– Білесің, бе Толстойға бізді мақтай салу түкке де тұрмайды. Өйткені біз оның талантының қасында ергежейліміз. Оның өнердегі нағыз бәсекелесі – Шекспир. Ол – үлкен. Ол – оның жынына тиеді.

...Ия, ия, барлық жағынан ғажап, өте-мөте күрделі де, қарама-қайшылықты да, данышпан атын иемденетін ол секілді басқа адам жоқ.

...Ол бүкіл ұлттың кем-кетігін, біздің тарихымыздың тақсіретін тартқан түгел тұрлаусыздықты өзінің орасан жанына сыйғызып тұр.

...Мен Құдайға сенбесем де, оған қарап, азғана қорқа-қорқа ойлаймын: «Бұл адам Құдайға ұқсайды».

...Осы адам бар жерде, мен жетім емеспін...

4. Толстойға жол

Адамдар өмір соңының мағынасыздығын түсінбей бақытты бола алмайды. Толстой да осы мағынаны көп іздеді, бірақ таппады.

Панчатантрадағы бір әпсана Толстойға қатты әсер етіпті. Онда бір адамның жар жағасында тұрған жеміс ағашының бұтағына шығып, ондағы жемістен алып, шырынын жұтып жатқанда ағаш бұтағының түбінен тышқандар кеміріп, адамның тұңғыққа құлап түсуге айналғаны айтылады. Төменге құлай берейін десе, ондағы тұман арасынан адамның құлауын күтіп жатқан ысылдаған алып айдаһар көрінеді. Жар жағасымен жоғары тырмысам десе, жаға жап-жалтыр және тік, аяқ тоқтатар жері жоқ. Тышқандар болса, ағаштан үзіліп түсуге айналған бұтақты мүжіп үзіп тастауға ұмтылуда. Шарасыз адам жан-жағына алақтап, бұл тығырықтан шығудың шешімін таппай әлек.

Бұл әпсананы оқыған кезде жазушының даңқ биігіне көтеріліп, кітаптары орасан көп тиражбен шығып жатқан кезі екен. Бар жағдайы жақсы болып тұрып оны «Неге?» деген сұрақ ұдайы мазалапты. «Жаңа именимен, ұл тәрбиесімен, кітап жазумен айналысу неге керек?» – деген ой көкейінен кетпепті. «Жарайды, Самар губерниясында алты мың десятина жерім мен үш жүз бас жылқым бола қойсын, одан әрі не? Ал, мен Шекспир мен Гогольдан атақтырақ болайын, онан соң не болады? Бәрібір күндердің күнінде жақын-жуықтарымызда кесел көбейіп, өлім келеді, ешкімнен ештеңе де қалмайды. Істерің мен кітаптарыңның ғұмыры өз ғұмырыңнан асып түсе қойсын, бәрібір уақыт өте келе ұмытылады және жоғалады. Барлығы да ештеңе болмағандай қалыпқа келеді. Сонда не үшін әрекет ете беру керек?»

Толстой өзін әпсанадағы үмітсіз жолаушыға ұқсатты. Ол жалғыз ғана ақиқатты түсінді: жақын арада мәңгілік жоғаласың. Ал басқалары – жемістер, оның шырыны – бұл жұмысың, отбасың, шығармашылығың, рахат іздеп шарқ ұруың – сенің үмітсіз жағдайыңды уақытша білдірмеуге, ұмытуға және сені алда не күтіп тұрғанын ойламауға ғана жәрдемші.

Өмірде кіршіксіз, барлық жағынан жетілген адам болмайды. Бұл Толстойға да қатысты болса керек. Ол да пенде. Сондықтан Толстойдың кей мінездерін дұрыс қабылдауда қиындыққа кезігеміз. Оны ойдың, сананың өсуі, дананың өзін-өзі іздеуі дегенге жатқызғымыз келеді.

Адам жүрегіндегі жетсем, көрсем, танысам, жеңсем, алсам деген ниет еш таусылмайды.

Адамдар туғанда бірдей, өлгенде бірдей емес. Өйткені оларда жетілу бірдей болмайды.

Зейіні мен зердесін пайдалануға әдеттенген адамның ойы үздіксіз өсу үстінде болады, білгеніне білік, біліміне білім қосылып тұрады. Сананың жетілуі осы болса керек.

Қазіргі күнде: «Сана мұқалды» деп көп айтылады, ал өркениет пәс санада жетілмейді, оның сақталуы мен дамуы үшін сана биіктігі керек.

Сана қоғамның мінезін ғана қалыптастырмайды, ол әрбір адамға да әсер етеді.

Сана адамның тағдырын шешеді. Әрине, кейбірде өмірдің түрлі жағдайлары да адам тағдырын өзге бір арнаға түсіріп жіберетіні де болады. Сана адамның білімінде, дарынында, іскерлігінде көрінсе қуану керек. Қайта, сананың төмендігі ақымақтыққа, өзімбілермендікке, озбырлыққа, сауатсыздыққа, авантюризмге, отырған орынға лайықсыздыққа жетелесе болмағаны.

Фалес, Питтак, Биант, Солон, Клеобул, Мисон және Хилон деген грек ойшылдары өнер құдайы Аполлонның күмбезіне жиналып, «Кім не дейді? Жазып көрелік» дегенде, бәрінің жазғаны «Өзіңді өзің таны» дегенге сыйпты.

Ежелдегі грек философы Зеноннан жақсы өмір сүрудің жолын сұрағанда: «Кеткендерден үлгі ал» деген екен.

Толстой бақытты жан ба, бақытсыз ба?

Қазақ философы Ғарифолла Есім: «Жалған ғұмырда бақыттымын деу дана адамның сөзі емес. Ол өмірдің өткінші екенін, жалған екенін, мәңгіліктің жоқ екенін біледі» – дейді. Толстой да жаңа үйленген кездегі жазғандарынан басқа жерде бақыттымын, төрт құбылам түгел деп жазып қалдырмапты.

Бақыт деген не? Ол көзбен көріп, қолмен ұстап, дәмін татып немесе құлақпен естіп-білетін нәрсе ме, әлде оны жүрекпен ғана сезе ме? Адамның «бұл менің қасіретім...» деп жүргені бақыты, ал «менің бар бақытым осы» деп жүргені қасіреті емес пе екен?!

Біреулер өмірден керегін артығымен алды, көңіл көтерді, сұлу құшып, биік салтанат, игілік, яғни, тыйым жетпеген рахатты көрді. Осының бәрін дұрыстап ойланып бақыт емес, қасірет деп танитын кісілер бар. Себебі бұл, түптеп келгенде, түйсіктің құлы болу.

Әйелдің құшағы нәпсіні ғана қанағаттандырады. Ол мақтасаң ғана, сыйлық сыйласаң ғана жаныңнан табылады.

Ғашықтық та толық бақыт емес. Ғашықтар қосылады, ғашық жүрек аптығы басылады, бірін-бірін танып болғаннан кейін ықыластары кемиді, қауышардың алдында болған қиялы өледі. Аңсарына жетіп, құмарлары басылғаннан кейін бір-бірінің кемшіліктерін көре бастайды.

Аш болмай, тоюдың қадірін білу қиын, ал артық жеген тамақ бойға сіңбейді.

Байлық жию дегеніміз – дүниеге құл болу. Билік – менмендік пен әділетсіздікке апарар жол.

Мұның бәрі – нәпсіні қанағаттандырушылық. Оның тереңіне илану – ізгіліктен ажырау.

Ешқашан тойынбас ашкөздік, демі тарылғанша жеу, тынымы жоқ рахат – нәпсіге құлдықтың белгісі. Орнықты көңіл-күйсіз, рухани бостандықсыз шын бақыт болмайды. Шын бақыт – татулық, үйлесім. Адам мен адамның, адам мен құдайдың арасындағы үйлесім, татулық. Бұл бақыт адам өз күшін басқаның жолына жұмсағанда болады. Ол бақытқа ақ ниет пен ізгі пейіл ғана апарады.

Сондықтан өлім – хақ, ал өмірде ойынға орын жоқ, ол – жүйелі, түбегейлі нәрсе. Соның үшін де бізге сағыныш, өкініш, ұмтылыс, шындық пен әділетті аңсау сыйланған.

Адамға лайық өмір деген – сол. Нағыз мәнді, бақытты өмір...

Қандай жағдай болса да азаматтығым пенделігімнен биік болды дей алатын адамнан бақытты адам болмаса керек.

Абай айтқандай, өмірдің баянсызын біліп, тұрлаусызын көріп, жалған дүниенің ішіп-жеу, ұйықтау, бос сөз, дүние қуу, керегінді іздеу, құмарлық, күндеу, мадаққа рахаттану секілді пенде тірліктің қайталауларынан тұратын зеріктірірлік іс екенін сезініп болғандағы табатының танымға асықтық, өмірдің шын мағынасын іздеу болып шығады.

Бақыт – шындық, ол – адамның ақыл-ойы, сана-сезімі толысып, кемелденген шағы. Өзің туралы шындықты өзіңнен жақсы ешкім білмейді. Өмірден алған үлгі, оқығаның мен көргеніңнен сабақ алу адамның ойын дамытады, әрі қарай біле беруге, тани түсуге ұмтылдырады. Әр кездердегі артына сөз бен ілім қалдырғандардың: Құдай сыбырлады, түсімде аян беріп, осы сөздерді айтты, мен тек таратушы ғанамын дейтіні, яғни, бұрынғы данышпандардың айтқандары кейінгілер тарапынан жетіліп, дамып, бізге жетіп жататыны – ой еңбегімен азды-көпті айналысқан адамдардың өзіне ғана аян – ойдың ілгерілеуінің нәтижесі. Құдай құлағына сыбырлап, түсінде аян беруі – кісі оған сол дәрежеде дайын болғанда ғана мүмкін болатын жәйт. Кітаптарды оқып, салыстырып қарасаң: біреу айтыпты деген сөз екінші біреудің де аузымен тараған болып шығады. Оның себебі, біріншіден, әр жерде, әртүрлі дәуірде бір ойдың сол ойды табу деңгейіне дейін жетілген бірнеше адамға келуі мүмкін; екіншіден, зерек кісі жетіле келе, бір ойды ұғып алған соң, оны әрі қарай дамытып, сол ойдың озығырақ бір түрін туғызу қабілетіне ие болады. Ол үшін, әрине, ішкі үндестік пен рух ұқсастығы керек.

Адам ешуақытта өзі ойлағандай жағдайда бақытсыз болмайды және өзі қалағандай бақытты бола алмайды.

«Егер сенің уақытың келсе – мархабат. Мына өмірдегі жолыңды аяқтасаң – жақсы! Келесі өміріңе дайындал!». Бұл – мәңгілік өмір формуласы. Адам жанының мәңгілік екеніне сенсе, өлім де аса қорқынышты бола алмайды.

Өркімнің иығында тіршіліктің қойтасы бар, ол көзге көрінбейді, оның ауыр-жеңілін адамның өзі ғана сезеді. Ол қойтастың бірі бейнетті, онда ақ тілеу, ізгі ниет, болашақтан үміт, адал жолмен еңбектеніп ғұмыр кешу болса, кейбірі жеңілдеу – өмірге бейімделіп, есебін тауып, өзінде барын бұлдап, өлермендікпен өмір сүруге ғана лайық.

Зиялы адамның жүрегінде қасіреті болады. Сезгіштіктен, өзгеден ерекше көргіштіктен. Оны мұңды көзінен байқауға болады.

Тым қарапайым адамдар қоғамның өсуіне септігін тигізе алмайды. Қоғамның өсуі Толстой сынды даналардың берген бағытына тәуелді.

Толстой – орыстың Абайы. Олар – ойшылдар, жол көрсетушілер. Мұхтар Әуезов неге Абай туралы романын «Абай жолы» деп атаған. Өйткені Абайдың ұлтты жетелеуге жарарлық ойы, жолы бар деп санаған. Абайды дүмше болмағандықтан да тұтас халық мойындаған.

Абай айтады: «Ақылдың жетпегені арман емес» деп.

Тағы да: «Жүз тура жолдағы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін», «Арсыз қолым істеді, Арлы бетім ұялды» – дейді.

Құлшылық пен қанағатты місе тұтқан адам – нағыз адам.

Адам өмірі – тіл жетпес тылсым. Ол гүлден нәзік, тастан берік болып жаралған. Туа сала мойны тұзаққа ілінеді. Тұзақ біреуді дереу іліп әкетеді, біреуді қайта-қайта қысып, ұзақ қинайды; біреулер мойнында тұзақ бары да білінбей өмірден өтеді.

Бостандық пен еркіндік – бақыттың ең үлкені. Нені қаласам, соны жасаймын деу – шектен шығу, нені қаламасам, соны жасамаймын деу – еркіндік.

Заман адамға өз еркін билетпейді, адам заман ырқына бейімделуге мәжбүр. Осы заңдылыққа көпе-көрнеу қарсы тұратын, өз еркіндігін қорғайтын, оған даналығы жететін Толстой секілді зиялы қай қоғамның болса да тұтқасы бола алады.

Зиялысы көп ел, зиялылары биік ел ғана өркениет жолында өрге өрлейді. Зиялыға тектілік, тазалық, тәрбиелілік, кісілік жарасады. Халықтың халық болмағы – алдыңғы қатарда жол көрсетіп жүрген осындай азаматтарында. Елді өсіру де, өшіру де солардың қолында. Егер олар жетілген, озық ойлы болмаса, онда қиын. Қарапайым халық бәріне сенеді, қайда жетелесең, сонда ереді.

Кеңес Үкіметінің тәрбиесін көргендердің қазірге дейін қалмай келе жатқан ең ірі кемшілігі – өзі өмір сүріп отырған қоғамның билік басындағы көсемдеріне шексіз, шүбәсіз сенуі және ондай тұлғалардың қателесуі мүмкін деген ойға ешуақытта бармауы. Зиялылардың көбі барынша адал, биік парасатты азамат болғанымен, осы мінезден ада емес.

Бүгіндегі биліктегі зиялылар халықшыл емес. Халық ішіне кірмейді, мектеп-университеттерге барып, лекция оқымайды.

Сосын, біздің бүгінгі зиялыларымыз ақы дәметкіш. ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы Әлихан, Сұлтанбек, Тұрарлар ұлтты жетектегені үшін ақы сұрап па еді? Адамдар адалдығына ақы талап етпесе, заман тезірек оналар еді.

Зиялының көбі халықтың арасында. Олар өздерін зиялымын деп жарияламайды, бірақ өз пікірі бар, бірі онысын ашық айтады, бәлендей есеппен емес, айту керек деп есептегеннен айтады, екінші тобы белсенді де емес, пікір айтуға да таласпайды, пиғылы таза, адал, еңбекқор, көзге түсуге тырыспайды, өз ісін атқарып, жайына жүре береді.

Адамның зиялы болып жетілуі үшін ақыл аздық етеді, айла тіптен керексіз, үлкен жүрек керек!

Эйнштейн өз заманында он өсиетке он бірінші өсиет қоспақ болыпты: «Қорықпа!» деген. Қорқыныш көп. Дұрыс жүрмей қалдым ба, дұрыс бұрылмай қойдым ба, дұрыс айтпай қойдым ба, мойынымды сындырып алмасам болар еді деген сияқты. Толстой сондай қорқыныштан ада болған.

Адамдар, соның ішінде зиялы санап жүрген адамдарымыз да, бүгіннің әуеніне билеуге әдеттенген. Болашақтың әуеніне билейтін адамдар аз.

Өмірдегі бар сыйды алып болып, өлгенде аты өшіп жатқандар бар. Өлгеннен соң аты мәңгілік қалатындар көп емес. Соның бірі – Толстой.

Өмір сүрудің екі философиясы: 1) өмір сүру – көп асылдан айрылу, 2) өмір сүру – ең асылыңды табу.

Билеушілерге даналар ұнамайды. Өйткені олар адамдарды қойша бақысы, айдағанына жүргізгісі, айтқанына көндіргісі келеді. Бірақ шын дана билеушіге ұнауға тырыспайды да. Билікпен ымыраласуға бармайды. Толстой соның үлгісі.

Тобырға байқалпастан шұқылайтын қоқыс таратып беріп, сыртынан қарап тұру, олардың қоқыстың көңірсіген иісін шығарып, соны қызықтағанын бақылау оп-оңай, бірақ қоғамның жағдайы одан ешбір өзгеріп кете қоймайды.

Екінші жағынан алып қарағанда, халық биліктің не істеп жатқанын сүзгіден өткен ақпараттардан ғана біледі. Сөйтіп барып адасады, адасып жүріп қиялдарға сенеді, қиялдарды өздері ойлап табады, «пайғамбарлар-

ды» қолдан жасап шығарады. Бірақ халық тіптен топас деуге болмас. Халық биліктің не істеп жатқанын іштей сезеді, шамалайды. Бірақ төзе береді, көнбіс. Бүгінгі ұрпақ басқаша жетілмесе, ересектердің өзгеруі қиын.

Біздегі байлар бай болған сайын шындықтан қашады, нақты жағдайдан алыстайды. Биліктегі байлар одан да әрмен.

Билік тұғырында тұрған адамдардың да өз трагедиясы бар – төменге түскен кезде жалғыздықты сезінеді де, билікке жабысып, айырылғысы келмейді, жалғыз қалудан қорқады. Осы мінез қазақты билікке құмартудан, билікті ғана құрметтеуден арылта алмай келеді.

Адамдар бірін-бірі естуі және тыңдауы үшін оларға сөйлеуге мүмкіндік жасау керек. Сонда олар білгісі келген нәрселерінің анық-қанығына өздері жететін болады, кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс, өздерінің көздері жетеді. Еркіндікті сезінгендерді қандай биліктің де үйкүшік етуі қиын. Шын адал билеуші халқын осыларға бейімдейді, алдаусыратпайды.

Ресейдің «Власть» журналы орыстың және шетелдің бірқатар саяси қайраткерлері мен ірі компания басшыларына: «Әзірбайжан президенті осы ғасырдың басында өзінің ұлына мұраға президенттік лауазымын ың-шыңсыз қалдырып кетті. Сіз өз балаларыңызға қандай мұра қалдырасыз?» деген сауал қойып, жауабын сұрапты.

Сонда кейбіреу балаларына өздерінің меншігін қалдыратынын, тағы біреулері балаларына сүйген ісімен айналысуына мүмкіндік беретін мол ақша қалдыратынын, енді біреуі өз баласына не қалдыратынын нотариус арқылы белгілеп, реттеп қойғанын айтыпты.

Солардың бірі – Фариз әл-Обайди деген Мәскеуде мотосалонның қожайыны болып қызмет атқаратын араб азаматы ғана иманға, адамшылыққа сай келетін жауап қайтарыпты. Ол: «Мен өз балаларыма материалдық байлық, не болмаса, бизнесімді тастап кетемін деп еш уақытта жаныққан емеспін. Жанықпаймын да. Мен артыма жаманат қалдырмауға барымды саламын. Балаларым өз әкесі туралы: «Бұлардың әкесі лас, дүниеқоңыз, арзан адам еді...» деген сөзді естімесе екен деп тілеймін...» депті.

Социум заңы деген бар. Мәселен, теңдік әр тапқа не топқа тиесілі. Яғни, біреулер «Мерседес» мініп жүр, біреулер есек мінеді. Театрдағы артистер де солай: біреулері – талантты, біреулері қосақ ішінде жүреді. Айлық жалақының әртүрлі болатыны, біреу ұры, біреу ұлы болатыны сол социум заңына тәуелді болғанымыздан. Толстойдың ұлылығы да сол заңдылық аясында. Болайын деп емес, өз танымы, ұстанымы, ережелері, тыйымдары болғандықтан.

Адамның адамнан несі артық? Адамның адамнан айырмасы қайсы?

Иттер секілді бірінің аузынан көрген сүйекке таласатындары мен таласпайтындары, шөп қорыған ит сияктанатындары мен ондаймен ісі жоқтары барлығы ма?!

Жануар жақсылыққа жақсылық жасау керектігін білмейді, адамның айырмасы соны білетіндерінің барлығында емес пе?

Жануарлардың қай түрі болмасын, екі-ақ түйсігі бар: тамақ табу және көбею. Адамзат баласының да басым бөлігінің өмірі асхана мен әжетхананың арасында өтеді.

Қалағаныңнан гөрі азырақ алсаң, алуыңа лайықты нәрсені көбірек аларсың.

Өмір сүрудің, я болмаса, ақша табудың аз ғана тәсілін үйреніп алғанына мәз болып, «Мен үлкен жетістікке жеттім», тіпті «бәрін де білемін» деп ойлауға болмайды. Шын жетістік – Толстой сынды даналардікі.

Адамның көзқарасы жылдар өте келе өзгеріп тұрады. Бұрын былай ойласа, кейін басқаша ойлайды. Демек адамның өмірге көзқарасы, оның өмірге құрметі. Ал құрметтің ең биігі – дінге құрмет. Демек, адамның көзқарасы – оның діні болғаны ма? Сұрақ көп.

Қазақ халқы мұсылман дініне фанаттық деңгейде беріліп кеткен халық емес. Олар, дінге, сыпайылап айтсақ, біртүрлі зорлықпен кірген халық сияқты. Бірақ онымен біз халқымыздың діні мұсылман екенінен, ол дін біздің ұлттық идеяның бір бөлшегі екенінен бас тарта алмаймыз. Жақсысын айтып, жаманын таяп қой дегендей, мұсылман дініндегі іру процесін, одан да қазақ халқы қашып құтылуға тырыспайтынын мойынға алу жөн. Мұсылман дініндегі селкеуліктер көзге ашық түсе бастады. Дін басылардың арасында бірлік жоқтығы, мұсылман дінін ұстаушылар католик дініндегілер сияқты бір орталықтан басқарылмайтыны, Меккеге барудың киесі мен бизнесі араласып кеткені бұрын да айтылып жүрген. Қазір одан да басқа кемдіктер, ауытқулар көріне бастады. Дін ұстаушылардың өздерінің арасында билікке талас, саясатқа араласу, күш танытуды насихаттау, т.с.с. көзге ұрады. Сауд Арабиясының басшылары тек қана 2003 жылғы мамырда өз еліндегі дін ұстаушылардың ішінен 1710 адамды жұмыстан босатқан. Демек, әңгіме жеке адамдардың басбұзарлығында емес, жүйеде. Беслан оқиғасы араб елдерінің баспасөз құралдарында басты мәселе деңгейіне жете алмады. Оның әлеуметтік мәнін ашып, лаңкестерді батыл айыптағандар некен-саяқ болды, лаңкестердің мұсылман екенін мойынға алып, ашық пікір білдірген Әл Арабия телеарнасының директоры Абдел Рахман әл-Рашед қана. Ол Лондонда араб тілінде шығатын газетке сұхбат беріп: «Келіңіздер, ащы шындықты айтайық: барлық лаңкестер – мұсылмандар. Біздер, мұсылмандар, осы ұят фактіні мойындамасақ, өз абырой-беделімізді сақтап

қала алмаймыз», – деді. Бұдан басқа мойындаулар билік басындағылар мен зиялылар, діндарлар жетекшілері тарапынан болған жоқ. Әл-Азхардың шайығы, сунниттердің жетекшісі лаңкестерді «исламды бетперде етіп жүргендер» деді де қойды.

Бұл үрдіс бізге, мұсылмандарға ғана көрініп жүрген жоқ. Өзге діндегілер, әсіресе, олардың ішіндегі мұсылман дініне өшпенділікпен қарайтын топ бұл кемшіліктер мен қателіктерді өз пайдасына жұмсай бастады. Жоғарыдағы айтылған мысал осыған келеді. Сөйтіп, жасалып жатқан барлық лаңкестік әрекеттер тек бір жақты, мұсылман дініне қарсы бағыттталып, сол дінді қаралау мақсатында ғана айтылып жатыр. Бұлай кете берсе, дінімізді ластан ажыратып ала алмайтын күнге бет аламыз.

Әлем чемпионы, даңқты боксшы Мұхаммед Әли американың үлкен сауда орталығында болған кезде, еврейлер негізін салған американың ең танымал CNN арнасының тілшісі Онелли:

– Мұхаммед Әли мырза, дүниенің төрт бұрышын көріп жүріп, әлемді қорқу мен азап ішінде ұстап тұрған лаңкестермен бір дінде болуыңыз сізде қандай сезімдер тудырады? – деп сұрағанда, Мұхаммед Әли:

– Гитлермен діндес болуыңыз сізде қандай сезім тудырса, тура сондай, – деп жауап берген екен.

Бұл жауап өзін ақли мұсылманмын деген адамдардың ниеттерімен үндес.

Дінсіздік жаман, бірақ имансыздық одан да жаман!

Фарид ат дин Аттардың жұмыс орнына бір диуана кіріп, әлденені өтініш етеді. Бір рет емес, бірнеше рет сөз тастаған оған Аттар назар аудармай өз ісімен бола береді.

Сонда әлгі диуана: «Ой, бейшарам-ай, бес күн жалғанның қызығына алданып, алдына келген адаммен де ісің болмайтын болыпты-ау. Кезегің келіп қалса, осы дүние-байлықты қалай қиып тастап кетер екенсің?» – депті.

– Қалай кеткені несі, кезегіміз келгенде біз де сіз сияқты өлеміз де қаламыз, – дейді Аттар.

Осы сөзден кейін диуана жерге жатады да, кәлимасын қайырып, о дүниеге аттанып кете барады.

Бұл Аттарға қатты әсер етеді де, дүние-байлығын тәрк етіп, сопылық ілімнің жолына түседі. Сөйтіп, бұл ілімді терең зерттеудің нәтижесінде, сопылық дәстүрге арнап жүзден астам кітап жазады.

Маңғыстау түбегінен Аттардың «Әулиелер шежіресі» деген кітабының бір нұсқасы табылған. Сол кітапта Аттар: «Ақиқат жолында жеті асу бар: біріншісі – талап. Екіншісі – ғашықтық, үшіншісі – мағрифат,

төртіншісі – баз кешу, бесіншісі – тәуба, алтыншысы – қайрат ету, жетіншісі – пана» дейді.

Түркістандағы Қожа Ахмед Иассауи кесенесіне Мұхаммед пайғамбардың «Кімде-кім ниетін – имандылыққа, тазалыққа, тілін – шындыққа, өзін – тыныштыққа, мінезін – туралыққа, құлағын – тыңдаушыға, көзін – өнегелі бақылаушыға айналдырып алған болса, ол – бақытты» деген сөздері жазылып қойылған. Бұл – әр адамның жүрегінің төрінен орын алуға тиісті, өміріне бағдар боларлық сөз.

Мұхаммед пайғамбарымыз иман жөнінде тағы да: «Адал ниетін иманға, жанын тазалыққа, тілін шыншылдыққа, көңілін тыныштыққа, мінезін тұрақтылыққа, құлағын тыңдауға, көзін бейбіт бақылауға бағыттай алса, адамның өзі де бақытты жанға айналады», – дейді.

Тәуратта да «Қу дүниені күйттеген адам – құл, рухқа шомылған адам – патша» деп жазылған екен.

Ұлы жазушы Әбіш Кекілбаев: «Ұлтты ұйытқылы ететін – парасат. Адамды абзал ететін – иман», – депті. Тағы да: «Жүрек – құмыра. Дүние тіршілігінде әлгі құмыраға қолға түскенді теріп сала береміз... Бір күндер болғанда, қазына көріп арқалап жүргеніміз не нәрсе деп ішіне үңіліп қарасақ, әншейін түкке алғысыз кәкір-шүкір болып шығады» – деп жүректі таза ұстауға үндепті.

Жазушы-журналист Әмірхан Меңдеке: «...Әуелі – иман, содан кейін – үйлесімділік. Әуелі – руханият, содан кейін – өркениет. Бастапқылары түзелмей, кейінгілері ешуақытта түзелмейді. Әуелі – жан, содан кейін – тән. Жанның белгісі – сана, ақыл, сезім. Бірақ сезім ақыл мен санаға бағына бермейді. Демек, дүниенің сыры тек білумен, танумен, үйренумен түгенделе салмайды. Тексеруден де тұрады. Ол – иман» – дейді.

Ақын Аманхан Әлім: «Иман – тілмен айтқанды ділмен (жүреппен) беркіту, әрі оны іс-әрекеті арқылы нықтау» – деп сөз бен істің бірлігіне шақырады.

Қоғам қалай қарайды, билік қалай қарайды демей, өмірде барлығын шын көңілмен жасап, өзіңнің ішкі әлеміңмен келісімде өмір сүргеннен артық ештеңе жоқ.

Шығыс халықтарының жұлдызы, аса ойшыл философ Әбу Нәсір әл-Фараби адамдарды үш топқа бөлген екен: ерікті адам, құл адам, ауан адам деп.

Ерікті адам деп еркін ойлай алатын, ойлаған ойын кез келген жерде, ортада айтып жеткізе алатын адамды айтыпты.

Құл адамға – ерік деп не еркі жоқ, өзінше ойлай алмайтын, не ойын тұжырымдап айта алмайтын адамдарды жатқызыпты.

Ауған адам дегені кім не айтса, соған есі ауып, құлай жығылатын ерме, жалтақ адамдар екен.

Лев Гумилев уақыт өте келе адамдардың өзгеруі мүмкін екенін өз заманының бағытына қарап болжапты: «Этногенездің соңғы фазасына өткенде елдің белсенді өкілдерінің селдіреуі, қанағатшыл тобырдың қаннен-қаперсіз ғұмыр кешуі «өркениеттің» өзіндік ерекшелігіне айналады. Шығармашылықпен айналыспайтын, еңбек етпейтін, ой-сезімі кедей, ындыны тойымсыз адамдар молаяды. Мұндай пенделер, әрине, ерлік пен естілік бел алған заманда өмірден орын таба алмас еді. Олар жауынгер болып жарытпайтындар, еңбек ету қолынан келмейтіндер, ал қылмыс жасаса, қатал заман қыршынын қияды. Рас, босбелбеу өркениет кезіндегі тоқшылықта бір үзім нан мен жеңіл етек шүйке бас кім-кімге де табылып бағады. Дегенмен, «өмірге құштарлар» көбейген үстіне көбейе береді, бара-бара олардың талғам-түсінігі төңірегіне әуезе бола бастайды, «бізге қарап бой түзе» деп кеуде қағады, былайша айтқанда, ішкен-мастың, жеген-тоқтың заманы. Өміршеңдік өлермендікке баланады, еңбеккерлік мазақ етіледі, ақылдың қуанышын көргендер ашуға булығады. Өнерде стильдің құлдырауы басталады, ғылымдағы тапқырлықты татымсыздық ығыстырады, қоғамдық өмірдегі коррупция (коррупция – сыбайлас жемқорлық қана емес) заңдастырылады. Сатылмайтын ештеңе қалмайды, сенім артар адамың болмайды, тірі жаннан шапағат күтпейсің. Биліктің бишігін үйірген әкім атаулы баскесер атаманның тәсілін тәу етеді: секемшіл болу, ізге түсу, серігін сеспей қатыру.

Жақсылық емес, жамандық сұрыпталады. Қабілетің дәріптелмейді, қабілетсіздігің марапатталады, білімің емес, біліксіздігің бағаланады, табандылығың емес, тайғанақтығың таңқалдырады. Рас, мұндай талғам-талапты орындау кез келген тоғышардың қолынан келе бермейді, нәтижесінде ондайлар өзін кемшін сезініп, теңсіздікке тап болғандай күй кешеді. Алайда, «мың асқанға бір тосқан» деген, «өркениет» кезінде қонданған халықтың қанын әлгі өмірге құштарлар алаңсыз сорумен болады. Өйткені олардың қолынан туындату да, сақтай білу де келмейді. Сондықтан да олар, адам ағзасындағы рак ісігінің клеткасы сияқты, қашан халықтың қанын сорып, тәнін талап тауысқанша тыным таппайды. Содан бейбақ халықтың қаны сорылып, тәні таланып, шипасы біткен кезде, енді сорары мен талары қалмаған әлгі өмірге құштарлар да фәни жалғанмен қоштасады»*.

* «Этногенез и биосфера земли» кітабынан аударған Ақселеу Сейдімбек. Жас Алаш. 14.03.2000.

Көзі қарақты қайраткер Михаил Есеналиев: «Бұл өмірдің қымбат екенін біле тұра, солақайлық жасайтындардың тірлігі ойлантады: әркімге әлімжеттілік көрсету, қиянат жасау, өзі мен өзінікінен басқаны шетке ысыру, мемлекеттің, халықтың ризығын меншіктеп алу, төңірегіне, маңайына өзі ұнатқандарын жиып, соларды өз мүддесіне пайдалануды жоспарлап, бірақ солардың ішіндегі өзінен ақыл-ойы асып бара жатқанын орынсыз жазғыру, беталды мұқату, тіпті, қисынын келтіріп жазалау сияқты, жемқорлыққа, парақорлыққа, өтірік мақтанға төселіп алу сияқты теріс, оңбаған қылық көрсеткендердің көбейіп бара жатқаны, еркінсуі мені қатты ойлантады, тіпті қинайды» – деп өмірді керексіз, мағынасыз нәрсемен ластаудың қажетсіздігін жазыпты (Жас Алаш. 14.08.2008).

Адамзат баласының үш досы болады.

Біріншісі – тұрақсыз дос, ол – соңынан салпақтап жүріп жинаған дүние-мүлкің. Ажалдан хабар келгенде, сені тастап, басқа біреудің қолына көшіп кете барады.

Екіншісі – ата-ана, жұбайың, балаларың, дос-жарандарың. Олар – саған мазар басына дейін еріп барар, содан кейін бет-бетіне кетер, бірте-бірте ұмытар.

Үшіншісі – бұл дүниеде жасаған жақсылығың, істеген қайырымды істерің, қалдырған сөздерің. Олар сен туралы ұдайы сөйлеп тұрады.

Егер адам ылғи өлу керектігі туралы айта берсе, өлімге тәуекел еткенін сездіріп қойып отырса, мінезі өзгерсе, тұйық бола бастаса, дос-жараннан қашса, оқуға, жұмысқа қызықпаса, бұрын жанына жағатын үйреншікті істерінен жерісе, шыбық тимес шыңқ етер мінезге ұшыраса, өзіне қымбат заттарын сыйлай бастаса, ылғи налып, ренжіп жүрсе, өзіне-өзі қарамаса, оның өлімге мойынсұна бастағаны деп түсіну керек.

Бұндай жағдайда адамды қозғауға, ішкі дүниесін абайлап ашуға, уайым-қайғысын бөлісуге, сыр сақтауға әзірлік танытуға, жанын жегідей жеп бара жатқан мәселесін тап басуға, оны шешуге ұмтылған жөн. Шешілмейтін мәселе жоқтығын, қандай тығырық болса да шығар жол болатынын түсіндірген дұрыс.

Егер бұл хал адамның өз басында болса, онда еңсені түсірмеуге тырысып, жұрт көзінде жиірек болу; өзіне өзің қол жұмсау жайлы ойды аулаққа қуу; біреумен сөйлесіп, бар сырды ақтарып, жеңілдеу; біреуге сыр ашуға батылдық жетпеген немесе нақ сол кездері сыр ашар ешкім болмағанда, ойларын қағазға түсіру керек.

Өмір қандай жағдайда болмасын, өлімге айырбастай салуға болмайтын ең қымбат дүние. Өмір сүру мүмкіндігі – рахаттың рахаты. Өзін-өзі қиып өмірден баз кешу – ақымақтық.

Жан да ауырады. Оның аты – уайым. Уайым түскен кісінің көңілінің қошы болмайды. Өмір жалғасып жатады. Суда аққан жаңқа құсап дүрмекке еріп жүре бересің.

Жан ауруының жалғыз емі – түсіністік. Жан ауруын түсінетін орта немесе адамдар керек. Ол – жұмыс істейтін ұжымы, достар ортасы, жақсы көретін адамы, бір сөзбен айтқанда, жанын шындап түсінетіндер.

Кімде-кім барлық нәрсенің бастауын танығысы келсе, онда, біріншіден, идеяларды айыра білуі керек. Мәселен, ұқсастық, бірлік, көлем, қалып, қимыл дегендерді ажырата білуі керек. Екіншіден, идеяның негізіне, өзімен-өзі өмір сүре алатын – сұлулықты, ізгілікті, әділеттілікті, т.с.с. қоя білуі керек; үшіншіден, білім, шама немесе билік секілді бір-бірімен қарым-қатынаста өмір сүретін идеяларды тани білуі тиіс.

Біздің өмірге көзқарасымыз, оны нақты қабылдауымыз әртүрлі. Бір затқа қарасак, әртүрлі нәрсені көреміз. Өйткені ойымыз әртүрлі.

Сонда да, бәрімізді біріктіретін бір нәрсе бар: біз ақиқатты іздейміз. Жақсымыз да, жаманымыз да.

Ақиқатты өз пайдамызға бұрып алғымыз келеді. Сондықтан ақиқаттың өзіне де көзқарасымыз әртүрлі.

Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырда адами қасиеттерден ажырамағандар ғана адам болып қалады. Бүгін бармыз, ертең жоқпыз.

Өмірдің қадірін біліп, ешкімнің жүрегіне қаяу салмай, өзінді қоршаған адамдарды аялап, достық пиғылда болып, өзіңнің жаныңа жағатын ортада жүрсек.

Бір-біріміздің қуанышымызға шындап қуанып, өкпеміз болса, көпке созбай ұмытып, өкініш пен қайғыға ортақтасып өмір сүргенге не жетсін?!

Кешегі күннің мұңы болса тез ұмытылып, аз ғана қуанышы болса да шындап қуансаң шіркін!

Бүгіннің қадірін білсек.

Мәңгілікке таза, пәк күйімізде аттансақ. Толстой таба алмаған мәңгілікке жол осы болар, сірә...

Бір қарасаң өмір сүруде түк те мағына жоқ. Шығыс шайыры Шамсадин Хафиздің «Бақытты ғой бұл өмірге келе салып өлгендер, ал өмірге келмегендер тіпті одан да бақытты» – деген өлең жолдары рас.

Тіптен, өмір сүргің келмей кететін кездер бар. Қарап тұрсаң төңірегің тола азғындық, айлакерлік, алауыздық, алдау-арбау, азаттықты сезінбеу және бағаламау, аманатқа қиянат етушілік, арсыздық, асығыстық, ашушандық, атаққұмарлық, ашкөздік, асығыс-үсігіс шешім қабылдау және ол шешімі орындалмаған жағдайда жауап бермеу, берекесіздік, бойкүйездік, залымдық, құлдық сезім, қызыну, кіжіну, кек сақтау, өзімшілдікке ұрыну, сенімсіздік, үмітсіздік, дінсіздік, жауапсыздық, сана-

сыздық, құқығын пайдалана білмеу, билікқұмарлық, жүйесіздік, кешегісінен жеру, тарихын білмеу, байыптылыққа бағынбау, кері кету, жемқорлық, байлыққұмарлық, билікқұмарлық, ұқыпсыздық, білуге талпынбау, бірін бастап, бірін тастау, ұмтылыстың жоқтығы, асыра тәубешілдік, құдайсыздық, қайырымсыздық, білімсіздік, білікке (мамандануға) ұмтылмау, тексіздік, мәдениетсіздік, топтасудың басқаша жолдарымен жүру, тілге құрметсіздік, жалқаулық, дәстүрсіздік, рухсыздық, ұлтты сүюдің кемдігі, балағаттауға асығыстық, сүйіспеншіліктің аздығы, рухани кедейлік, жігерсіздік, керекті адамды ғана жетелеу, азаматтық позицияның жоқтығы немесе тапшылығы, бостандықты сағынбау, тұрақсыздық, кәсіпшілікке бейімделмеу, табиғатты таптау, тоғышарлық, тәрбиесіздік, көргенсіздік, қасаңдық, төрешілдік, бейімсіздік, ойланбаушылық, үйлесімсіздік, ортамен байланыстың сатулылығы, қисынсыздық, жұғымсыздық, жағымсыздық, лайықсыздық, қорғансыздық, шарасыздық, рухани кедейлік, сөз бен істің алшақтығы, жақсы пейілдің сатулылығы, шалт шешімге бейімдік, шырт етпе мінез, каталдық, кедергіге қарсы тұрудан тайсалу, кешірімсіздік, жазаға сүйсіну, біреудің жанын ауыртқанға масаттану, төзімсіздік, шыдамсыздық, нақтылықтың жоқтығы, ұғынықсыздық, міндеттілікті ұғынбау, бәрінен өзін тыс ұстау, сана шектеулілігі, өресіздік, үрдісті сезінбеу, мінезсіздік, дәлелге мойынсұнбау, парасатсыздық, жалғассыздық, достықтың сатулылығы, жауапсыздық, жасықтық, қажырсыздық, қайратсыздық, дұшпандық, өшпенділік, күншілдік, орынсыз құштарлық, мансапқа таласу, құмарлыққа бейімділік, дарақылық, мақтаншақтық, дәріпшілдік, ұрыншақтық, кісі қайғысын танымаушылық, алды-артын ойламаушылық, жақын ортаның дұшпандығы, қызмет дәрежелерін бір-бірінен қызғанып күндеу, шын көңілден шықсаң ризалықтың жоқтығы, уайымсыздық, даңғойлық, сезімсіздік, мақтан сүю, жүректегі байлаусыздық, қанағатсыздық, жалған мақтау, дүниеқоңыздық, екіжүзділік, қулық, билік қуу, рахатқұмарлық, сабырсыздық, ұрыншақтық, сылбырлық.

Көптің басынан асыра қарау, жақсысын пайдаланып, жаманын түзетуге атсалыспау. Көзінің оты, сөзінің қуаты жоқ намыссыздық. Жайдары болар жерде қатал болу немесе қатал болудың орнына бетімен жіберу. Көреалмаушылық, әсіресе, ең ақылдыны, адал ниеттіні күндеу. Құлшыныс пен тәубені тең ұстамау. Күнкіл мен ұсақтық, бірі туралы екіншісінің оп-оңай жағымсыз пікір айта салуы. Жамандықтың жақсылыққа, жалғанның шындыққа, әділетсіздіктің әділетке, жасандылықтың ақиқатқа, құмарпаздықтың ожданға, жиреніштің сүйіспеншілікке үстемдік етуіне салғырттық. Залымның түбі озып, адалдың түбі тозуы. Мұның бәрі – өмірдің көлеңкелі тұстары.

Бірақ оған қарсы тұрарлық абыздық, еркіндік, түсіністікке жетуге ұмтылу, зиялылық, белсенді позиция ұстану, парызды сезіну, отаншылдық, ізгілік, жанқиярлық, жасампаздық, жауапкершілік, бірлік, тұтастық, ішкі бірлік, ұйымшылдық, тереңдік, биік азаматтық, интеллектуалдық потенциалдың молдығы, білім мен білікке ұмтылу, еңбекқорлық, тектілік, қарапайымдық, пысықтық, биік парасат, мейірімділік, мейірбандық, әділдік, имандылық, қайырымдылық, төзімділік, адалдық, табандылық, сабыр, кеңпейілдік – осының бәрі бізді жаман ойлардан, мұң мен уайымға түсуден тежейді.

Шынында, сырт қарағанда, ештеңеде ешқандай мағына жоқ. Өмір өтіп жатыр. Махаббат та өтеді. Ауырасың, жазыласың. Бір аурудың орнына басқа бір ауру келеді. Тойып тамақ жейсің, бәрібір ұзақ уақытқа тойына алмайсың, сәл уақыт өте қарның ашады. Сенің өміріңнің қысқалығы – бір тойынғаныңдай-ақ. Бүгін бақыттысың, ертең күмәнді.

Өмірдің мағынасы ықпалды болуға тырысу, тәкаппарлық көрсету, қастық істеу, басқаның өлімін тілеу, жағымпаздану, қазына жинау, құрметті лауазымдар мен үлкенді-кішілі таққа таласу емес.

Сұлтанмахмұт жазғандай:

*«Аз күн тірлік дүниеде бейнет үшін,
Рахатқа жете алмай құрыр мысың.
Тудың – өлдің, бір керуен келді-кетті,
Сен кетті деп қайғырып кім не қылсын!».*

Сен өзіңе өзің қол жұмсады екен деп қайғырса бірер адам қайғырар, бірақ жалпының ештеңесі кетпейді.

Ницшенің: «Егер адам не үшін өмір сүретінін білсе, онда оған қалай өмір сүретіні бәрібір» – дегені өте дұрыс. Мәселе не үшін өмір сүретінін білуде.

Адамның өмірі, ол мейлі сәтсіз болсын немесе бақытты болсын, бәрібір – ол қайғы-қасіретті болады. Ерте ме, кеш пе, өмір – өліммен аяқталады. Қандай айла тапсаң да, бәрібір одан қашып құтыла алмайсың. Біз бәріміз де туғаннан бастап өлім жазасына кесіліп қойғанбыз.

Өзін жақсы көре беру – өз жанын қинау. Өмірге көзді ашып, тереңіне үңіліп қарай білуді үйренген абзал.

Ақыл алға жетелегенмен, өмірді күрделендіреді.

Не істесең де өлімге жақындайсың. Мағына жоқ дегеніміз – сол.

Толстой туралы осыларды білгенде, оны топ ішінде жүріп-ақ жапанда жалғыз-жарым жаны сыздайтұғын ақ тырна секілді көресің. Аманханның мынадай өлеңі бар:

*Жүректен желең желдей өткіземін,
Жанымның жабырқаулы жеткіз емін.*

*Жападан-жалғыз қалған сырық мойын,
Ақ тырна, айтшы қайда бет түзедің?
Түсіңе қарап тобың шеттетті ме,
Барасың түстік тұсты беттеп, міне.
Тобырға қосылмайтын қосы түзу
Тағдырың әлде ерекше текті етті ме?!
Жалғыздық о бастан-ақ бұйырған ба
Сіңісті болып бойда түйір қанға?..
Өзіммен өзім қалып сені ойлаймын
Кеудені жүрек шіркін жиі ұрғанда.
Ұқсайды мұңды мезгіл дүзді асқанға
Су бетін жылан қабық мұз басқанда.
Қоштасып бара жатсың қонысыңмен,
Сынап тұс сына қағып күзгі аспанға.
Кіді Күн иек артып тоят қырға,
Сағымды сары түске бояп тұр ма?
Жападан жалғыз-жарым сыздайтұғын
Жаныма ұқсап кеттің, ей, ақ тырна!*

Адамның өмірде барлығын шын көңілмен жасап, өзіңнің ішкі әлемімен, келісіммен өмір сүргенінен артық не бар?! Оған қоғам қалай қарайды, билік қалай қарайды демей...

Біреулердің рухани өсуіне қарап, адамзаттың даму эволюциясы жалғасып келеді деп ойлайсың. Енді біреулерге қарап, оның еңбектенгісі келмейтінін, тек ішіп-жеп, ойнап-күлуді ғана қалайтынын көріп, әлгі ойыңнан айнып қаласың. Жауынкұрттың арманы жолында кездескен, қорек боларлық топырақты асау ғой дейсің. Сонда адамға сана неге берілді өзгелерден артық қылып?!

Осыны көріп «Адамзаттың екі түрге бөліне бастаған дәуірі келіп қалды ма?» – деп ойлайсың... Сананы жетілдірмесең, дамытпасаң, ілгері жылжымасаң, онда не болғаны?! Бұлай бола берсе, гомо сапиенс өзінен-өзі жер бетінен жойылып кетер...

Ер елі үшін өмір сүру керек деген қағида атам заманнан бар. Ол идея мемлекет алғаш пайда бола бастағаннан бергі ең негізгі принцип, басты идея болып қалыптасты. Бұл принципті ұстанғандар қашанда басым болған, олар оны әуелде елімнің еркіндігі – менің еркіндігім деген қағидаға бағынғаннан, ел тәуелсіздігін бәрінен де үстем ету арқылы өзім де еркін боламын, ұрпағым өсіп-өркендейді деген оймен жасаған болса керек. Әуелі ананың төңірегіне топтасқан халық, ол топ үлкейіп, ұрпақ жалғаса келе аналар көбейіп, олардың араларында бәсеке күшейгенде, бірте-бірте күші мол, жұртты аузына қарата алатын ерлер төңірегінде

топтасқан, патриархат солай бекіген. Қазір қайтадан матриархатқа бейімделудеміз.

Бұл принцип күшті ерлер төңірегіне топтасқандардың тым көбейіп кетуіне байланысты бір әулет төңірегіне топтасуға алып келген, сөйте-сөйте рулар, руларды бірлестірген мемлекеттер пайда болған. Елі үшін өмір сүру принципі – адам мемлекетіне қызмет етуі тиіс деген идеяға ұласқан. Бұл идея әрбір ұлт үшін патриотизм бастауы болды, мемлекет тәуелсіз, қауіпсіз, күшті, бай болса, бізге де жақсы болады деген қағида орнықты.

Ендігі бір кездері – мемлекетті басқаратын әміршіге көзсіз бағынуды уағыздау, оның жаманын жасырып, жақсысын асырып мадақтап, қоғамдық ой-санаға «біздің әміршіміз – ең мықты, ең әділетті, елді ең дұрыс бастап бара жатқан басшы» деген ойды сіңіру, сол үшін барлық насихат құралдарын осы идеологияға бағыттау белең алды. Өздерін ешбір қателіксіз, мүлтіксіз билеуші санайтындар осылай пайда болды. Оған шексіз билікті иелену буы қосылып, айтқаны – айтқан, дегені – деген болғанды көтере алмай, өзін-өзі бұзатын билеушілер біртіндеп қалыптасты. Ондайлардың қатыгездігі, елін азып-тоздыруы тарих беттерінде сан мыңдаған мысалдармен дәлелденіп келеді.

Бұл идеология өзгерместен, ақпараттың қаншама молдығы мен мемлекеттераралық байланыстың тығыз болуына қарамастан бүгінгі күнге де келіп жетті. Бүгінде де елдің ең жоғарғы билеушісін асыра мадақтау, жұртқа тек жақсы жағынан көрсету, ол үшін елдің дамуындағы оңды көрсеткіштерді барынша тиімділікпен боямалап көрсету жалғасуда. Мысалы, мемлекеттің ішкі жалпы өнімі халықаралық деңгейде соңғы ширектегі мемлекеттер сапында тұрса да, оның өткен жылмен немесе бұдан бес жыл бұрынғымен салыстырғанда анағұрлым жоғары екені айтылады, өндіріс көлемін, еңбек өнімділігін, әлеуметтік қорғау көрсеткіштерін алсақ та, оларды тек оңтайлы жағынан көрсетуге болатын салыстырмалар пайдаланылады. Мемлекеттің өз ішіндегі жылдар бойғы көрсеткіштер төмендеп бара жатса, көрші кедей мемлекетпен салыстырып жібере салуға болады.

Жағдайдың мұншалықты мәз емес екенін біле тұра күшті мемлекетпен күшті басшының мадақтаушылары ешбір үзілген емес. Жұрттың бәрі Пушкин мен Толстой емес. Ал Державиндер мен қазақтағы «Сталинге тең таппағандар» қашан да болған, бола да береді. Олармен салыстырғанда, Сталиннің оң қабағы түскен, Кеңес өкіметінің барлық сый-сиялатын көрген Шолоховтың зиялы адам ретінде жағымпаздықтан ада, арын таза ұстаған адам екендігін Сталиннің одан: «Григорий Мелехов қашан коммунист болады?» – деп сұрағанында: «Оны қанша

азғырсам да, коммунист болуға көндіре алмай жүрмін» деген сөзінен-ақ байқауға болады.

Қашан да шын жайды білетіндер ел ішінде аз болмайды. Олардың ішінде билік басындағылар, мемлекеттік қызметшілер, мәдениет және өнер қайраткерлері бар. Олардың біразы, өзін-өзі күштеп сендірумен әуре болады, біразы өтпелі кезеңдерде, қауымның жаңа бұрылыстарында бұлай болуы мүмкін нәрсе дейді, біразы жақсы болып кетер, барлық шындықты халыққа жайып салу шарт емес деп санайды, ал кейбіреулері айтуға қызметін, балаларының жағдайын ойлап, өз жайлылығынан айрылып қалғысы келмей, үндемей қоя салады.

Күшті хандық пен күшті ханның, қатал тәртіп пен күшті басшының, күшті мемлекет пен күшті президенттің қажеттігі осылайша ұдайы, үнемі дәлелденумен, насихатталумен, жұртшылықтың ой-санасына сіңірілумен жалғасып келеді.

Ақиқат пен зиялылық осылардың ара-арасында қасірет шегумен, сынмен, мүжілумен, толықтай я уақытша жеңілумен, бірақ түгелімен жоғалып кетпей келе жатыр.

Мұндайлардың бәрін мойынмен көтеруге ең керекті нәрсе – төзім. Ол сәтсіздіктерге көну немесе қиыншылықтарға қарсы тұра алмау ғана емес, ол – талант!

Алға мақсат қойып, оған жете білу үшін де төзім керек. Төзім – ол шыдамдылық, жеңіске деген жігер, күту қабілеті және әлемді қалай болса солай қабылдау. Төзім – ол үміттену өнері. Өмірдегі әрбір қадам біздің төзіміміздің шекарасын кеңейтеді. Шыдаған, төзген адамға барлығы өз уақытында келеді.

Қатерлі ісік кеселімен ауырғаны мәлім болып, өмірінің санаулы күні қалғандай болған кезде 2000 жылдың басында Габриэль Гарсия Маркес өзінің «Қоштасу хатында» былай деп жазыпты (бірақ Жаратушының құдіретімен ол әлі тірі):

«Құдай-тағала бір сәтке менің бар болғаны шүберек қуыршақ екенімді ұмытып, бір-ақ ғана ғұмыр сыйласа, мен ендігі жерде ойлағанымды айтпай, айтпағымның астарын ойлар едім.

Мен ендігі жерде дүниені құнына қарап құнттамай, парқына салып таразылар едім.

Мен аз ұйықтап, көбірек қиялдар едім, көзімді жұмып өткізген әр минуттың қараңғыда өткізген алпыс секундқа пара-пар екенін пайымдар едім.

Басқалар бейқам жатқан кезде мен жүрер едім, басқалар ұйқыға батқанда мен ояу отырар едім, басқалар тіл безегенде мен үндемей тыңдар едім. Құмарым қанғанша шоколадты балмұздақ жер едім.

Жаратқан ием енді маған біраз ғұмыр берсе, мен жұпыны киініп жүрер едім, таңмен таласа тұрып, жанымды да, тәнімді де жалаңаштап Күн нұрына малар едім.

Құдайым-ай, жүрегімнің бары рас болса, бойымдағы өшпенділік атаулыны мұз етіп қатырып, Күн шығар сәтті тосар едім. Мен Ван Гогқа ұқсап, жұлдыздардың жарығының астында сурет салар едім, Бенедеттидің поэмасы жайында армандап, Серраның әні менің айлы түндегі сүйіспеншілік әуеніме айналар еді. Раушан гүлдерін көз жасыммен жуып, олардың тікені тәніме шым-шым қадалғанын сезініп, алқызыл гүлдің қауызына ернімді басып, аймалап рахатқа батар едім.

Құдайым-ай, енді біраз ғұмырым болса... Мен күн құрғатпай өзім сүйетін жандарға оларды шексіз сүйетінімді айтар едім. Мен әрбір әйелді және әрбір еркекті өзімнің құлай сүйген ғашығымдай сүйетініме иландыра едім, махаббатқа малынып, махаббатпен өмір сүрер едім.

Мен адамдардың қартая бастаған сайын ғашық болудан қала береміз деген ойларының бекершілік екенін, керісінше, ғашық болудан қалғаннан кейін ғана адамның қартая бастайтынына көздерін жеткізе дәлелдеп берер едім.

Мен балаға қанат бітіріп, оны өздігінен ұшуға баулыр едім.

Мен ажалдың кәріліктен емес, қағаберісте ұмытылып қалудан келетініне кексе тарта бастаған кісілердің көзін жеткізер едім.

Адамдар-ау, менің сіздерден қаншама көп дүниені үйренгенімді білсеңіздер...

Мен адамдардың өздерін шын бақыттың беткейде тосып тұрғанын сезбей, таудың ұшар биігінде ғана ғұмыр кешкісі келетінін білдім.

Мен дүниеге жаңа келген нәрестенің әкесінің саусағын өзінің кіпкішкене уысына алғаш алған кезден бастап оны мәңгіге босатпайтынын түсіндім.

Мен құлап жатқан адамды сүйемелдеп тұрғызып жіберу керек болған уақыттан басқа кезде ешкімнің де басқа жанға жоғарыдан төмен қарауға қақысы жоқ екенін түсіндім.

Менің сіздерден үйренген дүниемде қисап жоқ, шынын айтсам, енді бұлардан маған келіп-кетер пайда жоқ, сандығымды сықа толтырып алған сәтімде, сорыма қарай, мына дүниеден қайтуға тура келіп тұр». Лайым, өмірі ұзақ болғай!

Сіз оның жанына жанаса қалғанда өмірдің мағынасын сезініп, жауап таба алмай жүрген сұрақтарыңызға жауап табылып, мәселелеріңіз өзінен-өзі шешіле салғандай болатын адамдар бар. Толстойлар солардың тобынан. Ондайлар өзіне тартып тұрады, олардан көрінбейтін бір жылу еседі, күш, білім, даналық, дархандық, ізгілік, махаббат нұрына бөленгендей боласың. Солай бола тұра олар қарапайым әрі тәубешіл.

Олардың жанында қашан да сенімді боласың, қорғап тұрғандай сезінесің, өмір сүре бергің келеді, алға адымдай түскің келіп, қалай да жеңіп шығатынына сенім ұялайды.

Олардың жанында рухани өсесің, өзіңді-өзің Тұлға болып қалыптастып келе жатқандай сезінесің.

Олар түнгі сайын далада алыстан жарқырап көрінген жарық іспеттес. Осылай бола тұра олар: «Мен жай ғана адаммын, көптің бірімін. Өзімді біреуден артық санамаймын, бірақ ешкімнен кем де емеспін. Мен жеткен жетістікке шынымен қаласаңыздар сіздердің әрбіріңіз жете аласыздар» дейді. Оның айтуынша, адам өз проблемалары мен сәтсіздіктерінің сиқырлы шеңберінен шығу үшін еркіндік пен тәуекелге барып, өзін ылғи қатып қалған ережелерден, «ұят болмай ма?» деген секілді шектеулерден босатып, еркін болған жөн, «ілгері жылжуға батылы жетпегендерді ептеп «құйрығынан» түртіп жіберу керек».

Адам еркін болуы үшін алдымен материалдық қажеттіліктерден еркін болуы тиіс. Ол үшін өзін, отбасын қаржы-қаражат, басқа да мұқтаждықтармен (үй, автомашина, т.с.с.) жетерлік жағдайда қамтамасыз етуі керек. Оның керегі жоқ дейтіндер жалқаулықтан немесе жауапсыздықтан айтады. Олар болмаса адам амалсыз тұрмыстық жағдайға алаңдайды. Жұрттың бәрі ел аралап, сауық-сайран құрып жүре беретін Біржан салға ұқсай алмайды. Рухтық пен материалдықтың тепе-теңдігі болуы тиіс. Ол үшін адам өзіне өмірден не керек екенін айқын сезіне білгені жөн.

Қазіргі ілімдерде дұрыс өмір сүруді үйрететін бағыттар бар. Олар, ең алдымен, қате шешімдерден сақтауды насихаттайды. Ол үшін болжағыштық сезімін жетілдіру қажет дейді. Адамның ішкі сезімін жетілдіру арқылы, қателесіп бара жатқанда іштен сигнал түсетіндей жағдайға жетуге болатынын дәлелдейді. Екіншіден, ол тәсіл бос әурешілікпен айналыспауды ұсынады, яғни, іске жұмсалған мың доллардың жыл соңында сонша болып қайтуынан сақтанудың қажеттігін айтады. Заңдылық былай: қандай істі болмасын қолға алған адам жетістікке жетуі тиіс. Онсыз ол істе мағына жоқ.

Байыған адамдарды бақылағандар мынадай жәйттерді көреді: «толқын заңы» – тоқтық келісімен іскерлік белсенділік төмендейді. Бұл – адамның бай болуға әзір емес екенін көрсетеді. Мұндай жағдайда, тез байып алғандар тұрмыс жағдайын реттеп алған соң, еркегі басқа әйелге көз салып, әйелі еркегін аңдып, туыс-жақындарды хабарландырып, отбасы төңірегіне өздері бұлт үйіреді. Осылардан сақ болып, әрбір істен мағына іздегендер ғана жетіледі.

Әдетте, бизнесте үлкен жетістікке жеткендердің жігер-күші мол болады. Ең қиыны – өздері күндіз-түні жұмыс істеуге әдеттенуі. Жалдамалы адамдарды істету адамның балалық психологиясы сақталып қалғанын көрсетеді, олар әке-шешесінің қолтығының астынан шықпаған балалар секілді.

Мықты адамдарға тепе-теңдікті сақтап тұру үшін бірауық «жеңілдеп алу» маңызды. Ол үшін өз өмірімен салыстырғанда өзгеше, ерекше, төмен күн көрістегі адамдармен араласып, олардың ойлары мен мұңдарын бөліскен жөн. Бұл – «сілкінуге», адамның тез өзіне-өзі келіп, тәубе етуіне алып келеді.

Қай жағдайда болмасын тікелей кеңес беру адамды топастандырады. Адамды ойландырмайтын, өзі қатысып бір шешімге келтірмейтін ақпарат пайдасыз ғана емес, зиянды. Адам өз өмірі үшін өзінің алдындағы және Құдай алдындағы жауапкершілікті өз мойнына алуы тиіс. Ол үшін ең алдымен берік сенім мен табандылық керек.

Толстой ұзақ жасаған, 82 жыл өмір сүрген. Ол өмір сүргісі келмегендей болғанмен (онысын өзіне сын көзбен қарауы, өзіне деген талап деңгейін аса биік қоюы деп танысак), шын мәнінде күрескерлігімен ұзақ жасады. Бүгінгі адамдар күйректеу, аурушаң, жүйкесі әлсіз. Бүгінгілер ұзақ жасағысы келсе, алаңдай бермеуі тиіс. «Бүйтсем, сөйтіп қалар ма екенмін?» деген күдік пен уайым өмірді қысқартады. Қайтсем өмірімді ұзартам деп жанығу, дәрі-дәрмекке жүгіру, балгерге барып болашақты болжату, тамақты шектеу өмірді ұзартуға көмектеспейді.

Пендешілік істердің бәріне кешіріммен қарап, тәубешіл болып, барға қанағат, жоққа сабыр болғаны дұрыс. Ол да дегдарлықтың белгісі.

Рахат алатын сүйікті істер болуы тиіс. Мәселен, музыка, ән айту, суға шомылу, ой еңбегі, діни рәсімдер (тәспі, намаз).

Мінез жайдарылығы мен шыншылдық болсын. Ойдағы сөз бен айтылған сөздің, істелген істің бірлігі болғаны жақсы.

Тірлікте адамдармен қарым-қатынаста пайда іздеудің, бақай есептің, әріптесті алдап соғып кетуді жоспарлаған пиғылдың болмауы ләзім.

Түпсіз уайымға берілмеген, тауқыметке мойымаған дұрыс, дүниеден түңіле бермеген жөн. Оның орнына дүние сырын танып-білуге құштарлық, тоқырап қалмау, керексіз болмауға тырысу болсын. Адам керексіздіктен өледі.

Ештеңеге шектен тыс табынбаған, идеал жасай бермеген, ешкімге құлдық ұрмаған жөн.

Толстой өз өмірінде дінге бірнеше рет бет бұрды, бірақ оған шындап сенуге интеллекті жібермеді. Білімі мен түйсігі дүниенің алты күнде пайда болғанына, Нұх пайғамбардың кемесіне барлық мақлұқаттан бір-бір жұбы сыйып кеткеніне сендірмеді.

Толстой діннің барлық жауабы жоқ нәрселерді Құдайдан деп жылы жауып қоя салатынымен келіспеді, яғни, оны ешбір негізі жоқ дәлелдеу деп таныды. Сөйтті де, өзін қоршаған ортаға көз салды. Иман іздеді. Мәңгілік өмір туралы сұрақтарына жауапты иманнан тапқандай болды. Рас, имандылық – салауаттылық, парасаттылық, ізгілік, сопылық, дін мен ділдің тазалығы, руханилық. Иманды дінмен ғана шектеуге болмайды. Салауатты болу үшін жаман әдеттерден жирену, маскүнемдік, шылымқорлық пен нашакорлықтан аулақ болу. Оны орындауға адамға сырттай ықпал керек емес, адамның ішінен шығатын жігер-күші керек. Парасаттылық, ізгілік, сопылық, руханилық үшін де ішкі рух күші керек. Осыны түйсінді де Толстой адамдардың өмірге көзқарастарын жүйелеп, бұл тығырықтан шығудың, яғни мәңгілік өмірдің төрт жолын атады.

Бірінші жол – өмірдің мағынасыз екенін білмеу және оны санамен ойлап, білуге тырыспау. «Бұл қалыптағы адамдар көбінесе әйелдер болып келеді немесе өте топас жас адамдар. Олар төмендегі өздерін күтіп тұрған айдаһарды да, өздерін ұстап тұрған бұтақты мүжіп жатқан тышқандарды да көңіл көзімен көре алмайды». Олар төменге құлап түскенше бұтақтағы жеміс шырынын жұтумен болады. Біздің заманымызда мұндай жетілмеген адамдар азайып бара жатыр, бірақ сирек кездеседі деуге әлі де келмейді.

Толстой ұсынған екінші жол білімі бар адамдардың көпшілігіне қатысты: алдыңнан не күтіп тұрғанын жақсы білгенде, барлығын жасап көру, алдында не күтіп тұрғанын ойламау, ең тәтті жеміс шырынын комағайлықпен жұта беру, яғни, барлық күшті өмірден алатын рахат пен сауық-сайранға бұру, соған үлгеріп қалу, тәтті тамаққа тойыну, көңіл көтеру. Бұл кешегі заманға да лайық, көңіл көтеру индустриясы культке айналған бүгінгі заманға тіптен лайық. Өмірге деген мұндай көзқарас эпикурейство деп аталады. «Біз өмір сүріп тұрғанымызда – өлім жоқ, өлім келе қалғанда – біз жоқпыз». Міне, ең басты қорытынды – осы. Мұны өздері даналық деп атайды, әртүрлі философиялық ілімдерге телиді, ертеңгі күн қалай болады, оны ойланғысы келмейді. Толстой мұны қиялданудың топастығы деп атады, тірі және ойлана білетін адам ретінде сондай жағдайға түсе қалсам, көзімді тышқандар мен айдаһардан ала алмас едім, оларды бір рет көрген соң, олар жоқ дегенге өзімді сендіре алмас едім дейді.

Үшінші жол ерекше. Оған мықты және батыл шешім шығара алатын тұлғаларды да, жүйкесі жұқа және бойкүйез адамдарды да жатқыза беруге болады: егер өмірде ешбір мағына жоқ болса, онда өзіңді алдап керегі не, жай ғана кете салу керек, саусақтарды ажыратып, тұңғыыққа

сүңги салу керек. Азаптанып керегі не? Толстой мұндай шешімге жиі баратындар бар, олардың ішінде қартаймаған, бойында күш-қуаты мол адамдар көп деді.

«Мен бақытты адаммын, өзім күніге шешініп жүрген бөлмедегі шкафтардың арасындағы белдеушеге асылып қалмау үшін, өзімнен жіпті жасырдым, өмірмен жеп-жеңіл қош айтыса салмау үшін аңға мылтықсыз шығатын болдым. Маған не керек екенін өзім де білмедім: одан қаша бастадым, сөйте тұра одан бір нәрсе күттім».

Осы ойдың айтылғанына жүз жылдай мерзім өткен қазіргі күндері де, өмір деңгейі арта түскеніне карамастан өзіне қол жұмсау азайып жатқан жоқ, керісінше көбеюде. Ең дамыған елдердің адамдары суицид жасау бойынша алдыңғы орындарды алады. Олардың көбі: «Өмірдің мағынасын таба алмағандықтан кетіп барамын», – деп жазып кетеді. Махаббатына оң жауап таппау, карьерасына келген нұқсан, ауыр кесел – бұлардың бәрі иллюзияның күйреуін көрсетіп, тұман арасынан көрініп жатқан айдаһардың аузын елестетеді. Толстойды бұл қадамға жібермей ұстап қалған жайт – әлі де болса бір нәрсені түсінбей жүрген шығармын деген ой ғана.

Төртінші жол, бұл – өмірдің мақсатсыз екенін білу, түсіну, сезіну, сөйте тұра өмір сүруді жалғастыра беру. Таңертең төсектен тұру, жуыну, таңғы асты ішу, әртүрлі мағынасыз істерді істеу, әлдебір әрекеттер жасау, өзі секілді өлімге әзір жүргендермен аралас-құралас болу, ешбір мағынасы жоқ екенін біле тұра кітап жазу. Сүлеймен пайғамбаршылап «бұл да өтеді» деп өмір сүре беру, өзіндік қажеттіліктеріне қызмет ете беру.

Осы төртінші топтан, өкінішке орай, Толстой өзін тапты. Бұдан басқа жол таңдай алмады, басқа жол жоқтай да еді...

Толстой алда міндетті түрде келетін өлімнен кейін де жойылып кетпейтін өмір мағынасын іздеді, ол бесінші жол еді, оны таппау Толстойдың басты трагедиясы болды. Кейбір көзге ұрып тұрған ойға салулар болғанымен ол оны таба алмады.

Сонымен, бесінші жол не еді? Ол – даму жолы болатын. Дамудың қай түріне болсын Толстой қарсы болды. Ол ғылыми прогресс тек таңдаулылардың ісі, жалпы бұқара одан тыс қалуы тиіс деп санады. Мәселен, телеграф. Толстой телеграфтың пайдасы таңдаулылардікі, ал халық оның шұбатылған сымның гуілін ғана естиді деді. Сымның бойымен ағып кетіп жатқан ойлардың халыққа қатысы жоқ деді.

Әрине, Толстойдың қарапайым халық үшін жанының ауыруы түсінікті, бірақ оның шөберелерінің SMS хабарларын бір-біріне жолдап өмір сүрер күні келетіні оның түсіне де кірмеді. Осы ойлардан мынадай түйін

түюге болады: прогресс әуелі ең байларды ғана қамтығанымен, уақыт өте келе қалың бұқараға қызмет етеді екен. Біздің заманымызда осының екеуінің арасы барынша қысқарды, кеше байлар тұтынатын нәрсе, аз уақыт өтпей жалпының тұтына алатын затына айналды. Телеграфпен таңдаулылар айналыса бастағаннан бастап 70 жыл өткенде ғана ол жалпы халыққа қызмет етсе, бүгінгі мобильдік байланыстың таңдаулылардан артып жалпыға қызмет етуіне 7 жыл ғана жетіп жатыр.

Толстой әлемнің мұншалықты тез өзгере қалатынын біле алмады, оны білу мүмкін де емес еді, өйткені мұндай прогрестің Толстойдың кезінде ұштығы да жоқ болатын. Бірақ бүгінгілер адамзаттың болашақтағы қуаттылығын сезіне алады. Айға ұшу, әйелді қолдан ұрықтандыру, жасанды тамақтар, т.с.с – прогрестің өрлеуін көрсетіп тұр. Сондықтан бүгінгі даналар мәңгілік өмірдің бесінші жолын біледі, ол – әрекет ету жолы – өмір үшін күрес жолы: өз өмірің үшін, отбасыңның және барлық адамның өмірі үшін. Егер бүгінгі адам сол эпсанадағы айдаһарды, яғни, келмей қоймайтын өлімді біле тұра, есте сақтай тұра, депрессияға түспей, ойын-сауыққа алданбай, берілмей, онымен күресіп, женудің ғылыми жолын іздесе, онда оның – бесінші жолды тапқаны.

Толстойдың афоризмдері

Күнделіктерімде Толстойдан мынадай сөздерді теріп, қазақшалаппын. Жинап қарасам, біршама көбейіп қалыпты:

...Өз қателігіңді түзетілмейтіңге жеткізбей тұрып, оны мойындаған әлдеқайда дұрыс.

...Уақыт өтеді, бірақ айтылған сөз қалады.

...Ұятың мақұлдамаған нәрсенің бәрінен сақтан.

...Егер жанып, жарық түсіруге шамаң жетпесе, ең болмаса оны қал-қалама.

...Ақиқат адамды қайырымсыз немесе өзіне сенгіш ете алмайды. Ақиқаттың көріністері әрдайым момын, көнгіш және қарапайым келеді.

...Адамдар қалай сөйлеуді үйренеді, ал ең басты ғылым – қалай және қашан үндемеуді білу.

...Бақыттылық әрқашан қалағаныңды істеу емес, оның мәні істеп жатқаныңды әрдайым қалаудан көрінеді.

...Ашумен басталған нәрсе ұятпен аяқталады.

...Ешбір істе табыс «қателік істеу құқығынсыз» мүмкін емес. Жалған нотадан қорқатын скрипкашы тыңдаушыларын баурап алмайтыны сияқты, айтылмайтынды айтып қоюдан сақтанатын жазушы да жаңа ой мен сезімді бере алмайды.

...Әлеуметтік прогресс адамгершілікті тудырады деп тұжырымдау, пештерді салу жылу шығарады дегенмен тең.

...Адамды алғаш көргенде қалыптасатын пікір әдетте көп ұзамай өзгереді, ал бұл өзгеріс болғанша, адам туралы не тым жақсы, не тым нашар ойлайсың.

...Өзіңе айқын нәрсе туралы ғана айт, әйтпесе үндеме.

...Неғұрлым асықсаң, соғұрлым аз істейсің.

...Бір нәрсені өте істегің келген әрбір жағдайда тоқта да ойлан: істегің келген нәрсең жақсы ма, жаман ба?!

...Сен айналадағының бәрі ақымақ адамдар дейсің. Егер сен осылай ойласаң, бұл өзіңнің өте нашар адам екеніңді көрсетеді.

...Ешкімнен және ештеңеден қорықпа. Өзіңдегі ең қымбатты нәрсе ешкімнен де, ештеңеден де зардап шекпейді.

...Жұрттың өзі туралы не айтатынын естіген адам сабырлы бола алмайды.

...Кітаптардан көп нәрсені білген адам – ғалым, өз уақытында ең көп тараған білім мен әдістердің бәрін үйренген адам – білімді, өз өмірінің мағынасын түсінген адам – ізгі.

...Қайғы-қасіретті бастан өткізіп үйренген адам бақытсыз бола алмайды.

...Адам өзге адамдар мен жағдайға неғұрлым наразы болып, өзіне риза болса, ол соғұрлым даналықтан алыс болады.

...Неғұрлым аз сөйлесең, соғұрлым көбірек жұмыс істейсің.

...Өзіңіздің де, өзгенің де сөзіне сенбеңіз, өзіңіздің де, өзгенің де істеріне ғана сеніңіз.

...Қуанышты өмір сүрудің басты тәсілі – өмірдің қуаныш үшін берілгеніне сену. Егер қуаныш азайса, неден қателік жібергеніңді ізде.

...Адамдармен қатынаста ізгілік міндетті нәрсе. Егер сен адамға қайырымды болмасаң, ашулы болсаң, оның бойында да ашу-ыза тудырасың.

...Ұнамсыз істерді жасыру жақсы емес, бірақ оларды ашық істеп, мақтан тұту одан да жаман.

...Білмегендік ұят та, зиян да емес. Ешкім де бәрін біле алмайды, ал білмейтінді білемін деу ұят әрі зиян.

...Жарықты соқыр көрмегеннен, ол жарық болмай қалмайды.

...Өзінің ақымақтығын жасыра білетін адам, өзінің даналығын көрсеткісі келетін кісіден артық.

...Шын мейірбандық әрдайым кішіпейіл келеді. Кішіпейілділіктің тартымдылығы, пайдалылығы сонша, кішіпейіл болып көрінгісі келетін адамдардың аздығы таңырқатады. Жасанды кішіпейілділіктің жасандылығы – ең барып тұрған ұнамсыз жасандылық.

ШӘКӘРІМНІҢ АР ІЛІМІ

(өз шығармалары мен жазба деректер негізінде)

Автордан

Абай заманы мен ХХ ғасырдың алғашқы бөлігіндегі ақын-философ, қазақтың дара туған, дана туған ұлдарының бірі Шәкәрім Құдайбердіұлының тағдыры өте күрделі. Ол 1931 жылы дүние салғаннан кейін елу жылға жуық ұмыт қалған тұлға.

Абайды қазақ түгел біледі, бірақ Абайды терең түсіндім деп айта алатын адамдар аз. Абайды жан-жақты танып-білу қиын. Абайдың тұңғыық әлеміне үңілген сайын оның одан әрі тереңдей түсетіні, заңғарына көз тастаған сайын биіктей беретіні ұлы ақын поэзиясының халықтың жүрегін бекем жаулап алғандығынан болса керек. Шәкәрім де Абай секілді дара әрі күрделі тұлға, оны таныған әрбір қазақ азаматының да оны терең түсініп, жан-жақты танып-білуі оңай емес. Шәкәрім де Абай сияқты адамгершілікті, тазалықты, ар-ұятты, елдікті, татулықты, мейірімді, рақымшылықты, әділдікті ұстану арқылы қазақты ешбір елден кем болмай жетіледі деп санаған. Шәкәрім шығармашылығын оқыған әрбір адам оның халқын қаншалықты сүйгенін, қазақты өрге сүйреуге барынша ниеттенуін түсінеді.

Қазақ ақындарының ішінде Шәкәрімнің өлеңдері мен өзге де шығармалары алғашқылардың бірі болып баспа бетін көрген, сондықтан ол қазақ жазба поэзиясының негізін салушылардың бірі ретінде аталуы орынды. Шәкәрімді бүгінгі ел ренессанстық тұлға ретінде танып, оның шығармашылығы жан-жақты зерттелуде. Шәкәрім шығармашылығы әлі толық зерттеле, ойшылдық, даналық келбеті ашыла түсуі, адамдық, арлылық, адамгершілік, ақыл мәселелеріне арнап жазған дүниелері талдана түсуі тиіс.

«Шәкәрімнің мейір мен зорлық, әділет пен зұлымдық, ғылым мен мораль, адам мен заман туралы толғаныстары екі ғасыр шегіндегі қазақ қоғамдық ойының марқайған қалпын, бүкіл түркі әлеміндегі биік өресін айғақтаса керек» дейді жазушы-ғалым Мұхтар Мағауин.

Шәкәрім жүйесіз заманда өмір сүрген. Абайдың уақыты отаршылдық – бір жүйеге бағынған, белгілі бір талаптарға мойынсұнған заман болса, Шәкәрімнің кезі патша үкіметі мен большевиктер, алашордашылар үкіметі, одан кейінгісі зобалаң жылдарға ұласып, нағыз бейберекет, жүйесіз заманға тап келген. Шәкәрім өз дәуіріндегі қазақ елінің түсінік-танымының дәрежесін, әлеуметтік-мәдени тұрмысының жайын, халықтың психологиялық күйін, ой-сана деңгейін, әлемдік кеңістік

...Нашар дөңгелектің салдыры басым. Дәнсіз масақ көкке бой ұрады.

...Білмеуден қорықпа, жалған білімнен сақтан. Дүниедегі бар жамандық осыдан басталады.

...Билік басындағы адамдар жұрт өзінің әрекетінде тек зорлықты басшылыққа алады деп ойлайды, сондықтан қазіргі тәртіпті сақтау үшін зорлықты батыл қолданады. Қазіргі тәртіпті зорлықпен ұстап тұра алмайсың, оны зорлықпен бұзылатын қоғамдық пікір сақтайды.

...Біз даналықты үш жолмен үйренеміз: ойлану – ең ізгі жол; еліктеу – ең жеңіл жол; және үшінші, тәжірибе жолы – ең ауыр жол.

...Шегінен асқан пікірлер ұқсас болады.

...Адамға ұлы, ерекше нәрсені телуің мұң екен – оны ұсқынсыз етесің, ал өзіңе телігенің – өлгенің.

...Әрқашан адамдардың жаман жақтарын емес, жақсы қасиеттерін көре біл.

...Жақсы нәрсе туралы ойлан, сонда ойларың ізгі істер жасауға пісіп-жетіледі.

...Басқаларды даптап, өзіңді мақтап тұратын адамды ешқашан тыңдама.

...Немқұрайдылық – жан-дүниенің пасықтығы.

...Еске сақтаумен емес, өз ойыңның күшімен қол жеткізген білім ғана нағыз білім.

...Жердің дөңгелек екенін білгеннен, осыған қалай жеткенін білген маңыздырақ.

...Өзеннің арғы бетінен тура осы тұсқа өтуің керек болса, жоғарырақ ал. Сонда ғана ағыспен керекті тұсыңа барасың.

Өзі жетісіп өмір сүріп, жокшылық көріп отырған бауырынан безсе, ондай адамды Құдай сүйе ме?

...Балаларым менің!

Сөзбен, тілмен емес, ісімізбен және барынша иманымызбен басқаларға махаббатымызды ашайық.

...Құдайдың өзі махаббат, басқаларды жақсы көретін адам әрдайым Құдаймен бірге, Құдай да сол адаммен.

Бұл жазбалар Толстойға қатысты түрлі кітаптардан және ақпарат көздерінен алынып әзірленді.

VII.2010 – IX.2010.

пен уақыт ауқымындағы орнын, олардың өзге елдермен салыстыруға келмейтіндей деңгейде екенін жақсы түсінген. Осындай қилы заманның өзінде арлылықты, даналықты, білім-ғылымды бәрінен биікке қою арқылы рух биігіне жеткен Шәкәрімді туған халқы ешуақытта ұмытпақ емес.

Бұл еңбегімізде Шәкәрімді атай алмаған, тани алмаған уақытымызға салауат айтып, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміздің жанғанын бағалап, асылымыздың қадірін біле түссек дегенді мақсат тұтындық.

Біздің зерттеуіміз Шәкәрімнің ақындығы емес, бұл жөнінде маман да емеспіз, біздің талдап-талғауымыз – Шәкәрімнің интеллекті, ішкі дүниесі, парасаты мен пайымы, философиясы. Шәкәрім жастайынан өлеңмен, дастаншылықпен қатар, философия, теология, география, тарих іліміне ден қойған. Бұлардан түйгенін бірде өлеңмен, бірде қара сөзбен жазып отырған. Шәкәрімнің қай шығармасы болмасын, онда пафос жоқ, ол – шындыққа, дәлдікке негізделеді.

Бастау

Адам жанының тарихы, ең бір ұсақ жанның тарихы болса да, ол тарих жанашырлық я таңырқау сияқты даңғойлық көңіл қалауына қатыссыз жазылған болса, тұтас халықтардың тарихынан қызық та, пайдалырақ та.

Лермонтов

Шыңғыстаудың толқып тұрғанына көп болған. Жеті баласы бар Қараханның ақ сиырын ГПУ адамдары тартып алғанда, іште бұғып жатқан ашу мен нала сыртқа тепті. Жиналып қалған ауыл адамдары сол жерде-ақ төрт қаныпезер басқыншыны түтіп жібере жаздаған. Ауыл адамының бұйығылығынан ба, жоқ, бұзақылыққа бейімсіздігінен бе, әйтеуір бұл жолы олар аман кетті. Бірақ осы оқиға үлкен бір істің басталуына қозғау салып кетті.

Ауыл жігіттерінің бір-біріне жиі ұшырасып, жинала қалуы көбейді. Күбір-сыбырдың аяғы: қашанғы төземіз, бұққан сайын найзасын сұғып барады, еркектігіміз қайда, бала-шағамыздың аштан қырылуға айналғанын көріп отырып, осылай төзе береміз бе?! Көре тұра, сүтін сауып отырған жалғыз сиырымызға ауыз сала бастады. Елдігімізге, азаматтығымызға сын емес пе?! Дана қариямызға баралық, ақылдасалық, – деп ұйғарысқан.

Кеше солар келіп кетті. Бәрі өз туыстары. Баласы Зият, ауылдас ағайындары Бердеш, Дүтбайдың Мұхтары, Қасымбек бар. «Көтерілеміз. Бізді жұрт қолдап отыр. Аудан орталығын шабамыз, басып аламыз, өз талаптарымызды қоямыз. Бай таусылды, енді жай шаруаға тыныштық бер дейміз». Шәкәрім аз-кем ойланып отырды да, ежелгі әдетінше өңін бермеді, қысқа сөйледі.

– Қарауылды басып алып, ондағы Совет өкіметін құлатамыз дегеннен не шығады деп отырсыңдар? Мен оған қарсымын. Себеп. Бұл өкіметтің тамыры тереңде. Кезі болғанда қазақтың өзі барып бағынған алып ел. Оның патшасы құлағанмен, орнынан келгендердің басшылық ұстанымы дұрыс болмай, елі ашаршылыққа ұшырап отыр, жалғыз сендерде ғана емес бұл. Малды алып жатқаны сол, өзінің орысы үкіметке қарсы келеді ашықса деп қорқып, сенің, бұратана халық деп малыңды алып отыр. Жақсы, Қарауылды аларсың, аржағы не? Оның кесек кірпішін жегізесің бе халқыңа? Сенің үлгің басқа жаққа тарамасын деп, барлық күшін жауып, сендерді әп-сәтте жоқ етпей ме?! Жоқ, мен мұны мақұл көре алмаймын. Бүкіл ауыл шырқырып, құлындағы дауысы шығып, көшеде қызыл ала қан болып жатқанын көргім келмейді. Бұл келістеріңе айтар жауабым сол. Мен де мөшкеде жүрген адаммын, биліктегілердің біреуіне жақсаң, біреуіне жақпайды екенсің. Сендер мұны маған айтқан жоқсыңдар, мен естігенім жоқ. Енді қайтып бұл әңгімені қозғамалық, – деп шығарып салған.

Шәкәрім содан бері терең ойда. Түнімен ұйықтаған жоқ, көрер танды көзімен атқызды.

Балалық шағы есіне түсті. Кейінгі кездері сол мұңсыз кез есіне жиі түсіп жүр, сол бір күндерді аңсайтындай. Ойы әріге жетелейді.

«Көңіл жаралы. Кешегі жастық шағымда, жігіт шағымда көкорай шалғынды аралап, оның әсемдігіне қызықтап, ойнақтаған жас қозы-лақтарға сүйсіне қарап, күркіреп жауған жаңбырдың өзінен жабықтан қарап, табиғаттың әсемдігін қызықтап, көңілім толып отыратын болсам, бүгінде дүркіреген қозы-лақтай бір-бірінен айрылмай, біреуі қайда ығысса, басқасы сонда ығысқан адамдарды, тобырды көремін. Күркіреген күн қайғы әкеле жатқандай, оның күркіреуі тосыннан адамға залал келтірерлік бір нәрседен хабар бергендей, күркірей бергенше, неге сабырлы сіркіреу, адамды біртіндеп үйретіп, жылылық әкелмейді деп ойлаймын».

Әнебір күні жазып қойған бір өлеңін іздеді. Қайтадан оқып көңілі толды, сәл-пәл түзеген болды.

*Кетермін, артта жазған сөзім қалар,
Кейінгі талапты жас қолына алар.*

*Бірі жөн, бірі теріс айтыпты деп,
Таласып өздерінше сынға алар.
Табиғи жол өткенді жаңа сынау,
Жаманнан жиіркеніп, жақсыны ұнау.
Дәлелдеуге өлген соң, келмес тілім,
Тіршілікте айтатын сөзім мынау:
Сынау қиын біреудің сырын білмей,
Кетпе өмірін, ортасын көзіңе ілмей.
Ауыр жүк арқалаған жолаушыға,
Жағада жүксіз тұрған жанша күлмей.
Қайықпен кездім теңіз ауыр күнде,
Қанды оқпын, қатты толқын, қара түнде.
Заманым заманыңа сәйкес келмес,
Сынап көр сол қайыққа сен де мін де.
Иесіз өзім кестім кіндігімді,
Зорға аштым тар үңгірде түндігімді.
Өткен өмір жайымды түгел ұқсаң,
Сонда анық білерсің кімдігімді.*

БІРІНШІ БӨЛІМ

ШӘКӘРІМ

Балалық шақ

Шәкәрім Құдайбердіұлы 1858 жылы 11 шілдеде Шыңғыстаудың етегінде дүниеге келді. Шәкәрім – Абайдың немере інісі, Құнанбайдың үлкен әйелі Күнкеден (Әйбөбек) туған Құдайбердінің Төлебике (Дәметкен) деген бәйбішесінен көрген төрт ұлдың кенжесі. Олар – Омар, Мұртаза, Шаһмардан және Шәкәрім. Шәкәрімнің шешесі шебер, кесте тігетін, ою оятын, киім пішетін, пышақ соғатын ісмер адам болыпты. Ол араб тілін жақсы білген, «Мұхтасарды» тауысқан.

Шәкәрімнің ұлы нағашысы, Құнанбайдың бәйбішесі Әйбөбектің әкесі Ағанас би – Найманның терістанбалы руының аға биі. Құнанбайдың әкесі Өскенбай Ырғызбайұлы Ағанас биді Наймандағы тіректі орын санап, арнайы құда болған. Құнанбай атасы Ағанас биді алғыспен атап, жиі ауызға алады екен.

Абайдың әкесі Құнанбайдың бәйбішесі Күнкеден Шәкәрімнің әкесі Құдайберді туса, Құнанбайдың Күнкеден кейінгі әйелі Ұлжаннан Абай туған. Сонымен Шәкәрім – Абайдың немере інісі.

Абайдың: «Атадан алтау, анадан төртеу» деген өлең жолдарындағы алтаудың біреуі – Құдайберді. Құдайберді Шәкәрімнің алты жасында қайтыс болады, содан Шәкәрім атасы Құнанбайдың бауырында өскен. Қаршадайынан-ақ ерекше зеректік танытқан Шәкәрімді Абай өз қамқорлығына алған. Ол Абайдан 13 жас кіші, демек Абайдың үлгісі – Шәкәрімнің өмірде көрген ең басты үлгісі. Бір әулеттен екі ақын, ақын ғана емес, философ, сазгер, қайраткер адамның шығуы бұл әулеттің тектілігінің белгісі. Шәкәрім өзінің алғашқы өлеңін әкесі қайтыс болған соң-ақ шығарыпты. Шәкәрім шығармаларында ол өлең 1866 жылмен таңбаланыпты, демек Шәкәрім бірінші өлеңін бар болғаны 8 жасында жазған. Ол өлеңнің мазмұны былай: далада ойнап жүріп бала Шәкәрім жерде өрмелеп бара жатқан жауынкұртты басып өлтіріп алады. Қасақана жасамаса да, сезімге толы бала сол жауынкұрт атынан өлең шығарады. Онда: «Өлімнің қандайлығын көзің көрді,

Кешегі тірі жүрген әкең қайда?!» деп келетін, әкесінің өлімін мұңая есіне алатын өлең жолдары бар. Осы өлеңін әжесіне оқып бергенде «бұдан былай өлең шығарма, ол ірі тұқымның айналысатын ісі емес» деп тыйым салыпты. Осы жерде Абай: «жастың талабын шектемендер», – деп Шәкәрімге ара түсіпті. «Осы қолдау менің ақын болуыма тікелей әсер етті» деп Шәкәрім ұдайы айтып жүреді екен.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында екеуі екі анадан туған Құдайберді мен Абай арасындағы жылы қарым-қатынас суреттелген. Онда Құдайбердінің ауырып, төсек тартып жатқан кезі, оның көңілін

сұрап Абай келуі, ағалық-інілік көңіл күй көріністері, қадірлес-қимас ағасының шиеттей балаларына Абай қамқор болатыны бейнеленген. Романда: «Қарашоқыдағы қыстауға келген соң, Абай ең әуелі әкесіне бармай, Күнкенің үйіне кірді. Мұнда Абайдың ең жақын көретін туысқаны Құдайберді көптен бері науқас болатын. Алдымен соған амандасып, жайын білмек» – деп жазылған. Әуезов суреттеуіне қарағанда, Құдайберді сабырлы, ұстамды, ойлы, жас інісі Абай тартыс-жала, сұмдықтарға ілігіп кетпесе екен деген қамқор көңілді, ізгі жүректі адам болған. «Құдайберді өлерде Абай оған: «Балаларыңды әке орнына бағу қарызым болар, жетімдік көрсетпесің» деп ант еткендей болатын. Айтқанындай, Абай содан бері Құдайберді балаларын өзімен тауысқан Оспаннан да, өз балаларынан да қатты еркелететін» деп жазды.

Шәкәрім жеті жасқа жеткенде әкесі Құдайберді 37 жасында дүние салған. Содан кейін 18 жасқа дейін ұлы атасы Құнанбайдың қарауында, бақылауында болған. Құнанбай дүниеден өткен соң, одан алдын да Шәкәрім Абайдың үлгісімен өмір сүрді, Абай оны өз қамқорлығында ұстады. Құнанбай өлгенде Абай 31 жаста еді.

Шәкәрім атасынан көп ұлағат алған. Атасының «Елге жақсаң, құдайға да жағасың», «Көпті сыйласаң, өзің де сыйлы боласың», «Көпсіз – қол жоқ», «Көпсіз – көмусіз қалады», «Көпке сенген – көгереді, көпті жамандаған – көміледі» деген ұлағатты сөздері Шәкәрімнің көңілінде мәңгі сақталып қалған.

Шәкәрім өз өмірінің біраз жайын өз шығармаларында, әсіресе «Мұтылғанның өмірі» деген ұзақ өлеңінде жазды.

*Бесімде оқу білсін деп,
Ата-анам берді сабаққа.
Жеті жаста жетім боп,
Түскендей болдым абаққа.
Ардақты кенже жетім деп,
Әлпештеді мені көп.
Надандыққа болды сен,
Қақпай ешкім қабаққа, –*

деді.

Мұхтар Әуезов Абай өлеңге 1884-1886 жылдардан бастап кірісті дейді, ол кез Абайдың 39-41 жасы болады. «Ой кіргелі тимеді ерік өзіме, Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме» дейтін кезі сол кез. Абайдың өз ортасынан басы асқан адам екенін бүкіл қазақ елі, билік мойындай бастаған жылдар осы кез. Бұл Шәкәрімнің отызға жетпеген кезі еді.

Шәкәрімнің өзі «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» деген еңбегінде: «Мен пақыр өз әкем өлген соң ұлық атамыз қажы марқұмның

тәрбиесінде қалсам да, бұрыннан ауылымыз, қыстауымыз бөлек болғанда қажы марқұм мені жетім деп аяп, қысып оқыта алмай, ғылымнан махрұм қалып, жетімдікті сылтау қылып, ойыма не келсе соны істеп, әдепсіз, ғылымсыз өстім. Әйтсе де түркі танып, орысша хат танып қалдым» дейді.

Бірақ Шәкәрім бұл жазғанындай ойына не келсе соны істейтін, жеңіл мінезді, ойсыз бала болмаған. Бес жасында өз бетінше сауат таныған, есейген соң көне түрік, араб, парсы тілдерін өзінің анасынан бірте-бірте үйреніп алған. Кейінірек орысша білетін Нұрпейіс деген адамнан орыс тілін де меңгереді.

Шәкәрім біраз уақыт жастық қызығына түсіп, ойын-сауыққа, серілікке үйір болған, домбыра, гармонь тартуды үйренген, саятшылыққа да қызыққан. Осындай кездегі жастық желіктеріне кеткен асыл уақытына Шәкәрім кейіннен өкініш білдіріп, есіне алады.

Әр өнердің үйретушісі болады. Шәкәрімнің ұлы Ахаттың айтуынша, Абай Шәкәрімнің жасынан домбыраға құмарлығын байқап, күздің басында, керей руынан шыққан атақты домбырашы Біткенбай деген адамды шақыртып алып, Шәкәрімге күй үйретуді тапсырады. Бір жылға тақау уақыт ішінде Шәкәрім одан көптеген күй үйренеді. Шәкәрімнің анасы Біткенбайға көйлек, шапан кигізіп, сауынға бір сиыр, мініске бір бесті ат беріп, рақметін айтады. Шәкәрім: «Менің домбыра ұстазым – Біткенбай, оны тауып алдырып беруші – Абай ағам» деп ризалық білдірген.

Шәкәрімнің әкесі Құдайберді қазақтың көне қисса-дастандарын, ескі кітаптарды жатқа айтады екен. Осы үлгі мен өнер-білімге асықтық Шәкәрімнің ой-өрісін тез кеңейтіп, өлеңге деген құштарлығын оятады. Ол білім-ғылымның қасиетін кештеу болса да терең түсініп, өз бетімен оқып, үйреніп, рухани қазыналарға көп үңілген. Өз елінің ауызша сөз мұрасына қоса, басқа жұрт асылдарын меңгерген Шәкәрім өндіріп өлең жаза бастайды, кең құлашты дастандар жазады. Іздену, еңбектенудің нәтижесінде арнайы оқу орнын бітірмесе де, Абайдың басшылығымен және өз бетінше іздену нәтижесінде Шәкәрім сол замандағы қазақ арасындағы, қазақ қана емес, сол кездегі бүкіл Түркі дүниесіндегі ең ғұлама адамдардың бірі болып шығады.

Туған жер табиғаты

Шәкәрімді тану үшін ол өскен жердің табиғатын тану керек. Академик Лихачев айтқандай: «Шығарманың қайда туғанын білмей түсінемін деу, онда жазылғанның тілін білмей тұрып, ойын түсінемін деумен

салыстырғанда жеңіл емес. Поэзия да, басқа шығарма да өздігінен өмір сүрмейді, ол өзі өскен топырақтан өніп шығады және оны бүкіл туған өлкесімен байланыстырып қана түсінуге болады».

Шәкәрім туып-өскен, бүкіл өмірін өткізген жер Шыңғыстау өңірі деп аталады.

«Кәрі Шыңғыстау! Адам жерге ие болғаннан бері қарай сенің көрмегенің жоқ. Шыңғыс, Темір сияқты талай сайыпқырандарды қолыңмен жөнелттің. Сенде талай адамның құмары қанып, қуанғаны да болды, жүрегі жанып, суалғаны да болды. Талай-талай талпынған жас жүрек мақсатына да жетті. Талай бақытсыздың жарық күндей үміті үзіліп те кетті. Сенде неше түрлі ел дәурен сүріп, аң аулап, мал да бақты. Сенде талай-талай сабаздың қаны судай да ақты. Ай мен күндей ажарлы сұлу, қыршын жастарды да, арыстан жүректі айнымас батырларды да, әлемнен озған алаяқ, аузынан бал тамған шешен билерді де жерошақтай жер қазып, үңірейтіп бауырыңа көміп жатсаң да, бақайыңнан келмей түк көрмегендей-ақ маңқиып тұра бересің-ау! Осымен де қоймай, қысқы күнгі шығыстан ұзақ күнгі күн батысқа қарай керегедей жайылған кең қолтығыңды ашып үңірейтіп: «Кел, кел! Тағы менің қолтығыма кіріп, біресе рахат, біресе бейнет көріп, аз күн арпалысып өтетінің келіңдер» – деп үнсіз дауысыңмен шақырып тұратыныңды қайтемін!...

Әне, кешегі бір кезде амал жұлдызының орта шенінде қайтпас қара желінің дауылы соғып, қардың суын сай-сайдан сарқыратып, соққан жел, аққан судың жан-жануарға рахат болса да, бір жағынан, ұшқан қаңбақ, аққан дөңбек сияқты тамырсыз, көмексіздердің есін шығарып, дегбір тапқызбай, сандалтып апарып бірін құлағалы тұрған жарға тығып, бірін құдыққа салды.

Онымен де қоймай, кейбір жердің шымын аударып ағытып, жаңа өспірім жастардай жаңа ғана шыққан жасыл шөпті танымайтын жат жерге апарып та тастады.

Әне! Сол амал жұлдызының аяқ шетінде жер кепті деп, қолтығындағы ел мал ащылатамыз деп бауырға қарай көшті. Атты-жаяу айдаған қойдың жас төлі шаршаған соң, қойды жусатып, жаңа туғанын ауыздандырып, шаршағанын тынықтырып, қоймен бірге барған балалар жалмажан қу топайды доп қылып, жерді шұқырлап орда қылып, доп ойнай бастады. Қыстаудан жаңа көшкен елдің жүгі орнықпай аударылып, бірі түйесін бақыртып қайта артып, бірі жүк артқан сиырын ауһаулап қуалап, ауған жүгін басып, ерлі-қатынды, бала-шағасымен шулап жүр.

Отардан қайтқан жылқыны алдынан шыққан жас жігіттер көшке қарсы айдап келіп, аты жоқтар жүгенін ала жүгіріп, әрқайсысы бір-бір жылқыға құрық салып, жылқыны алды-алдына бөліп қуалап жүр. Жаңа

туған жас құлынды тәлтіректетіп құрығымен түртпектеп, шидем киген күләпаралы жылқышы жылқының артында келе жатыр. Сонда сен, кәрі Шыңғыстау, көшкен елге қара құжыр қабағыңмен ашулана қарап: «Ала қыстай менің ығымды қорғалап, қыстан аман шығып, бүгін иесіз тастап кеткенін қарашы!.. Қап, бәлем, қайта бір келерсің» – дегендей үнсіз едің-ау! Жотадағы биіктерің: «Батыр-ау, мыналар қайда барады? Ана біреулер не қылып жатыр?» – дегендей алдындағы аласа төбелерден аса қарап, кейбір биіктерден созылған жота қыр алдыңғы төбенің иығынан тапқан ана биіктің қолы сияқтанып; «Былай тұршы! Еңкейе берші!» – деген сияқтанып, бөктерге жақын, тіпті, аласа төбелер: «аналар көрмей қалар» дегендей-ақ еңкейіп құржия қарап, бәрінің көзі көшкен елде сияқты.

Әне! Осы көшкен ел сәуір жұлдызын бауырда өткізіп, малы ащыға, адамы аққа қанып, төрт түлік малдың төлі әбден аяқтанып, асыр салып, енді жайлауға шықпақ үшін қайта көшті.

Әттең, көркем көктем-ай! Сен жан-жануардың қайғысын ұмытқызып, бейіш ауасын жұтқызып, қабағын ашқызып, үмітін ілгері басқызып, тозбас өмір, таймас бақ бергендей алдайтының-ай! Жайқалған жасыл шөпті қуартатын, жалбыраған жапырақ пен жайнаған гүлдерді жанынан айрылтып ұшырататын күз болмайтындай-ақ, мұқым Шыңғыс даласымен қар астында қалып, қайғылы ақ бүркейін жамылып, жорғалаған жыландай, жорға мінген жастардай жылмандап аққан мөлдір сулар, мұнан былай рахат-қуаныштан үміт үзген мұңлы жүректей мұз болып қататын қыс болмайтындай-ақ, сен көркем көктем, жан-жануардың да, адамзаттың да артын ұмыттырып, алдын ойлатпайсың-ау!».

Шәкәрімнің туған жері Кеңбұлақ – Шыңғыстаудың төр жайлауы. Ол Балашақпақ тауының шығысы мен Байқошқар өзенінің батыс жағалауындағы қоныс. Кеңбұлақ Балашақпақтың кең аңғар сайын бойлап Байқошқар өзеніне ұштасады.

Шақпақ – Шыңғыстаудың сырт жайлауындағы үлкен жоталы тау. Жота – Балашақпақ, орта, үлкен шақпақ деп бөлініп аталады. Сондықтан оны Айыр Шақпақ деп те атаған. Айыр Шақпақтың биігінен оңтүстікте – Қаранай, Тазқызыл, Балға, Тектұрмас, Құр жоталары, шығыста – Буратиген, Егіз қызыл, Жәнібек, Тезек шоқысы, Ақшатау жоталары, батыста – Көксеңгір, Жорға, Жауыртағы, Шорқашқан, Шымылдық, Жосалы биіктері, солтүстікте – Керегетас, Қаражал, Қызылжал, Айдарлы қойтас, Қара қойтас, Бұшантай, Ділдә жоталары, көлденең жатқан Шыңғыстаудың сырт жоталары көрінеді. Шәкәрім өмірінің соңғы отыз жылдай мерзімін осы Шақпақ өңірінде, оңашалықта, шығармашылықпен өткен.

Байқошқар – Бақанас өзеніне құяды. Шәкәрімнің балалық шағы, жас-өспірім шағы, жігіт шағы, азаматтық ғұмыры көбіне осы өңірде өткен. Шәкәрімнің қайғылы қазаға ұшыраған жері Керегетас та Байқошқарға жақын орналасқан. Керегетас – Шақпақ өзенінің бауырында, Жыланды өзені мен Ділдә өзенінің түйісер тұсындағы биік жота. Оның шығыс іргесінде кереге бітімді тұтас тас қабырға бар, сондықтан оны Керегетас атаған. Тас қабырғаның бауыры терең қара су. Тастың қабырғасында бес-алты адам сиятын үңгір бар. Шәкәрімді осы Керегетас маңында атып өлтірген.

Шыңғыстаудың ең биік жотасындағы асу – Ақбайтал асуы деп аталады. Оның биіктігі 1100 метр. Бұл асудан бастау алатын Бақанас, Байқошқар, Құр, Тай өзендері Балқашқа дейін созылып жатыр, ал Құндызды, Шет, Қарауыл, Шаған өзендері Ертіске құяды. Жайлауға шығарда және түсерде ел осы асудағы көш жолмен өтеді. Шәкәрім бұл асудан талай мәрте асқан, әсіресе Қырғыз шатына құс салуға барғанда осы асу арқылы өтетін болған.

Сарыарқаның оңтүстік-шығысында, Тарбағатай мен Шыңғыстаудың ортасында орналасқан Ақшатау атты тау бар. Таудың тасы әкті, ақшыл түсті болып келеді. Қырғыз шаты осы Ақшатаудың бір саласы. Шәкәрім де жылма-жыл салбурынға келіп мұнда саятшылық құрған. Салбурын деп ұзақ уақыт аңға шығуды (бүркіт салып, арқар, бұғы, киік ату) айтады.

Шәкәрім атасы Құнанбайдан, ағасы Абайдан өнеге, тәлім-тәрбие алған жері Ақшоқы аталатын тау жотасы. Ащысу өзенінің батысында жеті шақырым. Созылған үш биіктен тұрады, олар Шеткі Ақшоқы, Үлкен Ақшоқы және Кіші Ақшоқы аталады. Үлкен Ақшоқыда 1860 жылы Құнанбайдың Ұлжаннан туған тетелес екі ұлы – Ибраһим мен Ысқақ жеке отау болып шыққанда қыстап шығып, жеке-жеке отау үй-жай салған, Абайдың сол қыстауының сілемі әлі де көрініп жатыр. Абайдың тұңғыш ұлы Ақылбай Үлкен Ақшоқыда туған.

Архат – таулы қоныс, қой тастары қолмен жиғандай қойындасып жатыр, бұрынырақта керуен жолы болған. Шәкәрім онда бүркіт салады екен.

Шыңғыстауда Ащысу деген өзен бар. Басы Тарбағатай – Қалба тауларынан басталып, Архат пен Орда тауларының арасымен ағып өтеді. Ащысу бойында Еңлік-Кебектің ескерткіші, Құнанбай қажы қабірстаны бар.

Қарауыл-Семей күре жолының бойындағы 82-ші шақырымда Бөрілі ауылы бар. Осы ауылдан бір шақырым батыс терістігіндегі Аяққараған қонысында Мұхтар Әуезов дүниеге келген.

Күшікбай бұлағы – Семей-Қарауыл жолындағы бұлақ. Абай, Шәкәрімдер Семейге барар жолдағы аялдайтын, қонатын орын болған.

Қасқабұлақ. Шолпан-Сарыадыр адырының іші-сыртынан ағып жататын, тау, төбе төскейінен жалтырап көрініп жататын бұлақ болғандықтан Қасқабұлақ атанған. Ондай бес бұлақ бар. Соның біреуі Шәкәрімнің Қасқабұлағы деп аталады. Шәкәрім Семейге барып-қайтар жолында бұл орынға соқпай кетпейтін болған.

Саятқора – Шәкәрімнің Шақпақтағы Қарабұлақ басына оңашалықта шығармашылықпен айналысу, қыстыгүні аң аулап демалу үшін саман кірпіштен салғызған орны. Ол – арнаулы салғызған қысқы мекеннің екіншісі. Біріншісі – Ділдә өзенінің бойындағы өзі қаза болған Керегетас іргесінде.

Саятқорада Шәкәрім «Әділ-Мария» романын, «Ләйлі-Мәжнүн», «Айсұлу-Нартайлақ», «Мұтылғанның өмірі» деген көлемді шығармаларын, «Боранның» аудармасын және бірнеше өлеңдер мен прозалық шығармалар жазған.

Қазір Саятқораның кейбір қабырғалары ғана мүжіліп сақталған. Ол Абай-Шәкәрім кесенелерінен ұзақ жерде орналасқандықтан ол жерде 2000 жылы «Саят қора» экспозициясына арналған үй салынған.

Шәкәрімнің отбасы, туыстары, достары мен ұрпақтары

Шәкәрімнің әкесі Құдайберді үйленгеннен кейін 3-4 жыл анасы Төлебике бала көтермей, Құнанбай келініне кісі жіберіп: «Құдайберді бір анадан туған жалғыз еді, ұрпағы қалмай жүрмесін, келінім рұқсат етсе, балама бір әйел әперсем деп едім» дейді. Төлебикенің ризалығымен Құдайберді Ботантайға үйленеді. Бір жылдан соң Ботантай екіқабат болғанда Төлебике оны жұрттан жасырып, өзі екі қабат болдым деп, Ботантай босанғанда «мен тудым» деп баланы туысымен қойнына алған. Сол балаға июінің нәтижесінде екі жылдан соң өзі шын екі қабат болып бірінен кейін бірін төрт ұл туған.

Шәкәрім ержетіп үйленуге жеткенде оған Мәуен атты қызды алып береді. Ол мінезі шайпау, бірбеткей, тек Шәкәрімді ғана тыңдайтын болыпты. Кейінірек Шәкәрім ноғай қызы Айғаншаға ғашық болып, ноғайлар әйел үстіне қыз бермейтін ұлттық салтымен келісім бермеген соң Шәкәрім Айғаншаны көндіріп оны алып қашады. Бұл іске Абай араласып, қалың малын төлеп, айып-пұл беріп, қыз берісіп бітіседі. Сол Айғаншаны алып келгенде Мәуен: «Келдің бе, қарағым» деп бетінен сүйіп қарсы алған екен.

Шәкәрімнің бәйбішесі Мәуеннен екі ұл болған: Әбусуфиян және Ахметтауфик. Әбусуфиян 25-ші жылдары қайтыс болған, одан – Шәміл, одан Бану. Екінші ұл ерте қайтыс болып кетеді.

Шәкәрім Айғаншадан бес ұл, үш қыз көрген. Олар: Ғабдулғафур (Ғафур), Ғабдулла (Қабыш), Жебірейіл, Ғабдулаха (Ахат), Зият, Жәкім, Кәми, Гүллар.

Айғаншаның төркін жұрты Қазан қаласынан келген ноғайлар. Құнанбай Ысқақ деген ноғаймен танысып, оның қызметі ұнап, өз еліне қоныстандырып, қамқорлығына алады. Ысқақ інісі Махмұтты көшіріп әкеледі, ол Айғаншаның әкесі. Олар байып, өз алдына ауыл болады, ол «Бай ауылы» аталады. Шәкәрім Айғаншаны алып қашып үйленеді. Айғанша икемділігінің арқасында елге сыйлы келін болады, оны Шәкәрім елі «Май апа» деп атайды. Шәкәрім өлтірілген соң Айғанша, балалары Ғафур, Қабыш, немересі Баязит НКВД тарапынан қудаланып, азап пен қорлықтың неше түрін көреді. Қапырды (Ғафур) Абайдың шыққан тегін сан-саққа жүгірткен Кеңестің жарымес қорғаушылары әулет басына зұлмат түсе бастасымен ешбір тексерусіз түрмеге жабады. Өр мінезді намысқой жігіт түрмеде жатып тамағын кездікпен орып жіберіп қаза табады. Оның ұлы Баязит те түрмеден шыққан соң елге оралып, туған-туыстан бірі де қалмағанын, қаңырап қалған жұртын көріп өзіне өзі қол жұмсап қайтыс болады. Айғаншадан туған екінші ұл – Қабыш талма ауруына ұшырап, Абай атасының қабірін құшып жатып, аштан өледі. Оның бала-шағасы да аштан қырылады. Айғаншаның қашан дүниеден өткені жайында мәлімет жоқ, көзі ашық ұлы Ахат та ол жайында ештеңе жазып қалдырмаған. Соған қарағанда тағдырдың талайлы жолында екеуінің жолы екі ажырап, бір бірінен көз жазып қалған болуы мүмкін.

Шәмілдің әйелі Зүлипаның інісі Қабыш Шәкәрімді аңдып жүргендерді сырттай бақылай жүріп, Шәкәрімді атып өлтіріп, денесін тастаған құр құдықты белгілеп қояды. Соны ұмытып қалмау үшін өз әке-шешесін соған таяу жерге жерлейді. Шәкәрімнің денесін 30 жыл күзетіп, кейіннен Ахатқа құр құдықты көрсеткен сол Қабыш. Қабыш өзі әнші, өнерпаз болған. Шәкәрімнің қасына еріп, көп жерді көріп, өнер үйренген. Шебер домбырашы, ерен әнші болған. Отырған жерінде жұртты күлкіден ауыз жиғызбайтын әртістігі болған. Цирк өнерінен де хабары болған. Белгілі «Ағашаяқ» әнін кейінгіге жеткізуші. Мерген болған, мылтық көрсе, сіріңкенің бір тал шиін қойып атып көріп тексеретін болған.

Шәкәрімнің өзіне ұқсап туған ұлы Ахат (1900-1984). Шәкәрім мұрасын зерттеуші, жинақтаушы. Шәкәрім өлерден төрт жыл бұрын Семейдегі педагогикалық техникумды бітіріп, Шыңғыстауда мұғалім болған.

Сол күндері Шәкәрімнің басқа балалары секілді тергеу, қамау, абақты, айдауды басынан кешірген. Ахаттың туыстары Ғафур, Баязиттер түрмедегі ауыр азапқа шыдамай, өздеріне-өздері қол жұмсап қайтыс болады. Қабыш аштық пен азаптан Шыңғыстау баурайында қаза болады. Зият Қытайға қашып өткенімен, сол жақта қайғылы қазаға ұшырайды. Түрмеден бір рет босап шыққан Ахатты 1937 жылы тағы да қамап, тағы екі жыл қамауда болады. 1938-1967 жылдары Алматыда да облыс төңірегінде мұғалімдік қызмет атқарып, зейнетке шығады.

Ахат 1958 жылы 29 қазанда ҚСРО Мемлекеттік қауіпсіздікті бақылау органының прокуроры қол қойған ақтау шешімінен кейін ғана жарық дүниеге қайта келгендей болады. Әкесі Шәкәрімнің қазасын айдауда жүріп естіген, содан бері бойынан қайғы арылмаған Ахат әкесінің мүрдесін екі жылдай іздеп, 30 жылдан бері жатқан құдық түбінен тауып 1961 жылы сүйектерін қазып алып, жинақтап Абай ағасының қасына апарып арулап жерлейді. Дәмі таусылғанда өзі де әке қасына жерленген.

1969 жылы Ахат Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық мұражайына Шәкәрім мұрасын қалпына келтіру мақсатымен ғылыми қызметкер болып шақыртылады. Сол жерде Ахат әкесінің бар еңбектерін жинақтап, жүйелейді және латын әліпбиінен кириллицаға көшіреді, Шәкәрім туралы естеліктер жазады, ұнтаспаға құнды деректер қалдырады. 1984 жылы дүниеден өткенінше Ахаттан әкесі туралы 36 құжат, 51 қолжазба шығармалар (7318 жол поэма, 25431 жол өлеңдер, 813-бет прозалық шығармалар мен естелік әңгімелер) дайындалды. Олар Ахаттың өз өсиет-тілегі бойынша Семейдегі Абай мұражайының негізгі қорына тапсырылады.

Шәкәрімнің ұлы Ахаттың Сағила деген әйелінен туған бір баласының аты – Рух болған. Оның атын Шәкәрім қойған. Шәкәрімнің Қоңыр атына қоштасу өлеңінде: «Тентек сары Руғым, Сағынып мені тұр ма екен?» деген жері бар. Рух 10 жасында, 1931 жылы қайтыс болған.

Ахат жөнінде М.Т.Әлиакпаровтың «Ахат» (1997) және «Ақын аманаты» кітаптары (2000) жарық көрген.

Шәкәрімнің Ахаттан кейінгі ұлы Зият Шәкәрім өлер жылы Қытайға қашып өткен. Зияттың ұлы Мерекенің айтуынша Қытайда Зият Алтай өлкесінің Сарсүмбе қаласына келген. Сонда орысша, арабша, парсы мен шағатайша төрт түрлі тіл білетін, Көкшетаудың қазағы, кезінде Абай мен Шәкәріммен жолығысып, сыр алысып, дәм-тұз татысқан Сейітқазы Нұртаев деген оқымысты кісімен танысып, ол кісі Зияттың әулетін сыйлап, қызы Мүнираны қалыңсыз береді, сондағы баспаханаға қызметке қосады. Зиятты көп кешіктірмей Кеңес адамдары ұстатып, жоқ етіп

жібереді. Тоғыз жасында анасы Мүнира қайтыс болып, Зиятпен бірге өткен Әзімбайдың Бердеш деген ұлы Мерекені өз қолына алады. Ол 1955 жылы 17 жасында Қазақстанға өтеді. Елге оралған соң оны Ахат тауып алып Талғарға әкеледі, қазір Талғарда тұрады.

Шәкәрімнің қызы Жәкімнен Қожағархан, Қожанияз, Қожағархан деген балалары болған. Күйеуінің аты Қабібұлла. Қожағархан 1921 жылы дүниеге келген, оның есімін Шәкәрімнің өзі қойыпты. Бала он жасқа дейін Шәкәрім мен Зияттың тәрбиесінде болады. Шәкәрім атылғаннан соң Қабібұлла мен Жәкімді Қожағархан, Қожанияз, Қожағархан қоса Семейдегі түрмеге қамайды. Мұсабай қажы деген елге белгілі ақсақалдың баласы Қариполла Алматыда үлкен бір қызметте екен, сол жігіт Шәкәрім немерелеріне жаны ашып, Семейге хабарласып, бұлардың мәселесі Алматыда қаралады, сонда жөнелтіңіздер деп тапсырма бергізіп, әкелі-балалы бес кісіні екі күзетшімен Алматыға поезбен жібергізеді. Бір жағынан Аягөздегі Ұлықбек деген милицияда істейтін досына, олардың ісі Семейде қаралатын болды деп алып қал да Қытайға өткізіп жібер деп өтінеді. Бірақ олар шекараны солдаттар жіті қадағалауына алған бір сәттерге тұспа-тұс келіп, Қытайға өте алмай, Үржарда қыстайды. Сол жылы бүкіл елдегі сияқты Үржарда да ашаршылық басталып, Қожанияз бен Қожағархан ашаршылық салдарынан ауырып, қайтыс болады. Қожағархан 1932 жылы Қытайға өтіп, Зияттың қамқорлығында болады. 1949 жылға дейін алғашқы кезде әскери қызметте, кейін мектепте мұғалім болып, содан кейін 1960 жылға дейін баспа саласында қызмет атқарады, қытай тілінен қазақ тіліне аудармашы болады. Сол жылы елге оралып Алматыда түрлі жұмыстар атқарып, зейнетке шыққан. 1996 жылы қайтыс болыпты.

«Шәкәрім» энциклопедиясында Ж.Әубәкір: «Қарасартов Шәкәрімнің өзімен тоқтамай, Шыңғыстау ауданы қазіргі Қарауыл төбесі мен Медеу, бұрынғы Молдағалиев атындағы кеңшар болған жердің арасынан лагерь (Абзалдың лагерьі деп аталып кеткен) ұйымдастырып, оған Шәкәрімнің ұлы Қабыш, қызы Гүлларды, Абайдың қызы Гүлбаданды, тағы басқаларды апарып қамап, күні-түні қинап жауап алады. Әке тағдыры жас жүрегіне қаяу түсіріп, әрі түрменің қиыншылықты азабын көрген Гүллар у ішіп, жарық дүниемен қоштасуға бет бұрады. Бірақ оны дер кезінде байқаған Гүлбадан жанталаса жүгіріп, бір қойшының үйіне барып, сүт әкеліп ішкізіп көрер жарығы таусылмаған Гүлларды аман алып қалады» деп жазған.

Мұхтар Әуезовтің Шыңғыстауда туып-өскен досы Шәукен (шын аты Оразғали) Әбдуәлиұлы деген мылқау, бірақ естияр жігіт Шәкәрімнің

жалғыз суретін қырық жыл сақтап, елуінші жылдары Мұхтар Әуезов Алматыда жаңа үйге кіріп қоныс тойын тойлауға шақырған жиында Ахатқа жолыққанда сыртқа ымдап шақырып, табыс етеді. Ахат әкесінің суреті күтпеген жерден табылғанына азалы дауысы шығып кетеді. Жиналғандар шығып, бәрі де өлгені тіріліп, өшкені жанғандай қуаныштан жыласып, Шәкәрімнің суретін сақтаған Шәукенге рахмет айтады. Сөйтсе, тілі жоқ, кембағал балаға бұл қағаздарды отқа жақ деп НКВД адамдары берген, сонда жасырып алып қойып, шешесінің ақиретте салатын ақ киіміне орап, тығып сақтаған екен. Суретті Алматыға Ахатты тауып алып берермін деген оймен алып келіпті.

Шәкәрімнің жақын туысы әрі өмірдегі серіктерінің бірі Әбдіғали 1937 жылы Шәкәріммен достас болғаны үшін ұсталып атыларда Шәкәрімнің өзі берген қолжазбаларын Үмила атты қызының жолдасы Шыңғысхан Көрпебаевқа беріп, оны Шыңғысхан теріге орап, темір ыдысқа салып көміп сақтайды, өйткені Әбдіғали ұсталысымен оны да тергеуге алатынын алдын ала сезеді. Кейін қолжазбаны тауып, бүлінген жерлерін түзеп қайта көшіріп Ахатқа табыстайды.

Шәкәрім мен Шұбартау өңіріне ақындықпен, билік айтумен аты жайылып кеткен Әзімбай Бижанұлы қатты араласып кеткен достар еді. Әзімбай Шәкәрімнен төрт жас кішілігі бар болатын, бірақ олар құрдастарша, достарша шүйіркелесіп, бірге жүретін. Әзімбайдың да ақындығы бар еді, онысынан асқан әділ билігі еді. Әзімбайды ел әділдігі үшін «Жақсы Әзімбай» атайтын. Әзімбай Ақтанберді жырауды пір тұтқан, оның «Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын толғауының негізінде «Ақтанберді-Жаскілен» деген дастан жазған. Одан басқа «Ахмет-Жүсіп», «Зейне сұлу», «Бәһәрат-Шерін» киссаларын жазған.

Тобықтының алтыншы ұрпағы Әнет бабаның інісі Әйтектің ұлы Олжай батыр «Ақтабан-шұбырынды, алқакөл-сұлама» қиыншылығынан кейінгі кездері Тобықтының ел болып, бірлігінің сақталып қалуына үлкен ықпалы болған батыр. Әйтектің кейінгі ұрпақтары Кеңгірбай, Құнанбайлар.

Әнет баба туралы Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» поэмасында: «Әнет бабаң Арғынның ел ағасы, Әрі биі, әрі молла ғұламасы. Үлгі айтқан Орта жүзге ғәділ екен, Сол кезде 95-ке келген жасы» деп келтірген сөзі бар.

Базаралы – Кеңгірбай бидің немересі, өнерпаз, сал жігіт болған. Шәкәрім өзінен көп үлкен Базаралымен салбурынға шығуды ұнатқан.

«Шәкәрім» энциклопедиясында айтылған Абаймен құрдас, Сақ елінің басшысы, 1932 жылы қайтыс болған, Абыралының ұлы Барақ айтқан

бір деректерге қарағанда Шәкәрім Абай өлген соң Оразбайдың қасында жүретін кездері де болған. (3. 217 бет).

Мұхтар Әуезовтің туған жері Бөріліде жазушының мұражай үйі бар. Оның белгілі бір бөлігі Шәкәрімге арналған. Әуезов «Еңлік-Кебек» пьесасын жазарда Шәкәрімнен көп ақыл-кеңес алған.

Жастық шақ

Шәкәрімнің өзі өз өмірінің бірінші кезеңі деп Құнанбай әулетінде тәрбие көрген алғашқы жиырма жасын айтады. Құнанбай мен Абайдың тәрбиесіндегі Шәкәрім ақынды өмірдің өзі ақылды болуға бейімдеп, ерте есейткен. Жиырмаға жетпей-ақ Шәкәрім жан-жағына ой көзімен қарап, даналық сөздер айта бастаған. Ел ішіндегі небір сұрқия-сұмдықты, алтыбақан алауыздықты күнде көріп жүрген сезімтал ақын жасөспірімдерді қызғыштай қорып, осындай бәлелерден аулақ болуға шақырады. Дүниенің өткіншілігін, сол өткінші өмірде адамдардың бір-біріне қайырымды болуы, барынша адал, арлы болуды уағыздайды. Қара қазақ баласы, әйтеуір, адам болса екен дейді, олар да ел қатарына қосылса екен дейді. Кейде күйінеді, кейде мұңаяды. Ертелі-кеш елтеңселтеңмен күн өткізіп жүрген желөкпелерге ренжиді. Олардың өнер қуып, еңбек етпегеніне налиды. «Көрінгенге көз сүзбей күнін көріп, Қазақ қашан ел болар, құдайым-ай?!» деп күрсінеді. Осы келеңсіздіктерді болдырмауды мақсат тұтып, өзі де билік жүйесіне араласады.

*Жиырмадан өткенде,
Азгана ғылым оқыдым.
Алғызып кітап шеттен де,
Көңілге біраз тоқыдым.
Білмегенді сұрадым,
Жиыстырдым, құрадым.
Оқыған сайын ұнадым,
Жолына түстім осының.
Білімге салып тілекті,
Сыбанып едім білекті,
Ағартуға жүректі,
Аршымақ болып қоқымын.
Өлең мен сөзді шеберлеп,
Айтқаным мақұл болар деп,*

*Біндын қойып ентелеп,
Жарайды деп осыным, –*

деп Шәкәрім өзінің білімге құштарлығын бейнелейді.

Шәкәрім Абайдың саясында, қамқорлығында болып, ұстаздығынан үлгі алудың арқасында өлең жолына түсіп, алғашқы өлеңдерінен бастап, Абайды ауызға алады. Ол «Жастарға» деген өлеңінде:

*Кел жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік.
Бір білімді данышпан жан табалық,
Ал енді олай болса, кімді алалық,
Қазақта қай жақсы бар көз саларлық?
Шын іздесек – табармыз шыны ғалым,
Жалыналық Абайға, жүр, баралық, –*

деп жазады. Бұл кезде Шәкәрім 19 жаста болатын.

Абай билігі жүріп тұрғанда, жер өлшеуге елге келген землемерге жер өлшесін деп, жанына орысшаны шала үйренген Шәкәрімді қосып қояды. Үш ай қазақ тілінен бір сөз білмейтін землемермен бірге жүріп, Шәкәрім орыс тілінде таза сөйлеп, жақсы жаза алатын болып алады. Землемерден геометрияны, аспан ілімін үйренеді, тастардан металл шығатынын, жер бетіндегі барлық нәрсе заңдылықтарға бағынатынын түсінеді. Одан өлшеу құралдарымен жұмыс істеуді үйреніп, кетерде сыйға тартқан дүрбісін өмір бойы пайдаланады.

Шәкәрімнің жастық, іңкәрлік туралы жырлары аса көп емес, бірақ жас кезінде жазылса да көркемдік жағы төмен емес.

«Жаудырап көзі, Тамшылап сөзі, Жібектей шашын тараса. Қалмайды халің, Шығады жаның, Қиғаштап көзбен қараса. Бұл дүниеде қыз қызық, Бозбалада ой бұзық...». Балауса жас жігіт емес, кемеліне келген ақынның жазғанындай. Лапылдап тұрған сезімді асықпай-аптықпай, қалай дәл берген, шашау шыққан бір сөз, жасанды бір дыбыс жоқ.

Шәкәрімнің заманында, қазіргідей емес, жігіттер махаббатта да тұрақты болған ғой. Сүйсе құлай сүйген. Ажал алдында тұрса да, арманына жетуге берік ұмтылған. Алғанын өмір бойы аялап өткен.

«Шірік иман, шыққан жан арман емес, Қолымды бір тигізсең бұрымыңа...» дейтіндей ойлау, бұлай сөз саптау ол кездегі ақындарда онша кездеспейтін нәрсе. Жүрек түкпіріндегі дірілді өлеңмен сыртқа шығару шын суреткерліктің белгісі.

Шәкәрім жас күнінен бастап бойын тіп-тік ұстанатын, киімді өте сәнді киетін, бой-басына мұқият қарайтын, тамақты аз ішетін, көп ұйықтамайтын, ойын сергек ұстайтын, өзін ұдайы өз бақылауында ұстайтын, аузына берік, артық сөз айтпайтын болып жетілді. Тамақты сыл-

пылдатып көп жеуді, дастарқан басында орынсыз күлкімен уақытын бос өткізуді жақтырмайтын. Қос жамбасына кезек жантайып, күнұзақ алтын уақытын босқа өткізетіндерге мұның дұрыс емес екендігін, өмір ішіп-жеу, уақытты босқа өткізу үшін берілмегенін, өмірге адам боп келген соң адам боп кетуді де ойлауды ұмытпағанның дұрыс екенін ұдайы айтып отыратын болған. Өз қолынан келетін жұмысты біреуге істеткенді оң көрмейтін, арба жөндесу секілді істерге де өзі араласып бірге жүретін болған. Біреуді ұру, боктық сөз айту оған жат болған.

Жігіттік шақ

Шәкәрім өмірінің екінші кезеңі атаған мерзім – болыс болып, ел басқаруға араласқан, өз сөзімен айтқанда «зая кеткен» жиырма жыл. Мұхтар Әуезов жазған Абай ғұмырнамасының 1-нұсқасында 1881-1882 жылдары Ысқақ ұдайы үш сайлау 9 жыл болыстық қылған соң, Құнанбай балаларының қолынан болыстықты шығармау үшін жасы жиырмадан әрең асқан Шәкәрімді болыс сайлатады дейді. Мұның басы-қасында Абайдың өзі жүреді. Түсінікті болу үшін айта кететін бір жайт – Шәкәрімнен кейін 1884 жылы Абай өз інісі Оспанды болыс сайламақ болады. Оспан тентек, аусар, озбыр, қарсы келгенді сабап тастайтын о жар болған көрінеді. Осы мінезінен Ербол, Жиренше, Оразбай, Күнтулер бірлесіп, жасырын келісіп, Оспанды сайлатпай қоюға, сөйтіп Күнтуды ұсынуға сөз байласады. Сонымен Күнту болыс болады, бірақ өз жұмысын атқара алмағандықтан 1886 жылы өз арызымен болыстықты тастағанда Абай тобы Шәкәрімді екінші рет болыс етіп тағайындаттырады. Үшінші рет 1911 жылы ояз Сыбанның Салпы деген табында болыстыққа қырғын талас болып, болыс сайланбай қалғандықтан назначениеммен Шәкәрімді сыртынан болыс етіп тағайындап жібереді. Ол оязға барып: «Мен сырқатпын, болыстыққа жарамаймын» дегеніне көнбейді. Ояз: «Елді бір тыныштандырып бер, сол тапсырманы орындасаң босайсың» дейді. Сонымен жарты жыл ішінде ел ішіндегі дауды бітістіріп, тыныштандырып, оязға рапорт жазып, ондағы екі жаққа да қалаулы болған адамды болыс сайлатып, өзі босанып шығады. Кейіннен осы кезеңдердің бәрін Шәкәрім «өмірімнің босқа кеткен сәттері» деп ұдайы айтып жүрген.

Осы зая кеткен жылдардың ең соңғы кезеңі деп 1918 жылды атауға болады, сол жылы Семейдегі Белгібай деген байдың қызы бір мұғаліммен қашып кеткеніне төрелік жасап: «Қыз сүйген адамымен бірге болсын» деген шешіміне, байдың сөзін сөйлеген Ыспан қажы: «босағамды

бұзып, жесірімді алып кетіп отырған бұзақыны қорғаған бұл арам билігіне көне алмаспын, жеріне жеткенше қуармын» деген сөзін естіп, сол күні-ақ соттың жұмысын тастап кеткен. Үйіне келгенде, түсі қашып кеткен Шәкәрімнен жөн сұрағандарға: «Мен босқа әуре боп жүр екем! Басшылардың елді ел қылатын түрі жоқ! Баяғы күндестік! Баяғы мансапқұмарлық! Өзімшілдік! Баяғы рушылдық, партиядан арылар түрі жоқ! Елді қорғау, адалды жақтау жоқ! Сорлы елге, сор жауыны сорғалағаннан басқа түк жоқ! Бұлардан үміт-қайыр жоқтығына көзім жетті. Ел оқығандары ғой, енді адал жолға бастайды бұлар деп сеніппін. Қаталасыппын!» деген екен. Бұл оқиға Шәкәрімнің билік саласына араласуының соңы болған деседі.

Бірақ кейбір деректерге қарағанда 1920 жылы Шыңғыс болысы бойынша халық соты болуға құқысы бар адамдардың тізімінің ішінде Абайдың балалары Тұрағұл, Мекайыл, Ізкәйілдермен, немересі Исраһылмен, Құнанбайдың шөбересі Біләлдермен бірге Шәкәрімнің есімі тіркелген құжат табылды: «Худайбердин Шакарим, 60 лет, грамотный, №2 аул». Бірақ Шәкәрім төрағалық жасап соттаған істер жайлы нақты деректер жоқ.

Шәкәрімнің ел ісіне араласуы жайында Мұхтар Мағауин «Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар» атты 1988 жылы Алматыда «Жалын» баспасында шыққан кітаптың алғысөзінде былай деп жазады: «1917-1925 жылдар аралығында Шәкәрім аз уақыт дүниәуи өмірге қайта оралғандай болады, ел ішіндегі игі өзгерістерді құттықтайды, газет-журналдар бетінде замана ағымына үн қосқан өлеңдер бастырады. Алайда қарт ақын көп ұзамай қайтадан ел тірлігінен аулақтайды».

Ахат: «Әкем: мен абырой, атақ алу үшін – ең алдымен адалдық керек, ешкімді ала көрмей, адалына болысу, кемтарына жәрдемдесу керек дегенді ертерек ойыма бекіттім. Мен жасымда Алладан былай тіледім: «Өзіме бақ бер! Бақ берсең дәулет бер! Әкімшілікті бер! Бірақ елді өзіме қаратып алғанша істеген жаман қылықтарымды кеш! Сол тілектерімді беріп, кемеліме келгеннен кейін, ол берген бағынды, дәулетінді, әкімшілігінді орнына жұмсай алмайтын болсам, екі аяқтының ең қоры, ең сорлысы қыл» – дедім. Мен елді қаратып, ел басшысы болғаннан кейін, қате кетпесе, біле тұра қиянат жасап, арамды қолдаған, момын, жетім-жесірді жылатқан жерім болған жоқ. Мен адалдыққа, көпке сүйендім. Олар мені қиыннан құтқарды. Мені ел – адал, әділ деген атаққа бөледі. Менің аяғымнан, жағамнан алып, менімен кім жауласты? Туыстарым жауласты! Менің бағымды, абыройымды кім күннеді? Туыстарым! Сыртымнан келіп жағаласпады, ішімнен жау шығып жағаласты! Сырттан іш жауы жаман. Менің көргенімдей жағдайға ұшырасаң, оған ұшы-

рарсың да, ақты жақта, жетім-жесірге, жылағанға болыс, жәрдем ет!» – дегенді құлағыма құя беретін».

Шәкәрім Мекке, Мәдина сапарына баруға Абайдан бата алған жылы өзінен бір жас үлкен ағасы Шаһмардан қайтыс болып, Абай оның үйінде бірнеше күн болып, зиратын қалаған кезде басында болған. Қазақ салтына орай қайтыс болған адамды үш жыл жоқтау дәстүрін сақтап Шәкәрім алыс сапарға жолға шықпаған. Сөйтіп жүргенде 1904 жылы алдын Мағауия, кейін Абай қайтыс болып, Шәкәрім Мекке сапарына тек 1905 жылы ғана аттанған.

Шәкәрім өмірден түңілгендей болады, тіршілік, тағдыр туралы ұзақ-ұзақ ойларға түседі. Бұл қайғыдан Шәкәрім Абай аманатын орындау мақсатында Меккеге барып, қажы атанып, Стамбулда, Парижде болу арқылы арылады.

*Он үш күн боп Стамбулда,
Керек кітап табылғаны-ай!
Парижде да оқыған жан,
Түрік, шеркеш, һәм Үндістан.
Араб, башқұрт, қызылбастан,
переводчик – түрік, ногай.
Солармен келісіп сөзге,
Жоғарғы ой, мақсатым өзге,
Түсіп сәуле соқыр көзге,
Ауыр тұман ашылғаны-ай!
Ол ойға көп керек тармақ,
Әр тілден словарь алмақ,
Сынап, нағызына қанбақ,
Наданға болмайды-ау оңай,
Сол ойды бес жыл жаздым,
Арыдым, шаршадым, аздым,
Көп инемен құдық қаздым,
Сырым, ойым, жайым сондай...*

деген өлең жолдары сол сапардың әсері. Бұл сапар оның ой-өрісін кеңейтеді, қазақ дін қуған мұсылман жолын емес, ғылым-білім қуған Еуропа халықтарының жолын таңдау керек деген ойға бекиді. Осы кезде өзі көптен бері әуестеніп жүрген толстойшылдық идеясына беріліп, өмірден баз кешіп, ел-жұрттан аулақтауға бел буады.

*...Арсыз арам айланы тастасалық!
Адал іске талаппен бастасалық!
Не де болса білімді ізденелік!*

*Надандықпен біржөла қастасалық!
Жалған айтып біреуге жалынбалық!
Біз, сірә, үлкендердей қағынбалық!
Наданға өлсек тағы бағынбалық!
Өтірік, өсекке еріп сабылмалық!
...Болмас іске бұртаңдап тырыспалық!
Бетке айтқанның зәрі жоқ, ұрыспалық!
Көзге жылпың көрініп, сыртқа қылпың,
Артымыздан құр өсек қылыспалық!
Сөз байласақ, уағдада тұрысалық!
Сыртымыздан жақсылық қылысалық!
«Қашқан жасудан құтылар» деген қане,
Надандықтан жиреніп, жылысалық!*

(Жастарға. 21 жасында жазған)

«Мамыражай мәжіліс, дастарқан басындағы бір мезеттік сыйластық, көтеріңкі көңіл күй, жеңіл әзіл-қалжыңның аяғы кей-кейде түсініспеушілікке, егеске айналып кететіні несі екен? Мақсатсыз ас ішіп, аяқ босатудың аяғы неге мәнсіз аяқталмасын... Еріккен ессіз тобырдың ісі ғой бұл...».

«Кедейдің күні құрысын. Күнде көріп жүрмін ғой. Байдікі өз еңбегімен емес, кедейді жұмсап қойып, өзі тыныштықта жатып байысам деу. Кедей атынан сөйлесем: Байлық деген не тәйірі... Байлыққа кенелдің, қарның шіреп тойды қазы-қартаға, оның үстін қымызбен толтырдың... Содан кейін ше? «Байлықты алып мұратқа өзің жеттің, Кемдікті маған беріп тентіреттің. Қымыз ішсең, көже ішіп мен де жүрмін, Бәрі бір, бай болғанмен қайтіп өттің (Бай болдың, батыр болдың, шешен болдың)». Түбі бір емес пе бәрінің?! Баратын жері! Қысқа ғұмыр қас-қағым сәтте өтіп кетеді. Бай қолында болса тұра бермесе де мал-мүлкі артында қалар. «Әкенің малы балаға мал болмас». Сонда несіне жинаймыз, сақтаймыз, қоримыз? Сол тіршілікте кім болсаң да бәрібір бір күні желдей есіп өте шығасың...» «Сүйткенмен мен де өлемін, сен де өлесің, Қаза келсе қалмайсың, жөнелесің. Тәңірі алдында білмеймін, кім озады, Өлгенде малың жалдап не көресің». Бұдан шығатын жол қайсы? Әділі, адалы қайда? Шіркін, жалқау да емес, еріншек те емес кедей баласы оқуға мүмкіндік алса ғой... Сол білімімен байлыққа жетсе, ешкімнен кем болмаса. Қані сол заман келсе... Қор болу, кем болу болмас еді-ау сонда...

*Тигенде қолың басына,
Ақылың кетіп, жан қалар,
Ғашығың сонда аңғарар.*

*Қолыңнан тартып,
Білегін артып,
Ақ тамақтан шөп етіп.
Тал бойың еріп,
Тіліңді беріп,
Сүлдерің қалар ес кетіп.
А, дүние, дүние,
Ақылға сонда кім ие?!*

«Жастық туралы».

Шәкәрім ақынды өмірдің өзі ерте есейтті. Сонда да жасынан билік қуу орнына өнер қуып, ғаламдық сана жолында, ізгілік жолында еңбек етпегеніне налиды. Адам жанының небір құпиясын жыр кестесіне түсіріп, әлемді алдына алып тербетіп отыратын зергер ақын елдегі келеңсіздіктерді көргеннен, амалсыз қарапайым тұрмыстық жайларды да жыр қылады.

Жасы ұлғайған сайын ақын өлеңдері де іріленіп, көкжиегі кеңейіп, бояуы қалыңдай түседі. Ел туралы көп ойлайды. Ел ішіндегі талас-тартыс, ырың-жырың, дау-дамай күндіз-түні маза бермейді. Ақынның «Көрінгенге көз сүзбей күнін көріп, Қазақ қашан ел болар, құдайым-ай...» дейтін кезі осы кез. Қазақ бірлікте болса екен деп тілейді. Жоғарыдағыларға жағынып, билікке таласып, бір-бірінің үстінен арыз айдап, бір-біріне қақпан құрып, әбігер боп бір-ақ келетін асыл өмірін босқа өткізіп жүргендерге назаланады.

Жетілу жылдары

*Біреудің жайын сынамақ бұрын, оның
өмір сүрген ортасына, өміріне байып-
пен көз жібер, жағада қайық күтіп тұ-
рып, қайық келмес бұрын жүкті арқалап
тұрған жолаушыға ұқсама.*

*...Мені білу үшін, мен мінген қайыққа
мін, сонда ғана өмір жайымды түгел
ұғасың, сүйінішім мен күйінішімді, күй-
зелісімді түсінесің, сонда ғана анық
танырсың кімдігімді...*

Шәкәрім

Шәкәрім өмірінің үшінші кезеңі – ақындық, сазгерлік, пәлсапашылық құрған жемісті жылдары болып саналатын ересек кездегі өмірі.

Шәкәрім барлық өлеңдерінде «қырық жасқа келгенде», «қырықтан соңғы өмірімде» деп, осы жасқа келгенде өзінің толыққан, жетілген өмірі басталғанын айтады.

Осы кезеңде Шәкәрім адам жанының небір құпиясын жыр кестесіне түсіріп, әлемдік үлгілерден сусындаған ақын, бүкіл дүниені алдына алып, тербетіп отырғандай болып, өз ойларын прозалық шығармалары мен мақалаларына, хаттарына арқау етеді.

Шәкәрім: «Абай аға, тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» деуші еді. Ақындарымыздың тілі тасты жарғанмен, кей бастарды жара алмай жүр ғой» депті. Сонда Абай: «Ол бастарыңа кімнің батасы тигенін білмейсіңдер ме?» дейді. Жұрт аң-таң болып, отырып қалады. Сонда Абай: «Ол бастар лағынет батасы тиген бастар. Лағынет өлмек емес. Лағынет батагөйі болған бастарды неге жарсын?» – деп күрсіне, күңіренген екен.

Шәкәрім – өз заманының перзенті. Дегенмен де, жасы қырықтан асқан жетілу жылдарында дана ақын бас ұрған ақиқат, ұждан, шын иман, адамдық, кісілік – «адаспайтын айқын жол». Біздің таңдар жолымыз ақиқат жолы болуға тиіс. Ол жол – бәріміз құмарланып, бәріміз мұрат тұтатын адастырмас жолбасшы. Ақиқатқа жетудің амалы осы заманғы озық білім-ғылымды игеру, алып-ұшып тұрған асығыс заманда қатарыңнан кейін болмау, қазіргі тілмен айтсақ – бәсекелес бола білу. Бәсекелестік дегенде күштің, байлықтың немесе қызыл сөздің бәсекелестігі емес, білім мен ғылым атты өнердің бәсекелестігі.

*...Пара алып, не қазынаның ақшасын жеп,
Адалсынып жүретін ұлықтар көп.*

*...Құба төбел дегенді ұқсаң керек,
Орынсызды істеме болсаң зерек.
Мүйізі бар кісідей едірейіп,
Өзге жаннан болмасын түрің бөлек.*

*...Осы күнде арамның жолдасы мол,
Қу мен сұмды кім жиса, шын мықты сол.
Мақтан, атақ іздесең, адамнан без,
Ардан күсіп, арамның біреуі бол,
Мұны қылсаң, боласың сен де мықты,
Қайдағы қу, алдампаз төрге шықты.
Ел ішінде сенен қор жан бола ма,
Ұстаймын деп отырсаң адалдықты.*

Бір ғана «жүрек» ұғымын қырықтан астам реңкте қолдандым, мұныма кімнің таласы бар: таза жүрек, нұрлы жүрек, жан жүрек, сау жүрек, жара-

лы жүрек, шерлі жүрек, ынтыққан жүрек, аптыққан жүрек, тайғақ жүрек, жалынды жүрек, тас жүрек, сорлы жүрек, дертті жүрек, отты жүрек, мінді жүрек, улы жүрек, мұңлы жүрек, адал жүрек, ыстық жүрек, жас жүрек, жан жүрек, жылы жүрек, ақ жүрек, асық жүрек, сұм жүрек, әділ жүрек, әділетті жүрек, от жүрек, қайғылы жүрек, елжіреген жүрек, ағарған жүрек, шынайы жүрек, бақытсыз жүрек, жүрек сыры, жүректің таразысы, жүрегі мұз, жүрек көзі, жүректі тазалау, т.б.

*Нысап пен мейірім, әділетті,
Жаныңдай көріп жан сақта.
Ол жолда өлсек неміз кетті,
Мақсұтқа жетпей қалсақ та.
...Кіндікті кесіп тастамағы,
Жас өмір сөйтіп қиылған.
Ақ бұйымға орай бастамағы -
Кебінің сондай бұйымнан;
Қуыстап салса құндағыңа,
Кіретін көрге ұқсамақ.
Тағдыр жоқ өлмей тұрмағыңа,
Өмірді өлім тұсамақ.
«Анадан алғаш туганымда».*

*Атадан қалған ақ сауыт,
Арамға әбден былғанды.
Басшысы жоқ сор елдің
Малы мен басы ылғанды*.
Тасбиықты тастап тас алып,
Сәлде аяққа шұлғанды.
...Жала жауып жалмайды,
Жазықсыз қарап тұрғанды.
Елеріп, еріп көп ел жүр,
Білмейді құдай ұрғанды.
...Түпсіз жауға санайды,
Түзу жолға бұрғанды.
«Атадан қалған ақ сауыт».*

*Жанымен сүйді әділет, ардың жолын,
Сондықтан ол иесі терең ойдың.
«Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың».*

* Ылғанды – ыластанды, ылайланды, бүлінді, бұзылды.

«1918 жылдың 6 марты еді-ау сол күн. Жалпықазақ-қырғыз съезінің қаулысымен Семейде құрылған атты-жаяу милицияны балшебектер ұнатпаған себепті дәл осы күні таңертең сағат 9 шамасында Алаш қаласында мылтықсыз ойнап жатқан сол милицияның жанына 10-15 солдат келіп, еш себепсіз мылтықтарын бір-екі басып қалыпты. Ешкімге оқ тимейді. Құрамдағы бірлі-жарым жігіттің қашпақ болғанына солардың жетекшісі, учительский семинарияның шәкірті Қазы Нұрмұхамбетұлы айғайлап: «Қайда барасыңдар? Жазықсыз өлсек өлейік, бәрімізді қырма» деп тоқтау салып тұрғанда үсті-үстіне мылтық атылып, Қазының өзі де, аты да құлады. Оқ Қазының жүрегіне тиген екен, есіл жан сол арада жан тапсырды.

Ертеңіне қабір үстінде мен сөз сөйледім:

«Әлеумет! Мына жатқан кім, білесіңдер ме? Бұл ұлты үшін шыбын жанын құрбан қылған алаш азаматының тұңғышы. Мұны өлді демеңдер, бұл өлген жоқ. Бұл күнгі және мұнан соңғы «ұлтым» деген азаматтар, мына мен сияқты болып, «ұлтым» деңдер деген үлгімен кетті, өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес, іспен көрсетті.

Марқұмның аты Қазы еді. Қазы – би деген сөз. Қазы билігін айтып кетті.

Қарағым Қазы, сенің құдай алдында да, жұрт алдында да орның бөлек.

Оқығандар! Жастар! Мынау жолдастарыңды ұмыта көрмеңдер. Мұның үй-ішінің міндеті сендердің мойындарыңда. Бір кішкентай көзінің қарашығы, бір жасар ұл баласы қалыпты. Соны тәрбиелеп, адам қылу бәрінің – барлық алаштың мойнына парыз. Және өздерің де бұл оқиғаға қажымандар. Құдай тағала Алашқа шын ұл бергеніне бүгін ғана көзім жетті. Алпыс жасқа келгенде мұндай ұлты үшін жанын қиып, құрбан болатын азаматты көрермін деген үмітім жоқ еді. Көрдім. Енді бүгін өлсем де арманым жоқ.

Қарағым, Қазыжан! Қадіріңді біліп, құрметтей алмасақ кешу қыл, қош. Қабірің нұрлы болсын. Рухың шат болсын, шейіт болған Алаштың шын баласы! Біз де сенің ізінде, қош, жолдасым!».

Менен кейін Міржақып өлеңмен сөз айтты. Жиылған жұрт қамығып, көңілдері босап, көзіне жас алып тұрды. Одан кейін Райымжан, Жанғали қажы, Мұстақым сөйледі. Бұлардан кейін жұртқа Қазының бірге оқып жүрген жолдасы Жүсіпбек Аймауытұлы еңіреп тұрып сөз айтты. Сөзінің аяғына дейін көзінің жасын тыя алмады.

Қазы бар болғаны 22-ақ жаста екен».

Шәкәрім – Абайдың шәкірті

Шәкәрім әуелі атасы Құнанбайдың, кейіннен ағасы Абайдың қамқорлығында болған. Шәкәрімнің өмірде көрген ең басты үлгісі – Абай. Шәкәрім 8 жасында бірінші өлеңін шығарғанда, әкесінің өлімін еске түсіріп мұнайған, содан бала уайымшыл болып кете ме деп қауіптенген туыстары оның өлең жазуын құптамаған. Сонда оны Абай арашалап, баланың талабын қайтармандар деп рұқсат берген. «Абай болмағанда, менің ақын болуым екіталай еді» дейді Шәкәрім. Бұл ойды біз ақынның «Мұтылғанның өмірі» атты ұзақ өлеңінде көреміз. Сондай-ақ ақынның «Жастарға» деген өлеңінде Абайдың Шәкәрімнің өмірінде үлкен орын алатынын, ұлы ұстаз танылатынын, оның Шәкәрімге әсерін, өмірінен алатын орны, бағасы мен мәнін түсінеміз. «Басқалардың бәрі надан, жүріңдер Абайға барып жалыналық» деп келетін өлеңде:

*«Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық,
Замандасы болмады сөзді ұғарлық.
Амалы жоқ, айналды енді бізге,
Күн туды етегіне жабысарлық», –*

дейді.

Шәкәрімнің ұлы Ахат: «Менің әкем: Абай бізді жақсы көретін, келгенде қасына жатамыз деп таласатынбыз. «Бұл кіші ғой» деп мені қойнына алып жататын, басқа балалар да Абайдың айналасына жайғасатын. Бізге әңгіме айтып беріп, біздердің оқыған оқуымызды, жаттаған қиссаларымызды тыңдайтын» деп жазады «Менің әкем, халық ұлы Шәкәрім» атты кітабында.

Шәкәрім Абайдың ұлылығын ең алдымен мойындаған ақын:

*Сендерден белгі нең қалар,
Жемтігін жеген жем қалар.
Ақылы дария Абайдан
Таусылмас қоры – кен қалар, –*

деп жырлайды.

Шәкәрім – ұлы Абайдың салған жолымен жүрген шәкірттерінің ішіндегі ең үздіктерінің бірі. Мұхтар Әуезовтің «Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер» атты 1967 жылы Алматыда шыққан кітабында Шәкәрім туралы жазған мынадай сөздері бар: «Абайдың айналасы деген тақырыпты сөз қылғанда біз өзіне әсер еткен жайларды, өз қорына құйылған салаларды ғана айтып келдік. Бірақ, ақындық айналасы Абайды өзі алған нәрді санаумен түгелденбейді. Екінші қатарда тұрған тағы бір алуан мәселе – Абайдың өзгеге берген нәрі турасында. Бұл мәселеде біз Абай ақынның төңкеріс алдында, не төңкерістен бергі қазақ ақындарына ет-

кен әсерін айтпаймыз, ол айрықша талдауды керек етеді. Абайдың дәл өз тұсында, өз дәуірінде еңбек еткен ақындар төртеу. Оның екеуі – Абай-дың балалары Ақылбай мен Мағауия. Қалған екеуі – Көкбай мен Шәкәрім». Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынасындағы шәкірттері. ...Абай оларға тақырып беріп, өлеңдерін сынады, түзейді, қалай түзетудің жолын айтады. Абай алды бұл шәкірттерге жазушының мектебі сияқты» дейді.

Философ-ғалым Ғарифолла Есім «Шәкәрім» журналында жарық көрген «Ой теңізінен сыр ауласақ...» деген сұхбатында: «Шәкәрімнің ой бұлағының басында, әрине Абай тұрды. Бұл Шәкәрімге керемет мүмкіндік берді. Абай дүниені тарылтып тастаған жоқ, Абай керісінше дүниені кеңітіп кетті. Абай ғылымды қалай, неден іздеу керек екендігін жан-жақты тұрғыда айтып кетті. Сол мол мұраға Шәкәрім кенелді. Білмегенін білемін деп өзінше ізденді. Бір абзалы сол, Шәкәрім Абай сияқты етекбасты болып қалмай, анда-мұнда жүріп тұрды. Абайдың ақылымен білім іздеп, Стамбул, Парижде болды. Оның үстіне Шәкәрім көп тіл білген адам. Шәкәрім заманында кітап оқуға да мүмкіншілік көбейе бастады. Кітап оқу, оқығанды көңілге тоқу Абайдан қалған тамаша дәстүр еді. Сол Абайдың ойшылдық дәстүрін ең алғашқы болып жалғастырып әкеткен адам – Шәкәрім. Мұны Шәкәрімнің еңбектерін мұқият оқып отырған кісі қалтқысыз таниды. ...Қазақта бір жаман әдет бар. Біреуді көтеру үшін оны екінші біреуге қарсы қоямыз. Бұл дұрыс емес. Кейбіреулер ойлағандай Шәкәрімнің қайта оралғандығынан Абайға көлеңке түскен жоқ. Бұлардың екеуі де қазақ аспанының мәңгі жарық жұлдызы болып қала береді».

Сөйтіп Ғарифолла Есім: «Шәкәрім – Абай мектебінен шыққан үздік шәкірт. Абайдың мектебін әрі қарай жаңа сапаға алып шыққан адам да – Шәкәрім» деп қорытындылайды. Осы автор Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығын екі кезеңге бөліп қарастырғанды жөн санайды: Абаймен бірге болған шақ пен одан кейінгі өмірі, яғни 1904 жылға дейін және одан кейінгі өмір. Алғашқы кезеңді оқуға, ізденуге жұмсалған жылдар одан кейінгі өмір кемелденген, бойындағы мүмкіндігін таратқан шағы деп санайды.

Шәкәрімнің ұлы Ахаттың естелігіне сүйенсек Шәкәрім Абай дүниеден өтерден бірер жыл бұрын Абай ауылына барып, Абайдың ауыл ақсақалдарымен сұхбат құрып отырған сәтінің үстінен түседі. Шәкәрім сәлем беріп кіріп барғанда Абай: «Кімді айтсаң сол келеді» дегендей, Шәкәрім жаңа ғана сені әңгіме етіп отыр едік, келгенің жақсы болды деп бастап: «Мен мына ақсақалдарға етекбасты болып, білім қуып, кеңінен оқи алмай қалдым деп айтып отыр едім. Сол көксеген арғанымды

Шәкәрім арқылы орындаймын деп, саған білім құғызуға бел байлап отырмын. Адам қырық жасына дейін білім жинап, кәміл толады, ақыл-ойы, жігер-қайраты жетіледі. Енді үш жылда сен қырыққа толасың. Шығыс тілдеріне жетік болдың, ендігі үш жылда орыс тілін үйрене бер. Бар қаражатың менің мойнымда, сен оқуға аттануға дайындал. Қане осыған келісесің бе?» – депті. Шәкәрім: «Барлық қаражат сізден болса, білім алуға әрине барамын» – деп жауап берген. Сөйтіп Абай Шәкәрімді грек ілімі жиналған Ыстамболға, араб ілімінің ордасы Мекке мен Мединеге, Мысырдағы Александр кітапханасына жібермек болады. Бірақ бір жыл өткенде Абай қайтыс болып кетеді де, Шәкәрім бірер жыл кешіктіріп, Абайға берген уәдені орындап, Абай нұсқаған жолмен барып, көп ілім-білім үйреніп, кітаптар жинап қайтады.

Мұхтар Мағауин Ленинград қаласында жариялаған «Поэты Казахстана» деген кітапқа берген алғы сөзінде: «Среди литераторов, окружавших Абай, наиболее плодотворно трудился Шакерим Худайбердиулы. Оны оставил после себя значительное наследие, по которому можно судить о тенденциях развития казахской литературы конца XIX и начала XX века. Хорошо владевший арабским, персидским, средневековым тюркским, турецким, русским языками, Шакерим был знаком не только со средневековой тюркской литературой, арабской, персидской классической поэзией, но и русской, а также (через русские переводы) – с западноевропейской литературой. Благотворное влияние Абая как старшего наставника на раннее его творчество, дальнейшие непрерывные самостоятельные поиски, отличное знание фольклора, истории и этнографии родного народа, поэтический талант определили рождение творений Шакерима, обогативших казахскую поэзию» дейді.

«Социалистік Қазақстан» газетінің 1988 жылғы 14 сәуірдегі санында данышпан ақынның жарқын есімі мен шығармаларын халқына қайта қауыштырған «Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөнінде» деп аталатын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының қаулысы жарық көрді. Онда да Абай мен Шәкәрімнің байланысы туралы ерекше аталды: «Шәкәрім ұстазы Абай секілді реалист ақын еді. Абайдың ұдайы ұстаздық өсиеттері Шәкәрімнің дүниеге көзқарасының қалыптасуына, поэтикалық шеберлігінің шыңдалуына өшпес әсер етті, жан-жүрегіне білімге деген құштарлық сезімін құйды».

Абайтанушы ғалым Асан Омаров «Егемен Қазақстан» газетінің 2009 жылғы 3 маусымындағы санында жариялаған «Абайдың тұңғыш жинағы қашан, қалай жарық көрген еді?» деген мақаласында Кәкітайдың әйелі Бибі әжейдің естелігінде жазылған ақпаратқа сүйеніп, 1905 жылдың маусым айында төрт кісі – Бибі, Тұрағұл, Шәкәрім, Кәкітай

болып Абайдың жылын беруге керек-жарақ алуға Семей қаласына барғанда, Абай өлеңдерін Мүрсейіт Бікеұлына бір ай ішінде көшіртіп жаздырып, осы қолжазбаны бастырып шығару үшін өздерімен ала барған дейді. Омбыда тұратын Әлихан Бөкейханов Семейде бұларды қарсы алған, сөйтіп бұлар Әлиханға Абай өлеңдерін қаратып алған. Сөйтіп тексеріліп, жүйеленген қолжазбаны елге қайта алып келіп, Мүрсейітке қайта көшіртіп, бір айдан кейін Кәкітай Омбыға Әлиханға қайтадан алып барған. Одан кейін Қазанға, одан соң Петербургке Кәкітай кітап қолжазбасын жеке алып барған. Өстіп жүргенде арада төрт жыл өтіп, тек 1909 жылға барып Абай кітабы Петербургте жарық көреді. Сондықтан Абайдың кітабын алғашқы шығарушы ретінде Кәкітай ғана аталып келген. Дегенмен Тұрағұл мен Шәкәрім Кәкітаймен бірге Абайдың тұңғыш жинағына енетін өлеңдерді 17 бөлікке топтастырып, жүйелеген, оған Әлихан Бөкейханов та қатысқан. Осылайша Шәкәрімнің Абайдың тұңғыш жинағын әзірлеуге және шығаруға белсене атсалысқаны дәлелденді.

Абай мен Шәкәрімнің арасы – даналық пен дарынның, аға мен інінің, ұстаз бен шәкірттің арасындағы терең сыр. Құрғақ дерек, жел әңгіме сол сырды толық тани ала ма? Абай туралы Шәкәрім талай тебірене жазған, өлең арнаған.

Абай мен Шәкәрімнің байланысы дәстүр жалғастығы, дәстүрдің жаңаруы аясында қаралуы тегіннен емес. Екі ақынның арасындағы байланыс, сабақтастық, үндестік адамзат қоғамына үлгі етіп көрсетерлік ұлт мәдениетіндегі, қазақ ғылымы мен танымындағы ренессанстық құбылыс деп санауға тиіспіз.

Абай мен Шәкәрім шығармаларының үндестігі сан қатпарлы. Екі ақынның дүниетанымы қазақ дүниетанымының екі биігі. Мәселен, қазақ дүниетанымында ақыл категориясына Шәкәрімдей ден қойып тоқталып, оның табиғатын ашқан ақын кемде-кем. Шәкәрімнің «Пайғамбар қыл ақылды» деуі ақыл ұғымын шырқау биікке көтеруінің белгісі. Оның шығармаларындағы таза ақыл, жанды ақыл, азат ақыл, анық ақыл, саяз ақыл, аз ақыл, сау ақыл, арлы ақыл, мас ақыл, шын ақыл, еркін ақыл, өз ақыл, мол ақыл, ақыл-айна, ақыл-нұр, жайлы ақыл, толық ақыл, терең ақыл деген тіркестер Шәкәрімнің ақыл категориясын терең түсіне білетінінің белгісі.

Ақылға қатысты Шәкәрімнің: «Бұл Абай – саудагер ғой ақыл сатқан, Өртүрлі асылы көп өтпей жатқан. Тегін білсең – аласың, бос береді, Тұтасымен ешкім жоқ мұны тапқан» деуі Абайдың ақылын мойындау, оны тану, білу, тереңіне үнілу қажеттігін нұсқауының белгісі. «Абайдың ақылын тегін тапсаң бос аласың» деуімен «Абайша ойлай білсең, Абай

дәстүрімен жүрсең, даналыққа құштар болсаң, сонда ғана Абайға жол табасың, сонда ғана Абайдың ақылын қабылдай аласың» деп тұр.

Шәкәрім ақыл туралы ойын Абай айтатын «өлшеусіз ұлы ақылмен» ұштастырып түйіндейді: «Аңғару, ойлау ерікті хайуанның бәрінде бар. Бірақ олардың да бірінен-бірі есті, бірінен-бірі шебер, оны теріп жазбасақ та әркімге белгілі. Адамның күйі сол хайуандардан есті болмаса да, толық терең ақыл адамнан шығады. Бірақ сол адам да табиғаттан шебер емес».

Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы үндестік жайлы мысалдар келтірсек, Абай: «Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек, Періште төменшіктеп қайғы жемек» десе, Шәкәрім: «Арсыз, арам, асығыс, айлакерлік, Мұның бәрі шайтанның досы болмақ» дейді. Арлылық пен рухани тазалықты сақтай білмегендерді Абай: «Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек» десе, Шәкәрім: «Құдай кешер, Алла деп күнә қылмақ, Ар кетіріп, ант ішіп, жан сатылмақ. Не жалғанда немесе ақиретте, Оңалмастай өкпеден бір атылмақ» дейді.

Абай поэзиясы қазақ ақындары үшін талант өлшемі іспеттес. Абайдың ақындық қайнарынан қана ішіп, көркемдік нәрін терең сіңіріп, еліктемеген ақын кемде-кем болар. Абай дәстүрін дамытып, қазақтың рухани әлемінде берік орнықтыруда жетістіктерге жеткен ақындар жетерлік. Ешкімге ұқсамайтын, өзіндік қолтанбасымен батыл еніп, терең де, кең толғаған бірегей шәкірттері де баршылық. Бірақ солардың ішінде Абайға ішкі мазмұндық қырымен ұқсағанымен, өлеңнің сыртқы түріне, құрылымына өзгерістерді дәл Шәкәрімше қомақты көлемде енгізгендер жоқ. Шәкәрім Абайдың ойларына ой қосып, ішкі рухын жаңғыртып қана қоймай, сыртқы өңін өзгертіп, өзінше түрлендірді. Абайдың сегіз аяқ үлгісінің құрылымын бұзбай, өзгеріссіз «Жастық», «Кәрілік» өлеңдерінде қолданды. Қоғамдық-әлеуметтік серпінімен Абайдың «Сегіз аяғы» өз мазмұны, тақырыбы және құрылымы жағынан жаңашыл көрініс болған болса, оны дамытуды Шәкәрім орындады. Абайдың «Бай секілді», «Оспанға» өлеңдерінің құрылымына Шәкәрімнің «Келді-кетті» өлеңі өте ұқсас.

Шәкәрімнің түршілдік шеберлігінің шыңы – «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» өлеңі, сонымен қатар «Достыңыз-зор», «Жаңа ойдан...», «Адамның еркі қайда» өлеңдері.

Өкініштісі сол – біз бүгінде Абайдың өзіне, оны қоршаған ортаға жүгіне алмаймыз, Абайға ойша ғана жүгінеміз. Шәкәрім өлеңдерінің Абай өлеңдеріне өте-мөте ұқсастығы жайында екі ауыз сөз айтар болсақ, Шәкәрім өлеңдерінде Абай өлеңдерімен құрылымы жағынан, идеясы жағынан, мағынасы жағынан ұқсастық өте көп. Кейбіреулер осы күнге

дейін Шәкәрім Абай өлеңдерін өзінше қайта құрап ақын болған дейді. Осыны талдап көрелік:

Абай: Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп.

Шәкәрім: Ешкімді алаламай қара деген, Бәрін де өз бауырым деп сана деген.

Абай: Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол.

Шәкәрім: Құмарлық деген бір ит бар, жаныңа жау шын ит бар.

Абай: Ел бұзылса құрады шайтан өрмек, Періште төменшіктеп қайғы жемек.

Шәкәрім: Арсыз, арам, асығыс, айлакерлік, Мұның бәрі шайтанның досы болмақ.

Абай: Әуелде аят, хадис сөздің басы.

Шәкәрім: Ақылыңа сынат деп дәлел айтқан, Құраннан табылады талай аят.

Абай: Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.

Шәкәрім: – Туған жан өлмек, – Тағдырға көнбек.

– Өмір үш ақ буын боп: Қуан, Суал, Көрге кір.

Абай: Анық ақыл байқаған қылығыңды.

Шәкәрім: Ақылға салып шыңдаса, Ашылды, міні, анық сыр.

Абай: Бір минуттың бір кісінің өміріне ұқсас.

Шәкәрім: Жыл деген минут боп, Өткенін қалдым барламай.

Абай: Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рахым біліп қой.

Шәкәрім: – Өмірдің өкінбейтін бар айласы, Ол айла – қиянатсыз ой тазасы. Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек, Таза жүрек, тату дос – сол шарасы.

– Ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық – әуес болар алты шарт.

– Дайын қылдым бәрін де, – Сақтық, Ұят, Рахым, Ар, Ынсап деген кәрің де.

Абай: Арсыз болмай атақ жоқ, Алдамшы болмай бақ қайда?!

Шәкәрім: Арсыздықпен не болар алған шені?

Абай: Издегені не болса, сол табылар.

Шәкәрім: Не издесең бәрі де бар сол сарайда.

Абай: Біреу астық алады, біреу маржан.

Шәкәрім: Біреу алтын алып жүр, біреу құрыш.

Абай: Сақалын сатқан кәріден, Еңбегін сатқан бала артық.

Шәкәрім: Арың сатпа, терің сат, адалды ізде.

Абай: Қалың елім, қазағым, қайран жұртым.

Шәкәрім: Қайран елім, қазағым, қалың жұртым.

Абай: – Түзетпек едім заманды, Өзімді тым-ақ зор тұтып.

Шәкәрім: Түзетпек едім адамды.

– Мінін айтып қазушы ем, Түзетпек болып елімді.

Абай: Ақсақал айтты, бай айтты, Кім болса, мейлі, сол айтты. Ақыл сенбей сенбеніз, Бір іске кез келсеңіз.

Шәкәрім: Өкең түгіл арғы атаң айтса дағы, Білімі жоқ наданның тілін алма.

Абай: Құр айғай бақырған құлаққа ән бе екен?

Шәкәрім: Бос айғай, Құр ойбай, Ән деме, ойла.

Міне, абайлап байқап қарағанда, Абай мен Шәкәрім шығармашылығында үндестік мол, ұқсастық та байқалады. Бірақ бір нәрсені біз есімізден шығармауға тиіспіз: Шәкәрімнің алдында ұдайы үлгі-өнеге көрсетіп тұрған жалғыз Абай ғана болғандықтан, ол кездегі жазба әдебиет пен әдебиет әлемінен ақпараттың жоқтығы, қазақтың ауыздан-ауызға тараған поэзиясы біркелкі, батырлық, ғашықтық және діни дастандардан болып, ілуде бірі ғана болмаса (мәселен Дулат ақын), олардың ішінде Шәкәрімді қанағаттандыралық, ілгері сүйерлік озық әдебиет болмағандығы Шәкәрімді бір ғана Абайға еліктеп, бір ғана Абайдан үйреніп, бір ғана Абайға жүгінуге мәжбүрлегенін түсінуге тиіспіз.

Шәкәрім өз өмірін екіге бөліп қараған. Соның бастапқы бөлігінде Абайды тану, Абайға еліктеу, Абайша жазуға бейімделген болуы мүмкін. Дегенмен ақындарда, философтарда ой ұқсастығы кездесе беретінін де атап кетуге тиіспіз. Тіпті, бір ақынның өлеңін оқып отырып сол ойдың жетегінде өлең жазылып кетеді. Сондай кезде ұқсастық болуы әбден мүмкін.

Сонда да Шәкәрім шығармашылығын тұтастай зерттеген адам оны Абайдың еліктеушісі ғана деп қалдыруға бара алмайды. Шәкәрім өмірінің соңғы жиырма-жиырма бес жылы нағыз шығармашылық өсу, өрлеу, сол кездің көзімен қарағанда тым биікке көтерілу, жаңаша даму деп таныр едік.

«Абайды пір тұтқан Шәкәрім жайында Абай неге жеріне жеткізіп айтып кетпеді» деген пенделік ойлар келсе, оған жауап: Шәкәрім «қырықтан соңғы жиғаным» деп өзі айтқандай, нағыз бабына келіп, даналық жағынан толысқан кездері Абай дүниеден өтті.

Шәкәрім еңбектерінің басым бөлігін Абай көрген жоқ, бағасын бере алмады. Шәкәрім Абайды ту етіп ұстады. Шәкәрім өзінің екінші ұстазы, ең ақылшы ұстазы, өмірдегі үлгісі Абай екенін, бірінші ұстазы – Құнанбай қажы, үшінші ұстазы Исмаил Гаспринский екенін Шежіре кітабында өз қолымен жазып кеткен.

«Ұлы атамыз Құнанбай қажыдан кейінгі ұстазым «әкеміздің бір шешесінен туған – Ибраһим мырза болатын, қазақ ішінде Абай деп атай-

ды. Сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік, һәм алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді. Ержеткен соң сол кісіден тәлім алып, әртүрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, аз ғана ғылымның сәулесін сездім. Ибраһим мырзаның тұрағы қазақ іші болғандықтан, қадірі азырақ білінді. Олай болмағанда данышпан, хакім, философ кісі еді. Қор елде туды да, қорлықпен өтті» деп өкінішін білдірді.

Бұл екеуінен кейінгі ұстазым деп Шәкәрім «Тәржіман» газетінің иесі Исмаил Гаспринскийді атаған: «...сол кісінің газетін оқып, бек көп пайдаландым».

Шәкәрім өзіне үлгі тұтып өскен ұлы Абайдан басқа да бастау-бұлақтары бар. Ол алдымен қазақтың ауыз әдебиеті. Екінші – шығыс әдебиетінің озықтарының шығармалары. Шәкәрім шығыс жұлдыздарының шығармаларынан молынан сусындаған, өйткені ол түрік, араб, парсы тілдерін жетік білген. Ол Хафиздың лирикалары мен Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын қазақша тәржімалаған. Үшіншісі – орыс әдебиеті. Орыстың ақындары мен жазушылары Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой шығармаларымен жете таныс болған, кейбірін қазақ тіліне аударған.

Шәкәрім Абайды танытуға ешбір аянбайтынын мынадан білуге болады, ол өлеңдерін көшіріп, таратушы Мүрсейіттің ұлы Рақымбайға: «Шырағым, Абай атаңның әкең көшірген өлеңдері болса, жоғалтып алма! Ол алтыннан қымбат деп біл!» деген. Осы сөзден кейін Рахымбай қолжазбаларды Мұхтар Әуезовке берген.

Абай өзінің артынан ерген ақын шәкірттерін керек жерінде сынап, түзетіп отырған. Мысалы 1933 жылы шыққан «Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ» атты кітапта жазылған:

Сөз айттым Әзірет Әлі, айдаһарсыз,

Мұнда жоқ алтын иек сарала қыз.

Кәрілікті жамандап өлім тілеп,

Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз, –

деген өлең жолдарындағы «Әзірет Әлі, айдаһар» деп отырғаны Көкбайдың қисса жазғыштығы болса, «Алтын иек сарала қыз» дегені Әріп ақынның «Зияда» деген қиссасында сұлу қызды суреттеймін деп, иегі алтын, көзі гауһар дегенін мезгегені. Соңғы екі ауыз кәрілікті жамандап айтты деген жері Шәкәрім өлеңдеріне арналған.

«Отыз жас шамасында бір айдай тілім байланып, сөйлей алмай қалдым. Осы кезде жеті жастан бастап жазған өлеңдерімді өртеп жібердім. Артынан Абай ұрысты, өзім де өкіндім» және «Абай қазақ шежіресін жаз деп, он тоғыз жасымнан қазақ шежіресін жинай бастадым. Абайдың ұқтыруымен және сол кісінің ел-елге жіберіп, хат жазып жинақтаған

мағлұматтары да сол шежіреде бар» деген сөздерді Шәкәрім өз қолымен жазып, қалдырып кеткен. Бұл сөздер Абайды пір тұтқанының, ерекше құрметтегенінің көрінісі.

Шәкәрім Абайға арнап неге аз ғана жазған, Абай балаларына, олардың қызық-қуанышына арнап неге өлең не қара сөз жазбаған? Абайдың көп үміт еткен ұлы Әбдірахман 1895 жылы қайтыс болғанда бір ауыз жанашыр өлең жазылмады ма деген де пенделік ойлар келуі мүмкін басымызға...

Оны бірнеше себептермен ақтап алуға болар еді: 1) Абай-Шәкәрім заманында біреулерді мадақтап, көлемді дүние жазу үрдісі болмаған, өйткені – сауатты, хат танитын адамдар аз болған. Оның үстіне баспа ісі жолға қойылмаған. 2) Адамдардың ұдайы араласуына да ауыл арасы алыс, бүгінгідей машинамен, ұшақпен жетіп бару жоқ, жолға шығуға үлкен дайындық, шығын керек болған. Бұл жазылған жұмысты ортаға алып талдауға, жөндеу үшін кеңес беруге мүмкіндікті азайтқан. Абай уақытындағыдай шәкірттер Абай төңірегіне жиналып, өлеңдерін оқып, пікір таластырып жату Абай кеткен соң тоқталып қалған. Әркім өз білгенінше жазып жүре берген. 3) бізге Шәкәрімнің барлық мұрасы толық жетпеген. Ол кез ауызша айтудың, арагидік қана қолмен жазудың кезі, оны да жинап, бір кәдеге асырармын деген ұқыптылық болмаған.

Сонда да Шәкәрім қысқа да болса нақ етіп өлең сөзбен де, қара сөзбен де Абай туралы өз пікірін білдірген жерлері жетерлік.

Хакім Абайдың жалғыздығын, сынарсыздығын Шәкәрім ерекше сезінген: «Кім жалғыз бұл жалғанда – есті жалғыз, Мұңдасар болмаған соң бір сыңары. Жалтақтап жалғыз Абай өткен жоқ па, Қазақтан табылды ма соның пары?!» деп жазған. Абайдың қадірін көптің білмей кеткендігі, ортасынан ерен биік тұлға болғандығы Шәкәрім шығармашылығының тұла бойында жиі кездеседі. Абай қайтыс болғанда Шәкәрім «Абай марқұм өткен соң өзім айтқан жырларым» деген ұзақ өлең жазған. Ол Абайдың «Есінде бар ма жас күнің» деген өлеңінің құрылымымен жазылған. Онда өмірдің мағынасыздығы, адамның жетем дегеніне жетуінің қияметі, ел мінезінің кемшіліктері, мұсылмандықтың қазаққа онша жұғысты еместігіне нала мен мұң бар. Бұл өлеңнен: «Адамзаттың бірін дос қылып, бірін жау қылып арпалысқандағы мақсат айламен билік жүргізуге бағытталған, тойынбаған нәпсінің әрекеті» деген ойды аңдаймыз. Өлең отыз екі шумақтан тұрады. Онда жиырма екі сұрақ бар және оның бәріне өз бетінше жауап бар. Ондағы: «Тиянақ көрме жалғанды, Қуа берме арманды. Пайғамбар мен сахаба, Сен түгіл содан қалғанды, Құтырмай енді тек отыр, Күнәна уайым жеп отыр. Алдында кірер үйің бар, «А, тоба, онда» деп отыр» деген жыр

шумақтары ақынның өзіне қаратып айтқан басу сөздері дерлік. Жиырма екі сұрақтың бірі «Нәпсіңді неге тыймайсың?». Мұның имандылық жолы емес екені – ақынның шешімді жауабы. Тағы бір жерінде ақылды алатын ағайын болмаса, адалдықты жол қылған елің болмаса «Жақыныңнан жау жақсы, Ең жақының – қара жер» деген ащы да өнегелі жыр сөздері әркімге де ой салары хақ. Өлеңде ақірет ақиқатын санамен тану, жүрекпен сезу, тәубаға келу арқылы таным мен сенім қатар келіп отырады. Бұл өлеңнен біз мұсылмандық философиясының ажалды естен шығармау, тәубаға келу имандылық жолға бастайды деген тұжырымын айқын танимыз. Бұл өлеңді қазақ поэзиясындағы реквиемдік жанрдың басы деп санауға болады.

Абайдың шәкірттеріне арналып Қайым Мұхамедханұлының құрастыруымен 1993-1997 жылдары бес кітап шықты. Оның бірі «Абай мұрагерлері» деп аталды. Оның ішінде Шәкәрім, Кәкітай, Тұрағұл, Көкбай және Абай мұрагерлері ретінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев және Жүсіпбек Аймауытовтар шығармалары бар.

«Абайдың ақын шәкірттері» деген төрт томдық кітаптың бірінші томына Абайдың ақын балалары Ақылбай, Мағауия және Тұрағұл кірген. Екінші кітап Кәкітай, Көкбай және Уәйіс ақын шығармаларына арналған. Үшінші кітапқа кірген ақындар: Әріп Тәңірбергенұлы, Әсет Найманбайұлы, Мұқа Әділханұлы және Әубәкір Ақылбайұлы болды. Төртінші кітапқа Абайдан тәрбие алып өскен, Абай мектебінің шәкірттері Тайыр Жомартбайұлы, Баймағамбет Айтқожаұлы, Иманбазар Қазанғапұлы және Әрхам Кәкітайұлы Ысқақовтар енді.

Шәкәрім және төрт томдыққа енген ақындардың бәрі де Абайдан алған үлгі-өнегелері бойынша көркем шығармалар жазған ақын шәкірттері және «Абай мектебінің ақындары» деген атақты абыроймен ақтаған адамдар. Бұлар Абайдың өз тәрбиесінде болған, оның өсиеттерін өз аузынан естіп, үлгісін өз көздерімен көріп тағлым алған, яғни ұлы ұстаз ақынның алдын көрген анық жақын шәкірттері.

Шәкәрімді зерттеуші ғалымдардың еңбектерімен тереңірек таныса келе, кей кезде айтылып қалып жүретін бір пікірді, яғни, Қайым Мұхамедханов соңғы төрт томдыққа Шәкәрімді де енгізе салуға болар еді ғой, мәселен «Абай мектебінің ақындарында» Шәкәріммен бірге жария көрген Кәкітай, Тұрағұл, Көкбайлар кейінгі төрт томдықта да бар ғой дегенді санамен барлай кетуді жөн санаймыз. Тереңдеп зерттеп қарағанда Шәкәрімнің бұл кітаптарға еңбеген бірнеше себебін танимыз. Соның ең біріншісі – Шәкәрім Абай шәкірттерінің ішіндегі ең көп жазғаны. Шәкәрімнің бірер еңбегімен оның шығармашылық қарымын көрсету

мүмкін емес. Екінші бір себеп: Шәкәрім еңбектері осы төрт томдық жария көрген кезге дейін бірнеше рет жеке кітап болып жарық көрген. Сондықтан Шәкәрімнің «Абайдың ақын шәкірттері» төрт томдығына еңбей қалғанынан астар іздеу орынсыз. Орынсыз болатын тағы бір себеп Қайым Мұхамедханов Шәкәрім шығармашылығының жеке өзіне арнап бірнеше рет қалам тартқан. Соның ең сүбелісі «Шаһкәрім» аталатын зерттеу еңбегі. Онда автор Шәкәрім өлеңдерін ерекше бағалайды, Шәкәрімді ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихындағы Абайдан кейінгі ең ірі ақынымыз дейді.

Абайдың өзін көрмей, сөзін оқу арқылы, естіп ұғыну арқылы, сол Абайдың өлеңдерінің үлгісінде әлеуметтік мәселеге, адамгершілік жайға арнап көптеп өлең жазған талай ақындар болған. Олардың Қазақстанның қай өлкесінде болса кездесетінін айтып, Мұхтар Әуезов былай дейді: «Бұл жағынан қарасақ, ХХ ғасырда Абайдың әсері көпке жайылып, кең өріс таба береді. Ақын мұрасының кейінгі қазақ әдебиетіне бұлайша қатынасуын оның жалпы қазақ әдебиет тарихына көрсеткен үлгі, әсері деп түсінеміз».

Шәкәрім абайтануда, сол кездің өзінде-ақ, бір нәрсеге оқырман көңілін нақты аударған, ол – Абайға бастайтын жол туралы. Ол «Жастарға» деген өлеңінде: «Тегін білсең, Абай ақылын бос береді» дегенде мәселені Абайша ойлай білуге жету, Абайша ойлау дәстүріне түсу, даналыққа құштар болу, сол арқылы Абайға жол іздеу. Шәкәрім бұл өлеңінде «Абайды тұтасымен ұққан ешкім жоқ» дейді, осының өзін Шәкәрімнің Абайды тереңдеп ұққаны деп қабылдауымыз керек. «Бұл елде түк ақыл жоқ жарасарлық, Рақым қып бір-біріне қарасарлық. Өз Абайын өздері ұнатпайды, Шын надан осылар ғой біз қашарлық» деп жастарға насихат етеді. Шәкәрім дана Абайдың тағдырын, оны көзінің тірісінде де, өлгеннен кейін де қабылдау қиын іс екенін түсінген, Абайды қабылдау үшін оның деңгейіне жанасу қажет екенін білген. Шынында Абайды танудың қиындығы бүгінге дейін бар, оның себебі Абайдың даралығында, дана адам тым ілгері кеткен сайын оны түсіну кейінгілерге қиындай түседі. Абайды күні бүгінге дейін қабылдай алмайтындардың бар екендігіне оның даралығы себеп. Осындай дананың өлеңдерін, сөздерін өзі тірі кезінен бастап, ойда сақтап, елге таратып жүрген шәкірттерінің ішінде Шәкәрім тұлғасы биік.

Шәкәрім бұл өлеңде Абайды насихат, үлгі ете отырып, өз сөзін де айтады. Мәселен қазақтың: «көппен көрген ұлы той» деген мақалын надандық дейді. Осы орайда тағы да алдымыздан «көпшіліктің бір аты – ит» деген Абай шығады. Үнемі көптің ыңғайына есе бергендер бұрынғыша күн кеше береді, жаңашылдық, жаңа жол болмайды. Ал Абай,

Шәкәрім заманындағы тұрмыс қараңғылықтың құрсауында болған. Шәкәрім сол құрсаудан босану керек дейді.

Абайдың да өзгеден алған нәрі бар болғаны сияқты, оның өзгелерге берген нәрі де бар. Сол нәр алдымен Абаймен күнделікті өмірде тікелей араласып, ақыл-кеңесін тыңдаған әрі ақын мұрасын таратуға атсалысқан шәкірттері. Шәкәрім солардың алдыңғы сапында екенін жоғарыда дәлелдеуге тырыстық. Бұлардан кейін шыққандарды Абайдың ақындық дәстүрін дамытушылар деп атауға тиіспіз. Олар мыңдап саналады және бүгінге дейін жалғасып келеді. Бұл қор ешқашан үзілмейді, қазақ барда қазақпен бірге жасай береді.

*Кім жалғыз бұл жалғанда – есті жалғыз,
Мұңдасар болмаған соң бір сыңары.
Жалтаңдап жалғыз Абай өткен жоқ па,
Қазақтан табылды ма соның пары?!
Өлеңімен жұбатты өзін-өзі,
Еңбегі еш, іші беріш, жүзі сары.
Сөзін ұғып, ақылын алмаған соң
Патша қойса не керек қазақ шары.
Не қылса да шыдады, білдірмеді,
Сол десеші сабырлы қазақ нары.*

*Жолама құлар маңайға,
Не қылмадық талайға
Кім жағады сендерге
Тартқызған азап Абайға?
Соның да тілін алмадың,
Сабадың, сөктің, қарғадың.
Көріне қашан кіргенше,
Арсылдап иттей қалмадың.
Сендерден белгі не қалар?
Жемтігін жеген жем қалар.
Ақылы дария Абайдан
Таусылмас қоры кен қалар.
Жақсыдан қазына пұл қалар,
Солмайтын жасыл гүл қалар.
Сендердей арсыз құлардан
Желге ұшатын күл қалар.*

АР ҒІЛІМІ

Шәкәрім өз шығармаларында «ар білімі» деген терминді қолданған. Ол «ар» сөзін «совесть» деп тәржімалаған. Ар дегеніміз не? Ол тек адамға ғана қатысты түсінік. Михаил Лермонтов: «Адам ісіне құдаймен бірге төреші бір нәрсе бар, ол – ар» деп айтқан. Абай аудармасында ол өлең былайша келтірілген:

*Менің сырым, жігіттер, емес оңай,
Ешкімнің ортағы жоқ, жүрсін былай!
Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім,
Қазысы оның – арым мен бір-ақ құдай.*

Философ Ғарифолла Есімнің айтуынша: «арлы адам, алдымен, құдайына қараған, құдай мақұлдамайтын іске бармайтын адам. Ар – әр адамның өз ісінің төрешісі». Ғ.Есім: «Құдай құратын «сотқа» дейін адам өзінің арының алдында жауап бермек» дейді. «Менандрдың: Әр адамның құдайы – өзінің ары» деген сөзі бар.

Біз «ар» сөзіне ғылыми тұрғыдан қандай анықтама беріледі? «Шәкәрім» энциклопедиясында А.Тоқсамбаева: Ар – адамгершілік сана, этика-философиялық категория. Адамгершілік (адамшылық, адамдық) қазақ халқында адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтық мағынасын білдіретін ұғым-өлшем болса, Ар оның шығу тегі, бұлақ бастауы. Арды адам бойындағы жақсы қасиеттердің өлшемі, адамгершілік санасы деуге негіз бар, – дейді.

Ар – адамдық сананың негізі деп: «ар түзер адамның адамдық санасын» деген өлең жолдарымен Шәкәрім де айтқан. Шәкәрімше айтқанда ар өзіне жақын, әлі ара жігі ашылып зерттелмеген ұят, ұждан ұғымдарымен бірлікте.

Шәкәрім «Ашу мен ынсап» атты өлеңінде «ар» сөзін бірнеше рет қайталанған:

*Бәріне де құлақ сал,
Рахым, ұят, ар қайда?*

Және:

*Көп наданнан жасқанып,
Сорлық елге бас ұрған.
Рахым, Ұят, Арының,
Бетін топырақ жасырған.*

Және де:

*Дайын қылдым бәрін де,
– Сақтық, Ұят, Рахым, Ар,
Ынсап деген кәрің де.*

Бұл өлеңде ар адам бойындағы ашу-ызаға қарсы, ынсапқа жақтас қасиет ретінде көрініс тапқан.

«Жастық туралы» деген өлеңінде:

*Қарамай ұят, арына,
Жанды қиып жарына, –*

дейді.

Шәкәрім өлеңдерінде, аудармаларында ар тазалығы, имандылық, адамгершілік мәселелерін жиі көтереді. Оның шығармаларында өзінің ішкі табиғатына, көзқарасына сәйкес келетін және сол идеясын жеткізуге лайық детальдар мен сюжеттік элементтер тапқанда ғана сол туындыны жазуға бой ұрады.

*Ар қайда? Рахым қайда? Әдеп қайда?
Быт-шыт боп неге жүрміз әрбір сайда?
Көз жұмып, көппен көрген ұлы той» деп,
Береді бұл надандық кімге пайда? –*

депті қазаққа Шәкәрім.

*«Ақылды сол – нысап пен ар сақтайды,
Арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды.
Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп,
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды».*

Және:

*«Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан,
Анық төмен болмай ма хайуаннан.
Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан», –*

деген шумақтар да Шәкәрімнің ар ғылымына дәлел боларлық өлең жолдары.

Шәкәрім ар түзейтін ғылым жағында. Ол «ар білімін» жақтайды. Соның аты озғанын қалайды. Ол «Таза ақыл», «ақ жүрек» дегені жай бір қысыр кеңес емес, адамгершілік философиясынан тарайды. Ізгілік, әділеттілік бар істе басты болуға керек. «Мылтық билеп тұрғанда, әділет жоқ» деген құнарлы пікірге келеді. «Жиырмасыншы ғасырдың адамынан, Анық таза бір елді көрмей өттім» дейтіні де сондықтан.

Шәкәрім өлеңдерін ұқыптап оқып қарағанымызда тек «ар» ұғымына қатысты тұстарының өзі өте мол екеніне көз жеткіземіз:

... Арам оймен ар сатып үзіп-жұлмақ.

*... Арсыз арам, асығыс айлакерлік,
Мұның бәрі шайтанның досы болмақ.*

*... Құдай кешер, Алла деп күнә қылмақ,
Ар кетіріп, ант ішіп, жан сатылмақ.*

*... Ынсап, ұят, ар, рақым, сабыр, сақтық,
Талапқа алты түрлі нөқта тақтық.
Алтауының ішінде ынсап әділ,
Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық.*

*... Ар демек – адамишылық намыс деген,
Арың кетпес жағыңа қарыс деген.*

*... Ар, нысаппен іс қылып, азап тартып,
Ақ жолында өледі бірталай жан.*

*... Ар, нысаптың пайдасын жан сезеді,
Өлген соң бәйге аларын біліп тұр жан.*

*... Арманым байлық, мансап, мақтан емес -
Ары зор, ата ұлы емес, адам ұлы.*

... Ақтан безген ары жоқ өңкей залым.

... Ардан күсіп, арамның біреуі бол.

... Арланбай арыңды да сатасың.

*... Қаны қызып құтырып,
Ар-абыройы ұмытылып.*

... Наданға арамдық ар ма?!

... Ар сатар шайға да болса.

... Ар түзер адамның адамдық санасын.

... Ақ жолдан айнымай, ар сақта оны біл.

*... Бәрі адамның бірдей ағарып,
Ары нәпсіні жеңсе тазарып.*

... Ар, иманнан айырды.

... Сөз, мінезі құбылса,
Ар-иманы жоқ деп біл.

... Өнер қылма, ар сатып, жалданбақты.

... Адаспайсың ақылды арлыға ерсең,
Жолай көрме жылмайы сопы көрсең.
Тапқыр, адал, ақ ниет адамдардың,
Алданбайсың артынан ере берсең.

... Арсыз, арам айланы тастасалық,
Адал іске талаппен бастасалық.

... Бұл елде адалдық бар ма,
Наданға арамдық ар ма?

... Арам ойлы ақыл деп, ардан күсіп.

... Ар қайда, ақыл қайда, намыс қайда.

... Арың сатпа, терің сат, адалды ізде.

... Арыңның өлең болсын айнасындай.

... Арын сатып, елді алдап.
... Арыңды сатып арамға,
Адалды қалай аласың?

... Адам үшін арымен ойламаған,
Жүксіз, ойсыз, жүктімен санаспайды.

... Ар билейтін заманда нәпсі өліп.

... Әл жеткеннің бәрін жеп,
Арды жұтқан жарай ма?

... Алла сүймек, ар сүймек,
Ұқтырар адамдықтың шын екенін.

... Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,
Зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес.

... Жайнар көңіл, қайнар өмір,
Ар білімі оқылса.

... Адамдық борыш ар үшін,
Барша адамзат қамы үшін,
Серт бергем еңбек етем деп,
Алдағы атар таң үшін.

... Адамдық борышың,
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта, оны біл.
Талаптан да білім мен өнер үйрен,
Білімсіз, өнерсіз,
Болады ақыл тұл.
Мақтанға салынба,
Мансаптың тағы үшін.
Нәпсіңе билетпе,
Басыңның бағы үшін.

... Ұрлықпен елге жағындым,
Әртүрлі атақ тағындым,
Ар кетіп, айла жамылдым.
... Арға ие басшының соңына ер,
Таң артынан хақиқат күн шығады.

... Ар жеңіп шығады, арамның қарасын.
Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп,
Таза ақыл қосылса, әлемнің таласын.

... Ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық
– әуес болар алты шарт.

... Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан.

*... Ар қайда, ақыл қайда, намыс қайда?
Өңкей итке жалындың, табыс қайда?*

*... Рахым, Ұят, Ар қайда?
Қаруыңды жиып ал,
Құр ашудан не пайда?*

*... Ар сатар шайға да болса,
Бір асым майға да болса.*

*... Әділет, мейірім, ар мен нысап,
Аты бар, олар елде жоқ.*

Міне, Шәкәрімнің мұрасын бір шолып шыққанда «ар» сөзіне қатысты қаншама өлең жолдары табылды.

Толстойды не үшін ұстаз тұтатынын айтқан «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» атты өлеңінде:

*Жанымен сүйді әділет, ардың жолын,
Сондықтан ол иесі терең ойдың, –*

деп ардың жолын таңдаған Толстойдың шәкіртімен деуден танбаймын деп келтіреді.

Ар ұғымының мәнін қарама-қарсы арсыздық ұғымын қолдану арқылы ашуға болады. Ар адам бойындағы алғашында бар нәрсе. Оны жетілдіріп өсіре түсу де, құртып, жоғалтып алу да адамның тағдырына қатысты болады. Адам бойындағы жақсы қасиеттер арға көлеңке түсірмеуге ұмтылады.

Шәкәрімнің пайымдауынша өмірдегі жақсылық та, жамандық та, жеке адамның бойындағы арлылық пен арсыздықтан, қасиет-кемшіліктерден бастау алады. Және кемшіліктің үлкен-кішісі болмайды, оның бәрі адамдықтан айрылуға, ардан аттауға бастар жол.

*Еріншектен салақтық,
Салақтықтан надандық,
Бірінен-бірі туады,
Жоғалар сөйтіп адамдық, –*

дейді ақын.

Шәкәрім «Үш анық» атты философиялық еңбегінде: «Бізше адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныш өмір сүруге мүмкіндік жоқ» деген.

Сонымен, ар дегеніміз не? Қазіргі заманғы адамгершілік туралы түсінікті этика деп атайды. Немесе, мораль. Осы екеуі адамгершілік де-

ген ұғымға сәйкес келеді. Бірақ Абайда да, Шәкәрімде де адамгершілік деген сөз жоқ, Абай оны адамшылық дейді, Шәкәрім – адамшылық, ар дейді. Адамшылыққа қатысты білімді Шәкәрім «ар білімі» дейді. «Ар білімі» деген тіркес, түсінік – Шәкәрімнің жаңалығы. Ғарифолла Есім айтады: «Ар білімі» ұғымының ауқымы кең. Ар білімі адамның адамшылығының кемелденген кезінде қалыптаса ма деймін. Менің түсінігімше ар ниет арқылы көрініс береді. Әдетте, адамдарды ақ ниетті, қара ниетті деп бөліп жатамыз. Қара ниетті адамда ар бола ма? Керісінше, арсыздық солардан шығады. Ақ ниетті адамдардың әр ісінде ізгілік жатады. Арлы адамдар – солар. Адамға бас иіп, құрмет білдіру де соларға тән. Ар білімі болса – арлылықты да, арсыздықты да зерттеуі керек» дейді.

Сонымен ар білімі деген – ар туралы біздің біліміміз. Яғни білуге тиісті, білуге міндетті нәрселер.

Ғарифолла Есім осыны айта келіп Шәкәрімнің «ар білімін» өзінше талдай келе оны «ар жүйесі» деп атайды. Оны төмендегіше негіздейді: «Адамзат жаратылғалы алдымен заттық табиғатқа ие болған, яғни басқы мақсат – ішіп, жеу, қарынды тойындыру. Мұны философ ғалым бірінші жүйе – тән жүйесі деген. Екінші болып жан жүйесі айтылады. Үшіншісі – адамның санасы. Төртінші – нәпсі жүйесі, ол тек ішіп-жеу емес, артына ұрпақ қалдыру ниеті. Бесінші – көңіл жүйесі, яғни көңіл азығын іздеу. Алтыншы жүйе – рух жүйесі, яғни адамның рухани мәдениеті. Жетінші жүйе – ар жүйесі, ол Жаратушыға барар соңғы баспалдақ».

Ғарифолла Есім ар жүйесі дегенді өз сөзімен былайша түсіндіреді: «Ар жүйесі дегенде адамшылық кеңістігі айтылады. Ар таза күйінде кездеспейді, оның көріну формалары: ұят, намыс, ұждан, ғашықтық, достық, кісілік, жомарттық, ізгілік, парасаттылық, даналық, талаптылық, т.б. Ар дегеніміз көңіл мен рухтың сапалық өлшемі немесе анықтаушысы деуге болады». Біз автордың бұл ойымен толық келісеміз. Орынды-ақ.

Бұл тұжырымдарды біз мақұлдаймыз және болашақта терең зерттеу, өмірге енгізу қажеттігін түсінеміз. Сөйте тұра адамгершілік пен арды зерттейтін түсінікті «ар ілімі» деп атауды ұсындық. Себебі не? Себебі біз ар ұғымы білім шеңберінен шығып, ғылым, таным, дін түсініктерімен астасып кететін ұғым деп танымыз. Сондықтан оны «ар ілімі» деп атауды лайық санаймыз.

Біздің түсінігімізше ардың оянуы үшін білімді болу аз, адам алдымен көргенді, тәрбиелі болуы керек. Таным-түсінігі мол адам арсыздыққа бармайды. Ардың оялулығы – арға нұқсан келетін істі болдырмайды. Ол үшін білім аз, көргенділік, көрегендік керек.

Ғылым көзі – іздену, ағартушылық. Ғылым – бүкіл елді сусындата алар шалқар көл, халықты байлыққа, бақытқа бөлер таусылмас кен, рухани дерттің бәрін аластайтын, елге қуат, күш беретін дәру. Білім алады ғылыммен ұштастыра игерсе, қазақ та тарих көшінде өзгелермен тең дәрежеде болашаққа бет алмақ, басқалармен басы теңеспек, бәсекелес бола алмақ.

Ілім дегенде біз діннің де ар ілімін қалыптастыруда өзіндік орны бар деп санаймыз. «Дін дегеніміз – ғылым мен білімнің анасы» деген Шәкәрім ақылман. Демек Шәкәрім дін мен ғылым-білімді біртұтас дүние, бірге дамуы тиіс ілім деп қарастырған.

Дін жолы – иман жолы, имандылық жолы. Дінсіз адамның арды аттауы, қиянатқа баруы оңай. Өйткені ол дінсіздіктің нәтижесінде құдайдан қорқу сезімінен ада. Шәкәрім мұның мағынасын терең түсінген ғұлама. Сондықтан да өз өлеңдерінде: «Қиянаты бардың иманы жоқ», – деп жазып кеткен.

Шәкәрім ілімі деп атауымыз осы дәлелдерге негізделген. Шәкәрімнің 1912 жылы «Айқап» газетінде жарияланған «Білімділерге бес сауал» деген еңбегінде ар іліміне қатысты, білім мен ғылым және дінге қатысты сауалнамасы бар. Бес сауал мынау:

1. Алланың адамды жаратқандағы мақсұты не?
2. Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?
3. Адамға өлген соң, мейлі не жөнмен болсын, рахат-бейнет (сауап-азап) бар ма?
4. Ең жақсы адам не қылған кісі?
5. Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бар ма, бұзылып бара жатыр ма?

Шәкәрімнің бес сауалы бір сәттік ойдан туа салған асығыс дүние емес. Бұл сауалдар отыз жылдан астам Шәкәрімнің ішкі дүниесіне төңкеріс жасап, ол оның жауабын ұдайы іздеумен болған. Әділғазы Қайырбеков «Шәкәрімтану мәселелері» атты көптомдықтың 6-томында «Шәкәрім һәм Сәбит» деген мақаласында Шәкәрімнің өзі өлетін жылы Сәбит Мұқановқа өзінің кітаптары мен қолжазбаларын таныстырумен қатар, өзін мазалап жүрген өзекті сауалдарды, көзқарастарын былай білдіргенін жазған: «Қырықтан аса бергенімде: Жан не? Дін не? Барша элем қалай жаралған, адамға жаратушы жағынан не өзінің ар, нысабы жағынан салынған міндет бар ма? Болса ол не? Адамда толық ерік бар ма? Жан адам өлген соң жоғалатын зат па? Адам бұл өмірде не ғылған жөн? – деген сияқты ылғи дене сезімімен сезілмей іш жаққа: әдетіне, дініне, нанғанына, құмарына бұрылмай ойлайтын ноктасыз – таза ақылмен ғана білетін істер туралы: дін ғалымы, ғылым ғалымы, ойшыл

философтардың бұл туралы жазған кітап, айтқан сөздерін өзімше сынға алып, дұрысын алып, терісін тастап шығарған қорытындыларым еді. Мен: пәлен пайғамбар, түген профессор айтты дегенге тоқтап қалмаймын. Өз ақылым қабыл алмағанды кім айтса да теріс көрем. Бірақ ақыл қабыл аларлық дәлел айтса ол кім болса да бас ұрам. Іздегенім тамам адам пайдасы болғандықтан, ақылым айтқан хақиқатты айтпай тұра алмаймын. Еріксізбін». Осылай дей келе Шәкәрім: «Жан сыры», «Жаралыс сырына» тірі күнімде не қарсы айтылған дәлелді сындарын, не білімді ойшылдардың қабыл алғанын біліп өлсем армансыз болар едім» дейді. Мұндай сауалдар білімділерге «Айқапта» қойылған сауалдардың басқа бір қыры десе боларлық.

Бұл сауалдары арқылы Шәкәрімнің ақыл-ойының кеңдігін көреміз, екіншіден, осы сауалдардан Шәкәрімнің дін, білім мен ғылымды біртұтас деп қарайтындығы айқын. Міне сондықтан Шәкәрімнің өзі айтқан «ар ғылымы», философ Ғарифолла Есім түзету енгізген «ар жүйесі» түсінігін мақұлдай келе оны «ар ілімі» деп атауды дұрыс деп санаймыз.

Бұл сауалдарға Ғарифолла Есім Шәкәрімнің 150 жылдық мерейтойы алдында шығарған «Данышпан Шәкәрім» атты кітабында алғаш рет жауап табуға тырысады, толғамдар жасайды, ой тарқатады, пікір жарыстырады. Жазған талдауларын жауап демейді, «сауалға ізденіс» дейді. «Байқап отырсақ, адам баласының жауапқа қанағаттанған кезі болмаған. Бәрі уақытша. Сұрақтың жауабы дәл сәтінде дәлелді болғанмен, күндер өте, заман оза келе сол дәлел дәлелсіздене бастап, адамның күдік сезімін оятып, жаңа жауап іздеу басталады» дейді. Демек бұл сауалдар мәңгілік сауалдар, олар ғасырлар бойы біздің алдымыздан шығып, жаңа-жаңа түсініктемелер беруді талап етіп тұрады.

Айгүл Ісімақова «Шәкәрім оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясында жасаған «Абайдың шәкірті – Шәкәрім Құдайбердиевтің «Ар білімі» атты баяндамасында: «Отаршылық саясаты үстем кезде Шәкәрім қажы иман сөздерін алға шығарып, өлеңдері, прозалық шығармалары, поэмалары, аудармалары арқылы іске асырған. Әр сөзімен өзінің дінін, ділін, иманын қорғайтын ойларды көркемдеп айтқан» дейді.

Шәкәрімнің «Алты әңгіме оқуға жайың бар ма...?» деген өлеңі өз аударма жасаған алты әңгімеге аңдатпа есебінде жазылған. Ол әңгімелердің үшеуі Лев Толстойдың «Асархидон-Лаэли», «Үш сауал» және «Крез патша», сонымен бірге «Шығыстың жүз әңгімесі» жинағынан алынған «Ұждан», «Қолшатыр бұйрығы», «Пан-Жи-Зан хан». Өлеңді Шәкәрім ғибраттық мақсатта жазған. Өлеңде ірі-ірі адамдық танымдар аталған: үміт, болашақ, адамзаттық, ар ілімі. Алты әңгіменің мәніне, не

айтылғанына үнілуді жасөспірім ғалымдардан өтініш еткен. Фибрат ал деп қана қоймай, «жаманнан жиреніп, жақсыға ұмтылуына» үндейді. «Орыс, қазақ – адамның бәрі бірдей, Ешкімді алалама оны білмей, Кемкетікке болысу – ар міндегі, Халқыңа пайда тигіз босқа жүрмей». Шәкәрімнің «Ар ілімі» концепциясының идеясы бұл шығармасында түпнегіз тірек ретінде көрініс тапқан.

Ғарифолла Есім: «арлылыққа қарама қайшы ұғым арсыздықтың екі түрін атайды, ол – пысықтық пен надандық. Шынында, пысықтық – икемділік, ол ұятты тиімді тұрмыс пен жайлы өмірге алмастыру ниетінен туындайды, ұятсыздық – арсыздық. Пысық адам әр ісінен пайда іздейді, өзіне тиімді жағын қуады. Сол үшін жанын жалдап, ар кешуге бар. Шын арсыздық пысықтыққа тырысушыдан туады. Ал енді, надандықтық арсыздық болатын себебі не? Надан адам надандығын жасыруға тырысады, сол үшін ұмтылады, біреуі ғылым жолына түседі, біреулері билікке ие болады. Сөйтіп өз болмысын жасырып, түрленіп отырады. Сол арқылы атақ-данққа, көпшілікке жағу, ұнау қабілетін иеленеді. Бірақ, надандық бәрібір күндердің күнінде байқалып, танылып қалады» деп академик-ғалым надандықты арсыздыққа балайды.

Заман шындығының тереңіне үңілген ақынның азаматтық шығармаларының негізгі ұсынар идеясы заманды түзеу болды. «Мен жетектеп өлемін, Өрге қарай қазақты» деп алдына мақсат қойған ол заманды түзеуді, ең алдымен адамды түзеуден бастау қажеттігін айтады. Замандастарының бойындағы түрлі кеселдер, кесір мінез, теріс қылықтар Шәкәрім сынының нысанасына айналды. Ақын өз өлеңдерімен солармен күреседі.

*Жүрегі таза адамдар,
Зұлымдықтан амандар,
Қиянатсыз надандар,
Әулиеден кем емес, –*

деген өлең жолдарын оқып, арлылықтың қарсы беті саналатын надандықтың өзі қиянатсыз болса, сол да жетерлік деген философиялық ой айтады.

«Насихат» деген өлеңінде ақын ғылымның пайдасын, адамзат қоғамының өркендетудегі орнын жоғары бағалай келіп, надан, залым, айлакер, арам ниетті адамдарға ғылым үйретсе, ол әрі пайдасыз, әрі қауіпті дегенді айтады. «Шын залымға берме ғылым, ол алар да жоқ қылар. Қаруым дер, кісі атып жер, ол ғылымды айла етер» дейді.

Шәкәрімнің «Әділ-Мария» атты романы қарапайым өмір шындығын суреттеу арқылы адамгершілік пен ар тазалығы, адалдық пен ынсап мәселелерін көтереді. Шәкәрімнің пайымдауынша, адамның әрбір іс-

әрекеті осы ұғымдарға бағынуы керек. Адамды түрлі сапалық топтарға бөлетін оның бай-кедейлігі емес, рухани байлығы, оның ішкі әлемі, жан дүниесінің жай-күйі болуға тиіс. Жалпы, адамгершілік мәселесі Шәкәрімнің бүкіл шығармашылық табиғатына тән тақырып деуге болады. Адамның рухани болмысы, ақыл мен талап, ар, ұждан, ынсап ұғымдары Шәкәрім шығармаларында бірінші кезекте көрініп тұрады.

Шәкәрімнің «Бәйшешек бақшасы» деп аталатын шағын миниатюралардан тұратын топтамасындағы бір шағын эссесінде жан мақсұты мен тән мақсұты туралы айтқан: «Адамда екі түрлі мақсұт бар, оның бірін тән мақсұты, екіншісін жан мақсұты дейміз. Қара басының қамын ойлап, өзімшілдік, мақтан көксейтін – тән мақсұты. Адамшылық ар мен адал еңбек іздейтін – жан мақсұты. Бастапқыны көкसेген адам зұлымдық қиянатпен болса да, мал, мансап, мақтан табуға құмар болады. Соңғыны көкसेген адамның адал еңбек, ақ ниеттен басқа басқа іздейтіні жоқ, ол адам баласын ала көруді, қиянат қылуды тіпті ұнатпайды».

Ойшыл ақынның «Үш анық» атты философиялық еңбегінде де осы «жан мақсұты» негіз етіп алынған.

«Үш анықтың» негізінде келіп ар ілімі қалыптасады. Ар ілімі – ол рухани тазару жолы.

«Үш анықта» ар ұғымы ұждан деген ұғыммен түсіндіріледі: «Адамдағы нысап, әділет, мейірім – үшеуін қосып айтқанда, мұсылманша ұждан деген ұғым туады» дейді. Сөйтесі де: «адамшылық арым соны істеуді ұнатады» деген «ұжданың солай қылғанды ұнатады» дегендік болып шығады» дейді. Демек ұждан мен ар тең түсінік. Шәкәрім ұждан, яғни ар туралы пікірін: «ұждан – жан тілегі» деп қорытындылайды. Осы философиялық трактатта Шәкәрім: «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз ынсап, әділет, мейірім» дейді.

Шәкәрім: «таза дене, толық мінез ой істерін керек қылады, соның қатты бір керегі – ұждан. Оны адам осы өмірі үшін ғана керек қылмайды, соңғы өмір үшін де керек қылады. Атым қалсын, мені жақсы көрсін, пәленше сондай таза деген үшін емес. ...Ұжданның жан тілегі екеніне нанған адам өмірде істеген қиянатына қатты өкініп, күйіп, істеген жақсылығына қуанып өлсе керек. Олай нанбай, ұжданды құр ғана көрініс үшін адамдыққа лайық деп ұғатын кісіге жақсылық пен қиянаттың көп айырмасы болмаса керек. Оған бүгінгі өмірдің айла-әдісін тапса болғаны. ...Ұждан – өмірге бірдей керек таяныш. Бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң-жол тазарта алмайды» дейді.

Шәкәрімнің ар ілімінің мақсаты ішкі тазалыққа жету арқылы хақты тануға жол ашу. Сондықтан Шәкәрімнің ілімі барлық адамзатты бақытқа жеткізуге бағытталған дейміз. Ол қазақ философиясының ойын ерекше белеске көтерген ойшыл.

Шәкәрім: «Құбылған әлем жарысы, Ақылды жанның табысы» дейді. «Ақылды жанның мүлкі – әлем» дейді тағы да. Соңғы бір жол сөз ерекше тоқталуға тұрарлық. Мұнда Шәкәрім: ақылды жан ғана әлемді мүлік ретінде тани алады, ондай жан дүниеге жақын тұратын басқа пенделер секілді әлемнің құбылмалы жарысында жұтылып кетпейді, – деп тұр. Әлемді мүлік ретінде санау үшін де қаншама ақыл-парасат керек.

Арлы адам дегенде халық арасында кімдерді айтады? Бойында ұят, қайрат, жігер, жауапкершілік, кісілік, намыс, талап, ерлік секілді асыл қасиеттері бар адамды айтады.

Шәкәрім қазақ қоғамын қалай құрудың тұжырымдамасын жасап кеткен адам. Оны алдымен адамның жан дүниесі таза, ары биік болумен байланыстырған.

Шәкәрім өз өмірі арқылы даналыққа жеткен тұлға екенін дәлелдеген дегдар жан. Даналық деп арлылыққа, ақыл мен сабырға, ізгілікке негізделген қарекетті айтамыз. Даналықтың арналары – ізгі ой, ізгі мінез-құлық және ізгі іс. Осы үшеуі де Шәкәрім бойынан табылған, оның тұлғасын биіктетіп тұрады.

Шәкәрім философиясы «Өзіңді таны, соның нәтижесінде адамды таны» деуге келеді. Шәкәрім зерттеулері бойынша адам болмысы үш бөліктен тұрады: тән, рух және жан. Тән табиғаттың негізгі элементтері топырақ, су, ауа, от және эфирден тұрады, ол – материалдық болмыс. Рухқа – сезім, ой-өріс, ақыл-ес, түйсік және әркімнің өзіндік «мені» жатады. Жан болса адам өмірін басқарушы, қуат көзі, тіршілік болмысы. Жан таным-білімге және рухани ләззатқа құштар. Жанның толығы тек рухани жолмен ғана жүзеге асады. Рухани жетілген адамның бүкіл болмысы кемелді келеді. Жан тәнді тек рух арқылы билейді. Адамның материалдық болмысын жан мен рух болмысы жеңіп тұрса, нағыз жетілген адам содан шығады.

Академик Ғарифолла Есім өзінің «Адам зат» деп аталатын кітабында адамды түсінуде өзгеше өлшемдер қолданады: «Менің түсінігімше адам болмысында мынадай алты жүйе бар, олар: тән жүйесі, жан жүйесі, нәпсі жүйесі, ақыл жүйесі, көңіл жүйесі, рух жүйесі».

Шәкәрім ғылыми-талдамалық еңбектер де жазған. «Үш анық» атты еңбегінде өз дәуірінде ғылымға таралған, жаратқан ие жоқ, барлықтың өздігінен жаралып жатқан деген өз көзқарасының төрт дәлелін келті-

реді: Сондағы «қайта айналыс жолы» деген бірінші дәлелі атомға арналған. Сонда: «Барлық нәрсенің түп себебі бұрыннан бар қуатты дене (сила вещества) атом. Әр планета, Жер, Күн, Ай болсын басында газ, түтін, жалын сияқты болып көп заманнан соң салқындап қатты дене болып, осы бір қалыбында қалмайды» дейді. Шәкәрімнің философиялық лирикасында да айдың жарық шығармайтын аспан денесі екендігін айтатын ғылыми тұжырым бар: «Кісі бағын деме бағым, өз дененді нұрлы қыл. Ай сықылды болма жарық, қарыз алып күн нұрын. Күн сықылды көпке білдір, шықты ма күн, батты ма ай, Ай сықылды айтып отыр, қанша ғұмыр өткенін».

Шәкәрімнің тек айға қатысты өлең сөздерін санамалап көрсек, оның біз байқағандарының өзі бірталай: «Өтірікпен өткізіп күнін, айын, Демейді жамандықпен жолығайын», «Ай өлген соң күн шықты, Мен жеңемін оны деп», «Нұрыңнан нұр алып, Аспанда жарық ай. Келеді қозғалып, Жақындап бер қарай», «Жар нұрымен көңілді аш, Күн менен ай, шамнан без», «Ай нұры да азаяр, Айнала шеті толған соң. Ақ жүзіңнен нұр таяр, Арманда болып оңған соң», «Күн батып жоғалды, Нұрыңнан ұялып. Жұлдыз бен ай қалды, Сәулеңнен нәр алып», «Көмескі сәуле берер ай мен жұлдыз, Жүрісі шатаспайды, шаршамайды».

Мұрат Әуезов сопылықтың төрт сатысы болатынын айтады және әр сатыны былайша түсіндіреді: бірінші саты – шарифат, ол – күнделікті тұрмыс, екінші саты – тариқат, яғни таным-білім жолындағы ұмтылыс, үшінші саты – мағрифат, ол – жетілу, төртінші саты – ақиқат, ол, атының өзі айтып тұрғандай – ақиқатқа жету. Қожа Ахмед Иассауидің өзі осы төрт сатының екіншісінде жүрмін деген. Ол дегеніміз ұлы ұстаздың таным-білім жолындағы еңбегін ғана айтып, ақиқатқа жетпек түгілі, жетілудің биік шыңына да шыға алмадым дегені. Шәкәрім де жетілудің биік шыңына жетсем деген, сол үшін көп оқыған, таным мен ғылымға асық болған.

Ақиқат. «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді. ...Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім». Расында, ақиқатты тану оңай емес. Шәкәрім ақиқатты тану жолындағы ең негізгі категорияларды – ақыл мен ұжданды бөліп алып талдайды. Өтірік ақиқаттан алыстатса, шындық ақиқатқа жақындатады. Ақылы мен ұжданы үйлесім тапқан адам өтірік айтпайды, ондай адам адасса білместіктен адасады. «Хақиқат жерде қалмайды, Жалғанға сатпас шыныңды» дегенде философ ақын ақиқатты ұстанған адам шындық жолын ештеңеге айырбастамайды дейді.

Ақыл адамның негізгі сипаты, маңызды қасиеті. «Ойқұмарлықтың өзі ақыл емес, ол оның шолғыншысы» дейді Шәкәрім. Ақылға қатысты қа-

зақта мынадай ұғымдар айтылады: ақыл, парасат, зейін, даналық, зерде, зеректік, пайым. Шәкәрім: «Ақылдан ойға сыр тарап, Үміттің шамы жанған күн. Жар есіркеп бер қарап, Нұрына жүрек қанған күн» дейді. «Үш анықтағы»: «...барша адам шамасына қарай, қайбірі өзі үшін, қайбірі табы үшін, қай бірі барша адам үшін жақсылық бақ іздейді. Ақыл қарауында адам толығы барша адамға бақ іздеген болады» деген сөздерден ақыл қарауындағы адам толық адам саналады деп түсінеміз. Осы еңбекте тіршілік туралы, жанның мәңгілігі немесе өлген соң тірілетін жан жоқ деген екі жолды кең талдауға барарда, сау ақыл ұғымын да қолданған: «Менің ойымша, осы екі жолдың қайсысы анық екенін табу ақылы сау адамға қатты міндет. Неге десең адамды түпкілікті бақытқа жеткізбек болсақ, біліп жаратушы ие бар, өлген соң да бір түрлі өмір бар деген жолдың шын-өтірігін білуіміз керек. Егер шын болса, соның да қамын ойлап, адамдарды түпкілікті бақытқа жеткізу үшін, егер өтірік болса, оған әуреленбей жалғыз ғана осы дүние қамын қылу үшін, олай болса бұл екеуін қалай тексереміз. Оны тексерушінің әртүрлі діндер жайынан әрбір білімділердің сол туралы айтқандарынан хабары болу керек. Және қатты керек бір шарты – өзінің тұтқан діні, оқыған-ұғынғаны, қалыптанған әдеті, құмар ісі бәлендей жақсы кісі айтты деп нанып қалған сөзіне біржола байланып қалмай, ақылын әбден шын босатып сол екі жолдағылардың жазған кітап, айтқан сөз, қылған істері хәм оларға қарсы айтқан сөздердің бәрін ноктасыз, науқасыз сау ақылмен сынау керек. ...Бұл екі жолдың түбі қайдан шыққанын тексерсе, адамдардың біз хәм әлемдегі барша нәрселердің қайдан бар болғанын, мұны кім жаратқан деген ойынан шыққан. Неге десең, адамның ақылы оны ойламай тұра алмайды және адам жаңа бір нәрсені көрсе мұны кім жасаған, бұл неге керек демей қоймайды? Сондықтан жаратушыны іздеп әркім әртүрлі ой жүргізген». Байқап тұрсақ сау ақыл ноктасыз және науқасыз болуы тиіс екен. Сау ақыл ғана үнемі қозғалыста, ізденісте болады делінеді. Шығарманың қорытындысында: «Барлықтың түп себебі жаратушының білім, құдірет шеберлігінде өлшеу жоқ» деп түйінделеді.

Шәкәрімнің Америка тарихынан, ғылымынан, әдебиетінен хабары болған. Ол «Үш анық» еңбегінде және Сәбит Мұқановқа жазған хаттарынан айқын көрінеді. Оның біріншісінде Америкадағы спиритизм жайында айтылса, екіншісінде «Американың Бичер Стоу деген әйелі жазған құлдар тұрмысы жайынан «Том ағайдың балағаны» дегенін қазақшаға аударғаным бар шығар» дегенінен анық көрініп тұр. Сонымен бірге Шәкәрімнің «Ана жыл әскер шығып, оңнан-солдан...» деген өлеңі тұтастай Америкада болған бір оқиғаға арналған. Бұл өлеңнің негізгі идеясы да Шәкәрімнің барлық шығармаларындағыдай адамшылық атты

биік қасиетке арналған. Сол өлеңдегі Уолдер Бендет деген кейіпкердің атынан Шәкәрім мынадай ой айтады: «Ешкімді алаламай қара деген, Бәрін де өз бауырым деп сана деген», бұдан ұлы Абайдың: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген философиясын танимыз. Уолдер Бендеттің кеме суға ғарық болған кезде, ең соңында құтқарушы қайыққа сыймай қалған әйелге өзінің құтқарушы белдігін шешіп беріп, өзінің суға кетуі – біреудің өмірі үшін өз өмірін сыйлау көрінісі өлеңді оқу үстінде ойландырып, таңдандырып қана қоймайды, сол арқылы дүние, байлық үшін қиянатқа барудың қажетсіздігі, әлемде болып жатқан мемлекеттераралық түрлі талас-тартыстар, отаршылдық, күштінің әлсізге жасайтын әлімжеттігі, адамшылыққа қарсы зұлымдық әрекеттердің ешбір опа бермейтіні танылады. Адамшылық жолында бұл кейіпкерден әрбір адам үлгі алса, әркім өз бойында жақсылыққа бастар қасиеттерді қалыптастыруға тырысса, жер бетіндегі адамзат баласы бір-біріне қысылғанда көмекке келуге әзір тұрса, мейірім мен шапағат нұры жайласа, сонда зұлымдық атаулы ауыздықталып, қиянатсыздық, адамсүйгіштік әрекеттер көбейсе, адамзат баласы сол арқылы ортақ бақытқа қол жеткізер еді деп армандайды.

Шәкәрімнің өз өлеңдерінде кейіпкерінің нәсіліне, ұлты мен ұлысына қарамай, барша адам – адамзат баласы, олардың бәрі тең, бәрін бірдей көруге тиіспіз деген тың идеология ұсынады. Біз Шәкәрімді оқып, танып-білген сайын оның бір ұлттың немесе бір мемлекеттің деңгейінде қалып қоймай, бүкіл адамзат баласының мұң-мұқтажын ортақ мәселе ретінде қарастыратынын терең түсінеміз. Оны замандастары кезінде-ақ аңғарған. Сұлтанмахмұт бір өлеңінде бұл қазақ басқалардан өзгеше, оның мақсұты биік, алыс, ол қазақты жекелеп, бөліп айтпай, бүкіл адамзат мұнын қоса айтады дейді.

Шәкәрім «Аурусыз жанға айла жоқ...» деген өлеңінде: «Аурусыз жан-дар – мисыздар, Мисызда ауру бола ма?» дей келе «Милыда ойсыз күн болмас, Ауырмай миы тұра ма» деп түйіндейді. Бұдан «ауру» ұғымын Шәкәрім «ой» ұғымы ретінде пайдаланғанын түсінуге болады. Демек, «аурусыз жан – ойсыз жан». Жалпы, тұспалдап айту Шәкәрімде өте жиі кездеседі: арақ – ақыл, мастық – ой, жар – хақиқат, жан – нәпсі болып кете береді.

Шәкәрім өлеңдерінде жиі кездесетін сөздерінің бір парасын алып қарағанның өзінде ар ілімі деген бір ұғымның қауызына сияр жүздеген сөзді табуға болады: жан, тән, көңіл, рух, ар, ұят, ұждан, ақыл, ой, сана, сезім, түйсік, парыз, борыш, намыс, жігер, қайрат, ынсап, қанағат, парасат, ындын, нәпсі, қайырым, рахым, мейірім, залым, әділ, зұлым, адал, алал, халал, абырой, сабыр, талап, арам, харам, өтірік, шын, дос, қас, тату, араз, жақын, дұшпан, іс-әрекет, еңбек.

Даналық

Адам – құпия. Ол құпияны шешу керек, егер оны өмір бойы шешер болсаң, онда уақытым кетті деп айтпа; мен осы құпиямен айналысып келем, өйткені мен адам болғым келеді.

Ф.М.Достоевский.

Шәкәрім шығармалары арқылы өз өмірін де қорытындылап, өмірбаяндық деректерін топтап жазып кеткен. Оның 1930 жылы «Жетпіс екі жасымда» атты әңгімесі жарық көрген, сонымен бірге ақынның 2008 жылы жарық көрген екі томдық шығармалар жинағында «Мұтылғанның өмірі» атты өмірбаяндық поэмасын атауға тиіспіз. Одан алдын «Шын бақыттың айнасы» атты шығармасы болды.

«Жетпіс екі жасымда» әңгімесінде жас кезіндегі кезеңдерге азғана шегініс жасағаны болмаса, онша көп тоқталмайды, өйткені оны «Шын бақыттың айнасында» кеңінен баяндаған еді. Оның барлық басқа бөлігінде Шәкәрімнің өмірінің соңғы жылдары туралы айтылады: «Міне, жетпістен астым, ойым тозбағанмен, денем тозды. Тозған денем ойыма орын болудан қалып барады. Мен оған қарамай, әлі де келген ойларды жаза бермекпін».

Шәкәрімнің өмірбаяндық шығармаларын тұтастырып тұрған бір нәрсе бар. Ол – баяндау мәнерінің бірлігі. Қай шығармасында болмасын, Шәкәрім өзі өткен өмір өткелдерінен хабардар ете отырып, өзінің алдына, оқырманының алдына сұрақтар қойып отырады. Мәселен, адамның шын бақыты не? Сөйтеді де өз сұрағына өз пікірін айтады: «шын бақ ...ата-анадағы шын махаббат пен балалардағы шын таза жүрек еді. ...барша адам баласын өз балаң, өз бауырыңдай көріп, махаббат, ғадалат қылсаң, шын бақыт сол еді». Шәкәрімнің бұл сөздері көп жылдан бері ойланып-толғанып, ізденіп, өзімен өзі келісіп я келіспей, бір қорытындыға келген түйінді сөзі. Шәкәрімше: «Анық бақ деп айтарлық үш нәрсе бар: «Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек». Шәкәрім сұрақтарының бәрі жай ғана сауалдар емес, қазақты адам етсем деген ниеттен туған тұжырымдамалық сұрақтар: «Адам өмірін қайткенде түзеуге болады? Адам қайткенде тату тұра алады?». Және де бұл сұрақтарға былайша жауап береді: «Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ» дейді. Адамның жақсы қасиеттеріне қарсы, зиянды әрекеттердің бәрін тізбелей келе Шәкәрім: «Бірақ осы айтылғандарға қарсы, жол-

дан қосылған, адамның бойында біржола сіңісіп, біте қайнасып қалған күшті, зиянды жау нәрселер, әдеттер бар. Олар: нәпсі, өзімшілдік, мақтан. Бұлардан ұшы-қиыры жоқ жаман әдеттер туа бермек. Мысалы, зорлық, алдау, мансапқорлық, малқұмарлық, рақымсыздық, мейірімсіздік, қанішерлік, тағы тағылар. Бұлай болғанда осы жаман әдеттерден құтылудың айнасын іздеу керек. ...Ол үшін барлық адамды адал еңбек ететін жолға салу керек. ...Оларға еңбек өнерін үйрету керек, онымен қабат оқу-білімге жетілдіру қажет. ...Жаман әдеттерді жоюға бұлар жеткіліксіз болғандықтан, сол адал еңбек, білім үйренумен қабат, «ар білімі» деген білім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу керек. Адам бойындағы нәпсі кеселі кетсе, өзгерісі оңай...» дейді.

Ақынның «Мұтылғанның өмірі» поэмасын шәкәрімтанушы ғалым Тұрдықұл Шаңбай «Шәкәрім» энциклопедиясында «поэма-тәубе» деп атайды. «Мұтылғанның өмірі» поэма-тәубеде өзін-өзі бағалау тізбегіне ерекше орын берілген: «...Бейне алдамшы сопымын; Мақтанқұмар мен бір мас; Мен сорлыға...; Мансапқа мінген мен бір мас; Жуаннан туған ірімін, көп наданның бірімін; Ғылымсыз өткен мен бір ез; ...Жаздым қазақ айнасын, Мінез түзеу айнасын, Ел көрсін деп пайдасын; ...Қазаққа қалай қарадым, Қандайлық мінін санадым, Қанша жыртық жамадым, Біледі оқып қараған; ...Қазақта мендей ұл туса, Осындай түзу жол қуса, Хақиқат іздеп бел буса, Ол да бір жақсы ырымды». Шәкәрім өткенін бағалай келіп, өз «Менінің» өзіндік интерпретациясын ұсынады. Ақын-ойшыл өз өткеніне қатал, тәубесіне келіп сөйлейді. ...Шәкәрім өзінің өткеніне тарихи қалыптасу жолын, өмірмен өзінің қаншалықты үйлесімділігін тану үшін зер салады. Ақын өмірбаянының шығармашылығы көркемдік берілісі ерекше құбылыс, ол тек аталған автобиографиялық әңгімелер мен поэмада ғана емес, лирикалық шығармаларында да көрініс тапқан: «Жас өтті тынымсыз», «Мен бір тілсіз көлікпін», «Жасымнан жетік білдім түрік тілін», «Өзіме», «Шаранамен туып едің», «Насихат», «Ажалсыз әскер», «Жапанда жалғыз жаттым елден безіп», «Келді-кетті...», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Мен кетемін келеді...», т.б. деп Шәкәрімнің өзін-өзі іздеуі, тұлға ретінде анықтауы автобиографиялық жанрдың табиғатына тән үрдіс екенін айтады.

«Кейінгілер сөзімді оқыр. Бірі ұнатар, бірі сынап күлер. Сонда менің зарланумен өткенімді түсінер. Дүниенің рахатына сенім жоқ екенін түсінгелі басымды тауға да, тасқа да ұрып, ғаделет іздеп алқынғанымды білер. Қайран қу дүние, барлық арманым жеткізбесінді білгем. Өттең! Тағы да өттең! Абай ағам секілденіп «қолымды кеш сермеппін». Ырду-

дырдумен, ел ішінің ұсақ-түйегімен, ата жолы деп билікке араласып, алтын уақытымды босқа өткеріппін. Енді амал нешік. Менен кейінгілер қаулап өсіп келе жатқаны ғана көңілге медет. Мен жетпегенге солар жетеді деп үміттенем. Уақытым тарлығынан кейінгі жылдары ойыма келгеннің бәрін, нақ сол сәттегі көңіл-күймен қағаз бетіне түсіре бердім. Оным ала да, құла да шыққан болар. Менің бүгінгі жеткенім осы болды. Ақтығыма, қазағыма адалдығыма, оған жарқын күндер тілегеніме сеніңдер халқым» деп өкінішін де, күйінішін де, үмітін де ақтарыла айтады дана Шәкәрім.

Ол «Мен жетпіс екі жасқа келгенде» деп аталатын шығармасында былай деп жазды: «...Тәрбиемен түзеуге болады десе, менің ержеткен төрт ұлым болды. Бәрі бір әкеден, бір шешеден туған, өскен жері, ішкен тамағы, өскен ортасы, алған тәрбиесі бір. Бірақ біреуі шыдамды, біреуі шыдамсыз, біреуі еңбекке құмар, біреуі жалқау, біреуі мейірімді, біреуі катал, біреуі ашуланшақ» деп өзіне «Неге бұлай?» деп сауал қояды да, жауап іздейді: «Бізше адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Бұл дүниеде үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ. ...Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады. Ал, арлы, ақылды адам қиянатты, зорлықты, өзімшілдікті, мақтанды білмейді және істемейді. ...Осы ұғымдарға қарсы тұратын зиянды, жау нәрселер, әдеттер нәпсі, өзімшілдік, мақтан. Бұлардан ұшы-қиыры жоқ жаман әдеттер туа бермек. Мысалы, зорлық, алдау, мансапқорлық, малқұмарлық, рахымсыздық, мейірімсіздік, қанішерлік. ...Бұлардан құтылу үшін ең алдымен барлық адамды адал еңбек ететін жолға салу керек. Ол үшін көптің қалауымен әкімшілік басына арлы, ақылды адамдарды қойып, сол адамдардың бұйрығы, ақылы бойынша туған, туашақ адамдарды, жастарды қазына қарауына алуға заң шығаруға керек те, ол заңды бұзғандарды жазалау керек. Оларға еңбек өнерін үйрету керек, онымен қабат оқу-білімге жетілдіру қажет. ...Жоғарыда айтылған жаман әдеттерді жоюға бұлар жеткіліксіз болғандықтан, сол адал еңбек, білім үйренумен қабат «ар білімі» деген білім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу керек. Адам бойындағы нәпсі кеселі кетсе, өзгерісі оңай...

«Арғы атам – Адам ата, хақ пайғамбар» деп жазсам да менің басқа діндерді де зерттеп жүргенімді көргендер мені құдайсыздар қатарына жатқызудан да тайынар емес. О, тоба, бұл қазаққа не дерсің!» – деп өзін діншілерге де, дінсіздерге де тели кететіндерге наласын айтады.

Қ.Әбішев пен Р.Ысқақова Қазақ Ұлттық Энциклопедиясының 1-томында: «Абай, Шәкәрім және ислам теологы Әбу Мухаммед әл-Ғазали

тәрізді даналардың айтуынша, Адам болмысы үш бөліктен құралады: тән, нәзік болмыс және жан. Тән – табиғаттың негізгі бес элементінен: топырақтан, судан, ауадан, оттан және эфирден тұрады. Тәннің құрылысын, оның жұмысын, өзгеру заңдылықтарын медицинаға байланысты ғылым салалары зерттейді. Адамның нәзік болмысына – сезім, ой-өріс, ақыл-ес, түйсік және «мен» деген түсінік жатады. Бұлардың табиғатын ұғыну өте қиын. Нәзік болмыс табиғи және әлеуметтік ортаға байланысты қалыптасады. Оны психология, парапсихология, спиритизм, магия, бақсылық, йога тәрізді адам психикасын зерттейтін ғылымдар мен оккульттік ағымдар қарастырады. Нәзік болмыстың бес түрлі атаулары бар: арабша – хауас сәлим, қазақша – рух, санскритте – аура, орысша – дух, латынша – спирт, ғылымда психо-энергетикалық жүйе, т.с.с. Жан – адам өмірін басқарушы, қуат көзі, тіршілік болмысы болып табылады. Тән мен материалдық болмыс оның уақытша киген киімі тәрізді. Олар ауысып отырады. Жан білімге және рухани ләззатқа құштар болғандықтан, ол бұл қасиеттердің қайнар көзін қоршаған ортаның материалдық болмысынан іздейді. ...Шығыс философиясы бойынша адамның жетілуі дегеніміз жанның материалдық құрсаудан босану барысы. ...Жанның толығы тек рухани жолмен ғана іске асады. Оның қасиеттері жетілу барысында білінеді. Рухани жетілген адамның бүкіл болмысы кемелді келеді. Ғұламалар тәнді жан билеу керек екенін айтады. Жан тәнді нәзік болмыс арқылы билейді».

Шәкәрімнің шығармаларын үніле оқу нәтижесінде оның даналығын, тереңдігін сезінбеу мүмкін емес. Төмендегі Шәкәрім шығармаларынан теріліп алынған сөздері ойлары мұны дәлелдеп тұр.

...Мен жетпіс екі жасқа келгенше өмірде болатын неше алуан қилы оқиғаларға, түрлі жамандық, жақсылыққа кездесіп, солардың көпшілігін, керекті-керексіздерін өзім де істеп, басымнан өткізгендерім көп. «Алдында өнегелі көрерің болсын» дегендей, алдымда Абай болған соң, содан ғибрат алып, мен де адамдықтың, адалдықтың жолын қуғаным жөн деп, басымды шытырман шатақтан ерте босатып алып, білім жолына түстім. Негізгі алған білімім болмаса да, өз бетіммен ізденіп, өзге жазушы ғалымдардың жазғандарын оқып, ойларымен танысып, білгендерден сұрап, өз ойымнан құрап, түрлі әңгімелер жазып, барлық өмірімді жазумен өткіздім. Елу жасқа тақаған соң, онашада жатып, басқа келген ойлардың бәрін қағазға түсіріп кеттім. Мен солардың бәрін өз мақтаным үшін жазғаным жоқ, мақтан үшін жазылған, айтылған сөздің құны болмайтынын жақсы білемін. Кейінгілер үлгі алып, өнеге үйренсін дедім»

деп шығармашылығының басты мақсаты «еліне үлгі боларлық» сөз айту деп түсіндіреді.

*...Арам ақыл үйрендік айла, амалдық,
Құлық пен өтірікті сайлап алдық,
Ынсап, рақым, ұяттан жүген ұстап,
Өзіміз ең түбінде қайда бардық.
Елірдік, ерегестік, елді жардық,
Байлаусыз пайдасы жоқ іс шығардық.
Бүгін дос, таң атса қас бола қалып,
Бұлт еттік, мен болдым деп ат аралық.
...Ортамыздан от жағып, өрт шығардық,
Көре тұра құтырып, күйіп-жандық.
«Кел, жастар, бір түрлі бір жол табалық».*

...Таразыда екі бас қана болады, үш бас, төрт бас болмайды. Адамның өмір сүру қағидалары да таразының екі басы сияқты ұғымға тәуелді, мысалы, жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық, ақ пен қара, от пен су, т.с.с. Бұлардың арасындағы күрес ешуақытта бітпек емес. Кейде бұл екеуі жымдасып, сыбайласып, бітісіп кетуі мүмкін.

Жаратушы Алла барлық дүниені жаратқанда адам баласын басқалардан ерекше етіп жаратыпты, ол ерекшелік – адам баласы ғана өзінің жасаған әрбір әрекетіне жауап бере алады екен. Алла адамға ғана басқалардан өзгеше етіп сондай ой-сана, ақыл-ес, ерік-жігер беріпті.

Адамның екі иығында отыратын әділетті жақтаушы қарауыл періште мен азғырушы эзәзіл періште екеуі ұдайы тайталаста болады, бірін-бірі жеңгенде ғана адамның қайда баратыны, жұмаққа ма, тамұққа ма, шешіледі деуші еді. Қазір сол екі періштенің біріншісі азайып, адамдардың көбінің екі иінінде екі эзәзіл отыр ма дерсің... Адамдар өзінің жақсы-жаман әрекеттеріне баға беруден, ақыл таразысына салып өлшеуден, жақсы менен жаманды ажыратудан қалып бара ма деп ойлайсың. Эзәзілге ере жөнелудің себебі осы ма дерсің. Сөйте-сөйте эзәзіл жамандардың санын көбейте түсу үшін, сөйтіп өзінің алған бағытының дұрыстығын дәлелдеу үшін өзіне бағынатындар мен табынатындарды көбейтуге тырысып, өзіне ұқсас, көңілі жақын, өзін түсінетін адамдарға жақынырақ, сүйене, сүйкене жүруді әдетке айналдырып барады-ау дерсің. Сонымен бірге, эзәзілге ергендердің жолы болғыш болатынына таңданасың.

Бірақ барлығына да зауал бар. Эзәзілдің мақсаты азғыру, жолдан тайдыру болса, ол алдымен азғыруды құмарлық пен құштарлықты арттыруға бағыттаса, ол ниетіне жеткен соң азғырумен қолдағандай болып жүрген адамы оны қайтып қызықтырмай қалады. Адам әбден құлдырау-

дың жолына берік түскен соң эзәзіл оны тастап кетеді, басқаға ауысады. Құлдыраудың соңы құрдымға айналады. Эзәзіл өз мақсатына жетті, оның бар мақсаты адам баласының қайсыбірін болсын оздыру, көркейту, мұратына жеткізу емес, аздырып-тоздырып тастап кету еді.

Уахид Абду Саламның пікірінше, эзәзіл адамның ішіне надандық, ашушандық, жалған дүниенің қызығына құмарлық, байлыққұмарлық, билікқұмарлық, нәпсіқұмарлық, сараңдық, астамшылдық, күншілдік арқылы кіреді екен.

Осы ғұламаның айтуынша ібілістің тұрағы – надандардың кеудесі, елі – құдайға құлшылық етпейтіндерден, дәулеті – алдау-арбаумен, ар сатумен жинаған дүние мүлік, мәжіліс құратын жері – базар, түр-түсі – айнымалы хамелеон, әйелі – тысы да, іші де жалаңаш әйел, досы – әділет жолымен жүрмейтіндер, қорқатыны – тәубе келтірушілер, үйі – монша мен әжетхана, осы іспеттес ғимараттар, одақтасы – екіжүзді мұнафықтар, сусыны – шарап, кәсібі – өсек пен бәле-жала, діні – куфр (ешнәрсеге сенбеу), сөзінің басы – «Мен!».

...Елді бұзған не десең – кетті наным.

...Бірлік түгіл иман жоқ, наным кетсе

«Балаңа ғылым үйрет жас күнінде».

...Қапы өткізбе өмірдің бір сағатын,

Өкініші қалмайды, кетсе ағатың.

Күні-түні дей көрме, ғылым ізде,

Қалсын десең артыңда адам атың.

«Өмір»

...Азды ұқсаң, бұл сөзімді анықтап ұқ,

Иеңдей болам деме, Иеңе ұқса.

«Қысқа сөз».

...Дінің шатақ, әдетің арсыздық деп,

Жақпадың молдалар мен халқыңа да.

Ендігі жас: «Ескі иісің шығады» деп,

Олар да келмей отыр қыртыңа да.

Тамам жанға қылып ең не қиянат,

Бәрі «мінімді айттың» деп алқына ма?

Елдің мінін айтуға сайлап па еді,

Аңғармай айта бердің аңқия да.

Жалғанда сендей жалғыз адам бар ма,

Ешкім баға бермейді нарқыңа да.

*Сені көрсе, бәрі де сырт береді,
Қарағысы келмейді қалтыңа да.
Бәрін ұмыт! Балаларға тәлім үйрет,
Баулиды балапанын қаршыға да.
Ол түгіл өзгелерге білгеніңді айт,
Туысқан көзбен қара жалшыға да.
Ауыз сөз насихатты неге аяйсың,
Ақ жүрекпен айтқанға мал шыға ма?
«Мұнды шал».*

*...Дұрыс деме, құр ойлап,
Ақылға сынат, сабыр қыл.
Жығылмайтын дәлел тап,
Бірезу болма өзімиіл.
Мініңді тапса, кім сынап,
Аяғына, бар, жығыл.
Қап, білем деп, кекті ұнап,
Сақтай көрме, ойға зіл.
Тікенің болса бойыңда,
Ауырса да өзің жұл.*

...Тозбас өмір, таймас бақ жоқ.

...Мен халқымнан алыстағанмын, еңбегім оған жақындасын деп...

...Мен шежірем үшін, көп оқып, көп іздендім. Ол – қазақтың кейінгі ұрпағына адал қызмет ететін болады. Онда әт-Табариді, Нажип Ғасымбекті, Әбілғазы Баһадүр ханның мұраларын пайдаландым. Онда құрғақ шежіре ғана емес, тарих, әдебиет, тіл жайында айттым, тарихи тұлғалар жөнінде тағы басқа тарихқа, әлеуметке қатысты мағлұмат-деректер жинадым. Мұнда «Алаш» деген сөзге түсінік бердім. Ол қалмақтың қорыққаннан Ахмед ханды «алашы – жан алғыш» деп атағанынан шыққан сөз екенін түсіндірдім. Ахмед хан өзіне қойылған атты естігенде: «бұдан былай қалмаққа шапқанда алашылап шабындар, оларға «жан алғыштар келді» дегендей болып естіліп тұрсын» деген екен. Содан бері қазақтың ұраны «Алаш» болыпты. Ахмед хан 1460 жылдар шамасында дүниеге келсе керек. «Бабыр намада» осылай жазылған.

Мен 1723 жылғы қазақ-қалмақ соғысының нәтижесі қалай «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» аталғанын да шежіреме кіргізсем деймін. Бұл соғыста қалмақтар жеңіске жетіп, қазақтың көбін қырып, аман қал-

ғаны жаяу-жалпылап қашып, бір көлдің басына келіп, көлді айнала сұлап жатқанда бір ақсақал кісі: «Біздің бұл көрген бейнетіміздің аты «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» болсын депті. Оның мағынасы – табанымыз ағарғанша жүріп, Саумалкөлді айналып, сұлап жатып қалғанымыздың белгісі болсын дегені екен. Осы оқиғаға байланысты айтылып, ел аузында жатталып қалған «Қаратаудың басынан көш келеді» деген өлеңдегі «Мына заман қай заман, бағы заман» дегендегі «бағы» сөзінің мағынасын да түсіндіре кетсем деймін. «Бағы заман» дегенді «баяғы заман, көне заман» деп қолданып жүр қазіргілер. Олай емес, «бағы» араб сөзі: «өзін-өзі билеп, низамға қарсы келгендер» деген сөз, яғни сол соғыста елдің басынан береке-бірлік кетіп, бет-бетімен босып, бүліншілікке ұшырағанынан хабар береді. «Бағы заман» деген сол. Мұнан басқа да қазаққа түсініксіз болып, екіұдай болып жүрген тағы да бірталай сөздің түп-төркінін қозғамақпын. Мәселен «кұда-анда» дегендегі құдасы түсінікті, андасы не? Нәсілі бір болмаса да екі түрік ағайын болғысы келсе, бір жерін қанатып, қандарын сүтке яки қымызға қосып бөліп ішеді екен де, қаны қосылған қарындас болдық дейді екен. «Анда» дегені осы болады. Бұрынғы заманда ғұндар ханының қатынын «иенші» дейді екен, қазақтағы өзіне үлкен кісінің қатынын «жеңеше» дейтіні содан ауысқан. «Хафиз» деген сөзді қазақ «абыз» дейді.

...Басқа жұрт қазақты, әсіресе, өзіміз – надан, білімсіз, өнерсіз, мәдениетсіз дейміз. Өнерсіз надан қалғанымыз рас. Бірақ жете тексерсек, біздің де зор білімді адамдарымыз болған. Жер жүзіне аты жайылған, ғылым іздеп, өмірін сарп еткен бабаларымыз өткен, Әбунәсір, ибн Сина, Қорқыт, Ұлықбек, тағы-тағылар түрік қауымынан, бізден шыққан. Тіпті кешегі өткен Әнет бабаның өзі ғалым, философ адам екен. Соны да тани алмай, баға бере алмай келдік қой. Абайға не қылмадық, не көрсетпедік – қарғадық, сөктік, жала жаптық, ұрдық, соқтық, талас-тартыс, ру партиясын қуумен өттік қой. Нақыл сөздердің иесі, алтын қазынаның қорларын жасаған – Асан, Бұқар, Марабай, Марқасқа, Өтеген, Үмбетбай сияқты дүлділ, төкпе ақын, жыраулар, осыларды жете ұғып, түсіне алдық па? Жок! Осыларды ойлап отырып, Әнет бабаның үш ауыз сөзі есіме оралды, ол мынау: Қазыбек би Әнет бабаға мынадай сауал қойыпты: Дүниені не бұзады? Адамшылық арды не бұзады? Күнә неден шығады? Сонда Әнет баба: «Шырағым, арабша «хакім», бізше «әкім» деген сөз бар. Ол «а», «к», «м» деген арабша үш әріптен құралып тұр, соны екі рет айтса алты әріп «а-к-м, а-к-м» болады. Сол алты әріп алты ауыз сөздің бас әріптері. Олар мыналар: аял (әйел), алтын, кек, кежір, мақтан, мансап. Сенің сұраған үш сөзіңнің түбі – «акм» деген бір-ақ

сөзден туған. Осы екі «акмды» жаттап ал балам! Адам осы алтауына қызығып, дүниені де бұзады, ардан да, адамшылықтан да айрылады, күнә да қылады» – депті. Бабаның осы алты әрпінен шыға алмайды екенбіз ғой, қаншама ізденсек те, – деп ойлап, сол үшін қалай көзімнен жас шығып кеткенін білмей қалдым.

Дегенмен, адамның таза ақылы, ақ жүрегі, мейірімі, ынсабы басын касса, адам баласы дұрыс өмір сүрмек. Бұл қасиеттер біріксе, өзімшілдік, мансапқорлық, мақтан, өтірік, зорлық, мейірімсіздік, қара ниеттілік деген қылықтарға орын қалмайды. Бұл қашан болады дегенде, адамзат баласының санасы өсіп, дамып келеді. Аң заман, ағаш заман, тас заманнан өтіп, бүгінгі қоғам қандай өскен болса, ертеңгі болашақ бүгінгіден де жарқын болады. Адам санасы өскен сайын таза адамдар көбейеді, жаман әдет қала береді, әділет үстемдік алады.

*...Ар түзер адамның санасын,
Ақ жеңіп шығады,
Арамның қарасын.
Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп,
Таза ақыл қосылса,
Әлемнің таласын.
...Адамның бәрі бір,
Болмайды аласы.
Оларды бұзатын
Нәпсінің таласы.
..Адалдың жері жоқ
ақырда жеңбейтін,
Тарихта әрқашан
адал жан өлмейтін.*

*...Жігіттер, қор да емеспін, кедей де емен,
Кемдік көрген жерім жоқ ештемеден.
Құдай жолын біле алмай, қу билеген,
Елден басқа қайғым жоқ, мұныма сен.*

«Жігіттер, қор да емеспін, кедей де емен».

...Шопенгауэрдің дүние – дозақ, дүниеде тыныш өмір сүруге болмайды дегені дұрыс емес. Дүние – дозақ емес, бейіс, бейісті дозақ етіп отырған адам баласының, үстем таптың зорлығы, өзімшілдік күш қаруы, қасқырлығы. Егер адам бір-біріне зорлық-зомбылық, қиянат жасамай, барлық адам бір-біріне бір бауырдай болып, өнер-білімімен, таза еңбекпен табиғаттың байлығынан пайдаланып отырса, дүние бейіс болуында сөз жоқ. Мұны сезбей Шопенгауэр адасқан.

Шопенгауэр: «Оптимистік тұрғыда болып бұл ақиқаттарды түсінбеу көптеген бақытсыздықтың қайнар көздеріне айналады. Азаптан сәл ғана босасақ, бізге тіптен өмір сүрмейтін бақыттың елестері көз алдымызға елестеп, өзінің соңынан бізді ертуге арбайды. Ал нәтижесінде сөзсіз тағы да шын азапқа тап болады. Сол кезде біз оған дейін болған қайғыдан бос кезіміз (жоғалтқан жұмақ сияқты кезіміз) туралы қайғыра бастаймыз және болған жағдайды қайта өзгертуге бостан-бос талпынамыз» дегенді. Демек, Шопенгауэр дүниені тозақ деп санаған адамдар аз қателеседі дейді.

Мен айтамын: Бұл қиыр шеті жоқ қайғыға толы әлемді көңіл көтеретін орынға айналдыруға тырысудан және азаптан құтылудың орнына өзіне ләззат алу мен шаттықты негізгі мақсат етуден асқан ақымақтық жоқ. Бірақ көп адамдар осылай етеді. Егер кімде-кім тұңғыққа батып бұл дүние тозақ деп санаса және сондықтан одан тозақ отынан сақтанатын орын іздеуге қамданса, сол аз қателескен адам болып саналады. Ақымақ рахатты қуады және ақыры тек одан көңілі қайтады, ал дана тек қайғыдан қашумен ғана болады. Егер ол одан қашып құтыла алмаса, онда ол кінәлі емес, ол оның ақымақтығы емес, бұл – тағдыр. Ол қашқан азап, қайғы әрқашанда шын өмір сүре береді.

*...Келдім қайдан, барам қайда?
Не қылғаным болар пайда?
Қаламын ба мола боп сайда?
Деген ой тырнаған көңіл.*

*...Алдыңғының соқпағын артқы түзер,
Ғылым деген нәрсе емес күдер үзер.
Мінін алып, мінсізге мінез қосып,
Бұрынғыны жаңартып жастар түзер.
Өңдіге тағы өң беріп қырған қандай,
Түзетілмей, шаң басып тұрған қандай.
Түзетем деп қиратып, күншілдікпен
Дұрыс істі теріске бұрған қандай.
Осыны ұқсаң, ұғарсың көп сөзімді,
Алдасам алмай-ақ қой еп сөзімді.
Әнге салып алаңдап, ұқпай жүрме,
Әнишейін бір өлең ғой, деп сөзімді.*

*...Менің биім – өзіңнің ақ жүрегің,
Сөзімді ұқ та дауыңды айт, соған жүргін.*

*...Бас көзімен қарасаң – нәпсі жалған,
Бір сұлу қыз секілді жұрт таңдаған.
Анық ақыл көзбенен қарағанда,
Өзін берер қалыңға ол қызды алған.
Қылықты қыз секілді көрінсе де,
Өлшеусіз, сансыз байдан жесір қалған.
Күнінде қызыл гүлдей жүз күлсе де,
Сырт айналса, жүрекке жалын салған.
Бас алуға жаралған бір жәдігөй,
Өткір қылыш секілді ұғым алған.
Өлмей адам осыдан құтылар ма,
Неге қылып жүргенбіз өлімді арман.*

*...Нәпсіге ерген сұмдар бар,
Адамды аңша аулатқан.
Адамшы арсыз жындар бар,
Ондайлар маған келмесін.
Олар жәдігөйлер, жайтаң,
Ойды улатып,
Көзді байлап жүрген қу сайтан.*

... «Үш анық» дегеніміз не? – дегенге зер салып көрелік, оны қандай анықтар екенін тізіп айталық.

Мен таныған бірінші анық – әлемде бірде-бір нәрсе артық я кем жаратылған жері жоқ. Бәрі мақсаттылықта, өз орнымен іске асуда. Бұл түп жаратушының шеберлігі. Ендеше бірінші анық – дүниенің ешқандай кездейсоқсыз, белгілі бір заңдылықта дамуының негізінде Құдайдың, Жаратушының жаратқандығы.

Менің ойымша жан өлмейді, ол да тән тәрізді өзіне азық қажет етеді. Жан тәннің қожайыны, тән өлсе шіріп басқа түрге ауысады, ал жанның заты ғарыштан. Жанның ажалсыздығы, аса маңыздылығы екінші анық.

Егер дүние мақсатты жарасымдылықта дамып жетілсе, адамның жаны мәдениетті жасауда ең негізгі роль атқарса, оған енді азық керек. Ол – ұждан. Ұждан – менің үшінші анығым. Осы үш анықтың негізінде келіп ар ілімі қалыптасады. Ар ілімі – ол рухани тазару жолы.

Бұл үш анықты өз сөзіммен былай келтіремін: «...Дүниені жаратушының жаратқандығы – анық, адамның барлық рухани қасиеттері жаннан шығатыны, жанның ажалсыздығы, аса маңыздылығы – екінші анық, адам жанының азығы – ұждан – үшінші анық». Бұл – философиялық трактатта берілген тұжырым.

...Адамға тәңірі көрнеу, көмес (жасырын) пайдаларды толық қылды. Соның бәрін көре отырып, тәңір туралы дауласатындар бар. Мұндайлардың не тәңірісі жоқ, не ғылымы жоқ, не бастысы жоқ, не дәлелді кітабы жоқ.

Менің бір байқайтыным, тәңірі жоқ деп отырғандар: «Жасасын пәленше!», «Жасасын пәленшелер!» – дейтіні несі? Мұнысы бұйрық па? Әлде тілек пе? Егер бұйрық болса, кімге бұйырады? Тілек болса, кімнен тілейді? Ойлап көрелік... Менің ойымша, тәңірі айтып, жоқ қыламын дегенмен, адам жанының сау ақылы тәңірді мойындатпай қоймайтынығы осыдан. Бірақ ескі дағдысынан тана алмай жүргендер мұны сезе алмайды.

...Адамдағы ынсап, әділет, мейірім – үшеуі қосылып ұждан деген ұғым шығады... бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң тазарта алмайды... ұжданы сол жанның азығы екеніне ақылмен сынап істесе, оның жүрегін ешнәрсе қарайта алмайды.

Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді.

Бас көзі тәнде орналасса, ақыл көзі адам болмысын құрайтын ақыл мен жан арқылы әрекет етеді. Бас көзі сезімдік таным бастауы болса, ақыл көзі логикалық танымға қызмет етеді. Логикалық таным сезімдік танымнан биік тұратыны бесенеден белгілі. Сезімдік таным сәттік көрініс, мәліметті ғана қабылдаса, логикалық таным әр нәрсені де арғы бергі, жан-жақты болмысымен танытады.

Екі өмірге де керекті іс – ұждан – ынсап, әділет, мейірім.

Ең түпкі жаратушы болмаса, барша өсіп-өнгендерді түрлентіп шығарып жатқан жаралыс жолы екеніне еш сау ақыл таласпайды. Бірақ біріне-бірі ұқсағандардың бәрін мынау мынадан туып өзгерді дей беруді менің ақылым қабыл алмайды. Бұл жер, өсімдік, хайуандар шығаруға жарарлық болғанға шейін мұның топырағы, суы барша заттарға әбден былжырақ болып араласқан, сөйткен жерден өскен өсімдік, хайуандар себептеріне, топырақ, суы, ауасының өлшеуіне қарай біріне бірі ұқсас, ұқсаңқыраған тіпті ұқсамаған болып өнген. Менің бұл сөзімді сынау үшін даладағы сортаңдағы, балауса сайдағы, өзен бойындағы өсімдік, шөп бұтаның бір арадағысының ғана бірі біріне ұқсағанын, ұқсаңқырағанын, тіпті, ұқсамағандарын көріп, солардың топырақ, су, ауа сияқты себептерін тексеріп қараңыз.

Енді біліп жаратқан ие де жоқ, өлген соң өмір де жоқ деген жолдың түбінде осы барлық әлем неден бар болды деген ойдан шыққаны төменгі сөзден мәлім болды. Ескі заманның білімділері әр нәрсенің түпкі негізі неден жаралғанын тексеріп, тамам нәрсенің негізі төрт нәрсе деп білген. Онысы – от, су, топырақ, ауа. Олардан кейінгі білімділер

ол төрт нәрсенің әрбіреуі әлденеше негізден жаралғанын таба-таба жақынырақ кезде түп негізі сексен шамалы екенін тапты (Шәкәрім заманында Менделеев кестесінде сексен шақты элемент болған).

Әр дененің көзге ілінбейтін кішкентай тараулардан қосылып жаралғанын тауып, ол кішкентайды қанша ұсақтаса да ақырында, тіпті бөлуге келмейтін болады. Сол бөлінуге келмейтін түп негіздердің атын Еуропаша атом деп, арабша мадда немесе әсер деп атады. ...Сөйтіп барша нәрсе сол сексен шамалы атомдардың бір-біріне қосылғанынан дене жасап, әлде неше түрге түсіп, бір-бірінен өршіп, жаралып жатқанын тапқан.

Бұл ақылдың өзінен шығатын қасиеттерді дене жаралысының еш сипатымен сипаттауға келмейді. Бұлайша болып жан жаралысынан денеден шыққан соң, денедегісінен қуатты болып, тіпті жоғалмайтындығы білінеді. Шын анықтап қарағанда, жан дене сияқты емес. Дене өледі, өзгереді. Жан олай емес, екеуі бірігіп тұрған кезде бірі-біріне қатты әсер береді. Ашу, жек көру, сүю сияқтыларда әсері бетке шығады. Жан қатты әсерленсе, денені қиыншылыққа түсіреді. Кейде қапиядағы қатты қуаныш, қорқыныш, қайғы адамды өлтіріп те жібереді. Жан мен дене бір біріне жат, бөлек жаралған болса да, бірігіп тұрғанда өстіп бір-біріне әсер береді.

Жан тәнді жарата алады, ал тән жанды жарата алмайды. Жан – қожайын, тән – қызметші. Тән – терезе, ал жан терезеден көрініп тұрады.

... «Үш анықты» отыз жыл бойы жазып келемін. Мұның төркін-тамыры кең. Мен отыз жыл жазсам, оны жеңіл де жедел, тез тауысып тану қиын болар. Ұзақ жылғы ізденісімде затшылдық ғылым жолындағы таным мен дін жолындағы теологтардың дүниетанымы атты екі анықтан тұратынын таныдым. Сөйттім де адам атты асыл болмыстың өзгеді жоқ, өзіне ғана тән қасиетті негізіне жетуді көздедім. Сөйтіп ең биік белес, деңгей-дәрежедегі адам болмысының сол биігінде қалуы үшін не қажет дегенде отыз жыл ой қорытып тапқаным ұздан деген таным болды.

*...Елге көнсем ақ жолдан адасамын,
Көнбей жүрсем, көп итпен таласамын.
Тек отырсам, тепкілеп шыдатпайды,
Енді қайтіп бұл елмен жарасамын.
...Елеуреген есірік елдің бәрі,
Өңкей батыр, жалақор жас пен кәрі.
Сені адам деп есіркеп кім ойлайды,
Құлап қалған қу молаң кімге дәрі...*

*...Ел ішінде сенен қор жан бола ма,
Ұстаймын деп отырсаң адалдықты.*

«Елге көнсем ақ жолдан адасамын».

...1929 жылы Алматыдан Ораз Исаев пен Тұрар Рысқұловтан хат келіпті. Оны Саят қорада жатқан маған Ахат алып келіп көрсетті. Ашып оқыпты, өзі қуанулы. Олар мені Алматыға келіп, қазақтың тарихын зерттейтін бөлімде қызмет етіңіз, – депті. Ахаттың қуанғаны содан екен, «ауылдастарға оқып беріп едім, олар да қуанып қалды. Сіз мақұл көрсеңіз көшуге дайындалсақ» деді.

– Өздерің де көшуді, менің баруымды ұнаттыңдар ма? – дедім Ахатқа.

– Ия, өзімізде, естіген ел де қатты қуандық.

– Е-е, сендер де, ел де өз көздеріңмен өлшеген екенсіңдер ғой...

– Барғыңыз келмей отыр ма? Оныңыз тартпақтық емес пе? Уақытты көріп отырсыз ғой...

– Менің: «Ақыл мен ойымның орны болған – денем өз сырымды анық білмейді. Өзгелер сырымды қайдан білсін» – деп саған айтқан нақыл сөзім бар еді... Сол айтқанымдай, сендер де, басқалар да, мені танымайсыңдар деп ренжуімнің қажеті жоқ екен. Сендер де, ел де шолақ ойлағансыңдар. Сендер үшін мен ол жаққа барып отырсам, өздеріңе де, маған да жақсы болады, – деп ойлағансыңдар. Ал, ел, басқа туғандар: Мына уақытша болып тұрған қысылшандықтан құтылып, аман қалар ма еді, – деп болжап, пішкен. Арғы жағын, болашақты көздемей, бүгінгі күнді ғана көздегенсіңдер.

Ол шолақ болжам. Бұл уақыт әлі орнығып болмаған уақыт. Келешек алда. Ал, хош делік, мен тарихты зерттеп отырармын. Сонда білген анық тарихты жазсам, ол осы уақытқа қайшы келсе керек. Сол кезде олар маған не айтпақ? Мынауыңыз бізге сай келмейді, былай жазыңыз демей ме. Егер мен білген нақты тарихты бұрмалап, тек осы кезеңге сәйкестендіріп жазсам, сонда мен кім болам? Кейін ақиқатты зерттеп-аршушыларға болмайды деп айтпайтын кез сөзсіз келеді. Тарихтың шындығы ешқашан өшпейді. Сонда мен тарих алдында, арлы адамдар алдында кім боп шығам! Бір өлмей, екі өлгенім болмай ма? Әлде сендерді сақтап, қатын-балаларымды асыраймын, соларды аман алып қаламын деп барам ба? Жоқ, олай емес. Сендердің ырызықтарың өз алдарыңда. Шын адал, қиянатсыз болсаңдар, аққа кара жұқпайды. Менсіз-ақ бастарың аман болады. Адал еңбекпен өмір сүре біліңдер!

Және осы мені шақырып отырған азаматтар осы орындарда бекіп отырады деп айта аласың ба? Ақыры хақиқат табылады. Бірақ хақиқатты табу жолы тура тартқандай жол болмайды, бұралаң кедергісі көп кездесетін жол болады. Қазір сол кедергілі жолда келеміз. Сендер осы

уақыттағы кедергіге шыдамай, алдағыны болжамай айтасындар! Жас уақытым болса, бір басқа. Енді өлер шағымда үйде болғаным жөн болар. Маған бармады деп басқалар да, сендер де өкпе етпей-ақ қойыңдар!

...Мен қандай дәуірде, қалай өмір өткіздім. Қатты дауылда, қанды оқпан толқында, қараңғы түнде, жай оғының астында, сорғалаған сор жауында, желкенсіз қайықпен теңізде өмір сүргендеймін.

Менің өскен айналам қандай? Көргенім не? Осыны кім дұрыс біледі. Айналам – дау, жанжал, өтірік, ұрлық, қанау-талау, надандық, жуандық-зорлық, мақтан, мансапқұмарлық, партия, обырлық, қорқаулық, жалқаулық, ұрыс-төбелес, міне, менің көргенім, сүрген өмірім. Мен осылармен жағаласып, арпалысып өмірімді өткіздім. Олармен жеке өз басым үшін алысқам жоқ. Өз басымның тыныштығын ойлаған болсам, байлық, мансапқа ие болып, мақтан қуып, мықты, жуан деген атаққа қолым жетіп, соған риза болып, шалқып өмір өткізер едім. Арым, адамшылығым мені оған апармады. Адам болып тудым, адам атымды ақтаймын, көп үшін, халық үшін, келешек ұрпақ үшін еңбек етейін. Кейінгіге үлгі аларлық із-белгі қалдырайын, адам атым өшпесін, тарихқа аз да болса үлес қосайын деген ойда болдым. Арымды сатып бақ алып, мансап тапқанымша, көптің адалын жақтайын, көпке жағайын, көргенімді, білгенімді бар адам баласы үшін жазайын, наданның көзін ашайын, келешектің ойын ашайын деп жаздым. Айтқанымды, аңсаған арманымды орындауға қолым жетпеді, әлім келмеді. Қатыгез заман, қайырымсыз, қатал, мансап құмар, қатыбас, мейірімсіз басшылар көнбеді. Тілін емізген, көз байлаған қулар, жайдары пысықтар, алдампаз, арам сопылар, паракор ұлықтар көндірмеді. Мен жалғыз қалдым. Өз ойымды, өз арымды сақтап қалайын деп, адам атымды ақтап алайын деп, жапанға қаштым. Сондағы менің ойым, мақсатым не? Қалған өмірімді жазумен, ізденумен өткізбек болғам. Сол ойымды, тапқанымды жазып кейінгіге қалдырмақ болдым. Өз заманым үшін жазғам жоқ. Келер дәуірдің адамы үшін жаздым. Адамның арты бүгінгілер ғана емес, кейінде келешектер бар. Дәуір артқа тартпайды, алға тартады. Өмір жанара бермек, өмір жаңарса, адам тазара бермек. Ешнәрсе біржола жоғалмақ емес, өзгеріп қайта келмек. Тарих мәңгілік, ол өткеннің тазасын, жарамдысын үлгі етпек. Жаңа заман тарихтың тазасына, асылына орнамақ. Тарихтың алтындай тазасы, алмастай асылы жаңа дәуірдің іргетасын қаламақ. Сол іргетастың бір керегіне жарарлық тас сынығын таппақпын, соны қалдырмақпын. Соны іздегеннен басқа маған ештеңе қалған жоқ. Ұққанға осы менің сөзім...

*...Арам безден арылып, адал жүрсең,
Ақ жаратқан құдайың жек көре ме?!*

*Оған бармай құтырсаң, өз сазайың,
Итпен бірге ит болған сен де төбет!
«Өкінішті өмір».*

*...Өлімнің хақ екенін көрсең де,
Өлместей омыраулап жатасың.
Дозақтың бар екенін білсең де,
Күнәге әлің келсе батасың.
Сауап көп ғибадатта десең де
Жалығып, жалқауланып жатасың.
Алланың адал ризығын жесең де
Арамды әдейі іздеп татасың.
Сыртыңды сыланасың өң беріп
Ішіңнің түзетпейсің хатасын.
Айламен алдағанды жөн көріп
Адамды аң орнына атасың.
Жалғанның бір пайдасын көргенде,
Арланбай арыңды да сатасың.
Алланың ақ өлімі келгенде,
Амалсыз қара тастай қатасың.*

*...Өмірдің басы – бала, ортасы – адам,
Қартайып шал болған соң кетті шамаң.
Мақтап жүрген өмірің осы болса,
Үш-ақ ауыз өлеңмен болды тәмәм.*

*...Мен өтермін, кетермін,
Жоқтарсың мені бір кезде.
Еріксіз жемтік шоқыдым.
Ар кетіп айла жамылдым.
Жүрегің болса тайғақ саз,
Сопысынып қылма наз.*

*...Өткен адам болады көзден таса,
Өшті-өлі оны ешкім ойламаса.
Ол кетсе де, белгісі жоғалмайды,
Керектісін ескеріп ұмытпаса.
Ақыл деген – денеге егулі дән,
Суғарылса кіреді оған да жан.
Ақылдың өсіп-өніп зораймағы,
Көрген-білген нәрседен гибрат алған.*

*...Қайтадан қайырылып,
Қауымға келмейсің.
Барыңды,
Нәріңді
Тірлікте бергейсің.
Ғибрат алар артыңда із қалдырсаң
Шын бақыт –
Осыны ұқ,
Мәңгілік өлмейсің.*

...Алла тағала біреуге біреу орынсыз зиян келтірсе, өзіндей ғана іс қылуға рұқсат қылған, олай да болса сабыр қылып кешкеніңіз көп сауап болар деп айтқан аятта: «Біреу сендерді қинап ренжітсе, дәл сондай ғана орайын алуға рұқсат бар. Егер де кешіп сабыр қылсаңыз, онда бек көп сауапқа жолығасыз» деген. Енді жоғарғы аят-хадистен байқаған шығарсыз, ынсапты, рахымды болмақ сабырлы болмақтың көп сауап екенін, әлбетте ынсап, рахым, әдеп болмаса адамның өзге хайуаннан артықтығы болмас еді. Әдепті болмақ туралы: «ал адан насб алкин». Мағынасы «Әдеп діннің жаршысы» деген. Әдепті кісіде ұят бар, ұяты бар кісіде иман бар. Пайғамбарымыз: «Кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ» деген.

...Ей достар, адам жақсы мінезді болуға тырысу керек. Әуелі ынсапты болу керек. Ынсап деген әр іске аспай кем қалмай орташа болмақ. Ғаделет деген де осыдан шығады. Әр істің орнын тауып істемек те осыдан шығады. Аятта: «Алла тағала әділдік қылғандарды сүйеді» деген.

...Әрі дүниедегі адамшылыққа, әрі ақиреттегі адамшылыққа керек сөзден айтылмағаны жоқ десе болса да, ақыл-ғылымның жайын содан артық кім ұқтыра алады! Содан артық қандай низаммен дүние түзіліп тұра алады!

...Біз әрбір зиян істерден сақтануға бұйырылғанбыз.

...Адам өзін-өзі анық таныса, жаратқан Алласын да біледі.

Біздің адамзат ертеңгі түгел өмірі жетер-жетпес білмейтұғын жылдарға шейін болсын деп, мал жиямыз деп, әлде не бәлеге ұшырайтұғыны ақылдылық па? Малды қанша болса да халалдан жеп, халық пайда-сына ұстамақ бек жақсы, бірақ құры көзі тоймаған жаман іс.

...Менің байқауымша, адамда үш түрлі тәубе бар.

Оның бірі – шын тәубе, ол нәпсісіне еріп жасап алған күнәсіне өкініп, ондайды қылмасын деп біржолата уәде қылады да, ол күнәні қайтып қылмайды.

Екіншісі – ендігәрі қылмасын-ау десе де, анық уәде қыла алмайды, нәпсісіне сене алмайды.

Үшінші тәубе – біреу күнәні қылады да, артынан тәубе қыла салып, онан соң және қылып, оған және тәубе қылдым ғой деп салақтық етеді.

Егер де адам нәпсіні жеңе алмай күнә қылып жіберсе де, зинһар тез тәубе қылу керек, Алла тағаланың қаһарын ескермей жүре берген сол қатты күнә.

...Құранда біржолата осыны қылма деп анық айтылған нәрселер – арақ, бауыздаусыз өлексе, арам хайуан сықылдылар. Және ұрлық, зорлық, ойнас, өтірік сықылды, пара алған, өсім алған, кезден яки таразыдан жеген, алдап алған сықылдылар.

«Мұсылмандық шарты».

...Былғаныш наданнан таза ғалым қандай жиренсе, таза ғалымнан былғаныш надандар сондай жиренетіні анық.

...Әдетті тастап түзелу – жуанның қолынан келуі қиын іс.

...Бұрынғы заманда әлі жеткенге күшпен, әлі жетпегенге айламен зорлық қылып, ел қақсатқан бір залым ұйықтап жатса, қасынан өтіп бара жатқан үш адамның бірі: «Мына залым кешке дейін оянбаса, талай момын зұлымдығынан аман болар еді», – депті. Онда тағы біреуі: «Тіпті ертең де оянбаса игі еді», – дегенде, қалған біреуі: «Шынында, мұның осы ұйқыдан оянбай өлгені артық, сөйтсе тамам адам зұлымдығынан құтылар еді» – депті. Әлгі залым ұйқылы-ояу жатып, сөздің бәрін естіпті де, өзіне-өзі: «Үш кісі қауым деуші еді. Мынаның бәрі менен безер болды. Ойлап қарасам, тамам адам баласы бір бауыр, бір дене сияқты, әр адам сол дененің бір мүшесі, бір мүше аурулы, зиянды болса, тамам денені тынышсыздандырады. Мен аурулы мүше екенмін де, тамам адамды тынышсыздандырған екенмін. Мен бұл адамдардың ортасынан кетуім керек, не болмаса, барша жанға тынышсыз болатын залымдықты қоюым керек екен ғой», – деп бұрынғы мінезін тастап, түзеліп кетіпті.

Сөз тыңдаған адамның құлағында қырағы көзі болса, жүрегінде әділ тезі болса, сәті келген дәрідей ем болып, жаман мінезді жазады. Егер ондай болмай, құры ғана қуыс құлақпен тыңдаса, құмға сіңген сумен бір есеп болып, жалғыз тал жасыл шөп шықпайды.

...Ләйлі мен Мәжнүннің жайын есітіп патса іздеп барып Ләйліні көрсе, жүзі қансыз, қара сұрлау, өткір қара көзді, нәзік қана әйел екен.

...Дертті көңілде не бар екенін сау көңіл білмейді.

...Өмірінде ара шақпаған кісіге «мына араның шаққаны ащы болады» деп араны көрсеткенмен, шаққан уын ұға ала ма? Аш кісінің ішін өртеп тұрған аштық пәлесін тоқ кісі ескеріп біле ала ма?

«Бәйшешек бақшасы».

Орнына жұмсалмаған еңбек, зұлымдыққа жұмсалған ақыл – отқа түскен көбелекпен бір есеп.

«Кейде күлкілі сөзден де тәлім алуға болады».

...Адамда екі түрлі мақсұт бар: оның бірін тән мақсұты, бірін жан мақсұты дейміз. Қара басының қамын ойлап, өзімшілдік, мақтан көксейтін – тән мақсұты. Адамшылық ар мен адал еңбек іздейтін – жан мақсұты. Бастапқыны көксеген адам зұлымдық, қиянатпен болса да, мал, мансап, мақтан табуға құмар болады. Соңғыны көксеген адамның адал еңбек, ақ ниеттен басқа іздейтіні жоқ, ол адам баласын ала көруді, қиянат қылуды тіпті ұнатпайды. Осыны біле тұра адамның қиянатшыл, мақтанқұмар болатынының себебі: адам жас күнінде тәжірибесіз балалықпен сәкекүл сәнді киімге, кеңесшіл кердеңдікке қызығып, соған біржола құмар болады. Бір адам сайтанға махаббат көзімен қарап әдеттенсе, аздан соң сайтанды біржолата періште деп біліп, жанына өлшеген асыл жар қылып алады да, өз қылығын өзі сынай алмай қалады.

Зұлымдық, қиянат қылып әдеттенгендердің қоя алмайтыны да, адамшылық арды бұзбауға құмарланғандардың адал еңбек, ақ ниеттің жолында құрбан болатындары да әдет алып, шын құмар болып кеткендіктен болады. Адамның бәрі бала болып, ақылы жай толатын болғандықтан, сәнқойлық, көрсеқызар, мақтанқұмарлықты бірінен-бірі көріп, тәлім алады. Өзін-өзі тексеріп, ол әдетті қалдырып, таза ақылға билету әлденеше біреудің-ақ қолынан келеді.

...Адал еңбекпен қатын-баласын асырап, артылған еңбегімен өзінен төмен кем-кетікке жәрдем қылуға әлі жетіп, соған әбден құмарланып кеткен адамның бәрі Атымтай.

Бірақ, дені сау адамды Атымтай асырай берсе, ол тіленшілікке салынып алады.

...Африканың шөлінде бір керуенмен еріп келе жатып, ауырып жүре алмай, бір судың басында қалып, аздан соң жазылып, керуендерге жеткенше азығым таусылып, аштан өлер болып, әлім кетіп, бір жерге отыра кеттім. Алдыма қарасам, бір кеседе қуырылған бидай тұр екен. Өмірімде осыдан қатты қуанғаным жоқ. Енді жейін деп аузыма салсам, бәрі меруерт екен. Өмірімде содан қатты кейіген емеспін. Қайтерімді білмей, қасымдағы дөңкиген құмға қарасам, құмнан бір киімнің етегі шығып жатыр екен. Құмды ашсам, мендей бір сорлы өзін-өзі құмға көміп, өлерінде алдындағы тақырға таяғымен мынадай сөздер жазып қалдырыпты: «Азықсыз аш адамға ат басындай алтыннан түк пайда жоқ, менің мына бір кесе меруертім мен белбеуімдегі жүз ділдәм мені бір шақырым жердегі мөлдір бұлақ, жемісті ағашқа жеткізе алмай, аштан өлдім, мені сол бұлақтың басына көміп, моланың басына: «Азықсыз аш адамға ат басындай алтынның пайдасы жоқ», – деп жаздырып қойған адамға осы меруертім де, ділдәларым да адал болсын».

...Бір тілім нан – ардақты жанның досы,
Ақша деген – мақтаншақ паңның досы.

... – Сен неге дәйім жалаңаяқ жүресің? – деп сұрапты бай жалшысынан.
– Дүниенің талай бейнетіне шыдап, аяғымдағы башпайым тозып, жалаң аяқ қалып, табаным күйіп, қатты кейіп жүргенімде, екі аяғы тобығынан жоқ адамды көріп жаман башпайымды лақтырып жібердім...

...Басына ауыр қайғы түскен кісі:
«Мен, – деп ойлар адамның ең сорлысы».
Өткен іске өкініп, шыжбалақтап,
Келесіден именіп тұрады іші.
Сабырсыздың осындай әрбір ісі,
Түн артында күн бармен жоқ жұмысы.
Ойлап тұрсам, адамның ең артығы –
Ерінбейтін, еңбекшіл шыдамдысы.

...Бір адам қайыр сұрап, көп ақша жиып әбден байыса да, қайыр сұраған әдегін қоймапты, ол ақшасын өсімімен адамдарға беріп одан әрі көбейте беріпті. Бір күні оны елдің ханы есітіп, алдына шақырып:

– Сен ақшанды қазынаға бер, оны іске пайдаланып, кейін ақшаңның басын өзіңе қайтарамын, – депті.

– Тақсыр! Менің ақшам қанағатсыз, арсыздықпен жиылған арам ақша ғой, оған қазынаның былғанғаны қалай болады?

– Балшық керек қылған бір бай балшық басқан біреуге «бір арба балшық сатамысың?» десе: «арам суға басылған балшық еді, оны айтпай сатсам, арамдық болады ғой» деген екен. Сонда балшық алушы: «дәретхананың жырттығын жамауға жарар» деп алған екен.

«Өзімілдік».

...Өтіріктен тілін тыя алмаған адам арамдықтан ындынын тыя алмас.

...Мен тарыдай жақсылық қылсам, таудай зұлымдығымды жасырғалы қылам. Сөйтіп жүріп, адам атануға ұяламын.

...Сақ адам сандығын бекіте алады. Есті адам тілін тыя алады. Бірақ ешкім ойын тыя алмайды.

Бас көзі жұмылады, көңіл көзі жұмылмайды.

...Бәріне қанағат қыл да, адал еңбек қыл.

...Ешкімге ерік қақпасы ашылған жоқ.

Қызыл гүлге сайраған бұлбұл гүл соларын білгенде зарламай қайтсін.

Дүниеге қызығатын көзімді топырақ баспай тұрып бейнеттен құтыла алмайым, осынша тәтті көретін өмірден татпай тұрып «ащы» деген өлім жақсы болса керек.

...Сырымның орны болған денем де сырымды анық білмейді, достарым сырымды қайдан білсін.

...Жоқтық егіндігіне бидай еге алмасаң, барлық қырманынан жалғыз арпа да ала алмассың!

...«Жан денеден шыққанда қатты қайғырады» деген бекер, неге десеңіз, жан ақылмен бірге шығатын болса, дене тұтқынынан құтылғанына қуанса керек. Егер ақылы жоғалатын болса, қайғыруды білмесе керек.

...Дүниенің қайғысы ақ жауындай үзілмей жауса да, қуаныш анданда найзағайдай жарқ етеді де өшеді, бұл неліктен? Бұл – адам баласының қиянатының көптігі, мейірімінің аздығынан.

«Мәнді сөздер».

*Салынған қала жоқ, оқытқан бала жоқ,
Қолында өнер жоқ, ғылымда дана жоқ.
Қалалық жері жоқ, еңбектің тері жоқ,
Пайдасыз, шығыншыл, қазақтан сері жоқ.
Қазынасы тағы жоқ, басында бағы жоқ,
Партия, барымта, ісінің ағы жоқ.
Қуаты, күші жоқ, сырты бар, іші жоқ,
Артына қам қылған, ұмтылған кісі жоқ.
Көретін көзі жоқ, ұғатын сөзі жоқ,
Қазақтың бұл күнде аты бар, өзі жоқ.
Түзелер кезі жоқ, түзетер тегі жоқ,
Жер жүзі халқының қазақтан езі жоқ.*

«Тағы да сорлы қазақ».

Абылай хан Халдан ханның күйеу баласы Чарышты өлтіргеннен кейін қалмақтар аңдып, ел шетінде қарауыл қарап, Ұлытауда ұйықтап жатқан жерінде ұстап әкетіпті.

Халдан Абылайды шақыртып алып:

– Мен сені Чарыш сықылды батырдың орнына өлтіргелі отырмын, не арманың бар? – депті.

– Үш арманым бар, бірінші – мен аң секілді жосып жүрген қазақ деген халыққа хан болып едім, бір жерге қала салып, ірге тепкізе алмадым; екінші – мен Чарышты қан майданда жекпе-жекте өлтіріп едім, енді майданда өлмей, қапыда ұйықтап, ұстатып өлдім-ау деп арман қыламын; үшінші – мен төрт атадан жалғыз едім, балам жоқ еді, мен өлсем, тұқымым құрып кетеді-ау деп арман қыламын.

– Мен де үш атадан жалғыз едім, бұл дағы менің Көбегенім сықылды екен-ау, – деп Халдан баласын көрсеткенде, Абылай: «Алдияр!» – депті.

Халдан: «Неге қуандың?» десе, Абылай: «Мені балаңа теңедің, балаңды өлтіресің бе?» – депті. Халдан: «Жарайды, отыр!» – дегенде, Абылай олай-бұлай жан-жағына қараса, босағада қол-аяғы құлыптаулы, Өтеген байлаулы тұр екен, сол еңбектеп келіп жауырынын тосыпты. Абылай көтін қойып отырыпты.

Халдан Өтегенге: «Мұның қалай?» – десе: «Мынау тұғырсыз қонбаған ақсұңқар еді, мен алтын тұғыр болсам аз ба?» – депті.

Халдан Абылайды төсек салып отырғызып сұрапты:

– Елінде қой көп пе?

– Көп.

– «Қойшы – өтірікші, қой – ұры» деген, ауыл үйдің арасынан ұсақ жанжал, берекесіздік қалмайды десеңші. Сиыр көп пе?

– Көп.

– Қазақтың баласы айранға сүйеніп, еңбекке еріншек, ақымақ болады десеңші. Қазақ егін сала ма?

– Жоқ, егін салмайды.

– Адам егін салып, жер емшегін ембей, жерге бауыр баспайды, әлі де неше төңкерілерсің, – деген екен.

Абылайдың арманы мен Халданның долбарын естімеген адам жоқ, бірақ іске асырған адам көрінбейді.

«Абылай хан мен Халдан ханның сөйлескені».

Адамға үлкен міндет талап етпек.

*Ақылсыз, мал мен мансап кім екенін,
Сырты – адам – іші – шошқа, сұм екенін,
Алла сүймек, ар сүймек, адам сүймек,
Ұқтырар адамдықтың шын екенін.*

*Кем-кетікке болысу – ар міндеті,
Халқыңа пайда тигіз босқа жүрмей.
Жаныңды аяй көрме жардамынан,
Сүйткенде арың шығар арманынан.
Әйтпесе бұл өмірің артық емес,
Тәніңді топырақ басып қалғанынан.*

*Тегінде ұждансыз жан өлімге есеп,
Адамның кеселі жоқ мұнан кесек,
Ар, ынсапсыз, мейірімсіз залымдарды
Қате қылған болмаспыз хайуан десек.*

Ау, қазақтың баласы! Кеше ерік қолға тимей тұрғанда, жоқтың жомартсынғаны сықылды «Әттең, дүние-ай! Бас қосуға ерік тисе, басқаша қазына жиюға жол болса» деп, бармағын шайнап, халықтың көгермегіне қоң етінде мейірім жоқсып жүретінім қайда?!

«Қазақ қалыптары».

*...Біреу сені мақтаса қуанасың,
Жамандаса жабырқап суаласың.
Мақтаған кім, сөккен кім, онда ісің жоқ,
Бәрібір, сен де елірме дуанасың.
Дос мақтаса, не пайда онан саған,
Дұшпан сөксе не кемдік көрдің жаман.*

*Шын сөзбенен мақтаса, я боқтаса,
Мақтау – пайда, зиян ба жамандаған.*

*...Еш адамды қалдырмай қасыма да,
От пен су өзім жүрем асыма да.
Елсізде жалғыз жатып жазу жазам,
Қарамай тақап қалған жасыма да.
«Қош».*

Жалғыздық

*А, құдай! Кінәмді өшір, сауапқа жаз,
Таусылмайды рақметің, не болмайды аз.
Жан кетіп, ағайын, мал қалған кезде,
Өлмес, өшпес дәулетім осы қағаз!*

Шәкәрім.

Шәкәрім өмірінің соңында, ортада 7-8 жыл (1917-1925) аралығын қоспағанда, елден жырақ, айдалада, Саятқорада өмірін өткізеді. Тұрсынбек Кәкішұлының айтуынша Шәкәрімнің «Елімнен кеттім елсізге, елуден асқан шағымда», яғни жапан түзге, елсізге алғаш кетіп, ешкіммен араласпауға бел буған шағы 1909 жыл екен.

Шәкәрім елсізде әуелі Әупіш атты жігітті серік етіп, кейінгі бірер жылда оны да қайтарып жіберіп жалғыз қалған. Шәкәрім «Мен жатырмын оңаша...» деген өлеңінде Әупішті адал, жолдастыққа мығым, сырға берік жан ретінде айтады. Әупіш басына қиындық түскен ақынға деген дос көмегін аямайды. Елден, дүние-мүліктен, билік пен байлықтан, мәнсаптан аулақтанып, елден жырақ кеткенде сол күндер қиындығын мойнымен көтерген, қайраты зор, ерінуді білмейтін, адал, тілегінің алалығы жоқ, өмірін де, көңілін де, жүрегін де суырып беруге әзір шынайы достық иесі Әупіш Шәкәрімге көп қызмет етеді. Байлықтан, байлық беретін жайлылықтан қашып шыққанда басына жалғыздық, күн кешуге қатысты қиыншылық түскенде достық қолын созған Әупішке Шәкәрім өз өлеңі арқылы ризашылығын білдіреді.

Шыңғыстаудың күнге сыртында Шақпақ дейтін таза жерді таңдап, өз қолымен қора-қопсы жасап, тек шығармашылықпен ғана айналысып, жалықса аңға шығып, жападан-жалғыз ғұмыр кешкен Шәкәрім «Кейбіреу безді дейді елден мені», «Жапанда жалғыз жаттым елден безіп» де-

ген өлеңдерінде дүниәуи тірліктен баз кешіп, ештеңеге араласпай, ауыл арасының әңгімесін естіп алаңдамау үшін жұрттан аулақтадым дейді. Ел ішіндегі өзімшілдік, озбырлық, күншілдік ақынды жырақта өмір сүруге мәжбүрлеген. «Көрген соң ел жарасын анық сезіп, Аңдайын айдалаға кеттім кезіп. Ел емес, елге істеген қылығынан, Қашқамын, шынымды айтсам, содан безіп» деп, елден оңашалауының тағы бір себебін баса айтады. Елді қан қақсатқан арсыз, аң бейнелілерге қандай шара көруді білмедім, жаным шошыды, содан жаныма медет іздеп айдадаға безіп кеттім, бірақ жаным халқыммен бірге дейді. Елсізге бару себебім – хақиқат сырын іздедім дейді.

Таудың тыныш бір қойнауында оқшау үйге жазу үстелі мен кітапханасын ғана көшіріп алып, өз қажеттілігіне ат байлап, бие ұстап, қымыз ішіп, алаңсыз шығармашылықпен айналысқан кездерінде «Жалғыз досым қағаз-қалам» деп мұңайған сәттері де болған.

Шәкәрімнің хабарын алуға, ақылын тыңдауға келіп тұратын аз ғана туған-туыстың өзін қатаң бақылауға алып, Шәкәрім реакцияшыл бандылармен байланысты деген өздері ойлап тапқан тұжырымға өздері сеніп, қарт ақын нақақтан-нақақ мерт болды. Ұжымдастыру жылдарындағы қарсылықтарға Шәкәрімнің ешбір қатысы жоқтығы дәлелденіп, ақын ҚСРО Бас прокуратурасының шешімімен 1958 жылы толық ақталды. «Туған жан – өлмек, Бәріне көнбек» деп Шәкәрімнің өзі айтқандай нақақ жаланың бәріне көніп, билік ұмыттырғысы келсе де ұмытылмай, ұзақ жылдар қай жерге жасырылғаны белгісіз болып, жаназасыз құдық түбінде жатып қалған ақын туған халқына осылай қайтып оралды.

«Мен кеттім де, сен қалдың...» деген өлеңін ақын кімге арнап жазғаны белгісіз, бірақ мағынасына қарағанда елден жырақ кеткен кезде, елде қалғандарға арналғаны көрінеді. Әділетсізден, тоғышардан жапа шектім, енді саған зияным тимес деген сөздерде жапа шеккен жанның назы бар. Бүгінгі ғана емес, о дүниені де ойлан, сол бақидың қамын осы фәниде жаса, қарекет ет, дүние деген опасыз дегенді айтады. Сеніміңді уақытша дүниенің қызығына жұмсама, мәңгіліктің маңызына аудар дегенді айтады. О дүниенің соты алдында ісің таразыға тартылғанда сауаптысы көп болсын дейді. Расында, адамзаттың көпшілігі шындықты біледі, бірақ өмір тәжірибесінде оны қолдануда зардап шегуі мүмкін. Шындықты білу мен оны іске асыру ақиқатқа жетелейді, білген нәрсені іске асыру сол ақиқатпен, сеніммен бірге өмір сүруге жетелейді. Өлеңнің басты идеясы осы.

Шәкәрім елсіздегі қорада жалғыз жатады. Бар шаруасын өзі істейді. 70 жасында Әуіпштен түйе саууды үйренеді. Өйткені Әуіпшті де қайтарғысы келеді, онысын «ешкімді қызметімді атқаратын еріксіз құл

еткім келмейді» деп түсіндіреді. «Жұмысты әлім келген біреуге артып, Құлданбақ азаттарды жөн демеймін» дейді. Әуіпшті жіберген соң қасына ешкімді алмай, жалғыз қалады. Әрбір басынан кешкен өмірін күнделік ретінде өлеңмен өрнектейді. «БІлгі жалғыз жаттым, сонда ит жүгіртіп, бүркіт салып қана жүргенім жоқ, ойға келген өлеңімді жазам, еріксем елге барып қайтам, қайтарда отын алып келем.

Өлім сыры

1925 жылы Құлке есімді елге абыройлы бір азамат қайтыс болып, жаназасын Шәкәрім қажы шығарған. Құлкені қабірге түсіріп жатқанда Шәкәрім: «Ей, Құлке, сенің бұл ақ өлімің бізге бұйырар ма екен?!» депті. Жұрт қажы сөзіне таңданып қалыпты. «Шәкәрім» энциклопедиясында бұл сөзді Жиреншенің інісі Жомартұлы Токқара айтқан делінеді. Шәкәрімнің осы айтқаны дөп келіп, ол отыз жылдай ақ өлім бұйырмай айдалада құдық ішінде қалды.

Ол өзі туралы: «Өмірге жоқ қой құмарым да, Жетпіс үш жасқа шығарымда, Айналды-ау өмір арбадай» деген еді. Сонысы дәл келіп, осы сөздерді жазғаннан аз-ақ уақыт өткенде Кеңестік шолақ белсенділердің бақылауында қалды. Шәкәрім айтады: «Бір күні қайтып келсем, өзім жоқта біреулер құлыптаулы есігімді ашып, тамағымды жеп кетіпті. Келген аңшылар ма, кім екенін білейін деп жер шолып жүргенімде ГПУ-дың екі солдаты ұстап Бақанасқа алып кетті. Менен жауапты қаладан келген ГПУ қызметкері алды, ол ақ пен қараны ажырата алатын, адамды тани білетін, шын мен жалғанды айыра білетін байыпты адам екен». Ол 73 жасқа келген қазақтың ақ жүрек ақсақалының өзінің кім екенін айтып бергеніне қанағаттанып, тұтқыннан босатып қоя берді.

Шәкәрім өлімі жайлы әркімнің берген түсініктерінен құралған зерттеулерді талдап қарағанда олардың сөздерінде алалық бар, әркім әртүрлі айтады. Олардың басым бөлігінің сөздері мынаған саяды. Жергілікті ГПУ бастығы Абзал Қарасартов шаш ал десе, бас алатын, ақылы таяз тасырдың өзі болып шығады. Ол Шәкәрімді бай, жуан, кезінде болыс болған, соны көксеумен жүрген, қажыға барған, яғни Үкіметтің жауы деп қана білген. Оның елден тыс, жападан-жалғыз жүргенінің өзіне күдікпен қараған. Оның үстіне сол жылы елді қорлықпен ұжымдастыру кезіндегі озбырлыққа шыдай алмаған, мал-мүлкінен ажырап, аштыққа ұшыраған халық бас көтеріп, оларды қорғап әр жерде сөз айтып жүрген Шәкәрімді сол көтерілістің ұйымдастырушысы деп таныған. Ауданға барып, өз талап-тілектерін қоймақ болған шаруаларды қырып-жойып, олардың

жетекшілерін ұстап, жазалауға ауданнан сол Абзал бастаған отряд шыққан. Ауданға бет алып келе жатқан Шәкәрім оларға қарсы жолығып қалады. Топ жетекшісі Шәкәрімді көре сала мылтығын кезеніп, атып салады. Олар оның атын да, тіпті сақалын да сыйламайды. Оқ тиіп жаралы болған ақын: «Мені ауданға апарыңдар» дей бергенде Қарасартовтың орынбасары Халитов деген башқұрт тағы да атады. Оқиға осылай болған дескен дерек көбірек айтылады. Кейбір деректерде екі оқты да Халитов атты делінеді.

Қазақтың айтулы перзенттерінің бірі Евней Букетов Шәкәрімді атқан Абзал Қарасартовтан таспаға жазып, сұхбат алған. Бұл сұхбаттың жазбаша нұсқасын 1979 жылы Мұхтар Мағауинге жолдап: «пайдалану үшін емес, тек қана оқып танысу үшін жібердім» деп, оқып қайтарып беруін өтініпті. Оны Мағауин тек 2000 жылы қараша айында ғана, Шәкәрім толық ақталғаннан кейін 12 жылдан кейін «Жұлдыз» журналында жариялайды.

Сұхбаттағы А.Қарасартовтың айтқан сөздерінің жерлерінен мағынасы бұзылмаған үзінді келтірілік.

Абзал: «1931 жылы мені Бесқарағай ауданында милицияның райотделі болып істеп тұрғанымда Семейге облотделге шақырып: «Сізді Шыңғыстау ауданына жіберейін деп отырмын. Онда жағдай жақсы емес. Онда ел толқып тұр. Бандылар шығып, әр жерден соған елендеп, елдің көтеріліске ыңғайланатын түрі бар. Сізді халықпенен қоян-қолтық сөйлесіп, сол елдің түзу бағыт алуына жол береді деп жіберейін деп отырмын. Ол Абайдың немере інісі Құдайберген Шәкәрімнің тұрған жері. Ол кісі тек қана Қазақстанға емес, бүкіл жер жүзіне атағы шыққан адам деуге болады. Шәкәрімнің бір ауыз сөзін жерге ешкім тастамайды. Сол Шәкәрімді ұстай білсең, тілін тауып, бабын тауып, соған жағдай туғызсаң халықты ұстағаның. Сені жібергендегі мақсат барғаннан кейін сол кісіні тауып алып, әңгімелесу керек, пікірін білу керек, жағдай туғызу керек, оның әлі бізге келешегі керек» – деді Панов деген бастық.

...Шәкәрімнің бұрыннан атына қанықпын. Ол кісінің өлеңдерін біз бала кезімізде домбыраға салып, ән салатынбыз және мен өзім сол әдебиет жағына бейім адаммын бала кезімнен.

...Біз Шыңғыстауды бауырлап, қабырғалап келе жатқанда, ол атты кісі сол тауға бет қойып жалғыз келе жатыр. Қасымда Шарабаев Әбдірайым деген бар. Сол анадайдан: «Ойбай, мынау Шәкәрім ғой» деді. Мен аттан түстім де, ол кісі де түсті аттан, сәлем беріп, қолын алып амандастым. Сосын сізді бір көруге құмар едім, іздеп бара алмай жатырмын, қызметке келгеніме көп болған жоқ дедім. Сіздің бұрынғы атағыңызды мен жақсы білемін, сыйлаймын, мен кісі жіберейін, сіз сескен-

бей, бой тартпай келіңіз, кеңінен әңгімелесейік дедім. Менен көмек болмаса, басқа жағдай болмайды, осыған сенсеңіз болады дедім. Сосын ол «жақсы» деді. Бірақ, қарағым, шырағым деп лыпылдап тұрмайды. Ол кісі өтірік айтса да, қарағым, шырағым деуге болады ғой. Жоқ, ойын бірқалыпты ұстайды ол кісі. Бұл бірінші көруім.

Соныменен бірталай уақыт өткен соң мен кісі жіберіп шақырттым оны. Инабатты, тәуір адамды жібердім.

Сосын бір күні кезекшім келіп: «Шәкәрім деген кісі келіп тұр деп айт» деп бір кісі келіп тұр, кір десем кірмейді» деді. Жүгіріп шығып әдеппенен сәлем бердім. Менің үйіме жүріңіз деп алып кеттім, екеуміз бір күн, бір түн сөйлестік. Сонда менің бетіме тура қарап бір сөйлемеді ғой. Тура өзінің бетіне қарай сөйлейді, ал енді маған қараса күллі денесімен бұрылып қасқырша қарайды да, қайтадан қалпына отырып сөйлейді. Бір күн, бір түн отырғанда езу тартып бір күлмеді. ...Маған тек «сіз» деп сөйледі. Қарағым-шырағым деген сөзді далада да, үйімде де еш жерде естігем жоқ. Әбеке де демеді, Абзал да демеді.

...Сосын, өзінің отырыс, жүріс-тұрысымен ондай адамды сирек көрген нәрсем. Сосын өзі ол кісі бір ғалым сияқты еді.

...Күз басталарда мен бандылар қолынан жараланып он бес күндей жатып қалдым. Халық көтеріліп баратқан соң, Семейден вооруженный отряд шығып атқа мініп бір ай қуды, тіпті таба алған жоқ. Шәкен олардың жүрген жерін көріп отырады да, өзінің білетін жері – мына жағы Шыңғыстың қыр беті, Шыңғыстың тауы, осының бәрін біледі. Келе жатқанын көріп отырады да, бұлар Шақпаққа келсе, олар Шыңғыс тауға барады, ал Көкпек тасқа келсе, олар Қарамұрынға барады. Міне солай әуре қылып қойған. Семейден бұйрық келді, Қарасартовтың өзі шықсын, отряд ұйымдастырсын, Шәкәрімді ұстасын деп.

...Шәкәрімді ұста дегенде тапсырма сол тірі алу ғой. Оған болмады ғой.

...Анау биіктің ар жағындағы сайға түсіп жатыр деген хабар келді. Сонсоң мен әлгі тауға таяна бергенімде сайға өрлеп тарттық. ...Қашып келгенде Керегетастың екі жағын қоршап біздің кісілер жайылып кетті. Олардың саны қырыққа толмайды, мен ортада қалып, қалғанын бөліп, Шыңғыстың мына жағынан біреуі, ана жағынан біреуі шықсын деп жібергем. ...Сонсоң тартып берген Қарамойылға қарай, Шақпақты бауырлап, мына тау ғой, алдында біздің кісі барды ғой.

...Атыс басталды да кетті. Содан олар ұйытқып қайта таудың баурайына қарай салған. Былай да кете алмады, былай да кете алмады. Сөйтіп жүргенде, астында тор жорға ат, Шәкәрімге оқ тиген. Оқ оң жақ жауырынан тиген. Атқа да оқ тиген.

...Менің көзіме іліккені – Шәкәрім келе жатты. Күн жаңа шығып келе жатқан. Жер аппақ қар. Тор жорға аттың шапшып тұрған қаны, жаңбырша жауып келеді. Теңселіп келе жатыр, теңселіп тауды өрмелеп келді де, аттан құлады. Кімнің оғы тигені белгісіз. Ол қарсы келе жатқанда атпаған, қашып бара жатқанда оқ тиген.

...Міне бар біткені осы. Мен оларды тастадым да анау қашқан бандыны қуып кеттім. Бір-екі сағаттан кейін сол жақтан оралып келсем, тор ат та өліпті, Шәкәрім де өліпті. Күн батуға төмендеп кеткен. Сонсоң анау шананы алдырып, текеметті жайғызып, киімін, барлығын жөндеп.

...Сонсоң Бақанасқа кісі жібердім. Шәкәрім қайтыс болды, өлігін алып келе жатырмын дедім.

...Сосын ертеңіне Байқошқар халқын жинап, Шәкәрімнің өлігін ортаға сәкі тақтай орнатып, соның үстіне көлденең салып, сонсоң айттым мен: Халық, кешегі құдайға қолын созған, Меке-Мәдинеге барған қажы, халықтың қадір тұтар ақсақалы, ақыны, Еңлік-Кебекті жазған Шәкәрім бұл күнде осындай халге жетті. Ажал жетті, атыста қайтыс болды. Үкіметіне қарсы қару көтеріп, осындай қаншама халықтың обалына қалып, сүйткен Шәкәрім, міне деп халыққа көрсеттім. Көрсетпесеңіз нанбайды, Шәкәрім өз ажалынан өзі өледі деп. ...Оған оқ тиеді деп те ойламайды. Сонсоң сол жерге қойғыздым.

Мен оны құдыққа тастап кетіп, оның ішінен балалары шығарып алыпты, сосын жөндеп қойыпты дейді. Онысы бекер. Олардың қайда қойғанын білмеймін. Мен өзім апарып қойғам жоқ пәлен жер деп айтуға. Өзім барып жерлеттім. Бірақ жерлеген жеріне барғам жоқ. ...Мен аңға шығып кеттім.

...Мұхтар көп адам емес, толковый бір адам жіберіп, не болмаса өзіне шақыртып өзіммен әңгімелесуі керек еді ғой. Сонда біз Мұханның барында кіріскенде бұл кісінің еңбегі баяғыда шығушы еді, мен биттей қарсы емеспін, қазір шығарса да.

...Менің мақсатым тірі алу еді ғой. Тірі алғанда мен мақтау да, орден де алатын едім органнан, оған жете алмадым ғой».

Белгілі жазушы Бейбіт Сапаралы өзінің «Қас қайсы, қаза қайсы, таза қайсы...» деген «Раббымыз бір – Күншығыс, Күнбатыста» деген кітабында жарияланған, кейіннен «Шәкәрімтану мәселелері» ғылыми-зерттеу жинағының 3-томында басылған зерттеуінде былай дейді: «Біз бұл арада Шәкәрім өліміне, дәлірек айтсақ, қасақана өлтірілуіне байланысты дерекнама материалдарды көптеп тізе берсек, 1962 жылы Семей облысы, Абай аудандық партия комитеті жанынан құрылып, төрт ай бойына тыңғылықтап жұмыс істеген комиссияға Шәкәрім өмірі мен өліміне байланысты куәлік мол мағлұмат берген 300 Шыңғыстаулық азаматтың

айғақтарын көтерген болар едік. Немесе 1931 жылы аудандық ГПУ бастығының, яғни Абзал Қарасартовтың орынбасары болған Зейнолла Оспановтың, көмекшісі Айтмырза Түңлікбаевтың, ГПУ қызметкері Мәуітхан Баймышевтің, 1928 жылдан КПСС мүшесі Балтақай Толғанбаевтың, Ниязбек Алдажаровтың, бүгінде көзі тірі көне көздердің, сұмдық оқиғаны таратып білген адамдардың ұрпақтарының бұлтартпас дәлел сөздерін көлденең тартар ма едік» дейді.

Шәкәрімнің кенже қызы Гүллардан туған баласы Фатих Насиболлаұлы былай дейді: Қарасартов жөніндегі мәселені ең алғаш болып ашық қойған – белгілі жазушы Мұхтар Мағауин болатын. 1987 жылы май айында, Қазақстан жазушыларының үлкен бір мәжілісінде, Қазақстандық партия ұйымының басшы қызметкерлері қатынасып отырғанда, М.Мағауин сөз сөйлеп, Шәкәрім мұраларын жарыққа шығаруды шешімділікпен, білгірлікпен талдап айтып, Қарасартовтың Шәкәрімді өлтірген соң, жарты ғасыр бойына қалайша қастандық жасап келгендігін нақты дәлелеулермен тарата баян еткен-ді. 1979 жылы Қарасартов қайтыс болған соң, оның ұрпақтары қабір басында «Ісінді жалғастырамыз!» деп ант беріскенін де, осы күнге шейін қалайша әрекеттеніп жатқанын сөз еткенде, қалың тыңдаушы жұрт қайран қалысқан. Меніңше, осы бір шешімді ой бөлісуден соң, Шәкәрім мұрасын қайта қарап, халыққа ұсыну ісі жанданып жүре бергендей көрінеді...

Мереке Зиятов: ...Шәкәрім атамыздың ең кенже ұлы Зиятты Қарасартов қайта-қайта аузына алып отырады. Өкінішпен, Қытайға жіберіп алғанына қандай да бір қапамен әңгіме етеді. Зияттан екеу едік. Ағам жастай шетінепті. Мен 1937 жылы дүниеге келіппін. Ал әкем сол 1937 жылы Қытайдан жиырма шақты қайраткерлермен бірге алдырылып, атып өлтірілген. Атамыздың Зият әкеткен қолжазбалары осы күнге дейін Қытайда басылым көріп жатыр деп естимін.

...Шәкәрім Зиятты Қытай асырып жіберуге мойын ұсынған. Қытай елінде Зият қайраткерлігімен, айтулы ақындығымен көзге түскен. Қазақ тілінде алғаш газет шығарушылардың бірі болған. Таңжарық ақынмен бірге түрмеде де жатқан. Осындай енді бой көтеріп келе жатқан ірі тұлғаны Қарасартовтың жала жазбалары бойынша, кейінде біздің елге алдырып, «халық жауының баласы», «өзі де халық жауы» ретінде өлтіркен.

1928 жылы Шыңғыстаудан 17 бай тәркіленді, артынша оған тағы үш адам қосылды, олар Тұрағұл Абайұлы, Халел Ғаббасов, Мұсатай Молдабаевтар, солармен 20 болды. 29-30 жылдары олардан кішірек байлардың малдары алынды. Байдың малын бағып күн кешіп отырған жұрт ашықты. 1931 жылға қарай жуа теру, ит пен мысық жеу басталып, бара-

бара адам адамды жеуге айналды. Осының нәтижесінде «аштан өлгенше, оқтан өлейік» деген ой туды ержүрек қазақ баласына. Олар тәуекелге мініп, атқа қонды. Олардың атын өкімет «банды» қойды.

Абай ауылында туып-өскен, 1939-1950 жылдары аудандық НКВД-да қызмет атқарған Тәңірберген Қырқымбаев былай дейді: «...Отыз бірінші жылдың бастапқы айларында ауқатты, жартылай әлді, қалтаң-құлтаң тірліктегі әулеттердің қолынан ірілі-ұсақты малдары күшпен тартылып алынды. Осылайша қолдан жасалған ашаршылық кезеңде Шыңғыстау өңірі жұртшылығы айрықша қырғынға, босқынға, айдауға, тонауға ұшырады. Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі бес болыс тобықтының отыз екі мың халқынан қырқыншы жылдарға небары үш жарым мыңы ғана ілініп-салынумен әрең дегенде аман ілініпті. Ендеше, бұл зобалаң қарапайым халықтың ашу-ызасын, бірлесіп бас көтерулерін туғызбай қайтсін. 1931 жылы 500 адам тізе қосып көтерілген қарсылық қалай ойрандалғаны көз алдымнан кетпес. Қарасартовша айтсақ, «Кеңес өкіметін орнатқан коммунистерді» тұтқындаған қарсылық көрсетушілердің қолында бар қаруы оны-мұны ғана, аудан орталығына жақындай бере жиырма-отыз шақты ГПУ қызметкерлерінің сақадай сай қарулардан оқ боратуларынан баудай қырқылып түсіп, астына мінген ат-түйелерінің басын кейін қарай бұра қашқан еді. Сол қуғында ГПУ жаналғыштары жол бойына атып өлтіріп қалдыра берген жазықсыз жандардың саны шексіз. Қарасартов отрядының белді мүшесі, Шәкәрімді қанқұйлылықпен атқандардың бірі, ұмытпасам, аудандық жем-шөп дайындау станциясының механигі Рахметолла Халитов деген жаналғыш белсенді болатын. Ол Шыңғыс өлкесіне жиырма бес мыңдықтардың қатарында келген еді және Шәкәрімді мүлде білмейтін. Ұлы ақын қазасы ол үшін қатардағы бір өлімдей, қажет десеңіз, Кеңес өкіметі қас жауларының бірінің көзін құртқандай әсер еткені кәміл.

Қарасартов жорта білмегенсиді, Р.Халитовты «Сонсоң Халықов деген татар бар» дейді. Әбдірайым Шәріпжановты бірнеше жерде Шарабаев деп отырудан танбайды. Қарасартовтың қандықол серігі, Шыңғыстау ауданында ГПУ қызметкері болып талай жазықсыз жандарды еш сотсыз атып тастап отырған Әбдірайым Шәріпжановты мен бірнеше рет көрген адаммын. Бойшаң, мұртты, денелі, серісымақ аңшы болатын. Шәкәрім өлімі, бірнеше ондаған адамның жазықсыз жапа шегуіне қатысы үшін, 1931 жылы сотталып, Қазақстанның 15 жылдығына орай, 1935 жылы түрмеден босатылып, Күлмен, Құндызды ауылдарында ауылсовет қызметін атқарғанын білемін».

Хафиз Төлеуқасымов: Шәкәрім Құдайбердіұлы мұрасына қатысты құрылған арнаулы комиссияның құрамында мен де бар едім. Сол жылы

«Қызыл ту» колхозында тұрған Сирақбай Досмағамбетов деген қарт ұлы ақын туралы былай деп әңгімелеген болатын:

– 1931 жылы Бақанасқа аң аулай келген Шәкәрім біздің үйде әкеме амандасып, қымыз ішіп отырғанда, үйге суыт жүрісті 3-4 адам сау етіп кіріп келді. Әкемнің мініске таптырмайтын жарау аты бар еді, соны сұрап келген екен. Сонда қажы отырып:

– Әй жігіттер! Екі жүз адаммен ауданға шауып, оның кірпішін құлатқанмен, Совет өкіметі құламайды, жөндеріне жүріндер, тыныш жатқан елге бүлік салмандар! – деп ашына кеңес берді. Мініске ат бергізбей қойды. Халықтың ертеңгі болашағына зор сеніммен қараған ақ адал адамның Кеңеске қарсы болды, «бандиттер» жинады дегені еш ақылға сыймайтын баз біреулердің сандырағы, – дегені бар еді.

Халық жазушысы Хамит Ерғалиев те бұл мәселеге өз пікірін білдірген:

1959 жылы Шәкәрім Құдайбердиев ақталып, «Қазақ әдебиеті» газетінде оның бірнеше өлеңі жарияланды. А.Қарасартовтың ақынға қаншалықты «жаны аштынын» біз сонда көргенбіз. Ол жоғарғы орындардан кірмеген есік қалдырмай, айғайын сала жүріп, ақынның өлгеннен кейінгі өмірін тағы да өшіртіп тастаған. Қарасартов Қазақстан Жазушылар одағына да келген. «Банды бастығын ақтамақшы адамдардың өздерін жауапқа тарту керек!» – деп столды соға даурыққанын өз құлағыммен естіп, өз көзіммен көргенім де бар.

1963 жылы идеология секретары Н.Жанділдин мені шақырып алып, Шәкәрім мәселесін егжей-тегжейлі тексеріп, содан қорытынды шығару үшін он екі адамнан комиссия құрылғанын, председателдігіне менің тағайындалғанымды айтты. Комиссияның құрамында Тайыр Жароков, Сәду Машақов, Жекен Жұмаханов, Академияның бір-екі тарихшысы және Семейлік жолдастар енгізілген.

...Семей облыстық партия комитетінің секретары Ә.Кәкімжанов, Абай аудандық партия комитетінің бірінші секретары К.Нұрбаев, ғалым-жазушы Қ.Мұхамедханов, жазушы К.Оразалин өздері және өздері құрған комиссиясы арқылы өлшеусіз көп көмек көрсеткенін айрықша бөле айту керек. Бұлар Шәкәрімді көзімен көрген үш жүзге жуық адаммен ауызекі әңгімелесіп, айтқандарын қағазға түсірген. Оған қоса ақын өлімінен хабардар жетпістей адамның жазба түрдегі мағлұматтарын да осы жолдастар жинастырып берді.

Ауызекі айтушылар ақынның жоғары мәдениетін, білімдарлығы мен қайырымдылығын, кісі өлтірмек түгілі біреуге тұрпайы сөйлеуді білмейтін сыпайылығын сыр етіп шертеді. Ал жаңағы көрген-білгендерін өз қолынан жазып бергендер ақынның Қарауыл оқиғасына ешқандай

қатысы болмағанын бірауыздан қуаттайды. Әрі кеткенде айтары «Шәкең заман бетін жете түсіне алмай ортадан оқшауланды» дегенге ғана саяды. ...Бұл, әрине, Қытай өтуді немесе бүліншілікке қатысуды ниет қылған адамның ісі болмаса керек.

Біз ..екі баспа табақ көлемінде қорытынды жазып, онда ақынның банды әрекетіне ешқандай қатысы болмағанын дәлелдедік. Бірақ, неге екенін белгісіз, біздің сол қорытындымыз ол кезде істің бетін оңға бастыра алмады.

Қарасартовтың Шәкәрім Қарауыл үстіндегі атыс кезінде өлді деуі шындық емес. Оның өлімі бұл оқиғадан бір ай кейін мүлде басқа жағдайда, басқа жерде, атап айтқанда, Керегетаста болған іс. Оның сүйегі Бақанас бойындағы Қарақұдыққа сол жерден апарылған. Бұл кісінің «Білмедім Шәкәрімді кім атқанын» деуі де шындық емес. Білген. Оны дәлелдеушілер көп.

Қарасартовтың қарауында чекист болып істеген А.Түңлікбаевтың өз қолымен жазып берген сөздері мынадай: Бандылар Қарауылды шауып, Олжабайды өлтіріп кеткен соң, араға үш күн салып Шәкәрім аға біздің үйге келді, қатты ауырып жатқан тоқсандағы әкемің көңілін сұрады. Сонда ол: «Қарауылдың балшық үйін қиратып, кісі өлтіргенде, жексұрын көрінгеннен басқа не шығады?... Өңшең ақымақтардың ісі бұл!» – деп бүліншілікке қатысқандарды қатты жазғырып отырды. Сонда бұның банды болғаны қайсы?... Ақын қазасына келсек, ол былай болған: «Таң мезгілі. Күздің бір бұлыңғыр күні еді. Жерді қырбық қырау басқан боқырау шағы. Күзетте тұрған башқұрт Халитов анадайдан мұнартып көрінген бір топ аттылардың бізге қарай беттегенін көрген. Осы хабар құлағына тиісімен, оларды банды деп ойлаған Қарасартов бізге бірден-ақ «Атыңдар!» деп бұйырды. Одан-бұдан мылтық атыла бастаған соң, аналар іркіліп қалды. Сол кезде іркілген топтан біреу үзіліп шығып, атының жорғасын төгілдіре бізге қарай беттеді және де қайта-қайта қол көтеріп, залалсыз адамбыз дегендей белгі берді. Жақындағанда, Шәкәрім екенін бәріміз-ақ таныдық. Бірақ «Атысты тоқтатыңдар!» деген бұйрық болмаған соң, башқұрт Халитов оны бір емес, екі дүркін атты. Шәкәрім атының жалын құша беріп, жерге құлап түсті. Бізге бірдене деуге де шамасы келмеді. Ат, түйе мінген қалпымыз, біз оны қоршап біраз уақыт үнсіз тұрдық. Бұл кезде Шәкең серіктері зым-зия жоқ болып кетті.

Қапелімде жантәсілім қыла алмай қиналып жатқан қарттың қаруын, үстіндегі киімін бұйрық бойынша жұрт үлесіп ала бастады. Қасқыр ішік, тымақ, саптама етік, сырма бешпент, шалбар дегендеріңіз бір-бірден алынып болған соң, ақ қыраудың үстінде ақ жейде, ақ дамбалымен қан-жоса боп ақ сақалды шал жатты. Сонда начальник маған:

– Әй тобықты, сен неге алмадың?... деп зекіді.

– Мен алатын несі қалды?... дегенді мен ызаға булығып айттым.

– Өзін ал! Бақанасқа жеткіз! – деп бұйрық берді. Мен түйемді шердім де, астымдағы өре киізді жайып жіберіп, соған өлікті ұзын күйінде орап, екі жерден арқанмен бунап, түйенің бір жағына екі өркеніне ілдім. Өзім түйені жайдақ мініп, Бақанасқа да жеткіздім. Маған басқа бір жолдас болысқанда да, қалың тонды түгел аударып жарыта алмадық. Біздің аса қиындықпен ойған жерімізге қарттың ұзын денесі сыймаған соң, соған отырғыздық та жүзін жасырдық.

«Мен алатын несі қалды?» дегенді ызаланып, жасқа булығып айтқаным үшін, Қарасартов маған сенімсіздік көрсетіп, мені он бес тәулік бойы гаупвахтада ұстады. Сол уақыт ішінде ол өзінің қорқытып жаздырған адамдарының бәріне «Шәкәрім бандыны ұйымдастырушы болды» дегізіп үлгерген. Гаупвахтадан шыққаннан кейін, мен де сол сарында жазуға мәжбүр болдым. Ал, Халитовты дереу басқа жаққа шығарып жіберді».

Шәкәрім тобында болған Бердеш Әзімбаев былай дейді: «Біз өз туыстарымыздан төрт-бес адам жиналып, Шәкәрім ағаның жай-күйін білгелі Шақпақтағы саят-мекеніне барғанбыз. Ағаның бір ауық аң аулап, сендермен бірге көңіл сергітейін деген тілегі бойынша шыққан бетіміз сол еді. Таң мезгілі. Күн бұлыңғыр болатын. Шәкәрім аға бұл жолы өзінің Абай сыйлаған маузерімен шыққан-ды. Бір жазықта аттылы, түйелі адамдардың шоғыры мұнартып көрінді. Солай қарай беттей бергенімізде, неше мәрте атылған оқтан секем алдық та, іркіліп қалдық. Шәкең: «Тегінде, бұлар әнеуегі бандыны қуып жүрген отряд шығар, мен соларға жолығып жөнiмiздi бiлгiзейiн, сендер осы арада аялдай тұрыңдар», – деді де, жүріп кетті. Барған бетінде екі дүркін мылтық атылды. Бүліншіліктің барлық пәлесін біздің тұқымға телігісі келеді дегенді де естуші едік. Шәкеңді атып өлтіргенін бірден сездік. Бұлар кім болғанда да оны өлтірген соң, бізді сірә да аямас дедік те, сол бетімізбен Қытай өтіп кеттік».

Б.Исабаев «Шәкәрім» энциклопедиясында оқиғаны осы соңғы айтылғанға ұқсас етіп келтіреді.

«Шыңғыстаулық толқыған жұрттың басшы азаматтары ақылдасуға Шәкәрім қажыға келеді. Қажы оларға: «Қарауылды басып алып, ондағы Совет өкіметін құлатамыз дегенге бүтіндей қарсымын. Бұл өкімет әзірге тамырын тереңге тартқан өкімет, Қарауыл құлағанмен кіндік өкімет құламайды. Ол құламаған соң сондарыңнан ерген халық қырғын табады. Сендер мұны маған айтқан жоқсыңдар, мен естігенім жоқ. Енді қайтып келсеңдер ГПУ-ге өзім ұстап беремін» деп алдынан айдап тастайды.

... Шәкәрімнен ақыл сұрауға барған Тәңірбергеннің немересі Бердеш (Фирдоуси), қажының өз баласы Зият, Абай қызы Күлбаданнан туған

Дүтбайұлы Мұхтар, Қасымбек Солтабайұлы қашып қолға түспей жүреді. Бұл адамдардың Шәкәрімге барған ішіндегі жансыздары арқылы естіді ме, жоқ, қолға түскендердің бірі соққыға шыдамай атты ма, Шыңғыстау басшылары көтеріліс иесі, бата беріп, аттандырушысы Шәкәрім қажы екен деп дабылдатады. Шыңғыстау сыртында, Шақпақтағы саят қорасында жалғыз жатқан Шәкәрімге бұл хабар жетеді. Қажы сол кезде ГПУ қолына түссе, неге ұшырайтынын, ақтық, адалдықты тыңдамасын біледі. Қашқынға айналған Зият пен туыстары қажыға Қытай асып, жан сақтауды ұсынады. Ақыры қажы оқиғаның қызуы басылып, сабасына түскенше, ГПУ-дің қолына түспеуді ұйғарып, тасаланып, жасырынады. Қажының саят қорасына барған ГПУ тобы Шәкәрімді таба алмай, қашқындарға қосылды деп жариялап, халыққа да, ресми орындарға да көтерілісті Шәкәрім көтерілісі деп атап жатады. Ай өтеді. Қасымбек, Бердеш, Зияттарға не қолға түсіп, ГПУ азабынан өлу, не шекара асып, Қытай қазақтары арасына барудан басқа жол қалмайды. Қажы «Шыңғыстаудың бір шалы Қытайға қаңғып кеп өлді дегізбеймін» деп оларға еруден мүлде бас тартады. Бірақ шекарадан қалай өтуді түсіндіреді: «Бақты арқылы ассандар, алдарыңнан әскер күтіп алуы мүмкін. Сондықтан Жетісу, Іле арқылы өтіңдер» – деп қалай өту керектігін сол маңдағы соқпақтарға дейін карта түрінде белгілеп, қағазға түсіріп береді. ...Ұлы Зиятпен, өзге туыстарымен қоштасып, несіне болсын шыдай, ауданның ГПУ-не, басқа басшылығына кездесуге беттейді. Күн таңертеңінде соқыр тұман басады. Тұман сейіле бергенде, Қарасартовтар өздеріне қарай суыт келе жатқан жалғыз атты Шәкәрімді көреді. Бұлар мылтық атады. Шәкәрім: «Атпандар, мен Шәкәріммін!» – деп дауыстап, тура жүре береді. Жақындағаны сонша көздеп атуға келеді. Келесі оқ қажыға да, торы жорға атқа да тиеді. Шәкәрім (оқ оң қолының ортан жілігін үзген) аттан құлап түскенмен, малдас құрып: «Атпандар, мен керек адаммын» депті. Бірақ, қасына кеп, қоршап тұра қалғанның бірі (башқұрт Халитов Сабыр деген) жүректен бір-ақ басады. Қажы топ қаныпезердің қоршауында шаһит өліммен жан тапсырады. Қажының атылғанын мылтық даусынан білген Бердеш, Зияттар сол бетінде Қытай өтеді».

Журналист Қорғанбек Аманжол «Егемен Қазақстан» газетінің 2008 жылғы 10 қыркүйектегі санындағы «Ұлыдан ұрпақ қалса игі...» деген мақаласында Біз бұрын Шәкәрімге қатысты зерттеп-зерделеген әдебиеттердің ешбірінде кездеспеген бір тұжырым айтады: «Өзі қазаға ұшырар алдында, қыркүйек айында Шәкәрім кенже ұлы Зиятты Идаят деген ауыл адамына қосып, шекарадан өтетін адамдармен бірге Қытай асырып жіберіп үлгереді. Қоштасқандағы ақырғы лепесі: «Менің өлігімді сен көрме, сенің өлігіңді мен көрмейін» деген сөздер болады.

Ахаттан үш жасы кіші Зияттың сонда 28-дегі кезі екен». Біз бұл жерде кейбір сәйкессіздіктерді көреміз. Бейбіт Қойшыбаевтың жазуы бойынша Шәкәрім Зияттарды Қытайға шығарып салуға бара жатқан жолында байқалып қалып, топтан бөлініп атылған. Зият Бердешпен бірге мылтық дауыс естілген соң қашып, Қытайға өтіп кеткен. Мұны Зиятпен бірге болған, түсінік берген Бердеш Әзімбаев та дұрыстайды: «Біз қажыны атып өлтіргенін бірден сездік. Оны өлтірген соң, бізді сірә да аямас дедік те, сол бетімізбен Қытай өтіп кеттік» дейді. Шәкәрім өлімі 3 қазан күні болған. Ал Қорғанбек Аманжолдың жазуынша Шәкәрім Зияттарды қыркүйек айында Қытайға шығарып салып үлгерген, содан соң атылған.

Айтушылардың сөзіне қарағанда, Қарасартовтың өзі, туыстары мен ұрпағы берірекке дейін Шәкәрімді халық жауы деп атап, ол туралы теріс пікір таратудан танбаған. 1958 жылы Кеңес Одағының прокуратурасы Шәкәрімді ақтау жөнінде шешім шығарғанына қарамастан оны ақтауға барынша кедергі жасаған.

Бейбіт Сапаралы елуінші жылдардың соңындағы Хрущев әкелген жылымықтың нәтижесінде Шәкәрімді ақтап алу мүмкін болғанда, оны болдырмай тастаған жер ортасы жасқа келген Абзал Қарасартовтың өзі екенін баса айтады: «Сталиндік қанды қырғынның белді жаналғышы өткен іске опынып, қалың қасіретке бөлену орнына, ақталар, ақ әділ жолға түсірер бағдар ұстану орнына, тапаншасын оңтайлы сойылға алмастырып, тағы да әдебиет майданының төріне шыға келеді. Әділ сарапты ой-тілектегі «әдебиеттанушы», төл әдебиетіміздегі «халық жауларынан» кірпік қақпай қорышы кейпіне енген Қарасартов «Қазақ әдебиетінің» сол уақтағы редакторы, белгілі ақын Әбділдә Тәжібаевқа бір күн бұрын телефон шалып, «Алашордашылардың» шығармаларын баспауын қатаң ескертіп, Шәкәрім өлеңдері жарыққа шығып кеткен соң, редактордың қызметінен босануына қол жеткізеді. Мұндай «құпия» күштен үрейленген өзге басылым басшылары ақынның мұраларын жариялаудан бас тарта бастайды».

Әбділдә Тәжібаев Шәкәрім өлеңдерін жариялағаны және оған алғы-сөзді өзі жазғаны үшін бас редакторлық қызметімен қош айтысты.

Республиканың идеология саласын әр жылдары басқарған Н.Жанділдин мен С.Имашев Шәкәрім мұрасына қатысты Абай елінің, Семей жұртшылығының, республика зиялы қауымының әлденеше ұсыныс-тілектерін аяқсыз қалдырып, жауып тастап отырған. Бұл жөнінде сол кездері Орталық комитет аппаратында қызмет атқарған жазушы Өтебай Қанахин мен ғалым Әбілмәжін Жұмабаевтар айтып берген.

1963 жылы Абай ауданының халқы облыс басшыларына Шәкәрім мәселесін түбегейлі шешіп беруді ұсынып хат жолдаған, ол бойынша ко-

миссия құрылып, 19 беттен тұратын қорытынды әзірленген. Бірақ оны бюрода қарауды Н.Жанділдин болдырмай тастаған.

1968 жылы Қазақ мемлекеттік университетінде болған студенттер мен зиялы қауымның қатысуымен болған қызу пікірталас кезінде Мағжанның аты аталып кетуінен секем алған Саттар Имашев бұл ардақтардың бәрінің шығармаларына қара құлып салып, архив қоймасына өткізіп жіберген.

Шәкәрімнің ақталуын қаламайтындар республика басшысы Д.Қонаевқа да бірнеше рет домалақ арыз жолдаған. Оның бірінде: «...Біз Совет үкіметін орнатушылардың алғашқыларының біріміз. Біз сол кезде кім ел, кім жау болғанын білеміз.

Шәкәрімнің би, болыс, қажы болғанын да білеміз. Алаш туын көтерушілердің бірі болғанын, Қазі деген ақ офицер өлгенде 2000 адам жинап митинг ашқанын, Совет үкіметін қаралап, Алаш партиясына беріле егіліп, өлеңмен жоқтағанын да білеміз. ...Большевиктерге қарсы ту ұстаушы болғанын да бүкіл ел біледі.

Шежіре жазып, бар қазақтың арғы тегі араб, пайғамбардың туысы деп көкігенін, халықты дін-апиынмен уландырғанын білеміз.

Шәкәрім ақындығы тек өзі үшін, өз атағын шығару үшін ғана бірдеме.

Мұхтар Әуезов те Шәкәрімге өмір бойы жиіркене қарап өткен» деп жазылған. Бұл хаттың толық мәтіні «Арай» журналының 1988 жылғы 11 нөмірінде жарияланған.

Сол жылдары мұндай қорқытып-үркіткен хаттар жазушылар Мұхтар Мағауин, Шерхан Мұртаза және Жайық Бектұровтың атына да көптеп келген. Мұндай хат Қарағанды облысында мәдени-әлеуметтік саланы басқарып отырған Қуаныш Сұлтановқа да жолданған. Ж.Бектұровқа келген хат Қарасартов Мәз деген Абзалдың інісінен келген. Онда: «Шәкәрімді жарыққа шығару деген сөз – революция жеңісі үшін қанын төккен ардагерлердің рухын қорлау деген сөз» делінген. Мәздің ұлы Мейрам Қарағандыда ақындар айтысы жүріп жатқан залда айтыстың жюри мүшесі Ж.Бектұровқа: «Сен алашордашылсың, халық жауысың, көшеде атып өлтіріп кетемін» деп бассалған. Оған Мейрамның айтысқа дайындық кезінде сахнадан: «Менің атам Абзал Қарасартов – Совет өкіметін орнатқан аяулы азамат, тамаша қайраткер, бүкіл халық басына ту етіп ұстайтын адам еді» дегенінен соң оңаша шақырып алып: «Жігітім, айтысқа қатыссаң, атаңды айтпай-ақ, ауданыңның атынан сөйлегейсің» деген ескертпесі себеп болған.

Сонымен, замана ағымына сәйкес, Шәкәрім 1931 жылы 2 қазанда елдегі шолақ белсенділердің орынсыз жаласымен және қатыгездігімен өлім құшып, мәйіті құдық түбіне тасталды. Оның бай кітапханасы өртелді. Өзі із-түзсіз жоғалдыға саналды.

Шәкәрімнің сүйегі отыз жыл бойы құдықта жатты. Тек 1961 жылы ғана ақынның баласы Ахат әкесінің сүйегін қазып алып, Жидебайдағы Абай зиратының жанына жерледі.

Шәкәрім шығармашылығын тереңдеп зерттеген «Данышпан Шәкәрім» атты көлемді кітаптың авторы, философ-ғалым Ғарифолла Есімнің сол кітабында «Әке мен бала» атты шағын ғана деректі әңгімесі бар. Онда Шәкәрімнің тәнін құр құдықтан аршып, алдына алып, сүйектерін түгелдеп отырған кезде әке елесімен сөйлесу сәті әңгімеленеді. Қысқаша мазмұны былай.

«Ойлаймын, тегі ақиқаттың өмір сүру кеңістігі аңыз ба екен деп!

Дүниеден озғандардың бәрі аңызға айнала бермейді. Аңыз адам таңдайды.

Ол заманда да ырду-дырду, ұрандау, айғайлау көп болды. Мәнісін біліп болмайтын, аттың жалында, түйенің қомында дегендей, әйтеуір таусылмайтын бір науқаншылық.

Ол кезде Шәкәрімнің мұрасы тұтқында жатқан еді. Қазір ойласақ, тұтқында жатқан Шәкәрім творчествосы емес, біздің сана-сезіміміз, түсінігіміз екен, Шәкәрім тілімен айтсақ, ойымыз «ноқталы» болатын. Бірақ оны көбіміз кезінде сезген жоқпыз, кеудеміз доғадай иіліп, өзімізше балпаң-балпаң басып күн кешіп жаттық. ...Құлдықты біз аяқ-қолға сылдыратып салынатын бұғау деп түсінгенбіз. Ойлауға, санаға түскен бұғауды өңін теріс айналдырып идеология деп даурықтық. Осындай жағдайда біздің санамызда Шәкәрімге орын болмады. Ол өз заманын тосып жата берді.

Күндердің күнінде адамдар санадағы құлдықтан құтылудың жолдарын іздестіре бастады. Бұл – елдің тәуелсіздік жолына түсуінің нышаны еді. Ұлттың ояну дәуірі басталды.

Ахат: Ассалаумағалейкүм, әке! Алдына басын иіп балаң келіп тұр. Оян, әке!

Шәкәрім: Жан балам, неге аруақ шақырдың, маған келген тықыр саған да жетті ме?

Ахат: Әке, дүрбелең күндер өтті. Ел тәніне, жанына түскен жарасын емдеуде, иншалла қазіргі күндерге шүкіршілік етудеміз.

Шәкәрім: Иә, сәт! Фәни дүниеде не сөз бар, байлық, билік кімнің қолында, ел, жер орнында ма?

Ахат: ...Доспамбет жырау айтқандай, дүниенің басы – сайран, түбі – ойран. Әйтеуір бүгін тынышталған іспетті. Қаншаға барарын кім білсін!

Шәкәрім: ...Артымда сөз қалдырған елім, ұрпағым бар еді, неліктен құдық түбінде дұғасыз көп жыл шөгіп қалдым? Менің сөзім еліме жетті ме, жоқ па?

Ахат: Сізді мерт еткендер сізді «халық жауы» деп жария етті.

Шәкәрім: Солай болатынын білгем, ал елім, қалың қазағым не деді?

Ахат: ...Сіздің мұрагерлеріңіз Мағжан, Ахмет, Илияс, Бейімбет, Жүсіп-бектер, тағы басқа көптеген ел зиялылары «халық жауы» атанып, атылды.

Шәкәрім: Қателескен екем, шығын менімен бітсін деп дүниеден өтерде дұға оқып ем?

Ахат: (Үнсіз).

Шәкәрім: ...Құлағымға шу келеді, бұл не шу?

Ахат: Әке, сіз жөнінде үлкен әңгіме болғалы жатыр. ...Артта өзіңді аңсаған қалың ел бар, солардың шуы болмаса!

Шәкәрім: Ежелден қанда бар қасиет, бірі бері, бірі әрі тартады. Менің де көпке дейін құлағымнан шу кетпес!

Ахат: Өзіңіз айтқандай, өмір – жігіттік пен жендеттіктің күресі. Тіршілікте бәрі бар, әлі көптеген ұрпақ өз өміріне өкініп өтер.

Шәкәрім: Мен өмір туралы сөз айтуға хұқым жоқ. Айтқандарымды сендерге қалдырғам. Бәрін жинап, халқыма ұсын! Әркімнің қолында кетпесін, одан басқа менде сөз жоқ.

Әке бейнесі ғайып болды».

P.S. Ғылымда мәселенің мәнін ашу үшін салыстырмалық-қисындық тәсіл қолданылады. Осы тәсілді еске тұтып, жазалаушы жақтың да, ақтаушы жақтың да сөздерін талдап, саралап қарасақ, мынадай өз қорытындымызды жасауға болады.

Алдымен айтар сөз – Абзал Қарасартовтың өз сөздерінде айтқанының жаны бар: ол бірден Шәкәрімді жау санамаған, оған құрметпен қараған, жоғарыдан алған тапсырмасы да солай болған – Шәкәрімнің лажы болса Кеңес өкіметіне қызмет қылуын, тым болмағанда үкімет істеріне залал келтірмейтіндей болуын ойлаған. Ахаттың естеліктерінде де ГПУ қызметкерлері айдалада жатқан Шәкәрімге барып, үйін жылытып, отын жарып, үйге кіргізіп беріп кеткені айтылады. Қарасартов та Шәкәрімді жете таныған, оның елге құрметті екенін білген, оның дарынын мойындаған, өлеңдерін, әндерін жаттап өскен адам. Бірақ билік нұсқауы, елдегі аштыққа байланысты адам төзгісіз жағдай, белсенділердің «шаш ал десе, бас алатын» қалпы, қолына тиген аз ғана биліктің олардың көңілін өсіріп, көкірегін көтеруге, ешкімді менсінбеуге апарып, Шәкәрімге байланысты оқиға мүлдем басқа арнаға ауып кеткен. Қарасартовтың Евней Букетовпен 1978 жылы, яғни Шәкәрім өлтірілгеннен кейін 57 жылдан соң болған сұхбатындағы өз сөзінде келтіргендей, Шәкәрімнің тәуелсіз мінезі, ешкімді «әке, көкелемейтіні», сырын бермейтіні, сөзін бағып сөйлеуі де оның «Шәкәрім болсаң боларсың» деген ойға кеткенін көрсетеді.

Шәкәрім өліміне басты себеп – өлім болған күннен тура бір ай бұрын болған Шыңғыстаудағы көтеріліс. Бұл көтерілістің бастаушыларының көбі Құнанбайдан тараған балалар болған. Оның себебі де бар, олар бай тұқымы, Кеңес үкіметі орнағанмен алдында малы үзілмеген, ауқатты топтың өкілдері. «Мал ашуы – жан ашуы» дегендей және бұрын қиыншылықты, аштықты, зорлық-зомбылықтың мұндай түрін көрмеген бұлардың қиянатқа төзбей, көтеріліске басшы болуы мүмкін-ақ. Оған мал-мүлкі тәркіленген Тұрағұлды қосыңыз. Көтерілісшілер ішінде Шәкәрім бар ма, жоқ па маңызды емес. Маңыздысы – көтеріліс басшылары Шәкәрімнің баласы және туыстары. Сондықтан және толқу кезінде оқ тиіп жараланған, он бес күндей жатып қалған Абзал Қарасартовтың Шәкәрімге өшігуі, қанының қараюы, оның көзін жоюға да тайынбайтындай жағдайда болуы да әбден қисынды. Ол – «түп» десе түкірігі жерге түспей, айтқаны болып, ауданды партия басшысы да, прокурор да емес, ГПУ басшылары жеке билеп тұрған кез. Оның үстіне Үкімет жазалаушы топтарға мүше етіп, әсіресе оларға басшы етіп, Кеңес үкіметінің идеясына әбден берілген, кедейлікті немесе басқа да қиыншылықты көп көрген адамдарды таңдаған. Олар өз ісінің дұрыстығына әбден сенген. Оған қоса бұрын билік тиіп көрмеген, «құлдан – би» болған адамдарды кім өз дегенінен қайтара алсын. Олар күн санап қатыгезденіп, қаныпезерленіп, жоғарының нұсқауын асыра орындау жолында ештеңеден тайынбауға әбден бейімделіп кеткен адамдар.

Сонымен, Шәкәрім өзі Қытай еліне кеткісі келген де болуы мүмкін, кеткісі келмеген күнде атылар күні баласы мен туыстарына жол көрсетіп шығарып салмақ болғаны анық секілді. Алдарынан қарулы отряд мүшелері кездесіп қалған соң, өзгелерді құтқарып қалмақ болып, мені өлтіре қояр деймісін деп топқа қарай Шәкәрім жалғыз беттеуі де растыққа тура келеді. Шәкәрімдерді аңдыған топ саны Қарасартовтың айтуынша қырық шақты болып, екі қанатқа бөліп жіберіліп, ортада өзі бастаған адамдар қалса, оның саны бес-алты адам болса керек. Оның біреуі – Шыңғыс өлкесіне жиырма бес мыңдықтардың қатарында келген, Шәкәрімді мүлде білмейтін, ол үшін Шәкәрім халықтың сөз ұстаған дана ақсақалы емес, өздерінің ішінде сөз болып жүргендей, қажылығына қарамастан үкіметке қарсы шығып жүрген бандылардың жетекшісі ғана деп санайтын аудандық жем-шөп дайындау станциясының механигі Рахметолла Халитов күзетте тұрған болса, «атындар» деген нұсқауды алдымен орындаған да Халитов болуы мүмкін. Шәкәрімнің тірі жатқанын көріп тағы да атуы мүмкін. Деректерге қарағанда, отрядтың басқа мүшелері де оқ атқан. Демек, Шәкәрімнің жаналғышы – сол топтың мүшелерінің бәрі. Ату жөніндегі нұсқауды орындамау ол кезде мүмкін болмаған. Кімнің

оғы тисе де, абыз дананың қанын төккендер – сол топтың ішінде бар адамдар.

Осы орайда айтуға тиіс бір нәрсе – Абзал Қарасартов өзі оқ атса да, атпаса да басты айыпты адам. Өйткені ол келе жатқан Шәкәрім екенін тани тұра атуға нұсқау берген. «Оқ артынан, қашып бара жатқанда тиген» дейді өз сөзінде, алдынан оқ жауып кеткенде кері қайырылу адамның бәріне де тән, солай болса, солай шығар, ол Қарасартовтың күнәсін кемітпейді, қайта арттырады. Өйткені қашқанда да қоймаған, қалайда көзін жойғысы келген болып шығады. Ол Шәкәрімге әбден өшіккен, өз ісін дұрыс санаған және Шәкәрімді өлтіру басты мақсаты болған. Оған тағы бір дәлел: Шәкәрім өлген соң, апарып бетін жасыруға бұйрық бергенімен, оның артын қадағаламаған, оған Шәкәрім жерленбей, ит-құсқа жем болып кетсе де бәрібір болған. Оны дәлелдеп тұрған өз сөзі мынау: «Мен оны құдыққа тастап кетіп, оның ішінен балалары шығарып алыпты, сосын жөндеп қойыпты. ...Олардың қайда қойғанын білмеймін. Мен өзім апарып қойғам жоқ пәлен жер деп айтуға. Өзім барып жерлеттім. Бірақ жерлеген жеріне барғам жоқ. ...Мен аңға шығып кеттім» дейді. Қарап тұрсақ, Қарасартов Шәкәрім өліміне титтей де өкінбеген, оның жүзі қалай жасырылады деп ойланудың орнына кетіп қалған, артын қарастырып, не болғанын сұрамаған.

Шәкәрімді жерлеуге бұйрық алғандар суық түсіп, жер тоң болып қалған кез болған соң, қиынсынып, түбінде суы жоқ құдыққа тастап, бетін азғана жасырған да қойған.

Осы орайда Шәкәрім атылғанда, Абзал Қарасартов айтқандай, астында көтерілісшілер қолында қаза тапқан Олжабай коммунистің торы жорға аты болғаны «Шәкәрім көтерілісшілерді қолдаған» деушілердің дәлелінің қисынын келтіретіндей. Оны жоққа шығарғысы келетіндердің кейбірі Шәкәрімге ол атты «Қытайға бірге жүріңіз» деп үгіттегендер алып келіп берді десе, кейбірі Шәкәрім ол атты Қарасартовқа тапсыруға алып келе жатыр еді дейді. Бұлар да қисынға келер бәлкім. Бірақ ГПУ-ге тапсыратын ат жетекте болуы тиіс еді ғой деген бір ой да қоса келеді. Анығын Алла білер, бірақ Шәкәрім қажы ұлын ұзақ жолға аттандырып тұрып, өзінің жарамды және ақылды қоңыр атын Зиятқа беріп, оның астындағы немесе жолдастарының бірінің астындағы Олжабайдың атын өзі мінген секілді. Мүмкін «бүлінгеннен алынған бүлдіргіні» өз қолымен тапсырып, қайтарда барам деген жеріне жеткізіп салуды өтінбек болған шығар... Бұл күмәннің шешімі осылайша жасырын қалғаны қалған, кезінде бұл жөнінде кім айтса да саясатқа бағынып айтқан, ал қазір олардан тірі ешкім қалмаған.

Қарасартовтың інісі, балалары, басқа да атын жазбай оны ақтап арызданғандар да жоғарыда келтірілген қисындарға мойынсұнса керек. Олар арызданған кезең – әлі Кеңес Үкіметінің дәуірлеп тұрған кезі, өз туысын кім жаман десін, намыстың шыны да, жалғаны да болады.

Осы орайда бір нәрсені естен шығармаған жөн: Шәкәрімге қарсы оқ атқандар сол кезде революция ісіне шындап сенгендер, оның идеясын қолдағандар, не істесе де өздерінің ісін дұрыс деп санағандар екені ақиқат. Бұл жөнінде Шәкәрімнің өзі «Сынау қиын біреудің сырын білмей, Кетпе өмірін, ортасын көзіңе ілмей» деп жазып кеткен. Сонымен, өткенге салауат деп, еліміз тәуелсіздік алып, кеңестік жүйеден шыққан қазіргі күнде Қарасартовтың бүгінгі ұрпақтары өздерін айыпты санай берместен, «әркім – өз дәуірінің бейнесін көрсетеді» деген қағидамен әулетке түскен таңбаны сол заман саясатының нәтижесі деп санап, бұдан былайғы кездегі өз қалпын Шәкәрім насихаттап өткен арлылыққа бағыттаса болғаны.

Шәкәрімнің нақыл сөздері

- Өткен іс ойға күнгірт, көзге танық.
- Өткен адам болады көзден таса, Өлді-өшті оны ешкім ойламаса.
- Өткен іс ойға түсер әлдеқайдан, Айтайын аз әңгіме ескі жайдан.
- Бет сұлулығы – тән сыйы болса, дауыс пен сөз сұлулығы – жан сыйы ғой. Әрине, тән сыйынан жан сыйы артық екеніне дау жоқ, бірақ бет сұлулығын әркім-ақ таниды. Сөз бен ән сұлулығын танушы аз.
- Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі – қазақтың әулиесі сол.
- Тарихта әрқашан, Адал жан өлмейтін.
- Адамның адал ұлы болам десең, Алдыменен өзіңнің нәпсіңді жең.
- Көп төбетке жетеді қайдан күшің, Құтқара алмай адалды күйеді ішің.
- Ой, тәңір-ай! Адал жардың жолында өлгеннің арманы не?!
- Адалға орын емес қазақ іші, Татты ғой соры арылмас таза кісі. Өзін асырар қазақтың өнері жоқ, Бірін бірі талайды бар жұмысы.
- Адалдың әділ жолына, Ақырын басып жет, халық.
- Талаппен адал істі істемекпіз, Тапсырдық бір Аллаға біз демекпіз.
- Анық бақ деп айтарлық үш нәрсе бар, Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек.
- Ақыл деген – денеге егулі дән, Суғарылса, кіреді оған да жан.
- Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп, Таза ақыл қосылса, Әлемнің таласын.

- Адам мен еті адал хайуандардың бәрінің де саркыты адал.
- Халалға ойламайды шыдайын деп.
- Алдап алып артынан ергізеді, Адал деп арам боқты тергізеді.
- Арамды адал десе кім болады? Қазақтың сөзі қашан шын болады?
- Өнет бабам үш жүзге мәлім болған, Адалдықпен басына бақыт қонған.
- Танысса ақын, ойшыл адамымен, Табар еді-ау адалдық ар көмегін.
- Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи, ...Ғибадат пен адалдық, ар үшін жи.
- Намыс, жігер бойыңа жиып қайрат, Қажымай адалдық жағында болыңдар.
- Дос деп жүрген кісінің көбі дұшпан.
- Адамның айуаннан айласы мол, Қит етсе қиянатқа қояды қол. Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек, – Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол.
- Әйтсе де өзге адамнан ит ілгері, Достықты ит ұмытпайды артық жері.
- Шын досың – жақсылықты ұмытпаған дос.
- Көңілі жанды өлмейді, Тәні жанды өлсе де.
- Тәңірінің таразысы тартылса әділ, Азап көрмей айламен сау қалмайды.
- Өмірдің өкінбейтін бар айланы, Ол айла – қиянатсыз ой тазасы. Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек, Таза жүрек, тату дос – сол шарасы.
- Айла таппай адастым, Қайғы артылып мойныма. Ақылымнан шатастым, Жас төгіліп қойныма.
- Келер-кетер зиян жоқ мұнан тағы, Мін болмайды наданның қорламағы, Білімділер сөгерлік ісің болса, Жоғалта бер айланын ойла-дағы.
- Түбінде менде айла жоқ, Алалға дайын мінезім.
- Сел ағызба, жай түсірме, Бұзба елдің шаруасын.
- Нәпсі жеуден жалықпас жазы-қысы, Зорлықтың мақтанмен бар байланысы, Қайтіп оны таза деп айта аламыз, айла, мақтан, зорлыққа толса уысы.
- Өзің біліп біреуге қылсаң жарлық, Асыл сол – ақыл, білім бойда барлық. Айла, өтірік, арсыздық өнер емес.
- Қиянат қылса иманын, Арамнан тапса жиғанын, Айламен төрге сыйғанын, ұлықтап бәрі қаласа.
- Айланы ақыл демей сескенелік.
- Айланы ақыл, арсыздық әдеп қой деп, Арамды алал, асылды боқ демелік.
- Айланы артық, қаруы сайы жеңіп, Мақтанып: «бар ма біздей ел?!» деседі.
- Айла күшке таянба, Болар-ау деп сол себеп.

- Мен хақиқат құрбанымын, Берді бізге сәулесін.
- Хақиқатты дәл көруге, Жан көретін көз керек.
- Ақылдың шолғыншысы – ойқұмарлық.
- Мен адамнан таза ақыл таба алмадым.
- Бар ғылымның түп атасы, таза ақылмен ойлану.
- Таза ақыл ақты барлайды, дәлелсіз сөзді алмайды, Танитын жанға кез болса, Хақиқат жерде қалмайды.
- Адамның сыртқы дене жаралысы, Нәпсісі айуанмен теңдес анық. Бөлектігі – жалғыз ақ таза ақылда, Өлің келсе жол тап та, осыны емдес.
- Көз адасты, ой тапты, көрдіңіз бе? ...Тетігі таза ақылмен өлшеп сынау!
- Айнымайтын ақ жүрек пен, Таза ақылды адамның, Таппасы жоқ өмірде, Осыны ұқ, балам.
- Ақ жүрек пен таза ақыл, Қылсаң адал еңбек, Бәрінен де сол мақұл, Артқыға жол бермек.
- Дәлелсіз сөз – соққан жел, ұшқан тозаң, Таза ақылдың алдында жоқ қой құны.
- Рух деген дінсіз таза ақыл, Мінсіздің ісі шын мақұл. Айуандағы ақыл ол емес, Аз ғана сөзім – аз тақыл, Құранды оқы нанбасаң.
- Осы әлемде барша барлық, Жанды ақылдың табысы, Нәрсесі жоқ бос қаларлық, Мейлі шөп пен топырақ.
- Ақылды жанның мүлкі – әлем, Тәртіппен өсіп таралды.
- Құбылған әлем жарысы – Ақылды жанның табысы, Басында-ақ онда ақыл мол, Мақсатты ретпен әр ісі, тереңнен ойла оңғар да.
- Жан жолдан қосылды деп пән де, дін де, Ақылды байлап қойған соған мүлде. Ең басқы зат – жаны бар, ақылды зат. Оны ойлаған адам жоқ осы күнде.
- Ашу жеңсе, адамда ақыл қалмас, Ой ойланып, орынды іс қыла алмас.
- Қазақта жоқ ақылмен ой бекітпек, Нәпсі ұнаса болғаны, бәрі бітпек.
- Оны ақылың сезеді, Неге нәпсің сенеді.
- Ескерусіз бар өмір кетсе желге, Ақыл, айла, қайратың ақса селге.
- Кім айтса да сынамай қойма, жаным, Ақылыңа сынаттып ойла, жаным.
- Ақылға сынат, сабыр қыл, Жығылмайтын дәлел тап.
- Оқуым, дінім, наным деп, Әдетке қарай айдама, Ақылға сынат әр істі.
- Сал ақылға, дұрысы не, Дәлелін тап жақсырақ.
- Надандықпен қарнымыз тоқ демелік, Біз білмеген еш ақыл жоқ демелік. «Айланы ақыл, арсызды әдеп қой» деп, Арамды алал, асылды боқ демелік.
- Еркін ақыл тіпті адаспас, Кезсе кірсіз жарқырап.
- Азат ақыл ойланбай мида жатса, Шіріп, тозып, тартқызар ол бір зорлық.

- Ақыл құсы адаспай аспандаса, Әлемде нәрсе болмас оған таса, Жеті көк жерден оңай басқыш болып, Ғарышқа қол жетеді қармаласа.
- Тағдырдың қиын, сырлы сиқырымен, Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр.
- Таза еңбекпен тағдырдан пайдаланса, Адамды сонда адам деген мақұл.
- Бірезу болма, өзімшіл, мініңді тапса, кім сынап, Аяғына бар, жығыл.
- Тәкаппар өзімшілді құдай ұрар, Ақылына бас имей шалқақтаса.
- Кімде-кім қайғы тартып, бейнет көрсе, Сұм жалғанның қылғанын бұл дей берсе, Әлбетте – бұл тағдырға наразылық, Түбі Аллаға қарсылық, ондайға ерсе.
- Келер істі жалғыз-ақ Алла білер, Ол сенің өлшеп сатар бөзің емес.
- Мақтанға салынба мансаптың тағы үшін, Нәпсіңе билетпе басыңның бағы үшін.
- Мақтанды алма ойыңа, Кек сақтама бойыңа, Барма дүние тойына, Ойнаса да у да шу.
- Ойласам барша адам – Суға аққан дөнбек.
- Жыл дегенің минут боп, Өткенін қалдым барламай.
- Өмір үш-ақ буын боп, Қуан, Суал, Көрге кір.
- Ақылға билетпеген пенде – айуан.
- Ашу келсе тұрғызбас, Артына мойын бұрғызбас, Көрінеу отқа салады, Орынды жұмыс қылғызбас.
- ...Ашусыз кісі болмайды, Ескеру керек ондайды. Қапы өткізбей қайырып, Алмағандар оңбайды.
- Ашу менен ызаға, Толы емеспін, ортамын.
- Билеп алсаң ашуды, Пайдасыз істен қашуды, – Сонда әдемі байқарсың, Аяқты қалай басуды.
- Ашу жеңсе, адамда ақыл қалмас.
- Ой құмар, өлең құмар, малға құмар, – Бұл үш құмар қоя ма мені көмбей.
- Ақылға еркін ой керек, Матаудан ойды азат қыл, Әдеттеніп ертерек, Өрісін кеңіт жылма жыл. Қырық жасымда ойладым, Жетпістемін мен биыл. Белді бекем байладым, Әдеттенді ой мен тіл.
- Жаман әдет тастауға ұнасалық, Мына мінез қалай деп сынасалық!
- Мылтық билеп тұрғанда әділет жоқ.
- Жарқанат жек көреді күннің нұрын, Күншілдің ұқсатамын соған түрін.
- Жан құмары – істемек, біліп алмақ.
- Жалқау тірі болғанмен өлгенге есеп.

- Қалай келіп барамыз деп ойлаған, Есті жас пен ескірген кәрі бар ма?
- Бұл елдің күн көргені – өтірік ант, Қазаққа алдау деген болды ғой салт. Не түзеліп, не бұзыл, лажым жоқ, Қақсап, зарлап айтты да өтті ғой қарт.
- Өзің кімсің біреуге сын тағасың, Айтқаныңмен оларға қай жағасың. Қайраттан да, қамдан да босатып ал, Сонда тура шындыққа жол табасың.
- Қамдан, сақтан, қағып бақ, бәле келсе, Бәрін құдай қылады дегенге ерме.
- Боларға ұмтыл, болмасқа қанағат қыл.
- Дос мақтайды сен жақсы көрмек үшін, Дұшпан мақтар елірте бермек үшін. Есептемей есірік елің мақтар, Көп нені айтса, соны айтып ермек үшін.
- Өзіңнен ілгерілер сүйсінерлік, Жол тап-тағы ақылды солай айда.
- Кел, байлар, балаңды оқыт, ғылым ізде, Ғылым білсең, табарсың қадір мен мал.
- Ғылым тап жас күнінде буын қатпай, Басында байқамассың дәмін татпай. Менің көрген жайымды сендер білсең, Ғылым үшін жүрер ең тыным таппай.
- Жас өтті тынымсыз, Өнерсіз, ғылымсыз. Надандық жолымен, Кеттім-ау білімсіз.
- Жер жүзі жабылғанда ғылым жаққа, Қазақ жүр құмарланып құр атаққа. Анау – қу, мынау – пысық, мен – батыр деп, Айналды бірін-бірі құрытпаққа.
- Демейді ғылым біліп жанданайын, Мақсұты мақтан іздеп паңданайын. Қанша ұқтырып айтсаң да қалыбында, Ойда жоқ жігерленіп қамданайын.
- Тірліктің түрін көрдім, Көңілдің сүйгенін бердім. Жеміс деп, білмей у тердім, Бола алмай шын ғылымға бай.
- Байладым белді бекем буайын деп, Жүректі адалдықпен жуайын деп. Талпынған мақсат іздеп мақрұм қалмас, Адамдық ғылым жолын қуайын деп.
- Қай білімді білсеңіз де, Қазір оны елге жай. Құр ішінде кеткенінше, Пайдалансын өзгелер.
- Надандық жаман ғой, Оқыған – адам ғой. Ізденіп көріңіз, ғылымды заман ғой.
- Ғылым бір кенің ғой, Ауырсаң емің ғой. Бәріңе жетеді, Таусылмас көлің ғой.
- Бар ғылымның түп атасы – Таза ақыл мен ойлану.
- Ғылымға да керек жан, Ақылсыз болса ғылым тұл.

– Шын залымға берме ғылым, Ол алар да оқ қылар. Қаруым дер, кісі атып жер, Ол ғылымды айла етер.

– Дүниені түзетуші, һәм бұзушы – бір ғылым. Әрі залым, әрі ғалым, Ел түбіне сол жетер.

– Ақылға еркін ой керек, Матаудан ойды азат қыл. Әдеттеніп ертерек, Өрісін кеңіт жылма-жыл.

– Пара алып, не қазынаның ақшасын жеп, Адалмын деп жүретін ұлықтар көп.

– Адамшылық міндетім, Айт дейді адам індетін. Еріксізбін, шын ниетім. Алды деме мазамды.

– Қиянатсыз надандар, Әулиеден кем емес.

– Ақылым еңбек істе, егінің сал, Ерінбей жерді емсең табылар мал. Партияға салынба бірлік бұзып, Желіктірме, желікпе, тілімді ал.

– Жүрегіңнің аш көзін, Жанның сырын арала.

– Тәңірі жолы – ақ жүрек, Сайтан деген – қиянат. Ақ жүректі ертерек, Ескер дағы қыл әдет!

– Ақ жүрек пен таза ақыл, Қылсаң адал еңбек. Бәрінен де сол мақұл, Артқыға жол бермек.

– Ақ тілегің іздесең, Ақ жолыңнан айрылма. Ақ жүрекке кез келсең, Өзге адамға қайрылма!

– Қырықтан соңғы иманым, Отыз жылдай жиғаным. Көп ғалымның сөзінің, Ақылға алдым сыйғанын.

– Мына көзді қалдырып, Көңіл көзін көзің қыл.

– Соқыр білмес жарық пен қараңғыны, Көңіл көзі сынасын, болса міні.

– Сайтанмен ойнас жүрегі, Пайда мен мақтан тілегі.

– Көрінгенге көз сүзбей күнін көріп, Қазақ қашан ел болар, құдайым-ай?

– «Мен де соққы жедім деп сұм дүниеден», Көп жазып ем, оныма өкіңдім мен. Ойласам, көрген бейнет, тартқан қайғы, Болыпты не біреуден, не өзімнен.

– Жаралыс жұмбағының ісі өлшеусіз, Білдім деген білмедім дегенге есеп.

– Пайдасыз бен баянсыз, қуған ісің, Түпсізді толтырам деп кетті күнің.

– Құмарлық деген бір ит бар, Жаныңа жау шын ит бар.

– Шырақтар, ең құмарың осы болсын, Алла сүйсең – Адамды сүй дегендей. Құмарың – бір, ісің көп болсын жаным, Көпке құмар, еріншек болма мендей.

– Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи, Қазаққа көз сүзбестің қамы үшін жи.

– Егін сал, не сауда қыл, малыңды бақ, Білім білмек әр іске шебер болмақ. Қолөнерден пайда қыл үйреніп-ақ, – Кетпес дәулет осы ғой әмбеге хақ.

– Жан да аяулы, жар да аяулы болса егер, Жанды аяма, жарың үшін жанды сат.

– Өлім маған өмірден мың есе артық, Жарға құрбан қылуға жан жараса.

– Сақ адам сандығын бекіте алады.

– Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек, Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол.

– Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім.

– Мал, мансап адамзатты мас қылады, Мейірімді ет жүрегін тас қылады.

– Адал еңбек, ақ пейіл, мейірім жоқ, Осы болар таза ақыл өлді демек.

– Жан тән жасар, тән жанды жарата алмас.

– Иендей болам деме, Иене ұқса.

– Басшы алса бір алманы баға бермей, Қосшы құртар алманың түп-тамырын.

– Мал, мансап адамзатты мас қылады, Мейірімді ет жүрегін тас қылады. Тәкаппар, әділетсіз залымдарды, Бағы қайтқан сорлы елге бас қылады.

– Көрмеді сынап дүние ісін, Білмеді құдірет киесін, Денеге жанды жеңгізіп, Таба алмай қойды иесін.

– Затшылдық көзін байлады, Адастырып айдады. Жан билемей, тән билеп, Ақылдың соры қайнады.

– Итпен бірге ит болған сен де төбет.

– Ақылдан адас қалмайын.

– Сайтанға беттен сүйгізбе.

– Пәленшенің айтқаны дұрыс қой деп, Жүректің таразысын жойма жаным.

– Ұят сол – аулақта ұял көргендей-ақ, Ұрлаған малың шығып бергендей-ақ. Орынсызды істеуге өлгенше ұял, «Ұят күшті өлімнен» дегендей-ақ.

– Еріншектің несі артық өліктен де...

– Тағдырың жазған ақ өлім, Құтылып онан кеттің бе?

– Тағдырдың қиын, сырлы сиқырымен, Жан тәнге, ақыл жанға ма-таулы тұр.

– Адамзат көнбей қала ма, тағдырда тартқан табаққа.

– Кімде-кім қайғы тартып бейнет көрсе, Сұм жалғанның қылғаны бұл дей берсе, Әлбетте бұл – тағдырға наразылық, Түбі Аллаға қарсылық, ондайға ерсе.

– Тумақ, өлмек, қартаймақ болмай қоймас, Қанша қызық көрсе де пенде тоймас. Сол тоймастық – дүниені жамандатқан, Сен сөкті деп тағдырды қайта жоймас.

– Тәні сау болса жаны ауру, Емдейін десең, емдетпес.

– Көңілі жанды өлмейді, Тәні жанды өлсе де.

– Жан тән жасар, Тән жанды жарата алмас.

– Жан билемей тән билеп, Ақылдың соры қайнады.

– Жан – қожа, тән дегенің жанның құлы, Нәпсі неге білмеген бұрын мұны?

– Жанымыз күннен келген нұрдан, Тәніміз топырақ пен судан.

– Талап деген бір жүйрік тұлпар сынды, Бабын таппай мінгенді қылар жынды.

– Өмірдің өкінбейтін бір айласы, Ой айла – қиянатсыз ой тазасы. Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек, таза жүрек, тату дос – сол шарасы.

– Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек – Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол.

– Екі өмірге де керекті іс – ұждан.

– Адамшылық издесең, бұл жолға түс, Алдау қылма біреуге қиянат күш! Жетілсең де жемтік жеп ел зарлатпа, Ар, ынсаптың сүйгені таза жұмыс!

– Жаба тоқып жасырған, Талайдың жардым шиканын.

– Қолы жүйрік, көзі өткір, Көңілі соқыр шабанға.

– Беті тұнық, асты ылай.

– Досы – мал, дұшпаны – адам.

– Көп бергенге қонып, аз бергенге түстеніп.

– Көзге сеніп, ойға сенбей.

– Жауға қатын, жақынға жалмауыз.

– Сырты – адам, іші – шошқа.

– Жаны – сөз, тәні – ақша.

– Жан – өзің, дене – киім.

– Сырты – бал, іші – зәр.

– Көзі бар, миы – бос.

– Жан – қожа, тән – терезе.

– Мін түзелмей түзелмес ел жұмысы.

– Көлеңкеге қарап тон пішкен жараспайды.

– Түптіге ұмтыл, тұрақты істерді қыл.

– Дәлелсіз сөз – соққан жел, ұшқан тозаң.

– Сөнген ойды жандыруға, Жан берерлік сөз керек.

– Есті адам тілін тыя алады, бірақ ешкім ойын тыя алмайды.

– Жоқ болса ыстық, жарық, қараңғылық, Біздің де мүмкін бе еді барлығымыз.

– Нәпсі үйінде байлаулы Ынсап жатыр, Мұның емін тегінде сол аша алған.

– Өлше істің ақтығын, Ынсап бар ма оңайда?

Шәкәрімнің ойлары

«Тікен ексең, жүзім шықпайды» дейді Ахмед Йүгінеки. Жақсы сөз айтсаң жақсы сөз қайтады. Жақсы сөз айту үшін бізге Шәкәрім үлгі болуы тиіс.

Шәкәрімнің әрбір шығармасынан тағылымды ой, терең пәлсапалы сөздер табуға болады. Бұл бөлімде ақынның прозалық еңбектері мен өлеңдерінен жеке ойлары теріліп алынды және өлеңдерінде айтылған ойлардың мағынасы қара сөзбен берілді.

...Мен өлең жазарда үйде болсам үстел басы тартады да тұрады. Үйдегі балалардың шуы, ойыны мені алаңдатпайды. Дағдыланған ойларым қажетті түйінінен ажырамайды. Бір істі атқарып отырып, жанама тағы бір жай, қолмен атқарылатын істі істей беремін. Жазуға кіріскенде мені ештеңе де алаңдата алмайды, тоқтамаймын. Көп өлеңім түнде жазылды. Өлеңді үйде де, түзде де, ат үстінде де, тау басында жалғыз отырып та жаза аламын. Шабытым тосыннан, бір нәрсеге әсерленген кезде келе қалады, әннің тууы да солай.

...Неге екенін қайдам, өлеңдерімді терең пәлсапаға құрғым келе береді. Өткінші өмірде бірін-бірі алдамай, адал өмір сүру дұрыс емес пе тегінде...

...Мен ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын: қағыну, шабандау, тырысу, бұртандау, жұмыстау, құр қалу, оттау, шату, үзіп-жұлу, мұқым деген сөздерді өлең тіліне көшіріп, көркем сөздің құралына айналдырдым және өзім ойдан шығарған, тіркес етіп қолданған ар сату, шолақ ой, көңіл көзі, ой құмар, жүректің таразысы, жаралы жүрек, жүрегім дертті, сұм жүрек, қайраттың босы, жаралы көңіл, улы жүрек, долы тіл, партия күйлеу, жалмаудан жалықпау, таза ақыл, тозған мін, көңіл жібі, үміт үйі, кірлі көңіл деген сияқты сөздерді өлеңдерімде пайдаландым. Мен өлең жазғанда тілімнің ұшына оралған сөнген ойды жандыру, мұңлы зар, майда ән салу, дененің соқыр көзі, қара көзі өтіп ойға, жардың нұрын жарқырату, дүние тойы, құлағы тас, жүрегі мұз сияқты соны сөздерді қолдану арқылы тосын тіркестер, терең мазмұнды ойлар таптым.

...Көңіл жаралы. Кешегі жастық шағымда, жігіт шағымда көкөрай шалғынды аралап, оның әсемдігіне қызықтап, ойнақтаған жас қозылақтарға сүйсіне қарап, күркіреп жауған жаңбырдың өзінен жабықтан қарап, табиғаттың әсемдігін қызықтап, көңілім толып отыратын болсам, бүгінде дүркіреген қозылақтай бір-бірінен айрылмай, біреуі қайда ығысса, басқасы сонда ығысқан адамдарды, тобырды көремін. Күркіреген күн қайғы әкеле жатқандай, оның күркіреуі тосыннан адамға залал келтірерлік бір нәрседен хабар бергендей, күркірей бергенше, неге сабырлы сіркіреу, адамды біртіндеп үйретіп, жылылық әкелмейді деп ойлаймын.

...Шіркін Қожа Хафиз-ай! Өлеңдеріңді оқыған сайын, қазақ тіліне бәрін бірдей аударғым, қазағыма жеткізгім келе береді. Шығыстың жыпырлаған көп жұлдыздарының ішінде сенің жұлдызың бәрінен жарығырақ, бәріне де жақын маған. Сені өзіме ұстаз тұттым. Сопылықтың терең сырларын сенен ұққандаймын алдымен. Оның күйбең тіршіліктің қорлығынан құтылу жолы екендігін сен айтып беріп едің маған. Ол оңаша қалып, адамның болмысына, жаратылысты жаратқан Алланың ақиқатына бір адым болса да жақындай түсу, рухани тазалыққа ұмтылыс екенін білдім. Ойханада оңаша қалғанда өмір тәжірибесі, білім кеңістігі ақиқатқа жеткізер деп сендім сен арқылы. Менің елден жырақ кетіп, оңашалықты, жалғыздықты қалауыма сенің де әсерің болып еді Қожа Хафиз! Махаббат деп аталар ұлы сезімнің тереңіне сүңгітім өзің арқылы. Жабыққан, торыққан сәттерімде сырласып, мұндасар серігім болдың. Өттең... көп уақытым босқа өтіп кетті-ау. Бүгін түнде сені түсімде көрдім. Ақ сәлдең желбіреп алдымда кетіп барады екенсің. Мен саған ере түсіп барамын. Шамасы... мына фәни жалғанның қызығының да мен үшін таусылып, бақи дүниеге аттанатын кезім келген болар. Рухым сен секілді асыл тектілердің жанынан табылса деп тілеймін Жаратушыдан.

...Мен алпыстың алтауына келдім. Осы күні өз замандастарымды есіме түсіріп, санамалап отырсам, тығыз араласқан, жанымды түсінетін он бесі болған екен. Соның ішінде қазір Қыздар ғана тірі. Басқасы о дүниелік болды. Ешкімге опа бермеген бұл жалған менің қатарластарымды да баудай түсіріпті. Қыздардың да тірі деген аты ғана. Кеудесінде құр сұлдері, не қылмағын білмейді.

Иә, олардың бірі «сілтесем қамшым», бірі «қашқанды ұстар құрығым», бірі «сусасам шөлімді басар жанторсығым», бірі «күйзелсем күйзелісімді басар насыбайымды үгер саптаяғым» болып еді, олар менің

малыма, не асыма қызықпаған, адамшылық қалыппен біріккен достарым еді. Олардың достығы сатусыз, қиянатсыз, есепсіз, риясыз достық екен-ау. Менің де қоршаған ортам, ағайын-туыстарым көп болғанымен, шын достың ниеті мен пиғылына мас болған бақытты күндерім солармен екен-ау!

Бұл марқұмдардың туыс-жаралысының осалы бар ма?! Әкеммен құрдас, Жуантаяқтан шыққан, «өз әкем» деп сыйлаған Байқұлақ шешен еді басы. Келін мінезден аумап өткен жаралыс иесі, Сақ руынан Қаражан, атам Қүнекеңмен түйдей құрдас, Тоғалақтың Жайық байының немерелері Усабай, Ысқақ, Текей, Топай руынан – Жобалай, Бекеңнен – Байұзақ пен Секен, Жігітектен – Әділ, Мыңғат, Әкежан, Көжекбай, ал кожалардан – бірадар Рақымберділер «ойымды айтпай біліп, ашпай көріп» жүрген жан достарым еді. Қайран достар аруағы қайда екен?!

Иә, сөзді ұзартып, сырымды аша бермейін. Заман бұлдыр, келешек бұлыңғыр. Доссыз өмір – шоғы жоқ кара көмірдей. Жан сүйеніш жоқ. Содан алдымды ойлап жыласам айыбы бар ма?! Енді дос жоқ. Қас бардай. Алда не күтіп тұр, білмеймін. Ойласам өрт шалады жүрегімді». Осы ойлар өлеңге айналды. Оның аты «Кешегі Қаражан мен Байқұлағым».

...Көкірек неге шерге толы? Неге көңіл қаяу? Ел ішіндегі шектен асқан паракорлық пен әділетсіздік, момынға зордың үстемдігі, қулық, арамдық па ауыр жан күйзелісіне ұшыратпай қоя ма?! Момынға көмектесейін, жұмысын бітірейін десең, ардан безген адамдар жолыңа бөгет болып, тек отырсаң тепкілеп шыдатпайды. Сүйер кісім, сүйенер, жанымды түсінерім қалмады. Бір ғана сыйынар құдайдан басқа түзу жол таппадым. Қулармен, елеуреген есірікпен, қайтсем алам деп жүрген айлакермен, үндемей жығатын залыммен, делдал алдампаздармен жанап кетсең абырой, санадан, яки ақтан безу керек.

...Аңшылықта да мағына жоқ. Тек көңіл хошы, таза ауада жүрдім дегенің болмаса. Салбурын ше? Айлап далада қаңғу. Рахаты да бар, бірақ, ұдайы айналысарлық іс емес. «Аңшылық – біраз күндік көңіл назы, Мұнына болар ма екен ақыл разы».

...Дүниені «сұм», «алдамшы» деп жазады біреулер. Қайғы көрсе: «жалған дүние бірде бетін, бірде сыртын береді» деп дүниенің жалғандығынан көреді. Мен де алдында осыған еріп «Мен де сұм дүниеден соққы жедім» деген кезім болды. Соған өкінемін бүгінде. Ойлап тұрсам, көрген бейнетім мен тартқан қайғыма жалған дүниенің қатынасы жоқ екен, олардың себепшісі я менің өзім, я өзім секілді басқа бір жан екен.

Тіптен менің қиыншылықтарым – сұм жалғанның қылғаны дей беру Аллаға қарсылық, күпіршілік екен. Барлығын сұм жалғанның қылғанына теліп қоюға біз өзіміз де құмар екенбіз. Сөйтіп айтып өз айыбымызды азайтып, өз жүгімізді жеңілдетеді екенбіз. «Қу өмірдің» бұларға қатысы жоқ екен!

*Тумақ, өлмек, қартаймақ болмай қоймас,
Қанша қызық көрсе де, пенде тоймас.
Сол тоймастық – дүниені жамандатқан,
Сен сөкті деп тағдырды қайта жоймас.
Бейнет көрме, біреуге бейнет берме,
Дүние – алдамшы, өмір – қу деп елерме.
Қамдан, сақтан, қағып бақ бәле келсе,
Бәрін құдай қылады дегенге ерме.*

«Дүние мен өмір».

...Біреу мақтаса қуанып, жамандаса қуаратынымыз не? Мақтаған кім, жамандаған кім, қарамаймыз да. Дос-жараның мақтаса, одан келер не пайда? Дұспан жамандаса, одан келер не бар, бәрібір ол сенің қарсыласың. Дұспан мақтаса ше? Онда оның бір есебі бар болғаны. Сені мақтап, қырағылығыңды әлсіретпек шығар, сені есерленіп елірсін, ішіңе кіріп алған соң қарусыз-ақ соғып аламын деп тұрған болар, қайдан білесің?

Осы мақтаулардан пайда, жамандаулардан зиян келе ме? Жоқ. Жүрегің әділ, ақылың таза болса болғаны. Сен қылған істі осылар сөкпесе болғаны...

«Мақтау мен сөгіс».

...Саған қаратып кім сөз айтса да ішіңнен бір сынап ал. Ол белгілі, сен үшін құрметті адам болса да сөйт. Ол сөзді бірден теріске де шығарма. Әдеп сақта, қате айтты, түсінбеді, – деме, «Былышылдапты» деп тіптен де айтпа.

Адамзат бір нәрсеге елігумен, тырысумен, алаңдаумен өмір сүреді. Содан да, қатесіз сөйлеу қиын. Абай ағам «талас», «тап» дегенде іздесең ғана ақиқатқа жетесің деген. Айтқанымды сынама деген. Менің ізіме ере берме, «сандалған түспе ізіме» деген. Күндеме де, қарғама, өз бетіңше, өз ақылыңмен жол тап дейді. Ізде, талас, тап, бәсекелес деген талаптан оңды нәтиже шығады деген.

«Міндеу мен күндеу».

...Қолымда қалам, көңілімде ой, бар қызықты, ойын-сауықты, саятшылықты осыған алмастырып, тозған мола секілденіп отырысым мынау...

Дос жоқ, салмақ салар ер жоқ, ел салмағын көтерер өзімде бел жоқ. Бәрі – пайдасыз һәм баянсыз, бәрі құрдымға кеткендей. Жоқ, сен кері кетпе, ілгері бас! Күрес! Құдайдан тіле! Өлім таяу – соны ойла, басқа қызықты қой, біреуге айла, біреуге күш сарп етіп босқа әуре болма. Кеткен келмейді, өкінбейтіндей өмір кеш!

«Өзіме».

...Басында жан мен дене екі басқа, сол екеуі қосылғанда көңіл пайда болады. Көңіл денеге бағынса, біз – тәннің, нәпсінің құлымыз, көңіліміз – жанға бағынар болса, онда біз парасат пен мейірімге жақындағанмыз. Жан бәрін біліп алуға тырысар, дене кері тартар, салмақ болар. Соған мойынсұна берсе, түбі дене жеңіп, жан шегінер. Соның қайсысына билетпегімізден біздің кім болмағымыз анықталар. Денені азықпен семіртеміз бе, жоқ, рухани нәрмен жанды семіртеміз бе өзіміздің қолда.

«Жан менен дене һәм көңіл».

...Айуанда да адамның ақылы секілді ақыл бар-ау. Тауық неге шақыратын мезгілін ұмытпайды, шатастырып алмайды? Суыр қыстың болатынын жаз біліп, ін қазып, тапқанын сонда тасиды. Құмырсқа да сол. Қозы анасын қалай адаспай табады, оның емшегін іздемей-ақ жазбастан еме түседі. Үйрек балапанын қорғау үшін өтіріктен өзі ұша алмайтын кейіп көрсетіп, басын өлімге байлайды, балапаным аман қалса екен дейді. Шегіртке өзі ұшатын ортаның түсіне қалай боялады? Мұның бәрі Алланың құдіретімен болып жатқан жан сыры емей немене?!

...Адам болып жаралған соң өз мінін өзі біліп тұрса, олай болмаған күнде мініңді тауып айтқанды қауып тұрмай, соны мойындап, түзетуге қам қылса... тауып айтқан мініңді өзгертуден тек пайда ғана аласың, түзелесің, түрленесің, өзгересің, адамшылыққа жетесің. Кемшіліксіз адам болмайды, оны өзі байқамай қалатын кез болады, соны айтқанда қателік санап, қалайда түзетуге бағыт алған адамдікі жөн. Ол адамның азаматтығының биіктігі, ақыл-парасатының молдығы, адамдығының жоғарылығы емей не? Айтылған мініңді мойындай білсең, мініңді айтқанға наразы болып қарсы шықпасаң – сол ақыл. Ол – адамдық қалпыңды сақтауға кедергі жасайтын жағымсыз қасиеттеріңді өзіңнен аулақтатуға ақылыңның жеткені, мінезділік. Егер мініңді өзің таппай, оны айтқан адамды жек көріп, ашу-ызаға берілсең, ерегіске түссең, онда болмағаны. Егер мініңді айтқан адамдікін жөн көрмесең, ашумен емес, сабырлылықпен, қарсы айтар пікіріңді дәлелімен айт. Сонда қауым саған төреші болады, кімдікі жөн екенін анықтайды.

...Адам болған соң біреуге зорлық-зомбылықтан, әділетсіз арам пиғылдан, зиянды да кесірлі іс-әрекеттерден тыйылуға бейім, ұстамды болса ғой... Керексізден аулактанып, көңілін де, жүрегін де таза ұстап, тура жолды ұстанса деймін дағы. Ар білімі деп осыны айтпаймыз ба? Біліп қана қоймай, білгенін өмірінің өзегі етіп, сол мақсатпен берік жол ұстанып жүре білсе ғой... Ары ұдайы нәпсісін жеңер болса ғой... Жүрек не нәрсеге толы болса, ауыз соны сөйлейді, адам соны істейді ғой. Адам өміріндегі сөзі, ісі, иманның, ардың қалыбы болған жүректің жемісі емес пе?! Сол себепті жүрек арлылыққа толса, оның жемісі де игілікті болмақ. Ал адамның ары нәпсіні жеңуі үшін адам көңіл қалауына шек қоя білуі тиіс. Өйткені нәпсі алған үстіне алсам, жеңген үстіне жеңсем деген тойымсыз нәрсе, ол адамды күнәһар іске итермелеуші күш. Оны шектеу ләзім дегенде осы жағын ойланамын... Нәпсісін арына, ақылына, рақымына, әділетіне билеткен адам ғана адамшылық қалпын сақтайды, көпге өнеге болады. Адалдығына басшы болған арың нәпсінді жеңсе қорлықтан құтыласың, азат боласың, еркіндікке иесің. Маңдай тер, адал еңбек, жүректің шынайы қалауы білім алуға, ғылым үйренуге, оны еңбек етіп, өз өмірінде пайдалану арқылы жан құмарын тарқатуға пайдаланса дейсің де, шіркін... Сонда өзара көреалмаушылық, күндестік, құр мақтан, кейіс, алдап-арбау бәрі кетер еді, заман түзу жолға түсер еді. Білімді, ғылым үйренген ерді адалдықпен басқартса, ел де өзгерер еді, барлық адам таза еңбек жолына түсіп, өнер үйренер еді, сонда өз тірлігінің нәтижесін өзі көріп, бейбіт, мамыражай, бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, елдіктің тұғырын биік ұстаған елге айналар едік. Адалдыққа бастайтын, арлылықты жастайтын, ар білімі оқылса, жайнаған көңілі бар, қайнаған өмірі бар, берекесі мерекесіне ұласқан ел-жұрт болар едік, қатарымыздан озық болар едік.

«Тием біреуге нахақ демесе...».

...Хақиқаттың жолын іздеуге асықпын. Жазумен күнді батырамын, ойлаумен таңды атырамын. Өмірімнің саналы бөлігі кітаптарды парақтаумен, сондағы ойларды қазбалап ақтарумен өтіп келеді. Таза ақылдың жетегіне ілесіп, хақиқат жолын табу жолы осы деп білдім. Жүрегімдегі қайғымды серпілтер, мұңымды тарқатар сырласар ешкімім жоқ кітаптар мен қаламымнан басқа. Сырласатын кісілерім азая-азая жокқа айналды, қазіргілердің ішінен жүрек көзімен көретіндерді, айтылған ақиқатқа жүрегінің төрінен орын беретіндерді таппаймын. Айналамның бәрін қулық-сұмдық, озбырлық, қанаушылық басып кеткендей. Соларды көріп қиналамын, ойланамын, қынжыламын, жүрегім қан жылайды.

Мені бүгінгі қоршағандар, кешегі күні Абай ағамды қоршағандар секілді, мен секілді күйінген жанның табиғатын танымайды. Абайды да кезінде жетерлік дәрежеде қорғаштай алмадық-ау шамасы. Ол да жалғыз болды, мен де жалғызбын... Айналамдағы теріс істерді көрмейін десем көзім бар, айтпайын десем сөзім бар, шындыққа, әділетсіздікке көзімді жұма қарап отыра беруге адамшылық арым жіберер емес. Ар, әділет, махаббат, мейірім маған маза бермейді. Және ең бастысы қайткен күнде де халқым үшін еңбек етемін деген сөз-уәдем бар, сертім бар өзіме қойған, сол сертіме адал болайын деймін. Заманды өз қолыммен түзетер едім, ол менің қолымнан келмейтін нәрсе, өйткені замана маған ерік берер емес. Менің көкірегімдегі кегім қазақтың ертеңі үшін емес өз өмірінің жайлылығы үшін оқып, қазақты жетелеудің орнына бай-манаппен бірге қанасып келе жатқандарда, әкімдерде, жуандар мен пысықсымақтарда. Елдің қаймақтай ұйыған берекесін бұзатындар осылар екен. Сондықтан айтамын дағы... Бүгін түсінбегендер ертең түсінер. Осы ғана көңілге медет. Абай ағамның да жөні осылай болып еді ғой.

...Күндегі таныс күн мен түн. Өзгеріс жоқ. Таң атады, күн батады. Кешегі істегенінді бүгін істейсің, бүгінгіні ертең қайталайсың. Қайталаып отыратын күйбең тірлік маған қол емес. Одан шығуым керек. Нәпсі жетегінде, тұрмыс жетегінде өмірім кетпесін. Абай да құлашын кеңге сермегеніне өкініп еді. Жан қалауы не дейді, соны тыңдап өмір кеш. Хақиқат ізде, ар ізде. Ұждан үшін өмір сүр. Олай ете алмасам, мен өлікке тетемін». Бұл ойлар «Қазіргі таныс күн мен түн» өлеңіне арқау болған.

...Мен өзімді қоршаған адамдарға көңілім толмайды. Неге десем, олардың бойында, жүріс-тұрысында, іс-әрекетінде, өзгелермен қарым-қатынасында кездесетін көптеген кемшіліктерін байқаймын. Олардың кейбірінің, кейбірінің ғана емес, осы іске шамасы жететінінің бәрінің дерлік мақтанқұмарлыққа салынып, ел алдында жақсы киініп, кербезденуі, шаруа қылмай, пайдалы іспен айналыспай, барды ысырап қылып, уақытын босқа өткізіп, мойнына борыш арқалап жүргенін көремін.

...Мені неге өмір, өлім, дене, жан туралы ойлар шырмап алған? Болмыстың заңдылығы мені неге тарта береді? Әсіресе өмірдің құндылығы, болмыстағы ең маңызды өміршең құбылыс – өмірдің жалғастылығының мәнділігі ойымнан бір кетпейді. Шіріген шөп тозаңға айналып, топырақтың құрамын минералдық заттармен толықтырады, оған дым яғни су мен күннің жылуы мен жарығы түссе жан кіріп көгеріп, көктеп шығады. Тозған тозаң өлген, құраған шөптің шіріген тозаңы, бірақ одан не шықты... Әлемде жоғалатын ешбір зат жоқ екен, олар өзгеріп,

түрленіп отырады екен. Соңғы шыққан шөп, өлген шөптің тозаңынан шыққан жаны бар тірлік иесі екен. Өсімдіктердің өліп, қайтадан көктеп отыруы олардың тіршілік ету заңдылығына бағынады екен.

Дене де күнде ауысып тұратын киім сияқты, ал жан ауысуы мүмкін бе? Жан ауысады дегендер бекер айтса керек. Өйткені Жан Алланың берген рухы ғой. Адам дүниеден өткенде сол жан ешнәрсеге айналмай өзін жаратқан түп иесі Алла тағаланың өзіне барса керек.

...Адамға адамшылық неге керек? Адамшылықтың негізгі тірегі – рақымшылық, мейірім емес пе?! Ендеше рақымсыз, мейірім таратпай қалай өмір сүруге мүмкін? Біреуге жаны ашып, жәрдем қылмай өткен адам құлаған бір бәйтерек емес пе?!

«Кісіге адамшылық неге керек?».

...Адастырмайтын, алдамайтын шын ақыл маған ой түсірді. Адамзат баласы тіршіліктің басты шыңы дейміз, өйткені Жаратқан Хақ өз жаратқан пендесін өзіне ұқсатып жаратқан. Сондай болған күнде ақыл, ынды, талап, ерік сияқты қасиеттерді Алла тағала адамға бермей тұра ма?! Адам сол қасиеттерді мақсұт еткен тура, таза жолына жұмсауы тиіс, осы жолмен жүруге осы қасиеттерін өте қажет, онсыз аттап баспа.

Ерік адамзат баласына Алласынан келетін қасиет. Мақсатың мен ындыныңды билеу сенің өзіңнің еркінде. Еркіндік дегенді жүгенсіздік деме, екеуі екі түрлі нәрсе. Адам өзінің еркін белгілі бір тәртіптің тезіне сала отырып, дұрыс жолды, таза жолды таңдай алады. Немесе бұзықтыққа қызығу арқылы өзінің еркін адалдық жолына емес, арамдықтың жолына, дұрыс емес мақсатсыз жолға бағыттап кетеді. Еркіндікті жаратылыс береді, оны қалай ұстану адамның өз қолында.

Таза жолмен жүруге талаптан, өзінді сол жолмен жүруге тәрбиеле. Адалдықты, тазалықты мақсат еткен жолға қарама-қайшы келетін бұзықтықтан бойынды да, ойынды да аулақтат. Белгілі бір дәрежеге, деңгейге жетсең де немесе одан кетсең де, белгілеген дұрыс мақсатыңды бұзба, одан айныма. Бұл өміріңнің жолы екіге айрылып өзендей ағар, әр жақтан әртүрлі мәселелер мен қиындықтар, азғыратын жайттар болмай тұрмас. Сол кезеңде дұрыс мақсатыңды берік ұстанып таза жолдан таймай барғаның, жетпесең де алғаның көбірек болсын. Таза, тура, адал жол деген негізгі қазыққа барар жолда бұзыққа қызықпа, ындыныңды тура жолға сал, мақсатыңды бұзба, таза жолдан тайма, тура жолға ие бол, ындынды қой. Құбылсаң, бұзылсаң, не қызығып, не именумен қайта алмай, байқамай себепке еріп жетектелсең, бұларды аттап өте алмай қалсаң, адалдығыңды жоғалтып, адамдығыңды кетіріп рухани тірі өлікке

айналасың. Осыған ермей, ақ жолмен алға бассаң, міне, сонда ғана сен шынайы еркінсің, еркінді қай бағытқа бағыттау өзіңнің жүрегіңнің шешімі. Тура жолды сезімі ояу, есті жан ғана табады.

...Жаңа ғана аяғымды басып, тілім жаңа шыққан кезде, өзім құрбы балаларды бауырымдай жақсы көріп ойнаушы едім. Балалық шақтың балдәурені көңілде титтей арамдығы жоқ пәк те періште кезең екен. Бұл да бір бақ кезеңі екен. Осы уақ шын бақтай көрініп жүргенде, біраз мерзім өткенде сол шақ артта қалады екен. Жер шұқып, өз құдығынды қазбақ болған ойыннан ересектер ойнаған «ақсүйек» пен асық қызықтырақ секілді көрінеді екен. Осы шын бақ па? Одан әріректе сұлу киініп, ән салған сымбатты бозбалалар ортасы тарта берді өзіне. Шын бақ осы ма екен? Бозбаланың дәуренді күндері қаншалықты қимас та қызықты болғанмен, одан әрідегі болыстар әмір жүргізіп, билер билік құрып, шешендер тілін безеп жатқан бақ та еліктірмей қоймайды-ау. Шын бақ осы ма әлде? Осынау кісілік құру бағында масайрап жүргеніңде дәулет деген бақтың ауылы қол бұлғағандай болады. Оған да ілескен біралуан өмір...

...Сүйтіп «бақтан» «баққа» қонып жүргенімде, бір күні құрғырдың қайдан келгенін білмеймін, «өткен өміріңді ойлашы» деген бір ой сап ете түсті. Амалсыз ояладым, сондағы ойым мынау: Мен әуелі балалыққа қызықтым, одан бозбалалықты бақ санадым. Одан әрі кісілік құрып, төрелік айтып, сөзімді тыңдатуды бақ санадым. Содан әрі дүние қуып, малға құл болдым. Себебі біріне жеткен сайын, алдыңғысы бұзылып, артқы бақ түзу сықылданды.

...Жапан дүзде ел кезіп келе жатқан бір адам бір айнаға кезігеді. Оның маңдайшасында «Шын бақыттың айнасы» деген жазу бар екен. Сол айнадан сақалы өскен, бетін әжім басқан өзін көргенде әлгі адам есінен танып, құлап түседі. Есін жинаса, жанында басын сүйеп, есін жинатып отырған бір қария кісі бар екен. «Енді айнаға тағы бір қарашы» дейді қария. Айнаға қараса, бер жақта жас балалар өзінен ересек бозбалаларға еліктеп, мен сондай болсам деп жүр. Әріректе бозбалалар өздерінен үлкендерге еліктеп серілік қуып, би болсам деп жүр. Одан әріректе балаларын аймалап, ешкіммен шаруасы жоқ, көңілдері шат ата-ана отыр. Сол кезде жанындағы қария: Ақсақал «шын бақ» сол айнаның төріндегі ата-анадағы шын махаббат пен балалардағы шын таза жүрек еді. Сол махаббат пен таза жүрек сізге де біткен еді. Соны бұзбай, қалдырмай ала жүріп, барша адам баласын өз балаңдай, бауырыңдай көріп, махаббат, ғадалат қылсаң, шын бақыт сол еді. Оны іздеп жүріп, көрген бейнет, тартқан қайғы, аңшының қанша бейнетпен іздеген аңын алғандағы қуанышы сықылды болушы еді. Сіз ол махаббат пен ақ жүректі жол-

дағы жалған атақтарға айырбастап кеттіңіз. Бұдан былайғы күніңізде осы жайт есіңізде болсын. Өкініштен пайда жоқ, өткен өтті, оны қайтара алмайсыз, – дейді. Мен ойлаймын: бұл жерде айна өткен өмір, оған көз тастаған адамның көкірек көзі. Өмір ақиқаты адамның көкірек көзіндегі ой айнасынан көрініп тұр.

«Шын бақыттың айнасы».

...Адамның еркі қайда деп өз ақылымнан өзім сұрадым. Ойлап қарасам, хақиқатым да, жаным да, қорғаным да жалғыз ақылым ғана екен. Өмірім, өмірімнің ұстанымы, сол өмірімнің бастауы болған жүрегімнің тілегі ақиқатым және сол ақиқатты мақұлдаушым екен. Адамдық, адалдық өміріме тірек болған ақыл үшін барлығын құрбандыққа қиюға әзірмін. Ақылды адам баласына беріп отырған Жаратушыға мың мадақ. Кемелдіктің иесі Жаратушым берген кіршіксіз ақылдың жарлығын, бұйрығын, бағдарын анық ұқсам деп ұмтылудамын. Жарлықты ұқпағаныма өзегім өртеніп налимын, құпияның, ақиқаттың жасырын жұмбағын шеш, әлі мен білмейтін сырларының кілтін аш деп жалынып, жалбарынамын Жасаған иеме.

Содан кейін хақиқатқа ғашық, ынтық болып, соны табуға, түсінуге ақылдан кейінгі адамның рухани қасиеттерінің бірі болып танылған ерікке жүгінемін. Хақиқатты білуге ұмтылып дертті болғанымда сол дертті ашып, шипанды бер Алла. Жазаға кіріптар қылған қылмысымды, күнәларымды кешіріп, мені аяп, өзіңнің шексіз рахымына бөлей гөр! Рахым – Жаратушының бір аты, бір сипаты, бір қасиеті. Жаратушының рахымы одан келетін тегін сый. Жаратылған пендесі рахымы шексіз Жаратушысының рахымын, мейірім-шапағатын оған сенім арту арқылы сый ретінде тегін қабылдай алады.

Өмірде адамдық қалпымды сақтап дұрыс жүруге Жаратушым жетекші болсын, сол Жаратушымнан келетін ақыл жетекшім болсын және бұған себеп сол жетекшім. Дүниеге әкелген, жүргізген, өмірге кіргізген, жылатқан, уатқан, қуантқан да сол Жаратушының еркімен болатын нәрсе.

Адамның еркі Алланың еркі емес, Алланың еркі – Адамның еркі. Жаратушының еркімен жоспарланған, еркімен болған нәрседен ешқайда қашып құтыла алмаймыз. Тумағымыз, жүрмегіміз, өлмегіміз бәрі соның еркіменен болатын әрекет. Барша адам суға аққан дөңбек сияқты, оның қайда ағып барары жоғарыдан берілген ерік, Жаратушының еркі. Бірақ Алла адамға да ерік берген, сол берген ерікті дұрыс мақсатқа қолдана білу парыз. Хақиқатты білдім деп өзім билеп іс қылдым деген ұят нәрсе, бәрі Жаратушыға тәуелді.

...Жүрекке қуаныш, көңілге шуақ, құлаққа жылылық беретін сөздерді ғана айтатын кез болса ғой шіркін... Ол – Аллаға да ұнамды, оның еркіне сай мадақ келтіреді. Жақсы сөз – пендеге қуаныш сыйлайды. Ал осы өмірге толы сөзге қарама-қайшы келетін өлімге толы да сөздер бар. Біреуге қаһарланып, қарғайтын болсаң, ол сөзіңнің періштелерге әумин болып, оғы мен сұғы сол адамға қатты тиеді. Жақсылыққа негіз болған сөзіңді, іс-әрекетіңді, мінез-құлқыңды өзіне, өзгеге қуаныш сыйлау үшін де айт.

...Ұждан ілімі рухани-адамгершілік тәрбиенің негізі. Адамның тұлға боп қалыптасуына ата-анасы, айналасы, замандасы, тәлім берер қылған ісі. Сенім белгілерін негізгі басшылыққа ала отырып ұят, шыдамдылық, аяушылық, ізгілік, әділеттілік сияқты қасиеттердің иесі бола алмақ.

Шынайы адам өзіне ғұмырлық даналық жинаған адам. Мәңгілік – не ексең, соны орасың деген өмір тәжірибесінің жемісі. Адам жанының жетістігі рухани әлемнің қазынасына құйылады. Әр адам ұждан білімін оқыса, адамгершіліктің биік шыңына жете алады.

...«Абай ағам маған неге ұрысты, қамқор ағам неге маған мұнша қатал болды» деп іштей көп ренжіп едім жастығымда. Бәріне себеп болған менің «Алпыстан ары бармандар, Андамай шал боп қалмандар» деп келетін өлеңім еді-ақ. Алғаш болыс болып сайланар кезден аз-ақ бұрын еді ол. Мен өзімше кәрілік – өмірдің өшуі, құмардың тозуы ғана емес, бар тілектің таусылуы; берері жоқ, алары ғана бар; төңірегіне түгел бөтен, сиықсыз, сүйкімсіз көрінген; өзіңе бейнет, өзгеге масыл шақ деп шынымен ақ сеніп, ойлайтын кезім еді. Абай ағам менің өзі бастаған шыншылдық, реалистік бағыттан ауытқымауымды, тым жеңілдеп, аузыма не келсе соны айта салуға бейім болмауыма қатаң талап қойғаны екен-ау сондағысы. Қайдан білейін, тек өзімдікі дұрыс деген жастық албырттықтың нәтижесі екен-ау. Артынша жиырма үшімде, бесіктен белім шықпай жатып, Абай ағаның арқасында болыс болдым. Өзінің ашуын жетім өскен мені де қатардан қалмасын деп кешіп жіберген дана ағам-ай. Сенің істеген ісіңнің ширегін де жасар алар ма екем. Бүгінге дейін тындырғаным шамалы, алда Құдай қанша өмір берсе, талаптанып, талпынып көрермін. Соның үшін оқыдым, білім қудым емес пе?! Мені бүгін қазақ қалпы, қазақ тұрмысы ғана емес, жалпы адамзат баласының тіршілігі толғандырады. Бір халық озық болып, басқалар артта болса, даму бола ма? Қазағым көзін ашса, оянса, есін жиса, бәрінен озығы ғылым-білім екенін ертерек түсінсе, бұдан былайғы бақыт – еңбекпен, күреспен келмек, шын бақыт – бостандықта, елдің еркіндігінде жатыр.

...Мен: «Адамдық борышың, ар үшін, Барша адамзат қамы үшін, Серт қылғам еңбек етем деп, Алдағы атар таң үшін» дегенді ойланбай айта салған жоқпын. Осы сертімнен өле-өлгенше танбаққа бел буып, сонан кейін барып айттым. Айтқан сертімнен айнымас адалдыққа жететін кезім келді. «Адамның маған бәрі бір, не мұсылман не кәпір» дегенде де адамның адамнан кемі, қалығы жоқ, оларды ұстанған дініне, нәсіліне қарап емес, адамшылығына, озық-қалықтығына қарап баға беремін. Осы сөзім сөз.

...Абай ағам: «Алла деген сөз жетім, Аллаға ауыз жол емес» дейді. Ол – Алланы сөз арқылы ғана сүйуге болмайды, ол азық етеді дегені.

...Қазақта менен бұрын өткен Дулат ақын: «Мал – дүниенің опасы, Жан – иманның сапасы», – дейді. Осы рас, нанымды.

...Адам туғанда кіндікті кесіп тастамағы – өмірдің тіптің-түбі сөйтіп қиылатындығын көрсетеді. Туғанда ақ бұйымға орайтыны – кетерінде кебінің сол ақ киімнен бұйыратыны. Құндақтаудың соңы – көрге кіру.

...Дүниеде нені сүйіп, неден күйсем, оның қазысы өзімнің арым мен бір құдай ғана.

...Менің арманым байлық, мансап, мақтан емес, ата ұлы болу емес, ары зор, адам ұлы болу.

...Ақылды арлыға ер адаспайсың, жылмайы сопыға жолама. Тапқыр, адал, ақ ниет адамдардың артынан ер, алданбайсың.

...Өмірдегі жақсылық та, жамандық та, жеке адамның бойындағы арлылық пен арсыздықтан, қасиет-кемшіліктерден бастау алады.

...Кемшіліктің үлкен-кішісі болмайды, оның бәрі адамдықтан айрылуға, ардан аттауға бастар жол.

...Адамда екі түрлі мақсұт бар, оның бірін тән мақсұты, екіншісін жан мақсұты дейміз. Қара басының қамын ойлап, өзімшілдік, мақтан көксейтін – тән мақсұты. Адамшылық ар мен адал еңбек іздейтін – жан мақсұты. Бастапқыны көксеген адам зұлымдық қиянатпен болса да, мал, мансап, мақтан табуға құмар болады. Соңғыны көксеген адамның адал еңбек, ақ ниеттен басқа басқа іздейтіні жоқ, ол адам баласын ала көруді, қиянат қылуды тіпті ұнатпайды.

...Арлы адам кім? Бойында ұят, қайрат, жігер, жауапкершілік, кісілік, намыс, талап, ерлік секілді асыл қасиеттері бар адам.

...Барша адам шамасына қарай, қайбірі өзі үшін, қайбірі табы үшін, қай бірі барша адам үшін жақсылық бақ іздейді. Ақыл қарауында адам толығы барша адамға бақ іздеген болады.

...Адамдардың нәсіліне, ұлты мен ұлысына қарамай, барша адам – адамзат баласы, олардың бәрі тең, бәрін бірдей көруге тиіспіз.

...Адамшылықтың негізгі тірегі – рақымшылық, мейірім. Біреуге жаны ашып, жәрдем қылмай өткен адам құлаған бір бәйтерек емес пе?!

...Басқа жұрт, әсіресе өзіміз, қазақты – надан, білімсіз, өнерсіз, мәдениетсіз дейміз. Өнерсіз надан қалғанымыз рас. Бірақ ешкімнен кейін де емеспіз.

...Адамның таза ақылы, ақ жүрегі, мейірімі, ынсабы басын қосса, адам баласы дұрыс өмір сүрмек. Бұл қасиеттер біріксе, өзімшілдік, мансапқорлық, мақтан, өтірік, зорлық, мейірімсіздік, қара ниеттілік деген қылықтарға орын қалмайды. Бұл қашан болады дегенде, адамзат баласының санасы өсіп, дамып келеді. Аң заман, ағаш заман, тас заманнан өтіп, бүгінгі қоғам қандай өскен болса, ертеңгі болашақ бүгінгіден де жарқын болады. Адам санасы өскен сайын таза адамдар көбейеді, жаман әдет қала береді, әділет үстемдік алады.

...Ұждан ілімі рухани-адамгершілік тәрбиенің негізі. Сенім белгілерін негізгі басшылыққа ала отырып адам ұят, шыдамдылық, аяушылық, ізгілік, әділеттілік сияқты қасиеттердің иесі бола алмақ.

...Шынайы адам өзіне ғұмырлық даналық жинаған адам. Мәңгілік – не ексең, соны орасың деген өмір тәжірибесінің жемісі.

...Мен өзімнің елімнің ертеңі үшін қайғырып, мұнайғанымды, жанымды жегідей жеп азаптанатынымды неге бұлдайын?! Қайта артымда қалған елім ешкімнен кем болмау үшін менің айтқанымды түсінсе, бойына сіңірсе деп жазып жүрмін ғой...

...Әйтеуір бір өлім хақ. Өлсем жылама, туған жан өлмей тұра ма, жер қояр кімді жалмамай, – дейтінім содан ғой.

...Хақиқатты адам бас көзімен емес, ақыл көзімен, көңіл көзімен көреді. Адам өмірінде қателесіп, адасқанымен, әйтеуір бір хақиқатқа жетеді. Хақиқатты табу – Ақ жүрек, Адал еңбек, Таза ақыл арқылы ғана келеді.

...Хақиқатты түсінуге ауылы алыс, жүректері жабық жандарға шындықты ұқтырамын деп уақытымды құр бекерге өткіздім. Олардың көздегені хақиқат емес, осы дүниенің мал-мүлкі, оған мастану негізгі мақсаттары сол болғандықтан алтыннан да қымбат шындықты аяққа таптады.

...Хақиқат жолы – тура жол, онда қайғы тұрмайды. Қайғы да, рахат та бос нәрсе, онда ешбір тұрақтылық жоқ. Адам өмірінде біресе қайғы, біресе рахат алма-кезек ауысып отырады. Бұл – өмірдің қалыптасқан өзіндік заңдылығы, адам өмірінде алмасып көрініс тауып отырады. Бұл ұғымдар баянсыз хәм тұрақсыз.

...Азат ақыл, еркін ақыл ешқашан адастырмайды, ол үшін ақыл-ойыңның өрісін тарайтпа, кеңейт.

...Менің бір байқайтыным, тәңірі жоқ деп отырғандар: «Жасасын пәленше!», «Жасасын пәленшелер!» – дейтіні несі? Мұнысы бұйрық па? Әлде тілек пе? Егер бұйрық болса, кімге бұйырады? Тілек болса, кімнен тілейді?

...Шындықты білу мен оны іске асыру ақиқатқа жетелейді, білген нәрсені іске асыру сол ақиқатпен, сеніммен бірге өмір сүруге жетелейді.

...Көп мисызда болмайды ой, Бұл не қылған ел еді?!

...Нәпсінің сенгені – у. Қуаныштың да, қайғының да түбі – у.

...Өткен адам болады көзден таса, Өлді-өшті оны ешкім ойламаса.

...Көп төбетке күшің жетпей, адалды құтқара алмай ішің күйеді.

...Қазақ іші адалға орын емес, соның азабын соры арылмас таза кісілер татып жүр. Өзін асырар өнері жоқ қазақтың бар жұмысы бірін-бірі талау.

...Ақыл – денеге егулі дән, оны суарып тұрса, жаны кіре береді. Осыны түсінбегендер алдап алып артынан ергізеді, адал деп арам боқты тергізеді.

...Арамды адал десек кім болғанымыз?

...Малды мақтан үшін емес, жан үшін, ғибадат пен адалдық, ар үшін жиса игі еді.

...Адамның айласы айуаннан мол болса, қиянатқа қол қояды. Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек, осы төртеуін ұстанған адам – шын адам.

...Наданның қорламағы мін болмайды, одан келер-кетер зиян жоқ. Ал білімді адамдар сөгерлік ісің болса, онда ойлан...

...Нәпсінің мақсаты – жеу, ол жеуден жазы-қысы жалықпайды. Зорлықтың мақсаты – мақтан. Нәпсіге ерген, айла, мақтан, зорлыққа уысы толы адамды қайтіп таза деп айта аламыз?!

...Біреуге жарлық қылсаң өзің оның дұрыстығына, әділдігіне сенімді бол. Бойда ақыл, білімнің барлық барлығы содан көрінеді, айла, өтірік, арыздықтан емес.

...Иманына қиянат қылса, жиғанын арамнан тапса, төрге озуы айламен болса, оның несі адам?!

...Айланы ақыл демелік, одан сескенелік, жоламалық. Айланы ақыл, арыздықты әдеп санап, арамды алал, асылды боқ деген жарамас.

...Хақиқатты дәл көруге көре білер көз керек.

...Таза ақыл ақтың жақтасы, ол дәлелсіз сөзді нанбайды, соны танитын жанға кез болса, онда хақиқат жерде қалмайды.

...Адамның сыртқы дене жаралысы айуанмен теңдес, одан бөлектігі – жалғыз ақ таза ақылда, әлі келген кісі жол тауып, осыны емдессін.

...Ақ жүрек, таза ақыл, адал еңбек, ең мақұл іс – осылар.

...Дәлелсіз сөз – соққан жел, ұшқан тозаң, оның таза ақылдың алдында құны жоқ.

...Ақылды жан құбылған әлем жарысында табысқа жетеді. Онда ақыл мол, әр істі мақсатты реттеп, тереңнен ойлайды.

...Ашу жеңсе, адамда ақыл қалмайды, ондай адам ой ойланып, орынды іс қыла алмайды.

...Ескерусіз бар өмір желге кетсе, ақыл, айла, қайратың селге ақса – өкініш.

...Оқу, дін, наным-сенімді әдеттегі бір іс деме, ақылға сынат қашан да.

...Дұрысы не екенін ақылға сал, жақсырақ дәлелін тап.

...Надандықпен қарнымыз тоқ, біз білмеген еш ақыл жоқ дегеніміз жөн емес.

...Өзімшіл, бірезу болма, кім мініңді тауып дұрыс сынаса – аяғына жығыл.

...Мансаптың тағы үшін мақтанға салынба, басыңның бағы үшін нәпсіңе билетпе.

...Ойыңа мақтанды алма, бойыңа кек сақтама, дүние тойы ол емес.

...Өмірді үш-ақ буын сөзбен түсіндірсе болады: қуан, суал, көрге кір.

...Ақылға билетпеген пенде – айуан.

...Ашу келсе тұрғызбайды, артына мойын бұрғызбайды, көрінеу отқа салады, орынды жұмыс қылғызбайды.

...Ашу жеңсе, адамда ақыл қалмайды.

...Мені көмбей қоймайтын үш құмар бар: ой құмар, өлең құмар, малға құмар.

...Ақылға еркін ой керек, ол үшін ойды матаудан азат ете біл, оның өрісін кеңіте жүр. Қырық жасымда осы ойды ойлап едім, қазір жетпіске келдім, сол ойға тоқтадым.

...Жан құмары деп істемек, біліп алмақты айтады.

...Өтірік ант беру, алдау, бұл елдің күн көргені – осы болды ғой. Түзелсең түзел, бұзылсаң бұзыл, қақсап айтып отырудан басқа қартыңның қолынан не келеді.

...Біреуге сын тағарда өзің кімсің соны біл, Оларға сын айтқаныңмен жақпайсың, қолыңнан келсе қайраттан да, қамдан да сынағаныңды өзің түзе, сонда тура шындыққа жол табасың.

...Бәле келсе, бәрін құдай қылады дегенге ермей қамдан, сақтан, қағып бақ.

...Боларға ұмтыл, болмасқа қанағат қыл.

...Жас күнінде, буын қатпай тұрғанда ғылым тап, дәмін татпай байкамассың, байқай алсаң маған ұқсап тыным таппай іздеумен жүрер ең.

...Жер жүзі ғылым жаққа бағыт алғанда, қазақ құр атаққа құмарланып жүр. Анау – қу, мынау – пысық, мен – батыр деп бірін-бірі құртпаққа айналды.

...Қазақ ғылым біліп жанданайын демейді, мақсұты мақтан іздеп паңданайынға дәлірек келеді. Қанша ұқтырып айтсаң да, жігерленіп қамдану ойында жоқ.

...Белді бекем буайын, жүректі адалдықпен жуайын деп талпындым. Мақсат іздеп талпынған, ғылым жолын қуған мақрұм қалмас дедім.

...Қай білімді білсеңіз де, оны елге жая жүргенді дұрыс деймін. Құр ішінде кеткенінше, өзгелер пайдалансын.

...Тәңірі жолы – ақ жүрек, сайтан деген – қиянат.

...Шырақтар, ең құмарың Алланы сүю болсын, Құмарың – бір болғанмен, ісің көп болсын, ісінді орындауға еріншектенбе.

...Адамшылық іздесең, алдама, біреуге қиянат күшін жұмсама. Ар, ынсап таза жұмысты сүйеді, қаншама жетілдім десең де жемтік қуып елді зарлатпа.

...Досы – мал, дұшпаны – адам.

...Көп бергенге қонып, аз бергенге түстеніп өмірің босқа өтпесін.

...Көзге сеніп, ойға сенбей жүргенің арыңа сын.

...Жауға қатын, жақынға жалмауыздар сенсіз де көп.

...Жаны – сөз, тәні – ақшаға айналғандар жетерлік.

...Сырты – бал, іші – зәр сөзден аулақ бол, алданба.

...Көзі бар, миы бос адамды аяймын.

...Көлеңкеге қарап тон пішкен жараспайды.

...Сөнген ойды жандыруға, жан берерлік сөз керек.

...Есті адам тілін тыя алады, бірақ ешкім ойын тыя алмайды.

...Нәпсіңді ынсапқа байлат.

...Сөзін тындап тұрсаң, қазақтың жаманы жоқ, ісін қарасаң жаманнан аман жоқ. Бірігіп іс қылатұғын, түзелер ниеті жоқ. Жуанының қылғаны – зорлық, қулық пен ұрлық, момынының көргені – қорлық. Осыдан кейін қайтіп ел болайық?!

...Жарлылар, жалаңдама, ойланыңдар, кер кедей, кежірлікті қуыңдар бойларыңнан. Бойың жалдағанша, ойың жалда, өнбесті қуып босқа әуре болма.

...Жас басыңнан көрінгенге құмар болудан сақтан, еріншектікке бойды үйретпе, аз ойнап, көп ойла, сонда жастық бойдан серілгенде өкінбейсің.

...Ұлт саналы болса – бақытты, ал санасыз болса – сор.

...Ақиқат, ар-ұждан, шын иман – адаспайтын айқын жол.

...Зұлымдық пен айла – тән қамы.

...Ындыны тазалар аз, онысын жасырады, жұрт білмейді деп ойлайды.

...Алла адамның електен өткізеді, бірісі де өтпей қалмайды, бәрі өтеді. Сондықтан да ырысыңды сорға сатпа, уақытыңды бос кетірме, на-дан болма ғылым қу.

...Бар нәрседен бар қылу адамның да қолынан келеді, жоқтан бар қылу сипаты Аллаға ғана тән, оған адамның ақылы жете бермейді.

...Пайғамбарымыздан сахабалар: «адамның ең жақсысы кім?» дегенде: «көпке пайда тигізген кісі» деп, «ең жаманы кім?» деп сұрағанда: «көпке зияны тиген кісі» деген екен. Әлбетте, ақылға да солай, енді біз соның бәрін біле тұра, көпке пайда қылмақ былай тұрсын, көпке зияны тиетұғын әлденеше түрлі бәлені шығарып, елді бүлдіріп, жастарды соған үйретіп, артымызға жамандықтың ұрығын егіп, дүниеге бір көзіміз тоймай, көңіліміз толмайтұғын ынсапсыздық қайда апарады?

...Осы дүниеде көзге ілінбейтін кішкентай жануарлардан бастап адамдарға дейін бәрі хәм нәсілдерінің жақсылықта болып өсуіне қам қылады. Мұны – барлық таласы дейді. Бұл – жаратылыстың берік жолы. Сондықтан барша адам шамасына қарай, қайсыбірі өзі үшін, қай бірі табы үшін, қай бірі адам барша адам үшін жақсылық пен бақ іздейді. Ақыл қаруында адам толығы барша адамға бақ іздеген болады.

...Адамды түпкілікті бақытқа жеткізбекші болсақ, біліп жаратушы ие бар, өлген соң да біртүрлі өмір бар деген жолдың шын-өтірігін білуіміз керек. Егер шын болса, соның да қамын ойлап, адамдарды түпкілікті бақытқа жеткізу үшін, егер өтірік болса, соған әуреленбей жалғыз ғана осы дүниенің қамын қылу үшін, олай болса бұл екеуін қалай тексереміз? Оны тексерушінің әр түрлі діндер жайынан, әр түрлі ғылым жайынан әрбір білімділердің сол туралы айтқан сөздерінен хабары болуы керек.

...Өмірдің басы – бала, ортасы – адам, қартайдың – шамаң кетеді, осы үш-ақ ауыз сөзбен бүкіл өмірің тәмәм. Яғни – өмірдің басы – балалық шақ, ортасы – азаматтық есею, соңы – қартайған кез, шалдыққа жету, өлімге қарай аяқ басу.

...Жалғыз жарға табынған мендей пенде бар ма екен?! Жар дегенім қыз емес, Жаратушы ие ғой. Сол жар ғой менің ғашығым. Шындықтың құпиясына қол сұғу, оны сен ақылмен түсінбейсің, оның табиғаты сезім, ынтық, құмар болумен шектелмей, бүтін болмысқа айналмақ. Бұл әрбір жеке адамның басына түсетін хал, бірақ мұндай терең халге түсетін де, түспейтін де адамдар болуы мүмкін. Ғашықтық дегенге қалыпты жағдаймен қарағанда, оның дертінен шыға алмай қалатындай хал көп. Хақиқаттың шын нұрына бөлену – ол басқа. Ол – тазалықтың көрінісі, ол сезім ешбір қиынға бағынбайды.

«Менің жарым қыз емес, Хақиқаттың шын нұры». Осындағы «жар» сөзінде екі мағына бар. Еуропада «жар» деген сүйікті әйелге арналған сөз, Шығыста да көбіне солай қолданыла береді. Аты белгілі шайырлардың өзінде солай. Бірақ, кейбірінде «жар» дегенді «Жаратушы» деген мағынада айтады. Менің алып отырғаным осы мағынада. «Жар – хақиқат» дейтінім сол.

...Осы ақиқат-хақиқат сөзінің бір өзіне қаншама сөзімді арнадым. «Хақиқат айтсам адамға, Білмеймін кімнің тындарын», «Хақиқаттан басқаға бас ұрмаймын», «Хақиқатты танитын баста ми жоқ, Ондайлардың сау емес анық дені», «Хақиқат Жар нұрына қанса біреу, Оның жаны өлмейді балгаласа», «Асық Жарды таптым деп, Хақиқатқа нанған күн», «Бүгін тауып тілегенді, хақиқатқа көңіл сенді», «Хақиқаттың қымызын, Ішіп бүгін мас едім», «Қанша жарық нұр құйсам, Хақиқаттан сыр құйсам», «Хақиқатты дәл көруге, Жан көретін көз керек», «Хақиқатқа көрмедім бір, Өз бойымды сынаттып», «Хақиқаттың тарауы, Түгел жетпей қалмайды», «Арға ие басшының соңынан еріңдер, Таң артынан хақиқат күн шығады», «Хақиқат жерде қалмайды, Жалғанға сатпас шыныңды», «Айла алдау өзіңізге, Шын хақиқат қонбады», «Мен хақиқат құрбанымын, Бізге берді сәулесін». Міне, бір айтқанда осыншама бар екен. Өз ішімнен шыққан сөздерім ғой.

Хақиқатты тану оңай болсын ба?! Адам оны бас көзімен емес, ақыл көзімен, көңіл көзімен көреді. Керек болса адамзат баласының санасын осы ақиқатты тануға ұмтылысымен белгілейді. Ақиқат деп атының өзі айтып тұрғандай, қарап тұрсаң, ананікі де дұрыс, мынанікі де дұрыс. Оның ішінен кім ақиқатқа жақын қайдан білесің. Оны тану үшін білім де, тәжірибе де, түйсік те керек. Ол үшін ақылың озық, ұжданың биік, адамшылығың жоғары болуы керек. Кімдікі өтірік, кімдікі шын онсыз қайдан айырасың?

Адам өмірінде қателесіп, адасқанымен, әйтеуір бір хақиқатқа жетеді. Хақиқатты табу – Ақ жүрек, Адал еңбек, Таза ақыл арқылы ғана келеді. Мен бұған кәмілмін.

...Өмірлік мақсатым хақиқат жолы деп біліп, жүректің кірінен, күнәсінен арылып, таза ақылдың жолымен Жаратқанға шексіз сезім білдере жүретіндер «Жар нұрына», Алланың хақиқатына бөленеді. Қамшының сабындай қысқа ғұмырдың өткінші «қуанышына», дүние-мүлкіне елігіп кетпеген адам – Алланың хақиқатын таныған адам. Өлім сені күреске шақырып тұрған бір балуан іспетті, одан бір күні жеңілесің. Аллаһтың сипатын нұрға теңеп, оны Алланың шындығының жарығы

деп елге айтсам, куәлік келтірсем, олар нұрды таңдаудың орнына дүние-мүлкіті артық көріп, бұл дүниенің қызығынан бас тарта алмай нәпсіге ереді, бұған не дерсің?! Онымен қоймай, мені жамандап, сөгіп, өтірікшінің қатарына қосқысы келеді. Олардың қарап тұрып, көре алмайтын, естіп тұрып, түсіне алмайтын соқыр, түйсіксіз адамдар екенін ұқтым. Осылайша жүректері шындықтан алыс, дүниенің тірлігін, машақатын мақсат етіп жүректері әбден қатайған жандар Жардың нұрын алмады, қабылдамады. Хақиқатты түсінуде ауылы алыс, жүректері жабық жандарға шындықты ұқтырамын деп уақытымды құр бекерге өткіздім. Олардың көздегені хақиқат емес, осы дүниенің мал-мүлкі, оған мастану негізгі мақсаттары сол болғандықтан алтыннан да қымбат шындықты аяққа таптады. Жардың тарапынан келетін хақиқат мен үшін қымбат, өйткені өмір беретін шындық сонда. Таза ақылға кенеліп алып, олардың жалғандығын әшкерелегенде ескі күнәлі, шындығы жоқ дүние жоғалады, ал былай ойласам, жоғалған жалғандар қайта шығады. Бұл өмірдің заңдылығы. Ақ пен қараның күресі. Өмірдің негізгі мақсаты – хақиқатты іздеу, соны тауып алу. Нәпсіге еріп құл болсаң, өмірің опат болады. Өмірдің соңғы аял ететін жері – өлім, жыласаң да, күлсең де одан қашып құтыла алмайсың, қыдыр дарыған, бақ қонған жан болсаң да ол суалып, жоғалады, одан да хақиқатты ойла.

«Сұраған жанға сәлем айт».

...Жетпіске де келіп жеттім. Әкемнен екі есе көп өмір сүрдім. Көрмегенім жоқ. Бүкіл өмірім адамды сынау, адамзат табиғатын зерттеу, солар қайтсе бүгінгі қалпынан жақсы болар деп келдім. Енді бүгін шаршадым. Адамдардың бәрі түгелдей болмаса да, басым жағы түзеуге келмейді екен. Сөзіңді ұқпайды екен. Айтқаныңды елемейді, жазғаныңды оқымайды екен.

Адам! Мен сізді өлеңдерім, сауалдарым арқылы сынап көрдім, сондағы көргенім көңілімді қалдырды: надандығың айуаннан да төмен екен. Ит сияқты, артысты-тартысты, алыс-жұлысты өнерім деп біледі екенсің. Осындай жағымсыз мінез-құлықты, қасиеттерді серік етіп, өз араларыңда тыныштық, бірлік, береке жоқ өмір кешеді екенсің. Сенің көбінді көргенде ит болып үргім келеді, сендерден солар тәуір көрініп кетеді. Өйткені бір нәпсісі үшін арлылықтан аттай салатын ит мінезді көрсетіп, бір-біріңмен итше алысып-жұлысып, оп-оңай тартысып жүреді екенсіңдер. Неге бұлай болдыңдар! Не жетпейді сендерге адамша өмір сүруге?!

Осының бәрі нәпсіге еріп, құлқынның, тән құмарлықтың құлы болғаныңнан. Арамдықпен, көзің тоймас сарандықпен дәулет жиған, осы жағдай арқылы тек осы дүниенің ғана қамын ойлап, ертеңгі о дүниенің

игілігі туалы ойланбаған сені көрдім. Осы ақылсыздығыңнан өкінішпен өлетініңді білмейсің, әлі де қайт, о дүниенің жағдайын тірі күйінде күйтте!

Өзімді жұрттың алдымын демеймін. Мен де екі аяқты пендемін. Бірақ, жасымнан білімге, танымға құштар болдым. Өмір сырын, өлім сырын, хақиқатты білуге тырыстым. Сөйтіп нәпсімді тыйдым, оның басын шабуға әлімді жеткіздім, нәпсім маған билігін жүргізе алмайтындай еттім. Қанағаттың дәулетін таптым. Қиыншылыққа да, баршылыққа да. Жоқшылыққа да, тоқшылыққа да сабырменен төзуді үйрендім.

Осы өмірдің өткінші, алдамшы екенін түсіндім. Жүрегімді хақиқаттың иесі Аллаға беріп, өмірімді соған арнадым, сол себепті, сен, қазағым мені қорқыта алмайсың, мені ажал да қорқыта алмайды, өлім мен үшін ұтыспен тең. Осы азапты өмірде болу, оған төзу үшін арақ (ақыл) керек адамға. Ақылға кенеліп, тұрақсыз, баянсыз, өміріме пайдасы жоқ нәрселердің бәрінен бас тарттым. Өліп, өзге өмір сүрем. Олай дегенде, нәпсінің құмарлығы үшін сүрген өмірімді кештім, енді нәпсінің билігінсіз, Алла тағаланың өсиет-бұйрығы бойынша өмір сүремін дегенім. Жердің бетін топан су басқанда Алла тағала Нұх пайғамбарды адамзат ұрпағын жалғастырсын деп кемеде аман алып қалған.

Ақылды басшылыққа алып, үнемі ақылдың жетегінде хақиқаттың сыры туралы ойланып «мас боп жүрем». Қай адам болса да, ақыл берсе, ақыл берсе, онымен сырлас, дос боламын. Ақыл арқылы шатақ діннің шындығын көрсетем. Ақылға кенеліп, ақылдың басшылығымен, сенімнің жетелеуімен, иманның бағытымен хақиқат жолымен жүремін.

«Сынап көрдім адам сізді...».

...Хақиқат жолы – тура жол, онда қайғы тұрмайды. Қайғы да, рахат та бос нәрсе, онда ешбір тұрақтылық жоқ. Адам өмірінде біресе қайғы, біресе рахат алма-кезек ауысып отырады. Бұл – өмірдің қалыптасқан өзіндік заңдылығы, адам өмірінде алмасып көрініс тауып отырады. Бұл ұғымдар баянсыз һәм тұрақсыз. Баянсызды серік етпей, одан да таза ақылдың шарабынан татып, ойымды, бойымды таза ақылдың еркіне билетуге өзімді арнадым.

Мені мешітке келмейді деп жүрген сопы-молдаларға айтарым, мен бояулы діннің шырмауынан еркін, азат болғым келеді, өйткені маған шын хақиқаттың жолы ұнайды. Таза ақылдың бағытымен таппаған дін шынайылық емес, ол – бояуы көп нәрсе. Ескі дәстүрдің қай-қайсысы болса да оның қазығына байланудан азатпын және жаңалықтың бірін көз жұмып қабылдай беретін көрсеқызар емеспін. Бұл екі жолдан бөлек хақиқаттың жолы бар екеніне куәлік беремін, өзім соны ұстанамын. Адам

баласы бұл хақиқат жолын бас көзімен емес, жүрек көзімен ғана көре алады. Ол үшін таза ақылға ерік беру керек. Таза ақыл хақиқатты көре білудің қозғаушысы. Таза ақылдың сыншы болып, төрелік етсін әрқашан, діннің тазасын таза ой табады.

Әлемдегі бар болған нәрсенің барлығы Жанды ақылдың әрекеті, ол түп иеміз – Алланың қолында. Және оған, тіпті, шөп пен топырақтың өзі де бос қалмайды. Тірі шөп қураған соң, тозаңы топырақтың құрамына араласады. Күннің қызуымен сәл дым тисе одан жас құрақ өсіп желкілдеп шығады. Бар болып жаратылған тіршіліктің барлығы Алланың жаратушы сипатының, өміршең, жасампаз қолының әсері. Және сол жанның бәрі тазалықты сұрайды. Ал ол тазалық таза ақылдың ізденімпаз жемісі. Тазарған жаныңмен тәніңді көресің.

Мейірім, ынсап, әділетті таза ақылға билете отыра хақиқаттың жолын көре аласың, ал қиянатты жастанған нәпсі оған қарсы. Күнәһар тән жанның болмысына қарама-қайшы, ал жанның қалауы күнәһар тәннің қалауына қарсы. Ындыныңның еркі өзінің қолында, сол ерікті қалай бағыттайсың өзің білесің. Жанның жүйесі осы, қалауы да осы, сол себепті адамдық болмысыңды хақиқаттың жолына бағытта.

Азат ақыл, еркін ақыл ешқашан адастырмайды, ол үшін ақыл-ойыңның өрісін тарайтпа, кеңейт.

Хақиқатты тапқаннан кейін мені қайғы басты, өйткені мен енді шындықты білемін, ғалым да, дінші де қатты адасты, бір-бірімен шындық үшін дауласты, бірақ хақиқатты сонда да таба алмады.

«Тура жолда қайғы тұрмас...».

...Мен жайлап барлап көрсем, өлендерімде бір ғана «ақыл» деген сөзді бес жүзден астам рет пайдаланыппын. Ал, «ақыл» сөзі қай жерге болса да, қалай болса солай қолдана салатын сөз емес.

...Өмірде бар тілекке жетіп, бар қызыққа баққанмен, соңында барыңның бәрінен айрылып, тұлдырсыз аттанар екенсің. Дүние бір аққан су, адам ондағы шөп, су қайда жетелесе, қалықтап соның бетінде өз еркіңсіз ағып кете барады екенсің. Тағдыр сенің басыңды тауға да, тасқа да соғады екен, жұмсақ, жайлы жерде де болады екенсің. Адамзаттың түбінде баратын орны бір үлкен көл десек, әуелі бұлақтан басталып, кейіннен ұлғайып өскен адам баласы өзенге айналып, ақыры барып сол көлге құйып тынады екен. Оған дейін көрген рахат, алған ләззат, оқыған білім, еткен еңбек, көрген қиындық, шеккен азап, қасірет қана қалады екен бойында. Жазмышты мойындап, өмірдің өтпелілігін көріп, сол азғана жалғанда жаман атың қалдырмай, тоғышар, надан, топас болмай, жақсы атпан өтсең, артыңда қалатын жақсы атың ғана екен.

...Қарайлайтын артымда ештеңе қалмады-ау! Абай ағам дұрыс кеткен екен. Қартайған сайын ақылың толысқанмен, сүйенер тірегің азаяды екен. Дүниенің опасыздығын танып, өзіңнің керексіздігіңді біледі екенсің...

Мемлекетті басқарып тұрған Елтай келді деген соң, соған жолық, жағдайды айт, күйзелгенімізді бастықтар көрсетпейді деген соң бардым емес пе. Жердің үстімен барып, астымен қайттым. Осындай адамға да ел тізгінін береді екен-ау. Ойсыз, талапсыз бірдеңе. Оны елге жаны ашиды деп күтіп жүр-ау сорлы қазақ. Рас, менімен бір сағаттан астам сөйлесті. Өзімнің 10-15 жандығымды қайтарып беруге нұсқау берді. Оны мен неғылайын, бар мал тәркі болғанда да жаным шыққан жоқ. Елдің жайын айттым. «Талап солай» деп құтылды. Күдер үздім. Осыдан он бес жылдай бұрын би-болыстан күдер үзген-ем. Енді бәрінен де сөйттім, үлкені де, кішісі де бірдей екен дедім, өкінішім өзегімді өртейді.

Сырттағы мені күтіп, үміт етіп тұрғандарға ештеңе дей алмадым. Үмітін үзе алмадым, алдай да алмадым.

Менімен кездескеннен кейін ел аралап жүріп, біреудің есігінің алдында байлаулы тұрған бұзауды көріп, елге ие деп жүрген әлгі бозкөзіміз: «сендер өкімет нұсқауын толық орындағыларың келмейді, белдеуде әлі бұзау байлаулы тұр» десе, оны мемлекет басшысының нұсқауы санаған өзіміздегі қорқаулар халыққа жаңадан аш қасқырша тап беріпті. Өзі де сондай адам көрініп еді. Ойсыз басшы елге сор!

...Мені аңдыған дұспан талайларға зиянын тигізеді-ау! Өз туыстарым мен ұрпағымды былай қойғанда анау Хасен сияқтыларға да қауіп. Оның әкесі Қарасақауды Абай ағамның шабарманы деп, Хасенді менің сыйласым десе, оның растығы да бар ғой. Әй, қайдам, ертеңім не болар екен...

...Дүниеде әділетсіз нәрсе неге көп? Білімді, адал адамдардың өмірі қайғылы, бейнетті болып, қайдағы бір надан адамның жолы болғыш болатыны несі? Мұндай білімділерді бағаламайтын заманда тұрмыс кешкенше «дұрыс болар қабірім».

...Бұл дүниенің алдампаздығы, өткінші екені мені қайғы-уайымға салады. Соны біле тұра қанша өмірім арзан рахатқа салынумен, көп татып қойғым келумен өтті. Өттең. Абай ағамның өттеңі менің де алдымнан шыққанын қарашы... Тым болмағанда адам өмірінің түбі бір өлімді биік адамдық қасиетпен қарсы алуы керек еді ғой. Біздің көбімізде ол

да жоқ. «Көп мисызда болмайды ой, Бұл не қылған ел еді?!». Нәпсінің сенгені – у. Қуаныштың да, қайғының да түбі – у. Ар-иманды саудаға салып улатып, жанды күйгіземіз.

«Кәрілік – өмірдің өшуі, құмардың тозуы ғана емес, бар тілектің таусылуы. Берері жоқ, алары ғана бар, төңірегіне түгел бөгет, сыйықсыз, сүйкімсіз, өзіне бейнет, өзгеге масыл шақ. ...Алпыстан ары бармандар, аңдамай шал боп қалмаңдар».

Кәрілік – шал деген бір ат қылғандай,

Айнадай ақылыңды тат қылғандай.

Ойым – у, өмірім – су, үмітім – бу,

Қалмады бір сүйеніш шат қылғандай.

«Кәрілік – шал деген бір ат қылғандай».

Кәрілік – құрығы ұзын, ешкімнің бет-жүзіне, дәулет-дәрежесіне қарамайтын, әр пендені құтқармайтын табиғи құбылыс. Кәрілік жақсыға да, жаманға да, ханға да, қараға да тән дауасыз дерт. Бірақ кәрілік сипаты, ол кез әр адамда әртүрлі өтеді. Егер ол:

Әрине балаң білсе қадіріңді,

Орындап екі айтқызбай әміріңді.

Жасынан жаны сырлас жарың болса,

Қылп еткізбей білетін жан сырыңды, – дегендей болса, өмірдің бейнетін емес, зейнетін көргенің. Ал панасыз, қамқорсыз кәріліктің кейпі басқа. Әсіресе ата-анаға теріс қарайтын баламен, жарына мойынсұнбайтын әйелмен кездесең – қасірет. Осы екеуі қосылған кәрілік адамды жеңіп тынады. Егер балаң да, жарың да айтқаныңды екі етпей орындап тұратын болса, онда тілегің орындалды дей бер. Адамның қартайған шағында сүйеніш, тірек ететіндері де – осылар. Әйтсе де адам баласы әртүрлі. Біреудің баласы ата-анасына қартайған шағында көп көңіл бөлетін болса, кейбірі бұны керісінше істемек. Біреудің өмір бойы бірге тұрған жары қартайғанда мінезінен өзгермесе, енді бірінің әйелі кейіннен жат адамның мінезін көрсетуі де мүмкін іс. Егер әмірің кәрілік билік құрған кезде де жүріп тұрса, онда тілегіңнің орындалғаны, «басқа жи назаланбай сабырыңды». Ал олай болмаған күнде өмірден өлім артық. Әлпештеп өсірген балаң қартайғанда «алжыған қу қақпас» деп отырса, әйелің менсінбей, мұрын шүйірсе, қарайтын кісілерің әлгідей болса, онда о дүниеге барған мақұл.

«Кәрілік – құтылмайтын бір қазған ор».

Шәкәрім өмірінде екі рет ақталған. Біріншісі – 1959 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде бір бет өлеңі суретімен жарияланып, Шәкәрімнің аты өзі өлгеннен соң бірінші рет ұрпаққа әйгілі болды, ол сәтсіз аяқталып, оны баспаға ұсынғандар мен жариялағандар жазаға ұшыраған. Бірақ бұл – ақынның алғаш рет азаматтық ақталуы саналып, тарихта қалған. Екінші ақталуы – 1988 жылы Шәкәрім шығармаларының баспа бетін көріп, кейбір түзетулермен кітап болып жарық көруі болды. Сол жылдан бастап Шәкәрім аты елге танымал болып, оның шығармаларынан сусындауға мүмкіндік туды.

Бұл ақталу «Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөнінде» Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының қаулысында: «Шәкәрімнің әдеби творчествосы идеялық-тақырыптық мазмұнының ауқымдылығымен, әсерлі де көркемдік қуатының молдығымен ерекшеленеді. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінен ерекше орын алатын оның творчестволық мұрасы мол да мағыналы, бұл мұра ұзақ жылдардағы нақақ жала мен үнсіздіктен кейін халқына оралуға тиіс» деп жазылған сөздерден кейін мүмкін болды. Бұдан бұрын 1987 жылдың желтоқсанында ақынның шығармашылық мұрасын зерттеу жөнінде комиссия құрылған еді. Сөйтіп Шәкәрім атын атауға тыйым тоқтатылды, түнек түрілді, Шәкәрімнің еңбектері біртіндеп газет-журнал беттерінде, жеке кітап болып шыға бастады.

Қаулыда: «Кезінде буржуазиялық-ұлтшылдық «Алаш» партиясының қызметіне, коллективтендіру жылдарында Шыңғыс тауының қойнауында жалғыз өмір кешіп, Кеңес үкіметіне қаскөйлік пиғылда болған бай-кулактарға болысты деген айыптаулардың орынсыз екені комиссия тарапынан зерттеліп, дәлелденді. Шәкәрімнің бұрын-соңды баспасөз бетін көрген шығармалары жиналды, М.Әуезов атындағы қолжазбалар қорында сақталған, түрлі жағдайларда жазылып алынған шығармалары мен халық аузында сақталып қалған еңбектерінің бәрі жинақталып, талданды. Соның нәтижесінде Шәкәрім реакцияшыл тұлға емес, реалист ақын, хакім Абайдың дәстүрін жалғастырушы ірі ойшыл екені нақтыланып, шығармаларының ішіндегі «Мұсылмандық шарты» мен «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» деген кітаптарынан басқа шығармалары саясатқа қайшы келмейді, жариялауға жатады деген ұсыныс жасалды».

Жабайхан Әбділдин «Тағлым мен тағзым» атты кітабындағы «Алаш азаматының ақталуы» деген мақаласында былай деп жазады:

«1990 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1930-1950 жылдары қабылданған қаулыларын қайта қарауға арналған комиссия құрылып, соны басқардым.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ШӘКӘРІМНЕН СОҢ

Москвада қоғамды демократияландыру қозғалыстары жүріп, репрессияға ұшырағандардың бәрі ақталып, жариялауға тыйым салынған кітаптар шығып жатыр деген дүмпу Қазақстанға да жетіп, біздің адамдар да қимылдауға көшті. Сөйтіп өзіміздің ақтаңдақтарымызды ашып, жазықсыз күйген азаматтарды ақтау, реабилитациялау мәселесін көтеру керек болды. Оған арнайы комиссия құрылып, төрағасы етіп мені бекітті, құрамына Ә.Кекілбай, С.Зиманов, Ә.Қайдаров, С.Кенесбаев сынды ғалымдар, жазушылар кірді.

...Ақтау жұмыстарын алдымен Ш.Құдайбердиевтен бастайтын болдық. Себебі оның мәселесі бұрындары да бірнеше рет қозғалып, талай басылып тасталған.

...Ш.Құдайбердиевтің жеке басына қатысты құжаттарды, анықтамаларды Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінен алдық. Әдебиет және өнер институтынан оның 2 том көлеміндегі шығармаларын машинкаға басып берді. Семей облысы мен Абай ауданынан да талай нәрсені анықтайтын құжаттарды жинап, сараптауға кірістік.

...Содан Шәкәрімге қатысты барлық материалдарды қолыма алып, демалыс уақытында қарындашпен сызып отырып, оқып шықтым.

Шығармаларды толық оқып шыққан соң, өзімнің айналысып жүрген Кант, Гегель, Фихте, Шеллинг, Платон, Аристотель сынды идеалистермен салыстырып қарасам, Шәкәрім тіпті әулие екен. Орысша айтқанда «святой». Бұл кісінің өлеңдерінде орысқа немесе Кенес үкіметіне тиіскен бір ауыз сөз жоқ. Шәкәрім өзі Абайдан кейінгі философиямен айналысқандардың бірі. Өлеңдерінде әсіресе этика мәселесі, адамгершіліктің түрлі категориялары кеңінен қаралған. Сонымен қатар Шәкәрім Л.Н.Толстойдың досы болған екен. Оның 80 жылдық мерейтойына шақырылған алғашқы қазақ. Тіпті Шәкәрімнің Толстойды қазақтың кейбір молдаларынан артық көрем деген өлеңдері де бар екен. Бұл кісінің шығармашылығына шындап бойласаңыз, ол халқымыздың әлемдік өнерге, ғылымға ұмтылуына көп атсалысқан нағыз ағартушы.

Содан: «Ол кісінің шығармашылығы ретінде тек ағартушылық бағытта дамыған. Адам баласын ғылымға, білімге, адамгершілікке, эстетикалық сезімге шақыратын идеяны ұстанған. Ақын еңбегінің жастарды, жалпы көпшілікті тәрбиелеуде үлкен маңызы бар» деген қорытындыға келіп, Орталық Комитетке көлемді анықтама әзірледік.

ОҚ бюросындағы талқылау кезінде мен Ш.Құдайбердиевтің кім екенін, шығармашылығы қандай, халықтың рухани өмірінде алатын орны жайында айтып өттім.

«Кім сөйлейді» дегенде МҚК-ның бастығы В.М.Мирошник:

– Мына анықтама маған ұнамай отыр. Комиссия өзіне жүктелген жұмысты атқара алмады. Анықтаманың мазмұнымен келісуге болмай-

ды. Ш.Құдайбердиев қазақ халқының мәдениетіне үлес қосқан ешқандай да ағартушы емес. Ол – контрреволюционер. Совет үкіметіне оқ атқан. Тек қана атпаған, тіпті кулактардың көтерілісін бастаған. Сол қақтығыста қайтыс болды. Ал баласы Қытайға қашып кеткен. Алашорда партиясының мүшесі. Алашорда буржуазияшыл, ұлтшыл, контрреволюционерлер партиясы болған, – деп шыға келді.

Г.Колбин маған сөйлеңіз деп ишара жасаған соң әдейі дайындағаным болмаса да, орнымнан ұшып түрегеліп:

«Шәкәрімнің көтеріліске қатысы жөнінде 300 адамнан сұрадық. Олар Шәкәрімнің көтеріліске ешқандай қатысы жоқ екенін дәлелдеп берді. Шәкәрімді Қарасартов пен оның орынбасары өлтірген. Денесін құдыққа тастапты. Мұны көрген қойшылардың бәрін қорқытып, көтерілісте соғысып жүріп өлді деген жалған көрсету жаздырып алған. Сол кезде Шәкәрімнің жасы 75-те. Қандай қазақтың жетпіс бестегі шалы көтерілісті басқарады» деп сөзімді аяқтадым.

...Ш.Құдайбердиевті ақтап алған соң қазақ зиялылары қатты қуанып, оның кітаптары бірінен соң бірі шығып жатты».

Шәкәрім малы толмаса да ірі байлар қатарында кәмпескеленіп, малдары тартып алынған, өзі «халық жауы» аталған. Бұлай етуге Шәкәрімнің малды болуы емес, бірнеше рет болыс болғаны, қажылыққа барғаны, жалшы ұстағаны (Әупіш), аға сұлтан болған Құнанбайдың немересі екені, Алашорданы жақтап сөз сөйлегені, оның съездеріне қатысуы себеп болған. Яғни, себеп іздегенге жетерлік себеп бар. Бірақ Шәкәрім болыс болғанда ең әділ болыс болғандығы, халыққа қиянатсыздығы, жасаған билігінің туралығы, ешбір жалшының еңбегін жемегені, қолынан келген істің бәрін өзі атқаратыны есепке алынбаған.

Мәңгілік мұра

*Мен жетелеп өлемін,
Өрге қарай қазақты.
Шәкәрім.*

Шәкәрімнен бай мұра қалған. Көзі жұмылғанмен, сөзі жоғалмаған ақынның өлеңдері ел аузына әртүрлі нұсқада ауызша сақталып қалған. Бұл мұраны оқып қараған кісінің әрбірі бұл шығармалардың адамдықтың өлшемі екенін таниды, көреді. Сондықтан да ол жадтан өшпейді.

Шәкәрім шығармалары туған халқына қайтып оралды, ақынның өмір бойы армандағаны да осы еді. Өз заманының қайғысы мен мұңын арқа-

лап, иесіз қалған балаға пана болмақ болған адамдай, кей бір кездері онысынан ештеңе шықпайтынын сезіп түңілген Шәкәрім өзіне «Мұтылған» деп ат қойған. Мұтылған деген сөз ұмытылған деген сөзден шыққан, ол өзінің біршама жылдар ұмыт қалатынын да сезді ме екен, бірақ байқасақ халқының мұң-зары менімен бірге ұмытылса екен деген ойдан туған болса керек. Мұтылған деген сөздің астарынан «қайтадан ес жинау» деген қуат сезінеміз, сол қуат бүгінгі күні егеменді еліміздің рухани қазынасына айналып, қазақты тәуелсіздігімізді берік етуге, жаңа заманға лайық жақсы ұрпақ жетілдіріп өсіруге үндеп тұрғандай.

Шәкәрімнің әдеби мұрасы – аса бай қазына. Ол әдебиеттің барлық жанрларында қалам тербеді. Туған халқының мәйекті ойы мен маржандай тілі негізінде ғажайып сұлу, мазмұны терең, кестесі көркем лирикалық өлеңдер қалдырды. Ұлы Абай үлгісін өлшем ете отырып «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» атты тамаша поэмалар жазды. Көркем проза үлгісіндегі Шәкәрімнің шығармалары XX ғасырдың басындағы ұлттық прозаға өзіндік үлесін қосып қана қойған жоқ, оның орнығып, ілгерілеуіне едәуір ықпал жасады. Әсіресе, жазушының «Әділ-Мария» романы қазақ топырағында жаңа қалыптасып келе жатқан көркем роман дәстүрін көркемдік мазмұнмен байыта түсті.

Сонымен қатар, кезінде өз тарапынан ізденіп, мол білім жинаған Шәкәрім әлем әдебиетінің үздік үлгілерін қазақ арасына таратуда да бірқатар еңбек атқарды. Адамдардың сана-сезім мәдениетін көтеру, оқу-өнерге ынталандыру мақсатымен Шәкәрім талай төл шығармаларымен қоса, басқа халықтардың рухани байлығына бойлап, олардың бірталайын қазақ тіліне аударды. Атап айтқанда, орыс ақыны А.С.Пушкиннің «Дубровский», «Боран» шығармаларын, Л.Толстойдың әңгімелерін, Хафиздің өрнекті жырларын аударуы, Шығыс әдебиетіндегі классикалық «Ләйлі-Мәжнүн» сюжетін дастанға айналдыруы екінің бірінің қолынан келетін өнер болмаса керек. Шәкәрімнің білімдарлығы да, ақындық, ойшылдық қуаты да осынау туындылардан айқын аңғарылады.

Шериаздан Елеукенов: Шәкәрімнің поэтикалық құлашына айғақ тамаша бір факт – оның нәзира дәстүрі бойынша Физули Бағдади нұсқасынан «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын аударуы дер едік. Мұның мәнісі – Низами, Науаи, Жәмилермен творчестволық жарысқа түсу ғой. Шәкәрім бұл сыннан абыроймен шыққанын көреміз: өлеңнің тілі жібектей есіледі.

Шәкәрім Хафиздің 9 өлеңін, «Мың бір түннен» «Атымтай жомарт» әңгімесін және де құстар мен жануарлар туралы әңгімелерді өлеңмен жазған, «Кәлилә мен Димнә» сюжетінен бірқатар әңгімелерді аударды. Фольклорлық сюжеттерге құрылған «Күншығыс жүз әңгімесі» циклындағы «Ұждан», «Қолшатыр бұйрығы», «Пан Жи-Зан хан» әңгімелерін

өлеңмен аударған. Пушкиннен «Дубровский», «Боран», «Евгений Онегин», Толстойдың «Три сказки» жинағынан «Ассирийский царь Асархидон», «Три вопроса» шығармаларын аударды. Американдық жазушы Гарриет Бичер-Стоудың «Том ағайдың лашығы» шығармасын аударды.

Шәкәрім Әбу Әли ибн Синаның, әл Ғазалидың, Фирдоусидің, Әбу Хасан Рудакидің, Хиуа ханы, шежіреші, шығыс әдебиеті мен мәдениетінің асқан білгірі Әбілғазы Баһадүр ханның, кіші жүз ханы Әбілқайырдың еңбектерімен, іс-әрекеттерімен таныс болған.

Шәкәрім Гоголь шығармаларымен де таныс болған. Ол «Молдалар өзгелерді кәпір дейді» деген өлеңінде: Білсе егер Салтыков пен Толстойн, Сезсе олардың айтылған терең ойын. Гоголь мен Пушкиндерден ғибрат алса, Қазақтың бөлер еді-ау нұрға бойын, – дейді.

Шәкәрім мұрасын бізге жеткізуші ақынның ұлы Ахат болды. Ол Шәкәрімнің сан алуан өлеңдері мен дастандарын, прозалық шығармалары мен аудармаларын тірнектеп жинап, өзі білетіндерін қолдан жазып шығып, 1968 жылы Қазақстан Ғылым академиясының Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына тапсырды. Тапсырып қана қоймай, институт басшылығының қолдауымен сол институтқа қызметкер болып кіріп, Шәкәрім мұрасын онан әрі іздестіріп, қолда бар, есте қалған мұрасын жинақтауға көп еңбек сіңірді.

«Бір күні әкей кітаптарын тазалаттырып, маған тізімге алдыртты. Әкей айтып отырды, мен кітаптардың авторларын, шығармаларын жазып отырдым. Үш күнде тізімді зорға жазып бітірдік. Кітаптардың молдығы сондай, авторлардың бар томдарының аттарын жекелеп жазып шығуға мүмкіндік болмады. Мысалы, «Мың бір түн» бір-ақ кітап болып жазылды. Араб, фарсы, рум, грек, еуропа тарихшыларының кітаптары, нота кітаптары, сөздіктер, әдеби шығармалар болды» – деп жазды Шәкәрімнің ұлы Ахат өз күнделігінде.

Шәкәрім ауызша сөздерінде Батыс әдебиеті мен философиясын жете зерттегісі келетінін айта жүреді екен. Ол ағылшын жазушылары Томас Мордың «Утопиясын», Уильям Шекспирдің пьесаларын, әсіресе «Ромео мен Джульеттаны», «Юлий Цезарьды», Джон Донн шығармаларын, Вальтер Скотт пен Байронды жүйелеп оқығысы келетінін айтады екен. Сонымен қатар ағылшын философтары Ф.Бэкон, Томас Гоббс, Дж.Локк, Д.Стюарттарды оқысы келіпті, ағылшын тілін үйренбегеніне, жасы келіп, шау тартып қалғанына өкініпті.

Шәкәрімнің даналығы қандай авторларды оқып, кімдермен сұхбат құрғанынан анық байқалады. Пифагор мен Сократ, Платон мен Аристотель, Физули мен Қожа Хафиз, Пушкин мен Толстой, Шыңғыс хан, Әмір Темір мен Абылай, Артур Шопенгауэр мен Огюст Конт, Виктор

Гюго мен Жан-Жак Руссо, Гомер мен Исмаил бей Гаспарлы, т.с.с. ұлы тұлғалардың сөздерін танып, ардақтап, асқақтатып қана қоймай, кейбірін сынаған, сырттай айтысқа түскен.

«Орысша кітаптан оқығаным Радловтың ұйғыр туралы кітабы, Аристовтың түрік туралы кітабы, Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастаны, Орхон жазбалары, қытайдың Юань-Чао-Ши деген жазушысының өзі және араб тарихшы ғалымдарынан Табариден басқа, Ибе аль Асир, Ибн Халдунның еңбектері, Әбілғазы Баһадүр, парсы, Рум, Еуропа жазушыларының сөзі» дейді Шәкәрім. Бұлардан басқа орыстың тарихшы-ғалымдары Березин, Левшин, Спасский, Маевскийлерді шежіре ғалымдар деп атап, олардың еңбектеріне сілтеме жасап отырған.

Шәкәрім – өз шығармашылығында кемеңгерлікке жеткен ақын. Қай ақын болсын өз дәуірінің перзенті, өз заманының жемісі. Шәкәрімнің шығармашылық жолы да солай. Күрделі тарихи кезеңде ғұмыр кешті, туған халқының басындағы саяси, экономикалық және рухани-мәдени ауыртпалықтарды, заман проблемаларын көзімен өткізіп, көңілімен саралады.

Ол өз жұртының жағдайын өте жақсы түсінді. Ғасырлар бойы тарих сахнасында сан қилы аласапыран күйді басынан кешіріп келе жатқан Қазақ елінің түсінік-танымының дәрежесі, әлеуметтік-экономикалық және мәдени тұрмысының деңгейі, психологиялық күйі, ой-сана бостандығының жағдайы, әлемдік кеңістік пен уақыт ауқымындағы орны жайындағы мәліметтерге қанық болды. Сондықтан да ол заманының шындығын, әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді тануда және оны өз шығармашылығы арқылы көтеруде асқан білімділікпен қоса, айрықша ұстамдылық пен көрегендік танытты. Ол айналасындағы құбылысқа терең үңілді. Жылт еткен бір сәттік қуанышқа немесе уайымға бой алдырмады. Болып жатқан оқиғалардың түп-төркінін дүние донғалағының айналыс заңдылығынан іздеді. Сол себепті Шәкәрімнің өлеңдері болсын, өзге туындылары болсын философиялық тереңдігімен, ойының салмақтылығымен ерекше көзге түседі.

Оның өлеңдерінің тақырыптық диапазоны аса кең. Замандастарының жай күйінен бастап, тұтас халықтың тыныс-тіршілігі, қоғамдық ахуал, адамзат әлемінің мәселелеріне дейінгі аралықтағы тақырыптардың бәрін де ақын өлеңдерінен көптеп кездестіруге болады. Ол тақырыптардың барлығы Шәкәрім ойшылдың ақындық жүрегінің сүзгісінен өтіп барып, терең тынысты жыр жолдарына айналған.

Алматыда 1988 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар» деп аталатын Шәкәрім туралы алғашқы кітаптардың

бірін құрастырушы Мұхтар Мағауин 1988 жылы сол кітапқа жазған алғы сөзінде былай деген: «Шәкәрім бұрынғы қазақ поэзиясында Абайдан соңғы ең көрнекті тұлға. Өзі өлсе де, аты өшпеген. Шығармалары сақталса да, жұрт алдына жарқырап шықпаған. Өлең-жырлары, дастан-хикаялары ел аузында жүрсе де, әдебиет тарихына енбеген. Баспасөзде мүлде атаусыз қалған. Атауға тыйым салынған. Осыған керісінше ел ішіндегі даңқы өсе түскен. Өмірі ертегіге, ісі аңызға айнала бастаған. Шығармалары көшірмелер арқылы бүкіл қазақ даласына тараған. Дастандары жиын-отырыстарда жырланған. Есімі көмескіленгенмен, еңбегі күнгірт тартпаған ақын туған елінің рухани өмірінен сырт қалмаған».

«Қазақтың жаманы болмас» деп басталатын өлеңінде Шәкәрім: «Қазақтың жаманы болмас, Жаманнан аман болмас. Бірігіп іс қылатұғын, Түзелер заманы болмас! ...Жуаны қылады зорлық, Момынның көргені қорлық. Теп-тегіс қулық пен ұрлық. Ал енді қайтіп ел болдық?» деген жыр жолдары қазақ қоғамындағы қайшылықтар мен кемшіліктерді қатар ашып айтып, ой тастайды.

«Насихат» атты өлеңде қазақ қауымын ойлануға, күнделікті бұйығы өмірді өзгертуге, жаңаруға шақырады:

*«Кел, байлар, балаңды оқыт, ғылым ізде,
Қазақты бастайтұғын қару сізде.
Партияға шашқанша осыған сал,
Қолыңда қорегің бар кезіңізде;
...Жарлылар, жалаңдама, сендер де ойлан,
Кер кедей, кезжірлікті шығар бойдан.
Бойың жалдап қор болма, ойың жалда,
Түк өнбес алты ай жүріп алған қойдан;
...Жастарым құмар болма көрінгенге,
Жас күнде бойды үйретпе ерінгенге.
Аз ойна да, көп ойла, осынымды ұқ,
Өкінбе жастық бойдан серілгенде» –*

деп қазақтың байына да, кедейіне де, жас азаматына да болар істің жолына түс деген кеңес береді.

«Мен жетелеп өлемін, Өрге қарай қазақты!» – деп өлеңі арқылы мәлімдеген Шәкәрім қазақты санасын жетілдіру арқылы өрге сүйреуді мақсат етеді. Шынында ұлт саналы болса – бақытты ұлт, ал санасыз болса – сор. Демек ұлттың бағы да, соры да – санада.

Терең санаға негізделмеген тірлікті Шәкәрім «Құбылмалы сарай бұл, Құм үстіне салынған» деп сынайды. Шәкәрім сонау ХХ ғасыр басында қазақты баянсыз, орнықсыз, тұрлаусыз тірліктен сақтандырған еді. Ақын

бас иген ақиқат, ар-ұждан, шын иман – «адаспайтын айқын жол», яғни кісілік жолы.

Ұмытылам ба деп ойлаған, өзіне «Мұтылған» деп ат қойған Шәкәрім алпыс жылдай ұмытылып, мүрдесі отыз жылдай елсіздегі құдық түбінде қалса да бүгінгі күні қазақ елінің құшағына оралды, елін қазынаға кенелтті. Оны өсер ұрпақ жатсынбай жақсы қарсы алды, оның «ар ілімімен» қалың көпшілік мейірі қана сусындауда. Жақсылық жылдарының жарық нұрының астынан Шәкәрімнің нұрға, ойға толы жүзін көріп халқы қуанышқа бөленді. Оның құнарлы да құдіретті еңбектерімен қазақ кештеу жолықса да, кеменгерімізге, оны киелі ойларына, ар іліміне басымызды иеміз.

Шәкәрім: «Пайғамбар қыл ақылды, Сол табады мақұлды», – дейді. Бұл – ақыл бәрінен биік, адамға сол лайық дегені. «Ақылды жанның мүлкі – әлем» дейді. Ақылды жан болмашыны қызық көріп, өз төңірегінің аумағында қалып қоймайды, бүкіл әлем кеңістігіне қатысты сөзді ұстайды дегені. «Екі өмірге де керекті іс – ұждан» дейді. Екі өмірде де арлылықты ұстан, ол – керек іспен айналысқаның дегені. «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді...» дегені «ақиқатты тану үшін, ақиқатқа жету үшін маңдайдағы көз жеткіліксіз, оны көңіл көзімен барлап, ақылға салғанда ғана көресің» дегені. Шәкәрім өнер мен ғылым, философия мен дін, тарих пен өмірді біртұтас контекстте қарастырады. Бұлардың бәрі «ар ілімі» атты бір ілімнің маңайына тоғысады.

Ақын: «Еріншектен – салақтық, Салақтықтан – надандық... Бірінен-бірі туады, Жоғалар сүйтіп адамдық» дейді. Адам жаман болып тумайды, оқымаса, білуге ұмтылмаса, танымға асық болмаса, білгенін, танығанын үлгі тұтпаса, бірте-бірте қатарынан қалып, төмендеп наданға айналады деп отыр.

Шәкәрім «Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр» деген өлеңі мағынасы терең, философиялық дүние.

*Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр,
Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсап жүр.
Тағдырдың қиын, сырлы сиқырымен
Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр.
Жан тыныштық таппайды тән қамын жеп,
Тән бұзылса, тұрағым бұзылар деп.
Ыстық, суық, аштықтан сақтау үшін
Зұлымдық пен айланы қылады сеп.
Айуан – етін, терісін, сүт пен күшін,
Ара – балын, су – балық, жер – жемісін,
Құс – денесін, жүні мен жұмыртқасын
Сақтап жүр зой дейсіз бе адам үшін.*

*Олардың да ойы бар өсіп-өнбек,
Кімге оңай өмір өтіп, оты сөнбек?
Адамның таза ақылы жанды қимай,
Амалсыз қиянатқа ол да көнбек.
Сөйтіп ақыл бере алмай адал көмек,
Зұлымдықпен адамды адам жемек.
Адал еңбек, ақ пейіл, мейірім жоқ –
Осы болар таза ақыл өлді демек.
Сондықтан адам залым, әлемге жау,
Ебін тапса, қоймайды ешкімді сау.
Жер білсе адамзаттың бұл қылығын
Үстінен бәрін төгіп тастар еді-ау.
Олай қылмай, билесе бәрін ақыл,
Еш қиянат қылмаса зорлық, тақыл.
Таза еңбекпен тағдырдан пайдаланса,
Адамды сонда адам деген мақұл.*

Шәкәрімше, зұлымдық пен айла – тән қамы. Соның үшін де жан ақылды айлаға қарай бастайды. Адамның ақылы да жанмен бірлікте болғандықтан, оны тастай алмай, амалсыз қиянатқа көнеді. Зұлымдық пен айла екі басқа нәрсе. Зұлымдық ауыр, күрделі, өз ережелеріне бағынатын нәрсе. Айла жолына түскен адам өзін-өзі екіжүзділікке итермелейді, жан мен ақылды есебін тауып тәнге бағындырады. Өлеңде адамнан да аңартық айламенен ісі жоқ, өзі үшін өмір сүреді, өзгеге қиянат ойламайды деген ұғым бар.

«Айна қойдым алдыма» деген өлеңінде: «Айна қойдым алдыма, Көрейін деп өзімді» дей келе Шәкәрім: «менің көргенім – екі құлағым бітік, көзімді шел басқан, иіс сезер емеспін, түзелуден ой жоқ, ақ ниетім бұрын жоқ, жүрегімнің нұры жоқ, – дей келе, сен мені жалғыз өзі осылай екен деп қалма, мені көр де, өзінді көр, жұрттың бәрі ырысын сорға сатқан пенделер, – дей келе: «Ындыны таза ешкім жоқ, Сыртында май, ішінде оқ. Түп қарыны толған бок, Жасырып жүр мұнысын» деп аяқтайды.

«Адамның бірін елесе, Аламын деп ірісін, Бәрі өтеді әр қарай, Сен де соның бірісің. Електе қалмас бір адам, Не ғылымды, не надан. Біз сияқты барша жан, сорға сатқан ырысын». Ырысты сорға сату Шәкәрімге дейін айтылмаған философиялық метафора. Шәкәрім үшін осы жарық дүние – ырыс басы. Соны шашпай-төкпей қарекетпен, адал еңбекпен, ақ ниетпен, таза жүрекпен өткізу, оны сорға сатпау адамдық болмыстың негізі. Шәкәрім осы өлең арқылы өмірдің ақиқаты мен анығын ашып айтқан.

Шәкәрім поэзиясының басым бөлігін философиялық лирикаға жатқызуға болады.

Шәкәрімнің адамдық мақсаты, шығармашылығының идеясы мен мәні – адам болмысының құндылық екендігін таныту десе боларлық. Соның үшін біз Шәкәрімнің: «Адамдық борыш ар үшін, Барша адамзат қамы үшін, Серт бергем еңбек етем деп, Алдағы атар таң үшін» дегенін адам үшін ең бастысы адам болып қалу екендігін терең ұққан және ұғындыра білген даналығы деп танымыз.

Шәкәрімде «Ойбайлап шабу мақұл ма?...» деген өлең бар. Онда қақтың ескі әдет-ғұрпының бірі кісісі қайтқан үйге ойбайлап шауып барып, аттан құлап түскендей болып, дауыс салып, есік алдында таяқ ұстап тұрған жоқтаушыларға көрісуді сынға алған. Оның терістігін дәлелдеу үшін осыған қатысты мынадай бір сюжет келтіреді: Қаралы үйге үш қалпақты кісі шауып келеді. Бұларды жақындары санаған жоқтаушылар таяқтарын ұстап дайындалады, бірақ олар атком-комсомолдан келген үш орыс уәкілдер екен. «Орыс келді» деп балалар жан-жаққа қашып, өздері қаралы үйдің адамдары абдырап, келгендер қарсы алғандардың таяқ ұстағанын қару алып қарсылық көрсетті деп ұғып, протокол жаза бастағанын көрсетеді. Үй иелері неге таяқ ұстап тұрғандарын түсіндіріп, өз бастарын даудан зорға арашалап алады. Сөйтіп, ескіліктің бұл әдеті мін, елге зиян, керексіз іс дейді.

Шәкәрім шығармаларында ұғымдар қарсылықты беріледі, мәселен: адам-айуан, дос-дұшпан, бал-зәр немесе адам бойындағы мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек секілді жақсылық қасиеттерге қарама-қарсы жаман қасиеттер – ыза мен кек, күншілдік пен өштік, айла мен қиянат, т.с.с.

Ғ.Есім: Шәкәрім «шайтанның досы жоқ» деген пікір айтқан. Неге шайтанда дос болмайды, себебі оның табиғатында сүю, сүйіспеншілік жоқ, онда адамға деген өшпенділік қана бар. Ол бар жерде қалайша достық орнамақ? Достық деген жаны жомарт жандардың ерекше қасиетінің көрінісі.

«Алтындай қызыл арақтың...?» деген өлеңінде Шәкәрім «арақ – ақыл, мастық – ой» деген секілді ұғым-символдарды пайдаланған. Онда арақты арақ деп тану емес, арақ сынды бойды балбыратып, көңілді масайтатын ақыл деп тану ұсынылған. «Қызыл гүл арбап бұлбұлды, Қоя ма көзін байламай, Сиқырға басы ілінді, Шыдасын қайтіп сайрамай» деп дәстүрлі Шығыс поэзиясының үлгісімен тұспалдап сөйлеу арқылы Бұлбұлдың – Ақын, оның үні – сананың жетілуі, Қызыл гүл – Ақынның ұмтылған биіктігі екенін түсіндіреді. Бұл өлеңді басқаша тәспірлеу мүмкін емес. Өйткені бұл өлең Шәкәрімнің толысқан, данышпандыққа жеткен шағында, жетпіс жасында, жалған дүниеден жеріген, айдалада өмір сүрген, намазға жығылған кезінде жазылған.

Шәкәрімнің шығармалары құрылымдық жағынан әртүрлі. Ол лапылдап тұрған сезімнің, терең ойдың, тұнық ақылдың ақыны. Өлеңдері көбіне мығым, шашау шыққан бір сөзі, жасанды бір дыбысы жоқ. Бірақ Шәкәрім шығармашылық шектеуді қаламаған ақын. Сондықтан Шәкәрімде Абайдың өлеңдеріндегі жатықтық, ұйқас үйлесімділігі, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиер дүние ғана емес, ойын дәл жеткізуге бейімдік бар. Шәкәрім шығармалары басылымдарында, тіпті, академиялық жинақ аталған кітапта да, ұйқастарды жолдарға орналастырылуы шатастырылып, содан да өзіндік түр-тұлғасынан ажырап, сұры кетіп, көлеңкесі қалғандай ғана болған шығыс бәйіттері тәсілімен жазылған өлеңдерін көргенде, оларды шығармашылық олақтық екен-ау деген ой да келуі мүмкін, бірақ мақсат – ойды жеткізу болған кезде тек қана ұйқас қуалап кетуді ұстанбаған ақынның бұл тәсілін де стильдік ерекшелік деп қабылдауымыз керек. Шәкәрімнің өлеңдерінің халыққа тез танылып, жаппай таралып кетпей жүргені де осы түсініксіздеу, ерекшелеу тәсілдің қара өлеңге, 7-8 жолдық жатық ұйқастарға үйренген оқырманның қабылдауына қиындау соғатындығынан болар.

Шәкәрім: «Абай ағам екеуіміз әңгімелесіп отырғанда, өлеңнің қанша буында жазылатынын айтыстық. Сонда ең көбі 11 буын болады екен, 8-4 буынды да өлең жазылады екен. 10 буынға өлең жазылмайды екен. Мен үйге келіп 10 буынға өлшеп, өлең жаздым. Бірақ өлеңнің бірінші жолы мен үшінші жолы, екінші жолы мен төртінші жолы ұйқасатын болса да, оқығанда қара сөз болып кетті. Содан, әуреленіп жүріп, әнмен айтылуға келтірдім» деп өзінің өлең жазу дағы жаңашыл әдістерін түсіндіреді.

Шәкәрім ақындығының бір артықшылығы – оның өлеңдері бейнелі тілмен өрнектелуде интеллектіге өте бай. Ол жастайынан философия, дін, тарих, география, сөз өнеріне ден қойған, түйген ойларын өрнектеп қағазға түсіріп отырған. Шәкәрім өлең түрін қара өлеңмен, бірде шығыс поэзиясының тәсілдерімен, бірде жыраулық тәсілдермен нақыштап, өлең түрін құбылтып бере білген ақын. Шәкәрімде биік пафосқа, сезім жетегіне еріп желдірте жөнелу жоқ.

Шәкәрімнің бір ерекшелігі, ол бүгінгі ақындардың көбінде жоқ, ол бір ауыз боямашылыққа бой ұрмайды, қалай ойласа, қандай көңіл-күйде болса, солай қағазға түсіреді. Бұл әсіресе өмірбаяндық өлеңдерінде солай. Асырыңқырап, пафоспен айтылар өлең Шәкәрімде жоқ. Ол өз шығармашылығында неге сенді, кімдер өзін алдады, қалай алданды, неден опық жеді, осыны ағыл-тегіл жылай, егіліп-төгіліп, езіліп жазады. Барлық көріністерді, адамға қатысты мың-сан құбылыстарды бүкіл болмысымен, жүйке-сезімімен қабылдап, сол күйінде жазады. Шәкәрім жақсы

жазайын, сәнді жазайын деп емес, айтқанымды ұқтырайын, өзім түсінгендей етіп түсіндірейін дейді. Кей өлеңдері поэзияға қойылар қатаң талаптарға сай келе бермес, оны ақынның талаптар шеңберде болуды емес, сөзді жеріне жеткізе айтуды мақсат тұтқан деп түсінуіміз керек.

Шәкәрімнің эпикалық дастандары қазақ дастаншылығының алғашқы қарлығаштарынан. Ертедегі күншығыс шайырларының дастаншылық өнері бес шығармадан тұратын «хамса» жасау үлгісінен көрінетін. Бес дастан – Низами, Науаи сынды ұлы ақындардың замана сұрауларына лайық көркемдік жауабының да өзгеше бір түрі еді. Қазақ әдебиеті тарихында түрлі тақырыпты қамтитын поэмалар шоғырын жазып, өз «хамсасын» жасаған Шәкәрім «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу», «Ләйлі-Мәжнүн», «Дубровский әңгімесі» бұл пікірімізді қуаттаса керек.

Шәкәрім поэмаларының ішінде «Қалқаман-Мамыр» мен «Еңлік-Кебек» 1912 жылы Семейдегі «Жәрдем» баспасында басылып шықса, «Нартайлақ-Айсұлу» бізге қолжазба күйінде жетті. Бұл поэма Шәкәрім өмірінің соңғы жылдарында, 1929 жылда жазылды. Оқиға желісі былай: Он бестегі Айсұлуға Матай ішіндегі Балқыбек байдың ұлы Барлы құда түскен. Болашақ күйеу баласына қыз әкесі Балғаның да көңілі толмайды. Сол себепті қызының қалыңмалын алмай, істі кейінге шегерген. Ойы – Айсұлуды бермеу. Мұны сезіп, өкпесі қара қазандай болған құдасы баласына Ханым деген ақымақтау біреуді әпереді. Сөйтіп жүргенде ажалы жетіп Балға қайтыс болады да, апалы-сіңлілі Айсұлу мен Күнсұлудың тағдыры өгей ағалары Барғананың қолына көшеді. Құлқынын ойлап Айсұлуды Самсыға сатпақ ниетіне жете алмаған Барғана ендігі жерде қайтсе де Нартайлақ пен Айсұлудың жолына кедергі болуға тырысады. Зұлымдығына найза бойламайтын Барғана қарындасын бір кезде әкесі атастырып қойған жеріне, әйелі бар Барлыға тоқалдыққа береді. Оған нала болған Айсұлу барған жерінде бір күн қызық көрместен, көз жасына булыққан күйі өз-өзіне қол жұмсап өледі. Оқиға мұнымен бітпейді. Қыз ағалары ақылдасып Айсұлудың сөз байласып, арманына жете алмаған жігіті Нартайлаққа Күнсұлуды береді. Поэма осылай шиеленіспен аяқталады.

Философ Жабайхан Әбділдин былай дейді: «...Мен жас кезімнен Ш.Құдайбердиевтің шығармашылығымен танысып, біраз дүниелерді білетінмін. Біздің ауылға әскерден келген бір адам екі дәптерге толық жазылған «Қалқаман-Мамыр» поэмасын алып келіп, біздер оқыған едік, сонда мен 8-класс оқушысы едім. Бәріміз көшіріп жазып, жаттап алған едік. Тіпті оның өлеңдерін де жаттап алып, мектепте айтып жүретінбіз. Бұл шығармалардың Шәкәрімдікі екенін, оның халық жауы ретінде

атылғанынан хабарсыз едік». Осыдан Шәкәрім дастандарының алар бағасы көрініп-ақ тұр.

Еңлік-Кебек оқиғасына қатысты Абай ұсынған тақырып бойынша Шәкәрім жазған «Жолсыз жаза яки кез болған іс» деген шығармасы Семейдегі «Жәрдем» баспасынан 1912 жылы жарық көрген, 1988 жылы ол тағы да екі қайтара жарық көрді. Бұл поэма 652 жолдан тұрады. Шәкәрім бұл дастанда жеке бастың трагедиясы арқылы сол кездегі қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтарды ашып берген.

Шәкәрімнің «Жолсыз жаза» поэмасын филология ғылымдарының докторы, профессор Рымғали Нұрғали «Еңлік-Кебек» аңызын өлеңмен баяндаған шығармалардың төртінші нұсқасы дейді. Онда автор Шәкәрімнің атын атай алмайды, «ескілікті жақсы білген шежіре ақын» деп қана атап өтеді. Шәкәрімнің бұл поэмасын басқа авторлармен салыстыра отырып Р.Нұрғали оның бірнеше оң ерекшеліктерін атып кетеді: 1) Кебек батырдың портреті берілген; 2) Кебектің аңға шығу сәтін суреттегенде Абай өлеңдерінің игі әсері бар, сылдыр сөзден қашып, сурет жасауға, образдылыққа мән беру жағы көзге ұрып тұрады; 3) Кебек пен Еңліктің жолығысуы бұрынғы нұсқалардағыдай шолақ емес, мол әрі қызықты суреттелген; 4) басқа нұсқаларда Еңліктің үй-жайы, әке-шешесі айтылмаса, мұнда оның жалғыздығы, еріксіз ұзатылып отырғандығы, әкесінің жас күнінде батыр болғандығы, нағашысы Қабанбай батыр екендігі баяндалады; 5) Еңлік образын пайымдауда сонылық бар, қыз батылдығы байқалады; 6) Еңлік пен Кебектің махаббат сезімдері бірден лап ете түсетін стихиялы күй ретінде романтикалық сарынмен суреттеуден бас тартып, екеуара ұзақ монологтар реалистік арнада берілген, – деп нақты өзгешеліктерді атап өтеді.

«Абай жолында» «Еңлік-Кебекті» кім жазады деп Абайдың ақын шәкірттері таласқанда оны Шәкәрімге бермей, Дәрменге бергені жайлы жазылған. Б.Исабаев «Шәкәрім» энциклопедиясында «Шәкәрім «Еңлік-Кебек» аңызын өлең етіп жазуға Абайдан осы Аралтөбеде тапсырма алған» деп келтірген. Қалай болғанда да Шәкәрім «Жолсыз жаза» деген атпен Еңлік-Кебек оқиғасын дастан етіп жазған.

Жазушы-ғалым Құлбек Ергөбектің «Бейсембай Кенжебаев – Шәкәрім мұрасын жаңғыртушы» деген баяндамасында «Еңлік-Кебекке» қатысты Шәкәрім атының аталуына болған қарсылық былай суреттелген: «Алпысыншы жылдары өзінің сүйікті шәкіртінің бірі Рымғали Нұрғалиевке зорлағандай етіп, ол кезде жабық жатқан «Әуезовтің ұлтшылдық туындылары» аталатын трагедияларын тақырып ретінде ұсынады. ...Аталмыш тақырыпта «Еңлік-Кебек» міндетті түрде сөз болады, ондай жерде міндетті түрде Шәкәрім қозғалады. Ғылым – тәуекел ісі. Шәкірт

Р.Нұрғали «Трагедия табиғаты» аталатын кітабын шығару бойында үстінен мойнына қылмысты істі қиып салған ашулы арыздар қаптады. ...Осындай күндердің бірінде Бейсекеңнің үйіне Шәкәрімнің соңына шырақ алып түскен Әбзәли Қарасартов келді. Бейсекең шәкіртін шақырды, сөйтіп оны қорғап, сол арқылы Шәкәрімді қорғап, Қарасартовқа кәстөм-шалбар кигізіп, жолына қаражат беріп шығарып салды.

«Ләйлі-Мәжнүн» дастаны Шәкәрімнің Шығыс алыптарын танып-білгендегі жеткен зор жетістігі, еңбегінің жемісті нәтижесі. Шығыс поэзиясында «Ләйлі-Мәжнүннің» түрлі нұсқалары бар. Бұл дастан олардан жасалған аударма емес, ақын оқиға желісімен құрған сюжетті өз ойымен, өз топшылауымен таратады. 1936 жылы Сәкен Сейфуллин «Ләйлі-Мәжнүнді» «Әдебиет майданының» 2-нөміріне бастырып, оған алғысөз жазды. Сәкен Сейфуллин «Әдебиет майданы» журналына бас редактор болып тұрған кезде Пушкиннің «Боран» повесін Шәкәрімнің аударуында бастырды.

Шәкәрім мұрасының тағы бір саласы – оның тарихи, философиялық сипатта қара сөзбен жазылған трактат үлгісіндегі туындылары. Кезінде ұстазы Абайдың ақыл-кеңесімен дүниеге келген «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Үш анық» секілді еңбектері Шәкәрімнің жан-жақты білімдарлығына айғақ.

«Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөнінде» 1988 жылғы белгілі қаулыда Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» мен «Мұсылмандық шарты» шығармаларынан басқа бүгінгі заман талабына қайшы келетін шығармалары жоқ деген шешіміне сәйкес Шәкәрімнің шежіресі мен «Үш анығы» 1991 жылы, ал «Мұсылмандық шарты» 1993 жылы ғана жарық көрді.

Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» қазақ тарихын ғылыми тұрғыдан тануға алғашқы ұмтылыс, ол Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегіндегі ойдың жалғастық табуы деп тануымыз керек.

Шәкәрім шежіре жазу себебін былай түсіндіреді:

*«Жазғанда мақсатым көп менің тағы,
Қазақтың қараңғы еді арғы жағы...
Қалжың емес, қам үшін жаздым мұны,
Білсін деп кейінгілер түп атасын.
Атаны атағанмен білім артпас,
Сөйтсе де білген адам құры жатпас.»*

Тегінде Шәкәрімнің шежіреге қатысты өлеңмен де, қара сөзбен де жазған шығармалары көп. Ең бастылары «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» және «Қазақтың түп атасы батыр Түрік», алғашқысы

қара сөзбен, екіншісі өлең түрінде жазылған. Бұл екі шығармада қазақтың ұлы ханы Абылайдың аты аталып, өмір тарихы баяндалады. Абылай аты сондай-ақ Шәкәрімнің «Ескі ақындық» және «Жолсыз жаза яки кез болған іс» деген екі шығармасында аталады.

Шәкәрімді қазақ прозашылығының көшбасшыларының бірі десек қателеспейміз. Қазақ әдебиетінде бұрын поэзия, эпос, дастан, поэма, өлең басым болса, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында шын мәнінде көркем проза пайда болып, жедел дамыды. Осы үдерісте Шәкәрімнің де үлесі болды, оның прозалық туындылары – тарихи, ғылыми, философиялық шығармалары өзіндік көркемдік-идеялық салмағы бар, бірі адам болмысын, бірі тағдырды жан-жақты суреттеуімен жаңа басталып келе жатқан қазақ прозасына өзіндік жаңа леп қосты.

Шежіреге арналған еңбегінде Шәкәрім «Қоңырат» руын басында Орта жүзде болған, онан соң Ұлы жүзге барған, – дейді. Бүгінгілерге қоңырат тайпасының Орта жүз екені белгілі. Олар Шыңғыс хан заманында Моңғолияда болған, соңыра Ақтөбе облысы аумағына көшіп, кейінірек Ұлытау өңіріне ауып, кейіннен Түркістан төңірегінде топтасқан деседі. Шәкәрімнің сөзінің де жаны бар, оның заманында және бүгінге дейін қоңыраттар Ұлы жүздің Дулат тайпасымен аралас-құралас болған, бір өңірді жайлағандар бір жүздің балалары болып кетуі әбден мүмкін. Бұл ойды Ақселеу Сейдімбек те айтады. Оның үстіне бұл тайпалар мінездес, екеуінде де жер өңдеуші отырықшылар бар, олар ауыл-ауылымен өзен-бұлақтардың маңайында орналасқан, еңбекқор, шаруа жүргізуге бейім. Үй арасы жақын болғандықтан және үш жүз жылдан астам көршілес елдегі хандықтардың қарамағында болып, араласқанның нәтижесінде мінездерінде солардың икемділік, сөз тасуға бейімдік, қызғаншақтық, күншілдік, көрсеқызарлық, бет бергендегі шырайы мен сырт айналғандағы қалпының түрлі-түрлі болып кететіндігі ұқсас болатын кездері көп.

Шәкәрім қоңыраттар жайлы пікірінің соңында олардың көбінің өзбекке қосылып, өзбек атанып кеткенін де айтады. Шынында қоңыраттардың басым бөлігі өзбектеніп кеткен, олар Сурхандария, Қашқадария облыстары мен Қарақалпақстанда көп тараған және өздерін өзбектің қоңыраттарымыз деп атайды, сөйлегенде тілдері қазақшаға келіп тұрады.

«Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» 1911 жылы Орынборда басылып шыққан. Кітап «Шежіреден бұрын», «Шежіре басы», «Қазақтың қайдан шыққаны», «Хан шежіресі», «Шыңғысхан шежіресі», «Стамбулдағы түрік нәсілі», «Сарт», «Өзбек», «Ноғай», «Башқұрт», «Қалмақ һәм телеуіт», «Түрікмен», «Яқұт», «Оранхай», «Енесейдегі түрік», «Күн-

шығыс Түркістандағы түрік» деп аталатын ірілі-ұсақты тараулардан тұрады. Аталған тарауларда тарихи деректер жүйелі баяндалған. Еңбектің «Шежіре басы» бөлімінде Шәкәрім түрік нәсілінің шығу тегі жайында ойларын бере отырып, Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре түрік» еңбегіндегі Нұх пайғамбардың ұлы Яфистен тараған сегіз баланың бірі түрік болғаны жайлы деректі, Радловтың «Ұйғырлар туралы кітабындағы» «түріктер ағаштан жаралды» деген болжамдарын, Қытай шежіресіндегі түрік жұртын қасқыр мен адамның қосылуынан болды деген сөзді «еш сөзге қисынбайды» деп өз көзқарасын білдіреді.

Шәкәрімнің бұл еңбегінің ең басты құндылығы өткен замандағы түрлі жазбалар мен кітаптардың мәліметтерін салыстыра топтап, жинап, елеп-екшеп ұсынуында. Ол кітаптардың көбін түпнұсқа күйінде оқып танысқан. Шәкәрімнің Меккеге бару сапары таза діншілдік ниеттен, тек қана қажы атану ойынан тұмаған. Өз сөзімен айтсақ: «Меккеге бара жатқан сапарымда Стамбулда 13 күн, бері келе жатқанда тағы 13 күн болып тарихты ақтардым, керек кітаптарды поштамен үйге жіберіп отырдым. Меккенің де, Мединаның да тарихтарын ақтардым, жол қатынасы жайсыз болып Египетке баруға рұқсат ала алмадым. Сол сапарда Шығыс, Батыс ғалымдарымен сөйлесіп, пікірлестім, ерте кезеңде шыққан ғалымдар шығармаларын жаздырып алдым» – деген. «Қазақтың қайдан шыққаны» деп аталатын ең ірі тарауында қазақ халқының шыққан тегі, жүріп өткен тарихи жолы, қазақтың үш жүзі, оның қалай бөлінгені, қазақтың хандары, жекелеген рулар тарихы тарихи тұрғыдан мол мағлұматтар арқылы берілген.

Еңбек ғылыми тілде жазылған. Зерттеуші ретінде Шәкәрім бірнеше тың пікірлер де берген. Мәселен, ол ертедегі түрікке христиан, будда, зәрдашт діндері де белгілі болған дей отыра, «түріктердің өз діні болды» дейді. Ол – тәңір діні.

Сол сияқты «қалмақ» деген атаудың қайдан шыққанынан да хабардар етеді. Шыңғысхан заманында қазақ рулары наймандар, керейлер, қоңыраттар, жалайырлар ол елден қуылғанда түрлі себептермен көшпей қалғандардан құралып сонда қалмақ болғандардан құралғандар «қалмақ» аталды дейді.

Шежірені, «Мұсылмандық шарты» мен «Үш анықты» халыққа жеткізу мақсатында араб жазуы таңбасымен басылған бұл шығармаларды кириллицаға түсіруді ғалым Мекемтас Мырзахметұлы орындаған. «Үш анық» бұрын баспа бетін көрмегендіктен халық қолында сақталған қолжазбаларға және Қытай қазақтарынан келген қолжазбаларға сүйеніп, бір ізге түсірілген. «Үш анықтың» канондық нұсқасы әлі дайындалған жоқ. М.Мырзахметұлының «Түркістан» газетінде жариялаған

«Хакім ақынның бас шәкірті хақында» деген мақаласында былай делінген: «...1991 жылы басылым көрген Шәкәрімнің «Үш анығы» мәтіні жағынан дұрыстығына күмәнім бар. Өйткені ел арасынан алынған екі қолжазба нұсқасы да беймағлұм қарапайым кісілер қолымен көшірілгендіктен, термин сөздер мен кісі аттарының көмескіленіп, әртүрлі оқылуы, кейбір сөз қолданыстарында мағыналық кібіртіктердің болуы канондық мәтін жасауға қолбайлау бола берді. Мені қатты қинаған жері екі қолжазбада кездесетін термин сөздер мен еуропалық кісі аттары болды. Оларды дәл оқып білу үшін әрі бастапқы қалпына келтіру үшін Ақселеу Сейдімбеков қолжазбаны философтарға оқытып, еуропалық философтардың аты-жөнін біршама қалпына келтіре алдық.

...Қытай қазақтарының қолында Шәкәрім қолжазбаларының түпнұсқасы сақталған деседі. Ақын қолжазбаларының түпнұсқасын сақтағаны үшін бір ғалымға Қытайдың мемлекеттік сыйлығы беріліпті. Ол қолжазбалар арасында «Үш анық» та сақтаулы тұр екен. Мен қанша ұмтылсам да ол қолжазбаны ала алмадым. Шәкәрімтанушылар осы түпнұсқа қолжазбаны алуға әрекет етсе, сауапты жұмыс атқарған болар еді».

Біз «Мұсылмандық шартының» қазіргі бізге белгілі, 1911 жылы Орынборда басылып шыққан нұсқасы туралы сөз қозғамақпыз. Бұл кітапта Шәкәрім ислам дінінің басты қағидаларын, иман, ғибадаттарын қазақ тілінде түсінікті етіп оқырманға жеткізуді мақсат тұтқан. Ең алдымен иманның шарттарын түсіндіріп, Алла тағаланың барлығына шынымен нанып, ақылмен иман келтіру керектігін айтқан. Бұл үшін Құран мен ғұламалардың сөздерінен мысал келтірген. «Кәлимань айтып отырып, оның мағынасын түсінбесе иманға есеп болмайды» деген. Иман шарттарының ішінде Аллаға, оның бірлігіне, пайғамбарларына, періштелерге, Алладан түскен кітаптарға, ақирет күніне, жақсылық, жамандықтың бір Алладан екеніне және қияметте қайта тірілуге иман келтірудің әрқайсысына жеке-жеке тоқталады. Ақиқат туралы білмеген болса сұрасын дейді. Бар нәрседен бар қылу адамның да қолынан келеді, жоқтан бар қылу сипаты Аллаға ғана тән, оған адамның ақылы жете бермейді дейді. Ажал туралы, қабырдағы жауап туралы да сөз етіледі. Кәпір атануға алып келетін күнәһарлықтан тыйылу керектігін айтады. «Адам өзін таныса құдайын да танымақ» деп арнайы тоқталып, өзін-өзі танудың маңызын түсіндіреді. Сондай-ақ адам хақы, хайуан хақына қатысты, адамның жақсы-жаман мінездері, күнә, тәубе, ниет, т.б. істер жөніндегі шарифат үкімдерін жіктеп түсіндіреді. Ислам дініндегі парыз, уәжіп, сүннет, мұстәһни, мұбах, харам, макре, мәфсад сияқты істерге түсінік беріледі. Намаз, ораза, зекет, қажылыққа бар сияқты ғибадат түрлерін таратып айтып береді. Дәретке, намазға қатысты па-

рыз, сүннет, мұстахап болған және тыйым салынған амалдарды айтады. Күнделікті тұрмыста кез болатын мал сою, қарыз беру, жер-суға иелік жасау, аманат, ақы төлеу мен ақы алу шарттарын түсіндіреді. Неке және адам құны мәселелеріне көбірек тоқталып, елдің берекесін алған жер дауы мен жесір дауына тыйым болса деп санайды. Әмеңгерлік жолы, көп әйел алу мәселелерін де сөз етеді.

«Мұсылмандық шартына» Шәкәрімнің онша көңілі толмаған көрінеді. Оған бірінші себеп – Құранның қазақ тіліндегі нұсқасы жоқтығы болса, сол кездегі дін жолында жүргендердің әрбірі дінді өз түсінігіне қарай бұрмалауында. Халықты ақиқатқа жеткізуді мақсат тұтқан Шәкәрім Құранды қазақ тіліне аударма жасауды қолға алған, сол арқылы қазақ ішіне енген мұсылман дінін тазалыққа жеткізбек ниетте болған.

Шәкәрім қажыға бару сапарын мұсылмандық парыз деп қана емес, адамның адам болып толысуына, кемелдікке жетуіне әсер ететін жол деп санайды. Ол «Мұсылмандық шартында» былай дейді: «Әй, достар, малымыз жеткеніміз қажыға неге бармаймыз? Оған да малды аяймыз десек, осы дүние жұмысына мың-мыңнан шашамыз, жанды аяймыз десек, партия араздық үшін, арамдық үшін тура мылтық алып, сойыл алып, өлімге қарсы тұрысамыз. Және қажыға барсақ, Алла тағаланың ғана парызын төлемек болмай, қажы – бұл кісінің көрмеген жері жоқ дегізбек болатұғынымыз қалай? Және келгеннен соң тәубеменен отырмай, бейне бір тергеуден біржолата құтылған кісідей мұндағылардан да антұрған болып, партия басы болатұғынымыз қалай? Ақырында Алла тағаланың адал ғибадатына мал сарп қылмақ түгілі, біреуден алдап, біреуден зорлап, біреуде ұрлап, не қылсақ та малға мал қоса бергеннен басқа, мақтанға мақтан, айлаға айла қоса бергеннен басқа мақсұттарыңыз бар ма? Байқаңыз, ойлаңыз, құдайшылығын айтыңыз, тым болмаса өзіңізге өзіңіз айтыңыз, кісіге білдірмей-ақ қой. Пайғамбарымыздан сахабалар: «адамның ең жақсысы кім?» дегенде: «көпке пайда тигізген кісі» деп, «ең жаманы кім?» деп сұрағанда: «көпке зияны тиген кісі» деген екен. Әлбетте, ақылға да солай, енді біз соның бәрін біле тұра, көпке пайда қылмақ былай тұрсын, көпке зияны тиетұғын әлденеше түрлі бәлені шығарып, елді бүлдіріп, жастарды соған үйретіп, артымызға жамандықтың ұрығын егіп, дүниеде бір көзіміз тоймай, көңіліміз толмайтұғын ынсапсыздық қайда апарды?».

Шәкәрім Сәбит Мұқановқа жазған хатында өз ақиқатын көп іздегенін айтады: «...іздегенім тамам адам пайдасы болғандықтан, ақылым айтқан ақиқатты айтпай тұра алмаймын. Еріксізбін. Мен осыны айтып отырғанымда адамшылық арым барша адам баласына пайдалы деп отыз жыл инемен құдық қазып, тапқан ақиқатты неге жіберіп, алдымен осыны басуды тіленбейін?».

Шәкәрім ән де шығарған. 1906 жылы қажылыққа барған, сол жолы Стамбулда 26 күн тоқтап, сонда нота жазуды үйренген. Домбыра, гармонь, скрипка тарта білген. 15 ән, 2 күйі бар. Әндері: «Қозыкөш», «Жастық», «Шын сырым», «Ажалсыз әскер», «Тілек-батам», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Жаңа ойдан шығарған бір бөлек бұл ән», «Анадан алғаш туғанымда», «Ойладым бір сөз жазайында», «Қорқыттың сарыны», «Қорқыт, Хожа Хафиз түсіме енді де», «Сен ғылымға болсаң ынтық», «Көңіл», «Жылым – қой, жұлдызым – июль», «Мұтылғанның өмірі», «Сұраған жанға сәлем айт», «Байғазы». Күйлері: «Алабайрақ», «Бозторғай».

А.Затаевич 1925 жылы «Қазақ халқының 1000 әні» жинағында Шәкәрімнің бір әнін «Тілек – батам» деген атпен жариялаған. Онда әннің тек әуені (өлеңсіз) нотаға түсірілген.

Голландиялық Альвин Бимбоэс 1926 жылы «Музыкалық этнография» жинағында «№1 Шакарим», «№2 Шакарим (частушка)» деген атпен екі әнін жариялаған.

1931 жылы А.Затаевич «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» жинағында «Шәкәрім Құдайбердин әні» деген атпен алғаш рет ақынның «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» атты шығармасын жариялаған. Бұл кітаптағы анықтамада: Шәкәрім Құдайбердин – Семей уезінің қарт ақыны, қазір тірі, жасы жетпістер шамасында. Жинақта келтірілген әнін орыс әндерінің үлгісіне еліктеп шығарса керек, – деп жазған.

1934 жылы ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет майданы» журналында оны Абай дәстүрін жалғастырушы шәкірттері қатарына қосқан мақаласы шықты. Сәкен Сейфуллин ақын мұраларын насихаттауда ерекше еңбек сіңірді. Шәкәрімнің аты аталуына тыйым салынып тұрған кеңестік кезеңнің өзінде 1978 жылы Мұхтар Мағауин Шәкәрімнің бірнеше өлеңдерін орыс тіліне аудартып Ленинградта шыққан «Поэты Казахстана» жинағына енгізді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішұлы сонау 1974 жылдың 25-шілдесінде Ғабит Мүсіреповпен болған сұхбатында «...Шәкәрімнің, Мағжанның, Жүсіпбек Аймауытовтың шығармаларына бір қозғау салатындай жағдайды ойластырса қайтеді» деген батыл ұсынысты айтқан ғалым.

Шәкәрім мұрасын жинауға, баспаға дайындауға, ғылыми-зерттеуге ғалым Ысқақ Дүйсенбаев көп үлес қосты. Ол 1975 жылы жарық көрген әдеби энциклопедияға Шәкәрім туралы мақала жазды.

Ғылым докторы, профессор Әбдімәлік Нысанбаев Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу институтына ұдайы қолдау жасады, ғалым Тұрдықұл Шаңбайды «Шәкәрім» энциклопедиясын дайындауға Семейге жіберді.

Қазақтың белгілі жазушыларының бірі Ғабиден Мұстафин 1984 жылы қайтыс болғанда артында қалдырған мұралары ішінде 1979 жылдың 6 ақпанында жазылған «Сыр ашу» дәптері табылған. Онда: «Абайдан кейінгі біздің заманымызға дейін қазақтан туған білімді, талантты адамдардың ішінде аты мәлім төрт адам атаусыз қалып барады. Олар – Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердиев. Қазақ тарихы, қазақ әдебиеті жойылмаса, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Шәкәрімдер жойылуы мүмкін емес. Сондықтан мен «Сыр дәптеріне» жазып кеттім, кейінгілердің қарғысына ұшырамауды ойладым. Дүниеден өзің кеткенмен, ізің қалса болғаны. Сол ізбен келіп, сырынды ашады кейінгілер» деген ақ адал аманатын жазып кетіпті. Айтқандай-ақ жазушы дүниеден өткеннен кейін төрт жыл өтпей-ақ аталған төртеу және Міржақып Дулатов ақталып шықты.

Көрнекті жазушы Ғабит Мүсірепов те Шәкәрім 1958 жылы ақталған тұста ақын туындыларын әділ бағалап, оның ұлттық әдебиет пен мәдениетке қосар үлесінің ауқымды екенін айтады. Шәкәрім өлеңдерінің басты да негізгі тақырыптық-идеялық өзегі азаматтық гуманизм болып табылатынын, адалдық пен әділдікті ту еткен, орыс поэзиясынан сусындаған, орыс ақындарының өлеңдерін тәржімалаған жаңашыл ақын ретінде дәлелдейді. Осы пікірлерді Қазақстан Өлкелік Орталық комитетіне де хат арқылы жеткізеді. «Жер бетінде ой зираты, поэзия зираты, даналық зираты жоқ еш жерде. Қай заманда туса да асыл ой өлген емес, поэзия өлген емес», «Қазақ ақындығының да талай шаң-боранның астында, талай қырғын астында сөніп кеткен кезі бар. Бірақ оның да жер астында қалған тас көмірдей қызынары бар, тұтанары бар, бір кезде қайта тұтанбақ. Өйткені өлең де адамның есінде сақталады» деп батыл түйіндеп ой айтқан.

Шәкәрімнің есімі мен мұрасы ресми ақталғалы бері Әбділдә Тәжібаев, Шәмшиябану Сәтбаева, Қайым Мұхамедханов, Мүсілім Базарбаев, Шерияздан Елеуенов, Мұхтар Мағауин, Ғарифолла Есім сынды жазушылар мен ғалымдар түрлі сипаттағы зерттеулер жүргізді.

Шәкәрім табиғатынан жан-жақты, ғылымның түрлі салаларынан, тұрмыстық түрлі істерден хабары болған адам. Ол 1903 жылдан 1907 жылға дейін Императорлық Географиялық орыс қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семейдегі бөлімшесіндегі 131 толық мүшенің қатарында болған. Бұл ниет Шәкәрімнің адамтануға қатысты қандай бір бағыт болмасын, соны зерттеуге мүмкіндік іздегенін көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынов: «Өнер түрлі болады. Біреулер үй салады, арық қазады, етік тігеді, арба істейді, киіз басады, ыдыс істейді, тағысын тағы сол сияқты шаруаға керекті нәрселерді жасайды. Біреулер көрікті

мешіт, көрнекті там, көркем сурет салады. Әдемі ән, әсерлі күй, ажарлы сөз шығарады. ...алдыңғы нәрселер адамның мақұлықтық жан сақтау керегінен шыққан нәрселер; соңғы нәрселер адамның жан қолтау керегінен шыққан нәрселер. ...алдыңғы нәрселерді жасауға жұмсалатын өнер – тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады да, соңғы нәрселерге жұмсалатын өнер – көркемшілік үшін көрнек өнері болады». Шәкәрім осы екі өнерді де қатар алып жүрген. Тірнек өнерінде қолынан келмейтін іс қалмаған: ағаш ұқсатқан, там салған, киім тіккен, бүркіт ұстаған. Екінші жағынан Ахмет Байтұрсыновша айтсақ, көрнек өнерінде әдемі сөзі, әсем әуені, әсерлі күйі және де даналыққа толы құнды шығармаларымен қазақ тарихында өзіндік орнын берік алатын тұлға.

Өнер зерттеушісі Талиға Бекхожина Шәкәрімнің «Аманат» жинағын 1989 жылы бастырып шығарған. Онда Шәкәрімнің Ахмет Байтұрсынов айтқан көрнек өнерін де, тірнек өнерін де кеңіте әңгімелеген: «Шәкәрім аса шешендік, тапқырлықпен талай шиеленіскен дауға билік айтқан. Ою-өрнек сызып, тасқа бедер салған. Бойға қонымды, ықшам, әдемі киім үлгісін ойлап тауып, жеңгелеріне киім пішіп берген. Ол домбыра жасаған. Жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы ұстап, аңшылық, саятшылық құрған» деп дұрыс тізіп айтқан.

Шәкәрім түлкіні тас қақпан деген әдіспен аулайтын болған. Түлкінің інге кіргенін аңдып жүріп, оны әуелі ұсақ тастармен тығындап, сойыл жетер жерді ірі тастармен тығындайды екен. Түлкі іннен шыға алмай, ашыққан соң ұсақ тастарды ін түбіне тасып, өз жоғары көтеріліп, ірі тастарға келіп тоқтап екі ортада айнала алмай қалған кезде сойыл ұшымен жүнінен бұрап суырып алатын болған.

Шәкәрімнің өзі: «Абай ағам шошалаға кіріп, кездік соғып жатқанымызды көрді. Сокқан кездіктерімізді көріп, қалай суару керектігіне ақыл-кеңесін берді» деп айтып кеткен.

«Шәкәрім аң мен құстың өрісін, түнегін, жайылымын бағдарлаған» дейді Семейлік суретші Нұрбұлан Өтепбаев «Шәкәрімтану мәселелері» жинағының 6-томындағы «Шәкәрім және халық өнері» мақаласында.

Шәкәрімнің Абайды ұстаз тұтуы, оның ағалық үлгісін көру, өлеңдерінде де Абайдың сөздерін, тұтас жолдарын және идеяларын пайдалануы жайлы біршама айттық. Осы жерде орайы келіп қалғандықтан Абай мен Шәкәрім екеуінің тұрмыста бір-біріне мүлде ұқсамайтыны туралы да аз-кем сөз етсек.

Шәкәрім тұрмысқа икемді, үй жұмыстарын да, өзіне қатысты дала жұмыстарын да бір өзі атқара беретін болса, Мұхтар Әуезовтің «Абайды білмек парыз ойлы жасқа» деген кітабындағы «Абай өмірбаянының

алғашқы нұсқасы (1927-1933)» деген мақаласындағы Тұрағұл Абайұлының Абай туралы естеліктерінен келтірілген үзіндіде Абай күнделікті тұрмыста ас ішіп, сөз сөйлеуден басқа ештеңе істемейтіні жазылған: «Өз басының күтіміне өзі істейтін еңбегі аз болып, жан тыныштығын сүйіп, қозғалысы аз болғандығына мысал үшін 1886 жылы жаз бойы әкемнің ауылында қонақ болып жатқан доктор Долгополовтың бір сөзін айттайын. Бір күні Долгополовқа балаларын сынаттып отырып, соның артынан: «Өзім туралы не айтасың?» – депті. Сонда Долгополов: – Басы алтын адамсың, бірақ үйренген әдет-салтың жаман. Таңертең төсегіңнен тұрғаныңда біреу келіп арқаңа шапаныңды жабады. Есікті ашып тысқа шығарады. Қайта келсең есікті ашып енгізіп, алдына шылапшынды әкеліп, қолыңа су құйып жуындырады. Шай ішсең, шайыңды біреу құяды. Ет жесең етінді біреу жапырақтайды. Атқа мінбек болсаң ерттеп, қолтығыңнан көтеріп салады. Кешкі төсекке жатарыңда төсегіңді біреу салып, өзіңді шешіндіріп, үстіңе көрпенді жауып, орамалыңды бір жағына, шақшанды бір жағына тығып қояды. Өзің үшін өзің не қыласың, әйтеуір бірдеме қылып, ұйқы көресің де...» депті. Ал Шәкәрім болса, елсіздегі қорада үй шаруасына көмектеседі деп алған Әупіш деген жігітті біраз уақыттан кейін: «Көзіме елестейді құлдық дәуір, Адамды құл деген сөз маған ауыр. Шын ойласам екеуін салыстырып, Том ағайдан Әупіштің несі тәуір» деп өлеңінде жазғанындай «маған құл болмағайсың, сені еркіндігіңнен айырғым келмейді» деп, Әупіштің оны жалғыз қалдырғысы келмеген наразылығына, өз еркіммен жүрмін дегеніне қарамастан қайтарып жібереді. «Ойласам, еркінді мен алдым неден, Елге бар, рұқсат бердім ырзалықпен, Қош, Әупіш айрылысам сеніменен» деп айдаладағы қорада атымен, тазысымен, бүркітімен жалғыз күн кешеді. Ол кез Шәкәрімнің 70-ке жуықтап қалған кезі еді.

Шәкәрім өз шығармаларында өмір шындығын, қоғамдағы әлеуметтік қарама-қайшылықтарды, билеуші таптың зорлық-зомбылығын және қара халықтың ауыр халін көрсетті.

Шәкәрім орыс халқынан үлгі алуға, оның мәдениеті мен әдебиетімен таныс болуға үндеді, оның Толстойдың шығармаларымен жете танысып, данышпан жазушымен ойша сырласуы, Пушкиннің поэмаларын аударуы осыны дәлелдейді.

Шәкәрім қазақтың тұңғыш қоғамдық-саяси журналы «Айқаптың» басты оқырманы, белсенді авторы болған. Бұл журналдағы бірінші мақаласы «Біздің мұқтаждарымыз» деп аталады. Сол замандағы қазақтың басты мұқтаждарының бірі жерден айырылуға айналып, күн көрісінің төмендеуі. Осыны ескертіп: «Азғана жараулы жерімізді бөтен алмай, өзіміз алғанымыз жөн» дейді. Мақалада ой қорыта келіп Шәкәрім:

«...қазақ қайтсе ғылым, өнерге жақындайды, қайтсе талас-тартысты қойып, тату болады» деп өз халқына шын жанашырлық сөзін айтады.

Екінші мақала «Білімділерге бес сауал» деп аталады (1912 жыл). Бұл мақала жөнінде арнайы айтқанбыз. Тағы да айтарымыз философиялық терең ойларға негізделген сұрақтар Шәкәрімнің ойлау жүйесінің диапазонының кеңдігінен хабардар етіп тұр.

1915 жылы «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің арасында пайда болған салқындыққа жаны ауырып, «Сөз таласы» деген мақала жазып оқырмандарға екеуін де жаздырып алып оқуға, бейтарап болмауға кеңес береді.

Журналда сондай-ақ Шәкәрімнің «Иман-ғибадат», «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі», «Қалқаман-Мамыр» атты шығармалары жарық көргенде соларды хабарлап, насихаттаған.

Өмір күрделі, қарама-қайшылыққа толы, өзіне тән заңдылыққа орай дамиды. Шәкәрім: «Осы дүниеде көзге ілінбейтін кішкентай жануарлардан бастап адамдарға дейін бәрі һәм нәсілдерінің жақсылықта болып өсуіне қам қылады. Мұны – барлық таласы дейді. Бұл – жаратылыстың берік жолы. Сондықтан барша адам шамасына қарай, қайсыбірі өзі үшін, қайбірі табы үшін, қайбірі адам барша адам үшін жақсылық пен бақ іздейді. Ақыл қаруында адам толығы барша адамға бақ іздеген болады» дейді. Осындай күрделі қарым-қатынастар мен құбылыстар жүйесінде адамдар жарқын мұраттар мен мақсаттарға жетудің жолын іздейді, осылайша уақыт артта қала береді, мақсат-мұратқа жетудің жолын іздеу жылдар бойы, ғасырлар бойы жалғаса береді. Әлбетте мақсаттар мен мұраттар өзгереді, соған орай адамдардың түсінік-танымы мен көзқарасы да өзгереді. Бұл – заманы, уақытына байланысты. Дегенмен, бір ғана мәселе барлық уақытта пікірталастың түп қазығы болып қала береді: ол адам өлгеннен кейін де оның өмірі ол фәниде де жалғаса ма деген сұрақ. Бұл кімге немесе неге байланысты? Жаратушы иемнің қолында ма? Шәкәрім осы сауалдарға байланысты да өзінің ойын білдіреді: «...адамды түпкілікті бақытқа жеткізбекші болсақ, біліп жаратушы ие бар, өлген соң да біртүрлі өмір бар деген жолдың шын-өтірігін білуіміз керек. Егер шын болса, соның да қамын ойлап, адамдарды түпкілікті бақытқа жеткізу үшін, егер өтірік болса, соған әуреленбей жалғыз ғана осы дүниенің қамын қылу үшін, олай болса бұл екеуін қалай тексереміз? Оны тексерушінің әртүрлі діндер жайынан, әртүрлі ғылым жайынан әрбір білімділердің сол туралы айтқан сөздерінен хабары болуы керек».

Шәкәрім патшалық Ресейдегі ақпан төңкерісі, «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысымен тікелей байланысты саяси оқиғалардың бел ортасында жүрген. Ол 1917 жылдың шілдесінде Орынборда өткен бірінші жал-

пы қазақ съезінен кейін, желтоқсан айында Семейде өткен екінші съезге Шәкәрім делегат болып қатысқан. Сол саяси науқанның нәтижесінде Семейдің уездік Земствосына депутат болып сайланған. Демек, Шәкәрім Алашорда үкіметінің жергілікті жердегі сенімді тірегі бола білді.

Шәкәрім өмірінің ақырына дейін, өзі жазған шығармаларын қайта қарап, қатесін өзі тауып мойындап, кемшілігін толықтырып түзеумен болған. Мысалы, өлер алдындағы жазған бір хатында: «...Шежіренің бір жыртылып қалғаны табылып, бұрынғы басылғандарында қате һәм қосылмаған сөздер бар болғандықтан, көшіріп, түзеп жатырмын», – дейді.

Шәкәрімнің Сәбит Мұқановқа жазған хатында: «Қырық бес жасымнан бергі өлең-сөздерім философия жағына салынып» деп келетін жері бар. Анығында, Шәкәрім қазақ көркем философиясын ерекше дамытқан ақын. «Анық асық – Әулие! Кереметке сол ие, Жаны құрбан жарына, Керексіз оған дүние» деген сөздерден әулиенің имандылықтың, арлылықтың, қасиеті биіктіктің символы. Өлеңнің соңғы шумағы: «Таспиқ, сәлде, жайнамаз, Тастамасаң қыс пен жаз, Жүрегің болса тайғақ саз, Сопысынып қылма наз» деп бітеді. Яғни, жалған діндарлық, сопылық Жаратушыға асықтық саналмайды, оның иесі – шын әулие ғана дейді. Әулие – араб сөзі (аулия) – қазақшалағанда – құдайға жақындағандар, Алланың достары деген сөз. Адам жаратылып жер бетіне келгеннен кейін қашан болса да бір кету бар. Соны ескерген адамзат баласы Жаратушыға яғни Алламен дос болуға ұмтылады. Осы өлеңмен Шәкәрім Аллаға жақындаудың жолын ұсынады, жақындау үшін не жасау керектігін айтады. Осынау жалған дүниеде Алланы сүю ғана Аллаға деген шын достық болып танылар еді. «Жаны құрбан жарына, Керексіз оған дүние» дегенде жар деп тұрғаны Жаратушы Алла. «Жарынан бөлек жаны жоқ, Табатын басқа жары жоқ. Асықтан аяп қалатын, Иманы, малы, ары жоқ». Демек, Шәкәрім үшін Алланың жолында аянып қаларлық ештеңе жоқ. Ол сопылық ілімнің адамның тірі жүріп өлуі дегенін қолдайды. Адам жалған дүниедегі барлық құмарлықтарын ауыздықтай білгенде тірі жүріп, өлікке айналады, яғни жалған дүниенің қызықтарынан жерінеді.

Шәкәрім Абай бастаған үрдісті – өз заманының тұрмыс-тіршілігін, адамдарының пейіл-парасатын нақты байыптап, айыбын ашқандай етіп әшкерелеп айтуды, өмір суретін боямасыз өз қалпында беруді жалғастырды. Қуы алдап, сұмы еліріп, биі мен байы өз қамын, әрі барғанда өз атасының қамын ғана күйттеген, игі жақсы дегендері партия қуып, соның жеңісі арқылы өз ықпалын арттырудың қамында жүрген, дау-дамай қуған елінің нақты жағдайын көрсете, сынай тұра одан шығатын жолды нұсқап, барлық жақсылық – озық елдердің неге озып жатқанын зерт-

теп, соны өз елімізге сіңіру, оқу, білім, ғылым мен өнер жолына түсу, сол арқылы бақытқа жетуді ұсынады. «Қазағым қам ойла, Сен де адам едің ғой!» – деп зар шеккенде еліне ұсынған жолы – білім-ғылым жолы. Бұл – шөлдесең сусыныңды қандырар бұлақ, ашықсаң тойындырар тамақ, халықты бақытқа, байлыққа жеткізер таусылмас кен, көңілді құлазытып, еңсені түсірер рухани дерттен арылтар ем. Ғылым-білімді мықтап игергенде ғана қазақ тарих көшінен кейіндеп қалмақ емес, басқа елдермен басы теңеспек.

Бүгінде Шәкәрімге қатысты шүкіршілік етерлік істер атқарылуда. Шәкәрімнің туғанына 150 жыл толуына орай, еңбектері бұрынғы басылмаларда жіберілген қателіктер мен олқылықтар түзетіліп, екі том болып басылды. 1988 жылдан бері шығып жатқан кітаптармен салыстырып қарағанда Шәкәрімнің академиялық еңбегін жариялау жолында толымды еңбек жасалып жатқандығы айқын.

Шәкәрім мұрасы күні бүгінге дейін ғылыми тұрғыдан, монографиялық сипатта жан-жақты зерттелуі жалғасуда. Бүгінде ақын шығармалары мектептер мен жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына еніп, жүйелі түрде шәкірттерге танытылып келеді. 2008 жылы Шәкәрімтану саласының іргесі бекіп, керегесі кеңі түсті. Осы айтулы датаға арнап көптеген жаңа шығармалар, «Шәкәрім» атты энциклопедия дүниеге келді, «Шәкәрімтану мәселері» атты ғылыми-танымдық көптомдықтың алты томы жарық көрді. Семейдегі педагогикалық институтының жанынан Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырылды, Шәкәрім мұражайы ашылды, «Шәкәрім» атты журнал үздіксіз жарық көріп келеді.

Сонымен Шәкәрімнің шығармашылық мұрасын халыққа жеткізу мақсатында біршама істер атқарылды. Ендігі жерде Шәкәрімнің әр шығармасының, ойының тереңіне үңіліп, дәнін аршып, нәрін айқындауды, әрбір идеясын жаңа заманға лайықтап халыққа кеңінен түсіндіруді мұрат деп танып, сол міндетті орындау жолында еңбектенерлік кез туды.

Шәкәрім мұрасы – шексіз. Оның халқымыздың рухын көтеруге қосар үлесі мол.

Шәкәрімнің тұстастары мен зерттеушілерінің сөздері

Шәкәрім өмірінде өз биігіне жеткен, межелі асуын алған адам. Шәкәрім туралы көзі тірісінде-ақ ол туралы оң пікірлер айтылып, лайықты бағасы берілген.

Сол замандағы қазақтың зиялы азаматтарының бірі Сабыржан Ғабасов «Айқап» журналының төрт нөмірінде «Тарих қазақ жайынан»

атты көлемді мақала жариялап, Шәкәрім туралы былай деген: «Бұл күнде миллетіне қаламменен қызмет қылып жатқан фазил-әл-мұхтарам қадірлі ақсақал әл-хажы Шәкәрім хазреттері күміс ертоқым, күміс белдік, жуан бос құрсаққа мас болып, қажы деген сөзге төбесі көкке жеткендей болып жүрген қажыларымызға үлкен-ақ үлгі боларлық зат. Алла тағала Шәкәрім қажы сияқты ақсақалдарымыздың ғұмырына берекет беріп, оқыған жастарымызға Шәкәрім қажыдай болуға нәсіп етсін».

Әлихан Бөкейханов «Қалқаман – Мамыр (Шәкәрім)» атты 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген мақаласында Шәкәрім жөнінде былай деген: «Шәкәрім Абай барда таласып ақындық қылып, жарыққа шықпай, көлеңкеде жүре берген. 1900 жылы Шыңғыс елін жазған Иван Флипович Гусев Шәкәріммен сөйлескен. Маған сонда айтты: «Жұрттың бәрінің аузына алғаны Абай. Шәкәрімнің білімі де қазақта жоқ екен» деді. Гусев Шәкәрімнің тамырын тауып ұстаса керек» деп орыс азаматының пікірі арқылы Шәкәрімге жоғары баға берген. Сондай-ақ осы газетте 1915 жылы жарық көрген «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» деген мақаласында Шәкәрімнің осы атпен жария көрген кітабын талдай келіп: «Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі, Шәкәрім кітабын әбден білмей қадам баспа» деген нық ой айтады.

Әлихан Бөкейхановтың «Мұсылман сиезі» деген мақаласында «Анық түрік затты халық тілі біздің қазақта. Абай, Шәкәрім, Міржақып, Мағжандай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады», «Ғұмыр жүзінде біздің қазақтың тілі өз бәйгесін алар. Абай, Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Тарғыннан хәм өзгелерден бұл көрініп тұр ғой» деген сөздер бар.

Қазақтың озық ойлы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров Шәкәрімнің бүкіл адамзатты бөліп-жармай қарайтын ойын былай суреттеген: «Бұл қазақтан мақсұты биік-алыс, Таппаса да сөзіне құлақ салыс. «Қазақ» деп жекелеме «адамзат» де, Ол кісінің пікірімен болсаң таныс».

Сондай-ақ «Айтыс» поэмасында: «Семейдің съезінде байқадық қой, Екенін қарт кемеңгер әм терең ой. Оқығандар болмаса, жай қазақтан, Онан басқа кім шықты көрсетіп бой» деп Шәкәрімнің даналығын ерекше бағалаған.

Баянауыл перзенті, өз заманының озық ойлы азаматтарының бірі Мәшһүр Жүсіп те Шәкәріммен кездескен. Мәшһүрдің: Бұл дүние мәңгі бақи тұрмақ емес, Қалжыратты, шаршатты күнде «кеңес». Өлмеген құл көреді ұмытпаңдар, Бұл Кеңес те болдырар болып көмес» деген сөздерінен Шәкәріммен үндестік танимыз. Шәкәрім де сол кездері Кеңес үкіметіне әуелі сеніммен қарап: «Бостандық таңы атты...» деп, кейіннен одан көңілі қалғаны өлеңдерінен байқалады.

Шәкәрімді кеңестік заманның өзінде, аты аталуына тыйым салынуына қарамастан, сол кездегі зиялылар біреуі ашық түрде, біреулері күнделіктерінде өз бағасын беріп, шығармалары туралы сенімді орталарда сөз қозғап отырған. Ол баға бүгінге дейін толастамастан жалғасып келеді.

Шәкәрім шығармашылығының маңызын Т.Кәкішұлы: «...Абай мектебінің ең дарынды түлегі ретінде сыншыл реализмнің ұлы арнасында тамаша дастандар жазып, өзінің зор үлесін қосты. Творчестволық салмағы жағынан осы көркемдік үлес шешуші фактор болып әдебиет тарихында қала бермек. Сондықтан оны ХХ ғасыр басындағы әдебиетіміздің үлкен өкілі ретінде санасақ, жазылар тарихтың алғашқы бетінен Шәкәрім жарқырап көрінері хақ» деді.

Филология ғылымдарының докторы Мұхаметжан Қаратаев «Шәкәрім көз алдымызда» атты 1989 жылы «Лениншіл жас» газетінде жарық көрген мақаласында былай дейді:

«Қазір мәз бола отырып, айтатын бір жай – Шәкәрім Құдайбердиевтің қалың бір томдық шығармаларының «Жазушы» баспасынан 50 мың тиражбен жарық көріп, қалың жұрттың қолына тиюі.

Шәкәрімнің үлкен томға енген өз шығармалары (лирикасы, дастандары, прозасы, қара сөздері) оның ұлы Абайдан тәлім-тәрбие алған әрі шәкірті, әрі әріптесі екенін, классикалық Шығыс және Батыс әдебиетінен әсер, үлгі алған, ұлы орыс әдебиетінен, әсіресе данышпан Пушкин мен Толстойдан әсемдік рух, ләззат алған дарынды талант екенін танытып, көзімізді жеткізеді».

Филология ғылымдарының докторы Зәки Ахметов 2002 жылы Семейде өткен «Шәкәрім оқулары» ғылыми-теориялық конференциясында жасаған «Шәкәрім – қазақ әдебиетінің классигі» атты баяндамасында былай деген: «Шәкәрімнің 1879 жылы жазылған «Жастарға» атты өлеңінің негізгі идеясы – жастарды Абайдың жолымен жүруге шақыру, Абайдың арман-мұраттарын – білім, ғылым үйренуді, адал еңбек етуді, адамгершілікті, әділдікті ту етіп көтеру, надандыққа, жалқаулыққа, алауыздыққа қарсы күресі.

Шәкәрім өзіне Абайдың шыншыл сөздері қатты әсер еткенін тебірене айтады. Абайдың ізімен жүру бірден-бір дұрыс жол деген шешімге келеді.

Шәкәрім Абайдың ақындық, өнерпаздық дәстүрлерін қоғамдық өмірдің ең маңызды мәселелерін қозғау жағынан, әсіресе, өнер-білімді, ғылымды уағыздау, надандықты, топастықты, әділетсіздік пен зұлымдықты әшкерелеу, шығыс, орыс әдебиетінің таңдаулы нұсқаларын насихаттау жағынан ілгері дамытты. Сонымен қатар ол ақындығы, прозашылдығы, ойшылдығы, философиясы, дінге көзқарасы, суреткерлігі,

көркемдік ойлау жүйесі, стилі, тіл бейнелілігі, өлең өрнектерін өзгеше түрлендіруі – қай жағынан алсақ та, қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі бірден-бір жаңашыл ірі тұлға болды».

Мүсілім Базарбаев «Шәкәрім ақын» атты 1989 жылы «Жұлдыз» журналында жарық көрген мақаласында «Шәкәрімнің өз басы да, қазақ әдебиеті тарихындағы терең, жіті зерттеуді керек ететін көрініс. Ақын өзінің өлеңдерінде ойланып, толғануы көп, уайым, қайғы басқан, жалғыздық жапасын мол тартқан жан ретінде көрінеді.

Абайды көп толғантқан өсу, өну, ағарту ісі, болашаққа қарау Шәкәрім поэзиясында түгелдей дерлік өріс табады. Адамның жеке басының жетілуі, ақыл мен парасатқа ұмтылу, адал болу, кісі ақысын жемеу, халық камын ойлау – ақынның жатпай-тұрмай тебірене ойлаған тақырыптары. Көпшілігі насихат, ғибрат түрінде болып келсе де, Абай салған шыншылдық, сыншылдық сарын анық көрініп, дамып отырады. Өрнек, сурет бейнелері анық реалистік әдебиеттің қалпын байқатады. Өлең өлшемдері де сан алуан өзгеріп, құбыла, құлпыра түседі.

Шәкәрімнің өлеңдерінде «халқым, қазағым, туған ел-жұртым» деген ұғым жиі ұшырайды. Ақын алуан түрлі тақырыптарды қозғай отырып, өлеңнің негізгі кілті, мазмұны есебінде ұсынады. Қай шығармасын алсақ та, шаруасы жағынан артта қалған, оқу, өнерден, озат мәдениеттен тыс қалған халықтың ахуалын, тағдырын көреміз. Ақын көбіне налып, кейіп те айтады. Тек мағынасы жағынан ғана емес, сөз түзілісі, формасы жағынан да мұндай жолдарында Абайға өте ұқсас», – деп келтіреді.

Филология ғылымдарының докторы Айгүл Ісімақова «Шәкәрім оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясында жасаған «Абайдың шәкірті – Шәкәрім Құдайбердиевтің «Ар білімі» атты баяндамасында: «Діни білімді меңгерген, Абайдың ақындығынан сусындаған Шәкәрім қажы нақты мысалдармен ойын дәлелдеп, өмірде пенденің басына түсетін сынақтардың мәнін өз оқырманымен бірге іздейді. «Ашу мен ынсап», «Шаруа мен ысырап», «Анық пен танық», «Дүние мен өмір», «Мақтау мен сөгіс», «Міндеу мен күндеу», «Тойымсыз нәпсі, тұрақсыз дүние», «Бас көзімен қарасаң – нәпсі жалған», «Қараңғы мен жарықты жүрміз өлшеп» атты өлеңдерінде ақын адам баласына қатысты «мәңгі сұрақтарға жауап береді». Осы сауалдардың түйінін «Адамдық борышың» өлеңінде нақтылай түседі.

«Бәйшешек бакшасы» атты қара сөздерінің мазмұны мен мәні де сол тұрпатты. Қысқа әңгімелер арқылы Шәкәрім адамның «өзін-өзі тексеріп, таза ақылға билету әлденеше мыңнан біреудің-ақ қолынан келеді», – деген ойды алға тартады.

Филология ғылымдарының докторы Рахманқұл Бердібаев өзінің 1988 жылы «Қазақстан мұғалімі» газетінде жарық көрген «Елеулі рухани олжа» атты мақаласында былай дейді: «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті өзінше бір ренессанс дәуірін бастан кешіргендей қалыпты байқатады. Шоқан, Абай, Ыбырай шығармаларының тақырыптық ауқымы мен идеялық өрісіндегі жан-жақтылық, дүние халықтарының ертелі-кешті жасаған рухани қазынасына қол артушылық, адамзат алдындағы сауалды шешуге талаптанушылық, адам еркі мен бақыты мәселесін бірінші орынға қоюшылық – міне, мұның бәрі де әлемнің әр бұрышында әр кездерде бой көрсеткен ояну дәуірі қайраткерлерінің бәріне ортақ белгілер болатын. Мұндай сипаттар Абай жаратындыларына түгелдей хас құбылыс болса, осы дәстүрді ақын Шәкәрім саналы түрде жүйелі жалғастырады, кейбір тұстарда дамыта түседі. Шәкәрім ақын өлеңдері мен дастандарында адамшылық, әділдік, қайырымдылық, теңдік, еріктілік заңдарына қайшы келетін құбылыс атаулы сыналып әшкереленсе, өз бойында, ақыл, қайрат, сезімді қатар алып, бірлестіре білген жандар мадақталады, дүниенің мағынасы мен сұлулығы адамның бақыттылығына байланысты деген түпкілікті тұжырым, күрделі аңсар басым жатады».

Шериаздан Елеукеновтің «Жаңа жолдан» атты кітабындағы «Армысыз, Шәкәрім аға!» атты шығармасында: «Абай дәстүрін жазба әдебиет саласында ілгері апарушы Шәкәрім мұрасы тарихтан өшіріліп, ауызға алынбай келгендіктен біз «Абайды көріктендіре, толықтандыра түсетін жазба әдебиет өкілдері сол тұста болды ма?» деген сұраққа «жоқ» деп бас шайқайтынбыз.

...Біз, әдетте жалпыадамзаттық, дүниеуи проблемаларды көтергендердің арасынан қазақ зиялыларын көрмейміз. «Әлі бізге қайда» дегендей, көбінесе озық әдебиеттерге қарайлаймыз. Ал, тексеріп үңіле қарасақ, бір Шәкәрімнің өзі бүкіл барша адамзат талқылап жатқан көшелі проблемалардың біразының алдын алғанына көз жеткіземіз. 1915 жылы жазылған «Адам немене» деген өлеңінде Шәкәрім ғылымның адамзат мораліне тәуелді болуы керек деген проблеманы алға тартады. Олай етпей, айуандыққа жүгірсе, өзі сүйген ғылымды да Шәкәрім талақ етуге даяр. Меніңше, мұндай өлеңдер жазылғанына қаншама уақыт өткеніне қарамастан әр халық, барша адамзат жүрегінен орын табады. Бір ядролық қарудың өзі қаншама апат қаупін төндіріп отыр» дейді.

Шәмшиябану Сәтбаеваның «Шәкәрім Құдайбердиев» атты кітабында жария көрген «Лирикалық өрнектер сыры» мақаласында: «Шәкәрім қазақ қоғамының биік деңгейге көтерілуіне, өрлеуіне кедергі, кесепат болып

отырған талай жағымсыз қылықтарды, әділетсіздікті, оқу-білім аздығын, ұйымшылдық, бірлестік, береке жоқтығын, тоғышарлықты, керенаулықты, қулық-сұмдық, зорлық етек алғанын батыл да ащы сынай отырып, өзінің ұлы ұстазы Абайды көп толғантқан оқу-ағарту, білім-ғылым ісін жолға қою арқылы өсу, алға басу, прогресс туралы өрісті ойлар айтқан. Шәкәрім поэзиясында Абай салған шыншылдық, сыршылдық сарын мен ғибрат, дидактикалық әуен астасып, табиғи өріліп, дамып отырады.

...Шәкәрім өлеңдерінің көбінесе, негізгі өзегі, мазмұны ретінде қазақ елінің жинақты әрі нақтылы көрінісі Абай өрнектеп кеткен қалыпқа ұқсас, Шәкәрім де Абай сияқты шындықты сынай айтады, көңіл көзі ояу әр қазақтың намысына тие айтады, кейде кейіп, кейде налып, кейде кекетіп айтады. Шәкәрімнің «Қазақ», «Тағы сорлы қазақ», «Партия адамдары» деген өлеңі, Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп басталатын шығармасындағы көрініс, ой, сын дамытылады.

...Қазақ әдебиетінде адам, қоғам, әлеуметтік өмір туралы мазмұн, түр жағынан биік деңгейде жазған Абайдан кейін Шәкәрім, Сұлтанмахмұт. Кейінгі бұқарашыл ақын-жазушылар творчествосында халық мұңы едәуір көтерілгені мәлім. Ал Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт творчествосының халықтығы, тарихилығы ерекше құбылыс. Ерекше құбылыс болатынының көп себептерінің бірі сол – әуелі Шәкәрім, одан кейін Сұлтанмахмұт қазақ халқы туралы толғанғанында көркемдік бейне жасауда алғаш рет Абайдың өзінің ұлылығын тануға ұмтылушылық, өмірінің қазақ қоғамы дамуы үшін мән-маңызын терең түсінушілік, көркем шығармаға арқау, өзек етуі, бастаушы болуы».

«Абай» журналының 2001 жылғы санында «Көркемдік шеберлік» деген мақала жазған филология ғылымдарының докторы Серік Негимов: «Шәкәрім Абайдың ақындық дәстүрін әрі мағыналы, әрі толық жалғастырған, өз жолын тауып, өзіндік өрнектерімен өркендеткен өрелі тұлға. Абай өнерпаздығына тән қасиет – сипаттар: «мінез түзететіндік (ахлак), тереңнен толғайтындық (пәлсапа), сыншылдық (критика), суретшілдік (художественность), жүректің мұң-зарын, сырын тапқыштық (лирика), ащы тілділік, ызамен күлетіндік һәм керемет переводшілдік» Шәкәрімге де дарыған ортақ белгілер еді.

Дархан дарын өлең құрылысының табиғатын түбірінен қозғаған, оның ішкі ағыстарын, қозғалыстарын түбегейлі құбылтып, толқытып түрлендірген жаңашылдығымен көзге түседі.

...Абай мектебінен тағылым алған, оның ұлы дәстүрін сабақтастырушы әрі жаңғыртушысы Ш.Құдайбердиев қазақ өлеңіне ірі, кесек,

орасан өзгерістерді батыл енгізіп, үнге, дауысқа құрды. Өлең ырғағының икем-бейімін арттырды. Дәстүрлі тармақтарды бөлшектеп, сындырып, өлеңнің мән-маңызын, мәнер-мақамын, әуен-сазын толқыта құйқылжытты.

...Шәкәрім ұлттық тілдің терең қойнаулары мен қатпарларындағы асыл қасиеттерді жіті танып, ұтымды пайдаланып, метафоралық тіркестер тудырған. Олар: «жердің сүйегі», «болыстың тоқымы», «от-қанжар», «үміттің үйі», «жүректің таразысы», «ойым – у, өмірім – су, үмітім – бу», «ойым – ұрмақ, тілім – бұлбұл, сөзім – бұлақ», «ақыл құсы» деп Шәкәрім шығармашылығындағы Абай жолы жайында ғылыми пікірлер жазыпты.

Айгүл Кемелбаева «Шәкәрім» ғылыми-педагогикалық журналында жариялаған «Шәкәрімнің екі өлеңі туралы» атты мақаласында: «Шәкәрім қажының дана ұстазы – Абай. Есейген егделік елі әлі алыстау көрінсе де, даналық болмысы құса шектірмей қоймаған Абай хакімнің 1885-1892 жылдардағы өлеңдеріндегі сарын – «Уайым – ел қорғаны есі барлық» халқын ойлағаннан бадана бас зары мен сорын тартып қиналғаны аян.

Шәкәрімнің «Шаранамен туып едің...» – жан түңілісі, өзекті өртеген беймаза күйініш. Шәкәрім әулиелік пен құдайшылықтың қағбасына бет бұратын кезеңнің сипаты осы: адам өмірі трагедия, шар еткен шарана даусымен оған шер қоса байланбақ.

Шәкәрімде адам баласының өмірінің құны көк тиын, тіршіліктің мәні түкке тұрғысыз дегендей бір ауыр ой қылаң бермей қала алмайды. Өлең адам жаратылысының физиологиялық сипатын дөп береді. «Анадан алғаш туғанымда, Жыладым неге дыбыстап. Кіндік кесіп қинағанда, Анамнан кеттім алыстап» деген сөздер сол өлеңнің прологы сияқты.

Шәкәрім қажының бұл өлеңін басқа жырларының бастау көзі деп білу керек. Өлең – ақынның тұтас бір ой әлемінің, рухани қазынасының алтын кілті сияқты» деп келтіреді.

«Шәкәрім» журналында жарық көрген Әбдімәниұлы Өмірханның «Танымына табынтқан абыз ақын» деген мақаласында былай деген: «Шәкәрім – қазақ лирикасындағы адамтанудың негізін қалағандардың бірі. Ақын ұстанған басты мақсат – нағыз адам деген атқа лайық жандарды биік идеалға айналдыру. Адамзатқа тән асыл қасиеттер адалдық пен әділдік, білімділік пен еңбекқорлық, парасаттылық пен зиялылық мәселелерін жырлауға келгенде Шәкәрімге жетер ақын жоқ. Осынау ізгі қасиеттердің өмір-тіршілікте алар орны мен мән-маңызына бойлай отыра және оны ой толыққанды тербей келе, ақын өзін қоршаған ортада орын алған адамдар бойындағы қасиетсіздікке жирене қарайды. Сөйтеді де одан арылтуға бар өнерін жұмсайды. Көрген мен түйгеннің ақыл

таразысына тартылғанын өлең арқылы оқырман мен тыңдарманға ақтарып салады.

Ақын надандық торлаған қазақ даласына адалдық келіп, әділет жол-басшы болар күнді армандайды. Бұл арадағы ақын арманы ашы өксікке толы, үнінде зарлылық басым. Ол осынау надандықтың түп-тамыры адам бойын шырмаған сауатсыздық пен қараңғылықта, жалқаулық пен бойкүйездікте жатқанын жақсы біледі. Шәкәрім поэзия арқылы адамдық болмысты тануға ұмтылған азаматтық ірі мақсатының бірі – ұлтының бойына бәле болып жабысқан осы бір жағымсыз қасиеттерден арылту. «Үйретуден жалықпау» қағидасын ұстанған Абайды дана ұстаз таныған Шәкәрім ұлы ақын ұсынған адамды адамдыққа тәрбиелеу атты жанды идеяны одан әрі дамытты».

Шәкәрімтанушы энциклопедист ғалым, «Шәкәрім» энциклопедиясының және бүгінге дейін алты томы жарық көрген «Шәкәрімтану мәселелері» топтамаларының құрастырушысы Тұрдықұл Шаңбай алты томдықтың екінші томында «Шәкәрімнің философиялық лирикасы» деген мақаласында Шәкәрімнің Абай дәстүрін жалғастырған философиялық лирикасы жайлы былайша ой толғайды: «Шәкәрімнің кемел жасында жазған «Ойлаңыз, ақыл, білім қайда болмақ...» деген өлеңі философиялық лирикаға жатады. Шығармада ақынның тұтас поэзиясындағы поэтикалық контексте қайталанып келетін күретамыр тақырыбы – дүниетанымдық концепциясы көрініс тапқан. Шәкәрімнің қазақ философиялық лирикасын мол биікке көтергенін байқататын өлеңі.

...Шәкәрімнің философиялық лирикасындағы танымдық ұғымдар, «ойын-күлкі», «ғашықтық-құмарлық», «ақыл-жүрек-қайрат» сияқты ұғымдарды жаңа сапаға көтерген Абай дәстүрінің өрелі жалғасы. Философиялық лирикаға тән автордың көзқарасы мына бір өлеңдегі шумақтан айқын көрінген: «Ойлаңыз, ақыл, білім қайда болмақ, Денеден қандай орын, жайда болмақ. Білу, нану, ұнату – ақыл ісі, Қайтсе зиян, қайткенде пайда болмақ?». Өлеңнің алғашқы шумағындағы екі тармақ екі сұрақ-сауал түрінде берілген. Сұрақ-сауалдың мазмұны – ақыл, білімнің орны қайда, сол ақылдың ісі қайтсе пайда, қайткенде зиян. Субстанциалды мазмұнға ие негізгі ұғымның мәнін айқындауды басты мақсат еткен философиялық өлең осындай ой-толғаммен басталады. Келесі шумақтар ширап, ақын ойы магистральды арнаға қарай жылжып отырады. Екінші шумақтың өз мотивациясы бар: «Тән – сезіп, құлақ – естіп, көзбен көрмек, Мұрын – иіс, тіл – дәмнен хабар бермек. Бесеуінен мидағы ой хабар алып, Жақсы, жаман әр істі сол тексермек».

Шәкәрімнің 1988 жылы шыққан екі кітабындағы («Шәкәрім. Шығармалары: өлеңдер, дастандар, қара сөздер». «Жазушы» баспасы. 560-бет және «Жолсыз жаза. Өлеңдер мен поэмалар». 254-бет) қателерді

біртіңдеп атап көрсеткен Қайым Мұхамедхановтың бірнеше мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінде (1988) жарық көрді. Онда шығармалардағы редакторлық сақтық түзетулер мен қасақана бұрмалауға жол берілгені айтылады. Мәселен «Қыз үшін түнде кезгенде» деген өлең жолы «Қыз үшін түнде келгенде» деп өзгертілген. «Құдайым берсе дағы қанша несіп» дегенді «Харекет берсе дағы қанша несіп» деп түзеткен. «Қолда қалам, көзде жас, толқынып ой» дегенді «Қолда қалам, көзде жас, толқындап ой» деп жөндейді. «Мақтан, атақ іздесең құдайдан без» деген сөздер «Мақтан, атақ іздесең адамнан без» болып өзгертіледі, «пәлекордың» орнына «жалакор» делінеді.

«Бір аллаға сыйынған арам өлмес», «Жуандар», «Қорқақ бай» деген өлеңдерде «Алла, құдай, тәңірі» деген сөздер жиі кездескендіктен кітапқа енбей қалған. «Еріншек» деген өлеңде «ораз, намаз, азан, құдай» деген сөздер болғандықтан жинаққа алынбаған.

«Сөз сынап, өлең өлшемек» деген өлеңнің атауы «Сөз жазып, өлең өлшемек» болып түзетілген.

«Құдая, бәрі бірдей құтырған ба?» десе, оны «Қазақтың бәрі бірдей құтырған ба?» деп өзгертеді. «Алланың жазған ақ өлім» «Тағдырдың жазған ақ өлім» болып, «А,құда, онда» – деп отыр» «А,тоба, онда» – деп отыр» болып түзетіледі. «Ақ ісіңе құдай жақ, Адамнан тіпті шошыма» дегенді қасақана мағынасы бүтіндей өзгеретіндей етіп «Ақ ісіңе адам жақ, Адамнан тіпті шошыма» дейді.

Мұндай мысалдар көп-ақ. «Күрмеуін Алла шешеді» – «Күрмеуін тағдыр шешеді», «Аллаға дайын мінезім» – «Алалға дайын мінезім», «Ондасын құдай ақырын» – «Ондасын істің ақырын», «Кетпес дәулет осы ғой құдайға хақ» – «Кетпес дәулет осы ғой әмбеге хақ», «Жүрген алар деген ғой бір құдай да» – «Жүрген алар деген ғой осындайда», «Құдай таза жаратты, сен таза бол» – «Баста таза жаратты, сен таза бол», «Ащы сөзім достығым – дінге нансаң» – «Ащы сөзім достығым – маған нансаң», «Бір құдай неше түрлі жан жаратты» – «Табиғат неше түрлі жан жаратты», «Құдай өзі-ақ береді» – «Өмір өзі-ақ береді», «Жардың жүзін дәл тауып» – «Жердің жүзін дәл тауып», осылай кете береді.

«Қалмақты шабысуға Мамай келген» дегенді «Қалмақты шабысуға Матай келген» деп өзгерткенде түзетуші «Мамай» деген сөзді татар-башқұрттармен шатастырып, түзетіп жіберген болса керек. Шынында Мамай – Тобықтының бір табының атасы.

Еспенбетов Араптың «Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт» атты мақаласында: «Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт шығармашылығында жарасымын тауып, әр қырынан ашылатын тақырыптар, ұсақ сюжеттер, оқшау детальдар, адамның сезіміне сәуле түсірерлік ортақ айшықты суреттер баршылық. Сол ұқсастықтардың бірін салыстырып қарап көрдік.

Адам баласының өмірі, жас шамасы ықылым заманнан ақындар жырына өзек болып келген. Дүние есігін ашқан сәттен өмір сапары аяқталғанша адамзат бастан кешіретін уақыт ірі философиялық мәнге ие.

Шәкәрім айтады:

*Өмірдің басы – бала, ортасы – адам,
Қартайып шал болған соң кетті шамаң.
Мақтап жүрген өмірің осы болса,
Үш-ақ ауыз өлеңмен болды тәмәм.*

Өмірдің басы – балалық шақ, ортасы – азаматтық есею, соңы – қартайған кез, шалдыққа жету, өлімге қарай аяқ басу, Шәкәрім осылай қысқа қайрады.

Сұлтанмахмұт адам өмірін кезең-кезеңге бөліп топтайды: 1) Мен – бала; 2) Мен – жігіт; 3) Мен – тоқтадым; 4) Мен – кәрі; 5) Мен – өлік. Лирикалық кейіпкер «меннің» дүниеге келген шағынан бастап, жарық дүниемен қоштасқанға дейінгі өмір сапары төңірегіндегі лирикалық тебіреністер монологпен өрілген.

Бұлардың арасындағы көзқарастағы бірлік, танымдағы туыстық таң қалдырып, таңдай қаққызады еріксіз».

Философия ғылымдарының докторы Телісжан Айтқазин «Шәкәрім» журналының 4-нөмірінде «Шәкәрімнің әлеуметтік-философиялық ойлары» атты мақала жариялаған, онда былай дейді: «Қазақ ойы, мәдениеті мен әдебиетінің тарихын Шәкәрімсіз көз алдымызға елестету мүмкін емес. Ол – ақын, философ, ағартушы, ол – халқына шын берілген адал ұл.

Шәкәрім: «Басқа да халықтар секілді қазақтар да жақсы адамдары мол халық, әрине, олардың ішінде жамандары да бар. Әйтсе де қазақтар өте күрделі жағдайда (табиғи және әлеуметтік) өмір сүріп отыр. Осыдан келіп олардың арасында ұрлық-қарлық жасау, өзінің байлығын, билігін пайдаланып, кедей-кепшікті алдау, тықсырушылық, күн көрсетпеу болып отыр» дей келе осыны жеңе білуге, мәдениетті көтеру жолында күш-жігер біріктіруге шақырады. Ол бұдан шығудың жолын да көрсетіп берді. Біріншіден, партияларға, олардың қызыл, жалыны сөздері мен ұрандарына еліктеп кетпеу керек, олардың мүддесі үшін ұрыс-керіске барудың ешқандай да керегі жоқ, бұдан ұтылатындар – қарапайым халық. Халық өзінің адал еңбегіне сүйене отырып, тура, айқын жолдан айнамауы керек. Екіншіден, қазақ халқы басқа, өркениетті елдердің халықтары сияқты білімге, ғылымға ұмтылғаны жөн. Бұл жолда ұрыс-керісті, мал ұрлауға және басқа келеңсіз әдеттер мен қылықтарды ысырып қойған абзал. Байларға иек артудың, олардан рақым күтудің қажеті жоқ. Олардың бар ойлайтыны – байлық, одан басқа қызық жоқ, соны мақтаныш көреді. Өмірдегі бар мақсаты сол ғана. Олар өнер-білім жайлы тіпті ойламай-

ды да. Үшіншіден, қалалар мен елді-мекендер тұрғызып, сонда білім алып, еңбек етуге жағдай жасауы тиіс. Балаларды жас кезінен баптап тәрбиелеу керек. «Онсыз қазақтардың дәл қазіргі уақытта күш-қуаты жоқ. Көретін көзі, ұғатын сөзі жоқ, қазақтың бұл күнде аты бар, өзі жоқ» – деп шындық жайды жасырмай айтады. Бұлай кете берсек, қазақ халқы өзіндік мәдениеті мен тарихы бар, басқалармен иық тірестіре алатын ұлт болудан қалатындығына қауіп білдіреді, осыдан сақтандырады

Қазақтар басқа халықтардың ішінде белгілі бір дәрежеде мәдениеті мен тарихы бар ұлт ретінде көрінуі үшін ел басқарып отырғандардың жалпақшешей, жағымпаз, құр кеуде болмауы керектігін аса қажет деген тұжырым жасайды Шәкәрім. Жайлы қызмет, атақ-даңқтың соңында кеткен басшы елді көгертпейді, қарапайым халықтың жоғын жоқтап, мүддесін көздемейді».

Халық жазушысы Шерхан Мұртаза Шәкәрім мұрасын «алтын сандық» деп бағалады.

Қайым Мұхамедхановтың «Абай мұрагерлері» кітабындағы «Шаһкәрім» атты мақаласында: «Абай өлгеннен кейін Толстойды ұстаз тұтып, одан ақыл сұрап хат жазған. Толстойға хат жазып, одан хатына жауап алғаны туралы Шәкәрім былай деген:

– Толстойдан үш сұрақ сұрадым. Толстой сұрақтарыма өте қымбатты жауап қайырды. Әсіресе сол жауаптары мені толғандырып, ғибрат алатын сабақ болып, көңілімде орнап қалды. Бірінші сұрағым: Адамның арына тиетін, өзім білетін жағымсыз қылықтардың бәрін тізіп жаздым да, осылардың ішінде және Сіз білетін, арға ең ауыр тиетін не? – дедім. Толстой бұған:

– Осы тізіп жазғаныңыздың бәрі де адамшылық арға тиетін нәрселер. Менше, арға ең ауыр тиетін бір іс бар. Ол: егер адам көпшілікке немесе жалпы қоғамға зиян келтіретін істі хақиқат біліп, соны үш нәрседен қорғанып, сол хақиқатты айтпай қалса, сол арға өте ауыр тиеді. Бірінші, сен өте бай болып, сол хақиқатты айтсаң, малыңа, байлығыңа зиян тиетін болса, екінші, сен мансап иесі болып, сол хақиқатты айтсаң, мансабыңнан айрылатын болсаң, үшінші, сол хақиқатты айтсаң, басың жазаға тартылатын болса. Міне, осы үш түрлі зардаптан қорғанып, көпке зиян келетін хақиқатты біле тұра айтпай қалсаң, арға ең ауыр тиетіні осы, – деп жауап берді.

Екінші сұрағым: ірі шығармалар жазуға бет алдым. Бұған қандай кеңес бересіз? – деп, көлемді шығарма жазу жайында ақыл сұрадым. Толстой бұған:

– Көп адамдар қатысқан қатысқан шығарма болсын не ұсақ әңгіме болсын, алдымен сол әңгіменің уақиғасына, іс-әрекетіне жазушы өзі араласқандай жетік болуға керек. Сол уақиғаның ізі, сыры қоғамға бай-

ланысты әрекетіне жазушы тағы жетік болуға керек. Сол уақиғаның жайы жазушыға айнадай айқындалып, сезіліп тұрғандай болуы керек. Олай болмаған күнде, әңгіме дәл, қызықты болып шықпайды. «Көлеңкеге пішкен тон бойға шақ келмейді», – деген мақалды жазушы ойдан шығармауға керек. Ішіне араласпай, сырттай ой-жотамен жазған шығарма шындыққа жанаспайды, қызықты болып шықпайды, – деп жауап жазды.

– Үшінші сұрағыма Толстой:

– Жазушының артық қасиеті – өз қатесін көріп, оны түзей алуы. Бұл әркімнің қолынан келе бермейді. «Біреудің қатесін біреу көреді» деген бар. Бәріне де адам өз қатесін өзі түзегені артық. Өз қатесін өзі түзей алатын қасиет адамның өз бойында бар. Ол – адамға біткен ақ жүрек. Егер адам өзі істеген ісін, жазған сөзін ақ жүрегіне сыната білсе, ақ жүректің нәзік сезімін ашып бере алады. Ақыл толғауынан өткен қорытындыны жүрек елегінен өткізу керек. Жүрек ықпалына беріліп дағдыланған адам өз мінін де, біреудің мінін де көре алады. Сондықтан, әділ сыншың – ақ жүрегің, – деп жауап берді. Осындай ақыл-кеңес берген Толстойды мен ұстазым деп бағалап, ардақтаймын.

Шәкәрім тағы бір сөзінде: «Толстой сияқты «нұр жарықты» перзенттер бар халыққа ортақ, бүкіл адамзат ұстазы» дейді».

Елуінші жылдары Абай шәкірттеріне қарсы болған Сәбит Мұқанов алпысыншы жылдары «Шәкәрімде жаңа өмірге қарсы ештеңе жоқ» деп Шәкәрімді ақтау, арылтуға барын салды.

Шәкәрімнің 150 жылдық тойы алдында ақын Бауыржан Қарабеков «Шәкәрім – дастан» атты поэма жазып, кітап етіп бастырды. Онда: «Айттайын, уақыт маған сөз бергесін!» деп өз дауысымен Шәкәрім тұлғасын биіктете түсер ойларын жырға қосты.

1990 жылы мамыр айында Қазақстан Жазушылар Одағында Шәкәрім творчествосына арналған ғылыми-практикалық конференция өткен. Ондағы сөйлегендердің сөзінен:

Т.Молдағалиев: «Бала кезімде Есік қаласындағы базарда Қалқаман мен Мамырдың оқиғасын біреудің зарлап жырлап айтып тұрғанын көрдім. Кейін білдім, ол ашаршылық жылдары арқадан Жетісуға тағдыр айдап келген азамат екен. Кейіннен ол адамды көре алмадым, бәлкім халық жауының жырын неге айттың деп, айдап алып кетті ме, кім біледі. Оны алғаш «Қазақ әдебиеті» газетінен оқыдық. Өттең, олпы-солпы жерлері бар екен-ау деп ойлады алғаш. Бұдан да әдемі, бұдан да көркем жазуға болар ма еді деп бір қойдық. Бірақ бұл жас Шәкәрімнің қолынан шыққан алғашқы дастан екеніне, дастанның қай үлгіде, қай дәстүрде жазылуға тиіс екеніне мән бермеген екем».

С.Жиенбаев: «Лирика туралы Белинский: «Ол – сәбидің күнәсіз ажары, жарқын жанары, күмістей күлкісі; ол – қыз жүзінің ұялшақ, албырт қызғылты, тұңғиық көзінің ынтық сәулесі, сұлу қозғалыстарының ғажайып сиқыры; ол – балғын жігіттің өрен ерлігі, тентек тегеуріні, өмірдің балы мен уын бір-ақ рет сімірмек болған тойымсыз талабы; ол – қарттың әрсіз көзінің жұмсақ сәулесі, бұл өмірден алыстай бастаған әжімді бетінің ерекше нұрлы ажары, бәсең айтылар, бірақ әсем айтылар аталық сөздері... Ол – сирек соғар өмір рахаты. Жүрек дірілі, ләззат таба егілу, көз жасына көмілу, өмір бақи айнымас, тояттамас құмарлық, өмірдің қаны мен оты, жарығы мен күні...» деген екен. Осы кісі бұл пікірді Шәкәрім өлеңдерін оқып алып айтқан сияқты.. Шәкәрім лирикасын шартты түрде үш салаға бөлуге болады: махаббат-жастық, ғибрат-нақыл, ой-толғаныстар».

Көп жылдар бұрын Қытай елінен елге оралған ақын Кеңесжан Шалқар 1988 жылы қазан айында Қытайдағы туған жеріне барғанда, сондағы туған-туыс, дос-жаранды аралап жүріп бірге өсіп, мектепте бірге оқыған, Үрімшідегі жоғары оқу орындарында да бірге жүріп, білім алған Қытай қазақтарынан шыққан сол елдегі ең талантты ақындардың бірі Задахан Қаумаұлы Мыңбаев пен Қабылбек атты ақсақалдан жазып алдым деп Шәкәрімнің «Өсиетнама» атты дастанынан екі үзіндісін «Қазақ әдебиеті» газетінің 2009 жылғы 1 мамыр күнгі нөмірінде жариялады.

*Ойлаңыз, ақыл-білім қайда болмақ,
Денеңе қандай орын жайда болмақ?
Ұнату, білу, нану ақыл есі,
Қайтсе зиян, қайткенде пайда болмақ?
Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек,
Мұрын иістен, тіл дәмнен хабар бермек.
Ой сонда неше толғау шимай салмақ,
Келе деп қайтсе жөні өлшеуге алмақ.
Дәл сондай болады деп ойлағанда,
Жүрегің гадылатты бір қозғалмақ.
Ұнаса жарайды деп бас иземек,
Жек көрсе жиіркеніп дірілдемек.
Тілі жоқ жүрегіңнің ем балы сол,
Бола гөр ұғып ал да соған көмек.
Қазақта жоқ ақылмен еңбек етпек,
Болғаны нәпсі ұнаса бәрі бітпек.
Ат қойып, тәуекел деп ықтималға,
Байлауы жоқ нәрседен пайда күтпек.*

Есігі ықтималдың екеу болмақ,
Ішіне пайда-зиян бәрі толмақ.
Сығалап нысананы дәлдеп атпай,
Оқ атқан көзін жұмып қайтіп оңбақ.
Таптық деп іс қылады біздің қазақ,
Пайдасы онан көрген болады аз-ақ.
Аздан соң ол ісінен зиян шығып,
Күлкімен көрінгенге болар мазақ.
Ар сатып арам оймен үзіп-жұлмақ,
Таптым деп міне пайда мақтан қылмақ.
Айланы біреу білген біреу біліп,
Дараға өзі құрған өзі асылмақ.
Шолтаңдап шолақ ойлап сыр тасымақ,
Жанысып көзге мықты аса тым-ақ.
Жүргенде аударысып, ауып кетіп,
Ашылар абыройың, байқа шырақ.
Аяғы шолақ ойдың осы болмақ,
Көңілдің бірақ күнгі хошы болмақ.
Әр ісі азап, асығыс, айла кештің,
Шайтанның мұнысы бар досы болмақ.
Алла кешер әлде де күнә қылмақ,
Не жалғанда, болмаса ахиретте,
Өкпеден өле алмастай бір атылмақ.

1988.12.5. Задахан Мыңбаев жазып берген.

Жақыным, жанашырым, туыстарым,
Белгілі болды белді буысқан күн.
Көзімнен мөлтек-сөлтек жас төгілмей,
Ағылған ақ қағазға жыр ұстадым.
Сендердей болса адамдар достасар ем,
Көп бірақ беріп жүрген босқа сәлем.
Екеуің болмағанда сұм заманда,
Ертерек елімменен қоштасар ем.
Балаңдай болсаңдар да қос арысым,
Тең қылып тебінгімді қош алыстым.
Байқаңдар қанаттарың қырқылмасын,
Өтінде жүрген жоқсыңдар осал істің.
Қосылса жол табады ақылға ес,
Ашуды бостан-босқа шақырма еш.
Екеуің екі қолым сықылдандың,
Бақанас, Шыңғыстаумен жақын емес.

Шырағым, екі көзім, жазғандарым,
Жанымды жабырқаған жазға арнадың.
Соры үшін сорпа, етке тойып алып,
Арғынның көріп жүрмін азғандарын.
Суы бір, өрісі бір, Шақантайым,
Құрметтеп үлгі тұтам атаң жайын.
Сендердей ұғынбайды-ау замананың,
Біздерге тісі ақсиып қатайғанын.
Бұл күнде баяғыдай күшім бар ма,
Қылбұрау, қыл шылбырлы қысым алда.
Заманнан келе жатқан закон солай,
Адамның адамдығы қысылғанда.
Мен үшін ерттеп атты қосақтадың,
Әкелген бұзылмады тосаптарың.
Ажал сұм алдарыңда қысылғанда,
Ауылымның ат тізгінін босатпадың.
Шалқар мен Айдынкөлдей азаматым,
Көтерген жігіт болып қазақ атын.
Сендерден туар әлі тұлпар тұяқ,
Мен құсап мезгілінен сөз алатын.
Біріңе-бірің туыс, пар болдыңдар.
Жігітке өздеріңдей зар болдыңдар.
Бақ ұшып, дәулет тайған мезіретте,
Басыма жастық қойған жар болдыңдар.
Қалармын осы өңірдің біреуінде,
Жүрейін сендердің оң тілеуінде.
Мойынға бұғалық боп ұмтылады,
Жарамас таралғы боп шіренуге.
Тау, жартаc, тал мен бұта арасында,
Уытты жылан толған нанасың ба?
Егер де құртпасаңдар құрисиыңдар,
Осыны ұқтыр балаң баласына.
Тапсырдым өздеріңе Зиятымды,
Тапсырдым жоғалмайтын ұятымды.
Мен домбыра, екеуің ішегісің,
Зиятым шертілетін күй ақырғы.
Қиналдым қиыспайтын кездер үшін,
Жабықтым жастық, жалған сөздер үшін.
Жазықсыз жаным күйіп жабырқандым,
Жанашыр болған сонда өздеріңсің.

*Жолдарың болсын оңды қарақтарым,
Шаңына аттарыңның қарап қалдым.
Барыздың батыр туған екі ұлы,
Сияқты менің ұшқан қанаттарым...*

Шәкәрімді сынау мен ақтау

Мүсілім Базарбаев «Қ. Бейсембиев деген философ «XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы кезіндегі идеялық саяси ағымдар» атты еңбегінде «Шәкәрім қазақтың қоғамдық ойының діни мистикалық, идеалистік бағытының ең көрнекті өкілі» дейді, зерттеуші көбіне ақынның дінге нанымын, ол туралы еңбектерін мысалға алып «мракобес», «мистик» деген тұжырымға дейін барады» – дейді.

Белгілі ғалым Серік Қирабаев 1961 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жария көрген «Халық ой-пікірінің тарихын мұқият зерттейік» мақаласында Шәкәрім шығармаларына қатысты оң пікірін айтты: «Қасым Бейсембиев жолдастың «XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы кезінде Қазақстандағы идеялық-саяси бағыттар» атты кітабында Шәкәрімнің қоғамдық көзқарасын зерттеуде ақынның «Мұсылмандық шарты», «Тіршілік туралы» тәрізді халық арасына кең жайылмаған публицистикалық кітаптарына ғана сүйенеді. Рас, бұл кітаптарында Шәкәрімнің қоғамдық көзқарасының бірсыпыра қайшылықтары барлығы көрінеді. Осыған бері табан тіреген автор Шәкәрімді «Қазақтың қоғамдық ой-пікіріндегі діни мистикалық идеалистік бағыттың аса көрнекті өкілі» деп қорытынды жасайды.

Ойласайықшы! Осы әділ ме? Ленин Лев Толстойды «Орыс революциясының айнасы» деген. Оның жаңа құдай іздегенін айтып па еді? Плеханов азамат Толстойдың көзқарасындағы қайшылықтарын сынап отырып, «орыс жерінің ұлы жазушысы» дегенді әрқашан қатар айтпайтын ба еді?

Мүмкін Шәкәрімнің діни мистикасы өзімен бірге кеткен шығар да, оның әдеби мұрасы тарихта қалған болар. Ақын-жазушылардың әдеби мұрасын жалаң тұрпайылықпен емес, сүйе, құрметтей отырып зерттеу орынды емес пе? Шын Шәкәрім сіз айтқандай болса, оны оқудың, зерттеудің керегі не? Жоқ, Шәкәрімді біз олай деп ұқпаймыз: оның қоғамдық көзқарасындағы қайшылығымен бірге өмірді көркемдікпен танудағы табыстары да сөз болуы керек дейміз.

Зерттеудің мұндай әдісі, әсіресе әдеби творчествоның жетістігін де, кемшілігін де аша білуге көмектеседі. Жасыратыны жоқ, бұл жағы Бейсембиев жолдаста жетіспейді».

Шәкәрім кей сыншылар айтқандай дінсіз емес, кейбіреулер айтқандай діни мистик емес, Әбсаттар қажы Дербісәлі «Шәкәрімтану мәселелері» топтамасының 6-томындағы «Шәкәрім және ислам мәдениеті» атты мақаласында: «Шәкәрім – Ислам ғұламасы, ислам мәдениетінің ірі қайраткері. Ислам имандылық пен салауаттылықтың, зиялылық пен тектіліктің тірегі, құралы әрі кепілі екенін Шәкәрім саналы өмірінде уағыздап өткен.

«Үш анықтың» түйін сөзінде адам атаулыны бір бауырдай етіп, екі өмірде де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол – мұсылман жолы деуі, Шәкәрімнің дін-ислам ғұламасы екенін көрсетеді» дейді.

Тұрсынбек Кәкішұлы «Шәкәрімтану мәселелері» көптомдығының 2-томындағы «Қаскөйлікті жеңген азамат» деген мақаласында: «Шәкәрімнің басына күн туған шақта әлеуметтік-қоғамдық іске араласа бастаған сәттен коммунистік түсінікті басшылыққа алып, алашшылдармен, оған жақын болғандармен алысып-жұлысқан, аузынан шыққан ақ дегені алғыс, қара дегені қарғысқа айналған қайраткер Сәбит Мұқановқа хат жазуы қайран қаларлық құбылыс.

Сырт қарағанда олпы-солпы көрінетін Сәбең қағазға келгенде мейлінше ұқыпты болыпты. Ол 1952 жылы 5 мамырда хат бетіне мынадай түсіндірме жазып, мұрағат қорына тапсырыпты: «Бұл хаттың Шәкәрім Құдайбердіұлының екенін, біріншіден, аталған кітаптардан білдім, екіншіден, хатта аталған Бақдәулет деген баласы келіп айтты. Кітап беріп жібердім деген адамы әкеп берген жоқ. Пochтамен салдым деген кітаптары келген жоқ, баласы қолындағы кітаптарын берген жоқ. Хатқа «Мұтылған» деп қана қол қойылған. С.Мұқанов» дегенді өзінің айшықты қол қоюымен бекітіпті».

Мұхтар Әуезовтің: «Абайдың дәл өз тұсында, өз дәуірінде еңбек еткен ақындар төртеу. Оның екеуі – Абайдың балалары Ақылбай мен Мағауия. Қалған екеуі – Көкбай мен Шәкәрім» деген сөздерін сынап «Шәкәрімтану мәселелерінің» 3-томында келтірілген үзінділерге қарағанда Сәбит Мұқанов былай деп жазған: «Әуезов жолдастың Шәкәрім мен Көкбай туралы сөздері саяси қате пікір, бұл айтылғандар Абайдың таза бетіне күйе жағу. Осы пікірін Әуезов кейінгі мақалаларында да қолдап, халық жауы Шәкәрімнің атын 1940 жылы Москвада шыққан «Абайдың өлеңдері мен поэмалары» деген кітапта да қайталайды. «Абай шәкірттері» аталып жүрген адамдардың өздерімен және шығармаларымен танысайық. Аталған тізімдегі адамдардың ішінен үш кісінің шығармаларын талдауды орынсыз көрдік.

Біріншісі – Шәкәрім Құдайбердин. Бұл адам революцияға дейін діншілдік-ұлтшылдық бағытта жазған адам. 1917 жылғы революцияға қарсы

ұйымдасқан «Алашорда» партиясының Семейдегі облыстық съезін «Алаш ақсақалы» болып ашқан адам... 1929 жылы бай-құлақтарды бастап, Шыңғыстау ауданында Совет өкіметіне қарсы құралды көтеріліс жасап, жазықсыз талай адамды өлтіріп, өзі атыста оққа ұшқан адам. Бұндай бандитті, ол атылып өлгеннен кейін де, Мұхтар Әуезов жолдастың 1934 жылы да, 1940 жылы да «Абай шәкірттерінің» тізіміне қосып мақтауы ойға сыймайды.

Әуезов жолдастың былтыр басылып шыққан «Ақын аға» деген романында Абай шәкірттерінің бірі боп Шұбар деген жүреді. Оның Шәкәрім екені өзінен-өзі көрініп тұр.

Бұндай бандиттің кітабын біз талқылап жатпаймыз.

...Соңғы уақытқа дейін Қазақстанның жеке әдебиет зерттеушілері «Абайдың ақындық мектебі» дейтін, ғылымға қарсы, буржуазиялық объективтік концепцияны уағыздап, өрескел саяси қате жіберіп келді.

Тарихи шындыққа қайшы келетін және ойдан шығарылған бұл жалған концепцияның зияндылығы сол – Абайдың ықпалын халық қаламаған шалағай ақындардың, соның ішінде тіпті буржуазияшыл ұлтшылдардың да (Шәкәрім және Турағұл) болмашы тобынан әрі асырмай, шынында, қазақ әдебиеті тарихынан Абайдың өзінің және дәстүрінің ролін төмендетті».

Осыларды растап «Шәкәрімтану мәселелері» көптомдығының 2-томында Балтабай Әбдіғазыұлы «Жыр әлемінің ұлы қайнары» атты еңбегінде: «Абайдың шәкірттері туралы С.Мұқановтың мақаласында М.Әуезовтің Шәкәрімді, Нарманбетті Абайдың шәкірттерінің қатарына қосқанын құптамайды» дейді.

М.Мырзахметұлы «Хакім ақынның бас шәкірті хақында» деп аталатын «Шәкәрім» журналында жарық көрген сұхбатта: Бүгінде түрік халықтары 49 ұлт пен ұлысқа бөлінсе, соның 27-сінің тілі «өлі» тілге айналып, ассимиляцияға ұшырауы себепті орыс пен қытайға сіңісіп кетті. Қалған 22-сінің алтауының тәуелсіздікке қолы жетсе, 16-сы Ресей мен Қытай елінің бодандығында қалт-құлт етіп өмір кешуде деп қазақ халқының ертеңі үшін Шәкәрім алаңдаған ойларының бүгін де өзекті екенін алға тартады.

Кейбір түйткілді мәселелер

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Абайдың Шәкәрім туралы айтқан сөзі, берген бағасы, ойлағандары көбіне теріс жағынан суреттелген. Осының себебін де қарастыруды жөн санаймыз.

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясында Шәкәрімді «Шұбар» деп алған, Шәкәрім өзі де «Қоңыр», «Жаяусал», «Айғақ», т.с.с. бүркеншік аттармен жазған.

Мынау «Абай жолы» романынан келтірілген үзінділер.

...Келесі бір көп үйлер Шыңғыстың жаңа болысы, Құнанбайдың немересі Шұбардың тіккізген үйі екен. Абайлар осы үйдің қатарына келгенде даурыға сәлем беріп Шұбардың өзі қатты тайпалтып, жорғалатып, аттылар тобының ортасын жарып кірді. – Абай аға, мынау біздің үйлер. Қайда өтіп барасыздар? Тобыңызбен осында түсіңіздер! – деді.

Ақсұр жүзі сәл-пәл қорасан дағы бар, кең жауырынды, ұзын бойлы, атқа тіп-тік отыратын Шұбар болыс осы.

Абай онымен жай амандасты. Үлкен лауазым алғанына қайырлы болсын айтты.

– Істес болып жатқан арызшы, жоқшы, алыс-жақын ағайындарың бар, соның бәрі болыс үйінің әбігерін көбейтеді. Біз Оспан үйіне тоқтаймыз, – деді.

Абайдың түспегенін Шұбар онша құптаған жоқ.

Осы жерде бір түсіндірме жасай кететін нәрсе бар: Әуезов Абайдың бірінші өмірбаянында: «Абай Құнанбай ізін жалғастырып, өз еліндегі болыстықты Құнанбай балаларынан өзгертпей ұстап қалуға бар күшін салды. Шәкәрімді екі рет болыс етті» дейді. Ал мұнда: «Абай онымен жай амандасты. Үлкен лауазым алғанына қайырлы болсын айтты» деп тұр. Біздіңше мұның алғашқысы шындыққа сай келеді де, кейінгісін кітап жазылған замандағы саясатқа бейімдеп бұрмалауға мәжбүр болған сияқты.

...Шұбар Абайды жүз көргенде «өзге аға, туыстан жолы бөлек» деп артық бағалайтын. Бірақ, сыртта жүргенде, әсіресе, Тәкежен, Майбасар сияқты Ырғызбайдың қыңыр-содырларына, бітеу кеуделеріне кездескенде, сол Абайды ақырындап, сыртынан мысқылдап жүруді өзіне енді машық қылып келе жатқан. Оның қырлы келген ұзын мұрны дәл ұшында анда-санда жыбырлап тұратын әдеті бар.

...Шұбар қиястан сөйлеп, Мағауияға қарап: Әй, білмеймін, сол шынарың (Абай туралы) өсе берсе, өзіміз ығында қап, өзіміз өлең жазуға батылымыз бармай қалатын болмасақ, – деген еді.

Мұнысы бірталай жастың жаңа жазған өлеңдерін Абай сынына бергелі қорғанып, тартынып жүретінін білдіргендей. Оның арғы түкпірінде Шұбар көңілінде жатқан қызғаныш та жоқ емес-ті.

Шұбар соңғы сайлауда болыстықтан түсіп қалған. Іштей дәрежекүмар, менменшіл болғандықтан, бұл жігіт Абайдың күнде өсіп келе жатқан ақын атағын да қызғанатын. Осы күнде Абайдың іні-достары-

ның арасына кіріп, әрі ақын, әрі әнші атанбаққа барын салып жүр. Бұның жаңағы сөзіне Мағауия күлді де:

– Ендеше тәуір өлең шыққанша, көрсетпей тұра тұрамыз да! – деді.

Шұбар мұң шаққандай болды:

– Тәуір, жаманын қайдан білейін, әйтеуір, биыл бір жаңа өлшеу, жаңа уәзін ізденіп, бір өлең жазып апарып көрсетіп ем: «Бұ өлең бұлай жазылмайды! Осы өлшеумен мен жазамын» деп, сол жаңалығымды алып та қойды-ау өзі! – деп қыжылдана күлді.

«Абай жолының» үшінші томында «Еңлік-Кебек» жырын кім жазады деп таласқанда, өмірде жоқ кейіпкер Дәрменге Шұбарды жеңілдірген жері бар. Шұбар Дәрменнен жыр сайысында да, бір топ дуадаққа қаршығаларын салу сайысында да жеңіледі. Оны автор мейлінше Шұбарды тұқырта суреттейді.

Осы жерде ұлы жазушы Әуезов өмірде жоқ бейне Дәрменді романға енгізіп, оны Шәкәріммен таластырып қойғанының өзі кей авторлар (Тұрсын Жұртбай, Сұлушаш Бекмырза) айтқандай екеуі бір адамның – Шәкәрімнің образы болуы мүмкін деген пікірін дәлелдейтін сияқты.

Сонымен бірге, Дәрменнің қыз алып қашып, оны Абайдың бітістірген жері де Шәкәрімнің ноғай қызы Айғаншаға ғашық болып, соны алып қашқан сәттеріне сәйкес келеді, бұл да Шәкәрім бейнесінің кей жерлері романда Дәрменге телінді дегенді дәлелдеп тұрған сияқты.

...Өзгеден бұрын Шұбар сөз қатты:

– Бұлар – Тәкежанның көршісі. Бірде тату, бірде араз көрші сыбайластың әдеті емес пе? Сол Тәкежанның өзіне жіберсеңіз жетпей ме!

Абай Шұбарға қатты қадалып, тіксіне қарады.

– О қалай дегенің? Тәкежанға барса, көзі көрмей отыр ма? Оның өзімен даулы боп, бізді ара ағайын көріп, пана тілеп кеп отырған жоқ па?

– Тәкежан сізге ренжиді ғой. Оның арты тағы беймазалық, тағы дерт... Өзіңізге ауыр ғой. Тағы да өлең, өнер, тыныш еңбек – бәрі қалады ғой, содан қорқам!

– Ой, өйтіп, жұрттың көз жасына тығылып туған өлең адыра қалсын! Өнесі?! – деп Шұбарға Абай ызалана қарады. – Жыртқыштық, қорқаулық, жауыздық қиянатты көргенде сендердің сезетінің мен айтатының осы ма? Бүйтіп ақын болмай-ақ қал!

– Мейліңіз, ендеше! – деп, Шұбар сызданып тоқтап қалды.

...Кәкітай кеше күндізгі Шұбарлардың мінін еске алып, жиреніш білдірді.

Ақылбай болса, Шұбарды барлық ішкі сырымен таныған екен.

– Ой, Шұбар айлалы есептен айрылған ба! Ол бұл істің арты көп түйінге соғатынын сол сәтте-ақ болжап сөйледі ғой. «Мен сонда-ақ

айтқамын!» деп ертең басын Абай ағамнан аулақтап алмақ боп айтып тұр ғой. Тәкежан мен Абай арасында керіс туады. Сонда тағы аралықта, кең тартта қалмақ есебі емес пе? Абай мен Тәкежан араздығын іштей тілейді де, сырттай айламен алты қырдың астынан өршіте жүреді ғой. Шұбардың шықпастан баққан қақпаны – өмірлік қақпаны осы емес пе?

Соның бәрінің үстінде Шұбар үнемі Абайды жағалап жүруден де талмайды.

...Тәкежан, Майбасар, Ысқақ болып ақылдасып, Базаралыны қайта көрсетіп, ұстатып жіберу жайын ойласқан. Осы жұмысты қалаға кетіп бара жатқан Шұбарға тапсырып та көрген. Бірақ Шұбар ағайындарының бұл ойын Абайға келіп айтқанда, ол Шұбардың сөзіне қатты ызаланған болатын.

– Маған айтып келгенше, «қайтеміз» деп арсыз сөзді алға салғанша, арам сөйлеген ауыздарына соғып келсең етті! «Солай етіп келіп отырмын» деп маған мәлімдесең нетуші еді! – деп, Шұбардың өзін де кінәлаған. Және сол сырға сәл де болса ойысқаны үшін, әдейі істелген жазадай, Шұбардың өзін де Базаралының алдынан шығуға қосты.

...Абайдың үлкен үйіне кірісімен Шұбарды көрген жерде Тәкежан жиырылып, қырыс қарап қалды.

– Әлі қалаға асығыс жөнелткен пысық жігітіміз сенбісің? Семейге жеткен шығар десем, мұнда жүр ме едің малтығып, айналшық жегендей айналсоқтап! – деп кекетіп отырып, ызамен күлді.

Шұбар Абай мен Тәкежанның арасында сәл қайсақтап, қысылып қалды да, қиялап, жалтара сөйледі.

– Қостағы жылқыға кісі жіберіп, ат ауыстырам деп осында оралып ем, жүргелі отырмын!

Абай жақтырмай ернін шүйірді. Шұбардың бұл ауылға, Абайдың өзіне «әдейі бұрылып келдім, ақылдаспақ болдым» деген жаңа ғана айтқан сөздерін еске алды. Енді Тәкежан алдында қолма-қол тайқып салғанын екі жүзді ұсақ тақыстық айлақестік көрді. Түңілгендей бас шайқап, бұ да мысқылмен күліп қойды.

...Шұбар Оспанға Абайдың сәлемін жеткізген. Күнтуға Абай атынан хат әкелген де жайы бар. Бұл істері және Ақшоқыда Абай аулында болғаны – бәрі де Шұбарды Тәкежанға да екіжақты адам етіп көрсетті. ...Шұбар Абайға барып, ондағы сөзді айтып келген жерде Тәкежан бұны боқтап қатты ығырған. «Сен Күнкеден туған жоқсың, Құнанбайдан туғансың. Еркек туған нәсіл болса, әке жолында, ата намысының соңында еркекше мінез етсін! Екіжақты қылтың-жылтыңды қойсын. Ол – еркектік емес! Қызтекелік!» деп Шұбарды қорқытып ызғар тастады. ...Сөз былай айтылса, Шұбар бұларға қарсы баса алмайды.

...Шұбар шапшаң жауап берді:

– Бүгін елдің әруақты биін, ертең қадірлі хан-сұлтанын масқаралап, олардан жұртты бір бездірсек, надан, қараңғы жол деп ата жолынан-жорасынан тағы бездірсек, ертең солай дінінен, исламият жолынан аздырсақ, соның бәрін «орыс-орыс», «қыбла орыста», «жақсылық орыста» деп істесек қайда барамыз осы! Бүгінгі халықты, ертеңгі нәсілді қайда апарамыз? Осы ауыл өзі кім боп барады? Қайда тартып барады?!

Әбіш енді бір намыскер ызаға мінді.

– Бұл ауыл қыбласынан адасқан емес, осы сахараның анық қалың халқына шын қыбланы іздеп, соны көріп отырған жалғыз ғана көзі қарақты ауыл. Сіз орыстан үркіткіңіз келеді. Ал өзіңіз ғой сол орыстың патшалығының қолынан кеше болыстықты алып, талай жыл қызығын да, олжасын да таттыңыз.

– Ол күн үшін! Күнім түскендіктен.

– Жоқ, сіздің өз басыңыздың күні еш уақытта түскен жоқ-ты. Жалғыз сіз емес, қазақ даласында кешегі заманда, бүгінгі заманда да дәл осы сіздей жуан мықтылар болған. Бір жағынан әкімдікті алып, елді зарлатып отырады. Екіншіден, мұсылман, ислам, ата-баба жолы деп ескіге, баяғыға тартып кетіп жүреді. Сіздей кісілер өмірі жалған жолда екі жүзді мінезде жүретін топ әрі халқына алдамшы, әрі ұлығына алдамшы, ешкімге де шын достығы жоқ. Баққандары – өзінің ғана құлқыны мен бақ-дәрежесі. Міне, бұл ауыл мен тағы басқа жаңа жолдағы қазақ қамқоры болса, ең алдымен осы сіздей адамды елдің соры деп білу керек.

...Шұбар Абайға сыртымен ғана жылтыраған боп, ішкі есеп, айла-тәсіл, ниет, мақсатта мүлде басқа болатын. Кім Абайды түбегейлі жау болар-ау десе, сонымен бұның сыры да ұштасып, достығы да беки түсіп, тілеуі де ұзаққа қосыла беретін.

Тек Абай ғана ойламай, білмей жүрген кісі болады. Іші сезсе де ол әлі де алданумен, арбанумен келеді. «Қызғанышы болмаса, Шұбардың қастығы бола қоймас» деп санайды. Себебі Шұбар әлі күнге болымсыз ғана сезік аңдатқаны болмаса, бұл шаққа дейін соншалық айлакер сақтықпен қастық етеді. Үнемі бір содырды, сотқарды, өз сұмдығы өзіне өзі жетіп жатқан біреуді алдына салады. Солардың сыртында, ығы мен тасасында жүріп, Абайға ататын оғын кезеп отырады. Сондай есебінде біресе Оразбайды, бірде Тәкежан және бірде Әзімбайды алдына салып жүреді. Кейде Жиренше, Әбділдә сияқты аталас елдердің айлалы жуан содырларын да ақырындап түрткі салып, алға шығарып, өзі сырттарынан далдалап тасаға түсіп кетіп жүреді. Қаладағы киізші Сейсеке, Қасен, Жақып сияқты байларды, мешіт-медреседегі хазірет-халфелерді де ақырын тағмыздықтатып, Абайға жау ете түсетін сөздер айта біледі.

Олармен кездескенде бұл өзінің мұсылманша көп оқығанын және мұсылман ғұламаларының кітаптарынан қол үзбей жүретін молдалығын да іске жаратады. Әзімбай, Оразбай, Тәкежан тәрізді ел жуандарына араласқанда ол бұл топтан және де жүйрік боп шығады. Себебі жасынан болыстыққа, әкімдікке іліне жүргендіктен Шұбар өз бетімен орысшаны да қарастыратын.

Барып тұрған күншілдік, қара ниет қызғанышпен Абайды қастай көріп жүрсе де, ол Абайдың өзі істегенді, оның қасындағы Мағаш, Кәкітай, Дәрмен сияқты жастардың істегенін, іздегенін қоса істеп, қатар іздеп жүрген кісі бола біледі. Бұл Абайдың өлеңінің бәрін біледі. Жатқа айту керек болса, Абай отырған жерлерде ағызып, судыратып айтып та бере алады. Абайдың бар қоймасын білетін, ол көргенді қоса көріп, ол білгенді бірге біліп, одан «қалыспай жүріп қарасамын» дейтін адам. Анық «ішті-тысты», «кіресілі-шығасылы» дейтін, «бүгінгі дос ертең жау» деп Абай өзі болжау аралас сын айтып жүретін ағайын-туыстың бірі.

«Өзі көрген қоймасын жауына барып ашып беретін» кісі болады деп те Абай өлеңінде өз ортасының талай атқамінер сойқанды қуларын атап жүрсе, соның да сан қылығы бір Шәкәрімнің басынан табылатын.

...Шұбар Әзімқан төреге әлі де жабыса түсіп: «сұрайтыным бар, айтатыным көп» деп қонақ үйлерге кетпей қонып қалды. Төре Шұбардан Абайдың жөнін сұраған. Шұбар Абайды көп білетін кісі қып көрсеткен жоқ. Бірақ «орысшаны долбарлайды» деген. Мақтауға үйреншікті қызғанышы жібермеді. Өтірікті және бадырайтып айта алмады.

...Шұбар Абайды үлкен ақын деп білетін де, бірақ жолы тура емес, қисық жөнде жүр дейтін, Қазақтың бар жақсысын масқаралап, елдің «қорына, бұқарасына, кедей-кепшігіне көп табынатын Абайды бұл сынап, ұнатпай жүретін. Соңғы кездердегі оның ұғымы бойынша Абайды түзу жолға салып, қазақтың хан-төресін, жуан ата жақсысын, мұсылмандық шарифат салтын жырлайтын ақын ету керек».

...Абай Баймағамбетке: «Міне мынау атақ, баста мені! Кеттік бұл елден, бұл қу өмірден!» деді. «Тарт батысқа қарай!».

Абайлар тасырлатып қатты кетіп барады.

Осы кезде Мағаш пен Кәкітайдың қасына Ысқақ пен Шұбар ат үстінде тақап келіп қалған еді. Ысқақ: «Ой, немене, не болған? Анау Абай ма?! Қайда барады? Не ғып барады?» деді.

Сол-ақ екен, Шұбар сәтте құбылып, жаны күйген кісі боп: «Не дейді? Құдай-ау, не дейді. Жібергеніміз бе? Жүрсеңші Ысқақ аға!» – деп атты борбайлап, Абайдың соңынан шаба жөнелді.

Шауып кеп жеткен Шұбар сол сәтте Абайдың атының шылбырын өзінің мойнына ұзын сақалын қоса бастырып, екі орап алды. Соншалық

жасанды құбылыс көрсетіп, түк аямас жан болып, даусы да дірілдей түсті. Анық аяр құбылдың сөзін тастады.

– Кетпейсің еліңнен, бауыр жұртыңнан! Айналайын, Абай аға! Кетер болсаң, мені буындырып, атыңның тұяғына бастырып, өлтіріп кет! – деп айғайлап жіберді.

Егер біз осы мәтіннің ішіндегі замана желіне сай жазылып тұрған кейбір сөздерін алып тастап, былайша оқысақ бәрі де орнына келетін сияқты: «Сол-ақ екен, Шұбар: «Не дейді? Құдай-ау, не дейді. Жібергеніміз бе? Жүрсенші Ысқақ аға!» – деп атты борбайлап, Абайдың соңынан шаба жөнелді.

Шауып кеп жеткен Шұбар сол сәтте Абайдың атының шылбырын өзінің мойнына ұзын сақалын қоса бастырып, екі орап алды. Даусы да дірілдей түсті. Аяулы ақынға былайша сөзін тастады.

– Кетпейсің еліңнен, бауыр жұртыңнан! Айналайын, Абай аға! Кетер болсаң, мені буындырып, атыңның тұяғына бастырып, өлтіріп кет! – деп айғайлап жіберді».

Бұл ұлы жазушының шығармасын түзету жайлы ұсыныс емес, асыл шығарманы саясаттандырудан биігірек ұстап, қазіргі заманға лайықтаудың ғылымда жиі қолданылатын салыстырмалық, қисындық тәсілдерді пайдаланып жасалған өзіндік ұсыныс қана деп танырсыз, құрметті оқырман.

Әуезов кей-кейде Шәкәрімді мақтап та қойған: «Бұл болыстар ішінде өлеңге бейімі бар, тілді-сөзді кісінің бірі Шұбар болатын. Өзгелердің бәрінен жасы кіші болса да, оқу-білімге де озығы осы. Биыл болыс сайлауға жасы толмайтын болған соң, бұны жиырма алтыда деп әдейі жасын ілгерілетіп жазып, Ырғызбай ортасы болыстыққа шығарған. Кезінде Ғабитхан молдадан он жылдар шамасы оқып, мұсылманша молдалық дәрежесіне жеткен. Шұбар онымен қоймай, Абай үлгісіне де өз бетімен ілесіп жүр. Өздігінен тілмәштардан түртініп оқып, орысша тілді де білгісі кеп жүрген. Бұндай жиындарда кейде алға түсіп, бұрын сөйлеп жібереді. Өзге жастың қатарынан озғындап келе жатқан омырауы да бар».

Әуезов романында Шәкәрімнің «Шұбар» аталуын қалай түсіндіруге болады? Неге «Шұбар»? Бұл жағы, әрине, бізге жұмбақ. «Шұбар» деген шымқай бір түстес емес, ала да емес, осы екеуінің арасындағы бір түр секілді бүгінгінің сөзімен. Сөздіктерге үңілейік: 2008 жылы Алматыда жарық көрген «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Шұбар – 1) теңбіл-теңбіл түс, ала, алабажақ. 2) Бетінде шешек ауруынан қалған дағы бар адам; 2007 жылы Алматыда шыққан «Фразеологиялық сөздікте»: «Шұбар – ала, алабажақ, шұбар төс – хан-төре, бай-манап, би-болысқа арнап айтылады»; 2007 жылы Алматыда жарық көрген «Синонимдер сөздігінде»: «Шұбар – бетінде ұсақ қоңыр дағы бар. Жылқының шұбары жүйрік

болады, Адамның шұбары бүлік болады (мақал)»; 2007 жылы Алматыда жарық көрген «Диалектологиялық сөздікте: «Шұбар – Маңғыстау диалекті – аса сирек, некен-саяқ, тым аз».

Шәкәрімнің аты олай аталуы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі» бетінде шешек ауруынан қалған дағы бар адам дегенге тура келсе керек. Бұлай деуімізге себеп романда: «Ақсұр жүзі сәл-пәл қорасан дағы бар, кең жауырынды, ұзын бойлы, атқа тіп-тік отыратын Шұбар болыс осы» дейтін жері бар екенін жоғарыда келтіргенбіз. Ол заманда бетінде шешек дағы бар адамдар аз болмаған. Екіншіден, мүмкін, Әуезов Шәкәрімді бұлай атағанда, оның кезінде болыстық құрған шұбар төстің бірі болғанын еске алуы. Анығын алла білер. Бірақ, әйтеуір жамандықпен ойлап табылған ат емес екеніне сенімдіміз.

Абай Ақылбайдан туған немересі Бәкізатқа арнап «Бәкізатым, шұбарсың» деп өлең жазған. Демек «шұбар» сөзін ылғи жаман мағынасында түсінбегеніміз де жөн сияқты.

Әуезов Шәкәрімді ұдайы теріс жағынан көрсетті дей алмайтынымызға тағы бір себеп бар. Әуезов Абай өмірбаянының төрт нұсқасын жасаған адам. Оның біріншісі 1927-1933 жылдары жазылған. Сондағы Мұхтар Әуезовтің Шәкәрім туралы жазғандарын тізбелеп көрсек, мынадай нәтиже шығады.

Мұхтар Әуезовтің «Абайды білмек парыз ойлы жасқа» деген кітабына жазған алғы сөзінде филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметов Мұхтар Әуезов жайлы былай дейді: «Абай өмірбаяны жөнінде туыс, жора-жолдас, бірге жасасқан сыр мінез адамдармен араласып, солармен көп әңгімелесуге, өмір шындығына қанығуға, олардан естігендерін қағазға түсіруге, әсіресе олардан естелік жаздырып алуға шешуші мән бере қараған. Абаймен бірге өмір кешкен Ділдә, Әйгерім, Нұрғаным, Әуез, Шәкәрім, Көкбай, Тұрағұл, Кәкітайлармен тікелей кездесіп, көп әңгімелесу арқылы да Абай жайлы, ақын өлеңдеріндегі көп шындықтың желісін танып, сырына қанығады».

Сондай-ақ жоғарыда аталған кітаптағы Абайдың бірінші өмірбаянында Шәкәрім аты аталған мынадай деректер бар:

...1891 жылы Абайдың қолында тұрып, оқып жүрген Тұраш деген баласы мынаны айтады: «Осы жылдарда мәжілісінде ілім сөзінен басқа сөз жоқ болды, бастығымыз Шәкәрім болып шәкірт секілденіп сөзін тындап медреседегі шәкірттерше: ақиқат олай емес, бұлай деп бір-бірімізбен дауласып жатушы едік».

...Осымен Оразбаймен ұстасқан жаулық 92-жылдан бастап 1898 жылға жетеді. Бұл кезде Абайдың ел ұстарлық Ақылбай, Мағауия сияқты бала-

лары, Кәкітай, Шәкәрім сияқты немере інілері ер жетсе де, Абайдың соңына ерген ел, жалпы тартыс болсын, ел ішінің келелі кеңесі, билігі болсын, барлығынан да Абайды босатпайды.

...Ақын болмақ болып, талаптанып өлең шығарып көруге Абайдың іні, балалары барлығы да ұмтылған. Бұл жағынан келгенде Абайдың алды, бір жағынан, «әдебиет мектебі» сияқты да болады. Сол ретпен өлең шығаратын Көкбай, Шәкәрім, Абайдың өз балаларынан Ақылбай, Мағауия болды. Бұлардың бәрі де қысқа өлең, өсиет өлең айту Абайдың жол, дағдысы болғандықтан өздеріне бөлек бет іздеген сияқты. Сондықтан төртеуі де ұзақ әңгімелі өлең жазады. Сонда Көкбай, Шәкәрім қазақ елінің ескі өмірінен – тарихи оқиғаларды жазса, Ақылбай, Мағауия Еуропа ақындарының салтымен Кавказды, Зұлысты, Африканы өлең қылып, махаббатты жырлайтын сезімді поэма (романтическая поэма-ның) үлгісін ұстағысы келді.

Дәулет Сейсенұлының «Егемен Қазақстан» газетінің 2003 жылғы 25 маусымдағы санында «Шыңғыстау. Шәкәрім. Шыңырау...» мақаласында Мұхтар Әуезов 1943 жылы Абай туралы материал жинақтай келгенде Шәкәрімнің Әбусуфияннан туған немересі Шәмілдің әйелі Зүлипаның інісі Қабышты іздеттіріп тауып, оңаша тілдескені, осы сапарда оның Бақанасқа дейін барып, Шәкәріммен өте сыйлас болған Ғылымбайдың бәйбішесі Бибі анадан қажының «Әділ – Мария» деген романын алатыны, сол үшін алғыс ретінде бұлардың ұлы Мансұрдың қолына өзінің сағатын тағып кететіні айтылады. Бұл да М.Әуезовтің Шәкәрімге құрметінің бір белгісін көрсеткендей.

Сонымен бірге Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының алғашқы екі кітабы – «Абай» шыққаннан кейін автордың атына сыншылар мен жазушылар тарапынан қатты-қатты сындар айтылуы да Әуезовті барынша сақ болуға, сол кез идеологиясынан бір сәт те ауытқымауға үйретті. 1932 жылғы Әуезовтің хаты, оған дейін өзі жазған «Еңлік-Кебек», «Бәйбіше-тоқал», «Қаракөз» пьесаларынан, көптеген әңгімелерінен безініп, бас тартып шыққан сәттерінде оны Шәкәрімді оң кейіпкер ретінде көрсете алмады деп айыптау орынсыз болады. Шәкәрім атын атауға тыйым салынып, оның Кеңес Үкіметінің жауы саналып тұрған кезде оны жағымды бейне ретінде суреттеуге ешбір мүмкіндік болмады. Ол Әуезовтің өз басын қатерге тігуі, жанына қиянат жасауы болар еді. Өйткені өз идеяларына қарсы тұрғандарды аямайтын бір заман еді ол кез. Автордың ең басты мақсаты Абай туралы романының кедергісіз, қиындықсыз жарық көруі еді. Сондықтан да автордың эпопеяда Шәкәрім жайлы оң пікір айтып, оны жағымды кейіпкер ретінде көрсетуге ешбір мүмкіндігі болмады. Сол кездегі саясатқа барынша жақын

болып, қалай болғанда да Абайға арналған шығармасы жария көруіне күш салды.

Мұхтар Әуезов өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдардың ортасынан бастап, яғни Абайға және оның төңірегіне қатысты зерттеу еңбектерін бастасымен қуғынға ұшырай бастайды. Қаншама айтыс-тартыстың шырғалаңында жүреді, түрмеге де жабылады. Ахмет Байтұрсыновтың Мұхтарға: «бұрынғы идеяларыңнан бас тартып аман қал, сен жассың, ендігі үмітіміз сенде» дейтін кезі сол кез. Міржақып Дулатов та алдағы тауқымет-сүргінді айқын болжап, 1935 жылдары «Мұхтарды аман сақтандар, Мұхтарды қорғап қалындар, ендігі көзіміз, соңғы тамшы сол!» деп түрмеден хат арқылы өксікті өсиет жолдайды. Шәкәрім жайында жылы лебіз білдіру бұл арада өз басын өлімге байлап берумен тең болатын.

Сол қудалау алпысыншы жылдардың соңына дейін ұласады. Шәкәрімнің жаналғышы Қарасартов қай жерде жүрсе де, қандай қызмет атқарса да оның ісін бақылауды үзбейді. Сөйтіп Шәкәрім шығармашылығына және оның айналасына байланысты бірде-бір жылы сөз айтылмауын, жазылмауын қатаң қадағалап отырады.

Шәкәрім 1907 жылы жазған «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасының қолжазбасын 1921 жылы Мұхтар Әуезовке береді, ол оны Ташкентте шығып тұрған «Шолпан» журналына бастырады. Бұл – тілектес, тілеулес адамның ісі.

«Абай» журналының 1918 жылғы санындағы Мұхтар Әуезов Жүсіпбек Аймауытовпен бірігіп жазған «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласында: «...сыршыл ақындар Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Бекет Өтетілеуовтердің өлеңдері сырты төгілген, сұлу, тілі кестелі, анық халық ұғымына, оқуына жеңіл, тәтті. Бұлардың өлеңінің сезім мен қиялға тәрбие – әсері аз, ақылға азығы бар. Бұлар халықшыл ақындар.

Сыртының сұлулығы, тақылдақтығымен Ахмет пен Сәбиттің өлеңіне Шәкәрімнің өлеңі ұқсайды. Бірақ терең мағыналы сөздерді өлеңмен келтірем деп сөзін созыңқырап, шұбатып әкетіп, оқушыны тез жалықтыратын қалпы бар. Шәкәрім көбінесе өлеңі халыққа ұғымды болуын көздейді және өлең арқылы халықтың ақылын да тәрбие қылып жетілдіргісі келеді. Осы күнгі ақындардың ішіндегі Абайға өлеңінің сыртымен болмаса да, ішкі мағынасымен еліктеген кісі – Шәкәрім. Мінді, кемшілікті айтқанда жерлеп, кеулеп, шенеп, оңдырмайтын Шәкәрім өлеңінде шанышпа ащылық бар» деп баға берген.

Ахат Шәкәрімұлы естелігінде: «Мұхтар әкеймен жиі келіп әңгімелесетін. Қыста да Мұхтар мен арқылы әкейге хат жазып, керекті сұрақтарына жазба түрде жауап алып тұратын. Кейінде Мұхтар марқұм айтатын,

сол кезде шығыс әдебиеттерінде Шәкәрімдей жүйрік адам көргем жоқ. Шығыс әдебиетіне берілуіме себеп болған ұстазым Шәкәрім! – дейтін».

Мұхтар Әуезовтің редакторлығымен 1924-1925 жылдары шығып тұрған «Таң» журналына Шәкәрім мейлінше шаттанып, қуанған. «Таң» журналына жаңа әнмен байғазы» және «Таң» журналына тағы бір әнмен байғазы» деген екі әнін арнаған.

Сұлушаш Бекмырза «Қазақ халқының рухани мәдениеті: зерттеу мен оқытудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында «Шәкәрім және Мұхтар Әуезов творчествосындағы Абай шәкірттері» деген тақырыппен жасаған баяндамасында: «Саналы жандардың қызыл тілін кісендеп, олардың ой-пікірінің абақтысы болған сұм заман Мұхтар Әуезовтей телегей-теңіздің, ақыл-ой дариясының тамшысын ғана еншімізге берсе амал қанша?! Шындығында Шәкәрім өмірінің алғашқы жартысын Абайдай кемеңгер ағаның, ұлы ақынның қасында өткізсе, оның рухани бесігінде тербеліп өсіп, оның тәлім-тәрбиесін алса, өмірінің кейінгі кезеңінде өзі де М.Әуезов сынды болашақ ұлы жазушыға, ғұлама ғалымға рухани аға, ұстаз бола білді. Басқасын былай қойғанда, Шәкәрімнің «Еңлік-Кебекті» жырлауын, оны Әуезовтің алғаш болып сахналауын айтсақ та жеткілікті.

Абай мен болашақ ұрпақ алдындағы рухани көпірдің ролін атқарған Шәкәрімнің М.Әуезовке Абай жайлы, өзі жайлы ғылыми зерттеу еңбектер мен көркем шығармалар жазу үшін көп материалдар бермеуі мүмкін емес. Бірақ ол қолымызға тимеген соң, қазір есебі жоқ болып отыр.

...Мұхтартанушы ғалым Т.Жұртбай «Абай жолы» романындағы Дәрменнің өмірдегі прототипі Қиясбай әрі Шәкәрім дегенді айтады. ...Сондай-ақ Т.Жұртбайдың Әуезов Шәкәрімді, Дәрмен, Шұбар және анданда эпизодтық ыңғайда көрініп отыратын Шәке бейнелері арқылы көрсетпек болған деген пікірінде де негіз бар. Романдағы Шұбар өзінің мінез-құлқы, пиғылы, кейбір іс-әрекеті жөнінен трагедия мен кинодрамадағы Керімді, операдағы Әзімді, әдеби сценарийдегі Шәріпті еске түсіретін кейіпкер. Оның Керім, Әзім, Шәріптерден өзгешелігі, Абайдың сүйікті шәкірті Дәрменмен іштей өштесіп жүргенімен, олар тәрізді адамды у беріп өлтіретін зұлымдық іске бармайды. Әуезов романдағы Шұбарды олардан гөрі ұнамдырақ қасиеттермен, қайшылықты бейне етіп көрсеткісі келген тәрізді. Бірақ өмірдегі Шәкәрімге барлық жағынан ұқсас кейіпкер жасау қауіпті. Олай болған жағдайда романның жарық көруі екіталай еді. Шәкәрім өзінің шығысшылдығы, діншілдігі және кейбір пендешілік қасиеттері жөнінен романдағы Шұбарға ұқсауы да мүмкін. Бірақ оның Шәкәрімге ұқсамайтын жақтары

көп. Шұбар діншілдігіне, ру намысын жыртқан (Кенгірбайды әулие тұтқаны) ескішілдігіне қоса, бақталас, күншіл, екі жүзді, өзінің жат пиғылын жан адамға сездірмей, жымын білдірмей жүзеге асыруға шебер, іші қырық қыртыс күрделі тип. Бұл тұрғыдан қарағанда Шәкәрімге Шұбардан гөрі романдағы Дәрменнің көбірек ұқсайтынын айту керек. Шәкәрім де Дәрмен сияқты Абайды әулие, пайғамбар тұтты. Оған Шәкәрімнің өз шежіресінде Абай туралы, оны «данышпан, хакім, философ кісі еді» деуі дәлел.

Сонымен Шәкәрім Әуезов романында бұрынды-соңғы зерттеушілер айтып жүргендей екіге бөлініп берілген деуге болады. Бір адамның екіге бөлінуі өмір талқысына көп ілінген тұлғалардың басынан кешкен сезім мен ақыл-ойдың шарпысуы десек, бұның бәрі жазушының қыспақ заманда атын атап, түсін түстеуге болмайтын ірі тұлғаның толыққанды бейнесін жасай алмай, оны там-тұмдап болса да романға ендірудің тәсілі болса керек.

Абзал Қарасартовтың Евней Букетовке берген сұхбатындағы: «Әуелі мені Бегалиев Сапарғали деген адам іздепті, таба алмапты. Мұхтар көп адам емес, бір толқовый адам жіберіп, не болмаса өзіне шақыртып өзіммен әңгімелесуі керек еді ғой. Сонда біз Мұханның барында кіріскенде бұл кісінің еңбегі баяғыда шығушы еді» – деген сөздеріне қарағанда Қарасартовқа жазушы Сапарғали Бегалиннің баруы да, Шәкәрім жөнінде комиссия құрылуы да Мұхтар Әуезовтің араласуымен болған сияқты. Ол 1963 жылы жіберілген, құрамында Тайыр Жароков (төраға), Хамит Ерғалиев, Жекен Жұмахановтар бар комиссия ма, жоқ одан бұрын басқа құрамда комиссия құрылған ба, ол комиссия бір ресми қорытынды жасаған ба, жоқ па, бізге белгілі емес. Болжауымызша – Мұхтар Әуезов Лениндік сыйлық алып, даңқы өрлей бастаған кезде Шәкәрімді іздеуден қашпай, бұл іске мұрындық болуға ұмтылған сияқты.

Көрнекті ғалымдар Ә.Тәжібаев пен Ш.Сәтбаева 1988 жылы Алматыда шыққан «Шәкәрім Құдайбердиев. Шәкәрім. Шығармалары: өлеңдер, дастандар, қара сөздер» атты кітаптың алғысөзінде мынадай деп жазды: «Біз бүгінгі қауым адамдары да Еңлік пен Кебекке, оны жырлаған Шәкәрім ақынға қайран қаламыз, оларға қызыға, қызықтай қараймыз. «Еңлік-Кебекті» өзінің атақты драмасына айналдырған, сол арқылы тұңғыш драмашымыз болып танылған Мұхтар Әуезов те Шәкәрім рухына қарыздар екенін ұмытқан емес. Біз мұны бүгінгі жас қауым үшін айтуымыз керек».

Осымен Шәкәрім мен Мұхтар Әуезовтің арақатынасы сол кездегі саясатқа бағынған мәжбүрлік жағдайдан туындаған іс еді деп бұл жағдайға қатысты талдауларымызға нүкте қоямыз.

Шәкәрім жолы

Шәкәрімнің өзінің: «Біреудің жайын сынамақ бұрын, оның өмір сүрген ортасына, өміріне байыппен көз жібер, жағада қайық күтіп тұрып, қайық келмес бұрын жүкті арқалап тұрған жолаушыға ұқсама. ...Мені білу үшін, мен мінген қайыққа мін, сонда ғана өмір жайымды түгел ұғасың, сүйінішім мен күйінішімді, күйзелісімді түсінесің, сонда ғана анық танырсың кімдігімді...» деген сөзін тектен-текке кітапқа эпиграф етіп алмағанбыз. Шәкәрімнің тұлғасын, табиғатын, ой-ниетін, ғалымдығын, философиясын зерделеу үшін ол өмір сүрген заман шындығын білуге тырысу керек. Оны білгенде де сол кездегі замана ағымын, оның ішкі иірімдерін, бодан етіп отырған елдің қазаққа жасаған тыйым-талабын, қиянатын сезіну керек. Қазіргі заман да нақ солай, ешбір саясатқа бағындырмай, одан ада, бүкпесіз зерделеуге түсуі тиіс. Ол кездегі ақпарат жұтандығы мен бүгінгі ақпарат тасқынының молдығы да естен шықпауы тиіс.

Шәкәрімнің кезінде (онда да өткен ғасыр басынан бастап қана) қазақ тілінде бірер журнал шыққанын, кітап басуда Омбы, Қазан, сол кездегі Ресейдің астанасы Санкт-Петербургте ғана аздаған мүмкіндік болғанын есте тұту абзал. Сол кезден бір ғана мысал айтсақ, Абай өлгеннен соң оның жазғандарын кітап етіп шығаруға тырысқан зиялы азаматтар оған бір жыл дайындалған, екі рет тексеріліп, Әлихан Бөкейхановтың редакциялауынан өткен. Кітапқа еңбек шығармаларды түзеткеннен кейін оны көшіріп жазудың өзі бір азап, жаза білетін жалғыз ғана Мүрсейіт. Мүрсейіт болмағанда Абайдың дана сөздерінің өзі уақыт өте келе көміліп, жарым-жартылай болса да ұмытылып, тарих қойнауында қалып қоюы да мүмкін екен. Кітап шығармақ жоспары тек 1909 жылы ғана, жоғарыдағы аталған қалалардың бәріне барып жүріп зорға жүзеге асырылған. Соның өзінде кітап бастыру үшін апарған 200 сомы кітапты толық бастыруға жетпей қалып, Абайдың қара сөзбен жазған «Ғақлиясын» тұтасымен алып тастауға мәжбүр болған. «Ғақлияның» бірінші кітапқа еңбей қалуы осы күнге дейін Абайдың атын күндеушілердің сөзіне себеп болуда.

Ақпарат дегенде, оның тереңіне үңіліп қарасақ, әуел баста ештеңе болмаған, содан кейін сөз болған, артынан жазу пайда болды, кейін кітап басып шығаруды ойлап тапты, одан дыбыс пен көзбен көру арқылы (радио, магнитофон, теледидар және бейнетаспа) түйсіну болды. Енді сұхбаттасудың жаңа кезеңі – интернет-жүйеге көше бастадық.

Жазуды феодалдар ұстанды, капиталистер кітап пен бастапқы электрондық ақпарат құралдарына сенді. Қазіргі ақпараттың ішіндегі ең болашағы бары – бүкіләлемдік шырғауық деп аталатын интернет жүйесі. Ол бүгінде шынымен-ақ бүкіл әлемді шырғап алған. Не іздесең

ҮШІНШІ БӨЛІМ

барлығын табасың. Оның 67 пайызы ағылшын тілінде. Ағылшыншасын қарауға білімі жететіндер бізде аз. Орыс тілінде бар болғаны 3 пайыздың төңірегінде. Соның өзінде – теңіздей мол, қарап тауысу мүмкін емес. Керек нәрсенді әп-сәтте тауып аласың. Кемшілігі – қазақ ұлтына, оның тарихына, тіліне, діліне, дәстүріне, кісілік бет-бейнесіне қатысты мәліметтер аз, тіптен жоқтың қасы. Бұл орайда жетіле алмай жатқанымыз рас.

Барлығын біздің алған ақпаратымыздың көлемі, шыншылдығы, біздің қабылдау қабілетіміз шешеді.

Үшінші дүниежүзілік соғыс біткеннен ондаған жылдар өткен соң Азияның ит тұмсығы батпайтын қалың орманының ішінде адасып жүрген жапон солдатты табылған. Оған берілген әскери тапсырма тоқтатылып не өзгертілмеген соң, солдат байғұс жалғыз жүріп әскери тапсырманы орындауды жалғастыра беріпті. Сол тапсырманы орындау жолында көп жыл көзден таса жүре берген. Онысын Отанға берілгендік деуге де болар, бірақ ел бар жерден қашқақтағанның нәтижесінде соғыс бітіп, бейбітшілік орнағанын да білмей қалғандығы деуге жақынырақ.

Бұл сарбазға күлуге де болмайды. Оның ақпараты болмаған ғой. Бізде де кейде солай болып жатады. Кейде керісінше ақпараттың молдығы мен әр түрлілігінен, олардың бірін бірі жоққа шығаратын кереғарлығынан қайсысына сенерімізді білмей қиналамыз. Біз өзіміз білетін ақпарат төңірегінде ғана ой толғап, шешім қабылдай аламыз. Біз өзіміздің кішкене ғана әлеміміздің ішінен шыға алмаймыз. Сондықтан біз де жапон солдаттының кебін қиетін кезіміз көп.

Біз өзіміз ойымызда жасап алған әлемімізде өмір сүреміз, оның өзін өзімізге бейімдеп, ықшамдап құрастырып аламыз. Сол өзіміз құрап алған әлеміміз бізге әлемнің қандай екенін көрсететіндей ойда боламыз. Біз ойдан құраған, қиялымыз жеткен шектің аумағында ойлай және сезіне аламыз. Жағдай күрделенген сайын біз болжам жасай бастаймыз, сөйте-сөйте ақиқатты өзіміздің қалауымызға қарай бейімдегіміз келеді.

Тіл бізді жануардан өзгешелеп тұр. Тіл арқылы қоғамдастықтың барлық мүшелеріне ақпарат тарайды. Аңшылар мен өсімдік жинаушылар қай өсімдікті жеуге болады, қай жануардың қандай мүшесін қандай тәсілдермен жеуге әзірлеу керек – сондай ақпараттарды таратып отырды. Бұл ақпараттар біртіндеп барынша көп адамдарды қамтыды, ұрпақтан ұрпаққа жалғасты. Жұрт өзгелердің қателіктерінен қорытынды шығаруды, біреулердің озық тәжірибесін қабылдап, үлгі алуды үйренді. Осылай адамзат баласында зерде пайда болды, ол білімді жетілдіре түсуге итермеледі. Дегенмен ауызша таратылған сөздің мүмкіндігі шектеулі еді, ол ақпарат таралу барысында бұрмаланатын әрі көп ақпаратты есте сақтаудың мүмкіндігі аз еді.

Жазу пайда болған кезде оны жай адамның да пайдалана алуы мүмкін-ау деген ой ешкімнің қиялына кіріп-шықпаған. Жазба тіл бастапқыда адамдарды одан әрі құл ете түсу үшін пайдаланылған, оны француз антропологы Клод Леви-Стросстың зерттеулері көрсетті.

Жазба тіл жаңа енген кезде де бүгінгі интернет арқылы бір-бірінің дидарын көріп отырып сөйлесу секілді керемет көрінген. Жазба тілді үйреткен Египет құдайы Тот бар сиқырдың құдайындай танылды. Жазу мен оқу әлемді және ол туралы ұғымды өзгертті. Жазба тіл пайда болғаннан бері империя түсінігі пайда болды. Өйткені бағындыру жеңілдеді, ұзақ қашықтықтарға және көп тараптарға бір мезгілде ақпарат, нұсқаулар, бұйрық жіберу мүмкін болды. Ол рулардан құралған, не болмаса әр қалалардағы жеке-жеке кішігірім мемлекеттерді ыдыратты. Билік бұрынғыдан бетер орталықтандырыла бастады, сөйтіп жеке билік салтанат құрды. Бағындыру жеңілдегендіктен билікке құмарлық артты. Билікке ие болғандардың ықпалы мен табысы еселеп өсті. Бара-бара өкімет басындағылар шексіз байлықты иелену мүмкіндігіне қол жеткізді.

Рим империясының ыдырауына папирус өндірісінің төмендеуі себеп болды деушілер бар. Иоганн Гутенберг баспа станогын ойлап тапқан он бесінші ғасырдың ортасы ақпараттың жаңа дәуірге жетелеген төңкерісі ретінде танылды (Он бесінші ғасырдың ортасында баспа өндірісі басталған кездері қазақ мемлекеттілігі жаңа пайда болған еді. Біздің ғаламдық деңгейдегі орнымызды осыдан-ақ бағамдай беруге болады). Баспа станогы адамзат қоғамының дамуының, индустрияланудың, тіпті жаһанданудың маңызды алғышарты болды. Сол кездерден бастап бұрынғы аксиома саналып келген нәрселердің бәрінің көбесі сөгілді.

Баспа станогы арқылы кәсіпкерлер заттарын өздерінің қиялына да келмеген көлемде шығаруға және қиналыссыз сатуға мүмкіндік алды.

Қазақтардың меймандостығы жайында ойлана келіп мен өзім үшін мынадай жаңалық аштым: қазақтар әр жерде жеке-жеке немесе аз ғана үй болып отырғанда, ауыл мен ауылдың арасы алшақ болған ілгергі заманда ақпарат беруші тек қана сырттан келетін адамдар болған. Сондықтан қазақ оларды құдайындай күтіп, жақсылап тамақтандырып, қонақ еткен, сөйтіп қазақтың меймандостық мінезі қалыптасқан ба екен деп топшылады. Бұл оймен келіспеушілер де болар, дегенмен қазақтың меймандостығына жаңа ақпарат әкелушілерді зарығып күту де әсер ету мүмкіндігі қисынсыз емес.

Баспа машинасы арқылы Библияның таралуы әркімнің Құдай сөзін өзінше талдауына мүмкіндік берді. Бүгінгі интернет жүйесі – адамның өз санасы жеткен деңгейінде таңдау мүмкіндігін береді.

Сонымен, бүгінде ақпарат көп, кітап, газет, журнал, теледидарды қоспағанда интернет аталатын жаңа ақпарат көзі басымдық алды.

Шәкәрімнің үлгі алар Абайдан басқа, қолына түскен азын-аулақ кітаптар мен сөздіктер болмаса, ешкімі болмаған. Тіпті сөзінді түсінер, оны мақұлдар немесе қарсы уәж айтар ешкім жоқ. Оны 1931 жылы Шәкәрімнің Сәбит Мұқановқа жазған хатынан да көреміз. Қазір ше? Теледидардағы кейбір оқиғаның өзі адамды қанша ойларға жетелеп, жазам дегендерге сюжет тауып береді.

Шәкәрімде ақпарат мол болып, көнеден келе жатқан даналарды бүгінгілерше оқып-білуге мүмкіндігі болмаған.

Шәкәрім Эсхилді оқи алмаған болса керек. Ол адамзат жаратылғалы бергі бірінші драматург. Эсхилге дейінгі театр монологтан, яғни бір ғана адам қатысатын спектакльден тұрған. Эсхил артистер санын екеу, кейін одан да көбірек етті. Ол кездегі театр бүгінгідей ыңғайлы, дыбысты залдың кез келген бұрышына жеткізуге болатын, жайлы креслолы болмаған. Гректер артистердің орындауларын тас скамейкада отырып көрген. Эсхилдің «Орестея» деген пьесасы 9 сағат жүрген. Ондай болса бүгінде спектакль соңына дейін бір де көрермен қалмас еді. Ол кезде құлдар мен әйелдерден басқа ер кісілерді спектакльдерді көруге міндеттеп қойған. Алдыңғы топ еркектерден кем саналғандықтан оларға театрға баруға тыйым болған. Спектакльдер тек мереке күндері ғана қойылған, ол күндері барлық жұмыс тоқтатылған, колөнершілер де, соттар да өз жұмысын тоқтатқан. Соншалықты көп көрерменге бет мимикасын көрсете алмайтын болған соң актер маска пайдаланған, құлу керек жерде күліп тұрған, ашу шақырған жерде соған лайық маска киген. Барлық көрерменге жететіндей болуы үшін артистерге дауысы зор адамдар таңдалған. Спектакльдердегі әйелдердің рөлін де ерлер орындаған. Бір күнде бірнеше спектакль де ойнатыла берген, әуелі трагедия қойылса, артынан комедия қойылған.

«Орестеяның» мазмұны мынадай: бас қаһарман Орест өзінің әкесі Агамемнонды өлтірген анасы Клитемнестрадан өш алмақ болады. Әкесін өлтіруге анасының көңілдесі Эгисф жәрдем берген. Аполлон құдай Оресттің анасын өлтіруін мақұлдайды да, жігіт анасын өлтіреді. Өш алу құдайы Эриния Орестті өлтірмекке соңына түседі. Орест ұсталып сотқа тартылады. Сотта дауыс екіге бөлінеді де айыпты ақталады. Содан бері Афинада сот дауыс екіге бөлінсе, айыпты ақталатын болыпты. Кейбір қасіретті көрермен Эриния Орестті ұстап, өзі жазаласа екен деп, соны көруге барады екен.

Пьеса идеясы – Орест анасын өлтіруші ме, жоқ, әкесін өлтіргеннен өш алушы ма, оны шешу әр көрерменнің өзіне қалдырылған. Финалда саналылық жеңеді. Сонымен бірге, пьесада өлімді өліммен қайтару қашан да болса, бір үзілуі тиіс деген тиянақты да маңызды ой бар. Қиянатқа қиянатпен жауап беріп жүргенде, өмір ағызып өте шығады, мағыналы

өмір сүрмек болсаң өшпенділікті қой, екі жаққа да тиімді бір жолын тап деген Шәкәрім идеясы бағзы заманғы пьесада да көрініп тұр.

Шәкәрім Конфуцийді де оқи алған жоқ шығар. Конфуций – Құң-фу-цзы қытайша – ұстаз деген мағынаны білдіреді. Конфуцийшілдік қытай философиясындағы арналы бағыт. Аңыз бойынша, Конфуцийдің үш мың шәкірті болған. «Көктем мен күз» (Чуньшо) жылнамасын жүйелеп, «Тарих кітабын», «Өлеңдер кітабын» дайындаған. Конфуцийдің терең танымдық көзқарасы «Сұхбат пен сыр» (Лунь юй) атты шәкірттері жинақтаған еңбекте көрініс тапқан. Оның этикалық ілімі кеңінен танымал болды. Онда «жэнь» (гуманизм) ерекше орын алды. Ол – үлкенді сыйлау, ата-анаға құрмет, аруақтарға бас ию, т.б. адамдық қасиеттерге негізделген. Конфуцийдің «Өзіңе не тілемесең, басқаға да соны тілеме» деген ойы философия тарихында «адамгершіліктің алтын ережесі» деп аталды.

Шәкәрім Луций Анней Сенеканың шығармаларымен де таныс болмаған секілді. Олай дейтініміз көне философтардың ішінде даналығы жағынан әрі ақын, әрі көсемсөзші, әрі философ, әрі билік ішіндегі тұлға ретінде Шәкәрімге ең жақын келетіні Сенека еді, бірақ Шәкәрім шығармашылығынан Сенеканың ізі де байқалмайды. Әрине бұл салалардың қай-қайсысында да Сенеканың ауқымы кеңірек болатын.

Шәкәрім Шекспирді де оқымаған болар. Оны оқыса, ақпараты аз адамның еліктегіш болатыны секілденіп, шығармаларының кейбірінде оған ұқсастық кездесіп қалуы да кәдік еді. Шәкәрімге дейін қазақтарда драматургия да болмаған. Оның басын Шәкәрімнің «Жолсыз жазасының» негізінде Мұхтар Әуезов бастаған «Еңлік-Кебек» драмасы бастаған. Әуезовтегі жаңалыққа құштарлық ол пьесаны жаздырып қана қоймай, өз туыстарын жинап, театр құрып, соларға рөлдерді бөліп беріп, өзінше спектакль жасап, қазақтағы алғаш театр өнерінің жолын ашқан. Оған дейінгі қазақтағы массалық өнер көріністері – жар-жар айту мен айтыс, зікір салу болса керек.

Біздің дәуір романтикамен қоштасу дәуірі. Романтика кітапта, ауызекі сұхбатта, театрда болатын. Қазір ол азайды, жоққа айналды. Теледидар оларды өлтіріп жатыр. Кино көріп отырғанда ойлануға уақыт жоқ, сөздердің бірін аңдып қалсаң, есіңе сақтап қала алмай қиналасың, бірінен соң бірі жалт етіп өтіп кетеді. Киномен жарысамын деп әдебиет те, театр да көруге қызықты, әсерлі көріністерді қуып барады.

Шәкәрім философиясы өмірдің өзінен туған, көзі көріп, қолымен ұстаған нәрселерден ой түйгеннен туындаған өмір философиясы, дала философиясы. Ол:

Алланың адамды жаратқандағы қандай мақсұт қойды?

Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?

Адам өлген соң рахат-бейнет (сауап-азап) бар ма?

Ең жақсы адам не қылған кісі?

Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма? – деген сұрақтар қойып, Алашқа арнау жолдағанда, алдымен өз түсінігінің дұрыс-бұрыстығын біліп алмақ болған, жазған сөзін, алған бағытын өзгелермен салыстырмақ болған. Бірақ ол кездегі қазақ қоғамы мұндай сауалға әзір болмай шықты. Оқығандары, бәлкім, Шәкәрім сөзін онша менсіндіксіз еді, ал жай қазаққа ол түсініксіз әрі керексіз еді.

Шығармаларымен, сөздерімен Шәкәрім таныс болғандарды өз сөздеріне қарап теріп алсақ, олар: өзімізден Әнет баба, Шығыстан Хафиз, Физули, Әбунәсір әл-Фараби, ибн Сина, Хиуа ханы Әбілғазы Баһадүр, Исмаил бей Гаспарлы, орыстан Пушкин, Толстой, Батыстан Шопенгауэр, Огюст Конт. Ал ұлы Ахат бұларға тағы да біраз шығыстық даналарды қоса айтады, бірақ олар Шәкәрім сөздерінде жоқ: Асан, Бұкар, Марабай, Марқасқа, Өтеген, Үмбетбай, Абылай хан, Қазыбек би, Әбілқайыр хан, Қорқыт, Жүсіп Баласағұн, әл-Табари, Ибн аль Асир, Ибн Халдун, Ұлықбек, Низами, Науаи, Жәми, әл-Газали, Фирдоуси, Әбу Хасан Рудаки, Шыңғыс хан, Әмір Темір, қытайдан Юань-Чао-Ши, Лермонтов, Некрасов, Гоголь, Салтыков-Щедрин, Радлов, Аристов, Березин, Левшин, Спаский, Маевский, Пифагор, Сократ, Платон, Аристотель, Томас Мор, Уильям Шекспир, Джон Донн, Вальтер Скотт, Байрон, Ф.Бэкон, Томас Гоббс, Дж.Локк, Д.Стюарт, Виктор Гюго, Жан-Жак Руссо, Гомер. Бұларды Шәкәрім оқыды ма, оқымады ма, оқыса еңбектерінде неге пайдаланбады, пайдаланған болса, олардағы өз сөзі бізге жетпей жоғалып кетті ме, әйтеуір қазірге дейін кездеспегендіктен «анығын Алла білер» деуден басқа ештеңе айта алмаймыз.

Шәкәрім Шығыстың ұлы шайыры Омар Хайямды оқыған-оқымағанын білмейміз, бірақ оның шарапқа қатысты рубаиларынан Шәкәрім ойларымен үндестік көрінеді. Хайямның шарап жайлы өлеңдерінің шын мағынасын бұрмалап, оны бірыңғай ішімдікке, жеңіл өмірге арналған деп ұғындыру біз кітап танығалы белең алған идеология болды. Ол, кезінде – Шығыстан жартымды ақын шықпаған деу үшін, сөйтіп өз басымдығын көрсету үшін, өз пайдасына жарату үшін қажет болған сияқты.

Шараппен жуыңдар мен өлген күні,

Жоқтаңдар шарапты айтып, көмген күні.

Орнынан шарапхана мені іздеңдер,

Дүрілдеп ақырзаман келген күні.

Бұл жерде шарап – Алланың нұры, шарап толы кесе – жүрек. Яғни, Алланың нұрына бөленген жүрек. Оны қалау, оны тұтыну, оған мас болу – Аллаға асықтықтан рухани нәр алу, ләззат кешу. Ал, «жар» деген

сөз парсыша «дос» деген сөзді білдіреді. Шәкәрімде де кездесетін «Менің жарым қыз емес, Хақиқаттың шын нұры» деген сөздеріндегі «шарап», «жар» сөздерінің шын мағынасын тану арқылы ақынның ұлы шайыр Хайямның да табиғатымен үйлесім тапқанын көреміз.

Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ «таза адам» дегенде дені-басын таза ұстап, таза тәбетте болатын адамды ғана айтпайды, жан-жүрегі таза, адал, бойынан жылылық пен мейірім есіп тұратын жаны таза адамды айтады» деген ұлағатты сөзі бар. Шәкәрім нақ соның өзі... Ол өзін таза жолмен жүруге тәрбиелеп қана қоймай, өзгелерді де сол жолға қарай сүйрейді: «Таза жолмен жүруге талаптан, өзінді сол жолмен жүруге тәрбиеле. Адалдықты, тазалықты мақсат еткен жолға қарама-қайшы келетін бұзықтықтан бойынды да, ойынды да аулақтат. Белгілі бір дәрежеге, деңгейге жетсең де немесе одан кетсең де, белгілеген дұрыс мақсатыңды бұзба, одан айныма. Бұл өміріңнің жолы екіге айрылып өзендей ағар, әр жақтан әртүрлі мәселелер мен қиындықтар, азғыратын жайттар болмай тұрмас. Сол кезеңде дұрыс мақсатыңды берік ұстанып таза жолдан таймай барғаның, жетпесең де алғаның көбірек болсын. Таза, тура, адал жол деген негізгі қазыққа барар жолда бұзыққа қызықпа, ындыныңды тура жолға сал, мақсатыңды бұзба, таза жолдан тайма, тура жолға ие бол, ындынды қой. Құбылсаң, бұзылсаң, не қызығып, не именумен қайта алмай, байқамай себепке еріп жетектелсең, бұларды аттап өте алмай қалсаң, адалдығыңды жоғалтып, адамдығыңды кетіріп рухани тірі өлікке айналасың. Осыған ермей, ақ жолмен алға бассаң, міне, сонда ғана сен шынайы еркінсің, еркінді қай бағытқа бағыттау өзіңнің жүрегіңнің шешімі. Тура жолды сезімі ояу, есті жан ғана табады».

Қазаққа рухани өсу үшін рухани бостандық керек еді. Ол күн туды. Алауыздықты, жікшілдікті қойып Әлиханша, Міржақыпша, Шәкәрімше ойлау парыз. Санамызды салғыртандырмауға тиіспіз. Сана өссе ой тундайды. Адам санасы өскен сайын таза адамдар көбейеді деген дәлелденген ақиқат осыдан келіп шыққан. Ойлап қарасақ, солармен бірге сол сананы айласын асыруға, икемділікке, басқалардан үстем болуға жұмсайтындар да көбейеді екен.

Шәкәрім сөзінен біз осы ойдың ұшқынын ұғамыз, ол ғылымның өзін адал, арлы адамға үйрету керек деді: «Надан, залым, айлакер, арам ниетті адамдарға ғылым үйретсе, ол әрі пайдасыз, әрі қауіпті. Шын залымға берме ғылым, ол алар да жоқ қылар. Қаруым дер, кісі атып жер, ол ғылымды айла етер».

Адам 3-3,5 жыл ішінде өзгеріп, дамып, санасы жетіліп, жаңа сатыға көтеріліп отырады дейді. Шәкәрім де бір күндері басына өзгеше ойлар келе бастағанын айтқан: «Бақтан» «баққа» қонып жүргенімде, бір күні

құрғырдың қайдан келгенін білмеймін, «өткен өмірінді ойлашы» деген бір ой сап ете түсті. Амалсыз ойладым, сондағы ойым мынау: Мен әуелі балалыққа қызықтым, одан бозбалалықты бақ санадым. Одан әрі кісілік құрып, төрелік айтып, сөзімді тындатуды бақ санадым. Содан әрі дүние қуып, малға құл болдым. Себебі біріне жеткен сайын, алдыңғысы бұзылып, артқы бақ түзу сықылданды.

Осының тереңіне үңіле келе менде «Келдім қайдан?», «Кетем қайда», «Нетсем пайда» деген сұраққа тұншығу пайда болды».

Әрбір саналы адам баласы өмірде өзін іздеп жүреді, өзін-өзі танығысы келеді. Өзін тану өзінді қоршаған ортаны танумен, қоғамда өмір сүріп жатқан адамдарды тану арқылы келеді. Шәкәрім философиясы «Өзінді таны, соның нәтижесінде адамды таны» деуге келеді.

Біз өзімізден, өзімізді танудан қашамыз, өйткені... қорқамыз. Қорқатынымыз – біз ешкімге сенбейтін болып алғанбыз, ешкімнің көз жасына жүрегімізді ауыртқымыз келмейді. Адамдардың бәрі бетперде киіп жүргендей, соны сыпырып ала алу мүмкін болмағандықтан, кімнің дос, кімнің қас екенін білмей қаламыз. Адамдардың барлығын дос көрейін десек, бірде болмаса бірде өзімізді сатып кетіп жатқандарды көреміз де, сенгіміз келгенмен сене алмаймыз. Бойымызды осылай күдік жайлап алады. Қуанғымыз келеді, бірақ шындап қуана алмаймыз. Күліп жүрейік десек, өмір ылғи шат-шадыман тірліктен тұрмайды, осыны ойлағанда көңілімізді мұң басады. Сондайда Шәкәрімді сағынамыз, оның шындығын, тазалығын сағынамыз. Бізді сынайтындарға ол – кешегі күнді сағынғанымыздай көрінеді. Біз өзіміз де заманнан артта қалғымыз келмейді-ақ, бірақ, бүгінгі көшеден, аландардан, мәдениет ордаларынан, мейрамханалардан Шәкәрімнің тазалығын, шындығын, сұлулығын көре алмаймыз. Қайта, соларды іздейміз деп жүріп жасандылықты, жалғандықты, жорта ұйымдастырылған әлдебір нәрселерді көреміз де көңіліміз қалады, жанымыз жабырқайды.

Шәкәрім не дейді: «Бізше адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныш өмір сүруге мүмкіндік жоқ».

Бар мәселе – санада! Жетекшісі саналы болса, саналылары көп болса – ұлт саналы! Ұлт саналы болса – бақытты ұлт! Ал санада кінәрат болса, она ұлттың тірлігі алға баспайды. Ұлттың бағы да, соры да – санада! Демек, «бақ – санаға байлаулы. Сондықтан сананы жетілдіру бірінші кезекте болуы тиіс. Біздің бар тірлігіміз терең санаға негізделуі тиіс. Сырты жылтыр, іші – қуыс, жалған сана емес. Оны қуу – орнықсыз, баянсыз, тұрлаусыз іс» – дейді Шәкәрім.

Отырықшылыққа кеш көшкенімізден біз әлі күнге дейін Батыс елдерін айтпағанда, классикалық біртұтас ұлтқа айнала алмай, ұлт мәселесін ру мәселесінен төмен көреміз, жікшілдік пен топшылдықтан ажырай алмай жүрміз. Шындық осы.

Шәкәрімнің мінезін, тұрмыстық қалпын суреттегендер жас күнінен бастап бойын тіп-тік ұстанатын, киімді өте сәнді киетін, бой-басына мұқият қарайтын, тамақты аз ішетін, көп ұйықтамайтын, ойын сергек ұстайтын, өзін ұдайы өз бақылауында ұстайтын, аузына берік, артық сөз айтпайтын болған деседі. Тамақты сылпылдатып көп жеуді, дастарқан басында орынсыз қарқылмен уақытын бос өткізуді жақтырмайтын болыпты. Бір ана жамбасына, бір мына жамбасына жантайып, күнұзақ алтын уақытын босқа өткізетіндерге мұнысының дұрыс емес екендігін, өмір ішіп-жеу, уақытты босқа өткізу үшін берілмегенін, мына өмірге адам боп келген соң адам боп кетуді де ойлауды ұмытпағанның дұрыс екенін ұдайы айтып отыратын болған. Өз қолынан келетін жұмысты біреуге істеткенді дұрыс көрмейтін, біреуге арба жөндесу секілді істерге көмектесуді өтінгенде де өзі араласып бірге жүретін болған. Біреуді ұру, боқтық сөз айту тіпті де болмаған.

Шәкәрімнің бойын күту қалпы қандай болса, шығармалары да сондай, оның жазғандарынан біреуге арнап айтқан ащы сөз, мысқыл мен міндеу таппайсыз. Тек бір жерде ғана, атын атамай, сол кездегі қазақ жағынан шыққан ел басшысы Елтай Ерназаровқа арнап атап айтқан сөзі ғана бар: «Түк те емес, көр жер, Басшыларың весьма тупой. Бұлғары ерін, құл қарын, Әлі-ақ ертең көрерсіңдер, Бұл қарынның былғарын». Ол, ел басшысы деп атауға лайық санамаған, түк те көңілі толмаған, қанағаттанбаған адамның ғана сөзі. Және шын сөз.

Өмір адамға аса қатыгез болып көрінетін кезі көп. Таусылмайтын кедергілерді жеңуге күш те, қалау да қалмайтын кездер бар. Бір киноны көріп отырып естіген сөзім бар еді: «Өмірден керектінің бәрін алып болғаныңда қасқырша ұлығың келіп кетеді» – деген. Қазақ мұндайды «есіріктенді, тойғанын көтере алмады» дер еді. Бірақ, Шәкәрімше айтсақ, малсыз болғаннан, малды болған дұрыс. Бірақ сол Шәкәрім заманындағыдай, тіпті, одан да бетер, бізде малдыларды жек көреді. Соны күнде көріп жүреміз. Сосын ойлаймын: Неге біз бар болғандарды жек көреміз? Өзімізде бар болса, мейірленіп, қанағаттанып отырамыз да, біреуде болса, ішімізден болса да, жақтырмай, күндеп, жек көріп отырамыз.

Бізде ақшалыларды жек көру жақын арада қала қоймас. Көре алмау мен күндеу, берсе жақсы, бермесе аямаған пиғыл оңайлықпен тоқтамас.

Олай болса, дүние жинаудың, оны қызғыштай корудың, сол үшін әркімге жексұрын болудың керегі бар ма?!

Осыларды ойлап: «Өмірдің мағынасы дүние жиюда емес» дегенді тереңірек түсінгендей боласың.

Шәкәрім бір өлеңінде: «Ертелі-кеш елтең-селтеңмен күн өткізіп жүрген желөкпелерге ренжимін. Олардың өнер қуып, еңбек етпегеніне налимын. «Көрінгенге көз сүзбей күнін көріп, Қазақ қашан ел болар, құдайым-ай» деген. Шынында, кедейге, жоқ-жітікке ұдайы тамақ тасығаннан ештеңе өзгермейді. Олай тойғыза да алмайсың, жаның да жай таппайды. Өйткені оның мағынасы бір ғана – бір мезеттік қуаныш сыйлау.

Абай, Шәкәрімдер неге кедейдің сөзін сөйлеген? Себебі олардың теңсіз екенін түсінген. Бүгінгінің теңсізі кім? Сол баяғы кедейлерге ұқсас бүгінгі кедейлер. Олар жұмыссыздар мен қанша еңбектенсе де бүгінгі күнінен артылдырып, ертеңіне ештеңе жинай алмайтындардан құралады. Жинағысы келмегеннен емес, жалақысы бүгінгі күніне, зейнетақысы тамағы мен жатағына зорға жететіндіктен.

Шәкәрім бойынша: «Дүние өткінші, сол өткінші өмірде адамдар бір-біріне қайырымды болса, барынша адал, арлы болса... Қара қазақ баласы, әйтеуір, адам болса екен, олар да ел қатарына қосылса екен». Егер Шәкәрімнің арманы не? – деген сұрақ қойылса, осы сөздермен-ақ Шәкәрімнің бар арманын жеткізуге болар еді.

Ешкім ешкімге қалай өмір сүруге нұсқау беруге тиіс емес. Өйткені, ешкім ешкімнен артық та емес, кем де емес. Шынымен басына түссе, санасы оянса, адам түрленіп, өзгеріп кетуі оп-оңай. Бірақ, адамның бойындағы бар дарыны жоғалып, жойылып кетуі де тез. Оның басты себебі – енжарлық пен ойсыздық.

Шекспирдің ең айтулы қаһарманы Гамлеттейін, барлық нәрсеге күдікпен қарайтын, ойға батып жүретін, тез және шешуші қадамға баруға қабілетсіз адамдар неге көп? Оның себебін қайдан іздейміз?

Оның себебі – қазақтың көптеген елдермен соғысып, қиналғанынан, түрлі өңірлері түрлі елдерге ұзақ жылдар қарап қалғанынан, яғни тұтас ұлттың ұзақ мерзім езгіде болғанынан ба екен?

Бүгінгі қазақтағы ең басты кесел – жалтақтық. Сен тимесең, мен тимен, – деген бейтараптық, қорқақтық.

Соқыр сенім, ойсыздық адамды жетілдірмейді.

Өзімен бетпе-бет келуден қорқатын адамдар көбейген заман.

Болмашы ғана жолы бола қалғанға балаша мәз болатындар бар. Сондайлардан қорқамын, өйткені олар біраз уақыт жолы болмай қалса, құл бола кетуге әзір тұрады.

Біз «нарық» аталатын қоғамға келіп кіргелі, бұрынғы кезде тыйым көріп тұрған талай нәрсе бетіндегі пердесін сыпырып тастағандай күй

кешті. Жаңа қатынастағы басты рөл ойнаушы «капиталдың үстемдігі» тұрмысымызға көзсіз байлыққұмарлықты сүйреп әкелді. Адамзат баласы басынан-ақ мал тауып, жан бағуды жақсартуды жек көрмейтін болса, ендігі тыйым салушы «күзетшінің» жоқтығын көрген соң, осы дүниеқорлыққа барын салып, бас-көзсіз кірісіп кетті емес пе?! Мақсат қандай жолын тапсаң да баю! Барынша тезірек! Барынша көбірек! Ұрла, жырла, тала, тона – бәрібір! Басқа ұғымдар, Шәкәрім айтқан, адамшылық, ар, адалдық, адалды ғана тұтыну жайында қалды. «Білім ал, өнер үйрен» деген сөз бүгінде жай ұран ғана. Бүгінгінің бағалысы да Шәкәрім заманындағыдай – бай-бағландар. Бай болмасаң, басың алтын болса да тар шеңберде ғана бағаң биік болса болар, жалпы көп, әсіресе өз төңірегің сені адам демейді. Дүниеқоңыздық надандықты, тойымсыздықты, дүниенің қызығын қызықтауды, паракорлықты, жалақорлықты, нәпсіқұмарлықты, астамшылдықты туғызды.

Шәкәрімде: «Дүниенің жалғандығына сайып, өз жауапкершілігіңнен құтылып кетуге тырыспа» деген бір ой бар. Соны мақұлдай келе: дүние жалған емес, адам жалған, дүние орнында, дүниенің жалғандығынан да, шындығынан да адамға келіп-кетер ештеңе жоқ, не көрсе де адамның өзі көтеруі, өзінен көруі тиіс.

Жаратушы Алла барлық дүниені жаратқанда адам баласын басқалардан ерекше етіп жаратыпты, ол ерекшелік – адам баласы ғана өзінің жасаған әрбір әрекетіне жауап бере алады екен. «Жылқыны суатқа жетелеп алып баруға болады, бірақ оны суаттан су ішуге зорлай алмайсың» деген жапон мәтелі осыны растап тұр. Демек, тәрбиелеу, үйрету, білімін жетілдіру керек.

Оны билік ішінде отырғандардан бастау керек. Осыдан мың жылдай бұрын шығыс даналарының бірі Әбу Хамид әл Ғазами «Қарашаның мінез-құлқы ханның мінез-құлқына ұқсайды, өйткені былайғы қарапайым халық билеушісіне еліктейді» деп кетіпті. Еліктеу жағынан алдыңғы орын алатын біздің халқымыздың жетектеушілері адал, арлы болса дейтініміз содан.

Шәкәрім қазақты өзін мысал етіп: «мен жалқаумын, мен керексізбен әуремін» деп өз атын жұмсап, ұялтады. Ұялту кезінде айтылғанды түсіну үшін басқаның саналы ақылы керек...

«Жуандардың ел билеу ісін жүргізуіне айтар сыным бар. Өзінше әділсініп, ақпын дейді. Қарасаң партия басшысы да сол, батыр да сол, малын жұмсап, бағын асыру, басқаны құл, өзін зор көру. Басқаны лажы келсе сатпақ, соймақ ниетте. «Мен – Құдай» дегенді айтпаса да ниеті солай».

Бұлай кете берсек қайтіп оңамыз? Тәңірі алдында мұнымыз қалай болар екен? Біреуге құлдану – қорлық қой! Құдайға ғана құл болалық та, сол жетеді ғой.

Осыны айт отырып Шәкәрім: «Ойсызға сөзім жақпайды, Арсыздар оны таптайды» деген. Түңілгені. Күдер үзгендей болғаны. Шәкәрімді мұңға ораған сол мінез бізде әлі сақтаулы.

«Елді қу билейтін заман болды бүгінде. Жақсы да, жаман да қу мен сұмның алдында бүгежектей қалады, осысы маған ұнамайды. Жылы сөзбен жылмаңдаған қуларға қашан болса да бір ісім түсіп қалар деп семіз атын беріп, мол тамақ астырып, абыр-сабыр болады да жатады. Пірге қол бергендей қып қуды құрметтейтіні, қорқатыны олардың ел ішінде көп жүріп, бір-бірі туралы сөз тасып, бірінің сырын біріне айтып жүргені ғой. Жақсы қатынас жасамасам жауыма ауып кетеді деп қорқады. Осының бәрі адалдықтың кемдігінен. Қуға жалынып, шығынданғанша адалға бет бұрмай ма одан да.

Арамның жолдасы мол болатыны, қу мен сұмды кім жиса, шын мықты сол болатыны несі?!

...Арлылықтан аттамайтын, надандыққа бастамайтын, әділдікті таптамайтын, кісілік келбеті биік, парасаты жоғары адамды іздеумен келемін. Көргенімнің көбі арым үшін жан садаға дей отырып арамдық жолмен жүріп, кісі хақысын жеуден арланбайтындар.

...Жан денеден жалықты. Бар арман тойыну мен қызық өмір ме екен? Дүниелік мақсат, нәпсі қалауы, мал, байлық, мансап, мақтан, ішіп-жеу, рахат өмір кешу ме? Басқа не бар бізде?!» – деп дана Шәкәрім икемдінің, қудың жолы болғыш болатынына, әлеуметтік қоғамдағы әділетсіздіктерге наразылық танытады.

Сөйтіп: «Заманды өз қолыммен түзетер едім, ол менің қолымнан келмейтін нәрсе, өйткені замана маған ерік берер емес. Менің көкірегімдегі кегім қазақтың ертеңі үшін емес өз өмірінің жайлылығы үшін оқып, қазақты жетелеудің орнына бай-манаппен бірге қанасып келе жатқандарда, әкімдерде, жуандар мен пысықсымақтарда. Елдің қаймақтай ұйыған берекесін бұзатындар осылар екен» деп ой түйген Шәкәрім бүгін де өзекті. «Нәпсісін арына, ақылына, рақымына, әділетіне билеткен адам ғана адамшылық қалпын сақтайды, көпке өнеге болады» деген Шәкәрім сөзі өнегелі.

Бір өлеңінде: «...Өткен өмір толы өкініш, ойым жаралы. Құр тілім сайрауыл болғанымен, қол-аяғым байлаулы. Себеп – қолымнан келер ештеңе жоқ. Мақтан қуып, партия қуып жүргенде менің бар өмірім ескерусіз, желге кеткендей... Өзім деп осы жерде ел мінезін айтамын. Ақыл, айла, қайратым селге ағып жоқ болғандай. Достарым, мен сендерге жүгінемін, менің биім – сендердің ақ жүрегің. Сол не айтады? Өзім деп осы жерде ел мінезін айтамын. Көбіміз сондай болдық. Не қайран?!» дейді.

«Өмір мағынасыз, адамның жетем дегеніне жетуі қиямет... Ел мінезі кемшін, мұсылмандық қазаққа онша жұғысты емес. Адамзаттың бірін

дос қылып, бірін жау қылып арпалысқандағы мақсат айламен билік жүргізуге бағытталған, тойынбаған нәпсінің әрекеті» деп бар ойы ел мұңы болған Шәкәрім қазақтың қалайда қатардан қалмауына, тезірек жетілуіне тілеулестік білдіреді.

Шәкәрімнің өзін қоршаған адамдармен адамдық қарым-қатынас жасау жайындағы сөздерін біршама теріп қарасақ, бірімен-бірі жалғасып тұрған нанымды ақыл, тұнық ойларды көреміз:

«Адамның еркі Алланың еркі емес, Алланың еркі – Адамның еркі».

«Мен адамгершілік мінез-құлықтың қарапайым қағидаларын ұсынар едім: 1. Егер сені біреу ренжітсе, керісінше сен оған жақсылық жаса. 2. Егер сізге біреу жамандық жасаса, оған жамандықпен жауап қайырма. Оны кешіре біл. 3. Егер біреу үйіңе келуін доғарса, сен оған бар».

Ешкім де періште емес, патша да, пақыр да – пенде. Иса пайғамбардан: «Өзін күнәдан тазамын дегендер маған бірінші болып тас атсын» деген сөз қалған. Шәкәрім дана: «Мен тарыдай жақсылық қылсам, таудай зұлымдығымды жасырғалы қылам» депті. Күнәлілік, нені күнә, нені кінә деуімізге де байланысты, барлық жағынан тап-тазамын деп ақталу адамзат баласының әрбіріне де қиын болса керек, маған да солай.

«Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ. Бірақ осы айтылғандарға қарсы, жолдан қосылған, адамның бойында біржола сіңісіп, біте қайнасып қалған күшті, зиянды жау нәрселер, әдеттер бар. Олар: нәпсі, өзімшілдік, мақтан. Бұлардан ұшы-қиыры жоқ жаман әдеттер туа бермек. Мысалы, зорлық, алдау, мансапқорлық, малқұмарлық, рақымсыздық, мейірімсіздік, қанішерлік, тағы тағылар. Бұлай болғанда осы жаман әдеттерден құтылудың айласын іздеу керек. ...Ол үшін барлық адамды адал еңбек ететін жолға салу керек. ...Оларға еңбек өнерін үйрету керек, онымен қабат оқу-білімге жетілдіру қажет. ...Жаман әдеттерді жоюға бұлар жеткіліксіз болғандықтан, сол адал еңбек, білім үйренумен қабат, «ар білімі» деген білім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу керек. Адам бойындағы нәпсі кеселі кетсе, өзгерісі оңай...» – дейді Шәкәрім. Бірақ сол қалай жасалуы тиіс. Зорлықпен бе? Жоқ, зорлық зорлықты туындатады. Жол қайсы?

Өмірдегі ұстаным, Сұлтанмахмұтша айтқанда: «Жақсылық көрсем өзімнен, Жамандық көрсем өзімнен. Біреу қылды дегенді, Шығарамын сөзімнен» дегеніндей болса. Әйтеке би де жеріне жеткізе айтыпты: «Өмірім – өзгенікі, өлім ғана – өзімдікі». Ал алманың дәмі – тістеген

ауызға да байланысты. Шәкәрімді түсінбеген, түсіне алмаған адамның есінде осы сөздер тұрса... Адам өзі өмір кешкен қоғам ішінде жүріп, тек пайдалы істермен ғана айналыса алмайды. Лениннің: «Жить в обществе и быть свободным от общества нельзя» дегені дұрыс. Сондықтан ұлы бидің адамның өмірі өзінікі емес дегені жөн-ақ. Қадыр ақын айтқандай: «Дастарқанда қанша отырдық ал-ал деп», яғни өміріміздің үштен бірі ұйқыға кетсе, үштен бірі онша керек емес нәрселерге шығын болады. Қалған үштен бірін-ақ – пайдалы істерге жұмсасақ – бақыт деген сол болар еді. Ал, өлім – адамның жеке өзінікі ғана, бұл орайда Әйтеке би дананың сөзін айтқан. Оны қайтіп өлді, қалай көмді деп қарапайым ғана емес, кең көлемде түсінсек, өлімге қалай барады – адамның өзіне ғана байланысты. Адамның жақсы аты да, жаман аты да өлгеннен соң нақтыланады.

Ең бастысы – жетістікке өз еңбегімен, ақылымен, білімімен, өз күшімен, сатылап жетуі керек. Аспаннан түсе қалған бақты ұстау да қиын, ол – адамды, негізінен, бұзады. Әрине ата-ананың, туған-туыскандардың қолдауы керек, онсыз болмайды. «Ұшатын құсқа жәрдем қанаты қатайғанша керек» деген ұлы мәтел бар. Бірақ қолдау – бірден шырқау биікке көтеріп апарып қою болмағаны дұрыс. Олай барып отырған адамдардың ілуде біреуі болмаса, жетіліп кете алмайды, өйткені жеткен биігіне өз еңбегі сіңбеген соң бағасын біле бермейді. Осы орайда Шәкәрімнің: «Біреу бай, біреу кедей. Байы – батыр, көсем хәм шешен. Ол қылмаған өнер жоқ. Кедей – қор, басқадан кем. Көргені бейнет. Бай болған жақсы-ау. Бірақ барлық істі өзің атқаратындай шамадағы байлық болса деймін. Ешкімді салмаса, ешкімге жалынбаса. Соған жетер шыдамы мен төзімі болса. Ол арамнан жиған мал я дәулет болмас еді, өзінің маңдай терімен келген дәулет болар еді. Сонда байлық шын рахат болар еді» – дегені де даналық.

Феодализмнен социализмге аттап өтіп, одан капитализмге қайта ораламыз деп жүргенде ұлтқа тірек боларлық құндылықтардың көбін жойып алдық. Бүгінгінің үлкенінің де, кішісінің де, байының да, кедейінің де ой, қиялы – ақша. «Суды біреу ішу үшін іздейді, біреу кешу үшін іздейді» деген мақалдағыдай бай – байлығын молайтсам деп тойымсызданады, кедей – күнімді қайтып көрем, балаларымды қалай тойындырам деп ұмтылады. Ақшаны бірінші орынға қою – ұлтты бұзушы күш. Бүгін білінбегенмен, ертеңіміз – қатерлі. Өркениетті елдердің адамдары ең алдымен өзінің денсаулығын бағалайды, содан соң – еркіндік, одан кейін барып – ақша. Сондықтан да оларда ең көп айлықты дәрігерлер алады. Бізде ең алдымен ақша, екінші орында билік немесе керісінше, соңғы орындарда ғана денсаулық пен еркіндік. Біз еркіндікті бірінші орынға қойғысы келгендердің және осы ойға келгендердің көп болуын қалаймыз.

Ұлтымызда білімді тез қағып алу бар да, соны жетілдіріп, тереңдете түсу әлі аздау. Біліктілік пен әріптестік, кооперацияны қабылдай, ұстана білу де керек мінез. Әкенің балаға ақыл айтуы қабылдана бермейтін қоғамда әкеге баланың білгенінен тереңірек біліп, дәлелмен, өзінің жеке үлгісімен оны мойындату, сол арқылы жеңу дұрыс мінез болар бәлкім. Біздің ұлтқа өз ұлтын, өз Отанын сүйетін патриоттық та жетпей жатыр. «Білімге ұмтыл» деп естияр бабалардың бәрі айтып кеткен, біздің көбіміз шектеулі ғана, керек көлемде ғана білім алсақ жеткілікті деп жүрміз. Луначарский айтқан екен: Университеттік білімі төрт ұрпаққа жалғасқанда ғана ондай отбасынан интеллигент шығады, – деп. Ал біз сүйенішпен алған, не сатып алған қызметімізге кірісе сала қайраткер, интеллигент болып шыға келеміз. Олжабай батыр: ұрпағым білге, яғни оқымысты болса екен деп тілеген екен. Бұл сөзді айту үшін қандай тереңдік, көрегендік керек еді. Осылай деген Олжабай батырдың бағасы бүгінде атасының ұрпағы билік пен байлықта жүрген «батырлардан» неге төмен?!

Біз «сақтау» деген ұғымды жаттап алғанбыз, санамызда «өзгеру», «даму» деген ұғымдарға бет бұра алмай жатырмыз. Әсіресе ауылда. Қалада оншалықты жаппай емес шығар. Шынында ауыл адамы негізінен «сақтау» үдерісімен өмір сүреді: өндірген өнімін қыста жеуге сақтайды, айырбастау үшін сақтайды. Малының төлін де солай, бағып-қағады, қалпына келтіріп барып сатады, жейді, айырбас жасайды. Ауыл адамының қалтасында ақша жүрмейді. Ондағы өмір бірқалыпты ағыста, оларда өзгеріс көп болмайды. Сондықтан да олар даму мен жетілу туралы аз ойлайды. Ойласа да берік шешімге келе алмайды, қиялдайды да қояды. Ілуде біреуі болмаса, көбі жетілуге ұмтылмайды.

Ал «өзгеру, дамуға» келсек, тәуелсіздікпен бірге келген нарық қатынастары бізді өзгертті, ақылы мен қажетті жерде айласын жұмсап, ұмтылғандар жаман болып жатқан жоқ. Бірақ осы жерде де бір кілтипан бар – біз әлі дүниеге тоймай тұрмыз. Токтайтын, сабырға келетін, руханиятқа оралатын кез келді, бірақ біз бәрін тоқтатып қойып, дүние қуудамыз (ол дүние билік пен аса мол байлық иемденгендердің өздеріне опа бермей, ашкөздік орға жығып жатқанын көзіміз көріп тұрса да). Әрине, 70 жыл ішінде артық ақша ұстап көрмегендіктен бойымызға сіңіп кеткен ақшаға деген құмарлық басылмай жатыр-ау деп өзімізді жұбатауға болады, бірақ тұтас бір ұрпақ ақшаның басымдығында, соны ең негізгі санаған ниетте тәрбиеленіп жатқаны да бізді ойлантуы тиіс. Мынадай асығыс, дүние күніге өзгеріп, кешегі озық идея ертең ескіріп жатқан заманда қалыпқа түсу үшін бірер он жыл жетіп жатыр.

Бұдан қазақ көштен қалып қойды деген тұжырым шығарсақ жөн болмайды. Жаман емеспіз. Батырлықпен алып қалған кең байтақ жеріміз

асырап жатыр. Ел жағдайы бірқалыпты, тыныштықтамыз, шекарамыз айқындалып, белгіленді. Жастарымыз да жақсы жетіліп келеді. Оларда біздердегі ұяңдық пен бұйығылық, бүгінгі жағдайға көне салу жоқтың қасы. Бұл, әрине, жақсы, қанағат етуге тұрарлық.

Біз адамзат өркениетінен өзімізді бөліп қарауға тиіс емеспіз. Ғаламдану үрдісі, тез дамып жатқан, кешегі жаңа, бүгін ескі болып жатқан дәуірдеміз.

«Тікен ексең, жүзім шықпайды» дейді Ахмед Йүгінеки. Жақсы сөз айтсаң жақсы сөз қайтады. Шәкәрім оны мықтап ұстанған. Тәкаппарлықтан, біреулерді жалпылай қаралай салудан аулақ болған жөн. Шыңғыс хан айтқан деседі: «Әрбір құс өзінше сайрай берсін, оны да тәңір жаратқан. Егер дүниеде тек қара қарға қалса қайтер еді, немесе, тек бүркіт, тек тотықұс қалғанмен де қызық болмас еді. Ал күшіген ғана жайласа тіпті сорақы болар еді».

Әркім не айтам десе де құқылы уақыт. Бірақ кім де болса, айтқанының қоғамға пайда-зиянын да ұмытпауға тиіс. Абай айтады: «Ақылдың жетпегені арман емес». Бұл орайда Ғарифолла Есімнің: «Данышпанды дана адам ғана түсінеді» деген сөзін келтірсек те артық емес.

Осыдан екі мың жылдар бұрын еврейлер Иерусалимнен қуылып, тауға шығып кеткен кезде қалада қалып қойған бірен-сарандары хат жазыпты дейді: «Бізді төмендетіп жатыр, біздің балаларымызды дұрыс мұғалімдер оқытпайды, бізге дұрыс жұмыс бермейді» деп. Сонда таудан хат келіпті: «Егер сендердің балаларыңды нашар мұғалімдер оқытса, өздерің жетіліп, өз балаларыңды оқытатын өз мұғалімдерің болсын, егер сендерге дұрыс жұмыс бермейтін болса, өздерің жетіліп, басшылық қызмет пен кәсіпорын иесі болындар да, өз адамдарыңа өздерің лайықты жұмыс беріндер» депті. Мұндағы мораль: сәл болмай қалды, менің жөнім еді, алдымды орап кетті дегенді қойып айқын басымдыққа ие болып тұрсаң, өмірден өз үлесінді аласың.

«Әлемнің бар ақылды адамдарын бір жерге жинай алмайсың» деген бір даналық бар. Олай болуы теория жүзінде мүмкін бола қалса, онда олардан ақыл шықпаған болар еді. Сондықтан олардың ақылдарын ғана жинаса жетерлік.

Сол ақылдылардың ішінде Шәкәрім даналығының өзіндік үлесі бар. Әсіресе қазақ үшін. Өйткені Шәкәрім – біздің ұлтымыздың нағыз патриоты.

Шәкәрімше айтқанда: «Ақиқат, ұждан, шын иман, адамдық, кісілік – адаспайтын айқын жол». Ақиқатқа жетудің амалы осы заманғы озық білім-ғылымды игеру, алып-ұшып тұрған асығыс заманда қатарыңнан кейін болмау, қазіргі тілмен айтсақ – күштің, байлықтың немесе қызыл сөздің емес, білім мен ғылым атты өнердің бәсекелестігінде жену.

Егер біздің ұлтымыз бәсекеге қабілетсіз болып қалсақ, екі ұлы мемлекет пен амбициясы биік, мемлекетқұраушы ұлтының саны бізден үш есе көп тағы бір көрші мемлекеттің ортасында тұрып, нарық экономикасына көшу мерзіміміз әлемде негізінен барлық байлық пен халықаралық сауда әбден жолға қойылып, жаңа мемлекеттерге өркениеттен өз орнын табу аса қиындаған сәттерде барып осы жүйеге бет бұрған біздің еліміздің тағдыры – біздің ұлтымыздың ұлт ретінде, мемлекетіміздің мемлекет ретінде сақталып қалу үшін – әлемдік бәсекелестікте лайықты орнымызды табуда болып тұр. Ол үшін біздің экономикамыз ғана емес, билік те, халқымыз да бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Егер біз бәсекеге қабілетті бола алмасақ, онда мемлекеттілігіміздің іргесінің беріктігіне, халқымыздың тіліне, дініне, діліне нұқсан келуі оп-оңай. Бүгінде мемлекеттілігіміздің экономикалық негізі орнықты, ендігі мәселе халқымыздың өзінде.

Бұл ғасырда ұлтты оятатын күш – білімділік, ақпарат таңдай білу. Ұлттық сананың биіктігі. Сатылмау. Ұлт мәселесіне келгенде пенделіктен биігірек болу. Көп ұлттылық қазаққа ешбір теріс әсер ете алмайды, ол кезден біз өтіп кеттік: Кеңес Үкіметі кезінде қазақтар Қазақстанда халықтың үштен бірін ғана құраса, қазір үштен екісіне жетті. Егер біздің рухымыз биік болса, теріс пиғылдарға, ішімізден ірітуші күштерге төтеп бере алатындай болсақ, өз мінезіміз, өз қалпымыз болатын болса, көп ұлттылық неге теріс әсер етсін? Басқа ұлттарды ығыстыру бізде болған емес, Қазақстанда тек қазақтар ғана тұрсын деген ойда жүрген ешкім жоқ, өз қазанымызда қайнай бермей, олардан үйренуге де тиіспіз. Ұлтына, руына, жерлестігіне қарамай қызметке қоюды, әріптесті бағалауды, Шығыс халқына тән бірлестікке өмір сүру салтын, кооперацияны дамыта түссек ұлттың оянуына жетеміз. Бүгінде біз Батыстың индивидуализмінде өмір сүруге жалпылама көшіп кеттік, одан бізге Шығыстық үлгі қолайлы. Ауылдағы шаруа бірлесе жерінен молырақ өнім алады, қаржысын бірлестіргендер үлкен кәсіпорын салып алады. Бізде әлі бір-бірімізге сенімсіздік бар, өйткені алдап, сатып кететіндер көп. Осының бәрі ақшаны бірінші орынға қойғанның кесірі. Сана биіктігі керек, біздің көңіліміз ояу, көзіміз ашық, ақпаратымыз нақты болуы керек. Біздің ақпарат құралдары ұрандаудан гөрі жетістіктер мен кемшіліктерді көрсете алатын ақпараттарды көбірек берсе, жақсысы мен жаманын бағамдауды оқырманға қалдырып отырса жақсы болар еді.

Бірдеңені ойлап табу үшін оған қажеттілік тууы керек. Сонда ғана құлшыныс болады. Мәселен, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде бомбаның тез арада ойлап табылуы осы ойға жетелемей ме?! Бүгін де қоғамдағы ұдайы бағыну мен бақылауда ұстағысы келетіндерге ашық неме-

се іштей наразылық жаңа ақпараттық жүйенің өмірге енуін тездететін түрі бар.

Орта таптың қоғамның негізгі қозғаушы күші болатыны – олар өзгерістерге бейімделгіш. Және олар өзгерістерден барынша өз пайдаларын алып қалады. Сондықтан да орта тап капитализм дәуірінен бастап, негізгі күшке айналды.

Капитализмнің бүгінгі сатысында тасқа басылған сөзге қоса радио мен магнитофон, олардың дамыған түрі – бейнені қоса көрсете отырып ақпарат беретін – теледидар мен бейнелі ақпаратты жазып алып, кез келген уақытта көрсете алатын бейнетаспа шықты. Бұлардың біртіндеп ене бастағанына бір жарым ғасырдың шамасы болып қалды.

Бүгінгі электрондық байланыс құралдары барлық ақпараттық төңкерістердің ішіндегі ең ұлысының бастапқы бір бөлшегі. Ал радио, теледидар мен бейнежазбалар болса баспа өнімдері мен Жаңа жүйенің ортасындағы баспалдақ іспетті. Гутенбергке дейін де жазу болған: Күлтегін тасқа, римдіктер папирус қағазына хаттар мен пайымдаулар жазған.

Осынау электрондық ақпарат құралдарының өмірге енуі биліктің массаны бағындыруға құштарлығын арттыра түсті және қай жағдайда да өз дегенін жүзеге асыруы жеңілдеді. Ол біздің елдегі соңғы саяси іс-шараларда айқын көрініс берді.

Интернет – жаңа құбылыс. Аз ғана уақытта, аз-кем қаржыға мың күншілік жерлерден керек ақпарат алу мүмкіндігі осыдан отыз жыл бұрын ешбір ақылға сыймайтын іс еді. Жай ақпарат қана емес, слайдтармен, музыкамен көркемделген, бет-бейнені қоса көрсететін ақпаратты оп-оңай-ақ алған кезде көңіліңді шаттық кернейді, оны жасағандардың алдында басыңды игің келеді. Бұл Жүйеде біз жасаушы, тұтынушы, бейнелер мен дыбыстарды қабылдаушы боламыз. Бұдан құдіретті не бар?! Жүйеде біз әрі автормыз, әрі шығарушымыз, әрі продюсерміз. Біздің өзімізді-өзіміз көрсете алу еркіндігіміз орасан, ал аудиториямыз қиял жетпейтіндей кең. Бір ғана нүктені жай ғана басып қалғанда біздің алдымызға кез келген талап еткен ақпаратымыз келе қалады және өзіміз де ақпарат жібере аламыз.

Скептиктер: «өзгеріп жатқан ештеңе де жоқ, әлем бұрын қандай болса, сол күйінде» деп жүр. «Біз бұрынғыша шеге жасап шығарамыз, резеңке галош киетіндер әлі де бар, банктер ақшаны бұрынғыша несиеге беріп жатыр, аз ғана болмаса, өзгеріс шамалы. Рас, кейбір адамдар хатшы қыз бен диктофонның орнына іскерлік хаттарын интернет арқылы жазуға машықтанып жатыр. Одан не өзгере қояр дейсің», – дейді олар.

Оларға қарсы жақ мұны көрсоқырлық дейді. Олар интернетті барлық проблемалардың шешілу көзі санайды.

Өндірістік революцияның мәні мынада: онда машиналар адамның қуат мүмкіндігін көп есе арттырып жіберді. Ал алдағы күтілетін сандық ақпарат адамның миының мүмкіндігін электрондық коммуникация жүйесімен интеграциялану арқылы шексіз арттырады. Бірақ біз ол жағдайға әлі жете алмай жатырмыз, себебі оның алғышарттары әлі толық құрылған жоқ. Бәлкім, технологиялар қиял жетпестей-ақ тездікпен дамып жатқан болар, алайда адам баласы асықпайды. Үйреніскен діни және идеологиялық тыйымдар да дамуға кері әсерін тигізеді. Дегенмен біз қалыпты ұғымдарымыздың жүйесін қирату үстінде тұрмыз. Үдеріс біздің бақылауымыздан шығып кеткен және оны өзгерте алмаймыз. Технология өзі үшін тырысып жатыр.

Технологияның өмірге енуі арқылы адамдар әлемге де, өздеріне де жаңа көзбен қарай бастады. Жаңа ақпараттық технология бәрін де өзгертуі мүмкін. Оның ішінде тілді де. Өйткені жаңа технологияға жаңа терминология керек болады. Ескі сөздер құрып кетпейді, олар жаңа мағынаға ие болады. Тілдің өзгеруімен ойлау қалпы да өзгереді. Жаңа технология білім мен ақиқат секілді базалық түсініктерге жаңа анықтама береді. Не маңызды я маңызсыз, не мүмкін және мүмкін емес және, ең бастысы, нақтылық деген не екені жөніндегі ұғым қайта өзгереді. Яғни, қоғам «экологиялық» өзгерістерге ұшырайды. Технология балалардың калейдескопы секілденіп біздің санамызды сілкиді, сөйтіп, идеялар мен мүмкіндіктердің күтпеген жаңа әлемі пайда болады. Біз жаңа мәдени және экономикалық дәуірге аяқ басамыз. Уақыт рухы біздің ойларымызды айқындайды.

Коперник «Жер Күнді айналып жүреді» деп алғаш айтқанда, жұрт оның есі ауып кеткен болар деп ойлаған-ды. Онысы үшін Коперниктің сол кездегі сынаушыларының сөзі дұрыс емес еді деуге бола ма?! Осындай жағдай Ньютонның физикасынан Эйнштейннің физикасына көшкен кезде де болған. Көп адамдар салыстырмалылық теориясын қабылдай алмай, қарсы шыққан. Ньютонның көптен бергі қолданыста жүрген теориясынан бірден бас тарта қою қайдан оңай болсын? Осылай екі парадигма бір-бірімен қатарлас өмір сүріп барып, ақыры біреуі үстемдікке ие болған.

Бірақ адам бір біріне қарама-қарсы екі көзқарасты қабылдамайды ғой. Сондықтан адамдар бір-бірлеп немесе топ-тобымен бір парадигмадан екіншісіне ауыса бастайды. Олардың ауысуына жеткілікті түсіндіре алар ақпарат жәрдем береді.

Шәкәрімді зерделей келе, оның ар ілімінің бүгінгі заманғы жалғастырушыларының озығы академик-философ Ғарифолла мен таныс болып, шығармаларына ғана емес, кісілік келбетіне, түрліше көзқарастарына

қаныға келе көңілім толады. Орыс ақыны Евтушенко: «Неважно, есть ли у тебя исследователи, А важно, есть ли у тебя последователи» деп айтқандай, Шәкәрімнің ісін, ойын, сөзін жалғастырушылардың көшбасында Ғарифолла Есім тұрса, Шәкәрімнің Семейдегі зерттеушілерінің де оның идеяларын жалғастырушыларға айналып келе жатқанын көріп, Шәкәрім жолы жалғасып келе жатқанына, оны жалғастырушылардың көптігіне, қаулап өсіп келе жатқанына риза боласың.

Экономиканың моторы – технология мен жақсы менеджерлер деген ой біржақты секілді көрінеді маған. Экономиканың басты моторы – мәдениет. Егер қайсыбір ұйымда жұмыс нашар жүріп жатса – ұжым мәдениетінің төмендігінен. Ал мәдениетті жетілдіретін – философиялық ой. Бүгінде ғылым мәдениетті де философияны да ығыстырып алдыға шықты.

Қай заманда болсын, философтың ізгі арманы – адамдарды ойлау қабілетінен айрылудан сақтап, жан-жүрегін әлеуметтік жағдайдың жетегінде кетпеуден қорғау болған. Кеңес үкіметі кезінде де шын философтар осы мінезін сақтап қалды. Бірақ біз осындай философияға үйренбегенбіз. Үйренбеген себебіміз – оны бізге үйретпеген. Үйретпеген себебі – ондай философия ақиқатқа сәйкес ойлауды үйретеді, тиранияға, жоғарыдай келетін бірдей ойлаушылыққа қарсы күресуді үйретеді.

Сократты қайдағы бір жаңа құдайларды ойлап тапқаны үшін өлтірген немесе айыптау қорытындысында күшті дәлелге қарсы атқан дәлелі әлсіз болғаны өліміне себеп болған деседі. Жоқ. Сократты өз отандастарының ойына қозғау салып, сілкініс туғызғаны үшін, демократияның нақты анықтамасы мен оның мақсаттарын айтуды талап еткені үшін өлтірді ғой. Мемлекеттік тұлғалардың атына сын айтып, халыққа күдік дәнін сепкені үшін, қасаң әрі біркелкі ойлаудан адамдардың санасын сақтандырғаны үшін өлтірді.

Екі онжылдыққа жуық мерзім ішінде біз жаңа құндылықтарды қастерлеуге көштік. Библиядағы «Ничто не утешит человека, обретшего весь мир и потерявшего себя» деген сөз құнын жоғалтқан жоқ. Ат қалдыру арманға айналды, ол ниет бұрынғы кездегіден де басымырақ көрінетін болды. Біз асығыспыз. Асықпағандар көштен қалып жатқандай болып барады. Осындай кезеңде асықпай ойланудың, асықпай оқудың бағасы, әрине, төмен. Философиялық ойды, оның қиын сөздерін түсіну ойлануды, уақытты керек етеді. Уақыт жоқ, сондықтан қиын сөздерге деген сұраныс төмен. Кейбіреулер ғана болмаса, көп адам оқымауға, ойдың мағынасын түсінуге тырыспауға айналды.

Бірақ, бұлайша философиядан қашу – бостандықтан қашу, әсіресе – сөз бостандығынан. Ал сыни ойды жоққа шығару арқылы қоғам өзгерістер мүмкіндігін өзі жояды.

Ақылмандар осылай дейді. Диоген Синопскийдің айтқанындай: ақсақтар мен жоқ-жітіктерге адамдар садақа ұсынады, ал ақылмандарға ештеңе де бермейді. Өйткені садақа берушілер өздері де ақсақ я жоқ-жітік болуы мүмкін екенін, ақылмандық дәрежесіне еш уақытта жете алмайтынын ішкі түйсікпен түсінеді.

Философтарға садақа керегі жоқ, олар өмірдің мағынасын түсінуге тырысатын адамдарға ғана зәру және олардың барынша көп болуын қалайды. Ал ондай адамдар аз, өте аз...

Екеуара, үшеуара, т.с.с шағын топтардағы әңгімелерде өзіңді рухани байытқан адамдарды көп көресің. Олар білімді, көңілді, талантты, қайырымды, жолы болғыш болып көрінеді. Бірақ уақыт өте келе бұл қасиеттер жеке тұлғаның басты ерекшеліктері емес екенін көресің. Отырып ойланасың, мүмкін, адам ешбір жасандылықсыз, бұқпасыз, жақсы кісі болуы керек-ау деп...

Ғарифолла Есіммен таныса келе менің дәптеріме түскен сөздер осылар еді...

Маркестің атағы шыққан соң ғалымдар: «бұл елде бұрын-соңды қандай жазушылар болған екен» деп зерттеп қарағанда, бір кездері кітабы шығып, өзі өлген соң ұмыт қалған Бальтасар Грасиан ашылған. Абайдың даңқы Шәкәрімнің ұмытылмауына жол болды.

Шәкәрім ұлы Абайдың даналық дәстүрлерін жалғастырған, эпикалық жанрдың дамуына үлкен үлес қосқан ірі ақын және ойшыл болды. Ақын есімін атауға тыйым салынып, шығармаларының жария көруіне жол берілмесе де, халық арасында кеңінен мәлім болып қалды, оның шығармалары ауыздан-ауызға ауысып, жасырын көшіріліп, қолдан қолға өтіп жұрт арасында кеңінен таралып кеткен. Ол өзінің ұстазы Абай секілді адалдықты, арлылықты ту еткен, даналық дәрежесіне жеткен ақын еді. Өзінің шығармаларында өмір шындығын, өзі өмір сүрген қоғамның қайшылықтарын батыл көрсете білді.

Шәкәрім шығармашылығы өзінің диапазонының кеңдігімен ерекшеленеді, оған көңілдің шат-шадыман әуені де, көкіректі қарс айырар трагизм де тән. Ақын нақты өмір суреттерін, туған табиғатының әсемдігін тебірене жырлайды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ өмірі болмысындағы оқиғалар мен құбылыстарға қызу үн қосады. Ақынның көптеген өлеңдері өзінің идеялық бағыты жөнінен ақылгөйлік-ағартушылық, әлеуметтік-әшкерелеушілік сипатта болып келеді.

Абай сияқты Шәкәрім де феодалдық-рулық ортаның мінез-құлқы мен моралін, өздері соның ішінде қоян-қолтық араласып, көп жағдайларда билік айта жүріп, жат көрді, сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылысындағы жарықшақты тануда екеуінің пікірлері бір болды.

Шәкәрім патриархалдық пен кертартпалыққа қарсы күресті, ол үшін орыс мәдениетінен, өзге халықтардың мәдениеті мен тарихынан су-сындады.

Ақынның осыдан жүз жыл бұрын бүкіл адамзат қамын ойлап, жер бетінде бейбітшілік пен татулықты, теңдікті сақтау керектігі туралы жыр толғағанын бүгінгі ұрпақ тиісінше бағалай түсуі тиіс.

Шәкәрім Құдайбердіұлы да барша адамзаттың озық ойлы зиялылары сияқты өз дәуірінің перзенті. Күрделі тарихи кезеңде ғұмыр кешкен ол туған халқымен өзін қашанда бірге санады, халқының мұңын өз мұңындай көрді. Туған халқының басындағы экономикалық және рухани, мәдени ауыртпалықтарды, заман проблемаларын көзімен көрді, көңілімен саралады.

Заманның ақыры бола ма? Жоқ, әр адамның қиямет күні өзіне ақыр-заман ба? Қиямет күні жер бетінде ар-ұят, мейірбандық, қайырымдылық қалмайды деуші еді... Ілгергілердің тура жолы ұмытылып, пенденің құлқы-пейілдері бұзылып, адамдар біреулердің есебінен күн көруге өтіп, соттар жасаған үкімін сатып, жалған үкімдер шығаруға әдеттеніп, заңдар мен тәлім-тәрбие бағаланбай, шындық өтірікке айналатын заман келсе, қиямет күні сонымен бірге келеді демеуші ме еді біз оқыған кітаптарда...

Әрбір адамның алдына қояр көкейкесті мақсаты болады. Шәкәрімнің ет-жүрегі езіліп, елім деп өткендегі асыл мақсаты да, аяулы арманы да, құтылмас қасіреті мен жазылмас дерті де өз халқының бойынан бес жақсы қасиет көрсем дегенге саяды. Өзінің «Жігіттер ендігі сөз менің сөзім» деп басталатын арнау өлеңінде ел азаматтарына «Өлгенше ізденіп бақ, қапы қалма» деп ұран тастайды. Сөзінің түйіні Шәкәрімнің ғұмыр бойғы мақсат-мұратын көрсететін бұл өлеңде:

«Іздеген ғашық болып бес нәрсем бар,

Берейін атын айтып ұқсаңыздар:

Махаббат, гаделет пен таза жүрек,

Бостандық, Терең ғылым – міне осылар», –

деген тұжырым бар. Осы бесеуін бір ұғыммен берер болсақ, «ар, арлылық, ар ілімі» деген ұғым шығады. Махаббат та, әділеттілік те, жүректің тазалығы да, ойдың, сөздің, іс-қимылдың еркіндігі де, терең ғылым да арлы адамның атқарар ісі, арлы адамның ғана қолынан келер іс. Сондықтан, біз Шәкәрімнің «ар ілімі» мәңгі жасайды, қазаққа жол нұсқап, жөн көрсетіп тұрар нұр болып қала береді дейміз.

Шәкәрім бүкіл адамзатқа ортақ пайдасы боларлықтай ар ғылымының соңына түсіп, осы жолды ең әділ, ең таза жол деп ұққан:

Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,

Зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес, –

деп өз халқы мен адамзат баласына ортақ пайдасы бар ар ғылымының тетігін таппақ болған ақынның бар мақсаты бүкіл өмір тартысының, рухани талап арманының тетігіне айналды.

Шәкәрім Абай шәкірттерінің ішінде ең ұзақ өмір сүргені ғана емес, артына ең мол мұра қалдырғаны да. Оның поэзиясы, шын мәнінде, Абайдың ақындық дәстүрінде туған. Құнарлы топырақтан нәр алған қуатты поэзия. Ақынның дастандары мен лирикалық шығармаларында өз халқының өткені мен бүгінгінің ізі сайрап жатыр. Алапат рухани күш-қуат, ширақ сезім, ауыр мұң мен зіл қайғы, жан ләззаты мен мөлдір сезім, ар мен ұят – бәрі-бәрі Шәкәрім поэзиясының өне бойынан өз орнын тапқан. Бір сөзбен айтқанда оның шығармалары өз заманының айнасы болды, бірақ ол кез келген құбылысты талғаусыз бейнелей берген жоқ. Оның шығармаларынан шынайы поэзияға, кемелденген кең құлашты талантқа тән айрықша белгі болып табылатын ой жүйесінің қарапайымдылығы мен ұғынықтылығы айқын аңғарылып тұрады.

Шәкәрімнің шығармаларындағы шыншылдық – Абай жырынан бастау алған тәлімнің нәтижесі, оның шығармаларындағы халықтық сипат, әлеуметтік астар, тақырып пен жүгінің ауырлығы, адам мен қоғам мәселелерін бірлестікте бейнелеу шеберлігі, көркемдік және жаңашылдық ізденістер нәтижесі.

Абай дүниеге әкелген көркемдік тәсілдің орнығуына, ұлттық әдебиетімізден өз орнын табуына, өркен жаюына Шәкәрім өзінің шыншыл да шебер жаңашыл жырларымен өлшеусіз үлес қосты. Мұның өзі Шәкәрім шығармашылығының шығар биігін анықтады.

Суреткер Шәкәрім өз шығармаларында терең мағыналы пайымдауларға табан тіреп, типтік образдар жасаудың жаңа формаларына жүгінеді. Кейіпкерлерінің мінез-құлқы, ішкі-сыртқы қасиеттері арқылы өмірдің жалпы заңдылықтарын тарихи жағдайлардың аясында бейнелейді. Шәкәрімнің шыншылдығы жағымсыз кейіпкерлерді мүсіндеумен қатар, жаны ізгі, жүрегі таза жандардың шынайы жиынтық образдары арқылы да көрінеді. Адам жанының білгірі болған Шәкәрім ұлттық характерді, халықтық қасиеттерді барынша байыту жолында жырлардың соны үлгілерін туындатады.

Шәкәрімнің шыншылдығы өз заманында болған барлық қоғамдық проблемалардың бәрін өлеңдерінде боямасыз шындық арқылы бейнелей білгенінен көрінеді. Шығармаларында қарапайым халықты өнерге, білімге шақырған. Бұл бағыт Шәкәрімді ағартушылық арнауға әкелді.

Шәкәрімнің қайсыбір өлеңін алсақ та бастауын Абайдан алады, сондықтан біз Шәкәрімді қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрінің жалғастырушысы, төл шәкірті дейміз.

Шәкәрім: «Адам жаман болып тумайды, оқымаса, білуге ұмтылмаса, танымға асық болмаса, білгенін, танығанын үлгі тұтпаса, бірте-бірте қатарынан қалып, төмендеп наданға айналады» – дейді. Нақ сол надандық данышпан ақынды көп уақыт тануға жол бермеді, өзінің көрсоқырлығының нәтижесінде бірер надан жиналып Шәкәрімнің өміріне қол сұқты. Ол 73 жасында жазықсыз жапа шекті, оққа ұшты. Мүрдесі құдыққа тас-талды. Сонда да Шәкәрімді туған халқы ұмытқан жоқ, оның сөздерін ойында сақтады, жазылған сөздері көшіріліп, таратылды, әйтеуір жойылып кеткен жоқ.

Ұзақ жылдар бойы салт-санасы тозып, халықтық тарихи санасына нұқсан келген, тек қана тәуелсіздік таңы атқалы бері тоза бастаған ар мәселесін қолға берік ала бастаған халқымыз үшін Шәкәрім табыстаған ар іліміне назар аударып, рухты жаңғырту жолындағы күресімізді жалғай түсу бүгінгі ұрпақ – біздерге сын.

Мұхтар Мағауиннің айтуынша жарты ғасырдан астам еріксіз үзіліс-тен соң халық алдына қайта шыққан ұлы тұлғаларымыздың бірі Шәкәрім. Мағауинмен қатарлас әдебиетшілер мен ғалымдар Абаймен қатар Шәкәрім үлгісін де кәміл танып өсті. Шәкәрім әрі ақын, әрі тарихшы философ, өз заманының үлкен ойшылы. Қазақ әдебиетін жаңа белеске көтерген, қазақ халқының көркемдік ойының үздік үлгілерін туғызған, қазақ өлеңін түрлендіре түскен, қазақ тілінің мол мүмкіндіктерін бұрынғыдан әрмен таныта түскен бірегей қаламгер. Ол Абайға туыстық жағынан ғана емес, ұстанған жолы тұрғысынан алып қарағанда да ең жақын адам еді. Абайдан соңғы лектің ішіндегі ең танымал есім, ең көрнекті тұлға Шәкәрім болды.

Шәкәрімнің ойшылдығы туралы қайта-қайта айта бергің келеді. Оның ойларында әлемдік, ғарыштық проблемалар айтылады. Шәкәрімді қазақ қалпы, қазақ тұрмысы ғана емес, жалпы адамзат баласының тіршілігі толғандырған.

Шәкәрімнің қалдырған мұрасы сан салалы, сан алуан, ешқашан маңызын жоймайтын мол қазына.

Бір жерлерде Шәкәрімнің «Үш анық» деген екі сөзін орыс тіліне «Три истины» деп аударғанын байқадым. Истина деген ақиқат. Анық деген ақиқат емес, ақиқаттың адамға белгілі болуы. Шәкәрімнің еңбектерін орыс тіліне (асықпай, таңдап, талғап, ұғынықты етіп) аудару аса қажет. Өйткені бүгінгі күні және алда бірақ мерзім біздің Жаңа ақпарат кеңістігі – интернетте өз орнымыз болуы осы тілде ақпарат бере алуымызда. Қазақтан басқаларға да Шәкәрім сөзі жетсін десек осылай еткеніміз жөн.

Сосын аудиокітап секілді ақпараттың жаңа технологияларын да пайдалануды қолға алуға тиіспіз. Өзімнің жеке басымнан бір мысал: бүгінгі

күні интернеттен лазерлік дискіге көшіріп алып, ұзақ жолға шыққанда небір сүбелі романдарды, Библия мен Будданы таспа арқылы тыңдап кете беретін болдық. Сол жазбалардың ішінде қазақ тілінде ештеңе жоқ, жаңағылардың орнына қазақша Құран немесе «Көшпенділер» де тұруы тиіс. Бұл мысал біздің жаңа жүйені өмірге енгізуде артта қалып бара жатқанымызды көрсетеді.

Біз еркіндікті көп аңсаймыз. Еркін болсақ өміріміз өзгеше бола кететіндей көреміз. Біздің еркіндігіміз – Құдайдың ғана қолында. Сонымен бірге – өзіміздің де қолымызда. Өткені, біз – Адамбыз!

Бәрі бірден бола салмайды. Оған негіз, яғни арқау керек. Мата тоқығанда оның арқауына, яғни негізіне мықты жіптерді салады. Сол арқауға тоқылатын жіптер әртүрлі бола береді: біреуі қатты, біреуі жұмсақ, біреуі қымбат, біреуі ұлпа. Соған қарап матаның сапасы бағаланады. Негіз – халық. Халық қайсыбір жақсы идея болмасын, жалғастырып әкете алмаса – қиынның қиыны. Егер Өкімет тым алға ұзап кетсе (демократияшыл болса да), халық оның соңынан ілесе алмаса, арқауының әлсіз болғаны, ол көп ұзамай жарамсызданып қалатын мата секілді сыр беріп тұрады.

Біздің көптеген кемшіліктер өркениетті қоғам құра алмай жатқанымыздың белгісі. Өркениетті қоғам құру үшін қоғамына мемлекеті, мемлекетіне қоғамы сай болуға тиіс. Ол үшін еркіндікке жетелер биік сана, білімділік пен біліктілік, ояулық керек. Зиялыларды да, оппозицияны да, мемлекеттік қызметкерлерді де, жалпы халықты да, пайдалылар мен онша пайдасы жоқтар, керектілер мен керексіздер деп бөлмей, осы талапқа сай келетіндердің қоғамға ықпал етуіне, көзі ашықтық пен көңілі ояулыққа баршаны жетелеуге мүмкіндік туғызу қажет.

«Өзіңе өзің берік бол» мәтелін ұстансақ, біздің Елбасы қазірден мемлекетімізді бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосу ниеті қай жағынан болса да өте құптарлық екеніне көз жеткіземіз. Президенттің Еуразиялық Одақ яки Орталық Азия елдерінің ортақтасуы дегендегі түпкі ниеті осы қауіптердің алдын алу үшін алдын ала қолға ала бастаған әрекет деп санаймыз.

Сонымен бүгінде қазақтың алдында түйінді, тағдырнамалы екі мәселе тұр: біріншісі – бәсекеге қабілетті ұлт пен мемлекет болып жетісу, екіншісі – жаһандану үрдісіне, Жаңа Жүйе жағдайына лайық қуатты, жан-жақты жетілген ұлт пен мемлекет болып қалыптасу!

Біздің өміріміз Марк Аврелий: «Сен әруақытта қазіргідей бір көріністі көресің: адамдар некеге отырады, бала өсіреді, ауырып-сырқайды, өледі, соғысады, тойлайды, саяхат жасайды, жер өңдейді, жағымпазданады, тәкаппарлық жасайды, қастық істейді, басқаның өлімін тілейді, тірлігіне

көңілі тоймайды, ұнатады-сүйеді, қазына жинайды, құрметті лауазымдар мен таққа таласады» деп айтқандай күнде қайталанып отыратын пәндәуи тірлік. Олай жалғаса беруі – ағысқа еру. Одан биік тұрып ұлт қызметіне жегілу – Абайдың, Әлиханнның, Ахметтің жолы. Қазақтың бүгінгі зиялылары бізді осы жолға бағыттағай.

Ақырғы сәті жақындағанын сезінген Шәкәрімнің түйін сөздері мынадай болыпты: «Өмірде бар тілекке жетіп, бар қызыққа баққанмен, соңында барынның бәрінен айрылып, тұлдырсыз аттанар екенсің. Дүние бір аққан су, адам ондағы шөп, су қайда жетелесе, қалықтап соның бетінде өз еркіңсіз ағып кете барады екенсің. Тағдыр сенің басыңды тауға да, тасқа да соғады екен, жұмсақ, жайлы жерде де болады екенсің. Адамзаттың түбінде баратын орны бір үлкен көл десек, әуелі бұлақтан басталып, кейіннен ұлғайып өскен адам баласы өзенге айналып, ақыры барып сол көлге құйып тынады екен. Оған дейін көрген рахат, алған ләззат, оқыған білім, еткен еңбек, көрген қиындық, шеккен азап, қасірет қана қалады екен бойыңда. Жазмышты мойындап, өмірдің өтпелілігін көріп, сол азғана жалғанда жаман атың қалдырмай, тоғышар, надан, топас болмай, жақсы атпен өтсең, артыңда қалатын сол ғана екен.

Кейінгілер сөзімді оқыр. Бірі ұнатар, бірі сынап күлер. Сонда менің зарланумен өткенімді түсінер. Дүниенің рахатына сенім жоқ екенін түсінгелі басымды тауға да, тасқа да ұрып, ғаделет іздеп алқынғанымды білер. Қайран ку дүние, барлық арманыма жеткізбесіңді білгем. Әттең! Тағы да әттең! Абай ағам секілденіп «қолымды кеш сермеппін». Бірду-дырдумен, ел ішінің ұсақ-түйегімен, ата жолы деп билікке араласып, алтын уақытымды босқа өткеріппін. Енді амал нешік. Менен кейінгілер қаулап өсіп кел жатқаны ғана көңілге медет. Мен жетпегенге солар жетеді деп үміттенем. Уақытым тарлығынан кейінгі жылдары ойыма келгеннің бәрін, нақ сол сәттегі көңіл күймен қағаз бетіне түсіре бердім. Оным ала да, құла да шыққан болар. Менің бүгінгі жеткенім осы болды. Ақтығыма, қазағыма адалдығыма, оған жарқын күндер тілегенімен сеніңдер халқым...».

Бұл сөздер бүгінгі тоқкөңіл, бейтарап, енжар, тәубешіл қазаққа андасанда бір оқып, өзін осыған лайықтап атқаруына аса қажет сөздер.

«Мен өзіме «Мұтылған» деп ат қойдым. Мұтылған деген сөз ұмытылған деген сөз, әрі халқымның мұң-зары менімен бірге ұмытылса екен дегенді де ойладым. Халқым сол мұң-зарды ұмытып, қайтадан ес жинаса дедім» деп Шәкәрім өзім ұмытылсам да, халқым мәңгі жасай берсін деп тілеу тілепті.

Айтарымызды академик Ғарифолла Есімнің «Шәкәрім өз бойындағы барлық мүмкіндікті толық іске асырған адам» деген сөзін келтіре айтқанда, тағдыры күрделі, өмірінің соңы қиын болғанымен Шәкәрім артына ұмытылмас сөз қалдырған, іздеушілері мен зерттеушілері, сөзін ұстанушылары бар ойшыл тұлға деп тұжырымдағымыз келеді.

Бүгінде Шәкәрім мұрасы жүйелі түрде зерттелуде және одан да әрі тереңдей зерттеле беруі тиіс. Бұдан былайғы уақытта Шәкәрімнің әр өлеңі, әр дастаны, әрбір прозалық шығармасы, әрбір сөзі, әр ойының түкпіріне үңіліп, тереңде жатқан дәнін аршып алып, оны сөздерінің нәрімен қоса айқындай түсу басты міндеттердің бірі. Шәкәрім жайында дайындалған осынау зерттеу еңбегіміз – біздің Шәкәрімтану ғылымына қосқан теңіздің тамшысындай аз ғана үлесіміз.

Бәрімізді жүз жыл бұрын қазақ қамы деп бар ұмтылысын, күшін, жігерін аянбай жұмсаған Шәкәрім дананың аруағы қолдай жүрсін. Әумин!

VII.2009 – II.2010

СӨЗ-ҚҰДІРЕТ

(Әбіш Кекілбаев: кісілік келбеті)

Қазақстан мемлекетінде билік пен руханилықтың екеуіне бірдей адал қызмет етіп келе жатқан мемлекет және қоғам қайраткері, энциклопедист-жазушы Әбіш Кекілбаевтың кісілік келбетін көрсетуге еңбектену ол кісінің ешкімге ұқсамайтын ерекше тұлғасына құрмет сезімінен туындады.

Өзі айтады: Мен қыр баласымын, 1939 жылы Маңқыстауда тудым, ата-бабаларымыз көшпелілер, олардың ішінде байы да, кедейі де болған көрінеді, – дейді.

Мектепке бармай жатып-ақ бала Әбіште оқуға, қағаз-қаламға құштарлық болғанға ұқсайды. Өзінің бұл жайлы жазғандарын оқығанда менің көз алдыма қабырғалары ырсып, денесі күнге әбден қақталған кара бала елестейді. Ол күн ұзақ далада ойнайтын ауыл балаларының арасынан бөлектене, мектеп сыртында жатқан, оқушылардың өртеуге үйілген тексерілген дәптерлері мен қағаздарының әріптері айқындарын жиып-теріп үйіне тасып жүретін. Алып келген қағаздарын құм үстіне жайып тастап, кіп-кішкене саусақтарымен құм бетіне сондағы әріптер мен белгілерді көшіріп үйренетін. Енді бірде қозы-лақтар жайылған ауыл сыртында желмен ұшып бара жатқан бірен-саран кездесіп қалатын газет қиындыларын қуып ұстап, бетіне үңілетін, әріптерін сол күйі көшіріп, кешкілік апаларына жазып көрсететін. Мынадай әріп үйрендім, бұл қандай әріп деп мазалайтын. Кейбір үйренген белгілері әріп емес, синус-косинус секілді бесіктен белі жаңа шыққан бала түгілі жоғары сынып оқушылары әрең көндіретін белгілер болып шығатын. Бірінші сыныпқа барғанда мұғалім барлық әріптерді судыратып оқи да, жаза да білетін балаға таң қалып, келешегіне іштей тілеу тілеген.

Университет қабырғасында жүргенде Әбіш аға сабақта ұдайы отыруды міндет деп есептейтін еркін студент болғанға ұқсайды. 3 курста жүргенде бір апайы сабаққа аз қатысқанына ренжіп: «сен адам болмайсың» дейді. Бірақ әлгі апайы төртінші курста газетте жарияланған бір әңгімесін оқып, риза болып, арнайы іздеп келіп құтты болсын айтады, былтырғы айтқан сөзі үшін кешірім сұрайды.

Әкесі соғыста қаза болып, жастайынан әйелдердің – анасы мен үш апақарындасының ортасында өскендіктен мінезінің жұмсақтығы, ешкімге батырып сөз айтпайтыны, көнбістігі мен қанағатшылдығы сол жылдардың ізі болса керек.

Балалық шағы Маңқыстау өңірін жаппай зерттеу кезіне тура келгендіктен бе, жас кезінде геолог болуды армандапты. Бірақ, әдебиетке,

өнерге деген ықылас жеңіп, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түседі.

Оқу орнында жүргенде-ақ Әбіш Кекілбаев әдебиет майданына белсене араласқанын әдебиеттегі тұстастары айтады.

Мектепте оқып жүрген кезінде де Әбіш Кекілбаев әдебиетке мықтап ден қойған. Мектептегі кезінде аудан орталығында танысқан досы Максим қайтыс болады, сол оқиғадан бірер ай өткенде Максимнің анасы Орал жаққа бармақ болып, ұшаққа билет алады. Бірақ ұшаққа отырарда, қаралы жағдайын айтқанына қарамастан билеті бола тұра ұшқыш оның орнына өзінің бір танысын отырғызып бұл кісіні қалдырып кетеді. Алтыншы сыныпта оқитын бала Әбіш қайтыс болған досының анасына жаны ашып, «Комсомольская правда» газетіне хат жазып, әлгі ұшқышты айыптайды, қаралы анадан кешірім сұрауды талап етеді. Ұшқыш кешірім сұрайды, облыстық әуе тобының басшылығы ол ұшқышты әдепсіздігі үшін бір жылға ұшу құқынан айырады.

Тоғызыншы сыныпта жүргенде бір жазушының романын оқыған ол басқа бір орыс жазушысының кітабымен мағынасы өте ұқсас екенін байқап, өзінің досына көрсетеді, екеуі «Лениншіл жас» газетіне осыны әшкерелеп мақала жолдайды. Ол мақала Жазушылар Одағында арнайы қаралып, бірталай әңгіме болады. Кім жазғанын іздестіріп қараса, Маңқыстаудағы бір ауданның мектеп оқушысы болып шығады.

«Содан қайтып тек өзім ұнатқан шығармалар туралы ғана жазуды әдетке айналдырдым. Әдебиеттегі келеңсіз сарындар мен ағымдар, жағымсыз құбылыстар туралы ой толғағанмен, нақты авторлар мен шығармалардың қотырын қасымауға тырыстым. Өмірде ненің жаман екенін білсек те жеткілікті, кімнің жаман екенін қазбалау – қазымырлық. Жамандыққа жаратылған ешкім жоқ. Жаңсақ кетсе, түзеледі. Кемшілігі болса, арылады. Сондықтан нақты біреуді жамандыққа кию, әсіресе, әдебиетші үшін кешірместей қатыгездік болар еді» дейді.

Осы оқиға бар, алыс ауылда жатқан бала Әбіштің белсенділігі бар, сол жылы оны Қазақстан Жазушылар Одағының пленумына шақыртады. Көргендердің әңгімесі: «Жазушылар Одағының фойесінде ығы-жығы жазушылар, Одақтың пленумы болғалы жатыр. Ішінде бір бұйрабас кара бала да жүр. Пленумды ұйымдастырып жүрген қызметкерлерінің бірі балаға жақындап: «Әй, бала, мұнда неге жүрсің, қазір бұл жерде жиналыс болғалы жатыр», – деп оны шығарып жібергісі келіпті. «Мені пленумға шақырған, міне, қағазым» деп қолындағы мөр басылған шақыру қағазын көрсетіпті. «Ә, Кекілбаев сенбісің, жарайды кіре бер» деп ескерту жасаған кісі ұялғаннан теріс айналып жүре берді».

Жұмекең Нәжімеденов 1968 жылы-ақ Әбіш туралы: «Ол – ақылдың, мол білімнің, терең сезімнің тұнбасы. Тұнба қашан да салмақты, қашан да баяу. Ол ақса ырғып ақпайды, ырғалып ағады, көпірудің орнына, тұңғиықтана түседі. Алыстан орман қып көрсетіп, жетіп келсең, бес түп ши тұратын сағым мінез оның талантына жат. Онда жалтылдап көрінетін жез-құбылмалылық жоқ. Ол көңілді арбайды, бірақ көзді алдамайды. Ал, шынайы өнердің асыл мұраты – сол, кімді де болса алдамау ғой. Алдамаған жерде ақиқат та бар» деген.

Әбекең мектеп пен университетте оқыған он бес жылдан басқа кездерде қалам мен мемлекеттік қызметті қатар алып жүргенін, өмірінде ешқандай бірыңғай творчестволық қызметпен шұғылданып көрмегенін, ылғи бір мекемеде қызмет істей жүріп қалам тартып келгенін айтады. Елбасы бірнеше рет өз жанына қызметке шақыруы, халық алдына үш рет барып, үш рет Парламент депутаттығына сайлануы, бұның бәрі – сенім. Халқына қызметін аямайды деген сенім. Ал, Әбекең – сенімді ақтауды парыз деп түсінетін азамат.

Бастауын өлеңнен, жыр жинақтарынен бастаған Кекілбаев өз өмірінде сын кітаптарын, әңгімелер мен хикаяттар жазды, тарихи романдары жарық көрді. «Үркер» мен «Елең-алаң» оқырмандардан өз бағасын алды. Жасырақ кезінде аударма саласында да өнімді еңбектенді. Мопассан, Шекспир, Ибсен, Карло Гоцци, Макс Фриштермен қатар Толстой, Бунин, Мұстай Кәрім, қырғыз жазушысы Айтматовтарды қазақша сөйлетті.

Жиырма жасында қазақ университеті жанындағы әдеби бірлестіктің жетекшісі болып жүргенде Әбіш Мұхтар Әуезовті бірлестік жиынына кездесуге шақырған, интервью алған. Талапты жастың талантына ұлы жазушы тәнті болып, тамсана мақтаған.

Әбіш Кекілбаев – қазақтың сөз өнерін ғана емес саяси ой-өрісін де кемелдендіруге көп еңбектеніп келе жатқан, мол парасат-пайымын өзгелерге аямай үлестіріп келе жатқан саясаткер. Жазушы еңбектерін, мейлі ол көркем шығарма болсын, мейлі көсемсөз болсын, бейтарап, шай үсті оқи алмайсың. Шыңғыс Айтматов, «қазақ сөзі сенің шығармаларың арқылы ұлы асуларды алды» деп бекер айтпаған. Себебі олар үлкен болсын, кіші болсын, терең ойға ие, өзіңізді де ойландырмай, толғандырмай, берілдірмей, қайрап-жігерлендірмей, армандатпай-қиялдандырмай, алға ұмтылдырмай қоймайды. Ол, басқаларда болып жатқан ілгерілеу қазағымда тезірек болса екен дейді, қазақтың бағы жанса, қазақтың қазынасы толса дейді.

1994 жылғы наурызда екінші рет Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған Әбекеңді депутаттар өздерінің төрағасы етіп сайлайды. Парламентаризм жаңадан қалыптасып келе

жатқан елде тақтайдай тегіс жол қайдан болсын, ол Жоғарғы Кеңес жұмысын бастағанына нақ бір жыл толғанда заңсыз деп танылып, таратылды. Осы бір жылдың өзінде парламентшілерге олар сайлаушылардың өкілдері ғана емес, тұрақты түрде заң шығарушылық ісімен айналысатын білім мен білікті бірдей қажет ететін ерекше қызметкер болуы тиіс екенін түсіндіре, соған көздерін жеткізе қызмет етті.

1995 жылы 18 қазанда Әбіш Кекілбаевқа Президенттің бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығы берілді. Президент қаулысында былай деп жазылған: «Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері – Қазақстан халқының тарихына, рухани мұрасына құрмет сезімін қалыптастыратын терең әдеби және публицистикалық шығармалары үшін».

1996 жылы қазанның 30 жұлдызында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы болып тағайындалды.

Ол кісі осы қызметке тағайындалғанда Брюссельден Шыңғыс Айтматов: «Әбіш інім. Тарих біліп істегендей. Бұл қызметке келуің – ұлттық табыс. Өмірің өркендесін, еңбегің – халық үшін, қаламың – рух үшін, ақылың – заман үшін» деп ағыл-тегіл ақ батасын берсе, Римдегі Олжас Сүлейменов: «Өзіңіздің адал еңбегіңізбен қазақ әдебиеті саласында, Парламенттің жұмысы мен мемлекеттік үлкен қызметтерде Сіздің бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің керегесін керісіп, шаңырағын көтерісіп, туын тігісіп жүргеніңізге шын жүректен қуанып, мақтан етемін» деген сөздерін жолдады.

«Мен өз басым әдебиеттің міндеті әшкерелеу де, дәріптеу де, ақыл айту да, алдарқату да емес, адамдарды, адамдық тіршілікті әуелі өзін жете түсініп, сосын оқушыңды жете түсіндіріп, оның өзін-өзі рухани шыңдай білуіне түрткі болу деп ұғамын» дейтін Әбекең осы мінезді саясатта да ұстанған.

Ол кісінің қайта-қайта оралып, қайта-қайта түсіндіре бергісі келетін бір тақырыбы бар. Ол – тәуелсіздік тақырыбы. Тәуелсіздікті ардақтау, оны қорғау ең қасиетті парыз деп есептейді. Ерікті қызмет – мал табу, ерік-сіз қызмет – құлдық. Бір сөзбен айта алсақ, ол кісінің негізгі түсіндірмегі – осы.

1995 жылғы 20 ақпанда «Егемен Қазақстан» газетінде:

«Естияр зиялы қауымның соңына қиқу түспеген кезең болған емес.

Көрінгенге құл шашар күйкілікке қайта ұрынуға болмайды. Өтпелі кезең мәселелерінде әртүрлі көзқараста болып, әртүрлі бағыт ұстанғандарымыз үшін арамызға қайтадан ала жіп керудің де қажеті жоқ. Онсыз да бір кезде тарих түйіндерін екі жарылып, бір-бірімізге тапшылық

кастастықтың кара балтасын қаймықпай сілтеп, шеше салуға тырысқан солақайлықтан түскен жаралар әлі жанымызды қан жылатып жатқаны белгілі.

Болып жатқан құбылыстарды жан-жақты талдап түсінуден гөрі бар пәлені өзгерістерге жабуға тырысатын табашылдық басым.

Өтпелі кезеңге тән қиыншылықтар мен адамдар басына түсіп отырған ауыртпашылықты баққұмарлық пиғылмен оңды-солды желеу етіп, көзге шұқи беру де адамгершілікке сия қоймайды. Өз еліңді өзегінен теуіп, ұшпаққа шықпасың анық.

Жағадан алып, жармаса кететін әуірім жаңашылдық пен тобықтан қағып, тірсектен шалып бағатын тәсілқой ескішілдік тайталасы – тек аталмыш ұрпақтардың емес, күллі ұлтымыздың арылмас сорына айналуы ғажап емес.

Бүгінгі отаншылдық – төзім. Бүгінгі ерлік – сабыр. Бүгінгі елдік – тыныштық.

Қиындық пен қиянат көрсе бәрін де тәуелсіздіктен көретіндерге, оларға тәуелсіздік айыпты емес, оның себебі: жаңаны көрсе, жағасынан алып бағатын жаны қас керітартпалықтан. Кешегісін көкsep оқыранған озбырлықтан.

Бәрін жиып қойып, тек елдікті ойлайық. Өйткені, бәріміздің де көкейімізді тесіп жүрген әділет пен теңдік болса, тек елдік бар жерде болады. Ал әуелден де елдік дегеннің мәні өзінді неге қимасаң, өзін тектес өзгені де соған қимау. Дәл мынандай заманда өзінді ойлау – обал. Өзінді ғана ойлау – күнә. Неден басталып, немен тынары белгісіз өткелектер тұсында көлденең қиқудың бәр-бәріне көз жұмып қайталай бергеннен онсыз да көп емес басымыз көбеймесі анық.

Елдік болуы үшін жүйесін тапқан жүйелі сөзге тоқтай білер жоралы жұрт керек. Жұрт тоқтата алатын өнегелі сөз керек. Көш бағытын түзейтін көсем пікір керек.

Көлденең пиғылдар ақыл айтқансып, кеңес бергенсіп, не болашағың жайлы бал ашқансып, не сәл қылығыңа шамданып, өкпе-бопса шақырғансып, өз бұйдаңа өзін ие болуға кедергі келтіріп бағары сөзсіз».

Осы мақаласының қалай жазылғаны жайлы «Егемен Қазақстан» газетінде ұзақ жылдар бойы қызмет етіп келе жатқан байырғы журналист Мамадияр Жақып: «Мақала өте үлкен болды, бірақ газетке мақаланың басы беріле бастағанда келесі нөмірге шығатыны кабинетте жазылып жатқанын көріп отырдық. Газет тарихында бұлай ету сирек. Қанша асығыс материал болса да бұлай аяғы жоқ мақаланы бергенді көрген емес едім. Келесі нөмірге берілер жері дайын бола ма, болмай ма деп редакция қызметкерлерінің бәрі бірдей уайымдап жүрдік. «Келесі нөмірге

берілетін бөлігін беріңіз» деп кірсек: «Қазір, сәл уақытта дайын болады» деп қойып қана жайбарақат жазып жатқан Әбекең асықпай-саспай отырып-ақ көз алдымызда мақаланы кешіктірместен жазып шықты. Ұмытпасам жеті нөмірге шыққан көлемді, айтар сөзі мен көтерер жүгі мол проблемалық мақала осылай туды. Ауызша сөзде ешбір мүдірмейтінін, бірден, ойланбай-ақ айтып тастаған сөзі тасқа басылып, алдын ала дайындалғандай ешбір қатесіз, қайталаусыз болатынын талай көрген едім, жедел жазу шеберлігіне осы жолы көзім жетті. Бұлай жазу тек қас шебердің, терең ойлы азаматтың ғана қолынан келеді» деп еді.

Мына бір сөзін қараңыз:

«Кешіре алмайтыным – қоғамдық, партиялық, ұлттық ұлы қағидаларды, қасиетті ұрандарды бір басының мерейін асыру үшін оңды-солды желеулетіп бағатын «ішкі рыноктағы» идеологиялық алыпсатарлық, бүгін батыр, ертең пақыр, бүгін қызыл, ертең боз, өзгелерді желкелеп жүріп, өзім жұрттан таяқ жеп келем деп, екі етегін көл қылатын, бақытқа шолпып отырып бақытсызбын деп монтанситын, Мұқаңша айтқанда, «жылап жүріп, зорлық қылатын», өзі қос үйді қоса қондырмай отырып, басқаларға шырықбұзар деп жабысатын рухани сайқалдық».

Жоғарыдағы айтылғанмен үндес емес пе? Бұл сөз де тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезде айтылғандай көрінеді. Бірақ бұны Әбекең 1977 жылы айтыпты.

«Бостандық құр бекерге кеуде соғудан күшеймейді. Әлемдік қауымдастыққа есік төбелеп ене алмайсың. Өз-өзінен қарық қылып тастайтын одақтастықтың енді жоқ екеніне көзіміз қалай жетсе, өз-өзінен бар мұратымызға бір күнде жеткізетін тәуелсіздік жоғына да солай сене берген жөн.

... Бір кезде билікті конституциялық институттардан жасырын тартып алып, партиялық құрылымдардың қолына шоғырландырсақ, енді сол партиялық құрылымдардан тартып алған билікті атқарушы өкімет, заң шығарушы өкімет, соттық өкімет арасында әділетті жолмен бөлісудің орнына қайтадан бір қолға – Президент пен аппараттың қолына шоғырландыруға жол бердік. Өкіметтің бір түрінің бұлай айрықша шарықтауы отандық парламентаризм дәстүрінің әлсіздігі жағдайында қайтадан билік монополизмін тудырады.

... Халықтың өзін-өзі билеу құқы сақталмай тұрып, жеке адамның құқы да сақталмайды. Өйткені ұлты азат емес адамның өзі азат болуы мүмкін емес.

... Өз басым әділет жолындағы күресте күш көрсету мақсатқа жеткізеді дегенге әуелден мойын ұсынбаймын. Күш көрсеткеннен әділетсіздік көбеймесе азаймайды. Қиянатты қиянатпен түзей алмайсың.

... Тәуелсіздіктен қасиетті, қастерлі ештеңе жоқ. Тәуелсіздік алғанмен бірден қарық бола алмай жатқанымыз да рас. Бес ғасыр бойғы тілектің бәріне бес жылда жете алмай жатқанымыз да рас. Бірақ ағыл-тегіл той-ғыза қоймадың деп анасының көкірегін қыршығанды кім көрген.

... Бір жағынан, жалаң экономикалық пайдакүнемдіктің, екінші жағынан, жадағай әлеуметтік іштарлықтың дертіне шалдықпай, бәрінен де егемендік пен тәуелсіздік мүддесін жоғары қойып, күллі қауымымыз бен ұлтымыздың күш-жігерін жаңару мен кемелдену жолына жұмылдыра алсақ қана елдігіміздің іргетасы нығая түспекші.

... Ауылдағы ағайынға шындап жанымыз ашитын болса, барлық пәле нарықтан деп жарапазан айта бермей, адамзаттың басым көпшілігі ұстанған шаруашылық үрдісіне қайткен күнде де тезірек жетуге жәрдемдесуіміз қажет. Жалпы, өз халқымызды, ауылдағы ағайынды жаңалықтың иісі мұрнына бармайтын олақ та одағай қауымға санап, мал төңірегінен шығармай қоюға тырысқан кешегі кеңес тұсындағы экономикалық снобизмге қайта ұрынбауымыз керек. Оларды осы заманғы экономиканың барлық саласына батыл араластыратын шараларды қарастырған мақұл. Бауырыңнан шыққан балаңды қанша аяғаныңмен, өмір бақи атабесікке бөлеп қоя алмайтының сияқты, бауырыңнан өрген халқыңды да аяғанның реті осы екен деп, мәңгі бақи атакәсіпке байлап қоямыз деудің жөні жоқ. Қазақ ешқашан ондай мешеу халық болмаған. Жаңа орта мен жаңа жағдайға тез үйренісе алатын алғырлығы мен көнбістігінің арқасында ғана тарих пен табиғаттың талай соқталаңынан аман өтіп келеді. Ауылдағы ағайынды енді жылу жиып, жартымсыз жәрдем беріп қарық қыла алмайсың, нарық жолына батыл қадам бастырып, баулып, қалыптасу кезеңінің қиындықтарын жеңілдетуге ғана жәрдемдесіп, жақсылық жасай аласың».

Әбекең өзінің 1996 жаңа жылға арнау сөзінде («Егемен Қазақстан» 31 желтоқсан 1995 жыл) билік иелеріне көзқарас пен пікір алуандығын жан-жақты ескере, не істесе де жария істеуін ұсынады. Сонда ғана жекешелендірудегі бармақ басты, көз қыстылық, айдалаға лағып жатқан ресурстар тасқыны, адасып жүрген қарыздар мен қаржылар, неғайбыл несиелер жайлы қаңқулар мен сыбыстардың тыйылатынын айтады.

«Реформаңыз жоғарыдағылардың жымысқы бақай есебі мен төмендегілердің жағасы жайлау жайбарақаттығынан мандымай келеді. Реформа, әсіресе, жергілікті жерлерде ашықтан-ашық талан-таражға айналды. Басшылар иесіздене бастаған дәулет ақыры маған бұйырмағанда кімге бұйырады деп, жағдайды түзетуге әдейі құлшына қоймады; қатардағыларымыз баяғыдай жағадан алып, жұмысқа жұмсап жатқан ешкім жоғына мәз болып, жайбасарлыққа ұрындық. Енді бір кезде малсақ

атанған жұрттың балалары қолдарына тиген азғантай жандықты өзі қарап, өзі қайырудан да қарайып қалған боп шығып, ұры-қары мен ит-құсқа жем қылды.

...Ең бастысы, штаттағы қызметтен басқаны жұмыс деп қарамаушылықтан бас тартатын, соған көпшіліктің де көзін жеткізетін кез әлдеқашан келді. Қай дінге айтқызсаңыз да: пендені көкте бір тәңір, жерде тек өзі жарылқай алмақшы. Тәңір де тек сақтанғанды ғана сақтамақшы. Сақтанудың басты шарты – адал жүріп күнкөріс айыру. Демек, енбектену. Сондықтан қай мәдениет өкілі де жұмысы бар болса, ақша сұрамаған. Ақшасы бар болса, шикізат сұрамаған. Шикізат бар болса, жұмыс та, ақша да сұрамаған. Біреуі бар болса, қалғандарын өзі тапқан».

Тіл тазалығы мен рух биіктігін сақтау мәселесін тәуелсіздік тақырыбымен қоса өрбітеді:

«Біз өз дәстүрлерімізді өткен ұрпақтардың пайдалы не өнегелі тәжірибесі деп емес, кертартпа ескіліктің кесірлі қалдығы деп түсінуге үйренгенбіз. Жаңаруды ұлттық дамудың заңды жалғасы ретінде қабылдай алмай отырмыз. Өйткені қырдағы көшпелі қоғамның өз бетімен тіршілік ете алардай жора-жолы осы ғасыр басында дағдарысқа ұшырады. Ішкі ықпалдастық хандық құрылым кезіндегіден де күрт төмендеп, аталастық, руластық, тайпаластық дәрежеге дейін құлдырады. Өйткені Кеңес саясаты қазақ қауымының қауқарсыздана, қазақ санасының құнарсыздана түсуіне мүдделі еді. Сыннан өткен дәстүрлерін ұмытып, меридиан бойымен көшіп-қонатын үйреншікті шаруашылығына қажетті ұлан-ғайыр өрістері мен табиғи суаттарынан ада болған қазақ ауылы ғасырлап қалыптасқан өзін-өзі асырау, өзін-өзі сақтау имунитеттерін де біртіндеп жоғалта бастады. Таптық интернационализм мен социалистік гуманизм қазақтардың ұлттық қасиеттерінен – тілін де, дінін де, тарихын да, дәстүрлі ұлттық құрылымын да емес, көпіртіп көп айтыла беретін атадан балаға ауысып келе жатқан мал баққыштығын ғана мейлінше қолдап бағыпты».

Қазақтың мал баққыштығын қолдау бірте-бірте «сендер тек мал бағуға жаралғансыңдар» дегенге сайғаны рас. Қай жер кең болса, қай жер мал бағуға қолайлы болса, қазақтарды солай қарай итермелеген. Елінен жырақтап кеткендер бірте-бірте тілін, әдет-ғұрпын ұмытқан. Илия Жақанов Астрахань қазақтарын аралағанда барлық ұлттық қасиеттерінен айырылған, тіпті сүндетке отырғызылмаған, тілін де, дәстүрін де ұмытқан, бірақ сонысына осы күні өкінетін қазақтарды кездестіргенін жазады. Өзбекстан Кеңес Одағы құрамында жеке республика аталған алғашқы жылдары-ақ басшылары түрі азиаттарға келетіндердің бәрін есебін тауып, өзбек деп жаздыра беруге жасырын нұсқау бер-

ген. Өзбекстандағы 1,2 миллион қазақтардың біразы құжаттарында – өзбек. Менімен курорттардың бірінде жолығып қалып, ұстап жібермей әңгімелескен, Ташкент облысында тұратын, балаларының бәрі өзбек болып жазылып кеткен, өзбек қыздарына үйленген, өзбек әдет-ғұрпын сіңірген бір ақсақалдың жылай отырып сыр етіп айтқан сөзінің куәсі болдым. Балаларыма «сендер қазақсыңдар, қашан болса да, осыны ұмытпаңдар, елге оралыңдар десем: әкей, баяғыда қайда едіңіз, енді бәрі бітті, тілді білмесек, әдет-ғұрыпты білмесек, балаларымыздың нағашылары өзбектер болса, қайда барамыз, бұл әңгімені қозғамаңыз» дейтін болды деп егіліп жылады, менің қазақ екенімді білген соң бар сырын жасырмай ақтарып.

«Тек бір нәрсені ескерген жөн. Ауылды ұлттық болмысымыздың көсегесін көгертетін, бірден-бір ая ретінде әсіре әспеттеумен де, оны ешқандай өзгертіп-жаңартуға болмайтын әлеуметтік реликт, тіпті отандық реформаның астына қойылған ең қауіпті қопарылғыш бомба ретінде сипаттап, асыра құстаналаумен де еш келісуге болмайды».

Бұның бәрін айтқанда Әбекең бүгінгі тақсіреттің тек бүгіннен өрбімегенін, оның бәріне тек өзіміз ғана немесе тек бүгінгі ұрпақ қана айыпты емес екенін, бірақ одан тездетіп құтылуды тек өзіміз ғана – тек бүгінгі ұрпақ қана жүзеге асыра алатындығымызды түсінуіміз үшін айтады. Бүгінгі тоқтап қалған өндіріс, тұралап қалған тұрмыс, азып жатқан тәрбие, арып жатқан мәдениет үшін жап-жас тәуелсіздігіміздің титтей де кінәсі жоқ екенін ұғындыру үшін айтады. Бүгінгі саясаткерлердің, әсіресе жазушы-публицистеріміздің ішінде осылай жетеге жеткізе түсіндіретіндері аз.

«Тәуелсіздікпен бірге реформаға кіріскен мемлекеттер тәжірибесін көп зерттеген Роберт А.Даль жиырмасыншы ғасырдағы жағдайларды талдай отырып реформаның ойдағыдай өрістей алмауы салдарынан талдай тәуелсіздіктің қайғылы халге ұшырағанын, ал он үш елде демократия күйреп, орнына реакцияшыл күштер келгенін жазады. Ондай қауіп, әсіресе, 5, 10, 15 және 25, 30-жылдары ерекше күшейген. Реформадан тым үлкен үміт күтіп, ол тез арада жүзеге аса салады деп ойлаған сенімпаз электорат кей кезде кезекті сайлауда кешегі одақтастарын жығып беріп, қарсы жаққа дауыс берген. Ал жаңа режимдерге жиырма бесінші, отызыншы жылдары тап болатын келеңсіздік, көбіне-көп жаңа ұрпақтың сахнаға шығуына байланысты туындаған. Уәдеден шыға алмаған әкелердің балаларынан жақсылық күте алмайтынын Хосе Ортега и Гасетт жақсы жазған-ды. Оның айтуынша, әр буынның белсенділік кезеңі 30 жылға созылады. Алғашқы он бес жылында өз мүддесіне жету үшін билік жолында күреседі. Ал екінші жартысында жеңістерінің жемісін теруге ты-

рысады. Сондықтан қандай дүрбелең кезеңнің де он бес жылдан ұзаққа созылуы мүмкін емес деп санайды. Біздегі қайта құрудың басталғанына да он бес жылдай болып қалды. Ол, бірақ, ойламаған жерден тәуелсіздікке ұласты. Ал, оған әлі он жыл да толған жоқ. Экономикалық реформаның басталуы да тәуелсіздікпен тұстас келді. Ендеше «жеміс теруге» әлі ерте. Шынайы прагматизм мен нарық тек жекеменшіктен өрбиді. Ал, ол әлі түпкілікті жеңіске жетіп болған жоқ. Бірақ, бірте-бірте еңсеріп келеді. Ғасыр тоғысынан арғы кезең прагматиктердің өз жағдайларын нықтап алу кезеңіне айналатын болады деуге барлық негіз бар».

Президент Назарбаевтың 1997 жылғы қазандағы жолдауына сәйкес ой толғай келіп Әбіш Кекілбаев былай дейді:

«Көптеген адамдар бүгінгі күн мен кешегі күннің қайсысын таңдауды білмей, Гамлетше сенделген күйге түсті. Ал, бүгінгі күн мен ертеңгі күннің қайсысын дұрыс таңдау үшін, жұрттың бәрі бірдей істің жағдайын ғана емес, сонымен қатар болашақтағы жағдайын да айқын аңғара алуы керек еді. Ол үшін өзгелердің тәжірибесін оқып үйрену қажет болды. Орын алған жағдайға байланысты басымыздан кешірген және кешіріп отырған оқиғаларды ұлттық және аймақтық процестер тұрғысынан ғана емес, бүкіл дүниежүзілік даму арнасына қарай талдауға тура келді. Мұның өзі – тек қана мемлекеттің қолынан келетін іс. Ондай зілбатпан салмақты көтеруді өз мойнына мемлекет алмаған жерде кез келген реформа аяғынан ақсаулы болады. Өйткені кез келген реформаның негізінде ұтымды мақсаткерлік жоспар жатуы тиіс. Онсыз мақсаттарды да, оны іске асыру жолдарын да дұрыс айқындай алмайсыз. Олай етпейінше, қоғамды тағы да арандатып, жаңа былыққа ұрындыру оп-оңай.

... Экономикалық тың бастамалар мен кәсіпкерлік тақырыбы күні бүгінге дейін сараң да сылбыр жазылып келеді. Іскер адамдар әдетте «сауда – сақал сипағанша» деп алдап-арбау арқылы ғана байыған, қоғамның тәніндегі қайдағы бір арамтамақ қансорғыш әлдебіреулер ретінде көрсетіліп жүр. Әрине ондайлар да бар. Шамасы, аз да емес шығар. Ондай тежеусіз кеткен тексіздер мен көрсеқызар құлқын-құмарларды батыл әшкерелеп отыру қажет. Бірақ жұртшылықты осындай құбыжықтармен ұдайы шошындыру түптің-түбінде адамдарды кәсіпкерлік пен экономикалық іскерлік атаулыдан безіндіріп жіберуі де мүмкін екендігін есте ұстау керек. Бұл олардың өзі үшін де, қоғам үшін де тиімсіз болар еді. Өйткені стратегиялық тұрғыдан көзделіп отырған биік мақсаттар отандастарымыздың еңбекке жаппай жұмылып, белсене әрекет етулері арқасында ғана жүзеге аса алады. Олар тек осылай ғана өз тұрмыстарын түзеп, қоғамдық әл-ауқат деңгейімізді де арттырады. Азаматтардың белсенділігі артпайынша, қоғамдық даму ойдағыдай

өрістемейді. Ал, онсыз мемлекетімізді нығайтып, елімізді көркейту еш мүмкін емес».

Елбасы мемлекетіміздің ұзақ мерзімді даму болашағын жоспарлайтын «Қазақстан-2030» Стратегиялық бағдарламасында еліміздің символы ретінде барысты алғанын өз ішімізде және көршілес елдерде күңкіл шығарып әлдекімдер әңгіме ете бастағанда барыстың не үшін таңдалғанын Әбекең әдемі түсіндіріп берді:

«Президент Барыстың бейнесін кездейсоқ алып отырған жоқ. Жұлын-дай жұтынған ортаазиялық Барыс... Арыстан да емес, жолбарыс та емес. Тіпті күнде көріп жүрген көкжал бөрі де емес. Барыстың нағыз өзі. Әрине, бұл – метафора. Бірақ саяси метафора! Оның гнесеологиялық тұрғыдағы арғы тегі біздің бабаларымыздың дүние танымына, адамгершілік мұраттарына барып ұласады. Барыс – сыры жұмбақ жануар. Ол өзіне өзгелердің назарын еріксіз аудартады. Барынша жіті көз тігуге мәжбүр етеді. Өзінше дербес, тәкаппар, топтанып жүруді ұнатпайтын, мейлінше сақ, бірақ қорқақ емес, барынша батыл, бірақ өзгелерге қиянат жасап, біреудің мекені мен жеміне көз алартпайтын, басқаларға жоқтан өзгеге бола азу көрсетіп, тырнақ батыруды білмейтін, бірақ өзінің есесін ешкімге де жібермейтін, айнала төңірегіндегілерді ақырып-бақырмай-ақ, айрықша шалымдылығымен өзін сыйлата алатын текті жануар. Ешқашан қапия қалмайтын аса сезімтал, айбынды қасиетке ие. Бұл метафора біздің мемлекет ретінде қандай қасиеттерді қалайтынымызды көрсетеді. Біздің қазіргі дүниеде өзімізбен-өзіміз томаға-тұйық болуға да, сондай-ақ өзгелерге ұқсаймыз деп өзіндік қадір-қасиетінен жұрдай айрылып қалуға да тырыспайтынымызды, жан-жағымызбен жарастықты қарым-қатынаста өмір сүргіміз келетіндігін айқын көрсетеді. Күшімізге кәміл сене отырып, өзгелер алдында ұстамды бола алу саяси мінез-құлқымыздың мақсаты мен мәні болмақшы. Ондай байсалдылық бізді өзгелердің алдында құрдай жорғалаудан да, кеудемсоқтық даңғазалықтан да сақтай алады. Сондай-ақ өзімізге-өзіміз тамсанатын немесе жоқтан өзгеге бола өзімізді-өзіміз жерден алып, жерге салатын ерсі қылықтарға да ұрындырмайды».

Стратегиялық мақсаттарды нақ осылай түсіндіре алып жүрген кім бар бізде? Газет-журналдардағы аз-кем мақалаларды қарасаңыз біреулері ғылыми тілмен жазылған түсініксіз, бірі баяғи компартияның баяндамаларына ұқсас қасан.

Кабинетінде он бесінші ғасыр жайлы еңбек жазып отырып, жиналысқа бес минут қалғанша еңбектеніп, жиналысқа кіріп, бүгінгі күн жайлы ойлы-қырлы мәселелерді талдауға басшылық жасап келіп, кабинетіне кіре сала қайтадан он бесінші ғасырдың тұңғығына кіріп жүре беретіні

таңқаларлық. Бір мәселеден бір мәселеге ойысу, бөлінген ойды жинақтап алуға қанша уақыт кететіні шығармашыл кісілерге белгілі, олай ету екінің бірінің қолынан келмейді.

Менде Әбекеңнің 1985 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне шыққан В.И.Лениннің «Партиялық ұйым және партиялық әдебиет» деген еңбегіне байланысты мақаласы сақталыпты. Сонда ол кезде әбден тәртіпке айналған Ленинді жөнді-жөнсіз мақтаудың иісі де жоқ екенін көріп таң болдым.

Мақалада Лениннің мына сөздері келтірілген:

... «Шындық өзі қызмет ететіндерге тәуелді болмауға тиіс;

... Біз халықтың не ойлап отырғанын дұрыс пайымдай алған күнде ғана дұрыс басқара аламыз.

... Халықты халық арқылы басқару керек.

... Еңбекшілер үшін істелетін нәрсенің бәрін еңбекшілердің өздері арқылы жасау керек.

... Әркімнің еркін дамуы қоғамның еркін дамуының басты шарты болып табылады».

Ленинді құстаналауды саяси ұпай үшін пайдаланып немесе нарықшыл көрінуге тырысып, белсенділік танытып жүргендер осы сөздерден қандай бұрыстық таба алар екен.

1997-98 жылдары елде жүріп өткен ықтималдандырамыз деп жаппай қысқарту, кітапханалар мен кішігірім ауруханаларды жабу секілді идеясы дұрыс болғанмен, орындалуы нашар болған шаралар туралы Әбекең былай дейді:

«Кітапханалардың саны амалсыз кемігенмен, кітап қоры сақталып, ешкім бас сұқпайтын көп қоймалардан жұрт көп баратын оқу залы бар, жарық жылуы жетерлік бір жерге көшсін. Төбелерінде туы болғанымен, терезелерінде буы жоқ, ылғи бос тұратын көп мәдени ошақтардан гөрі халық көп жиналатын демалыс-сауық орындары ұйымдастырылсын. Аты бар да, заты жоқ елді мекендерді көбейте бермей, жолы бар, жарық пен жылу бара алатын, ауруханалары дұрыс ем, мектептері дұрыс білім бере алатын ықтимал елді мекендерге шоғырландырылсын. Кейінгі кезде көтеріліп жүрген бұндай әңгіменің көпшілігі ауылға жамандық ойлағаннан туып жүрген жоқ. Бұның бәрі нарық жағдайында ескермей болмайтын процестер. Бұны дұрыстап түсіндіріп, дұрыстап атқарудың орнына қаршылдаған қайшыға жүгіріп, бас салып қысқарта бастау ықтималдандыру емес. Ықтималдандыру деген қысқарту деген емес, барды жоғалтпай, жұртшылық үшін тиімді ету».

Мемлекеттік басшы қызметтегілердің көбі ел жөнінде батыл-батыл пікір айтқансығанмен, ел басындағыларға келгенде бірыңғай мақтауға

көшеді, айлалылары үнсіз қалады, ал, ерекше тәрбиелі, тәлімділері ғана өз пікірін жасырмай жайып сала алады. Мына бір жолдарды оқысаңыз, Әбекенді осылардың қайсысына жатқызуды өзіңіз білесіз:

«Әшейінде күңкілдейтіндердің өзі Елбасымен кездескенде жібектей есіліп қоя беретінін талай көріп жүрміз. Қошамет-қолпаш айту жағынан күнде қасында отырған біздерден гөрі оқта-текте бір соғатын ағайындар ұпайын асырыңқырап жібереді. Бірақ, біздің Президентіміз ненің өтірік, ненің шын екендігін аңғара алмай қалатындай аңғал кісі емес. Менің байқауымша, аузындағы сөзің мен көмейіндегі пиғылыңды қатар байқап отыратын әбден ысылған, талай талқыны көрген тәжірибелі саясаткер. Ондай кісіге шындық айтудың қиындығы жоқ дей алмаймын. Өзі біліп отырған кісіге одан асырып айту әрине қиын. Ал өтірік айту да оңай емес. Сондықтан өз басым өз пікірімді өз қалпында айтуға тырысамын. Назарбаев, бір жақсысы, таласа біледі. Таласа білетін кісі, айтпай қалғаныңызды да айтқыза біледі. Ұсынсаң – себебін айт. Қосылмасаң – дәлелінді айт. Көңіліңнен шыққан тапсырманы орында. Көңіліңнен шықпаса – уақытылы бас тарт. Салдары қандай болса да – көріп ал. Бастық пен бағынышты арасындағы қарым-қатынас құқықтық межеден аттап кетпеуге, әдеп-әжеттен аттап кетпеуге тиіс деп есептеймін. Мәселені ақылдасудың, талқылаудың, кеңесу мен дәйектеудің, келісудің, шешім қабылдаудың өркениетті тәсілдерін білу – кәсіби парыз. Одан аттап, бас изей беру – көлгірлік, жағадан алып, жармаса кету – оспадарсыздық, қалай да өз дегенімді өткізем деп, айла-шарғыға бару – интригандық деп білемін. Билікті аздыратын осы үшеуі. Мемлекеттік қызметші осы үшеуінен де аулақ тұруға тиіс» дейді.

Екі қарсы партияның жетекшілері Елбасыға бір мезгілде көмекші-кеңесші болған кездері болды. Кей топтың ұйымдастырушысы қызмет алса, қалғандары әп-сәтте ыдырап жатқанын талай көрдік.

Әбекең Нұрсұлтан Назарбаев Президент болып сайланғалы бірге келеді. Тәуелсіздік алған он жыл ішінде елімізде болған саяси оқиғаларды, қоғамның сан-салалы шараларын бірге атқарысты. Жоғарғы Кеңесте болсын, Жаңа өзенде немесе өзге жерде болсын Әбекеңнің байсалды-басалқалы, дәлелді, уәжді сөзі тәуелсіздіктің іргесінің нықталуына қызмет етті. Білімді, білікті, қабілетті болмаса немесе билікті өз дегеніне бұрмалаушы болса, бір мүшел мерзім Елбасының жанында болар ма еді. Кейде қарға да қыран бүркітпен қатарласа ұшады, бірақ онысы аз ғана үзік ара. Қыранның қатарласы қыран ғана болмақ.

Әбіш ағаның еңбектерін оқығанда қу медиен далада су іздеп жүріп кезіккен түбі терең құдыққа бас ұрған жолаушының кебін киесің. Мөлдір суына бас қойып сіміре ішкендегі ләззат сезімдей. Іше бергің

келеді. Сонда да қанбайсың. Тұнық, таза, терең. Ендігі бір сәтте пенде тірлікті ұмытып, аспанға ұшып, жер бетіндегі тіршіліктен қол үзіп кеткендей боласың. Конфуций туралы Янь Юаньның айтқаны Әбекеңе де тиесілі секілді: «Қараған сайын биіктейді, үңілген сайын тереңін сеземін, түбіне жете алмаймын, бірде алдымда тұрғандай болып, бірде артыма шыққандай, бірде жанымда сияқты, бірде ұзап кеткендей. Бәрін бірден ашып көрсетпейді, адамды еліктіріп әкетеді, көзімізді ашқандай, дәстүрлер мен рәсімдерді сақтай біледі. Күшім азайып бара жатса, маған жақындағанын сезінемін. Артынан көз жұмып ерейін десем, ере алмаймын». Әр кезеңнің өз ойшылдары болған десек, оларды жалғастырып тұратын рухани байланыс, олардың ілімдерінде үндестік барын сеземіз. Өзгені айтпағанда қазақ топырағында жүріп-ақ әлемге танылған Әл Фараби, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмед Иассауи, Бұхар мен Төле секілді ел мұңын жоқтаған жыраулар мен билер, бертіңгі Абай, Ахмет, Мұхтарлардың рухы Әбекеңнен жалғасын тапқандай.

Әбекең «Елдік пен ерлік киесі» деген тарихнамалық эссесін бір ғана тарихи тұлғаға – Қарабура әулиеге арнағанымен арғы-бергі тарихтан сабақ өткізгендей болады. Газеттің үлкен бір бетін алып жатқан мақаланың («Егемен Қазақстан» 14 наурыз 1997 жыл) көтерген жүгі орасан. Іші тұнып тұрған шежіре. Алтынорда хандығының басталар дәуірінен бастап сыр шертеді. XXII ғасырда Қазан қаласын кім салдырғанынан бастайды. Сайын хан, ақсақ Темір, Ұлы Мұхамбет хан, оның ұлы Қасым сұлтан, келе-келе X-XI ғасырға дейін, Қарахан мемлекеті дәуіріне дейін баяндайды, сөйтіп Қарабураның тегін, өмір сүрген мерзімін талдаулармен дәлелдейді.

Басын азаттық жайлы аталы сөзбен былай бастайды:

«Азаттық жегеннің аузында, жемегеннің алдында, қарқалазы боп шалқып жүруге емес, болғаның мен болмағаныңды, бүгінгің мен болашағыңды өзің қарастырып, өзің қамдастырып жүру үшін керек. Кісіге қол жайып, күнінді басқаға қаратпауың үшін керек.

Азаттықтың дәмін бір татқан оны аңсамай тұра алмайды. Аңсағанына жетпей тынбайды.

Біз бүгін бұрын да азат болған жұрттың ұрпағы болғасын азат болып отырмыз» дейді.

Солай жалғастыра келе:

«Дүниеде құмтабиғаттас нәсілдер де болады. Олар ойда орыны, қырда ізі қалмай шаң боп шашылып кетеді. Көп болса да, басы бірікпейді. Құдай содан сақтасын! Өз тағдырыңа өзің ие болу үшін жаныңның азығы, сананның қазығы болғаны лазым. Сонда ғана желімдей ұйысып, аз да болса, саз боласың. Ұлт санасына ұйтқы солай қордаланады.

Қазақ санасының сондай ұйтқысы – бабаларға тағзымы мен ағайынға бауырмалдығы. Соның арқасында ғана бабалар жайлаған өріс пен қоныстың ізінен мыңдаған жылдар бойы адаспай, көшіп-қонып мекендеп келеміз. Соның арқасында ғана бір-бірімізден көз жазбай, көңіл суытпай бірге келеміз».

Мәті бидің Әбілхайыр ханға айтқаны деп «Үркерде» мына сөздерді келтіреді: «Алаштың талағының биті, көкірегінің көзі бар азаматтарының қатарынан озбаққа ұмтылғаны жақсы. Ондай жігіт бойкүйездік жаса-са, өзінің де, елінің де бағын байлайды. Ал, қолының ебі болғанмен көкірегі соқыр пысықайлардың төрге шапшығаны бақыт емес, тақсірет. Сорлатқанда біздің қазақтың жақсысы бойкүйез, жаманы өлермен келеді». Осы сөзді Мәті дана айтты дегенмен Әбекең өзін де, бүкіл қазақ халқын да алға жетелегісі кеп айтты-ау.

Жалпы, «Үркерде» ойланарлық, тәлім аларлық сөз көп-ақ. Соның біреуі ғана мысал ретінде келтірдік:

«Ақыл сүйкімді көрінгенмен, оның дегенін істеп, мүйізі қарағайдай болып жатқан ешкімді әзір көре қоймадық. Өйткені ақылға айтқызсаң, қапысыз іс, қатесіз сөз болмайды дейді. Ал, не сөзі, не ісі көңілін қозғамаған кісінің соңынан адам түгілі мал екеш мал ермейді. Мен білсем, мына заманың тап ақыл сұрамайды, абырой сұрайды. Бұл заманда абыройдың да аты өзгеріп кетті. Оны бүгінде бедел дейтін болыпты. Бедел дегенің есігіңнің алдында көлденең жатып алатын күдіре желке көк төбет сияқты. Ол да үйінің сорпа-суаны мол дәулетті кісіге бітетін көрінеді. Сонсоң да, балам, біз секілді сөз деп аталатын қотыр шыбыштың шандырын тартқылай-тартқылай, оны да әбден ақта қып суалтып жіберген, күні өткен күңіреншек кәріден гөрі тақымында шокпары салақтап дәулет қуып, дәурен іздеген, жалыны қайтпаған жастарға үйір болған дұрыс. Тәйірі, жөн білетін текті жігітке ел ұстау деген сөз бе екен! Ол үшін үлкенге ізет, қатарға қадір, ініге ілтипаттан басқа не қажет болушы еді! Бұл жұрттың соңына ереміз бе деп үміттенетін азаматынан бар дәмелері сол ақ қой!

... Қай жұрттың да өткінші жанбағыстың соңында далақтап шаба бермей, бір сәт алды-артына ойлана көз салып, басындағы қырсықтың сырына үңіліп, одан құтылудың жолы – өз нәқтасын, жосық білетін көшелі азаматтың қолына сеніп тапсыру екенін ұғатын кезі де болса керек. Тек халықтың сондай кемел іске құлқы құлаған тұста, одан әлгіндей көсем азаматтың туарын айт. Тек әлгіндей көсем азамат туғанда, халқының соңынан еретінін айт. Әйтпесе, халықтың құлқы түзелгенде, бұйда ұстайтын ешкім шықпай, ондай бұйда ұстар туғанда, жұртының басы

піспей, қашанға кара шаңырақтарын қараптан-қарап жығып алып жатқан кемталай халық аз ба? Сорға батар сормандай жұрт сондай берекетсіздікке тап болады да тұрады. Алға жүрер халқы бар да, қарынының тойғаны мен иінінің жылтырағанына мәз боп қалғып қалған бұйда ұстарлар бақ байлайды. Алға бастар аршынды ұл туғанда, бұйдасынан ұстатпай шалқақтаған шәлкес жұрт бақ байлайды».

Кітапта Мәті Әбілхайырға: «Қазақтың бір кезде ештеңеден жүрегі тайсалмаған арда да, асау да болғаны рас. Ол кезде оны жолбарыстан да жүрегі шайлықпайтын нар тәуекел ғана билей алды. Одан кейін ол тап бергенге шап берген көк жұлын арландай намысқой болды. Ол кезде оны алған бетінен өлмей қайтпайтын қайсарлық биледі. Енді, міне, ақылдан пәтуа, қайраттан айбын кеткен кезде халық та қырық құйқылжыған қызыл түлкідей қырық бұлтан қырқылжың болмасқа шарасы бар ма! Бұндайда бұлтаратын жерде бұлтарып кете алатын, жалтарар жерде жалтарып кете алатын әммебап айла ғана ел қорғаны бола алады. Бойынан алпыс екі айла табылатын билеуші ғана өзінің де, елінің де басын аман алып жүре алып, айласыз, әуірім, алаңғасар қайырмалаған халық құрт-құмырсқаның кебін киіп, бет-бетіне безіп, бордай тозып кететін алмағайып заманның да туғаны шығар. Мұндай әрпіл-тәрпіл кезде ел ұстайтын ердің де жол бастары тәуекелшіл жолбарыс, ашушаң арлан емес, айлакер түлкі болатын шығар. Заманына қарай амалы деген осы ғой» деген дейді.

Әбекең өз еңбектерінде жақсы мысал, үлгі аңыздарды ұтымды пайдаланады. Салқам Жәңгірді қамап тұрған қалың қолға Мәті би бір өзі тиісіп, ханды қашырып өз тұтқынға түскен. Оның осындай төтенше ерлігіне қалмақ қонтайшысы тәнті боп, алдына шақырып: «Дүниедегі ең тәтті үш нәрсені қателеспей айтып берсең, басыңа бостандық берем», – дегенінде: «Ақ некелі жардан тәтті не болушы еді, ақтан туған ұлдан тәтті не болушы еді, азамат екенінді біліп өлген ажалдан тәтті не болушы еді. Мен осы үш тәттінің үшеуінен де дәм таттым, енді өлтірсең де өзің біл, босатсаң да өзің біл» деп қас дұшпанға қасқая қараған Мәтіні ол ат-шапан айыбымен босатқан екен» дегенді мысал ретінде пайдаланады.

Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің Тәуке ханның алдында айтқан сөздері, Әмір Темір жайлы аңыздан майын тамызып дастан тәріздес тұтас бір еңбек жазуы жазушы шеберлігінен туындаған.

Ол тарихи тұлғалардың қайсыбірін болмасын терең талдап түсіндіріп береді: «Абылай мен Бұхар арасындағы қарым-қатынас жұрт айтып жүргеннен әлдеқайда басқаша болған. Бұхар да, Қазыбек те, Жәнібек те өз алдарына ұлыстары бар билеушілер. Абылайдың бастамаларына қосылған да, қосылмаған да кездері бар. Абылай да оларға құлақ асқан да, аспаған

да кездері бар. Абылай ордасында Бұхар ешқандай қызмет атқарған жоқ. Шығыстың уәзірі батыстың министріне сәйкес лауазым. Абылайдың ондай үкіметі болмағаны белгілі. Сондықтан, Бұхар да үкімет мүшесі болған жоқ. Олар ел билеуді өз тұстарындағы үрдіс бойынша жүргізді. Ол үрдістің үйренетін жәйттері болғанымен, сол қалпында көшіре салуға келмейді» дейді бір сөзінде.

Әбекең соңғы жылдары «Абылайхан» дастанын жазды, ол пьеса ретінде қойылды, түбі операға либретто болмақшы.

Халқымыздың ерекше қасиеттерінің бірі болып танылатын айтыс өнері де Әбекеңнің қаламынан тыс қалмапты. Онда ол айтысты мадақтап немесе талдап қана қоймайды, үлкен әлеуметтік ой түйеді, қорытынды жасайды:

«Құдай да тек бір-біріне тілеулес жүретін, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара алатын тату, бауырмал, мейірбан намысшыл қауымдарға ғана қарасатын сынайлы. Аузы шашылғанның, арасы ашылғанның абыройы асып, бағы тасып жатқаны шамалы. Жақсылықтың тұсында жағаласпаған, жамандықтың тұсында табаласпаған ұйытқылы жұрттардың түгенделмей жатқан кемісі, бүтінделмей жатқан жыртығы жоқ. Пәлесі де тез кетіп, бақыты да тез жетіп жатыр».

Бұл үзіндіні бөліп алып қарап айтысқа байланысты мақаладан екенін түсініп көріңіз.

Еркіндік десе ойыңа не келсе, соны жасайтындай ерікке ие болу деп түсінетіндер, еркіндіктің толқынында биікке жетіп алуға ұмтылатындар көп те, өз еркінді біреудің реттеуінсіз өзің ғана билей алатындай еркін өмір сүр деп түсінетіндер жоқтың қасы. Әбекең осының арақатынасын дұрыс жағына қарай ұдайы түсіндірумен келеді. Әбекеңнің «Ұлыққа ісің түсу – мемлекеттің озбырлығына көну деген» дейтін сөзі бар. «Парасат» журналының сұрақтарына берген жауабында былай дейді:

«Мен өзіміз білгенді ешкім білмесін деп, болып жатқан процестерді көпшілікке жан-жақты талдап түсіндіріп беруге құлқы соқпай отырған, сол арқылы нарық пен реформаны азғантай адамдар ғана түсінетін, азғантай адамдар ғана жүзеге асыра алатын іс деп есептейтін экономикалық элитаның көпе-көрінеу астамшылығын мақұлдай алмаймын. Осыны пайдаланып, реформадан ұтылғандардың ашу-ызасын күшейтіп, әлеуметтік кекшілдік өртіне тамызық тамызып, тезірек билікке жеткісі келетіндерді де құптау қиын. Ол екі бағыттың екеуі де реформаға, ынтаны күшейтпейді, тәуелсіздікті бекемдей түспейді, демократияны нығайтпайды. Бүгін таңда белгілі мөлшерде жалғыздық сезіп жүрмін дейтінім де сондықтан. Реформаны ақылға сыйымды қып қайта құру жолында емес, не қайткен күнде билікке жетуден, не қолдағы биліктен айы-

рылып қалмаудан басқаны уайымдамайтын саяси күштердің қай тарапынан да қашығырақ жүруге тырысатыным да осы себептен. Бірақ, қоғамдық сана бұл қалпында қала береді деп ойламаймын. Билікте монополизмнің, экономикада олигархияшылдықтың, идеологияда экономикалық снобизм мен әлеуметтік кекшілдіктің көсегемізді көгертпейтініне күн санап көзіміз жете түседі деп үміттенемін. Саясатта пікір алуандығына негізделген демократияны, экономикада көп мүддесін көздейтін әлеуметшіл нарықты, идеологияда адамгершілік пен әлеуметтік бәсендікті қастерлейтін гуманизм мен либерализмді жақтайтындар қатары көбейе түссе, жалғызсырауымыз да азая түсер еді. Бірақ, бұл мәселеде қол қусырып отыра беруге болмайды. Мәмлеге ұмтылу керек. Оны билікке таласушы күштер емес, шын билікке ие күштердің бастағаны тәуелсіздігіміздің өміршендігіне көбірек тиімді болады деп сенемін. Сол үміт мені саясат сахнасын тастап кетпеуге мәжбүр етіп отыр.

... Өз алдымызға мемлекет боп шыққан соң, ендігі күніміз қандай болады деп, күллі ел боп ақылдасып-мақұлдасып алмай, біздің еркімізден тысқары басталып кеткен өзгерістердің шылауы мен шырмауында жүріп алғанымыз. Жоғарыдағыларымыздың орынсыз көзжұмбақшылығы мен көп талқысынан қашқақтай беретін орынсыз томаға-тұйықтығы, төмендегілеріміздің тұсында жоғарыға қарап, бас изеп, іс насырға шапқан соң барып айыпкерлер іздейтін саяси аңғырттығы мен әлеуметтік көнтерілігі. Қысқасы, жалқымызға да, жалпымызға да жетіспей жатқан тарихи жауапкершілік.

Құдайға шүкір, қазақ жері байлыққа қандай кенде болмаса, қазақ елі ақылға да сондай кенде болған емес. Бірақ, соны дұрыс бағалай біліп, орынымен пайдалана алсақ қана диттеген жерден шыға аламыз. «Жігітке ерлік те, оңай, билік те оңай, қапысыз қабырғалы болса халқы» – деп бұрынғылар тектен текке айтты дейсіз бе! «Арғымақты ұстау үшін айырт белден шөп керек, ақылдыны ұстау үшін ақыл қосар көп керек» деген емес пе? Көп болып, бас шұлғи бермей, көп болып, жауап сұрайтындай, ақыл қосатындай демократиялық тегеурін қалыптастыра алмаған қоғамда расында да, күміс күйменің өзі лайсаң жол кешкендей, батпақтап қалуы әбден ықтимал. Кесепаттың бәрін азғантай естияр азаматтарына жауып салып, өздері «құдай қылды,біз көндік» деп қол қусырып қарап отыратын халықты кім қарық қыла алатын еді!

... Жалпы, түгел тәуекелге мінбей тұрып, жалқы ештеңе бітіре алмайды. Қарапайым ел деген болмайды. Жеріне, суына, тіліне, дініне, тарихына, тағдырына ие Халық деген болады. Тек сондай халық қана есерін түзеп, еріне медет бола алады. Көзі ашық азаматтардың төрде отырғанда

төбелеріне көтеріп, төрден кетсе, артынан топырақ шашатын немесе көгендеп көздерінен тізіп құрбандыққа шала салатын қауымдар ешқашан дегеніне жетпек емес.

Елім деп шын еңіреп жүрген ері кім, өтірік емешегі үзіліп, өз мүддесін күйттеп жүрген епсегі кім – соны айқын ажырата алатын халық қана барша мұратына жетуге лайық.

... Өз басым қазіргі кездегі ең аз халықтың да, ең көп халықтың да еш-кімге басыбайлы болмай өмір сүруге құқтық мүмкіндік алып отырғанын, оны тәрік етуге ешқайсымыздың қақымыз жоқтығын естен шығаруға болмайды деп санаймын. Солай дей тұра, тәуелсіздіктің тек ықпалдастық арқылы ғана нығаятынын, тек шектес кеңістікпен ықпалдасумен шектелу әлемдік еңбек бөлісу мен әлемдік орнықты дамудың осы заманғы қағидаларымен бар-бар ретте сәйкес келе бермейтінін еске салмай кете алмаймын.

... Ата-бабаның аруағын сыйлаған адам өз бетіне өзі топырақ шашпас болар. Асыл ата-бабадан тараған ұрпақты азғын санамас болар. Біз ұрпақ ретінде әлі өз қадірімізге өзіміз қаныға алмай жатырмыз. Қазақтың жігерін құм қылып, назарын жер шұқытып жүрген осы бір өзін-өзі жігерлендіруден гөрі жерден алып, жерден салып жебірлей жөнелуге үйір тұратындығы. Жоқтан өзгеге бола басқаларға қызығып, өзін жоқтан өзгеге бола жазғыра салуға қиналмайтындығы. Мұндай құлық жасқаншақтыққа да, іш қулық, бақай есепке де, рухани мүсәпірлікке, дәлірек айтсақ, рухани кәсіпкерлікке жатады. Жерді су алып, елді жау алып кеткен ештеңе жоқ. Қара орында отырмыз. Басқалар да көріп жатқан қиындықтарды көріп жатырмыз. Құдай ынсап берсе, ыждаһат берсе, басқалар жетіп жатқан мұратқа да жетеміз. Қорлана бермей, арлана білейік. Намыстың сөзін сөйлейік.

... Барша тығырықтан шығаратын бір-ақ жол – Тәуелсіздігімізге тәу етіп, тәуекелімізге бекем болу. Мен басқа мақсаттың бәрін күйкілік санаймын».

Әбекең қазақтың бұрынғы-соңды ұлы азаматтарының мерейлі мерекелеріне үн қатпай қалмайды. Абай туралы мақаласында:

«Абай пейіл мен ақылды жарастыратын тек қана еңбек деп қана ұғады. Малдының мақтанқұмарлығы мен әлдінің әупірімдігін кесапат, ғалымның ынтасын, кәсіпкердің ыждаһатын, диханның төзімін, саудагердің үйірімін шарапат санайтыны да осыдан. Абай үшін еңбек адамгершіліктің әрі өлшемі, әрі кепілі.

Абайды туған халықпыз деп масаттанған әбден дұрыс қой. Алайда, Абайды ұққан, Абайға құлақ асқан ұлтпыз деп мақтана алсақ, қандай ганибет болар еді» дейді.

Әбекеңнің әр сөзі немесе мақаласы мысалға келтіріп айтарлық қанатты сөздерге толы. Мысалы: «ана тілінде сайрап тұрған мәнгүрттер толып жүр», «қой соңында қой болып та біраз заман өтіпті» т.с.с.

Қаракерей Қабанбай батырдың кесенесін ашу кезінде сөйлеген сөзінде де Әбіш Кекілбаев тарих тағылымын елге танытуды мақсұт тұтқан ежелгі әдетімен төгіле сөйлейді:

«Ұрпақ қамын ойлаған естияр жандар оның бір кесегін қылау шығармай, қорғаштап бақса, жеріміздің де, еліміздің де бедерсіздене, берекесіздене, тіпті, иесіздене түскеніне еш қиналмайтын жетесіздер ештеңе көрмегендей қол қусырып қарап отырды.

... Өткеніміз бізге әлі де болса бұралаңы көп тағдыр мен бұлыңғыры мол тарих сыйлапты. Арғыдағы Шыңғыс пен Майқы, Тоқтамыс пен Сыпыра, Едіге мен Камараддин, Қорқыт пен Асан Қайғы, Жәнібек пен Керейден бастап, бергідегі Абылай мен Әйтеке, Кенесары мен Наурызбайға дейінгі көп бабаларымыздың жатқан жерлерін әркім әр сакқа жүгіртетіндей дүдәмал қылып, ат басын тіктеп баратындай, әуелден атақ – жөні жазулы, ай таңбасы басулы ап-айқын тұрған зиярат орындарын аз қалдырыпты. Пешенемізге солай жазылса, амалымыз қайсы?! Алайда, бұлай екен деп, арғы-бергідегі игі жақсыларымыздың атақтарына байланысты азғантай жәдігерліктерімізді көрер көзге көзден өшіртіп жібергенде де, ертең бізге ешкім рақмет айта қоймас.

Ендеше, оларды ақтығына дейін аман сақтап қалғанымыз жөн шығар. Ақи-тақи ақиқатын анықтап алатындай дәуренге дейін ізін жоғалтпай жеткізуге қолдан келер жағдайды жасағанымыз дұрыс болар».

Абыз ата, тәлімгер ұстаз пір Бекеттің туғанына 250 жыл толуына орай берілген сұхбаты да бір кісіге арналған сөз емес, тарих толқынында тербелген ұлттың өткеніне шолу, бүгініне бағдар:

«Адамзат дүние жаратылып, су аққалы өзін табиғаттан бөле жарып қарай алмаған. Қалған табиғаттан айырмашылығын түсінсе де, астам тұрмын деп ойлай алмаған. Ондай астамшылықтан тыйдыра алатын Заңдылықты Тәңір деп, Тоба деп, Жаратқан деп, Құдай деп таныған. Алайда, сол түп бастау Жарасым мен Заңдылықтың жер үсті Сақшылары жоқ, тіпті болмаған деп ойлау ақылға сыймас нәматтық болар еді. Ондай Абзал Ақыл Иелері болған! Болғанда қандай! Бола бермек те!.. Жаппай бірдейлік әспеттелген кезеңде Даралық атаулы мансұқ етілді. Айырықшалық атымен ғайбатталды. Айырықша икем, айырықша ықылас, айырықша қабілет, айырықша ыждағат, айырықша қасиет атаулы түгел жоққа шығарылды.

... Біз – тумай жатып, талай зобалаң көріп, талай нәрседен тарығып та, торығып та өскен, бірақ біржола үмітсіздікке берілмей, іштей рухани

медет іздеп өскен ұрпақтың өкіліміз. Өз басымыз тек жаратушының құдіретімен қоса, арғы-бергіде өткендердің жарқын өнегесіне де риясыз ден қойдық. Бұл – бізге ана сүтімен бірге дарыған қасиет еді».

Ұрпақтар ынтымағына арнап жазған мақалаларында уақытша қиындықтарға бола егемендікке тас атудың орнына оны қолдау, қорғау керектігін сөз ете келе былай дейді:

«Тауқыметтерге ұрынбай, бірден қарқалазы бола қалған жас тәуелсіз мемлекетті тарихтан таба алмаймыз. Басқалар да бағын сынаған, еңбектен басқа емі жоқ бұл күйзелістерге төтеп беруге біз де мәжбүрміз. Оның үстіне барған сайын айқын сезіп келе жатқан әлемдік дағдарыс салқыны экономикамызды тездетіп қалпына келтіруге, әлеуметтік шараларды кең құлашпен жүзеге асыруға, капелімде, мүмкіндік бермей жатыр. Алайда, әлеуметтік ахуал еңсені басты екен деп, егемендіктен бас тартып, жаңарып жатқан дүниеден өз орнын табуға тырысып жатқан қоғамның саяси жүйесін тұрақтандыру мен демократияландыру мәселелерін атымен жиып қоюға болмайтыны басы ашық мәселе».

Әбекеңнің әрбір кітабын немесе титтей интервью я беташар сөзін оқығанда, болмаса тыңдағанда терең білім иесі екенін байқап, риза боласың. Білім мысқалдап кіретін қазына, оны молайту үшін құлық пен ыждағат, білім-танымға ынтызарлық керек.

Түркістанда Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде жер қойнына тапсырылған ардақтыларымыздың аруақтарына арнап сөйленген сөзде:

«Ұйтқымалы уақыт, құбылмалы заман, жетесіз сана, жетімсіз тәрбие осынау киелі орынға да суық қолын сұққаннан болған аусар ағаттыққа, қияс қиянатқа қинала тұрып жүзеге асырдық. Өткен өреуіл, қалған салауат. Ендігі есімізге сәт, ендігі ұрпағымызға абыройы тілейік, жамағат!

Ақылдары жеткенге амалдары жетпей, айнала торыған азулы дұшпандармен алысып, бармақтарын тістеп, арманда өткен ата-баба өздері кешкен шырғалаң мен шытырманға толы қилы заман, келеңсіз тірлік, кесепатты кеп олардан кейін де түзеле салмағанын, қайта бұрынғысынан да бұзақыланып, өршелене өршіп, өрт қоздатып, талай бәйтеректің мәуесін күйдіріп, тамырын қырқып, таң мақшарда жолығар тажал отына талай жерде тірілей үйітіліп, талай кезде талапайға ұшырап, бұл заманға шығарға жаны, тамырға қаны сарқыла жаздап, эзер иек артып отырған азабы асқан халқы мен соры арылса енді арыла ма деп отырған ұрпақтарына жазғырса да жандары ашыр, місе тұтпаса да, мүсіркек деп ойлаймыз. «Орынында бар оңалады» деп кеткен өздері еді ғой. Сол арттарында қалған қара орындары – жан сала қорғаған ата мекендерінде бастары қарайып тірі жүрген біздерміз ғой. Өздері жоқтағы талай зобалаңнан тұздай құрып кетпей, басқыншының табанында тапталып қалған туды қайта асқақтата көтеріп, көрінген қолын сұқандатқан жер мен суға иелік

құрып, көлденең көк аттының қанжығасына бөктеріліп бара жатқан қасиетті қазыналарымыздың жұрнағын қайта жинап, өз таңдайымызда тұрып, өз көкірегімізге өгей болып кете жаздаған ана тілімізге қайта емешек үзіп, безіп кеткен дінімізге қайта мойын ұсынып, езіліп біткен елдіктің еңсесін қайта тіктемек жолындағы таудай тәуекелімізді көріп, тәубе десер деп дәметеміз. Қаршадайымыздан мойнымызға қарғы байлап, басымызға нокта тағып, жетім тайлақтай жетелеп әкетіп, жат қылмақ жады ниетке тартыншақтап, қалпынан шыққысы келмей қашқақтап, қақ-сұққа шыдап өскен жырық ерін, жыртық өкпе өз ұрпақтарымыз болмаса, күндердің күнінде бұған да жете алуымыз неғайбыл еді ғой. Зарыққанымызды көріп демер, тарыққанымызды көріп жебер деп дәметеміз. Өткенімізді көріп безінсе де, ертеңімізге сеніп елжірер деп дәметеміз. Біз Астанадан осында жол жүрер алдында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы: «Құдай тек ендігі жерде өлінің үрейін, тірінің мерейін ұшырмайтындай қып, қай ісімізді де оңға бастыра көргей. Қиянатты пейіл, қияметті мейір тоқтатады деген. Мейір оңалса берекет, пейіл оңалса әрекет өрге басар деген. Жаратқан тек берекеміз молайып бірлігіміздің әрекетіміз молайып тірлігіміздің оңға басқанын көруге жазғай!» – деген тілек білдіріп, баршаңызға дұғай сәлем жолдады. Басымыз өскей, бағымыз тасқай, еліміздің еңсесін биік, ұл-қызымыздың ырыс-несібесін мол қылғай!

О дүниелік ата-бабаның жолығар орыны – жаннат, бұ дүниелік жамағаттың жолығар орыны – жақсылық болғай! Осынау киелі орында қасиетті ата-бабаның алдындағы перзенттік қарызын түгендесе келген осы қауымның бұл тілегін көкте Алла, жерде аруақтар құп көргей!»

Бәйдібек баба мен Домалақ ананың басына ескерткіш кесенесі орнатылып, оның ашылу салтанатына қатысқанда:

«Ел арасында алалық түсіп, біреу баққа мастанып, біреу атакқа ашқарақтанып, біреу артық дәулет күйттеп, ағайын жарылып бөліне көшіп, кешегі жұрт айбынған айдынды мемлекет ыдырап, тоз-тозы шыққанда қара орында қалған бөліктердің басын құраған нақты тұлғалардың бәрі келе-келе аттары аңызға айналған.

... Біз бүгін жарықтық Бәйдібек атамыз бен Домалақ енемізге құрмет көрсету арқылы халқымыз дәріптеген асыл мұраттар мен биік мақсаттарға адалдығымызды айғақтаймыз. Сол арқылы қасіреті асқан халқымыз бен тақсіреті асқан тарихымыздың жоғын жоқтасып, кемісін түзесуге әрдайым әзір екендігімізді білдіреміз.

Біз үшін тәуелсіздіктен асқан мұрат, бірліктен асқан мақсат жоғын тағы да айдай әлемнің алдында жария етеміз. Уақытша қиындықтардан бола алған беттен адаспайтындығымызға өзіміз де, жұртты да сендіреміз.

Өткенін ұмытпайтын ұлтқа сенсеңдер – бізге сеніңіздер!

Атасын ұлықтайтын жұртқа сенсеңіздер – бізге сеніңіздер!

Анасын ардақтайтын ұрпаққа сенсеңіздер – бізге сеніңіздер! – дейміз.

Солардың арманын жалғап, өнегесін өрбітіп, өз келешегімізді өзіміз кемелдендіруге ұмтыламыз.

Келешек ғасыр мен мыңжылдыққа атаның өсиетіне, ананың ақ сүтіне адал ұрпақтар боп аттап, есесін ешкімге жібермейтін, еңсесін ешқашан түсірмейтін намысшыл қауым боп жетіліп, атамекеннің көркін, атажұрттың абыройын асыру жолында күш-жігерді аямайтындығымызды білдіреміз.

Құдай сол тілегімізді қабыл қылғай! Аруақ қош көргей!»

Түркістан тағылымын сөз ете келе, Әбекең ел болудың басты қағидаларын тарихшы мен пәлсапашыдан да терең талдап түсіндіреді. Қорқыт бабаның дін жақтаушыдан бұрын ел бірлігін сақтаушы екенін дәлелдей келіп қазақ хандығының бірнеше ғасырлық тарихына шолу жасайды. Түркістанның бүкіл түркі жұртының астанасы болуын негіздейді.

Әбекең өзінің шығармашылық жолын поэзиядан бастағанын айтып едік. Сол поэзияға деген іңкәрлік күні бүгінге дейін жалғасып келеді екен. Соңғы жылдары баспасөз беттерінен оқып жүрген өлеңдеріміз, жақында жарық көрген өлеңдер жинағы соның дәлелі.

Бүгінгі күннің қуатты ақындарының бірі Ұлықбек Есдәулет Әбіш Кекілбаевтың поэзиялық шығармаларына талдау жасап, өлеңдерінен мысал келтіре отырып былай дейді:

«Құлпырарға – көктем жоқ,

Қырқыларға ертерек,

Көрер көзге өктем боп,

Тұрмайтын ба еді өр терек.

(Думанды жерден суыстым)

немесе:

Күні-түні от шашып,

Жарқырайсын, шырақ күн,

Қалар еді тот басып,

Жердегі даттан жырақсын.

Сонау көкте тұрып ап,

Саған тозаң тие ме?!

Қара жерде жүріп-ақ,

Былғанбай гөр күйеге.

(Күні-түні от шашып)

Осы бір жолдарға Абай атамның өзі де қызыққандай-ау. Қыс аяғы созылып, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер тұсын бейнелеген,

өліараның аш өзекке түскен шағындағы қыспақта қанатын қомданып, ұшуға талпынған темірқанат көңілдің көрінісі. Қодар-қоғамның қылпыған қылышы көзге шалынбағанмен қырына алса қырықпай қоймас суық болат жүзінің сесі мен ызғарын сезінесің. Ертеңі бұлдыр, маңдайы тұман тағдыр. Қазіргі біздің біріміз мақтап, біріміз даттап, біріміз қарғап, біріміз қорғап, енді біріміз аңсап жүрген кенестік дәуіріміздің бір бейнесі осы өлеңде тұр. Және қандай тұтастықпен тамшыдай болып құйылып түскен!»

Әбіш ағаның сөздерінде мұң жоқтың қасы, керісінше, олардан жігерлілік, ілгеріден үміт етушілік, күрескерлік лебі еседі де тұрады. Шындықты айту үшін бақан ала жүру шарт еместігін мен өзім Әбіш ағаның еңбектерінен ұғынған сияқтымын.

Қырғыздың ұлы дастаны «Манастың» мың жылдығы бола ма, елдегі тарихи оқиғаларға байланысты бола ма, Әбекең адал бағасын берер сөзін ұдайы айтып келеді.

Нұрғиса Тілендиев, Тахауи Ахтановтардың жаназаларында сөйлеген сөздерін қараңызшы. Төгіліп, ақтарылып жатқан ой дариясы, сезім селі.

Көп жазушыны, мемлекет қайраткерлерін немесе саясаткерлерді көріп жүрміз, көбісі алдын ала дайындап алған тезистерінің өзін қарап тұрып адасып, ойын қайталап, тұтығып жатады. Әбекең қай мәселеде болсын, қандай уақытта болсын, қандай көңіл-күйде болсын біркелкі, ағыл-тегіл.

Қазіргі заманның көсемсөзі де Әбіш Кекілбаевтің қатысуымен, белсенділігімен өтеді. 50 жасқа келген 25 жазушының тойында сөйлеген сөзі, соңғы кездердегі Фариза Оңғарсынованың, Бекболат Тілеухановтың кештеріндегі сөздерінің өзі бір-бір хикая.

Менің ол кісінің шығармаларының ішіндегі ең бірінші оқығаным «Аңыздың ақыры» хикаясы. Мені Әбекеңе құрметпен қарауға алғаш жетелеген еңбегі де осы. Одан алған әсерім ұшан-теңіз болған. Жасырақ, күнәдан пәк, өмірді кітап арқылы өлшейтін, пиғылымыз да қимылымыз да адал кезіміз, қызғаныш, жарға адалдық деген сезімдердің ересек тартқан мерзіммен салыстырғанда оншалықты күрделі екенін сезінбеген мерзім. Кітаптағы сүйікті тоқалын қоршаған күншіл топтың дем берушісі құрт түскен алма арқылы падишаға «сенің сүйіктің – сенің ғана сүйіктің емес» дегенді жеткізетін тұсы естен кетпестей әсер қалдырған еді. Бұрын оқыған кітаптарымның ішінде есімде қалғандарын арада көп жылдар салып қайта оқитын өз әдетімше жиырма шақты жылдан кейін бұл хикаяны қайта оқығанымда сол баяғы әсерге қайта жолықтым. Жазушының шеберлігі мені осындай бақытқа бөледі. Өзіме деген өлшемімді таразылады.

Қазақтағы үлгілі азаматтар – Ілияс Омаровтың мамандығы сауда қызметкері, Өзбекәлі Жәнібековтің мамандығы мұғалім болған. Айтпағым – Әбекеңнің үлгілі мінезі филолог немесе жазушы болғандықтан ғана емес.

Адамдардың пайдалысы – адамдарға пайда келтіргендер. Осы тұрғыдан қарасақ, жеке адамға пайда келтіруден гөрі адамдарға пайда келтіруді биік мұрат тұтқан Әбекең пайғамбар жасына жуықтаған шағында халқының абыз ақылшысына айналды десек артық емес. «Жұрт жеп жатқан нәрсе ғой» деп жекешелендіруден өз үлесін алып әйеліне не баласына жазып қойса, біреудің баласын, біреудің жиенін жұмысқа сүйрелеп жүрсе, біреуге дүкен, біреуге ғимарат сұрап делдалдық пиғыл көрсетсе, айтқан сөзі мен істеген ісінен алшақтық танылса, баяғыда белгілі болып, нағыз зиялылық, нағыз азаматтық деңгейге көтеріле алмаған болар еді, өйткені асыл менен жасықты, шын мен жалғанды ажырата білетін халық – дананың ұдайы көз алдында жүр.

Бүгінгі адамдар – шыны. Уағызшының сөзіне емес ісіне қарайды. Әбекеңе қарап мен тындай білуді үйрендім, ол кісі адаммен тең кісідей сөйлесу мәдениетімен қоса, өзі келіспей отырған кездің өзінде де оппонентін тындай алады.

Бүгінгі қазақ бірнеше себеппен ойланбайтын болып алды. Біріншісі, ғасыр басынан бері ойланатындардың жолы болмай, айтқанды істейтіндердің жолы болғандықтан адамдар соған қалыптасты. Екінші себеп: ойлануға уақыт жоқ. Газет, теледидар, ішу, жеу, отырыс, бос сөз. Үшіншісі – ойланатындай өре жоқ. Ойланғанмен ешқандай жарытымды ой шықпайды. От басы, ошақ қасы, күнделікті күйкі тірлік қана. Төртінші себеп – ойланбаған тиімді. Тыныш. Әбекеңнің табиғаты осы себептердің бәрінен ада.

Әбекеңнен ілгеріректе оқыған бір сөзім бар еді: «Дінге неғұрлым ертерек кір, бірақ оның шеңберінде қалып қойма» деген.

Көп адам көңіліндегі көп сайтанын тойындыра алмай әуреленіп жүрген мына бір заманда билік пен барлыққа қызықпайтын таза, мөлдір адамды табу қиын. Билік пен байлыққа қызықпау үшін не өз өмірін беталды жіберген бейтарап, не болмаса шын данышпан болуы керек. Әбіш ағаны қайсысына жатқызу оқырманның өз еншісінде.

Баланы ұлша тәрбиелесең ұл болады, құлша тәрбиелесең – құл болады. Әбекеңнің анасын көрген кісінің бәрінің аузынан бір ақ сөз естідім. Бар қасиет – анасынан. Сөз сөйлегенде ағып тұрған ақ анадан кейін менмін деген жазушылардың өзі айтуға сөз таба алмай, «апам айтқандайдан» аса алмай қалады екен.

Біздің көбіміздің организмimiz жалғандықтың уымен уланған. Шындықты айту мүмкін болмай қалған жердің өзінде жалған сөйлемей, тым болмағанда үндемей кететін Әбіш Кекілбаев мұнда да үлгі. Билік басындағы қызметтестері «Әбіштің үндемей қалғаны – келіспегені» дейді екен.

Билеушіні өз уақытында бір қауым ел таныр. Сөйтер де ұмытар. Байлық иесі де сол. Берсе жақсы, бермесе алақөз. Екеуінің де баянсыз болатын себебі сол.

Адам билікке рахат үшін ұмтылады деп ойлаймыз. Билікке кісі жалғыз рахат үшін ғана емес, өз эгоизмін қанағаттандыру үшін де ұмтылады.

«Қасиетсіз екен» деп сен туралы бір-ақ адам айтса, соның өзі қауіп. Ол – қарғыстың үлкені. Әбекең жайлы алыс-жақындағы ол кісі азды-көпті білетіндердің бір де бірі олай айта алмайды.

Өзінен үстіндегі киімі қымбат адамдар бар. Әбекең мұнда да ерекше. Қымбатынан гөрі қонымдысы, жарасымдысы болса сақтап кимей, баптап ұзақ киюге бар. Бұған өмірдегі адал серігі, барлық істердегі көмекшісі, Әбекеңді балаша күтіп, мәпелеп отырған Клара апайымыздың үлесі мол. Әбекең жұмыстан үйге кіріп келгенде алдынан желбегей шапаны мен жұмсақ шәркейін алып дайын тұрады. Қас қабағына қарап, қандай көңіл күйде екенін біле қояды. Клара апайдың үлгісін алған келіндері де өз күйеулерін нақ солай күтетінін байқағанда отбасылық рәсімдердің қасиетін ұғынасың. Басты тәрбиені адамдар үйдегі басыелерден алатынын көріп, үй ішлік күнделікті үлгінің маңызын түсінесің.

Адамның басында бағы тұрған кезде қандай болғаны басынан бағы тайғанда білінеді. Әбекеңнің басындағы бағы аумалы-төкпелі емес, тұрақты бақ. Билікпен келген бақ емес, еңбекпен келген бақ. «Сендер өтесіңдер де кетесіңдер, ел қалады, мен қаламын, ақыры өткінші екен деп бетіңмен кете берме. Мен шығармашыл адаммын, маған билік керегі жоқ, елді кісі төзгісіз жағдайға апара бермеңдер» деді аздап қызыңқырап қалған Әбекең ұшақ үстінде бірге ұшып келе жатқанымызда сол кезде билік басында отырған маймақ сарыға. Бұл көріністен позиция деген көзге ұрып тұратын белсенділік қана емес екенін түсіндім.

Қатты ренжігенде де шегінен шықпай, ызасын басу үшін шекесін сипай беретіні, түрі күреңітіп кететіні, риза болғанда шашын алақанымен салалай сипап, орындығына шалқая отыратыны бар.

Кіші көлемді істердегі басшылық пен үлкен ұйымдардағы жетекшілік екі басқа. Біріншісінде негізінен адамдар арасындағы үйлесімділікке күш салынса, екіншісінде сенімге, жүйені орнықтыру мен қорғауға баса назар аударылады.

Маған Әбіш аға бүгінгі күнімен емес, ертеңімен өмір сүретін секілденеді. «Халық ертең мен туралы не айтады» деп уайымдамайды, не айтатынына сенімді, сол үшін өмір сүреді. Жинаған байлығы – білімі, ол қайырлы істерге қызмет етері сөзсіз. Ол кісі оған сенімді.

«Ол – жалпақшешей, мақұлшыл» деді Әбіш ағаның бір әріптесі. Рашид-ад-дин Хамадани жалпақшешейлікті тоғышар пейілділіктен де болатынын айтады, оны күпіршіліктің бір түрі деп есептейді. Менің өз ойымша да ең қауіптілер – маған бәрібір дейтіндер. Өмірге қалыптасқандар. Енжарлар. Өз өмірін заман толқынының ағысына бетімен жібере салғандар. Бірақ маған бәрібір деу рухы биік адамдарда да кездеседі. Бұл – тағдыр, соның жазуы, оған төзу керек дейтіндер. Әбекемнің салқынқандылығын осы соңғыларға жатқызамын.

«Егемен Қазақстанда» редактор болып қызмет еткен кезінде қызметтес болған журналист жігіт айтады: «Әбекең өте жұмсақ, ертеңгілік талдау өткізген кезде өткен жолғы тапсырмасы орындалмай қалған болса: «ойдағыдай болмапты да, әттегене» дейтін де қоятын», – дейді. Әркімге Құдай әрқилы мінез, әртүрлі қабілет берген. Әркім өз мүмкіндігін әртүрлі жолмен жүзеге асырады. Әбіш ағаның таңдап алған жолы қатаң талапсыз, айқай-шусыз, әркімнің ұятына салып қою болса, оны мін деуге болмас.

Құдайдан мейірім мен кешірім тілеген басшы қол астындағыларға кешірімшіл. Басқару мен бұйырды айыра білген басшы ұтады. Бәрібір зорлықпен жақсы көріне алмайсың, істі зорлықпен орындатқаннан да ойдағыдай дүние шықпайды. Маған бәрі сөзсіз мойынсұнуға тиіс, менің айтқаным болуы керек деген ойды алысқа қуа білген басшы – ізгі.

Орындауға тұрарлық іс істеуге ниеттену, оны атқарудан қиын.

Әбекеңнің қызмет дәрежесіндегілердің көбінің сөздерін біреулер дайындап береді. Әбекеңнің мен білетін бір қасиеті өз сөздерін тек өзі ғана жазады.

Бірде сайран, бірде мұң, өмір өтіп жатады. Сол өмірдің қайығын қалтылдатып, бетімен жіберіп алмаған дұрыс. Уақытта із қалдыру әркімнің өз еншісінде. Әбекең уайымсыз жүріп, уақытын текке өткізетіндерден емес. Ол құлшыныс пен тәубені тең ұстап, өзі ғана жетіліп қоймай, өзгелерге де үлгі болумен ғұмыр кешіп келеді. Қашан да болмысы байсалдылықпен байып, мінезі қарапайымдылықпен көркейіп тұрады.

Әбіш ағамен он айдай ғана қызметтес болдым. Алдына қашан кірсен де оқып немесе жазып отырады. Ойын бөліп жібердім бе деп уайымдайсың. Көзіме түсіп, көңілімде сақталып қалған бір қасиеті, алдына барған кісі әңгімесін бастағанда ол кісі әлі ой үстінде отырады. Бір кезде барып келген кісіге бажайлап қарап, оң алақанымен бетін жоғарыдан төмен

көлдененінен бір сипап өтеді. Кірпікті жауып, бетті қалпына келтіретін қарапайым әдіс. Әбекеңнің сол әдісі компьютердегі ашық тұрған файлды жауып, жаңа файл ашуға әзірлік секілді. Мұхамед пайғамбар керемет логик болған шығар. Бет сипаса ой бөлініп, уағызға немесе тілекке бет бұрылатынын байқап, «әумин» дегенде бет сипауды ендірген-ау деймін.

Дүниеде дарынды адамдармен жақындасу оңай да алыстау қиын. Есіктен кіріп келгеніңде ойыңды қалыбыңнан, мінезіңді емеурініңнен таниды. Төңірегіне кешірімшіл. Тіршілігін есепке құрмаған, баладай аңқау, пенделік пиғылының өзі таза.

Әбекеңнің сөздерін оқығанда тұнып тұрған ой көресің. Соның бірі: күші көптің ақылы көпке бас иетіні. Швед халқы да XV ғасырда қазақ халқы секілді жаугер болып, бүкіл Еуропаға үрей туғызыпты. Бірақ XX ғасырдың басында онысымен ұзаққа бармасын біліп, ғылымға бой ұрған. Әбекең қазаққа осы жолды ұсынудан танбайды. Бәрін біліп тумаған болар. Өзін өзі жеңген. Өзін өзі төзімділікке тәрбиелеген, тіпті – зорлаған. Ең қиын іс – адамның өзін өзі жеңуі. Өз еркін өзі билеуі.

Қазақ өзгеге еліктегіш. Өзіндегіні менсінгісі, мойындағысы келмейді.

Әбекеңнің басында жоқ екі мінезді білемін. Ол – күншілдік пен өшпенділік.

Күнде таңертең тұрғанда тағдырымыздың ең шешуші күніне қадам басқалы тұрғандай талпыныс жасауды, сөз сөйлегенде орайын тауып, оңтайын келтіріп, түзеп, бағыт беріп жіберуді, бой-басымызға қарауды, жағымсыз күй бола қалғанда да кісіліктен ажырамауды Әбекеңнен үйренсек.

Тіршілік – көлдің бетінде, замана – желдің өтінде ескексіз қайықтай қалтылдаумен ғұмыр кешкендерге, қашан көрсең жаусырап, өштік іздеп отыратын өшпендіге, қанағатты ұмытқан тойымсыз жебірге, мен біреуден неге қалып барамын деп емес, өзінен ешкім озбаса деп тілейтін көре алмасқа, тағы сондай төмендерге бағыт берер, тауфиқ-тәубесіне келтірер сөзді мен Әбекеңнен табамын.

Ол кісінің сөзі ғана емес, ісі де солай. Жетістіктерге жетіп жүрген адамның күндесі көбейеді. Күндесім көбеймесін деген кісі Әбіш ағаша қарапайым, елеусіз ғана ғұмыр кешеді. Иманын түзік ұстайды.

Мемлекеттік хатшы ретінде неге көрінбейді, не істеп жатқаны белгісіз деген пікірлерді де естіп қаламыз. Кез келген басшы стратег әрі саясаткер болуы керек. Қалғанын қарамағындағылар орындайды. Мемлекеттік хатшы да солай. Өз қолымен ғана жасап, өз аузымен ғана айтуы шарт емес.

Керек болса, ол мемлекет ісіне араласа жүріп, өзін көрсетіп, өзін-өзі насихаттамай-ақ іс тындыруға болатынын дәлелдеп жүрген бірден-бір

саясаткер. Тәңірдей көріп жүрген адамың өзін көрсетуге тырысып, өз абыройын асыруға өзі қызмет етіп жүргенін көргенде түңілемін.

Бірде Алматыда бір ғылым докторымен Әбеке жайлы сөзге келіп қалдық. «Әбекеңнің Парламентте несі бар. Шығармашыл адам. Кітабын жазып жүре бермей ме. Сонда қайта бүгінгісінен бағалы болар еді» деді ол. Мен «Әбекеңнің бүкіл шығармашылық жолы билік табиғатын зерттеуге арналғандай емес пе?! Ал билік табиғатын тану үшін билікті ішінде зерттей алатын мүмкіндік болғаны жөн емес пе?! Алла берген талантты адал күзеткен кісіге қайда жұмыс атқарғаны бәрібір емес пе, жұмыс бабын өз мүддесі үшін пайдаланып жатқан ештеңесі жоқ, сонда титтей билікті ол кісіге не үшін қимаймыз?!» дедім. Түбі түсініспей тарастық.

Содан бірер ай өткен соң қазақтың «кұлды құл десең өлгісі келеді, биді құл десең күлкісі келеді» – деген аса терең мағыналы тұспал сөзін оқыдым. Оқыдым да Әбекеңді қорғап босқа арамтер болыппын дедім. Әбекең бүгінгінің биі, Бұхары, Төлесі ғой деп ойлады.

Егер әркім өз пиғылын Әбекеңше таза ұстайтын болса, соны ұстанғандардың бәрі зиянды әрекеттерден арылар еді, халықтың биліктегілерге құрметі мен сенімі артар еді.

Әбіш аға маған ұдайы өз халқының ұлттық мінезінің тазалығын зерделеп отырушыдай көрінеді. Әр ұлт өз мінезін ұқыптап сақтап, бөгде мінездердің еніп кетпеуін, ене бастағанының сіңісіп кетпеуін қадағалап отыруы керек. Әкеге жұққан бөгде мінез балаға, одан немереге көшкенде сол ұлттың өз мінезіндей болып кетеді. Кедейлікті жеңу үшін неге кедей екеніңнің себебін іздеуің керектігі сияқты, осы мінез біздің ұлтымызға неге жұғып барады дегенді талдап отырарлық зиялы топ керек.

Әбіш ағаның ілгеріректе жазған бір мақаласынан жүз адамның біреуі – өмірге икемді, мың адамның бірі – жетекші болуға жарарлық, он мың адамның бірі – ақылды, жүз мың адамның бірі – барлық талаптарға сай ізгі адам, ал тек миллионнан бір кісі ғана шын данышпан деген мағынадағы бір сөзін оқып едім, өкінішке орай сақталып қалмапты, жобалап айтқандағы мағынасы ғана есімде қалыпты. Ойлап қарасаң – рас.

Біреулер бар, аз ғана еңбегін түйедей етіп көрсетуге бар, біреулер көп ісін аз етіп те көрсете алмайды. Немесе – көрсетпейді. Біреуге артық көрінетіндей болатын баға біреудің тірсегіне де келмей жатады. Буниннің «Его нельзя мерить аршином маленьких людей» дегені бар.

Қас талант қадірленбесе, халық намыстанады. Ақылды билеушінің таланттыларды қолдайтыны өзі үшін.

Сизиф – бар күші, ынта-жігерімен тауға тас домалатып, басына барғанда жіберіп алған герой. Аңызда ол тасын қайтадан домалатып тауға

шығады. Габриэль Маркес «бақыт деген тау басында болу емес, сол тауға өрмелеп, биікке көтеріліп бара жатқан сәттің өзі» дейді.

Биік ұлт болып қалыптасу үшін қажымас қажыр-қайрат, жігер-күш, жаңашылдық, дәстүр мен жөн-жоралғыны ұстау мәдениеті, тәуелсіздік сезімі, діндарлық, терең адамгершілік, сөзде тұру, парызды сезіну секілді қадау-қадау мінездер керек. «Ойланып-толғану – ең қиын жұмыс, сондықтан онымен санаулылар ғана айналысады» дейді Генри Форд.

Қазақ баласының дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы саналы сезімі – бақытты болсам деген арман. Үлкендері де солай тәрбиелейді. «Білімдар болсам, бір кәсіпті меңгерсем, маман болсам» деген ойы бардың өзі түпкі мақсатын сол салада жетістікке жетсем деп емес, сол салада биліктің биігіне барып отырсам дейді.

Адамдарды зиялы және қараңғы деп екіге бөлуге болады. Ұлы мақсат – қараңғыларды азайту.

Менің сезімім – менің ұятымның өлшемі, оған иелік етуді өзіме қой деп айқын айта алатын адам нағыз азамат.

Бір кісі біраз адамдарды бір қымбат ресторанда қонақ етті. Сол жерде сөз бастаған, қасиетіне өзім табына қарайтын бір ағамыз дастарқан иесіне арнап: «бұндай жерде қонақ ету екінің бірінің қолынан келмейді, ол үшін тек керек» деді. Әбекең кісінің тегін берген қонақасыға қарап бағаламаған болар еді деп ішімнен ойлады.

Бүліну адамның өз ішінен басталады. Әуелі өзін сендіреді. Сыртқа шыққанда дайын қимылға ауысады. Сондықтан әңгіме адамның ішкі тазалығында. Патша үшін де, пақыр үшін де солай.

Қазір адамның санасын қауіп-қатер билеген заман. Бәле қайда – басаң аяқ астында деген сөз бүгінгі күнге де лайық. Ондай кезде салалы пікір айту да қиын. Соғыс, төңкеріс, ату-асу, арыз, асыра сілтеу, екпінділік.

Теледидардан шындық үшін күрескен болып жатқан адамдардың ішінде өзіне берілген «жәрдемді» атқарып жатқандары көп. Дүние – жалған дегенге осы да жатады.

Кісінің қызметте өскеніне құмарлардың бір тобы – тілеулестер, атқара алатынына сенетіндер, екінші топ – бірде болмаса бірде пайдасы тиіп қалар деп есеп жасайтындар, үшінші топ – қызмет алып алған соң қалайда пайдаланамын, қызметі арқылы өзіме қызмет етуге мәжбүр етемін дейтін бақай есепшілер.

Сенім – діннің діңгегі болды. Дін о дүниеде игілікке жетесің десе, социализм әуелі мемлекетті байытып алсақ, бәріміз байымыз деп бізді жарқын болашаққа сендірді. Қазір сенім қалмады.

Әбіш жолы бүгінгі өмірге пессимистік көзқараспен қарайтындарға, менің ойымша, шын пессимистік ілім марксизм екенін айтпай ұқтырады.

Өйткені ол сананы тұрмыс билейді дейді. Яғни материя – бірінші, сана – екінші. Демек, бәрі тұрмысқа байланысты айқындалады және материяның жәрдемінсіз сана ештеңе де жасай алмайды. Бұл – маркстік пессимизм. Сондықтан марксист болу керексіз.

Мен әркім өзін қол жетпес биіктемін деп есептейтінін сезінгеніме көп болған жоқ. Бұл жерде де Әбекең ерекше күйінде қалады. Ол өзінің биікте екенін біле тұра онысын көпке көрсете жүруді керексіз деп біледі.

Кейбір «кәсіпкер» саясаткерлер мен қоғамда өздерін қайраткермін деп санайтындардың ішінде өз престижін ұғынып алған соң тойға барудың өзін сатулы ететіндер шықты. Бір облыстан шыққан, өз саласында ерекше табысқа жеткен, бірақ қабілеті үшін емес, басқа себепке орай бағалы бір кісіге өз жеріне тойға барғаны үшін он мың доллар беріледі дейді. Тойға шашылған жыр да сатулы. «Екі нәрседе шек болмайды – депті Платон. Ақылда шек жоқ, содан кейін – надандықта шек жоқ». Өзін шектей білетін, оны ұдайы бақылап отыратын және оны қажеттілік деп ұғатын кісілер құрметке лайық.

Даналық туа да бітеді, жүре де бітеді. Туа бітіп жүре жетілген даналық – нағыз даналық. Діндарлар әлемде жүз жиырма төрт мың пайғамбар болған деседі, сондағысы, алдымен тарихтың тереңдігін білдіргісі келсе, әрі пайғамбар пиғылды адамдардың көптігіне мегзесе керек. Әбекең нақ сол пиғылдағы кісі.

Адам, оның ішінде саяси тұлға, ісінің дұрыстығына, елі алдында ешқандай қарыз жоқ екеніне және ешкім өзіне де сыртынан да айыптау сөз айта алмайтынына сенімді болуы керек. Әбекең нақ солай өмір сүріп келеді.

Әбіш Кекілбаев әрбір сөзін безбендеп, салмақтап айтады. Себебі айтылған сөз – атылған оқ, оны қайтарып ала алмайсың.

Көсемсөздік еңбектерін оқығанда, Абайдың «Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай және айта бер дейді жұрт тыным бермей» деген сөзі есіме түседі. Есіме түсетіні ол кісі көп бұрын жеріне жете түсіндіріп кеткен мәселесін кейбіреулер қайталап сұрап жатады. Сонда да байсалдылықтан танбай, асықпай түсіндіріп жатқаны.

Американың арманшылдары болашаққа сенеді, өйткені көзі көріп жүрген істерге көңілі толады. Ол елдің Президенті апта сайын ел алдында бір идея ұсынып сөз сөйлейді. Швейцарияда – тұрақтылық. Немістер білігіне сенеді. Біз немізге сенеміз? Осыған қарамастан мен сенсем Кекілбаевтың адалдығына сенемін. Сондай биікте отырып халқына көзге көрсете тигізіп жатқан тікелей пайдасы көп емес дегендерге айтар жауабым дайын. «Қапастағы бұлбұл сияқты, осы күнінен университеттер-

де лекция оқып, энциклопедиялық білімін жайып салып, студенттердің әлемге көзін ашқаны ел үшін тиімді болар ма еді» дейтіндерге қосылар да едік кей-кейде. Ылғи келісе бермей немесе үндемей қала бермей есікті тарс жауып: «Бұл саясатпен келісе алмаймын, сондықтан қолдағым келмейді» деп ашық шығар мінез болар ма еді дейміз. Іштегі әділеттілік сыртқа теуіп тұрғанына не жетеді деп армандаймыз.

Дегенмен, Құдайдың мына өмірді осылай жаратқанын, ол менің пәндәуи қиындықтарыма түкіріп те қарамайтынын, сонда да өмір қымбатты әрі арайлы екенін сезінудің өзі рахат. Дені сау, жұмыс қабілеті бар, сана-сезімі орнындағы кісі өмірін мағыналы еткісі келсе елінің өркендеуіне, ұлттың рухына бір тамшы болса да үлес қосуға тырысса, өз көңілін өзі көтеріп жүре берудің орнына нақты бір іс жасауға ұмтылса, ондайлардың саны көбейе түссе, халқын жетелеуге жарарлық нағыз интеллектуалдар осылай жетілетін болар деп тәубеге келеміз.

Біз өмірге қонақпыз, келеміз де кетеміз. Келгенде бізден бұрын кеткендердің бітіре алмай кеткен істерін бітіреміз дейміз, бірақ бітіре алмаймыз, бізден кейінгілер де солай ойлайды, бірақ нәтижесі біздікіндей болады.

«Алдымнан ұятым шығып, көзіме тура қарап, үнсіз сауал тастаса мен оған не деймін?» дейтін данышпандық сөз бар. Ұятының алдында есеп бере алатын, оны жай тәртіптілік немесе тәуір көріну үшін емес, шынымен жасаушы кісі іздесеңіз – менің кейіпкерім соның өзі.

Ұлы испан философы Бальтасар Грасианның «Ақыл қалта» деген кітабы мынадай сөзбен басталады: «Ежелгінің жеті данасымен салыстырғанда бүгінгінің бір данышпанынан көп нәрсе талап етіледі». Бұл сөз жазылғанына үш жарым ғасыр өткен бүгінгі күнде де оның мағынасы өзгерген жоқ. Бүгінгі алдыңғы қатарлы азаматтарымыздан шынында да көп нәрсе талап етіледі, себебі заман асығыс, тез дамуға бет алды. Осы талап тұрғысынан қарағанда және Әбіш Кекілбаевтың кісілік болмысын зерттей отырып, одан кемшілік іздесем, онысы – телегей-теңіз білімін кейінгіге аз беретіні дер едім. Ол кісінің орнында болсам, университеттерде сабақ беріп, төңірегіме шәкірттер топтап, оларға кісілік жайлы дәрістер берер едім. Ұлы Абайдың төңірегіне шәкірттер жинап жүретіні, Мұхтар Әуезовтің студенттермен ұдайы байланысы болашаққа керек азаматты тәрбиелеуге үлес қосу ниетінен туған. Бүгінде де сол қажеттілік ұлғаймаса азайған жоқ. Бүгіндегі билік саласындағы қазақ зиялыларының көбі халықшыл емес. Халықты ағартумен айналыспайды. Қазақтың тілі, ділі, діні әлсіреуіне сол зиялылар да кінәлі. Өйткені ел еріне қарайды. Кез келген толқынның қуаты жеке адамдардың қарым-күшіне байланысты. Менің қолымда болса, бүгінгі адамның ішкі дүниесін

зерттейтін бір топ ілімдерді біріктіріп, адамтану деп атар едім. Оның тән тану, ар тану, жар тану, мінез тану, жер тану, ел тану деген бөлімдері болар еді. Сол жүйені тұтасымен Әбекене басқартар едім. Өйткені қазақта: «тозатыныңды тоздырмайтынға бер, жоғалатыныңды жоғалтпайтынға бер» деген сөз бар. Тозып бара жатқан рухымызды тоздырмай алып қалу терең білімді, замана ағымын өз елінің мүддесімен ұштастыра алатын азаматтың ғана қолынан келеді.

Осы орайда елдің рухани дүниесінің қалыптасуына иелік етіп отырған азаматтарға да өкпе бар. Әбекендей азаматты Ұлттық ғылым академиясына академик ететін уақыт әлдеқашан жетті. Бұрынғыдай Мәскеуге тәуелді емеспіз. Өз қолымызда. Жалпы, академиктік атақты қасаң талаптарға бағындыра бермей, міндетті түрде ғылым докторы болсын немесе ғылыми мекемеде бәленбай жыл қызмет етсін деместен, елден ерек қабілет пен қасиет иесі болса, ондай атақты аямаған жөн деп ойлаймын. Академик атағын өзі сұрап, реттеп алып жатқандар толып кеткен мына бір заманда өзі сұранып алмайтындарды ұсынар, қолдар кісілік шықса дейміз.

Орыстың ұлы жазушысы Лев Толстой қытай ілімін зерттеп, алған әсерін былайша баяндайды:

«Шын ілім адамдарды биік ізгілікке үйретеді, ол – адамдардың жаңаруы. Биік жетістікке жету үшін:

Бүкіл халықтың тұрмысы жақсы болсын.

Ол үшін: отбасының жағдайы жақсы болсын.

Ол үшін: жеке өзінің жағдайың жақсы болсын.

Ол үшін: жүрегің таза болсын.

Ол үшін: шыншыл бол, ой саналылығы болсын.

Ол үшін: жоғары сатылы білімің болсын.

Ол үшін: өзінді-өзің зертте.

Ақылды адам өзі жалғыз қалғанда да өзіне сақ, ол қашан да тепе-теңдік пен келісімді сақтайды. Оны барлығы бірдей біліп, құрметтемесе де ол оған өкінбейді. Оның ісі елеусіз жасалып-ақ ұзаққа жетеді.

Адам жетілудің, үлгісін өзінен табады. Ізгі кісі өзін жетілдіргенімен өзгеден соны талап етпейді. Өзін жетілдіруді қиынсынған кісі алдамшы жолға түскен кісідей: ылғи алаңдаумен, бақытты сәтті күтумен болады. Адам ізгілікке жетсе, садақ атып, тимей қалғанда межелеген нәрсеге емес, өзіне өкпелеген мерген сияқты, сәтсіздік бола қалса өзгеге өкпелемейді. Жетілуге ұмтылған адам ұзақ жолды біртіндеп өтетін, тауға өрмелегенде төменнен бастаған адам сияқты.

Тоғышар адам бір іс туралы оны білмей тұрып пікір айтады, менмен кісі мәселенің шешімін өзі айтуға ұмтылады. Ізгі кісі үшін мәселенің

ірі-ұсағы болмайды, ол ең майда мәселені де байқаусыз қалдырмайды, соның өзін жетілу дәрежесіне жеткізуге тырысады. Ол өзінің ескі білімін бағалайды және оны толықтырып отырады.

Ізгі адам мынаны уайымдайды: әркім өз жүрегін ұдайы тыңдайды, онда ешқандай есуастық қалмауын ойлайды.

Ізгі адам өзгенің көре алмайтын нәрсесін көреді. Аспан әрекетінде жарық та, дыбыс та, иіс те жоқ. Оның тек ізгі кісіге көрінетінінің себебінің өзі сондықтан».

Осыны Толстой Әбекене арнап айтқандай көрінеді. Әбекен ілімі, Әбекен үлгісі ескірмейді, ұмытылмайды, қашан болсын ілгері жетелеуін қоймайды. Өйткені ол ілім атам заманнан қазірге дейін жалғасып келе жатқан барлық ілімдермен үндес.

Әбекеннің 60 жасқа толуына орай ақын інісі Темірхан Медетбек «Ана тілі» газетіне «Әбіш Кекілбаев» деген өлең жариялады. Ол өлеңді тамсанбай, тебіренбей оқу мүмкін емес. Одан үзінді алу да қиын, сондықтан толығымен келтіруді жөн көрдім.

Қара нардай қатепті

Алп, алп басқан, алп басқан,

Маңғыстаудың жеріндеі

Маңдайы ашық марқасқам!

Қуат алған, күш алған

Қарындастан, қандастан.

Қолдасқанмен қолдасқан,

Арбасқанмен арбасқан.

Бұйра бұлт секілді

Бұйра шашын қар басқан.

Бір өзі бір үй толтырып

Отыратын қасқайып

Жаралғандай жартастан!

Алп, алп басқан, алп басқан,

Маңдайы ашық марқасқам.

Әділдік үшін туыс пен

Жақынын да жатсынған.

Шамына тисе, болаттай

Шамырқанып шарт сынған!

Өңменінен өткізіп,

Жетесіне жеткізіп

Айтам десе, айта алған.

Жібектей сонсоң есіліп,

Бәрін де, бәрін кешіріп

Қайтам десе қайта алған.

*Елім десе, қақырап
Қабырғасы сөгілген,
Жерім десе, шырқырап
Жан-жүрегі езілген,
Артық та туған ағам-ай!
Сапырып сөздің теңізін
Іздеген ойдың маңызын.
Өткеннің қиян түбінен
Арқалап жеткен аңызын.
Халықтың мұңлы зарынан
Жаралған қара қобызым.
Халықтың шерлі жанынан
Жаралған дана Абызым!
Сөйлеп берсең шешіліп
Айналасың шешенге,
Сөйлеп берсең көсіліп
Айналасың көсемге.
Сол бір кезде мен сені
Бұлт байлаған басына
Қаратауым десем бе,
Алатауым десем бе,
Жанартауым десем бе,
Дара тауым десем бе,
Дана тауым десем бе?!*

Әбіш ағамен тығыз араластығым жоқ. Ол кісінің маған жылы пейілін ғана сезінемін. Жылылықты пайдаланып ұдайы араласып тұруға ұмтылмаймын, себебі, көнеден бүгінге жеткен, Конфуцийлерден қалған рәсім, дәстүр, жөн-жоралғы деген қасиетті ұғымдар ұлы кісілерді айрықша ұлықтауды, мезі етпеуді, яғни, біздіңше айтқанда аяқ асты етпеуді қатаң тапсырады. Осыны ұстанамын да ол кісіні рухани ұстаз тұтынумен, жолыққан сәттерде оны зерттей түсумен шектелемін. Сырт көзге суықтау, оңайлықпен еліге қоймайтын, енжар, бейтарап көрінетін оның салқынқанды кейпі саналылықтан, биік адамгершіліктен, ізгіліктен деп ұғынамын.

Жақында, Әбекеннің бір жайдарлы әңгіме үстінде айтқаны деп, республика Үкіметін он төрт жыл басқарған Бәйкен Әшімов: «Біз бірін-бірі жақсы білгісі келсе, бір-бірінен: Елінде кімің бар? – деп сұрайтын жұртпыз. Құдайға шүкір, мұндай сауалдың тұсында сақал сипап қалған жеріміз жоқ. Жау бетке – білектімізді, дау бетке – біліктімізді жұмсаған халық-

пыз» деген сөзін асқан ризалықпен «Егемен Қазақстанда» жариялаған мақаласына арқау етіпті.

Кез келген толқынның қуаты жеке адамдардың күшіне байланысты.

«Адамды қатты сүйіп, қатты сеніп қолдан Құдай жасама» дейді ескі де жаңа діндердің бәрі. Сонда да Кекілбаев мен үшін үлгі. Өйткені ол менің барлық ішкі талаптарымның бәріне жауап береді. Мұхамед пайғамбардың бір хадисінде: «шариғат – менің айтқан сөздерім, тариқат – менің жасаған іс-амалдарым, хақиқат – менің ішкі сырым» – делінген. Әбекен осы үшеуінде де үндестікке жеткен.

Кекілбаев бала кезінде, соғыстың соңғы жылдары бір түс көріпті. Түсінде үй сыртында тұрған көкшіл шапан сұр етікті, биязы күлкілі, шырайлы жанарлы, нұрлы өңді бір кісі «Бері кел, балақай. Шығып кет, қорықпа. Мен Құдаймын» депті. Қарғып тұрып, есіктен сыртқа атып шықса, сыртта ешкім жоқ, күн ғана мейірімін төге оның өзіне ғана қарап тұрғандай екен. Осы түсін алпысыншы жылдары Мұқағали ақынға жорытыпты. Мұқаң: «Байқа, бауырым. Саған көктің назары түсіпті. Сауығың сарқылмас. Базарың баянды болар» деп көлдария көңілмен жақсыға жорыған екен.

Көктің назары түскен, базары баянды жазушы әрі саясаткер Әбіш Кекілбаевтың бүгінгі шыққан биігімен қоса, ертеңінің жарқын да берекелі болуын тілейік.

XI.1999 – XII.1999.

АҚСЕЛЕУ АСУЫ

*Ақселеудің іні-досы, руханият жанашыры
Иманғали Тасмағамбетовке арнаймын*

Құбылыс де, ғұлама бекзаты де,
Алашқа тартып туған тек заты де.
Жоқшысы де қазақы салт-сананың,
Ерекше жаратылған ер заты де.

Қымбат Әбділдәқызы

«Самая лучшая и драгоценная книга – та, которая по прочтении не оставляет меня в прежнем состоянии; книга, которая приводит в движение во мне новое благородное чувство, или новое великое стремление, или новую высокую мысль; книга, которая двигает меня с места или заставляет двигаться находящиеся кругом; книга, которая пробуждает меня из глубокого сна, или заставляет выскочить из грязи равнодушия, или выводит на дорожку, где я развяжу один из важнейших узлов»

Амин Ар-Рейхани, арабский писатель

АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

Жақсының жақсылығының бағасын білу үшін оны жақсы етіп тұрған қасиеттерін бағалай білу керек шығар, сірә. Ақселеу Сейдімбектің дүниеден өткеніне бір жыл толар-толмас уақыт ішінде жарық көрген 6 томдық еңбегін қолға қалам алып оқып шыққан соң, бұрыннан ерекше құрметтейтін бұл жақсымыздың жақсы қасиеттерін анағұрлым тереңірек ұғынғандай болдым. Әзіз ағаның қадір-қасиетін бағалауға ұмтылысымызға оның арамыздан мезгілсіз, күтпеген жерден мәңгілік мекеніне жөнеліп кете баруы да себеп болған болар.

Ақселеу ағаны қашан, қалай таныдым, не үшін құрметтей бастадым?

Орта мектепті бітірген соң, әдебиетші болсам деген арманның соңынан білім қуып Алматы баруға – отбасына салмақ түсіргім келмеуі, ұяңдығым мен жігерсіздеу мінезім себеп болды ма, ауылымыздан жүз шақырым жердегі Ташкент қаласына ауыл шаруашылығының маманы болып шығуға оқуға түсіп кеттім. Мектепте оқи жүріп ауылдық кітапханадағы газет-журналдар мен қазақша кітаптарды, үйге жаздырып алатын баспасөзді бір бетін де қалдырмай оқушы едім, студент кезімде де пошта байланысы арқылы «Лениншіл жас» газеті мен «Мәдениет және тұрмыс», «Жұлдыз» журналдарын жаздырып алатын болдым. Ауылға оралып, қызметке араласқан соң да сол әдет қалмады. Ақселеу ағаның атын алғаш рет «Мәдениет және тұрмыс» журналының сол жылдардағы бір санынан көрдім. Бұл мақала емес, күндері белгіленіп жазылған «Ой-толғақ» деген атпен жария көрген күнделік жазбаларындағы оқшауырақ, ол кездері айтыла бермейтін ауыл жайлы ерекше бір пікірі еді. Есімде қалғаны да сол себепті болса керек. Ол сөздерді мен өзімнің күнделігіме қиып алып жапсырып қойдым. Онда былай делінген еді:

«Ауылды аңсап аттанамын. Амал не, торығып қайтамын. Ауылдың барымен базар болатын бұрынғы қарапайым, бауырмал, көңілді тіршілігі бұл күндері сұрқай тартқан. Өз басымен өзі болып, жұмысбасты болып жүрген адамдар. Олар осыдан не бәрі 10-15 жыл ғана бұрын айтатын ұлағатты әңгімелерін ұмытқан. Ендігі әңгімелері от басы, ошақ қасы, жан сақтау қамы туралы. Яғни, қара халықтың санасын шектеген бір ауыртпалық бар. Ол қандай ауыртпалық? Халық неге шын пейілімен қуанбайды? Неге төңірегіне немкетті қарап, ұнжұрғасы түсе береді?! 30.05.72.»

Осы сөздерді оқығалы бері бұл есім аталған жерді қалт жібермейтін болдым.

Шәкәрімде де: «Көңіл жаралы. Кешегі жастық шағымда, жігіт шағымда көкорай шалғынды аралап, оның әсемдігіне қызықтап, ойнақтаған жас

козы-лактарға сүйсіне қарап, күркіреп жауған жаңбырдың өзінен жабықтан қарап, табиғаттың әсемдігін қызықтап, көңілім толып отыратын болсам, бүгінде дүркіреген қозы-лақтай бір-бірінен айрылмай, біреуі қайда ығысса, басқасы сонда ығысқан адамдарды, тобырды көремін» – деген сөздер бар еді, осы сөздер Ақселеудің сол жазғанымен үндес екені көрінеді.

Күнделігімде Әбіш Кекілбаевтың Ақселеуге арнап жазған бір өлеңі де бар екен:

*«Біз тумай-ақ шыққан астан-кестеңі,
әңкі-тәңкі дүние екен – не істелік?
Өкініштен өлгені мен өшкенін
жер астына жиган десте-десте қып...
Бай-кедей боп атысып та шабысып,
біреу тасып, біреулерден бақ ұшып,
пысықтары арманда өлген алысып,
пасықтары жанжал қуған жабысып,
Қақ-сұқтардан қапа болған ортаға
қадам бастық жасқана да, қорқа да...
Түксиген көп. Расы ма, жорта ма?
Түсіне алмай, түстік-ау қан сорпаға.
Мәрелі жер мәз қыла алмас мәпелеп,
адым ашсақ – тобыққа ұрды «қате» деп.
Ешкіні апа, текені әке-көкелеп
жүрмедің деп төбеңе ұрды төпелеп.
Шыдап бақтық. Шыдамағанда – не істелік?
Жүндеп бақты, жібермек боп кеңе қып.
Қырса дағы – құрымадық, өшпедік.
Міне, осы – біздер айтар естелік.
Шынжыр табан танктердей тауқымет
қайта-қайта өліктерден тау күреп,
тайпап-жайпап кеткісі кеп жауша іреп,
килікпеске килігетін дау тілеп.
Дауы құрсын – жатыр өзі табылып.
Жауы құрсын – жармасады қағынып.
Өмір кеіттік құт-береке сағынып,
бір тағдыр мен бір тәңірге шағынып.
Кезде тудық – арды тонап, жанды алған.
Елде тудық – ен далада сандалған.
Қаз тұрмастан – майдан ұрды маңдайдан.*

*Көз ашпастан – запы болдық жанжалдан.
Тұқиянның тұл арманын ту қылып,
біздің буын ер жеткен-ді булығып,
ерлік іздеп елірмеді шулығып,
ертеңді ойлап, елегізе құды үміт.
Қазан дауыл қаусата ұрған шаңырақ,
қара құл боп қалмасын деп қаңырап,
ананы ертіп жесір қалған аңырап,
арман құды жігерді отқа жанып ап.
Өңдемеген өгей заман тапсынды,
өзеуреді қуырмақ боп апишыңды.
Қара ошақтың қаңсып қалған қазанын
қарақат көз қалқаштарға астырдық.
Кең даланың қимай тіпті гүлін де,
келеке қып кеудеңдегі діліңді,
қинаса да – бізден туған сәбилер
тақылдады бабалардың тілінде.
Ерліктен де, ертеңнен де сап қылып,
жібермек боп өзді-өзіңді жат қылып,
сырттан дүлей, іштен өгей жатса ұлып,
өткенді айтып өзеуредік тапсынып.
Тарих берген бақты қайта лақтырып,
шажырқайлар шаужайласа шаптығып,
басқа емес, біздер едік сап құрып,
шайқас салған шар болаттай шарт сынып.
Арбаса да аяр пиғыл айла егіп,
туын тігіп, керегесін жайды елім,
бір уық боп шаңырағына шанишылмай,
елеуреудің енді келмек қай жөні?!
Елірмедік – елмен бірге жүдедік,
өткенді емес, ертеңіні тіледік.
Түңілсек те, сырт бермедік. Түнердік.
Мұқалсақ та – жасытпадық жігерді.
Жаңылсақ та – үміт гүлін үрледік.
Міне, әлеумет, біз жасаған ұлы ерлік!»*

Сондай-ақ менде Ақаңның тағы бір аударма сөздерін қиып алып, сақтапмын. Онда былай делінген:

«Этникалық екпін баяулай бастаған кезеңде этностың кеңістікті игеру қабілеті де тоқырап, одан әрі өз жерінің шырынын соруға құныға ден қояды. Техносфера бел алады, яғни, табиғи ресурстардың есебінен алуан

түрлі керекті-керексіз ғимараттар мен ескерткіштер салу, зат пен мүліктер тасқынын молайту етек алады. Мұндай өзгерістердің бір саласы табиғи ортаны құбылтуға бағытталады: арық қазғыштық, егіс түрлерін молайтуды әуезе көрушілік, мүлік пен түлікті шектен тыс молайту т.б. Осының бәрі сәл салғырттыққа ұшыраса болды, қоршаған орта қайтадан табиғи геобиоценоз қалпына ойысады. Алайда, жасанды тіршіліктің құрсауына тап болған табиғи орта қайтып еңсе көтере алмайды, өзінен-өзі үздіксіз қожырап, өлімге бой ұсынады. Мұндай тозған жұрттарды әдетте археологтар ғана төңіректейді. Олар өсу үстіндегі этностың ізіне түспейді. Керісінше өзінің соңына қыш көзелердің сынықтарын, Бабылдың сына жазулы тақталарын, пирамидаларды қалдырған, сондай-ақ Баальбектің алып ұстындарын, орта ғасыр замоктарының үйінділері мен Юкатанның ну орманында шашылып жатқан байырғы мая ғибадатханаларын қалдырған өшу үстіндегі этностардың ізіне үңіледі. Биосфераның қауқары адамдарды азықтандыруға жеткенмен, олардың ындынын қанағаттандыруға келгенде дәрменсіз, әсіресе планетаның бетін күл-қоқыс басқан кезде биоценоздың түлеуі тоқтайды. Мұндайда, этнос та Антей сияқты, туған топырағынан, яғни өмірден кіндік үзіп, дәрменсіз құлдырау басталады. Бұл тоқыраудың болмысын тану оңай емес. Оның жанарын болдым-толдым деген астамшылықтың жамылғысы көлегейлеген. Мұндай ахуалды пенде шіркін мәңгілік жалғасатындай көреді, содан да болар, олар табиғаттың дәулеті мәңгілік ортаймайды деп көңіл тоғайтады. Алайда, мұның бәрі де ертеңгі қаралы күннің қарсаңындағы ақырғы бой жазу сияқты гәп.

Этногенездің соңғы фазасы аласапыран ахуалда өтеді. Эволюцияның темір құрсауына түскен этнос мүшелері дәрменсіз күй кешіп, биосферамен қайта қауышуға талпынады. Алайда, бұндай талпыныс өзінен-өзі табиғаттың тоналуына ұласады да, тағдырдың тұзағы этносты одан әрі шырмай түседі. Демография тоқтаусыз құлдырайды. Мұндайда шекаралық субэтностар ғана болымсыз қауқар танытып, этногенездің қайғылы тағдырынан шет қалуы мүмкін. Алайда, олар да не бірте-бірте семіп солады, не мінез-болмысы мүлде бөлек жаңа этнос құрайды.

Сөйтіп, этностың «ымырт шағы» басталады. Елдің белсенді өкілдерінің селдіреуі, қанағатшыл тобырдың қаннен-қаперсіз ғұмыр кешуі «өркениеттің» өзіндік ерекшелігіне айналады. Мұндайда, үшінші бір ерекшелікті де айтпай кетуге болмайды, ол – шығармашылықпен айналыспайтын, еңбек етпейтін, ой-сезімі кедей, оның есесіне ындыны тойымсыз адамдардың молайып кетуі. Мұндай пенделер әрине, ерлік пен естілік бел алған заманда өмірден орын таба алмас еді. Олар жауынгер болып жарытпайтындар, еңбек ету қолынан келмейтіндер, ал қылмыс жасаса қатал

заман қыршынын қияды. Рас, босбелбеу өркениет кезіндегі тоқшылықта бір үзім нан мен жеңіл етек шүйке бас кім-кімге де табылып бағады. Дегенмен, «өмірге құштарлар» көбейген үстіне көбейе береді, бара-бара олардың талғам-түсінігі төңірегіне әуезе бола бастайды, «бізге қарап, бой түзеген» деп кеуде қағады, былайша айтқанда, ішкен-мастың, жеген-тоқтың заманы. Өміршендік – өлермендікке баланады. Еңбекқорлық – мазақ етіледі, ақылдың қуанышын көргендер – ашуға булығыады. Өнерде стильдің құлдырауы басталады, ғылымдағы тапқырлықты татымсыздық ығыстырады, қоғамдық өмірдегі коррупция заңдастырылады, әскери істе солдаттар ереуіл жасаймыз деп қолбасшыларының екі аяғын бір етікке тығады, сатылмайтын ештеңе қалмайды, сенім артар адамың болмайды, тірі жаннан шапағат күтпейсің. Биліктің бишігін үйірген әкім атаулы баскесер атаманның тәсілін тәу етеді: секемшіл болу, ізге түсу, серігін сеспей қатыру.

Мұнда да, бұрынғы кезеңдер сияқты сұрыпталу үрдісі болады, тек айырмашылығы – жақсылық емес, жамандық сұрыпталады. Қабілетің дәріптелмейді, қабілетсіздігің марапатталады, білімің емес, біліксіздігің бағаланады; табандылығың емес, тайғанақтығың таңқалдырады. Рас, мұндай талғам-талапты орындау кез келген тоғышардың қолынан келе бермейді, нәтижесінде ондайлар өзін кемшін сезініп, теңсіздікке тап болғандай күй кешеді. Алайда, «мың асқанға бір тосқан» деген: «өркениет» кезінде қонданған халықтың қанын әлгі өмірге құштарлар алаңсыз сорумен болады. Өйткені, олардың қолынан туындату да, сақтай білу де келмейді. Сондықтан да, олар адам ағзасындағы рак ісігінің жасушасы (клеткасы) сияқты, қашан халықтың қанын сорып, тәнін талап тауысқанша тыным таппайды. Содан, бейбақ халықтың қаны сорылып, тәні таланып, шипасы біткен кезде, енді сорары мен талары қалмаған әлгі өмірге құштарлар да фәни жалғанмен қоштасады*.

Бұл сөздер бүгінгі тұрғыдан әбестігі жоқ әрі түсінікті болғанымен алғаш оқыған кезде маған нақ бір бомба жарылғандай әсер еткені есімде.

Сонымен менің кітапқұмар санамда Ақселеу Сейдімбектің қолыма түскен «Күнгір-күнгір күмбездер», «Қазақтың күй өнері» кітаптары мен газет-журналдарда көзіме ілінген мақалаларын міндетті түрде оқып отыру әдеті қалыптасты. «Қазақтың төр шежіресі» деген плакаты да үйіміздің төрінде көп уақыт ілулі тұрды.

Ақселеу үшін ең тағдырнамалық мәселелердің түп-төркіні – халқының болашағы үшін алаңдауына әкеліп саяды. Ол өз ұлты халық болып қала ма, жоқ, тобырға айналып кете ме деп уайымдайды. 1984 жылы жазған бір сөзінде ол:

* Л.Гумилев. Мәдениеттің құлдырауы деген не? 2000 ж.

«Ұлт үшін қасіреттің зоры – белгілі бір кезеңде зұмыр кешкен ұрпақтың тоқмейілуі, өзі өсіп-өнген тамырдан кіндігін үзуі, газырлар бойғы тірнектеп жиган рухани тәжірибеге сырт беруі. Тек қана сыртқы дүлей күштің экспансиясы арқылы пайда болатын мұндай нәубеттің ақыры тексіздікке, талғамсыздыққа ұрындырып, ұлттық сезімнің сөнугіне себепші болады. Мұндайда халық адамдардың жиынтығына, яғни тобырға айналады. Сол кезде адамдардың нағыз жетімдігі басталады. Жаппай жетімдік, жалғыздық жайлағанда зұлымдық пен қорқаулық бел алады. Ал, Отан дегенің кие-қасиеті жоқ мекен ғана болып қалады. Көпшілік тобыр өмірдің барлық саласында «бостандық», «демократия» дегенді әуезе көреді» – дейді.

Ақселеу Сейдімбектің өзі жүйелеп, баспаға тапсырып кеткен алты томдығын оқығанда алпыс кітап оқығандай әсерде болдым. Бұл кітаптардың әрбірі қисынды жүйеленген, басты тақырыптары дұрыс таңдалған, барынша толымды дүниелер екен. Біз еңбегімізде әрбір томы бірде жеке аталып, бірде аталмаса да, олардағы негізгі ойларды оқырманға жеткізуге тырыстым.

Әсіресе, «Қазақтың ауызша тарихы. Шежірелік деректерді пайымдау» атты ең көлемді еңбегін оқығанда ерекше сезімге бөлендім, жаным жайланып, өзім үшін шешуі күмәнді болып жүрген көптеген сауалдарыма жауап таптым. Осыншама айғақтар мен дәлелдерді теріп жазудың қиындығы көз алдыма келді. Автордың қазағы үшін қаншама жылдар талмай айналысқан еңбегінің бағасын түсіндім. Қиыр-шиыры, бұрылыс-бұлталаңы мол, әр жерде әртүрлі айтыла беретін шежірелік ауызша мәліметтерді жүйелеп, оған қатысты айғақ-деректерді, аңыздарды кең көлемде пайдалана отырып, көшпелі өмір-салттағы ру-тайпалық құрылымның дәстүрлі қазақ қоғамына әлеуметтік-саяси негіз болғанын дәлелдегеніне тәнті болдым. Көшпелі өмір-салттағы дәстүрлі қазақ қоғамында мемлекет құрудың жаңа сипаты ашылыпты, соған бек риза болдым.

Кітаптарды бірінен соң бірін қолға алып, олардағы дәлелді ойларды белгілеп, қағазға түсіріп отырдым. Ол жазбаларымның басым бөлігі тек қана көшірме болды (басқалай болуы мүмкін де емес еді). Ғылыммен аз-мұз айналысқан адамдар біледі, конспекті жасау ондағы ойларды есте сақтауыңа, ой-көзіңмен талдап-талқылауға мүмкіндік береді. Нәтижесі де солай болып шықты. Осынау ойларды тізбектеп, жүйелеп, жария көрген пікірлерді саралап, қажет деп тапқан жерлерде өз пікірлерімді қосып отыруымнан осы еңбек туды.

Бағасын беру – сіздің еншіңіз, құрметті оқырман.

I. ӨМІРБАЯНЫ

Туған жер, өскен орта

Ақселеу Сейдімбек 1942 жылы желтоқсанның 12-жұлдызында, қазақ елін өңірлерге бөліп қарағанда бұрын-соңғы тарихта зиялы адамдар ең көп шыққан әйгілі Жаңаарқа ауданына қарасты Атасу ауылында дүниеге келіпті. Өз сөзіне қарағанда әкесі Слан өзі туған түннің шілдеханасында болып, ертеңіне соғысқа аттанған екен. Содан көп кешікпей қарақағаз келген. 17-18 жасында жесір қалған шешесін әмеңгерлік жолымен соғыстан жеңіл жараланып қайтқан бір ағайынға қосып, Ақселеуді әкесінің туған ағасы Аманбек өз тәрбиесіне алыпты...

«Адамның адам болуы үшін өскен ортасының әсерін ешбір тәрбиемен теңестіруге болмас. Бұл орайда тағдырыма мың да бір шүкірлік етемін. Менің балалық шағымда біздің ауылдың болмыс-бітімі (салты, дәстүрі, діні, ұлттық ойын-тойы, саятшылығы, көшпелі өмір-салты...) әлі дәстүрлі қалпында болатын. 20-30-шы жылдардың тарихи нәубеті әбден титықтатқан ел, мемлекет тарапынан қамқорлықтан жұрдай болған ел амалсыз көшпелі өмір-салттан пана тапқандай еді» – деп жазады өзі сол жылдар туралы.

Орта мектепті 1959 жылы бітірген соң, комсомолдық жолдамамен екі жыл қой бағыпты. Қыс болса боранында қоймен бірге ығып, жаз болса тасқорығын жасап, көмбесін пісіріп, айлап-апталап қоймен бірге өріс қуаласыпты.

Екі жыл өткен соң Алматыға оқу іздеп аңсап барып, түсе алмай қайта оралып, қой соңын қаламай, жылқышы болыпты. Ақ қар, көк мұзда қостап жылқы жайыпты.

Ол жылдар соғыстан әлі бас көтеріп үлгермеген ауыл халқы төрт түлік малдың өнімін азық еткен жылдар еді. Көшпелі өмір салтының ізі әлі суымаған сол бір жылдары қазақтың үш мың жылдай дәурен сүрген дәстүрлі тәлім-тәрбиесін бойына сіңіруді уақыт өзі еншілеп берген ұрпақтың ең соңғы тұяқтарының бірі осы Ақселеу Сланұлы болды.

Ақселеу сол балаң жігіт шағында-ақ мектептен алған білімі мен әдебиетке құштарлығының нәтижесінде аудандық, облыстық газеттерге, республикалық «Қазақстан пионері» газетіне мақалалар мен өлеңдерін жариялап тұрды.

Ақселеу өзінің туып-өскен өлкесін, оның әрбір белгісін, жерін, суын ерекше сүйеді.

Өз сөзі: «...Балалық шағым: «XX ғасырдың 50-60 жылдарындағы ахуал. Арқа мен Бетпақдала жапсарындағы көшпелі ел. Кәсібі – мал шаруашылығы».

Ол кезде ел жазылып жайлауға шығады. Әдетте, он шақты үй бір ауыл болып, оты-суы мол жерге киіз үйлерін шүпірлете тігіп, мәре-сәре күй кешеді.

...Жазғы жайлаудың дәурені өтіп, шөп буыны қата бастаса да сары ала күз бен қоңыр күзге малды семірту үшін ел-жұрт күзеуден табан аудармай отырады. Содан қара күздің қарлы жаңбыры біліне бастағанда шұбап, Шу бойына қарай көшеді. Арқаның шүйгін алабынан көшіп шыққан соң араға он сегіз қонып, он тоғызыншы қонаға Шу бойына тұяқ іліктіреді. Бетпақтың шөлін басып өтетін ұзақ көште ат жалын тартуға жарайтынның бәрі жұдырықтай жұмылып, айрықша ширақ қимылдайтын әдеті.

...Арқаның оты-суы мол ұядай алқабына бауыр басқан киіз үйлі ауыл жаздың ең бір мамыражай шуағына бөленген. Тіршілік атаулы табиғатпен мінсіз үйлесім тауып, рахатқа бөгіп, өзгеше бір сабырлы қалыпқа түскен. Бұл дүниеде қайғы-қасірет, қулық-сұмдық, зорлық-зомбылық деген мүлде болып көрмегендей. Ондай жамандықтың ешқашан болуы да мүмкін еместей маужсырап, уылжып тұрған ұлы әлем.

...Ауыл әйелдері әлсін-әлсін топтасып барып бие сауады. Мұның өзі олар үшін жан қиналатын жұмыс емес, бейне бір бой жазып қайтатын сейіл-серуен сияқты».

Күнделігінің 1989 жылғы 9 шілдедегі жазуында туған жердің тойына бару жайлы сөз етеді:

«Осы айдың 15-16 күндері Жаңаарқа ауданының 60 жылдық тойына шақырып отыр. Туған жер, өскен елімнің қуанышын көріп қайтқым-ақ келеді.

Ернарымды әскерден шақырып ала алсам, бірге барып қайтар едім.

Жаңаарқа 1925 жылға дейін Ортау болысы атанды. 1925-1929-жылдар арасында Асанқайғы ауданы атанды. Ол кезде қазіргі Ағадыр, Шет аудандарының біраз жері, бүкіл Бетпақдала, тіптен Шу бойына дейін осы Асанқайғы ауданына қарады. Ұлы кәмпеске (конфискация) елдің етек-жеңін тарылтып кетті, жойдасыз қасірет шектірді. 1929 жылдан бастап аудан «Жаңаарқа» атанды.

Қазіргі Қызылтау алтай-қарпықтың жері. Ақтауды сайдалылар қоныстанған. Ал, Шажагай бойы, Бәйбіше, Сарықұлжа, Қоңыр-құлжа, Бүркітті таулары тарақтылардың атамекені болған. Мұның бәрі бүгінгі ұрпақ үшін тарих сияқты...».

Ақселеу Сейдімбек журналистік қызметінің бастауында-ақ жоғарғы басшылар қандай тапсырма берсе, соны бұлжытпай орындап келуді мақсат тұтпаған, «жұмысы нашар, барып сын мақала әзірлеп кел» деген жердегі жай-күйді шаруа көзімен көріп, шындықты айтуды ойлаған.

«Баспасөзде кейбіреулер «пәлен қойдан пәлен қозы, пәлен килограмм жүн алуға серт беріп отырмыз» деп есе жөнеледі. Меніңше, адамды алға жетелейтін белгілі бір меженің, мақсаттың болғаны қажет. Бірақ, шын еңбеккер серт үшін ғана емес, өз еңбегінің өнбегін молынан жинау үшін, былайша айтқанда, адал еңбек үшін тер төкпес пе! Халқымыздың «Арық айтып, семіз шық» дегені осыған сайыса керек. Адал еңбек айғайшыл болмайды. Адал еңбек – өз ісіне шын берілудің жемісі. Бір гәп ойыма оралып отыр... Ұмытпасам, 1964 жылдың шілде айында Алматыда жас шопандардың слетіне қатысып келген бетім болатын. Тура 11 маусым күні бұршақ аралас жаңбыр ал төксін келіп. Қырқымнан шығып, «тонын» сыпыртқан жалаңаш малға екі күнгі үздіксіз жаңбыр жаудай тиді. Сонда көріп едім, отарын қораға жеткізіп үлгірмеген бір қартаң қойшының біраз малы ұшып өлгенде сақалынан жасы сорғалап жылағанын. Дәл сол жерде оның ойына жоспарының келмеуі мүмкін, оның есесіне зая кеткен еңбегі үшін, тұмсығынан сыпырып өсірген төл малы үшін өз ісіне жан-тәнімен берілгендіктен жылағаны хақ. Сол жерде оны мал басын сақтай алмадың деп кінәлап көріңізші...».

Ол жазушы ретінде туған табиғатын жазудан жалыққан емес. Оның небір ғажайыптарына оқушысын жетелей отырып, тағы да сол танымдық соны ойларды айтып қалуға тырысады.

«Менің өмірімнің дені табиғат аясында өтті. Сондықтан да «аузымды ашып сүйгенім, көзімді ашып көргенім» дегендей, мен айтар әңгіме тек қана табиғат туралы, оның ғажайыптары туралы болмақ.

Егер маған біреу: «Дүние дидарындағы ең сұлуды, ең қымбатты, адам баласына ең жақынды, ең қаталды, ең дананы, қара қылды қақ жарған ең әділді аташы!» – десе, мен соның бәріне де «Табиғат!» деп, бір ғана сөзбен жауап берер едім.

Табиғат туралы адам баласы өзінің ұзына тарихында екі түрлі таным-түсінік жетегінде болып келеді. Бірі – қырық миллион жыл бойы тіршілік атаулы өзін табиғаттан бөліп қарамаған таным-түсінік. Бұл таным-түсінік бойынша табиғатта артық ештеңе жоқ, табиғат аясындағының бәрі де үйлесім-үндестікте. Екіншісі – XIX ғасырда Америкада туындай бастаған таным-түсінік. Бұл таным-түсінік бойынша табиғаттың бермесін тартып алып, «пайдасызын» жойып жіберіп отыру керек*. Осынау екі түрлі таным-түсінік күні бүгінге дейін адамзаттың әрекет-тіршілігіне бағдаршы болып келе жатыр.

Мен біріншісінің жағындамын. Түсіне білгенге табиғат жаюлы кітап сияқты. Керек десеңіз, жұмыр Жердің бетіндегі тіршілік атаулыны

* У.О.Дуглас. Трехсотлетняя война. – Москва, 1975, 33-бет.

бір ғана өз заңдылығына бағындырып, ұлы тұтастықта қозғалысқа келтіруші де табиғат. Бұл орайда оны жұмыр Жердің құдіретті әміршісі және өз дегенін үйретуден жалықпайтын ұстазы десе де болғандай.

Табиғат өзінің қайталанбас сұлулығымен, таусылмас қызығымен, мың сан жаратылысымен, асқақ та өрлігімен, өрең жетпес шексіздігімен, ал кейде мизамдай нәзіктігімен қайран қалдырады. Тек қайран қалдырып қана қоймайды, өз баурындағы тіршілік атаулыға жайылып төсек, иіліп жастық болып, ең асылын солардың аузына тосады.

Мұндайда Табиғат жаны нәзік, мейірімі мол, ерекше төзімді де бейнетқор Анаң сияқты болып көрінеді. Сөйте тұра, қажет болса орнымен қатал да бола алады. Оның әділдігінің теңдесі жоқ.

Тірі жан атаулының бәріне бірдей қарайды, ешқайсысын алалауды білмейді. Ал, болмашы қателіктеріңді елеусіз қалдырмастан, лайықты жазасын көлденең тартып отыратын қасиет те тек қана табиғатқа тән. Бұл ретте, ол – тіршілік атаулының реттеушісі, ұлы сұрыптаушысы.

Адамзат баласы үшін табиғат кең сарай, мәңгі тозбас баспана. Демек, өз төріңнің басындағы тәртіп пен тазалықты қалар болсаң, түптеп келгенде, Табиғатпен санасу, оған қамқор болу адамзат баласының асыл парызы. «Балыққа – су, құсқа – ауа, аңға – орман-тоғай, тау-дала қандай қажет болса, адам баласы үшін Отан деген ұлы ұғым сондай қажет. Ал табиғатты сүю, Отаныңа қамқор болу деген сөз. Қазіргі замандағы ғылыми-техникалық прогрестің мейлінше жетілуіне орай Табиғатқа деген қамқорлық та ерекше қажет болып отыр. Ал, жер бетіндегі торғайдың ұясынан бастап, космос кемесіне дейінгі тіршілікке қажет игілік атаулының бәрі де Табиғатқа қарыздар. Сондықтан да Табиғатқа немкетті қарау, онымен санаспау – ана сүтін ақтамағанмен пара-пар. Адам баласы Табиғаттың ең ұлы перзенті болумен бірге, ең ұлы қамқоршысы да екенін ешқашан естен шығармауымыз керек».

Акселеудің туған жерін ерекше сүйетінін, онда болған бұрын-соңғы оқиғаларды суреттеуінен көруге болады. Солардан алты томдық таңдамалыға енген біраз мысалын келтірелік.

«Менің есімнен кетпейді, алты-жеті жасымда бәсіре тайымды бұлақтан суарып, қайтып келе жатқанымда алдымнан жолыққан қарт ана маған жол беріп, өткізіп жіберіп еді. Мен пионерлік түсінікпен «Ана, өтіңіз» дегенімде әлгі кейуана: «Жоқ, шырағым, бәсіре пырағын жетелеген азаматтың жолын кесуге болмайды, өтіп кет!» – деп бұйыра тіл қатқан дауысы әлі құлағымда. Маған жол берген ана менің көз алдымда Тәңірге айналғандай әсер әлі күнге жан-жүрегімді толқытады».

Бұл кішкене ғана мысалдың мағынасы қандай үлкен, ойы қандай биік десеңізші... Азаматтың жолын жасы үлкен болса да кесіп өтпейтін

ауылдағы аналардың бет-бейнесі көз алдына келе қалады. Мұнда қаншалықты қасиет, өре жатқаны есіңе түсіп, өткенге бас иесің...

Өз сөзімен өз өңіріндегі жерлес азаматтарды, сөз ұстаған, сөздің киесін түсінетін ел адамдарын суреттегенде, Акселеу Сейдімбектің ауылының адамдарының бәрі сөзге тұратын, озығын құрметтейтін адамдар болған екен-ау деген ойға да келіп қаласың. Сондағы көп кейіпкерінің бірі Шоң. Шоң жөнінде кітабында бірнеше мысалдар бар. Соның біреуінде Жаңаарқадағы Қараағаш деп аталатын жерде XIX ғасырдың соңын ала Телғозының Шоңы деген кісі ғұмыр кешкенін, оның есімі Мұхтар Әуезовтің «Абай» романында аталатынын, әйгілі күйші-композиторлары Тоқа Шоңманұлы мен Ықылас Дүкенұлы Шоңның қадірлес, сыйлас адамдары болғанын жазады. Шоң сол аймақта алғаш орысша білім алып, Ақтау дуанына жер аударылған орыс азаматтарымен достасқан, бойында кісілігі мол, төңірегіне сөзін өткізген, ел ішінің дау-шарына араласқан адам екен...

«...Сол Шоңға бірде ел ішінің жаңа талап бір жас жігіті шағым айта келіпті. Ондағы шағым – «ер қанаты – аты» дегендей, әлгі жігіттің бәйгеден келіп жүрген аяулы бір аты болады екен. Соны төңіректің бір малжанды байы ұстап алып, жаңағы жігітке теңдік бермей, сырғақтатып жүрсе керек. Жас жігіт күштеп ала алмай, кісілікпен сөзін өткізе алмай, әбден шарасы таусылған соң Шоңға келеді.

Сонда, Шоңкең көз алдындағы әділетсіздікке шыдамай, дереу ат ерттетіп, жанына әлгі шағым айтушы жігітті ертіп, байдың ауылына суыт жүріп кетеді.

Ойда жоқта Шоң келіп қалды дегенді естігенде, байда жан қалмайды. Етегін баса сүрініп-қабынып сыртқа шығып, қадірлі қонағын қол құсыра қарсы алады. Тіптен, ат шылауына оралып, құрметті қонағын қолтықтап түсіріп алмақ болады. Сол кезде Шоңкең түсін суытып: «Ұстама шаужайымнан, неге ұстайсың шаужайдан, ұстама!» – деп қадала қайталайды. Бай абдырап шегініп кетеді.

Шоңкең үйге түседі. Жолың деп тай сойылады, сыбағаң деп қой сойылады. Жақсы мәслихат құрып қона жатып, ертеңінде қайтатын шырай танытады. Бірақ, келген шаруа туралы ешкім тіс жарып «ләм» демейді.

Содан қайтар мезгіл жетіп, Шоңкең қош айтысып, орындарынан тұрып, сыртқа шығады. Сыртқа шықса, кермеде Шоңкеңнің жаныңа еріп келген жігіттің даулы аты байлаулы тұр дейді. Оған қоса айып ретінде алдына қосақ, артына тіркеу деп байланған тағы да бірер қыл-құйрық тұрса керек. Шоңкеңдер үн-түнсіз жүйрік атты да, оның

жанындағы айып жылқыларын да жетекке алып, аттанып кете барады. Дау түйіні осылай шешіледі...

Міне, осы оқиғадағы Шоңкеңнің бай ауылына ойда жоқта келуі – емеурін. Жанына жас жігітті ертуі де емеурін. Сонсоң, ілік іздегендей «шаужайымнан ұстама!» деп, тосын мінез танытуы да емеурін. Бұл сияқты алуан шыраймен аңғартып тұрған емеуріннің тілі сол жерде әркімге-ақ түсінікті. Әсіресе, тікелей өзіне қарата айтылған емеурінді малжанды бай жақсы түсініп тұр. Сондықтан да, моральдық-этикалық нормамен ұштасып жатқан емеуріннің салмағына мойын ұсынған бай сөз шығындамай-ақ кінәсін мойындап, істі тындырып, айып-шамын арқалап отыр».

Бурабайға бір барғанында ондағы ормандай көп бөтен ұлттың ішінде көңілі пәсейіп, еңсесі езілгендей болып бір сөздер жазған екен: «Арқа омырауындағы алтын алқадай қайран Көкжие, есіл Бурабай... Қайдағы біреулердің қағанағы қарық, сағанағы сарық... (3.09.75)».

«Өмірге келген жеке адам сияқты, тұтас бір халықтың да өмірбаяны болады, – дейді Әлкей Марғұлан. – Ал, өмірбаян дегеніміз құрғақ шежіре емес, адамды адам ететін, халықты халық ететін мың сан тәжірибенің жиынтығы. Байтақ қазақ даласында, мына өздеріңіз жайлап отырған Атасу өзенінің бойында есте жоқ ескі заманнан бері ата-бабаларымыз тіршілік құрып, туған жерге бауыр басып, қасиет тұтып, ұрпақтарын үзбей жалғап, өмір сүріп келеді. Өмір деген күреске толы, сан тарау әрекет-тірліктен тұрады ғой. Соның бәрі бір жерде тас қорым болып, бір жерде бекініс-қорған болып, бір жерде сынтас пен жазу болып немесе асыл сөз, ақылды өсиет болып, бүгінгі күнге жеткен. Осынау мол мәдени нышандардың сырын шешсек, халқымыз өзінің өмірбаянын біліп, болашағына сеніммен қарап, мағыналы өмірге ден қоятын болады...».

Өзі айтады: «...Біз Екінші Жаһандық соғыс кезінде дүниеге келген ұрпақпыз. Сол уақыттың барша ауырлық-тауқыметін көріп өстік. Белгілі бір дәрежеде санамызға соның таңбасы да мәңгілік басылды. Туып-өскен ортам Қарағанды облысы, Жаңаарқа өңірінің Бетпақдала жағы. Еліміз мал шаруашылығымен айналысты. Мен қазақтың салт-дәстүрін толық сақтаған, көшпелі өмір-салты үстемдік құрған ортада өмір сүрдім. Содан да болу керек, халықтың дәстүрлі дүниетанымы, өмір-салты, тілі, ділі дегендей құндылықтары танымымызға, жанымызға көбірек сіңді. Мен туған топырақтың бір айырықша бөліп айтатыны дәстүрлі халық өнерінің белгілі тұлғалары өсіп-өнген орта болды. Мысалы, әйгілі қобызшы, күйші, композитор Ықылас Дүкенұлының, белгілі күйші-композитор Тоқа Шоңманұлының, дүлдүл Дайрабайдың, Сәкен Сейфуллин сынды

әйгілі тұлғалардың көзін көрген адамдардың сөзін естіп өстік. Солардың үлгі-өнегесі, айтқан әңгімелері біздің құлағымызға да, жүрегімізге де сіңді. Мұның өзі менің кейінгі шығармашылық жолыма, дүниетанымыма, тіптен, азаматтық ұстанымдарыма өте үлкен ықпал етті деп ойлаймын».

Қалыптасу кезеңдері

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін тамамдаған Ақселеу еңселі білім ұясынан алған білімінің нәтижесінде бірден-ақ тарих, философия, мәдениеттану, этнология, фольклортану салаларындағы зерттеулерге ден қойыпты.

Ақселеу Сейдімбек «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Орталық Қазақстан», «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газеттерінде, «Білім және еңбек» (кейіннен «Зерде» аталған) журналында және «Әлем» альманағында қызмет етіпті. Сол газет-журналдардың беттерінде мыңнан астам сүбелі мақала жазған белді журналист дәрежесіне жете жүріп қызметке басым араласқан жылдарынан бастап-ақ әңгіме-повестер жазыпты.

Қазақтың қайсар ұлы, көрнекті жазушы, қызметін журналистіктен бастап, ғұмыр бойы сол салада еңбектенген Шерхан Мұртаза «Лениншіл жас» газетінің редакторы болып тұрған кезде Ақселеу Сейдімбекті, Фариза Оңғарсыновамен және Мұхтар Шахановпен қоса шақырып алып, үшеуін бір бұйрықпен, бірін – Батыс Қазақстан облыстары бойынша, бірін – Оңтүстікке, Ақселеуді – Орталық Қазақстан облыстары бойынша меншікті тілші етіп жіберген екен. Көреген жазушының таңдауы теріс болмапты, кейіннен осы үшеуі де қазақтың намысын қорғауға бел шеше кіріскен, әрқайсысы әртүрлі жолдармен қазақ рухын көтеруге атсалысқан азаматтар болды.

Сол жылдары «Ақиық», «Қыр хикаялары», «Тауға біткен жалбыз», «Аққыз» атты кітаптары жарық көріпті. Олардың біразы бірнеше шет елдердің тілдеріне аударылыпты. «Тәтті тіршілік», «Қақпашы», «Зерде», «Табысу», «Ақиық», «Күзеуде», «Қыз ұзатқан» атты әңгімелері мен хикаяттарын сол кездегі әдебиет сүйгіш оқырман жылы қабылдаған.

Жазушы-ғалым кезінде танымдық-этнографиялық, тұлғаларға арналған көптеген очерктер де жазған. Оның қаламынан әр жылдары «Қорқыт», «Әбу-Насыр Әл-Фараби», «Қарабура», «Махмұд Қашқари», «Уәлиханов Шоқан», «Парасатқа іңкәрлік», «Менің Жәнібегім», «Суреткер», «Жез таңдай», «Ілия Жақанов туралы сөз», «Пассионар», «Көшпелі өмір салттың сүт кенжесі», «Ойсылқара», «Сәйгүлік», «Бүркіт» атты очерктер туған.

Ақселеу Сейдімбек Гомерден «Илиада» мен «Одиссеяны», И.Можейконың «7 және 37 кереметін», басқа да орыс жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударды. «Алпамыс батырдың» прозалық нұсқасын жазды.

Ақселеу Сейдімбектің публицистикалық шығармалары «Қарт пен канал», «Сонар», «Алғашқы адымдар», «Қарлығаштар», «Ат шаба ма, бап шаба ма?», «Ойсылқара», «Өмір, мен саған ғашықпын», «Тың тарланы», «Ақша қар жауған күн», «Өмір арнасы», «Екібастұздың бүгінгі мен ертеңі», «Шәмілдің «Шайтан көлі» кезінде қазақ қоғамында едәуір серпіліс әкелген шығармалар болды.

Ақселеу Сейдімбек басқарған тұстағы «Білім және еңбек» болса ең алдымен елдің алтын арқауы, жұлыны, зиялы қауым оқитын, тиісті әзірлігі бар адамдар қатысатын басылым болды. 1986 жылы «қалдықтардың бет пердесін ашу», «бет ажарына қарамай аластау» науқанында Ақаң бас редактор ретінде нағыз толысқан тұсында, оқырманын ұйытып келе жатқанында орнынан кетуге мәжбүр болды. Ұлтшылдығы үшін қуғын шекті. Қызмет жағынан ауызға аларлықтай кемшілік таба алмаған соң, тағылған ілік емес еді бұл. Ақаңның ұлтшыл екендігін ол кезде жұрттың бәрі білетін.

Қайсар санагер өзі кетіп бара жатып, журналдың атын «Зерде» деп өзгертіп кетті.

Сонан соң ғылымға ауысып, бірыңғай шығармашылық жұмысқа көшкеннен кейін де тыныштыққа бой ұрып жатып алмай, зерденің байлануына әкеп соғатынның бәрін айтып, жазып, көрсетумен болды.

Ақселеу сол желтоқсан оқиғасынан кейін қауіпсіздік қызметінің бақылауында болып, соның нәтижесінде журналистік қызметтен біржола қол үзді. Бірақ, кейде жамандықтың да жақсылыққа бастайтыны сияқты Ақселеу Ұлттық ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына лаборант ретінде зорға дегенде қызметке орналасқанымен арты жақсы болып, бірыңғай ғылым жолына түсті.

Бетбұрыс

Ақселеудің айтуынша, 80-жылдардан бастап-ақ көркем әдебиетпен айналысудан саналы түрде бас тартып, ұлттың тарихын, этнографиясын, мәдениеті мен өнерін зерделеуші ғалымдық жолға түсіпті.

Өз сөзі: *«Мен жазушылықтан саналы түрде бас тартқан адаммын. Қазіргі заман біздің халықты көркем шығармамен жұбататын, дәлірек айтқанда, авторлық қиялдан туған әдемі сөзбен әлдилейтін кез емес.*

Меніңше, көркем шығарма жазу болып-толған елдердің айналысатын шаруасы. Көркем шығарма орта ғасыр соңына қарай әлемдік үстемдікке ұмтылған Еуропа елдерінде, XIX ғасырда Тынық мұхитқа дейінгі жүздеген ұлтқа билігін жүргізген Ресей империясында, XX ғасырда бүкіл әлемге өктемдік танытып отырған Америка құрлығында айырықша дамуы көп жайды аңғартса керек... Біздің қазаққа көркем шындықтан гөрі қатқыл өмір шындығы көбірек керек. Өйткені біз өзіміз туралы ақиқатты айта алмай келген, тарихқа есеміз кеткен халықпыз».

Әбіш Кекілбаевтың журналистік-жазушылықтан зерттеушілікке бет бұрған Ақселеу Сейдімбек туралы: «Ақселеудің бұл салада да бітіргені шынымен сүбелі, шынымен қадірлі. Ол қазақтың қалжыңдарынан қара өлеңіне, киімінен күйіне, сайқымазақтарынан салтына, ғұрыптарынан құлықтарына, саясатшылығынан саятшылығына, тағамдарынан тарихына дейінгіден ештеңе қалдырмай ерінбей зерттеп, ежіктей талдап келеді. Оның бәріне де археологтардың жер түбінен індетін жүріп тауып алған таңсық олжасындай ықыласпен қарап, ыждағатты бағамдағанымыз дұрыс. Қайткенде де Ақселеу қазіргі тірлігімен байырғы қазақ дүниесін алшан басып асықпай аралап, байыппен бажайлап, сабырмен саралап келе жатқан «этнография академиясы» сияктанып елестейді. Дәйім, алдынан қызыр жолығып, қай сапары да оңынан орала берсін дейміз. Қайткенде де, Ақселеудің қазақ руханияты тарихын зерттеудің арғы-бергісіндегі көзінді еріксіз тоқтатар, ерекше сыйланар бірегей тұлғалардың санатынан саналауға лайық екендігін ашық мойындағанымыз орынды» – деген сөзі әулиенің сөзіндей болып, Ақселеу Сейдімбек бұл ізденістерінде үлкен асулар алып, мол жетістіктерді иеленді.

Халқымыздың дәстүрлі мәдениеті, тарихи-этнографиялық болмысы, ұлтты ұлт ретінде қалыптастырып, ғасырлар қойнауынан бермен қарай өзгеден өзгешелендіріп тұрған әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, тіпті аңшылық-саятшылық, қолөнер, ұсталық-зергерлік саладағы ерекшеліктер арқау болған «Ойтолғақ», «Сонар» кітаптары танымдық тұрғыдан ерекшеленеді. Осы еңбектерінің заңды қорытындысы сияқты «Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау» атты көлемді кітабы атының өзі айтып тұрғандай бүтін бір ұлттың этнографиясына және мәдениетіне, төл тарихы мен фольклорына – бүтін рухани әлеміне байырқалай тоқтап, орнықты ойлары мен пайымдарын ұсынады.

Ақселеу «Білім және еңбек» журналында жүргенде Тұрсын Жұртбайға: *«Мен саған бір ақыл айтайын. Осы көркем шығарма дегенің бос сөздің желқабызы екен. Мен қойдым, сен де қой. Халыққа түк пайдасы жоқ. Одан да құрып бара жатқан еліміздің руханиятын құтқаратын ғы-*

лыми-көпшілік жанрға көш. Мен көркем кітаптарымның барлығын таратып жатырмын», – депті.

Көркем шығарма жазумен айналысуды саналы түрде қойып, зерттеушілік жолына түскен себебі десе боларлық мына сөздерді Ақселеу Сейдімбек өз күнделіктерінде жазып қойыпты:

«Қалай десек те, суреткер қиялынан туған көркем шығарма дүниені өзгертуге келгенде ең дәрменсіз тірліктердің бірі болып қала береді. Бейнелеп айтсақ, көркем шығарма – қарыны ашқан балаға тамақ берудің орнына ойыншық бергендей ғана гәп».

Ақаң кандидаттық, докторлық диссертация жазу барысында жұмысына қажет құжаттар іздеп кітапханаларға үш-төрт-ақ рет барғанын, қалған кезде үйінде жинаған бай кітапханасын пайдаланғанын айтады.

Өз сөзі: *«Менің түсінігімде адамзат өркениеті бір құдіретке қарыздар болса, ол алдымен – кітап. Бір кезде өзіміз жастанып оқыған Карл Маркс айтқан екен: «Кітап менің – құлым, не істесем де айтқанымға көнуі керек» деп. Мен үшін кітап – құл емес, ол – қолғанат, дос, өмір сүруім үшін керекті ең басты қаруым. Кітапқа құмарлығым мектепте оқып жүргенде-ақ басталды. Мен оқыған мектептің шағындау кітапханасы болды. Оныншы сыныпты бітіргенде, сол кітапханада мен оқымаған кітап қалған жоқ десем де болады. Әрине, ол кезде көбінесе көркем шығармалар оқитынмын. Оқушы кезімнен бастап кітап жинай бастадым. Кітап жинаудың екінші кезеңі – студенттік шақпен тұспа-тұс келеді. Студенттік кезде кітапты көп жинадым деп айта алмаймын, бірақ әр нәрсеге құлаш ұрдым. Философ та болғым келді, филолог та, этнограф та, заңгер де, экономист те, қысқасы, бәрі де болғым келді. Сондықтан, бұл кезеңде кітап та әртүрлі саладан жиналды. Студенттік өмір аяқталып, нағыз өмірге араласқан кезде әмбебап энциклопедист болудың заманының өткеніне көз жетті. Оның үстіне, өмір адамды прагматик етеді екен, өзіңнің мүмкіндігіңді ғана есептеп, сол бойынша тірлік құруға мәжбүрлейді екен. Нәтижесінде, менің кітапханам осы уақытқа дейін төрт-бес рет сұрыптаудан өтті. Ең ақырында, мен тоқтаған ізденіс аясы – тарихи-филологиялық сала ғана болып шықты. Қазір менің үйімде 10000-нан астам кітап бар.*

Әрине, кітап жинау көп қаржыны қажет етті. Бала-шағамыздың аузынан жырып алып, осы кітаптарды жинадық.

Кітапханамда 150-ге тарта кітап сөресі, екі-үш қабырғада қолдан жасалған қосымша сөрелер бар. Себебі кейбір кітаптардың көлемі стандартты сөрелерге сыя бермейді.

Мен үшін кітап жинау әуезелік мақсат емес. Мен библиофил немесе коллекционер емеспін. Кітап жинау – шығармашылық өмір-салтымның

ең негізгі өзегі. Шығармашыл адам ретінде жоспарларымды жүзеге асыруда ең бір сенімді де адастырмайтын қаруым – кітап».

Ақселеу Сейдімбектің бір авторлардан алған сілтемелерге аса ұқыптылығын (бұл өзі ғалымға тән қасиет) қараңыз: бірде Қали Сәрсенбайға қоңырау шалып: «Әй, Қали, мен сенен бір дерек алып, оны ұтымды пайдаландым, сен соған қуаншы» – депті. Қазіргілер осылай айтуды ұмытып кеткен секілді көрінеді маған. Өйткені, біріншіден, бұлай айту үшін айтқан адамның жаны ас таза болуы керек, екіншіден, алған дерек пен ұтымды ойды қайдан алғанын жазатын, оны қайдан алғанын иесіне айтатын адамдар қазірде азайды.

Нәтиже

Қорыта келгенде, Ақселеу Сейдімбектің негізгі әдеби-көркем және ғылыми-зерттеу еңбектерін шыққан жылдарымен жүйелер болсақ, мынадай нәтиже береді: «Ақиық» (1972), «Илиада», «Одиссея» (аудармалар) (1974), «Қыр хикаялары» (1977), «Тауға біткен жалбыз» (1979), «Кеніш» (1979), «Алпамыс» (эпосты қара сөзбен түсіндіру) (1979), «Күңгір-күңгір күмбездер» (1981), «Аққыз» (1981), «Серпер» (1982), «Сонар» (1989), «Мың бір маржан» (1989), «Күй шежіре. Бірінші кітап» (1992), «Күй шежіре. Екінші кітап» (1997), «Балталы-бағаналы ел аман бол» (1993), «Көшпелілер тарихы» (1995), «Қазақ әлемі» (1997), «Елтұтқа» (2001), «Қазақтың күй өнері» (2002), «Қазақтың ауызша тарихы» (2008). Мерзімді баспасөзде мыңға тарта мақалалары жарық көрген. Шығармалары оннан астам шетел тілдеріне аударылған.

Ақселеу Сейдімбектің өмір жолында ұдайы серік болып, бірге жүрген жандай досы Қойшығара Салғараұлының айтуынша «Оның азамат ретіндегі болмысын айғақтайтын айқын қасиеттерінің ең бастысы – оның жалтақсыз ұлтжандылығы. Ол үшін қазақ ұлтының тарих аясындағы болмыс-бітімі біртұтас киелі жаралым. Содан да болар, оның ғылыми-зерттеу еңбектері қазақ этносын ұдайы біртұтас қалпында зерделеп, қазақтық қадір-қасиеттерді бүтін қалпында парықтауға арналып отырады. Бұл ретте, Ақселеу Сейдімбек еңбектерінің ұдайы «қазақ» деп басталып отыратыны да көп жайтты аңғартса керек: «Қазақ әлемі»; «Қазақтың қара өлеңі»; «Қазақтың күй өнері»; «Қазақтың ауызша тарихы»; «Қазақтың эротикалық фольклоры» т.б. Сөз жоқ, осы аталған еңбектердің қай қайсысы да тегеурінді де тың ой-тұжырымдарымен қазақтануға олжа салған, ешқашан ғылыми-танымдық мәнін жоймайтын өміршең дүниелер.

...Акселеуді білетін жұрт оны заманына лайық сері, жөн-жосыққа жүйрік, кісілігі мол, сөзімен ісі бір жерден шығатын жан ретінде қабылдап, оның осы қасиетін айрықша бағалап жатады. Менің пайымдауымша, бұл да халқын қалтқысыз сүйетін азаматтың ұлтжандығынан пайда болған, саналы ізденістен туған қасиет секілді. Бар тірлігін ұлтының жоғын жоқтауға арнағандықтан, халықтың дәстүрлі өнегесін ұрпақ санасына сіңіре беру үшін бар мүмкіндікті қалыс қалдырмай, мейлінше тиімді пайдаланып қалуды мақсат тұтқаны байқалады. Оның серілігі – қазақы болмыс-бітімді өзінің жүріс-тұрысымен, киім киісімен, іс-әрекетімен болса да жастардың танып-білуіне ықпал етуден туса, шығармашылық қарымы – көргені мен білгенін, оқығаны мен тоқығанын қалайда жұртына жеткізіп, соның тыңдаушысына жұғысты болуын мұрат тұтудан қалыптасқан. Өйткені, Акселеудің ұлтжандығы халқының қадір-қасиетін терең танып-түсінуден, ұлтының кемісін толтыруға, кетігін бүтіндеуге жан-тәнімен мүдделі болудан, қазағымның табанына кірген шөгір менің маңдайыма кірсін деген ниттен туындаған ұлтжандылық. Сондықтан ол өзінің ғылыми-шығармашылық ізденістерінде ұдайы ұлттың рухани дәулетін еселеп, бұрын із түспеген соныға құлаш ұрып, жаңалыққа жаршы болып, әсіресе халық мұрасының еленбей жатқан қырларын түгендеп отыруға айрықша құштар. Осы құштарлық бұрын жиналып зерттелмеген қара өлең мен күй аңыздарын алғаш рет рухани айнылымға түсіруге итермеледі; қазақ эпостарының қара сөзбен насихатталуына мұрындық болғызды; түп-тамыры түркілік танымнан нәр алған Гомер туындыларын қазақ оқырмандарына таныстыртқызды; тарихты жеке тұлғалар арқылы зерттеу идеясына ден қойғызды; Қазақстанда этнографиялық және этнологиялық ізденістер жандануына ықпал еткізді; сөйтіп «көшпелілердің төл тума мәдениеті» деген категориялық ұғымның орнығуына тегеурінді үлес қостырды; қазақтың музыкалық мәдениетінде бес мектептің бағын алғаш саралап танып, олардың даралық сипаты мен типологиялық тұтастығын анықтатты; қазақтың ән өнерінің тарихи-эстетикалық қасиетін алғаш рет кешенді қалпына тануды мақсат еткен телехабарлар сериясын жасатты; белгілі тұлғалар өмірінің ғибратты сәттерін жинақтауға себепші болған, бұл күнде газеттердің тұрақты айдарына арналған «Деген екен» айдарын бастап бергізді. Сөз жоқ, осылардың бәрі-халықтың рухани дәулетін сабақты жібіне дейін қалдырмай түгендеп, ел игілігіне асыруды мұрат тұтқан ұлтжанды азаматтың халқына деген шексіз берілгендігінің айғағы. Оның азаматтық тұлғасын өзгемізден даралап, ерекшелеп тұрған да осы қасиеті».

Акселеу Сейдімбекті ескілікті көп білетін шежіре, этнограф-ғалым, қарымды қаламгер, дәулескер домбырашы, филология ғылымдарының

докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері деп барлық атақ-дәрежесін тізбелегенде, оның болмысы, табиғаты, ұлтқа ғашықтық бітімі толығынан ашылмайды.

Оның ғылыми-шығармашылық еңбегінің бедерлі тұстарын былайша атап өтуге болады: ол прозалық шығармалары арқылы ұлттық төлтумалықты айғақтауға елеулі үлес қосты; бұрын жиналмаған да зертелмеген қазақтың қара өлеңдері мен күй аңыздарын алғаш рет рухани айналымға түсірді; Қазақстанда этнографиялық және этнологиялық ізденістердің жандануына ықпал етті; «көшпелілердің төлтума мәдениеті», «көшпелілер өркениеті» сияқты санаттық (категориялық) ұғымдардың айқындалуына және орнығуына тегеурінді үлес қосты; «қазақтың ауызша тарихы» деп айтуға әбден лайық шежірелік деректерді кең көлемде пайдалана отырып, тұңғыш рет қазақ халқының ру-тайпалық құрылымын толық қалпында саралап берді және дәстүрлі қазақ қоғамының мемлекет жасақтау үлгісіне, құқықтық жүйесіне, ішкі әлеуметтік-этникалық байланыстарына қатысты түбегейлі тың тұжырымдар жасап, оны тегеурінді дәлелдермен орнықтыра алды; алғаш рет қазақ эпостарының қара сөзбен насихатталуына мұрындық болды; алғаш рет Гомер туындыларын қазақ оқырманына таныстырды; әртүрлі пікір-бағаға қарамастан халық мұрасы ретінде қазақтың эротикалық фольклорын жинап, оның ғылыми басылымын алғаш рет жарыққа шығарды; Қазақстан тарихын жеке тұлғалар арқылы зерделеу идеясын ұсынып, оның нақтылы жүзеге асуына өзіндік үлес қоса білді; қазақтың дәстүрлі әншілік өнерін тұғыр ете отырып, «Сарыарқа», «Дәурен-ай», «Толғау» («Ақтанбердінің толғауы») сияқты ұлт рухын көтеретін тамаша әндер шоғырын дүниеге келтірді; оның публицистикалық еңбектері қазақ журналистикасын жаңа деңгейге көтеруге толымды үлес қосты. Оның ел бірлігін сақтау, мемлекет тәуелсіздігін нығайту, ұлт руханиятын ұлықтау тақырыбына көптеген тағылымды еңбектері ел жадында.

Акселеу Сейдімбектің өз сөзімен айтсақ:

«Өзіндік қасиеттен айырылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті ғана. Сондықтан, бұл жолда еткен еңбек пен төккен терді Тәңірдің сыбағасына балай жүріп, өткеннің асылдары болашақ ұрпақтың жан-жүрегіне жылытуы үшін қол жалғап жіберуіміз қажет-ақ».

Ақаң қазақтың сөз мәйегін ұтымды пайдалана отырып этнография мен этнологияның ғылыми тілінің тамаша үлгісін жасап шығарған. Ақаң қаламынан шыққан мына анықтамаға көңіл бөліп көрейікші:

«Кез келген этнос әрі төлтума қасиеті айқын, әрі қоғамдық-әлеуметтік жарасымы орнықты болу үшін біртұтас ақпараттық

өріс аясында өмір сүруі шарт. Біртұтас ақпараттық өріс этнос жа-дын тұтастандырып қана қоймайды, сонымен бірге, этноидеалдың да тұтастануына себепші. Әрбір этножаралым жадының біртұтастығы қожырай бастағанда, оның этнотөлтумалығы да дубаралана бастайды. Ал, этнос мүлде өлімге бой ұсынғанда, сол этнос аясында бірін-бірі түсінбейтін, бірін-бірі түсінгілері де келмейтін бірнеше әлеуметтік топтар пайда болады. Этнос тағдырына қатысты көзге көрінбейтін, кейде бақылап-пайымдауға бір адамның өмірі де жете бермейтін осы бір күрделі де нәзік үдеріске айрықша сезімталдықпен қарау қажет-ақ. Нағыз ұлтжандылық пен мемлекетшілдіктің сыналар жері де осы болса керек».

Ақаң жазған әр сөз орнында, әр сөйлемнің атқарар жүгі анық. Ғалымға тән үлкен жарқын ойдың, ел тағдырына алаңдаған азаматтың көкейкесті пікірінің тұтасқан жері де осы. Алып-қосары жоқ. Қазақтың ғылыми тілі жоқ деп байбалам салып жүрген нигилистерге нағыз күштеп оқытып, миына жеткізетін-ақ сөз. Еуропалық кеңістіктегі ғылыми ортада қалыптасқан терминдер қазақ ұғымына лайықталып сайрап тұр. Абайдың «сөз түзелді, тыңдаушым сен де түзел» дегені осындайда еске түседі.

Акселеу атакты батыр Байғозы Наймантайұлының алтыншы ұрпағы екенін де мақтаныш етіп жазып қойыпты. Ана бір жылдары Байғозы батырдың басын қарайтамын деп көп әрекеттеніп жүргенін де байқап ем...

Акселеу Сейдімбектің кейінгі жылдары әдебиеттен гөрі этнографияға көбірек ден қойып, зерттеушілікпен айналысып кетуін сирек кезігетін тереңдік пен алғырлық деп тануға тиіспіз. Оның қазақ мәдениеті мен діліне қатысты көлемді зерттеулері – ұлттық тарихымыз бен ұлттық болмысымызды жан-жақты сараптап, терең талдап, кемел пайымдай алған кесек туындылар.

Акселеу бірде: «Білмейтінің туралы пікір қозғау әбестік, ал сол білмейтініңді өз талғам-түсінігіңмен бағалау сорақылық болып шығады» – деген екен. Өзі айтқанындай ол біртіндеп жетіліп, мақала соңын мақалаға жалғап, ұмыт болып қалмасын деп өз ойларын күнделіктеріне жазып алып, қазақтың тарихы, ділі, өнері, азаматтары жайлы зерттеулерін жалғастыра беріпті. Оларды жинастырып, толықтырып, әуелі шағындау, кейіннен көлемді кітаптарға ұластырыпты. Ол «Болашақта кім болуым керек?» деген сауалды өзіне-өзі қоя отырып, ең маңыздыны керексіздеу деп тапқандардан бөліп алыпты да соның жолына мықтап түсіпті.

Акселеудің өзі айтады:

«...Мен журналистік өмірімнің алғашқы 5-10 жылында көркем шығарма жазумен айналыстым. Бұдан кейін саналы түрде көркем

шығарма жазуды тоқтаттым. Иштей қазақ халқы бір жүйеден екінші жүйеге өтіп бара жатқанын терең сезіндім де, ұлтымыздың дәстүрлі құндылықтарының бірте-бірте ұмытылып бара жатқанына қатты мазаландым. Нәтижесінде, мен нақтылы ғылыми-көпшілік, ғылымтанымдық, этнографиялық, ұлт болмысын танытатын еңбектерді жазумен айналысуға көбірек ден қойдым. Оған, әрине, өкінбеймін. Күні бүгінге дейін сол ұстанымыммен еңбек етіп келе жатырмын».

«Жазушы-этнограф болмағанда кім болуым мүмкін еді?

Жазумен әу баста айналыспаған болсам онда менен жақсы дәрігер немесе музыкант шығуы мүмкін еді. Сондай-ақ, қолөнермен айналыссам да талайдың көзін қуантар өнер дүниелерін жасайтыныма күмәнданбас едім. Ал егер, мен не қойшы, не жылқышы болғанда, тамаша еңбек үлгісін көрсетер едім деп ойлаймын. Мен өз өмірімде бір нәрсені өте жақсы білсем, ол – мал жаюдың қыр-сыры болу керек. Сондай-ақ, мұғалімдік еңбекпен айналысқанда да өкіше басар ұрпаққа қанишама пайдалы еңбек сіңіруіме болар еді деген ой келеді».

«Мен қазақтың біртуар ұлы әншісі Жәнібек Кәрменовпен үлкен шығармашылық байланыста болғаным да, осы әндердің дүниеге келуіне Жәнібектің ғажайып әншілігі де әсер етсе керек. Мен тіптен ән шығарғанда сол Жәнібектің тұзағында отырып шығаратынымын. Сосын, тек Жәнібек айта алатын әнді ғана шығара алатынымын. Содан да болу керек, менің әндерімнің жалпы бітімі «күні өткен» әндер.

...Жәнібекпен бірлесіп, 9 телехабар жүргіздім. Телехабарларда Жәнібекке 100-ге тарта қазақтың классикалық әндерін орындаттым. Соның әсер-ықпалы болу керек, бірлі-жарым шыққан әндер бар. Құдайға шүкір, оларды кезінде Жәнібек шырқаса, бүгінде Қайрат Байбосынов, Бекболат Тілеухан сынды қазақтың белгілі әншілері айтып жүргенін, пенде ретінде өзім мақтаным тұтамын.

...Мен жас кезімнен түрлі саланың маманы болғым келетін. Философ болғым келетін, музыкант, ұста, этнограф, тарихшы, географ та болғым келетін. Қойшы, әйтеуір, осы салалар бойынша ізденіп, ғылымға, қандай да бір жаңалыққа деген қызығушылығым, әуестігім зор болатын. Содан да болу керек, әлгіндей салаларға қатысты білгенім мен түйгенім айтарлықтай».

Акселеудің өмір жолында осы мақсаттары басым бөлігі орындалғандай.

Жомарт Әбдіхалықтың мына бір сөздеріне жүгінуге тура келіп тұр:

«Қай сөзді де дәлелсіз, зая емеуріндегім келмейді. Егер ол журналист мамандығы бойынша білім алмай, архитектура ғылымын игеріп сәулетші болса, ғаламат пішінді ғимараттарға көз тұндырар еді; егер ол жазушы

болмай, саз өнерінің жолын құса, дәстүрлі күйші-компазиторларымыздың ірі тұлғаларының жалғасындай тағы бір белең биікті танытар еді; ал, егер оның бәрін қойып, ағаш пен темірден, қайыс пен мүйізден түйін түйер зергер болса, онда өзі теңдес тұрғыластар арасында алдына жан салмас еді...».

Курстасы Пернебай Дүйсенбин Ақаңның әлдекімдердей сабылып қара мақала жазбайтынын, жазудан оқуы көп екенін, шаң басқан архивтерде отырудан жалықпайтынын, қайта тапқан жүйелі дерегі болса, соны елге естіртіп, құлақтарын елеңдетіп қоятын, қашан да болса ірі сөйлеп кесек тұрайтынын айтады.

Ақселеу Сейдімбек ән мен күй де шығарды, оның «Сарыарқа», «Дәурен-ай», «Ақтанбердінің толғауы», «Алтын асық», «Арарай», «Арман-ай», «Есіңде бар ма жас күнің», «Гагагай» әндері мен «Құлақкүй», «Қосбасар» атты танымал күйлері бар.

Конфуцийдің жасөспірім кезінде әнді қалай тыңдағаны жайлы мынадай бір сөз бар: «Бір кездері Кун-цзы жеті ішекті музыка аспабы цинде ойнауды үйренуден дәріс алады. Өзіне-өзі қатаң талап қоятын, қай іспен айналысса да, табандылық пен ыждағат танытатын ол оқудың он күні өткенде тек алғашқы аккордтарды қалай алуды мұқият үйрене бастайды. Оқытушы: «Сен бұны меңгеріп алдың, келесі әуенге көшейік», – десе ол: «Мен әуенді игергенмен, оны орындау мәнерін игерген жоқпын», – депті. Аз уақыт өткеннен кейін: «Сен әуеннің орындау мәнерін де игердің, жаңа әуен үйретейін», – десе, «Мен оның әлі ішкі тереңдеріне үңіліп үлгермедім», – деп жауап беріпті. Тағы біраз мерзім өткен соң «Бұл әуеннің ішкі иірімдерін де игерген боларсың, келесі әуенге көшейік», – деген оқытушы сөзінен кейін Конфуций ұзақ ойға шомыпты. Сөйтіпті де: «Мен осы әнді жазған адамды көзіме елестетіп отырмын. Бұны жазған кісінің дүниенің төрт бұрышынан хабары бар адам екен, сірә, бұл әнді Вэнь-ван жазған болар» – деп әуенге қарап авторын дәл тауыпты. Бұл мысал – оның кез келген істі осындай дәрежеге дейін терең зерттеп, бойына сіңіруге ұмтылатынының дәлелі». Тұрсын Жұртбайдың Ақселеу мен Бекболаттың Ақтамберді жыраудың өлеңінен «Толғау» деп аталатын ұлы әнді қалай дүниеге әкелгені жайлы жазғанын оқығанда осы есіме түсті.

Ол оқиға қалай болғанын жазушы, Ақаңның рухани інісі Тұрсын Жұртбай былай жазады:

«Жаңылмасам, қыс айының іші... Ақаң мен Жәнібек оңашалана бастады. Апта өтті. Ай өткен жоқ. Біз де қалатын болдық. Тыңдаушы керек екен. Ақаң бір әуенді ұзақ қайталап тартады. Жәнібек тамсанады. Қабағын түйеді, қолын шошайтады. Мен Ақаңның саусағынан көз

алмаймын. Осы күй он күнге созылды. Енді Жәнібек жұрттан бой тасалай бастады. Бір айдың мөлшерінде ол мені үйіне шақырды. «Мынаны тыңдап көрші» – деді. Бұрын мен естіп білмеген бір алапат жыр. Ақтанбердінің толғауы. Үш-төрт күннен кейін Ақаң тыңдатуға бардық. Кешкі мезгіл. Жәнібек сорғалата жөнелгенде басында еркіндеу отырған Ақаңның басы иілді де қалды. Тыңдап болған соң: «Ой, Алла-ай! Не деген ғажап, не деген философия, не деген кеңдік! Жәнібек енді сенің бағың ашылады» – деді. Күй сарынын арқау ете отырып шығарған сол әніне лайық Ақтанбердінің сөзін тауып, домбыраға түсіріп Жәнібекке үйреткен Ақаңның өзі емес пе еді. Бүгінгі қазақ әнін Ақтанбердінің толғауынсыз елестетіп көріңізші. Осыдан кейін Ақаң мен Жәнібек, Несіпбек – үшеуі қосылып алып «Дәурен-ай» мен «Сарыарқаны» сол қыста жазып, жұртты таң-тамаша етті. Бұл қазақ әнінің жаңа белеске көтерілген, Жәнібектей жампоздың, Несіпбектей сужорғаның Ақаңның алдына түсіп алып халқына қарай жайтаңдай жөнелген тұсы еді. Сол ән – бүгінгі Бекболаттың бесігі тербеліп, ауамен қоса жүргеніне ән боп құйылып жатқан кезі еді. Жамбасымен жорғалайтын Бекболаттың қызығын қызықтап Жәнібек бөлме-бөлмені аралап ән айтатын, ол қай бөлмеге барса, соған жамбастай жорғалап баратын Бекболаттың ұзын сапары мен өз жүрегіне ұя салған тұс еді».

Ақаң кино өнеріне де хабардар болған, бірнеше киносценарийлердің, оның ішінде «Абылайхан» киносценарийінің авторы, «Ықылас күйші» (1983), «Әнші Жәнібек Кәрменов» (1993), «Абайдың Ескендір поэмасы» (1994), «Асыл қазына» (1996), «Зергер» (1998) телефильмдеріне және Асанәлі Әшімовтің «Қозы-Көрпеш-Баян Сұлу» (1993) атты екі сериялы көркем фильміне түскен.

Желтоқсан оқиғасы күндері Ақселеу қатты ширығып, өз ойларын қағазға былай түсіріпті:

«Дүлей күштің төбемізде тұрған жалаң қылышын әр кез сезініп келдік қой. Бірақ, озбырлықтың мұндай сорақы түріне тап болармыз деген үш ұйықтасақ ойда жоқ еді...»

Жан-жүрек қаңырап қалды. Айтар жерге сөзің өтпейді, жалбарынар жерге дауысың жетпейді...

Дүлей күш өзінің нағыз зұлым сыйқын көрсетті...

Ақыры қайыр болсын...

Пэрэат мундус эт фиат юстициа! 18.12.86».

Кісі өмірінің соңына қарай арманшылдықтан гөрі өкінішті ойларға көбірек ойысады. Конфуций де, Баласағұн да, Толстой да, Абай да солай. Ақселеуден ондай ой кездестірмедім, қайта: «Өмірге өкінішім жоқ» дегенін оқыдым, оны қанағат, ризалық сезім деп түсіндім, тойым емес.

Акселеу Сейдімбектің мұрасын зерделегенде, ойымызға: «Осы кісі өзін бақыттымын деп санады ма екен» деген сұрақ келді.

Қазақ философы Ғарифолла Есім: «Жалған ғұмырда бақыттымын деу дана адамның сөзі емес. Ол өмірдің өткінші екенін, жалған екенін, мәңгіліктің жоқ екенін біледі» – дейді. Толстой да жаңа үйленген кездегі жазғандарынан басқа жерде бақыттымын, төрт құбылам түгел деп жазып қалдырмапты.

Бақыт көзбен көріп, қолмен ұстап, дәмін татып немесе құлақпен естіп-білетін нәрсе емес, адам оны жүрекпен ғана сезеді. Өмірден керегін артығымен алған, көңіл көтерген, биік салтанат, игілік, рахатқа жеткенді бақыт санайтындар бар. Біреулер байлық жиюды бақыт санайды, ол дегеніміз – дүниеге құл болу. Билік – менмендік пен әділетсіздікке, озбырлыққа апарар жол. Бұлар – нәпсіні қанағаттандырушылықтан туады, оның тереңіне илану – ізгіліктен ажырау.

Шын бақыт – адам өз күшін басқаның жолына жұмсағанда болса керек. Ол бақытқа ақ ниет пен ізгі пейіл ғана апарады.

Біздің кейіпкеріміз осындай шын бақыттың иесі.

Ақаң күнделіктерінің бір бетінде былай деп жазып қойыпты:

...Бақыт дегеніміз адамның өзін өзгеге керек екенін сезінуінде екен.

...Қас қағым қысқа тіршілікте қай пенде бақыттан дәмелі болмайды дейсің. Ал, бақыт деген – Қыдыр сияқты мифтік кейіпкердің көзіне түсу арқылы қол жететін кездейсоқ сый емес. Бақыт деген – табаныңды тасқа тілдіріп, маңдайыңды күнге күйдіріп жететін таным жолындағы мақсатқа қолыңның тиюі, жүрек қалауының орындалуы.

Кезінде Флобер жазушы еңбегін теңіз түбіне сүңгіп маржан теретіндерге теңеген-ді. Теңей отырып, «сол тереңнен бір-ақ рет олжалы оралу үшін мың рет сүңгуге құлмын» деп отырады екен. Нағыз дарынды суреткер адам жанының небір тұңғыш тереңінде жатқан інжу-маржандарды теруге ұмтылады. Оның ең тереңіне нағыз дарындылар ғана жетеді.

Осындағы «Бақыт дегеніміз адамның өзін өзгеге керек екенін сезінуінде екен» және «Бақыт деген – табаныңды тасқа тілдіріп, маңдайыңды күнге күйдіріп жететін таным жолындағы мақсатқа қолыңның тиюі, жүрек қалауының орындалуы» деген сөздері де өзі осындай іс-әрекеттерінен бақыт тапқан адамның сөзі десек орынды.

Өзінің өміріндегі қатерлі шақтары туралы Акселеу күнделігінде мынадай сөздер жазыпты:

«Адам өмірі... тіршілік.. кездейсоқтық... Ойлап отырсам, жел соққан шырақтай аяқ астынан жалп етіп сөнетін сәттердің талайы бастан өтіпті-ау! Егер ғой, соғыстан қияли болып оралған өгей әкемнің маған

картоптың түбіне су құймадың деп жіберіп қалған балтасы құлағымды жалап өтпей, үш елі ғана ауып келіп қарақұсыма тисе шаруамның біткені еді ғой. Немесе, шығандап кеткен саяқ жылқыларды қуып келе жатқанда атымның аяғы інге кіріп кетіп жығылғанда менің бір аяғым үзеңгіге ілініп қалып, елу метрдей сүйретіліп едім-ау. Сонда ғой, мидай даладағы геологтар қағып кеткен қада ағашқа ойда жоқта атымның сүйретіліп келе жатқан тізгіні ілініп барып тоқатамаса, менің сәбізімнің біткеніне шәк жоқ еді ғой. Немесе, 13 жасымда, қыстың көзі қырауда, Атасу станциясында тұратын шешемнің әпкесіне бір қап ұнды жүк таситын поезға заңсыз салып, жолға шығып едім-ау. Сонда, поездың станцияға тоқтамай заулап өте бергені, қалтырап тоңған менің зәремнің ұшқаны, сонсоң тәуекел етіп тормозды басып қалғаным, сол кезде артқы вогонға тиелген бөренелердің лықсып келіп мен мінген вогонның тормозын ұрғаны қалай ұмыт болар. Сонда ғой, бөрене маған тисе шелпек етіп кететініне шәк бар ма. Иә болмаса, студент кезімде ақша табу үшін темір жолға барып, вогоннан бөренелер түсіріп жатқанда лақтырған бөренемен бірге жерге ұшып едім. Сонда үстіме құлаған құшақ жетпес бөренеден мені арықтың жерошақтай ғана шұңқыры сақтап қалып еді-ау. Қайсыбірін айтып тауысарсың, 1960 жылы ат құлағы көрінбес боранда үш күн адасып, далада болғаным немесе қолымдағы от алмай қалған патронның от алып кеткені, Әбеудің суға кетіп бара жатқан ұлын құтқарамын деп, бірге суға батқаным (бұл қатерден Өмірбай құтқарып қалған), міндетті әскерде жүргенде Куба мен Вьетнамға баруға тілек білдіргенім, тағы да сол әскерде Троицк қаласында еркіндікте жүргенде үш баскесердің түн ішінде пышағын жалаңдатып артымнан қуғаны, тіптен бірі лақтырған пышақтың дәл жауырыныма сабымен тиюі сияқты гәптер тізіліп еске түсе береді...

Тіршілік деген соншалықты болымсыз себептермен жалғаса беруі немесе жел соққан шырақтай жалп етіп сөнугі оңай екен-ау. 1.07.82».

Өзі айтқандай, Акселеудің жалған дүниедегі тірлігі жел соққан шырақтай жалп етіп бірден сөне қалды. Ол 2009 жылдың қыркүйектің 15-нен 16-на қараған түні 67-ші жасына толуына үш айдай қалғанда дүниеден озды.

Акселеу Сейдімбектің өмірден өткенін естігенде қиналмаған есті қазақ қалған жоқ. Алла сүйікті құлын айлардың падишасы болған Рамазан айының ішінде, түндердің төресі болған Ләйләтүл Қадір түнінде алды. Жаны жаннатта болғай. Қазақты ардақты ұлынан айырғанымен, оның артында мұқым қазаққа ұран болған мол мұрасы қалды. Алаштың ақ сөйлейтін Акселеуі ел есінде мәңгі қалар, ұмытылмас...

Пайғамбарымыздың бір хадисінде «Аллаға ең жақын адам – ғылым жолында жүрген жан» деп келеді. Шынында, еліміздегі аса талантты қаламгер, ғұлама ғалым, пәлсапаның көсемі, қызыл тілдің шешені Ақселеу – туған ұлтымыздың саусақпен санарлықтай тау тұлғаларының бірі еді.

Ол – еліміздің рухани қорғаушысы, қорғаны болатын.

Адамзаттың арғы-бергі тарихынан, қазақтай байтағының шежіресінен асқан сүйіспеншілікпен кемел сыр шертер даңғайыр ғұлама-тын.

Қазалы жиында дана жазушы Әбіш Кекілбайұлы былай деді:

«Ұлан-ғайыр сахарамызды түгел шолып, ұлан-асыр сыр-сипаттарымызды тегіс қамтып, қат-қабат тарихымызды терең қаузап, дүлдүл оймен, ділмар тілмен толғайтын ғұлама ғалым, сұңғыла білімпаз, сүлей суреткер қайран Ақселеу.

Атар таңның жарығы жаңа-жаңа себездеп, айналаны толтыра бастағанда ай маңдайы жарқырап, аққан жұлдыздай көзден ғайып болады деген ой үш ұйықтасак түсімізге кірмепті.

Айлапат төсін айқара жайып, күректтей саусақтарын салалай тарақтап, әр сөзін саралай салмақтап, шалқая қарап, шабыттана сөйлеп тұрғаны күні кеше ғана еді.

Қашанғы қара домбыра мен иір мойын қылқобыздың көмейіндегісін, құйма құлақ қариялардың көкейіндегісін төкпей-шашпай түгел жинап, ашқарақ қошақандай қомағайлана бас сұғып, күрпіте сорып, талмап еміп, жебей сауып, ештеңе қалдырмай ақтап-қақтап, әбден сарыққан соң, байыппен пайымдап, сақадай салмақтап, әбден сараптап еді-ау, шіркін. «Қазақтың күй өнері» мен «Қазақтың ауызша тарихын» аяқтағалы бері мойнынан батпан жүк түскендей болып, ешкісі тауға жайылғандай емін-еркін жүр еді. Ойдағысына жеткендей, ел алдындағы парызын ақтағандай асқан бабында еді. Аса шабытты шағында еді.

Тілімен бал емізгендей еді. Жүрегінен күн көрінгендей еді.

Қазақ даласы талай дарынды, талай талантты, талай білімпазды, талай ділмар, талай шешенді туар-ау.

Бірақ, соның бәрін бір бойына сыйғызған, тал бойында сомдаған Ақселеудей жойқын дарындар, сойқан таланттар бұл дүниеге енді айналып келгенше қашан?!

Оның кең қарымды, тың серпінді, тынымсыз ізденіске толы тарихи зердесі өзімізді дүние танып, өзгелерді дұрыс бағамдаудың асқаралы шындарына шығып, бұрын-соңды батылымыз бармаған ұшы-қиырларын еркін самғай бастап еді.

Алаш аруағы мен қазақ рухының қайта тіріліп, қайта оянып, қайта қалыптасып келе жатқан шағында ұлпа сезімімізге қаяу түсірген қаза болды ғой бұл!

Өкініште қапы жоқ.

Жер бетіне келіп-кеткеніне, аз күн дәмдес, мұңдас-мүдделес болғанымызға, бірге жүріп, бірге тұрғанымызға тәубе дейміз.

Қазақ санасында оның өлмес-өшпес іздері жатыр жосылып...

Қиырға шарлатып, қияға самғатып...».

Ақселеудің аға досы Мырзатай Жолдасбеков:

«Сонау шалғайда, мидай далада туып, жастайыңнан жетім қалып, білім алып, кемеліңе жетіп, бүкіл еліңді танып, елің өзінді танып, әлпештеп алақанына салған Ақселеуіне айналдың. Сені жұрт ардақтап Ақа деуші еді. Байғозы бабаңның ауызынан түскендей, сом денелі, батыр тұлғалы едің. Жаратылысың, пішімің мол еді. Туған жердің төрінде алшаң басып жүруші едің. Ақылман едің. Шешен де едің, көсем де едің, алып бәйтерек едің, Ақселеу. Сөйлесең сөзді түбінен тартушы едің, айтсаң жұрттың көкейіндегісін айтушы ең! Өмір бойы тірнектеп жиған қазақ шежіресі туралы кітабыңды аяқтағанда: «Саусағым жауыр болды, қағазға да, қаламға да беттемей қалыппын», дегенің де есімде. Иә, сенің саусағың жауыр болатындай, қағазға да, қаламға да беттей алмайтындай қыруар еңбек бітірдің.

Қасиетті Рамазан айында Қадір түнін қарсы алып, ақ таңды атырып кеттің, Ақселеу. Сені білген, бірге жүрген, бірге тұрған аға-інілеріңнің қабырғасын қайыстырып кеттің, шырағым.

Алланың мұнысына да шүкір. Ақселеу тарих, этнография, журналистика іліміне, өнертануға өлшеусіз үлес қосып кетті. «Өлді деуге сыя ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», дегенде Абай осыны ескеріп айтқан болуы керек. Иә, сен артыңа ешқашан ескірмейтін, тозбайтын, ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін «Қазақ әлемі», «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың ауызша тарихы» секілді ғажап құнды мұралар қалдырып барасың. Артыңда қалған мұраларың енді ел-жұртыңа, ұрпағыңа қалтқысыз қызмет жасай беретін болады.

Ақселеудей арда азамат енді қайта тумас, бірақ, құт мекен, қасиетті жер, алтын құрсақ аналар аман болса, тағы да талай Ақселеулер дүниеге келер. Өмір осылай жалғасады. Сен үнемі қазақты бірлікке, ынтымаққа шақырушы едің. Халқың бұдан кейін де ынтымақтаса, бауырласа, ұйыса түсетін болады» – деп толғады.

Жұмағали Ысмағұлов газетке мынадай сөз арнады:

«Қазақтың сирек туар сері азаматы, ұлт мәдениетін ұлықтаған ұшқыр ойдың иесі, туған халқының рухани тарихын тереңдете зерттеген ғұлама, қаламынан қазақ сөзінің майы тамған дарынды жазушы-журналист еді.

Ол өзінің әрбір іс-әрекетімен рухани өмірдің ең зәру, ең өзекті қажетін дәл қазірден қалдырмай өтеу жолында бар тірлігін сарп етіп жүрген жанкешті еді.

Еліміз Тәуелсіздік алған жиырма шақты жылдың ішінде халқымыздың өткендегі рухани қазынасын, әсіресе ғасырлар бойы қордаланған күй өнерінің мол байлығын зерделеп, жарыққа шығару жөніндегі Ақселеу тындырған еңбек баға жеткізгісіз еді.

Соңғы жылдары өзінің зерттеушілік дарыны әбден ашылып, ойы орныққан, қаламы төселген кездегі қайрат-күшін жұмылдырып, халықтың ауызша тарихын ұсынғаны қандай тарту еді туған халқына.

Жұртының алдына ағынан жарыла, жүзі жарқырап сөйлегенде жан-жүрегімен ақтарылып отыратын ақ-ашық дидары қалды көз алдымызда.

Артыңа қалдырған мұра халқыңның құнарлы санасына терең тамыр тартып, өзің туған даланың топырағында жайқалған ақ селеуіндегі өсіп-өнер».

Ақселеудің достары Асанәлі Әшімұлы, Бексұлтан Нұржекеұлы, Кәдірбек Сегізбайұлы, Қуанышбай Құрманғали, Серік Әбдірайымұлы Ақселеудің қазасына байланысты халқына былай депті:

«Ол елін, жерін керемет мақтан ететін. Ол ұлтын, қазағын айрықша сүйетін. Әсіреқызыл сөз емес, оның халқына деген махаббаты әруағыңнан айналайын Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Мағжан, Шәкәрімдей шексіз еді.

Ол сал-серілеріміздің соңғы көзі еді. Әлкей Марғұлан зерделеген сал-серілік дәстүрді жандандыра жалғастырып, ісін баянды етті. Жұмбақ сырлардың бетін ашып беріп, ғылыми айналымға түсірді. Ақаң жасаған қоңыр үнді ұршықтай домбыралар, екінің бірі қолы батып тәуекел ете бермес қара қобыздар қимас достарының төрінде тұр. Тобылғысын былғарымен тыстап, неше өрім қамшы жасайтын. Көздің жауын алар өрнегі бөлек күміс шақшалар насыбайшы достарының қолында жүр. Немерелеріне жарғақ тігіп беріп, ұлттық ойындарды үйрететін.

Ол қазақ тарихына оның этномәдениеті арқылы тереңдеп барған және артық-кемі безбенге түскен «Қазақ әлемі», халқымыздың бай тарихының бір арнасы – шежіре десек, соған батыл қадам жасап барғанды. Мемлекеттік сыйлық лауреаты атандырған «Күй шежіресі» бөлек әңгіме.

Ол ұлағатты ұстаз-тұғын. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, журналистика факультетінде кафедра басқарды, талай шәкірттің ғылыми-диплом жұмыстарына жетекшілік етіп, олардың өмірге қанат қағуына жол ашқан педагог. Ол – қайраткер.

Қайда, кім болып қызмет істемесін, ол өзінің ұлты алдындағы, халық алдындағы азаматтық ұстанымынан айныған емес. Адалдығын ақ ту етіп, абыройын жолдас етті.

Ол өнерлі еді. Тәттімбет, Сары Тоқа және басқа да Арқа күйшілерінің шығармаларын нақышын келтіре орындайтын, ара-тұра «Әу!» дейтін де жақсы қасиеті бар болатын. Марқұм Жәнібек Кәрменов екеуі телеэкран арқылы небір ғажайып халық әндерімен қауыштырды. Кейіндері өзі де ән жазып, күй шығарған және ол туындылары ұлы дала сахналарында, радиотолқында, телеэкрандарда үзбей орындалып келеді».

Қайраткер Сарбас Ақтаев мына сөздерді арнапты:

«Ақселеу бойы сияқты ойы да биік, денесі сияқты пейілі кең жігіт еді. Кейінгілерде одан қонағуар, одан меймандос жан кемде-кем. Ол қонақжайлылықтың түп төркіні оның анасына барып тіреледі екен. Токсан үшінші жылы Жоғарғы Кеңестің экспедициясымен Қарқаралы, Ұлытау өңірінің тарихи орындарын аралағанымызда анасы баламның жолдастарына дәм таттырамын деп жылқы сойып, қол қусырып қарсы алғаны әлі есімде.

Ақселеу көсіле сөйлер көсем, шешіле сөйлер шешен еді ғой. Сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаз ретінде жиын-тойға жан бітіріп, көркін енгізетін».

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Бақытжан Әбдірайым Ақселеудің қазасында былай депті:

«Мың сан мамандықтың ішінен ресми журналистиканы, ал жүрек қалауымен этнологияны таңдауы жас Ақселеудің туа бітті табиғи қасиетімен байланыстағы таңдау болатын.

«Мен ең соңғы көшпелі тіршілікті көрген қазақпын», «Қазақтағы Тәңір ұғымы – айрықша белес» деген тезистерін жалпы ғылыми қауым жылы қабылдамаса да, Ақаң осы ұстанымымен, осы пайымымен «Қазақтың Ақселеуі» деген жеке-дара атқа лайық еді.

«Қазақ оқулығы қазақ мүддесіне сай әлемдік жарыста бәйге алатындай жазылуы тиіс». Бұл ой қазақ – қазақ болып тұрғанда қашанда көкейкесті.

«Қазақ әлемі», «Күй шежіре», «Қазақтың күй өнері» «Қазақтың ауызша тарихы» т.б. еңбектерінің бәрі де Ақаңның өзі секілді кесек, бәрі де шаппай бәйге алғандай.

Ақаңның мәдениеттілігі, бекзаттығы, кішіпейілдігі, баладай аңғалдығы мен тазалығы бізді тек жақсы қасиет пен істерге жұмылдыратын».

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры Байзақ Момынбаев мынадай өлең жолдарын арнапты:

*Шаңқай түс шақта шарт сынғандайын шаңырақ,
Ақселеу аға,
Артыңда қалдық аңырап.
Жер-жерден саған жетуші едік жамырап,
Қалғандай қазір қара ормандарың қаңырап.
Өлара кезде өзгерді неге өрісің?
Қиямыз қалай қазақтың сендей серісін?!
Еңіреп өткен ел үшін және жер үшін,
Тұғырда тұрған тұлғалардың сен теңісің.
Өнерді сүйдің,
Ұлықтадың ұлттың өнерін,
Күмбірлеткенсің қоңырауларын көненің.
Бергеніңнен де көп еді сенің берерің...
Ағатайым-ай,
Ақырғы сәтте не дедің?!
Шежіре шертіп айызын жұрттың қандырдың,
Ақтарып архив шарасын көздің талдырдың...
Жетпіске жетпей ажалға қалай алдырдың?!
Аға сұлтанның шақшасын кімге қалдырдың?..
Даланың ұлы,
Іздеймін сені даладан!
Іздеймін сені қара жамылған қаладан...
Өмірден мынау өттіге сені санаман,
Жүрегімдесің,
Жүрегімдесің, агажан!..*

Бұл ойлардың бәрі шынайы пейілмен, Ақселеудің болмысын барынша айқындап тұр.

Ақселеу Сейдімбек ұлтымызды жаңа өмірге жетелеген Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Мұхтар Әуезов сынды алыптардың елжандылық дәстүрін бүгінге жалғаған аяулы азамат еді.

Ақын қыз Қымбат Әбділдәқызы газеттердің бірінде «Алаштың ардақтысы» деген атпен Ақселеу ағасын былай жоқтапты:

*Үртісің қалды жұрт, аға-бауыр,
Қабырғасы қайысып қазаға ауыр.
Қалың елі, қазағы көңіл айтқан –
Біздің ауыл болатын азалы ауыл.
Тойға бастап келер деп зор қауымын,
Күтіп жүрсе Жаңаарқа заңғар ұлын.*

*Қадірлі Қадір түні ажал жауыз,
Әмірін жеткізді Алла жолдауының.
Құбылыс де, ғұлама бекзаты де,
Алашқа тартып туған тек заты де.
Жоқшысы де қазақы салт-сананың,
Ерекше жаратылған ер заты де.
Сөзге сыйса табарсың миллион теңеу,
«Сарыарқа», «Дәурен-айы» қағар бебеу.
Демалыссыз, ұйқысыз жазған еңбек –
Ұйқылы-ояу ұлтына болар демеу.
Ақселеу – алты алаштың ардақтысы,
Бұл ғасырда жоқ ондай саңлақ кісі.
«Өмір түгіл, өлімі өнеге» деп,
Мойындаған қазақтың бар жақсысы.*

Оның болмыс-бітімі өзгелерден ерекше еді. Қай ортада болсын өзін сырбаз ұстайтын. Қашан да қазақы дәстүрді дәріптеп жүретін, көрген-білгені мен оқығаны көп терең білгір болатын. Күміс шақша ұстап, насыбай атып жүретін серілігі де бар еді. Өз қолымен қамшы өріп, ер шабатын. Қазақтың әні мен күйіне деген ықыласы тіпті ерекше болатын.

Асықпайтын, саспайтын. Сөйтіп жүріп-ақ ел-жұртына елеулі еңбек етті. Не болса да қазаққа болсын дейтұғын, нені болса да Алаш баласы білсін дейтін осындай бекзат тұлғалар бізде саусақпен санарлық. Маңдай терін ағызып, көзінің майын тамызып, тірнектеп жинаған энциклопедиялық білімі мен табиғи зеректігін ұлтының ұпайын түгендеп, жоғын жоқтауға жұмсады. Ақиқаты – бір өзі бір ғылыми-зерттеу институтының атқаратын шаруасындай іс тындырып кетті. Айналасын өнер, білімге биік талғаммен қарауға үйретуге ұмтылды. Ғасырлар қойнауында ұмыт қалып, жадымыздан жылыстап бара жатқан қаншама жыр, қисса, дастан, күйлерімізді басқа да құнды мұраларымызды зерттеп-зерделеп тарих тереңінен аршып алып, келер ұрпақтың қолына ұстатты. Жалғыз ғана қазақтың емес, күллі түркі дүниесін түгендеп жүрген жанкешті ғалым, парасатты жан еді.

Ақаң тарихи тұлғалардың қай-қайсысы туралы жазғанда да бұрыннан айтыла-айтыла жауыр болған сөздер мен мысалдарды қайталамайды, өзіндік өрнегімен, соны мысалдарымен келтіреді.

Ақселеу Сейдімбек бүгінгі күндері қоғамда көтеріліп жатқан түрлі мәселелердің ешбірінен де тыс қалған емес. 2009 жылы 9 шілдеде «Алаш айнасы» газетінде ол Астанадағы рухани құндылықтарды қалыптастыру жайында былай депті:

«Астанамызда рухани құндылықтар неғұрлым мол болса, соғұрлым жақсы болар еді. Әрине, «анау болса екен, мынау болса екен» деген арман-тілектердің туындайтыны – табиғи жағдай. Астанаға бөлініп жатқан қаржы да жақсы, істеліп жатқан жұмыс та жақсы. Бірақ дүниежүзіндегі қай елдің астанасы болсын, өзіне тән киелі нышаны болады. Ол мемлекеттік деңгейде сол елдің Туы сияқты, Әнұраны мен Елтаңбасы, тілі сияқты мәңгілік құндылығындай қастерленеді. Осы тұрғыдан келгенде, Астанада Киелі қорым (пантеон) болса екен деген тілектің болғаны рас. Оны бұрын да айтқанбыз.

Бір ғана Мәскеуде осындай төрт киелі қорым бар. Сол секілді елорда төңірегінде тек мемлекеттің шешімімен ғана үлкен тұлғаларымызды жерлейтін арнайы зират болса. Мысалға, қазақтың үш биінің екеуінің сүйегі басқа елдерде жатыр. Олар – Төле би мен Әйтеке би. Сүйектері шетелде жатқан қазақтың басқа да арыстары қаншама!? Бұл ғана емес, Астанада Алаш арыстары ескерткішінің әлі күнге орнатылмауы да – жетіспей жатқан тұстарымыздың бірі. Егер оларды елорда төріне орнатар болсақ, ұрпақ үшін мәңгілік тасқа басылған идеология жасағандай болар едік».

«Біздің қазақ басы ауырса да, балтыры сыздаса да Абайға жүгінетін. Сондықтан болар Мағауия дүниеден өткенде Абай: «арқамды жүктен, алдымды кісіден босатқан құлыным» деп қайғырған екен. Қазақ қазақтың айнасындай еді. Өйткені, Шәкәрім қажы «қазақ айнасы» деген мәселеге көп сөз қозғады. Заман ғана өзгергені болмаса, сол қазақтың басындағы күрмелген түйін, шешілмеген шиіе әлі де жетерлік. Бүгінгі қазақ рухани сұрақтарын кіммен ақылдасады? Қазаққа ақылшы кім? Бұл күнде рухани мәселеге жалтақтап қалғандығымыздан бұл сұрақты қоя отырып, оқырманға ой салғымыз да келді». Осылай дей отырып, «Үш қиян» газетінің тілшісі Ақселеу Сейдімбекке жолығып, «Қазаққа ақылшы кім?» деп сұраған екен. «Ер туғызар елде туған» азаматтың жауабын назарыңызға ұсынып отырмыз:

«Қазақтың ақылшысы – қазаққа қалтқысыз қызмет ететін, ұлттық және мемлекеттік дамуының тетіктерін терең білетін ақылман адам болуы тиіс. Кездейсоқ адам ұлт тағдырын шешетін тізгінге, ұлт тағдыры шешілетін креслоға отырмауы керек. Өкінішке орай, бұл дерт үлкен талап-талғам деңгейінен көрінбей жатыр. Ақылшы бар. Иса Байзақов айтқандай, «ел болса, ер туғызбай тұра алмайды, ер туып, жоқ елді бар қыла алмайды». Бұлар өзі – бір-бірімен тығыз байланысты күрделі ұғымдар. Ел орнында, Құдайға шүкір, жұрт орнында, осы елдің қамын ойлайтын азаматтар да баршылық. Енді сол азаматтардың сөзіне, кісілігіне, парасатына, білігіне құлақ асатын жүйе болса екен деп тіле».

Бұл Ақселеудің соңғы сұхбаты болса керек...

Ақселеудің өз жазбаларында Ергенекті Саршуаш биге Тіленшінің айтқаны деген мынадай сөздер бар:

*«Сен – жапанға біткен шынарсың,
Қазақ жетіп сынарсың,
Қазақ жетіп сынған соң,
Ойға-қырға шабармын,
Орыныңды қайдан табармын?!».*

Ақселеу ағаны өлерінен төрт-бес күн бұрын жерлес азамат Пернехан-ның ағасының дүниеден өтуіне орай дайындалған ас дастарқанында, досы Қойшығара, университеттің бір топ азаматтары қатысқан жиында кездестіріп, сәлемдесіп, қайырлы болсын сөзін естіп едім. Оның мен естіген соңғы сөзі осы екенін, Ақаңның жарқын жүзін соңғы рет көріп тұрғанымды қайдан білейін...

II. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ АЯСЫ

Шыңдалу жылдары

Ақселеу Сейдімбектің шығармашылық жолы қоғамдағы қазақ мұңын мұндасуға қашанда әзір жүретін азаматтардың назарынан тыс қалмаған, олар Ақаңның шығармалары жайындағы ойларын дер кезінде айтып отырған.

Дана жазушы Әбіш Кекілбаев Ақселеудің әңгімелері туралы былай дейді: «Ақселеудің «Күзеуде», «Қыз ұзатқан», «Аққыз», «Бір атым насыбай», «Ақиық», «Атамекен» повестерінде таңғалмасына қоймайтындай қанық бояу, анық сурет, айқын сюжет, мейлінше нақты ой мен жүйелі композиция, шапқан аттай жүйрік қиял мен атқан оқтай мейлінше дәл суреткерлік түйсік бар. Сезімі лайланып, санасы тұмандана қоймаған қыр тұрғындарына тән тұңғыық пен тұнықтық, ойда жоқта лап ете қалып, жер мен көкті бір-ақ шарпып жолындағының бәрін тегіс күйретіп бітпейінше, дегеніне жетпейінше басу бермейтін дала өртіңдей асау құштарлық пен асқақ көңіл, ақ адал пейіл мен әнтек махаббат... Сирек құлықтар мен төтен қылықтар. Кім көрінген көре қоймайтын әсемдік пен кім көрінген ұға қоймайтын даналық. Тағдыр мен табиғат арасындағы терең үйлесім. Қараптан-қарап көзден бір-бір ұшып, мәңгілікке көшіп, келмеске кетіп бара жатқан қыр тұрмысы, дала дарқандығы, қазақ тіршілігі...

Ақселеудің «Аққыз» хикаятын да қара сөзбен жазылған махаббат дастаны деуге болар. Серттей берік уәдесін Аламан батырға беріп қойған

Аққызды Наймантай батырдың өзіне біржола қарату үшін тәуекелмен жасаған қадамын да жазушы асқан ептілікпен ақтап алады.

Ақселеудің аңшылық әңгімелері де – кәсіби әдебиетімізде алғаш рет арманынан шыға айшықталып отырған өрелі тақырып. Онда да қоғам мен табиғат, адамзат пен хайуанат, екі аяқты жан иелері мен төрт аяқты жан иелерінің арасындағы әзелден бергі үндестік пен тағдырластық еміріне отырып зерделеніп, тебірене отырып байыпталған. Ақселеудің «төрт аяқты кейіпкерлері» кейде адамнан бетер сүйкімді, адамнан бетер бекзат болып көрінеді. Оның ертектер топтамасы да осынау таңғажайып дүниенің мәңгі жұмбақ жарастығына деген мәңгі құштарлық пен мәңгі кимастықты жырға қосып тұрғандай. Небір ұмыт боп кеткен түйсіктерінді түрткілеп оятып, қалғып кеткен сезімдерінді қайта түлетіп, сапырылысқан сергелдендерге түсіріп, ет жүрегінді езілте қан жылатып отырып оқылатын бұл туындылардың қай тобы да қазақ прозасының талай ұрпаққа аманат етілер алтын сандығынан біржолата орын табары даусыз».

Ал, Оралхан Бөкей Ақселеудің әңгімелері жайлы:

«Тегінде Ақселеу – әңгімешіл де жазушы. Кез келген, мейлі ұсақ, мейлі ұзақ шығармасын оқымаңыз, бұйдалап алып кетер әдемі әсерімен, кеңінен толғап, байыппен бастар сыршылдығымен, қандай тақырыпқа қалам тартса да біліп, әбден зерттеп барып жазатын мұқияттылығымен дараланады. Егер оның стилінде Әуезовтік әсерлер мен еліктеулер барлығын байқасақ: ол әсер – әр сөйлем, әр сөздерінде өз жарасымын тауып, қазақы қара жон қалпында көлбей созылып, көсіле жарысып жатады. Кітаптарының өн бойынан иненің жасуындай да кедір-бұдыр сөз бен олақ құрылған сөйлемді таба алмайсыз. Ақселеу – тілді жазушы дейтініміз содан» – депті.

Философ Сәбетқазы Ақатай былай деген екен:

«Ақселеу – оқырманына сыршыл да, дүние дидарына шыншыл қаламгер. Жазушы бойына біткен осы екі қасиеттің де тегі біреу. Оның аты – ізденімпаздық. «Ақиық», «Қыр хикаялары», «Тауға біткен жалбыз» кітаптарында тұлғаланған Мұрат секілді өрімтал жас тылсым табиғат сыры мен сымбатын ермек етуші, сырттай қызықтаушы емес, оның тұңғыық құпияларына ынтық, «ғажайып» сырларын ашуға бет бұрған, ден қойған балғын «зерттеуші».

А.Сейдімбектің «Тәтті тіршілік», «Қақпашы», «Зерде», «Табысу», «Ақиық», «Күзеуде», «Қыз ұзатқан» атты әңгімелері мен повестері жазушыға қанық оқиғаларға арналған. Жазушының табиғат туралы әңгімелері оқиға, кейіпкер және фабулалық бітім-болмысы тұрғысынан желілі біртұтас шығармаға ұқсайды.

«Ақиық», «Тауға біткен жалбыз», «Қыр хикаялары» кітаптары адамның Отанға деген шексіз махаббатын дәріптейді. Кейбір сыншыларымыз

А.Сейдімбек шығармаларына өлке танушылық, этнографиялық белгі тағып, беріден қайтып жүргені байқалады. Біздіңше Ақселеу Сейдімбектің кейіпкерлері үшін адам ғұмыры өтіп жатқан табиғи-әлеуметтік орта өлкелік қана сипатта емес, ол Отан келбеті де. Отан – адаммен тұтас, адамның адамгершілік өмірбаянының алғышарты. Адамды адам етуші – елі, «алтын бесігі».

Ақселеу Сейдімбек Гомердің «Илиада» мен «Одиссеясын» қазақша сөйлетті. И.Можейконың «7 және 37 керемет» деген кітабын, С.Цвейгтің, Ш.Уәлихановтың, Л.Н.Гумилевтің, К.Чуковскийдің, Ш.Айтматовтың, Ю.Бондаревтің, В.Беловтың, Мұхтар және Мұрат Әуезовтердің еңбектерін қазақ тіліне аударды. Гомерді аудару үстінде қазақтың эпостық жырларын қазіргі жасөспірімдерге түсінікті етіп неге қара сөзбен жазып шықпасақ деген ой келіп, 1979 жылы «Алпамыс батырдың» прозалық нұсқасын жасап, жеке кітап етіп жариялады.

Сәбетқазы Ақатайдың Ақселеу туралы жазғандарында осы «Алпамыстың» прозаға айналуы да едәуір пікірталас туғызғаны айтылады: «Ақселеу сергек әрекетшілдігімен көзге түседі. Оның әлеуметтік белсенділігі барысында халқымыздың бір сүбелі дүниесі заманына орай жаңа формада көрініп жүргенге ұқсайды. А.Сейдімбек әйгілі «Илиада», «Одиссея» дастандарының қара сөздік үлгісін тұңғыш рет қазақ тілінде сөйлетті. Осы үрдісті тағы да тұңғыш рет төл топырағымызға теліп, «Асыл мұра» сериясымен «Алпамыс» дастанын қара сөзге түсіріп, мазмұндама түрінде жасөспірімдер мен оқушы жастарға ұсынды. Жазушының бұл ынтасы дау да туғызды. Дегенмен фольклордың қазіргі тоқырауына сәйкес оның озық үлгілерін насихаттауда жаңа форма тауып, оқырманға жақындатуы құптарлық іс. Ауыз әдебиетіміздің тамаша нұсқаларын оқырман кәдесіне жаратудың әртүрлі жолдары мен амалдарын (мәселен, театрда, кинода, музыкада, биде) тауып беріп отыру әр дәуір қалам иелерінің қасиетті борышы болмақ».

Расында, Америкада бір дін қайраткері шіркеуге адамдарды көптеп келтіру үшін ондағыларға уағызды гитараға қосылған әнмен жеткізіпті дегенді оқыған едім. Сейдімбектің бұл әрекетін де көненің сөзін бүгінге жеткізуде жақсы бір әдіс деп санауымыз керек.

Проза ғана тән алатын көпкітаптық дәстүрді поэзиямызға Қадыр Мырза-Әлі әкеліп, бір тақырыпта мақсатты түрде тоқтап, желілеп жыр жазса, эссеистикамызда көпкітаптық дәстүрді алғаш Ақселеу Сейдімбек қолданды. Кезінде Ақселеу Сейдімбекті қай жанрда жазатын жазушы деп тану жөнінде түрлі пікірталас та болыпты. Сонда әдебиетіміздің ақсақалы Ғабит Мүсірепов «Ақселеу – әзір ешкім түстеп білмейтін, алабөтен жанрдың қаламгері» деген екен.

Журналист Жанболат Аупбаев Акселеу Сейдімбектің архивін көруге өзі рұқсат бергенін, одан алған әсерін былай баяндайды:

«Ақаңмен әңгімелесіп отырғанда көзім самсаған кітап сөрелеріндегі «Қолжазбалар» деп ортақ тақырып қойып, сыртына I-ден X-ға дейін рим цифрымен белгі соққан папкаларға жиі-жиі түсе берді. Осыны сезді ғой деймін үй иесі: «Бұлар менің Жаңаарқа селосындағы мектеп қабырғасында, «Қызылту» совхозында шопан, жылқышы боп жүрген кезімдегі дала қостарында, ҚазМУ-дегі студент жатақханаларында, «Лениншіл жастың» Орталық Қазақстан облыстарындағы тілшісі болған уақыттарда жазған шимай-шатпақтарым. Еш құпиясы жоқ. Ұялма. Қажет деп тапсаң көруіңе болады», – деді жайымен. Сөйтті де көрші бөлмедегі шырылдаған телефон тұтқасын алуға беттеді.

Қарап отырмын..., бірінші папкадағы қолжазбалардың дені шәкірт, шопан, жылқышы Акселеудің поэзиялық туындылары екен. Міне керемет! «Қыз» кезінде бұл кісі де өлеңмен әуестенген екен-ау. Мұны біз осы уақытқа дейін қалай байқамай келгенбіз?

«Жаз» деген өлеңінде:

Толғандай сырлы сазға дала бүгін,

Ойнайды желісінде бала құлын.

Қыр гүлі ұялса да көбелектен,

Астынан сүйгізіп тұр тамағының» –

деп жыр жолдарын әдемі теңеумен сұлу киноластырған.

Акселеу Сейдімбектің «Серпер» атты кітабы оны публицистік қырынан кең танытады. Мұнда «Қарт пен канал», «Сонар», «Алғашқы адымдар», «Қарлығаштар», «Ат шаба ма, бап шаба ма?», «Ойсылқара», «Өмір, мен саған ғашықпын», «Тың тарланы», «Ақша қар жауған күн», «Өмір арнасы», «Екібастұздың бүгінгі мен ертеңі», «Шәмілдің «Шайтан көлі» секілді шығармалар бар.

Акселеу Сейдімбек шығармашылығының ұтымды үлкен бөлігі – малшылық тақырыбы. Бұл салада ол өзі жинаған соны материалдарды өте ыждағаттықпен ұқыпты қолдана білген.

Өз сөздері: «Төрт түлікті қолға үйрету, оны сұрыптау, осы арқылы шөл далаларды игеру, сахараны адам игілігіне айналдыру – адамзат мәдениеті үшін революциялық жаңалық болды. Жылқы малын үйретіп, оның ер-тұрманын сайлау, әсіресе ауыздық пен үзеңгіні ойлап табу әлеуметтік прогресті қарқындататын аса ірі қадам болды. Көшпелі малшы мал шаруашылығы туралы білімдерін ылғи жетілдіріп отырды. Малды сұрыптау, тиімді қасиеттерін дамыту, зоотехникалық, ботаникалық, астрономиялық және медициналық халық білімдерін қорыту, ат баптау, құсбегілік т.т. тек тақырыбын айтып шығу оңай емес.

...Күмбір-күмбір кісінесіп, сыңғыр-сыңғыр шұрқырасқан үйір-үйір алалы жылқы бағзы заманнан бері Ұлы Дала төсінің көз тоймас көркі, сарқылмас берекесі болып келген.

...Техника күші қолғанат болғанға дейін (кейін де) сәйгүлігін сайлап, тарланын таңдап міне алған елдің айы оңынан туып отырған. Орта гасырға дейін аттың жалын тартып мініп, үзеңгіге табан тіреген елдің айбары астам, мерейі үстем еді. Сонсоң да айшылық алыс жерді жақын етер пырақтың ұшқырлығы мен күшіне, мінезі мен бітіміне адамзат баласы ұдайы көңіл бөліп отырған. Осыдан елу миллион жыл бұрын өмір сүрген тоқтыдай ғана ұсқынсыз эгоистусты жылқының арғы тегі еді дегенге білікті зоологтар болмаса, былайғы жұрттың сене қоюы екіталай. Қолға үйретілген жылқы туралы ең алғашқы дерек біздің жыл санауымызға дейінгі үшінші мыңжылдықта кездеседі. Содан бері адамзат баласының тарихын жылқысыз елестету мүмкін емес.

...Аңшылық-саятшылық көшпелілер үшін күнкөріс-тіршілігінің өзекті бір саласы болған. Екіншіден, әскери жаттығудың, шынығып-шындалудың, мергендік пен алғырлық-төзімділікті сынаудың тамаша үлгісі болған. Үшіншіден, әсем табиғат аясындағы ең көңілді демалысы, әсерлі қызығы саналған. Осы орайда, аңшылық-саятшылыққа бүкіл ру, қалың тайпа көлемінде тұтаса шығатын дәстүрдің де болғанын айырықша атап өтуге болады. Ол үшін, ел билеушісі (қаған, хан) арнайы адамдар бөліп, алдымен аңы қалың жерлерді шолдыратын болған. Сонсоң, белгілі бір күнді белгілеп, байтақ рудың, бүкіл елдің аңға шығуы ескертілген. Жай ескертілмейді, әрине, әр рудың орыны, жүретін жолы, басқа да тәртіптері қадағаланады. Содан, уәделі шақ жеткенде көшпелілер ең жақсы атын мініп, ең асыл киімін киіп, ең мықты қаруларын асынып атқа қонады. Олардың соңынан сән-салтанат түзеп қыз-жгіттер, әйеддер жүріп отырады. Жазылап тастаған түйелер, жабулап тастаған сәйгүліктер, сырмақ-текеметпен безенген арбалар салтанатты жұрттың шырайын келтіреді.*

Уәде-келісім бойынша байтақ ел күндік жерге созылатын сайын далада алқа-қотан жасайды да, белгіленген қолайлы жазыққа қарай шеңберлерін тарылта береді. Бұл шеңбердің үлкендігі соншалық, кейде аңды қаумалап, тықсырып келетін жерге жеткенше үш-төрт күн өтеді. Шеңбер тарылған сайын жауапкершілік күшейеді. Қай рудың қанатынан

* Г.Е.Грумм-Гржимайло. Рост пустынь и гибель пастбищных и культурных земель в Центральной Азии за исторический период. Изв. Геогр. общ-ва. т. XV. басылым 4. = 1933. №5, 14 9-бет; А. Н. Кононов. Родословная туркмен. Сочинения Абу-л-Ғази, хана хивинского. – Москва-Ленинград, 1958. 84-бет.

аң шығып кетсе, сол рудың басшыларына көпшіліктің көзінше дүре соғылатын болған. Сондықтан да, әр ру айырықша дайындалып, шеңбер аясы тарыла бастағанда сырмақ-текеметтерін қорған ретінде тұтып жинақтала түскен.

Содан, қой өрісіндей алапты қалың ел шеңбер жасап, алқа-қотан қоршағанда, осынау жанды қорғанның ортасында аласұрған үйір-үйір құланды, табын-табын киікті, қарақұйрықты, елікті, шұбыра қорсылдаған қабанды, ширатыла ызбар төккен жолбарысты, қызыл езу қасқырды, қымсына жортқан түлкіні көруге болар еді.

Ең алдымен аң атып, қызық көрудің жолы қағанға немесе ханға беріледі. Ол өзінің қасына бүкіл жанұясын, оларға қосып қызметші нөкерлерін алып шығады. Бұлар әбден құмарын тарқатқанда биіктеу жерге барып тұрады да, енді ортаға әскер басылары, батырлар, ру басылары шығады. Мұнан кейінгі кезек хан, сұлтан, би, ру басылардың ер жеткен ерке балаларына, сонсоң, жауынгер жігіттерге берілетін болған. Осылайша дала төсі қан сасып, аң біткеннің өлгені өліп, өлмегені сансыраған шақта қарттар сауға сұрайды. Онысы келесі аңшылық-саятшылыққа тұқымдық қалдырыңдар дегені. Қарттардың тілегі қарсылықсыз қабылданған.

...Түз қыранын қолға түсірудің қазақ құсбегілері арасында әртүрлі әдісі бар: «аумен ұстау, тор жаю, тояттатып алып тұтқиылдан басып қалу, шеңгелдестіру, ұядан алу».

...Құсқа қажетті мүлік атауларын былайша таратуға болады: тұғыр, томаға, балақ бау, желі бау, бүркіт қолғап, бүркіт құндық, бүркіт балдақ, сапты аяқ, түтік немесе шүмек.

...Тұғыр – бүркіттің құйрығы тимейтіндей етіп жасалған ағаш сәкі. Қазақта бүркіт тұғырын алтынмен аптап, күміспен күптеп өнер туындысындай етіп әшекейлеу дәстүрі болған».

...Ернар Құлмағамбет жазушы-ғалымның аңшылық туралы әңгімелерін – кәсіби әдебиетімізде алғаш рет арманынан шыға айшықталып отырған өрелі тақырып деп санайды. Онда қоғам мен табиғат, адамзат пен хайуанат, екі аяқты жан иелері мен төрт аяқты жан иелерінің арасындағы әлімсақтан бергі үндестік пен тағдырластық емірене еске алына отырып, тебірене пайымдалғанын айтады.

Өмір Кәріпұлы Ақселеу Сейдімбектің «Аққыз» романның жүгін арқалаған бітімі бөлекше хикаят екенін, оның тарихи шығарма екенін айтады. Осындағы Наймантай батыр Ақселеудің бабасы. Қазақ халқына аты мәлім Байғозы батырдың туған әкесі. Наймантай кезінде жеке батыр атанып, бетіне жан қаратпаған. Қалмақтармен соғыста мерт болған. Сүйегі Түркістанда, Әзрет-Сұлтан кесенесінде. Міне, осындай дәмді хикаят-

тарымен оқырман қауымға кеңінен танылған Ақселеудің туған халқының тарихы мен этнографиясын жүлгелеген еңбектері қомақты».

Өз сөзі: «Байғозы батыр өз кезінде Болат, Әбілмәмбет, Әбілхайыр, Абылай сияқты хандардың алдын көрді; Төле, Қазыбек, Едіге, Бұхар сияқты би-жыраулардың ұлағатты сөзін естіді; Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Жаңатай сияқты батырлардан тәлім алды; керней Жарылғап, әлтеке Жидебай, шанышқылы Бердіқожа, шапырашты Наурызбай сияқты батырлармен төс тигізген дос болды. Байғозы батырдың Баяу деп аталатын жақын әпкесінен Қанжығалы Бөгенбай батыр туады. Сондай-ақ Байғозы батырдың Шәкі деген немере қызынан әйгілі қобызшы Ықылас Дүкенұлы туса, батырдың өз кіндігінен туған Қойсана деген қызы Шұбыртпалы Ағыбай батырдың туған анасы. Белгілі тұлғалардың өміріне қатысты мұндай деректер де елдік тарихтың қызықты беттері болып табылады.

...Байғозы батырдың ұрпақтары өсіп-өнген, қазір Қарағанды, Ақмола, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарында көптеп кездеседі. Осындайда Байғозы батырды пір тұтып, аруағына тағзым етіп, ата жолымен еліне адал қызмет еткен, қызмет етіп жүрген Тұяқ шешен мен Шілмәмбет би, Ұлы Отан соғысының сұрмерген батыры Ыбырайым Сүлейменов, екі мәрте Еңбек Ері атағын алған Ыбырай Жақаев пен Ұлбала Алтайбаева, әншілер Әміре Қашаубаев пен Рақия Қойшыбаева, композитор Бекен Жамақаев, ғалым, жазушы, қайраткерлер Балтабай Адамбаев, Медеу Сәрсекеев, Бүркіт Ысқақов, Өмір Кәріпұлы, Яхуда Амандықов, Сағат Арын, Қуандық Түменбай, Хасен Қожасмет сияқты ұрпақтарын атап өтудің айып-шамы жоқ. Осы жолдардың авторы да Байғозы батырдың алтыншы ұрпағы екенін өзіне мерей-мәртебе тұтады».

Ақселеудің үзеңгілес досы Қойшығара Салғараұлы Ақселеудің тынымсыздығы мен ізденгіштігін былай суреттейді:

«Ақселеудің алтыншы атасы Байғозы батырдың Абылай ханның бас батырының бірі болған. Елі үшін құрбаншыл болуды ұрпағына мұра еткен атадан қалған тектілік, киелі ортаның өнегелі тәрбиесі Ақселеуге барға байыппен қарауды, оң мен солын дұрыс танып, ертеңін естілікпен пайымдауды жастайынан-ақ зерделетті. Соның нәтижесінде ол біліммен бекемделмеген біліктің жадағай боларын ұқты. Ал білім-оқумен жиналатын сан салалы ілім. Алға қойған айқын мақсат Ақселеуді жастықтың желігін жеңіп, думанды қаланың қызығына еліктіріп жібермей, тынымсыз ізденуге жетеледі. Осылайша тірнектеп жинаған терең білім орнықты біліктің бағын ашып, Ақселеудің азаматтық тұлғасын айқындап, атын алысқа танытты».

Рабиндранат Тагордың: «Құдай немесе аң ғана қоғамнан тыс бола алуы мүмкін» дегеніндей, Ақселеу Сейдімбектің қоғам өмірінің сан сала-лы тарауларын қамтыған мықты очеркист екенін көреміз.

«Қорқыт» очеркінің мәтіндік желілерінде жоталы-жоталы ғылыми сораптарға бастайтын жекелей дәйектеме-негіздеулер молынан ұшырасады. Яғни, жай көзге шалына бермес, асыл астары танымдық тіні бар. Оны жіліктеп саралауды, таным-түсінігін, мейлінше, өрістетуді А.Сейдімбек оқырманның, қалың жұртшылықтың өзіне жүктейді.

Мұның өзіндік сыр-сипаты да бар. Тарихи тұлғалар жайында ғылыми мағлұмат беруді көздеген жазушы-ғалым, еркінен тыс, шарттылыққа баруға мәжбүр болған. Бұл – очерк авторының идеялық және тұжырымдамалық мақсатынан туындаған шарттылық. Әйгілі тарихи тұлғалардың елдік мұраттары мен ұрпақаралық сабақтастықтың үзілмеуін көксеуден туған шарттылық. Бұл сияқты өміршең де өнегелі мақсат «Қорқыт» очеркіне танымдық сипат дарытып, оқырманын қазақ тарихының толқынды айдынына алып шығады.

Өз сөзі: «Қорқыт – қазақ үшін ең алдымен күй атасы. Қобызда күй шалу дәстүрлерін алғаш орнықтырушы.

...Түркі халықтарының ішінде Қорқыт күйлерін сақтап, бүгінгі күнге жеткізе алған бірден-бір халық қазақ болып отыр».

Автор «Әбу-Насыр Әл-Фараби» очеркінде екінші ұстаз әл-Фарабидің өмір кезеңдерінің нақты, деректі болуына ерекше мән береді. Сонымен қатар, Әл-Фараби ғұмыр кешкен уақыттағы тарихи ахуал очерктік образ арқылы зерделеніп отырады.

Бұл очеркте жазушы қадау-қадау идеялық желілерді екшеп алып, Ұлы Ұстаздың тағылымдық өнегесі ретінде ой таразысына тартуды жөн санайды. Жекелеген дәйектеме-негіздеулер, соны ізденістер очеркті жан-жақты ашып, әрлендіре түседі.

«Қарабура» очеркінің беташар кіріспесі мынандай ой өрімдерімен басталады: «Қарабура» (XI-XII ғғ.) – оғыз қыпшақ заманының әйгілі тұлғасы, дуалы ауыз абызы, ықпалды қайраткері. Топырақ бұйырған жері Қаратаудың етегі, Созақ елді мекені».

А.Сейдімбек Қарабура тегін таратқанда Мұрын жыраудың айтуындағы «Қарадөң балалары» топтамасын ғана тірек етпей, қазақтың қария сөзіне жүгінеді: «*Әйгілі Қырымның батырларының бірі Қарадөң болса, одан Жұбаныш, одан Сүйініш, одан Ер Бегіс, Ер Көгіс, одан Тама, одан Қарабура болып келеді де, Қарабурадан Нәрік, одан Шора, одан Есенгелді, одан Атамшыл, одан Торым, одан Базарқұл, одан Көкі, одан атақты тархан Есет батыр болып бір қайырылады.*»

Қарабура дүниеге келген мезгілді зерттеуді қажет ететін тұстарда да А.Сейдімбек әрқашан зерттеушілік зердесіне бойлайды. Ол Қарабураны X-XI ғасырларда дүниеге келген Қарахан мемлекетіне байланысты құбылыс деп таниды. Ол – қазақ үшін қиналғанда қуат, шамданғанда қайрат берер, бүгінгі қазақтың ұлт болып ұйысуына ғасырлар бойы үлес қосып келе жатқан нақты құбылыс. Қара – көптің белгісі. Бура – қара нардай қайыспайтын күштіліктің белгісі. Қарабураның Қожа Ахмет Иассауиді ақ жуып арулап, жаназасын шығаруы да – күллі түркі дүниесі мойындарлық қадір-қасиеттің айғағындай.

Ақселеу Сланұлының «Махмұд Қашқари» очеркі де ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеп, адам санасын шыңдау мақсатынан туған. Ілгері буын бастаған өнегелі істер кейінгі буын арқылы жалғасын тауып жатса, өмірдің бағасы арттып, ұлттың төлтума қасиеті баянды болмақ.

«Махмұд Қашқари» очеркінде жалпы әлемнің тіл өнерінің өрісін кеңейткен, өркенін өсірген ғұлама ғалым жөнінде мол мағлұматтар жинақталып, оның өмір сүрген уақыты мен ғылыми ізденістері, жылдар есебімен, орын-орнына орайлы орналасқан.

Ақаң М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінің әдеби мәнін, өлең-жырлар, мақал-мәтелдер тағы да басқа құнды мағлұматтарды бірер ғана абзацтардың аясына сыйғызып, типтік фактілерді жинақтап бере білген.

А.Сейдімбек «Уәлиханов Шоқан» очеркінде Шоқанның ғалымдық бейнесін сомдауда биік белестердің бірде-бірін назардан қалыс қалдырмауды түпкі нысана етіп алады. Батыс Сібір генерал-губернаторының кеңсесіндегі қызметінен бастап, түрлі саяхат сапарларын, Ыстықкөл аймағының картасын жасасқанын баяндай отырып, жиырмадан жаңа асқан жас Шоқанның Орыс География қоғамының толық мүшесі болып, ғалымдық еңбегінің жаңа белеске көтерілгенін жарқын сипатта жеткізеді. Шоқан Уәлихановтың бірінші рет ғылыми жолмен жазып алған, тұңғыш рет тарихи және әдеби тұрғыдан талдау жасаған, қырғыз халқының «Манас» жырына да тоқталып өтеді.

А.Сейдімбектің «Бес белес» очеркі – досы Кәдірбек Сегізбаевтың шығармашылығына арналған. Ол досының шығармашылық белестерін небәрі үш-ақ сөзбен көктеп өтеді: көрінді, танылды, мойындалды.

«Парасатқа іңкәрлік» очеркі Жомарт Әбдіхалықтың шығармашылығына бағышталған. Ақмола облыстық «Арқа ажары» газетінде басшылық қызметте болып, ел өміріне белсене араласқан Жомарт Әбдіхалықтың өмір жолын ауқымды бейнелеген.

А.Сейдімбектің кейіпкер тұлғасындағы жарқын сипаттарды үнемі жарқырата көрсетіп, халықтың еңбеккер перзенттерінен көз жазбай, қадір-

қасиетін тамыршыдай тап басып, көпшілік назарына салып отыруының терең тағыллымы бар. Сонымен бірге, Жомарт Әбдіхалықтың құныға ден қойған саласы – философия екендігіне көңіл аударады.

«Менің Жәнібегім» секілді дәстүрлі музыка және оның қайраткерлері туралы очерктерінде А.Сейдімбек сол адамдардың ата-тегін, балалық шағынан бергі өмірбаянын тәптіштей бермей, оқиғаларды қоюлатып, образдарды ажарландыруға, дәуір кезеңін елестеуге өмірбаян тізбектерінің қажет жерін ғана алып отырады. Автор өзі байқаған, көрген, не естіген қызық-қызық елестерді шығармашылық ой елегінен өткізіп, асқақ шабытпен бейнелейді:

«Жәнібек тек қана, әсем әнді жұртшылық жүрегіне жеткізуші ғана емес, мәдени-рухани экспанцияға кеудесін тосып, халық бойындағы талғам-таным мен құндылық бағдарын қаз-қалпынша сақтап қалуына себепші болған тегеурінді тұлға. Осы орайда еске алудың артықтығы болмас, сексенінші жылдардың бас кезінде Жәнібек пен осы очерктің авторы бірлесіп, теледидарға қазақтың ән өнері туралы тоғыз хабар жаздырған. Осы хабар-әңгімеде Жәнібек мөлдір бұлақтай қоңыр даусымен, маржандай төгіліп, самалдай есіліп жүре беретін жүзге жуық ән шырқаған екен. Кезінде бұл хабар-әңгіме қара сөздің қасиетін терең түсінетін Ғабит Мүсірепов тарапынан әділ бағасын алған.»

А.Сейдімбек «Суреткер» очеркінде көрнекті жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің суреткерлік қарымын пайымдау барысында қазақ халқының ХХ ғасырын нұрландырған, оған мағыналы мазмұн мен өміршең рух дарытқан біртуарлар шоғырының ішінде Әбдіжәміл Нұрпейісовтің өзіндік орны барын шыншылдықпен саралайды.

А.Сейдімбектің «Жез таңдай» очеркі әнші Бекболат Тілеуханға арналған. Бекболат – халқымыздың кескін-келбетін, ұлттық мінез-құлқымызды, сан-саналы салтанатты әдет-ғұрпымызды арқау еткен, ата-бабамыздың иесі сіңген, ұлы даланың салқын самалы аялаған, елдің өткен өмірінің шерлі шежіресіндей болған тарихи мазмұнға бай, ұлттық классикалық әндерді жиі шырқайтын үні өзгеше, дара әнші.

Бекболаттың шығармашылығының биік шыңдарының бірі Ақселеу Сейдімбектің сазгерлігімен дүниеге келген «Толғау» (Ақтамбердінің толғауы).

Өз сөзі: *«Бекболат сазгерлік қырынан да танымал. Сүйектері қасиетті даланың топырағына, тәндері сүйікті даланың гүлдеріне айналып, рухы ғарышты шарлаған бабаларымыздың көксеген асыл арманы Тәңірдің құлағына шалынып, азаттығымыз баянды болып жатқан шақтарда елдігіміздің еңсесін тіктеген «Елім менің» әні туралы сөз қозғамау – азаматтығымызға сын болар еді. «... Қол жетті, міне, аңсаған*

күнге, Жасай бер, жаса – қазағым менің!» – деген өлең жолдары шын ниетімен шаттанған нағыз ұлтжанды азаматтың көңіл толқыны кемерінен асып төгілген шақта ақ қағаз беттеріне мөлдір тамшыдай болып тамған жан сыры сияқты. Құдай-ау, әнді алғаш естігенде, өзгені қайдам, өзімнің тұла бойымды әлдебір күш, иә, Тәңір күші жайлады емес пе?! Сол сәтте өзімді көкте қарыштап қалықтаған қырағы көз қыранға баламап па едім?! Иә, солай болған...

Қашанда тамырын тереңге жібермеген дарақтың ғұмыры қысқа. Тумысы бөлек дарындардың тындаратын қарымды істерінің бір парасы – тамырлы тектілікте жатыр. Тектілікті мойындамау – парқысыздық».

А.Сейдімбектің тағы бір очеркі – «Ілия Жақанов туралы сөз». Очерк авторы өнер өлкесінен інжу-маржан іздеген Ілия Жақановтың шығармашылық бітімін саралаған:

«Бәкір Тәжібаевтың «Ақбұлақ», Нұрғиса мен Мұқағалидің «Саржайлау», Әсет пен Мұзафардың «Маралдым» әндерінің қасына Қайрат Байбосыновтың үздіге шырқаған даусымен «Жайлаукөл кеіштері» қона қалған кезде көзге тамшы алудың айыбы жоқ-ау!

Ілия Жақановтың «Асылым», «Даниярдың әні», «Әсел», «Жайлаукөл кеіштері» әндері, «Қайта оралған ән», «Қош бол, вальс», «Екі жирен», «Бірінші концерт», «Аққулар қонған айдын көл» тәрізді кітаптары – қазақ мәдениетіне қосылған үлкен үлес. Шәміі Қалдаяқов Ілияның «Еділ Жайығын» тыңдап отырып: «Мощно! Бұдан кейін бізге не қалды?!» деген екен».

«Пассионер» очеркінде Ақселеу Сейдімбек ұстаз жазушы, академик-ғалым Зейнолла Қабдолов талантының сан қырлы қасиетін тілге тиек еткен.

А.Сейдімбектің келесі бір очеркі «Көшпелі өмір салттың сүт кенжесі» – ғалым, жазушы Қойшығара Салғараұлына арналған. Очерктің бастау тұнығында Ақселеу Сейдімбек өзіне тән шығармашылық парасат діліне сүйене отырып, Қойшығара Салғараұлы өмірінің ғибратты сәттерін толыққанды жинақтауға мұрындық болар нысана-пайымдауларды алға тартуға айрықша ден қояды.

Ақселеу Сейдімбектің бірнеше очерктері төрт түлікке, қыран құстың табиғатын танытуға бағытталған.

«Ойсылқара» атты этнотанымдық очеркінде қазақ болмысының ат байлар қазығы – көнекөз Қожабек қарияның төлтума қасиетін, ата-кәсібі түйе түлігіне деген адалдығын тілге тиек етіп, баба бойындағы қазақы қалыпты тартымды ашып көрсетеді.

«Асарын асап, жасарын жасаған Қожекең ата кәсібіне – жарықтық түйе түлігіне тірелгенде жайбарақат қала алмайды. Қалыпты сабырлылығынан айрылып, аяқ астынан бая-шая болып, көкірегіне тұнған зілді барынша ақтарып төгеді:

«Ауыл арасында аяғын шаңдағаннан аспаған өңшең шірік! Нарға – ашамай, қоспаққа – жазы салып көрмеген соң, түйеде несі бар деймін-ау бұлардың... Әлгі, кешегі күзеуге көшіп-қонамын деп алып кеткен сары інгеннің өркешінен қанын сорғалатып әкеп тастапты. Қап, обал-ай, түйе тіздеп, тізесін бүктіріп көрмеген өңшең тікбақайлар, сол... ..Нарым қымбат, нарымнан да арым қымбат», аузын үріп, аяғын сыпырған малымның арқасына батқан қада менің жүрегіме батады деп неге ойламайды бұл жұрт».

Жазушы зерделеуінше: төрт түлік мал – күнкөрістің негізгі тірегі ғана емес, бар игіліктің басы, қазақ қауымының рухани әлемі.

Автор Қожабек қарияның аузымен түйе түлігіне байланысты көрген-білгенін, көңілге түйгенін былайша береді:

«Түйе түлігі ауруға өте осал келеді. Осы малға арнап табиғат жіберетін түрліше аурудың өзі де тым ауыр екен. Түйе малында кездесетін қара без (жамандат), сарысу (су ауыруы), тілбас (аусыл), құмыр (өкпе құрт), сүмек (жілік құрт), көк жорға (буын ісігі), қотыр, қоскіндік сияқты ауруларға қолданатын өзіндік ем-домы жетерлік».

«Жылқы, қой, сиыр жемейтін қылтанақты шөп атаулының бәрімен рахаттана қоректенеді. Түйе жарықтық ауызды алты салып алты рет жұлса, алты күнге ашықпайды. Қанып бір су ішсе, қырық күнге шыдайды. Басқа мал қаталап бара жатса да татып алмайтын ащы судың өзін ашырқанбай, сораптай береді. Түйе түлігінің табиғи жайылымдарды тиімді пайдалануда да еңбегі зор. Басқа малдың тұяғына кіріп, түрлі ауруға ұшырататын тікенді шөптермен қоректеніп, қой мен жылқыға ақысыз-пұлсыз жақсы жайылым жасап береді. Сонымен қатар, оның жалпақ табаны мен жұмсақ еріні топырақтың құнарлы жоғарғы қабатын бұзбайды.

Екі өркешіне жүз келіге жуық, яғни, бір центнердей май жинайды. Май болғанда қандай: оған жылқының жал-жасаясы ғана теңесе алады. Түйе жүні ғарышқа ұшатын ғарышкерлердің бас сауытына (скафандрға), ақ қардың арасында қыстап ғылыми зерттеулер жүргізетін поляришлардың киімі үшін де пайдаланылады екен. Әлуатті атан түйелер отыз пұттан астам жүкті көтеріп жүре береді. Инген түйелер он сегіз ай бойы сауылады. Осыншама ұзақ мерзім бойы құнарлы сүт беретін басқа қандай түлік бар?!

Түйе сүтінен жасалатын шұбат өзінің тағамдық қасиетін он екі күнге дейін сақтайды.

Қытай елінде түйе етінен алуан түрлі өте күшті дәрі-дәрмек жасайтын көрінеді».

Міне, бір ғана түлік – түйеге қатысты Ақселеу Сейдімбектің айтып берер көл-көсір түсініктері.

Тағы бір очеркі – «Сәйгүлік».

«Халықта «Ат жалын ұстап мінгелі бері» деген сөз бар. Бұдан ат – қазақтың өмірлік серігі болғандығы аңғарылады. Қазақтың жерін, салтын, тұтас бірлікте сақтауда жылқы түлігінің атқарған қызметі ересен.

...Бәйгі атына бидай беруге болмайды. Кәнігі бапкер түйген арпа, жоңышқа береді. Арқада қымызбен сусындатып, тобылғының бүршігімен қоректендіреді. Әлбетте, бұған текті жылқылар ғана шыдайды».

Ақселеу Сейдімбек «Бүркіт» атты этнографиялық очеркінде аңшылық – саятшылықтың бір ғана түрі – құсбегілік, оның ішінде бүркітпен аулаудың жай-күйін арқау еткен. Көшпелі қазақ тек қана малдың ізіне ерумен ғұмыр кешпеген. Сайын даланың шалқар кеңістігінен сая тапқан қазақтар жан дүниесін оқтын-оқтын желпіндіріп отыратын қызықтарды да көзден таса етпеген. Сол қызықтың бір үзігі аңшылық-саятшылықпен байланысты болған.

Аңшылық-саятшылдық қыр қазағын салқын сабырға, жан семіртер көңілділікке баулып, ерік күші мен дене күшінің үйлесім табуына ықпал еткен. Ата-бабаларымыздың аңшылықты күнкөріс кәсіп қана санамай, өнер деп бағалауында терең мағына бар. Қазақтың аңшылық өнерін поэзия тілімен суреттеген, арғы-бергі қазақ поэзиясында аңшылық туралы ең әдемі жазылған Абайдың «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» дейтін өлеңімен әрбір қазақ баласы етене таныс.

«Қыран құстың қылық-қасиетіне зерде бойлатқан ұлы ақынның аңшылық туралы өлеңінің аясында небір әдемі дәстүр, сұлу саз, сәтті теңеулер дүниеге келген екен. Парасат болмысын шыңдауға бет алған әрбір адам осындай дәстүр сабақтастығының терең тамырын үзіп алмаудың қамын ерте бастан ойлауы қажет.

...Бүркіттің қас жауы – түтін. Кеудесін түтін шалған бүркіт табанда өледі. Сол себепті оны түтінсіз жерде ұстайды. Түтіннен алыстау жүргендіктен де, 100–150 жыл жасай береді екен».

Ақселеу Сейдімбек – тынымсыз ізденуші. Сол «Бүркіт» атты очеркінде Абайдың осы кезге дейін белгісіз болып келген бір өлеңі деп, Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданы, Жамбыл атындағы колхоздың

тұрғыны Мекеев Сүлеймен ақсақалдың ауызба-ауыз айтуымен хатқа түсіргенін жазып, халқынан сүйінші сұрайды:

*Жұқалау көк тұмсығы келсе жалпақ,
Мелжемді қожыр табан, бұты талпақ.
Көз ауданы шүңірек, кекшіл маңдай
Кең иық, саны жуан, төсі шалқақ.
...Шегір көз қанды балақ қыран бүркіт,
Бозбала қапы қалма, малыңды іркіп.
Алпыс екі айлалы тұлкіні ұстап,
Байласаң қандай қызық, қарға сілкіп.
...Бұлқынып болмаймын деп шайқасқандай,
Сытылып құтылмақ боп айқасқандай.
Қараңдап дөң астында жатса басып,
Тар жерде екі ғашық айқасқандай.*

Бұл өлең шынында Абай жазған өлең бе, жоқ па, дегенде, данамыздың бір сөзі ретінде халқына ізденімпаз ғалым арқылы жетіп жатса неге қуанбасқа?!

Ақселеу Сейдімбектің қанаттас әріптесі, этнограф Жамбыл Артықбаев айтады:

...А.Сейдімбек қаламына көп жанр тоғысқан: әңгіме, повесть, публицистика, очерк, ғылыми аңсар, сын және әдебиеттану салаларында жазушының қосқан үлесі едәуір. Оның авторлығымен құлаққа жағымды әндер мен күйлер де орындалып жүр. Бұл жазушының табиғи дарындылығын тайға таңба басқандай айқындайды.

...Мен білетін А.Сейдімбек ізденімпаздық жолында тағат табуды білмейтін жан. Әзірше түйеріміз: өнер мен өмір жігін дәнекерлеу, өмірді өнермен әдіптеу, өнерді өмірмен қойындастыру, сол арқылы халқының рухани ғұмыр жолын ұзарту – қаламгер арманы екені аян».

Жан сыры

Қиын кезеңде қиқушы көп болады. Олардың біреулері билікке наразылық ұранын аттандатады, біреулері биліктің көзсіз мадақшысына айналады. Ақселеу Сейдімбек осының екеуіне де ұқсамады, өйткені оның табиғатына ұраншылдық жат еді, осы жазғандарыммен көрініп қалсам, бағаланып қалсам дегенді ойына мүлдем алмайтын еді. Бұл мінезді біз Ақселеу Сейдімбек журналистік қызметін бастаған алғашқы жылдары бастап, тәуелсіздіктің ақ таңа атқан күнге шүкірлік етіп аяқтаған күнделіктерін оқып қарағанда жете түсінеміз. Бұл күнделіктер

Ақаңның шығармаларының ішіндегі тұшынып отырып оқуға тұрарлық дүниелерінің бірі. Онда не жоқ дейсіз. Мәселен, 1973 жылмен белгіленген: «Менің әмиянымның тазалығы арымның тазалығындай» – деген бір ғана сөйлемнің өзі оны жазған кісінің бүкіл болмысын, бар табиғатын көрсетіп тұр.

Ол жерде Ебіней Букетовтың жасандылығы жоқ, шыншылдығы; Башар ақсақалдың: «Шырағым, екі жүз жылдың әңгімесін білемін. Бір жүз жылдың әңгімесін естіп білдім, бір жүз жылдың әңгімесін көріп білдім» деуі; «Ақылды ара солған гүлден нәр алмайды» деген шымыр ой; бүгінгі күні біздегі қауіп-қатер айқын төбе көрсетіп тұрған – жеке пенденің өзіміз, ашкөздігінен бастау алатын ұсыныстың көпшілік сұранысына айналуы деген дара ой; Әміре дауысын сақтамауымызға, ән бұлбұлы Күләштан үш-төрт-ақ әнінің жазылып алынуына өкініш пен Әбікен күйшінің білетін көп күйлерінің жазылмай қалуынан және бүгінге дейін сол ұқыпсыздықтың жалғасып жатқаны жайынан хабардар боламыз. Естеліктерден тағы да Ақселеудің Құран Кәрімді қазақшалауға ниеттенгенін байқаймыз, жазушылар арасындағы әңгіменің мейлінше ұсақтап, жер бауырлап кеткеніне, мойын созып, өңеш жыртып, өңмендеп сөйлеген сөздері тұрмыс-тіршіліктің күйбеңінен аспай, біреуіне үй, біреуіне күй керек, біреу артық, біреу кем асапты деуден аспауына пұшайман болған кейпін танитымыз, қойшы, айтылмаған сөз, ұсынылмаған ой қалмады десе боларлық өз алдына бір қазыналық құжат.

Көптомдықтың 2-томында «Ойтолғақ» деген атпен берілген естеліктердің көлемі біршама, оның біразын тиесілі жерлерінде пайдаландық. Орайы келгенде солардың бір парасын оқырманға ұсынғалы отырмыз.

16.11.77.

Қазір бір қауіп-қатер айқын төбе көрсетіп отыр. Ол – жеке пенденің өзіміз, ашкөздігінен бастау алатын ұсыныстың көпшілік сұранысына айналуы. Мұндай жағдайда адам қоғамы өзін-өзі іштей реттеп отыру қасиетінен айрылып, рухани дүбәралық басталады. Бұл үдеріс (процесс) керісінше болу керек.

25.11.77.

Осы жұрт Л.Толстойдың немесе Ван Гогтың хаттарын оқыса, елірмелігін бәсеңдетер ме еді деп те ойлаймын.

9.11.78.

Жұмыр жердің бетінде қасиет тұтар үш ғажайып бар дейді дана халық. Оның бірі Нан – халықтың қарыны тоқ, қабағы ашық, дені сау

болуы үшін қажет; екіншісі Әйел – мәңгі үзілмей жалғасып келе жатқан тіршіліктің тірегі; үшіншісі Кітап – уақыттың дәнекері, өмірдің сабақтастығын тек қана өрге сүйреуші.

30.09.81.

Бұғы өсірушінің сөзі: «Гундраның өндірілген алтынынан жүздеген алтын бұғы құйып шығаруға болар-ау. Алайда, осынау қыруар байлықты жұмсау арқылы жалғыз ғана тірі бұғыны дүниеге келтіру мүмкін емес».

11.08.82.

Н.М.Карамзин өмір сүрген заманда өлең шығарушылардан гөрі орта дәулетті ақсүйекті (вельможа) әлдеқайда мәртебелі санаған. Тіптен, Пушкин өмір сүрген кездің өзінде ақсүйек-аристократтар әдебиетшіге менменсі қараған.

Ал Бұқар, Сүйінбай сияқты далалық ақындарды Абылай, Тезек сияқты өз заманының хан-төрелері аттан қолтықтап түсіріп, төрінен орын берген.

Мұның сыры, сол елдердің сауаттылығында немесе сауатсыздығында, мәдениеттілігінде немесе мәдениетсіздігінде емес. Тұтас бір халықтың мәдени-рухани қалпына байланысты болса керек, салт-дәстүрдің даралығына қатысты болса керек. Мәдениеттілік келісім шарттарына қол қоя білумен өлшенбейді. Кісімішіл сөзді қағазға жазып, кісәпір мінез танытатын «мәдениеттің» ізі тарихта қан-жоса болып жатыр.

15.06.84.

Маған Мұхтар Әуезов халқының асыл қазынасын қоржынына сықай теңдеп алып, кең дүниеге, сыртқы әлемге таныту үшін сапар шеккен жиһанкез сияқты әсер береді.

Ал Олжас Сүлейменов болса әр қиырдан тапқанын арып-ашып туған жеріне тасыған арбакеш сияқты әсер береді.

13.03.85.

Бізде былай. Егер, сен еуропалықтарға ұқсамасаң «жабайысың», ұқсасаң «мәдениеттісің». Міне, біздің тарихи-мәдени болмысымыз әзірше осылайша анықталуда. Жұртшылық осынау зердесіздікті өмірлік талғам-танымына бағдаршы етіп отыр.

Данышпан Шоқан ұлттың өсіп-өрбуіне екі жағдай қажет деп еді-ау. Онысы – азаттық пен білім болатын. Қолдағысы қайсы, жолдағысы қайсы белгілі ғой...

25.11.85.

Таным жолы түнектен жарыққа қарай жылжумен келеді. Бұл үрдістің кері болатын кездері де бар. Оның себебі әр алуан: сыртқы дүлей күштің әсері, ішкі кембағал-кеңкелестік, тосын зобалаңдар (індет, жұт, табиғат апаттары т. б.). Осылардың ішінде халық санасының өресіздігі, кемқадам ой-ниеттің әуезе болуы ұлттың тарихи тағдырындағы қасіреттің зоры.

Біз қазір тарихтың тағдыр-талайымызға жазған ең бір күрделі кезеңіне шықтық. Бұл кезең халқымызды бір сападан екінші сапаға көшіретін өткел сияқты. Халқымыздың мыңдаған жылдық тарихи тәжірибесін, мәдени-рухани қазынасын қанишалықты шалымдылықпен өткелектен өткізе алсақ, біздің болашақ дамуымыз сол деңгейден көрініс табады. Бұл ретте, қазақ халқы үшін ХХ ғасыр ең сыны мол ғасыр болып отыр. Сол сынның ең зоры мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан тіліміз бен ділімізді, дәстүріміз бен мәдениетімізді алдағы ғасырлар керуеніне ілестіру. Кедергі көп, жол ауыр. Осы орайда өз ішімізде жүрген ойы жат, талғамы бөлек, танымы бөтен әлеуметтік лектің қаулап келе жатқаны алаңдатады. Олар өз асылын танымай, өзгенің талғамын тәу етіп, танымын пір тұтады. Бұл саладағы тындырар істердің мәнділігі соншалық, мұны республикамыздағы ағартушылық жұмыстардың ең өзектісі десе де болғандай.

9.12.85.

Қоғамдық-әлеуметтік құрылым мен тарихи талғамды былай елестетуге де болады:

социализмде: адам – жанұяға (семьяға), жанұя – ұжымға (коллективке), ұжым – қоғамға тәуелді;

капитализмде: адамға – жанұя, жанұяға – ұжым, ұжымға – қоғам тәуелді;

көшпелілерде: адам – жанұя – ұжым – қоғам бәрі тең, бір ұғым.

19.09.87.

Қазір адамдар өзінің өзеге ұқсамайтынын, оқшаулығын мәртебе санайды. Қайтсем өзгеден артық ақша табамын деп, артық киінемін деп, артық тамақтанамын деп, артық қызметте боламын деп, артық дүние жинаймын деп, бар арман-аңсарын соған арнайды. Мұның өзі адамдар арасындағы мейірімді, тілеулестікті, ортақшылықты жоғалтып, оның орнына бәсеке-бақастықты, күншілдікті, іштарлықты, қатыгездікті қоздырып отыр. Өзімішдік адамдардың ақыл-санасына тек қана жамандық ұрығын себуде.

Мұндай нәубеттің себебі көп. Соның бірі, бәлкім ең бастысы, ұлттардың мидай араласып кетуінен болып отыр. Нәтижесінде араласқа түскен ұлттардың ұлттық біртұтас идеалы көмескі тартуда. Әсіресе, XIX-XX ғасырлардағы жойқын экспансиялар өзінің антигуманистік нәтижелерін көрсетуде. Жұмыр жердің барша игілігі санаулы ғана билеуші ұлттардың ениісіне айналып, солардың этникалық қалыбы эталон болуда. Планетаның асты-үстін қомағай обырлықпен сорған санаулы ұлттар өздерінің зорлықшыл пығылын «достық», «әділдік», «азаттық», «жаңғыру», «адам құқы», «мәдениеттендіру» деген жасанды ұрандармен бүркемелеп, тұтас халықтардың санасына шабуыл жасалуда. Мұндай ортадағы адамдар іштей түңіліп, өздерін ұлттың бөлшегі ретінде сезінуін қойып, енді ондайлар жеке басының қамын күйттеуге көше бастаған. Былайша айтқанда, XX ғасырдың әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени аласапыраны (катаклизм) адамдардың қара басын қорғау инстинктін бірінші кезекке қайта шығарды. Ал, кісілік, достық, әділдік, көпшіл болу, сөзге тоқтау, сұлулықты сүю сияқты адамға лайықты қасиеттер екінші кезекке ығысуда.

18.10.87.

Қазір дүниеге келген өнерді алдымен жоғарғы жақ сұрыптайды. Яғни, алдымен ресми орын мақұлдайды немесе тәрік етеді. Рухани қазынаны таңдауға халықтың өзі қатыспайды. Халық тек тұтынады. Мұның өзі түптеп келгенде бір ғана адамның немесе бір ғана мекеменің талғамы жаратқан өнердің жұртшылыққа зорлап таңылуымен паранар тәртіп. Жеке басының немесе әмірі күшті мекеменің талғамы бойынша мақұлданған кітаптар, кинолар, спектакльдер, ұнтабақтар, эстрадалық концерттер, демалыс орындарының рухани бағдарламалары, елді мекендердің архитектурасы мен безендірулері, салтанатты той рәсімдері т.б. қалың жұртшылықтың рухани игілігіне ұсынылады. Ал, сол қалың бұқара өзінен-өзі тұтынушылық орында болады да, тым болмаса таңдау функциясының өзі бұйырмайды.

10.08.88.

Барша оқыту, ұйымдастыру, өндіру, насихаттау, басқару жүйелері де бетімен кеткен.

Бұлар – күнделіктегі жазбалардың оннан-біріне де жетпейтін ең таңдаулылары ғана. Барлығын шетінен көшіріп те беруге болар еді, бірақ, ол біз дайындаған кітаптың көлемін қампайту үшін жасалған әрекетке санаулы да мүмкін деген оймен осымен тоқтаттық.

Ақселеу Сейдімбектің шығармашылығында әйелдер тақырыбы да ерекше орын алады. Ол құрастырған «Бейпіл сөздер» деген қазақтың тасқа басылмаған сөздерін жинақ етіп құрастыруы, оның ішінде әйелдер тақырыбының көптігі кезінде бірталай әңгіме болған.

Бірақ Ақаң бұл көптомдықта «әйел теңсіздігі» деген ұғымның қазақ даласына зорлап таңылған жала екенін, сырт күштің саяси-әлеуметтік өктемдігі кашанда бетбақтықпен шендесіп, осынау теңсіздікті бар деп мойындатқанын айтады. Өз сөзі:

«Болмаса, әйел атымен рудың атын атайтын елде, әйел атын ұранға айналдырған елде, мәдениеттің ең құдірет айғағы тіл болса, оны «ана тілі» деп атайтын елде, мұсылман шартынан гөрі өмір салтын жоғары қойып, әйелдері бетіне пәрәнжі салмайтын елде, сонау орта ғасырдың өзінде-ақ тұтас бір қаласының атын Баршынкент деп әйел атымен атаған елде, хандары ханымсыз шет жұрттың елісін қабылдамайтын рәсімі болған елде, әйелі еркекпен бірге үзеңгі қағысып жауға бірге аттанатын елде, байтақ даладағы небір әндей әсем жер атаулары әйел атымен аталатын елде, ең кереметі ән, күй, өлең, жыр сияқты арқалы өнерімен дүйім жұртты таңқалдыратын ару қыздары еркектерімен табан тіресіп айтысқа түсетін дәстүрі орныққан елде, егер ақиқатқа тоқтар болсаң, әйел теңсіздігі болды деп ойлаудың өзі, сыпайылап айтқанда көрсоқырлық болады. Бір сәт, көттақы идеологтар «қалыңмал» сөзінің әуелі қызын ұзатқан ата-ананың малы емес, отау шығып, үй болатын «қалыңдықтың малы» деген этимологиясына, сонсоң этнографиялық астарына мән берсе зой. Оның бер жағында қалыңдыққа берілетін малдан гөрі ұзатылған қыздың жасауы басым түсіп отырған. Қашанда адам алған жақтар тынып, адам берген жақтың шашылып-төгіліп қалатын әдеті. Демек, қалыңмал дәстүрі екі жасты жылдам үй етіп, жұрт қатарына қосу үшін қалыптасқан дана дәстүрдің бірі.

Бас құраған екі жастың үй болып, жұрт қатарына қосылу үшін «қалың мал» жорасынан басқа қандай кісілікті, қызықты үлгіні ұсынуға болар еді! Салт-дәстүр, жөн-жоралғы үлгісінде өтетін қалыңмал дәстүрлі құдалар арасындағы таза саудаға құрылатын меркантилді пиғылды мүлде ығыстырып, ұлттың мәдени-рухани дәстүріне айналған.

...Не нәрсе нәтижесімен өлшенбек. Қазақтың қалың мал дәстүрі бас құраған екі жасты бірден ел қатарына қосып, үй етеді екен. Көп ретте қыз алып, қалың мал берген жаққа қарағанда, қыз берген жақ көбірек материалдық шығынға ұшырайды. Ол шығынның басым бөлшегі қыздың жасауына жұмсалады. Қыз беруші жақтың көбірек шығындалуы таза пендешілік психология тұрғысынан да түсінікті. Себебі, қыз алған жақ көп қиналмайды, адамына адам, басына бас қосылып отыр. Сонсоң да,

келер қызға (болашақ келініне) қалың малды тартына береді. Ал, қыз берген үй, яғни мәпелеп өсірген қызғалдақтай қызын ұзатқан үй одан ештеңесін аямаған. Тіптен, қыздың жасауы сол қыз шыр етіп дүниеге келген күннен бастап әзірленетін болған. Іштен шыққан перзентінің мәңгілікке бауырынан бөлектенуі ата-анасы үшін психологиялық тұрғыда ауырлығы өз алдына, әсіресе, сол қызының жат жұртқа барғанда бірден ел қатарлы болып кетуі ең негізгі мақсат-мұраты болған. Сондықтан да, «қалың мал» жаңа жанұяны ел қатарына қосудың ғасырлар сынынан өткен сұлу рәсіміне айналған».

Ақселеудің пайымдауынша, көшпелілердің таным-түсінігі ер мен әйелдің арасындағы жыныстық қатынасты Тәңірдің киелі сыйы ретінде қабылдап отырған. Халықтық ұғым-түсінік бойынша жерді – аналық, көкті – аталық деп қабылдап, көктен жауған жауынды нұрға балап, ол нұрдан жерді буаз болды деп образбен елестетеді. Өз сөзі:

«Өмірдің барлық саласында еркек пен әйелдің өздерін тең санауы қазақ арасында ертеден келе жатқан дәстүр. Жай ғана дәстүр емес, тарихи-әлеуметтік ақиқат. Қазақ жаңа бас құраған екі жасты «теңіне қосылды», «теңін тапты» дейді. Сөз жоқ, мұндай теңдік сезімі олардың арасындағы жыныстық қатынаста да көрініс тауып отырған. Қазақ тіліндегі «жар қызығын көру» деген сөздің еркек пен әйелге қатысы бірдей. Содан да болар, жыныстық қатынаста қазақ еркегі мен әйелінің қысылып-қымтырылмай, өздерін шын тіленіспен еркін сезінуі табиғи психологиялық қасиеті. Рас, еркіндік пен бетімен кетушілік деген мүлдем екі бөлек ұғым екенін де қазақ терең сезінген. Әсіресе, жыныстық қатынас кезінде халықтың орныққан қалыптарын әсте аттамаған. Қазіргі эротикалық насихатта айтылып жүргендей «төсектегі қылықтың бәрі жөн» деп келетін моральсымақ қазақ үшін мейлінше жат ұғым. Ең кісілікті қалыптар, ең киелі дәстүрлер қазақ ұғым-түсінігінде жыныстық қатынас кезінде сақталған. Еркектің оң жаққа, әйелдің от жаққа жатуынан бастап, еркектің әйел төсінен жоғары жерлерін ғана аймалап сүюіне дейін орныққан қалыптары болған. Қазақ фольклорында әйелдің мықынынан жоғары қарай ғана суреттелуінде терең мән бар».

«Адамдар арасындағы қарым-қатынас дәстүрлі наным-сенімге мойын ұсынбаса, салт-дәстүр мен ырым-жоралар сақталмаса, тыйым-тосқауыл деген қаперге ілінбесе, еркіндік дегеннің өзі көргенсіздікке ұласып кетуі оп-оңай. Яғни, адамдардың бойында іштей тыйылудан гөрі, заңнан ғана қорқу немесе сырт көзден ғана «жасқанып-жасырыну» сезімі басым. Мұның бәрі сайып келгенде, сыртқы өктем күштің рухани билеп-төстеуі бел алғанда, ұлттық дәстүр сабақтастығы әлсірегенде,

дәстүрлі мәдениет өмір-салтынан шеттетілген ортада болатын жазымсыз қасиеттер».

«Қарапайым кісіліктің қисыны – көңілі жарасқан ер мен әйелдің бір-біріне адал болуы. Мәселен, кім өз сүйген қосағының адал болғанын қаламайды дейсің? Адамды хайуаннан даралап тұрған басы ашық сезім мен кісілік осы ғой. Осы сезім мен кісілікті мойындаған кез келген адам өз тәнінің барлық көркі мен қызығының тек қана сүйгеніне бұйырғанын қалауға тиіс. Демек, тәнді жасауып жүрудің, денені көзден таса етіп жүрудің астарында үлкен моральдық-этикалық мән бар.

Ақыл, парасат, дәстүр дегеніміз тостағандағы сүт емес, жаңа дүниеге келген адамсымақтың миына құя салатын. Сондықтан да, жас ұрпаққа ұдайы тәрбие керек. Ол тәрбие негізінен жастардың қалауы бойынша емес, өмір тәжірибесі мол үлкендердің айтқанын бұлжытпай орындату тұрғысында жүргізілгені жөн. Өз еркіне жіберілген мәнжубас жастар, әрине, ойына келгенін істейді. Және, олардың ойында әлі хайуандық инстинктен басқа аңсар бола бермейді. Сондықтан, олар ойлап табатын әрекет-тірліктің баршасы жыныстық қатынас түйсігінен алысқа ұзамайды. Мұндай рухани жабайылық неше түрлі атаумен бүркемеленіп, көбінесе жаңа бір рухани ағым ретінде, өнердің жаңа түрі ретінде, сұлулықтың озық үлгісі ретінде насихатталуды сүйеді».

Ақселеу Сейдімбек Юрий Бондаревтің «Қас-қағым сәт» деген шығармасын қазақшаға аударған. Онда мынадай саф сезім суреттеледі:

«Олардың ерлі-зайыпты болғанына үш жылдан асып барады, бірақ, келініштің болмысынан жігіт алдында тұрып қымсынататын ең алғашқы ұяңдық әлі сейіле қоймаған. Әлі күнге дейін күйеуі қаннен-қаперсіз қолтықтағанда, тіптен, өзімсініп ықылас көрсеткенде екі беті дуылдай қызарып, ұяттан жанарын тіктей алмай қалады».

Мың маржан

Ақселеу Сейдімбек халқымызбен бірге жасасып, оның болмыс-тіршілігінің, тарихының елестеріндей болып бізге жеткен қара өлеңді жүйелеп, жинақтап 1989 жылы «Қазақтың дәстүрлі халық лирикасындағы қара өлең жанры» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды және қазақтың қара өлеңінің мыңнан астам нұсқасын «Мың бір маржан» деген атпен кітап етіп бастырып шығарады.

Өзі айтады: «Соңғы 10-15 жыл көлемінде 2-3 мыңдай қара өлең нұсқасын жинадым. Бұл еңбегім бұрын сөз болмай келген байырғы

жанрдың көркемдік-эстетикалық мәнін ашып, рухани мәдениетімізде алар орнын анықтауға мүмкіндік берді. Қара өлең – өмір-тіршілігіміздің барлық саласын, сезім-түйсігіміздің барша қасиетін әсерлі көрсетіп келе жатқан икемді де өміршең жанр.

...Өмір – тіршілік қара өлең үшін шындыққа жетудің тартыс алаңы, бәйге мәресі, күрес даласы.

...Платон айтпақшы, философия адамдарға қалай өлуді үйретсе, қазақтың қара өлеңі адамдарға қалай өмір сүруді үйретеді».

Жерлесі Асан Жұмаділдин Ақселеудің қара өлеңге қатысты зерттеулеріне мынадай сөздер арнапты:

«Мың бір маржан» деп аталатын кітабында Ақселеу қара өлең табиғатына ғылыми түсініктеме жазған. Бұл түсініктемелерде де терең білімдарлық, шегелеп, шендестіріп айтатын шешендік баурап әкетеді. «Көшпелі қоғамның ең мәнді сипаты – артық атаулының бәрін сыртқа теуіп мәңгілік тарихи сұрыптауды өмір сүрудің кепілдігіне айналдырған» деп анықтама береді Ақселеу. Ол жинақтап құрастырған қара өлең нұсқаларынан жоғарыдағы анықтаманың нақтылы екеніне көзің жетеді».

Ақселеу Сейдімбек ертектер де жазған. Олар былай аталады: «Бақыт», «Бақ, Дәулет және Аман», «Әйел – Ана», «Махаббат», «Бөлтірігін алдаған бөрі», «Батпан құйрық», «Қосаяқ», «Төрелік», «Емші», «Серілер мен перілер», «Бай, байғұс және би», «Бетпақдала», «Бір түп жусан», «Үш ағайынды», «Ақ ешкінің шағымы» және «Ағыбай батыр».

Ертек, бесік жыры, жұмбақ айтысу, сынсу, жоқтау секілді көнеден келе жатқан ғұрыптардың ақтығы, тазалығы, шынайылығы жөнінде Ақселеу Сейдімбек өз күнделігіне 1982 жылдың 24 маусымында былай деп жазыпты:

«Ертекке, сынсуға, жоқтауға, жұмбаққа, бесік жырына қарағанда повесть, роман, драма, опера, балет, симфония әлде қайда жасанды сияқты. Мұның сыры адамзат дамуының жасандылыққа, қулық-сұмдыққа, зорлық-зомбылыққа көбірек бет бұруымен тамырлас болуы керек.

Жоқтау мен пьесаны алайық. Жоқтауды айтатын адамның өмірлік шын болмысы сол жоқтауды өмірге әкеледі. Ал, пьесадағы қасірет соны орындайтын адамның басында жоқ жағдай ғой. Ол ойнайды, еліктейді. Өтірік қасірет шегеді. Оған біз илануымыз керек..

Өмірдің ойыны қайсы, шыны қайсы? Өтірігі мен өнерінің айырмашылығы қайсы?»

Елтұтқа

Мырзатай Жолдасбеков, Қойшығара Салғараұлы үшеуі бірлесіп жазған «Елтұтқа» атты кітабы да үлкен еңбек-ізденістің жемісі.

Екі жарым мың жыл аясында өмір сүрген жүз жиырмаға тарта әйгілі тұлғалардың өмір жолы мен тарихтағы орнын көрсеткен бұл еңбек – тәуелсіздік алғанымыздың он жылдығына орай халқымыздың тарихын тұлғалар арқылы көрсету мақсатында жасалынған алғашқы ізденістің жемісі еді. Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс болғанымен, ол кеңес заманында жалғасын таппай, шорт үзіліп, оның орнын тарихты тұлғасыз, тек қана саяси-әлеуметтік оқиғалардың тізбегін баяндау арқылы жазу дәстүрі бел алып келгені мәлім.

Бұл кітап тәуелсіздік арқасында қолымыз жеткен рух азаттығы нәтижесінде бұл үрдістің бұзылып, қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс табуы мүмкін екендігінің дәлелі.

Ернар Құлмағамбет «Елтұтқа» жөнінде мынадай пікір білдіріпті:

«Елтұтқа» атты толымды еңбек Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай, 2001 жылы «Күлтегін» баспасынан жарық көрді. «Елтұтқа» кітабында соңғы екі жарым мың жыл аясында Қазақстан топырағында ғұмыр кешкен 120-ға тарта тарихи тұлға туралы ғылыми очерктер берілген. Сөйтіп, алғаш рет Қазақ тарихын адамзат тарихының құрамдас бөлігі ретінде, жеке тұлғалар арқылы зерделеуге талпыныс жасалған. Кітап айғақ-дерегінің молдығымен, тарихи тұлғаларға берілген бағасының объективтілігімен және ғылыми ой-тұжырымдарының соңылығымен назар аударарды».

Меңдігүл Шындалиева «Елтұтқаны» саралай келіп, мынадай тұжырымдар жасапты:

«Елтұтқа» бұрынғы көзқарастар мен ұстанымдарға жаңаша сипат беріп, ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеген, ол «Байырғы заман», «Орта ғасыр», «Жаңа заман», «Тәуелсіз Қазақстан» деген төрт тараудан тұрады. Бұл оқу құралында Қазақстанның тарихы алғаш рет әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, Еуразия көшпелілері, Түркі дүниесі туралы тарихи объективті ақиқатқа ден қойған. Бұл кітапты тәуелсіздіктің арқасында өмірге келген рух азаттығының жемісі деуге болады. Қазақ халқының әйгілі тұлғаларын тарихпен шендестіре таныту, жеке тұлғаның халық арасынан шығатынын, тарихи дамуға халық негіз болатынын кеңінен түсіндіреді. «Елтұтқа» кітабының бірінші тарауында қазақ даласының

ежелгі заманнан бастап қалыптасқан көшпелі өмірге сай мәдениеті, өнер туындылары, құндылықтарды парықтайтын, салт-дәстүрлері орныққандығын нақтылы дерек-айғақ арқылы атап көрсеткен. Байырғы заманда өмір сүрген Тұмар ханша (570-520), Тұманұлы Мүде қаған (228-174), Мыңзықұлы Еділ (Атила) қаған (410-453) сияқты әйгілі тұлғалардың өмірлері арқылы тарихты зерделеуге, қоғам дамуының үрдістеріне назар аударған. «Елтұтқа» кітабы қазақ даласындағы соңғы екі-үш мың жыл аясында өткен шежірелі тарихты алдыңызға жайып салады. 120-ге тарта әйгілі тұлғалар әр ғасырда, әр заманда өмір сүрсе де ел мен жер көсегесінің көгеруін аңсап өткендігін, рух тұтастығын аңсағандығына жүздеген айғақты көлденең тартады. Екіншіден, тарих ғылымында жаңа мойындала бастаған «жаңаша әлеуметтік тарих», «тарихи антропология» деп аталатын соны ізденістер негізінде жеке тұлғалар арқылы тарихты зерделеуді басшылыққа алған. Яғни, адам тарихтың негізгі тұлғасы, адамның сапасы тарихтың қозғаушы күші деген әдіснамалық ұстаным, кітаптың өзекті арқауына айналған. Үшіншіден, «Елтұтқа» кітабында соңғы екі жарым мың жыл ішінде өмір сүрген, Қазақстан топырағынан шыққан тарихи тұлғалар туралы энциклопедиялық очерктер берілген. Бұл очерктердің мазмұны, жазылу өрнегі тың. Әр заманның, әр ғасырдың деңгейінен даңқы шыққан әлденеше жүз саңлақтардың нақтылы айғақ-дерегі, объективті бағасы берілген. Бұл энциклопедиялық очерктерде қазақ халқынан шыққан ұлы тұлғалардың өнегесі, адамгершілік асыл қасиеттері, рухани дүниесі, ой-арманы толық ашылған. Елдің ел болуына ұйытқы болған Түркі зиялылары ғылыми талғаммен сұрыпталған. Төртіншіден «Елтұтқада» әрбір тарихи тұлғаның түрлі-түсті суреті беріліп, ол суреттерді салуда тарихи, этнографиялық айғақ-деректер ескерілген. Жас ұрпақты тәрбиелеу мен қалыптастыруда көрнекі деректің рөлі ерекше екендігін ескерсек, бұл суреттердің жас ұрпақ санасына әсері ерекше болса керек. Бесіншіден, жас ұрпақты отансүйгіштікке, оны ардақтауға, көкірегінде өз еліне деген мақтан сезімін ұялату мақсатын көздеген мағлұматтар молдығымен құнды.

Ақселеу Сейдімбектің ұлтжандылығы, қазақ үшін жанын да аямас мінезі мен қазақ тарихындағы селкеуліктердің орнын толтырсам деп жүрген ізденгіш ғалымдығына қоса ұлтына жанашырлықтан туған қайраткерлік бет-бейнесі осы бастапқы еңбектерінен-ақ көріне бастаған».

Сонар

Жанболат Аупбаев Аханның жас кезіндегі архивін ақтарғандағы әсерін былай баяндайды:

«Ақаң ҚазМУ-дегі студент боп оқып жүрген жылдарында-ақ қажетті пәндерге арналған дәптерлерінің ешқайсысын да жыртпаған, жоғалтпаған. Соларды бір-бірімен салыстырып байқағанда мынандай қызықты жайтқа көз жеткіздік. Ол университет қабырғасында дәріс алған бес жылда Ақаң үшін екі оқу түрінің болғандығы. Алғашқы сабақ берген оқытушылардың айтып, түсіндіргенін қысқаша түрде тұжырымдап жазып отыруы да, соңғысы олардың айтпаған, айтып жеткізе алмаған олқылықтарының орнын толтыру үшін орталық кітапханадағы сирек кітаптар қорына, академиядағы қолжазбалар бөліміне барып, өз бетімен ізденіп конспект жасауы. Мені әсіресе кезекті семинар, коллоквиумға әзірлену үшін ұстаздар тарапынан ұсынылған әдебиеттер мен Ақанның өзінің жеке жасаған ғылыми кітаптар тізімі арасындағы айырмашылық ерекше таңғалдырды. Содан соң... иә, содан соң ол алпысыншы жылдардағы студенттердің көбіне есімдері онша таныс емес В.Бартольд, Н.Бичурин, В.Вамбери, Л.Гумилев, В.Жирмунский, И.Кастанье, М.Поло, А.Кононов, А.Левшин, К.Оссон, В.Рубрук, В.Тизенгаузен, С.Толстов, П.Услар сияқты өте ертедегі, одан бергі қазан төңкерісіне дейінгі Орта Азия мен Қазақстанның тарихы, мәдениеті туралы дерек қалдырған саяхатшы-ғалымдардың еңбектерін оқып, танысып қана қоймай, бәрінің кітаптарынан дерлік конспект, дәйектеме жасап отырған. Студент Ақселеудің осы игілікті ісінің содан кейін 15-20 жыл өткен соң журналист, зерттеуші Ақселеуге көмекке келіп, творчестволық үлкен кәдеге жарағанын аңғару бізге қазір онша қиын емес. Оны этнограф, ғалымның 1981 жылы жарық көрген «Күңгір-күңгір күмбездер» кітабы мен 1989 жылы шыққан «Сонар» жинағындағы дәйектемелерден, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен анық байқауға болады».

Ақселеу Сейдімбектің «Күңгір-күңгір күмбездер» атты кітабы сол шығармашылық ізденісін, қазақтың дәстүрлі мәдениетін, тарихын, рухани әлемін парықтаудың басы десек боларлық. Кітабы туралы өз күнделігінде мынадай сөздер жазып қалдырыпты:

«Күңгір-күңгір күмбездер» кітабым қинап жүр. Жо-жоқ, ақтарған архивтің, қараған кітаптың, жүрген жолдың, терген деректің қиындығын айтпаймын. Шындықты жеріне жеткізіп айта алмайтыныма, айта алған күнде өткізе алмайтыныма алаңмын. Құрсаған дүние зой... 24.11.79».

Сол толғаныстардың нәтижесінде, айтамын дегенін толықтай айта алмаса да, 1981 жылы қазақ жеріндегі табиғи және табиғи емес ескерткіштері туралы ой толғаған «Күңгір-күңгір күмбездер» кітабы дүниеге келді.

Ақселеу «Күңгір-күңгір күмбездері» арқылы байтақ даладағы бақташы елдердің тарихына, географиясына, қандай тіршілік жасағанына ерекше көңіл қойып, әсіресе олардың мәдениетіне, өнер түріне, әдетіне, істейтін ісіне, тігетін киіміне, ішетін асына, ғұрпына, барлық этнографиясына жарқын көзбен қарап, оларды ғылыми, көркем тілмен айтып беруді мақсат еткен. Зерттеуінде қытай, грек, латын тілінде олар туралы жазылған мәліметтерді молынан пайдаланған. Еңбектің терең оймен жазылған бір бөлімі – көп ғасырлар ішінде көшпелілер даласында жазылған байтақ мәдениет, оның тұлғалары, сабақтас болып өсуі, өркенді дәстүрлері.

Академик Манаш Қозыбаев та Ақселеу Сейдімбектің қазақ тарихына қатысты шығармаларына оң пікірін білдіріпті:

«Тарих, этнография, этномәдениет саласынан жиырмаға тарта кітап жазған А.Сейдімбектің «Күңгір-күңгір күмбездер» (1981), «Күй шежіре» (1993) және «Балталы, Бағаналы – ел аман бол» (1993) атты үш кітабы айрықша назар аударады. Бұл еңбектерінде автор тарихи, этнографиялық және фольклорлық материалдардың негізінде қазақ халқының мәдени-рухани әлеміне кең аяда ден қойып, жүйелі тұтастықта ой қорытады. Әсіресе, фольклорлық-этнографиялық материалдардың молдығы автордың тың тұжырымдар жасауына мүмкіндік берген. Қазақ қоғамтану ғылымында соңғы кездерге дейін этнография мен фольклорды шендестіріп зерттеуге айтарлықтай мән берілмей келді.

...Қазақ аңыздарының этномәдени табиғатын саралау барысында А.Сейдімбектің оқшау мән беріп, арнайы зерттеу объектісі еткен еңбегі «Балталы, Бағаналы ел аман бол» деп аталады. Автор бұл еңбегінде шежіренің тарихи материал болатынына айғақ ретінде найман тайпасының ішіндегі балталы, бағаналы руларының шежіресін келтіреді.

...А.Сейдімбек шежірелік аңыздарда тарихи дерекке қоса этнографиялық айғақтардың мейлінше мол ұшырасатынына ден қояды. Әсіресе, халықтың этномәдени табиғатын айқын аңғартып отыратын салт-дәстүр, жөн-жоралғы, ырым-сенім, кісілік қалыптары, адамдық сапалары, этникалық арман-аңсары (идеал) шежірелік аңыздың негізгі арқауы екенін жан-жақты ашып көрсеткен...».

Жамбыл Артықбаевтың «Күңгір-күңгір күмбездер» туралы айтқан пікірлеріне құлақ түрелік:

...А.Сейдімбектің «Күңгір-күңгір күмбездерін» қала пәтерлерінің сөрелерінен, шопандардың киіз үйлерінің керегелерінен тоз-тоз болып

тұрғанын көргеніміз бар. «Күмбездердің» қолдан-қолға ауысып, адам мен адамды жалғап, мереке мен берекеде сауға мен сый орнында жүргенін де байқадық.

...Жазушы кезінде ауыл мен дала тақырыбына әуес болса, қаламы төселе келе мәдени өрбуіміздің көкейкесті мәселелеріне араласты. Жазушының бұл талабын оның «Күңгір-күңгір күмбездері» танытты.

Ақселеу үңгірлердегі петроглифтер (жартастағы жазулар мен сурет-белгілері) алғашқы рулық бірлестік кезіндегі көшпелілердің өмірінде болған аса ірі оқиғалардың нышандары, соның көмескі түрде болсын бізге жеткен сүрлеу-шежіресі дейді. Ол Балқан тауындағы Мәдидің қара үңгірі, Семейдегі (Абай ауданы, Орда тауы) Еңлік пен Кебек тығылған үй тас, Ұлытаудағы Асанқайғының (XV ғасыр) бәйбішесі Тана жерленген шыңның басындағы Ақмешіт әулие үңгірі, Ойылдағы Құныскерей үңгірі байтақ дала төсіндегі үңгірлердің тарихи оқиғаларымен, тарихи тұлғалармен сабақтасып жатқанына сенімді.

Көшпелілер шаруашылығының отырықшы жұрттардың шаруашылығына қарағанда тұрақтылығы мыңдаған жылдар бойы өзгермей келе жатуын автор назар аударатын фактор санайды. Мұның өзі көшпелілер қоғамының рухани тазалығына айрықша әсер еткен деп пайымдай отырып, Еуропалық үлгіде ойлайтын ғалымдардың кейбір тұжырымдарына дәлелді түрде қарсылық көрсеткен. «Жер төсін тырмалаған отырықшыларға қарағанда көшпелілердің өндірістік негізі әлдеқайда берекелі болды» деген батыл пікірін басқа тілге аударса олардың өзіншіл ғұламалары шоршып түсуі хақ.

Еуразияның Ұлы Даласында үш мың жыл бойы дәурен сүрген салт атты көшпелілер өркениеті жиырмасыншы ғасырда ғана тоқталды. Содан бері қазақ халқының тарихи тағдырына дамудың басқаша үлгісі бұйырды. Мұндай өзара кезеңде өткеннің асылдарын бүгінгі және болашақ ұрпаққа жұғысты етіп отырудың тарихи мәні бар. Қазақ халқының да ұлттық қасиет-болмысы алыс ғасырлар қойнауында қалыптасқан. Ұлт ретінде қазақ халқында сан ғасырдың жүгі бар, сол жүкті бүгінгі және болашақ ұрпақтың рухани еншісіне айналдырып отыру – Ақселеудің талайына бұйыруы тегін емес».

Мерғали Ыбыраевтың мына сөздері де Ақселеудің ештенені ірі-ұсақ деп қарамайтын ізденгіштігін баяндайды:

«Автор кей тұстарда этнолог, кей тұста археолог, кей тұста этнограф, кей тұста спелеолог (үңгір танушы ғалым), кей тұста топономик ретінде сөйлей отыра бүгінгі көсегесі көгерген халқымыздың бұдан жүздеген, тіпті мыңдаған жылдар бұрынғы наным-түсінігіндегі, тіршілік салтындағы, әдет-ғұрпындағы, ой-санасындағы ньюанстық жарастықты, жалғастықты үнемі айырып, ажыратып, көрсетіп отырады:

«Адамзат баласының алғашқы сезім-түйсігіне, алғашқы ұғым түсінігіне, алғашқы қабілет-дарынына айғақ болар ғаламат белгілер үңгірлерден табылып отыр.

...Байтақ дала төсіндегі үңгірлердің тарихи оқиғаларымен, тарихи тұлғалармен сабақтасып жатыр».

Манаш Қозыбаев Ақселеу Сейдімбектің «Күңгір-күңгір күмбездер» кітабының «Жердің тілі» атты үлкен бір тарауы топонимдік аңыздарға арналғанын мақұлдап, жер бетінде атауы жоқ белгі-бедер болмайтынын айтады. «Автор топоним атаулыға тарихи, географиялық және лингвистикалық мәнінен хабар беріп тұратын айғақ ретінде қарайды. Яғни, белгілі бір өңірдің топониміне қарап сол өңірді мекен еткен ұрпақтың тарихы туралы, тіршілік көзі жайында, ой-өрісі хақында, тіптен сезім сұлулығына дейін хабардар болып, белгілі бір қорытынды жасауға болады екен деген сөз.

Автор топонимдік аңыздар арқылы халықтың тек қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын танып қоймайды, сонымен бірге сол орта туралы жеке адамдардан бастап, тұтас ру, тайпа, ел өміріне қатысты алуан түрлі шежіре сырдың жаңғырығын да тап басып айырып отырады. Көне түркі жазуы қалдырған Орхон ескерткіштеріндегі (VIII ғ). Ертіс, Селенгі, Қарақұм, Бұқар, Қаракөл, Көміртау т.б. сияқты жер-су атаулары бүгінгі күнімізге еш өзгерместен жетіп отыр».

Ғылым докторы Мырзабек Дүйсенов те «Күмбездерге» пікір қосқан екен:

«Халқымыздың тұрмыс-салтындағы әдет-ғұрып сипаттары, ұлан-байтақ жеріміздің арғы-бергі тарихына байланысты туған топонимикалық деректер, аңыздар, ою-өрнектердің, күмбірлеген күмбезді мазарлар мен кешендер, қобыз, домбыра сияқты көне аспаптардың шегінде сақталған көл-көсір күйлердің сикырлай сылдыраған сырлары тағы да басқа халық мәдениетін танытар хикая шертіледі.

Адамзат қоғамы мәдениетінің дамуын тек отырықшы елдер ғана жасады, көшпелілер оған ештеңе де қоса алған жоқ деген ғылыми теріс тұжырымдар жасағысы келген тенденция бой көрсеткен кездер болды. Жалпы адамзат қоғамының даму жолы бар жерде бірдей болмағаны белгілі. Бірақ соның өзінде де осы дамуға отырықшылар мен бірге көшпелілердің де өз үлестерін қосқаны даусыз еді. Бұны бір-біріне қарсы қою түбірінен қате, керісінше солардың әр қайсысының өз үлестерін анықтай танып, бағалап қажетімізге жарата білуіміз керек қой.

Сонау Шығыс Азиядан бастап Қара теңіздің теріскей жағалауларына дейінгі аралықты көне дәуірлерде мекендеген ру-тайпалар негізінен көшпелілер болатын-ды. Тарихта Хун (Ғұн), Сақ, Скиф деп аталатын

тайпалық одақтар бірлестіктеріне енген елдердің жартылай отырықшы болғандарына қарамай, олардың негізінен бақташылықпен айналысып, көшпелі тұрмыс құруына тарихи-экономикалық, географиялық жағдайлары мәжбүр еткен-ді. Терімшілік, аңшылыққа қарағанда адамзат дамуының бұл да бір сатысы болғаны сөзсіз. Осы дәуірде өмір сүрген Еуразия халықтарының мәдениетінде өзіндік кейбір дара сипаттармен бірге, ортақ ұқсастықтар да аз кездеспейді. Мұның сыры неде? Бір-бірлеріне әсер-ықпал жасап отырған ба? Сонау Азиялық қиыр Шығыспен Еуропа, Алдыңғы Азия, Египет елдерінің арасында ол кезде қандай мәдени байланыс болуы мүмкін? Әлде әр халық бір-бірімен тікелей араласпай-ақ, қоғамдық-экономикалық дамудың негізінде ұқсас типологиялық мәдениет жасады ма екен? Бұған дәйекті жауап беру үшін тарихи жағдайларға шолу жасамай болмас еді. Содан кейін әр алуан әдет-ғұрып, ырым, өнер, мәдениет түрлерінің жақындық сипаттарына, сабақтастықтарына ден қоюға болады. Автор мұны дұрыс түсінген. Көшпелілердің көне мәдениетіндегі бірізділік, тұтастықты көптеген нақты деректермен дәлелдейді.

Біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдықтарда Еуразия, Орталық, Орта Азия далаларында көшпелі мәдениет болғаны бүгінде дау тудырмайды. Әсіресе Орал маңы, Алтай-Саян жерлерінде металлургияның пайда болуына қарай мәдениет салалары да тарамдана түседі. Аталған аймақтар мен Қара теңіздің теріскей жағалауларына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері осы пікірге айғақты дәлелдерді толығынан тауып беруде. «Жануарлар стиліндегі» сан қырлы зергерлік бұйымдар, үңгірлер мен тастардағы таңбалар мен суреттер, обалар мен қорғандар, мазарлар мен кешендерді былай қойғанда, халықтың ойынсауығына, саятшылық кәсібіне, күнделікті тұрмысындағы қалыптасқан әдеттері, ғұрыптары қаншама? Ел аузында сақталған аңыз-әңгімелер, әндер мен күйлер қаншама! Осылардың бәрі халық тудырған мәдениет, осы мәдениеттің төл сипаты арқылы әлеуметтік жағдайды, жалпы халықтық өрені білуге толық мүмкіндік аламыз.

...Жазушы зергерлік бұйымдар мен күмбезді мазарлардың, киіз үй құрылысы мен ою-өрнектердің символдық сипаттарын, күй сырларындағы әсемдіктерді үлкен толқыныспен айта білсе, оның шыққан тегін халық өмірінің тарихымен терең байланыстыра ашады. Соның өзінде тамсану жоқ, әсемдік, сұлулықтың сикырын өзі терең түсініп, жақсы тани білген де, білгенін басқаларға да жеткізе алған».

Өз сөзі: *«Тал бойына қол өнерінің ағаштан, қайыстан, киізден, темірден, өрімнен, тоқымадан, бояудан жасалатын барша құдірет-құпиясын тоғыстырып, соңғы үш-төрт мың жыл аясында ұдайы шыңдалумен болған, сөйтіп, өнер деңгейінде жасақталған қазақтың киіз үйін алыңыз.*

Бүгінгі таңда, киіз үйдің өнер туындысы ретіндегі қасиеті толық жойылып, тұтыну құралы ретіндегі қасиеті ғана сақталып отыр. Өйткені, киіз үй бұрынғысындай жеке шебердің дәстүрлі талғамының туындысы емес, ғылыми-техникалық мүмкіндіктің тасқынды өніміне айналды. Не болмаса, ғылым жүзінде «скифский эвериний стиль» деген, сәтсіздеу атауға ұшыраған, скифтердің даналық өрнегін алайық. Әлемнің небір дуалы ауыз өнертанушылары бір ауыздан құдірет өнер екенін мойындайды. Сол даналық өрнек құдірет өнер бола тұра тек өз заманының сұранысы арқылы дүниеге келіп, өз заманына барша болмысын жарқырата (тұтынымдық, эстетикалық, сезімдік, сенімдік, қажет десеңіз саяси-әлеуметтік тұрғыда) қызмет етті. Рас, бүгінгі шеберлеріміздің қолына кесек-кесек алтын мен асыл тастар берсеңіз, скифтердің даналық өрнегінің әкесі мен көкесін жасайтынына күмән жоқ. Бірақ ол, бүгінгі ұрпақтың бәсекешіл сезімін қанағаттандырса да тарихи-әлеуметтік ортаның ішкі сұранысынан туған өнер бола алмас еді. Тағы да бір мысал еске түседі, халқымыздың шешендік өнерін алайық. Жанрлық даралықты, субъектінің арқалы шабытын, эстетикалық мінсіздікті, эмоциялық әсерді, саяси-әлеуметтік жүкті, танымдық міндетті, тәрбиелік қуатты тал бойына жинақтаған өнердің құдіреті осындай-ақ болар».

Ақын Қадыр Мырза-Әлі: «Біздің тарих бұл да бір қалың тарих, Оқулығы жұп-жұқа бірақ тағы» – деп дөп түсіп жазғандай біздің халық тарихының тым көнеден келе жатқанын, «көшпенділер емес, «көшпелілер екенін», «Біздің ата-бабаларымыздың өмір-салты көшпелі болғанмен, рухани болмысы көшпелі болмағанын» айтып, Ақселеу тарихқа объективті көзқарас тұрғысынан келіп, пайымды, қызықты әрі құнды талдауларға барады.

Бала күннен бергі досы Ғабдолла Құлқыбаев Ақселеудің шығармашылығының белгілі бір сәттері жайлы пікір білдіріпті:

«Көркем шығармалардан бастау алған этнографиялық, тарихи-философиялық толғаныстар Ақселеудің кейінгі далалық тарихи танымды арқау еткен ғылыми-көпшілік еңбектерінде жүйелі жалғасын тапты. Осындай шығармалар жазып, жариялаумен Ақселеу саналы түрде айналысты. Себебі, советтік социалистік идеология уландырған, орыстандыру бағытындағы ақпарат тасқынының астында қалған қайран халқын осы пәледен арашалап алуға ұмтылған кезде ең оңтайлы құрал, ең шаппа-шап қару осы тарихи танымды орнықтыратын, ұлттық сезімдерді оятатын ғылыми-көпшілік мақалалар, кітаптар еді. Осы парадағы еңбектерінің ең әйгілісі «Күңгір-күңгір күмбездер» кітабымен басталып «Қазақ әлемі» (этномәдени пайымдау, орысшасы «Мир казахов») деген фундаментальді

кітаппен тұжырымдалған. Қазақ оқырманы үшін бұл кітаптардың орны ерекше деуге болады. Ел оларды іздеп жүріп оқыды, білім кәусарынан сусындады, өз халқының осыншама тарихи, рухани, мәдени, дәстүр байлығына қанығып, таң-тамаша қуанышқа бөленді.

«Қазақ әлемінде» бір ғана «қарға» түсінігіне ұзыннан-ұзақ түсініктемелер бар екенін көріп, автордың таңдаған тақырыбына, мұқияттығына таң қалмасқа амал қалмайды. Бұл – ежіктеу емес, түсіндіру. Онда бұл сөздің төркіні, бұған қатысты пікірлер, аңыздар талданған.

«Қазақ тілінде күні бүгінге дейін жасы кіші баланы жақсы көріп еркелеткенде «қарғам», «қарғатайым» деп өбектейді. Ару қызды «қарғашым», «қарғажаным» деп әспеттейді. Ғашықтық-сүйіспеншілік тақырыбындағы дәстүрлі әндердің көбінде «қарғам-ау», «қарғаш-ау», «қарғам-ай», «қарғатай» деп келетін қаратпа-арнау сөздер қолданылады. Сондай-ақ, «қарғадай болып» (жап-жас болып), «қарғадай кезінен» (жас кезінен), «біздің қолымызға да қарға тышар» (біз де мұратымызға жетерміз), «қарға бойлы» (қарға текті), «қарға адым жер» (жақын жер), «қарға қарғаның көзін шұқымайды» (тектес-туыстар бір-біріне жамандық жасамайды), «қарға жүнді қаттас, үйрек жүнді оттас» (тіршілік-тыныстары бір, тектес-туыстас), «қарға тамырлы қазақ» (түпкі тегі бір қазақ), т.б. деп айтылатын тұрақты сөз тіркестері де бар. Қазақ тіліндегі «қарғану», «қарғау», «қарғыс» сөздерінің киелі күшке сенуден немесе сол киелі күшке табынудан туған сипаты да назар аударарды».

Ақселеу Сейдімбектің «Қазақ әлемі» кітабы туралы жазушы Нұрдәулет Ақыш былай дейді: «Қазақ әлемі» кітабында қазақ әлемінің өзіндік бет-пішінін оқшаулап көрсететін жағдаяттар жеке-жеке сарапталып, түйінделіп отырады. Мұсылман діні таралмай тұрып-ақ әлем әміршісі деп Тәңірді таныған көшпелілердің дүниетанымын ашып көрсету мәселесінде автор қаламы көсіле жортады. Тәңірге табынушылық кезеңдегі талғам-түсініктің қай-жағынан да қисынға сыйымды, ғылыми негізді екеніне автордың көлденең тартқан мысалдары жеткілікті-ақ. Кейін осынау дүниетаным ислам дінінің қағидалармен оңай үйлесім тапқан. Өйткені, ислам негіздерінің өзі қисынсыз туған, зорлықпен таңылған нәрсе емес қой. Қазақтың ырым-сырымдарының қай-қайсысын да жаратылыстан тыс кездейсоқ күштердің ықпалымен өмірге келген деп айтуға болмай-тынын да Ақаң айпарадай айқын айғақтармен дәлелдейді».

Алматылық Тасанби Тоқбергенов «Қазақ әлемі» шыққан кезде былай деп жазыпты:

«Қазақ әлемі» – ұлт үшін баға жетпес туынды. «Толғағы ауыр сөз сұлу болып туылады». Данышпан Л.Толстой айтпақшы: «Ұлы суреткер

өзінің жанрлық үлгісін туындатады». Ол осы тұрғыдағы нұсқалар ретінде Гогольдің «Өлі жандар», Достоевскийдің «Өлі үйден жазылған хаттар», Герценнің «Байырғы және сарын» шығармаларының біртұмалығына сілтеген. «Қазақ әлемінің» жанры – этномәдени пайымдау».

Күй өнері

Бастауы мен барар бағытын білген соң, бітімі мен болмысын, парқы мен нарқын білу қажет. Өйткені, алтайы қызыл дегенің өлі жүні түспеген қарсақ болуы немесе асыл өнер дегенің жүрегінді тоздырып, жаныңды аздыратын әсіреқызыл даңғаз болуы мүмкін. Қалайда, кәнігі зерттеуші-саятшы сонар бетіндегі ізге үңілуін бәрібір қоймайды. Білмекке құмарлық мәдени-рухани тектемді (генезис) тануға деген іңкәрлік тыным таптырмайды.

Өз сөзі: *«Өнер – көшпелілер өмірінің реттеушісі болған.*

...Осы уақытқа дейін қазақ музыкасының, дәлірек айтсақ, қазақтың музыкалық фольклорының бір ғана қырына баса назар аударылып келгенін аңғартуға болады. Ол ән-күйлеріміздің таза музыкалық туынды ретіндегі қасиеттері еді. Яғни, ән-күйлеріміздің әуендік, сарындық ерекшеліктеріне көбірек мән беріліп келді. Ең талдап сөз еттік дегенде, сол ән-күйлердің жанрлық сипаты, ішкі құрылыс-бітімі, орындалу ерекшеліктері тілге тиек болды. Алайда, осы бай музыкалық фольклорымыздың екінші қыры, мейлінше мәнді қыры назардан тыс қалғандай. Ол – ән-күйімізді халықтың тарихи – әлеуметтік болмысымен шендестіре қарау мәселесі.

...Соңғы деректер бойынша, ғалым-зерттеушілерге қазақ халқының бес-алты мыңдай күйі белгілі. Осынау мол мұраға тарихи этнографиялық зердемен» ден қойсақ, оның бір мыңдайы XVII ғасырға дейінгі алыс кезеңнің еншісіне тиесілі екенін, төрт мыңдай күйдің XVIII-XIX ғасырлар аясында туғанын, қалған бір мыңдай күйдің соңғы XX ғасырда дүниеге келгенін аңғарар едік.

...Сөз өнерінің құрғақ қара сөзбен айтылмай, ән мен әуенге, саз бен сарынға иек сүйеу арқылы айтылатынын аңғартады.

...Қазақ күйлері еш уақытта өмір құбылыстарын еліктеп көшіре бейнелемейді. Әдетте, өмір құбылыстарының болған және болатын нәтижесі туралы ой толғайды».

Күй өнерін зерттеп Ақселеу Сейдімбек докторлық диссертациясына арқау етті, оны мүдделілік дейін десек, онымен тоқтамай, тынбай ізденістің нәтижесінде екі мыңдай күй аңызын жинақтап, 150-ге тарта

күйші-композиторлардың өмірі мен шығармашылығы туралы деректер жинады, онысын алдымен «Күй шежіре (екі кітап)» кейіннен «Қазақтың күй өнері» атты көлемді еңбекке ұластырды. Осы кітабы үшін Ақселеу Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын алды.

Ақселеудің қазақ халқының күйшілік өнерін тұтастай қамтитын «Қазақтың күй өнері» еңбегі – қазақ мәдениетіне қосылған сүбелі үлес деп бағалар едік. Ондаған ғылыми қызметкердің қолынан келмес қиын да қызғылықты істі жалғыз өзі жаяу-жалпылап жүріп тындыруын ерлікке балай отырып, туған халқын жан-тәнімен сүйген адал азаматтың айғай-шусыз-ақ ұлты үшін көп еңбек сіңіруге болатынын дәлелдегендей.

Өзі айтады: *«...Мен өскен ортаның күйшілік дәстүрі мейлінше биік өреде болды дедім ғой. Қазақстанда шоғыр-шоғыр күй дарыған орталар бар. Мынау Атырау өңірі, Маңғыстау, Сыр бойы, Арқада Жаңарқа, Қарқаралы арасы күйдің бөккен, дамыған ортасы. БҚылас, Тоқа, Дайрабай, Тәттімбет сынды қазақтың әйгілі, ұлы күйшілері иісі қазаққа белгілі. Одан кейінгі орта буында Қыздарбек, Баубек, Сембек деген күйшілер болды. Ал, үшінші буынды Әбікен Хасенов, Манарбек Ержанов, Мағауия Хамзин сынды саңлақтар бастаған. Міне, осы күйшілердің бірінің көзін көрдік, енді бірінің көзін көргендердің сөзін естіп, сол күйшілердің өз қолынан күй үйренген қарттардың домбыра тартысын құлағымызға сіңіріп өстік. Ол кезде радио-теледидар деген жоқ, рухани алданышымыз ауылдың әншілері мен күйшілері. Соларға еліктеудің нәтижесінде домбыра тыңқылдататын болдық. Сөйтіп, белгілі күйшілердің күйін тыңдап, домбыра қағысын көріп өсудің арқасында күйлердің көркемдік-эстетикалық ішкі мән-мағынасын түсінетін деңгейге көтерілдік. Білім алғаннан кейін мұның шын мәнісінде ұлттың өте құнды рухани қазынасы екеніне көз жеткіздім. Бара-бара руханиятымыздың бұл саласы менің зерттеу объектіме айналды. Менің докторлық диссертациям «Қазақтың күй аңыздары» деп аталады.*

...«Қазақтың күй өнері» деген кітабым менің 20-30 жылдай еңбектеніп түйіндеген еңбегім. Бұл – жалпы көлемі 60 баспа табақтай, ауқымды еңбек. Осы кітапқа дейін менің 30-ға тарта кітабым, 1000-дай мақалам жарық көрді. Өміріміз жазумен, ізденумен кетті ғой. Ол «аурудан», әрине, енді мәңгі айықпайтын шығармыз. Қазір де жұмыс үстіндемін. Қазақтың тәуелсіздік алғанға дейін тыйым салынып келген өте мол мұрасы – қазақтың шежірелік аңыздары мен шежірелік таным-түсініктері. Былайша айтқанда, халықтың өз тарихы туралы, өзінің жадында сақтаған мол қазыналары. Бұл біздің төл тарихымызға қатысты деректік мәні де, ғылыми мәні де құнды айғақтардың бірі деп ойлаймын. Қазір осы қазақтың шежірелік аңыздарын, төл тарихымызға

қатысты шежірелік мағлұматтарын жүйелеп жатырмын. Оның да көлемді дүние болатын түрі бар».

Ақаңның «Қазақтың күй өнері» атты кітабына жазушы-журналист Жомарт Әбдіхалық кезінде былай баға берген екен:

«Қазақтың күй өнері» – монографиялық нұсқада жазылған таза ғылыми еңбек. Сөйте тұра оны шежірелік, тарихи сындарлы туынды қатарына қосуға да рет бар.

Ақселеу Сейдімбектің жалпы журналистік, жазушылық, ғылыми зерттеушілік тұрғыдан қалыптасу эволюциясын байыптаған адам, талас жоқ, оның ізденіске толы шығармашылық кемелдену жолынан синтетикалық саралану мен тоғысқан көпқырлылықты да кәміл аңғарар еді.

...Біз... нелер тарих толқынында өз үлес, өз тағдырымызбен жүрсек те, мәдениет, өркениет өрісінен алар орнымыз саудаға салынып, санаттан шығарылып, күні бүгінге дейін көптеген күмән-күдікпен мойындалып-мойындалмай келе жатқанымыз белгілі. Осыдан келіп намыс қозады. Құр намыс кімге дес берсін, қай халықпен салыстырсаң да құр алақан емес-тігің дәлелге шығуы үшін, тегеурінді тынымсыз еңбек, бар мен жоқтың арасын қапысыз ажыратып алу үшін қыруар бейнет кешуің қажет.

Сол бейнетті күн-түн демей кешіп жүрген бір адам – осы біздің Ақселеу. Халықтың халықтығын таныту, әсіресе, өнер, ғылым саласындағы бірдің және тек бірегей тұлғалардың ғана еншісі. Әйтпесе, «Құл жиылып бас болмас, құм жиылып тас болмас» дегенді неге айтты дейсіз. Осы кейінгі отыз жыл бойы ол ұлтымыздың ұлық қасиеттеріне зер салуды өзінің өмір-тағдырына айналдырды. Әлденеше кітап, мыңдаған мақалалар жазды. Зерттеулер жүргізіп, ғылым докторы дәрежесін де иеленді. Еңбекқорлығы мен дәйектілігінде еш шәгіміз жоқ.

«Қазақтың күй өнерін» бере отырып, ол ғылыми айналымға тарихи нұсқалануымызды, ұлттық тағдырымызды, өнер мен әлеумет тіршілігін қалай көріп, қалай байыптау қажеттігін де ұсына алған. Қазақтың бір ғана күй өнері арқылы қаншама қасиеттерімізді қанаттандыруға болады екен! Бұл ретте зерттеуші осынша кең ауқымда, осынша мол дерекпен, өзіне дейін еңбек сіңірген бірде-бір адамның аты-жөніне шашау келтірместен нұсқалы жүйе, шежірелі мұра сомдағаны үшін ризалық білдіргеннен басқа амалың жоқ. Жарайсың, сардарым!!!

Музыканың біртұтас мәдени-рухани құбылыс ретінде ғылыми тұрғыдан жете парықталмай келгендігінің себебін ашып, сетінеген тұстарын түгендеп беру, өз байламыңды өзгелермен салыстыра өрелестіру, тұжырым-қағидаларды тек тапжылмайтын дәйекпен негіздеу... – міне,

осының бәрі Ақселеудің ғылыми серпінділік танытудағы үлкен олжасы, тегеурінді табысы.

«Қазақтың күй өнері» – халқымыздың өшпес руханиятының әрі дара, әрі сара біртұтастығын бітімдеді десек артық айтқандық емес. Мұнда этностың әлемдік аумақта ірге тебуінен бастап, ұлттық тектің тұрмыс-салт, иба-ишарат, наным-сеніміне дейін; күй мен саздың, әуен мен ырғақтың алғаш дүниеге келуінен бастап, әлеуметтің алуан түрлі сыры мен сынына, тағдыры мен тарихына, ерлігі мен ездігіне, қуанышы мен мұңына, сүйініші мен сергелдегіне, ең шырқау биігі – арыны мен асқақтығына, ірілігі мен ізгілігіне, ақық армандары мен асыл үміттеріне арқау болған барша болмыстың мың-сан шежіре-хикаясы бар».

Күй аңыздары – қазақтың рухани өнеріндегі ерекше жанр. Мұнда көркем образ да, ұйқас ат, тарихи пайымдау да, ертегілік сипат та бар. Сөздің ішкі ырғағының өзі күйдің әуеніне қарай құрылады. Әуеннің философиялық, психологиялық, тарихи – танымдық мағынасын осы күй аңыздары ашады.

Күй аңыздары да қазақтың ертегіге жатпайтын прозалық фольклоры болып табылады. Уақыты жағынан ондаған ғасырды қамтитын, тақырыбы жағынан өмірдің барлық саласын тілге тиек ететін көл-көсір күй аңыздарының тегін тектеп, тарихи болмысын тану, ішкі жанрлық сипаттарын саралау, олардың төл қасиеттері мен ортақ белгілерін бажайлау оңайлықпен келмеген болса керек.

«Егер ХХ ғасыр табалдырығын аттанғанға дейін қазақ халқына ең мол рухани жұбаныш болған өнер түрлері қайсы!» деген сұрақ қойылар болса, онда алдымен сөз өнері, музыка өнері және қол өнері тілге оралар еді», – дейді Ақселеу Сейдімбек.

Күйші Смағұл Көшекбаевтың туған інісі, тарихшы Нәумет Көшекбаев: «Күйдің шығуы туралы аңызын айтып, ырғағы мен сөзін қоса түсіндіріп барып тартса, қазақ күйі әлемге жайылар еді. Өйткені, күй аңызы тыңдаушының көңіл күйін белгілі бір тылсым әлемге дайындайды. Әуен – бейнесіз тарих. Ал оны көз алдыға әкелетін күдірет – сөз», – деген еді.

Академик Манаш Қозыбаевтың айтуынша халық жадында сақталған аңыз-әңгімелердің мол нұсқасы күйлердің дүниеге келуімен байланысты екенін терең ұғынған Ақселеу Сейдімбек екі мыңдай күй аңызын жинап, оның мыңға тарта нұсқасын «Күй шежіре» атты кітабында келтірген. Жай ғана келтіріп қоймай, күй аңыздарының этномәдени қызметін жан-жақты саралаған. Автор қазақ күйлерінің тарихымыздың баспалдақтарында пайда болу және даму жолдарын, күйдің өмір шындығын бейнелеудегі өзіндік ерекшеліктерін және әрбір күйдің тарихы сияқтанған

аңыз-әңгімелерін күй өнерінің көркемдік-эстетикалық мәнін саралап түсінудің бірден-бір кілті деп түсінеді.

Қазақ даласында сонау VIII-IX ғасырдың өзінде-ақ музыкалық мәдениет ән түрінде және күй түрінде көрініс тауып, сараланған. Бүгінге дейін Қорқыттан оншақты күй жетсе, одан берідегі күйлер үзілмей жалғасып келген. «Сейдімбек нақтылы айғақ-деректерді көлденең тарта отырып күй аңыздарын тарихи бес кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезең Еуразия Ұлы Даласындағы көшпелілер арасына ислам діні тарағанға дейінгі заманды қамтиды. «Қос мүйізді Ескендір», «Көктөбет», «Көкбөрі», «Аққу», «Сарын», «Тарғыл бұқа» сияқты күйлердің қай-қайсысы да көне саз-сарындарымен ғана емес қосарлана айтылатын аңыз-әңгімелерімен де алыс замандарды меңзейді. Екінші кезең, оғыз-қыпшақ заманының (VI-VIII ғғ.) күйлері. Бұған Қорқыт ата сарындарын, «Абыз толғауы», «Саймақтың Сары-өзені», «Балжыңгер» сияқты күйлерді жатқызады. Үшінші, ноғайлы кезеңнің (XIII-XVI ғғ.) күйлері. Оғыз-қыпшақ заманының аласапыранынан кейінгі қазақ даласындағы ру-тайпалық тұтастану, Алтын Орда сияқты айтулы мемлекеттің бой көтеруі осы кезеңге тұспа тұс келеді. Сондықтан да, А.Сейдімбек бұл кезеңге «Жошы ханның жортылуы», «Шора батыр», «Әмір ақсақ», «Қамбар» сияқты күйлерді жатқызады. Төртінші кезең Жонғар шапқыншылығы кезіндегі (XVII-XVIII ғғ.) күйлерді қамтыса, бесінші кезеңге XIX ғасыр мен XX ғасыр басында туған күйлерді жатқызған».

Өз сөзі: *«Күй аңыздары мазмұнына қарай: мифтік; әфсаналық; аңыздық; жағдаяттық (тұрмыс-салттық) күй – аңыздар деп төрт түрлі жанрға сараланады.*

Тақырып бойынша күй аңыздары былайша жүйеленеді: «1. Тарихи оқиғаларға арналған күй аңыздары; 2. Күйші-композиторлардың өміріне қатысты күй аңыздары; 3. Табиғат туралы күй аңыздары; 4. Тұрмыс-салтқа байланысты күй аңыздары; 5. Арнау күйлерінің аңыз-әңгімелері; 6. Жан-жануарлар туралы күй аңыздары».

Илияс Жансүгіровтің:

*«Домбыра, сенде мін бар ма?
Мінсіз болсаң – тіл бар ма?
Тіл жоқ деуге бола ма,
Тілден анық үн барда?
Домбыраның күші мол,
Көмейінде күй барда», –*

деген өлең жолдары, домбыраның қазақтың даму тарихында елеуді орын алғанын білеміз.

Мұхтар Әуезов: «Жалпы музыка атаулы нәрсе елдің сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса солардың ішіндегі ең

толғаулы, ең терең сырлысы қазақтың күйі», – деп жазыпты. Әйгілі жазушы: «Күй аңыздарының көп екенін ел біледі, бірақ кітап, баспа білмейді. Егер күйлердің көрікті аңыздары, тілдегі баяндауыш әңгімелері жазылса, онда қазақ халқының музыка фольклорына әдемі айшық, нақыш қосылуымен, мағыналы мазмұн анықталып жалғасуымен қатар ауызша фольклор да өзінің бір қысқа түрдегі көркем әңгіме-новеллаларын көп байытқан болар еді. Ұмытылып, жоғалып бара жатқан көп-көп ескі күйлердің қызық, терең сырлы, мол мағыналы аңыздары да мәдениет мұрасы болып, жөнін тауып, жолы ашылар еді» деген екен тағы да.

Ақселеу жалпы көшпелілер өнерінің дәстүрге, қоғамдық ситуацияға қаншалықты байлана туғанын, бір ғажап толғаммен терең дәлелдей жазған. Оның көшпелілер өміріндегі ән-жыр, айтыс-дастандар, тіпті бақсылық өнердің белгілі бір аспапсыз айтылмауы, яғни халқымыз өзі этнос боп қалыптасу дәуірінде ән мен күйді тел туғызып, қатар тәрбиелеуі, оның музыка аспаптарына қажеттіліктен туғанын айтуы – ғылыми жаңалық.

Кітап танымдық-тарихи әңгімелерге толы. Оның сүбелі бөлігін алып тұрған «аңыздарды» оқығанда бір түсініп, бір күмәнданып отырған оқырманның: «Қазақ халқының ертеден қалыптасқан өнерпаздық дәстүрі бойынша кез келген күй тартылмас бұрын білікті домбырашы сол күйдің шығарушысы, шығу себебі, күйдің тартылу ерекшелігі, күйді кімдердің жеткізгені және қазіргі тағдыры жайында толық мағлұмат беретін әңгімесін айтып алады» деген қорытындыны оқығанда күмәнді күйдігі сейіліп, қанағат табады.

Журналист Сабыржан Шүкірұлы былай дейді: «1992 жылы шыққан «Күй шежіре» атты кітабын оқығанымда: – «Егер, қазақтың әр түндігінде бір-бір домбыра болуы – оның ұлт таңбасы мен туындай саналып келсе, сол домбыраның қасында Ақселеудің «Күй шежіре» кітабының қоса тұруы – көненен жеткен асыл мұра: кемел ой, қазақы әдеп, парасат, небір шежіре сыр, даналық, теңдессіз өнер, тұтас -тұтас дәуірлер тарихы сынды өлшеусіз байлықтың дарқан қазақ отбасына қайта оралып, рухани азыққа айналары кәміл», – деп жазып, кітап арасына салып қойыппын.

1997 жылы «Ғылым» баспасынан, «Күй шежіре» деген алғашқы кітап атауын қайталағанымен, одан мүлде басқа монографиялық еңбек жазып шығарды. Бұл еңбегіне кезінде сүйіншілеп үн қатқан екенмін: «Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты атынан «Ғылым» баспасы Ақселеу Сейдімбектің «Күй шежіре» атты кітабын шығарды. Бұл автордың 1992 жылы жарық көрген осы аттас кітабының ой-өрісті жалғасы іспетті болғанымен, одан ғылыми еңбек тұрғысында ерекшеленеді. Бұрынғы еңбек көркем кестелеген деректі шығарма болса, бұл – «күй аңызының құрылымы, жанрлық ерекшелігі және күймен арақатынасы»

тақырыбына арналған фольклорлық зерттеу. Еңбекте тарихи-этнографиялық деректер кеңінен қамтылған. Ұлт өнері ұлттың ұлы өнерпаз тұлғаларының өмірлерімен астасып, ұлт тарихының салқар арнасына құйып жатыр» («Ана тілі» №51.1997)» – деппін».

«Қазақтың күй өнері» әр тарауы бір-бір дербес ғылыми еңбекке, бір-бір кітапқа татырлық жеті тараудан тұрады: «Тарихнама», «Этнографиялық пайымдаулар», «Күй аңыздар», «Халық күйлерінің аңыздары», «Байырғы күйшілер», «Жаңа заман күйшілері» және «Қосымша». Олар соны деректермен, сирек суреттермен, ноталармен көмкерілген, көркем тілмен өрілген. Басқасын айтпағанда, «Сауға» деп аталатын кіріспесінің өзі өрелі ойға жетелейтін, зердесі кемшіндердің көңілін басатын, өз іс-әрекетінің қисыны мен оңтайын бағдарлайтын, белгілі бір мақсатқа жетудегі таңдап алған әдісі, таным-тәсілі деп бағалауға болады. «Қосымшаның» өзінде Сары Салтық, Қодан, Саймақ, Жантөре, Арынғазы, Ұзақ, Қарабас секілді қазақтың жалпы бөлігі біле бермейтін күйшілерден тартып, Байжұма, Түркеш, Баламайсан, Кенен, Оқап, Сейілхан, Әбдімомын, Уәли, Жүсіптерге дейін, аяғын бүгінгі Секен, Нұрсаттарға дейін әкеледі.

Қазақтың ұлы ханы Абылай елінің айыр көмей, жез таңдай ақын-жырауларын, абыз-билерін ғана аузына қаратып қоймапты, қытай мен қалмақ тілдерінде еркін сөйлеп, олардың да ықпалды адамдарын ұтқыр сөздерімен тосылтып отырған екен. Абылай хан қазақтың дәстүрлі мәдениетіне де жүйрік болып, өз жанынан тамаша күйлер шығарып, сол заманның эпикалық қарымдағы ерлік істерін күй тілінде бейнелепті. Оны осы күнге дейін шала-шұрпы ғана біліп жүре беріппіз.

Абылай ханның «Ақ толқын», «Ала байрақ», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Дүние сарсаң», «Жетім торы», «Қайран елім», «Қара жорға», «Қоржын қақпай», «Майда жал», «Майдақоңыр», «Садаққақпай», «Сары бура», «Шаңды жорық» секілді күйлері болғанын біз осы кітаптан оқып білдік. Зерттеушінің жазуынша Абылай ханның «Терісқақпай» күйін кезінде Сәкен Сейфуллиннің орындауында нотаға А.В.Затаевич түсіріпті.

Мырзатай Жолдасбеков айтады: «Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың күй өнерінде» әрісі Еуразия көшпелілерінің, берісі қазақ халқының музыкалық мәдениеті туралы соңғы 2-3 мың жыл аясын қамтитын тарихи, этнографиялық, археологиялық айғақ-деректер тұңғыш рет жүйелі түрде жинақталып, тарихнамалық айналымға түскен. Алғаш рет қазақтың музыкалық этнографиясы дәстүрлі таным-түсінік аясында сараланып, халық көкірегіне сақталған қыруар атаулар мен ұғымдар, терминдер мен тұрақты сөз орамдары мәдени-рухани өрелі айғақ ретінде көрініс тапқан.

Алғаш рет күй аңызы қазақ фольклорындағы құнарлы жанр ретінде қарастырылып, оның құрылымдық, тарихи және поэтикалық сипаттары ғылыми тегеурінді тұжырымдармен сараланған. Соңғы 1200 жыл аясында Қазақ даласында ғұмыр кешкен екі жүзден астам күйші-композитордың өмірі мен шығармашылығы тың айғақ-деректер негізінде пайымдалған. Әр кезеңде әртүрлі музыкалық аспаптарда дүниеге келген 5 мыңдай күй тіркеуге алынып, олардың бір мыңдайы тарихи-этнографиялық, әдеби-фольклорлық және музыкалық-эстетикалық тұрғыда зерделенген».

Ақселеу Сейдімбектің жасынан бірге келе жатқан досы Ғабдолла Құлқыбаев былай деген екен:

«Ақселеудің ыждағатты түрде үңги зерттеген тақырыбының бірі – қазақтың күй өнері. Аса байыпты һәм байсалды зерттеу 1997 жылы докторлық диссертация қорғаумен аяқталды. Екі томдық «Күй шежіре» мен «Қазақтың күй өнері» деген еңбектерінде Ақселеу өзіне тән тереңдік және байсалды тиянақтылықпен қазақтың күй өнерін дәуірлеп, негізгі күй тарту мектептері мен әдістерін саралау мәселелерін түбегейлі зерттеп, өзінің ғылыми толыққанды тұжырымдарын түзіп шыққан. Ақселеу Сейдімбекті «күй аңызы» деген фольклорлық жанрды ғылыми айналысқа енгізіп, саралап зерттеудің отандық ғылымда негізін салған ғалым деп есептеу керек».

Күй өнері – халықтікі, оны жасаушы да, бірден-бірге жеткізіп, мәдени даму тарихымен үйлестіруші де, ақыр соңында келіп халықтық сипаттарын айқындаушы да қалың жұртшылық, олардың арасынан оқшау көрінген, Ақаңша қисындасак, «жоталы-жоталы» дарын иелері.

«Күй шежіреге» қатысты Сәбетқазы Ақатай мынадай пікір айтыпты:

«Асқар Сүлейменов: «XX ғасырда қазақ ақыл-ойынан туған екі дүниені биік өреге қоямын, олар: Мұхтар Әуезовтің «Қилы заманы» мен Әбікеннің «Қоңыры» деуші еді. Мен А.Сейдімбектің «Күй шежіресін» кем дүние дей алмаймын.

Күй – үнмен жазылған философиялық шығарма, кез келген музыкалық шығарманың өзіне тән түсінік жүйесі болады.

Тәуелсіздік бағы жанбаған көптеген тылсым дүниелеріміздің тұсауын кесті. Туған халқының тағдыр-тауаны мен ұлттық сана-сезімі бедерленген тарихын тану тек азаматтық парыз ғана емес, адамды отансүйгіштікке баулитын құрал қызметін де атқарады. А.Сейдімбектің кейінгі «Күй шежіресі» кітабының мән-маңызы осымен орайлас. Ол өз тақырыбының мәнін аршып көрсетуге тырысып, ұмытылуға, ұмыт болуға айнала бастаған ұлт игілігін қазып алып, тотықтан тазалап, өңезінен аршып ұлтына қайта ұсынып отыр».

Тіл маманы, ғылым докторы Рабиға Сыздықова былай депті:

«Қазақтың күй өнерінің» танымдық мәні орасан зор. Автор күй өнерінің тек сыр-сипатымен, табиғат – тарихымен таныстырып қоймайды, сол өнерді қазақтың әлеуметтік, рухани, мәдени болмысымен шендестіре сөз етеді. Кітаптың бас жағы «көшпелілер мәдениетінің бір қыры» – күй өнерінің тарихи кезеңдерін, күй жайында айтылатын аңыздардың «өзіндік ерекшеліктері мен дара қасиетін», күйші дегеннің кім екенін, күйлердің түрлерін, олардың ішінде айтыс күйлерін, тармақты күйлерді, күй аспаптарын, тарамдап, талдап, көп сәттерде өз көзқарасын қоса білдіріп, бізге, қарапайым оқырмандарға (тегі, мамандарға да) мол мағлұмат береді.

...Көшпелі өмір салтын кешіп келген қазақ халқының ғасырлап сақталған үш өнерінің – ақын-жыраулықтың, әншіліктің және күйшіліктің үшеуі де нотасыз, қолжазбасыз, кітапсыз, сызба-суретсіз біздің заманымызға тозбай, мүжілмей жетті дегеніміз, мәдениеті жазу-сызу арқылы дамып келген елдердің ғалымдары үшін нанымсыз, қисынсыз болып көрінеді. Қазақтың әдеби тілі де бастауын ертеден алып, ұрпақтан ұрпаққа ауызша жетіп, дамып келді деген біздің пікірлерімізге орыс әріптестеріміз бен түркі тілдес кейбір әріптестеріміз де күні бүгінге дейін таласып келеді. Қорқыттың жиырма шақты күйі VIII ғасырдан бүгінгі күнімізге өз авторының атымен, өз идеясымен нотасыз жетіп отырса, оған таңданғаннан басқа не айтуға болады. Өлең-жырлары мен шешендік сөздер де жазу-сызусыз, қағазсыз жетуі мүмкін екеніне осы бір ғана мысал дәлел емес пе?!».

Жазушы-журналист Жомарт Әбдіхалықов та бұл кітапқа өзінше үн қосыпты:

«Саз өнері, күй аңыздарын, тамаша салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымыз бен дүниетаным, өнер туындыларын байыптап, түсіндіруге келгенде бас-аяғы бір арнаға жинақталмай, қадау-қадау мысалдар түрінде ғана айтылып терең толғаулы қорытындылар, тұжырымдамалар жасалмайтын.

Ақселеу Сейдімбек күй аңыздарына, күйші-сазгерлердің өздеріне байланысты арғы-бергі шежіре деректерді жалаң аңыздау, әсіре әңгімелеу арқылы беру шеңберінде қалып қоймай, олардың тарихи-әлеуметтік ортадағы орнын, сабақтастық тамырларын да дөп басуға тырысып, қыруар пайымдаулар жасайды. Сол арқылы киелі өнер иесі болып танылған жеке тұлғалардың қай-қайсысы да халықтық тағдырдың бел ортасынан көрінеді.

«Халық күйшілерінің күй-аңыздары» деп аталатын тарауда кемел дарын, керемет күйшілігімен музыкалық мәдениетімізде өшпес із қалдырған

Қорқыт ата бастаған жиырма екі күйшінің өмірбаян – ғұмырнама деректері және олар шығарған күй-саздарының аңыз-әңгімелері баяндалады. Олардың әрқайсысы энциклопедиялық ғажайып жиһаз, қимайтын қазына. Әсіресе әр күйшіге арналған кіріспе-эссе өзінше бір Ақселеулік әліппен жазылған. Мұндағы ғылыми жинақтау, ой қорытулар, түпнұсқа деректерге деген адалдық өз алдына, сонымен бірге ол өзі іздеп тапқан тың фактілерге, салыстырмалы пайымдауларға тізгін тартпай көсілте ерік берген. Сонысымен ғана өзінен бұрынғы белгілі тарихтың өзін жаңаша тағлым – дәлелдер арқылы әрі тереңдетіп, әрі жүйелі сабақтастыққа ұластыра алған.

Ұлы жырау Кетбұғаны, данагөй абыз Сәбитұлы Асанқайғыны, өзі ақын, өзі би, қаһарман батыр Сүйіншіұлы Қазтуғанды, дара тұлға Байжігітті, тар қыспақ заманда қазақ хандығының барын асырған Абылай ханды, болат семсер, ақ қылыш Өтемісұлы Махамбетті өз тұсының бүкіл қоғамдық шындығының қайшылығы мен қақтығысын анық сезіп, бел ортасында жүрген биік тұлғалар ретінде танысақ, одан кейінгі кезеңнің дарынды күйшілері де қазақ жұртының нәубетті тағдырынан еш алшақ бола алмағанын анық көреміз. «Күй шежіренің» Тәттімбет, Құрманғазы, Дәулеткерей, Абыл, Тоқа, Ықылас, Қазанғап, Дайрабай, Динаға... арнаған бөлімдері деректі мол қамтуымен және шымыр, түйінді ойлармен әдемі өрнектеліпті».

Қуанышбай Құрманғалиевтың мына сөздері де күй өнеріне қатысты ойлар екен:

«Күй шежіре» төлтума мәдениетіміздің дара сипатын айғақтайтын мәнді мәселе көтеріп отыр, ол күй аңыздарын әңгімелеп отырып, күй өнерінің көркемдік-эстетикалық мән-маңызын түсіндірудің кілтін тапқан. Бұл өзгеміздің ойымызға оралмаған, аузымызға түспеген жаңа мәнді, құнды пікір. Нағыз ұлттық музыка халықтың тарихи тағдырымен тамырлас екендігін дәлелдеп шығуы «Күй шежіренің» құнды ғылыми трактат ретіндегі бағасын асырып тұр. Сонау есте жоқ ескі замандардан бүгінге сол әуелгі әуенімен, таза қалпында жеткен музыкалық мұраларымыздың шындықты көркем бейнелеудің шырқау биігіне көтерген асыл қазына екендігі ақиқат қой. Қазақтың осыншама рухани мұрасын көкірегінде, жадында сақтап келгені қандай ғажайып құбылыс. Нотаға түсіріліп, қағазға хатталса бұлайша таңдай қағып, таңданбауға болар еді. Ал сонау VIII ғасырда ғұмыр кешкен Қорқыттан бастап мыңдаған күйлердің саф алтындай сақталып, хан-қараға бірдей түсінікті болуы кім-кімді де қайран қалдырары хақ. Міне, Ақселеу «Күй шежіресінде» қазақ күйлерінің осындай керемет қырларын аша білген, әрі жеріне жеткізіп айта алған. Жазушы күй аңыздарын әңгімеге арқау ете отырып, олардың көне замандарға,

тарихи оқиғалар мен тұлғаларға айғақ болар құнды дерек көзі екендігін де дәлелдеп шыққан. Ол қазақтың ауыз әдебиеті өзінің күллі бітім-болмысымен, ұлттық музыкамен тығыз байланысты екендігін де тұшымды пікірлерімен түсіндіріп берген. Сондықтан да Акселеудің «сөз өнерінің құрғақ қара сөзбен айтылмай, ән мен әуенге, саз бен сарынға иек сүйеу арқылы айтылатынын аңғартады» деген тұжырымына толық қосыламыз. ...Күйлердің шығу тарихын баяндау, сол арқылы белгілі бір кезеңді, ондағы оқиғаларды, тұрмыс-салт, әдет-ғұрыпты әңгімелеу арқылы да Акселеу қазақтың музыкалық мол мұрасының ұлттық ерекшелігін, сындарлы сипатын ашып беріп отыр.

... «Күй шежіреде» күй аңыздарының шығу тегі, күй мен тілдің табиғи бірлігі, күй мен күйші тағдыры, күйдің жанрлары және күй аспаптары да жан-жақты әңгімеге арқау болған. Айтылған пікір, ортаға салынған ой – бәрі-бәрі жалаң сөз емес, көңілге қонатын ауқымды тұжырымдар жасау арқылы жазылған. Нағыз өнер мен сол киелі өнерді тудырған халықтың кіндігі бір, өмірі өзектес, яғни біртұтас екендігін бұл туынды тарихи тұрғыдан да, ғылыми жағынан да толық дәлелдеп берген, оның аса құндылығының айғағы да осы.

... «Күй шежіре» көркем әдебиетіміздегі тумысы бөлек туындысы дерлік дүние. Күй аңыздарын жазуда Акселеудің жазушылық дарыны бар қырынан көрінген. Қара сөздің қаймағын ағызып, айызынды қандырған, ақиқаттығына нандырған небір тарихи оқиғалардың куәсі боламыз. Қазақи әңгімелерінің нағыз нақышты, құлақ құрышын қандыратын шешендігі мен оқиғаның қызықтығы қосылып, шебер шендесіп, әдемі үндесіп отырады.

...Ақиқатқа жүгінер болсақ, Акселеу «Күй шежіре» арқылы қазақтың ұлттық мәдениетінің көне тарихын қазіргі кемел кезеңмен жалғастырған мазмұны терең, мағынасы мәнді өнер туралы өзінің қайталанбас абыз сөзін айтты. Сөйтіп, ол қазақ мәдениетінің тағдырындағы ұлы өзгерістермен біте қайнасқан болмысын жеріне жеткізе жазып, оны өткен замандардың, өнерпаз адамдардың өмір тарихымен шендестіре сыр шертті».

Журналист Қали Сәрсенбайдың да күй өнеріне қатысты мынадай пікірлері бар екен:

«Күй шежіренің» құндылығы сонда – пәлсапалық, этникалық тұтастық, эстетикалық сезім тұрғысынан терең тұшынып талдап, қисынды ғылыми дәлел-дәйегі мол, күйді оқшау жанр, өнер біткеннің қазығы ретінде қарастырып, алуан сыршыл, ойшыл сипатымен назар аудартқан мұндай еңбек бүгінде жоқтың қасы.

...Танымдық әдебиеттің міндеті – белгілі бір оқиғаны, ойды терең тыныстап, кең көсіліп, пәлсапалық иірімдерге, түрлі толғаныстарға ба-

рып ақыл-парасат, өлшеусіз білім тұрғысынан түсіндіру. Демек талант пен білімнің терең тоғысу танымдық әдебиетті тудырады. Бұл кітап осы ойымызға орнықты жауап беріп, жанрлық сипатын да даралай түседі. Көкіректе маздаған ойды сыртқа лықсыта төгетін академиялық білім, сөзге сұлу сымбат дарытатын ішкі сезім тілі бұл кітапта мол ұшырасады. «Күй шежіре» біздің кешегі күні коммунистік сана тәрбиесіне табынып, қатты назаланғанда «қаны сұйық неме» дейтін қазақтың құдіретті сөзінің байыбына бармай, мәнгүрттікке бір табан жақындап барып, әсіресе соңғы жүз жылда мешеу қалғандығымызды, сол жолда ұлы тәрбиеші – өнерді рухани айналыстан шығарып ала жаздағанымызды еске салады. Бірақ сол жолда қасиетті күй өнері хал-қадерінше күресіп бағыпты, ұлт тазалығын сақтауда алдыңғы саптан көрініпті. Аса сезімтал даланың дара дарабоздары сыртқа еркін шығара алмаса да күй ғасырлар бойы көкірегінде, жадында сақтапты. Мұндай ғажайып қасиет тумысынан ерекше жаратылған халыққа ғана тән.

... «Күй шежіре» қасаңдықтан, құр баяндаудан мүлдем ада. Кітапта күйдің синкретті сипаты жан-жақты ашылады. Сөз өнері мен күй өнерінің дәстүрлі сабақтастығы көрінеді. Кетбұға, Қорқыт, Асанқайғы, Қазтуған, Абылай, Боғда, Мәмен секілді күй алыптары туралы тың деректер бар. Абылай туралы оқып білу де қызық. Жалпы қазақ хандарының асқан өнерпаз болғанын біле бермесек керек. Біз олардың тұлғасын тек саяси аяда ғана түсініп келдік те, өзге қырларын біле бермедік».

Сейітжапар Бимақаш деген автор да Акселеудің бұл кітабының шыншылдығына тәнті:

«Қазақ күйлері еш уақытта өмір құбылыстарын еліктеп көшіре бейнелемейді. Әдетте, өмір құбылыстарының болған және болатын нәтижесі туралы ой толғайды» – деген жолдарды оқи отырып тағы да айтса екен, таза боздаудан, көкке қарап ұлудан, сыңсып жылаудан, бетін жыртып долдану мен ашудан ада қазақ күйлерінің табиғатын аша түссе екен деп делебең қозады.

... «Күй шежірені» оқығанда құлақ құрышын қандырып, табиғаттың тылсым күйіне табындыратын талай дүлдүл күйшілердің атасы мен анасын ғана емес, тұлғасы мен тұрпатын да көріп отырасың. Әрбір жазылған кітаптың шыншылдығы осындай болса ғой тамсанасың».

Өмір Кәріпұлы да Акселеудің ізденімпаздығын, ұлт қамына қатысты бейтарап қалмайтынын айтыпты:

«Қазақтың күй өнері» секілді күрделі де үлкен еңбек жасау үшін жан-жақты үлкен дайындықпен бірге қажыр, қайрат, парасат, үнемі ізденіс пен толғаныс, тарихты парақтау, мұрағат ақтару, айтушы мен орындаушы-

ның естелігін сараптап, екшеп қағазға түсіру, ғылыми негізде жүйелеп, қорытынды шығару, саралап салғастыру сияқты дәйекті тұжырымдама жасау үлкен талантпен бірге туған халқының өнеріне деген риясыз махаббаты болуға керек.

Мұндай тарихи құнды еңбекке бір адамның барлық ғұмырының орта есеппен алпыс пайызы жұмсалатыны даусыз ақиқат. «Нағыз рухани мәдениет тек қана ұлттық негізінде көрініс табады. Сол бірегейлік қасиетін тұғыр ете отырып қана дамып шыңдалады өнер түрлері. Басқа елдің мәдени-рухани құндылықтарына жалаң еліктеу – жалаң қайталау болып шығады». Мұндай құнды пікір айту – жалықпай ізденудің жемісі. Айқын бір-ақ нәрсе бар: өнердің ең жоғарғы түрі, ең саңлақ сапалысы, ең әулеттісі де халық өнері, яғни мыңдаған жылдар өтсе де мұқалмай, сыны қашпай, саф күйінде сақталып келе жатқан төл мұрамыз – ән мен күй өнері болмақ. Орыстың классикалық музыкасының негізін салушы композитор Глинканың «Музыканы халық жасайды, ал композитор – біздер оны өңдеуші ғанамыз» деген екен. Ақселеу Сланұлы қазақ халқының күй өнерін зерттеп жинақтаушы ғана емес, оны насихаттауда да ұлтымыздың зердесіне құйып, жаңғыртып отыруды мақсаткерлікпен жүзеге асырып жүрген санаулы ұлтжанды азаматтарымыздың көшбасшысының біреуі және бірегейі деп білеміз».

Осы жоғарыда пікірлері келтірілген авторлардың бірі «Күй шежіре», бірі «Қазақтың күй өнері» туралы айтып отырғанымен, бұл екі кітап – кейінгісі алғашқысын толықтырған бір кітап. Барлық пікірлер бір ғана күй өнеріне қатысты болғандықтан әр автордың қай кітапқа пікір білдіргенін бұзбай беруге тырыстық.

Өз сөзі: «...Егер әрбір халықтың тарихтағы орны жалпы адамзат мәдениетінің дамуына қосқан рухани үлесімен өлиенер болса, онда қазақ халқының ұялмай бетке ұстары музыкалық мұрасы болса керек. Бұл орайда, әсіресе XIX ғасырдың алар орны айрықша. Өзіне дейінгі талай ғасырдың сарын-сазынан нәр алған XIX ғасырдағы қазақ музыкасы бойын түзеген арудай сыланып шыға келді де, өзіне бұрын-соңғы ғасырларды тәнті етіп, мәңгі ару күйінде қалып қойды.

...Музыка зерттеушілері бүгінгі таңда қазақтың 5 мыңдай күй, 5 мыңдай ән мұрасын тіркеуге алып отыр. Қазақ күйлеріне арқау болған тақырыптар соңғы екі-үш мың жыл аясында Еуразия қос құрлығында өткен шежірелі тарихты паш етеді. Мәселен, «Қос мүйізді Ескендір», «Көк бөрі», «Аққу», «Қорқыт», «Ақсақ құлан», «Ел айрылған», «Қоржынқақпай» «Қалмақтың қара жорғасы», «Заманай», «Космонавт» күйлеріне арқау болған тарихи оқиғалар мыңжылдықтар аясын қамтып

жатыр. Жер сардары Александр Македонский («Қос мүйізді Ескендір») мен көк сардары Юрий Гагариннің («Космонавт») арасында екі жарым мың жылдық қою тарихтың жатқаны аян. Сол қою тарихтың небір сырлы шежіресі қазақ күйлері мен олардың аңыздарына арқау болған.

...Қазақ халқының музыкалық мәдениеті өзінің терең тамырлы тарихымен де, философиялық синтезге толы мазмұнымен де, эстетикалық-эмоциялық рухының асқақтығымен де, өмір-тіршілікті бейнелеуден де жоғары көтеріліп кететін мәңгілік (тәңірлік) идеясымен де, жанрлық және түрлік әр алуандығымен де, ең соңында өмірдің сан саласын реттеп отыруға айрықша ықпал еткіш қолданбалы-кәделік (утилитарно-прикладной) қызметімен де этностың рухани болмысында айрықша орын алады. Бұл ретте, қазақ халқының мәдени-рухани әлемі туралы кез келген салиқалы ой-толғам оның музыкалық мұрасына әсте соқпай өте алмайды. Этнос атаулыны адамзат мәдениетіне қосқан үлесімен ғана парықтау қажет болса, онда қазақ халқының мағұрлана бетке ұстары ең алдымен музыкасы болуға тиіс».

Ш.Уәлиханов: «Қазақ өзінің көне аңыздары мен наным-сенімдерін қайран қаларлық тазалықта сақтай білген. Одан да өткен ғажабы сол, байтақ даланың әр шалғайындағы, әсіресе, жыр-күйлері еш өзгеріссіз қайталанатыны. Көшпелі сауатсыз ордадағы ауызша тараған осынау үлгілердің бір-бірінен қылдай ауытқымайтыны адам айтса нанғысыз қасиет, алайда күмән келтіруге болмайтын шындық» деген екен. Бұл сөздің дәлелі қазақ күйшілерінің белгілі бір күйді елдің қай өңірінде болса да ешбір өзгертпестен, бұзбастан ойына сақтап, тарта білуінде деп білген жөн.

Ақселеу Сейдімбек қазақтың күйлерінің тарихына қатысты аңыз-әңгімелерді оқырманның ауызының суын ағызы әңгімелеп беруге ұста. Оның жазған аңыздарының бір парасының мазмұндарын бере кетуді жөн санап отырмыз.

«Кербез қыз» және «Сал жігіт» дейтін халық күйлерінде алдымен жұртты менсінбеген кербез қыздың мінез-қылығы суреттелсе, кейін отырыңқырап қалған сол кербез қызға сал жігіттің базына сәлемі күй тілінде жетеді.

Күй айтысында күймен жауаптасу, күймен сәлем айту түрі де ел ішіне кең тараған дәстүр.

«Жетім бала» күйінде ертедегі жаугершілік заманда аласапыраннан қазан астына жасырылып аман қалған жетім баланың жетілуі жолындағы қиындықтары, анасын жоқтап: «Айналайын құдай-ай!» деп зар қағуы, кейіннен бір байға бала болып ержеткен соң сұранып еліне қайтуы, бір қызға ғашықтығы, оны алып қашуының сәтсіздігі, бір сөзбен айтқанда бүкіл өмірі баяндалады.

Байжігіттің «Қоңырқаз» күйінде оның Ақсұңқар атты сұлуға ғашық болып, дегеніне жету жолындағы қиыншылығы, қыз әкесінен күй арқылы қызын сұрауы, оның мәрттік жасап жасауысыз қызын беріп жіберуі баян етіледі.

Дәулеткерей жайлы жазғанда автор оның туған жиені Бөкейханов Науша бүкіл өмірін нағашысының күйлерін насихаттауға арнаса, екінші жиені, Орынбордың кадет корпусын бітірген дарынды түлек Бабажанов Салық өмірін халықты билеуге емес, халыққа қызмет етуге арнайды деп Дәулеткерейдің өміріне қатысты жағдайларды да халқына жеткізуге тырысады.

Құрманғазының:

*«Елсізге шығып еңіредім,
Алыстап кетіп халқымнан.
Дұшпаннан қорлық көрсем де,
Іздейтін болмай артымнан», –*

деген өлеңін келтіре отырып, автор Құрманғазы бір даудың салдарынан істі болып, сол кездегі Бөкей ордасының әкім сұлтаны Шығайұлы Дәулеткерейдің алдына келіпті дейді. Құрманғазының күйшілік даңқына Дәулеткерей сыртынан қанық екен, ықыласпен қарсы алады. Ауыл-елдің амандығы сұралып, сый-құрмет көрсетілген соң, Құрманғазы келген шаруасын айтады. Сонда Дәулеткерей: «Құрманғазы, бір ғана базына шартым бар. Теріс дау болса да пайдасын саған шешейін, тек бір – бірімізге айтар сөзімізді күймен жеткізіп көрсек қайтеді», – деп, ашық шыраймен күтпеген қолқа салады. Құрманғазы мақұл көреді.

Дәулеткерей: «Олай болса, сен қонақсың ғой, күйді мен бастайын», – деп бір күй тартады. Бірден сергек басталған күй Құрманғазының жүрегін баурап, іш-бауырына еніп, буын буынына түскендей жанына жағады. Күй біткенде Құрманғазы: – Апырай, мынау бұрын естімеген тамаша күй екен, бұл не күй? – деп сұрайды. Дәулеткерей болса сәл жымысып алып, «Біз күй тілімен сөйлесуге тоқтадық емес пе, егер күйім шынымен-ақ саған ұнаса, онда мұның аты «Бұлбұл» болсын», – дейді.

Құрманғазы да көкірегін кернеп келген мұң-сырын бір сырлы күймен жеткізеді. Әлгіде ғана жүрегін шарпыған ыстық сезімді өкшелей қуып, ізін суытқысы келмегендей домбыраны лекіте қағады. Тың сарын қатқатымен түсіп, қыранның қауырсынындай жымдасып, мүдірмей төгіледі. Бір мезгілде домбыра сағағын қақтай сауып, таңдайы тақылдап, өліп – өшіп, әлденені қадалып айтқандай болады да, іле кері серпіліп, сабасына түскендей, сыбырлап-сыңқылдап барып тынады.

Дәулеткерей де әсерін жасыра алмайды: – Тамаша екен, бұл не күй? – деп сұрайды. Енді Құрманғазы жымыя күліп тіл қатады: «Тілдің емес,

күйдің айтқышын бұлбұлға теңеген өзің емес пе, менің күйімнің де аты «Бұлбұл», – дейді.

Құрманғазының құдірет дарынын көзімен көріп, көңілі сеніп, риза болған Дәулеткерей: «Жоқ, бұл күй «Бұлбұл» емес, «Бұлбұлдың құрғыры» ғой!» – деп сүйсінеді.

Кейін ел ішінде Дәулеткерейдің күйі «Бұлбұл» деген атаумен, Құрманғазының күйі «Бұлбұлдың құрғыры» деген атаумен тарайды.

Тәттімбеттің «Бес төре» күйі музыкалық мәдениетіміздегі көне дәстүр мен жаңа дәстүрдің арасындағы алтын көпір сияқты. Шынында да, домбыраны теріс бұрауға келтіріп алған соң, сағақтан сұңқылдай басталатын бұл күй мейілінше ескі сарын тілімен шешеннің жеткізе алмаған сөзін, көсемнің тындыра алмаған арманын санаға қондырады. Қайталап соғар қайырымы жоқ күй бір деммен тартылады. Бір деммен тартылса да арғы-бергіні қаурай айтып, қақтай сауып, ақылғөй дананың бата сөзіндей ұйытады. «Бес төренің» аяғын шалдыртпай, арқасын алдыртпай, тілін сақау етпей жеткізген адам әйгілі күйші-домбырашы Хасенов Әбікен. Онан соң, жығасын қисайтпай, туын жығылтпай, белін көтерген жорғадай жылжытып ала жөнелген күйші-домбырашы Мағауия Хамзин. Бүгінгі таным-талғамымызда «Бес төре» күйі қазақтың классикалық күйлерінің төрінен орын алады.

Ықыластың «Ерден» күйінің тарихын айтушылардың кейбірі Ықылас бұл күйді Ерденді жек көргені үшін шығарған деседі, Ақселеу Сейдімбек бұл болжауды жоққа шығарады.

Көгалға сырмақ төселіп, сары қымыз сапыртып, сұхбат құрып отырғанда ауыл іргесіндегі жоннан асып төгілген алтындай болып қалың киік көрінеді. Ғажайып көрініс әркімді-ақ қайран қалдырады. Сонда қашаннан ұшқыр ойлы, шалт мінезді Тоқа отырып: «Мынау бір көз алдыңнан кетпесе деп тілейтін сұлу сурет екен. Шыныменен сұлулықты дыбыс етіп саусақтарыңа ілгендердің рас болса, осы суретті күй етіп көріндерші!» – дейді.

Табиғаттың ерке өсіп, желмен жарысқан ерке киігін тамашалап отырғандардың ішінде Тоқаның әлгі өтінішіне алдымен Ықылас елендеп, аз-кем абыржи толқып отырды да, кара қобызына қол созады. Іле қыл қияқты құшырлана шалып, әлгі бір сұлу суреттен бірде кем емес сырлы сазды құйқылжыта төгеді. Күй бір тындауға ойнақы болып көрінгенмен, осынау даланың мұң-сырын тұяғына ілестірген арман-киіктей болып, азаттықты дәріптейді.

Күй де бітеді, қалың киік те қыр асып, көзден таса болады. Сонда көкірекке қуаныш өксігі болып кептеліп, жанары жасаурап отырған Дайрабай алдымен тіл қатады. «Апыр-ай, Ықам-ай, адам жанын айтқы-

збай түсінетін жампоз екенсіз ғой! Тусаң ту! Өлгі сырлы саз қырдың қызыл киігін қиялдағы жез киікке айналдырып жіберді-ау!» – деген екен. «Жезкиік» күйі осылай туыпты.

Есбай 10-11 жасқа іліккенде араларына жыл салмай әке-шешесі қайтыс болады. Болашақ күйшіні үлкен әкесі Ерназар қолына алады. Ол кезде, өзі кедей болса, өзі жетім болса, ондай балалардың пешенесіне қозы жаю, одан әрі қой жаю жазылған. Тағдырдың мұндай сыбағасынан Есбай да қашып құтыла алмайды. Ертелі-кеш қой соңында жүріп домбырамен мұндасады. Бұғанасы қатпай жатып тәлкекке түскен тағдырына налып, домбырасына мұңын шағады. Бара-бара домбыра жан серігіне айналып, шер тарқатар сырласындай болып кетеді. Түс әлетіндегі қойдың жусауында, айлы түндегі қотан шетінде Есбайдың домбыраны сұңқылдатып, егіле тартатын әдеті төңірегіне аңыз болып тарайды.

Осының бәрін бір сыр етіп көкірегіне түйіп жүрген Ерназар қарт бірде немересі Есбайды шақырып алып, батасын береді: «Шырағым, Есбай, – дейді, – Тәңірім саған тыншымас жүрек беріп, көкірегіңді күйге толтырған сыңайы бар. Қойды екінің бірі жаяды. Күйді дыбыстың пірі шалады. Мұнан әрі бағыңды байламаймын. Жолың ашық, бірдің малын баққанша, мыңның бабын тап, бірыңғай күйіңмен бол. Артыңа алаңдама. Елдің ішін арала, өнерлімен бастас бол. Бағың ашылсын!».

«Бұлды құс» Есбайдың екі достың бір лашын құсты бірі сұрап, екіншісі кимай «бір үйір жылқы берсең де бере алмаймын» деп, сол құсты досымен күй арқылы ұнаса тегін алуға келісіп, тартқан күйі екен дейді.

Мәменнің «Ақшолпан» атты күйі қазақтың Төле, Әйтеке атты екі ұлы биінің дауды шешуіне қатысты. Әйтеке бидің өлген азаматына құн даулап келіп, құнға алған Ақшолпан атты қызға арнап шығарған күйі екен.

Дина Нұрпейісованың «Бұлбұл» атты күйінің де өзіндік себебі бар. Бұлбұлдай сайрап жүрген Балым қыздың өмірі өкінішпен жалғасып, іші тар, қызғаншақ күйеуі өнеріне тыйым салып, онымен қоймай ұрып-соғып, ақыры бір жолы екі көзін көрмейтін етіп қояды. Жайнап тұрған кезінде бір көрген Дина ел аралап жүріп, бір мұңды ән есітіп, иесін шақырып танысса, сол баяғы Балым қыз екен. Содан әсерленген күйші «Бұлбұл» күйін шығарады.

Ақаң жазады: «*Бірде Әбікен Хасенов «Исатай мен Махамбеттегі» сатқын Балқының ролін ойнап жүр еді. Содан, спектакльдің ортасы ауа бастағанда залдан «Тоқтат!» деген дауыс саңқ ете қалады. Көрермен ошарылып дауыс шыққан жаққа қарайды. Сөйтсе, бір әскери адам, қолында пистолеті бар, Балқының сатқындығын жеріне жеткізе ойнап жүрген Әбікенге қарай кіжініп ұмтылып келеді дейді. Кәдуілгідей түтіге*

ашуланып, «Жоқ, мұндай сатқындыққа шыдай алмаймын!» дейтін көрінеді. Сол жерде мән-жайды түсінгендер әлгі кісіні әке-жәкелеп жүріп әзер басса керек».

Қаршыға Ахмедияров 1981 жылы Америка тыңдаушыларының алдында Құрманғазының «Ақбай» күйін тартқанда шатырлата қол соғып, дүсірлете жер тепкілеген жұртшылық «Авторын шақыр!» деп отырып алған сәттер де болған. Ал, Филиппиннің атақты аруы, қайсарлығы аңызға айналған Эмильда Маркое Қаршыға тартқан Әбікеннің «Қоңыр» күйін тындап отырып көзіне жас алса керек.

Жамбыл жайында жазғанда Ақаң «Жамбылдың күй өнерін терең меңгеріп, көп білгені сонша, жас кезінде жеңгелерімен «ет піскенше күй тартамын» деп әзілдесіп, қазанға ет салдыртып, сол уәдесінде тұрады екен» деген Нәзір Төреқұловтың «Жүз жасаған бәйтерек» деген кітабынан цитат келтіреді.

Ақселеу Сейдімбектің жазғанын оқымайтын, Ақселеу сөйлегенде тыңдамайтын, Ақселеу айтты дегенге қызықпайтын қазақ жоқ болар сірә бүгінде. «Күй шежіре» «Қазақтың күй өнері» атты мағына-мазмұны көлеміне сай үлкен энциклопедиялық еңбекке ұласты. Бұл кітапты жеке кітап болып шыққанда бір, алты томдықтың аумағында жария көргенде тағы бір рет оқып шыққанда, күй дегенде оншақты күйді анық танитын, елу-алпысын шамалап қана білетін менің өзімнің кеудемде күй күмбірлей жөнелгендей сезімде болғанмын. Ал, күй тарихын танып, күйшілерге бас иіп, өзі күй шертіп жүрген жандар үшін бұл еңбек – таптырмас қазына.

Ауызша тарих

Ақселеу Сейдімбектің ең үлкен және бүкіл ғұмырын арнаған нәтижелі еңбегі «Қазақтың ауызша тарихы» атты 2008 жылы жарық көрген монографиясы десек қателеспеспіз. Ақселеу Сейдімбек бұл еңбегінде шежірелік айғақ-деректер нәтижесінде қазақ қоғамының ру-тайпалық жүйесін тұңғыш рет толық сипатымен саралады.

Ақселеу Сейдімбек көшпелі өмірдің асыл қалыбын өз көзімен көріп көріп өскен азамат.

Өз сөзі: «*Сарыарқаның Бетпақдаламен шектескен жапсарында эпикалық көшпелі өмір-салт сақталып қалды. Көш көлігі – түйе, баспанасы киіз үй. Қоғамдық өмірде кісілік пен парасат басылыққа алынып, адамдар гажайып асқақ сезімдерге бөлене алатын. Міне, мен өскен өңір, мені қалыптастырған әлеуметтік орта осындай еді. Бұл ортаны эпикалық*

көшпелі өмір-салттың саба түбі сарқындысы, ең соңғы жұқанасы деуге болады. Өз басым тарих пен этнографияға ден қойып жүрген адам ретінде мұндай өмір-салтты көріп үлгергенімді тағдырдың сыйына балаймын».

Мекемтас Мырзахметовше айтқанда қазақ жұрты жеті басқыншылықты басынан кешкен – ғұндар заманында Қытаймен арпалысса, екінші – парсымен, үшінші Ескендір Зұлқарнайын бастаған гректермен, төртінші – андағайлаған арабтармен, бесінші – моңғолдар, алтыншы – калмақтар, жетінші – ормандай орыстармен айқасыпты.

Қазақ тарихын шежіре арқылы айқындауға бет бұрумен бірге Акселеу өз кітабында әркім-ақ келісіп-келіспейтін пікірлер болуын, оны біреулерді мұқату, талас туғызу үшін емес, осы ұсыныстары арқылы ақиқатты іздеу мақсаты болғанын «Алғысөзде» айтып кетеді: *«Кітапта шежірелік деректерді саралай отырып, бұрын-соңды айтылған, жазылған, тіптен аксиомаға айналған кейбір ой-тұжырымдарға сәйкес келе бермейтін біраз тың пайымдаулар жасалды. Ондай пайымдаулар жасау барысында өзгемен ой өрелестіруді, сөз жарыстыруды, тәжікелесуді жөн көрмедім. Оқырманды алаңдатқым келмеді».*

Бұрындары шежіре ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тараушы еді. Бүгінгідей асығыс заманда, халқымыздың басым бөлігі өз ана тілінде сөйлемей я қойырпақтап сөйлейтін болғанда, бүкіл ақпарат басқа өмірді насихаттап, ұлт тірегі боларлық абыз ойлардың орнына үлкенді де, кішіні де теледидар алдына телміртіп, жат-жұрттың идеологиясын сіңіріп жатқанда, даладан қалаға негізсіз көшу адамдарды адастырған осынау бір күндері ұлтты жаңғыртудың ендігі ұлы дәстүрі осы болар деп, шежірені ел аралап, сөз тастап, адам салып, күні-түні ерінбей еңбектеніп, оны қағазға ұғынықты тілмен түсіріп, кітап етіп бастыру – ұлттың деген перзенттің ғана қолынан келер іс.

Бұл – шежірені сыдыртып баяндау емес, ауызекі әңгімені классикалық дәрежеге дейін көтеріп, елге ұғынықты етіп түсіндіру. Мұнда қазақтың намысы мен ары тұр. Намысы бар ұлт қана ұлы елге айналады, оны тарих талай рет дәлелдеген.

Бұл істі орындағандағы Акселеудің басты мүддесі – шын қазақ болатын болса, қаншама тіл білмейді дәстүрді ұмытқан дегенмен күндердің күнінде қанына тартар, болмысына көз жүгіртер тірек іздер, сонда осы еңбектерім керек болар деген сенім ғой деймін.

Қазақ тарихы мен шежіресіне қатысты қалам тартқан авторлардың ойларынан іріктеп оқырманға мына сөздерді ұсынуды жөн көрдік.

Парсы тарихшысы Рашид-ад-Дин:

«Түркі – моңғолдардың көнеден жеткен салт-дәстүрі бойынша, олар өздерінің ата-тегін, ру шежіресін есте сақтауға айрықша мән беріп

отырады. Олар... балаларына өзге жұрт сияқты тәрбие беру үшін тілі шығысымен-ақ құлағына ру туралы, ру шежіресі туралы аңыз-әңгімелерді құя береді. Бұл дәстүрден олар бұрын да, қазір де қылдай ауытқыған емес».

Неміс этнографы Альфред Вебер:

«Ат үстіндегі көшпелілер дүниенің кендігін таныды. Олар ежелгі дүниенің ұлы мәдениетке ие елдерін жаулап алды. ...Үстем нәсіл ретінде олар дүниеге ерлік пен трагедиялық сананы қалыптастырып, оны эпос түрінде паш етті. ...Сөйтіп өмірдің мән-мағынасына қатысты сол кездегі тарихы соқталы істердің бәрінде де трансцендентті эмбабап дінді, философияны және тәртіпті қалыптастырды».

В.В.Радлов:

«Мен қазақ арасында көп болдым және мына жағдайға көзім жетті. Оларда анархия жоқ, тек бізден өзгеше өзіндік даралық бар. Ол даралық әбден қалыпқа түскен мәдени қарым-қатынас».

Орыс этнографы А.Н.Харузин:

«Дала шетсіз, шексіз, онда жердің қатаң үлеске бөлінген шек-шекарасы жоқ, даланың осы болмысының өзі-ақ төсіндегі тұрғындарын белгілі дәрежеде бір жанұя мүшесіне айналдырып жіберетін біріктіруші элемент болып табылады».

«Қазақстанның барлық өңірінде отыздағы және одан жасы асқан қазақтар өздерінің ата-тегін, яғни, өз руының, тайпасының және тайпалық одағының (жүзінің) шежіресін тамаша біледі. Қарттар арасында дүйім қазақтың ру шежіресін білетіндері әлі де болса кездеседі. Өкінішке орай, біздің тарихшыларымыз бен этнографтарымыз бұл мағлұматтарды жинаған да және зерттеген де емес»*.

Өзі айтады: *«Қазақ арасындағы шежірешілдік дәстүр ХХ ғасырдың алтысыншы жылдарына дейін өзінің канондық қалпын сақтап келді. Былайша айтқанда, қазақ халқы өзінің этникалық өмірбаяны туралы тарихи жады ХХ ғасырдың жуан ортасына дейін көмескілей қойған жоқ. Көнекөз қарттар тарапынан айтылатын қария сөздер, яғни, қазақтың ауызша тарихы ең алдымен қоғамның рухани сұранысына қызмет етіп, адамдардың санасына елі мен жерінің тарихы туралы жан-жақты таным-түсінік қалыптастыратын, сөйтіп олардың жүрегін асқақ сезімдерге бөлейтін. Нәтижесінде, әркім өзін әкесі мен шешесінің ғана перзенті емес, сонымен бірге «қарға тамырлы қазақ» деп аталатын ұлттың да бір бөлшегі ретінде сезінетін. Жай ғана сезініп қоймай, өзінің*

* С.Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского народа. – Алматы, 1959. 26-бет.

қазақ болып жаралғанын Тәңірдің дарқан сыйына балайтын. Мұндай ахуал көз көріп, құлақ естіген шындық.

...Қазақ шежіресінің діңгек идеясы, яғни тұжырымы /концепциясы/, түптеп келгенде, жалпы тарихты тануда бел алып жататын адамдық бастау /антропоцентризм/ идеясымен де үндес келеді».

Ақаңның айтуынша, уақыт озған сайын бұрынғы шежірешіл қарттарды кеңестік идеология құрсауында тәрбиеленген ұрпақ алмастырды. Кеңестік идеология адамдардың құндылықты парықтау болмысын мақсатты түрде өзгертті. Ұлтты ұйыстырушы ең бір жанды тетік болып табылатын дәстүр сабақтастығы тәрк етілді. Кеңестік жүйеде мұндай үрдіске мойын ұсыну әрбір адам үшін өмір сүрудің бірден-бір кепіліне айналды. Нәтижесінде, ұлттың өзге де мәдени-рухани құндылықтары сияқты, шежірешілдік дәстүрі де «ескіліктің зиянды қалдығы» ретінде қағажу көрді. Сөйтіп, өз тарихы туралы халықтың өзі айтатын небір құнды деректер, әсіресе, қоғамдық тәртіп пен адам сапасын дәріптейтін ұлағатты естеліктер, дәстүрлі таным үлгілері ұмыт бола бастады. Тіптен, шежірелік аңыздар фольклорлық мұра ретінде зерттеу объектісінен тыс қалды. Халықтың өзін-өзі тануға негізделген ұлы дәстүрі құнсызданып, тарихи жады күңгірт тартты. Мұндай үрдістің зияндылығы – оның түбегейлі қателігінде ғана емес еді, ең сорақылығы – ондай қате ұстаным ғылым мен өркениеттің күмән келтіруге болмайтын жетістігі ретінде дәріптелді.

Осы орайда Ақселеу күнделігіне 1983 жылы шежірені танып-білудің кешегі өткендерді білу үшін ғана емес, бүгінгілерге де қажет екенін жазғанын айта кетуге тиіспіз: «Әдебиетіміз бен өнеріміздегі, ғылым мен саясатымыздағы белгілі қайраткерлеріміздің дарынына ғана емес, тағдыр-талайына да, адами бітім-болмысына да мән беріп, ұрымтал жерінде жазып отыру қажет. Әр кезеңнің елеулі қайраткерлерінің өмір тынысын, бітім-қасиетін шежіреге айналдыру, түптеп келгенде, жалпы тарихымыздың жарқын беттерін құрайды».

Өз сөзі: «Шежірелік мағлұматтардың жойдасыз мол екеніне және ондай мағлұматтар қазақ халқының этногенезіне қатысты бірден-бір баға жетпес рухани қазына екеніне көз жетіп, көңіл қаныға түсті. Алайда, шежірелік айғақ-деректерді қаншалықты құныға жинаған сайын, оның ұшы-қиыры жоқ мол мұра екеніне соншалықты көз жетіп, тіптен мұндай рухани қазынаны кең-байтақ қазақ даласынан сүзін шығудың жалғыз-жарым ізденуші үшін мүмкін еместігі торықтырған кездер де аз болған жоқ.

...Жер бетінде этномәдени болмысы біртұтас жалғыз ұлт болса, ол – қазақ ұлты екенін қапысыз білгендіктен және оған күмәнсіз сенгендіктен,

сол біліп-сенгенімді алақөңіл болып қалған әлеуметпен бөлісем деген ниетпен 1997 және 2002 жылдары «Қазақтың төр шежіресі» деп аталатын бір беттік плакат шығардым. Бұл өзі, түп-тамыры сақ, скиф, түркі, қазақ болып басталатын алып бәйтерек үлгісінде салынған, қазақ ру-тайпаларының бес-алты мыңдай автоэтнонимін әлгі бәйтеректің діңінен өрбіткен, сөйтіп ұлттың біртұтастығын бейнелеген көрнекі құрал сияқты еңбек еді. Төр шежіре-плакаттың балақ жақ бұрышына қысқа ғана түсініктеме жазып, қолымды қойып, адресімді көрсеттім.

Шежіре-плакатқа деген халықтың сұранысы айрықша болды. Кешікпей-ақ, менің атыма жолданған шежірелік еңбектер Қазақстанның түкпір-түкпірінен жаңбырдай жауды. Аз уақыт ішінде мыңға тарта шежіре нұсқалары жиналды. Олардың ішінде нақтылы әулет-ата шежіресінен бастап, ру-тайпаның, жүздің, тіптен тұтас ұлттың тарихы мен этноқұрылымын зерделеген еңбектер де бар еді. Әсіресе ру-тайпалардың қалыптасуы мен қазақ халқының ұлт болып ұйысуына қатысты генеалогиялық аңыз-әңгімелер, тарихи-этнографиялық айғақ-деректер, тарихи тұлғалардың ғұмыр-тіршілігіне қатысты мағлұматтар мейлінше молдығымен де, нақтылығымен де қайран қалдырды».

Америка этнографы Дж.П.Мэрдок пен С.Вильсон адамзаттың жер бетіне орналасуының алты түрлі дәстүрлі типін атап көрсетеді. Бірінші – уақытша қоныс-тұраққа аялдау арқылы жыл бойы көшіп жүретіндер (нама бушмендері, Калахаридегі кунгтер, Сахарадағы туарегтер, т.б.), екінші – уақытша қоныс-тұраққа негізінен қыс айларында аялдайтын жартылай көшпелілер (көшпелі монғолдар), үшінші – жылдың әр маусымына орай екі-үш қоныс-тұрақта болатындар (варао үндістері, жартылай отырықшы аңшылар, терімшілер), төртінші – халықтың бір бөлігі маусымдық қоныс-тұрақтарында болып, негізгі бөлігі аңшылықпен, балықшылықпен, бақташылықпен айналысатындар (айн тайпасы), бесінші – отырықшылар, алайда, жұт, індет, жаугершілік сияқты нәубеттерге байланысты қоныс-тұрақтарын тастап кете беретіндер (кетпенді егіншілікпен айналысатын тонгалар), алтыншы – ұдайы бір қоныс-тұрақта болатындар (жер шаруашылығымен айналысатын отырықшылар).

Белгілі этнограф Б.В.Андриянов дүниежүзі халықтарының шаруашылық-мәдени типтерін саралай отырып, көшпелі өмір-салттың 12 түрін атап көрсетеді: 1. Шөл-шөлейт (аридті) аймақтың көшпелі және жартылай көшпелі малшылары. 2. Ыстық белдеудің малшы-аңшылары. 3. Таулы аймақтардағы малшылар. 4. Биік таулардағы көшпелі малшылар. 5. Бұғы бағуды, аңшылықты және балық аулауды кәсіп ететіндер. 6. Шөл-шөлейт аймақтың қазіргі малшылары. 7. Ыстық белдеудің жартылай отырықшы диканшы – аңшылары. 8. Теңіз көшпелілері, балықшы-

терімшілер. 9. Ыстық белдеудің аңшы – терімшілері. 10. Тайга мен тундрада аңшылық пен балықшылықты кәсіп ететіндер. 11. Арктикада аңшылық пен балықшылықты кәсіп ететіндер. 12. Ауыл шаруашылығымен айналыспай, ұдайы көшіп-қонып жүруді дәстүр еткендер. Мәселен, сығандар сияқты*.

Осылардың ішінде бірінші және алтыншы кезекте көрсетілген шөл-шөлейт аймақтағы көшпелі малшылар қатарына дәстүрлі өмір-салттағы казактарды да жатқызуға болады. Сонымен бірге, шөл-шөлейт аймақ аясындағы көшпелілер өмір-салтының да алуан түрлі болып келетінін атап өткен жөн. Б.В. Андрияновтың шөл-шөлейт аймақ деп отырғаны – жер бетіндегі құрлық атаулының 21-23 пайызын алып жатқан байтақ мекен. Атап айтқанда, негізінен, Оңтүстік-Батыс Азияны, Солтүстік және Шығыс Африканы қамтиды. Бұл аймақтардағы халықтардың тілі, ділі, діні, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, материалдық және рухани мәдениеті алуан түрлі. Шөл-шөлейт аймақтарда көшпелі өмір-салт құрып, мал шаруашылығымен айналысатын араб бәдәуилері, беджалар, сомалилер, қуаң немесе жартылай қуаң даладағы монғолдар, Оңтүстік-Батыс Азиядағы күрдтер, ауғандар, Судан саванналарындағы араб баггаралары сияқты ондаған этностар бар. Бұл этностар, әдетте, өздері өмір сүретін ареалдағы жерлерді барлай отырып, қай өңірді қоныс-тұраққа және мал жайылымына қолайлы деп тапса, көштің басын солай бұрады. Яғни, табиғат жүйесінің көктем, жаз, күз, қыс деген сияқты құрлықтық құбылысымен санаса бермейді. Жыл маусымдарының табиғи құбылыстарымен қатаң санаспаған соң, тек қана бойлық (меридиан) бойынша көшіп-қону тәртібі де сақталмайды. Былайша айтқанда, жыл құсы сияқты, табиғи суықтан жылы жаққа қарай ығыса көшіп құтылатын өмір-салтқа бейімделмеген. Оның есесіне, көш-қон барысында белгілі бір шектеулі (локальды) өңірлердің қолайлылығымен көбірек санасады. Әрине, мұның басты себебі ретінде аталмыш өңірлерде қарлы-боранды қыстың болмайтындығын атаса қисынды.

Өз сөзі: «...Қазақ даласындағы дәстүрлі көшпелі өмір-салттың және сол өмір-салтпен орайлас (обусловленный) қалыптасқан шаруашылық-мәдени типтің болмысы мүлде бөлек. Қазақ даласы жылдың төрт маусымы айқын бедерімен көрініс табатын жер бетіндегі бірден-бір қуаң континенттік өңір. Сондықтан да бұл далада ауа райының құрлықтық құбылысымен санасып, яғни, мәңгілік көктем мен жазға ілесіп, тек қана бойлық бойымен тербеле көшіп-қонып жүру тіршіліктің жалғыз ғана тиімді тәсілі болған. Бұл сияқты кең қарымды көшпелі өмір-салттағы

адамдар табиғаттың өткізші құбылыстарынан гөрі уақыт пен кеңістіктің тұрақты заңдылықтарын алдымен игеріп, ол заңдылықтарға адамзаттың басқа қауымдарына қарағанда бұрынырақ бейімделе алған. Сөйтіп, жаңаша жыл санауға дейінгі I-II мыңжылдықтардың өзінде-ақ көшпелі және отырықшы өмір-салтты сәтті үйлестіре білген. Экожүйеге біліктілікпен бейімделу барысында мініс көлігі ретінде жылқыны, күш көлігі ретінде түйені пайдалану, ілкімді көш-қон үшін киіз үй мен дөңгелекті ойлап табу, уақыт өлшеміннің 12 айлық жүйесін пайдалану және барша тіршілік ырғағын сол уақыт жүйесіне бағындыра жүргізу, металл өндірісін дамыту, бір Тәңірлік дүниетаным орнықтыру, осының бәріне ұйытқы болатын мемлекеттік жүйе қалыптастыру көшпелілердің ұзақ уақыт бойы қарымды да қуатты болуын қамтамасыз етті. Альфред Вебер айтқандай: «Орталық Азиядан шыққан көшпелі халықтар... дүниенің кеңдігін таныды. Олар ежелгі дүниенің ұлы мәдениеті бар мемлекеттерін жаулап алды. Қиын-қыстау тіршілік пен қауіп-қатері мол жорықтар арқылы олар дүниенің жалғандығын түсінді; ал үстем нәсіл ретінде олар дүниеге ерлік пен трагедиялық сананы орнықтырып, оны эпос түрінде паш етті. Сөйтіп... тарихи соқталы істердің бәрінде де трансцендентті әмбебап дінді, философияны және тәртіпті орнықтырып отырды».

«Өзіңнің шыққан тегіңді біл, бұл туыстарды жақындастыра түседі», – деген екен Мұхаммед пайғамбар. Шежіре – ел-жұрттың, халықтың жүйеленбеген естелігі».

«Естігенін ұмытпайтын, құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат, естігені, көргені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан-ауызға алып айтуымен үлгі-өсиет қалдырған»*.

«Бабалардың сөздерін зейінімен тыңдап, ұғып, олардан естіген шежірелерін еске алып, әр мәжілісте, әр жиын отырыстарда үнемі қайталап, шын ниетімен ойларында ұстап, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, насабшыларына шежіреші деп ат қойған. Ұлы дүбір мерекелерінде шежірешінің маңайын толтырып, өткендерін сұрастырып, үйлерінде болса ол кісінің алдында дәріс оқығандай үйреніп, жақсысын жаттап, қиынын қаттап жататын болған. ...Қазақ насабшылары жүз, екі жүз жылғы істерге таласып отырмайды. Оқиға мың жылдан бері болса да ішінде жүргендей біле береді»**.

* М.Ж. Көпеев. Қазақ шежіресі. – Алматы, 1993, 9-бет.

** Қ.Халид. Тауарих хамса шарқи (Бес тарих). – Алматы, 1992. 51, 66-беттер.

* Б.В. Андриянов. Неоседлое население мира. – Москва, 1985. 42, 241-беттер.

«Дала шетсіз-шексіз, онда жердің қатаң үлеске бөлінген шек-шекарасы жоқ, бұл даланың өзі-ақ төсіндегі тұрғындарын белгілі дәрежеде бір жанұяның мүшесіне айналдырып жібере алатын біріктіруші элемент болып табылады»*.

«Жүйрік шежірешілер, әдетте, өз әулеттерінің туысқандық байланыстары мен олардан өрбіген толып жатқан үрім-бұтақтарын әбден тәптіштеп біліп алып, ол білгендерін ұрпақтарына ұқыптылықпен үйретіп отырған. Сол себептен де шежірелік мұралардың түпдеректемелік (первоисточник) мән-маңызы бар»**.

«Кез келген қазақ жеті атасын айтып берсе, ешқандай паспорттық дерек мағлұматтарға сүйенбей-ақ оның қай ел, қай жерден шыққанын шежіре білген саңылауы бар қазақ баласы дөп басып тауып бере береді***».

Көшпелі өмір салтында ру-тайпалық жүйені ұстану қажеттіліктен туындаған іс екенін Ақселеу Сейдімбек мына төмендегі сөздерімен қисынды дәлелдейді:

«Ру-тайпалық жүйе көшпелі өмір-салттың мүмкін болуын қамтамасыз еткен бірден-бір қоғамдық құрылым. Жалғыз-жарым пенде емес, ауыл-аймағымен қатарыла көшу, сөйтіп, мыңдаған шақырымдық кеңістік аясында әрі табиғатпен тіл табыса жүріп, әрі табиғатпен тіресе жүріп, мейлінше төлтума өмір-салт орнықтыру, яғни, шаруашылық-мәдени типін қалыптастыру, түптеп келгенде, тек қана ұжымдық мүдденің біртұтастығы арқылы, тек қана корпоративті рухтың біртүтіндігі арқылы, тек қана этноидеалдың бір нысанаға бағытталуы арқылы мүмкін бола алатын үдеріс (процесс). Ақиқатында, Еуразия алабында үш-төрт мың жыл бойы көшпелілер мәртебесін биік еткен себептердің зоры да осы ру-тайпалық жүйе болатын. Бұл ретте, ру-тайпалық жүйе тек генеалогиялық құрылымның ғана айғағы емес, ең бастысы, ру-тайпалық жүйе көшпелі өмір-салттағы ұлттық-мемлекеттік жаралымның әлеуметтік ахуалына, саяси-идеологиялық ұстанымына, мәдени-рухани қалпына тұғыр (фундамент) болған. Ру-тайпалық жүйені танып-түсінуде алдымен басшылыққа алуды қажет ететін әдіснамалық ұстаным да осы болуға тиіс.

Демек, көшпелі өмір-салттағы қазақтар үшін ру-тайпалық жүйе қалыпты да қарымды өмір сүрудің кепілі болса, ондай ортада ру-тай-

палық жүйенің барша сыр-сипатын, құрылымын, тарихи тек-тамырын білу әрбір көшпелі үшін де өмірлік мұқтаждық болған. Көшпелілер арасында кім-кімнің де өз шыққан тегін білмеуі, ру-тайпалық жүйені тарата алмауы – өзінің өмірдегі орнын ажырата алмау деген сөз».

Қазақ халқының көшпелі тұрмысында ру-тайпалық құрылым – ұлттың бірлігі мен тұтастығы идеясын ұстанудан туған дей келе Ақселеу Сейдімбек бұл сол заманғы ұлттық идея болды дейді:

«...Қазақтың шежірешілдік зердесінде адам – тарихтың ең басты тұлғасы, ал, адам сапасы – тарихтың қозғаушы күші. Әрбір адам әкесі мен шешесінің ғана перзенті емес, сонымен бірге этностың да бір бөлшегі. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақтың шежірешілдік зердесі этнос тарихын жеке адамнан тыс қарастырмайды, керісінше, этнос тарихын адам әулетінің өмірбаяны ретінде қарастырады.

...Қазақ шежіресі өзінің барша құрылымдық және мазмұндық болмысы бойынша Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі кезеңде ұйысқан ру-тайпалардың ұлы бірлік идеясын дәріптеуге бағытталған жаңа түзілім. Қазақ хандығын жасақтау барысында бұрынғы Алтын Орда ұлысының жұртында сеңдей соғылысып, судай сапырылысқан ру-тайпалардың этногенеалогиялық жүйесін тыңнан түзу, сөйтіп, түркілік түбі бір туысқандық сезімдерін жаңғырту, түптеп келгенде, Қазақ хандығын жасақтаушы ақылмандар тарапынан жүзеге асқан мемлекеттік деңгейдегі ең алғашқы және ең сәтті реформа (идея немесе идеология деуге де болады) еді.

Қазақ хандығы құрылғаннан кейін хандық аясындағы алашабыр ел-жұрттың этногенеалогиялық жүйесінің де мұқият ойластыру арқылы тыңнан жасақталған. Бұған, ең алдымен, қазақ ру-тайпаларының ішкі құрылымындағы шарттылықтар айғақ бола алады. Яғни, белгілі бір ру-тайпаның басқа бірнеше ру-тайпа құрамында кездесуі, сондай-ақ, кез келген ру-тайпа құрамында сіңісті немесе кірме аталардың ұшырасуы, нәтижесінде жүздік бөліктің өзі этникалық бөлік емес, әкімшілік-аумақтық және әлеуметтік-саяси бөлік болып шығуы – Қазақ хандығын жасақтау барысында этногенеалогиялық құрылымның тыңнан түзілгенін білдіреді. Мұндай ой-тұжырым, өз кезегінде, қазақ арасында рушылдық, жүзшілдік (трайбализм) жік бар деген қауесеттің мүлде негізсіз болып шығатынын да пайымдатады. Яғни, Қазақ хандығының аясындағы ру-тайпалардың жаңадан түзілген құрамын, былайша айтқанда, қазақ ру-тайпаларының қазіргі құрылымдық қалтын байырғы заманнан бері өзгермей келе жатқан генеалогиялық жаралым ретінде қабылдаудың еш қисыны жоқ. Бұл ақиқат мойындалса жүзшілдік немесе рушылдық сезімді күйттеуде де ешқандай мән-мағына бол-

* А.Н. Харузин. К вопросу о происхождении киргизского народа. – «Этнографическое обозрение» журналы, 1895. №3.

** Л.Л. Викторова. Монголы. – Москва: Наука, 1980. 11-бет.

*** М. Мырзахметов. Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі туралы // Ш. Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991. 5-бет.

майды. Демек, қазақ шежірешілдігінің тарихи тұжырымдамасы ұлттық-мемлекеттік біртұтастықты бекемдеуге негізделгендігі ойлай білетіндерге ден қойғызуға тиіс. Бұл ретте, қазақ шежірешілдігінің ұлттық-мемлекеттік біртұтастықты орнықтыруға негізделген тұжырымдамасы дегенді жай ғана көңіл қалауы немесе декларациялық дақпырт тұрғысында қабылдауға әсте болмайды. Қазақ шежірешілдігінің тұжырымдамасы еншілестік, жеті аталық ұстаным, құда-андалық рәсімдер, ру араластыру, бала алмастыру, асықты жілік ұстатып бала асырап алу сияқты институттанған қоғамдық нормалармен бекемделіп отырған. Мұндай ортада ру намысы, тайпа мәртебесі сияқты сезімдер табиғи қасиет ретінде төбе көрсеткенімен, елдік мүдде жолындағы ұлы да киелі тұтастыққа әсте көлеңке түсіре алмаған».

Ақаң жинақтаған шежірелік деректер өзінің мазмұндық әр алуандығына, көп нұсқалылығына, тіптен қиял-ғажайыптылығына қарамастан біртұтас этножаралым идеясынан, яғни, ұлтты ұйыстыратын ұлы бірлік идеясынан әсте ауытқымайды:

«Көшпелі өмір-салтта тек қана ұжымдасып тіршілік құру, яғни, ру-тайпалық жүйеге мойын ұсыну қалыпты өмір сүрудің бірден-бір кепілі болды. Ғасырлар сынынан өткен бұл ұстанымды Қазақ хандығын жасақтаушылар да ел болып ұйысудың тегеурінді тетігі ретінде пайдалана білді».

Ру-тайпалық жүйенің Қазақ хандығы құрылған соң қайтадан құрылымдық өзгерістерге ұшырағанын автор былай келтіреді:

«Алтын Орда ыдыраған соң ұлыс (держава) жұртынан бірнеше хандықтың шаңырақ көтеріп, күні кеше ғана үзеңгі қағысып қатар жүрген қандас, тілдес жұрттардың ірге бөліскені, сөйтіп, ондаған жүздеген ру-тайпалардың судай сапырылысқаны жалпы түркі әлемі үшін этножіктелудің, дәлірек айтқанда, этнодараланудың тарихи толғақты кезеңі болғаны белгілі. Бұл сияқты мейлінше ауқымды геосаяси сілкіністің салдары, әсіресе, көшпелі өмір-салтты тіршілігіне тірек еткен Қазақ хандығы үшін, оның аясындағы ру-тайпалар құрылымын белгілі бір ретке келтіру үшін аса күрделі этносаяси ахуал тудырған. Қазақ-өзбектің, қазақ-ноғайдың, қазақ-түркіменнің, қазақ-қарақалпақтың, қазақ-башқұрттың, қазақ-моғолдың этнодаралануының барысында Қазақ хандығының аясына топтасқан ру-тайпалардың генеалогиялық құрамы мейлінше алашабыр болатын. Мұндай жағдайда, әрідегі иісі түркілік ру-тайпа құрылымын былай қойғанда, берідегі Алтын Орда кезіндегі ру-тайпалық құрылымды сол қалпында Қазақ хандығын жасақтауға негіз етудің еш қисыны жоқ еді. Себебі, бұл кезде іргесі сетінемеген бірде-бір тайпаны, шаңырағы шайқалмаған бірде-бір руды, бауыры бүтін бірде-бір атаны кездестіру мүмкін болмайтын».

Ақселеу Сейдімбек қазақ тілінде «халық» деген сөздің өзіндік мән-мағынасының қалай қалыптасқанын, «этнос» терминінің нені білдіретінін, этнос пен мемлекеттің арақатынасын, тарихи-этнографиялық еңбектерде жиі қолданылатын «метаэтнос» және «субэтнос» терминдерінің түсіндірмесін, қазақ тіліндегі «ел» деген сөздің «ру», «тайпа», «жүз», «халық», «ұлт», «мемлекет» сөздерімен ұғымдық тұрғыда алмасып айтыла беретінін түсіндіруінің ұғынықтылығы сондай, бұрын бұл салалармен тіптен де хабарсыз адамдардың өзіне қолмен қойғандай етіп жеткізіп береді.

Тарихшы Талас Омарбеков Ақселеу Сейдімбек турасында оның шежіреге әуестігін әуелгі кезде әншейін әуесқойшылық ретінде айналысып жүрген журналшы деп қабылдаған ғалымдардың «Қазақтың ауызша тарихы» шыққан соң барып мойындағанын айтады:

«Кескін-келбеті, өзіндік дара болмысы қазақ сал-серілерінің еңселі тұлғасын еріксіз еске түсіретін Ақселеу Сейдімбектің бұрындары жазғандарын қалың қазақ ортасында өзіндік тәлім-тәрбие алған, ұлттың қанықты рухына мейлінше суарылған, тарихи танымды қызыға насихаттаушы талантты журналшының өзіндік әуесқойлығы ретінде қабылдап, жаратушының өзі ғылыми-зерттеуге бейім етіп жаратқан оның ерекше қасиеттерін аңғара қоймаған тарихшы-этнографтардың өздері де Ақаңның осы бағыттағы іргелі зерттеулерінен кейін оны өзіндік ғылыми кескін-келбеті, өзіндік бедерлі ғылыми соқпағы бар этнолог-тарихшы ретінде қабылдай бастады. Осы айтылғандардың нақты көрінісінің және жарқын үлгісінің бірі – «Қазақтың ауызша тарихы» атты зерттеу еңбек. Бұл кітап өзінің ішкі құрылымы, жазылу стилі және көтерген мәселелері, сондай-ақ ғылыми бағыттары жөнінен өзінен бұрынғы этнографиялық мазмұнда жарық көрген зерттеулердің ешбіріне ұқсамайды. Кітап қазақ этнографиясына және этнологиясына байланысты, тікелей қатысты, кең ауқымды, өзекті мәселелерді қозғаған. Сондықтан да болар, о баста, зерттеуді қолға алғанда ондағы кейбір тақырыптардың зерттеудің атына сай келетініне күмәнмен қарайсыз. Өйткені олар кейбір тұстарда қазақтың ауызша тарихының арнасынан асып кетеді. Ия, бұл зерттеудегі таза этникалық тарих мәселелерін қозғайтын кейбір тараушалар қазақтың ауызша тарихының аясына сыймай, қазақ этнографиясының және этнологиясының кең тынысты мәселелерін еркін қамтиды. Сонымен қатар бұл еңбек ауызша тарихқа байланысты этнографиялық және этникалық пікірлерді мольнан қарастырған.

...Зерттеу іргелі-іргелі бес тараудан тұрады. Оның алғашқы тарауы «Шежіре және тарих» өзіндік тың да, жаңа көзқарастарға толы. Онда елтану мектебі, тарихнама, этнология және ру-тайпа жүйесі, түркі ру-

тайпалары және тарихи кезеңдер, қазақ шежіресіндегі уақыт табы және тағы басқа маңызды мәселелер нақтылана зерттелген. Бұл еңбекте автор жаңа тұжырымдарға барып «қазақ шежірешілдігін» (шежіресін), шын мәнінде, «Қазақтың ауызша тарихы» деп атауға болады деген тың қорытындыға келеді. Автордың бұл жерде этнология ғылымындағы мүлде тың, жаңа пікірді ұсынып отырғанын аңғармау мүмкін емес. Шындығында да, қазақ шежіресі тарихи айналымға адами тұлғаларды нақты енгізетіндіктен және бүкіл шежірелік хикаялар нақты тарихи тұлғалардың ұрпақ жалғастығын бейнелейтіндіктен және мұның өзі әрқашан да ауызша тарих айту жолымен жүзеге асырылатындықтан, мұндай жаңа ұсынысқа, негізінен, келісуге болады.

...Ақанның еңбегіндегі жаңалықтың бірі – қазақ шежіресін уақыт аясында бажайлау қасиеті. Әрбір қазақ зиялысына түсінікті нәрсе – қазақ шежіресінің көп сатылы ата-баба тарихын қамтып көрсететіндігі. Өкінішке қарай, шежіре деректеріндегі осындай ғажайып құндылық бұрын әкімшіл де тапшыл кеңестік-тоталитарлық жүйе тұсында қаперге де алынбады. Әсіресе, қазақ шежіресінде уақыт табы бар екендігі, оның негізінде белгілі бір тарихи тұлғаның өмір сүрген кезеңін айқындауға нақты мүмкіндіктер бар екендігі ескерілмей келді. Жазба тарихымыз жұпыны кезеңдер үшін мұндайда шежіренің аса құнды дерек көзі болып шығатынын айтпауға болмас. Мұнда әсіресе, аңызға айналған тарихи тұлғалардың қазақ шежіресіне сәйкес өмір сүрген кезеңін нақтылау және айқындау мәселесі назар аудартады.

...Ақаң рушылдық пен жүзшілдік көзқарасты қазақ протекцияшылдығының жағымсыз көрінісі ретінде қисынды түрде айыптай келе, рулық-тайпалық жүйенің ғана емес, қазақ тарихындағы жүздік бөліктердің де маңызын дұрыс айқындай білген. Оның «жүздік бөліктің өзі этникалық бөлік емес екендігіне, ең алдымен әкімшілік-аумақтық және әлеуметтік-саяси бөлік екеніне, қазақтың тілі мен діліндегі біртұтастық олардың рушылдық бөлектігінің емес, ұлттық бүтіндігінің нәтижесі екендігіне көзі жетер еді» деген пікірі ғылыми тұрғыдан мәселені жан-жақты талдаған басалқалы зерттеушінің салмақты тұжырымы деп ойлаймыз. Бұлардан шығатын қорытынды – қазақтың рулық-тайпалық құрылымы және жүздік бөлінісі кеңестік жүйе тұсындағыдай біржақты айыпталып, орынсыз қараланбауы тиіс. Қалай десек те, бұл біздің тарихымыз және басқаларға ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі бар ұнамды тарихымыз екенін ұмытпағанымыз жөн. Біздің ойымызша, қазақты амалсыздан үш жүзге бөліп басқару реформасы «Есімханның ескі жолын» жүзеге асыру барысында біржолата қалыптасты. «Амалсыздан» дейтініміз, Есімханды осындай маңызды шараға баруға мәжбүрлеген

сол тұстағы Қазақ хандығының ішкі-сыртқы жағдайындағы объективтік ахуалдар еді. Іштегі төре тұқымдарының таққа таласы, сырттағы қалмақтардың қазаққа қарсы үздіксіз жорықтары қазақты жүздік, әкімшілік-аумақтық жүйемен басқаруға алып келді. Замана талабына сай жүзеге асырылған бұл шара кезінде өзін-өзі толық ақтады. Сондықтан да жүздік басқару жүйесі атауынан ат-тонымызды ала қашатын бөтен ниеттен арылуымыз керек».

Өз сөзі: *«Қазақтың рушылдығы, дәлірек айтқанда, қазақтың протекцияшылдығы оның ру-тайпалық жүйені бастан кешкендігінде емес, керісінше сол ру-тайпалық жүйенің ұлтты ұйыстыратын қасиетін білмей мәңгүрттенуінде жатыр. Егер, шежірелік дерекке байыппен ден қояр ұрпақ болса, қазақтың кез келген ру-тайпасының құрамында үш жүздің де этникалық аралас-құраластығының бар екеніне, жүздік бөліктің өзі этникалық бөлік емес екеніне, ең алдымен, әкімшілік-аумақтық және әлеуметтік-саяси бөлік екеніне, қазақтың тілі мен діліндегі біртұтастық олардың рушылдық бөлектігінің емес, ұлттық бүтіндігінің нәтижесі екеніне көзі жетер еді. Басқасын былай қойғанда, бүгінгі жер басып жүрген кез келген қазақ еркегінің не шешесі, не әйелі, не келіні басқа рудан немесе басқа жүзден екені ақиқат. Бұл бүгінгі қазақтардың ұлт тұтастығын ойлауынан туған даналығы емес, мұндай ғажайып тетікті жеті атаға дейін қыз алдырмау арқылы бұрынғы ел қамын ойлаған ақылмандар ертеден-ақ ойластырып, ел-жұртты тұтастандыратын ұлы дәстүр қалыптастырып қойған. Демек, бүгінгі қазақ протекцияшыл болуы әбден мүмкін, алайда, рушыл боламын десе де бола алмайтыны хақ. Қазақ рушыл, жүзшіл болуы үшін не жарық дүниеге әкелген шешесін, не перзент сыйлап отырған әйелін, не немере сыйлаған келінін басқа рудан немесе басқа жүзден болғаны үшін тәрк етіп, бөлектенуі керек. Бұл мүмкін емес жағдай. Соған қарамастан, рушылдық, жүзшілдік сезімінің құлы болатындарға рухани жарымжан-дар ретінде мүсіркей қарауға тура келеді.*

...Рас, бүгінгі Қазақстанда рушылдық, жүзшілдік бар дегенге сенетіндер баршылық. Сол сенімін қара басының пендешіл аңсарына пайдаланғысы келетіндердің де бары рас. Сонымен бірге, бүгінгі Қазақстанда дәуірлеп тұрған протекцияшылдықтың да бары рас. Ең өкініштісі, сол протекцияшылдықты рушылдықпен, жүзшілдікпен шатастырып жүрген пақырлардың бар екені тағы да рас. Әрине, үш ғасырлық отаршылдық езгісінен есеңгіреген елден, төл тарихы бірыңғай саяси-әлеуметтік өмірдің ақпараты тұрғысында жазылған елден, сөйтіп, азаматтық тарихы ақтаңдақ болып, мәңгүрттенген елден, осындай этнорухани ахуалда тәуелсіздікті қарсы алып, нарықтық қаты-

насқа түскенде протекцияшылдыққа (сыбайлас жемқорлыққа) ең ұрымтал тетік ретінде ден қойған елден басқаша нәтиже күтуге болмас та еді. Мұндай «дертті» өмір үшін күресе алатын ұлт қана өз «тәнінен» өзі сылып тастай алады.

...Қазақ арасындағы ХХ ғасырдың екінші жартысынан бергі кезеңде рушылдық деп жүрген қауесеттің ақиқатында, протекцияшылдық екенін пайымдай білген жөн. Әсіресе, Қазақстан тәуелсіз ел болып, әлеуметтік-саяси дамудың нарықтық жүйесін таңдаған соң, ақша ең басты құндылыққа айналған кезде, ұзақ мерзімді отаршылдық зардабынан этнозердесі есеңгіреген, ұлттық қорғаныс сезімі көмескі тартқан қазақ қоғамында протекциялық үрдіс дәуірлеп шыға келді. Протекцияшылдар белгілі бір мақсатқа жету үшін кез келген жол мен әдіс-тәсілді оңтай көретіні белгілі. Көздеген мақсатына жету жолында (ондай мақсаттар тек қана меркантилдік сипатта болады) топ құрау, біреуге арқа сүйеу, жең ұшынан жалғасу – протекцияшылдардың өмір-салты. Бұл ретте, Қазақстандағы протекцияшылдар үшін руластықты, тайпаластықты, қала берді жүздестікті көлденең тарту ең бір ұрымтал сылтау болды. Сөйте тұра, протекцияшылдардың басым көпшілігі ру-тайпаның қадір-қасиетін білу былай тұрсын, әдетте өзінің шыққан тегін жеті атасына дейін таратып бере алмайтын жетесіздер болып келеді. Сондықтан да протекцияшылдар көздеген мақсатына жету үшін руластығын, тайпаластығын, жүздестігін желеу етіп қалай ұлып табысса, қажет болған сәтінде сол руластарын, сол тайпаластарын, сол жүздестерін дәл солай оп-оңай сатып кете алады.

Осындай ақиқат шындықты бажайлай алмаушылық қазақты қазақ еткен, қазақты ұлт ретінде ұйыстырған туыстық қатынас жүйесін тереңірек танып-түсінуге де белгілі дәрежеде зардабын тигізген жайы бар. Мұның өзі біртұтас ұлттық рухтың әрі қарай шыңдала түсуін де тежейтін жағымсыз үрдіс. Қазақты ұлт ретінде ұйыстырған, сөйтіп оның қоғамдық, экономикалық және саяси өмірінің тұғыры болған ру-тайпалық жүйені танып-түсінбеу, түптеп келгенде, халықтың тарихи шын болмысын тануға деген құлықсыздық болып шығады. Өзінің кім екенін, қайдан шыққанын, қазір қандай күйде екенін білмейтін халықтың бүгінгі ғана емес, болашағы да бұлдыр болмақ».

Жамбыл Артықбаев рушылдық көріністерін имансыздыққа теңейді: «Біздің қазіргі саяси өмірде белең алып кеткен протекционизм, өз туғанын сүйреу, имансыздықтың нағыз өзі. Имансыз қоғамның болашағы бар ма? Мүмкін «протекционизмді» имансыздық деп аударғанымыз дұрыс шығар».

Осы орайда оқырманға қазақтың ойшыл ақыны Қадыр Мырза-Әлінің: «Жүздің мәселесін жүз шешпейді, оны жүзден биік тұрған адамдар ше-

шеді» – деген сөзі ойға оралады. Осынау жүзден биік тұрған азаматтарымыз ұлы мүддесіне адал болсын деп тілеу ғана қалады бізге...

Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихының», оның ішінде шежірелік дәстүрдің тарихнамасының мәселелерін жан-жақты талдауымен де толық келісуге болады. Оның әйгілі тұлғаларымыздың өмірлік дерегі туралы шежірелік баяндарды «әлем халықтарының тарихында кездесе бермейтін бірегей рухани феномен» ретінде бағалауы шежірелік түзілім тарихын терең білетін маманның көзқарасы түрінде қарастырылуы қажет.

Ақаң Қазақ хандығы тұсында етек-жеңі жинақталған қазақ шежіресінің бүге-шігесін ғана емес, қазақты құраған ежелгі түркі ру-тайпаларының тарихи тамырларынан да және олар бастан кешкен күрделі тарихи кезеңдердің өзіндік ерекшеліктерінен де айтарлықтай хабардар. Еңбекте қазақ ру-тайпаларының түркілік тек-тамырлары нақты көрсетіліп, олардың басынан өткен байырғы заманнан бері қарайғы кезеңдер жікке бөлініп талданған.

Ақселеу Сейдімбек түркі ру-тайпаларының тарихын төрт кезеңге бөледі. Бірінші кезең – байырғы заманнан басталып, Түркі қағанатына дейін қалыптасқан ру-тайпалар тарихы, екінші кезең – Түркі қағанатынан басталатын Шыңғыс хан шапқыншылығына дейін созылатын кезеңде қалыптасқан ру-тайпалардың өткені, үшінші кезең – Шыңғыс хан тұсынан Алтын Орданың ыдырауына дейін созылатын «түркі тектес халықтардың жеке-жеке ұлт болып ұйысу алдындағы тарихи толғақты кезеңі», төртінші кезең – Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі ру-тайпаларының қалыптасу кезеңі.

«Қазақтың қария сөздері» деген тарауда тарихымыз үшін аса құнды әртүрлі жеке тарихи тұлғаларға, этнонимдерге, шежірелік атауларға байланысты негізгі және түпнұсқа тарихи аңыздарды нақты сілтемелермен баяндалған.

Онда «Жұрт» сөзінің қазақ тіліндегі мағыналарына мынадай анықтама берілген:

а) *Көшіп кеткен елдің, ауыл-үйдің орны, елсіз көңнің орны, киіз үй тігілген жер. Бұл мағынада «жұрт жаңғыртты», «қара жұрт», «сары жұрт» тіркестері қолданылады.*

б) *Ел, халық, әлеумет. Бұл мағынада «дүйім жұрт», «жұрт аяғы сиреді», «жұрт қатарлы», «өз жұрты», «нағашы жұрты», «қайын жұрты» тіркестері қолданылады. Яғни, «жұрт» сөзі қандас туысқандарды ғана айғақтап қоймайды, сонымен бірге, белгілі бір әлеуметтік ортадағы мүдделестерді, қауымдастарды және жамағайындарды да айғақтайтыны айқын аңғарылады. Жамағайын – етжақын туысқан-*

дардың дәнекер болуы арқылы жамалған (қосылған) туысқандар деген мағына береді. Мәселен, жиенге дәнекер болатын етжақын туысқан – айтушының не әпкесі, не қарындасы, не сіңлісі. Яғни, жиен – айтушының әпкесі, қарындасы немесе сіңлісі арқылы пайда болған жамағайын (жамалған ағайын). Осы тұрғыдан келгенде де, туысқандық атау-терминдерді жұрт бойынша (өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты) жіктегенде, айтылушыға дәнекер болатын адамның қай жұртқа қатысы бар екеніне алдымен мән береді.

Өз жұртына – абысын, әйел адамның қайын інісінің әйелі, ажын – қайын ағасының әйелі, ер адамға қатысты аға (бауыр), әйел адамға қатысты іні, бауыр, қарындас жатқызылады.

Сонымен бірге ер адамдардың бір-бірімен қан араластыру арқылы дос болуы, яғни, анда болуы түсіндіріледі.

Сондай-ақ, ата, әже, әйел (қатын, зайып, жар, жұбай, қосақ), әке, ана, сіңлі, баба, бауыр, бәйбіше (тоқал, үлкен тоқал, екінші тоқал), күйеу (бай, жар, жұбай, ер), бөле, жезде, жеңге, қайын іні, қайын сіңлі ұғымдарына кеңінен түсіндірме берілген.

Әрі қарай жеті ата және жеті ұрпақ ұғымдарына түсіктеме берілген: бірінші ата, әке – екінші ата, ата – үшінші ата, ұлы ата (арғы ата) – төртінші ата, баба – бесінші ата, ұлы баба (арғы баба) – алтыншы ата, түп ата – жетінші ата. Жеті ұрпақ – бірінші ұрпақ, бала – екінші ұрпақ, немере – үшінші ұрпақ, шөбере – төртінші ұрпақ, шөпшек – бесінші ұрпақ, шөбелек – алтыншы ұрпақ, немене – жетінші ұрпақ. Мұнан әрі сегізінші ұрпақты – немелтай, тоғызыншы ұрпақты – шөбелтай, оныншы ұрпақты – жүрежат, он бірінші ұрпақты – туа-жат, он екінші ұрпақты – жекжат, он үшінші ұрпақты – жұрагат, он төртінші ұрпақты – қаймана дейтін де дәстүр айтылады.

Сондай-ақ, жиен, нағашы, келін, қайын ата, қайын ене, қайын аға, қайын ана, күндес, кіндік шеше, өгей әке, өгей шеше түсініктерін тара-тып берген.

Нағашы жұртына: нағашы аға, нағашы ана, жиен секілді шешесінің шыққан жұрты, елін жатқызған.

Қайын жұртқа: бажса, балдыз, қайын аға (қайнаға), қайын ана, қайын ата, қайын әже, қайын бике, қайын ене (қайын ана, қайын шеше), қайын жеңге, қайын сіңлі, қайын іні (қайын), құда, құдағи – айтушының баласының жұбайының әкесі не анасы, атасы не әжесі, ересек туыстары, яғни қайын жұрты деп айтушының жұбайының туған ел-жұрты алынады.

Сонан соң бас құда, бауыздау құда, бел құда, бесік құда, қарсы құда, жанана құда, құданың құдасы, құда бала, құдағи, құдаша деген сөздерге талдау жасалған.

«Шежірелік айғақтар» деп аталатын тарауда тектес, аттас ру-тайпалардың атаулары талданған. Мұнда қазақ ру-тайпаларына кіретін әрбір атаның немесе ру атауының қазақтың өз ішіндегі немесе басқа түркі тайпаларындағы қандай-қандай рулармен немесе аталармен сәйкес келетіндігі нақты деректер негізінде талдап көрсетілген.

Ақселеу Сейдімбек: «Қазақ хандығы этносаяси тұрғыда бірте-бірте жетілу, бірте-бірте ұйысу үрдісін бастан кешіп, хандық аясындағы ру-тайпалар өздерінің қазақ деп аталатын біртұтас ұлт екенін толық сезіну барысында жүздік бөлік мемлекеттік басқару жүйесінің төлтума форма-сы ретінде дүниеге келді, – дей келе қазақтың үш жүзін таратып береді және ұлы жүз құрамындағы тайпаларға 11 тайпаны жатқызады: жалайыр (ноқта ағасы), сарыүйсін, қаңлы, дулат, албан, суан, шапырашты, ошақты, ысты, сіргелі, шақшам» – деп келіп, солардың әрбірінің қарамағандағы руларды жілік-жілігіне дейін шағып талдап береді.

Содан кейін Орта жүзге жататын 7 тайпаны: арғын, найман, қыпшақ, қоңырат, керей, уақ, таракты (ноқта ағасы) атап, олардың құрамындағы руларға талдау жасайды.

Кіші жүз құрамындағы 25 тайпаға мына тайпалар жатқызылды: шекті (жаманак), төртқара (карамашак), карасақал (айнық, тегінболат), каракесек (ұланақ), кете (бозаншар, тойқожа, түменқожа), шөмекей (бұл алты тай-паны жинақтап «Әлімұлы» деп атайды), адай, жаппас (алтын), алаша, байбақты, беріш, қызылқұрт, таз, есентемір, масқар, ысық, шеркеш, тана (бұл он екі тайпаны жинақтап «Байұлы» деп атайды), телеу, рамадан, тама, табын (ноқта ағасы), кердері, керейт, жағалбайлы (бұл жеті тайпа-ны жинақтап «Жетіру» деп атайды) және оларға жататын руларды жеке-жеке атайды.

Автор қазақтың үш жүзін, ру-тайпаларын таратып болып, «Қазақтың қария сөздері» деген атаумен үш жүзге және жүзге кірмейтін ру-тайпаларға қатысты аңыздар мен түсіндірмелерді келтіреді, жүздерден тыс тұрған 4 тайпаны атап, оларға төре, төлеңгіт, қожа, сунақты жатқызады, сөйтіп олардың құрамындағы руларды белгілеп береді. Ал, жүзден тыс руларға: ноғай (ноғай-қазақ), қырғыз, құрама, қараша, қорасан, қырғызалы, баршылық, барлас, дүрмен, көлеген, қалпақ, қият, моғалтай, ноғайлы секілді 14 руды жатқызады. Бұлар рулық деңгейдегі жүзден тыс этноқұрылымдық бөліктер ретінде аталады.

Туысқан халықтар құрамында кездесетін қазақтың негізгі руларға ав-тор мына руларды жатқызады: үйсіндер – қырғыздарда, қарақалпақтарда, өзбектерде, түркімендерде; Қырымда, Қашғарияда, Шығыс Ауғанстанда; қаңлылар – қырғыздарда, қарақалпақтарда, өзбектерде, (Парсияда), (Кіші Азияда); жалайырлар – Монғолияда, Парсияда, қарақалпақтар

мен өзбектер арасында; арғындар – Алтайда, Қырымда, Кавказда, Қазан татарларының, түркімендердің арасында; керейлер – Алтайда, Монғолияда, қарақалпақтарда, өзбектерде, түркімендерде, башқұрттарда; Қырымда; наймандар – Монғолияда, қырғыздарда, қарақалпақтарда, ноғайларда, өзбектерде; Қырымда; қоңыраттар – Монғолияда, қырғыздарда, қарақалпақтарда, өзбектерде, Қырымда; қыпшақтар – қырғыздарда, қарақалпақтарда, өзбектерде, түркімендерде, ноғайларда, башқұрттарда, Еділ татарларында, Қазан татарларында; Қырымда, Ауғанстанда; алшындар – қырғыздарда, қарақалпақтарда, түркімендерде, өзбектерде, ноғайларда, башқұрттарда, Қазан татарларында; Қырымда, Кавказда, Ауғанстанда.

Кітапта құрамында қазақтың негізгі ру өкілдері кездесетін қазаққа туысқан халықтарға жататын руларға мыналар аталады: қырғыздарда – найман, қоңырат (күлшығаш), қыпшақ, алшын, қаракесек (Кіші жүз), арғын, қаңлы, тама, алаша; қарақалпақтарда – үйсін, балғалы мен қайшылы (жалайырлар), қаңлы, қарамойын (қыпшақ), ашамайлы мен шеруші (керей), бағаналы, терістанбалы, қаракерей мен садыр (төртеуі де найман), байбақты, адай, сумұрын, беріш пен таз (бесеуі де алшын); өзбектерде – үйсін, қаңлы, жалайыр (ру бұтақтары), сіргелі, ошақты, қыпшақ, найман, қоңырат, ашамайлы мен шеруші (керей); алшын бұтақтарының бәрі дерлік; түркімендерде – үйсін, керей, арғын, қыпшақ пен алшын рулары; ноғайларда – найман, қыпшақ және алшын бұтақтарының бәрі дерлік; башқұрттарда – керей, қыпшақтар (бүкіл башқұрт халқының 25-30 пайызын құрайды), алшын; Қазан татарлары құрамында – арғын, қыпшақ, алшын; Қырым татарларында – үйсін, қаңлы, арғын, керей, найман, қыпшақ, қоңырат, алшын, алаш, алаша; Кавказдағы мұсылман халықтары құрамында – алшын (шеркеш), арғын, тамалар.

Туысқан халықтар құрамында кездесетін қазақтың негізгі рулары мен құрамында қазақтың негізгі ру өкілдері кездесетін қазаққа туысқан халықтарға жататын рулар тізбесін бұдан жүз жыл бұрын шежіре жазған Мұхаметжан Тынышбаевтың «История казахского народа» деген еңбегінен алғанын жазады.

Сонан соң автор ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналарды тізбелеп шығады. Бұл аналардың: Абак, Айбике, Айнакөз, Айсары (Шанаң), Айтбике, Айтолқын, Айтолқын-Қонақбай, Ақбикеш, Мақпал, Ақкете, Аққоян, Ақтолымбек, Алжан, Алтыншаш, Апай, Арухан, Әлеуке, Әлпеш, Балқы, Баян, Бегім, Бекбике, Бес жәкей, Бопай, Гаухар, Дәулетбике, Домалақ ана, Енең, Жанат, Жаппас, Жәнделі, Жекей, Желкіздек, Жолбике, Зылиха (Қаракемпір), Кетебике, Мақтым, Бикем, Қаракыз, Қаратолымбек, Қарқабат, Қоралас, Қызай, Қызданбике, Мақпал, Мақта, Мәукеш, Момын, Мұрын, Нөкейтi, Нұрбике, Нұрпия, Оғылменді, Сары

бәйбіше, Сарықыз, Сыланды, Таңсұлу (Танан), Тасбике, Тәуке, Тойқара аттарын атап, қателеспестен, қайталамастан жазып шығудың өзі оңай емес. Ал Ақселеу Сейдімбек бұлардың әрбірінің неге ел анасы аталып, қандай қасиеттері-мен ерекшеленгенін таратып жазып қойған.

Зерттеуді аяқтайтын «Қазақ болмысы» атты соңғы тарау этнографиялық түйіннен және тұжырымнан тұрады. Мұнда қазақ халқына тән кейбір түсініктер нақты екшеленген. Қазақтың дәстүр-салтын ұмытып бара жатқан қазіргі ұрпаққа ғана емес, қазақ этнографиясын зерттеумен айналысатын мамандарға да бұл тараудың жаңа идеялар мен стратегиялық ой-толғамдар берері анық.

Әубәкір Нілібаев 1989 жылы орыс орыс шежіресінің толық жинағының 37-томы шыққанын айтып, біз болсақ өзіміздің ұлттық шежіремізді жасамақ түгіл, «шежіре» деген сөзді айтудан қорқып, ат-тонымызды алып қашумен келеміз, – деп өкініш білдіреді.

Журналист Мақсат Тәжі-Мұрат бұл кітап жайлы былай деп жазады:

«Қазақтың ауызша тарихы» көрінбейтін түймеден, сабақталмаған инеден тұратын елеусіз әрі машақаты көп жұмыс. Біздің есебімізше, бұл кітаптың аяқталған уақыты 2008 жыл болғанымен, бастап тағанын тартуы одан әлдеқайда бұрын. Ең кемі 40 жыл қинаған-ау толғағы. 80-жылдар – Ақанның зерттеуші ретінде нағыз кемеліне келіп, кер жорғасына мінген шағы. Тыныштық кезең, тұсау кеңіп, арқан ұзарыңқыраған. Асылы, қайта құрудың салмағын 60-жылдарғы «жылымықта» ұтылғандар көтерді дейтін пікір шындыққа жанасымды болар. Оның үстіне Ақаң дәл сол жылдары республикалық беделді басылымды басқарып тұрды. Мұның өзі зерттеуші ретінде эксперименттік талдамалары мен концепциялық жүйелерін сыннан өткізіп көруге мүмкіндік берді.

...Қазақ шежіресінің бір діттегені – Ақаң дәлелдегендей, ру мүдделестігі, одан да дәлірек айтқанда, ұлысты, ұлтты қан жағынан таза ұстау. Шежірелердегі аңыз-әңгімелердің дені қазақтың іргелі ру-тайпаларының құрамына еніп кеткен кірме аталар туралы өшпес дерек бере отырып, этносты таза күйінде сақтау ісінің маңызды бір тетігіне айналған. Шынында да, бүгінде ретті-ретсіз көп айтылатын қазақ тілін жалпыхалықтық тілге айналдыру (лингвистикалық ұлттандыру), сөйтіп, қазақша сөйлегеннің бәрінің төлқұжатына «ұлтты – қазақ» деген белгіні баса беру жайлы құйтырқы идея, түптеп ойласақ, ата-бабаларымыз үнемі есте сақтап келген «кірме» элементтерді ара-даралығынан айырып, біркелкілендіріп жіберу, сөйтіп Ақаң жобасын сызып беріп отырған «этникалық қорғаныс сезіміне» селкеу түсіру боп шығар еді. Этникалық қорғаныс сезімі – Батыстағы азаматтық «ұлт» ұғымынан қазақ ұлтының мүлдем бөлек жаралым екендігін үнемі есте ұстау. «Қазақтың ауызша тарихы» – кең

құлашты, соған сәйкес көп планды, көп мағыналы қым-қиғаш үлкен зерттеу, сондықтан біздің айтып отырғанымыз оның толқын-толқын, соқпа-соқпасындағы бір ғана мәселе болуы да мүмкін. Жалпы, халықтың ауызша тарихын қорытып, өзіне ұсыну деген міндеттің үдесінен абыроймен шығып отырған еңбек жайында қабырғамыз сөгіңкіреп, қылышымызды шарболаттай қайрап айту қаншалықты артықтау болса, білімді білгірсіп кету, буынсыз тілге ерік беру де соншалықты артық. Мұхтар Әуезов соңғы хаттарының бірінде қазақта мәдениетті жұрттардағыдай еш «қалайдасыз» пікір білдіру жоқ екендігін айтып налыған екен. Ащы, рас сөз. «Біткен істің міні жоқ, бітірген ердің кемі жоқ» дейтін ұлағат қазаққа дарымай-ақ қойды. Осы орайда Ақаң сияқты мүлдем тың тақырыпқа қол артқан авторға көрсетілер көмектің үлкені – «Қазақтың ауызша тарихын» әлі мәресіне жетпеген жолаушы деп қабылдап, алдағы, толықтырылатын басылымдары үшін материал жеткізу, ескертпе беру. Ал қазірдің өзінде орасан қатасыз шығып отырған «Қазақтың ауызша тарихы» – осы күйінде – ақ қазақ үшін тау тұрғызғандай еселі еңбек!

Жазушы Смағұл Елубай да мынадай пікір білдіріпті:

«Қазақтың ауызша тарихының» бір құндылығы қазақ шежірешілдігінің астарында жатқан ұлттың ұлы мұраты – бірлік идеясын жан-жақты таратып беруінде. Бүгінгі қазақ халқы 47 тайпадан құралған. Ал, Қазақ хандығы онаша шаңырақ көтерер тұста Ұлы даладағы тайпалар саны 92-ден асып жығылған. Қырық құрау халықты бір мемлекетке біріктірудің алғышарты ұйыстырушы ұлттық идея екенін сол тұста қазақ ақылмандары тап басып дәл болжаған. «Міне, осы сияқты аса күрделі этносаяси жағдайда Қазақ хандығының тізгінін ұстаған ақылмандар бытыраңқы ел-жұртты ұйыстыратын тегеурінді тетік ойлап табуы қажет болды. Ең алдымен Қазақ хандығының аясындағы алашабыр ру-тайпалардың этногенеологиялық жадын жаңғыртып, түбі бір туысқандық сезімдерін оятатындай символ – этноним керек еді. Осы орайда, Қазақ хандығын құраған ру-тайпалардың біртұтас туысқандық сезімдеріне тұғыр болған символ-этноним ретінде «Алаш» атауының таңдалғанына ден қоюға болады» «Алаш!» деген ұранды естігенде күллі қазақ дүрк көтерілетін болған» деп жазады Ш.Уәлиханов.

Содан кейінгі ұлтты ұйыстыратын ұлы идеяның бірі – иісі қазақты бір атадан тарататын шежірелерді жүйелеу болған сияқты. «Қазақ хандығы жасақталған соң, судай сапырылысқан ел-жұрттың ру-тайпалық құрылымы жаңаша жіктеліп, жаңаша жүйеленгенін ел ішіндегі даңғайыр шежірешілер де тап басып, біліп отырды.

Сондай-ақ, Қазақ хандығы тұсында қырық ру халықты бір орталықтан басқаруды жеңілдету үшін «жүз» институты енгізілгенін, оны үшке

бөлудің астарында тағы да мемлекеттің бірлігін сақтау, демократиялық шешімдерге ыңғайлау тәсілі жатқанын ғалым қисынды таратады.

...Ақселеу Сейдімбек бұл зерттеуін «Қазақтың ауызша тарихы» деп атауы негізінен халық арасында өз тарихы жайлы ауызша айтылатын аңыз, шежіре, мифтердің жинақталған мол дерегіне сүйеніп және осынау ауызша тарихқа жан-жақты талдау бергендіктен болса керек. Ресми тарихнама бұндай деректерге мұрын шүйіре қараса, Ахаң халықтың өзі жайлы өзі айтқан ауызша тарихын хатқа түсіріп жүйелеп, саралап өзіне қайтарған. Бұл кітапта жинақталған халықтың мол шежірелік аңыз мұралары сан ғасырлар сорабында халық жадында сақталып, оның рухани айналымында тұрақты болғанын ескерсек, бұндай мұраны айналып өтіп қазақтануға қадам баса алмайтынымыз шындық.

...Еуропалықтар тұрмақ, соңғы 70 жылда қазақтың өзі қазақты түсінуден қалып, көшпелілер қауымы дегенге тұмсық шүйіре қараушылар көбейді. Басқаны қойғанда ондайлар қазақтың өз ішінен шықты. Олар тілден, діннен, ділден, яғни қазақтықтан безінді. Отаршыл озбыр саясат қазаққа тән құндылықтарды тәрк ету арқылы оның өз ұрпағын өзінен жерітті. Бүгінде қағынан жеріген құландай ондай дүбәралар қатары көбейіп қазақ болашағы үшін қатерлі күшке айналып отыр. Осындай тағдырхал тұста қазаққа оның болмысын, тарихын түсіндірудің өзектілігі орасан. Осы тұрғыдан «Қазақтың ауызша тарихы» – оқырманын тек тегін түсіндіретін тектілікке тәрбиелеп қана қоймай, киіз туырлықты көшпелінің кешегі күніне, өмір салтына, сол алмағайып замандарда болашақ үшін жүргізген қайсар күресіне деген құрметке, ілтипатқа бөлейтін сирек құрал. Тәрбие құралы. Әр үйде тұруға тиіс кітап.

...«Қазақтың ауызша тарихы» – алдымен қазақты қазаққа түсіндіріп беретін құнды еңбек. Сондай-ақ, қоян-қолтық өмір сүріп жатқан мемлекетіміздің негізгі халқын түсінгісі келетін кез келген өзге ұлт өкілдері үшін де таптырмас құрал. Қазақты терең білу – өзге этнос өкілдері үшін өмірлік өзекті мәселе. Өйткені, Қазақстан жағдайында қазақтану – өзара түсіністік, сыйластық, құрмет кепіліне айналмақ. Қазақтану сондықтан Қазақстан оқу орындарына пән ретінде еңгізіліп жатса, бұл ұлтаралық татулықтың рухани көпірін тұрғызғанмен бірдей болары аян.

Өз сөзі: *«Жиымасыншы гасыр қазақ халқы үшін ерекше гасыр. Жо-жоқ, көрген қорлықты, тартқан азапты, жоғалтқан ұрпақты айтпаймыз. Немесе, жеткен жеңіс, тапқан табыс та емес. Оның бәрін тіршіліктің бұйыртқан сыбағасы деп көңіл жұбатуға болар. ХХ гасыр қазақ халқының тарихи-әлеуметтік және мәдени-рухани тағдыры үшін айырық гасыр болды. Үш мың жыл бойы, бәлкім, одан да ұзақ уақыт аясында қалыптасқан салт атты көшпелілер өркениеті (цивилизациясы)*

артта қалды. Алда базистік болмысы мүлде бөлек өмір-салт күтуде. Еуразияның апайтөс даласында айдарынан жел ескен көшпелілердің қайталанбас өмір-салты жиырмасыншы ғасырда бөлек арна тартты. Технократтық даму жеңді, табиғаттың өзіндей табиғи өмір-салт жеңілді. Тұтас бір ұлттың тарихи тағдырындағы бұл сияқты ұлы өзгеріс табиғи даму барысында жүзеге асқан жоқ, жедел түрде, зорлықпен сырттан таңылып, әлеуметтік-экономикалық жойқын реформа жасалды. Мұның өзі тұтас этностың тарихи жадының көмескі тартуына себепші болды».

Ақселеу Сейдімбектің бұл іргелі шығармасында хандар шежіресі де жіліктелген:

«Қазақ хандығы жасақталған соң, судай сапырылысқан ел-жұрттың ру-тайпалық құрылымы жаңаша жіктеліп, жаңаша жүйеленгенін ел ішіндегі даңғайыр шежірешілер де тап басып, біліп отырды. Ру-тайпалардың жаңадан жүйеленуі ел болып ұйысу жолындағы ұлы қадам, ең мәнді және ең нәтижелі реформа еді. Өзім салыстырған қолымдағы 831 шежіренің 819-да аталар саны 19-22 арасында шектеліп отырады. «Әр атаның арасын 20-25 жылдан есептегенде 19-22 буынды қамтитын шежірелер Қазақ хандығы құрылғаннан бергі кезеңдегі ұрпақтар сабақтастығын айғақтайды.

...Сөз жоқ, елді жарастырып, ұлтты ұйыстыруға бағытталған қағидалар бір ғана ханның тұсында, бір ғана жарлықпен жасақтала қоймағаны аян. Бұл ретте, қазақ хандары бұрынғы қағанаттық, ұлыстық, ордалық басқару жүйесінің тарихи сыннан өткен тәжірибесіне табан тіреген. Алайда, хандық аясындағы жүздік бөлікке негізделген әкімшілік басқару жүйесінің тарихи қажеттілігі Қазақ хандығының қалыптасу үдерісі нығайғанда ғана жүзеге асты деп қорытынды жасауға негіз мол.

Рас, қазақ қоғамының жүздік бөлікке бөлінуі туралы әр тарапты пікірлер бар. Аңыз-әңсананың айтуында иісі қазақ бір ата Алаштан туған үш адамнан өрбіпті-міс. (Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс). Бұны ұлтты ұйыстыратын ұлы бірлік идеясы тудырған шежірелік идеология тұрғысында қабылдаған абзал».

Он емес, жүз емес, үш жүз емес, 831 шежіресі болғанының өзі Ақаңның жай қызығушы емес, шын ізденуші екенін көрсетеді.

Жалпы Ақселеу Сейдімбек зерттеуші ретінде шежірелік деректерді саралап, жүйелеу барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:

«— Қазақ халқының тарихына, әсіресе, дәстүрлі қоғамы мен этноқұрылымына қатысты шежірелік деректердің түпдеректемелік (первоисточник) мән-маңызы бар екені ашып көрсетілді;

— Қазақ шежірешілдігі тек қана ата-текті түсіндіре таратумен шектелмейтіні, ең бастысы, қоғамдық өмірде біртұтас ақпараттық кеңістік қалыптастыратыны, сол арқылы ел-жұртты ұйыстыратын тегеурінді тетікке айналатыны дәлелденді;

— Қазақ хандығы жасақталу барысында ру-тайпалық құрылымдардың жаңаша жіктеліп, жаңадан жүйеленгені алғаш рет нақтылы дәлелдермен тұжырымдалды, сол арқылы көшпелі өмір-салттағы ру-тайпалық құрылымның дәстүрлі қазақ қоғамына әлеуметтік-саяси негіз болғаны орнықты айғақ-дәлелдермен сараланып көрсетілді;

— Қазақтың ру-тайпалық бөліктері, ең алдымен, әкімшілік-аумақтық және әлеуметтік-саяси бірлестіктер екені, ал ру-тайпа атауларында қандас-туыстастарды айғақтаудан гөрі, ел ішінің ру-тайпалық құрылымын бажайлап тану үшін бағдар берушілік сипатының басым екені шежірелік деректер бойынша айқындалды;

— «Алаш» атауы тарихи-типологиялық тұрғыда пайымдалды, сөйтіп, Қазақ хандығы аясындағы этносаяси ахуалды реттеу барысында «алаш» этнониміне түп тектік мазмұн дарытылғаны, мұның өзі алашабыр ел-жұртты ұйыстыруда әрі сәтті идея, әрі пәрменді идеология бола алғаны нақтылы айғақ-дәлелдермен бекемделді:

— көшпелі өмір-салт пен ру-тайпалық жүйе өзара тарихи орайлас құбылыс екені, көшпелілер қоғамында ру, тайпа, жүз бойынша ұжымдасып тіршілік құрудың өмірлік қажеттілік болғаны, сол себепті, ру-тайпалық жүйенің жұртшылық санасында әу бастан-ақ киелі сипат алғаны қарға киетегіне (тотем), сүйек қосу рәсіміне қатысты тараушаларда сараланды;

— Қазақ хандығын жасақтау барысында алашабыр ру-тайпаларды ұйыстыруда, әсіресе, жаңадан жіктелген ру-тайпалар аясындағы әртекті әулет-аталарды өзара жарастыруда, сөйтіп, біртұтас этножаралым қалыптастыруда енші институтының тарихи мән-маңызы айқындалды;

— дәстүрлі қазақ қоғамында туысқандық жүйе адамдар арасындағы қарым-қатынас нормаларын ретке келтіріп отыратын, парасаттандыратын және қазақ атаулыны біртұтас этноәлеуметтік туысқандар одағына айналдыра алатын аса маңызды тетіктердің бірі екені пайымдалып, алғаш рет кең көлемде түсіндірмелі туысқандық терминдер (референтивные термины родства) түзілімі жасалды;

— қазақтың жүздік және жүзден тыс этноқұрылымдары жөнінде, тектес-аттас ру-тайпалар мен сіңісті аталар туралы, лақап немесе жанама этнонимдерге байланысты, ру-тайпа атауы мен ұранға шыққан әйел-аналарға қатысты шежірелік деректер тұңғыш рет кең көлемде жинақталып, жүйеленді;

– қазақ этнотопонимдерін алғаш рет мүмкіндігінше толық қамтыған сөздік түзіліп, оларға тарихи-географиялық түсініктеме жасалды;

– әулет-ата, ру-тайпа туралы айтылатын мақал-мәтелдер тұңғыш рет кең көлемде жинақталып, оларға тарихи-этнографиялық тұрғыда түсініктемелер берілді;

– қазақ ру-тайпаларының қалыптасып болған, біржола тұрақтанған, яғни, статтық (өзгермейтін) сипат алған, сөйтіп, дүйім жұрттың жадына орныққан құрылымы алғаш рет толық қалпында сараланып көрсетілді;

– қазақ ру-тайпаларының ен-таңбалары тұңғыш рет кең көлемде жинақталып, олардың бітім-пішіндері нақтыланды және тарихи-типологиялық тұрғыда зерделенді...».

Жамбыл Артықбаев айтқандай, Шәкәрім жазғандай «атаны атағанмен білім артпасын» Ақаң алдымен түсінген азаматтардың бірі. Мәселе аталардың атын тізбектеуде емес, қазақ шежіресінің дәстүрлі қоғамда тарихи қызмет атқарғанында. Ақаң осы қорда сақталған қазынаны оқырманға танытпақ, ол үшін қазіргі этнология ғылымының ғылыми-зерттеу әдіс-танымын барынша пайдалануға күш салған.

... «Қазақтың ауызша тарихы» жыл өткен сайын бағасы да өсе, жаулары да өршелене түсетін, өрелі азаматтарға лайықталған кітап. Ақаңның алдында екі жол болды. Бірі шежірені концепция (тұжырым) ретінде қарастырып зерттеу, екіншісі шежірені қазақ тарихының қайнар бұлағы ретінде көрсету. Осы себептен Ақаңның кітабы ең алдымен деректану бағытына келетін жұмыс. Тіпті этнологиялық деректану деп те осы бағытты атауға болар еді.

Бұл Ақселеу Сейдімбектің өзі ерекшелеп атап көрсеткен ғылыми ой-тұжырымдары қазақ халқының болмысын, дәстүрі мен әдет-ғұрпын; шежіресіне; жүздер мен тайпаларға және руларға қатысты аңыздарын; хандар тарихын зерделеу арқылы ақиқатты іздеген «Қазақтың ауызша тарихына» берілер баға деңгейінің айқын көрсеткіші де осы тұжырымдар болса керек.

ҚАЗАҚ БОЛМЫСЫНА ҚАТЫСТЫ АҢЫЗ-ШЕЖІРЕЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ҚАЛПЫАҚСЕЛЕУДІҢӨЗКӨЗІМЕНКӨРГЕН,ӨЗІБАСЫНАНӨТКІЗГЕН, ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ЖОҒАРЫ РУХЫН, АДАМГЕРШІЛІК ҚАЛПЫН КӨРСЕТЕТІН МЫСАЛ ӘНГІМЕЛЕРДЕН ТҰРАДЫ. ОЛ ӘНГІМЕЛЕРДІ КӨЗІҢЕ ЖАС ҮЙІРІЛМЕЙ ОҚУ МҮМКІН ЕМЕС. ОҢДАҒЫ СЕЗІМ ТАЗАЛЫҒЫ, МӘРТТІК, СӨЗГЕ ТҰРУ, ДӘСТҮРДІ САҚТАУ СЕКІЛДІ ТАҢҒАЖАЙЫП ҮЛГІЛЕР МЕНІ БҰЛ ӘНГІМЕЛЕРДІҢ КЕЙБІРІН ОҚЫРМАНҒА ҰСЫНУҒА МӘЖБҮР ЕТТІ.

«Жер» атты аңызға бергісіз әңгімесінде Ақселеудің балалық шағындағы ауыл көрінісі, сол кездегі күнделікті тіршілік, мал шаруашылығын

жүргізу тәртіптері мен тәсілдері айтыла келе елдегі Қасым дейтін қарияның көш кезіндегі бір мінезі суреттеледі. *«Ол қолынан келмейтіні жоқ ұста еді. Көш бойында Қасым ақсақалдың көптен артта қалып, бірдеңені түртінектеп жүргенін көріп: «Қасеке, не істеп жүрсіз?!» – деп сұрадым. «Жердің жыртығын жасап жүрмін!» – деді ақсақал сүт пісірім уақыт бойы екеулеп жүріп ауыл жыртындағы жерошақ атаулыны тегістеп шыққан кезімізде. Желі тартқан, көген керген, ат арқандаған қазықтарды суырдық, шалғынды, сыздауыт жерден ауыз су үшін қазған құдықтың ернеуіндегі топырағын ішіне құлатып, тегістеп тастадық. Ойылған жерошақ, қағылған қазық, қазылған құдық атаулыны сол қалпында қалдырса мал-жаннның жазым болатын еді. Қасым ақсақал құлазып жатқан жұртты бір шолып шықты да: «Жерді жаралауға болмайды! Жер-ананың тіршілік атаулыға жайылып дастарқан болғаннан басқа жазығы бар ма?!» – деді».*

Осы шағын баяндаудан біз көшпелі өмір салтында не нәрсе болса да ертеңгі кез үшін, кейінгілер ертеңгі күні атының тұяғын ошаққа тығып, қазықтарға қағылмау үшін жасалатынын ғашықтықпен суреттеудің куәсі боламыз.

«Көш» атты шығармада да ауыл-ел Шу бойын бетке алып үдере көшкелі жатқанда анасының «қазір-қазір» деп жүріп, таңғы тамақты жылытқан от орнындағы сексеуіл мен көкпектің жайнап жатқан шоқайнасын көмуге кіріскенін, от орнын терендетіп ашып, ірі шоқтарды сол ашқан жеріне жиыстырғанын, шала жанған сексеуіл қалдықтарын шоқтың үстіне тастап, одан әрі күлмен қалың етіп көмгенін жазады. *«Содан соң ғана шешей маңдайындағы таңғы шықтай мөлдіреген терін жаулығының ұшымен сүртіп отырып: «Ой, құлыным-ай, шоқты еріккеннен көмеді ғой деймісің, енді екі-үш күннен соң осы ізбен абысындарымның көші өтеді. Солар ас-суын қиналмай қамдасын деп жүргенім ғой!» – деді. Сонсоң, айрықша әдемі бота көзін мөлдіретіп, жанарын көк жүзіне қаратқан қалпы: «Күз қабағы мынау, күн санап қалыңдап бара жатқан!» – деп ақырын күрсініп қойды» – деп бітіреді.*

«Жылу» атты баянында анасының бие саууға кеткенін пайдаланып, қолдан жасалған оқпан түтікшені алып, ішіне он шақты шидің күкіртін салып, резеңкені шірей тұрып басып қалғанда киіз үйдің ішіндегі асуды қалқалап қойған ши лаулап жанып, отты сөндірмек болғанынан ештеңе шықпай үйі түгел өртеніп кеткенде анасының жүгіріп жетіп: *«Құлыным-ай, аманбысың?!» – деп құшақтай алғанын, ортаңғы қолын аузына салып жіберіп таңдайын басқанын, өрттің себебін сұрап өзіне ұрысуды ойына да алмағанын жазады. Содан кейін-ақ түс ауа бүкіл ауыл-*

дан біз үшін жиналған жылу қотан ортасына үйіліп, киіз үйдің жабдығы, төсек-орын, көрпе-жастық, киім-кешек, ыдыс-аяқ сияқты тіршілікке керек-жарақтар, қарамы үлкен үйлерден алынған бір-бір қанат керегелер, орам-орам ақ киіздер жиналып, киіз үйдің үзігін, туырлығын, түндігін нобайланып үлгергенін бір ризалық сезіммен есіне алады.

«Сыйлас» атты әңгімеде Башар ақсақалдың айтқаны деп елдегі Тоқа мен Құтжан атты құрдастардың қағысуының игілікке бастағанын айтып бергенін сөз етеді. Тоқа – болыс, болыстығына қоса сал-серілігі бар, бармағынан бал тамған күйші, мал жиып, майлы болуды құйттемеген, құбатөбел ғана тіршілік құрған адам. Құтжан болса – қажы, оның үстіне өңшең көк мойын қылқұйрық біткен жуан сіңір бай.

Жаздың мамыражай шуақты кезінде Тоқа киіз үйдің іргесін түргізіп тастап, іште сылқылдатып домбыра тартып отырса, Құтжанның қалың көк мойны желдей жайылып, ауыл үстін баса-көктеп өте бастайды. Сонда, жерошақ басында жүрген бір шайпаулау қатын «Құдай-ай, Құдай! Малы жоқ иттің көрген күні құрысын, малы бар иттің малының тұяғының астында қалдық-ау, ойбай!» – деп шаңқылдапты.

Бұл сөзді Тоқа естиді де, «малы жоқ иттің» дегені жүрегіне шаншудай қадалып, сыртқа атып шығады. Шыққан бетте кермедегі атына қарғып мініп, белдеудегі құрықты ала салып, ашуға булыққан қалпы Құтжанның көк мойындарын сатырлата сауырлап қуа жөнеледі ғой. Сөйтсе, бір шетте Құтжанның өзі де, жанында үш-төрт серігі бар, жолаушылап келе жатса керек. Құтжанды көрген бетте Тоқа, амандық жоқ, саулық жоқ: «Әй, Құтжан, мына ел-жұрт қыс құрсауынан құтылып, жаздың аз күнгі қызығын көрудің орнына малыңның аяқасты болды ғой!» – депті.

Тоқаның «әй» деп бастаған өктем сөзіне шамданып қалған Құтжан сол жерде: «Тоқа, осы сен жер қорып қайтесің?!» – десе керек. Мұнысы Тоқаның малының жоқтығын емеурін еткені еді дейді. Бұған Құтжанның серіктері мырс-мырс күлген болады. Мұндайға шыдайтын Тоқа ма: «Ал, сен мал қорып қайтесің?!» – деп қарымта сөз айтып қалады ғой. Мұнысы Құтжанның баласының жоқтығын бетіне басқаны екенін сол жерде тұрғандар бірден аңғарады.

Әп-сәтте Құтжанның өңі бұзылып, тізгін тартып, кері бұрылған қалпы үн-түнсіз жүріп кетіпті. Сол бетінде, ауылына келеді. Ауылына келісімен жылқыдан бөлдіртіп алған қырық қысырақты айдатып барып, бір байдың бойжетіп отырған қызына сөз салдыртады ғой.

Содан, Құтжанның көкірегінде Тоқаның: «Сен мал қорып қайтесің», – деген сөзі шемеп болып қатып жүргенде, әлгі жас тоқалы босанып, арыстай ұл табады. Ұл дүниеге келісімен Құтжан дереу бір жігітін арнайы жұмсап, Тоқадан сүйінші сұратады.

Сонда, Тоқа сүттей ақ бір жылқыны алдыртып, кекіліне үкі байлатып, сонсоң өзінің күмістелген ер-тұрманын салдыртып, сүйінші сұрай келген жігітке: «Құтжанға айтып бар, көңіліне көлеңке сақтамасын, оның перзент көрмей жүргенін Құдайдың есіне мен салмасам, мұндай қуаныш болмас еді!» – деген екен.

Содан Тоқа мен Құтжан өле-өлгенше жұптары жазылмай сыйласып өтіпті.

Міне ғаламат! Кісіліктің биік өресі! Қимастық пен сыйластық!

«Құрмет» деген әңгімеде де қазақ арасында бұрын үрдіске айналған, бүгінде ұмытыла бастаған ата-енесі бар үйде келіні төрге шықпайтын әдеттің беріктігі суреттеледі.

«Бірде, киіз үйдің көлеңкесінде домбыраға тиек жонып отыр едім, көрші үй жақтан: «Қайным!» – деген дауыс естілді. Қарасам, Ырыс, киіз үйдің есігінен басын ғана шығарып, мені шақырып тұр. Шілденің ыстығында көлеңке іздеген жылан, бақа, кірпі сияқты жәндіктердің киіз үйге кіріп кететіні болатын. Сондай бірдеңе ме деп, жүзгіріп келсем, Ырыс: «Тәрде жатқан атамның шапанын керегенің басына іліп бер-ші!» – деп қиылады. Мұнысын мен әзілге балап: «Ой, сөзің құрысын, бірдеңе болып қалған екен десем!» – деп бұрылып кете бермекіші болдым. Сол кезде Ырыс шыншыл қалпымен: «Ойын емес, өтінемін, ата-енемді көрші үйлер қымызға шақырып кетіп еді. Күннің ыстығы мынау, келгенше отыратын орындарын қағып-сілкіп, іргені түріп, үйді салқындатып қояйын деп едім. Нең кетеді, атамның шапанын іліп бере қойшы!» – деп одан бетер қиылады.

Ырыстың жүзінен де, сөзінен де әзіл-қалжыңның нышаны білінбейді. Мен әлденені түсінбей тұрған қалпымда таңырқап: «Өзің неге ілмейсің?!» – деппін.

Сонда Ырыс өзгеше бір байсалды қалыпқа түсіп, айтуға болмайтын киелі құпияны амалсыз айтып тұрғандай, дауысы дірілдеп: «Онда... онда, атамның жағасына қолым тиіп кетеді ғой!.. Олай етуге болмайды ғой!» – деді».

Әңгімені оқып болып, қазіргі қазақ келініндегі осы мінезді сағынасың... Көңіліңді мұң басады.

«Қалыңмал және жасау» атты әңгімеде Телғозының Шоңының басынан өткен бір оқиғаны баяндайды.

«Шоң бір ғана некелі болған адам. Жұбайы Әйімкүл – сармантай Азынаның қызы. Ол да ақылына көркі сай, айрықша жаралған парасатты жан болатын. Шоң екінші, тіптен үшінші әйелге үйленем десе даңқы да, дәулеті де жететін адам. Бірақ, Әйімкүлдің қадірі артқаны соншалық, оның көңіліне көлеңке түсіруді қош көрмеген. Сол кісінің төрт

перзентінің кішісі Ұрқияға Аққошқардың Әлкені құда түсе келеді. Шоңкеңдер сияқты бұлардың да елі отырықшылыққа бейімделген. Қорғалжын көлінің ұңғыл-шұңғылына бауыр басып, жатақтана бастаған ел. Байлық-дәулеті де ешкімнен олқы емес. Заманында қарағайдан жер үй соқтырып, Ірбіт жәрмеңкесіне кіре тарттырған сайдалы Аққошқардың ұрпағы зой. Сөйтіп Шоңкең сол Аққошқардың Әлкенімен құда болуға келіседі.

Межелі уақыт жетіп, Ұрқия ұзатылады. Қызын құтты орнына қондырып қайтуға Әйімкүлдің өзі бас болып қамданады. Құдалықтың сыны мол болады деп, жанына тарақты Бек шешенді ертеді.

Әлкен бай үш әйел алған адам екен. Құдаларын алғашқы күні бәйбішенің үйіне түсіреді. Айтқанша болмайды, еміздікті сабадан сарыала тегенеге қымыз құйылып, құлаштай сапырылып, қонақтарға сырлы аяқпен қымыз ұсыныла бастайды. Жай ұсынылмайды, даудырлаған біреуі: «Бұл – құдаларға арнайы әзірлеген құнан қымыз, жол соғып, шөліркеп келдіңіздер зой, құнан қымыздан ала отырыңыздар! – деп, желпіне сөйлеп отырады. Онымен де қоймайды, даудырлап отырып: «Бұл – құнан қымыз зой алыңыздар! Өзі, сіздің елде құнан қымыз, дөнен қымыз деген болушы ма еді?» – деп, қағымпа сұрақ қояды.

Сонда, Бек отырып: «Е-е, қымыз жарықтық көптің асы зой, біздің елдің адамдары бір үйден бір үйге қонақтап жүріп, күндегісін күнде ішіп тауысады. Ал, бермеген иттің үйінде бесті қымыз да тұратын шығар, кім біліпті!» – дейді. Әлгі даудырлақ сол жерде аузына құм құйылғандай болып, қайтып қымызды сөз етпейді.

Ертеңінде Әлкен бай құдаларын тоқалының үйінде күтеді. Тоқалы бәденділеу адам екен дейді, бай алдындағы бағасын білетін болу керек, қонақтарды еркін-ерке қылықпен қарсы алып, жайдары мінезбен қызмет көрсетеді. Әлсін-әлсін әзіл сөз айтып, сыңғырлай күліп, былайғы жұртты да еліктіріп, құдалықтың шырайын келтіріп отырады. Мұндайда қағымпа сөздің, өткір қалжыңның тиегі ағытылатын әдеті. Бір мезгілде ауыл адамдарының бірі Әлкеннің ақ тоқалын көтермелеп, ондай тоқалдың болғанын дәрежелеп отырып, құдаларына тиісе тіл қатады: «Уа, құдалар, осы сіздің жақтың мырзалары неше әйел алады?» – деп сұрақ қояды. Бұл сұрақтың Шоңкеңді емеурін етіп қойылғаны, ол кісінің бір ғана Әйімкүлмен отасқанын мезгеп отырғаны сол жерде беп-белгілі болады.

Сонда, тағы да Бек отырып: «Е-е, біздің жақтың мырзалары сатпақ қылып көп әйел алғаниша, аппақ қылып бір әйел сүйген жақсы деп, бір ғана әйел алады», – дейді. Бұл жолы да, тоқалды мақтау сап тыйылып, тоқал жайы қайтып сөз болмайды.

Сол күні түс қайта келіннің отауы көтеріліп, келін мен күйеу оң аяқпен босаға аттап, шашу шашылып, бата берісіп, біраз жол-жоралғылар мен ырым-кәделер жасалады. Сонсоң ғана, қатын-қалаштың тағатын тауысып, сабырын алған «келіннің жасауын ашу» рәсімі басталады. Жалғыз қызының жасауын Әйімкүл де қапысыз қамдаған болу керек, әрбір тең шешіліп, әрбір буыншақ-түйіншек ашылған сайын құда-құдағилардың көңілдерін аулау үшін арнайы салынған сый-сыяпат үлестіреді. Бар болып, алысып-беріскенге не жетсін, құндыз ішік киген құда да, торғын шәлі жамылған құдағи да, күміс білезік салған құдаша да көңілдері жадырап, мәре-сәре болысады.

Дегенмен, мұндайда көптің көңілінен шығу оңай емес. Келіннің жасауы әбден ашылып, небір асыл бұйымдар мен атаулы мүліктер үй ортасына үйіліп болған кезде ауыл әйелдерінің бірі дауысын көтеріңкіреп тіл қатады: «Ой, тәйірі-ай, Шоң-Шоң дегенге өле жығылып жүрсек, бәрі де өзіміз көрген дүние екен зой!» – дейді.

Бұл сөздің айтылуы мұң екен, үй ішінің ду-дуы сап тыйылып, отырғандар «е, солай екен-ау» дегендей бір-біріне қарасып, бір сәт үнсіз қалысады. Сонда, Бек шешен жәткірініп алып, еңсесін тіктеп: «Е-е, құдалар, өлместі Құдай жаратпайды, тозбасты ұста соқпайды. Бұл дүниедегі адам қолымен жасалған асыл осы жасаудай-ақ болсын. Егер, сайтанды тұзақтап, о дүниеден әкелген бұйымдарың болса, оны көре жатармыз. Болмаса, мал – өледі, дүние – тозады деген, біз асылымыз бен ардағымыз деп, сіздер көріп-білмеген Әйімкүлдің көзін, Шоңкеңнің сөзін алып келіп отырған жоқпыз ба?!» – дейді.

Осы кезде сөзге Әлкен құданың өзі араласады: «Беке, жөн айтып отырсыз. Тойдың көркі базына сөз зой, көңіліңізге алмаңыз. Сіздің, біз көріп-білмеген «Әйімкүлдің көзі» дегеніңізді түсініп, құп алдық. Айтып отырғаныңыз келініміз Ұрқияжан зой. Дұрыс-ақ. Ал, «Шоңкеңнің сөзі» дегеніңізді біле алмай қалдық. Арнайы жеткіз деген сәлем-сауқаты болса айта отырыңыз!» – деп өтініш етеді.

Бек шешеннің де күткені осы сәт болса керек. Сол жерде, жанындағылардан иығын асыра жүрелей отырып алады да, камзолының қалтасына қол салып, орыстың бір сомдық сөлкебайын (целковый) шығарады. Сонсоң, таң-тамаша болып отырғандарды бір барлап алады да, жүзін Әлкен құдаға бұрып: «Шоңкең сәлем айтып, мына бір сауқатын беріп жіберді. Сіз жақтан келген қалыңмалды біз жақта әзірленген қыздың жасауына шаққанда, бір сом сөлкебай айырмасы болған екен. «Қызым Ұрқияжанды қалыңмал беріп сатып алдым демей, баламды баласымен тең ұстасын!» – деп, мына сөлкебайды арнайы беріп жіберді?!» – дейді зой.

Сонда, сайдалы Аққошқардың Әлкені қолына алған тиынды әрі-бері аунатып отырып: «Жөн-жөн, жөн-ақ қой! Бұйтпесе Шоңкең бола ма?!» – деген екен».

«Жырау» атты әңгімеде әкесінің жылдағы әдеті – соғым сойылған соң арнайы ат-шана жіберіп, қиян шеттегі ауылдан тама Бұралқы жырауды қолқалап шақыртып алатынын, шешесі екеуі екі жақтан бәйек болып, қас-қабағына қарап, тәтті-дәмділерін аузына тосып, жандары қалмай күтетінін айтады.

«Бұралқы жыраудың арғы-бергі жыр-дастандарды, шешендік даулар мен нақыл-өсиеттерді, ақындар айтысын, шежірелік аңыз-әңгімелерді сыпырып-сыпырып көкейіне құйып алғанына осы күнге дейін таңмын. Әйтеуір, Бұралқы жыраудың жұрт қолқалап сұраған сөзді «білмеймін» деп айтпай қалған кезі жоқ.

Жырау алдымен «Орал қызды» айтты. Мұнан әрі тыңдаушы жұрт: «Енді Майасармен айтысыңызды естісек», «Ойбай, Жолдыкеймен айтысы да керемет қой», «Айтыстың көкесі Біржан мен Сара емес пе?!» – десті. Қыстың таңы ұзақ, Бұралқы жырау әдеттегідей көптің сұрауын аяқсыз қалдырмастан, сол түні әлгі аталған үш айтысты да айтып шығады.

Ертеңінде кешкі шайдан кейін Бұралқы жырау «Дарига қыз», «Жұм-жұма», «Сал-сал» сияқты діни қисса-дастандарды айтты. Тыңдаушы қарттар жырды тыңдаған сайын тұнжырап, мына қызылды-жасылды дүниенің алдамшы екеніне енді ғана көздері жеткендей болып, құдіреті күшті Жаратушының мәңгілігін біржола мойындағандай, үнсіз ғана бастарын шұлғиды. Ал, шешей болса, ауыз үйде еттің нанын жаймалап отырып, көзінің жасын сығып-сығып алады.

Осы кезде әкей қонақтарын бір серпілтпек болып: «Апыр-ай, Бөке-ай, өзіңізді де, бізді де аясаңыз етті! Тамтығымыз қалмады ғой, мұттем! Енді кішкене дем алыңыз, менің мына балам «Толағай» деген қысасын оқып берсін», – деді. Сонсоң, маған мойын бұрып: «Бол, шырағым, қайда әлгі кітабың? «Толағайды» оқып бере ғой», – деп нығарлай түсті.

Әкейдің «Толағай» қысасы деп отырғаны «Қазақ әдебиеті» оқулығындағы Әбділдә Тәжібаевтің поэмасы.

Мен лып етіп орнымнан тұрып, шешей тігіп берген киіз қалтадағы кітаптарымды олай қараймын, былай қараймын «Қазақ әдебиеті» оқулығым ұшты-күйлі жоқ. Айналырған екі-ақ бөлмелі қоржын үйдің ішінде шырқ үйірілдім. «Болсайшы, әй!» – деп, әкей бір жағынан дігерлеп қояды. Әбден есім шықты. Сан-сапалақ ой одан сайын абдырата түсті.

Содан, әкей отырған жерге келіп, іргені түріп, төсеніштердің жапсарын көтеріп, сасып-нысып кітабымды іздей бастағаным сол еді, жо-

ныма қамшы өрімінің шып ете түскені. «Үйбай-ай!» – деп, мен шыр ете қалдым. Сөйтсем, әкей екен: «Өй, адам болмайтын неме, сол! Кітабын жоғалтқаны несі!» – деді.

Сол жерде күтпеген оқиға болды. Алдымен, Бұралқы жыраудың: «Әй, Сейдімбектің баласы! – деген дауысы саңқ ете қалды. Жалт қарасам, жыраудың өткір жанары шыңырау түбіндегі судай жылт-жылт етіп, әкейге қадалып отыр екен. – «Иесін сыйлағанның итіне сүйек сал» деген, мен отырғанда балаңа неге қол көтересің?!» – деді.

Әкей: «Ойбай-ау, Бөке-ау, сіз тыныс алсын дегенім ғой!» – деп ақтала бастап еді. Бұралқы жырау дауысын кілт бәсеңдетіп, біртүрлі торыққан үнмен: «Ой, сөзің бар болсын, бар болғыр! Онысы несі-ей! Іздегенің «Толағай» болса, ал тыңда!» – деді де, домбырасын қағып-қағып жіберді. Содан, қос ішекті бебеулетіп, қайдағы бір сұңғыла сарынды сұңқылдатып келді де:

«А-а, дүние қарап тұрсам бір кең сарай,
Сарайға көзім талды-ау қарай-қарай.
Тағдыр мен Тәңіріге өкпелеме,
Өзінен ер жігіттің бақ пен талай!» –

деп, жыр нөсерін төге жөнелді.

О, гажап! Жуырда ғана «Толағайдың» бір тарауын жаттап алып, сабақта «бес» деген баға алған болатынмын. Жыраудың айтып отырғаны сол «Толағай», бірақ, сөзі де, буыны да мүлде бөлек. Сөйтсем, Бұралқы жырау «Толағайды» тыңнан толғап, өзінің жырлап отыр екен ғой.

...Кім білсін, жастық шақта адамның сезімі ұшқыр, қиялы қанатты бола ма екен?! Жоқ, әлде, Бұралқы ақсақалдың шынымен құдірет жырау болғаны ма?! Әйтеуір, сол кеште менің көкірегіме ұялаған Толағай батырдың бейнесі күні бүгінге дейін бір мысқал көмескі тартар емес. Туған жері үшін жасалатын құрбаныш ерлік, туған елге деген перзенттік махаббат сондай-ақ болар!».

«Ұрпақ» атты аңызға бергісіз баянда көршідегі Бәтінш апайдың елден ерекше қылық-қасиеті болмаса да, ол кісіні, әсіресе, ауылдың үлкендері айрықша сыйлап, құрмет көрсетіп отыратыны, сөйтсе ол кісінің жүрегінің жазылмас жарасы, көкірегінде сейілмес қасіреті бар екенін анасының айтып бергені айтылады.

«Әйгілі отыз екінің аштығы ғой... «Жұт жеті ағайынды» дегендей, сол жылдың қысы да аққұла қаһарланып басталды. Апталап соққан ақтүтек боран төңіректі кебінге орағандай етіп, қасат қармен көміп тастағаны есімізде. Жылдағы әдетпен қиян шеттегі «Жалпаққора» деген жерді қыстап қалған жеті-сегіз жанұя, ішінде Бәтінштің де әулеті

бар, тағдырдың тұзағына іліккендей күй кешеді. Қарға адым жерге аттап шыға алмайды. Тігерге тұяқ жоқ, ішерге тамақ жоқ.

Ол кезде Бәтіш – солқылдаған жас келіншек. Ата-енесі, күйеуі және екіге келіп қалған баласы бар. Бұлармен бірге бір қораның ішіндегі бөлек есікте Бәтіштің жалғыз ағасы мен жеңгесі тұрады. Оларда да екіден асыңқырап қалған бір ұл бала болады.

Содан не керек, қыс ортасына ілігер-ілікпестен-ақ ауылда адам шығыны бола бастайды. Бәтіштің ет жақындарынан әуелі ата-енесі қайтыс болады. Мұнан соң, араларына бір апта салып, ағасы мен жеңгесі көз жұмады. Олардың артында қалған баланы Бәтіш өз қолына алды. Сөйтіп жүргенде, бетіне қарап отырған жалғыз сүйеніші – күйеуі де қайтыс болады. Бәтіш екі баланы бауырына басқан қалпы жалғыз қалады...

Енді қайтпек?! Иесіз таудың қуысындағы қарға көмілген қыстауда өлім күтіп отыра бермек пе?! Қарап отырып өлгенше, бір әрекет ету керек! Бәтіш осындай ойға келеді де, «Жалпаққорадан» он шақты шақырым жердегі Ақтасты қыстауына барып, сондағы нағашы ағасын паналамақ болады. Өзінің жолға қамданып, алдымен екі баланың киім-кешегін дайындайды. Оппа қарда екі баланы қобыратып көтеріп жүре алмайтыны белгілі. Қол шана да табыла қоймайды. Содан, аяқ астында жататын бір тулақ болады екен, соған орап алған екі баласын сүйретіп жолға шығады ғой. Өзі аштықтан әлсіреген адам, оның үстіне ақсақ ойылма оппа қар, жол ортасына жетпей-ақ Бәтіштің әл-дәрмені таусылады. Екі бала қатар шырылдап, олар да бір жағынан есін шығарады.

Сол жерде, бір сұмдық ой Бәтіштің көкірегін тіліп өткендей болады. Бұл қалпында мидай далада үшеуі бірдей текке өліп қалары хақ. «Бәлкім, екі баланың бірін қалдыра тұрып, екіншісімен ауылға аман жетсем, ол ауылдан бір көлік-мөлік табылар, қайта айналып келудің орайы болар» деп ойлайды. Ойлауын ойлағанмен, ет жүрегі езіліп аяғының басына түскендей болып, есеңгіреген қалпы отырып қалады.

Біраздан соң Бәтіш есін жиып, өзіне-өзі келгендей болып, тәуекелге бел буады. Екі баланы қимағанмен бола ма, бұлай босаңсыса, үшеуінің бірдей қатып қалатыны айдан анық. Тіптен, бір баланың өзімен нысана еткен жеріне жете ала ма, жоқ па оның өзі екіталай. Сонда, екі баланың қайсысын қалдырып кетпек?! Бірі – өзінің өзегін жарып шыққан перзенті, екіншісі – жан ағасының тұяғын жалғар жалғызы.

Осылайша, салы суға кеткендей сенделіп отырып, Бәтіш тағы да бір шешімге бекінеді. «Егер, Тәңір жарылқап, басым аман болса, бұйырған перзентті әлі де көре жатармын... ал, жалғыз ағамның тұяқ жалғарын қалдырып кетсем, бір әулеттің түтіні үзіліп қалады ғой... ақталмас күнә

мен арылмас өкініш сол болар!» – деп ойлайды. Ақыры осы ойы жеңіп, өз баласын қардың ықтасынына қалдырады да, ағасының баласын қойнына тығып жүріп кетеді. Бәтіш осыны айтқанда: «Тар құрсағымды кеңітіп, тас емшегімді жібіткен тұла бойы тұңғышымды өз еркіммен ақ қар, көк мұздың құрсауында қалдырып кеттім-ау!» – деп аһ ұрғанда күні бүгінге дейін көз жасына ие бола алмай қалады...

Сөйткен Бәтіштің үміті ақталып, тілегі қабыл болды ғой. Заманның беті бері қараған соң қосылған екінші күйеуінен торсықтай-торсықтай бес ұл көрді. Жалғыз ағасының көзі анау, зіңгіттей жігіт болған...».

Әңгімені оқып отырып, осындай мінезді ананы ойша іздейсің, таба алмаймын-ау деп күмәнденесің, өзегінді ұмытылған кісілік өртейді.

Бұл әңгімелер, сөз жоқ, Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихын» толықтырып, молықтырып тұр.

Жазушы Айгүл Кемелбаева бұл кітапты былай бағалапты: «Тәуелсіздік алғалы қазақ атаулы түп-тегін іздеп, шежіре қуалап жазуға көшті. Сол көп шежіренің ішіндегі таңдаулысы – күмәнсіз Ақселеу Сейдімбектікі. «Қазақтың ауызша тарихы» – классикалық һәм энциклопедиялық еңбек. Ұлттың бағына біткен кітап. Қазақ сахарасы бұл асыл кітапты аңсап күткен. Ендеше, Ақселеу Сейдімбек Прометейдің ерлігін жасап кетті».

III. ҚАЗАҚ ҚАМЫ

Қазақтың тегі

Г.Селье: «Түркі тілдес халықтардың этногенезін кешенді тұтастықта қарамай тұрып, бүгінгі өз алдына жеке-жеке отау тігіп шыққан бұл халықтардың тарихи тұлғасын тану мүмкін емес. Егер, тышқанның неменеге ұқсас екенін білу үшін әрбір клеткасын микроскоппен қарайтын болсаңыз, оны еш уақытта оны тани алмайсыз. Дәл сол сияқты, әрбір тасын химиялық анализден өткізу арқылы готика ғибадатханасының таңғажайып бітімін танып-білуіңіз де мүмкін емес» – деген.

Өз сөзі: Байырғы түркілер шығысты көк түспен белгілесе, батысты – ақ, солтүстікті – қара, оңтүстікті – қызыл түспен белгілеген. Сөйтіп, Тәңірдің көзіне балаған Күннің шығар тұсына көк түсті лайық деп білген; Көк – Тәңір сөзінің баламасы, Тәңір – дүние-тірішілік атаулының жаратушысы, ең құдіретті иесі.

...Адамзат баласы дамуының қияннан басталған қиын жолын мың шақырым деп алар болсақ, соның 990 шақырымы табанын тасқа тілдіріп,

маңдайын күнге күйдіріп, аш-жалаңаш, жаяу шұбырғандардың еншісіне тиер еді. Мұнан кейінгі 9 шақырымды бірі ит пен бұғы жегіп, бірі түйе мен өгіз мініп, санаулылары ғана атқа тақымын тигізіп жүріп өткендей. Ал, XX ғасырдың ең жүрдек көлігін мінген замандастарымыздың жүрген жолы жаңағы мың шақырымның ең соңғы бір шақырымы ғана болып шығады.

...Дүние дидарында жат румен, бөтен тайпамен, тіптен, басқа нәсілмен қаны араласпаған ұлт жоқ деуге болады. Бір сәт логикаға дес берілер болса, адамзат баласы Адам-ата мен Хауа-анадан өрбіді деп келетін мифке илануға тура келер еді. Неге десеңіз, ру-тайпалар мен ұлттарды былай қойғанда, егер, нәсілдер бір-біріне қатыссыз, дербес пайда болды десек, онда барша адамзат баласы биофизиологиялық қасиеттері жөнінен неге бір тектес? Әртүрлі нәсілдер бөлек-бөлек пайда болса, бөлек-бөлек пайда болған жылқы мен түйе сияқты бір-біріне неге ұқсамай жаратылмаған?

...Мына тұрған орта ғасырда тарих сахнасында аты аталған қазақ халқы бір күнде көктен түскен жоқ, өзіне дейінгі ұзақ тарихтың әлеуметтік саяси толғауларының арқасында пайда болған.

...Меніңше, Шыңғыс хан бастаған моңғолдар деп жүргеніміздің дені, басым көпшілігі – кейін қазақ халқының шаңырағын көтерген рулар. Тарихтың қисыны да, барша тарихи дерек те осы ойға қайшы келмейді.

Ең көне деректердің бірі «Алтын топшы» атауы дәл осы үндестігінде, дәл осы мағынасында қазақ тілінде айтылады.

Тағы бір ескеретін жай тек қана жазба мұралармен шектелмей, «қазақтың ауызша шежірелерін де тарихи дерек ретінде қарастыратын мезгіл жетті. Әсіресе ру, адам аттарын анықтауда өлеңмен баяндалған шежірелердің деректік құны айрықша».

Қойшығара Салғараұлы айтқандай, Ақселеу Сейдімбек еңбектерінің ұдайы «қазақ» деп басталып отыратыны бекерден-бекер емес. Ол қазағын жанындай сүйеді, қазағы өркениет көшінде кейіндеп қалмаса екен, мынау тайталас заманда бәсекеге қабілетті ұлт болып жетілсе екен дейді. Ол үшін қазақ өз тарихын, шежіресін, өнерін жете танып алса дейді.

Өз сөзі: «...Нағыз ұлт болып қалыптасқан елдің өмір-салтынан бастап, рухани болмысына дейін төлтума (самобытный) қасиетімен дараланады. Яғни, нағыз мәдениет ешкімді қайталамайды, ешкімге еліктемейді. Еліктеудің шын аты – қайталау. Рухани сұғанақ (плагиат) болған ел, біріншіден, өзінің болашағынан айырылса, екіншіден, өзгенің асылын малыылайды.

...Қазақ халқының ру-тайпалық құрылымының жүзге бөліну тәртібі этникалық ерекшеліктің емес, өмір-салт, дүниетаным және әкімшілік-аумақтық ерекшелігінің айғағы екені алдымен ден қойдырады.

Үш жүздік бөлікті кейбір зерттеушілер «үлкен ата, ортаншы ата, кіші ата ұрпақтары» деген ұғыммен ұштастырады. Енді бірі «бағытты білдіреді» дейді. Мәселен, «жүзімді құбылаға қарату» деген мағынада. Келесі зерттеушілер Алаша хан аңызына ұқсас деректі көлденең тартып, жүз-жүз жігіттен бастау алған рулар деген болжамға иек сүйейді.

Менің ойымша жүз атауы тәңірлік дүниетанымнан бастау алады. Тәңірлік наным-сенім түркі тілдес тайпалардың діні ғана емес, сонымен бірге өмір-салты да. Тәңірлік наным-сенім бойынша Тәңір – шексіз көк аспан, мәңгілік танылмас космос. Сол киелі көк аспанның ең ұлы айғағы – Күн. Иісі түркілер әлі де Күнді Тәңірдің көзіне балайды. Киіз үйлер әлі де күннің шығысына қаратып тігіледі. Әлі де шешелеріміз шығар күнге ақ шашып, тәу етеді. Әлі де келін босаға аттағанда ошақтағы отты күннің сынығына балап, оған май құяды. Әлі де баланы бөлерде бесікті отпен аластайды. Қысқасы күнге табыну, күннің сынығы деп есептейтін отқа табыну – Тәңіріге табыну.

Еуразияның Ұлы Даласындағы қарға тамырлы көшпелілер үшін қай елдің қай бағытта екенін, қай рудың қалай орналасқанын біліп отырудың мәні ерекше болған. Қозғалыс көшпелілердің өмір сүру тәсілі. Ал, бағдар белгілеу, ондағы ел-жұрттың мекен-тұрағын білу өмірдің қажеттілігі. Міне, осы орайда дүниені бөлшектеп қарау дәстүрі әдетте Тәңір құты – Күн жолы бойынша белгіленген. Мәселен, оның жарқын айғағы қазақтардың бағдар белгілеуінде күні бүгінге дейін сақталған. Кез келген қазақ бағдарын білу үшін бетін шығар күнге қаратады да, маңдай алдын – шығыс, ту сыртын – батыс, оң қолын – оңтүстік, сол қолын – солтүстік дейді.

Яғни, кеңістікті күн жолы бойынша бөлектеп таныған көшпелілер күн жақтағы тайпаларын «Ұлы жүз» деп атаған. Себебі, Тәңірдің көзіне жуық мекен, яғни, Тәңірің көзі алдымен түсетін мекен Ұлы жүз болуы керек. Күн жолы бойындағы біртұтас этникалық бірлестіктің ортасы өзінен-өзі «Орта жүз», ал батыс өңірі «Кіші жүз» болады. Мұның өзі жай ғана бағдар анықтаушы емес, сонымен бірге әкімшілік-аумақтық белгінің қалыптасуына да себепші болған. Себебі, байтақ мекендегі жүздердің шарушылық-мәдени типтерінде географиялық бітім тудырған ерекшеліктер бар. Алайда, рулардың ілкімді аралас-құраласы, әсіресе жеті атадан арыға қыз беру дәстүрі ең алдымен ұлттың этникалық-мәдени біртұтастығын қамтамасыз етті».

Ақселеу Сейдімбек қазақ қамы үшін, оның тарихының бұрмаланып, «көшпелілердің бәрі жабайылар» дегенге саятын идеологияның үстем болғанын, оның бүгінге дейін жалғасып келе жатқанын айтып, ол пікірлерге төрт табандап қарсы тұрады, дәлелді пікірлерін айтады:

«Ақиқаттың монополиялануы ғана емес, сонымен бірге ақиқаттың жартықештенуі еш уақытта өзімен өзі бола алмайды. Бір сәт елестетіп көруге болады: егер сол ақиқатқа деген монополиялық өктемдік төсіңе өрлеп, басыңа шықса; саған ойлау құқың бұйыртпай, тек қана орындау хұқың бұйыртса; тек қана «мен жазған ішірткіні рухани дәру ет» десе; Батысқа ұқсаған бір жерің болса жілігі татып, ұқсамағанның бәрі жабайылықтың айғағы ретінде миыңа құйылса... Міне, осындай сұмдықтан кейін не болар еді?! Не болатынын бір ұлт білсе, қазақ білуге тиіс. Түптеп келгенде, этникалық мәңгүрттенудің тетігі де осылар. Нәтижесінде, мұндай этностың әрбір субъектісі екі ұдай сезімде болып, мәңгілік өз жүрегі өзіне шабуыл жасаумен ғұмыр кешеді. Оның емі – рухани азаттық және рухани жаңғыру. Ұлт үшін азаттық дегеніміз – өз еңбегінің өзіне бұйырып, өз жүрегіндегіні жасқанбай айта алуы. Өзгенің сені түсінбегені – жаман, ал өзіңді өзің түсінбегенің – қасірет. Бұрынырақта «Өзіңді өзің сыйласаң – жат жаныңнан түңілер» дейтін еді. Енді «Өзіңді өзің түсінсең – жат жаныңнан түңілер» десе тарихтың сұранымына сай келетіндей. Қазақ тіліндегі ғылыми кітаптар әлі күнге: «Қазақтар көшпелі тұрмыспен, мал шаруашылығымен шұғылданады... деп санаған Ресей ғалымдары» деген сөйлемдермен басталады. Ау, сонда, Ресей ғалымдары олай айтпаса, көшпелі өмір салтта болғанымызды білмес пе едік?! Әрине, білеміз. Бірақ, қарапайым ақиқаттың өзін өз атымен айтуға ыңғайсызданатын психология қия бастырмай тұр ғой. Тәннің емес, жанның, дәлірек айтқанда, сананың құлдығы деген осы.

...Қазіргі жер басып жүрген қазақтар Батыстан Шығысқа қарай аттанғандардың бәрін ұлы қолбасшылар ретінде танып, олардың үрім-бұтақ, зәу-затына дейін жаттап өсті. Ал, Шығыстан Батысқа қарай жорық жасағандар шетінен жабайылар, қанішерлер ретінде ұрпақтар санасына сіңірілді».

Ақселеу қазақ тарихын зерделегенде «қазақ несімен ерекше?» деп өзіне-өзі сауал қояды да, араларын 8-10 мың шақырымдық құрлықтар бөліп жатқан Шынжаң қазақтары мен Анадолы түріктерінің аудармасыз түсінісетінің қазақтың басты ерекшелігі деп таниды.

Өз сөзі: «Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінің әрі қоғамды реттегіш, әрі адам сапасын шыңдағыш киелі-құқықтық сипаттарын, эпос түрінде көрініс тапқан асқақ рухтан, ақын-жыраулар поэзиясындағы қағанаттық өрлік пен эпикалық қарым-қуаттан, ән-күй өнеріндегі өмірпаз сұңғыла сарындардан айқын аңғаруға болады. Осынау ұлы қасиеттер қазақ халқы бодандық тұзағына түскен XVIII ғасырдан бері ұдайы шектеу көріп, ұдайы тыйым-тежеуге ұшырап келді. Былайша айтқанда, қазақ халқының ұлттық төлтумалығына бодандық кезеңде

толассыз репрессия жасалумен болды. Сөз жоқ, қазақ ұлтын мұндай зұлматтан аман алып шыққан ең басты құдірет те сол әдет-ғұрыптары, сол салт-дәстүрлері, сол жол-жоралғылары, сол жөн-жобалары еді. Демек, қазақ ұлтының жаны да осы қасиеттерге ұялаған деуге болады».

Ақселеу қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі құндылықтарына уақыт талабына сай елеулі өзгерістер енген XVIII-XX ғасырлардың деректеріне болашақтағы ізденуші-ғалымдар жүйелік ыңғаймен (системный подход) қарауы тиіс деген ойды айтады:

...XIX ғасырдың екінші жартысында сыртқы күштің зорлығымен жүзеге асқан әкімшілік және сот реформалары қазақтың дәстүрлі этноәлеуметтік институттарына елеулі өзгерістер енгізді. Бұның өзі қоғамдық өмірді реттеуге бағытталған дәстүрлі құндылықтардың солғын тартуына себепші болып, этностың өздік санасының (самосознания) табиғи дамуына салқынын тигізді. Сөйтіп, қазақ халқының дәстүрлі этникалық болмысы сыртқы өктем күштің ықпалымен жүзеге асқан саяси-әлеуметтік өзгерістерге бейімделуге мәжбүр болды. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақтың дәстүрлі қоғамы туралы белгілі бір ой қорыту үшін XVIII-XX ғасырлар дерегіне үлкен талғампаздықпен қараған абзал».

«Көшпелі өмір-салт деген – тек ғана ұжымдасу, мүдде-мұрат біріктіру арқылы мүмкін болатын әлеуметтік құбылыс. Ал, көшпелі өмір-салт жағдайында ұжымдасу, мүдде-мұрат біріктіру арқылы қалыптасатын өмір-салт өзінен-өзі ру-тайпа жүйені дүниеге келтіреді. Себебі, ұжымдасу (қауымдасу) үшін алдымен ет жақын туыстар, одан әрі көрші-қолаңдар бір мақсат жолында бас біріктірулері керек. Яғни, қауымдасудан бастау алатын ру-тайпалық жүйе – көшпелілер үшін бақытты өмір сүрудің алғышарты».

Ақаң осы орайда қазақ қоғамындағы дәстүрдің рөлін ерекше болғанын атап кетеді:

«Дәстүрлі қазақ қоғамында «ноқта ағалардың» жолы айрықша мәртебелі болғанын атап өткен жөн. Осы орайда, үш жүздің «ноқта ағалары» – жалайырдың да, тарақтының да, табынның да таңбаларының бірдей тарақ таңба болып келуі және бұл таңбаның төре таңбасымен тектестігі назар аудартады. Шежірелік және фольклорлық-этнографиялық деректерде «ноқта ағалары» ру-тайпалардың ел басқару ісіне жиі араласатыны, бітім-мәміле кезінде ноқта ағалық жөн-жобаның ілтисипатпен ескерілетіні, әсіресе, жол-жора жасалғанда «ноқта ағаларға» айрықша құрмет көрсетілетіні айқын байқалады. Мәшіһүр-Жүсіп төре жоқта «ноқта ағалары» төрелік ететінін айтады».

«Қазақтың туысқандық жүйесіне төлтума сипат дарытатын тегеурінді тетік ретінде, ең алдымен, жеті атаға дейін, яғни, жеті буын ұрпақ алмасқанға дейін қыз алыспайтын дәстүрді бөле-жарып айтуға болады. Жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрін ұстанатын қазақтан басқа этностың жер бетінде бар екенін біз біле алмадық. Бұндай дәстүрдің орнығуына себепші болған тарихи екі алғышартты алдымен атап өткен жөн. Біріншісі – адамдарды тектендіруге, яғни, тұқымын жақсартуға байланысты, екіншісі – көшпелі өмір-салттағы қазақ қоғамын әлеуметтік-саяси және мәдени-рухани тұрғы да біртұтас жаралым етуді көздеуден туындаған ұстаным. Сөз жоқ, жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі қазақ қоғамындағы туысқандық байланыстар аясының мейлінше кеңеюіне бірден-бір себепші болған фактор».

«Ұлттың ұлы бірлік идеясынан туындаған шежірелік дерек бойынша Орта жүздегі иісі найман атаулы Ұлы жүздің Әлпеш деген қызынан өрбиді. Дәл сол сияқты, Орта жүздегі қалың арғынның түп аналары Кіші жүздің үш қызы екені айтылады. Осы сияқты шежірелік дерекке қанық әрбір найман адамы Ұлы жүзді, әрбір арғын адамы бүкіл Кіші жүзді нағашы жұртым деп білген.

...Түптеп келгенде, қазақ халқын не тілінде, не ділінде, не дінінде, не өмір салтында айырым-өзгешелік жоқ, біртұтас этножаралымға айналдырған гажайып тетік болған фактор ретінде осынау жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрін атауға болады».

«Ел қамын, ұрпақ болашағын ойлаған даналар бұл мәселеге айрықша мән беріп, жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрінен қылдай ауытқымауды қырағылықпен қадағалап отырған. Еңлік пен Кебектің, Қалқаман мен Мамырдың аралары төрт-бес ата болғанына қарамастан, олардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі елдіктің шырқын бұзатын ауыр қылмысқа бағаланып, қатал жазаға ұшырайтыны да содан».

Қазақтың геніне қандай тараптардың қатысы бар екенін, уақыт пен кеңістік туралы көшпелілердің таным-түсінігінің ғаламдық ойға сәйкестігін автор дәлелді мысалдармен келтіреді:

«2004 жылы шығарылған зерттеу қорытындысы бойынша қазақтың 56 пайыздық гені – азиялықтарға, 44 пайызы еуропалықтарға; 17 пайызы тува, саха, бурят халықтарына тән Д галотобына, 13 пайызы – Франция, Англия, Германия тұрғындарына тән батыс еуропалық Н галотобына сәйкес келген. Яғни, бұл, қайсыбір замандарда қазақтардың Таяу Шығыс, Оңтүстік Еуропа, Солтүстік және Батыс Сібір, Скандинавия, Шығыс елдерімен, тіптен, Америка үндістерімен де қайсібір заманда байланыс-

та болғанын көрсетеді. Демек, Еуразия мен Африка құрлықтарындағы халықтар үшін 3-4 жыл бойы «Тәңірдің дырау қамшысы» атанған Ұлы Дала көшпелілері, сол көшпелілердің кіндік мекеніндегі қазақтардың атабабалары төңірегіндегі алыс-жақын елдерге тегеурінді ықпал еткен деген қисынға келеді».

«Күн, ай, жұлдыздар сияқты аспан денелерінің қозғалысын, ол қозғалыстармен тікелей байланысы бар жердегі өзгерістерді мұқият пайымдап, мол тәжірибе жинақтаған көшпелілер ең алғашқылардың бірі болып уақыт пен кеңістік туралы таным-түсінік қалыптастыра алды. Басқасын былай қойғанда, 12 жылдық жануарлар циклынан тұратын күнтізбені алғаш рет көшпелілердің ойлап тапқаны бүгінде әлемдік ғылыми танымда мойындалған ақиқат. Осы орайда айта кетуге болады, аспан денелерінің белгілі бір тәртіппен және қайталанып отыратын ырғақпен ұдайы қозғалыста болуы, бұл қозғалыстардың жер бетіндегі мың-сан құбылыстармен тікелей байланысып жатуы, мұның бәрінің қапысыз үйлесім табуы байырғы адамдарға гажайып бір құдірет иесінің саналы әрекетіндей әсер берген. Ол құдірет иесінің тұрағы аспан деп білген. «Тәңір» сөзі «аспан» деген мағына береді. Осылайша ең алғаш рет көшпелілер ортасында бір Құдайға сенетін трансцендентті таным-түсінік қалыптасқан. Мұндай ұлы идея тағы да сол көшпелілер арқылы төңірегіндегі елдерге тарап, нәтижесінде бір мезгілде деуге болатындай уақыт аясында әлемдік діндердің пайда болуына ықпал еткен».

Қазақтың шығу тегі туралы Мәшһүр-Жүсіпте мынадай дерек бар екен:

«XIX ғасырдың екінші жартысында ішінде Құнанбай қажы бар жүзден астам кісі Меккеде қажылық парызын өтеп жүреді. Олардан «сіздер кім боласыздар?» деп сұрайды. «Біз қазақпыз!» дейді. «Сіздердің тектерің туралы шежірелік дерек бар ма?» делінеді. Сонда қажылар өз арасынан Кіші жүз табын Досжан хазіретті Бағдат кітапханасына аттандырыпты. Досжан хазірет Бағдаттан қазақтың қайдан шыққаны туралы шежірелік құжат алып келеді. Ол дерек бойынша қазақ Өнес сахабадан тарайды екен. «Өнестен – Жабал, Құрақ. Онан – Мағаз, Мұрат. Онан – Бұхарбай, Сейіл. Онан – Ақшолпан, Құрай. Онан – Аламан, Алаш. Алаштан – Сейілхан, Жайылхан. Сейілханнан – сегіз арыс түрікпен. Жайылханнан – Майқы. Майқыдан – Өзбек, Сыбан. Сыбаннан – Айырқалпақ, онан – Қазақ пен Созақ. Созақтан – Қарақалпақ. Қазақтан – Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс».

Қазақтар туралы сол кездегі шетел зерттеушілері не депті? Италиялық зерттеуші Плато Карпинидің 1957 жылы шыққан кітабынан автор мынадай үзінділер келтіреді:

«Біз сөз етіп отырған адамдар, мейлі ақылгөй болсын немесе ақсүйек болсын, бәрі де ең алдымен ел басшысына бағынады, оның алдында өтірік сөз айтпайды. Олардың тәжікелесуі сирек, тіптен, ондай болмайды да. Сонсоң, төбелес, соғыс, ұрыс, жарақаттау, кісі өлтіру деген олардың арасында мүлде болмайды. Мұнда басбұзарлар мен қымбат мүліктерді ұрлайтындар жоқ. Сондықтан да, олардың бүкіл қазынасы тұратын киіз үйлері мен арбалары еш уақытта бекітілмейді, құлып салынбайды. Егер, бір мал жоғалса, оны тапқан адам не бос қоя береді, не таныған иесіне қайтарады. Малын жоғалтқан адам, сол малды тауып алған адамнан еш қиындықсыз алып қайтады. Бірін-бірі құрметтей біледі және өзара тату-тәтті тұрады. Рас, тамақтары айтарлықтай көп емес, бірақ барын шын көңілден бөлісе біледі. Сонымен бірге, олар айтарлықтай төзімді. Содан да болу керек, олар бірер күнгі аштықты елемейді, тіптен, нәр сызбаса да қыңқ етпейді, ойнап-күліп, әнін айтып, тоқ адамдай болып жүреді. Ат үстінде олар жойқын суықтарға шыдайды, сондай-ақ ми қайнатар ыстыққа да төзімді. Бұлар әбден шыныққан адамдар. Меніңше, оларда бірін-бірі қызғану деген болмайды. Олардың арасында бітіспейтін дау жоқ десе де болады. Бірін-бірі жек көру деген жоқ, қолынан келгенше біріне-бірі көмектесіп, барын бөлісіп отырады. Олардың әйелдері арына берік, әйелдің арсыздығы жөнінде тіптен сөз болмайды. Алайда, кейбір әйелдер әзіл-қалжың үстінде әжептәуір ұятты сөздерді айтып-айтып жібереді. Олардың арасында араздық жоққа тән, тіптен, мүлде жоқ деуге болады. Рас, бауыр көппе болып қызып алатын кездері бар, бірақ, қанша қызу болса да сөзге келмейді немесе төбелеске бармайды...

...Қымыз болса, олар тартынбастан жойдасыз көп ішеді. Сондай-ақ, қойдың, сиырдың және түйенің сүтін ішеді. Шарап, сыра және бал дегенді оларға жат жұрттықтар сәлемге беріп жібермесе немесе біреулер алып келмесе, өздерінде болмайды...

... Сонан соң, оларда ойнас жасағаны анық белгілі болған еркек пен әйелді бірдей өлтіретін заң бар. Сондай-ақ, бойжеткен қыз біреумен ашына болса, екеуін де өлім жазасына бұйырады. Егер, олардың жерінде біреу-міреу ұрлық-қарлық жасау үстінде ұсталса, онда сөзге келместен өлтіреді».

Қуанышбек Құрманғалиев былай дейді:

«...Акселеудің қай шығармасында болмасын қазақтың сонау заманғы ата-салт дәстүрі, әдет-ғұрпы, тұрмыс-күйі қызықтыра тартымды әңгімелейтіні сондай, кей-кейде өзінің сол ортада болмағанына опынып, өкініш өрті өзегінді өртеп, сан тарау асау сезім, алыпқашпа күйге бөленесін. Жазушы ондай сәттерді сұңғыла суреттегенде бейне бір оның өзін де сол оқиға болған ортадан жаңа ғана оралған кісідей қабылдайсың.

...Ол өз оқырманына – көп нәрседен бейхабар бүгінгі буынға ата салтын – халықтық қалпын сақтау жөнінде сыр шертуге сондай шебер-ақ.

Акселеудің өзге әріптестерінен айдыны асып, дара дарын иесі екендігін танытатын тұсы да осы қыры. Өйткені, мұндай этнографиялық сипаттағы әңгімелер көбіне-көп көпті көрген кейіпкер қарияның аузымен айтылады да, ол әдепкі әңгіменің қатарына қосылып, көңілге тоқыла бермейтіні бар. Ал Акселеу болса мұндай айтулы ата салт, ғұрыпты қиюын тауып, қисынын келтіріп, белгілі бір оқиғаға орайластыра, шығарманың сюжет желісіне қоса өріп, өмірі ұмытылмастай етіп жадына жазып қалдыруға бейім. Оның әңгімелері мен повестеріндегі толып жатқан тұрмыстық суреттер, бозбалашылық, жігітшілік, серілік, аңшылық пен құсбегілік, той-томалақ, өлім жөнелту, қыз ұзатып, келін түсіру, барымта, тағы басқа толып жатқан қазақ халқының ұлттық қадір-қасиетерін суреттейтін тұстары көңіл айнасына түсіп, ғұмыры ұмытылмастай ойыңа ұялап, санаңа сіңіп кететін сиқыры бар. Акселеудің қайсыбір шығармасында болмасын негізгі әңгіме арқауы аяқ астынан басталып кетеді де, оқушысының ой-санасын бірден өзіне баурап, еріксіз еліктіріп ала жөнелетіні де бекер емес. Оның сыры, жазушы қазақы ауызекі әңгіменің мақамын мейлінше жетік меңгерген. Оқушысын оқытып отырып ойланатындай оқиға желісін құруға өте шебер».

Акселеумен сұхбат ұйымдастыруға тапсырма алған Жанболат Аупбаевқа ол өзінің оқушы кезінен, студент шағынан бастап жазып, ұқыптап сақтаған жазбаларын көрсетіпті. Соны ол былай еске алады. «Ол 1972 жылғы жазбасына «Халық тағамдары» деген тақырып қойыпты. «Мұны игеру үшін, – дейді автор: а) «Құрғақ сүт», ә) «Қызыл ірімшік», б) «Тасқорық», в) «Уыз қағанақ» атты мақалаларды жазуым керек. Сонда ол біртұтас толыққанды дүние болып шығады».

1974 жылғы жоспарында «Ежелгі мәдениет ескерткіштері» деген тақырыпты игеруді алдына мақсат етіп қойған. Сөйткен де оның қажетті кірпіші ретінде: а) «Алаша хан мазары», ә) «Жошы хан кешені», б) «Домбауыл дыңы» сияқты объектілерді таңдап алған.

1976 жылғы ойластырған дүниесі де қызық. Бұл жылы ол «Үңгіртаным» деген тақырыпты қолға алып, «Қоңырәулие», «Тесіктас», «Шатыр» сияқты жерасты әлеміне барлау жасайды. Міне, осылардың бәрін ол зерттеген, игерген, жеткізе жазған».

Акселеудің айтуынша: «...*Ұлттың мәдени-рухани әлемі мейлінше кең ұғым, өмірдің барлық саласымен сабақтас. Бұл ретте, империялық саясат қалыптастырған әдіснамалық қайшылықтарды атап өтпей болмайды. Олар мыналар: біртұтас халықты бірнеше жікке бөліп, үй ішінен үй тігіп, өзімен-өзін қырқыстырған таптық көзқарас; ой-тұжырымының өмір шындығына тәнік еместігі; жұмысшы табына әлеуметтік ақсүйектікті қолдан бұйыртып, оларды шаруа мен зиялыларға (интел-*

лигенцияға) қарсы қоюшылық; тарих пен идеологияға біртұтас құбылыс ретінде қарау; тарих дегеніміз өткенге мойын бұрған саясат деп келетін тезистер; адамзат баласының дамуына қатысты экономикалық фактордан басқасының бәрін тәрк ету немесе оларға саусақ сыртынан қарау; объективті ақиқатқа коммунистік партиялықты қарсы қою; ең соңында, Еуразиядағы түркі халықтарының тарихын біртұтас құбылыс ретінде және әлемдік тарихтың бір бөлшегі ретінде қарастырмау, сол арқылы жалпы түркілік мәдениетті тәрк ету...

Тарихи таным-түсінікке қатысты осынау әдіснамалық қайшылықтар ұрпақтар санасына өмір шындығын көп ретте кері мағынасында орнықтырып отырды. Дәлірек айтқанда, тарихтың объективті шындығы империялық саясаттың сойылын соға бұрмалап, нәтижесінде бодандықтағы ұлттар өз тарихын жатсынуга, өзінің өткенінен жиренуге мәжбүр болды. Қазақ сияқты бодандықтың бұғауында болған ұлттар тарихи даму үрдісіндегі өзінің ақиқат болмысын парықтау қабілетінен айрылып, сапалық сұрыпталу мен жетіліп отыру қабілеті жансызданды. Асылын аяқ асты етіп, жасыққа малданатын, жатқа жалтақтайтын болды. Бұл дегеніңіз, этникалық таным мен талғамның дертті болуы, яғни сапасыздануы еді».

Ақселеудің даралығы сонда, ол – тек қағазға жазылған немесе тасқа кашалған жазу, таңба, суреттер арқылы ғана емес, этнологиялық егжей-тегжейлерге жете назар аударып, зерттей, зерделей білетін қаламгер-ғалым. Оның айтуынша, ұлттық сананың көктей солуы да мүмкін. Мұндай бақытсыздықтың жалғыз ғана себепшісі бар. Ол – ертерек дамыған, әлеуметтік-экономикалық үстемдігі бар бөгде елдің екінші бір қауқары әлжуаздау елді билеп-төстеп, басып жаншып тастауы арқылы болатын бақытсыздық. Ондай бақытсыздыққа ұшыраған халықты жөргекте жатып дүние салған нәрестемен теңеуге болады. Ақселеу қай этностың болмасын тарихи гүлдену, дәуірлеу кезеңі, бағы тайып, басы құралмай, ыдырау кезі де болады, солай бола тұрса да, белгі қалдырмай, із-түзсіз құрып кетпейді, тарихи хатқа түспесе де, жадыда қалады дейді. Тұтынған бұйым, қолданған құрал, атадан балаға ауысып, мирас болып келе жатқан әдет-ғұрып, салт-сана, тіл мен ән-күй этностың түбегейлі жоғалып кетуіне жол қоймайды дейді.

Өзі айтады: «...Бар мұраның мәні мен сәнін, дара бітімін, қасиет-қарымын ашу – міндет». Тағы да, талғамы орнығып, танымы айқындалмаған жас ұрпақ көз алдындағы қараның соңынан қалмайтын жаңа туған қозыдай «елпілдегіш, таңырқағыш, қабылдағыш» келетінін айтады. «Рухани болмысы диалектикалық кемел зердемен пайымдалмаған орта жасыққа жұбанғыш, әсіресе қызылға еліктегіш келеді» дейді. «Жас

адамға рухани сергектік те, рухани сырқатқа ұшырау да сол балаң кезінде жабысады. Олар тән сырқатын сезер, ал рухани дімкәстігін сезінбейді».

Ақселеу ұрымтал жерден қосылып, ұта сөйлейтін тарихшы, зерттеуші, көркем сөз, тұлғалы ой шебері. Тарихшылар сахара төсіндегі ру-тайпалардың қазіргі қазақтарға дейін бірінің келіп, бірінің кеткенін дәлелдесе, Ақселеу сол тайпа, сол этностардың аты өзгергенімен, нәсілі, тегі бір бұтақтан өніп өрбіп келе жатқанын өнер өрнегіндегі сабақтастықтар арқылы дәлелдейді. Заман ақиқатын аңғартуда терең ойы, тетікті тілімен, танымдық қасиетімен сусыныңды қандырады.

Ақселеудің қай шығармасын алмаңыз, бәрі де қазақ үшін, қазақтың ертеңі үшін дайындалған этнографиялық шығармалар болып келеді.

Қойшығара Салғараұлы Ақселеу туралы жазған мақаласында былай депті:

«Азаматтың адамгершілік қасиетін, кісілік парасатын, таным-түсінігін, мақсат-мүддесін, іс-әрекетін, жүріс-тұрысын – бәр-бәрін таразылауға түсірсек, Ақселеудің азаматтық тұлғасы оқшауланып, бұрынғының көкірегі ояу, көзі ашық қазыналы қартындай шынайы қазақы бітім – болмысымен, бүгінгінің талабына сай терең парасат-пайыммен дараланып ерекше көзге түседі.

Ақселеудің мұндай даралығының негізі оның таза қазақы болмысында жатыр. Таза қазақы болмысқа келіп орныққан білім мен біліктің боямсыз табиғи үйлесімі оны әлгі Абай айтатын «бүтін адам» деңгейіне көтеріп, азаматтық дара тұлғасын қалыптастырған».

Жүз, тайпа, ру тарихына қатысты кей жағдайларда Ақселеу Сейдімбекті: «Өзі бастап, өзін «Тарақты Ақселеу» деп атап, өз руын «Орта жүздің ноқта ағасы» деп дәріптеген, бұнысы рушылдықтың ашық көрінісі» деп сынағандар да болған. Осыны теріске шығарып, Ақселеудің інілерінің бірі Тасанби Токбергенов Ақселеуге жазған хатында: «Ерекше біткен ірі табиғи дарыныңыз, асқан қабілеттілігіңіз ру шеңберінен озып, ұлттық деңгейге, жалпы азаматтық өреге шығып кетті. Бұл біздерді марқайтып тастады. Бір адам рулы елді, бүкіл ұлтты қалай алға сүйрей алатыны көрініс тауып тұр. Мұнда «ру» ұғымының жиі қайталануы бөлектенуге емес, мақтануға, қуануға үздігіп тұр. «Рулық құрылым – көшпелілер қоғамының іргетасы» – бұл Сіздің қаламыңыздан үзілген ой. Бөлектенуге Сіз де құмар емессіз, оған дәлел: осы күнге дейін тарақты руының шежіресі жазылмауы», – дейді.

Шоқан Уәлиханов – тек өз елінің, қазақ топырағының ғана мақтанышы емес, нағыз ғылыми ой-зердені қадірлей алатын баршаның көңілін өзіне аударуға тұрарлық ұлы тұлға. Оның еңбектері өзі ғұмыр кешкен кездің

өзінде-ақ ағылшын, неміс және француз тілдеріне аударылды. Шоқанның артында қалған көл-көсір мұралары иісі түркі халықтарының, оның ішінде, әсіресе, қазақ халқының тарихи таным-зердесіне мәңгілік тапжылмас тұғыр бола беретініне күмән болмауға тиіс. Оның толық мағынасындағы ғалым, терең тарихшы, білгір этнограф, батыл саясатшы, қажымас географ, аса сезімтал әдебиетші, жалынды публицист екендігі толық мойындалған ақиқат. Тіптен, қазақтың сурет өнерін сөз етіп, музыкалық байлығы туралы алғаш айтылған пікірлерге назар аударғанда да Шоқан есімін алдымен атауымыз керек. Шоқан алмастай нұрлы сәуле шашқан алуан қырлы шығармашылық қабілет-қарымы шығармашылықтың қадір-қасиетін білетіндерді мәңгілік таңдандырып өтуге тиіс.

Осы Шоқан айтқандай, «мұңсыз-қамсыз» ғұмыр кешкен қоғамда, қалайша жүгенсіздік (анархия) бел алып кетпеген? Қалайша азаттығы – алаңғасарлыққа, еркіндігі – егесуге ұласып кетпеген? Қалайша дала-лықтардың (мәселен Қазақ хандығында) арасында өлім жазасы, тән жазасы, абақтысы болмаған? Қалайша мыңдаған шақырымдық байтақ далаға қанат жайған көшпелілер өздерінің этномәдени тұтастығын сақтай білді? Неге әрбір көшпелі өзінің дәулет-мұрасын «өкше басар ұрпағы» – іштен шыққан балаларына және «бөлінбеген еншісі бар» – үйіне келетін қонағына тең бөліп қалдырады? Неге сал-серілерін төбесіне шығарып еркелетеді? Неге домбырасынан басқа дымы жоқ ақын-жырау ханына қасқайып қарсы келіп, қабырғасын сөккендей етіп сын айтады? Неге көшпелілер қоғамындағы адамдар тек қана өздерінің қабілетіне орай еңбек етіп, тірлік жасайды? Неге адам мен қоғам тағдырын шешетін бас тұлға – билер тағайындалып қойылмай, халық арасынан сұрыпталып шығады? Ең соңында, неге әрбір көшпелі өзінің жеті атасына дейін біліп, жеті атаға дейін қыз алыспайды?.. Міне, көшпелілер мәдениеті, көшпелілер болмысы, көшпелілер феномені деген мәселе осы сияқты қасиеттерді танып-түсінгенде ғана өзінің сыр-себебін ашуға тиіс.

Қазаққа патшалық Ресейдің ықпалы жөнінде Ақселеудің мынадай бір-екі мысалын келтірелік:

«XVIII-XIX ғасырға дейін қазақ арасында «ақсүйектік» («элитарный») деңгейде ғана сақталып, санаулы ғана қожа әулеті тұтынған ислам діні патшалық Ресейдің демеуімен күшейе түскен. Жыл сайын татардың ондаған миссионер моллалары қазақ даласына ағылып келе бастайды. Олар желдей еркін қазақты бір-ақ ауыз сөзбен тұқыртып, сенім-санасына отаршылдықтың тұзағын тастайды. Ислам дінінің каноны «Құдай – бір, пайғамбар – хақ» десе, татар моллалары «Құдай – бір, патшанікі – уәжіп» деп сұңқылдады. Яғни, «Құдайдың бар екені рас болса, патшаның айтқаны заң» деген насихат еді. Кешікпей-ақ, көк

Тәңірі мен аруақтан басқаны мойындамайтын қазақ «ақ патша» десе селк ете қалатын күйге жетті.

...Әрине, болар іс болды. Өткен іске өкініп, «бәлкім, олай болмай, былай болғанда қайтер еді, сонда отаршылдықтың тұқымымызды құртуға айналған қыл тұзағынан аман қалар ма едік» деп құмалақ ашудың қисыны жоқ. Өйткені, орысқа бодан болмаған күнде не күй кешетінімізді ешбір әулие ешқандай көріпкел айтып бере алмас еді. Ал, орысқа бодан болудың нәтижесін көзіміз көріп, басымыздан кешіп отырмыз».

Ақселеудің айтуынша, қазақ тіліндегі «жуанымсу», «тоба», «әлімсақтан бері», «бесенеден белгілі», «сақпанның оғындай», «сақадай сай» деп келетін тұрақты сөз тіркестері иісі түркі тарихындағы «жуан-жуан», «тоба», «әлім», «сақ», «печенег» сияқты ру-тайпаларды еске түсірмей ме? Сол сияқты, бүгінгі тіліміздегі «шат-шадыман», «шанию», «хан», «қара», «би», «төре», «қатын-қалаш», «тұтқа», «бұйрық», «бек», «жабғы», «кұл», «күн» деп келетін сөздердің Түркі Қағанаты кезінде атақ-лауазымды, әлеуметтік орынды білдіретінін бүгінгі ұрпақ қай деңгейде бажайлай алып жүр...

Ақселеу Сейдімбектің күнделігінде қазаққа әбден қатысы бар, бір қуаныш, бір үміт дегендей түрлі сезімдерден туған мынадай сөздерін жазыпты:

«Қазақ халқы өлетін малы мен тозатын дүниесі емес, аруағын жоқтап, арысын ұлықтаудан жасқанатын сұмдық та сұмпайы заманның қанды шеңгелінде болған».

«Ғабиден Мұстафиннің бір сөзі есімнен кетпей жүр. Қаңтардың 29-ы күні жас жазушылардың кеңесі өтті. Ғабиден кеңесті сөз сөйлеп ашты. Жастарға жазушылықтың мәртебелі де мәнді еңбек екенін, мән-маңызын айта келіп: Ертеректе ұлтшылдық деген індет шығып еді, – деді, оны жеңдік, көмдік. Енді ұлтсыздық деген індет шаң бергендей. Ол не деген сөз?! Жазушы өзі жазар тілдің қыр-сырын жете білмесе, дарияға ескексіз қайықпен түскендей болмақ. Демек, ұлтыңның жан сырын, болмыс-тіршілігін терең біле отырып жазбасаң, әсіресе, тіліңді жүдетсең ұлтсыздық болып шығады.

Ғабиден менің көз алдымда «ұлтсыздық» деген тың ұғымды дүниеге әкелді. Ұлт, халық тағдырында бұл ұғымның талай қайталанғаны тарихтан мәлім ғой. Ал, қазақ тілінде дүниеге келуі кезеңдік ақиқаттың, кезеңдік зардаптың айғағы 13.02.78».

«Халқымыздың дәл қазіргі рухани талғам-түйсігінің деңгейіне ең алдымен қажеті көркем шығарма ма, жоқ әлде теориялық, тарихи-танымдық еңбектер ме? Меніңше дәл қазір соңғысы айырықша қажет. Өйткені, халқымыздың бүгінгі рухани талғам-түйсігі көзін жаңа ашқан

құралай секілді, қараң еткеннің соңынан қалбаң қағып жүгіре береді. Ол үшін дүние дидарындағы құбылыстың бәрі таңсық. Оған қорқу-үрқу, сүю, жек көру, болашағын ойлау деген түйсіктер әзірше дарымаған. Елхалық өміріне тели елестетсек әлі де болса ұлттық сананың шыңдала қоймағаны, ұлттың өзін-өзі мың сан аспектіде танып-білуінің кенжселігі алдыңнан шығады да отырады. Ал, мұндай олқылықты теориялық, тарихи танымдық еңбектер ғана толтыра алады. Белинский «Бізде әдебиет жоқ!» – деп саңқ еткенде әдебиеттің жоқтығын емес, бар әдебиетті түсінер түйсіктің жоқтығын, шынайы өнерді тудырарлық сананың кенжелігін меңзеген.

Демек, бұқара халықтың, әсіресе, суреткер қауымның, теориялық, тарихи-танымдық дайындығы кемел болмаса, қанша тыртыңдағанмен хас өнер дүниеге келмейді. Қазақ қаламгерлерінің қазіргі таңдағы графомандығы қағазбен оқталған мылтық сияқты, тарс етуінде қапы жоқ, бірақ дарымайды.

Халыққа мәдени-рухани тәрбие беруде көпшілік болатын орындар мені айрықша алаңдатады. Парк, демалыс орындары, ресторан, кафе, базар, кинотеатр, клуб, сауда орындары, жүріп тұратын орындар, пионер лагерлері, емханалар, санаториялар, вокзалдар, кітапханалар... міне, біздің өміріміз өтетін орындар, біздің ұрпағымыз қалыптасатын орталар осылар. Тоқырау заманынан бері осы орындардан қазақ сөзі мен қазақ музыкасы естілмейтін болды. Бұл не сұмдық! Адамды өзінің әлеуметтік ортасы қалыптастыратынын жақсы білеміз ғой. Сонда, өзінің рухани қайнарынан кіндік үзген ұрпағымыз не болмақ? Олардан не күтеміз? 19.05.80».

«...Біздің халықтың бүгінгі таңдағы көңіл күйінде мұң мен шаттық қатар көрініс тауып отыр. Халық өміріндегі әлеуметтік өзгеріс, тарихи жаңғыру оп-оңай, күдік-күмәнсіз жүзеге аса қойған жоқ. Бәрі де болды... Нұрғисаның музыкасы осынау алашабыр өтпелі кезеңдегі халық болмысын дыбыспен бейнелеген, шыншылдықпен бейнелеген 23.01.81».

«Ұлттық төлтума өнеріміздің ілгерілеуіне кедергі болып отырған нәубеттер:

– Алуан түрлі жат идеалдар кеулеп, алаңдатып, ығыстырып, ұлттық өнердің төлтума қалыбын тұншықтыруда. Бұл проблеманы түзету былай тұрсын, айтқан адамның өзін «ескіні көксеуші», «артта қалған», «ұлтшыл» деген қарғыс таңбасымен күстәналайды.

Ұлттық өнердің әлемдік аренаға шығу, танылу тағдыры мүлде тығырыққа тірелген. Біздің идеологтардың түсінігінше сыртқа көрсететін өнеріміз алдымен орыс өнеріне ұқсас болуы керек. Сонан соң, сол баратын шетелінің өнеріне тым болмаса еліктеп жатуы керек. Тіпті болмаса, сол

шетелге баратын әртістеріміз сол елдің бір әнін немесе күйін тарта алуы керек. Міне, біздің рухани бағдарымыздың түрі осындай.

Дәстүрлі өнердің туын көтеріп жүргендердің басым көпшілігінің өмірі дөңгелек үстінде, гастрольдік сапарда өтіп барады. Мұның өзі заводтың жоспарлы өнімін өндіргендей психология қалыптастырып, өнердің қасаңдануына, өнерпаздың шабытының сөнугіне себепші болып отыр.

Міне, ұлттық өнеріміздің басындағы нәубет осындай 25.04.87».

«Көшпелілер» фильміне Рустам Ибрагимбековтің дайындаған сценарийіне көңілі толмай, оның қазақ дәстүрін білмей тұрып, қазақтың өткені туралы жазған шалағай дүниесіне сын айтады.

«...Қазақ дәстүрінде асқа мейлінше қолайлы, оты-суы мол, шымдауыт, шаңы шықпайтын жер таңдалатын болған. Бізде асқа келген адамдарға сойылған малдың қанын көрсетпейтін болған. Ас қамдайтын жерошақ қонақтардан бөлек, оңашалау жерден қазылатын болған.

...Шет көрермен үшін біздің киношылардың өтірігі мен біліксіздігі әрі шындық, әрі шеберлік болып көрінуі мүмкін. Өйткені, өз ұлты туралы өтірік айтатын киношылар болады дегенді ешкім де қаперіне алмайды. Қазақтар шын мәнінде осындай халық екен ғой деп күмәнсіз сенеді. Екіншіден, бұл фильмнің өзіміз үшін зиянды жағы алаңдатады. Тек, шетелдіктер ғана емес, біздің болашағымыз деп үміт артып отырған жастарымыз да бұл киноны шындық деп қабылдайды. Өйткені, олардың да салғастырары жоқ, өткен өмірдің шындығы әлде қашан тарихтың енісіне айналған. Сондықтан да, кинодағы «шындыққа» қарап отырып, өз халқының өткен тарихынан жерінетін болады. Өз тарихы үшін ұялатын сезім жанын жаралайды. Сөйтіп, жас ұрпақ өзінің ұлттық рухтағы идеалынан бас тартады.

Міне өтірік өнердің зияны осындай».

Қазақтың мұңы жайлы қалам тербегенде Ақселеу жазбаған бағыт, сала жоқ.

10.02.88: Біз ең алдымен ішер су, жұтар ауаны, басар топырақты кіршіксіз ұстауды үйренбей тұрып, ұрпағымыздың амандық-саулығы туралы тәтті арманға берілуге хақымыз жоқ. Қазақстан экологиясы мейлінше қатерлі күйде. Оңтүстік облыстардың ашық фосфоры, Төретам мен Бетпақдала жақтағы ашық атом сынақтары, шектеулі мүмкіндіктен 60 есе көп себілетін тыңайтқыш, Семейдегі жер асты сынағы, жасырын түрде көмілетін радиоктивті қалдықтар, Арал мен Балқаштың тартылуы, Алматының улы түтіні – ұлттың болашағын бедеу етіп, миын шіріте бастаған сұмдық осылар!

18.03.88: Балаңдығымыз басым, ұлттық тұтастықта көрініс табатын сана жоқ. Жаның құлазиды. Жарайды тарихи нәубет санаңды солдырып, ниетіңді шашыратып, басыңды біріктірмей ара-дара етіп қойды дейік. Бірақ, тым болмаса осыны түсіну арқылы ұлттық дерттің себебін бажайлауға болады зой. Біз аурудың алдын алудан өтіп кеткен ұлтпыз. Бізді қазір дерт меңдеп алған. Мұндайда ең басты мәселе, сол дерттің себебі мен емделу жолын білу болуға тиіс.

Бізде қазір төл болмысымызды тап басып танитындай шыншыл ғылыми зерде жоқ. Оның орнында, 250 жыл демей-ақ қояйын, соңғы 70 жыл қалыптастырған дүбәра сана ғана бар. Бұл ұзақ емдеуді қажет ететін дерт.

25.12.88: Меніңше, «белгілі бір ұлттың тілі сол ұлттың мемлекеттік тілі болсын ба, болмасын ба» деген мәселені күн тәртібіне қою, бейнелеп айтар болсақ, «Анаңды жақсы көруге бола ма, болмай ма» – деп сөз өрбіткендей әбестік.

...Газет мынандай дерек келтіреді: «Айталық, Қазақстан жүнінің бір келісі республикадан тысқары жерлерге 15 сом бағамен жіберіледі, оның өзі дүниежүзілік бағадан едәуір төмен, ал өзімізге мыңдаған шақырым жерлерден одан тігілген костюм болып қайта оралады, ол үшін біз енді 150 сом және одан да көп ақша жұмсаймыз. Немесе, мынандай тағы да бір мысал: Қазақстан елімізге мыңдаған миллион тонна көмір беріп, оның әр тоннасынан 20 тиындай зиян шегуде...»*.

Міне, сорақылықтың шектен шыққан тетігі осында жатыр. Қай заманда, қай қоғамда қойнындағы асылын бергені үшін қарыз болғанды көріп едік! Бұл экономикалық тонаудың, әлеуметтік езгінің, рухани азғындатудың болып көрмеген үлгісі.

Біздің қазіргі тағдырымыздың тізгіні қорқау шовинистердің қолында екені ешкімді де күмәндандырмайды. Бұдан құтылудың екі-ақ жолы бар. Бірі, рухани толысу арқылы қарсыласу, шығынсыз күресу, білікті дәлелдермен жеңу, халықаралық әділдікке жүгіну... Бұл, әрине, ұзақ жол. Екіншісі, қысқа, тәте жол – құрбандығы мол күреске бел буып, білек сыбанып шығу...

28.02.89: Газет деректері: Қазақстанда 1987 жылдың қорытындысы бойынша дүниеге келген әрбір мың сәбидің 29-ы шетінеп отырған. Бұл көрсеткіш Балтық жағалауында 11-13 қана. Туберкулез ауруы-

нан өлетіндер Одақ көрсеткішімен салыстырғанда республикамызда 1,7 есе артық.

24.12.89: «Гранат» энциклопедиясында «Қырғыздар» (қазақтар – А.С.) атты мақалада Д.А.Клеменц 1897 жылғы санақ қорытындысы бойынша Ресейдегі қазақтың саны жөнінде мынандай дерек келтіреді: Торғай облысында – 410.904, Орал облысында – 460.173, Бөкей ордасы (Астрахань губерниясында) – 250.820, Ақмола облысында – 427,389, Семей облысында – 604.564, Жетісу облысында – 794.815, Сырдария облысында – 952.061, Самарқанд облысында – 63.091, Закаспий облысында – 74.225, Томск губерниясында – 24.643, Тобыл губерниясында – 7.881, Самара губерниясында – 7.843, Орынбор губерниясында – 4.971, Ресейдің қалған бөлігінде – 1.159 қазақ есепке алынған. Сонда осы халық аман-есен табиғи өсімде болса 1917 жылы 7 млн., 1932 жылы 11 млн., 1989 жылы 25 млн. болатын еді. Қазір Қазақстанда 6 млн. қазақпыз. Сонда 19 млн. қазақтың құныкері кім?!

9.03.90: Большевиктердің әрекет-тірлігі, дәлірек айтсақ, большевизм – ғылымға табан тіреген жаңа ілімнен гәрі, саясатшыл дінге ұқсас. Большевиктің зорлықшыл, ұрда-жық тәсілі кез келген деңгейдегі адам қоғамын аздырудың тез игерілетін құралы екенін өмір әбден дәлелдеді. Қазақ ауылының большевик-коммунистері молда алдынан шала-шарпы сауат ашқандар болатын. Алайда, олардың шала сауаттылығы большевизм мұраттарын жүзеге асыруда тамаша оңтайлы болды. Бір ғажабы, қазақ ауылының күлін көкке ұшырған сол шала сауатты большевиктер осы күні қойнында партбилеті, тоңқаңдап намаз оқып жатады.

9.08.90:

Профессор Тұрсынбек Кәкішевтің есебі бойынша Совет өкіметі орнағаннан кейінгі отыз-қырық жылдың ішінде қазақ зиялыларының 66 мың өкілі қуғын-сүргінге ұшырап, олардың 22 мыңы атылыпты.

Әрине, қасіреттің зоры осы.

Осыдан кейін де қазақ халқының ес жиып, еңсе көтеруі, ұлттық қасиетін сақтап, өнер тудыра алуы – құдіретті қасиет. Яғни, қара халықтың бойында өресі биік мәдени сапа болды деген сөз. Ұлттық мәдениеттің тұғыры – құрбан болған зиялылар ғана емес, ең алдымен ұлттың өзі деген сөз.

...Қазақстанда Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Степногорск, Ленинск сияқты ондаған қалада жүздеген мың қазақ жұмысшылары еңбек

* «Социалистік Қазақстан», Істің мәніне бүкпесіз үңілейік. 25.12.88.

етеді. Солардың бәрі де қазіргі жағдайда өз ұрпақтарының болашағын құрбан етіп отыр деуге болады. Себебі, өз тілінде бірде-бір мектебі жоқ бұл қалаларда өскен қазақ балалары мәңгілік рухани жарымжандықтың азабын тартып, іштей қорынумен өмір өткізеді.

...Қазақта «Үлкені жоқ ауылдың баласы – дуана» деген мәтел бар. Адамзат баласы бүгінгі жеткен биігі үшін ілгергі буын тәжірибесінің қаттала жиналуына қарыздар. Ендеше, қоғамның рухани бағытын анықтауда билік тізгіні соңғы буын емес, ілгергі буынның қолында болуы керек.

...Адамның қартайған сайын құрметтеле түсуін қамтамасыз ете алған қоғам – шын бақытты қоғам.

...Дәулескер домбырашы Әбікен Хасенов Тоқамен жерлес бола тұрып, Тоқа күйлерін терең біле тұрып, өле-өлгенше бір күйді Тоқаның күйі деп тартуға батылы жетпей кетті ғой. Әйгілі «Бозайғыр», «Азамат», «Айдос», «Тоғыз тарау» күйлерін амалсыз халық күйлері деп атауға мәжбүр болды.

Шүкірана! Енді, ел аман, жұрт тыныш болса әлі де талай-талай торқалы тойы тойлана беретініне сенім мол. Әлі де талай ұрпақ алмасар, солардың бәрі де Тоқаны мақтан тұтып, құрметпен еске алар. Халықтың рухани мәртебесінің көтерілуі деген сол болмақ...».

Қазақтың басынан өткен түрлі қиыншылыққа өкініш білдіре отырып, Ақселеу ілгергі буынның жетілуін күтеді, заманның оңала бастағанына осылай шүкіршілік айтады.

Ақселеу Сейдімбек бүгінгі қазақтың санасына басым әсер етіп, теріс бағытқа бұрып жатқан бұқаралық-ақпарат құралдарының ісіне наразылық білдіреді.

Өз сөзі: «Қай заманда да, қандай қоғамда да «бүгінгі адам» атаулының бәрі өткен мен болашақтың арасына дәнекер болып отырған. Бұл – жазмыштың ісі сияқты құбылыс. Кез келген «бүгінгі адамның», яғни жер басып жүрген тірілердің тал бойында өзіне дейінгі сан ғасырдың жүгі бар. Былайша айтқанда, фәни жалғанға келіп-кетіп жатамын басы жұмыр пенде атаулы тіршілігінде тірнектеп жинаған өмір тәжірибесін, білім-білігін, салт-дәстүрін өкше басар ұрпағына жұғысты етіп отырады. Ұрпақаралық сабақтастық бір сәтке үзілер болса, бәрін де тырбанып қайта бастауға тұра келер еді. Өмірдің парқы мен нарқы сабақтастықта деп келетін қанатты сөз осындайда айтылса керек.

Өткен мен болашақтың арасына дәнекер болу бүгінгі қазақтардың да маңдайына жазылған. Алайда, қазақтың да қазағы бар. Бұл жерде,

құдай берген дарын мен даналықтан да бұрын, тағдыр орайын келтірген жолы болғыштықтан да бұрын, қазіргі қазақтардың адамдық сапасын қалыптастырған уақыт ықпалы деген мәселе алдымен ден қойдырады. Уақыт – адам тағдырының ғана емес, адам болмысының да ұстасы. Бүгінгі жер басып жүрген қазақтардың алды аттың жалы мен атанның қомында өсіп, соңы космос кемесін ауыздықтап жүр немесе әлемнің дидарын алақандай «айнадан» көріп отыр. Бір ұрпақтың көз алдында мүмкін болған бұл сияқты тарихи үдеріс (процесс) адам болмысына да өз ықпалын жүргізбей қалған жоқ. Нәтижесінде, қазақ қоғамында бір-біріне ұқсамайтын, болмыстары бөлек-бөлек, талғам-түсініктері де әр алуан мәдени-рухани типтер қалыптасты. Мұндай типтерді шартты түрде үшке бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – қазақтың бұрынғы дәстүрлі қоғамының әсер-ықпалымен кіндігі жалғас жетіліп, тал бойына қазақтың дәстүрлі талғам-түсінігі дарығандар. Екіншісі – әрісі, кешегі социологияның барабан сатырымен сапқа тұрып, қатарға қосылып, берісі қалалық мәдениеттің қалыбында қалыптасқандар. Үшіншісі – қоскіндік ұрпақ, далада өсіп адам болып, қалаға келіп азамат болғандар».

24.02.91: Біздің фольклоршы ғалымдарымыздың дайын үлгіні пір тұтып, оны өз халқының болмысына құрғақ телуге үйреніп алғаны сонша, олар үшін: Қорқыттың тағдырындағы Тәңірлік идеологияның исламмен тіресуі де алғашқы қауымдық сананың ізі; Асанқайғы әрекетіндегі қазақ елінің дербестік қадамының басталу нышаны да алғашқы қауымдық сананың белгісі; керек десең, Бұқар жыраудың азаттықты ту еткен бейнелі сөздері де алғашқы қауымдық сананың айғағы сияқты. Мұндай түсінік бойынша қазақ халқы алғашқы қауымдық құрылыстан шығысымен ХХ ғасырдың технократтық дамуына бірден тап болған сияқты.

Төл тарихы мен мәдениетінің ақиқатынан шынышыл ғылыми тұжырым жасап машықтанбаған, рухани құлдықты ғылым деп ұққан бейбақ зерттеушілеріміздің тірлігі осындай.

16.07.91: Ақшаны күйттеген алаяқтарға бола халықтың рухани тағдырын құрбан етіп, коммерциялық телеарна ашып берген немкеттілігімізге дауа бар ма?! Тек қана адамды зәбірлеу жолдарын көрсетуді мұрат тұтқан телеарнаның нәтижесі енді бірер ұрпақ алмасқанда көрінеді. Бүгінгі аузы аңқиып, құлағы қалқиып құныға қарап отырған балалар күні ертең-ақ көкеңді танытып, коммерциялық телеарнадан көргенін алдыңнан шығарары хақ. Бұл орайда Қазақстанның телесаясаты – дәрменсіз, телеидеалы – рухани мүгедек. Қазір дүние жүзінде адам болмысын қалыптастыруда, қоғамдық өмірді реттеуде теледидар-

мен өрелесер ештеңе жоқ деуге болады. Біз ұлттық теледидарымызды қандай етсек ұлтымыз да сондай болмақ.

...XIX ғасырға дейін ұлт пен ұлттың, ел мен елдің арасындағы қақтығыс, соғыс ашық түрде болып келсе, XX ғасырда бір ел екінші елді жаулау, отарлау үшін басқаша тәсілге көшті. Мұны «идеологиялық соғыс» десе де болғандай... Бүкіл әлем американдық талғамды пір тұтуға ден қойып бара жатыр. Әсіресе, рухани өрістерде американдықтардан басталған «жабайы азаттық» әуезе болып барады...

Санасы теріс қарап кеткен ұрпақтың есін кіргізу қиынның қиыны... Ол үшін «өткенді ұстаз тұтып, бүгінге жауапкершілікпен қарау арқылы сананы құлдықтан құтқаруымыз керек».

...Ұлттың өз ішінен шыққан мәңгүрттер империяның сойылын соғуға келгенде алдына жан салмайды... Біздің атқа мініп, тізгін ұстаған белсенділеріміз барлық проблеманы «интернационалист» болып алған соң шешеміз деген ойда.

...Қазақтар үшін ұлтжандылық бүгінгі таңда табиғи өмір салты... Кез келген ұлттың асыл арманы – азаттық. Өз тағдырының тізгінін өзі ұстауға ұмтылу ұлттың ұлт болуының киелі қасиеті... Әлем қазақтарының рухани бірлестігін сақтау үшін оқулықтармен, баспасөзбен, бұқаралық хабар-ошар тетіктерімен қамтамасыз етуге бір орталықтың – Қазақстанның ұйытқы болуы, олардың емін-еркін қатынас жасауына жағдай туғызуы, шетелдердегі қазақтардың туған жеріне қайтуын республиканың стратегиялық бағытына айналдыру керек.

...Саяси-әлеуметтік болмысы өзгеге кіріптар ел кешікпей-ақ рухани кіріптарлыққа ұшырайды. Рухани кіріптар халық өз асылын таптап тұрып, өзгенің жасасығына тамсанатын болады. Біз қазір асыл мен жасықты өз бетімізбен айыра алмайтын дертке ұшырадық. Біз өзгеге жалтаңдап қарап алған соң ғана соның ауанымен өз пікірімізді білдірген боламыз. Өзге жұрт «ой, бәрекелді» десе болды, есекті – тұлпар, қарғаны – сұңқар деуден тайынбаймыз.

...Дәуір заман дегеніміз уақыт еншісіндегі ұғым ғана. Белгілі бір дәуірдің немесе заманның төл сипаты, түптеп келгенде, уақыт толғағы дүниеге әкелетін біртуар тұлғалар арқылы дараланады. Бұл, қазақтың дәстүрлі шежірешіл зердесімен кіндіктес тұжырым.

... «Мәдениет пен сауық-сайранды (развлечение) салыстыруда да халықтың қарабайыр ұғымы бел алып бара жатыр. Бұл жерде сауық-сайран дегеннің өзі мәдениеттің аясындағы көрініс қана екеніне шек болмаса керек. Енді, мәдениетке жағымды ықпал ететін немесе қауіп төндіретін сауық-сайран дегеннің бүгінгі көрінісі қандай? Баяғы ұлыс

тойы (наурыз), алтыбақан, шілдехана, қонаққәде, ауылдың алты ауызы, тұсаукесер, бесікке салар, сүндет тойы, ас беру, т.б. сияқты салт-дәстүрмен сабақтасып жататын және ұлттың төлтума болмысын шыңдауға жағымды ықпал ететін сауық-сайран түрлері бұл күнде тыйылды десе де болады. Кеңес заманында жағымды рөл атқарған ауыл клубтары, халық театрлары, көркемөнерпаздар үйірмесі, автоклубтар дегендердің де қазір қожырағаны аян. Шүкір, әйтеуір дастарқаны жиылмай келе, жатқан қазақтың бүгінгі қонақжайлығын сауық-сайранға теліп десең, оның өзі көздерін бақырайтып қойып, бірін-бірі таусыла мадақтап, «сол үшін» арақ-шарап ішумен аяқталатынын көз көріп отыр.

Республиканың ең еңселі сарайларының 95 пайыз көрсетілімін шетелдің арзанқол гастрольшылары еншілейді; бейне және ұнтаспалары мен ұнтабақшалардың 99,9 пайызын тағы да шетелдің адам аздырар өнімдері құрайды; түнгі клубтарда, казиноларда, сауна деп аталатын жезөкшелер үйінде соры қайнап, кім-көрінгенге қолжаулық болған қазақ қыздары жүр демесең, бұл орындарда да сауық-сайран тек қана жат тілде жүргізіліп, тек қана жаттың өнерсымағы тамашаланады. Көшеде, ас үйлерінде жүргіншілер көлігінде, сауда орындарында тек шетелдік музыкасымақ, тек шет тілдік дыбыс құлақ тұндырады...

Қор боласың! Жабыққан жан-жүрегіңе араша түсер дауа жоқ! Қашып тығылар саңылау таппайсың! Көз алдыңда ұлтыңның ұлы рухы мен мәдениетінің аяқ асты болғанына пұшайман болып, жігерің жасып, үйіңе келесің. Үйге келсең, алдыңнан әзәзілдей арбап теледидар шығады.

Социологиялық зердесі шыңдалған елдер теледидар өнімі қандай болса, ұлттың да болмысының сондай болатынына әлдеқашан көз жеткізген.

...Біздің «крутойлар» бір-бір телерадио арналары мен баспасөзді иемденіп қопиганымен, сол иемденгендерінің мазмұн-мағынасы пиғылы жаттардың қолында екенін қаперіне ілер емес. Осы орайда, атқа мініп жүрген қазақ азаматтарын бір-біріне айдап салып, қырқыстыруда бұқаралық ақпарат құралдарының аса жытқырлық танытып отырғанын атап өту қажет.

...Социализм тұсында біртұтас қазақ халқы дүниежүзінің қырық шақты мемлекетіне тентіреп кетті; дәл осы кезде шаруашылық-мәдени типіміз зорлықпен өзгертіліп, ұлы мәдениетімізге өлшеусіз нұқсан келтірілді; дәл осы кезде 4 миллион қазақты бір оқ шығармастан қырып салды; дәл осы кезде қазақтың ел үшін еңсе көтерер бірде-бір азаматы өз ажалынан өлген жоқ, жаппай репрессия құрбаны болды; дәл осы кезде Қазақ даласында, қазақтардың ең шоғыр ортасында 500

атом бомбасы сыналды; дәл осы кезде тың игеруді желеу етіп 2 миллион славян, ішінде арнайы іріктелген 12 мың жезөкшесі бар, қазақ даласына басып кірді; дәл осы кезде мыңға тарта қазақ мектебі жабылып, құдіретті қазақ тілі тұрмыстық тіл деңгейіне түсіп қалды; дәл осы кезде гажайып тұтастықтағы қазақ халқының арасында протекционизм мен трайбализм етек алды; дәл осы кезде қазақ жастарының 40 пайызы ана тілін ұмытып, жазушы-журналистерден басқа көптеген мамандық иелері өз ойын қазақша жеткізе алмайтын болып қалды...

...Бүгінгі таңда Қазақстандағы қазақтардың 40 пайызының өз тілін білмейтіндігін айтсақ, республикадағы 205 ауданның 23-інде ғана (ресми түрде 38-інде) қазақ тілінде іс-қағаздарының жүргізілетінін ескерсек, 1989 жылдың басында орыс тіліндегі балабақшаларда бір миллиондай бала тәрбиеленгенде, қазақ тіліндегі балабақшада 80 мың ғана баланың тәрбиеленгенін (яғни 12 есе аз), оның өзі арнаулы білімі бар тәрбиешілер мен тәрбие құралдарының жетіспеуінен аты бар, заты жоқ күй кешкенін елестетсек, ең соңында республикадағы қазақтардың ішінде арнаулы кәсіби дайындықтан өткен санаулы ғана филологтар мен лингвистерден басқа бірде-бір мамандықтың иелері тым болмаса өз мамандығы туралы таза қазақ тілінде әңгімелеп бере алмайтын халге тап болғанын айтсақ... қазақ халқының басындағы осынау нәубетті республикамыздағы орыс, украин, неміс, корей, ұйғыр сияқты өз алдына тілдік үлкен отандары бар бауырларымыз да түсінер деп сенеміз».

Ақселеу Сейдімбектің жирене жек көретіні – рулардың ынтымақтас-тығын протекция жолында пайдаланып, өз мүдделеріне бағындырып, қазақы ұлы дәстүрді аяқ асты етіп жүргендер.

Өз сөзі: «Бізде рушылдық жоқ, болуы мүмкін де емес. Рушылдық болу үшін бауыры бүтін рудың өзі болуы керек қой. Сол рудың иелігінде мекен-тұрақ болу керек. Экономикалық дербестігі болу керек. Шаруашылық-мәдени оқшау типтері болу керек. Сонан соң, өзара үзеңгі қағыстыра өмір сүру барысында бәсеке-бақастық қозып, рулық сезімдердің бел алуы мүмкін. Бір гажабы, мұның бірі де жоқ қой. Демек, рушылдық деп жүргеніміздің не екенін білуіміз керек. Оны білу қиын да емес. Тоқырау кезеңінің ең кең тараған індеті және бүкіл елімізді ұлтына, нәсіліне, руына қарамай шарпыған індетті протекционизм болса, сол індет қазақтардың арасында «рушылдық» деген терминмен айтылады. Бұған көз жеткізу үшін әркім өз жүрегінің, өз арының алдында іштей есеп беріп көрсінші. Басқасын былай қойғанда, неге бізде 30-ыншы, 40-ыншы, тіптен, 50-інші жылдары рушылдық болмады деп ойлануымыз керек қой. Енді келіп, ру нышаны жойылып, ауылдағы әке-шешемізді жылына бір көруге зар болған заманда, басын ауыртып жүрген қайдағы рушылдық!

Рас, арамызда рушылдыққа сенетіндер көбейіп келеді. Олар жай сеніп қоймайды. Өздерінің арам ниетін жүзеге асыру үшін ұластарын іздейді. Яғни, протекция жолына түседі. Сонсоң, ұластарынан қолдау көру үшін, ру-тайпалық жүйенің иісі мұрынына бармаса да, шалашарпы білетін рулардың аруағын қозғайды.

Қысқасы, протекционизм де, рушылдық деп жүргеніміз де жойылар-ау. Бірақ, сол рушылдық деген жалған дақпырт біздің шын тарихымызды танып-түсінуге, шынышыл тарихымызды жазуға бөгет бола ма деп қынжыламын. Қазақ халқының тарихы тек қана ру-тайпа тарихынан, ру көсемдерінің әрекет-тірлігінен, батырлармыз бен билеріміздің, ақындарымыз бен шешендеріміздің, хандарымыз бен байларымыздың өмірбаянынан тұрады. Патшаның отаршыл саясаты «бөліп ал да билей бер» деген формула бойынша ру-тайпалық құрлымды жойып, хақымыздың этникалық тұтастығына нұқсан келтірсе, біздің бүгінгі таңдағы «рушылдық» деген жалған түсінігіміз тарихи мәңгүрттігіміздің ең бір елеулі себепшісі болып отыр. Біз ру тарихын білмегендіктен «рушылдық» деген дабыра айтаққа ілесіп, алданып жүрміз. Егер, ру-тайпа тарихын терең білсек, этникалық тұтастығы біте қайнасқан қазақ сиқты ұлттың дүниежүзінде некен-саяқ екенін танып қайран қалар едік, жүрегімізді мақтаныш сезімі билер еді. Мұның жарқын айғағы – тіліміздің, мәдениетіміздің, рухани нышандарымыздың, наным-сеніміміздің, салт-дәстүріміздің біртұтастығы емес пе! Егер, біз ру-тайпа тарихын терең білсек, қазақ халқының халық болып қалыптасуына үлкенді-кішілі барлық рулардың бірдей атсалысып, үлес қосқанына көзіміз жетер еді. Егер, біз ру-тайпа тарихын терең білсек жүзге бөлінудің, мүлде, этникалық бөліну емес екенін білер едік те, жүзге, руға бөліну көшпелі өмір-салттың әкімшілік-аумақтық басқару құрылымынан туған қажеттілік екенін таныр едік. Біз қазір облысқа, ауданға бөлінуді этникалық бөліну демейміз ғой. Ең соңында, біз ру-тайпа тарихын терең білсек рулық бөліктің мейлінше шартты боғанын көрер едік. Бір ғана керей руын алайықшы. Ол рудың бұтақтары қоңырат ішінде ашамайлы деген атаумен, найман ішінде қаракерей деген атаумен, Кіші жүздегі жетіру тайпалар бірлестігінің ішінде керейт деген атаумен белгілі. Немесе, үш жүздің ноқтагасы рулары – тарақты, табын, жалайыр руларының таңбасының бірдей болуын немен түсіндіреміз. Ал, Орта жүз құрамында өмір сүре бастағанына үш ғасырдың жүзі болып қалған тама, жағалбайлы, алышын, жаппас руларының бұтақтарын қайда қоямыз. Сол сияқты, қоңырат руының екі рет Ұлы жүз құрамында, екі рет Орта жүз құрамында болғаны тарихтан мәлім. Қысқасы, мұндай мысалдар мың сан, қанша ру болса – сонша. Соның бәрі де

қазақ халқының тайтұяқ жамбыдай этникалық тектестігін, этно-психологиялық және этномәдени біртұтастығын көрсетеді.

Осының бәрі қазақ тарихының, қазақ этногенезінің кешікпей қайта жазылуын, ғылыми-зерттеу объектісіне айналу керектігін қажет етеді».

Көшпелілер

Өз сөздері: «Осынау алыс кезеңнен бастап, отты қару пайда болғанға дейін көшпелілер әлемі адамзат баласының тарихындағы ең қуатты да құдіретті күштердің бірі болып қалды. Бұл орайда Шығыстан салынған Ұлы Қытай қорғаны, Александр Македонскийдің осы даладан сансырап шегінуі, Вавилонға тізе бүктірген Дарийдің бұл даладан тауы шағылып қайтуы, кек қуалап келген Кирдің қанға тұншығып өлуі, әйгілі Рим империясының көшпелілер шапқыншылығынан соң құлауы сияқты кесек-кесек мысалдармен шектелуге болады.

...Көшпелі қоғамда құлдық болмаған.

...Көшпелілердің ру-тайпалық құрылымы тарихи-әлеуметтік, экономикалық-географиялық жағдайға орай үлкейіп-кішірейіп отыратын қасиетіне таңқалмасқа болмайды.

...Қоғамның қадір-қасиеті ең алдымен адамды қалай ардақ тұтуымен өлшенуі керек. Осы орайда, тағы да көшпелі өмір салттың ақиқат болмысы қайран қалдырады. Көшпелілер қоғамында адам қартайған сайын әлпеитене түседі, қартайған сайын қоғамға керек бола түседі, қартайған сайын беделі арта түседі, қартайған сайын өкіше басар ұрпақтың құрметіне бөленеді.

...Көшпелілердің көңілін алаң ететін үш қатер болған зой. Ол – шабатын жсау, тиетін індет және келетін жұт. Ел болған соң мұның үшеуіне де қамсыз отырмаған. Жауға қарсы жарақты батырлар сайласа, індетке қарсы алуан түрлі әрекеттер де қамдаған. Сондай-ақ, жұттың алдын алып, күні бұрын болжау айтатын есепшілерден де ел іші құралақан болмаған.

...Көшпелі өмір-салтындағы айнымас міндет пен қажеттілік көшіп-қону болса, мұның өзі ең бір қуаныш-қызығы мол дәстүр сияқты жұртшылықтың жаппай ынта-ықыласын тудырған. Сондықтан да, көш-қон кезінде халық ең асылын киіп, ең жүйрігін мініп, ерулік берісіп, көшке құтты болсын айтысып, ұланасыр той болғандай күйге бөленеді. Үй тігу кезінде көршіге қолғабыс беріп, уық шаншысу міндеті, бие байлардағы шеке мен сүрдің асылып ауыл қарттарына ұсынылуы, күйек

алу науқанындағы шашыратқы тойы, қой күзету кезіндегі «ұйқы ашар» тағамының жасалуы, жеке үйлерге қолғабыс тигізу үшін жасалатын асарлар, қой қырқымы кезіндегі шашулар т.б. сияқты толып жатқан салт-дәстүрдің бәрі де тікелей еңбек үдерісімен (процесімен) байланыста жүзеге асады.

...Көшпелілер әлемі мен полис-мемлекеттер сәйкестігі материалдық мұралардың ұқсастығында емес, тарихи – әлеуметтік болмысының тектестігінде, заттық иеліктердің қандай ауқымда жасалғандығында емес, сол заттық иеліктерді адамдардың қандай қоғамдық қарым-қатынасты игергендігінде. Көшпелілердің әлеуметтік қажеттілігі тудырған мұралардың көне Грекия мұраларына ұқсамауының себебі де осында.

...Жер төсін тырмалаған отырықшыларға қарағанда көшпелілердің өндірістік негізі әлдеқайда берекелі болды».

Осындай тұжырымдардың бүгінгі тарихымызға кіргізілмей отырғаны өкінішті. Ақселеу Сейдімбектің бұл ойлары ғана емес, соңына рухани мұра болып қалып тұрған, өзі жинақтаған алты томдығының ішіндегі білім мен ғылымды жетілдіретін, қазақ рухына, қазақ мәдениетіне қызмет ететін өрелі ойларын жоғары оқу орындары мен мектептердің оқулықтарына енгізетін уақыт жетті. Ол үшін бір кездері Ақселеудің өзі басқарған ғылыми мекемеде комиссия құрылып, көптомдықты сүзіп, керекті жерлерін таңдап алу керек.

Өз сөзі: «...Көшпелі өмір-салт қалыптастырған, қазақ халқының ең тамаша қасиеттерінің бірі болып табылатын – адамдар арасындағы өзара кісілікті қарым-қатынас қалыптарының шырқы бүгінде бұзылды. Үлкен мен кішінің, туыс пен туганның, жат пен жақынның, еркек пен әйелдің, жігіт пен қыздың арасындағы моральдық-этикалық, салт-дәстүрлік қарым-қатынас қалыптарының шекарасы көмескіленді. Сөз жоқ, мұның бәрі де адамдардың бір-біріне жатбауыр болуының, ар-ұятқа қарамауының, тыйымсыздығының бірден-бір себепшісі болуда. Адамдар арасындағы қарым-қатынас дәстүрлі наным-сенімге мойын ұсынбаған соң, салт-дәстүрді сақтамаған соң, тыйым-тосқауыл көрмеген соң еркіндік дегеннің өзі көргенсіздікке ұласқан жайы бар. Яғни, адамдардың бойында іштей тыйылудан гөрі, салт-дәстүрмен санасудан гөрі заңнан ғана қорқу немесе сырт көзден ғана қаймығу сезімі басым. Мұның бәрі, сайып келгенде, сыртқы өктем күштің рухани билеп-төстеуі (экспансиясы) бел алып, ұлттық дәстүр сабақтастығы әлсіреп, дәстүрлі мәдениеттің өмір-салттан тыс қалуына себепші болып отыр.

Міне, ғасырларға созылған империялық құрсаудың зардаптары осындай. Ендігі жерде ұлттың есеңгіреген, контузияға ұшыраған санасына

реанимация қажет, қазақ халқының рухани әлемі мен салт-дәстүріне қайта жаңғырту (реставрация) керек. Өмірдің барлық саласындағы әрекет-тірліктің парқын бажайлап, асыл мен жасықтың, өміршең мен өткінішінің, ұлттық пен ұлтсыздықтың аражігін ажыратып отырудың мәні ерекше.

...Қазіргі адамдар өзін өзгеден оқшау, ерекше етіп көрсетуге құмар. Осыдан жиырма-отыз жыл бұрын ғана қазақ ауылдарында жеке адамның көпке ұқсамауы, жұрттан өзгеше болуы жаман қасиет ретінде сырт көздің сынына ұшырайтын. Қазақтардың жеке адам туралы идеалы көпке ұқсауымен, көппен бірдей болуымен өлшенетін. Сондықтан да, ұрпағына ұрысса – «сен жұрт болмайсың» деп, ақыл айтса – «ел қатарлы бол» деп отыратын. Мұның өзі халқымыздың мәдени-рухани идеалының тұтастығына себепші жақсы қасиет еді.

Қазіргі өмірімізде даралықты әуезе көрушілік ең алдымен адамдар арасына өзімішділік, бәсекешілдік сияқты жаман әдетті орнықтыруда. Одан да қауіптісі, қоғамымызда мәдени әртектілік пен идеалдың алашабыр болуы бел алуда. «Жеке шапқан ат жүйірік» дегендей, әркімнің өзінше лагуы қоғамдық-әлеуметтік тұтастықтың, ұлттық-этникалық даралықтың әлсіреуіне себепші болуда.

Нәтижесінде, дәстүрлі мәдени-рухани мұралар екінші-үшінші қатарға шегініп, сырттан келгеннің бәрі де ең озық жаңалық ретінде қабылдануда.

Әйгілі философ Платон біздің заманымыздан төрт ғасыр бұрын Грекия тауларындағы орманның орынсыз оталуына налыған екен. Кейін табиғатты қорғау туралы ой бел алғанда, түпкі мақсат римдіктердің кеме жасайтын ағашын қорғаудан басталған. Яғни, табиғат пайда көзі болғаны үшін ғана қорғауға алынған... Ал, орта ғасырда Еуропа билеушілері табиғатты аң аулау қызығынан айырылмау үшін қорғауға мүдделі болған...

Көшпелілер санасында табиғат пен адам, табиғат пен қоғам біртұтас ұғым. Тек ұғым ғана емес, олардың өмір-тіршілігі табиғатпен үндестікте өткен. Табиғатты көшпелілер барша жанды-жансыз жаратылыстың Анасы деп есептейді.

...30.07.87: Көшпелі қоғамда мүлік теңсіздігі болуы мүмкін емес. Кімдекім пендешілік аңсармен зат-мүлік молайтқысы келіп тыраштанғанымен көшпелі өмір-салтының ілкімді қозғалысы артық заттың бәрін керексіз етіп, сыртқа теуіп, табиғи сұрыпталудың ырқына көндіреді. Ал, егер бәрібір көз тоймас қомағайлыққа салынып, орынсыз дүние-

мүлікті көбейтсе мыңдаған шақырымдық көш жолында артық бейнетке ұрынады. Түптің түбінде көшпелі өмір-салты ондай дүниеқорды жатсынады. Сонсоң, өзінен-өзі көшпелі өмір-салттың талғам-талабымен үйлесе алмай шеттетіледі немесе отырықшылыққа айналады. Яғни, экожүйемен үндес өмір-салтқа жат, бөтен тіршілікке ойысады.

Көшпелілердің мыңғырған малының иесінің болуы мейлінше шартты ұғым. Өйткені, көшпелілердің қоғамы рулық құрылымға негізделген. Ру аясындағы кез келген байдың малысы сол байдың ет жақыны, ағайыны, аталасы. Мал өнімі өзінен өзі тұтас рудың игілігі болып табылады. Бай мың жерден іштарлық көрсеткенімен, мыңғырған малдың артық өнімін жеке-дара тұтына алмайды. Ал, көшпелі өмір-салты артық өнімді қаттап жинап қояды тағы да көтермейді. Қазақ тілінде «запас» сөзінің баламасы былай тұрсын, ондай ұғымның жоқ екендігі өмір шындығының айғағы.

Мал шаруашылығы жер шаруашылығына қарағанда кісілікті қарым-қатынасты, адамдардың парасаттылығын көбірек қажет етеді. Өйткені, мұндағы өндіріс құралы да, өндіретін өнімі де кеудесінде жаны бар төрт түлік мал. Бұл дегеніңіз, долданып жүріп жерді бір теуіп көме салатын картоп емес. Малдың қас-қабағына қарау – мол өнімнің кепілі. Бұған қоса көшпелі өмір-салтта еңбек ету мәжбүрлікке негізделмеген, қажеттілікке негізделген. Малды ар-иманымен бақпаса бай ғана кедейленіп, жұтап қоймайды, малы да қоса жұтайды. Бір ру аясындағы бай не көрсе, малы да соны көреді. Рас, байдың үйінің кеңдеу, ақшаңқандау болуы мүмкін. Бірақ, бұл таптық айырмашылыққа айғақ боларлық әлеуметтік себеп емес».

Экспанция

Өз сөздері: «Әйгілі Рим империясы бір жағынан ішкі ретсіздіктер салдарынан, екінші жағынан сыртқы күштің ықпалынан 395 жылы екіге бөлінді. Алайда, ресми біртұтас мемлекет болып есептелетін. Осындай саяси-әлеуметтік алмағайып кезеңде мемлекет тұтастығын білдіру үшін елтаңба ретінде екі басты самұрық құс таңдалған еді. Алайда, мұндай арман-аңсар (идеал) күні өткен Римді құтқара алмады. Ақыры, шығыс Рим империясы мүлде дараланып, Ұрым (Византия) деген атпен тарих сахнасына шықты. Римнің шығыстағы мұрагері ретінде Ұрым өздеріне елтаңба ретінде екі басты самұрық құсты қалдырды.

Арада аттай мың жылдай уақыт өткенде Ұрымның да даңқы солғын тарта бастады. Осы кезде Ұрымнан кейін әлемдік биліктен дәмелі

болған Алтын Орда мемлекеті екі басты самұрық құс бейнеленген ақша басып шығара бастады.

Алайда, Алтын Орданың да ғұмыры келте болды. Мұнан кейін тарих сахнасынан орыс жұрты төбе көрсете бастады. Бара-бара Ресей әлемге билігін жүргізгісі келетін үшінші Рим болғысы келеді. Мұндай дәменің өзіндік сыр-себептері де бар еді.

Осман түріктерінің тегеурінді соққысынан кейін 1453 жылы Константинополь (Стамбул) құлады. «Суға кеткен тал қармайды» – дегендей, тарих тұңғызына батып бара жатқан Ұрымға шапағаты тие ме деген үмітпен, Рим папасы ұсыныс жасап, 1472 жылы орыс князі, болашақ бүкіл Ресейдің патшасы үшінші Иван (1440-1505) Ұрымның соңғы императоры Константин Палеологтің жиен қарындасы Зояға үйленді. Ресейліктер оны София деп атаған. Міне, осы кезден бастап Римдіктер өздерін шығыстағы христиан әміршілерінің ең ұлығы сана-са, үшінші Иван өзін Ұрымның императорлық үйінің мұрагері ретінде сезінді. Сөйтіп, патшалық таққа отырған кезде (1478) екі басты самұрық құс бейнеленген ұрымдық елтаңбаны Ресейдің мемлекеттік елтаңбасы ретінде қабылдады. Осылайша үшінші Иваннан бастап Ресейдің мемлекеттік мөрінде екі басты самұрық құс бейнеленетін болды.

...Бұратана халықтарға бағытталған әділетсіздік атаулының баршасын, зорлық-зомбылықтың ең сорақы түрлерін, құлық-сұмдықтың небір жымысқы тәсілдерін сол кездегі патшалық Россияның отаршыл әкімшілігі саяси ептілік ретінде, дипломатиялық тапқырлық ретінде, тіптен отанына беріле қызмет көрсетудің үлгісі ретінде марапаттап отырды. Көшпелілердің ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетін, өмір салтын өзгерту, сенімі мен тілін жою, ұлттық санадан айыру, сөйтіп, дала тұрғындарын құлақ кесті құлға айналдыру Россия отаршылдары үшін ақылы мен қажыр-қайратын жұмсайтын өмірлік мұраты болды.

...Қашанда зорлық атаулы өзіне қарсыластар қалыптастыратын болғандықтан, жергілікті зәбір көруші этнос та қарсыласу барысында, өктем этностың ең жаман қасиеттерін игеріп алады. Кейде жамандықты асырып та жібереді. Осындай этникалық идеялар шарпысқан алашабыр ортада рухани мәдениет тұрақсыз, құбылғыш қалып танытады. Мұндай ортада жабыны – тұлпар, жапалақты – сұңқар деп бағалай салу бек мүмкін. Себебі, мұндай тобырлар психикасы этникалық дәстүрден нәр алмайды, қара басының аңсарымен шектеліп, таза экзистенция жетегінде болады. Мұндай адамдарды субъективті сенім иектеп, олар даңкеуде, өзімшіл, дүбәра, бетпақ-демагог қалыпта ғұмыр

кешеді. Яғни, этностар қойыртпағы – химералық этносты қалыптастырады да, идеялық жалаңаштыққа алып келеді. Ол да ештеңе емес, ұлттардың қойыртпағы бара-бара антижүйеге (антисистемаға) ұласады. Оның да өз көсемі, өз шешені, өз білгіші болады. Бұлардың бәрінде бір ғана сенім – өмірді тәрлік етушілік сенімі болады. Себебі, олар жан жұбанышын табиғи ортадан таппайды, тек қана өз жүрегінің эгоистік қалауынан табады...

14.10.74: Соңғы екі ғасыр бойы халық өзінің дәстүрлі өмір-салтынан жаңылып, ұлттық болмысын жоғалта бастады. Соңғы бір ғасыр бойы халық өзі туралы, өзінің өткені туралы тек қана жағымсыз тұжырымдарды естумен келеді. Күні бүгінге дейін мектеп оқулықтарынан бастап, академиялық басылымдарға дейін ұлт туралы айтар сөзін «Бұрын артта қалған, жабайы, көшпелі қазақ халқы...» деп бастайтынына куәміз. Бұрын өзгелер қандай болып еді деп ойла-нып жатқан ешкім жоқ. Әрине, мұндай жарымжан тұжырымдардың ғылыми дәйексіздігі қынжылтпайды. Сорақылығы сонда, мұндай жарымжан тұжырымдар ғылымның дау тудырмас жетістігі ретінде ұрпақтар санасына сіңірілуде зой. Өктем ұлтқа ұқсамайтын қасиеттің баршасы «жабайылықтың айғағы» ... Ұлт өмірінің барлық проблема-сын шешу тізгіні өктем ұлттың қолында... Бұратана ұлттардың әрбір өкілі адам сияқты өмір сүру үшін, қабілет-қарымына лайықты сыбағасын алу үшін міндетті түрде өзара өрелесіп, өзара сұрыпталып келіп өктем биліктің төрелігіне жүгінуі керек.. Бұл жолда кім әсіре тыраштануға икемдірек болса соның асығы ашысынан түседі...

Системаның алмасуына қарамастан, мемлекеттік төңкерістердің жүзеге асқанына қарамастан және саяси көзқарастардың өзгеруіне қарамастан Ресейде бір ғана жағдай өзгеріссіз қалып отырды. Ол – бодан болып отырған бұратана халықтарға деген Ресейдің репрессиялық пиғылы мен әрекеті болатын. Өкінішке орай, тарихтың өзі куә болып отырған қатал шындық осындай.

27.11.89: Орыс кириллицасын тұтыну арқылы және мәжбүрлеу түрінде болса да орыс тілін білу арқылы дүние жүзіндегі ең ірі ұлттардың бірі – орыс халқы біздің рухани қызметшіміз болып отыр.

Бір қарағанда осының бәрі «игілік» сияқты болып көрінгенімен, мұның өзіне мән берер болсақ, жоғарыда айтқан «рухани қызметшіміздің» мәңгілік рухани тұтқыны болып өту деген сөз. Өзгеге рухани тұтқын болу сауатсыздықтан да жаман.

Егер, күндердің күнінде қазақ халқы орыс кириллицасынан басқа жазуға көшетін болса, онда тек қана руниканы таңдауымыз қажет. Латын әрпін әлемдік дамыған елдер тұтынады екен, бүгінгі компьютерлік белгі негізінен латын әрпінде екен, сондықтан да латын әріпіне көшсек бірден озық елдердің қатарына теңесіп, олардың танымына ілесіп кетеміз деген алып-қашпа сөздің бәрі де беріден ғана қайтып жүрген үстірт пікірлер. Әріп дегеніміз тіл де емес, білім де емес, салт-дәстүр де емес, бар болғаны белгілі бір ұлттың дыбыстық белгісі (знак) ғана екеніне мән беруіміз керек. Бұл орайда төл әрпін тұтынып отырған қытай, жапон, араб елдері, грузин, армян сияқты елдердің ешкімнен сорлы емес екеніне, керісінше сол елдерде ғана ұлттық төлтума мәдениет пен ана тілінің мөлдір таза күйінде сақтала шыңдалып отырғанына мән беруіміз керек.

20.12.89: Саясаттың жалдаптары біздің ұлтжандылығымызды құбыжық етіп көрсеткісі келеді. Кейде бұл қасиетімізді артта қалғандықпен шендестіргісі келетіндер де бар. Ал, ұлттың мүддесін көздеп айтқан сөзді «ұлттық томаға тұйықтық» деп құбылтатынын қайтерсіз. Бұдан да өткен сорақылығы сол, егер өзіңді ұдайы орыс халқының шәкіртімін деп санасаң, орыс халқының кіші інісімін деп жағымпаздансаң, барлық болмысың мен әрекет-тірлігіңде тек қана орыстарға еліктесең, тіптен өз ана тіліңді ұмытып, орыс тілінде ғана сөйлейтін болып қалсаң – онда сен интернационализмнің үлгісін көрсеткенің. Міне, біздің өмір сүруге бірден-бір қажет ең киелі сезімдеріміз бен ұғым-түсініктеріміз осылайша кері бұрылған. Ал, ұлттың өз ішінен шыққан мәңгүрттер империяның сойылын созуға келгенде алдына жан салмайды. Біздің атқа мініп, тізгін ұстаған белсенділеріміз барлық проблеманы әлгіндей «интернационалист» болып алған соң шешеміз деп ойлайды. Өктем жүйенің (системаның) тәрбиесі атқамінерлеріміздің қаңқа сүйегіне дейін сіңген.

Соңғы екі ғасыр бойы қазақ халқы дүние дидарына тек қана орыстың көзімен қарап, тек қана орыстың жүрегімен баға беруге машықтанып алды. Біз дүние дидарына орыстың да көзімен емес, қытайдың да көзімен емес, ағылшынның да көзімен емес, арабтың да көзімен емес, қажет десеңіз қазақтың да көзімен емес, біз әділдік пен парасат көзімен қарауға қалыптасуымыз қажет.

28.02.90: Нағыз құлдық сананың құлдығынан басталады. Санасы құл болғандарда бір ғана түйсік болады. Ол – тыйым түріндегі түйсік. Яғни, санасы құл болғандар өмірдің барлық саласында «бүйтуге бола-

ды» немесе «бүйтуге болмайды» деген түйсікті ғана басшылыққа алады. Мұндайларға азаттық берген соң да тыйымдық түйсіктен арылуы мейлінше қиын болады.

Бүгін Жазушылар Одағының жанынан «Атамекен» комитеті құрылды. Түпкі мақсат – тоз-тоз болған қазақтың басын қосу еді. Алайда, санасыз құлдар айтады: «Жо-оқ, өйтуге болмайды зой... қазақтың басын қосуға еш уақытта рұқсат етпейді!» – дейді. Мұнысы, бейне бір «жо-оқ, тамақ ішуге болмайды, оған еш уақытта рұқсат етпейді» дегендей ұғым екенін ойлап жатқан олар жоқ...

Тәрізі, қиындықтың көкесі осындай психологиядан арылу болар...

7.03.90: Социалистік жүйенің (системаның) қазақ халқына (бәлкім басқа халықтарға да) тигізген зардабы: ақ қашып қызыл құған аласапыран кезең; ақ пен қызылдың қазақ ауылдарын кезек тонауы, кезек қорлауы; жиырмамыншы жылдардағы алғашқы аштық; зорлықтың адам айтқысыз түрінде өткен ұжымдастыру (коллективтендіру) мен ел дәулетін тәркілеу (кәмпескелеу); үш миллионнан астам адамға қырғын таптырған отыз екінші жылғы ұлы аштық; халықтың бетке шығар ақыл-есі сияқты азаматтардың толық репрессиялануы; ұлттың генфондын жайпап өткен Ұлы Отан соғысы; соғыс жылдарында Қазақ даласына жер аударылған тұтас ұлттар; тың игеру науқанын желеу етіп қоныс аударған үш миллиондай тексіз тобыр; қазақ халқының этникалық ерекшелігінің жойыла бастауы; Қазақстанның бірнеше жерінде бірыңғай қазақтар шоғырланған өңірлерде ондаған жылдар бойы атом тажалының сыналуы; рухани экспансия мен ассимиляцияның мемлекеттік саясатқа айналуы; халықтың төлтума мәдениетінің мансұқталуы...

Міне, осы нәубеттердің қатарына «таптық көзқарас» деп аталған саяси платформаны да қосуға болады. Таптық көзқарас тұжырымдамасы (концепциясы) ұлттың өзіне өзін қарсы қойып, өзіне өзін қырғызды. Таптық көзқарас тұжырымдамасы ұлттың өзі туралы өзіне өтірік айтқызып, ұлтты қалыптастырған мыңдаған жылдық тәжірибесі мен мәдениетін сол ұлттың өзіне мансұқтатты. Нәтижесінде, көрінгеннің аузына қараған, мүлде талғамсыз, ақиқатқа жүгіне алмайтын, сұлулықты тану қабілеті жоқ тобыр пайда болды. Бұл індетті республикамызға алуан түрлі ұлт өкілдерінің зорлықпен тоғытылуы одан сайын меңдетіп, әр тектес идеалдардың саяси-әлеуметтік былдыр-батпағына (какафониясына) ұласқан жағдай бар.

Міне, бас-аяғы бірер ұрпақтың көз алдында социалистік жүйе бізді осындай күйге түсірді.

5.04.90: «Нәубеттер: социалистік экономиканың экстенсивті дамуды бірден-бір ұлы мақсатқа айналдыруы; адам мұратынан бұрын ведомстволық мұраттардың бірінші кезекке қойылуы; мемлекеттік шаруашылық түрлері мен мемлекеттік меншіктің абсолюттендірілуі.

Соңғы үш ғасырда жүйелердің (системалардың) алмасуына қарамастан, мемлекеттік төңкерістердің жүзеге асқанына қарамастан және идеялық-саяси көзқарастардың өзгеруіне қарамастан Ресейде бір ғана жағдай өзгеріссіз қалып отырды. Ол – бодандықтағы бұратана халықтарға деген Ресейдің репрессиялық пиғылы мен әрекеті болатын.

Ресей империясының бодандығында болған 200-ден астам ұлттар мен ұлыстардың бірі ретінде қазақ халқының отаршылық кезінде бастан кешкен қасіретін Ақселеу Сейдімбек былайша санамалап береді:

«1) Үш мың жыл аясында Еуразияның апайтөс даласында көшпелі өмір-салт құрып, ғажайып төлтума мәдениет қалыптастырған қазақ халқы, отаршылдық кезінде жойқын рухани экспансияны бастан кешті. Нәтижесінде, рухани ассимиляцияға түсіп, төлтума мәдениетін көмескіледі. Ұлттың төлтума (самобытный) мәдениетін жою қай кезде де метрополияның ең негізгі саяси-идеологиялық мақсаты болып отырған. Бұл мақсатты жүзеге асырудың тетіктері Ресей империясында тәжірибеден ғылымға ұласып еді;

2) Алтай таулары мен Тоң (Дон) өзенінің арасындағы Ұлы Далада өмір-салт қалыптастырып, мемлекет құрып хандық орнатқан қазақ жерінің жартысына жуығы Ресейдің қол астында қалды. Бұл ретте әйгілі Жәнібек ханның шешесі Тайтұлланың есімімен өз кезінде қазіргі Тула қаласының аталғанын еске алуға болады. Немесе, қазақтың ұлы сүре ақын-жыраулары бес ғасыр бойы қанатты жырларына қосқан қасиетті Еділ (Волга) өзенінен бүгінгі қазақтардың бір ұрттам су іше алмайтынын мысал етуге болады. Ресей қоластындағы Хажытархан (Астрахань), Сарытау (Саратов), Селебе (Челябинск), Қорған (Курган), Төмен (Тюмень), Баранауыл (Барнаул). Үстіқұт (Усть-Кут), Ащылы (Ачинск), Байкөл (Байкал), Енесай (Енисей), Аңғар (Ангара) т.б. сияқты елді мекендер мен жер-су атаулары күні бүгінге дейін таза түркілік-қазақтық мән-мағынасында айтылады;

3) Қазақ халқының мыңдаған жылдар аясында экожүйемен кіндіктес қалыптасқан өмір-салты, шаруашылық-мәдени типі 1926-1930 жылдар аралығында шұғыл түрде зорлықпен өзгертілді. Нәтижесінде, 1931-1932 жылдары 7 миллион қазақтың 4 миллиондайы қырылып қалды. 1,5 миллионы шетелдерге қашуға мәжбүр болды. Егер, осынау нәубет болмағанда қазақ халқы өзінің табиғи өсімімен XX ғасыр соңында 30 миллиондай болып отырар еді. Қазір дүние жүзіндегі қазақтар-

дың саны 10 миллиондай. Демек, Ресей империясы 20 миллиондай қазақтың құныкері болды деп шамалауға негіз бар. Қазақ даласындағы бұл вакуумды негізінен славян жұрты толтырып отырды. Нәтижесінде, қазақ халқы өз отанында саны орыстардан аз болған кезеңді бастан кешті;

4) Қазақ халқының мемлекеттігі зорлықпен құлатылып, хандық өкімет жойылған 1822 жылдан бастап қазақтың ел үшін еңсе көтерген ең дарынды ұл-қыздарының бірде-бір империялық саясаттың жазасынан тыс қалған емес. Олардың басым көпшілігі мемлекеттік төңкерістерге, жүйелік (системалық) алмасуларға және идеялық-саяси бағыттың өзгеруіне қарамастан тұрақты түрде аяусыз жойылып отырды;

5) Ресей империясының үздіксіз жүргізген репрессиялық саясатының ауыртпалығынан біртұтас қазақ халқының перзенттері қазір дүние жүзінің қырықшақты мемлекетін паналап, тілі мен ділі әртүрлі мемлекеттер құрамында ғұмыр кешуге мәжбүр болып отыр. XX ғасыр соңында қазақ диаспорасының саны 4 миллионнан астам болды;

6) Табиғат байлығын қорқаулықпен тонаудың салдарынан, экожүйеге бейімделген дәстүрлі шаруашылық жүйесіне ғылыми негізсіз өзгерістер енгізгендіктен және шөлейт аймаққа зорлықпен ығыстырылған қазақтардың ортасына 1949-1989 жылдар аралығында 500-дей атом және сутегі бомбасын сынағандықтан Қазақ даласы экологиялық сүргінге (катаклизм) ұшырады. Мұның өзі ұрпақтың тұқым қорына (генофонд) әсер етіп, ұлтты аздыра бастады. Отаршылдықтың адамдарды рухани тоқыратуы және организмді қолайсыз экологияның зақымдауы қазақ жастарының ішімдікке құмарлығын оятты;

7) Қазақстандағы өнеркәсіптік, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымының 70 пайыздан астамы Ресейге кіріптар. Әлеуметтік-экономикалық құрылымның бұлай болуын отаршылдықтың табиғаты қажет еткендіктен десе қателік болар еді. Демек, мұның себебін орыс халқының өзінен басқаға сенбейтін биопсихологиялық табиғатына телуге тура келеді;

8) Ресей экспансиясы бел ала бастаған XVIII ғасырдан бастап 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына дейінгі аралықта қазақ халқы отаршылдыққа қарсы 300-ге жуық ұлт азаттық көтерілісті бастан кешті. Алайда, дүлей күш қазақ халқының азаттықты көксеген рухын ұдайы қанға тұншықтырып отырды...».

Міне, қазақ халқы қазіргі азаттығына осындай нәубеттерді бастан өткеру арқылы қол жеткізді. Азаттық жолында халық қансырап бақты, бірақ құрып кеткен жоқ, есеңгіреп бақты, бірақ есінен адасқан жоқ.

Ақселеу Сейдімбек үшін азаттықтың ақ таңының атуы нәтижесінде ұлттардың мидай араласуы, аралас некелердің нәтижесінде адамдардың дүбэралануы, ұлттың төлтума мәдениетіне түскен орны толмас нұқсан қайтадан қалпына келетін күн туса екен деп армандайды:

«О, құдіреті күшті Көк Тәңірі, азаттығымызды ұзағынан сүйіндіре гөр!» – деп тілейді бүгінгі жер басып жүрген қазақтар. Осынау ұлы тілекті енді таным мен әрекетке ұштастыру керек. Отаршылдықтың тақсіретін тартқан жүздеген ұлттар мен ұлыстар сияқты, қазақ халқы да ең ауыр кезеңді социализм тұсында бастан өткерді. Бұл орайда, адамзат баласының ұзына тарихындағы ең үлкен, ең ауыр қылмыс ХХ ғасырда КСРО (СССР) деп аталатын ұлы империяның аясында жүзеге асты деп тұжырым жасауға болады. Ол бір ұрпақтың көз алдында өткен екі бірдей дүние жүзілік соғыстың миллиондаған құрбандары да емес. Ол – миллиондаған адамды бас бостандығынан айырған лагерлердің архипелагы да емес. Ол – технократтық жабайылық тудырған экологиялық сүргін де емес. Ол – соғыссыз-ақ, идеологиялық жалдаптықпен 4 миллион қазақты қырып салған геноцидтік саясат та емес. Ол – тұтас ұлттардың қазақ даласына жер аударылуы да емес немесе тың игеру науқанын желеу етіп, 3 миллион славянның Қазақстанға басып кіруі де емес. Ол – керек десеңіз, қырық жыл бойы (1949-1988) Қазақ даласында, бейбіт халықтың ортасында сынақ үшін жарылған 500-ге тарта атом бомбасы да емес...

Ол қылмысты былай деп тұжырымдауға болады: адамзат баласының тарихындағы ең үлкен қылмыс – социалистік жүйенің тоталитарлық өктемдікпен 200-ден астам ұлтты мидай араластырып жіберуі болды. Нәтижесінде жүзге тарта ұлттар мен ұлыстар (народность) мүлде жойылып кетті. Яғни, ғасырлар бойы қалыптасқан жүзге тарта төлтума мәдениет мәңгілік жоқ болып, жұмыр жердің мәдени-рухани болмысы солғын тартты. Мұндай ауқымдағы қасіретті адамзат баласы мұнан бұрын бастан кешкен емес. Осынау жойқын да жосықсыз қасіреттің орынында мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан төлтума мәдениеттерді әбден таптап, өздері химералық күйге жеткен 300 миллион тобыр қалды; басқа ұлт өкілімен некелескен 60 миллион ұлтсыз дүбара қалды, абақтының тұрақты тұрғындарының саны 20 миллион адамға жетті...

Иә, империя құлады. Зұлымдықтың ұзақ өмір сүрмейтінін ақ бас тарих бұл жолы да қапысыз тағылым етті. Өзге ұлттар сияқты қазақ халқы үшін де отаршылдықтан құтылу мейлінше қиын болды. Отаршылдықтың зардабынан арылудың одан да қиын екеніне көз жетіп отыр. Бұл жолда қазақ халқы өз жүрегімен өзі күресуі қажет. Сөйтіп,

жараланған жанын жазуы керек, тұманданған санасын сейілтуді керек. Отаршылдықтың дерті ұлт бойына батпандап сіңген, енді мысқалдап шығады. Яғни, қазақ халқының ең өзекті әрекеттері рухани сауығуға, өз болмысын парықтауға бағытталғаны абзал. Мұны тура мағынасында да, бейнелі мағынасында да «рухани жаңғыру» немесе «рухани реставрация» деп атауға болады».

Бастапқыда қазақ үшін әлемге ашылатын терезе көрінгендей болған орыс тілінің қазақтың өз арасында қазақ тілін ығыстырып, қазақ рухын солдырып, қазақ дәстүріне жауығып жатқанына мұң шегеді:

«Орыс тілі қазақ халқының тағдырында айтарлықтай прогрессивті рөл атқарған кезеңдер болды. Ол әсіресе, ХІХ ғасырдың ІІ-ші жартысы мен ХХ ғасырдың өн бойы. Ал, дәл қазір қазақ халқы орыс тілінен зиян шегіп отыр. Орыс тілі қазақ рухының, қазақ ділінің, қазақ дәстүрінің ата жауына айналып барады. Неге дейсіз зой? Біз орыс тілінде берілетін сан-сала ақпараттың соңына ілесіп, орыс рухының көшірмесіне айналып барамыз. Біздің халық өз бетімен әлемдік ақпаратты, әлемдік ғылыми жаңалықты қорыту қабілетінен айрылып барады. Орыс тіліндегі ғылыми, мәдени-рухани, керек десеңіз, саяси жаңалықты қайталаушы ғана болып барамыз. Былайша айтқанда, біз рухани жатыпшыер халыққа айнала бастаған жайымыз бар. Өз бетімізбен іздену, өз бетімізбен әлемдік ғылым техникалық прогреске ілесу, өз бетімізбен әлемдік руханиятпен бәсекеге түсу қабілетімізден айрылып барамыз. Тыңдайтынымыз орыс тілді ақпарат, оқитынымыз орысшадан аударылған дүние, ұстайтынымыз орыстың саясаты, тіпті, әлеуметтік, құқықтық тұрғыға дейін орыс не істесе, соны қайталаймыз. Демек, біз белгілі дәрежеде осы мәселеге тосқауыл қойып, әлемдік бәсекеге қосылмасақ, біз өз үйімізде отырып рухани жарымжан халық болатын түріміз бар. Осының бәріне қоса, орыс тілі арқылы жастарымыздың бойына көптеген жағымсыз қасиеттер жұғысты болуда. Нақтырақ айтқанда, орыстың ауызекі тілдік нормалары біздің халықты көргенсіз, қасиетсіз, әдепсіз етіп барады. Қазір кез келген қазақ жастары бір-бірімен сөйлескенде өздерінің сөз аралық байланысын орыстың боқтық сөзін қосу арқылы жеткізеді. Орыстың өте жағымсыз, бейпіл сөздерін жиі қолданады. Орыс болмысындағы құлдық сана, жағымпаздық, парақорлық, сыйласа алмаушылық, моральдық тұрақсыздық, үлкенді сыйламаушылық, дәстүрсіздік, сатқындық, маскүнемдік сияқты көптеген жағымсыз қасиеттерге қазақ жастарының да бойы үйреніп бара жатқанын көз көріп, көңіл тіксініп отыр».

Солженицын көп жылдардан соң Ресейге қайтып оралысымен, Ресейді қалай өркендетуге болатынына мессия дәрежесінде сәуегейлік жасауға тырысқан мақаласына орай Ақселеу Сейдімбек өз пікірін білдіреді:

«19.09.90: А.И.Солженицынның суреткерлігі түрмелік «публицистика», гуманизмі – шовинизм, тұжырымдамасы – қара басының ашу-ызасы ғана емес пе екен, деп секем алғандаймыз.

Қазіргі қампып жатқан Қазақстанда, – дейді А.И.Солженицын, – қазақтар жартыдан анағұрлым аз. Олардың шоғырланған, тұрақты ата мекені – шығыс шетінен бастап Каспийге дейінгі оңтүстік облыстардың үлкен орамы ғана, шындығында бұл өңірлердегі тұрғындардың басым көпшілігі қазақтар. Егер, осы мекенімен олар да бөлінеміз десе – онда құдай бетінен жарылқасын».

...Қазақта «Көңіл кірі айтса кетеді» деген сөз бар. Біз қолға қалам алғанда әлдеқашан сүйегі қурап қалған ата-бабамыздың атамекенін даулайықшы деген ойдан аулақпыз. Немесе, мұхиттың арғы жағында сәуегейлік құрған, өзінше ой-аңсарын жазған А.И.Солженицыннан қарымта қайтару да ойымызда жоқ.

Біздің сөзіміз өзіміздің отандастарымызға, өзіміздің жерлестерімізге, ХХ ғасырдың бұйыртқан сыбағасын тең бөліскен қанды көйлек замандастарымызға арналады. Өткен іс қайтып келмейді. Егер, ізінен қан шұбырған ақ бас тарих үшін тірілер жауап берер болса, жер бетінде қылмысқа тартылмайтын адам қалмас еді. Біз ХХІ ғасырдың табалдырығынан аттағалы тұрмыз. Бұл шекара бөлісетін ғасыр емес, қазіргі шекараларды сақтай отырып, парасатымызды бөлісетін ғасыр. Бақытты болашақтың кепілі сол ғана. Демек Россия А.И.Солженицынның ақылымен көгереді деп әсте айта алмаймыз («Қазақ әдебиеті». 28.09.90.).

...А.И.Солженицынның Қазақстан аумағына (территориясына) қатысты ой-аңсары жаңалық емес. Бірінші рет, әйгілі репрессияшылар-реформист П.А.Столыпын Қазақстанның қара топырақты аймағын Россияға қосу идеясын ұсынды. Алайда, сол кездегі саяси-әлеуметтік аласапыран дес бермеді. Екінші рет, осы ғасырдың жиырмасыншы жылдарында пролеткульттың кеудемсоқ идеологтары П.А.Столыпынның идея-сын қайта жаңғыртып, В.И.Ленин пролеткульт идеологтарының «...теориялық тұрғыдан қате, практикалығы жөнінен зиянды» пиғылдарына тойтарыс берген еді. Үшінші рет, Қазақстан жерін жыртысқа үлестіретін кездемедей көрген адам Н.С.Хрущев болды. Ол кісі, тіптен, Тың өлкесін құрып, оны тікелей орталыққа бағындыру арқылы ескі арманды оп-оңай жүзеге асырамын деп ойлады.

Бетін аулақ қылсын, жазатайым қазақ халқы Ресей шылауына тағы да түсетін болса, бұл жолы қазақ ұлтының өткен тарих ениісіне айналатынына күмәніңіз болмасын. Біз онсыз да барша болмысымызбен «орысшылдық» дертіне шалдыққан этноспыз».

Халқына ғұмырын саналы түрде арнаған, қазақ мәдениетінің тағдыры үшін сан жылдар еңбектеніп, ұлттық ділдің жанашыры болған Акселеу Сейдімбек жайында «Қазағым деп тілін сындырып, қазағым деп өмірден өтер, құр сөзбен емес, бар болмыс-бітімімен, бүкіл саналы тірлігіндегі қам-қарекетімен дәлелдеп жүрген осы Акселеудей азаматтары бар ел бақытты» деген екен Кәдірбек Сегізбай.

Акселеудің өзі айтады:

«Қазақ халқы бір жүйеден екінші жүйеге өтіп бара жатқанын терең сезіндім де, ұлтымыздың дәстүрлі құндылықтарының бірте-бірте ұмытылып бара жатқанына қатты мазаландым. Нәтижесінде, мен нақтылы ғылыми-көпшілік, ғылыми-танымдық, этнографиялық, ұлт болмысын танытатын еңбектерді жазумен айналысуға көбірек ден қойдым.

... «Ұлы Дала», «Көшпелілер өркениеті», «Көшпелілердің төлтума мәдениеті» деген санаттық (категориялық) ұғымдар қалыптасу үшін, оны елдік жетістік ретінде санамызға орнықтыру үшін 60-70-80 жылдарда көрінген шығармашыл буын айырықша еңбек етті. Сол буын сапында болғанымды мақтан етемін. Мен тұңғыш рет қазақтың гажайып мұрасы – қара өлең нұсқаларын жинап, оның поэтикасы мен жанрлық сипатын саралаған монография жарияладым («Мың бір маржан»). Қазақтың рухани мәдениетіндегі ерекше құбылыс музыкасы болса, бүкіл саналы өмірімді күй өнерін зерттеуге, күйші-композиторлар өмірбаянын анықтауға, күй аңыздарын жинауға арнап келемін. Күй өнері туралы екі томдық монографиям («Күй шежіре» – екі кітап) жарық көрді. Өзім қобыз, домбыра, сыбызғы, мандолина тартамын.

Қазақ тарихы мен этнографиясына қатысты жазғандарым көлемді монография болып жарық көрді («Қазақ әлемі»).

Қазір менің қолымдағы шежірелік материалдар Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Омбы, Алматы, Ташкент қалаларының ғылыми мекемелеріндегі шежірелік материалдардан мол десем, әсіре сөз емес».

«Менде Құнанбай қажының шақшасы, Шәкен Аймановтың ұстаған таяғы бар. Ал, енді Алматыдағы Азаттық монументі жанындағы айқара ашылып жатқан кітапты жұрттың бәрі біледі. Соның бір бетінде Президенттің саусағының белгісі де, келесі бетінде түркі қағаны мөрінің «Таңда да, жұбан» деген жазуы бар. Бұл тастағы жазуды профессор Алтай Аманжолов оқыған. Осы тасты маған Шығыс Қазақстандағы Катонқарағай жағынан бір қойшы қорымнан тауып әкеліп берді. Қолыма түскен тарихи таңбаның өмірлік зор пайдаға асқанын өз басым мақтаным тұтамын.

Шаршаған кезде қолөнермен айналысамын. Домбыра, шақша, сақина, білезік жасаймын. Қамшы, шідер, жүген өремін, қолға ұстайтын таяқтар жасаймын, ол жасағандарымды құмарым басылғанша ұстап жүруді ұнатамын. Мен жасаған бір домбыраны марқұм Нұрғиса Тілендиев қалап алып еді.

Ең бір әдемі жасалған мүліктерімнің бірі – Оралхан Бөкеевке арнап жасалған өрме қамшым болатын. Аға-досым Асанәлі Әшімовке талай рет шақша жасап бердім. Менің қолөнерімен айналысуымды ерекше қабілеттің айғағы деп дабырайтудың қажеті шамалы. Мен аудан орталығынан шалғайда, Бетпақтың шөлінде, көшпелі ауылда өстім. Әлгі мен жасайтын заттарды біздің ауылда екінің бірі жасайтын. Яғни, ондай қабілет өмір мұқтажынан туындаған қажеттілік десе жөн. Оның үстіне орта мектеп бітірген соң комсомолдық жолдамамен қой шаруашылығына келдім де, екі-үш жыл малышылықтың ыстық-суығын бастан кештім. Яғни, жазудан қажыған кезде, бірдеңені ептеп-септесем, сол баяғы шаруа кездегі үйренген әдет қой».

Осы өзі жазып қалдырған сөздерінен артық сөз іздеп, Ақселеудің табиғатын әсерлеп, боямалаудың реті келмес.

Ахмет Байтұрсынов: «Шәкәрім ою-өрнек сызып, тасқа бедер салған. Бойға қонымды, ықшам, әдемі киім үлгісін ойлап тауып, киім пішкен. Ол домбыра жасаған. Жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы ұстап, аңшылық, саятшылық құрған» деп тізіп айтқан екен. Ақселеу де сол сияқты ауылда өскен қазақтың алғыр, зерделі баласы не істей алса, соны жасайтын болған. Шәкәріммен ұқсастығын шығармашыл адамдардың ұқсастығы, үндестігі десе боларлық.

Ақселеуді әркім әртүрлі қырынан көреді. Серік Ақсұңқарұлы: «Алғаш рет Асан Қайғы, Ақтанберділерді мен осы адамның аузынан естігемді. Ести салысымен басыма жастанып оқып, бір сөзін түсіне алмай дал болғанымды да несіне жасырайын. Евтушенкоға есі кеткен бала жігіт мына дүниеде одан басқа ешкім жоқ деп ойлап жүр ғой баяғы...».

Ақселеудің Шәкәрімнің «Үш анығының» елден алынған екі қолжазбасын салыстырып, дәл оқылуына, бастапқы қалпына келтірілуіне мұрындық болғанын Мекемтас Мырзахметов «Түркістан» газетіне жазған.

Жайық Бектұров Ақселеу Сейдімбек жөнінде былай депті:

«Ақселеу – аңылдаған ақ көңіл жігіт. Ақ көңілдік, үлкенге ілтипат, кішіге қамқорлық қасиет – тек жаратылысында дарынды жандарға ғана тән қасиет. Бойдағы дарын тұғырдағы тұйғындай талпынуды, биікке қанат қағуды керек етеді. Бұл – дарынды адам үшін талаптылық. Міне, осы бір

талап Ақселеу дарынының өмірге егіз болып келген сыңары, бір қанаты. Осы талапкерлік біздің Ақселеуді бақытқа жетеледі. Небары жиырма жылдай уақытта Ақселеу өз қатарларының, өзінен ілгерілердің алдына түсті, қардай боратып, жаңбырдай нөсерлетіп неше алуан кітаптар жазды.

Ақселеу тек қиял қанатының ғана қаламгері емес, ол ақ қарда із кескен саятшыдай көне тарихымыздың сан алуан шытырман ұңғыл-шұңғылын зерттеп келеді. Бір арба қоқымнан бір түйір алтын сүзіп алатын кеншілеріміздей, ол көне тарихымыздың ұмытылған, тот басқан парақтарын жаңғыртып, көмескі таңбаларын сөйлетіп келеді. Оның бұл саладағы еңбегі инемен құдық қазғандай.

Ақселеу – кісілікті, әдепті, тағылымды, көрегенді, өнегелі, әрі бауырмал қайырымды, әрі сері, серіппелі жігіт. Ақселеудің көңіл көкжиегі, ой дариясы өте кең. Ақселеу – еңбекқор, еңіреп туған ер, жайсаң өнерпаз азамат. Оның тілі де, қолы да, ойы да жүйрік, оның адамгершілік парасаты да жоғары. Ақселеудің өзінен үлкендерге кішілігі, әдептілігі қандай жарасымды, өзінен кішілерге оның менмендігі жоқ. Мұндай жайсаң қасиет екінің бірінде бола бермейді. Жүйрік ат жуас келеді, иесіне еркелеп тұрады, балаға құлақ жымитпайды, шәлкестенбейді, бұра тартып, алып қашпайды. Жақсы кітаптарды көп оқыған, кеудесіне ғибратты сөзді көп тоқыған зерделі, зиялы, ізгі мақсатты адамдар дәл сол мойыны сала құлаш сағақты жүйрік ат іспеттес.

...Ақселеу бұрынғы өткен шешен аталарымызға тартқан әңгімешіл, сауық – сайраншыл, отырған орны базар, көпке ажар, арқалы жазушы. Иә, ол сегіз қырлы бір сырлы, су төгілмейтін, төрт аяғын тең басқан жорғадай жайсаң жігіт.

Ақселеу бүгінгі ұрпаққа, өзінен үлкенге де, кішіге де қазақ халқының өткендегі өмірінен бірде әліппе, бірде дастан, бірде шежіре жазып өз тең құрбысының алдына шықты. Бүгін біз мінезі ақ жарқын, қаламы тотсыз, көңілі кіршіксіз, алған беті түзу, жолы даңғыл Ақселеуіміздің бұдан былай да құлашты кеңге сермеуіне тілектеспіз. Ақселеу қазір дер шағында тұр. Оның қырағы, жіті көзі, сұлу сөзі, қайратты, қажырлы, тасқа салса майырылмайтын алғыр кезіне дәл келіпті.

Ақселеуге дарындылығы, өнерпаздығы, сырбаздығы үшін алғыс айтамын».

Қаламдас, қанаттас ағаның барынша шынын айтқаны, шын ықыласпен берілген баға екені көрініп-ақ тұр.

Ернар Құлмағамбет Ақселеу Сейдімбектің шығармашылығына қатысты бар жоталы-жоталы төрт түрлі ерекшелік сипаттарын атап көрсеткен:

«Өуелгі ерекшелігі – қазақ әлемінің дәстүрлі өмір салтына ерекше ден қойып, оның мәдениетіне, өнеріне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына жарқын көзбен қарап, шұрайлы көркем тілмен айтып беруді мақсат етуі.

Екінші елеулі қыры – Ұлы Дала кеңістігіне арқа сүйеген қазақ болмыс-бітімнің жылт еткен қадір-қасиетін, барынша ыждағатпен зерттеп, жас ұрпақ кәдесіне жарату.

Үшінші ерекшелігі – өзі зерделеп отырған этнотанымдық қымбат белгілерді, әрдайым, Ұлы мәдениет үлгісі ретінде қарастыра отырып, келер күнге аманат қылып, аман сақтап қалу жайы.

Төртінші сипаты – әр текті, шалғай өрістерден желі тартқан мол мағлұматтармен қатар, қазақ бітіміндегі танымдық деректердің нақтылығы, дәйектілігі».

Халқымыздың мынадай тағы бір даналық өсиеті бар: «Егер, сен алыс сапардан қоржын толы алтынмен оралсаң, сол алтынды отыңның басы, ошағыңның қасына ғана төк. Егер, сен алыс сапардан жақсы дос тауып қайтсаң, онда ауылыңды жинап таныстыр. Ал, егер, сен алыс сапардан ұлағатты сөз естіп қайтсаң, онда бүкіл еліңді жинап, айтып беру міндетің». Ақселеу өзінің жазып қалдырған мол мұрасы арқылы бүкіл еліне ұлағатты үлгі, өнегелі сөз қалдырды.

Бұрынғылар айтқан екен: «Аққумен істес болсаң – көңілің пәк болар, қаршығамен істес болсаң – тамағың тоқ болар, қарғамен істес болсаң – шоқығаның боқ болар!» деп. Оны Ақселеудің өмірінің әртүрлі кезеңдерінде бірге жүрген достары, көңілі толған замандастары арқылы білуге болады. Олар көп. Ақселеу Сейдімбек олардың әрбіріне сөз арнаған. Оларды кие тұтқан.

Мына бір сөзін қараңыз:

«...Адамды дүние-тіршіліктің діңгек тұлғасы деп тану идеясы қазақтың шежірелік зердесінде, қария сөздерінде айқын көрініс тапқан. Қазақ шежіресінде Адам – тарихтың тұлғасы, ал Адам сапасы тарихтың қозғаушы күші.

...Сапалы Адам идеясы қазақтың қария сөздерімен шектеліп қалмаған. Ұлы Абай айтатын «толық Адам», Мұхтар Әуезов айтатын «кемел Адам» түптеп келгенде, халықтың дәстүрлі талғам – түсінігінің бүгінгі өмірімізбен сабақтасып жатқанын зерделетсе керек.

Әрине, сапалы Адам өткеннің ғана көкейкестісі емес, дүние-тіршілік сапалы адамға бүгін де зәру. Шүкір, қазақ халқы қандай кез-кезеңде де саналы Адамнан құралақан болмаған.

Л.Н. Гумилев айтатын, ұлт рухын асқақтататын да, аспандататын да, міне, осы сапалы Адамдар – пассионарлар».

Ақселеу сөз арнаған әрбір адам – осындай сапалы адамдар. Оларды тұлғалар деп атап, өзінің көптомдығына енгізіпті. Онда кім жоқ?

Тұмар ханша, Мүде қаған, Еділ, Бумын қағандар; Тоныкөк пен Күлтегін, Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұни, Қорқыт пен Асанқайғы, Анахарс пен Рашид-ад-дин, Бәйдібек пен Домалақ ана (Нүрилә), қазақтың хандары, батырлары мен билері, ақын-жыраулары мен күйшілері; Шоқан, Ыбырай, Абай, Шәкәрім; Әлихан, Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Мағжан; Мұхамеджан Тынышбаев пен Мұстафа Шоқай, Мұхтар, Қаныш, Әлкей; Бауыржан мен Қонаев, Нұрсұлтан, Мұқағали мен Нұрғиса, т.т. бір шоғыр болып бөлек тұр.

Кейінгілер мен қазіргілерден Нұрпейісов Әбдіжәміл, Қабдолов Зейнолла, Мұртаза Шерхан, Кекілбайұлы Әбіш, Әлімбаев Мұзафар, Бөкей Оралхан, Тарази Әкім, Жолдасбеков Мырзатай, Салғараұлы Қойшығара, Әбдіхалық Жомарт, Жақанов Илия, Әшімов Асанәлі, Кәрменұлы Жәнібек, Гумилев Лев Николаевич, Мандоки Қоңыр, Құлқыбаев Ғабдолла, Бальбуров Африкан Андреевич, тағысын тағылар бар.

Осылардың әрбіріне Ақселеудің мәнді бағасы берілген. Өмірінің соңғы жылдары тіптен жұбын жазбай бірге жүрген досы Салғараұлы Қойшығара туралы жүрекжарды сөзін былай келтіреді.

«Біздің Қойшыкең толық мағынасындағы жақсы адам. Қойшыкең үлкенді ардақтап, кішіні әлпештей алады, досқа адал, туысқа бауырмал, уәдені құдай аты деп біледі. Ел мен жерді кие тұтады. Бар қабілет-қарымын тек жақсылықтың жолына жұмсайды. Ең бастысы – адалдықтың бәйгесіне атын қосып, озса да олжалы, қалса да олжалы болып отыратын адам. Мұндай жанды қалайша жақсы адам демессің? Бәлкім, өмірдің бағасын арттырып, тіршілікке іңкәр еткізіп қоятын құдіретіңіз осы Қойшығара сияқты жақсы адамдардың жанымызда жүргендігінен болар».

Ақселеудің басты уайымы – бейғамдау, өткен тарихында «мың өліп, мың тірілген» қазағы ХХ ғасырдың соңғы ширегінен бергі аласапыран асығыс замандағы тез дамыған өркениет ағысында өз болмысын сақтап қалуға қауқары жете ме, ол үшін әр қазаққа өз тарихын, ұлттың өзіндік қасиетін ұғындыра түсуіміз керек дегенге саяды:

«Жиырмасыншы ғасыр қазақ халқы үшін ерекше ғасыр. Жо-жоқ, көрген қорлықты, тартқан азапты, жозалтқан ұрпақты айтпаймыз. Немесе, жеткен жеңіс, тапқан табыс та емес. Оның бәрін тіршіліктің бұйыртқан сыбағасы деп көңіл жұбаттуға болар. Жиырмасыншы ғасыр қазақ халқының тарихи-әлеуметтік және мәдени-рухани тағдыры үшін айрықша ғасыр болды. Үш мың жыл бойы, бәлкім, одан да ұзақ уақыт аясында қалыптасқан салт атты көшпелілер өркениеті (цивилизациясы) артта қалды. Алда базистік болмысы мүлде бөлек өмір салт күтуде.

Еуразияның апайтөс даласында айдарынан жел ескен көшпелілердің қайталанбас өмір салты жиырмасыншы ғасырда бөлек арна тартты. Технократтық даму жеңді, табиғаттың өзіндей табиғи өмір салты жеңілді. Тұтас бір ұлттың тарихи тағдарындағы бұл сияқты ұлы өзгеріс табиғи даму барысында жүзеге асқан жоқ, жедел түрде, зорлықпен сырттан таңылып, әлеуметтік – экономикалық жойқын реформа жасалды. Мұның өзі тұтас этностың тарихи жадының көмескі тартуына себепші болды.

Демек, осынау тарихи дерттің дендемеуі үшін тегеурінді әрекетке көшіп, халықтың ғасырлар бойы қатталған ұлы мұрасын бүгін мен болашақтың игілігіне айналдыру ең киелі мұраттардың бірі болуға тиіс. Бұл – тарихи дамудың қатал талқысында өз болмысыңды сақтап қалудың, келер күндерді ұлттық-этникалық төл қадір-қасиетіңмен қарсы алудың бірден-бір кепілі. Уақыт мейлінше күрделі. Соңғы тынысқа дейін рухани мәңгүрттікке қарсы күресуден басқа жол жоқ. Технократтық даму ұлттық атаулының бәрін кеміріп, жалмап, обып, құртып барады. Ішіңнен шыққан балаңа «біз осындай болып едік» деп нандыра алмайсың. Ал, өзіндік қасиеттен айрылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті ғана. Сондықтан бұл жолда еткен еңбек пен төккен терді Тәңірдің сыбағасына балай жүріп, өткеннің асылдары болашақ ұрпақтың жан-жүрегін жылытуы үшін қол жалғап жіберу қажет-ақ».

Ақселеудің осы жолда ұстанған өмірлік кредосы мынау:

«Дұрысы – күш-қуатың, қабілетің барда үндемей, ештеңеге алаңдамай, істеген ісіңді бұлдамай еңбектене беру. Бір нәрсені анық білемін. Атақ, даңқ қуған адам әу бастағы әп-әдемі атқарып келе жатқан творчестволық жұмысының қай деңгейге келіп тоқтағанын білмей, шашылып қалады».

Ақселеу қызмет те, атақ-даңқ та қумады. «Ойтолғақта» 1980 жылы мына сөздерді жазыпты:

«Голландияның XVII ғасырда өмір сүрген философы Бенедикт Спинозаға Франция королі: «Бір еңбегіңді маған арнасаң, қарымтасына өмірлік пенсия тағайындаймын» деп сөз салса керек. Сонда Спиноза: «Мен өз шығармаларымды тек қана шындыққа арнаймын» деп жауап беріпті. Сөйте тұра күнкөріс үшін өзінің шыны қырнайтын жұмысын қажеттілік деп санаған. Ал, шындыққа бағыштаған уақытын ұйықтап дем алатын кездері мен үй ішінің жұмысынан жырымдап пайдаланады екен. 14.08.80.

...Пусть меня ласкают нежным словом,
Пусть острее бритвы злой язык,
Я живу давно на все готовым,
Ко всему безжалостно привык.

Сергей Есенин. 6.05.80».

Илия Жақанов Ақселеудің қаламынан ірі эпикалық сүйекті шығарма тұмауын ол кісінің көп оқығандығымен байланыстыратынын білдірді.

Ғалым М.Ребров ғарыш «пайғамбары» С.Королев туралы: «Табиғат оған даналық пен талант сыйлайды. Алайда, талантты адам қиындыққа жиі кезігеді, өйткені дарын дегеніміз – мінез. Ал бұл әркімге ыңғайлы бола бермейді. Осы өмірден-ақ көрініп тұр – өз ісіне неғұрлым қабілетті кісі келіспаздыққа соғұрлым икемсіз және министрлік дәліздерде дәрменсіз» депті.

Оралхан Бөкей айтқандай, Ақселеу – өз замандастарының ішіндегі ең бір ізденімпазы. Көп біледі. Туған халқының тарихын, ересен мол этнографиясын, ауыз әдебиеті мен ән-күйін зерттеу мен адамзат өнерінің даму, баю заңдылықтарының сырына үңіліп, тұтастай қарастырып жүреді. Осынау, әркімнің бойына қона бермес фанатиктік (жақсы мағынасында) ізденіс үлкен білімпаздықты сыйға тартты да, нақтылы жемісін берді.

Сейдімбектің қай шығармасы болмасын, ойлы, саналы қазаққа ата-бабамыздың осал болмағанын бұлтартпас дәлелдермен терең түсіндіріп береді.

Өз сөзі: «Жарық дүниеге пешенесі бестен келіп, алғашқы тартқан демінен бастап ақжолтай ғұмыр бұйыратын адамдар болады. Олар тіршілігінде не қаласа да дегені болып, ішкені – алдында, ішпегені – артында дегендей, мұңсыз-қамсыз ғұмыр кешеді. Дарыны тасып, күресі асып тұрмағанына қарамастан, өзі араласқа түскен қоғамның әлпеші болмаса да, қолпашынан кенде болмайды. Мұндайлар қара басының мұң-мүддесі үшін біреуді қарақтап, біреуді жарақтауға келгенде әбжілдік танытқанымен, өзі бір мүшесі болып жүрген қоғам тағдырына қатысты істерге әсте қабырғасын қайыстырмайды. «Менен кейін маған десе топан су қаптасын» – деген ұстаным мұндай адамдардың өмір сүру тәсіліне айналады.

Ал енді, келесі бір адамдар болады: арманы асқақ, ниеті адал, жүрегі нұрлы, дарыны тасқын, ақылы кемел. Айтары жоқ, қызыға қарайсың. Бірақ, ондай адамдар, әдетте, тағдырдың торына шырмалып ғұмыр кешеді. Аттаған қадамы кедергіге жолығып, таңдаған жолы тосқауылға тіреліп, ақылы – азапқа, дарыны – тозаққа ұласып жатады».

Осындағы: «Айтары жоқ!» деген сөз Ақселеу лексиконында жиі кездеседі. Сондай-ақ: «анда», «дың», «тін», «жосық», «немеурін» сияқты

соны сөздерін бүгінгі жазушыларымыз түгілі әдебиет зерттеушілеріміз де пайдалана бермейді. Оның: «Атама деймін!» деген сөзінің де өмірде талай рет куәсі болғанбыз. «XX ғасырдың соңғы бесінші жылы басталды» деген сөйлем де ерекше емес пе?! Айтып отырғаны 1996 жыл ғой, бірақ соның өзін әсерлеп, әдемілеп беріп отыр.

«Өндірі деп, теріден тігілген мейлінше үлкен сабаны айтады» деген сөзі, байырғы түркі тілінде «ас» этнонимінің «адам» деген мағына беретіні, ал «ас беру» рәсімінің байырғы ұғым бойынша Тәңірге адам беру болып шығатыны туралы тұжырымы танымдық тұрғыдан аса қызықты.

Ақселеу шығармашылығы сирек қолданылатын немесе өзі ойлап тапқан, аудармасын өзі топшылаған сөздерге толы. Сазсырнайды – үлдек деп атап, ояну дегенді – ренессанс, ынты – стихиясы, тәнік – аналог, мұрағаттау – архивация, төсекжанды – сексуальды, сүргін – катаклизм, тектем – генезис, төлтума – самобытний, рухани сұғанақ – плагиат, қайта жаңғырту – реставрация, арман-аңсар – идеал, иррационалды – ақыл жетпес, иерогамиялық – жанығудың киелі сәті, қозушылық – эротикалық, кірігу – интеграция, сандырақ – нонсенс, құйтырқы сөздер – балогурство, құлдыраған – рецесивный, самобытний – төлтума, дарашыл қасиетті – монодийность, іліңгір – якорь, түпнұсқа – аутентті, дүбара – маргинал, киетек – тотем, дінгек идея – центральная идея, адамдық бастау – антропоцентризм, этнозерде – этническое самосознание, псевдосараптама – псевдоаналитика, дүбэралану – маргинализация, сандырақ – абсурдизация, түбірлі – аутентичный, жойдасыз – тотальный, айғақшы – носитель, фора, жұқана – рудимент, орайлас – обусловленный, жаралым – образование, ұлыс – держава, түпөзек – замысел, дәйектеме-роман – инфороман, туындыны тиектеу – обрамление, дәнекерлік – коммуникативный, элеуметтік-жүйелеушілік – социально-классификацион – ный, кіріктірушілік – интегрирующий, ұстаным – принцип, орайлас – обусловленный, айғақшы – носитель, жад – память деп қазақшалануы жарасымды-ақ. Бұл аудармалардың бірі дұрыс, бірі бұрыс болар, мұндағы орыс сөздерінің қазақшалануының біреулері тілдік қорымызға сіңер, кейбірі сіңбес, бірақ ұмтылыстың өзі бағалауға лайық.

Күнделігіне: *«Түркі-славян тілдеріндегі тектес сөздер: иш – ешь, ылай – ил, бол – был, мен – мне, қышқыл – кислый, топас – тупой, қопару – копать, кесек – кусок, таптау – топать, рет – рядь, толү – толстый, сілекей – слюна, ашық – ясный, ине – игла, жарық – яркий, бақуатты – богатый, аулау – ловить, түлеу – тлеть, шыр – жир, жану – жечь, сору – сосать, сұғу – совать, бос – пустой, мұң – уныние, жүзі – лезвия, түн – тень, қайда – куда, қыр – край, ақыру – крик т.б. Әрине, бұл жорулардың біразы халықтық этимология болуы да мүмкін. Дегенмен,*

ойға өріс боларлық...» деп жазып қойыпты. Бұлар да біздің әрбірімізді қай сөздің, қай мақал-мәтелдің болса да түп мағынасын іздеуге, яғни әрбір сөздің мағынасын ойлауға үндеп тұрғандай.

Сонымен бірге ол өз шығармаларына арқау етіп бір кездері айтылып-жазылып, халық жадында жатталып қалған сөздерді де ұтымды пайдаланады:

...Пушкин: «Суреткерді өзі мойындаған ереже бойынша саралау керек».

...Жаманның басына іс түссе ойлай береді,

Жақсының басына іс түссе бойлай береді.

...Тауратта бір сөз бар: «Нені жаратсам – соны білмеймін!» деген, т.с.с.

Ақселеу де Жүсіп Баласағұн, Сенека, Толстой секілді мәңгілік тақырыбына бой ұрған:

«Дүние – жалған» дейді дана халық. «Бәрі өтеді, бәрі де өзгереді» дейді байырғы философиялық тоғам. Япырай, деп еріксіз пұшайман боласың, осынау жарық дүниеде бірде күліп, бірде жылап, бірде жығып, бірде жығылып тіршілік құрған Адамдар шынымен-ақ мәңгілікке жоғалып, із-түссіз өшпек пе? Сол адамдардың бірде маңдай тері, бірде жүрек қаны тамған, бірде аялы алақаны тиіп, бірде атқан жебесі қадалған туған жері түк көрмегендей басқа ұрпақтардың тағдыр-талайына куә болмақ па? Шынымен-ақ өткен өмір, арттағы ұрпақ барша болмасымен көзден кетіп, көңілден таса болмақ па? Саналы адам рухы бітіспес осындай объективті ақиқатпен беттескенде арашаға келіп, ширыққан жаныңды сабасына түсірер бір ғана құдірет бар. Ол – Өнер!».

Өмірден мағына іздеп, дүниенің жалғандығын әрқайсысы өзінше түсінген біз жоғарыда атаған авторлар былай деп еді.

Жүсіп Баласағұн:

Ұққан ұғар, көрер көзі ашықтар,

Өлмейді әлем, өлгенімен насықтар.

Болған талай қалалар да, халық та,

Уақыт көмді бәрін жердей табытқа.

Болған талай ауылыңыз, тайпаңыз,

Енді соның ізін тауып байқаңыз.

Бұл жалғанды билеймін деп ойлаған,

Қайда қалды ханың қанға тоймаған?!

Қайда сараң, дүниенің байлығын,

Алсам деген, болса деген шайлығым.

Бай да кетті ізсіз-түзсіз, ол анық,

Екі-ақ құлаш ақіретке оранып.

Дүние жалған, әуелі осы сырды ұққын,

Ашам десең дарбазасын шындықтың.

*Қуаныш та, небір қайғың сор маңдай,
Бәрі өтеді, қолмен сылып алғандай.
Бәрі жалған, тек сорына ғаламның,
Ақыл – үнсіз, бәрі шешен наданның.
Білу қиын кімдер әділ, кімдер ақ,
Өлер болды бірін-бірі күндеп-ақ.
Ой шіркінің ұшқыр көктің құсынан,
Сөзден де ұшқыр шыққан тілдің ұшынан...
Хас шындықты алмастырып сақтықпен,
Сенім менен сыйластықты таптық тең.
Шындық десе сақтық жасап үйрендік,
Сенімді тек достан күтер күйге ендік.
Не көрінді, осы басты қатырды,
Сену сирек, сенімің де сатулы.
Өмір – қысқа. Толған қапа жер беті,
Сараң қолың – бақытыңның жендеті.
Отырғызып жоқ-жітікті қасына,
Мейірім ету – келер кімнің басына.
Өзіңе тән, таңда адал жолыңды,
Кекшіл болма, кірге малма қолыңды.
Сөзімді айттым, құлы болмай құлқынның,
Пайдасы үшін қалған қалың жұртымның.
Аңсамадым – мадағыңды, даңқыңды,
Көзге ілмедім күміс, сауһар, алтынды.
Ұмытпа тек, оқырманым – сырласым,
Жақсы сөзім жалғызсырап тұрмасын.*

Бұл – абыз ақынның «Текке өткен өмірге шер» деп аталатын соңғы сөзі.

Тағы да бір әлем мойындаған дана – Сенека өмірінің соңына қарай барлық нәрсенің баянсыз екенін ұғып, әбден көңілі қалып, қалай болғанда да мемлекет істерінен алыстап, тыныш өмірге көшуге бел байлайды, «Жан тыныштығы туралы» трактатын жазады. Онда азаматтық істерден, форумдарға қатысудан, тіпті, ел алдында сөйлеуден, түрлі демалыс кештерінен бас тартқысы келетінін, яғни азамат емес, адам ғана болып қалғысы келетінін айтады.

Сенеканың мына бір сөзін Ақселеу Сейдімбек өмір бойы ұстанып өткендей:

«Өзіңді өзің үшін жеңуге тырыс, бұрындары сенен тартып алған немесе ұрлаған, бостан-босқа өткен уақытыңды сақта және жинақта. Біздің уақытымыздың бір бөлігін бізден күшпен тартып алады, бір бөлігін ұрлайды, біраз бөлігі босқа ағып кетеді. Бірақ барлығынан ұяттысы – біздің өз ұқыпсыздығымыздан жоғалтқан уақытымыз. Бажайлап қарап

көрші: біз өміріміздің басым бөлігін ақымақтық істерге, бірталай бөлігін – бостан-босқа және барлық өмірімізді керек емес істерге жұмсап өткіземіз. Уақытын бағалай білетін, бір күннің өзі неге тұратынын білетін, әр сағат сайын өлімге жақындап жатқанын толық сезінетін бір адамды көрсетші... Өлім біздің алдымызда тұр, біз өлімнің құрығындамыз. Сондықтан әр сағатыңды босқа жіберме. Бүгінгі күнді уысында ұстай білсең, ертеңгі күнге азырақ бағыныстасың. Кейінге қалдырып жүргенінде, бүкіл өмір ағызып өте шығады».

Немесе:

«Егер қызық пен рахат қусаң – қасіретке ұшырайсың. Қуаныш деген әркімнің-ақ мақсаты, біреулер оны ойын-сауық пен сән-салтанаттан іздейді, тағы біреу – атаққұмарлықтан, оны қоршап ісі түсіп тұрғандардың көп болғанынан іздейді, тағы біреу – көңілдерден, тағы бірі – ештеңеге ем болмайтын сөз өнерінен іздейді. Олар осы іздегендеріне мас болғандай алдамшы тәтті сезімде жүреді. Бірақ айнымайтын қуаныш – даналықта».

Ғылымға Ақселеу құмарлықпен, жан-дүниесімен беріле кіріскен. Ғылымның да көп адам зерттеуге батылы бара бермейтін, шытырман, кейбіреулердің мүдделеріне қайшы келе қалатын сәттері болғандықтан дау-дамайы көп саласын таңдаған. Ақселеудің қазақ тарихы, этнографиясы, пәлсапасы жайлы жасаған зерттеулерін біршама үніліп оқыған адамдарға түсінікті боларлық Сенеканың айтқан тағы бір сөзін келтіре кетудің орайы келіп тұр:

«Ғылымға құмарлық – өзгенің есебінен ақыл алу. Оқысам, біріншіден – өзіме өзім риза бола түсуден арыламын, екіншіден, біреудің білгенін біліп болған соң, оны жетілдіруді ойлаймын. Оқу ақылға азық береді. Тек жазумен немесе тек оқумен ғана айналысуға болмайды, оларды кезектестіріп отыру керек. Сонда біз оқығанымызды елеулі бір нәрсеге айналдырамыз. Осылай біз гүлге қонып бал шырынын жинап, оны алып келіп бір қауызға құйып балға айналдыратын бал арасына ұқсаймыз.

...Адамға қатысты істердің қайсысын алмасаң да, оның біліп алатын және зерттейтін нәрселері қисапсыз көп, соның жаныңның қоржынына сыйғызу үшін басқа артық нәрсенің бәрін жаныңның қойнауларынан қуып шығу керек. Ізгілік тар, лас жерде жасалмайды. Жаныңды тазарт, керексіз нәрселерді коқысқа таста.

...Дүниеге келгендердің барлығы саналы болса, даналық өзінде барды жоғалтып алар еді. Оның ең бағалы және биік болатыны – ол бізді өзі іздеп келмейді, оны ұғынуға әркім өзі барады, біреу арқылы оны ешкім ала алмайды.

...Философияның еңбегі біреу ғана – барлық құдайлық және адамдық істерде ақиқатты табу. Әділеттілік, арлылық, ұяттылық онымен дос».

Акселеу Сейдімбек қадім заманғы философ Сенеканың осы сөздеріне жан-жақты сай келеді.

Ақанның күнделіктерінде орыстың ұлы жазушысы Толстойға қатысты мынадай ойлар бар:

«...Л.Н. Толстойдың құдіретін айтып жеткізу қиын, жан-жүрегіңмен сезінетін әсері гажап.

Адам тағдыры үшін, жо-жоқ, адамзат тағдыры үшін бұл ақсақалдан артық ойжады болған, өмір бойы ой құрсауында өткен жазушыны елестету қиын. Ол алуан түрлі ойларды, ағымдарды, философиялық толғамдарды өз көкірегінің елегінен әлде неше рет өткерген. Сондағы тапқан тобықтай түйіні – құдіреті күшті құдайдың бар екендігін мойындау керек. Л.Н.Толстой қаңқа сүйегіне дейін атеист бола тұрып, құдайшылықты саналы түрде ұсынады. Оның ойынша адамзат атаулының бойындағы алуан түрлі кемшілікті ауыздықтайтын құдірет, тек қана, адам өресі жетпейтін құдіретті құдай; бәрін көріп, біліп, болжап тұратын құдай ғана, оған деген сенім ғана адам баласын толып жатқан опасыздықтан шектейді; адам баласының бойына тән әлсіздік басқаша таным мен моральдың барлығын аттап кете алады. 22.01.72.

...Адамзат тағдыры үшін басын тауға да, тасқа да соққан Л.Н.Толстой «жамандықпен жағаласпау керек» деген тоқтамға келді. Оның ойынша адамзат атаулының келешегі адамға лайық бітімде болу үшін «құдай» қажет. Адам баласының тойымсыз ындынына тосқауыл болатын бір ғана құдірет бар. Ол – өресі, ақылы жетпес Құдайдың құдіретін мойындауы. Яғни, адамның пенделік әлсіздігін Толстой ұсынған «Құдай» ғана шектей алады. Және де Толстойдың «Құдайы» кез келген прогреспен оп-оңай мәмілеге келіп, тіл табысып кетеді.

Болмайды екен, кодекстегі моральды жатқа білетін баукеспелерден қоғам ешқашанда арылмақ емес 7.06.72».

Бұл сөздерді Акселеу Сейдімбек бар болғаны отыз жасында, оның үстіне Құдай туралы жылы сөз айтуға қатаң тыйым салынған кезде айтыпты.

Толстой да өмірдің мағынасы, мәңгілік өмір туралы азапты ойлар кемірген сәттерде сол отыздың үстінде болатын:

«...Мен кімін? Не үшін өмір сүремін? Өмірімнің мақсаты не? Жақсылық қайда? Жамандық ше? Бай болайын, атақты болайын, маған не пайда? Бүгінгі ісімнің, ертеңгі тіршілігімнің не мәні бар?...Өмірде ең сенімді дегенімнің өзінің күл-талқаны шықты. Неге сүйенсем жанымға сая табам?..».

Несіпбек Айтұлының Шәкірге соңғы сауал» деген ойлы өлеңі бар. Сонда мынадай жолдар бар:

«Керегем жетім – басқұр жоқ.

Өнегем өгей – дәстүр жоқ.

Қорадан тартар қойымды

Кенерем анау – қасқыр көп.

Амалын айтып кетпесең

Көлденең тұр зой кедергім.

Соңыңнан жетсем жұрдай боп

Мақшарда саған не дермін?».

Бір кездері (2000 жылы) Ақаң да осы сөздерге үндес, «Өмір осылай өтіп жатыр...» деген атпен Бейімбет Майлинше мына өлең жолдарын қағазға түсіріпті:

– Уа, Бабай! Ел-жұрттың халі қалай?!

– Е-е, Балам-ай! Ел аман, жұрт тыныш демесе:

Әйел – ерге қарады, ер – жерге қарады;

Қартымыз – қақбас, қатынымыз – қақпыш;

Шешеніміз – шерменде, көсеміміз – сергелдең;

Биіміз – жалтақ, батырымыз – қорқақ;

Данамыз – бала, баламыз – шала;

Әйел – арыды, келін – жеріді;

Бозбала – сайтан, бойжеткен – сайқал;

Азамат – әлсіз, арғымақ – жалсыз;

Сері – селтең, сал – мөлтең;

Көршіміз – кәпір, туысымыз – мүсәпір;

Жауымыз – атарман, досымыз – сатарман;

Тұлпарымыз – жабы, сұңқарымыз – жапалақ;

Өнеріміз – молақ, өнерпазымыз – олақ;

Дініміз – шала, тіліміз – шұбар;

Еліміз – азды, жеріміз – тозды;

Бүгініміз – тұман, ертеңіміз – мұнар;

Сенеріміз – жоқ, секеміміз – көп;

Жан – шыққан жоқ, үміт – өлген жоқ;

Өмір осылай өтіп жатыр!

Жас Алаш. 2000 ж. 4 сәуір.

Акселеу сонау тоталитарлық деп есімізге алатын кеңес заманының қайнап тұрған кезінің өзінде-ақ (14.10.74) қазақтың қазақ рухы әлсіреуіне орыстың өзіншіл идеологиясының өктемдігі әсер етіп жатқанын жазады:

«Бізде бір ғана мемлекеттік саясат бар, бір ғана мемлекеттік мораль бар, бір ғана мемлекеттік арман-аңсар (идеал) бар. Мұның бәрі сайып

келгенде орыс халқының мәртебе-мерейін көтеруге қызмет етеді. Бұл қызметте жалқаулар айыпталады, жаза басқандар жазаланады.

Соңғы төрт-бес ғасырдан бері Ресейде етек алып, бүкіл Еуразияны қан қақсатып отырған ахуал осындай. Бұл ахуалдың әбден шегіне жеткені сонша, қазіргі таңда өзге ұлттың есебінен орыстың мәртебесің көтеру, өзге ұлттың ениісінен орыстың ұпайын түгендеу өмірдің заңына айналған. Кез келген жүкші орыстан бастап, министр орысқа дейін, етікші орыстан бастап, жазушы орысқа дейін осы бір үрдісті өмірдің қалыбы деп біледі. Ең шектен шыққан сорақылығы сол, қазіргі таңда зәбір көріп, зардап шегіп отырған ұлт өкілдерінің өзі өмірдің барлық саласындағы орыс экспансиясын өмір сүрудің табиғи заңдылығы сияқты қабылдайды. Сол зәбір-зардапты күшейте түсуге қызмет етуді өздеріне мәртебе санайды.

Тобырдың дәрменсіздігі пұшайман етеді...».

Ол 1973 жылы былай деп жазыпты:

«Абайда мынандай сөздің бары рас: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр». Осы сөзді қолданушылар Абайдың есімін бетке ұстап, орысшыл болу керек дейтін ниетті өзеурей насихаттап жүр. Ондайлар бара-бара «өз тіліңді білмесең де орыс тілін біл» деген пиғылын көлденең тарта бастағандай. Мұндай сорақылықты қазіргі саясат аңшының итін сипағандай еркелететін болып алды. Бұларға бүтін дүниетаным, бүтін тұлға керек емес. Керек болса, сол Абайдың келесі сөзін оқыр еді ғой. Келесі сөзі былай: «Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек».

Қандай «зарарынан қашық» болуымыз керек? Мұны ойлап жүрген де ешкім көрінбейді, ойлауға мұрша беретін заман да байқалмайды».

Бұл ой – орыстілді журналистердің біреудің сөзінен цитата келтіргенде өздеріне тиімді жерлерін ғана қиып, жалпы мәтіннен бөлектеп алып өз пайдасына жарата қоятын бүгінгі ахуалымызға да тән.

Акселеу Сейдімбекпен жеке таныстық, аз ғана араластық кездердің бірінде: «Орысша газетті ұстамаймын – қолым былғанады, орысша сөйлемеймін – аузым былғанады» – деген сөзін естіген ем. Бұл зерделі азаматтың асырыңқырап айтса да, кезінде империяның қазаққа жасаған қиянатына наразылық ретінде айтылған деп бажайладым.

Енді «Ойтолғақтағы» Акселеудің бір өзіне ғана тән, тек Акселеу ғана осылай жазса керек дей алатын мына төмендегі ойларды жекелеп алып, мұртын бұзбастан, ештеңе қоспастан бере отырып, одан кез келген ойлы қазақ баласы терең ой, мағыналы сөз, мәнді сабақ алады деген сенімдеміз.

«Рухани шыңдалуға қосылатын үлестің үлкен-кішісі болмақ емес. Мәселен, біреуге хат жазып отырсыз делік. Хат ішінде «Сіз» деп келетін сөзді неге, қашаннан бері бас әріппен жазудың қалыптасқаны ту-

ралы ойлап көрдіңіз бе? Әрине жоқ, ойлағанмен білу мүмкін емес. Алайда, «Сіз» деген сөзді бас әріппен жазуды ибалы біреудің бірінші болып бастағаны анық қой.

Қалай десек те, осы «Сіз» деп келетін сөздің бас әріппен жазылуының өзі рухани жетістік. 5.04.82».

«Болашақ деген не? Әсіреқызыл сезімге бой алдырмай ойланар болсақ, болашақ дегеніміз жоқпен тең. Өйткені әлі болмаған, не болатынын болжау мүмкін емес жағдай туралы не айта аларсың. Ал, қазіргі дегеніміз – қас қағым сәт қана, оның өзі іле-шала өткенге айналып үлгереді. Демек, адамзаттың бар болмысы өткеннен тұрады. Барлық шындық өткен өмірдің ұзына жолында шашылып жатыр. Яғни, өмір шындығы туралы әңгіме өзінен-өзі өткен тарих туралы әңгіме болып шығады. Сондықтан да, өткен тарихты адамзаттың ұлы ұстазы десе лайық. 29.07.84».

«Адам баласын пікір білдіру азаттығынан айыру арқылы да мәңгүрт етуге болады. Алдын ала кесіп-пішілген үлгі бойынша ойлау, белгілі бір шекараға дейін ғана ой айтуға ерікті болу – адамның адамдық қасиетін білдірер еркінің шектелуі деген сөз. Адамзат өз ой-қиялының құдіреті арқылы қазіргідей күйге жетті. Өзге тіршілік иелерінің ішінде адамның ғана ой-еркінің азаттығы жақсылыққа жеткізеді. Сөз азаттығы, ой азаттығы шектелген қоғамның адамдары қысқа тіршілікте адамға лайықты ғұмыр кешудің орнына, адамның ролін ойнап жүрген тобырға айналады. Олардың өмір сүру тәсілі аутотренинг ұстанымына (принципіне) ұқсас: «көзіңді жұмып, бар ынтаңмен маған жақсы, маған жайлы деп қайталасаң, рахат күйге бөленесің» дегендей... 20.05.88».

«Домбырадан араша сұрадым. Ол сабырға шақырды... Уақыт өтер желдей есіп, жаңа ой, жаңа таным-түсінігі бар ұрпақ келер. Халық мұрасына, қазақ күйіне олар да құлақ түрер, таңырқар, сүйсінер. Ақыр аяғында неге бұлай деп толғанар. Толғанар да сыр-себебін ашатын жау-абын айтар... 8.07.88».

«Ауыстыруға болмайтын адам жоқ» деп келетін бір сөз бар. Одан гөрі әр адамды өз алдына қайталанбайтын бір әлем десе қисынға келеді. Қайталанбайтын тұлғалар қоғамда неғұрлым көп болса, сол қоғамның рухани өресі биіктей бермек. 19.07.88».

«Біздің жылауға еркіміз жоқ, тек қана күлуге еріктіміз. Соңғы рет «Елімайды» айтып, сұңқылдап тұрып жылағанбыз. Одан кейінгі қасірет атаулының бәрін «күліп» қана қарсы алу маңдайымызға жазылған.

Бірақ ұдайы жылағымыз келеді. Жылай алмаймыз. Жылауға хақымыз жоқ, күлуге ғана еріктіміз.

Міне, біздің хал осындай. 28.09.88».

«XVIII ғасырға дейін, тіптен XIX ғасырға дейін ұлт пен ұлттың, ел мен елдің арасындағы қақтығыс, соғыс ашық түрде болып келді. Бір-біріне ниетін ашық білдіретін: «Сен әлсізсің, мен күштімін, сен маған кіріптар болуың керек, қойған талабымды орындауың қажет!» немесе «Сенде кеткен есем бар, енді соның қарымтасын қайтарудың сәті түсті!» деген сияқты.

XIX ғасырда бір ел екінші елді жаулау үшін, отарлау үшін басқаша тәсілге көшкен. Мұны «идеологиялық соғыс» десе де болғандай. Бұл соғысты бастаған ел ең алдымен басып алғысы келген немесе әлсіреткісі келген елдің санасын улайды, бірін-біріне айдап салады, халықты өзімен-өзін соғыстырады, іштен ірітуге күш салады...

Соғыс екеш соғыстың да әділетті болғанына не жетсін. 1.11.88».

«Тағдыр бүгінгі ұрпақтың маңдайына қайтсем рухани «өлімнен» аман қалуға болады деп жанталасуды жазып қойды ғой. Дүние-тіршілік ақиқат пен әділдік заңдылықтары бойынша өріс ұзартар болса есті адамның айналысар ісі ол болмау керек. Есті әрекет «қайтсем аман қаламын» деп емес, «қайтсем әрі қарай өркендетемін» деуге тиіс. Ал, біздің маңдайымызға жазылғаны өркендетуден бұрын өлмеудің қамын жеу ғана. Мұндай күйдегі ұлт өкілдері өзінен өзі жалпыадамзаттық рухани мұраларға ден қоюға ынтасыз болады. Себебі, ол өз басындағы жойқын проблеманың тұтқыны. «Байтал түгілі бас қайғы» дегендей... 6.12.88».

«Адамзат баласының үмітке толы өміріне нәр беріп тұрған үш күретамыр бар. Олар: Кеше, Бүгін және Болашақ деп аталады. Бұл үшеуі бірігіп тарихты құрайды. Тарих ешкімнің еншісі емес. Тарих мейлінше дербес құбылыс. Солай бола тұра, бірде-бір басы жұмыр пенде тарихқа немкетті қарай алмайды. Оның есесіне ақ бас тарихтың тіршілік атаулыда мүлде шаруасы жоқ. Тарихты түзетуге, әрлеп-әспеттеуге, мінеп-күзеге болмайды. Ол мүмкін де емес.

Адамзат баласы тарихтың бүгінгісін ғана еншілейді. Бүгінгіне ғана ықпал ете алады. Ал, біздің әрбір қас-қағым сәтіміз тарихқа айналып жатады. Оны өзгерту мүмкін емес. Болашақ дегеніміз болжаусыз...

Солай болғанмен, өткенді ұстаз тұтып, бүгінге жауапкершілікпен қарау арқылы өмірді ұзартуға үміткер бола аламыз. Дәлірек айтсақ, адамзат баласының маңдайына жазылған енші – үміт қана. Демек, тіршіліктің қозғаушы күші де сол үміт. Үміттің үзілмеуі – тіршіліктің жалғасуы. Мұндайда қазақ: «Үмітсіз – шайтан» деген. Яғни, үміт шайтанда ғана болмайды дегені ғой... 18.12.88».

«Жуанымсу – мардымсу, ұлықтығын білдіру, күштілігін аңғарту. Бір кездері әйгілі түркілерге темір қорыттырып, өктемдік көрсеткен тайпаның атауы «жуан», «жуан-жуан» деп аталған.

«Тоба – бұл сөз тіліміздегі «тәубе» сөзінен басқа мағынаға ие. Тәубеге келтіру – бағындыру, көндіру, мойындату мағынасында. Ал «тоба» сөзі «Тәңір» дегендей реңкте. Мәселен, «О, тоба» дегендей. Көне тарихта «Тоба» деген тайпа болған».

«Тілімізде «Сен салар да, мен салар, атқа тоқым кім салар» деп келетін тіркес бар. Бұл «Сен де саласың, менде саламын, сонда атқа тоқымды кім салады» деген мағынада айтылған. 28.02.89».

«Діннің сөзіне адамдар неге тез сенеді? Себебі, дін атаулының «мойындатар» қисыны мейлінше қарапайым.

Дін атаулы танылғанға емес, танылмағанға арқа сүйейді. Ал, танымның жолы шексіз. Кез келген таным қашанда танылмаған шексіздіктің соңында жүреді. Сондықтан да, танылмаған шексіздікті «құдайдың құдіретіне» балайтын діни тұжырымдар ғылымға қарағанда пенде атаулыға өтімдірек. Ғылымға ілесу үшін тер төгу керек, дінге тер төгудің керегі жоқ. Танылмағанның бәрі діннің еншісінде. Шексіз әлем аясындағы адам шіркіннің танығаны – мұхиттың тамшысындай ғана. 2.05.89».

«Жұрт көзінше ақ сөйлеп, адал болу, кісілікті әрекет жасау екінің бірінің қолынан келеді. Кісіліктің ең зоры өз арыңның алдында адал болу. Еш куәсіз, оңаша, өзіңмен-өзің жүріп кісілікті қалпыңды сақтау, адал, әділ болу, міне, адамның ең адамгершіл қасиетінің парықталар жері осы. 15.08.89».

«Баласына немкетті қарау, баласын жетімханаға оп-оңай өткізе салу қазақтың (басқа ұлттың да) ұлттық қасиеті емес. Бұл күмән келтірмейтін ақиқат. Демек, мұндай сұмдықтың себебіне ден қою керек қой. Отыра қалып ұлтты кінәлағанмен, ол ақиқат болып шықпайды. Қазір әлеуметтік індет атаулыны халықтың өзінен ғана көріп, өз халқының жағасына жармасатын әдет төбе көрсете бастады. Олар өздерінің сол халықтан шыққанын, сол халықтың бір бөлісегі екенін ойлай ма екен. Оның үстіне, қай халық өзіне жамандық ойлаушы еді. Тіптен, қазақтың қашаннан бері бала тастайтын ата салты бар еді!

Жоқ! Мәселе басқада. Халықты бас еркінен айырған дүлей күштің нәтижесі ғана әлгіндей сорақылықты дүниеге әкеледі. Бұл ақиқатты қате жорып, кінәні халықтың өзіне арту, түптеп келгенде, сырқаттың

қандай аурумен ауыратынын білмей тұрып ем қолданғанмен бірдей ша-
руа. Дуалы ауыздан шыққан қате пікір халықты есті әрекеттен, табан-
ды күрестен жаңылдырады. 16.09.89».

«Маман кадрлар көмегі деген желеумен республикадан тыс жерлер-
ден келген адамдар кезексіз паспорт тіркеуіне алынып, кезексіз үйдің
кезегіне қойылатыны белгілі жайт. Ал, өз туған жеріндегі қазақтар па-
спорт тіркеуіне үй таппай тұрып алынбайды. Егер, өліп-талып паспор-
тын тіркепсе, үйдің кезегіне бес жылдан кейін ғана қояды. Одан кейін
үйді неше жыл күтетінін бір құдай біледі. Бұл тәртіп Қазақстанды неше
түрлі тексіз босқындардың кеулеп кетуіне, ал қазақтардың өз жерінде
адам төзгісіз әлеуметтік қысымға ұшырауына себепші болып отыр.
22.12.89».

«Мен мың жыл бұрын туғанмын...». Үндістер тайпасы капиано көсемі
Дан Джордждың ашық хаты осылай аталыпты. Бұл хат ЮНЕСКО-ның
ұйтқы болуымен өткен халықаралық симпозиумда оқылыпты («Курьер».
1985. февраль). Дан Джордждың жүрек сөзі, зар-мұны мені де бейтарап
қалдырмады. Сонсоң аударып отырмын.

«Менің қымбатты достарым!

Шынымен-ақ адам баласының Айды айналып ұшқаны күні кеше ғана
ма? Осынша қиян шалғайды адамдардың жып-жылдам орап қайтқанына
әлі күнге танданысымыз басылар емес. Дегенмен, мен жүріп өткен жол
әлде қайда ұзақтау. Оның үстіне бұл жолды анағұрлым жылдам жүріп
өттім. Мен осыдан мың жыл бұрын, жебе мен садақ ғасырында тудым.
Менің атом бомбасы ғасырымен беттесуім үшін бар-жоғы адам өмірінің
жарты ғұмырындай ғана уақыт қажет болды. Ал, садақ пен жебеден бастап
атом бомбасына дейінгі аралық Аймен салыстырғанда бірнеше есе ұзақ.
Мен туған заманда адамдар төңірегіндегінің бәріне іңкәр сезіммен қарап,
дүние дидарына ең сұлу атауларды қоятын. ...Мен туған заманда адамдар
табиғатқа бауыр басып, онымен адамша сөйлесе алатын. Ол менің мүлде
бала кезім, бірақ, таудың ұшар басын шалған күн нұрына әкейдің құмарта
көз тіккені әлі есімде. Сонан соң, ән салып еді. Ол табиғатты пір тұтып,
әдеттегідей өзінің ана тілінде ақырын ғана «шүкірана» деген.

Содан, күндердің бір күнінде бейтаныстар келді, өздері де сонша көп
болар ма. Кешікпей-ақ, уақыт құйыны үйіре соғып, бірнеше ғасырды бір-
ақ сырып тастағандай болды. Сөйтіп, бозбала кезімде ХХ ғасырдың жуан
ортасына тап болдым.

Мені де, менің халқымды да жаңа ғасырдың толқыны қақпақылдап
бақты, бірақ, сіңісіп кете алмадық. Қолында ескегі жоқ, бейшара тұтқын
сияқты ағыстың ырқына көніп кете бардық. Аядай ғана резервацияда,

болмашы жерді тұрақ етіп, бейне бір дәрменсіздіктің сұрғылт тұманына
оранғандай күй кештік. Сөйтіп жүріп, сіздер қорлаған мәдениетіміз
үшін ұялдық. Кім екенімізді, қайда барарымызды білмедік. Бүгінгімізден
түңіліп, болашағымыздан көз жаздық. Қалай дегенмен, бірер жылда-ақ
мен өз халқымды танып білдім. Мен оның ұдайы бір қалыптан танбаған,
кісілігі мен көрегендігі кемел ғұмыр кешкен, үйде де, түзде де сабыр-
лы қалпынан жаңылмаған кезін көрдім. Алайда, оның мәдениеті бірте-
бірте суынып, барлық құдірет-күші әлсірей берді.

Біздің төңірегімізде болып жатқан жойқын өзгерістерге бой үйретіп,
бейімделуге мұршамыз болмады. Бар асылымызды шашып-төктік, оның
орынын толтырар ештеңе еншімізге бұйырмаған сияқты. Айтары жоқ,
ХХ ғасырдың прогресіне бойымызды үйретудің және бірте-бірте игілігін
көрудің сәті түспей-ақ қойды.

Сіздер білесіздер ме, табан тірер тұрағы жоқ, сұлулық атаулыдан
көз жазып қалған халықтың қандай күйде болатынын? Мұндайда адам-
ды азғындық иектейді, себебі жан жадырау үшін сұлулық қажет. Сіздер
білесіздер ме, қоғамға, төңірегіндегілерге өзіңнің соқыр тиындық құ-
ныңның жоқ екенін сезінудің, саған тең тұтып тізе қосу үшін емес, кем
тұтып көмек беру үшін ғана мойын бұратындарды көрудің қандай қасірет
екенін? Өйткені, беретін ештеңеміздің жоқ екені оларға да, бізге де аян.
Сіздер білесіздер ме, езгіден есеңгірген халық болудың және өзіңнің бүкіл
елге масыл екеніңді сезінудің не екенін? Бәлкім, дәл қазір еңсеріп үлес
қоса қоятындай күш-қуатымыз да, білік-біліміміз де жоқ шығар. Бірақ,
бізге мұрша беріп, мүмкіндік жасаған кім бар?

Сіздер білесіздер ме, өз халқың үшін, өз бауырың үшін мақтана ал-
маудың, тіптен қара басыңды қорсынбай жүре алмаудың не екенін?
Сіздер мұндай сезімнің запыран зардабы мен жаныңды жаралайтын
әсерін білмейсіздер. Сондықтан, мен мұндай пенделердің тағдыр-тала-
йын сіздерге айтуға тиіспін. Бұл дегенің: атар таң, шығар күнінен түңілу
деген сөз. Себебі, алдыңнан азап қана шығады. Бұл дегенің: сыпырынды
сияқты сырылып, резервацияда өміріңді өксітіп, көкіректі кернеген асыл
арманның қалай өліп бара жатқанын сезіну деген сез. Себебі, төңірегіңнен
көз қуантар тұлдыр таппасаң, жаның жүдеп жабайы боласың.

Міне, осындай шақта сіздер маған қол бұлғап: «Бері кел, бірге бола-
йық» дейсіздер. Алайда, мен сіздерге қалай келмекпін? Мен қайыршы-
мын, тәнімде лыпа жоқ, жанымды ұят өртейді. Менің кісілігім қорланған.
Сонда, мен сіздерге соқа басымды ғана сүйреп жетуім керек пе? Тамтығы
қалмаған мәдениетім талғамдарыңа тати қояр ма екен? Қайыршының
садақасындай ғана қазынамды келеке етерсіздер. Жаным арымның
құрбаны, сіздердің құдірет-қуаттарыңыздан қаймығып, қайыр-садақа
дәмете қояр ма екенмін?

Түптеп келгенде, мұның өзі жоғалған жауһарларымды жиып-теріп, өзіме-өзім келгенше ақырының қайырын күткендік болмай ма? Неде болса күтейін, сіздер мені керек ететін, мендегі барға қызығатын, өзім де құр қол келмейтін күнді күтейін. Сол кезде басымды жоғары ұстап тұрып, әйелім мен балаларыма: «Естимісіңдер, олар мені шақырып жатыр, қажетім болған ғой, баруым керек» дейтін болармын. Сонан соң, басымды жоғары ұстаған қалпымда, көшелерді көктей өтіп, тереземді теңестіре тілдесемін. Ол кезде мен сіздердің сый-сияпаттарыңыздан секем алып бас тартпаймын, сіздер де менің тарту-таралғымды мүсіркемей-ақ қабылдайтын боласыздар. Мүсіркеу! Маған ол қажет емес. Ал, тектілік пен тегеурінсіз маған күн жоқ. Мен қайыршыдай қайырым тілеп алдарыңызға келмеймін. Мен келсем, көкірегімді кісілікке толтырып келемін, онсыз қарамды көрсетпеймін.

Сіздер мектептердегі кірігу (интеграция) жөнінде даурығып бақтыңыздар. Ол қандай кірігу? Әлеуметтік кірігу жоқ жерде басқа кірігулердің басын ауырту қажет пе? Адамдардың жан-жүрегі кірікпесе, тәні бірге болғанмен жандары жат ғұмыр кешпек. Ал, олардың арасында таудан биік тосқауыл болады.

Бір сәт сіздермен бірге кез келген кіріккен мектептердің ауласына ден қойып көрейікші. Алдымен, мектептің қаңыраған қарақожа лақ ауласын көрер едік. Кешікпей-ақ, қоңырау соғылып, оқушылар ауланы лық толтырады. Сол кезде, бір шетте актүсті оқушылардың, ал келесі шеттегі шарбақ түбінде олардың жабайы бауырларының шоғырланғанына куә болар едіңіздер. Яғни, жаңағы айтақыр аула көз алдарыңызда асу бермес асқар тауға, өткел бермес шыңырау шатқалға айналғандай болады. Асқар тау да, шыңырау шатқал да сіз бен біздің балаларымыздың арасын бөліп жатыр. Одан өтерлік қауқар ешкімде жоқ. Міне, тағы да қоңырау соғылып, аула қайтадан қаңырады. Енді, кірігу дегеніміз мектеп ішіне ойысады. Рас, әлгі асқар таулар мен шыңырау шатқалдар мектептің шағын класстарына сыймайды. Бірақ, бұл жерден де өзіне лайық кішірейген шатқалдарды аңғару қиын емес.

Сонда, біздің қалайтынымыз не? Ең алдымен бізді халық ретінде құрметтеуді қалаймыз. Ондай құрметке әбден лайықпыз және лайық екенімізді терең сезінулеріңізді қалаймыз.

Біздің халықтың айырықша құқы жөнінде қаптаған келісімдер мен көпірме уәделердің айтылып баққанын ешкім ұмытпауға тиіс. Біз өзімізге тиесілі еншіні жалбарынып сұрамаймыз және ол үшін жалпаңдап алғыс та айтпаймыз. Тәңір куә ғой, бұл жолда біз тым қымбат шығындарға ұшырадық. Бұл жолда біз мәдениетімізді құрбан еттік, кісілігіміз бен өзімізді-өзіміз құрметтей білуді ұмыттық. Біз қашан күресіндегі қайыршы болып, кіріптар халыққа айналғанша тамтығымыз қалмай таландық.

Мен білетін, сіздердің жүрек түкпірлеріңізде қол ұшын бергілеріңіз келетін сезім бар. Алайда, оны жүзеге асыру оңай емес. Дегенмен, «қалауын тапса қар жанар». Егер, менің халқымның өкілін кездестірсеңіздер, оған балаң мен бауырындай жылы шырай танытыңыздар. Олар мұндай ықыласқа әбден лайық. Бәлкім, барлық істің тоқайласар түйіні осы болар». 25.12.89».

Осы айтылғандар қазақ халқының тағдырында да кездескені бұл сөздерді қазақшалауға себеп болса керек. Бүгінде, шүкіршілік, бұлардың тәуелсіздігіміздің арқасында келмеске кетіп жатқанын қуаныш етеміз.

Ақселеудің мына ойлары оның болмысын, мінезін, ұлтына жанышырлығын айқындай түседі:

«Адамзат баласы заңның емес, салт-дәстүрдің «құлы» болған кезде нағыз бақытты өмір басталады. 3.03.90».

«Көр-жерден оқиға құрап, оған «көркем шығарма» деген тон жауып, беллетристикамен айналысудың пайдасы шамалы-ау. Онан да бір ауыз болса да халыққа ем болатын сөз керек. 28.04.90».

«Адамзат баласының ұлт болып қалыптасуы – құдірет құбылыс. Ұлттың сұлулық заңдылығы бойынша орныққан болмысын танып-түсіну арқылы ғана сол ұлттың ғұмырын ұзартуға болады. Немесе, керісінше ұлттың сұлулық заңдылығы бойынша орныққан болмысын танып-түсінеу арқылы ғана сол ұлтты өлтіріп алуға болады. 28.11.90».

«Қазір рухани әрекет үстінде жүрген замандастарымыз өздерінің бітім-болмысы жөнінен екі түрлі қасиеттерімен ерекшеленеді. Бірі – халықты соңымнан ертсем, халықтың көзіне түссем, халықтың аузына іліксем, ақырында халықты аузыма қаратсам деп әлек. Олар үшін қайдан шыққанын білудің, қайда барарын ойлаудың қажеті жоқ, кез келген лып етпе сезімнің жалына жармасып көрініп қалса болғаны.

Екіншісі – халыққа қызмет етсем деген ниеттің адамдары. Олар бәлсінбейді, бұлданбайды, ақтық деміне дейін тер төгуге бар. Бұл топтың өкілдері үшін халықтың болмашы ықыласы – бақыттың шыңы.

Өкінішке орай, бірінші топтың өкілдері өнімсіз, қысқа бақай, әлем-жәлем, даңғаза тірліктерімен халықты көбірек алдандыруда. 23.07.89».

«Өмірдің қисынын, істің ығын, логиканы тәрік ететіндердің бір артықшылығы бар. Ондай бетпақтардың болмысында сабақтастық жоқ, бір ісінен екінші ісі туындамайды, бір қисынға екінші қисыны бағынбайды. Мына жарық дүниеде көбінесе бетпақтардың асығының ашысынан түсетіні сондықтан.

Бірақ, бетпақтықтың ғұмыры ұзақ болмайды. Өйткені, оның мұратының түпкі нәтижесі жасампаздық емес, түпкі нәтижесі – күйрету, қорлау, алдау, сатқындық. 20.12.90».

«Айдарынан жел есіп жүрген ешкім жоқ. Бәлкім, әр кезде де болатын санаулы ғана сумақайлар бар шығар. Саяси-әлеуметтік ахуал әркімнің бүйіріне шаниудай қадалуда. Қайта құру дегеніміз қоғамды қайта жаңғырту былай тұрсын, сол қоғамдағы әбден іріп-шіріген мекемелердің мәйтін жинап алуға да дәрменсіз болып отыр. Саяси-экономикалық анархия төбе көрсетуде. Қырық ру, қырық сідік ұлттық қойыртпақ тайраңдауда.

Не боларын бір Тәңірім білсін... 28.02.91».

Осыларды қорытындылай қарағанда Ақселеу қазаққа берерін беріп, айтарын айтып кеткендей көрінеді. Бірақ, ол күнделігін 1991 жылдың соңына қарай тоқтатқанына өз басым сенгім келмейді. Әсілі, ол күнделіктің жалғасы болуы тиіс. «Уақыты келген жоқ» деді ме, оны алты томдыққа енгізбепті. Өзі бірде жазғандай: «Өңкей қара қарғаның ортасында ақ қарға болуға болмайды».

«Әрбір жаңа шығармаларымды бұрын қолыма қалам ұстамағандай толқу үстінде бастаймын. Бұлай болуы жазу машығымның кемшілігінен, қабілет-қарымымның олқылығынан деп ойламас едім. Сол жазатын дүнием, дәлірек айтсам, күрестің осы бір түрі керек пе деген дерттей сезімдер жанымды қажайды» – дейді Ақселеу.

Ақселеудің бір сөзінде өзін алаңдатар нәрселерге өзіне тән ұқыптылықпен, байыптылықпен, мәдениеттілікпен, зиялылықпен тоқтала кеткен екен. Енді сол сөзін оқып қаралық.

«...Тәуелсіздік бізге не керектің бәрін берді. Мұны қалай түсіну керек? Оның жауабы өте қарапайым. Себебі тәуелсіздік дегеніміз – өз тағдырыңды өзің шешудің тарихи мүмкіндігі деген сөз. Тәуелсіздік атаулының берері осы ғана және тағдырдан мұнан басқаны тілемесе де болады. Демек, тәуелсіздік бізге не берді деуден гөрі, тәуелсіздікті біз қалай ұқсата алып отырмыз деп толғануымыз керек.

Мені бүгінде не алаңдатады?

Мені әлемдік аралас-құраласқа (коммуникация) бейімделе қоймаған халқымыздың төлтума болмысын сыртқы күштердің ығыстыра бастауы алаңдатады; Қазақстанның әлемдік есірткі (наркотик) тасқынына керуен сарайы бола бастауы алаңдатады; ең бір мәмілеге келмес қайшылықтардың наным-сенім жолында туындайтынына қарамастан Қазақстанда діни конфессиялардың ресми түрде талғаусыз тіркеліп, ондап-жүздеп бас көтеруі алаңдатады; ғасырлар бойы қазақ халқының ұлттық болмысына ұйтқы болып келген, керек десең елдігінің ірге тасы болып келген қазақ ауылдарының қожырауы алаңдатады; шекара сыртындағы қазақтардың, әсіресе, қытайдағы қазақтардың туған жерге оралу мәселесінің тұйыққа тірелуі, сөйтіп көз алдымызда екі мил-

лиондай отандастарымыздың жойдасыз (тотальный) ассимиляцияға ұшырап бара жатқаны алаңдатады; ұлт тағдырының туы болған сөз өнеріміз рухани бұғадан құтылып, саяси идеологиялық нұқтасын сыпырған кезде рухымызды көтерер соны серпін танытуың орынына, өкініштісі, еркіндікті қара басының өкпе-назын хатқа түсіру деп ұққан үрдістің (тенденцияның) етек ала бастауы алаңдатады; Қазақ халқының ең ұлы рухани мұрасы – музыкалық мәдениетінің көз алдымызда тарих еншісіне айналып, халық жадынан өшіп бара жатқаны алаңдатады; тарихи тұлғаларымыз бен рухани мәдениетімізді парықтаудағы теңгермешілдік пен пысықайлардың дәріпшілдігіне жол берушілік, сөйтіп, халықты құндылық бағдарынан (ценностная ориентация) жаңылдырушылық үрдісі алаңдатады; еліміздегі мекеме атаулы тек қана орыс тілін тұтынып, оның есесіне бір-бір қазақ тілді аудармашы ұстап, «іс қағаздары 90-100 пайыз қазақ тілінде жүреді!» деп рапорт беріп, көз бояп отырғаны, сөйтіп, қазақтардың өз көрін өзі қазғандай тірлікке көшіп алғаны алаңдатады; ұлт тағдырын, мемлекет тағдырын шешетін лауазымды қызмет орындарында қазақ тілін білмейтіндердің отыруы алаңдатады; Қазақстандағы кітап айналымының 90-95 пайызын құрайтын жат идеологиялық, окулттік, мистикалық, порнографиялық, психотроптық т.б. шетел кітаптарының тасқыны алаңдатады; ғылым мен білім дамудың тұғыры болған заманда, әлемдік ғылыми жаңалықтан құлағымыз тарс жабылып, Қазақстанда аударма ісінің мүлде тоқтап тұруы алаңдатады; тілі де, ділі де жат бұқаралық ақпарат құралдарының ұлардай шулаған кісәпір бейбастықтары алаңдатады; баспасөз атаулыға жарнамалардың негізінен орыс тілінде берілуі, сөйтіп орыс тілді баспасөздің ғана дәуірлеуі, қазақ тілді басылымдардың шалажансар күй кешуі, бұған мемлекеттік тілге қатысты заңдық тетіктердің тосқауыл бола алмауы, нәтижесінде халықтың қазақ тілді басылымдардан қол үзе бастауы алаңдатады; кез келген елге қолайлы әмбебап демократияның болмайтынына қарамастан, «демократия» деген жалаң да, жалпақшешей ұранның бел алып отырғаны, мұның өзі, әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдарында ой-пікір тұрғысында ғана емес, ниет-пиғыл алашабырлығына ұласа бастауы, сөйтіп, мемлекеттік мүддеге қатысты анархиялық бейбастықтарға жол берілуі алаңдатады; бұқарлық ақпарат құралдарының (әсіресе орыс тілділері) белгілі бір «мықтыны» қамқор етіп алуы, сол «мықтының» сойылын соғуы, сөйтіп, біртұтас ұлттық-мемлекеттік мүдденің бөлшектену үрдісі алаңдатады; әсіресе, жас ұрпақты қалыптастыруда ең ықпалды күш-құрал болып табылатын телерадио арналарының қазақ тілін толық дерлік ығыстыруы, сол арқылы қазақ ұлтына қарсы тарихи қылмыстың көз ал-

дымызда жоспарлы түрде мейлінше кәсіпқой деңгейде (профессионально) жасалуы алаңдатады; тәуелсіздігіміздің он жылында қазақ тілінде бірде-бір мультфильмнің қазақ тіліне аударылмауы (мәдениетті қолдау жылының бағдарламасында әлемнің 100 жақсы мультфильмін қазақ тіліне аудару жөнінде уәделі жоспардың жасалғанына қарамастан), яғни, еліміздің болашағын тәрбиелеу ісіндегі мемлекеттік немкеттілігіміз алаңдатады; ең бір салтанатты сарайларымыздың төрінде тайраңдаған шетелдің жалаңтөс гастрольшылары алаңдатады; өнердің тек қана ұлттық қадір-қасиетпен дүниеге келетініне қарамастан, интерұлттық өнердің болуы мүмкін еместігі айдай анық екенін біле тұрып, рухани мәдениетімізді парықтауда шетелдік талғам-танымға, шетелдік бағаға табынатынымыз, сөйтіп, халқымыздың төл талғамы мен бағасын аяқасты ететініміз алаңдатады; бүкіл көшені, ауылды, демалыс орындарын, мекемелерді, автобустарды, таксилерді, поездарды, ұшақтарды, оқу-тәрбие орындарын, былайша айтқанда қазақ аспанын тек қана еуро-орыстық музыканың кернеп кеткені, осыны реттейтін тетіктің жоқтығы алаңдатады; ондаған, тіптен жүздеген түнгі клубтар мен тәулік бойы жұмыс істейтін сауналарда қазақ қыздарының кім көрінгенге қолжаулық болуы алаңдатады...».

Бұл ойлар алты томдықтың 5-томына енген «Тәуелсіздік бізге бәрін берді» атты сұхбаттан алынды, оның толық емес нұсқасы «Қазақ әдебиеті» газетінде «Мен жыламайын, мен жыласам әйелдерден асырып жіберемін» деген тақырыппен 2001 жылдың 27-сәуір күнгі санында жарық көрген екен. Мұның жазылғанына он жылға жуықтапты. Оны оқығанда біз Ақселеуді алаңдатар нәрселер бәрі сол қалпында, нақ бүгін айтылғандай әлі де өзекті, шешуін күтіп тұрғаны айдан анық екенін көреміз. Бұл сөздерден «қазағымның ертеңі қалай болар екен» деген үміт пен күдік аралас мұң сезілетіндей.

Толстойға қайта оралсақ, орыстың озық жазушыларының «Не істеу керек?» деп өздеріне өздері қойған сауалы төңірегінде ол да көп ойлап, ақиқатты іздеді. Бұл жолда ол философ сияқты емес, жанын жегідей жеген өлім қорқынышының шарасын іздейді. Бізге жеткен жазушының естеліктері арасынан табылған бір жазбада төмендегі сауалдар тізіліпті:

- 1) Не үшін өмір сүремін?
- 2) Жаратылуымдағы мақсат не?
- 3) Өзгелердің өмірінің мәні неде?
- 4) Ішімдегі жақсы және жаман сезімдердің болу себебі не?
- 5) Қалай өмір сүруге тиіспін?
- 6) Өлімнің сыры неде? Өзімді қалай құтқара алам?

«Күнделігінде» бұл жайында былай жазады:

- 1) Құмар ойындары (Бұны жеңуге болады);
- 2) Жыныстық құмарлық (Жеңу өте қиын);
- 3) Өркөкіректік (Бәрінен де қауіптісі осы).

Ақселеу Сейдімбек те Толстойшылап «Ойтолғаққа» мына сөздерді жазыпты:

«Менің өмірге араласуым бейтаныс қаланы аралаған жолаушыға ұқсас. Аяқ аттаған сайын тылсым дүние алдыңнан шығады. Қиыны – бейтаныс құбылыстың алдыңнан шығуы емес. Қиыны – сол бейтаныс, беймағлұм дүниені ешкімнің көмегінсіз өзіңнің ғана танып-түсінуге кірісуің. Шегінер жол жоқ. Артым – армандай аяулы, алдым – жұмбақ.

О, Тәңірім, қандай заманға тап болған ұрпақ едік!.. 9.06.72».

Толстой өмірінің соңына қарай тірліктің мәнін қайта іздеуге кіріседі: «Оны ұзақ уақыт бойы азаптанып іздедім. Өзін құтқармақ болған адамша іздедім, ештеңе таба алмадым».

«Отбасы, әдеби шығармашылық та оны қанағаттандыра алмайды».

«Сұмдық ақиқат алдында көзіме перде болған екі тамшы – отбасым мен шығармашылық та мен үшін мүлдем ләззатсыз боп қалды».

«Отбасым, иә балаларым мен әйелім олар да адам, олардың да жайы мез емес: я жалғанға алданып жүре береді, я болмаса қорқынышты шындықпен бетпе-бет келеді.

Оларды жаныммен сүйемін, бірақ ақиқатты жасырып қалу мүмкін емес. Ғылымдағы әрбір қадам, өмірдегі әрбір адым ақиқатқа жетелейді. Ал ақиқат – өлім. Өнер мен өлең жай безендіруші әшекейлер ғана, өмірдің мәнін нақты түсіндіре алмайды.

Фэлсафадан да қайыр жоқ!».

Дүрмекті өмір кешіп келе жатқан кісі тыныш өмірге көндігуі қиын. Тыныш өмірді аңсаған кісінің көбі ойлануға уақыт іздегендіктен тыныштыққа ұмтылады. Адам баласына қашан да уақыт аздық еткен, қазір ол – өте-мөте тапшы.

Адамның жасы ересек тартып, ақыл тоқтатқанда, өмірге тұрақты көзқарасы қалыптасқанда өзіне-өзі есеп беру қажеттілікке айналатындай, сол кезде кей істерінен, кей әдеттерінен қашатындай.

Толстой сексеннің сегізінше шыққанда екі қолын төбесіне қойып, өз үйінен өзі қашады.

Осы орайда Ақселеу Сейдімбектің Толстойға ұқсастығын тағы да қайталап айтуымызға тура келіп тұр: оның «Қазақтың ауызша тарихын» шығардым, енді ештеңе жазбаймын, бұдан кейін өле берсем де болады» деуі, өмірінің соңғы айларында барлық рухани мұрасын жүйелеп, аса

кажет деп тапқандарын ғана қалдырып, қалғандарын үлестіріп беруі, негізгі еңбектерін жинақтап алты том етіп баспаға тапсырып, қалған дүниесіне кім иелік ететінін айтып, соларға табыстап кетуі, кеше ғана аман жүріп, бір түнде кездескен жұмбақ қазасы ол кісіні білетін адамдар үшін сол жұмбақ күйінде қалып тұр.

Толстой өзі өмір бойы қарсы болған, кемістіктерін әшкерелеген дінге оралғандай болып, өмірінің соңына қарай: «өмірдің мағынасы иманда екен» деген екен. Біздің кейінгі тарихымызда Қонаевтың да, Назарбаевтың да тұсында министр дәрежесінде қызмет атқарған Макиевскийдің өмірінің соңғы жылдарын шіркеу дьяконы болғаны да иман іздеу десе боларлық.

Ақселеу ағамыз да бір кезде сенім биігіне көтеріліп Меккеге қажылық сапар жасаған болса, өз сөздерінен білгеніміздей Құран Кәрімді қазақшалауға ниет еткен болса, өмірдің ақыры иман іздеуде деген ойдың шынында да беріктігі басым секілденеді.

Конфуцийден «Он ұрпақтан кейінгілердің не көретінін болжай аласыз ба деп сұрағанда: «Ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден-балаға не қалып жатқанын дәл білсек, оныншы емес жүзінші ұрпаққа да не қалатынын болжап білу қиын емес». Ақселеу Сейдімбектің де келешек ұрпағымыз өз тарихын білсін, шежіре дегенде үйшілік психология жетегінде қалып, жеті атасын ғана білуді міндет тұтпай (оған да шүкір), ел шежіресін түйсінсін, сол арқылы өзінің қазағының қаншалықты ерекше жаратылыс иесі екенін білсін деген ниетін, бүгінгіден ертеңгіге қалдырар мұрам осындай зердені толықтырар, рухты оятар дәлелді зерттеулерім болды дегенін айтқызбай-ақ түсінеміз.

Пауло Коэльо «Алхимик» атты кітабында: «Адамдар биіктерге өрмелейтін себебі – бүгінгі өмірден жақсырақ өмір бар ма деп іздейді. Жер-жерді аралау, теңізге шығу да адамдардың бақытты болудың өзге жолдарын іздеу себебінен келіп шығады. Бірақ, олар, айналып келгенде, кешегілердің өмірі бүгінгілердікінен жақсырақ екеніне көздері жетеді» деген. Сол айтқандай, Ақселеу де қазақтың кешегі өмірі бүгінгілердікінен анағұрлым жақсы деумен, соны дәлелдеумен кетті.

Ақаң бір әңгімені беріле, қызыға айтып тұрғанда медитация жасағандай болып, адамды ойға шомдырушы еді.

Ақылға салып, ойланып қимылдайтын адамдардың мінезі Ақселеудің мінезі секілді жайлы болады. Осы ізденістер үстінде түрлі азаматтармен сұхбаттас болып, Ақселеу туралы сұрастыра жүріп, олардың бір де бірінен ол туралы жаман сөз естімедім және оның біреуге «Әй, атаңа нәлет» деп кейіді дегенін де ешкім айтып бере алмады. Ешкімге ешқандай жақсылық ойламайтын адам – бақытсыз. Ал, тұтас ұлтқа немесе бүкіл адамзат баласына жақсылық ойламайтын адамды адам деуге болмайды.

Ол өз деңгейін қашан болса да сақтап қалған, өзіншілдіктен ада, өзін біреуден ақылды санамаған, бірақ кем де санаушы болмаған, адамдарды өз деңгейіне қарай тартуға тырысқан, сонымен бірге, басқалардың да ең озық мінездерін бойына сіңірген үлкен мәдениет иесі еді.

«Дао дэ цзинде»: Ізгіліктің ізгілік екенін барлығы білгенде, зұлымдық пайда болады. Болмыс пен болмыстың жоқтығы бірін-бірі туғызады, ауыр мен жеңіл бірін-бірі туындатады, ұзын мен қысқа бірі-бірімен салыстырылады, биік пен аласаның бірі екіншісі арқылы анықталады, дауыстар араласып үндестік пайда болады, өткен мен күткен бірінің соңынан бірі ереді. Сондықтан жетілген дана іс атқарғанда әрекетсіздікті қалайды; дәріс бергенде сөздерге мән бере бермейді; заттарды ауыстыруға үндегенде оны өзі жасамайды; қозғалысқа түсіргенде, оған өзі күш салмайды; бір-нәрсені оңтайлы аяқтағанда мақтанбайды. Ол мақтанбағандықтан оның еңбегі ұмыт қалмайды» – делінген. Осы сөзді Ақселеу Сейдімбектің шығармашылығына арнап айтуға болар еді.

«Үш нәрседен тазамын» депті Нұртас Ондасынов: бірінші – сонша жыл ел басқарғанда, біреуге нақақтан жала жауып, қиянатқа барған емеспін, арым таза; екінші – 1937-1938 жылдардағы қаралы күндерде, боздақтарды атып жатқанда, бір қағазға қол қойған емеспін, сенбегендер архивті ақтарып көрсін, қолым таза; үшінші – адамдарды жершілдікке, атаға, руға, жүзге бөлген емеспін, жүзім таза» деп жазып кеткен екен.

Осылайша айтсақ, Ақселеу де біреуге нақақтан жала жауып, қиянатқа барған емес – ары таза, біреуден бірнәрсе дәмеленіп, саумалаған емес – қолы таза, адамдарды жершілдікке, атаға, руға, жүзге бөлген емес – жүзі таза. Оған қоса ол билікті, билеушілерді жосықсыз мадақтап ода айтқан жоқ – ұяты таза.

Бүгінгі өркениеттің қатаң ритмінде, ауа райы жылынып, адам жүрегі суынып бара жатқан кезде біз қаншама жақсы өмір сүріп, ғылыми техникалық дамудың нәтижесінде қолымызды жылы суға малып қана отырсақ та, жаяу жүрмесек те, бабалар көрген тұрмыстық қиындықтың бірде-бірін көрмесек те, өмірді толығымен сезінуден қалып, жаратылыс біртұтас екенін ұмытып барамыз. Ақселеу Сейдімбек өзінің бүкіл шығармашылық мұрасымен осыны біздің есімізге қайта-қайта түсіріп тұрғандай...

Ақселеу байқаусыз ақ, өз шығармашылығымен эпохаға айналған, жалпы, уақыттың өз тұсын әдемілеп тұрған адам еді.

Кейінгі қазақтарда энциклопедиялық білім иесі жалғыз ғана Әбіш Кекілбаев деп жүруші едім, сөйтсем ол менің ғана білуімше солай екен, Ақселеуді зерттеп қараған соң осындай ойға келдім. Бұрынғылардан Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Қаныш Сәтбаев, Евней Букетовтерді солай санаушы едім.

Маржан теруге теңіз жағалауына барғандар, тек маржан ғана термейді, ол үшін күнұзақ уыс-уыс құмды қолдан қолға салумен, үңіліп іздеумен әлек болады.

Ақселеу де осыншама мол мұраны бірден игермеген, біздің алдымызға күй-шежіре мынадай, ауызша тарих осындай болған деп лақ еткізіп төге салмаған. Ол осы жеңістеріне сатылап жеткен, бірте-бірте қаламы ұштала түскен, деректері толысқан, қосымша тың деректер тапқан.

«Адам жетілудің үлгісін өзінен табады. Ізгі кісі өзін жетілдіргенімен өзгеден соны талап етпейді. Өзін жетілдіруді қиынсынған кісі алдамшы жолға түскен кісідей: ылғи алаңдаумен, бақытты сәтті күтумен болады. Адам ізгілікке жетсе, садақ атып, тимей қалғанда межелеген нәрсеге емес, өзіне өкпелеген мерген сияқты, сәтсіздік бола қалса өзгеге өкпелемейді. Жетілуге ұмтылған адам ұзақ жолды біртіндеп өтетін, тауға өрмелегенде төменнен бастаған адам сияқты.

Тоғышар адам бір іс туралы оны білмей тұрып пікір айтады, менмен кісі мәселенің шешімін өзі айтуға ұмтылады. Ізгі кісі үшін мәселенің ірі-ұсағы болмайды, ол ең майда мәселені де байқаусыз қалдырмайды, соның өзін жетілу дәрежесіне жеткізуге тырысады. Ол өзінің ескі білімін бағалайды және оны толықтырып отырады.

Ізгі адам мынаны уайымдайды: әркім өз жүрегін ұдайы тыңдайды, онда ешқандай есуастық қалмауын ойлайды.

Ізгі адам өзгенің көре алмайтын нәрсесін көреді. Аспан әрекетінде жарық та, дыбыс та, иіс те жоқ. Ол тек ізгі кісіге көрінетінінің себебінің өзі сондықтан».

Бұл – қытай ілімінің Толстойға еткен әсері. Конфуцийді адамзат баласы осылай таныған. Осы сөздердегі әрбір ой мен әрбір тұспалды біздің Ақселеуіміз жете түсінген, мүлтіксіз қабылдаған және соған лайық өмір кешкен.

Лев Толстой Конфуцийдің адамзат үшін үлесі мол ілімін былайша мақұлдайды:

«Шын ілім адамдарды биік ізгілікке үйретеді, ол – адамдардың жанаруы. Биік жетістікке жету үшін: бүкіл халықтың тұрмысы жақсы болсын.

Ол үшін: отбасының жағдайы жақсы болсын.

Ол үшін: жеке өзіңнің жағдайың жақсы болсын.

Ол үшін: жүрегің таза болсын.

Ол үшін: шыншыл бол, ой саналылығы болсын.

Ол үшін: жоғары сатылы білімің болсын.

Ол үшін: өзіңді өзің зертте.

Ақселеу Сейдімбектің тұла бойынан осы жалғасты жеті мінезді қалайтынын, соған лайық өмір сүргенін танимыз, сөйтеміз де біздің Ақселеуіміз де Конфуциймен, Толстоймен үндес, теңдес екеніне қуанамыз.

Арлы адам өзі жалғыз қалғанда да өзіне сақ, ол қашан да тепе-теңдік пен келісімді сақтайды. Оны барлығы бірдей біліп, құрметтемесе де ол оған өкінбейді. Оның ісі елеусіз жасалып-ақ ұзаққа жетеді. Ақселеудің шығармашылық жолына көз салғанымызда, оның дабырасыз жасаған істерінің қазақ аман тұрғанда ұзаққа жететініне күмәніміз қалмайды.

Қазіргі заманғы ең көп оқылатын жазушылардың бірі Пауло Коэльо: «Менің басыма қойылатын тасқа не жазуым мүмкін. Мен: «ол тірі кезінде өліп қалған» деп ойып жаздырған болар едім. Бұл ақылға сыймайтын нәрсе болып көрінуі мүмкін, бірақ мен тірі кезінде өмір сүруін тоқтатқан адамдарды көп көрдім, бірақ олар жұмыс істеуін жалғастыра береді, тамақ жейді, көпшілікке араласады. Олар мұның бәрін әрбір жаңа күн әкелетін сиқырлы сәтті сезіне алмай, өмірдің кереметі жайлы ойлану үшін тоқтамай, келесі минут ол үшін бұл планетадағы соңғы сәт болып қалуы мүмкін екенін түсінбей, барлығын дағды бойынша жасайды» депті. Ақселеу Сейдімбек мұндай адамдарға керісінше өмір кешкендер қатарында, ол өмірін жазумен, жазғанда да ұлтына онша түсінікті емес, бірақ ашып айтылуы аса қажет жүйелі еңбектер берумен өткізді.

Сөз соңында айтарымыз, Ақселеу Сейдімбектің алты томдығын сүзіп шыққанымызда біз оның бұл мұрасы қашанда да өз құндылығын жоймайтын әрбір жаны қазақ азаматымыздың, зерттеуші мұрагерлеріміздің соқпай өтпейтін аялдамасы, темірқазық іспетті бағдарламалық оқу құралы болатынына, қазаққа бағдаршам болып әлі ұзақ уақытқа қызмет ететініне көзіміз жетті.

Тағы да қайталап айтар болсақ, Ақселеу Сейдімбектің жанры сан алуан стильге толы. Мұнда дала әңгімелері де, қорғандар мен діндер аңыздары да, күй шежіресі де, қазақтың ауызша шежіре-тарихы да, жүз-тайпа-ру таралымдары да, ертекттер де, мақал-мәтелдер мен қазақ болмысын ашып көрсететін аңызға бергісіз бастан өткенді әңгімелеу де, қара өлең де, естеліктер де, аудармалар да бар. Мұны барынша дәлелдеуге тырыстық. Ақселеудің жан дүниесі жөнінде де біраз мысалдар келтірдік.

Бұл алты томдық – қазақ рухының генетикалық жады, ұлттың психологиясы мен дүниетанымы жүйеленіп, сақталған кітаптар жиынтығы. Әрбір қазақтың жүрегінде бір сәуле түссе осы кітаптардан түсер, көкірегі тазарса осы мұрадан тазарар.

Жамбыл Артықбаев былай дейді: «Ақаң Еуразия көшпелілерінің ұлы өркениетінің ақжал толқындары биік жарларды құлатқан теңізін көрген жоқ, ол сол теңіз тартылған уақытта соның табанында қалған сарқыншақ-

қақтарды ғана көрді. Ең бастысы Құдай тағала Ақана сол сарқыншақ-қақты көруге жазды, бұл қазақ этнографиясын зерттеймін дейтін адамның басына қонған бақыт емес пе?! Біздің балалық шағымызда Ақанның көрген қағы бірте-бірте құрғады, ауыл сыртындағы өзектің жарындағы қарлығаштар да жоғалды. Олармен бірге ақ кимешек киген әжелеріміз, саптама етігі сартылдаған аталарымыз бақиға аттанды. Ескі құрылықты бірнеше мың жыл бойы билеген ұлы өркениеттің соңғы реликтері көз алдымызда бұл-бұл ұшты. Ақанның бала кезінде көшіп жүрген ауылдарының киіз үйлері менің алғашқы этнографиялық экспедицияларымның кезінде қораның төбесінде текше-текше болып брезентпен ораулы жата-тын. Қазір ол да жоқ «Көшпелі дүние» деген осы.

...Ақанның жүріс-тұрысы, өзін-өзі ұстауы, әртүрлі жарқылдақтарға құмарлығы, аңғал батырлығы, жылпосқа сеніп қалатыны т.б. қасиеттері мен қылықтары осыған нұсқайды».

Мына сөздерді Ақаң өзі ұстанып, дұрыстығына әбден көзі жетіп, өзгелерге үлгі болсын деп қалдырған сияқты:

«Байыбына барып сөйлеп, байыбына барып іс қылған салауаттылық әркімнің талайына бұйырмаған. Әркім өзіне-өзі ұстаз, өзіне-өзі төреші болғаны абзал. Дүниені түзеткің келсе, әуелі өзің түзел. Баршамыз пайымдауға тиісті бір-ақ ақиқат бар: әркім өзін-өзі тәрбиелемей, қоғам түзелмейді.

... Басы жұмыр пенде атаулы өзінше бір қайталанбас элем деп келетін ұғым бар. Болса болар, әйтпесе, дүние дидарындағы мың сан тіршілік атаулының ішінде адам шіркіннің адамдық оқишаулығы ден қойғызбас еді. Десе де, сол басы жұмыр пенделердің арасында рухани даралықтың жәні қашан да бөлек. Әдетте, ондай тұлғалардың еткен еңбек, төккен тері мен көрген тіршілік, кешкен ғұмыры, былайша айтқанда, барша болмыс-бітімі қарақан басымен шектеліп қалмай, өзі өмір сүрген замана тынысымен астасып, өзі ғұмыр кешкен қоғам тарихымен шендесіп, сол кез-кезеңнің айғағына айналып кетеді. Мұндай тұлғалардың рух тегеуіріні заман мен қоғам дамуына мұрындық бола ма, жоқ әлде, заман мен қоғам толғағы сондай тұлғаларды тудыра ма, оны кесіп айту қиынның-қиыны. Тәрізі, осы екі себептің біте қайнасуы, бірінсіз екіншісінің мүмкін еместігі мәдениет пен өркениет атаулының қайнар көзі, алтын арқауы болса керек.

...Біздің қай-қайсымыз да талай рет куә болған, біздің қай-қайсымыз да талай рет жанымыз жадырағандай сезім күйіне бөленетін сәттер бар. Ондай сәттерді, әсіресе, ерекше дарынды адамдармен немесе әйгілі тұлғалармен ұшырасқанда бастан кешетініміз де рас. Қас қағым сәтте ой-санаңды шарпып өтетін ондай сезімді жорып-түсіндірудің өзі оңай

шаруа емес. Кереметі сонда – дарынды, әйгілі, біртуар тұлғаларды көргенде бір сәт пенделік күйкіліктен арылып, оның орнына жан дүниеңді ерен еңбек, асыл өнер, адал достық, айнымас махаббат, парасат пен кісілік, ел мен жердің кие-құты, мәңгілік ғұмыр-тіршілік дегендей асқақ сезімдердің баурап алатыны бар. Мұндайда, сол әйгілі тұлғаның не тындырғанын, қандай қабілет-қарымның иесі екенін зерделеп жатуға да мұршаң болмайды. Алайда, асқақ-алапат сезім ой-санаңды билеп, жан-жүрегіңді баурап, рухыңды биіктетіп кететіні аян».

Ақселеу Сейдімбек осынау өзі айтқан сөздерге өзі әбден лайық, қазағымыздың Ары болған, асыл азаматымыз.

«Егер, мән беріңкіреп қарасақ, осында үлкен гәп бар. Қандай бір кез-кезеңде де тарихтың бас кейіпкері адам екені, адам әрекеті мен қызметі екені бүгінгі таңда бірауыздан мойындалған ақиқат. Ең ғажабы, осы ақиқатты француз тарихшылары – «тарихи антропология» деп, Рим клубы – «келісті өмірдің кепілі – адам сапасы» деп, орыс тарихшылары – «тарих дегеніміз – адам қызметі» деп, алаулатып-жалаулатып, жерден жеті қоян тапқандай болып жүргенде, атам қазақ мұндай ой-тұжырымды «Көкте – Тәңірі, Жерде – Адам» (Күлтегін) деп, баяғыда-ақ зерделеп қойған сияқты. Әлгі, қазақтың қария сөздерінде, әсіресе, шежірелік баяндарында тарихты ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегі арқылы тарата-талдап отыратыны да содан болса керек.

...Өткен ғасырдың 60-шы жылдарының өзінде қазақтың тілі күрмеле бастағаны анық. Жалпы сөз өнері екінің бірінің басына қона бермейді. Оның үстіне Кеңес үкіметі туған тарихына, тіліне немқұрайды, тіпті өшігіп қарайтын тұтас бір қауымды өсіріп шығарды. Аждаһадай төнген осы қысастықтан аман қалған адам сирек болар, күнделікті тіршілікке шолтаңдаған шолақ тіл келді. Өз-өзінен кібіртіктеп, жөткірініп «нетіп» «неғып» деп екі сөздің басын қоса алмай қиналатын ұрпақ бүгінгі күні қария атанып отыр. Қазақтың бүгінгі күні ауызымен құс тістейді деп мақтап жүрген жігіттерінің тілі қарадүрсін, қақпақыл. Қазы-қартасы кетіп сіңірі ғана қалған сияқты. Айтысқа түсіп жүрген жігіт-қыздардың тілі – жаттанды, жаттағанынан сәл шығып кетсе кедір-бұдыр, тіпті оспадар».

Осындай ортада өмір сүріп, тіл мәйегін сақтап қалған бірлі-жарым адамның бірі – біздің Ақаң. Ақанның тіл байлығы жаттанды дүние емес, іштен шыққан қасиет. Сол қасиет бала кезінде жақсы тілдік ортаға түсіп шыңдалған, кейіннен өзінің ақыл-парасатының арқасында Ақаң ол тілді нақыштап, әшекейлеген. Ақанның әңгімесін естіген уақытта ХХ ғасырдың 70-80-ші жылдары өмір сүрген қазақ шежірешілдік дәстүрінің соңғы тұяқтары, соңғы қариялары еске түседі. Бірақ қаз-қалпында қазақтың

шежіре тілін ауызша немесе жазбаша қолданыста ұстау қиын. Қалай дегенмен, оның кейбір заңдылықтары мен құндылықтары сақталып қалғанымен де, ол реликт, яғни алдымен тарихшы және тілші ғалымдардың еншісі.

Өз сөзі: *«Өткен ғасырдың басында өмір сүрген француз ойшылы социалист-утопист Шарль Фурье қала алаңдарынан машина ойлап тапқандарға қойылған ескерткішті көргенде: «Япырау, қанаушысы жоқ, қиянаты жоқ қоғамды ойлап тапқан менің елеусіз жүргенім император Наполеонның да, банкир Ротшильдтің де қаперіне келмейтіні қалай?!» – деп қайран қалады екен».*

Ақселеу Сейдімбектің де қанаушысы мен қиянаты аз көшпелілер қоғамын дәріптеген, қазақта рушылдық жоқ деп, бүгінгі керісінше айтылып жүрген бірыңғай пікірге қарсы тұрған, қазақтың қай ісі болса да бейтарап қала алмаған ізгілігін біздің билеушілер мен қалталылар да бағалай білмей, елеусіздеу қала берген екен-ау деген ойға қалдым. Өмір сыйы қашанда тепе-тең бөлінбеген. Кейбіреулерге үлкен үлес тисе, біреулердің үлесі атаусыз қалып отырған. Ақселеу үлес іздеген жоқ, үлес үшін еңбектенген жоқ. Дегенмен, еңбегі үшін емес, қатысы барлығы үшін біреулер Еңбек Ері болғанда, ол болмай-ақ қойсын, кілт ұстаушыға да, серіктестік иелеріне де, мақташыға да беріліп жатқан «Отан» ордені осынау отаншыл азаматқа бұйырмағаны несі?! Қазақтың түп-тұқиянынан бүгінгіне дейінгі өмірбаянын бүкіл қиқыр-шиқырына дейін бүгінгі меңіреу болып бара жатқан қазаққа жеткізе айтып берген еңбегі еленуі тиіс еді ғой... Атақ үлестірушілерге де оңай болмаса керек. Марапатын сыйғыза алмай жатқандар одан да көп иеленгісі келіп тұрғанда, әрқайсысы өз атасының баласын ұсынып әурешілікке түсіп жатқанда, оның бәріне тең таразы болу оңай да емес шығар.

2010 жылдың қорытындысымен қазақ мәдениеті мен руханиятына қосқан үлесі үшін Ақселеу Сейдімбекке «Жыл адамы» арнайы жүлдесі берілді. Сол жүлдені көзі тірісінде, «Қазақтың ауызша тарихы» шыққан жылдың қорытындысымен беруге неге аяндық екен?! Аянбас па едік, сол атақты беретіндер мен соны ұйымдастырып, басы-қасында жүргендер кезінде бұл кітапты оқымады-ау сірә!

Ақселеу Сейдімбектің мұрасы несімен құнды?

Адамшылық тұрғысынан алғанда да, ғылыми тұрғыдан алғанда да, бұл еңбектерде бәссіз, талассыз мойындайтын бірнеше тұжырымдар бар. Олар мыналар:

1. Ақселеу Сейдімбекті күй аңызы деген фольклорлық жанрды ғылыми айналысқа енгізіп, саралап зерттеудің отандық ғылымда негізін салған ғалым деп есептеуге лайық.

2. Ақселеу Сейдімбек қазақ этнологиясының ғылыми терминологиясын қалыптастырды.

3. Ақаң «Қазақтың ауызша тарихы» арқылы қазақ мемлекеттілігінің құрылымын ғылыми негіздеді.

4. Ғалым қазақ хандығы тұсында қырық ру халықты бір орталықтан басқаруды жеңілдету үшін «жүз» институты енгізілгенін, оны үшке бөлудің астарында мемлекеттің бірлігін сақтау, демократиялық шешімдерге ыңғайлау тәсілі жатқанын қисынды таратады. Ол жүз атауы тәңірлік дүниетанымнан бастау алады, тәңірлік наным-сенім түркі тілдес тайпалардың діні ғана емес, сонымен бірге өмір-салты деп түсіндіреді.

5. Ақаң қазақ даласындағы соңғы үш-төрт мың жылдың аясында тұрақты қалпын сақтаған рулық жүйенің қалыптасуының өзі біздің артта қалғандығымыздың немесе озықтығымыздың белгісі емес, рулық жүйені – ұжымдасып өмір сүру қажеттігі дүниеге келтіргенін дәлелді жеткізеді. Далалық тұрмыста қойын біреуі жайып, ол қойды екіншісі күзетіп, үшіншісі өнімін ұқсатып, төртіншісі ел-жұртты жаудан қорғап, бесіншісі қора-қопсысын сайлап дегендей ұжымдасып тірлік құрмаса, жеке-жеке нарықтың бәйгесіне түсіп көгеріп кетем деу мүмкін емес дейді.

Автордың айтуынша, ру аясындағы кез келген байдың малшысы сол байдың ет жақыны, ағайыны, аталасы. Мал өнімі өзінен-өзі тұтас рудың игілігі болып табылады. Бай мың жерден іштарлық көрсеткенімен, мыңғырған малдың артық өнімін жеке-дара тұтына алмайды. Ал, көшпелі өмір-салты артық өнімді қаттап жинап қоюды тағы да көтермейді. Сондықтан туыстық сезімге қылау түсірмеу көшпелілер үшін өмір сүрудің негізі, күнкөріс-тіршілікке тірек болып отырған төрт түлік малдың қасқабағына малшы зор жанашырлықпен қарауға міндетті, өйткені жұт болып, мал қырылса бақташы да, бай да қоса ашығады.

6. Жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрін ұстанатын қазақтан басқа этностың жер бетінде бар екенін біз біле алмадық, – деп ұлтымыздың бұл ерекшелігінің қасиетін дәріптейді. Бұл тыйымның қазақтардың тұқымдық сұрыпталуына себепші болумен бірге, этномәдени біртұтастығын сақтаудың бірден-бір тетігі болғандығын айтады.

7. «Қалың мал» деген сөздің дәстүрлі болмысымен шендес этимологиясына мән бергенде оның «Қалыңдықтың малы» – яғни, үй болып, шаңырақ көтеріп, әлеумет санатына қосылу үшін қажет материалдық игілік деген сөз екенін, салт-дәстүр, жөн-жоралғы үлгісінде өтетін қалың мал дәстүрлі құдалар арасындағы таза саудаға құрылатын меркантилді пиғыл емес, ұлттың мәдени-рухани дәстүрі екенін дәлелдейді.

8. Қазақтағы «қатын-қалаш», «тұтқа», «бұйрық», «жабғы», «күл», «күн» деп келетін сөздердің Түркі Қағанаты кезінде атақ-лауазымды, әлеуметтік орынды білдіретін еді дегені де тың тұжырым.

9. Көшпелі өмір-салт қалыптастырған, адамдар арасындағы өзара кісілікті қарым-қатынас қалыптарының шырқы бұзылып, үлкен мен кішінің, туыс пен туғанның, жат пен жақынның, еркек пен әйелдің, жігіт пен қыздың арасындағы моральдық-этикалық, салт-дәстүрлік қарым-қатынас қалыптарының шекарасы көмескіленуі, адамдар арасындағы қарым-қатынас дәстүрлі наным-сенімге мойын ұсынбаған соң, салт-дәстүрді сақтамаған соң, тыйым-тосқауыл көрмеген соң еркіндік дегеннің өзі көргенсіздікке ұласып, яғни, адамдардың бойында іштей тыйылудан гөрі, салт-дәстүрмен санасудан гөрі заңнан ғана қорқу немесе сырт көзден ғана қаймығу сезімі басым болды деуі қисынды тұжырым.

10. Көшпелі қоғамда мүлік теңсіздігі болуы мүмкін емес, пендешілік аңсармен зат-мүлік молайтқысы келіп тыраштанғанымен көшпелі өмір-салтының ілкімді қозғалысы артық заттың бәрін керексіз етіп, сыртқа теуіп, табиғи сұрыпталудың ыркына көндіреді. Ал, егер бәрібір көз тоймас қомағайлыққа салынып, орынсыз дүние-мүлікті көбейтсе мыңдаған шақырымдық көш жолында артық бейнетке ұрынады деуі көшпелі өмір салтында іс жүзінде керексізді қаламау қажеттілігін дәлелдейді.

11. Қазіргі адамдар өзін өзгеден оқшау, ерекше етіп көрсетуге құмар болатын болса, қазақ ауылдарында жеке адамның көпке ұқсамауы, жұрттан өзгеше болуы жаман қасиет саналған. Қазақтардың жеке адам туралы идеалы көпке ұқсауымен, көппен бірдей болуымен өлшенуі – халқымыздың мәдени-рухани идеалының тұтастығына себепші жақсы қасиет еді деген тұжырым бүгінгілердің өркөкірек мінезіне рухани соққы.

12. Ақселеу Сейдімбектің әйгілі тұлғаларымыздың өмірлік дерегі туралы шежірелік баяндарды «әлем халықтарының тарихында кездесе бермейтін бірегей рухани феномен» ретінде бағалауы – ғылым жаңалық.

13. Шаңырақ күлдіреуіші үш жүздің тұтасқан бірлігін көрсетіп, үш-үштен кергіш ағаш айқастырылып көктелген, ұлт дәстүрінде шаңырақ кергіші тек үш-үштен ғана айқастырылады деуі ұмытылуға айналған, естен шыққан шындық.

Берік Әбдіғали айтыпты: «Ұлттың рухы оянса, ұлттық намыс оянады», «Ұлт мықты болмай тілдің бағы жанбайды» – деп. Бодандық қазақ рухын қалғытса, оны да оятатын ұлттық намыс. Ұлттық намыс оянуы үшін төл тарихымызды жете білуге тиіспіз, ол үшін Ақселеу Сейдімбектің рухани мұрасындай еңбектер қазаққа таныла түсуі тиіс. Тілді де түлететін сол танымның жеткіліктілігінен туындайтын ұлттық рух.

Сөздің киесі бар. Ақселеу мұрасы – сол киені терең сезінетін, әр сөзі үшін жауап бере алатын, әр сөзінің дәлелі бар мұра. Ол – ұлтының мерейін тасытады, мәртебесін асқақ етеді. Бұған сенім мол.

Ақселеу Сейдімбек – «Қазақты көргің келсе – міне сол қазақ» деуге жарарлық келбетіне мінезі сай, мәдениетіне ақылы сай атпал азамат еді.

Конфуций туралы Янь Юаньның айтқаны бар екен: «Қараған сайын биіктейді, үңілген сайын тереңін сеземін, түбіне жете алмаймын, бірде алдымда тұрғандай болып тұрып, бірде артыма шыққандай, бірде жанымда сияқты, бірде ұзап кеткендей. Бәрін бірден ашып көрсетпейді, адамды еліктіріп әкетеді, көзімізді ашқандай, дәстүрлер мен рәсімдерді сақтай біледі. Күшім азайып бара жатса, маған жақындағанын сезінемін. Артынан көз жұмып ерейін десем ере алмаймын», – депті. Ал, Лао-цзы Конфуцийдің аға замандасы болып келеді. Екеуі бірінші рет кездескеннен соң Конфуций өзінің сұхбаттасына соншалықты таң-тамаша болғандықтан үш тәулік бойы тіл қатпапты деседі. «Сіз оған қандай уәждер айттыңыз?» деп сұраған замандастарына «Мен бір айдаһар көргендей болдым, ол бірде тұманға айналды, бірде аспанда қалықтап, инь мен янның аспан сәулелерімен тыныс алып тұрды. Мен оған қарсы бір уәж айтпақ түгілі, аузымды да аша алмадым» деген екен. Қарап тұрсаңыз Янь Юань Конфуцийді, Конфуций Лао цзыны таңырқай мойындап тұр. Осы бір ұлтын сүйген, ұлтының ертеңінен үміттенген, сол ертеңгі күнді жарқын ету жолында білгенінің бәрін жеріне жеткізе айтып кеткен Ақселеу Сейдімбек тұлғасына осы мойындауларды қайталап айта беруге әркім-ақ арланбағаны жөн.

Ақселеу Сейдімбекті зерттеу оңай болсын ба?! Оның бүкіл ұңғыл-шұңғылына бір оқығанда жете алмаспыз... Оның тереңіне бойлау үшін Ақаңшылап табандап отырып тер төгу керек. Мұхтар Шаханов қайта-қайта айтатын «қарын философиясын» күйттегендерді жетектеу емес, «ру», «тайпа», «жүз» дегенде «бұл маған жақынырақ тұрған адам екен» деп емес, мақтаныш ету үшін емес, бірін-бірі орынсыз сүйрелеу емес, Ақаң ақтап алғысы келетін «рушылдық пен протекцияшылдықты шатастырмауды» берік ұстанып, «бұл біздің тараған тегіміз, оның бүгінге пайдасы – «шежіремізді біліп, ұл-қызымызды дәстүр бұзбай аяқтандырсақ» дегенге ғана пайдалану, бұл құбылысты ұсақ пайдакүнемдікке пайдаланбау, пенделік пиғылға ермеу, ұлт мүддесін сатпау болса керек.

Абай дананың бір сөзі жайлы мынадай ұлағат қалған: Тобықты елімен көршілес төлеңгіттен шыққан Меңаяқ би қайтыс болғанда, Абай аза тұтып, дұға оқиды. Артынан жиналған елге: – Меңаяқ өзінің атын өзі алып жүре алатын адам еді, – дейді. Азалы елдің бір үлкен адамы: – Абай-ау, сен дана емес пе едің. Ол не дегенің?! Меңаяқ өз атының басын ғана алып жүрген емес, рулы елді билеген адам емес пе еді?! – дейді. Оған Абай: – Елді билеуден адамның өзін-өзі билеуі қиын. Жағдайы келгенге бақ көтеріп, бай болу, таққа отыру бола береді. Бірақ соның буы-

мен өзін-өзі ұстай алмай, абыройын ашатындар көп. Меңаяқ сонан аулақ жан еді. Оның зор адамдығының өзі сонда еді, – депті.

Акселеудің бағы мен тағы – оның артында қалған мол мұрасы. Ол оған адал, өзінің атын өзі алып жүрді, оған куә – ел зиялылары, қалың қазақ жұрты.

«Өмір сүру өмір мен өлімнен тұрады» деген екен Лао цзы «Лидердің даосы» атты еңбегінде. Ақаңның да екі өмірі бар. Ол өлмеуі тиіс, өйткені оның өлімінің өзі өмір, ол өліміне үлкен дайындықпен келе алды. Ол не болуы мүмкін екенін қиялдап өмір сүрген жоқ, барынша байыппен, асығып-аптықтастан, ширықтастан өзі мақұл көрген ісін біртіндеп атқара берді.

Акселеу Сейдімбектің көптен бері бірге келе жатқан іні-досы, өмірден кетерінде бүкіл мұрасының ең іліп аларын тапсырып кеткен Тұрсын Жұртбай былай деп жазады: «Жазмыштан озмыш жоқ, пәни мен бақидың заңы бойынша әрбір адамның мәңгілікке аттануы – өзекті өртейтін өкініш. Сол пенденің дауысы, мінезі мынау жалған дүниеге жетпей тұратыны анық. Ал Ақаңның дауысы мен орыны Алаш дүниесіне мәңгі жетіспей тұратын болады. Оның артында жетім бала мен жесір жар ғана қалған жоқ, жетім ел, жетім күй, жетім ән, сыңар дос, аялы құшақсыз іні, сусыны қанбаған шәкірт қалды.

Күн сайын өлім мен өмір алмасып, біріне бірі орын босатып беріп жатқан тіршілік қой. Алайда, Ақаңсыз өмір – бәрібір баяғы өмір емес, бәрі де «баяғыдай көрінбейді». Оның мінезі, сырбаздығы, әңгімесі, мәрттігі, тіпті шақшасының тықылы да бізге жетпей тұратын болады. Маған осы ажал оның мырза өміріне жараспайтын-ақ сияқты, оның осы өлімінің өзінде бір үйлеспейтін заңсыздық, бір тосын тылсым бар сияқты көрінеді де тұрады.

Ақаң «Армансыз өмір сүрді» дегізетіндей ғұмыр кешті. Ол «Қазақтың ауызша тарихын» маған ұсынып тұрып, тіршілікке соншама бір наразы да разы құштарлықпен қарап: *«Енді ештеңе жазбаймын. Шаршадым. Қолымда бардың барлығын таратып беремін. Ал өзімнің өмір бойы жиган-терген кітаптарымның, шежірелерімнің, мұрағат-құжаттарымның, сирек басылымдар мен фотокөшірмелерімнің бәрін сенің кітапханаңа, сенің өзіңнің қолыңа тапсырамын. Өзге – ортақтаспас, сен қиянат жасамассың. Біреуге болмаса, біреуге сауабы тиер, рақметін алармын. Енді өмір сүремін. Өмірдің рахатын көремін. Қойшығарамен тасқаяқ ойнаймын. Сендерді серуендетемін. Тапқанымды шашамын. Шіркін, сонда қандай рахат болар еді, ә, бала»,* – деді.

...Енді оның жоқтығы күн сайын, апта сайын, ай сайын, жыл сайын, мәңгілік сезіліп тұратын болады. Ол сағыныш та сартапқа айналып,

жүрегімізде өшпейтін тат болып қалатын күндер де алда болса керек. Бұл рухани өкініштің орны тола қоймас, сірә».

Журналист-жазушы Талғат Айтбайұлы да Акселеудің өткеніне қайғырғанын мына сөздерімен жеткізіпті: «Акселеу ағаның мезгілсіз қазасы жайлы естіген кезде көзіме ыстық жас келді. «Ахаң өлетін кісі емес еді ғой» деген сөз тілімнің ұшына оралып, ойымнан кетпей қойды. Бір мен ғана емес, Акселеу Сейдімбекті білетін елдің дені сөйтті. Аяқ астынан келген ажалы туралы сан саққа жүгіртіп, әңгіме еткендер де болмай қалмады. Араларында өзіне-өзі қол салыпты деушілер де ұшырасты. Үй толы кітаптарын таратып бергенін, құнды қолжазбалары мен суреттерін мұрағатқа қаттап, тізімдеп өткізгенін, сондай-ақ ауылына ат ізін салған соңғы сапарында: «Өле қалсам, осы жерге қоярсындар» деп інілеріне құлаққағыс қылғанын қайта-қайта есіме аламын. Тіпті бір газеттен: «Әй, мен өзі осы жылдан қалмаспын» деген сөзін де оқыдым-ау. Демек, Ахаң ажалын алдын ала сезіп білген және соған асыққан сыңайды. Мына сайқал саясаттың аярлығынан әбден жерінді ме, кім білсін. Әйтеуір, азабы мен мазағы мол бұл жалғаннан ертерек кеткенді жөн көргендей ме, қалай? Иә, қалай десе де, ол маған билікке де, байлыққа да қызықпайтын мәңгілік мекеніне бұрынырақ баруға, аруақтар арасына тезірек жетуге асыққандай көрінеді де тұрады».

Қазақтың Ары мен Намысы болған дара тұлғалар тізбегі үзілмек емес. Әйтеке би өмірден озғанда досы, аузы дуалы абыз, дін көсемі Мүсірәлі сопы былай деген: «...Әй, тойымсыз қара жер-ай, дара туған дарағымды алғанда қойным толады дедің бе! Бетімдегі беделімді алғаның – Алатауымды аласартқаның емес пе! Арқамдағы сүйенішімді алғаның – иісі қазақтың атакүлдігі – Қаратауымды құлатқаның емес пе! Жұлдызы биік жаралған жан едің-ау! Асып туған абызым-ай, мына соңыңда қалған біз ендігі жалғанда тірі жетім емеспіз бе?! Өзгелерден асып туған, қазағына, еліне нұр сипатын шашып туған, бағаналы бәйтерегім-ай, сен өлді дегенге қайтіп сенейін?!» – деп, еліне күңірене жоқтау айтқан екен*. Бұл жоқтау тұтастай Акселеу ағаға арналғандай...

Озық ойлы жазушы Айгүл Кемелбаева былай дейді: «Көшпелі дегдар баба жұрттың соңғы тұяғы болған жазушы бұл жалғаннан қазақ мүддесін қорғап өтті. Қазыналы таңғажайып еңбегі асыл ағаның аққу әніне айналғанын білгенде, қазақ жүрек қан жыласты. «Акселеу өмірден озды» дегенде, қимастық жанын тебірентепген қазақ болған жоқ. Қайғының таты талайының көкірегіне ұялап қалды.

* М.Есламғалиұлы, «Әйтеке би», 364-бет.

Аяулы болғаны сүйіндірсін. Екінің бірінің маңдайына жазылмайтын бақ. Өз халқына жан-жүрегімен құлдық ұрып, ұлтжандылықтың тұма бұлағын суалтпауға тырысқан азамат. Қара бастан аспаған арамзалар көбейген заманда елін сүйген бекзат азамат».

Өмірдегі бар сыйды алып болып, өлгенде аты өшіп жатқандар бар. Өлгеннен соң аты мәңгілік қалатындар көп емес. Сол мәңгілік қалатындардың бірі, біздің пікірімізше – Ақселеу Сейдімбек.

Ғаламдану уыты, ол дегеніміз ұлтсыздану, тексіздену қасіреті қазақты қос өкпеден қысқанда, ұлттың қорғаныс тетіктерін тап басқан қоғам қайраткері Ақселеу Сейдімбек феномені осы: жаһанданудың жойқын тартылыс күші алты құрлықты аждаһадай аранымен орай бастағанда қазақтың тегінің асыл екеніне құлшылық қылғаны. Ол Алла Тағаладан әр дербес ұлттың жаны мен қаны бөлек екенін, көпке жұтылуды қаламайтынын, біртекті қоғамға өлсе көнбейтінін сұраған жанкештінің бірі болды.

«Шеткі үй құласа, ортаңғы үй шет болар» деген сөз бар. Өкініш – Ақселеудің шетіне жетпей, ортадан енді ауғанда құлағаны ғана. Тағдыр солай, Алла адамдарды аларда біртіндеп, кезекке қойып, жасының келуіне қарай алса, онда жасы әлі жете қоймағандар «Әлі біздің кезегіміз келген жоқ» деп білгенін істемес пе еді?! Сондықтан да Алланың алған адамының уақыт-мезгілі келгеніне шүбә келтірмеуге мәжбүрміз.

Бір нәрсеге шүкіршілік етеміз: Ақаң еліміздің тәуелсіздігін көріп, еңсе тіктей бастағанына куәгер болып, айтам дегенін армансыз айтып үлгергеніне, оның тағдыры Байтұрсыновтар мен Әуезовтердің тағдырынан ұтымды қалыптасқанына шүкір!

P.S. Қырық бес жасымда туған жер аумағынан шығып, Алматы асқанымда ауылдағы зерделі бір азамат: «Алматыда Әбіш Кекілбаевпен, Шерхан Мұртазамен және Мырзатай Жолдасбековпен араласып, өнеге алуға тырыс» деп еді. Мен бұл кісілердің жанында жүріп те, сырттай бақылап та көп өнеге алдым. Бұларға қоса Қаратай Тұрысов, Фариза Оңғарсынова, Мұзафар Әлімбаев, Мұрат Әуезов, Заманбек Нұрқаділов, Марат Оспанов, Токтар Әубәкіров, Ғарифолла Есім, Асқар Жұмаділдаев, Нұрболат Масанов, Алтынбек Сәрсенбаевтармен және де Қойшығара Салғараұлы, Иранғайып, Исраил Сапарбаев, Ұлықбек Есдәулет, Көпен Әмірбек, Аманхан Әлім, Майра Мұхамедқызы, Роза Мұқанова, Әмірхан Меңдеке, Айгүл Кемелбаева, Думан Рамазан секілді шығармашыл азаматтармен сұхбаттас, азды-көпті аралас-құралас бола жүрдім. Осы тізімнің жуан ортасында Ақселеу Сейдімбек те бар еді. Қазір оның орны үңірейіп тұр. Өмір жолымда бір сәттілік болып, республика деңгейіне шықпай, ау-

ылда қалып қойғанымда жетілу деңгейім бұл дәрежеге жетпес еді-ау деп шүкіршілік етемін. Дегенмен, табиғи бұйығылықтан ба, көпшіл мінездің кемшіндігінен бе, өскен аймағымдағы адамдардың қолы ешбір бос болмайтын әдетінің бойыма әбден сіңіп кеткендігі ме, уақыт тапшылығынан ба, ұдайы араласып, сұхбаттасып жүрудің сәті жиі бола бермейді.

Бізге бүгінгі жетіспейтін нәрсенің бірі – сұхбат. Ақселеу ағамен бір рет те екеуден-екеу отырып рахаттанып, ашылып сұхбат құрыспай қапы қалдым. Қырық жылдан бергі серік болып келе жатқан мемлекеттік қызметтің қасаң тәртібі, әсіресе кейінгі жылдарда қатардағы клерк болып, кеңсеге белгіленіп кіріп, белгіленіп шығу, бір жаққа сұрансаң, өзіннен жоғарырақтағы екі-үш басшының алдынан өту, бірер күнге кетер болсаң, жазбаша арыз беріп, жауабын күту, ондай жағдай жылына 2-3 рет қайталана қалса: «Бұл не қылған қайта-қайта сұрану?» – деген сәлемдемесінің сүйіншісін одан төменірек біреулерден есіту, жас ұлғайғанда сөз естіп қалмайын деген бұйығылыққа мәжбүрледі. Түрлі орталарда болу мүмкіндігі осылайша әбден шектеліп, бір «рамканың» аясында, Высоцкий айтқандай «колеядан» шықпай жүруге үйрендік. Әйтеуір демалыс күндері мен түнгі мезгілге ешкімнің иелігі жоқ, оны осы секілді ізденістерге арнаумен жүріп келеміз. Мемлекет қызметіндегі орта және кіші буын қызметкерлерін тұқырта, мүлтіксіз бағыныста ұстау еркіндікті шектейтіні, ондайлардан соны пікір, тосын ой шықпай, басылып қалатыны жоғарырақта отырғандардың қаперіне де кіріп шықпайды, солардан үлгі алған кіші буындағылар қызметінде өрлей қалса, солардың істегенін істеп шыға келеді. Бұл бізге кеңес үкіметінен жеткен керексіз көп мұралардың бірі.

Бір кездері Әбіш Кекілбаев жөнінде: «Әбіш ағамен тығыз араластығым жоқ. Ол кісінің маған жылы пейілін ғана сезінемін. Жылылықты пайдаланып ұдайы араласып тұруға ұмтылмаймын, себебі, көнеден бүгінге жеткен, Конфуцийлерден қалған рәсім, дәстүр, жөн-жоралғы деген қасиетті ұғымдар ұлы кісілерді айрықша ұлықтауды, мезі етпеуді, яғни, біздіңше айтқанда аяқасты етпеуді қатаң тапсырады. Осыны ұстанамын да ол кісіні рухани ұстаз тұтынумен, жолыққан сәттерде оны зерттей түсумен шектелемін. Сырт көзге суықтау, оңайлықпен еліге қоймайтын, енжар, бейтарап көрінетін оның салқынқанды кейпі саналылықтан, биік адамгершіліктен, ізгіліктен деп ұғынамын» – деп жазған едім.

Осы мінездер мен себептерге бағып, Ақселеу Сейдімбекпен көбірек сұхбаттас болмаған тартыншақтығыма, мүмкіндігім бола тұра өзінің қатысуымен ертерек зерттемегеніме өкінемін.

Ақселеу Сейдімбектің рухани мұраларындағы ұйытқы ойлар

Құрметті оқырман!

Біз зердемізден өткізген Ақселеу Сейдімбектің алты томдығы бөлшек саудаға түспегендіктен, оны кітапханадан барып алып, айлап шұқшыып оқу мәдениеті қазағымызда ілуде біреуде болмаса әлі қалыптаса қоймағанын ескеріп, осы томдардағы негізі ой-пікірлерді оқырманға жеткізе беру мақсатымен, осы арқылы қазақтың Ары болған ағамызды елге таныта түсуге бір септігі тиер деген сеніммен, алдыңғы тарауларға сыймай қалған Ақселеу Сейдімбектің рухани мұраларындағы ұйытқы ойларынан ең таңдаулы санағандарымды сіздерге ұсынуды жөн көрдім.

2-том. Жетінші тарау. Ойтолғақ. Күнделіктер.

1. 01.72.

Ұдайы ойды серік ету, ұдайы ой құшағында болу қиын ғой. Қазақ оны «ойжадылық» дейді. Алайда өмір болған соң ой шеңгелінен тысқары болу да оңай емес.

Ой да бір іштің шері ғой. Айтсаң шерің тарқап қалады.

16.06.73.

Менің әмиянымның тазалығы арымның тазалығындай.

22.05.74.

Ебнейдің биік өресі халықтық өредей әсер берді.

Ол өз бойындағы асыл қасиеттерін бөгде адамның көргеніне, сезгеніне, айтқанына мағұрланып, қуанып отырады екен. Сөйте отырып, артық қолпаишты әсте ұнатпайды. Бір танысының мақтап-мадақтаған хатын шын көңілімен қынжыла сөз етіп отырды.

Жасандылығы жоқ, шыншыл қалпына сенесің.

9.09.77.

Ақылды ара солған гүлден нәр алмайды.

10.11.77.

Ұлы Бедиль айтыпты: «Менен кейін ақын болмақ емес» деп. Тым астамшылықпен айтылған пікір. Алайда Бедиль орта ғасырлық өлшемнің түсіне де кірмеген шаруа жасады. Ол өз шығармаларына әртүрлі халықтардың дүние танымын, ұғым-түсінігін арқау ете отырып, өзін

бүкіл адамзат атаулының перзентімін деп жариялады. Бедильді парсы тілінде жазатын Үндістан ақыны Мұхаммед Икбал әрі қарай дамытты. Бір ғажабы XX ғасырдың кәміл талғамына иек сүйей отырып дамытты.

16.11.77.

Қазір бір қауіп-қатер айқын төбе көрсетіп отыр. Ол – жеке пенденің өзіміш, ашкөздігінен бастау алатын ұсыныстың көпшілік сұранысына айналуы. Мұндай жағдайда адам қоғамы өзін-өзі іштей реттеп отыру қасиетінен айрылып, рухани дүбәралық басталады. Бұл үдеріс (процесс) керісінше болу керек.

25.11.77.

Осы жұрт Л.Толстойдың немесе Ван Гогтың хаттарын оқыса, елірмелігін бәсеңдетер ме еді деп те ойлаймын.

26.11.77.

Әйел затын сүйген еркек азат емес. Алайда сол азат еместігі кез келген азаттықтан артық.

1.03.78.

Александр Македонскийден сұраса керек: «Сен не себепті әкең Филип патшаға қарағанда ұстазың Аристотельді көбірек құрмет тұтасың?» – деп. Сонда Александр: «Әкем менің тәнімді тәрбиелеп, көкпен жерге түсірді; ал Аристотель болса жанымды тәрбиелеп мені жерден көкке көтерді» – деп жауап берген екен.

7.10.78.

Автордың өзі ойламаған идеялардың, ойлардың, тұжырымдардың шығармасында көрініс табатын кездері болады. Мұның мысалы әлем әдебиетінде көптеп кездеседі. Бір ғана мысалды көлденең тартып көруге болады. Мәселен, Лев Толстой. Ол өзінің бүткіл бітім-болмысы, саналы әрекеті бойынша «орыс революциясының айнасы» болмаса керек еді. Алайда, Толстой орыс революциясының болмай қоймайтынын көркемдік жолмен көрсетіп берді ғой.

9.11.78.

Жұмыр жердің бетінде қасиет тұтар үш ғажайып бар дейді дана халық. Оның бірі Нан – халықтың қарыны тоқ, қабағы ашық, дені сау болуы үшін қажет; екіншісі Әйел – мәңгі үзілмей жалғасып келе жатқан тіршіліктің тірегі; үшіншісі Кітап – уақыттың дәнекері, өмірдің сабақтастығын тек қана өрге сүйреуші.

10.12.79.

Бұйрат даналығы:

«Досыңа жұмсалған уақыт – өзіңе жұмсалған уақыт, ал дұшпаныңа жұмсаған уақыт – өзіңе және досыңа жұмсаған уақыт».

14.12.79.

Ғабит Мүсіреповте болдым. Ауруханада екен. Көзіне операция жасатыпты. Сәтті көрінеді. Сөз арасында ел басшылары туралы әңгіме өрбіді.

– Ел басқарған тұлға – қарапайым пенде емес, тұлға! Ол ел-халық тағдырынан басқа тірліктен ада болуға керек, – деді.

Сонсоң аз-кем үнсіздіктен кейін сөзін қайта жалғады:

– Осында, бізбен бірге Республика кәсіподағының председателі жатыр. Сол жігіт, жасы кіші болған соң болуға керек, маған келіп-кетіп, халімді сұрап тұрады. Жөн делік. Бір күні әдеттегідей келді де, қипақтап отырып: «Ғабе, бір нәрсе сұрауға бола ма?» – деді. «Ал сұра» – дедім. Әлгі соққанның сондағы сұрағаны: «Осы Шыңғыс хан қазақ па?» дегені зой. «Жоқ, ол қазақ емес, нағыз монғолдың өзі» – деп жауап бердім. Осымен қойғанда бәрі де дұрыс секілді еді. Әлгі отырып: «Е-е, Шоқанның әкесі қазақ екен десем, монғол екен зой!» дегені. Бұған не дерсің! Ол үшін Шоқанның әкесі Шыңғыс та, әрідегі хан Шыңғыс та бір адам секілді. Тарих туралы мұнан өткен саңылаусыздық болмас. Ал, осындай адамнан не күтуге болады. Бәрінен де сорақысы сол, отырған орнын көрмейсің бе...

Ғабең сабырлы күйін сақтағанымен, үнінде терең өкініштің, шара-сыздықтың лебі бар еді.

23.12.79.

Ебней Бөкетовтың Ақсұлу деген қызы тұрмысқа шыққан екен. Тойы болып кетсе керек. Бірақ, ол тойда Ебней бола алмай, құдаларын көрудің орайы енді келіпті. Құдалары Шелек ауданында тұрады екен. Ебней, Ғабдолла Құлқыбаев, Африкан Андреевич Бальбұров бастаған жеті-сегіз адам сау ете қалдық. Әрине, құдалар да күтініп, тосып отыр екен. Мейлінише көңілді, шынайы тілеулестік-туыстық қауышу болды.

Дәмге отырарда Ақсұлудың енесінің сексеннен асқан әкесі бар екен. Бата берді. Сөз арасында:

– Біз асарымызды асап, жасарымызды жасадық, алла ендігі гұмырды сендерге берсін, – деді. Сонда Ебней бір әңгіме бастады:

– Біздің елде бір алты ағайынды жігіттің қарт әкесі ауырыпты. Сонда, әлгі азамат болған алты жігіт қолдарына бір-бір шоқпар алып,

әкесін қоршай отырыпты дейді. Онысы әкелеріне өлім жібермейміз деп қамқорсығандары болса керек. Егер, өлім тақала берсе болды, өздерінше шоқпармен қағып тастамақ дейді. Содан, ұзақ таңда кішілеу біреуі қалғып отырғанда әкесі жүріп кетіпті. Сөйтсе, бес ағасы ең кішісін төмпештеп жүр дейді, «өлімді сен жіберіп алдың» деп. Сондай-ақ, тілеулес ұрпағыңыз көп екен, қабыл алсаңыз, мен де бір шоқпар ұстар болып қатарларыңызға қосылсам деймін. Ал, ұйықтамай күзететініме уәде беремін...

Қария риза болып, жұрт күліп жатыр.

28.12.79.

Ғабит Мүсірепов: «Құлды, әй бәрекелді өлтіреді», – деген сөз бар. Адам, қоғам мәңгілік жалаң ұранға малданып кете баруы мүмкін болмас. Желбуаз қарын шеңберек атып, барып-барып тарс етер де жарылар. Зардабын халық тартады, әрине. Кешегі сенген құдайы бір сәтте жоқ... Сонда не болар... Адамзаттың құдайсыз өмір сүрген, құдайсыз өмір сүрсе де сенімсіз өмір сүрген кезі болған емес... Болмас та... Сонда деймін-ау, қазақтың енді шықпаған шала жанын ислам фанатизмі шығара ма деп ойлаймын. Біздің дүмше түсінігіміз ұлттық қадір-қасиеттің қалған жұқанасын шайып кетуі әбден кәдік. Сондықтан, Құранды өзің сияқты көзі қарақты біреу аударса деп едім. Көрсін халық, білсін мұның не кітап екенін...».

21.01.80.

Африкан Андреевич Бальбұров бұйраттың (бұрыттың) халық жазушысы:

– Егер, сен алыс сапардан оралсаң, сол сапарыңнан мол қазына әкелсең, сен сәтті сапарыңның қуанышын жақын-жуықтарыңмен бөлісіп, бір той жаса. Егер, сен сол алыс сапардан ақылды өсиет әкелсең, онда ауыл-аймағыңды жинап, екі той жаса. Ал, егер, сен алыс сапардан дос тауып келсең, онда бүкіл еліңді жинап, дүрілдетіп тұрып үш той жаса, – дейді бұйрат даналығы. Сондай-ақ, мен алыстағы қазақ елінен Ебней сияқты асыл дос таптым, Бұл менің елімнің дәстүрі бойынша ең зор қуаныш.

Африкан Андреевич бұл сөзді шынышылдықпен толқи отырып айтты.

Африкан Андреевичтің бұйрат даналығы деп айтқан мына сөзі де есімде.

– Егер, – дейді, – сен алыс сапарға аттанар болсаң, жат елдің алдымен әйелдеріне назар аудар. Егер, әйелдері көңілсіз болса, ол елдің от басында қызық жоқ. Сонан соң, қарттарына назар аудар. Егер, қарттар

қамқорлықсыз болса, ол елдің басында қайғы болғаны. Ал, егер, балалары панасыз-бассыз болса, онда ол елдің болашағы болмағаны...

2.06.80.

Диалог:

– Тіл мен ойдың қандай айырмашылығы бар?

– Меніңше, ой дегеніміз адам атаулыға ортақ қасиет. Әр қоғамда, әрбір ортада тарихи-әлеуметтік даму деңгейіне орай адамдардың ой-санасы көрініс табады, ал тіл болса сол ойды жеткізуші ғана.

– Тіл ойды сыртқа шығарушы ғана емес, сол ойды қабылдауда да бірден-бір қажеттілік қой.

– Әрине.

– Демек тіл мен ойды бөліп-жарып қарау – орынсыз жіктеу емес пе?

– Жоқ, меніңше шындық солай, ой адамзаттық дамудың ортақ иілігі бола алады ғой. Ал тіл белгілі бір өңірде ғұмыр кешкен тайпаның, жұрттың, ұлыстың, ұлттың ғана қарым-қатынас құралы. Ойды бір құрлықтан екінші құрлыққа көшіруге болады, тілді көшіру мүмкін емес. Не маман аудармашы бару керек, не сол тілде сөйлейтін әлеуметтік топ бару керек. Оның өзінде де барған ортасында тарихи-әлеуметтік қажеттілік болмаса, әлгі топпен бірге тілі де қоса өледі.

– Ал осы ойдың төркіні белгілі бір ұлт үшін тіл басты белгі бола алмайды деген ойдың төбесін көрсетпей ме?

– О, бұл мейлінше нәзік, мейлінше мәнді айырмашылығы бар мәселе. Біздің сөзіміз ой мен тіл жайында басталды ғой. Ал, тіл мен ұлт түбірінен бөлек әңгіменің арқауы. Қысқаша елестетіп көрелік. Алғашқы қауымдық құрылыстан бергі кезеңге ой көзін жіберіп көріңіз. Адамзат баласының үнемі тәжірибе жинақтап, үнемі шыңдалып, үнемі ақылы толысып келе жатқанын көресің. Демек, бүкіладамзаттық ақыл-ойдың үнемі толысу үстінде екеніне күмән жоқ.

Ал, енді, алғашқы қауымдық құрылыстан бергі ұлтқа, оның тіліне қатысты тарихи айғақтарға зер салшы. Азуын айға білеген шумер тілі, латын тілі, майя тілі қазір өлі тіл емес пе. Сол тілмен бірге сол халықтар да тарихи айғақ ретінде ғана аталып өтеді. Рас, ол тілдердің біраз сөздері түрлі халықтардың ауызында күні бүгінге дейін жаңғырығып жүр. Рас, сол тілде сөйлеген халықтардың үрім-бұтағы басқа халықтардың түр-түсіне өз нышанын дарытып кеткен. Бірақ, сол халықтардың өзі жоқ қой. Олардың жоғалуына соғыстан да, аштықтан да, індеттен де, геноцидтен де бұрын қатты ықпал еткен тілдің жойылуы.

Түйін ой мынаған саяды, ұлт пен тілді бөліп қарауға болмайды. Бұл екеуінің бірінсіз бірі жоқ. Рас, ұлттың тілден басқа да түрлі белгі-

бедерлері бар. Сөйте тұра, тілсіз ұлтты елестету – алдамшылықты, белгілі бір үстем саясаттың шашбауын көтерушілікті пайымдатады.

30.09.81.

Бұғы өсірушінің сөзі: «Тундраның өндірілген алтынынан жүздеген алтын бұғы құйып шығаруға болар-ау. Алайда, осынау қыруар байлықты жұмсау арқылы жалғыз ғана тірі бұғыны дүниеге келтіру мүмкін емес».

11.11.81.

Азат Индияның Қызыл фортының үстінен 1947 жылдың 15 тамызы күні алаулай көтерілген туда «чакр» (шығыр) – дөңгелек суреті бейнеленген еді. Әрине, дөңгелек айналу үшін жаралған. Айналған дөңгелектің діңгексіз болмайтыны тағы да белгілі. Бұл бейнелі нышанның (символдың) айтар ойы да айқын. Дөңгелек заулап өтіп жатқан уақыттың нышаны болса, қозғалыссыз тұрған діңгек – өмірдің өзгермес асыл қасиеті. Асыл қасиетке деген талғам да өзгермейді. Ол өзгерсе дөңгелек айналысынан жаңылады немесе тоқтайды. Ал, асыл қасиет өмірдегі мейірім, сұлулық, махаббат – бұлар өмірдің тозбас асылдары. Адамзат әулеті осы асылдарды тірек етеді, осы асылдарға талпынады.

Индия туындағы «чакр» бейнесінің философиялық мәні осындай. Өмір дөңгелегі мәңгі айнала бермек.

29.11.81.

«Индийцы племени сиу, охотясь на бизонов, убивали ровно столько животных, сколько было необходимо для обеспечения племени мясом. Белье же убивали их только ради шкуры, а иногда чтобы добыть лишь язык этого животного. «Такое может делать только сумасшедший», – говорили индейцы»*.

5.03.82.

Тереземнің тұсынан жеті түнде мас біреулер азан-қазан болып «Ой, мороз» әнін айтып өтті. Үндері «маған не істейсің» дегендей өктем...

Көңілім құлазып, берекем кетті. Көкейдегі өткен өмірдің әдемі суреттері де шәт-шәлекей болды. Бесікке таңылған баладай дәрменсіздік жанымды жайлап алды. Бала шыңғырып жылар еді ғой. Мен жылай да алмаймын...

11.08.82.

Н.М.Карамзин өмір сүрген заманда өлең шығарушылардан гәрі орта дәулетті ақсүйекті (вельможя) әлдеқайда мәртебелі санаған. Тіптен,

* Уильям О.Дуглас. Трехсотлетняя война. – Москва, 1975. 19-бет.

Пушкин өмір сүрген кездің өзінде ақсүйек-аристократтар әдебиетшіге менменсі қараған.

Ал Бұқар, Сүйінбай сияқты далалық ақындарды Абылай, Тезек сияқты өз заманының хан-төрелері аттан қолтықтап түсіріп, төрінен орын берген.

Мұның сыры, сол елдердің сауаттылығында немесе сауатсыздығында, мәдениеттілігінде немесе мәдениетсіздігінде емес. Тұтас бір халықтың мәдени-рухани қалпына байланысты болса керек, салт-дәстүрдің даралығына қатысты болса керек. Мәдениеттілік келісім шарттарына қол қоя білумен өлшенбейді. Кісіміл сөзді қағазға жазып, кісәпір мінез танытатын «мәдениеттің» ізі тарихта қан-жоса болып жатыр.

6.08.83.

Жерден бауырын көтерген адамзат әулеті өзін-өзі тануға талпынуын бір сәт тоқтатқан емес. Күн мен түннің, ыстық пен суықтың, ақ пен қараның, жер мен көктің кереғарлығы сияқты, таным жолында да даналық пен шалалық, махаббат пен гадауат мәңгілік текетірес күй кешіп келеді. Сөз жоқ, көзді ашып, көкірекке сенім ұялатқан талай-талай тарихи кезеңдер адамзат әулетінің басынан өтті. Өмірдің мәні мен сәні, адам құдіреттің тарихи-әлеуметтік болмысы сараланып, талай шындықтың шалғайына қол тиді. Әрбір кез-кезең өзіндік сыр-сипатын көлденең тартады. Адам мен адам, адам мен қоғам, адам мен адамзат туралы әр уақыттың өзі шешер түйіндер бар. Әр кез-кезеңде уақыттың өзі тудырар махаббат пен гадауаттың, даналық пен шалалықтың бітіспес күресі бар.

5.10.83.

...Өнер тарихында небір қайран қаларлық мысалдардың бар екені белгілі. Солардың ішінде жазушылардың жас мөлшеріне қарай әртүрлі қажыр-қайрат танытатыны туралы деректер еске түседі. М.Шолохов өзінің ең айтулы еңбегін жиырмананың ішінде жазды. Ал Илияс Есенберлиннің алғашқы кітабы қателеспесем елу бесінде жарық көрді. Ол жасының ұлғайғанына қарамастан аз гана уақыт ішінде соңғы мың жылдық тарихымыздың көркем шежіресін жасады.

Отызыншы жылдардағы асыра сілтеуден туған қуғын-сүргіннен кейін қазақ халқы өзінің тарихы туралы сөйлеуден қалып еді. Бұл үнсіздік, үрейге толы үнсіздік бір-екі ұрпақтың өміріне ұласқанда халық жаппай мәңгүрттеніп бастаған. Ол мәңгүрттік өзінің марғаулығымен халықты ұйқысы ашылмағандай бейжайлық күйіне түсірген-ді. Осы халдегі қазақты Илияс түртіп оятып, өткеніне көз салуға, бүгінін сын көзімен зерделеуге, ертеңіне үмітпен қарауға баулыды. Бұл орайда Илияс

шығармашылығындай халық жүрегіне жақын тұрған өнер туындыларын 60-80 жылдары кезіктіре алмаймыз. Илиястың көзін көргендер гана емес, Илияс өндіріп жаза бастаған кездегі қазақ әдебиеті бақытты. Өйткені, Илияс қаламының қарымы мен өнімі, сенімі мен сапасы қазақ өнерінің қайраткерлерін жарысқа шақырғандай жұмылдырып, алуан өрістерге бағдар түзеуіне себеші болды. Өнер үшін, нағыз халықтық өнер үшін шын бақытты кезеңдер осындай сәттер болса керек.

15.06.84.

Маған Мұхтар Әуезов халқының асыл қазынасын қоржынына сықай теңдеп алып, кең дүниеге, сыртқы әлемге таныту үшін сапар шеккен жиһанкез сияқты әсер береді.

Ал Олжас Сүлейменов болса әр қиырдан тапқанын арып-ашып туған жеріне тасыған арбакеш сияқты әсер береді.

30.07.84.

Гогентоттар арасында болған бір миссионер сол гогентоттың бір өкілін христиан дініне енгізген соң былай деп сұрақ қояды:

– Зұлымдық дегеннің не екенін білесің бе?

– Білемін, – дейді гогентот, – егер зұлыстар менің өгізімді алып кетсе, ол – зұлымдық.

– Ал, мейірімнің не екенін білесің бе?

– Білемін, – дейді тағы да гогентот, – егер зұлыстың өгізін мен әкетсем, бұл мейірім болуға тиіс.

13.03.85.

Бізде былай. Егер, сен еуропалықтарға ұқсамасаң «жабайысың», ұқсасаң «мәдениеттісің». Міне, біздің тарихи-мәдени болмысымыз әзірше осылайша анықталуда. Жұртшылық осынау зердесіздікті өмірлік талғам-танымына бағдаршы етіп отыр.

Данышпан Шоқан ұлттың өсіп-өрбуіне екі жағдай қажет деп еді-ау. Онысы – азаттық пен білім болатын. Қолдағысы қайсы, жолдағысы қайсы белгілі ғой...

20.07.85.

Шешей сөз арасында көршісіне «аталарымыз – құрдас, аруақтарымыз – жолдас еді» деп отыр екен.

25.10.85.

«Әйелің жаман болса – бұрынырақ сыбыр қыл, Әйелің жақсы болса – ат үстінен дүбір қыл».

25.11.85.

Таным жолы түнектен жарыққа қарай жылжумен келеді. Бұл үрдістің кері болатын кездері де бар. Оның себебі әр алуан: сыртқы дүлей күштің әсері, ішкі кембағал-кеңкелестік, тосын зобалаңдар (індет, жұт, табиғат апаттары т.б.). Осылардың ішінде халық санасының өресіздігі, кемқадам ой-ниеттің әуезе болуы ұлттың тарихи тағдырындағы қасіреттің зоры.

Біз қазір тарихтың тағдыр-талайымызға жазған ең бір күрделі кезеңіне шықтық. Бұл кезең халқымызды бір сападан екінші сапаға көшіретін өткел сияқты. Халқымыздың мыңдаған жылдық тарихи тәжірибесін, мәдени-рухани қазынасын қанишалықты шалымдылықпен өткелектен өткізе алсақ, біздің болашақ дамуымыз сол деңгейден көрініс табады. Бұл ретте, қазақ халқы үшін ХХ ғасыр ең сыны мол ғасыр болып отыр. Сол сынның ең зоры мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан тіліміз бен ділімізді, дәстүріміз бен мәдениетімізді алдағы ғасырлар керуеніне ілестіру. Кедергі көп, жол ауыр. Осы орайда өз ішімізде жүрген ойы жат, талғамы бөлек, танымы бөтен әлеуметтік лектің қаулап келе жатқаны алаңдатады. Олар өз асылын танымай, өзгенің талғамын тәу етіп, танымын пір тұтады. Бұл саладағы тындырар істердің мәнділігі соншалық, мұны республикамыздағы ағартушылық жұмыстардың ең өзектісі деседе болғандай.

9.12.85.

Қоғамдық-әлеуметтік құрылым мен тарихи талғамды былай елестетуге де болады:

социализмде: адам – отбасыға (семьяға), отбасы – ұжымға (коллективке), ұжым – қоғамға тәуелді;

капитализмде: адамға – отбасы, отбасыға – ұжым, ұжымға – қоғам тәуелді;

көшпелілерде: адам – отбасы – ұжым – қоғам бәрі тең, бір ұғым.

10.07.87.

Қайрат Байбосыновқа жолықтым. Шымкент облысынан гастрольдық сапардан келіпті. Құр сұлдері. Әбден торығып, өнерді, әнді жаны түршіге сөз етті. Қырық градус ыстықта шапан киіп тұрып ел алдында ән айтуға мәжбүр болған күйіне нұшаймандық білдірді. Ең сұмдығы тыңдаушыны да жергілікті басшылар зорлап әкеліп, қапырық залға қамған. Қайрат та, тыңдаушы да өнердің емес, жоспардың тұзағына түскен.

Қайрат «өнерді тастаймын, енді шыдамым бітті, кез келген басқа жұмысқа ауысамын» деді. Жүрегім қан жылағандай болды.

Жұмысқа келе салып, консерваторияның деканына телефон соқтым. Ондағы ойым консерваторияға биыл тұңғыш рет халықтық үлгіде ән айтатын балалар қабылдайтынын естіп едім. Соларға Қайрат сабақ бермегенде кім сабақ береді деген ой еді.

Сырымды айтамын деп, қасірет жасап алғандай болдым. Ғылым кандидаты, консерваторияда қазақ ән-күйінің тағдырына жауап беріп жүрген деканның ойынша, Қайрат дәстүрлі үлгіде ән айта алмайды екен; дәстүрлі үлгіде домбыра тарта алмайды екен; Қайраттың бойындағы өнер эстрадалық сипаттағы еліктеу-солықтау ғана көрінеді...

Ой, сұмдық-ай!

19.09.87.

Қазір адамдар өзінің өзеге ұқсамайтынын, оқшаулығын мәртебе санайды. Қайтсем өзгеден артық ақша табамын деп, артық киінемін деп, артық тамақтанамын деп, артық қызметте боламын деп, артық дүние жинаймын деп, бар арман-аңсарын соған арнайды. Мұның өзі адамдар арасындағы мейірімді, тілеулестікті, ортақшылықты жоғалтып, оның орнына бәсеке-бақастықты, күншілдікті, іштарлықты, қатыгездікті қоздырып отыр. Өзімілдік адамдардың ақыл-санасына тек қана жамандық ұрығын себуде.

Мұндай нәубеттің себебі көп. Соның бірі, бәлкім ең бастысы, ұлттардың мидай араласып кетуінен болып отыр. Нәтижесінде араласқа түскен ұлттардың ұлттық біртұтас идеалы көмескі тартуда. Әсіресе, ХІХ-ХХ ғасырлардағы жойқын экспансиялар өзінің антигуманистік нәтижелерін көрсетуде. Жұмыр жердің барша игілігі санаулы ғана билеуші ұлттардың ениісіне айналып, солардың этникалық қалыбы эталон болуда. Планетаның асты-үстін қомағай обырлықпен сорған санаулы ұлттар өздерінің зорлықшыл пығылын «достық», «әділдік», «азаттық», «жаңғыру», «адам құқы», «мәдениеттендіру» деген жасанды ұрандармен бүркемелеп, тұтас халықтардың санасына шабуыл жасалуда. Мұндай ортадағы адамдар іштей түңіліп, өздерін ұлттың бөлішегі ретінде сезінуін қойып, енді ондайлар жеке басының қамын күйттеуге көше бастаған. Былайша айтқанда, ХХ ғасырдың әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени аласапыраны (катаклизм) адамдардың қара басын қорғау инстинктін бірінші кезекке қайта шығарды. Ал, кісілік, достық, әділдік, көпшіл болу, сөзге тоқтау, сұлулықты сүю сияқты адамға лайықты қасиеттер екінші кезекке ығысуда.

18.10.87.

Қазір дүниеге келген өнерді алдымен жоғарғы жақ сұрыптайды. Яғни, алдымен ресми орын мақұлдайды немесе тәрік етеді. Рухани

қазынаны таңдауға халықтың өзі қатыспайды. Халық тек тұтынады. Мұның өзі түптеп келгенде бір ғана адамның немесе бір ғана мекеменің талғамы жаратқан өнердің жұртшылыққа зорлап таңылуымен паранар тәртіп. Жеке басшының немесе әмірі күшті мекеменің талғамы бойынша мақұлданған кітаптар, кинолар, спектакльдер, ұнтабақтар, эстрадалық концерттер, демалыс орындарының рухани бағдарламалары, елді мекендердің архитектурасы мен безендірулері, салтанатты той рәсімдері т.б. қалың жұртшылықтың рухани игілігіне ұсынылады. Ал, сол қалың бұқара өзінен-өзі тұтынушылық орында болады да, тым болмаса таңдау функциясының өзі бұйырмайды.

13.11.87.

Аль-Бирунидің «Үнді» атты еңбегінде тағылымды тәмсілдер көп. Бір данышпаннан бірде неге осы ғалымдар байлардың табалдырығын тоздырып, ал байлар ғалымның босағасын аттаудан қашады деп сұраса керек. Сонда данышпан былай деп жауап беріпті дейді: «Себебі, ғалымдар ақшаның парқын біледі, ал байлар ғылымның парқын бажайлай алмайды».

10.01.88.

Әр кездің бір «ұраны» болған ғой. Бола да берер... Қазір «қайта құру» дегенді ұран етіп жүр. Бұл да таза абстракциялық ұғым деңгейінде. Бұрын астық орылып, мал төлдемегендей, биылғы орылған астық пен төлдеген малды «қайта құрудың» («перестройка») қанжығасына бөктергеннен не ұттық?

24.04.88.

Мәдениет әрі киелі, әрі шамшыл құбылыс. Мәдениеттің қақпасын тарс жауып алсаң, онда тұншықтырып өлтіресің. Ал, қақпасын айқара ашып тастасаң кешікпей-ақ оны төлтума сипатынан айыру арқылы өлтіресің. Демек, мәдениеттің тізгінін ұдайы ұлтын өзінің ұстап отыруы және тепе-тең ұстап отыруы оның өміршеңдігінің кепілі.

25.06.88.

Батыс пен шығыс елдеріндегі ортағасырлық оянулар (ренессанс), XVIII-XIX ғасырлардағы Ресейдің сілкінісі ең алдымен аударма еңбектерге қарыздар. Аударма еңбектер арқылы бір құрлықтан екінші құрлыққа, бір елден екінші елге гажайып идеялар мен таным-түсініктер ауысып отырады. Мұның өзі өмір жаңғыртудың бірден-бір тетігі еді.

...Жапония өзге ел студенттерінің диплом жұмыстарына дейін ден қойып отырады екен. Нәтижесі белгілі...

Бізше ше?! Бізде осы уақытқа дейін әлем мойындаған классикалық ғылыми еңбектердің бірде-бірі қазақша сөйлеген емес.

23.07.88.

Жазушылар Одағының кезекті пленумы болып өтті. Заман азды, талғам тозды деп айтуға ауыз бармайды. Бірақ, әңгіменің мейлінше ұсақтап, жер бауырлап кеткеніне пұшайман боласың. Мойын созып, өңеш жыртып, өңмеңдеп сөйлеген сөздері тұрмыс-тіршіліктің күйбеңінен аспады. Біреуге үй, біреуге күй керек, біреу артық, біреу кем асапты... Өсірмейтін өнімсіз дау...

10.08.88.

Барша оқыту, ұйымдастыру, өндіру, насихаттау, басқару жүйелері де бетімен кеткен. «Ит жоқта шошқа үреді қораға, би жоқта құл жүреді жораға» дегеннің кебі келген.

31.08.88.

Неге, скиф өнері шегіне жете ширеңіп тұр? Неге, оғыз-қыпшақ заманының мұралары мифтік философиямен өрілген? Неге, ноғайлы заманы эпикалық кең құлашты туындылар берді? Неге, қазақ халқы дербес хандық құрған ғасырларда ақындары аузын ашса аталы сөз айтып, елдің қамы мен жұрттың жайын таусыла сөз етті? Неге XIX ғасырдың 20-70 жылдары арасында лақ етіп ұлы тұлғалар дүниеге келді? Неге, XX ғасырдың өнбойында қобыз бен домбырадан дәстүрлі үлгіде жарытып күй тумай қойды? Неге, XX ғасырдың басында өз болмысына топырақ шапқан, өмірдің өңін айналдырып өлең шығарған шала-жансар халық ақындары жауын құртындай қаптап кетті? Неге, 20-50-жылдар әдебиеті бір қалыптан шыққандай? Неге, 40-60-жылдары аса зарлы әндер туады? Неге, 70-жылдары Шәмиі Қалдаяқов бастаған композиторлар махаббатты өбектеген балдай тәтті әндерді тасқындатты? Неге, бұл дәстүр 80-жылдары пышақ кесті тыйылып, оның орнына батыстың музыкалық үрдісі бел алды? Неге, қазақтың бейнелеу өнерінен дүние жүзіндегі сан сала ағымдардың әсер-ықпалын аңғаруға болады?

...Тарих дегеннің өзі өткен туралы ғылым ғой. Ал, өткен өмір ұзаған сайын кітаби айғақ молайып, өмірлік айғақ азая береді. Көз көрген жанды куәлардың өмірі тарих үшін қас қағымдай ғана қысқа. Осы орайда, кітаптардан қорытып жасаған кітаби ғылымның қателігін түзету мейлінше қиынға соғады. Мәселен, кітап дерегіне сүйенуі де дұрыс, сол деректер бойынша ой қорытуы да дұрыс сияқты. Бірақ, сөз етіп отырған уақытының шындығына, сөз болып отырған объектісіне кітаби тұжырымы тәнік (аналог) емес. Кітаби тұжырымның жаңсақтығын тексеру мүмкін емес, ол заман келмекке кеткен, ол заман адамдарының сүйегі әлдеқашан құрап қалған.

4.01.89.

Москва теледидары берген «Тайга әуендері» атты хабарға көзім түсті. Сол түстігіміздегі саны аз халықтардың бүгінгі этнографиялық болмысын көрсетуді ниет етіпті.

Ұлттық киім киген жас қыздарды көрсетті. Мектеп қабырғасындағы ансамбль мүшелері болу керек. Киімдерінің түсі, қаптырма оюлары жап-жақсы. Журналист сұрақ қойды:

– Мына киімді тігуді шешелерің үйретті ме?

– Жоқ, мұғаліміміз үйретті, – деп жауап берді оқушылар.

Ел ішіндегі соңғы бақсылардың бірін көрсетті. Есімі Надежда көрінеді. Сонан соң, бір қарапайым мұражай (музей) қызыметкерін көрсетті. Мұражай мүліктері мейлінше жұпыны: бақсының тозған киімдері, үй шаруасының мүліктері, музыкалық аспаптар...

– Мына музыкалық аспаптар қазір қолданыла ма? – деп сұрады журналист.

– Жоқ, күнделікті өмірде қолданылмайды. Тек белгілі бір науқанға орай, облыс орталығына немесе Москваға барғанда ғана жаттығу жасап, бірер ән-әуен дайындайды.

– Төл тілдеріңіздің жайы қалай?

– Қазір біздің төл тіліміз ұмытылып, орыс тілі ана тіліміз болды, – деп жауап берді мұражай қызыметкері.

...Бір ұлттың өнері таза күйінде, өзгеріссіз еш уақытта екінші бір ұлттың рухани қазынасы бола алмайды.

30.12.89.

Жайық Бектұров жаңа жылмен былай құттықтайды: «Ай көріп, аман көріп, қилы-қилы заман көріп, өларада амал көріп жатырмыз. Қарағай басын шортан шалып, көк егінді көк шегіртке орып, өзен-көлді су аяғы құрдым сорып, достар қас болысып, кәрілер жас болысып, қара көже ас болып, жүрек тас болып кетпесе екен!».

7.06.90.

Қалай десек те, суреткер қиялынан туған көркем шығарма дүниені өзгертуге келгенде ең дәрменсіз тірліктердің бірі болып қала береді. Бейнелеп айтсақ, көркем шығарма – қарыны ашқан балаға тамақ берудің орнына ойыншық бергендей ғана гәп.

8.06.90.

Көшпелілер өнерінің ең мәнді қасиеті халық болмысымен біте қайнасып жатуында. Көшпелілер өнері – көшпелілер өмір-салтының кө-

рінісі. Сондықтан да, шегіне жеткен демократияшыл сипатымен дараланады. Көшпелілер қоғамында өнер бұқара халықтың өмір сүру тәсілі болғандықтан, өнердің парқын бұқара халық терең танып-түсінетін болғандықтан біртуар дарындарын іріктеуге келгенде әсте қателеспейді. Сондықтан да, шын дарындардың беделі көшпелілер арасында патшадан да, байдан да әлдеқайда жоғары тұрады.

28.11.90:

Біреу жазыпты: «Қазақ амандасқанда «Мал-жан аман ба?» – дейді, себебі адамнан бұрын малдың қамын көбірек ойлаған» – деп. Мұндай ойды кезінде Шоқан Уәлиханов та емеурін еткен. Біздіңше бұл амандасуда мал мен адам еш өрелесіп тұрған жоқ. Бар болғаны тіліміздегі фонетикалық үндестікті сақтауға негізделген заңдылық қана. Мәселен, «ақпан-қаңтар» дейді. Сонда, қаңтардың ақпаннан бұрын келетін ай екенін білмей айтып тұрған жоқ. Бұл жерде, фонетика сұлулыққа, сөз ағымының мінсіз айтылуына бағынып тұр. Сол сияқты, «тай-құлындай тебіскен» деген тіркес бар. Мұнда да жылқының алдымен құлын, сонсоң тай, сонсоң құнан болатынын білмей тұрған жоқ. Тағы да сол сұлулыққа бас игендіктен.

25.02.91.

Әйгілі Л.Н.Толстойдың жүз томдық мұрасындағы ғылыми тұжырым, дәлірек айтсақ моральдық-этикалық тұжырым «зұлымдыққа қарсыласпа» деген бір-ақ ауыз сөздің аясына сияр еді.

10.12.91.

Түрік ойшылы Зия Гөкалп былай депті: «Ірі ұлттардың әрқайсысы әлемдік өркениеттің белгілі бір саласында алдыңғы орындарға ие: ежелгі гректер – эстетикада, римдіктер – құқықта, еврейлер мен арабтар – дінде, француздар – әдебиетте, ағылшындар – экономикада, немістер – музыка мен метафизикада, ал түркілер – адамгершілік тәрбиесінде (нравственность)».

16.12.91.

Азаттық!!!

О, Тәңірім, ұзағынан сүйіндіргей!

2-том. «Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау». Төртінші тарау. 104. Сал-серілер.

Жаңаарқаны жайлаған орта жүз қарпық руының ішінде тоқа дейтін ел бар. Бұл руды, қадірлі шешелерінің атын қосып, «Енең тоқасы» деп те атайды. С. Сейфуллин осы рудан.

Сол, Енең тоқасынан шыққан Шоң Қарағаш болысына 30 жыл болыс болыпты. Ол орысша инженерлік жоғары білім алған, Ақтау дуанына жер аударылған революционер орыстан білім алған, сауатты адам болған. Шоңның еркелеткен сал-серісі, биі Есбергенұлы Төлебай сал екен. Ел ішінде «Төкім сал» деген атпен белгілі. Төлебайдың руы тама, тоқаларға сіңісті болған.

Шоң 30 жыл болыс болған соң, болыстықты баласы Оспанға береді. Оспан зорлықшыл екен. Бірде ел арасының мал дауын шешкенде, Оспан Төлебайдың сиырын даушыға беріп жібереді.

Төлебай бұған өкпелеп Шоңның үйіне кірмей қояды. Шоңның бәйбішесі Айымгүл деген қадірлі, есті әйел екен:

– Төкім сал неге көрінбейді, өлі ме тірі ме?! – деп мазасыздана береді. Содан, Шоң Төкім салды шақыртады. Сонда, Төлебай айтты дейді:

– Бір ақсұңқар құс бар еді, оның соңында жапалақ құс жүретін. Ақ сұңқардың тепкен жемін жапалақ азық етуші еді. Ақ сұңқар алтын тұғырдан түсті. Оның орнына қанды көз қара мінді. Жапалаққа түк те бұйырмайтын болды, – депті.

Сонда, Шоң Оспанды шақырып алып, Төкім салдың сиырын мойнына қосақ, артына тіркеуімен қайырттыпты».

«Бір кедей бұта түбінен құрттаған қой тауып алады. Соны мал етеді. Арада 2-3 жыл өткенде бір бай әлгі кедейден қойын даулап, өсімімен алған екен. Кедей байғұс осы гәпті Төлебайға айтады. Төлебай Шоңға келіп:

– Жейтін кісі өзі біледі,

Арам бидің көзі күледі.

Жақсының жанындағы адам шошқадай қорсылдап, иттей үреді, бұл не?! – депті.

Сонда, малын зорлықпен қайырып алған бай:

– Осындай қисық сөзін қою үшін Төлебай не алады екен, – деп жақтырмапты.

– Төкім сал дегенін алады, айтқаны болады! – депті Шоң.

Кедейге қой қайтарылыпты.

2-том. «Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау». Төртінші тарау. 105. Сәйгүлік.

Бірде Қарағандыда ат спорты бойынша облыстық спартакиада болған еді. Спартакиаданы өткізу үшін Жаңаарқа ауданының жерінен

Бәйгетөбе деп аталатын бір қолайлы орын таңдаған екен. Осынау облыс көлемінде өтетін жарысқа біз де жеттік.

Жарыс басталады деген күннің таңы еді, «Сен не білдің, Жезді ауданының «Ұлытау» кеңіарынан Тай Тілегенов деген ақсақал келіпті, тамырышыдай тап басатын сынышы атбегі көрінеді» деген сөз тойға жиналғандарды елең еткізді.

Кешікпей-ақ Тәкеңді ойдағы сәйгүліктер тұрған көрменің басынан кездестірдік. Жанында қарақұра халық. Тәкең жарысқа қосылатын аттарды аралап келе жатыр екен.

– Не айтты? Қай атты мақтады? – деп қасына еріп жүргендерден тағатсыздана сұрап едік:

– Әзір тіс жарып ештеңе деген жоқ, сірә көңілі толмай келе жатыр ғой деймін, – деген жауап естідік.

Кешікпей-ақ Тәкең Қарқаралыдан келген Торықасқа аттың жанына келді де, әрі-бері қарап тұрып:

– Осы тұрғанда менен озатын ат жоқ деп тұр екен, жануар. Бірақ, амал қанша, жаратуы кеміс, кем дегенде екі тері алынбаған. Аттың бағын байлаған екен, – деп қиналыс таныта бас шайқады да әрі қарай жүре берді.

Тағы да жеті-сегіз ат көрді. Бірақ, үн жоқ. Әлден уақытта, керме ішінде оқшаулау тұрған Жаңаарқа ауданының «Шалқасқа» деп аталатын күрең қасқа атын көріп қалды да, жылдамырақ басып аттың қасына келді. Алды-артына шығып қарап, екі-үш рет айналып шықты. Бұл екі арада аттың иесі де келіп қалған екен. Осы кезде Тай ақсақал көңілденгендей, риза болған дауыспен тіл қатты:

– Е, бәсе, бұ күннің жылқысы азған жоқ екен, менің көзім тозған екен. Бағанадан бері көрсемші!

Жақсы лебіз Шалқасқаның иесін де елең еткізді.

– Ақсақал, бұл ат менікі еді. Анық, жылқы танысаңыз көңіліме қарамай сөйлей түсіңізіші. Нансаңыз ұзатылатын қыз тәріздімін, үш күн болды кірпік ілмегеніме, – деп Шалқасқаның иесі Тай ақсақалға өтініш етті.

– Айтайын, шырағым, айтайын, – деді Тәкең ойлы көзін аттан алмастан:

– Бұл сияқты өзін-өзі әйгілеп тұрған жануар туралы сөйлеу де бір ғанибет. Атың алдын құтқармас, артын шалдырмас жануар екен. Жарықтықтың бағы ашылып, маңдайы жарқырап тұр ғой.

Мұнан әрі Тәкең тағы да Шалқасқаның алды-артына шықты, жағының сыртынан тісіне қол тигізіп көрді, тамағының астына, төсіне, шабына қол салып байқады, құйрығының қылта түбін ұстады, көзін ашып көріп, қабақ үстіндегі шұңқырға бармақ батырды, шашасын көтеріп, сіңірлігін сипады... Сонсоң, ойланып тұрып тағы да сөйлеп кетті.

– Атың жетіден сегізге қарайды екен, шырағым. Шешесі – қазақтың сегіз жасар қарабайыр биесі де, әкесі түрікпеннің теке жәуміт жылқыларының бесті айғыры екен. Әттең, әкесінің қуаты шешесінің қуатымен тең болмаған. Әйтпесе, осы заманның тұлпары болар еді. Мұның жүйрік болуына бір себеп – шешесінің құрсағында еркін жатып, жетіліп туған. Ал, сырт пішініне көз салсам, қазақ армандайтын аттың мүшесі осыдан табылып жатыр. Сонсоң, бәйгеге көп қосылған ат екен, осы тұрғанда бәрін сезіп, тас түйін дайындықта тұр... Аттарды 25 шақырымға айдайды деп естідім, не керек, Шалқасқаның өнерін 40-50 шақырымға айдап көрсе ғой...

Осы кезде Шалқасқаның иесі көзіне жас алған бетінде Тәкеңнің қолын алды да:

– Ақсақал, аузыңызға май, айтқаныңыз келсін! Күнұзынғы сөзіңіздің бәрі рас, Шалқасқаны қолыңызда өскендей таратып бердіңіз, – деп даусы дірілдей тіл қатты.

Тәкең болса:

– Төрт аяғын тең басып тұр ғой жануар, төрт тағаным аман болса менен озар жүйрік жоқ дегені. Атың бақты болсын, шырағым, – деді де кете барды. Біз де қайран қалыстық. Ат жарысы басталғанда Тай ақсақалдың сөзі көпшілік қауымды, әсіресе, таң етіп еді. Айтқанындай Шалқасқа 25 шақырым қашықтықтан облыс аттарының ішінде бірінші келді. Жай бірінші келген жоқ, мәреге тақағанда екпіні үдеп, жанкүйерлердің тізгініші болып алдынан мініп шыққан ұшпа аттарына да шалдырмай кетті. Біздің есімізге Тәкең айтқан 40-50 шақырым қашықтық түсті.

Екінші болып, тағы да Тай ақсақал айтқан Торықасқа келді...

4-том. Қазақтың ауызша тарихы. 2-тарау. Қазақтың туысқандық жүйесі.

Қалмақ ханы Қалдан-Серен қапысын тауып Абылай ханды қолға түсіргенде атығай руынан шыққан Жәпек батыр да бірге тұтқында-лыпты.

Абылай ханның қолға түскенін естісімен Қалдан-Серен оны өзінің хан шатырына алып келуді әмір етеді. Жанында Жәпек батыры бар Абылай шатырға кіргенде Қалдан-Серен жолбарыс терісін жапқан алтын тақта отыр екен дейді. Кекке булығып жүрген қалмақ ханы Абылайды көрген бетте көзі шатынап, қаны басына теуіп: «Шарышымды өлтірген сенбісің?!» – баж-бұж етсе керек.

Біреудің алдында түрегеп тұрып жауап беруді ар санаған Абылай хан үнсіз қалады. Сол кезде Жәпек батыр: «Қалдан қалмақтың ханы бол-

са, сен қазақтың ханысың, Абылай! Төмендеме, хан ием, менің үстіме отыр!» – деп, Абылайдың алдына тізерлей етпеттеп жата кетіп еді дейді. Сонда ғана, өзін ашуға жеңдіріп отырғанын сезген Қалдан-Серен нөкерлеріне қарап иек қағады. Нөкерлері дереу төрге күлте жал жарғақ бөстек төсейді. Абылай хан бөстекке тізе бүгіп жайғасқан соң, еңесін тіктеп: «Шарышты, ұзында өшім, қысқада кегім болған соң өлтіргенім жоқ. Мен халқымның айтқанын орындаушы ғанамын. Онан соң, қапылыста емес, қан майданда, тіленіп шыққан жекпе-жекте өлтірдім. Мен оны өлтірмесем, ол мені өлтіретін еді. Соғыстың шарты сол емес пе еді!» – дегенде, Қалдан-Серен төмен қарап, басын изей беріпті дейді (Дерек беруші Ахмет Әбдікұлы (1881-1976), даңғайыр шежіреші, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы; Мұсатай Ғалым. Алтынның сынығы. – Қарағанды, 2004. 157-170-беттер).

Жәпек батыр туралы Шоқан Уәлиханов келтіретін дерекке жоғарыдағы шежірелік аңыз негізінен үндес. Шоқан жазбасы бойынша Абылай хан қапылыста қолға түскенде, оның жанында Жәпек батырдан басқа бірнеше биі болған. Кейін Абылай хан тұтқыннан босағанда Жәпек батыр өз баласын аманат ретінде (кепілдікке) қалмақ қолында қалдырған. Бұл бала қалмақ қолында жүріп ерлігімен және аңшылығымен жұрт аузына ілініп, Сары-қазақ атанған (Ч.Ч. Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. I том. – Алматы, 1961. 221-222-беттер).

4-том. Қазақтың ауызша тарихы. 3-тарау. Қазақтың қария сөздері. 15. Алаш. Қазақ. Жүз.

Жаугершілігі мол, қатал заман болса керек. Бір әйелдің күйеуі, соңынан ерген жалғыз інісі және ержеткен баласы хан алдында ауыр қылмысқа батып, үшеуі бірдей өлім жазасына бұйырылыпты дейді. Мұны естіген байғұс әйел зар жылап хан алдына келеді, өлердегі сөзін айтып, сауға сұрайды. Әйелдің шырқырап сұраған өтініш-зарына құлақ асқан хан рахым етіп: «Жарайды, сені жалғыз қалдырмайын, сен үшін бұл үшеуінің біреуінің кінәсін кеіттім. Қайсысын жаныңа жақын тұтсаң, соның қол-аяғын шешіп, алып қайтуыңа рұқсат!» – депті.

Әйел ойланбастан інісінің қол-аяғын шешіп, алып шығады. Сонда, не Құдай қосқан жарын, не өзегін жарып шыққан баласын құтқарар деп ойлап отырған хан әйелдің бұл ісіне таңқалып: «Жар дегендегі жалғыз жарыңнан бұрын, бауыр етің балаңнан бұрын, түтін-тірлігі бөлек ініңді құтқарғаның қалай?» – деп, мәнісін сұрайды.

Әйел іркілместен: «Хан-ием, Құдай қосқан қосағым мен бауыр етім баламның бәрінен де қымбат екенін жақсы білемін. Жүрегім езіліп,

аяғымның басына түскендей. Алайда, күйеуім мен балам бар болғанда – сүйінудің, жоқ болғанда – күйінудің не екенін біліп барып, жарық жалғанмен қоштасқалы тұр. Ал, інім болса бар болып – сүйініп, жоқ болып – күйініп көрмеген жас еді, жалғыз еді. Тәңірім рақым етсе, күйеу де, бала да болар, бірақ, бір құрсақтан шыққан бауыр табылмас!» – деген екен.

Әйелдің ақыл-парасатына тәнті болған хан сол жерде райынан қайтып, үш айыптыға да кешірім жасапты дейді (Дерек беруші Ахметхан Әбіқайұлы (1903-1986), даңғайыр шежіреші, Қостанай облысы, Торғай өңірі; М. Ниязбеков. Біз қалай туыспыз? – Алматы, 1992. 10-11-беттер).

* * *

Қыдыр дарымай, Бақ қонбайды.

Қыдыр дарып, бақ қонған Нұрила қызға бірде түсінде әулиелердің бірі аян беріп: «Кімде-кім алғаш білегіңнен қос қолдап ұстаса, тағдыр қосқан жарың сол болады», – депті. Нұрила қыз ояна кетсе түсі екен, түс те болса ырым көріп, көкейіне түйіп алады.

Бәйдібек бидің есігінде жүрген Нұрила қыз күндердің бір күнінде қауға тартып тұрып құдыққа құлап кетіпті. Шыңырау құдықтан Нұрила қыз өз бетімен шыға алмай тұрып қалады.

Сол кезде ел аузына іліккен Бәйдібек би қаниша күтуші-қызметшісі болса да, өзі мінетін атын өзі баптап, өзі суарады екен. Әдеттегідей атын суарайын деп келсе, құдық түбінде дірдектеп тұрған Нұрилань көреді. Бәйдібек би дереу қауға тастап, Нұрилань саумалдай көтеріп, жақындай бергенде білегінен қос қолдап ұстап шығарып алады. Нұрила алғысын айтып, қымсына бұрылып жөніне кетеді.

Осы жолы Бәйдібек бидің Нұрилага көзі түсіп, көңілі ауып еді дейді. Арада біраз уақыт өтіп, Нұрила бойжеткен кезде Бәйдібек би некесін қидырып, Сарықыз бәйбіше мен Зеріптің үстіне үшінші әйелі етіп алады (Дерек беруші Рахметолла Толқынбекұлы (1914 ж.), даңғайыр шежіреші, Алматы облысы, Көксу ауданы).

* * *

Нұрила қыз Бәйдібек биге тұрмысқа шыққан соң көп кешікпей дүниеге бір ұл келеді. Есімін Тілеуберді деп қояды. Нұрилань ерекше жаралған парасат-пайымын бағалап үйленген Бәйдібек би Тілеуберді дүниеге келген соң, бұл шаңырағына одан сайын көңіл бөлетін болады.

Бәйдібек бидің Нұрилага көңіл бөлгенін Сарықыз бәйбіше қызғанып, мінез көрсете бастайды. Нұрилань бұрынғыдай есікте жүрген күңі сияқты ұстап, орынсыз кінә тағып, тіптен қол жұмсайтын болады. Тілеуберді дүниеге келген соң, Сарықыз бәйбіше қызғанышын одан сайын үдете түседі. Ел ісімен көбінесе ат үстінде жүретін Бәйдібек бидің көзі тайса болды, Нұрилань басынан таяқ, құлағынан қаңқу кетірмейтін болып алады. Сарықыз бәйбішенің ержеткен тоғыз ұлы болса да, Бәйдібек би бар мұрасын тоқалдан туған Тілеубердіге бұйыртатындай көріп, бара-бара бесіктегі бейкүнә нәрестені қарғап-сілейтін болады. Қит етсе болды, Нұрилань қазан-ошағын шашып, әбігер етеді. Ең арғысы түн баласында да тыныштық бермей, қарамал болып үйге сүйкеніп, Нұрила мен Тілеубердіні шошытады.

Бір күні Сарықыз бәйбіше жеті түнде тұрып, қолына пышақ алып, Нұрилань үйінің сыртына келеді де, әдеттегідей қара мал болып үйді сықырлата сүйкенеді. Сонда, әбден төзім-шыдамы таусылған Нұрила: «Хайуан болсаң өрісің кеңейсін, адам болсаң мазасын алған жалғыз ұлым Тілеубердінің құзырында бол!» – деп дауыстайды. Бұл сөзді естісімен, онсыз да ашудан булығып жүрген Сарықыз бәйбіше: «Ә-ә, салдақы, енді менің үрім-бұтағым тіл тигізейін дедің бе!» – деп, есікті бір теуіп үйге кіріп келеді де, қолындағы пышақты бесікте жатқан Тілеубердіге сермен қалады. Қараңғыда жұмсалған пышақ бесіктегі баланың шекесіне тая тиіп, бала шар ете қалады. Жанталасқан Нұрила Сарықыз бәйбішенің екінші рет пышақ жұмсауына бөгет болып, қолындағы пышақты жұлып алады. Сол бетінде Сарықыз бәйбішенің шектен шыққан мына қылығына қатты назаланған Нұрила: «Жүзге жетпе, жүзге жетсең күзге жетпе!» – деп қарғыс айтады.

Осы бір сойқанды түнде Нұрилань аузынан шыққан екі ауыз қарғыс сөздің салқыны Сарықыз бәйбішенің балаларына тиіп еді дейді. Сарықыз бәйбішенің тоғыз ұлы тоғыз шаңырақ болып отырғанда, Балабөгеннің аңғарынан сел жүріп, ауылды шайып кетеді. Тоғыз ұлы бірдей балашағасымен суға қарық болады. Тек қана Байтоқты деген баласының Ұшан атты келіншегі төркіндеп кетсе керек. Сол Ұшаннан туған Сарыүйсін гана Сарықыз бәйбішенің ұрпағын жалғайды. Бірақ, оның ұрпағы да онша өсіп-өнбейді.

Нұрилань баласы Тілеубердінің шекесіне тайып тиген Сарықыз бәйбішенің пышағынан кейін баланың жас еті тез бітіп, жазылады. Бірақ, Тілеубердінің шекесі жарық сияқты ағарып, тыртық болып бітеді. Осыған байланысты Тілеубердіні төңірегі Жарықшақ деп атап кетсе керек.

Жарықшақтан (Тілеуберді) – Албан, Суан, Дулат тарайды. Бұларды қарауісін деп те атайды (Дерек беруші Рахметолла Толқынбекұлы (1914), даңғайыр шежіреші, Алматы облысы, Көксу ауданы).

* * *

Суан өте ірі, кеуделі адам болған екен. Ат үстінде екі тізесі аттың құлағын қағып отыратын көрінеді. Бұл алып адамды тек бөрте қызыл ат гана көтереді екен. Жоңғарлармен көрші отырғандықтан, жылқыларына тыныштық болмапты. Бір жолы сондай бір қарбалас кезде Суан байдың жылқысын жоңғарлар айдап кетіпті. Жасы жетпіске таман келіп қалған қарт жол жүруді ауырсынып, өзі бір шатқалда қалып, өзінің басына киіп жүрген ақ қалпағын Хоңтажыға жібереді. Баратын сарбазға былай депті:

– Хоңтажыға айт: «Мынау – Суан батырдың қалпағы. Өзі келе алмады. Өзі үшін бұл қалпақ келді. Иіскесе тарқар шері», – дерсің. Хоңтажы еріксіз иіскер. Сонда оның басына бүкіл мынау Алатау құлайды, қара орман күңіренеді. Жетісудың жеті өзені басып-жаншып есін шығарады. Иіскет, қызығын көр. Бір ескертетінім: Хоңтажыға жеткенше қалпақтан айырылып қалма. Бар, жолың болсын. Әумин!» – дейді.

Көкірегі әлі басыла қоймаған сарбаз Хоңтажыға келді. Алдына келіп жүгінді. Суан батырдың айтқан сөзін бұлжытпай айтты. Хоңтажы Суанның қалпағын қолына ұстады. Ары-бері көрді. Көрді де айтты:

– Бұл өзі адам ба, мына қалпақ сұмдық қой. Мынау қалпақ па, жоқ әлде түндік пе?! – деді таңданып. Содан кейін қасиетті қалпақты иіскеді. Иіскеуі мұң екен, көзі шарасынан шықты. Езуінен су ақты. Екі қолы ербеңдей бастады. Өзінің нөкерлерінің атын атады. Үй іші қорқып, Хоңтажыға су шашты. Есі кірді. Хоңтажы есін жиып:

– Мына суан жігітінің малын тегіс қайтарыңдар. Көзі барының көзін, көзі жоғының төлеуін үш еселеп беріңдер! – деді. Сарбаз барлық малды айдап, таудың ішінде жатқан Суан батырға келді. Батыр ұйықтап жатыр екен. Оятып бар мән-жайды айтыпты. Бұлар ауылына келсе, бәйбішесінің үйі жоқ. Бәйбішесі Досбағыс, Жанбағыс деген екі ұлын алып, Тәшкеннің түбіне қарай көшіп кетіпті. Себебі: «Суан өлді, енді бізді өлтіреді», – депті. Кіші әйелі: «Суаннан жаным артық емес, Байтүгейден, Тоқарыстаннан жаным артық емес», – деп қалыпты. Ташкенді бетке алып кеткен екі баласы мен әйелін Суан іздепті (Шежіреші Иса Дәуітұлының жазбасынан; Суан. Құрастырған Сұлтанбек Еимұхамбетов. – Алматы, 1993. 19-20-беттер).

* * *

Бірде Бәйдібек би жанына сенімді серіктерін ертіп, сайланып шығып саят құрады. Аң-құсы жыртылып-айырылатын қалың жынысты кешіп келе жатса, гүр-р еткен жолбарыс дауысы естіледі. Бес қаруын сайланып шыққан жігіттер дереу тақым қағып, із кессе, уыздай байталды жығып, етін еңсере жеп жатқан жолбарысты көреді. Жас етке сылқия тойған жолбарысты аңшы жігіттер қаумалап жүріп соғып алады да, «үйіріңмен үш тоғыз» деп Бәйдібек бидің алдына көлденең тартады. Түз шерісіне Бәйдібек бидің де көңілі толып, жетектегі атқа өңгертеді. Аңшылықтың дәстүрі бойынша аң патшасын соққан соң, әрі қарай аң аулауды тоқтатып, ауылға бет түзейді.

Бәйдібек бастаған топ сарыала жолбарысты салақтатып бір ауылдың тұсынан өтеді. Сол кезде бұлардың соңына жаулығы желбіреген бір әйел ілеседі. Өкшелеп қалмай келе жатқан әйелді байқаған Бәйдібек тізгін тартып жөн сұрайды. Сонда әлгі әйел: «Мырзалар, айып болмаса, мына жолбарыстың бауыры мен жүрегін беріп кетсеңіздер», – дейді. Бәйдібек сөзге келместен әйелдің тілегін қабыл алып, жігіттеріне жолбарыстың жүрегі мен бауырын алдыртып бергізеді. Әйел алғысын айтып кері қайтады.

Сол жерде Бәйдібек бір жігітін жұмсап, жансыздап білдіртсе, әлгі әйел қоңырат ішіндегі Қызылби атанған Мелдебидің Тәуіркөз деген бәйбішесі екен. Жолбарыстың жүрегі мен бауырын жеп, жерігін басқаны белгілі болады.

Бұл оқиғаны Бәйдібек бір сыр көріп, көкейіне түйеді. Көп кешікпей Қызылбидің бәйбішесі Тәуіркөздің босанып, қыз тапқанын, оған Жұпар деп ат қойғанын естиді.

Содан, Тәуіркөз белін бекітіп, бала қырқынан шығып, бесікке салынған кезде Бәйдібек би барша жөн-жоралғысымен, сән-салтанатымен Қызылбидің үйіне келіп түсіп, бесік құда болғысы келетін ниетін білдіреді. Бәйдібек өзінің сұлу Зеріп деп атанған екінші әйелінен туған Жалмамбет (Жалменде) дейтін баласына Жұпар қызды қалап, Құдай қосқан құда болғысы келетінін айтады.

Сонда, Қызылби ойланып отырып Бәйдібекке: «Бәйдібек, бұл ниетіңнің қандай себебі, нендей негізі бар?» – деп сұрапты. Бәйдібек: «Себебі де, негізі де біреу-ақ, Тәуіркөз бәйбішенің жерігін өзім қандырып, ырым көріп едім», – депті. Сонда Қызылби: «Е-е, баламның тіні менікі болғанмен, ділі сенікі екен ғой», – деп оң шырай танытыпты.

Арада он шақты жыл өткенде ата-аналарының ақ баталарын алып, Жалмамбет пен Жұпар қосылады. Бәйдібек ауылына келін болып түскен

Жұпар қазақтың жанама ат қоятын дәстүрімен Мапырашты атаныпты дейді.

Кешікпей Мапырашты жүкті болып, арыстай бір ұл табады. Ауылдың дуалы ауыз бір қарты нағашы әжесінің жолбарыс жүрегіне жерік болғанын ырым көріп, баланың есімін анасы Мапыраштыға ұйқастыра Шапырашты деп қояды. Шапырашты ержүрек, батыр болып даңқы шығады.

* * *

Қоңырат тайпасының қомақты бір бөлігі өзбек халқының құрамында екені белгілі. Өзбектердің арасына кең тараған шежірелік дерек бойынша қоңырат тайпасының түп тегі Қоңырат ата (Қоңыр-би) еді дейді. Қоңырат ата бәйбішесінен төрт перзент көріп, олардың өсіп-өнген ұрпақтары сол балаларының атымен уақтаңбалы, қостаңбалы, айылды (айынлы), қанжығалы деп аталатын бір-бір атаға ұласқан. Қоңырат ата қартайған шағында тоқалынан бір ұл көріп, оны «қартайғанда Тәңірдің берген тартуы зой» деп отырады екен. Сол себепті одан өсіп-өнген ұрпақ «Тартулы» («Тартпалы») аталып кетеді. Бұлардың бәрін жинақтап «Алпыс аталы қоңырат» деп атайды.

Алпыс аталы қоңыратты шежірешілер былай тартады:

Уақтаңбалыдан – ашамайлы, баймақты, тарақты, шанышқылы, қазаяқты, шөмішті, қайшылы, ысқылы, қиғашты, жылантаңбалы, балгалы, қарақоңырат, боғажелі, оюлы, хандекті, ыргақты, абақты, көсеулі деп аталатын 18 ру тарайды. Бұлардың барлығын жинақтап «Он сегіз ата уақтаңбалы» деп атайды;

Қостаңбалыдан – төленгіт, тілеумет, қарақаспақ, қал, бармақ, құлабы, сауырбұзар, замбыры, құса, отырақы, құшағұр, бәндікүшік, ақпышақ, шал, мәуліш, қарақалпақ деп аталатын 16 ру тарайды. Бұлардың барлығын жинақтап «Он алты ата қостаңбалы» деп атайды;

Қанжығалыдан – ұлыс, шұлық, құйын, қарақұрсақ, малтақа, қолдаулы, қарабура, досқа, топқара, көртоғай, ноғай, желкілдек, гәлі, қара деп аталатын 14 ру тарайды. Бұлардың барлығын жинақтап «Он төрт ата қанжығалы» деп атайды;

Айылдыдан – қауға, шұран, бесбала, топар, қашай, қарақалпақ, айтаңбалы, тоқсарай, қара, қажыбасша, түркімен-айылды, ақтана деп аталатын 12 ру тарайды. Бұлардың барлығын жинақтап «Он екі ата айылды» деп атайды;

Тартулыдан – тоғыз, мөңке, майдатопа, шопақ, абақты, ор деп аталатын 6 ру тарайды. Бұлардың барлығын жинақтап «Алты ата тар-

тулы» деп атайды (Дерек беруші Фазыл Акбарұлы (1908 ж.), Шерабад қаласы; Б.Х. Карамышева. Очерки этнической истории южных районов Таджикистана и Узбекистана. – Москва, 1976. 86-93-беттер).

Жалпы өзбек, тәжік халықтарының арасындағы қоңырат тайпасының ішкі құрылымына, рулар құрамына ден қою арқылы, сондай-ақ, ол рулардың қазақ арасындағы көріністерін саралау арқылы қазақ халқының ұлт болып ұйысу үрдісіне қатысты мол да мазмұнды мағлұмат табуға болады. Осы тұрғыда өзбек халқының құрамындағы қоңырат тайпасы туралы жазылған кейбір зерттеу еңбектерге назар аударар кеткен жөн*.

* * *

Ресейден қашқан торғауыттарды өкшелей қуған шабуылдан кейін, қазақтар ашық далада дамылдап жатса керек. Қазан көтеріліп, жылқының сүр еті асылып, торсықтардағы құрт езіліп, ұзақты күнге әл болар таңғы тамақтың ішілер кезі екен. Керіп тастаған еңселі шатыр ішінде Абылай отырады. Келесі бір шатыр арғын ішіндегі шақшақ руынан шыққан, өзімілдігімен жұртқа мәлім Жәнібек батырдікі. Батыр насыбайын атып, ой үстінде үнсіз түнеріп отырыпты. Бір кезде қазақтың жас жігіті астындағы атын сау аяңдатып, төніп келген бетінде: «Жәнібек батыр, шақшаңыздан ауыз тигізіңіз!» – деп, ат үстінен қол созады. Мұндайға лып ете қалатын Жәнібек пе, жан-ау деп мойын бұрып қарамайды да. Қарау былай тұрсын, жақтырмаған шырай танытып, түнерген қалпында шақшасын алады да, сары сақтиян етігіне тық-тық соғып, асықпай бипаздап насыбайын атып, шақшаны қайтадан қалтасына салып қояды.

Кешікпей-ақ ханның дабылы қағылып, әр ру өздерінің белгі туларының астына жинала бастайды. Алдыға өңіең сауыт құрсанып, қарқаралы дулыға киген, садағы мен жебелі қорамсақтары салпылдаған батырлар шығып, ханды қоршай тұрысады. Жорық жолында хан кеңесі осылай құрылатын. Бір пәтуаға келген келісім бойынша, дұшпанның

* Н.В. Ханыков. Описание Бухарского ханства. – СПб., 1843. 58-60-беттер; Н.Ф. Ситняковский. К генеалогической таблице узбекского рода кунград. – Известия Туркестанского отделения Русского географического общества. – VII том. – Ташкент, 1907. 28-29-беттер; Материалы по районированию Средней Азии, 1-кітап. Территория и население Бухары и Хорезма, 1-бөлім. – Бұхара-Ташкент, 1926. 175-187-беттер; Осы көрсетілген еңбек: 2-кітап, 2-бөлім. 97-98-беттер; Х.Дониеров. Узбек халкининг шажара ва шевалари. – Ташкент, 1968. 87-88-беттер; Т.Нафасов. Топонимы Кашкадарьинской области (автореф. канд. дисс.). – Ташкент, 1968; Л.К. Задыхина. Узбеки дельты Амударьи. – Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции. 1 том. – Археологические и этнографические работы Хорезмской экспедиции. 1945-1948. – Москва, 1952. 338-339-беттер.

күші қаншалықты басым болғанымен, қазір шабуылға аттанулары керек. Ол үшін алдын ала шолғыншы шығарып, торуылдап қайтуға ебі бар жігіттер шақырылады. Осы кезде бірінші болып әлгінде Жәнібектен шақша сұрайтын жас жігіт шығады.

Жалақтап тұрған шолғыншы жігіттер кешікпей-ақ жау жатағын торуылдап қайтады. Жәнібек батыр олардан: «Жаудың қарасы қалай екен?» – деп сұрайды. Сонда, әлгі шақша сұрайтын жігіт суырылып шығып: «Көп те емес, аз да емес», – деп жауап береді.

Ұрыста тұрыс бола ма, соғыс басталып кетеді. Қалмақтар он мың болса керек. Қазақтарды жайпап, тықсырып, әрі-беріден соң, өкшелей қуып береді. Әсіресе, қара түндей түнерген, қара ат мінген қапсағай қалмақ туын желбірте қуып, қазақтарды жеткенін-жеткенінше баудай түсіріп келеді дейді. Осынау аласапыран шегіністің жуан ортасында Жәнібек те келе жатса керек. Бір мезгілде ол: «Япыр-ау, мына дүлейді тоқтататын бір қазақтың тумазаны ма!» – деп айқайды салады. Сонда, әлгі шақша сұрайтын жігіт атының ауыздығын шірей тартқан қалпы жалт бұрылып, қайқайып тұра қалады да, садағын қолға алады. Керілген адырнадан зың етіп ұшқан жебе қалмақты қалбаң еткізіп, аттан жұлып түсіреді. Алапат тегеурінмен атылған жебе одан әрі бұлыңдай ұшып, көзден ғайып болады. Оғының қалмақтан өтіп бұлыңдай ұшқанын көрген жас батыр: «Мына дүлей Құдайдың терісін жамылып алғаннан сау ма?» – деп қынжылған екен.

Туы жығылып, батыры өлген дұшпанның есі шығып, еңсесі түседі. Қазақтар осы сәтті пайдаланып, бел ала ұрыс салып, қалмақтарды түре қуып, дұшпаннан күшін асырған екен. Сонда қара атты қалмақты түсірген Байғозы батыр деп аталатын жас жігіт Жәнібек батырға жақындап келіп: «Батыр, шақшадан ауыз тиетін кез енді келді-ау деймін!» – депті.

Тарақты руынан шыққан Байғозы батыр алғаш рет осындай ерлігімен көзге түседі. Содан бастап оның есімі дүйім жұртқа әйгілі болған екен*.

* * *

Абай мен Мәшһүр-Жүсіп бір-бірінің аты-жөніне сырттай қанық болса да, әлі жүздесіп, көріспеген кездері болса керек.

Бірде, тобықты еліне жолы түскен Мәшһүр-Жүсіп арнайы сәлем беру үшін Абай ақынның үйіне келеді. Босағадан аттай берген Мәшһүр-Жүсіпке Абай тосын сауал қойыпты:

* Ш.Ш. Уәлиханов. Бес томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы, 1961. 222-223-беттер. Аударма біздікі.

– Ақынның даңқы өзінен қырық күн бұрын жетеді деген, атыңа қанық едім, затыңды көрейін, айтышы кәне, Құдай қайда, жұмақ пен тозақ қайда?! – деп.

Сонда Мәшһүр-Жүсіп мүдірместен:

– Абайдың Құдайы қайда екенін білмеймін. Менің Құдайым кеудемдегі жүрегімде. Ал, жұмақ пен тозақ әркімнің өз үйінде, қатының ақылды болса – жұмақ, ақымақ болса – тозақ! – деп жауап қайырыпты.

Абай есті сөзді естігеніне риза болған шыраймен: «Мәшһүр десе дегендей екенсің!» – деп, қолын алып, төрін ұсыныпты дейді (Дерек беруші Ғалымжан Мұқатұлы (1905-1976), даңғайыр шежіреші, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы).

* * *

Шежіре бойынша Орта жүз арғын тайпасының ішіндегі іргелі рулардың бірі – тобықты. Тобықтыдан – Мұсабай, Көкше, Дадан туды. Мұсабайдан – Толымқожа (Жамантобықты), Сүйірбас, Құлық туған. Сүйірбастан – Әлі, Сары, Қожаберген туған. Осы Қожаберген қазақ пен қалмақ арасындағы соғыста қалмақтың Ұлалы деген батырының қолынан мерт болып, әйелі Таңсұлуды қалмақ батыры олжалап кетеді.

Бұл кезде Таңсұлудың аяғы ауыр екен. Қалмақ еліне келген соң, айы-күні жетіп, бір ұл бала табады. Оның атын Жапал қояды. Содан, Таңсұлу «қалмақтардың бірі көз салмасын» деп, өз танауын өзі кесіп, өңін бұзып, «пұшық күң» атанып жүреді. Сөйтіп жүріп Жапалды тәрбиелеп, өсіреді. Жапал он сегізге толғанда, сырттай көздеп жүрген бір бәйге атқа мінгізіп, елге аттандырып жібереді.

Жапал елге аман-есен жетіп, әкесінің інісі Сарыны тауып, өз әулетіне қосылады. Содан, арада біраз уақыт өткенде қапысыз дайындалып, Сары ағасы бастаған қалың қолмен қалмақ батыры Ұлалының ауылын шабады. Қалмақ арасында пенде болып жүрген Таңсұлуды құтқарып, елге алып келеді.

Бұл оқиғаны халық ақыны Шәкір Әбенов (1901-1994) «Таңшебер-Жапал» атты поэмасына арқау еткен.

* * *

Орта жүздің ашамайлы керейінен шыққан Тоқсан биді 1830 жылы Еменалы болысының биі етіп сайлайды. Тоқсан би ақыл-парасатымен ел-жұрттың құрметіне бөленеді. Бұл кез Ресей ықпалының күшейіп, отаршылдық ындынының бел алып, Қазақстанның солтүстігіндегі ел-жұрттың тынысы тарыла бастаған тұсы болса керек. Әсіресе, керей

мен уақ тайпалары түрткі көріп, атамекендерінен ығыса бастайды. Ашамайлы керейдің көшебе, сибан сияқты рулары жердің жұмағындай туған жерлерін қимай, өңмеңдеген өктем орыстармен арада небір қанды қақтығыстар болады.

Осының бәрін көзі көріп, көңілі тіксінген Тоқсан би биліктен өз еркімен бас тартады. Мұны естіген керей-уақтың Есенай Естемісұлы, Тастан Меңдібайұлы, Төбей Барлыбайұлы сияқты ел қамын ойлаған игі жақсылары жиналып келіп: «Би аға, қазіргідей қысылтаяң заманда ел тағдырынан өзіңізді оқшаулап, билікті тастағаныңыз қалай?! Көп болып сауға сұрай келдік, райыңыздан қайтыңыз!» – дейді.

Сонда, Тоқсан би:

– Уа, ағайын, мен би болған соң халқыма пайдам тие ме деп едім. Бақсам, жақсы би болу үшін, алдымен, патша жандаралдарының көңілін табуым керек екен. Олардың көңілін табу үшін би басыммен халқымды өзім қорлап, өзім зорлап, өзім тонауым керек екен. Бұлай би болғанша, бордай тозсам етті! Бұрынғыдан қалған аталы сөз бар, «Аққумен істес болсаң – көңілің пәк болады, қаршығамен істес болсаң – тамағың тоқ болады, қарғамен істес болсаң – шоқығаның боқ болады» деген. Енді қалған ғұмырымда озбыр орыспен істес болып, боқ шоқымай-ақ өтейін. Осы сөздің дұрыстығына көзім жетіп, билікті тастап отырмын!» – деген екен (Дерек беруші Сермағамбет қажы Сейітахметұлы (1925), даңғайыр шежіреші, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы; Қ. Мұқанов, С. Жұмбаев. Бір әулеттің тарихы. – Петропавл, 2003. 26-бет).

* * *

Орта жүз найман ішіндегі бағаналы руы негізінен Ұлытау төңірегіне қоныстанған. Сол бағаналыларды ұйыстырып, ел етуге көп қажыр-қайрат жұмсаған төрт адамның есімі ұрпақтарының арасында күні бүгінге дейін зор құрметпен аталып, «Бағаналының төрт босағасы» деп отырады. Олар: Кәдір би, Сандыбай батыр, Бабыр әулие және Шегір шешен.

Осылардың ішінде Сандыбай (1740-1815) ерекше батырлығымен аты шыққан адам. Оның әкесі Төлек батырдың қартайған шағы болса керек. Бағаналы Барлыбай елге иелік етіп тұрған кезінде, қалмақтан кек қайтару үшін қалың қол жинап жорыққа аттаныпты. Осы көппен бірге он алты жасар Сандыбай да жасырын аттанып кетіпті. Мұны естіген Төлек батыр артынан қуып жетіп, баласы Сандыбайға «Қайт, әлі жассың!» – деп үш рет айтыпты. Сандыбай алған бетінен қайтпапты.

Сонда баласының тоқтамасын білген Төлек: «Балам, болмадың ғой, енді қолыңды жай, батамды берейін», – депті. Төлектің сондағы берген бата-сы мынау еді дейді:

«Балам, жауға бармас болар,
Барса, жаудан қаипас болар.
Балам, жау қолына түспес болар,
Түссе де шынын айтпас болар.
Балам, жаудан өлмес болар,
Өлсе де адамшылық арын бермес болар.
Балам, амандығыңды Тәңірге тапсырдым,
Адамшылығыңды өзіңе тапсырдым!».

Сандыбайдың үш әйелі болған. Біріншісі – Аппақ, екіншісі – Туғанай, үшіншісі – туған ағасы Қоңырбай қайтыс болған соң алған әмеңгері Құндызай.

Сандыбай балаларының ішіндегі ең даңқтысы Ерден болған. Ерден Екінші Александрдың таққа отыру тойына барған. Шоқан Уәлиханов денсаулығына байланысты Атбасар округіне аға сұлтан болудан бас тартқан соң, бұл орынға Ерден аға сұлтан болған (1862). Ерден өз кезінде Ықылас Дүкенұлы, Сайдалы Сары Тоқа Шоңманұлы, Шөже ақын, Жанақ ақын, Орынбай ақын, Шыңғыс Уәлиханов, Мұса Шорманов, Кенесары Қасымұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Ақан-сері, Досбол шешен сияқты сахараның әйгілі адамдарымен бастас, сыйлас болған.

Ерден жас кезінде нағашысы қаржас Шорманның Мұсасына сәлем бере барыпты. Қайтарда Мұса жиенін құрметтеп шығарып салып келе жатса, алдынан Шоқай би кездесіпті де, амандық-саулықтан кейін Ерденді меңзеп: «Мына сұмырай бөрік, сұп басың кім?» – депті. Мұса мән-жайды айтып, Ерденді таныстырады.

Қоштасар кезде Ерден Шоқай биге жүзін бұрып: «Ағасы, осы ит қалай жүзеді?» – деп сұрапты. Шоқай би бөгелместен: «Е, малтып жүзеді де», – дейді. Осы сөзді күткендей Ерден: «А-а, ендеше малти беріңіз», – депті де жүріп кетіпті.

Сонда Шоқай би: «Апыр-ай, мен қателестім-ау, иттің қалай жүзетінін өзінен сұра десемші. Мынаның аруағы қара бұлттай өсіп барады екен, түбі жай болмас!» – деген екен.

* * *

...Байбақты Сырым батыр мен алаша Байсал би құда болыпты. Байсал баласына Сырымның қызын айттырып, қалыңмалын төлеп, Байсалдың баласы Сырым ауылына ұрын барып жүреді де, жеме-жемге келгенде

қызды алмайтын болып шығады. Байсал: «Балам қызыңды алмаймын дейді, қалыңға берген малымды қайтар», – дейді. Сырым малды қайтармайды. Содан, екеуі айтысып, Нұралы ханға жүгінбекке жолға шығады. Жолда келе жатып Сырым құдасына: «Екеуіміздің хан алдына барып, дауласып жатқанымыз жарамас, хан сарайы келімді-кетімді жер зой, елге дабыра қылып, өсек-аяң тудырып қайтеміз. Одан да әділдігін ел мойындаған адай Атағозы батырға барып жүгінейік, ара ағайын әділдігіне өзіңнің де көзің жетер», – дейді. Байсал бұл сөзге келіседі, сөйтіп, екеуі Атағозының ауылына келіп түседі.

Атағозы бұларды күтіп алады. Екі жақты да тыңдап болған Атағозы: «Шырағым, Байсал, балаң үш жылдай қалыңдық ойнаған болса, онда саған мал тимейді, қаласаң келініңді аласың, қаламасаң жөніңді табасың», – депті. Екі би де Атағозының кесіміне риза болып ауылдарына аттанып кетті... (Дерек беруші Сайын Назарбекұлы (1941), белгілі қаламгер, білікті сәулетші, Маңғыстау облысының Тиген ауылынан; С. Назарбекұлы, Ж. Жылқышыұлы. Қазақ халқының шежіре тарихы. 1-том. Адай тайпасы. – Алматы, 2006. 106-108-беттер).

* * *

Әйгілі батыр, әулие, азартушы, сәулетші Бекет ата Мырзағұлұлының (1750-1813) іс-әрекеті мен қадір-қасиеті туралы ел аузында күні бүгінге дейін қилы-қилы әңгімелер айтылады.

Бекет он төрт-он бес жасына дейін жоқшылықтың тауқыметін тартады. Бір ауылға келсе, ақбоз үйлердің маңында жайылып тұрған ақбоз атты көреді. Еңбектеп келіп, шідерін шешіп, атқа жайдақ мініп, қаша жөнеледі. Мұны үй қасында жүрген балалар байқап қалса керек. Олар дереу үйдегілерге хабар беріп, екі атты кісі Бекетті іздетіп қуа жөнеледі зой. Бұлардың жетсе жазым қылатыны белгілі. Бекет сасады. Сонда: «Уа, Жасаған, жоқшылық қанша қысса да қия жүрісіміңнің соңы осы болсын, құтқара көр!» – деп, Аллаға жалынып тілек етеді.

Бір белден асып Бекет тоқтайды. Жігіттер де жетеді. Келсе қара ала аттың қасында бір бозбала тұр. Қуғыншылар әрі қарайды, бері қарайды, атын танымайды. Содан: «Із біздікі, ат сіздікі болды. Біз жаңылыс қуыппыз, кешір, інішек!» – деп екі аттылы кейін қайтады.

Бекет атқа мініп, жолдағы бір судан өте бергенде су ішінен әуелі бір саусақ, сонсоң бес саусақ, біраздан кейін қырық саусақ көрінеді. Бекет таңқалады. Бір құдіреттің қуғыншыдан құтқарғанын да сезіп, су ішінен көрінген мына ғаламатты сол құдіреттің белгісі деп ойға батады. Сол жерде: «Бір саусақ – бір құдіретті ұмытпа, бес саусақ – бес уақыт

намазыңды қаза қылма, қырық саусақ – қырық парызыңды біл дегені-ау!» – деп жориды да, тәубаға келіп, бұдан былай тұрмыс тапшылығын көрсе де кісінің ала жібін аттамайтын болған екен (Дерек беруші Ілия Жақанов (1936), көрнекті жазушы, композитор, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Ақтоғай ауылы).

* * *

Ел арасында Кенесары, Наурызбай қозғалысына қатысқан жағалбайлы Мыңжасар батырдың хикаясы көп айтылады.

Кенесары, Наурызбай бірде Сарысу бойын жайлаған Кіші жүз еліне келіп, ел билерімен ақылдасып, батырларын жиып, Қоқанға елші жіберетіндігін айтады. Мақсаты – Қоқан хандығын орыс патшасына қарсы көтеру. Билер бұл сөзді мақұл көреді. Он екі адамнан құралған елшіні Саржан төре бастап баратын болады. Сол он екінің бірі болып – Мыңжасар батыр қосылады. Мәміле үстінде Кенесары Мыңжасардың өрелі дітіне риза болып: «Батыр, не датың бар?» – дейді.

Мыңжасар тұрып: «Еркін өскен ер едім, тілімді бөгеме. Тіліме бос тандық бер, хан ием!» – дейді.

«Дегенің болсын, батыр!» – дейді Кенесары.

Сонымен Саржан төре бастаған елшілерді Қоқан ханы ерекше күтіп қарсы алады. Ертең келіссөз болады деген түні бір себептермен Наурызбай мен Мыңжасар бір бөлек үйге түнейді. Ал, Қоқанның арамза бектері Саржан төрені жігіттерімен сол түні қырып салады. Содан, Наурызбай мен Мыңжасарды келіп бас салады. Тұлғасы зор Мыңжасар Қоқанның жігіттерін түгел жайпап, жеті түнде жанталасып Наурызбайды аман алып шығады.

Кенесары бұл сұмдық қайғыға қатты күйзеледі. Келер жылы Саржан төреге ас береді. Сол аста Кенесары Мыңжасар батырға мойын бұрып тебірене сөйлеп: «Мына Наурызбай әрі інім, әрі балам еді, осыны аман жеткіздің маған. Осы сөздің мәнісін білдің де? Әкеміз Қасымның бәйбішесі Наурызбайдың шешесін өзінің үстіне өзі алып берді зой. Нарызбай туа сала шешесі қайтыс болып кетті. Шырылдаған шақалақ Наурызбайды біздің үйдегі бәйбіше шешеміз Күнімжан бауырына басып еді, емшегі иіп сүті шығып, емін-еркін емізіп, уызына жарытты. Наурызбай керек еді маған. Сүйенер найзам, қарыма ілер семсерім, алдымдағы айбарым емес пе, бұл! Сен маған Наурызбайымды сыйладың. Не десем екен, боқ дүние бұл сыйға тең келе ме? Әй, батыр, көңіл үшін үш айғырдың үйірін бердім!» – дейді.

«Жоқ, – дейді Мыңжасар батыр, – хан ием, мен әлі отау құрғаным жоқ. Қыз таңдап жүрмін. Таңдаған қызымды алып бересің!».

«Бұл сөзің де жән екен, батыр. Қыз таңда. Орындармын тілегіңді!» – деп Кенесары дән риза болады.

Ал, бұл күндері Кенесары, Наурызбай Нұра, Құланөтпес бойындағы тінәлі, темеш елдерінен қол жиып, Ұлытауға қарай өтетін болады. Бұл елдердің ірісі Кейкіл бимен тілдеседі. Орыс патшасына қарсы күресетін мәмілені айтады. Кейкіл өз жігіттерінен жасақ беремін деп уәде етеді. Кейін Кенесары, Наурызбай Ұлытауда үлкен жиын жасағанда Кейкілдің жасағы келмей қалады. Кенесары бұл істен секем алып, Мыңжасар батырды бас қылып екі жүз сарбазын жібереді. Олар барса Кейкілдің жігіттері Ақмола дуанын қорғауға кетті деген жауап естиді. Бұл опасыздықтың сырын білген соң Мыңжасар батыр елге тиіспей, тек қана Кейкіл байдың жер қайысқан жылқысын қуып кетеді.

Арада екі күн өткен соң бұларды бір топ жігіт қуып жетеді. Бір ақбоз атты әдемі бозбала Мыңжасар батырдың алдына келіп: «Мен Кейкілдің он ұлының бірімін. Міне, біз бәріміз тұрмыз. Малымызды қайтар, өліспей беріспейміз!» – дейді.

Мыңжасар батыр: «Әкең сатқын! Түп-тұқияныңмен құртам!» – деп ақырады.

Әлгі бозбала: «Жекпе-жек!» – дейді.

Сол кезде Мыңжасар батырдың бір жігіті алға ұмтылады да: «Маған кезек беріңіз!» – дейді.

Сөйтіп, екі жігіт найзаласа кетеді. Екеуі біраз арпалысады. Бір кезде Кейкілдің баласымын деген жігіттің дулығасы ұшып түседі. Қараса, найзаласып жүрген жігіт емес, қос бұрымы білектей-білектей бұланай қыз! Шайқас тоқтайды. Мыңжасар батыр қыздың сұлулығына тәнті болып, не дерін білмей таңқалып тұрып қалады.

Қыз тіл қатады: «Мен жеңілдім батыр, әкем Кейкілдің он ұлының ішіндегі жалғыз қызы мен едім, жария болдым. Ендігі шешімді азаматтық арыңызға тапсырдым!» – деп, қыз Мыңжасар батырға иіліп ізет көрсетеді.

Мыңжасар батыр да бұл сөзден кейін ойланбастан қалың жылқыны қайта айдап, Кейкілдің ауылына келеді. Сонда Мыңжасар батырдың мәрттігіне риза болған Кейкіл ағынан жарылып: «Аз қазақ көп орыспен қалай соғыса алады, босқа қырылармыз деп, дуанға қашқанымыз рас еді. Енді, малым да, жаным да сенікі, батыр! Тінәлі, темештің жасағын бердім түгел!» – дейді.

Мыңжасар батыр Ұлытауда жатқан Кенесары алдына үлкен олжамен оралады.

Бір көңілді отырыста Мыңжасар батыр: «Хан ием, қыз таңдап жүрмін деп едім. Сол қызды таптым!» – дейді.

«О, батыр, кімнің қызы екен, ол?!» – деп сұрайды Кенесары.

«Кейкіл бидің қызы, есімі Мөлдір, хан ием!» – дейді Мыңжасар.

Содан, Кенесары, Наурызбай Кейкіл биге құда түсіп, Мыңжасар батырға Мөлдір сұлуды алып береді. (Дерек беруші Лия Жақанов (1936), көрнекті жазушы, композитор, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Ақтоғай ауылы; Қарабура. Құрастырған І. Жақанов. – Алматы, 2007. 411-412-беттер).

* * *

Он екі ата – байұлы, оның ішінде – адай, оның ішінде – жары ең бір өсіп-өнген ру. Бірде Жары баба алыс жолға аттанса керек. Кешікпей-ақ, соңынан қуғыншы жетіп, «Ауылың бұзылып жатыр, тез жетпесеңіз болмас!» – деген жайсыз хабар айтады. Жары амал жоқ ат басын кері бұрып, ауылына келсе, бәйбішесінен туған тентек-шора кенжесі Мете садақ тартып жүріп, тоқалдан туған бесінші кенже ұлды өлтіріп алыпты.

Жары болған жайды көзі көрген соң, қатты ширығып, тоқалдан туған батыр ұлы Тоқтамысқа: «Тоқтамыс! Шап анау Метенің басын!» – деп бұйырыпты. Әке сөзі – серт, Тоқтамыс ойланбастан қылышқа қолын ұсына бергенде, шешесі баласының қолына жабысып: «Отағасы, кеше ғана ұлың тоғыз еді, жазым болып бірі өлді, сегізі қалды. Енді өзің біреуін жазым етсең жетеуі қалады. Одан әрі ұлдарың тумаластарын өлтіртіп қарап отыра ма? Олар да кек қайырады. Сөйте-сөйте тұқымың құриды. Сабыр ет, сабаңа түс! Ұрпағым өссін десең, енді бәйбіше ауылы, тоқал ауылы дегенді жоғалт. Бәйбішенің бір ұлы мен тоқалдың бір ұлын жұптап отырып, балаларыңды бөлінбейтін еншілес, айырылмайтын қоңсылас ет. Сонда, ұрпағың өсіп-өніп, артың абырой-атақтан кенде болмас!» – деген екен.

Жары орынды айтылған уәжге тоқтап, Дәуіталі мен Тоқтамысты, Кеңе мен Бектемісті, Жетімек пен Базарды, Мете мен Назарды бөлінбейтін еншілес, айырылмайтын қоңсылас етіп еді дейді (Дерек беруші Сайын Назарбекұлы (1941 ж.), көрнекті сәулетші, белгілі қаламгер-ақын, Маңғыстау облысы, Тиген ауылы).

* * *

Байбарақ Құдайкеұлы XVIII ғасырдың бас кезінде өмір сүрген қазақтың әйгілі батыры. Шыққан тегі – Кіші жүздің алаша руынан.

Ел жадында сақталған шежіре дерегінде Байбарақ батыр 14 жасында қалмақтардың қолына түсіп, бес жылдай тұтқында болып еді дейді.

Намыс

Тұтқында жүріп бірнеше рет қашып шықпақшы болып, қолға түсіп, қатаң жазаға ұшырайды. Бірақ, туған еліне оралу ниетінен қайтпайды. Жас жігіттің өжеттігіне қызыққан қалмақтар «басыңа үй тігіп, алдыңа мал салып, таңдаған қызыңа үйлендірейік, біздің адамымыз бол» деп үгіттейді. Байбарақ көнбейді. Сонда қалмақ батыры жас жігіттің қайсарлығына сүйсініп: «Еліңе жіберсем маған қандай алғыс айтар едің?» – деп сұрапты.

Бұл сұраққа Байбарақ іркілместен: «Көрген қорлық, тартқан азабымның есесін қайтару үшін, «Байбарақ!» – деп ұрандап келіп, еліңді бір шауып кетер едім!» – деген екен.

Қалмақ батыры өзіне-өзі сенімді болса керек, «Ажалыңа асыққан ер болсаң сөзіңде тұр, бердім бостандық!» – деп, Байбарақты босатып қоя берген екен.

Содан, Байбарақ батыр еліне жетіп, ес жиган соң, қол жинап жауға аттанбақ болады. Ол кезде алаша руының ұранға шыққан батыры Сейтімбет деген кісінің тірі кезі екен. Ата салтын аттамай, Байбарақ батыр арнайы ат басын бұрып келіп Сейтімбет батырға уәжін айтты: «Батыр, рұқсатыңызды сұрай келдім, қалмаққа берген уәдем бар еді «еліңді «Байбарақтап» келіп бір шабармын» деген. Соның қарты келіп тұрған сияқты. Сіздің ұраныңызға бір мәрте тыным берсем ренжімес пе екенсіз», – депті.

Сейтімбет батыр Байбарақтың меселін қайтармай, батасын беріп шығарып салып еді дейді. Сол бетінде Байбарақ батырдың қолы қалмақ батырының ауылына жетіп, «Байбарақ! Байбарақ!» – деп ұран шақырып келіп шабуыл жасайды ғой. Қаннен-қаперсіз жатқан қалмақ ауылының шәт-шәлекейі шығады. Атқа мініп үлгерген қалмақ батырын Байбарақ жекпе-жекке шақырады.

Бір-біріне «не өлім, не өмір» деп ұмтылысқан қос батыр ұзақ қаржасады. Ақырында Байбарақ батырдың күші басым шығып, қалмақ батырын аттан аударып түсіреді. Сол жерде Байбарақ батыр найзасын жауының өңменіне тіреп тұрып тіл қатады: «Ерге мәрттік жарасқан, сен мәрттік етіп, мені өлімнен құтқарып, басыма азаттық беріп едің. Мен де қидым жаныңды. Бір ғана шартым бар, тұтқындағы бауырларымның жанына сауға, басына бостандық бересің!» – депті.

Сол жерде қос батыр серттесіп, уәделерінде тұрысқан екен. (Дерек беруші Амангосов Смағұл (1914 ж.), Атырау қаласынан; Кенжалиев Исатай. «Байбарақ» ұраны қалай пайда болды? – «Ана тілі» газеті, 1997. 14 тамыз).

Бұл әңгімені де Башар ақсақал айтып еді.

«Аралбай Құтжан қажымен жұлдызы жараспай өткендердің бірі Бақа батыр болатын. Ол заман батырлардың басынан бақ тайып, елдің тағдыр-тізгіні орыстардың қолына көшкен кез. Содан, амал жоқ, батырлар да мұқалып, «қазан бұзар, үй тентек» атанып, ауыл-үй арасындағы ұсақ-түйекке кіжіңдеумен күн кешетін болған. Құтжан мен Бақаның арасында да алып-жұлып бара жатқан ата жаулық жоқ, тіршіліктің қақсоғына бола шарпысып қалатын болу керек. Мұндайда, Бақа батырдың найза шошаңдатып, қамшы жұмсап, қол көтеретінін көзіміз көрді.

Ол кезде Құтжан – болыс, қажылыққа бара қоймаған кезі. Бір жылы болыс сайлауы болатын болып, Құтжан мен Бақа бастаған он шақты адам Ақмолаға аттанды. Ақмолаға келсе, ояздың жемсауын толтырып қойған біреулер Құтжанның орнына болыс болатын болып, ісінің оңтайын келтіріп қойса керек.

Енді не шара?! Аралатаң жағындағылардың жүні жығылып, иіндері түсіп кетеді. Сонда Бақа батыр шалт қимылдап, қылышын беліне қыстырып, шолақ найзасын қолына ұстаған қалпы ояздың кеңсесіне кіріп келеді ғой. Кіріп келген бетінде: «Осыдан Құтжан болыс болмаса – бунт будет... бунт будет... бунт будет!» – деп, найзасымен еденді үш рет түйіпті де шығып жүре беріпті.

Орыстар пара алуға мәттақам болғанымен, бунт-ереуіл дегеннен қорқатын халық. Иманы қасым болған ояздың екі көзі тас төбесіне шығып, әлгі пара бергеннің парасын өзіне қайтып беріп, сол жолы Құтжан қайтадан болыс болып сайланады.

Содан, көңілдері жайланған аралатаңның азаматтары мәз-мейрам болысып, әзіл-қалжыңдары жарасып елге қайтып келе жатады ғой. Сөздің бір қартында ерігіп келе жатқан жігіттердің батылдау біреуі Бақа батырға қарап тіл қатады: «Батыр-еке, бір гәптің мені таңғалдырып келе жатқаны... Сіз ғой, ауылда жүргенде Құтжекеңе күн көрсетпеуші едіңіз. Дүниеде екі адам араз болса, сол сіздер шығар деп ойлаушы едік. Сөйтсек, араздықтан да бұрын, арғы жағыңыз Құтжекеңнен қаймығады екен. Олай дейтінім, Құтжекең болыс болмайды-ау дегенде, ояздың төрі былай тұрсын, көріне кіріп кете жаздадыңыз ғой!» – депті.

Сонда, Бақа батыр әлгі әзіл айтқан жігітке ошарыла бұрылып: «Ой, шірік неме, Құтжанмен менің араз екенім рас! Онымен өле-өлгенше араз

болып өтетініме де шәк келтірмеймін. Бірақ, Құтжанмен өзім араз болғаныммен, намысым араз емес қой! Соны да білмеймісің?!» – деген екен.

Бәсіре тай

Сол күні екінші сынып оқушылары пионер қатарына қабылданды. Жуырда ғана аудан орталығынан уәкіл келіп, ауыл адамдарының басын қосып, жиналыс өткізген. Сірә, оқушыларды пионер қатарына қабылдау туралы сол уәкіл нұсқау беріп кеткен болу керек.

Жайлауға шыққан соң мектебіміз арнайы тігілген киіз үй болған. Оқу жылы аяқталуға жақындаған соң ба, киіз үйдің ішінде төсеніш пен жалаңаш керегеге сүйеген тақтадан басқа ештеңе жоқ. Екінші сыныпта небары сегіз бала оқитынбыз, бесеуі – ұл, үшеуі – қыз. Мұғаліміміз Сымат деген кісі. Бізді пионер қатарына қабылдайтын күні ол кісі де жақсы киімдерін киіп, біртүрлі болып келді. Келген бетте өзгеше бір көтеріңкі көңілмен: «Ал, балалар, бүгін сендердің өмірлеріңде ең бір елеулі күн! Ұлы көсеміміз Ленин атындағы пионер ұйымының қатарына қабылданасыңдар!» – деді.

Бұл оқиганың елеулі екенін Сымат мұғалімнің қазіргі сәттегі көтеріңкі көңіл күйінен аңғарғанымыз болмаса, пионердің не екенін біліп тұрған біз жоқ. Бәріміздің көкейіміздегі сол белгісіздікке үн қосқандай, бір оқушы: «Мұғалім, пионер деген не?» – деп сұрақ қойғаны.

Сымат мұғалім бір сәт ойланып, алдымызда әрі-бері жүрді де, кенет әлгі сұрақтың жауабы есіне түскендей кілт тоқтап, сұқ саусағын шошайтты. Сонсоң, бізге ұғып алыңдар дегендей тесіле қарап тұрып: «Пионер деген! – деді. – Пионер деген, комсомолдың інісі, партияның немересі!».

Осы кезде оқушылардың келесі біреуі: «Мұғалім, пионер болған соң не істейміз?» – деп сұрады. Бұл сұрақ та біздің көкейімізде тұрған.

Бұл жолы Сымат мұғалім жауабын кідірткен жоқ. Тағы да сұқ саусағын шошайтты: «Міне! – деді, аса маңызды сұраққа жауап беретіндей дауысына екпін түсіріп. – Міне, мәселе осында! Пионер болған соң, үлгілі, тәртіпті болу керек! Пионер болған соң, сабақты жақсы оқу керек! Пионер болған соң, үлкендерге жол беру керек! Үлкен кісінің жолын кесіп өтуге әсте болмайды! Пионер болған соң, үлкендерге көмектесу керек! Әсіресе, ертеңгілік қойдан қозыны бөлектеу кезінде сендердің көмектерің ауадай қажет! Пионер болған соң...».

Осылайша пионердің міндеттерін ұзақ тізбеледі. Оның көбісі әкеміз бен шешеміздің күнде құлағымызға құйып отыратын сөздеріне ұқсас болып шықты. Содан, бір мезгілде міндеттер айтылып бітті-ау дегенде Сымат мұғалім қойын қалтасынан дудыратып қызыл шүберектер шығарды. Сонсоң шүберектердің бірін жазды да: «Міне, мынаны «пионер галстугі» дейді. Мұны таққан оқушы пионер болады. Сондықтан, сендер осы галстукті күнде тағып келесіңдер!» – деді. Пионер галстугі дегені қалта орамалдың жартысындай ғана үшкіл қызыл шүберек екен. Сол шүберекті әрқайсымыздың мойнымызға байлай бастады. Байлаған сайын: «Міне, енді пионер болдыңдар!» – деп арқамыздан қағып қояды.

Сол күні бәріміздің мойнымызда шоқтай жайнаған қызыл галстук, үлкен бір дәрежеге жеткендей болып үйлерімізге қайттық...

...Жайлауға шыққалы менің ермегім торы тайым болып алған. Өзін қыстай таптап мініп, әбден басбілгі етіп қойғанмын. Жайлауға шығарда әкей: «Ал, шырағым, осы тайды саған ырым етіп, бәсіреңе атадым. Тайың пырақ болсын, өзің азамат бол!» – деген. Осыдан кейін-ақ торы тайды өзімше иеленіп, оны «бәсіре тайым» деп әспеттеп, қолым қалт етсе болды соны өбектеу әдетіме айналған. Жал-құйрығын тараймын, тұяғын егеп түзулеймін, су жалдатып жүріп тұла бойын сабындап жуамын, көрші-қолаңнан арпа-сұлы сұрап алып аузына тосамын... Қойшы, не керек, мен торы тайға, торы тай маған, әбден бауыр басысып алдық.

Пионер қатарына өткен күні де әдеттегідей асығыс-үсігіс тамағымды іше салысымен торы тайымды іздедім. Үй сыртына шығып, төңірекке көз салып тұр едім, шешей: «Тағы да торы тай ма, қойсайшы мазалай бермей, мал сияқты отын қандырып жайыла алмайтын болды ғой!» – деді. Шешейдің зілсіз сөзін елеген жоқпын, көз ұшынан торы тайымды шырамыттым да, белдеудегі жүгенді алып жүріп кеттім.

Жақындап келсем, торы тайымның өзі екен. Мені көрді де оқыранып қоя берді. Сонсоң, басын шұлғып-шұлғып жіберіп, маған қарсы жүрді. Мұндайда менің де дегбірім қалмайды. Айтып жеткізе алмайтын ерекше бір сезімге бөленемін. Аяқ астынан тынысым жиілеп, жүрегім бұлқынғандай болып, мен де торы тайға жанасқаниа асығамын. Бұл жолы да торы тайыммен сағынысып табысқандай болып, алдымен жал-құйрығын қасып, тұла бойын сылап-сипап шықтым. Сонсоң жүгендеп, ауылға қарай жетектеп алып жүрдім.

Ауылға жақындай беріп едім, бүйірдегі бұлақтан су алып келе жатқан әйел адам көрінді. Үстінде бұрама жаулықты кимешек, аппақ қардай жарқырайды. Бейне бір көк шалғынды кешіп келе жатқан аққу ма дерсің. Кимешектің үшкілдене біткен құйрықшасы жер сызып, бұрама жау-

лығы оқшырайып, әлгі кісіні айрықша сәулеттендіріп көрсетеді. Дәл қазіргі қалпында иығындағы иінағаш пен су толған екі шелектің өзі біртүрлі жеңілдеп кеткендей, тап бір әдемілік үшін көтеріп келе жатқандай әсер береді.

Жақындап келгенде таныдым, күйеуі соғыста өлген, жалғыз ұлы Алматыдағы дәрігерлік оқуда оқитын Айпара деген апай екен. Біз ол кісіні «Ай-апа» дейтінбіз. Ай-ападан көзімді алмай қарап келемін. Бір мезгілде маған мойын бұрып қарады да, іле жүрісін баяулатып, кідіргендей болды. Дәл сол сәт менің есіме бүгін ғана пионерге өткенім түсті. Іле құлағымның түбінен Сымат мұғалімнің. «Пионер болған соң, үлкендерге жол беру керек! Үлкен кісінің жолын кесіп өтуге әсте болмайды!» – деген дауысы саңқылдап қоя бергендей болды. Мен бейне бір жаза басып, зор қателік жасай жаздағандай, өзімнен-өзім абдырап: «Ай-апа, өтіңіз, өте беріңіз!» – деппін.

Сол кезде Ай-апа мүлде тоқтады. Сонсоң, иығындағы иінағашымен, оған ілінген екі шелегімен бүкіл денесін еңсере қозғап, маған қарай бұрды. Бұрды да тіл қатты: «Әй, балам! – деді, саңқ еткен дауысынан әрі қатқыл бұйрық, әрі мейірімге толы қамқорлық қатар естілгендей. – Бәсіре тайын баптаған азамат болар ма деп, жолыңды кеспей тұрмын! Бол өт тез, мына шелегі құрғыр иығымды езіп барады!»

Осы сөзді естуім мұң екен, менің тұла бойым еркімнен тыс дедектей жөнелді. Дедектеген қалымда торы тайымды сүйрей тартып Ай-апаның алдынан өте шықтым. Сол сәт пионердің міндеті де, Сымат мұғалімнің өсиеті де жайына қалды. Менің көз алдымда Ай-апаның бүкіл болмыс-бітімі бәрінен де айбарлы, бәрінен де құдіретті ғажайып бір киелі күшке айналып кеткендей болды.

Ұста

Ауыл-аймақтың бәрі Дырылдай ақсақалды «Ұста» деп атайтын. Содан ауыл балалары да ол кісіні «Ұста ата» деп атап кеткен. Ұста болғанда, тек көрік басып, төс соғып, темір таптаумен ғана айналысатын ұста емес, Дырылдай ақсақалдың қолынан бәрі келетін. Ол кісінің ұста дүкенінің іші-тысы ауыл балалары үшін бейне бір қиял-ғажайып дүниесіндей болатын. Ұста дүкеніне жақындай бергенде сегіз қанат үй орнындай жерге дөңгелете жаймалаған қара қорданың бықси қоздап жатқан қарамы көрінер еді. Мұны «қоз» деп атайды. Жақындап келсең негізінен қойдың қара құмалағынан үйілген қоз-қорданың қызуы бетіңді шарпиды. Қоздың әр жеріне қабықталған балғын талдарды сұғып

қойған. Ол талдарды, әбден қызу өтіп балқыған кезде, қоз төңірегіндегі қазық-қалыптарға салып, болашақ уық-кереге болатын иінге келтіріп қояды. Сол қазық-қалыпта тұрып иіні қатқан талдарды қылпылдаған жоңғарақпен сырылдатып жонғанда, әлгі иір-қиыр болып жатқан талдар көз алдында уық пен кереге сағаналарына айналып шыға келетін.

Қоздан әріректе, есік-терезе қалдырмай бітеу етіп шымнан қалаған төрт бұрышты жатаған жертөле үйшік көрінеді. Тал-терек салып жасқан үйшіктің үстін леп шықпайтындай етіп топырақпен бастырып тастаған. Үйшік төбесінің бір бұрышынан сорая көтерілген мұржа көрінеді. Мұржадан балар-болмас түтін лебі шығып тұрады. Бұл түтін бітеу қаланған үйшікке қайдан келіп жатыр деп қарасаң, он шақты қадам жерден қазылған жерошақты көрер едің. Сол жерошақтан бастап жер қуалай қазылған өзекше үйшікпен жалғасқан. Өзекшенің де үсті тал-шілікпен жабылып, топырақпен бастырылып, көлбей созылған пешмойынға айналған. Жерошақтан бықси жанған тобылғы мен қайың түтінін сол көлбеу пешмойын үйшіктің ішіне қарай суыра тартып алып кетіп жатыр.

Енді, осы «аузы-мұрны» жоқ үйшіктің ішінде не бар дейсіз ғой?! Оның ішінде шелдеп, түгінен арылтып, қатар-қатар керіп тастаған жылқы және серке терілері болады. Бұл терілерге тобылғы мен қайың түтіні әбден сіңгенде майы шығып, шыңылтырланып, сартап болып қата бастайды. Ондай күйге келгенін тап басып, біліп отыратын Ұста ата «мерзімі жетті-ау» дегенде үйшіктің төбесін ашып, әлгі сартап болып, сарысағызданған терілерді алады. Сонсоң олардан еміздікті саба, торсық, жанторсық, мес, көнек, кесеқап, бедерлі тебінгі сияқты, төрт түлік малдың сүмесімен күнелтіп отырған елге мейлінше қажет мүліктер жасайды.

Ұста дүкенінің төңірегіне тағы да зер салған адам шаңырақ иіні, арба дөңгелегі, шананың табан шабағы, кебеже, келі, келсап, күбі, адалбақан, диірментас сияқты мүліктердің дайын бола бастаған нобайын таныр еді.

Ал, енді, ұста дүкенінің ішіне кірсең шыға алмайсың. Мұндағы жамап-жасқауға, құрап-құрсауға, септеп-жалғауға алып келген мүліктердің өзі көз тұндырады. Олардың қатарында шүмегі ұшқан аққұман, ернеуі кетілген кәрлен кесе, сабы жарылған кездік, қапталы қаңсыған ер, құрсауы түскен күбі, топсасы кеткен білезік, тасы босаған жүзік, өрімі тарқатылған қамшы сияқты алуан түрлі зат-мүліктер самсап тұрады. Дырылдай ақсақалды былайғы жұрттың «Ұста» деп атап кеткені болмаса, әлгі заттарға қарап, ол кісінің әрі ұста, әрі зергер, әрі үйші, әрі өрімші, әрі етікші, әрі ерші, әрі ағаш шебері екенін аңғару тіпті де қиын емес.

Ұста атаның осы кәсіптерінің ішінде мені айрықша таңқалдыратыны мүйізден жасайтын мүліктері еді. Біріншіден, мүйізді ұқсатудың амал-әдістері қызық. Екіншіден, мүйізден жасалған мүліктер ерекше әдемілігімен көз тартатын. Сол себепті, мүйізден жасалған мүліктерге деген жұртышылықтың ынта-ықыласы да ерекше болатын. Ол кезде мүйіз ожау, мүйіз қасық, мүйіз табақ, мүйіз сапты кездік, мүйіз сап қамшы, мүйіз тиекті ішідер, мүйіз шақша, мүйіз тарақ, мүйіз түйме дегендер қолы жеткендердің ғана ұстайтын мүлкі.

Мүйіз-тұяқ атаулыны Ұста ата жыл бойы жинайтын. Жаз болса киік, арқар, қарақұйрық сияқты даланың қоңыр аңдарын аулайтын аңшыларға қадап айтып, қиыла тапсырып жүретін. Қыс түсе үй-үйді жағалап, күздікке сойған сиырдың, серкенің, қошқардың мүйіздерін, соғымға сойған жылқының тұяқтарын ерінбей-жалықпай жинай беретін. Сонда, көктем туа қораның бір бұрышы алуан түрлі мүйіз-тұяққа толып қалатын.

Содан көктем туып, жаздың лебі бел алып, ел жайлауға шығар кезде Ұста ата үй желкесіндегі бұлаққа барады. Бұлақ етегінің солқылдап жатқан шымдауыт жерлерін аяғымен әрі-бері басып көреді. Сонсоң, ми-батпағы қалыңдау-ау деген жердің шымын қат-қатымен ойып, бір шетке қалай бастайды. Солқылдап жатқан шымды ойып алғанда, арғы жағынан қара қорыс ми-батпақ көрінеді. Ұста атаға керегі де осы көкала сазды ми-батпақ.

Мұнан әрі Ұста ата ауылдағы балаларды жауып жіберіп, қора бұрышына жиналған мүйіз-тұяқтарды бұлақ басына тасытады. Мүйіз-тұяқтар тасылып біткен соң, Ұста ата оларды бір-бірлеп ми-батпаққа батыра бастайды. Алдымен ірілерін таңдап, арқар, сиыр, серке, қошқар мүйіздерін батырады. Сонсоң, ми-батпаққа ұсақ мүйіздер мен тұяқтарды тастайды. Егер, батпаққа батпай, көрініп жатқан мүйіз-тұяқтар болса, әрқайсысын күрекпен нұқып жүріп, оларды да батырып жібереді. Ең соңында, бағанағы қат-қатымен ойылып алынған шымды орын-орнына қайтадан жымдастырып қойып шығады.

Содан, жаз күшіне еніп, төл аяқтанып, ел жазылып жайлауға шығады. Бүкіл құрал-саймандарын бірнеше түйеге жүк етіп, елмен бірге Ұста ата да көшеді. Ол кісі жайлауда да тыным таппайды. Жаз бойы ауыл-аймақ адамдарының мың-сан өтініш-тілектерін орындаумен болады.

Сөйтіп жүргенде жаз да өте шығады. Қабағын түйіп күз да жетеді. Сары ала күз бен қоңыр күз түскенше қыстау маңайының отына мал тұяғын тигізбей, ықтырмалатып күзеуде отыратын малышлар қара күздің ызғары біліне қыстауларына көшуге мәжбүр болады. Елмен бірге қыстауға Ұста ата да көшіп келеді.

Қыстауға көшіп келіп, әбден жайғасқан соң, бір сәтті деген күні Ұста ата көктемде ми-батпаққа батырып кеткен мүйіз-тұяқтарды ұқсатуға кіріседі. Ол үшін қазандық тұрған бөлменің ішін артық-ауыс заттардан босаттырады. Төсеніштеріне дейін алдыртып, оның орнына екі-үш тулақ тастатады. Сонсоң, қазанға су толтыртып, қазандық астына қойдың сары қиын қат-қатымен қалатады. Қойдың сары қиы маздап жана бастағанда Ұста ата алдын ала дайындап қойған ауылдың екі-үш әлеуетті жігіттерін ертіп барып, ми-батпақта жаз бойы батып жатқан мүйіз-тұяқтарды алып келеді.

Мүйіз-тұяқтардың қауырт қимылды қажет ететін тұсы осы сәт. Өйткені, жаз бойы қара қорыс батпақта жатқан мүйіз-тұяқтар біршама жұмсарады екен де, оны тездетіп белгілі бір мүліктің нобайына келтіре қоймаса қайтадан қатып кетеді екен. Содан да болу керек, әншейінде сабырлы қалпынан танбайтын Ұста ата танымастай өзгеріп, осы ұршықтай үйіріледі. Екі жеңін шынтағына дейін түріп тастайды. Жанындағы жігіттерді де қысқа қайырым тілмен зыр жүгіртіп қояды. Олардың бірі тулақ үстіндегі миға малышынған мүйіз-тұяқтары жылы-шымшиым суға салып, тазартумен айналысса, келесісі қазандағы суды еселеп, енді бірі от қызуының қайтпауын қадағалайды. Ал, Ұста ата болса қазандық аузындағы маздай жанған отқа бетін беріп, қарама-қарсы жайғасады. Алдындағы темір тегеште білем-білем болып кесілген қойдың құйрық майы жатады. Әлсін-әлсін саздан тазарған мүйіз-тұяқтарды кезегімен қолына алып, бірер аударып қарайды да, саусақтарын лытылдата қимылдатып отырып, белгілі бір зат-мүліктің нобайына келтіре бастайды. Нобайлау барысында мүйіз-тұяқтарға қойдың құйрығын сүйкеп-сүйкеп жіберіп, отқа қарсалап отырады. Осылайша, аз ғана уақыт аясында арқар мүйізі – ожауға, серке мүйізі – қамшы сапқа, сиыр мүйізі – шақшаға, ешкі мүйізі – кездік сапқа, жылқы тұяғы – тараққа ұқсап, олары таза тулақтың үстіне топ-топ етіп түсіп жатады. «Саз көрген мүйіз икемге көңіш, қаңсымайды, өңі таймайды, әрін жоғалтпайды» – деп отырады Ұста ата.

Сөйтіп, мүйіз-тұяқтардың бәрі де белгілі бір зат-мүліктің нобайына келеді. Мұнан әрі Ұста ата сол зат-мүліктерді асықпай өңдеп, әрлеуге кіріседі. Бұл жұмысы аптаға, айға созылады...

Бірде, Ұста атаның қолынан шыққан зат-мүліктердің ішінен мүйіз ожауды көргенім бар. Мұндай әдемі мүліктің адам қолынан шыққанына таңқалмау мүмкін емес. Бейне бір шертіп тұрған қос анарын жасыра алмай, жұп-жұмыр мойнын қымсына иіп тұрған аққу-ару ма дерсің?! Менің мүйіз ожауға таңырқай қараған сезім күйімді Ұста ата да жазбай таныған. Сонсоң, өзі де мейірленіп, менің қазіргі қалтымды осы бір

гажайып еңбегінің өтеуіне балағандай, өзі де айрықша бір шат көңілмен тіл қатқан. Тіл қатқанда айтқаны зой: «Е-е, шырағым, бұл ожау – қадірін білмегенге – қу сүйек, ал қадірін білгенге – хан қызының жасауын келістіретін мүлік! Мұндай мүлікті ұстаған пенденің жүрегі нұрға толады!» – деп еді.

АУДАРМАЛАР

Лев Гумилев. «Этногенез и биосфера земли». 1979 ж.

«Кез келген табиғи ортаның өзгеріске ұшырауы жаңа әлеуметтік-этникалық психологияның үстемдік құруымен тікелей байланысты. Ең алдымен кез келген этнос барша болмысымен (биологиялық, психологиялық, антропологиялық, өмір-салттық т.б.) белгілі бір табиғи ортаның нәтижесі. Сол табиғи ортаға екінші бір бөлек табиғи ортаның нәтижесі болып табылатын этнос басып кіреді. Иә, тек қана зорлықпен басып кіреді. Себебі – қомағайлық, жеңіл олжаға қызығушылық өзгенің есебінен олжалы болу т.б.

Әр текті этностың араласқа түсуі, сөз жоқ, мың сан кереғар таным-түсінікті өзара шарпыстырады. Оның ауырлық-тауқыметін қара халық тартады. Ондай ауырлықтан құтылудың жолы екеу-ақ. Бірі – әрбір этнос өзінің кіндік тартып қалыптасқан ата мекеніне қайтуы керек. Жергілікті этнос үшін де, сырттан келген этнос үшін де бірден-бір дұрыс жол осы болғанымен, жүзеге асуы екіталай қиын шаруа. Екіншісі – тығырықтан шығудың басқа жолын іздеу. Бұл жолдағы ізденістің кез келгені өзінен-өзі қате жол болып шығады. Себебі, барша болмыс-жаратылысы бөтен этностың мүлде басқа ортадан үндестік табуы мүмкін емес. Басқа табиғи ортаға қоныс аударған этнос өзінің табиғи болмысын өзгерту арқылы ғана сол ортаны жерсіне алады. Өйткені, табиғат адамға ешқашанда бейімделмейді, адам ғана табиғатқа бейімделе алады. Сөйте тұра, ешбір этнос, әсіресе, басқыншы этнос ешуақытта өз еркімен табиғи болмысын өзгертуге көнбейді. Демек, өз атамекенінен басқа табиғи ортаға басып кірген өктем этностың қарсыласы өзінен-өзі сол табиғи орта болып шығады. Бұл орайда, сол табиғи ортаның байырғы тұрғындары табиғаттың бір бөлшегі ретінде өктем этносқа қарсы тұрады. Мұндай текетіресте өктем этнос сол келген ортасына амалсыз бейімделуі керек немесе сол келген ортасын өзгертуі керек. Бұл орайда табиғаттың өзгермейтінін ескерсек сырт күштің табиғи ортаны өзгертуі деген сөз өзінен-өзі сол табиғи ортаны жою болып шығады. Мұндайда, табиғаттың төл перзенті ретінде сол жердің

байырғы тұрғындары да не бірге жойылады немесе өктем этностың мәжбүрлеуіне орай болмысын өзгертеді. Жойылу үдерісі (процесі) бірнеше формада өтеді: тікелей қан төгіп қарсыласу арқылы жойылу, бөлек шаруашылық типін зорлап таңу арқылы жойылу, жат идеалға мойын ұсыну арқылы бірте-бірте ассимиляцияға түсуі т.б. Жойылудың бірте-бірте ассимиляцияға түсу формасы үшінші-төртінші ұрпақ үшін мейлінше қасіретті болады. Себебі, бірінші-екінші ұрпақ болашақта не боларын білмейді. Білген күнде өзгеріс енгізуге дәрменсіз, өктемдік жүргізуші дүлей күшті сілкіп тастай алмайды. Сонсоң, амал жоқ өз бойындағы өткен өмірден қалған, өткен өмір қалыптастырған идеалдың жұқанасын алданыш етеді. Ал, үшінші-төртінші ұрпақ болса, олардың өткені – жұмбақ, болашағы – үмітсіз халде күй кешеді. Міне, қасіреттің көкесі осы.

Қасірет шеккен этноспен бірге табиғат та солып, күйрейді. Себебі, кез келген этнос белгілі бір экожүйенің, яғни, геобиоценоздың нәтижесі. Бұл заңдылық өктем этносқа да барқадар таптырмайды. Себебі, өктем этностың өз қалауынша, өз көңілінің ұнатуынша өзгертемін, «жаңғыртып-жасартамын» дегені – шын мәнінде күйрету болып шығады. Бұл – өктем ұлттың ілгері басқан қадамының кейін кетуі деген сөз. Мұнан әрі өктем этнос өзі басып кірген табиғи ортадағы бұрыннан қалыптасқан таным-түсінікпен, парасат нормаларымен беттесіп, оларды жатсына бастайды. Этносаралық қырбайлық-қақтығыстар осы кезде басталады. Ең сұмдығы, мұндай шақта өктем ұлт үшін тыйым, ұят-аят, кісілік қасиет-кие деген ұғымдардың құны болмайды. Олар әкесін атып, шешесін аттап жүре береді.

Қашанда зорлық атаулы өзіне қарсыластар қалыптастыратын болғандықтан, жергілікті зәбір көруші этнос та қарсыласу барысында өктем этностың ең жаман қасиеттерін игеріп алады. Кейде жамандықты асырып та жібереді. Осынау этникалық идеалдар шарпысқан алашабыр ортада рухани мәдениет тұрақсыз, құбылғыш қалып танытады. Себебі, мұндай тобырлардың психикасы этникалық дәстүрден нәр алмайды, қара басының аңсарымен шектеліп, таза экзистенция жетегінде болады. Мұндайда адамдарды субъективті сенім иектеп, даңкеуде, өзімшіл, бетбақ-демагог қалыпта гұмыр кешеді. Яғни, этностар қойыртпағы – химералық этносты қалыптастырады да, идеялық жалаңаштыққа алып келеді. Ол да ештеңе емес, ұлттардың қойыртпағы бара-бара антижүйеге (антисистемаға) ұласады. Оның да өз көсемі, өз шешені, өз білгіші болады. Бұлардың бәрінде бір ғана сенім – өмірді тәрік етушілік сенімі болады. Себебі, олар жан жұбануын табиғи ортадан таппайды, тек қана өз жүрегінің эгоистік қалуынан табады...

Қысқасы, адам шіркін жерден бауыр көтергелі этникалық аралас-құралас болмай қалмаған зой. Сонда мына жұмыр жер неғып жарылып кетпей шыдап тұр деп қайран қаласың. Қайран қала отырып, табиғат шіркіннің ұдайы этностарды сұрыптап, адамдарды барша болмысымен дегеніне көндіріп, қайта қалыптастырып отыратынына бас иесің. Осы тұста, ғылым мен техниканы тірек етіп тайраңдаған ХХ ғасыр адамдарының болмыс-тағдыры өз алдына бөлек әңгіме... Бүгінгі адам тағдыры бар мен жоқтың арасындағы қыл көпірде тұрғандай. Бар болуы да, жоқ болуы да тек қана өзіне байланысты...».

* * *

Юрий Бондаревтің «Қас-қағым сәт» деген ұсақ миниатюралардан тұратын әңгімесінің аудармасынан:

«Дарыны шағындар қашанда танымал болуды көбірек күйттейді. Нағыз дарындар өзінің даңқынан ұдайы именіп жүреді. Дананың даңқы аңыз болып тарайды, суреткерді көзі тірісінде-ақ мәңгілік ететін шын өміршең даңқ осы болса керек.

– «Тынық Донды» айтсайшы. Міне күш, міне шындық! Міне, құдірет қайда! Былай қарасаң, бір адам жазған кітап, ал, сөздерін оқып көрсең, тап бір, барлық орыс бірігіп жазған ба дерсің. Әй, енді өзі де жүрегіңді тәуір-ақ шымырлатады-ау, әсіресе, Наталья мен Аксинияның өлімін оқығанда бар зой, пай-пай, айтары жоқ... Міне, бұл жерде Лев Толстойдың өзімен өрелес, тек біреуі дворян болса, екіншісі – қара халықтың ішінен шыққан қасқаның өзі. Рас па, өтірік пе, кім білген, бірде өзі өскен Донның бойында балық аулап отырыпты дейді. Бір кезде қармақтың қалтқысы бұлк етіп, бауы дыңылдай керіліп, қармақ сабы доғадай иіліп кетіпті. Бірақ, оны елең қылар Шолохов жоқ дейді. Төңірегіндегілер: «Тарт!» деп айқайлайды. Естімейді. «Тарт!» деп шулайды. Жоқ. Міз бағар емес. Бір кезде, абдырап орнынан тұрып, ұйқыдан ояңан адам сияқты ешкімді көзіне ілместен үйіне қарай дедектеп жүгіре жөнеліпті! Келген бетте есігін тарс жауып алып, бірнеше күн бойы шықпай қойыпты. Сірә, шабыт буса керек. Бұл гәптің рас-өтірігін кім білген, қалай болғанда да мұндай кітаптың арқалы шабытсыз жазылуы мүмкін емес.

...Осында, осынау үйде, бәрі де қарапайым. Құба төбел, мұнда дворяндық лауазымның даңқымен жиналған «графтық» дәулеттің ордасы жоқ. Үрім-бұтағы өскен үлкен жанұядан қалған заттар, қабырғада ілулі тұрған Репин, Ге, Крамскойлар салған портреттер, сөре толы кітаптар, жазу стөлі, сол бір күзгі түнде қасірет шеге отырып, өзінің

ақтық сөзін жазған соң сөндірген екі балауыз шамы, өзі отыратын қос кресло, сонсоң, даналардың данасы, азаптың ең ауырын арқалаушы шикі өкпе қалпында шыр етіп дүниеге келгенде алғаш жамбасына тиген, кейін Қырым жорығында желеп-жебеуші болған диван, жатын бөлмесіндегі қарапайым гантель, сонда тұрған көнекөз қолжұғыш – міне, осының бәрі де мен үшін ұлы тұлғаның өзі отырғандай, жай отырмай қуатты да құшырлы денесін қартқа тән майда баппен қозғап, құдайға лайық жанарын қасының астынан қадай қарап отырғандай, сонсоң, сәл жөткіріне көтеріліп, әжім торлаған балуан саусақтарымен балауыз шамды соңғы рет сөндіріп жатқандай елестеп кетті. Мен, тек қана, оның үні мен дауыс ырғағын елестете алмадым (сірә, сөз жоқ, ақырын сөйлесе керек), оның есесіне әр сөзінің мән-мағынасын, тіптен, сол сөздерді айтқан сәттегі көз жанарына дейін елестете алдым. Менің қайран қалғаным, талай рет иесіз қалған ауыл (деревня) үйлерін көргендегідей көңілім құлази берді, бірақ, барлық бөлмелерден тәннің тапжылмас рухын сездім, бір кездегі сүттей ұйыған үлкен жанұяның келмеске кеткен күндерінің шуақты елесі, үй иесінің қазымырлау болып қартайған шағында тұтынған қайырымы мол заттары, киім-кешегі, ол тыныстаған ауа, бейне бір болмыс пен өнерді танудың азапты жолынан өткен әлемдік ұлы адамның ойы мен сезімі, сенімі мен секемі мәңгілікке осынау үйдің өн бойына сіңіп кеткендей.

* * *

Толстойдың күнделіктерінен:

Жуырда тағы да әлдебір америкалықтың 2000 жылы көшелер мен жолдар, тағы басқасы қалай құлтырады деп келетін қиялын оқыдым. Сонда, осынау жабайы ғалымдарда прогрестің не екенін елестетер түйсік болсайшы. Бұйырмасын, нышаны да жоқ, олардың ойынша, соғыстың құруы тек қана материалдық прогреске кедергі жасайтындықтан көрінеді!

...Мен оларға өзімнің тықыршып күтетін арман-аңсарым, әрекет-ниетім жалғыз ғана прогресс – туысқандық пен сүйіспеншілік бірлігінің прогресі екенін, электрлендіру емес екенін айттым... Тіршіліктің тірегі де тек қана сол зой» (1895 жылдың 14 сәуірі).

...Егер өнер деген және оның мұраты деген бар болса, онда өнердің басты мұраты шындықты адамның жан жүрегіне жеткізе, тигізе айту болса керек, онда да жайдақ сөзбен айтып жеткізуге болмайтын құпиялар айтылса жөн. Сонда ғана, өнер болып шығады. Өнер де микроскоп сияқты. Алдымен, суреткер өз жүрегінің құпиясына үңіледі

де, сонсоң, әлгі құпияны жұртшылыққа жайып салады» (1896 жылдың 17 мамыры).

...Идеал деген жанның рахаты емес, жанның пәктігі» (1898 жылдың 1 қаңтары).

...Ақыл-ойдың міндеті адамзатқа қызмет ету. Сұмдықтың көкесі сол ақыл-ойды өзіңе қызмет еткізіп қоюда ғой» (1898 жылдың 24 тамызы).

...Ар дегеніміз жеке адамдардың бойына жинақталатын қоғамның жады» (1899 жылдың 2 қазаны).

...Ардың тағы да бір анықтамасы, өз ақыл-ойыңның құдіреттенуі болса керек» (1900 жылдың 12 шілдесі).

...Пушкиннен Гогольге дейінгі үлкенді-кішілі дарындардың бәрі де: «Жо-жоқ, мұнан да гәрі тәуірлеу етсе» деп тер төккен. Ал қазіргілер: «Ой, тәйірі-ай, осы жарайды» деп ысыра салады» (1909 жылдың 4 ақпаны).

...Адамдарды адамдардың игілігі үшін өлтіру деген таңқалдырар есуастық қой» (1908 жылдың 26 қазаны).

...Кеше сағат 12-ге дейін карта ойнадық. Ұят. Масқара. Біреулер: «Ұстаңызға болайын, тұяқ серпестен 3 сағат карта ойнаған» дейді-ау. Сонсоң отырып, шынымен-ақ: осының өзі қажет те шығар. Нағыз тәтті тіршілікке мойынұсыну осы болар деп ойлады. Енді қалай деп едің, генерал өзінше генерал болып, елші – елші сияқтанып, ал ұстаз – ұстаз ғана болып қалуы керек пе?! Мүмкін емес. Адам қашан да адам сияқты болуға тиіс» (1908 жылдың 15 қарашасы).

...Менің қолыма керней берілген, мен соны меңгеріп, пайдалануға міндеттімін» (1909 жылдың 12 қаңтары).

* * *

Василий Беловтың «Сұхбат» деген шығармасында мынадай бір барлық заманға лайық келе беретін сұхбат бар: «Ұлдың қолын мен де көрдім. Бірер ай күйеу баламның үйін қонақтадым. Содан, бір күндері күйеу бала оспақтап сөйлеуді шығарды: «Мынаны айтышы, – дейді, – осы әтеш неге ән салады деп ойлайсың?». Мен отырамын да: «Неге ән салады деймісің, ән салатын болған соң ән салады да. Өзі әтеш болса, қолынан басқа не келуші еді» – деймін. «Жоқ, – дейді, күйеу балам, – неге десеңіз, оның ән салатын себебі, ол жалғыз, үйленбеген».

* * *

...Мұстафа Шоқай Германияның билік орындарына жолдаған хатында: «Сіздер-немістер өздеріңізді Еуропадағы ең мәдениетті халықпыз деп

санайсыздар. Егер сіздердің мәдениеттеріңіз менің көріп жүргендерім болса, онда мен сіздерге тұтқындардың шеккен азабын көрулеріңізді тілеймін. Сіздер XX ғасырда өмір сүре отырып, XIII ғасырда Шыңғыс ханның жасаған зұлымдығынан асып түстіңіздер. Мәдениетті халық екендіктеріңізді айтуға хақыларыңыз жоқ» деп жазады. Осы хатты тапсырған СС офицері: «Пікіріңді тым тура айтыпсың, мұның артықтау емес пе?» дегенде Мұстафа: «Егер сіздер осыған байланысты маған ату не асу жазасын берсеңіздер – қарсылығым жоқ. Мұндай мәдени қоғамда өмір сүргеннен гәрі өлгенім артық» дегені жары Мария Яковлевна арқылы бізге жеткен.

Мөлтек ойлар

«Көңілдегі көрікті ой жанрдың қадір-қасиетін орнықтыру үшін жазылмайды, керісінше, сол ой-толғамның жосығы жаңаша жанрлық үлгіні дүниеге әкелуі бек мүмкін».

* * *

«... Алда базистік болмысты мүлде бөлек өмір салт күтуде. Еуразияның апайтөс даласында айдарынан жел ескен көшпелілердің қайталанбас өмір салты жиырмасыншы ғасырда бөлек арна тартты. Технократтық даму жеңді, табиғаттың өзіндей табиғи өмір салт жеңілді. ...Демек осынау тарихи дерттің ден демеуі үшін тегеурінді әрекетке көшіп, халықтың ғасырлар бойы қатталған ұлы мұрасын бүгін мен болашақтың игілігіне айналдыру ең киелі мұраттардың бірі болуға тиіс. Бұл тарихи дамудың қатал талқысында өз болмысыңды сақтап қалудың, келер күндерді ұлттық-этникалық төл қадір-қасиетіңмен қарсы алудың бірден-бір кепілі».

* * *

«...Қазіргідей құбылмалы заманда құбылмай ғұмыр кешудің өзі оңай шаруа емес. Бұл сияқты, адамдық қалыптың түзулігі, сөз жоқ, бойға біткен парасат қуатының тегеурінділігін танытады. Әрине, ондай тегеуріні, әсте, өзімен-өзі болып, томаға-тұйық қалмақ емес. Төңірегіне шапағат нұрын шашып, сасқанға сабыр дарытып, асқанды тәубесіне келтіріп отырмақ».

* * *

«Ескіні жаңаның ығыстыруы, жаңаның уақытқа қызмет етуі бұл – мәңгілік процесс. Осынау бірін-бірі жоққа шығарып жататын мәңгілік процестің үзілмей созылатын бір арқауы бар. Ол – дәстүр».

* * *

«Тарихи тағдырдың елегі шайқаған кезде оның тор көзінен ездер түсіп қалып, ересендер ғана іріктеліп, қоғам көшіне ілеседі».

* * *

«Бүгінгі таңда мәдениет туралы екі түрлі түсінік бар екен. Оның бірі – мәдениет пен өркениет біртұтас құбылыс деп қараушылық. Екіншісі – мәдениет санатына тек қана рухани-эстетикалық саланы жатқызушылық.

Мұның екеуі де жаңсақ ұғым. Абзалы, қоғам мен мәдениетке біртұтас әлеуметтік системаның әртүрлі аспектілері ретінде қараған жөн. Былайша, айтқанда мәдениет дегеніміз қоғамның өмір сүруінің міндетті қызметі болуы керек».

* * *

«Мәдениет дегеніміз – қоғам өмірінің дара бөлігі немесе оқшау саласы емес, керісінше сол қоғам өмірінің біртұтас қалпындағы мәнді де құнды айғағы».

* * *

«Уақыт мейлінше күрделі. Соңғы тынысқа дейін рухани мәңгүрттік-ке қарсы күресуден басқа жол жоқ. Технократтық даму ұлттық атаулының бәрін кеміріп, жалмап, обып құртып барады. Ішіңнен шыққан балаңа «біз осындай болып едік» деп нандыра алмайсың. Ал өзіндік қасиетінен айрылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті ғана. Сондықтан бұл жолда еткен еңбек пен төккен терді тәңірдің сыбағасына балай жүріп, өткеннің асылдары болашақ ұрпақтың жан жүрегін жылытуы үшін қол жалғап жіберу қажет-ақ».

* * *

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «жағдаят» сөзінің мына сияқты 5 түрлі мән-мағынасы көрсетілген: 1. Хал-ахуал, тұрмыс-жай; 2. Нақтылы жай-күй, қалып; 3. Кездейсоқ оқиға, іс; 4. Оқиға желісіндегі белгілі бір сәт кез; 5. Қолайлы мүмкіндік, ыңғайлы жай-күй». Осынау түсіндірмелердің жалпы мән-мағынасы күнделікте тұрмыс-тіршіліктегі өмірлік нақты оқиғалар туралы айтылатын әңгіме (жағдаят) дегенді аңғартады. Сондықтан да, «жағдаят» сөзі күнделікті тұрмыс-тіршілікте өмірлік нақтылы оқиғалар туралы айтылатын ауызша әңгімелерге атау болатын термин ретінде әбден ұрымтал деп білеміз».

* * *

Жаңалық атаулыға оп-оңай жұтылып кетпей, сол жаңалықтың ең озығын бойына сіңіріп, өзінше қорыта алатын дәстүрдің тұғыры берік, жұмыры ұзақ. Ал, жаңалықты бойына сіңіре алмайтын дәстүр – астан қалған, өлімге бой ұсынған ауру адам сияқты. Демек, көсегесі көгерер елдің дәстүрі өткенін тұғыр ете отырып, жаңамен тіл табыса да біледі.

Дәстүрдің де тозатыны болады. Егер, дәстүр атаулыға талғамсыз табынар болсаң, онда, штампқа ұрынасың. Сондықтан, күні өткен дәстүрді еш қиналмастан сілкіп тастап отырған абзал. Күні өткен дәстүрді Вахтангов «жақсы, бұзылмай сақталған мәйітке» теңеген.

Ең қиыны өткен мен жаңадан нені таңдап, олардың қай асылына табан тіреп отыру керек екенін білу. Бұл үшін бүкіл халықтық талғамның дәстүрі қалыптасуы керек. Онсыз шөре-шөре дегеннің аузына қарайтын тобырдың ортасында жұмыр өтеді.

* * *

Король Артур заманының бір болмашы деталі назар аударарды. Ол – Дөңгелек Үстел идеясының тууы. Әрине, дөңгелек үстелде төр болмайды. Демек, бірінен бірін артық санатқызатын бәсеке-бақастық та жоқ деген сөз. Сондықтан да, Артур корольдің Дөңгелек Үстеліне отыратындар өздерін ерлігімен, адамдығымен тең санайтындар.

Кез келген елдің жақсы қасиетіне назар аударғанда өз жұртыңның қасиетін де салғастырып отыратының болады. Қазақтарда да ауылдың алқақотан қонуы, үстелінің дөңгелек болуы, қораланып отырып кеңес құруы, дөңгеленіп отырысуы, тіптен киіз үйінің де дөңгелек болуы ерте-

ден бар дәстүр. Бұл да халқымыздың кісілік қалыбына ықпал еткен бір қасиет екеніне шәк болмаса керек.

* * *

Наурыз мерекесі күндері жыл берекелі болсын деп ыдыс атаулыны бос қоймайды, жақсылық бел алған күн зой, сәтіне қарай тартады деп алуан түрлі ырым-жоралғы жасайды, түс жорытады, жауырын-құмалақ аштырады, балалардың жасына қарай кекіл, тұлым, айдар қояды, қаз басып жүре бастаған жас нәрестенің тұсауын кеседі, мал тарыдай көп болсын деп қотанға тары шашады, бұл күнгі құдалық өмірлі болады деп құдалық айттырады, құйрық-бауыр жесісіп, төс тигізіседі, уәде байла-сады, жамандықты ала кетсін деп ескі-құсқы заттарды отқа жағады, өлік шыққан үйді, сырқат адамы бар үйді, індет келген қотанды отпен аластайды, теңдікті Тәңірдің өзі ұнатады деп қарыздан құтылады, өкпе-назды ұмытып бітімге келеді, жұтқа ұшырағандарға жылу жинап ел қатарына қосады, құл мен күнге азаттық береді, еркек пен әйелді күрестіреді, жаппай жаяу жарыс ұйымдастырады, барша жанды тең санайды, берекенің бастауы деп жеті түрлі дәмнен Ұлыс көже пісіреді, бұл күнгі тілекті Тәңір қолдайды деп бір-біріне жақсы тілек айтысады, бата беріседі, Ұлыстың құты деп шығар күнге ақ шашып, тәу етеді т.б.

Арада алтыс үш жыл өткенде дәстүрлі жаңа жылымыз – Ұлыстың Ұлы Күнін қайтадан тойлай бастадық. Әрине ниет дұрыс, тілек дұрыс, көңіл қалауы да дұрыс, халықтың қуануы да дұрыс...Алайда, арада өткен ұзақ үзіліс халыққа осынау ұлы мейрамның ұлы дәстүрін ұмыттырып үлгерген екен. Ел не істерін білмей, өздерін соншалықты ебедейсіз сезінеді. Тіптен неге жиналып, не үшін қуанып жүргендерін білмейтін сияқты.

* * *

Құнанбайдың әкесі Өскенбай төңірегіндегілердің насыбай атып, темекі тартуына мейлінше қарсы болса керек. Тіптен, бірде ауылындағы біреуді өзгеге көз қылып, насыбай иіскегенін қоймағаны үшін танауын бәкімен шекітіп жібертсе керек... Бұл жөнінде ел ішінде насыбай атып, темекі тартатындарға: «Өй, мұрыныңды Өскенбай кескір!» – деп ұрысатын сөз орныққан.

Арада жылдар өтіп, Өскенбай өлген соң Құнанбай насыбай атуды бастапты дейді. Бірде, көпшілік бас қосқан алқалы жиында елдің дуалы ауыз қадірлі адамы отырып: «Уа, Құнанбай, әкең Өскенбай еліңнің

тәнін таза, денін сау етемін деп, насыбай атқанға пышақ жұмсауға дейін барып еді. «Өзі жоқтың көзі жоқ!» деп, ата өсиетін аяққа баса берсек не боламыз?!» депті. Сонда Құнанбай тұт ағашының безінен ойылып, күміспен күптелген шынжырлы шақшасын бешпентінің қалтасынан алып, қимағандай бір ауық сипап отырып: «Бір ауыз орынды сөзіңнің садағасы... тастадым насыбайды!» – депті.

* * *

Б.Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегін жазуға өз заманының екі түрлі жағдайы себепші болған. Бірінші, Ыбырай ашқан мектептерде сол кездің талабы бойынша міндетті түрде дін сабағы өтуге тиіс еді. Әрине, бұл талапты орындауда да Ыбырай өзінің ағартушылық бағытынан жаңылмай, ислам дінінің канондарын таныстырумен бірге, негізінен, адамгершілік, имандылық, парасаттылық мәселесіне баса ден қойып отырады.

Кітаптың жазылуына себепші болған екінші жағдай, сол кездегі енді орныға бастаған жазба мәдениетімізде араб, парсы, әсіресе, татар сөздерінің көптеп енуі Ыбырай сияқты елінің ертеңін ойлайтын азаматты бейтарап қалдыра алмады. Тек, Ыбырай ғана емес, сол кездегі көзі ашық, көкірегі ояу қазақ зиялыларының қай-қайсысы да қазақ әдеби тілінің таза күйінде орнығуына айрықша көңіл бөліп, татардың дүмше миссионерлерінің халық тілін шұбарлап бара жатқанын уайым етті. «Орыс халқының византиялық дәуірді бастан өткергені тәрізді, қазаққа татар дәуірін бастан өткеру сияқты қатерлі белес тұр» – деп жазды Шоқан Уәлиханов. Міне, сондықтан да «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты еңбегін жазудағы мақсаты жөнінде Б.Алтынсарин былай дейді. «... біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін. Ал, екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін, мен соңғы кезде Мұхаммед шариятын үйрене бастап... осы оқу құралын құрастыруға кірістім».

* * *

«Қазақ даласында дәурен сүрген дәулеттің (страна), ұлыстың (держав), қағанаттың (империя), мемлекеттің (государство), хандықтың (царство), сұлтандықтың (княжество), орданың (отечество), әулеттің (династия) әр кез-кезеңде шаңырақ көтерген астаналары болған. Соңғы екі мың жыл аясында тарих анналына тіркелген ондай астаналардың

саны оннан астам екен: Солтүстік Ғұнның Құтыс қаған билеген кездегі астанасы Тараз. Бұл – жаңаша жыл санаудың алғашқы ғасырлары. Иісі түркілердің Алтай тауындағы астанасы Туғұн (Дуган) деп аталады. Бұл – VI-VII ғасырлар. Батыс Түркі қағанаты мен Түргеш қағанатының Шу бойындағы астанасы Суяб. Бұл VI-IX ғасырлар. Қарлық қағанатының астанасы Құлан – қазіргі Луговой. Бұл VII-X ғасырлар. Қыпшақ хандығының астанасы Сығанақ. Бұл X-XIII ғасырлар. Мұнан кейін XV ғасырда Қазақ хандығы шаңырақ көтерді. Сол кезден бастап Қазақ хандығына, Қазақ мемлекетіне, Қазақ еліне астана болған қалалар: Сарайшық, Түркістан, Орынбор, Қызылорда, Алматы, Астана.

* * *

Қазақ әдебиеті тарихының XVIII ғасырдағы Бұхар жыраудан, түркімен әдебиеті тарихының XVIII ғасырдағы Мақтұмқұлыдан, қырғыз әдебиеті тарихының XIX ғасырдағы Қалығұлдан басталды деп бізге кешеге дейін сіңірумен келді.

* * *

Шаруашылығын келістіре алмаған рулар ұдайы дәулетті рулардың ішіне сіңіп кетіп отырған.

* * *

Адам баласының өзін-өзі танып, дүние сырын түсініп, өзінің адам екенін орнықтыратын қасиеті – оның көркем және интеллектуалды шығармашылығы арқылы көрініс табады. Мәдениет дегеніміздің өзі де осы. Шексіз уақыт аясында дүниеге келіп-кетіп жататын адам болмысын қалай түсінуге болады? Оның арман-мұраты, мақсат-мүддесі, сезім-түйсігі, күйініші мен сүйініші, ақылы мен ақымақтығы, рахаты мен азабы, адамдығы мен алаяқтығы, ерлігі мен ездігі, әділдігі мен қараулығы... міне осының бәрі де ұлы суреткерлер дарынының арқасында сөз, дыбыс, бейне, қимыл түрінде көрініс табады да, рухани игілікке айналады.

Мәдениеттің өзекті мұраттарының бірі – қоғам болмысына сын көзімен қарау. Романтизм дәуіріндегі «қарғыс атқан» ақындар бүгінде саяси белсенді күрескерге айналған. Олардың күрескер рухы адамзатты сілкіп оятқандай.

* * *

Мәдениет аясында төрт жағдай айрықша назар аударады: 1. Адамдардың өзіне деген қатынасы; 2. Адамдардың өзара қатынасы; 3. Адамдардың өз еңбегіне қатынасы; 4. Адамдардың табиғатқа қатынасы.

* * *

Төлтума қасиеті жоқ адам – пенде, төлтума қасиеті жоқ ұлт – тобыр. Төлтума даралықты сақтау дегеніміз өзгеге ұқсастық пен өзгеден ерекшеліктің парқын білу дегенге саяды.

* * *

«Мәдени мұра» бағдарламасымен шығып жатқан, ұлыңа мұра, қызыңа жасау болуға татитын гажайып рухани қазыналар бірер мың ғана тиражбен жарық көруде. Қазақстанда 9 мыңдай мектеп, 15 мыңдай кітапхана бар. «Мәдени мұра» өнімдеріне осы орындардың да қолы жетпей отыр. Сонда өзінен-өзі сұрақ туындайды: осынау тарихи бастама не үшін қолға алынды?! Кім үшін жасалуда?..

Менің ойымша, «Мәдени мұра» сериясының кітаптары жоқ кітапхана болмауға тиіс! 2007 ж.

* * *

Рустам Ибрагимбековтің «Көшпелі» киносценарийі жайлы.

Әбілхайыр ханның сұлу әйелі Нұрбике өзі қымыз пісіп, өзі қымыз құйып, қонаққа қызмет етеді. Қате түсінік. Хан ордасында қызметші болады. Хан әйелі, әрі кетсе, қымызға қол жалғайды.

...Қабанбай батыр Абылай ханның үстіне кіріп келіп, 70 мың қалмақ әскерінің келіп қалғанын айтады: «Как же ты, хан, думаешь защищать славный город Туркестан?» дейді.

Сонда Абылай хан: «А кто сказал, что я собираюсь защищать эту гурду опустевших развалин? Я свое отвоевал. Ты же сам говоришь, что у контайчи сем туменев воиска... Пусть народ сам защищает свой город» дейді.

Қазақ хандарының тарихында мұндай кісәпірлік болып көрген емес. Қазақ хандарының дарындысы болды, дарынсызы болды. Ол табиғаттың ісі. Ал, халық тағдырынан қара басын бөлектегені болған емес.

...Мұнан әрі Қазан төңкерісіне арналған фильмдерден айнымайтын көрініс. Қабанбай батыр Түркістан қаласының аш-жалаңаш жалаңаяқтарын жинайды да, мешіттің мұнарасына шығып былай дейді: «Я не из вашего жуза, но мы все принадлежим к одному корню».

...Қазақ пен қалмақ батырының арасындағы жекпе-жек басталғалы тұр. Қазір қан төгілмек.

Жауынгерлер арасында өнімсіз қылжақ, қарқ-қарқ күлкі.

...Адам айтса нанғысыз жекпе-жек. Шарыш, қуып жүр, Жәнібек қашып жүр. Қашып келе жатып бүткіл сауыт-сайманын лақтырады. Содан тоқтай қалады да, «прием» жасап жіберіп, Шарыштың мойнын күтір еткізіп бұрап тастайды. Сонсоң, Шарыштың басын кесіп алып, көкке көтереді. Қазақ жауынгерлері дулығаларын аспанға атып қуанады.

Мұны жазған адам көшпелілер арасындағы соғыс алдында болатын жекпе-жектің жорасын, сыр-себебін мүлде білмейді деген сөз.

...Автор қазақты алты бақан алауыз ел деп түсінеді. Тіптен, Тибеттегі ламаның өзі Абылай ханға былай дейді: «Ваше беда в том, что вы, в отличие от джунгар, разрознены. Вам надо объединиться» дейді.

...Киносценарийде ел-жұрттың көзіңше, өгей шешесінің алдында қызды бас салып зорлап жіберу сөз емес. Немесе, қазақтардың жоқ нәрсеге бола итше ырылдасып, сарт-сұрт төбелесе кетуі де үйренішті жағдай. Автордың қазақ болмысы туралы мүлде дүбәраланған таным-түсінігі осындай.

Түйін сөз. Нағыз өнердің киелі шарты бар. Ол – өнердің ұлттық-этникалық болмыспен иендесіп жататыны. Сонымен бірге, өнердің кісілікті ой-идеясы мен талғам-өнегесі жалпы адамзаттық арман-аңсармен де үндесіп жатуы мүмкін, үндесіп жатуы қажет те. Кез келген адам әкесі мен шешесінің ғана перзенті емес, белгілі бір әлеуметтік-этникалық ортаның да бір бөлшегі. Бұл тұрғыдан келгенде өнер белгілі бір әлеуметтік-этникалық ортаның тарихи ахуалын шынышылдықпен бейнелеп қана қоймауы керек, сонымен бірге, сол әлеуметтік-этникалық ортаның шыңдалып-шымырлануына да ықпал етуге тиіс. Отаршылдық пен социдеология заманында әбден рухы жасып, этникалық арман-аңсары (идеялы) әбден алашабырланып, ұлттық нигилизм әр жүрекке әбден дерт болып байланып, сол індеттерден арылу бүгінгі тәуелсіздіктің баянды болуының кепіліне айналып отырған заманда қазақ халқы елдік еңсесін көтертер рухты өнерге айрықша зәру.

Р.Ибрагимбеков болса ұлттық-этникалық рухқа табан тіреуді мұрат тұтқан сценарист емес. Оның шытырман оқиғаларды ғана әуезе көрген, елсіз, жерсіз, тексіз сценарийлерінің Америка киношыларының қызықтыруында да осындай гәп бар.

Нағыз өнердің тағы да бір киелі шарты бар. Ол – өнер ешуақытта өзі объекті етіп отырған әлеуметтік-этникалық ортаның болмысы мен мүддесін тәрк етіп, өзгеге жағу үшін дүниеге келмеуі керек. Өкініштісі, қазақтың дүбәраланған рухани мәдениетін туындатушылар өз елінің ұлықтауынан гөрі, өзгенің «әп, бәрекелдісін» жоғары қоятын дерттен арыла алмай келеді.

* * *

Мүде қаған (ж.ж.д. 228-174) – Сиуңну (Ғұн) империясының негізін қалаушы, жеке тағдыры қызық та қасіретті оқиғаларға толы, қаталдығы мен даналығы қабат өріліп жатқан күрделі тарихи тұлға.

...Сиуңнулардың ата-баба дәстүріне негізделген азаматтық, қылмыстық заң жүйесінің өмірге келуі осы Мүде қағаннан басталады. Бірақ, бұл заңдардан қытайдың байырғы жазбалары арқылы бізге жеткені 4-5 бап қана.

Олар:

– адамға пышақ, не қанжар салып, өлімші еткендер өлім жазасына кесіледі;

– ұрлық жасаушының мал-мүлкі түгел тәркіленеді;

– жеңіл қылмыс жасағандардың беті тілінеді. Қазақтың «бетің тіліңгір» деген қарғысы осы Мүде қаған заманынан бүгінге жеткен бір белгі болса керек;

– ауыр қылмыс жасағандар өлім жазасына бұйырылады;

– қылмыстыларды қамауға алып, жазасын беру он күннен әріге созылмайды (Бірақ мемлекетте мұндай қамауға алынатын қылмыстылар онша көп болмаған).

* * *

Жүсіпбек Елебеков Алматыға алғаш келгенде елден алып шыққан ең қастерлі мүлкі ұлы Абайдың қылдан өрген шыбын қаққышы болған.

* * *

«Тек қана Кеңес заманында 5 миллион қазақ репрессия мен аштықтың құрбаны болып, 2 миллиондай қазақ шетелді паналауға мәжбүр болды. Қазір 4 миллионнан астам қазақ дүние жүзінің 32 мемлекетін паналап, тілі мен діні әртүрлі ортада гұмыр кешуде.

Бодандық кезеңінде табиғат байлығы қорқаулықпен тоналып, экожүйеге бейімделген дәстүрлі шаруашылық зорлықпен өзгертіліп, 1949-1989 жылдар аралығында 500-дей атом және сутегі бомбалары сыналып, Қазақ даласы экологиялық сүргінге (катаклизм) ұшырады.

Зұлымдықтың ұзақ өмір сүрмейтінін ақ бас тарих бұл жолы да қапысыз тағылым етті. Өзге ұлттар сияқты қазақ халқы үшін де отаршылдықтан құтылу мейлінше қиын болды. Ал, отаршылдықтың зардабынан арылу да батпандап кірген дерттің мысқылдап шығатыны сияқты, оңай емес екенін тәуелсіздіктің артта қалған жылдары көрсетіп отыр».

* * *

«Қазақстанға қандай демократия қажет дегенде жалтылдақ белсенділікке салынып жүрген кейбіреулер болса, тілі мен ділі бөлек, өмір-салты мен дәстүрі басқа, ең бастысы саяси-әлеуметтік тарихы мен шаруашылық-мәдени типі мүлде бөтен елдердің демократиялық үрдістерін тәу етіп, сол елдердегі демократиялық ұстанымдарды жіп-шырғасын шығармастан көшіріп әкеп, Қазақстанға орнықтыра қойғысы келеді. Мемлекеттің төл болмысымен санаспай, жат жұрттың саяси-әлеуметтік үрдісіне жалаң еліктеу, бейнелеп айтқанда, жылқыны шошқамен будандастыру арқылы жаңа тұқым аламын деп талпынғанмен бірдей әбестік».

* * *

«Рас, Қазақстан қазіргі этникалық алашабырлықты, яғни жүзден астам этникалық диаспоралардың қазақ жерінде ғұмыр кешуін Құдайдан тілеп алған жоқ. Бұл ахуал бұған дейінгі тарих толғағының нәтижесі, дәлірек айтқанда, бүгінгі қазақстандықтардың жазмыштық тағдыры. Осындай ахуалда, біз сол жүзден астам этникалық диаспоралардың әрқайсысының тарихи отаны бөлек екенін, тілі мен ділі дара екенін біле отырып, сонымен бірге сол этникалық диаспора өкілдерінің әрқайсысы сәл мүмкіндік болса өз еліне, өз отанына кетуге ділгір екенін көре отырып, олардың әрқайсысына сол тарихи отанындағыдай жағдай жасаймыз деп тыраштансақ, яғни, төл мәдениеті мен тілін көркейтіп береміз деп жалпаңдасақ және бұл әрекет-қылығымызды нағыз демократиялық үрдіс деп қописақ, онда мұнан өткен жалпақиешейлік болмас еді. Кез келген мемлекетте саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани біртұтас арман-аңсар (идеал) болса ғана ілгері дами алады. Қырық ру этникалық

диаспоралардың Бабыл (Вавилон) мұнарасын ұқсата алмай, быж-тыж болғаны тарих тағылымынан туған әпсана. Яғни, жүзден астам ұлттық диаспоралардың тарих толғағы маңдайларына жазған Отаны – Қазақстан болса, қазақ халқы сол ұлттық диаспоралардың жарастықты өмірлеріне ұйытқы болатын тірек ұлт. Тұрғылықты халық ретінде қазақтардың Қазақстандағы жарастықты өмірге ұйытқы болуы және қазақ тілі мен мәдениетінің Қазақстандағы барша ұлттық диаспоралар үшін тірек болуы, әсте, қазақтарға берілер артықшылық ретінде қабылданбауға тиіс».

* * *

Ең өкініштісі, Қазақстанда нағыз демократиялық мүмкіндік бола тұра, Қазақстан Үкіметі стратегиялық та, тактикалық та тұрғыда нақтылы ахуалмен санаса алмай, саяси жасқанишақтық танытуда. Ал, Қазақстандағы әртүрлі партиялар мен топтардың өкілдері болса, әлемнің өктем мемлекеттеріндегі демократиялық үрдістерді пір тұтқанды. Сөйтіп, өздерінің қарақан бастарының қам-қаракеттерін мемлекет пен ұлт мүддесінен жоғары қою арқылы демократиялық үрдістерді пендешіл пиғылдарына қолжаулық еткісі келеді. Бұлардың алғашқысы (Қ.Тоқаев бастаған Үкімет) саяси именшектік танытып отырса, соңғысы (Ә.М.Қажыгелдин және т.б.) қоғамдық сананы шұғыл бұрылыстарға бастауымен алаңдатып отыр.

* * *

Ғайбат сөз әлдебіреуге қатысты айтылса қынжылтады, ал тұтас елге қатысты айтылса шошытады. Білікті азамат деп жүрген Әкежан Қажыгелдин былай дейді:

«Еще несколько лет назад я доказывал, что политика властей Казахстана по отношению к русскому населению неадекватно и близорука».

«... Курс на вытеснение русских и несогласных с режимом казахов (которых становится все больше) и на создание моноэтнического государства проводится властями под воздействием инстинкта самосохранения»*.

* А.Кажегельдин. Правозащитная империя. «Известия», 12.04.2000.

* * *

Қазақстанда 7910 орта мектеп болса, таза қазақ тілді мектеп 3395 қана. Салыстыру үшін 42 пайыз орыстар тұратын Украинада орыс мектептері жалпы мектептердің 3 пайызын ғана құрайтынын айта кетуге болады.

* * *

«Жер туралы әңгіме өрбігелі «Жерге жеке меншік құқы болсын», «Біз өз жеріміздің қожасымыз», «Жер қазақстандықтардікі, қазақстандықтарды біріктіретін ұлттық идея, міне, осы» дегендей жалаң ұрандардың біраз адамды еліктіріп жүргенін көз көріп отыр. Мұндай желбуаз ұраншылдықтың басы-қасында Олжас Сүлейменовтің жүруі өкінішті-ақ. Әлгіндей ұраншыл сөздер жазатайым еленіп-ескерілер болса, онда Қазақстан жерінің тарихи иесі – қазақ халқының оңбай опық жейтіні ойлай білетіндерді күмәндандырмауға тиіс. 2000 ж».

* * *

Қазақстандағы 120-дай этникалық топтың санасында дәл бүгін қазақстандық патриотизм қалыптасып үлгерді десек, Құдай алдында да, тарих алдында да артық айтқандық болар еді.

* * *

Жәнібек, Керей заманынан кейін аттай үш-төрт ғасыр дербес мемлекет болып, ұлттық дара болмысын орнықтырған кезде Қазақ даласында мешіт жоққа тән еді. Ол діннің қатал конондары көшпелі өмір-салттағы қазақ болмысына терең даруы мүмкін емес еді. Себебі, ислам діні отырықшылардың діні. Мұның жарқын айғағы ретінде Африканың көшпелі елдері Эфиопияға ислам дінінің тек XII ғасырда ғана, Суданға XVI ғасырда ғана зорлықпен дарығанын айтуға болады. Осы орайда бәдеуилер де көшпелілер емес пе еді деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Рас, бәдеуилер көшпелілер, бірақ, олардың көшпелі өмір салты қазақтар сияқты жыл маусымының құрлықтық ырғағына бағынып, бойлықты қуалап көшетін өмір-салттан мүлде бөлек. Бәдеуилер бір жұтым су үшін кез келген уақытта бағытын өзгертіп отырса, сонымен бірге мешіттен көз жазбауға міндетті болса, қазақ көшпелілері жыл құсы сияқты бойлықты қуалап, мәңгілік көктемге ілесіп, жыл уағында мыңдаған шақырымдық алапты орай көшіп-қонып отырған.

...Патшалық Россияның отаршыл саясатын жүзеге асыруға ислам діні қолғанат бола кетті. Бұл ретте, Ресей империясы қазақ қауымы үшін ислам дініне миссионерлік міндет жүктеді. Ондай міндетті жүзеге асырту үшін ондаған, жүздеген татар молдаларын арнайы дайындықтардан өткізіп, Қазақ даласына жүйелі түрде аттандырып тұрды. Олар сауатсыз елдің санасын екі-ақ ауыз сөзбен арбап, патшалық Россияның отаршыл пиғылына мойын ұсындырды. Егер ислам дінінің өзекті постулаты: «Құдай бір, пайғамбар хақ!» – деп айтылатын болса, арнайы дайындықтан өткен татар молдалары: «Құдай бір, патшанікі уәжіп!» деген сенімді орнықтырады. Кешікпей-ақ қазақ қауымы үшін патшаның қалауы құдайдың қалауы ретінде қабылданатын болды. Сол тәрбиенің шет жағасын көріп қалған қазақ қарттарына күні бүгінге дейін «Ақ патша!» десең селк ете қалады.

Қыр қазақтарына арналған 1867 жылғы әйгілі заңнан кейін қазақ халқының көшпелі өмір-салты, сол өмір-салтпен шендесіп жатқан ішкі әлеуметтік-саяси құрылымы быт-шыт болып, елдің шырқы бұзылып, ру арасы бүлінген кезде патша әкімдері сахараны еркін аралап, төрелік жасауға шыға бастады. Сонда, бәрінің бір ауыздан таңқалып жазатыны қазақ халқының ислам дінін мойындамайтындығы болған. Ақмола генерал-губернаторы өте құпия деген грифпен жазған ресіми қағазында былай дейді: «... Киргиза хотя и называют себя мусульманами, но в свой частный жизни, как религиозном, так гражданском и нравственном отношении они не руководствуются ни «Кораном», ни шаригатом и никакие другими постановлениями могометанской религии, а своими народными обычаями... Будучи незнакомые с магометанским учением киргизы чужды фанатизма, легко уживаются с русскими» (ГАОО. 3-фонд, 9-тізім, 15406-іс, 1,1-парақ.).

...Осы орайда, ислам дініне бойұсынып, бағдар түзеуіміз өзінен-өзі дәстүрлі мәдениетіміз бен дүниетанымымызды ығыстырып, схоластика мен мистиканың бел алуына ұрындырмай ма деген алаң сезімнің мазалайтыны да рас. Біз қай заманда, қай ғасырда өмір сүріп отырғанымызды ұмытпауымыз керек. Қандай әлеуметтік сүргінге тап болсақ та, ендігі адамдардың көз жасын мистикамен құрғатып, көңілін схоластикамен алдандыру мүмкін емес.

Осының бәрін сезе отырып, республикамызда мешіттердің де бола түскенін, медреселердің де ашыла бергенін, «Құранның» да аударылғанын қаларедік. Сонымен бірге, ислам дінінің деимандылықты, сауапшылдықты, биік адамгершілікті насихаттайтын ықпалды қасиетін, керек десеңіз ұлтаралық ынтымаққа дәнекер бола алатын қасиетін мейлінше икемділікпен бүгінгі өмірімізге жарата білуіміз қажет. Тек мұндай

қадамдарымыз бұ дүниеде мұрты майланып, о дүниеде көңілі жайлануды қалайтын өзімізді көркеуделікпен емес, білікті білімдарлықпен, биік парасатпен жүзеге асса екен дейміз. Дін иелері халықты бақытқа бастар Алла жолынан жаңылмайтын зерделі, көреген болса екен дейміз. Ал, кез келген халықтың бақытсыздығы өзінің халықтық төлтума қасиеті мен мәдениетін жоғалтудан басталады. Бұл – бір құдайлық наным-сенім қалыптасқаннан бері адамзат баласы бастан кешіп келе жатқан ақиқат».

* * *

Мәдениет министріне ұлт мүддесі туралы жазылған хат. 1995 ж:

«Қазір Қазақстанда мәдениет туралы дұрыс ой-тұжырым орнықпай отыр. Біздің зиялыларымыз да, биліктің тізгінін ұстағандарымыз да не мәдениет пен өркениетті шатастырады, не мәдениет санатына тек рухани-эстетикалық саланы ғана жатқызады. Бұл мүлде қате түсінік. Адамның оң көзіне қарағанда сол көзінің «мәдениеттілеу» болмайтыны сияқты, біртұтас қоғамдық өмірдің біртұтас мәдени-рухани болмысын әсте жіліктеп қарастыруға болмайды. Егер, теориялық анықтамамен айтар болсақ, мәдениет дегеніміз әлеуметтік организм ретінде этностың дамуын қамтамасыз ететін институттанған адам қызметінің тәсіліне айнала керек.

Осынау басы ашық тәртіп-заңдылық бойынша Парламентте мәдениет туралы Заң қабылдану керек; сол заң бойынша мәдениет министрлігінің статусы белгілену керек; ол статус бойынша Мәдениет министрлігі ұлттық идеологиядан бастап, ұлттық менталитетке дейін, мемлекеттің мәдени-рухани болмысынан бастап, өмір-салтына дейін жауап беруі керек; жай ғана жауап беру емес, әрекетке көше алатын күш-пәрмені болуы керек.

... Социологтардың зерттеуінде, жас ұрпақтың қалыптасуына теледидар 47 пайыз, өз бетімен оқуы 10 пайыз, ата-ана тәрбиесі 15 пайыз, көше мен мектеп 20-25 пайыз ықпал етеді екен. Біздің қазақ жастарының қазір ұлттық қасиеті мейлінше «жансызданған». Мұндайда Қазақстанның қазіргі телесаясаты ұлт болашағының тура мағынасында тамырына балта шауып отыр деуге болады. Қазақстанның телесаясаты бұл қалпында кете беретін болса, енді бірер ұрпақ алмасқанда қазақ халқынан мүлде басқа ұлт жасап шығарады.

... Алматыдағы «Академкнига» дүкеніндегі ақша айналымының 98 пайызы шетелдік кітап өнімдерінен, 2 пайызы ғана Қазақстан кітап-

тарынан түседі екен. С. Торайғыровтың екі томдық кітабы 3 теңге, ал, жезөкше Мария туралы кітап 300 теңге. Шетелдік рухани экспансияның мұнан өткен сорақы мысалы болмас.

... «Азия дауысының» аты жақсы, заты «Афро-еуропа дауысы» болып өтуде. Оның үстіне халықаралық жарысты Қазақстанда өткізіп отырып, ұлттық талғам-танымымызды, салт-дәстүрімізді, тіл-ділімізді мүлде көрсете алмауымыз елдігімізге сын. Әзірше, «Азия дауысы» ұлттық беделді көтеруге емес, қорлауға, ұлттық өнерді дамытуға емес, дүбаралауға қызмет етуде.

... Мәдениет министрлігі бастама көтеріп, бір-бір ескерткішті қалпына келтіру (реставрациялау) шығынын бір-бір бизнесменге жүктесе. Нағыз отаншылдықтың шынайы меценаттықтың үлгісі сол болар еді-ау! Сонда, халық бизнесмендерге басын иіп өтер еді. Бабаларының аруағы оларды желеп-жебеп жатар еді. Ұрпақтары мақтан тұтып жүрер еді. Біздің бизнесмендер әлемді таңырқатар парасатымен әйгілі болар еді. Ең гажабы, ұлт мәдениетінің бір текті саласы көркейер еді.

...Бізде өлік жөнелтуді өрелістіру, оларға белгі қоюда бәсекеге түсу үрдісі етек алған. Бұл мейлінше жағымсыз қасиет. Мәдениет министрлігі мен Қазақстанның Діни басқармасы бірлесе отырып өлік жөнелтудің, өлік басына белгі қоюдың, бейіт көтерудің бүкіл халыққа ортақ үлгі-тәртібін белгілеп берсе игілікті іс болар еді.

...Мәдени-рухани ұмтылыстарымыздың барлық саласында батысшылдығымыз басым. Бізге Шығысқа бет бұратын мезгіл жетті. Мұның өзі шыққан тегімізбен қайта табысу ғана емес, шынайы тазарудың да басы болуға тиіс».

* * *

«Қазақ әдебиеті» газетіне берілген сұхбат, 29.03.2002 ж.

«Адамзаттық прогрестің бүгінгі деңгейінде қайдағы бір ұлттық томаға-тұйықтық туралы ойлаудың өзі күлкілі. Бүгінгі заманда ұлттық томаға-тұйықтық туралы қасиетке не шолақ ойлы адам иланады, не қарабасын күйттеген дүбара (маргинал) үреймен қарағанысып байбалам салады, не Қазақстанды геосаяси тобырлар мекеніне айналдырғысы келген қара ниеттілер ғана алаңдағансуы мүмкін.

Ұлт тағдырының туы болған сөз өнеріміз рухани бұғаудан құтылып, саяси-идеологиялық ноқтасын сытырған кезде рухымызды көтерер соны серпін танытудың орнына, өкініштісі, еркіндікті қарабасының өкпеназын хатқа түсіру деп ұққан үрдістің (тенденция) етек ала бастауы алаңдатады. Атап айтқанда, Әзілхан Нұршайықовтың, марқұм Бекежан

Тілегеновтың, Мұхтар Мағауиннің, Қабдеш Жұмаділовтің мемуарларын оқығанда осындай әсерде болғаным рас. Сөз жоқ, бұл қаламгерлердің қай-қайсысы да қазақ әдебиетінен өзіндік орындарын ойып тұрып алған, қолтаңбалары айқын, суреткерлік шалымдары тегеурінді, ой-өрелері қарымды екеніне ешкім де шек келтірмейді.

Менің пайымдауымда мұндай суреткерлердің мемуарлары сол көтерілген биіктерінің деректі айғағы болу керек еді. Көркемдік шеберліктерінің ғылыми публицистикалық жоруы болу керек еді. Ең бастысы нағыз өнердің үлкен идеядан ауытқымайтын қасиетінен жаңылмаулары керек еді. Қазақша айтқанда кесек тураулары керек еді. Әйгілі Ксенофондтың Сократ туралы жазған естелік-мемуарларынан басталған үрдіс солай болатын. Өзгені былай қойғанда, кәдімгі Сәбит Мұқановтың мемуары қоғамдық өмір шындығымен шендесіп, ұлт тағдырының панорамасымен астасып жатқан жоқ па. Әрі-беріден соң, мемуаршы жазушыларымыздың айтып отырғандарының бәрі шын-ақ болсын дейікші. Ау, ағайындар-ау, шындықтың бәрі бірдей ұрпаққа өнеге, ұлтқа үлгі бола ма екен. Мына фәни жалғанда кім мен кім түс шайыспаған, кім мен кімнің жұлдыздары қарсы болмаған. Оның үстіне тағдыр-тізгінің жаттың қолында болған ит заманда қай ісің қазақы кісілікпен орнына келіп еді! Қай дегенің болып еді! Әй, қойшы, айтты не, айтпады не, тым болмаса «араз болсам өзім аразбын, бірақ намысым араз емес қой!» дейтін қазақы кісілік бойымызда қалмаған соң не жорық...».

* * *

«Ұлт зиялыларының жүгі ауыр». «Ана тілі газеті. 2003 ж.

...Аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізіп, аузымыз қақпақтан, басымыз тоқпақтан арылғанда айналысар ісіміз осы ма еді?! Тәуелсіздік деген ең алдымен рухтың азаттығы емес пе? Рух азаттығы өз кезегінде жақсы мен жаманның, асыл мен жасықтың, даңқ пен дақпырттың байыбын бажайлауға жол ашса керек еді ғой. Рухтың азаттығын қайдағы бір пендешілік пиғылға қолжаулық етсек азаттықтың киесі атпай ма?!

... Мен де ет пен сүйектен жаралған адаммын ғой. Осы уақытқа дейін отыздан астам кітабым, екі мыңдай мақалам жарық көріп, еңбектерім оннан астам шет тілдеріне аударылып, ғылым докторы, профессор болғанда, осындай қиянатқа лайық па едім деп, пұшайман болдым. Жауап жазайыншы деп талай оқталдым. Тіптен, тоқталар деген үмітке беріліп, псевдониммен жауап жазғым да келді. Бірақ, ішкі уәжімнің қарсылығын жеңе алмай жүрдім. Ау, менің еңбектерім жұрттың көз алдында емес

пе?! Жарайды ол еңбектерімнің сәтті немесе сәтсіз шыққан тұстары болар. Алайда, хал-қадірімше халқыма, өнерге, ғылымға қалтқысыз қызмет етіп, үлес қоссам деген ниетімде қылаудай кінәрат болған жоқ қой. Алдағы жұмырымның да солай болып өтетініне күмәнім жоқ. Демек, баспасөз бетіндегі артық-ауыс ой-пікірлерге несіне шығбалақтауым керек деп ойлады. Жарайды, біреу оны, біреу мені қолдар. Тіптен, менің сөзім әндемді, қисынды шығып, қарсыласымды тосылттым-ақ дейінші. Сонда не ұтамын?! Онсыз да көзсіз көбелектей көрінген жылтырақты әуезе көрген көпшілікті ала көңіл еткеннен не пайда? Оның үстіне мына заман өз ішімізден жау іздейтін заман ба? Нағыз жау еш уақытта өз арамыздан шықпайды. Жаудың көкесін, қазірдің өзінде айқын байқалып отырған, сыртқы ықпалдан іздеу керек. Сырттың тегеурінді ықпалы тілің мен діліңді тықсырып, ас үй мен шошалаға қуып тыққанын көз көріп отырған жоқ па? Бұл үрдіс осылай меңдей берсе, енді біреу ұрпақ алмасқанда М.Мағауиннің мақтаған да, даттаған да еңбектерін оқитын пенденің қалмайтынын ойласақ еді. Онсыз да мына алақұйын заманда алақөңіл болып жүрген жұрттың санасына жарықшақ түсіріп, өзді-өзіміз өнімсіз даумен ара-дара күй кеішкенде түпкі нәтиже не болмақ?! Ел тағдыры, ұлт тағдыры, тіл мен діл тағдыры қыл көпірден өткендей күй кеішіп, басы жұмыр біз сияқты пенде былай тұрсын, тұтас халқымыздың болу-болмауы туралы сумаң ойлар секем алдыра бастағанда, қарақан басымыздың қадір-қасиетін кетіретін өнімсіз сөздің еш пайдасы болмас деп ойлады.

Оның үстіне М.Мағауиннің мен туралы жазған, ұйымдастырған 12 мақаласының да өн бойы жеке басты қорлаган, кекетіп-мұқатқан, тіптен былапыт-балағатқа ерік берген сөздерге толы екенін оқыған жұрт ұмыта қоймаған болар. Мен мұндай тәсілмен пікір өрелестіре алмайтын дәрменсіздігімді мойындаймын. Егер ғылым үшін, ұлт мүддесі жолында байсалды пікірталастар болса, мүлт кеткен тұстарымыз биік талап тұрғысында парасаттылықпен сыналып жатса, ондай ойдың додасына өзім-ақ тіленіп түсер едім ғой. Өкініштісі, олай болмады. Міне, осындай қисындар тосылтқан соң, осы уақытқа дейін үнсіз қалуға тура келді.

...Шынын айту керек, даудың басы менің «Қазақ әдебиеті» газетіне берген сұхбатымнан басталды (29.03.2002). Газет тілшісі: «Әдебиет мәселесінде Сізді не алаңдатады?» – деп сұрақ қойыпты. Бұл сұраққа мен былай деп жауап беріппін: «Ұлт тағдырының туы болған сөз енеріміз рухани бұғаудан құтылып, саяси идеологиялық ноқтасын сыпырған кезде рухымызды көтерер соны серпін танытудың орынына, өкініштісі,

еркіндікті қара басының өкпе-назын хатқа түсіру деп ұққан үрдістің етек ала бастауы алаңдатады мені.

Бұл пікір соңғы жылдардағы мемуаршылдыққа байланысты айтылып отыр. Атап айтқанда, Әзілхан Нұршайықовтың, Мұхтар Мағауиннің, Қабдеш Жұмаділовтың, марқұм Бекежан Тілегеновтың мемуарларын оқығанда осындай әсерде қалдым. Сөз жоқ, бұл қаламгердің қай-қайсысы да қазақ әдебиетінен өзіндік орындарын ойып тұрып алған, қолтаңбалары айқын, суреткерлік шалымдары тегеурінді, ой-өрелері қарымды екеніне ешкім де шәк келтірмейді.

Менің пайымдауымда мұндай суреткерлердің мемуарлары сол көтерілген биіктерінің деректі айғағы болу керек еді. Көркемдік шеберліктерінің ғылыми-публицистикалық жоруы болуы керек еді. Ең бастысы нағыз өнердің үлкен идеалдан ауытқымайтын қасиетінен жаңылмаулары керек еді. Қазақша айтқанда, кесек тураулары керек еді».

Міне, болған-біткені осы және қазір де осы пікірімдемін. Өйткені, осы мемуарларда рулық, тайпалық, жүздік жіктердің айқын көрініс тауып отыратынын, оның өзі қазақ қауымының арасында іштей қырбайлық туындатқанын, ол қырбайлық ызғарының әлі де сейілмей келе жатқанын былай қойғанда, М.Мағауин өз мемуарында Сәкен Сейфуллинді – «сырты ғана жылтыраған... құр кеуде. Сірә, іші және қуыс. Басы да қуыс... Бас жандайшап – Төңкерісшіл ақын» десе, Сәбит Мұқановты – «Алаш азаматтарын қорлаған» десе, Жұбан Молдағалиевті, Әбдіжәмил Нұрпейісовты, Тахауи Ахтановты – «рулық сана да жоқ, жіктік, топтық санасы ғана барлар» десе, Қажым Жұмалиевті – «жын ұрғандай құтырылған» десе, Шерхан Мұртазаны – «жау қашқан заманның батыры, қауіпсіз заманның қаһарманы» десе, Әнуар Әлімжановты – «плагиат» десе, Мүсілім Базарбаевты – «сұғанақ, қарақшы» десе, Саттар Имашевті – «қазақ рухына қарсы күрестің хас батыр, қарғыс таңбасы басылған» десе, сонда мен газет тілшісінің сұрағына осы үрдісті «дұрыс-ақ екен!» деуім керек пе?!

Жарайды, М.Мағауиннің бұл адамдар туралы пікірі осылай дейік. Ол пікірін өзгертуі керек деп талап қоюға да болмас еді. Бірақ, ағатайлар-ау, бір сәт қисынды уәжге ден қойып көрейікші, ел-жұрттың, жақын-жұрағаттың, келер ұрпақтың назарына ұсынылып отырған мемуардың ішіне әлгіндей ауыр сөздер жіберуге болмайды ғой. Әрі-беріден соң, бұны да менің өзімдік субъективті пікірім дейікші. Онда менің қара басым тиіспей-ақ, «бәтұасыз», «популист», «тыраш», «патриотсымақ», «ұрлықшы», «ештеңе оқымаған», «баукеспе», «ойы жетілмеген», «дилетант» демей-ақ, «әжетке жарап жатса, бауырындағысын» тартып аламын деп кіжінбей-ақ, айтылған пікірге орай қарсы уәж айтылса жөн

емес пе?! Алайда, маған қарсы жазылған 12 мақалада да мұндай үрдістің байқалмағаны өкінішті-ақ. Бұл мақалаларда мемуар туралы пікір өрбіту жайына қалады да, менің шығармаларымнан кемшілік-қателіктер сүзуді негізгі нысана етіп отырады. Ондай «қателік-кемшіліктер» әзірше төртеу. Бұл жөнінде қысқа-қайырым тілмен болса да өз уәжімді айтуға тиіспін және оқырман қауым алдында жауап беруім қажет деп ойлаймын.

...Мен әлемнің жетекші деген мәдениеттанушыларының еңбектерінің жілігін шағып, майын сорып, соның басым көпшілігінің дәмі таңдайыма татымаған соң, мәдениет туралы өзімнің төл тұжырымдамалық ойларымды көлденең тартып жүрген адаммын. Мүйіздері қарағайдай Шпенглер, Ясперс, Тойнби сияқты ғалымдар «түркі тектес көшпелілер мәдениет туындата алмайды» деген тұжырымдарын академиялық білімнің мазмұнына енгізіп жібергеніне қарамастан, мен өз еңбектерімде «көшпелілердің төлтума мәдениеті», «көшпелілер мәдениеті адамзат мәдениетінің құрамдас бөлігі», «көшпелілер тарихынсыз адамзат тарихы бүтін болмайды» деген ойларды талмай сұңқылдап қайталаумен, дәлелдеп жазумен келе жатсам, мұның бәрі жай ғана жаттанды сөздер емес, мәдениет туралы өз көкірегімде пісіп жетілген тұжырымдамалық ойлардың терминге немесе сөз тіркесіне айналған клишелері.

* * *

Қазір әрбір үш қазақтың біреуі – шетелдік.

Дәл қазір қазақ диаспорасының атамекенге қайтып оралуы тарихи ең қолайлы сәт әрі ең ұлы қажеттілік. Бұл мәселе үлкенді-кішілі деңгейде дәл осылай түсініліп, пәрменді әрекет-шарлардың жүзеге аса бастауы керек-ақ. Біртұтас халықтың бірнеше мемлекет қоластында бөлек-бөлек ғұмыр кешуін ешқандай саяси ахуалмен, ешқандай экономикалық немесе психологиялық қисынмен ақтауға да, алдарқатуға да болмайды. Бұлайша жалтаруды этникалық төлтума (самобытность) болмысы әбден жансызданып бітуге айналған қазақ халқының ендігі ахуалы көтермейді.

Шет елдердегі қазақтардың өз алдына дербес ұлт болып кетуіне қажет алғышарттардың бәрі де (тілі, дәстүрі, өмір-салты, саяси-әлеуметтік еркі, жері, өнері, оқуы, т.б.) құлдыраған (рецесивті) қалпымен танылып отыр. Яғни, төлтума қасиеті бар дербес ұлт болып қалатын мүмкіндік жоқ деген сөз. Демек, қазақтардың жеке-жеке жұтылуынан аман қалудың және ата жұрты Қазақстандағы ұлттық-мемлекеттік дербестікті сақтап қалудың бірден-бір жолы – бас біріктіру.

* * *

Халқымыздың салт-дәстүріндегі отқа май құю, отпен аластау, топырақпен, сумен ұшықтау, аруаққа сыйыну, күмбезді бейіт салу, айға табыну, жеті атаға дейінгі жанға үйленбеу, жылқы етін жеу, жылқы сүтін ішу, өлікке жыл уағы толғанда ас беру, әйелдердің еркіндігі, әйелдердің бетіне пәрәнжі салмауы, т.б. сияқты ұлт ретінде бізді даралап көрсететін мәдени-рухани қасиетіміздің баршасы тәңірлік діннің (дүниетанымның) айғағы.

* * *

Жаңа шаңырақ көтерген елдің іргесін бекітуге мүмкіндік бермей құртып жіберуді көздеген табғаш билеушісі «жабайыны жабайының қолымен құрту» саясатымен түркілерге көрші тоғыз оғыз халқын айдап салды. Бірақ, табғаш елінде болып, олардың қарсыластарын құрту үшін қандай әрекеттер жасайтынын жақсы білетін Тоныкөк асқан көрегендікпен бұл апаттың алдын алып, Тоғыла жазығында тоғыз оғыздардың әскерін тас-талқан етеді. Қолға түскен тұтқындарды Тоныкөк Құтылығ қазанға айтып, түгел босатып, еліне қайтарады. Оларға: «Түбіміз бір туыспыз. Өзара қырқысқаннан өзгеге жем болғаннан басқа пайда жоқ. Табғаш елі ортақ жауымыз. Сондықтан, соған қарсы күш біріктірейік. Бір-бірімізді өгейсітіп, көзге тұрткеннен тапқан олжамыз кәні? Бірігіп ел болайық, осыны айта барыңдар. Кімде-кім бірлік байрағын көтеремін, ата жауға қарсы бірлесіп күресемін десе, Отыкенге келсін. Біз сонда бірер күн еру боламыз» дейді. Тоныкөктің осынау сөзі қандастарының жүрегін жібітіп, оғыздар түгелдей түрік туының астына жиналады. Кейін бұл жөнінде Тоныкөктің өзі тас жазуда: «Осыдан кейін оғыздар өз аяғымен көтеріле келді. Келтіргендей-ақ келтірдім-ау» деп ризалық сезіммен сол кезді еске алады.

* * *

Ахмет Байтұрсынов ауылдағы екі жылдық, Орынбордағы төрт жылдық мұғалімдер мектептерін ғана бітірген болса да, Сәкен Сейфуллиннің айтуынша: «Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния

соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті. Ол замана ағымымен кетпей, өзгелер құсап қазақ халқын бай, кедейге бөлмей, тұтас жақсы көрді, намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады».

* * *

М.Тынышбаев 1905-1907 жылдары Ресей империясының қоғамдық-саяси өміріне белсене араласа бастайды, Ресейдің Екінші Мемлекеттік Думасына Жетісу облысынан депутат болып сайланады. Қазақ депутаттарының Дума трибунасынан Столыпиннің аграрлық саясатын сынаған үндері естіледі. Әсіресе, Бақытжан Қаратаевтың жасаған баяндамасы үлкен шу тудырады. Мұның аяғы 1907 жылдың 3 маусымындағы заң бойынша «еркіндікшіл» Дума таратылып, қазақтардың Мемлекеттік Думаға өз өкілдерін сайлау құқығынан айырылуымен тынады.

Содан М.Тынышбаев 1917 жылғы желтоқсан айында жарияланған Алаш автономиясы үкіметінің он бес мүшесінің бірі болады. «Алаш автономиясы аумағындағы уақытша жер пайдалану туралы Ереженің» жобасын қабылдауға қатысады.

Осының алдында ол бүкілтүркістандық IV-мұсылмандар съезіне қатысып, онда жарияланған Түркістан («Қоқан») автономиясының премьер-министрі болып сайланады. Түркістан автономиясын Кеңес өкіметі күшпен талқандағаннан кейін М.Тынышбаев Алашорда қайраткерлерімен тізе біріктіре отырып, азамат соғысы жылдарында қызылдарға қарсы күреседі. Бірақ, одан күткендей нәтиже болмайтынын көргеннен соң, 1920 жылдан бастап Кеңес өкіметінің жағына шығып, «буржуазиялық маман» ретінде Ташкентте, Қызылордада, Алматыда әр деңгейдегі шаруашылық мекемелерінде еңбек етеді. 1926 жылдан бастап Тұрар Рысқұловтың қолдауымен Түркістан-Сібір жолын салуға қатысады.

Халыққа азаттық әпермек болған істерінен нәтиже шықпай, кеше өзі қарсы болған қызылдарға қызмет етуге мәжбүр болған ол енді бар күшін халықтың тарихи санасын қалыптастыруға жұмсап, ғылым-зерттеу жұмысымен айналысады. Қазақ халқының арғы-бергі тарихына қалам тартып, бүгінгі күндері де маңызын жоймаған зерттеу еңбектерін жариялайды, қазақ шежіресін түзеді.

* * *

Тілдендіұлы Нұрғиса – қазақтың музыкалық мәдениетіндегі сал-серілік дәстүрдің соңғы тұяғы. Ол өнер туындату барысында уақыттың идеологиялық өктемдігіне, ассимиляцияшыл әсіре үрдісіне мүлде мойын ұсынбастан, өзінің Тәңір дарытқан төлтума қалпынан қылдай ауытқымай жүріп, шығармашылық даралығын сақтап қала алды. Көргенді күйттеп, естігенді жаттап отыратын оркестрлік қасаңдыққа Нұрғиса буырқанған шабыт еркіндігін дарыта білді. Бұл ретте, Нұрғиса сахараның ақ бас абыздары сияқты, өз үнін көп дауысқа тұншықтырмай, өз лебізін көп даңғазаға ілестірмей, қазақтың дәстүрлі музыкалық тіліндегі дарашыл қасиетті (монодийность) тәу етіп өтті.

* * *

Біз әлі жаңаша ойлауға, жаңаша сөйлеуге, тіптен шындықты айтуға дайын емеспіз. Ғасырларға созылған рухани экспансия ұлттық санамызды есеңгіретіп тастаған. Оның үстіне «жұт жеті ағайынды» дегендей, санамызға ықпал ететіндей жаңа оқулықтар шығара қояйық десек, қат заманға тап болып, қолымыз жіпсіз байлануда. Баршылық болған күнде шындықты жеткізе айта білу үшін де тарихи-әдістемелік, ғылыми-педагогикалық дәстүр керек, машық қажет. Ал, уақыт болса заулап өтіп жатыр, қайран ұрпақ аузы аңқиып, құлағы қалқиып, сол баяғы мәңгүрттік үрдісімен тәрбиеленген қалпы лек-легімен қатарға қосылуда. Ол аз дегендей, мектептерімізге кейбір дүмше молда келіп «Алла тағала еркекті саздан илеп жасаған, әйел оның қабырғасынан жаралған» деп, дәріс оқып кететін болды. Ол да ештеңе емес-ау, ағылшын тілі сабағында тек қана «Тәурат» кітабының оқиғалары оқытылатынын қайтерсіз. Бұл жағдай астанамыздың қақ төріндегі №136 қазақ орта мектебінен мысалға алынып отыр.

* * *

Анахарс скифтерде сыбызғышы (флейташы) жоқ, себебі оларда жүзімдік жоқ деген болатын* (мұнысы, сыбызғы тарту үшін, алдымен жүзім шарабына бауыр көппе болып қызып алу керек екенін емеурін еткені – А. С.).

* Аристотель. Сочинения в четырех томах. – Москва, 1978. 2-том, 280-281-беттер.

...Ол өлерінде «Элладада жүргенде маған ақылым қорған болып еді, өз елімде қызғаныштың құрбаны болдым-ау» депті.

...«Жүзімнің бұтағы үш түрлі собық сыйлайды» дегенді айтқан да сол зой. Онысы, рахат собығы, масайтар собық және жүрек айнытар собық.

...«Ғажап екен, – депті ол, – Элладада жарысқа өңшең жақсы мен жампоз түседі де, төрелігін қайдағы бір дәрменсіздер береді екен».

...«Ғажап екен, – депті ол, эллиндер тентекті тыю үшін заң шығарады, сөйте тұрып бірін-бірі төмпештегендерге сый-сияпат береді».

Кеме ағашының қалыңдығы төрт-ақ елі екенін білген ол: «Кемешілер өлімнен төрт елі қашықтықта жүреді екен» депті.

...«Дүкендегілердің көзі өтірік айтып тұрғанда, өтірікке тыйым салып болар ма?!» – депті ол.

«Ғажап екен, – депті ол, – эллиндер тойдың басында там-тұмдап ішеді де, қарындары толған кезде шара аяқпен сіміреді».

...Оның ескерткішіне: «Тіліңе, құлқыңыңа, тәніңе ие бол» деген сөз жазылған.

...Өлі мен тірінің қайсысы көп? – деген сұраққа, ол: «Жүзуші деп кемені айтамыз ба, кемедегі кісіні айтамыз ба?» – деп қарсы сұрақ қойыпты.

...Афиналық біреу оның скиф екенін бетіне салық қылыпты; сонда ол: «Мен үшін едім қайғы, ал сен болсаң еліңе қайғысың» деп жауап беріпті.

...Адам бойындағы бақ пен сорға бірдей себепші болатын не? – деген сұраққа, ол: «Тіл» деп жауап беріпті.

...«Татымсыз көп достан, табанды бір дос артық», – деген сөзді де сол кісі айтқан.

...«Базар – адамдардың бірін-бірі алдап, тонауы үшін әдейі ойлап тапқан орын», – депті ол.

* * *

...Өлімге бойұсынған мемлекеттің ән-күйі қайғылы, жаныңды құлазытады, ал халқының көрген күні корлық болып келеді* .

* * *

Шыңғыс ханның некелі әйелдері мен олжа әйелдерінің ұзын саны бес жүздей болған. Олардың әрқайсысын әр рудан алып отырған. Біразын моңғол дәстүрі бойынша құда түсіп алса, көпшілігін мемлекеттер мен тайпаларды бағындырған кезде тұтқынға түсірген.

* Сыма Цянь. – Москва, 1986, 5-том, 74-бет.

* * *

«Білім алу бір жарқын дүние емес пе, оған ұмытылған осы күнгі қызық дәуірдегі жастарға мол мүмкіндік бар. Тұтас халықты былай қойғанда, жеке адамда да өмірбаян болады. Өмірбаянды санадан өшіріп тастаса, таным жолын нәресте сияқты сүрініп-жығылып қайта бастауға тура келеді. Өткен өмірдің ащы-тұщы сабақтарына табан тіреу – халықтың сенімін орнықтырып, тарихи оптимизмін оятады. Бүгінгі толысуымыздың парқын біліп, жетістігіне марқайып, олқылығының орнын толтыру үшін халық өзінің рухани шежіресін жақсы білуді қажет. Қазақ халқы өзінің тамыр-тегін дәл қазіргідей ешбір заманда терең біліп көрген емес. Қоғамымыздағы толысқан саналылықтың жарқын айғағы бұл».

Әлкей Марғұланның студенттер алдында сөйлеген сөзінен.

* * *

Шалкөдеге барған сапарымызда мен қойын дәптеріме Жәнібек айтқан әндердің атауын түртіп отырдым. Кейін санасам, жүз жетпістей ән екен. Және де, ән болғанда қандай, шетінен Тәңірдің таңдайынан төгілген маржсан сияқты...

Жәнібекті жай ғана әнші немесе қазақ әнінің насихатшысы деуге ауыз бармайды. Маған қазақтың ән өнері адам кейпіне айналған Жәнібек сияқты болып көрінетін. Оның репертуарында дайындықсыз, мүдірмей айта алатын үш жүздей ән болатын. Бұл ретте, Жәнібек өзінің барша жаратылыс-болмысымен дәстүрлі классикалық ән өнеріміздің қоймасы сияқты, объектісі сияқты еді.

Жәнібек екеуіміз теледидарға қазақтың ән өнері туралы жаздырған хабарларымызда асқақ Біржанның, адуын Мұхиттың, мұңды Ақанның, шерлі Естайдың, арқалы Исаның, арманышыл Әсеттің, бойлауық Жамбылдың, сұлу Сәкеннің, сыршыл Кененнің, мінезді Қасымның әндері болатын.

* * *

Ұлттың рухани әлеміне бір адамның осыншама белгі-бедер түсіруін құдіреттің қолдауымен болатын ғажайыпқа балаудан басқа қисын жоқ. Лев Николаевич Гумилев айтқандай, халықты бір сападан екінші сапаға көтеретін, сөйтіп, сол халықтың қалтқысыз ықыласына бөленетін пассионар тұлғалар болады.

* * *

Осыдан екі жарым мың жыл бұрын ғұмыр кешкен Конфуций ғұламаның Сюнь-цзы деген шәкірті былай депті: «Егер белгілі бір елдің хал-ахуалын, парасат болмысын білгің келсе музыкасына құлақ түр депті. Сонда музыкасынан жаныңды әдилер сабырлы саз жетсе онда халықтың ұйымы жарасқан, мұңсыз, қамсыз өмір сүргені. Егер, музыка сергек, сенімге толы болса онда ел ішінде берік тәртіптің болғаны. Ал, егер, музыка тыңдаған бетте жаныңды еліктіріп, үйіре жөнелсе – ол қауіпті, онда, ел-жұрттың бейберекет, немкетті, әркімнің өзімішіл күйкі тірлікке малданғаны».

* * *

Тарих сілемінде XX ғасырдың өзіндік орны оқшау, тұлғасы дара. Сол даралықтың ең басты айғағы ретінде адамзат рухының тұтастана бастауын алдымен айтуға болар еді. Шынында да, жұмыр Жерді тұрақ еткен адамзат әулеті нәсілі мен ұлтының бөтендігіне қарамастан, діні мен тілінің бөлектігіне қарамастан, өмірі мен өнерінің оқшаулығына қарамастан тұңғыш рет XX ғасырда ғана өздерін тағдырластар ретінде сезіне бастады. Адам баласы осы XX ғасырдан бастап шын мәнінде өзін белгілі бір ұлттың ғана өкілі емес, адамзаттың өкілі ретінде сезініп, жұмыр Жердің кез келген түкпіріндегі жақсылыққа өз ошағындағы жақсылықтай қуанып, қасіретке өз шаңырағындағы қасіреттей күйінетін болды. Бұл үрдісті саясат, экономика және мәдениет саласындағы әлемдік байланыстар тіптен орнықтыра түсуде. Сөйтіп, адамзат әулетінің бұрынғы қырық ру, қырық жілік болып итырғылжыңмен өткен азапты жолынан мүлде бөлек, жаңа сапалы даму жолы нобай танытты. Бұл, сөз жоқ, сананың планеталық тұтастануының нышаны. Балкім, адамзат әулетінің көсегесін көгертетін үрдіс те осы болар.

* * *

«Шіркін-ай, қазақ студенттеріне қазақ тілінде лекция оқысам-ау!» дегенде Қоңырдың көкірегі қарыс айырылатын. Сабазым: «Қазақстанды жылына бір көрмесем ұйқым қашады» дейтін еді-ау... Сексенінші жылдардың бас кезінде Қоңыр бір келгенінде «Сарыарқаны көргім келеді» деді. Жер көру үшін поезды қалады. Сонда, терезеден телміріп, құба түзге қадала қараған жанарына жас іркіліп: «Қарнат жағындағы біздің боз даладан аумайды екен» деп еді.

Қоңыр 1992 жылы 22 шілдеде өз өсиеті бойынша денесі Қазақ даласына, Алматыдағы Кеңсай қорымына жерленді. Бұл бір, ел ішінде аласапыран өзгерістер болып жатқан кез еді. Қоңырдың мәйітін арнайы ұшақпен Алматыға жеткізуге Дағыстанның әйгілі ақыны Расул Гамзатов бастаған азаматтар көп қажыр-қайрат көрсетті.

...«Адам тағдырына көшбасшы болатын бір себептер болады. Менің өмірлік мақсат-мұратыма әкейдің бірауыз сөзі себепші болды. Ол кісі, сенің тегің – қыпшақ. Тамырың шығыстағы Ұлы Дала. Қалайда түптегіңді терең білуің керек деп отырушы еді. Осы сөзі маған өмір бойы дамыл таптырмай, жетелеп келе жатқан сияқты», – деп отыратын Қоңыр. Әкенің шежіре сөзі, өсиет-тілегі Қоңырдың киелі мінажатына айналғаны сонша, ол өзінің қойын дәптеріне, қолға ұстайтын қоржынының бауына Түркінің тас қашау (рун) жазуымен мынадай сөздерді жазып қоятын: «Қыпшақ, Құман, Тоқсаба, Құлан, Мандоки Қоңыр Ишван. Табынарым – Тәңір, тегім – түркі, елім – қыпшақ, ордам – Қарсақ».

...Қоңырдың тарихи-филологиялық білімі классикалық деңгейде еді. Бірде, біздің үйде отырып қазақ мәдениетінің ең текті қасиеті музыкасынан көрінеді деген пікір айттым. Қоңыр елең етті де: «Егер мүмкін болса маған ең көне музыкаларыңыздың нотасын көрсетіңізші» деді. Сол жерде Қорқыт күйлерінің нотасын көрсетіп едім, ол іркілместен кәнігі музыканттар сияқты ыңылдап, байырғы бақсы сарынын нотаға қарап отырып салып бергені. Осы жолы ол Құрманғазы күйлерінің нотасымен танысқанда айырықша тебіренді.

...Қоңыр мені жаңаша ойлауға үйретті. Мен социалистік идеология құрсауынан жұтқан қасаң догмалық індеттен құлан-таза айығып қайтқандай болдым.

...Қоңыр «Есіктен ергенек кетсе, иттен ұят кетеді» деген мақалды жақсы көретін. Сонсоң, мынандай бір тәмсіл айтатын: «Ертеде Кіші қыпшақтың кедейлеу бір жігіті басқа бір діндегі қызға гашиқ болады. Сонда қыз әкесі қыпшақ жігітінен: «Шырағым, біздің дінімізге кір. Сонда, қызым да, сиырларым да сенікі болады», – дейді.

Сонда қыпшақ жігіті: «Мырза, кімде-кім мал мүлікке тапшы болса, сол кісіге аманат берілмеуші ме еді!», – деген екен».

Қоңыр осы тәмсілді айтып, «Түркі-қыпшақтар ғана мұндай уәжді көлденең тарта алады» дейтін.

* * *

Өмір-тіршілігіміздің барлық саласында тоқырау кезеңінің желбуаз даңғазасына наразылық болып бақты. Мәселен, тағы да жаңағы мал шаруашылығын алып көрелік. Бойында сан ғасырдың еңбек тәжірибесі

бар қойшылар жоғарыдан түскен қисынсыз бұйрықтарға қарсыласпай қалған жоқ. Олар ең алдымен мал өрісін әкімшілік-аумақтық аямен шектемеу керек деп қарсыласты. Қазақтың қысы қатты, жазы қуаң, селеулі даласына ақ қой жармайды деп қарсыласты. Қыста қой төлдету малдың тұқымын аздырады, арамза болады деп қарсыласты. Қойдың астын көктемде трактормен бір-ақ рет тазалау зиян, қи өссе мал іш тастайды, сондықтан қиды екі айда бір ойып отыру керек деп қарсыласты. Малдың өрісін тарылтпа, қуаң даланы орынсыз жыртынау керек деп қарсыласты. Мал жаяудың әрі қиын, әрі мол тәжірибені керек ететін жұмысына он екіде бір гүлі ашылмаған мектеп оқушыларын еліктіріп алып келуді тоқтат деп қарсыласты. Шаруашылықты ірілендіру деген желеумен бөлімшелерді жаппаңдар, ондағы бастауыш мектептерді таратпаңдар, балаларды интернатқа беріп, тірі жетім етпеңдер, ата-ананың ұлы мейірім-тәрбиесінен айырмаңдар деп қарсыласты. Қой отары іріленген сайын қой азады. Бастауыш мектеп жабылса малшылар қашады деп қарсыласты... Қысқасы, өміріміздің барлық садасында халықтың тарихи тәжірибесі мен тоқыраудың дүлей күші осылай қарсыласып бақты.

* * *

Соңғы екі-үш жылда Құранды мен де тиіп-қашып аударып жүрмін. Бұл істі Мүсірепов Ғабит ағамыздың ақылымен бастаған едім. Ол кісі маған XVIII ғасырда Германияда шыққан «Құранды» сыйлаған болатын. Менің университетте үш жыл араб тілін оқығандығым көп септігін тигізді. Аударманы араб, орыс, түрік, ұйғыр және татар тілдеріндегі нұсқалар бойынша жасадым. Осы тілдердегі барлық жетістіктерді қазақ тілінде пайдалануға тырыстым. Бірақ, өкінішке орай, соңғы кезде баспасөз беттерінен «Құранды» бас молдамыз аудару керек, «Құранды» аударушының арнаулы діни білімі болу керек деген пікірлер естіліп қалып жүр. «Құран» сияқты тарихи, мәдени, керек десеңіз, ғылыми мәні жоғары еңбекті қарабайыр аударуға болмайды. Бұл басы ашық ақиқат. Сондықтан да, дүниежүзілік тәжірибеде «Құран» мейлінше жауапкершілікпен аударылып отырған. Алысқа барай-ақ қояйық, «Құранды» аударту ісіне іргеміздегі өзбектер филология ғылымының докторына, әзірбайжандар филология ғылымының кандидатына тапсырды.

* * *

Философиялық-эстетикалық зердесі дамыған елдер боғын боталы түйе қылып жатқанда, біз классикалық туындыларымызды өзге былай

тұрсын, өз оқырманымызға таныта алмай, діңкеміз құрып келе жатыр. Әріні айтпай-ақ, соғыстан кейінгі қазақ әдебиетінің тұлғаларын ой көзімен шолып өтсек, бұл сөзіміздің шындығына көзіміз жетеді. Мұхтардан Әбішке дейін, Әбділдәдан Мұқағалиға дейінгі әдебиеттің айтулы өкілдері... Демек, барды бағалай алмай жүрсек, бардың парқын тани алмай жүрсек, ол басқа әңгіме.

* * *

Гайдн жас кезінде тек «мен» деп сөйлейді екен. Есейе келе «мен және Моцарт» дейтін болыпты. Орта жасқа келгенде «Моцарт және мен» дуді шығарыпты. Ал тоқтасқан кезінде тек қана Моцарттың атын атайтын болыпты.

* * *

«Байырғы грек поэзиясының тұңғышы Гесиод қой жайып жүргенде Тәңірия келіп, сұлу сөзге баулып кетеді екен. Құдай тектес Платон ұйықтап жатқанда аралар ұшып келіп, ерніне бал жағып кететін көрінеді. Жеті жасына дейін мылқау болған Төле биге түсінде аруақ аян беріп, «сөз аласың ба, бөз аласың ба?» деп асасымен тұрткенде, бала Төле «сөз аламын» деп сөйлеп тұрып еді дейді. Әйгілі Жанақ ақын нәресте кезінде бесігінің басына қобыз байламаса, шошып ұйықтамайды екен...».

* * *

Қарағандыдағы Нұркен Әбдірев көшесіндегі облыстық жасөспірімдер кітапханасында болдым. Аяққа құйған астай әдемі ғымаратқа орналасқан екен. Кітап қоры, ішкі тәртіп-талғамы ойдағыдай. Бірақ, бұл кітапхананың ішінде 20-ға толар толмас қана қазақ кітабының бар екендігі менің жанымды түршіктірді. Рухани мәдениет халық үшін жасалады. Ал, рухани мәдениеттің ең басты айғағы – кітап. Біздің болашағымыз – жастарға арналған осынау облыстық кітапханада қазақ кітабының жоққа тәндігі осы облыс басшыларының түрегеп тұрып жауап беретін қылмыспен пара-пар кемшілігі. Мұндай кемшілікті көрген соң, облыстық Гоголь атындағы академиялық кітапханасына бардым. Ондағы көрініс те көңілді желпінте қоймады. Рухани қайта құруға Қарағанды облысындағы ел тізгінін ұстаған азаматтардың жете мән бермей жатқаны мені қатты қынжылтты. Мал өледі, дүние тозады, адамды адам ететін өлмейтін, тозбайтын қасиеттер. 1990.

* * *

Табиғат ешқашан адамға бейімделмеген, қайта керісінше тіршілік атаулы табиғатқа бейімделіп қана ғұмырын ұзартып келеді. Қазақтың қу медиен даласының табиғаты қатал. Бұрынғы бабаларымыз сол далада күн көрудің амалын табиғатпен мейлінше үйлестіре білген. Олар ауыл-ауыл болып, былайша айтқанда, қауымдасып-қауғаласып ғұмыр кешті. Түптеп келгенде, ру-тайпалық жүйенің пайда болуының алғы шарты да осы ұжымдасып тіршілік құру қажеттігінен қалыптасқан. Бұл ретте, ғасырлар сынынан өткен қазақ ауылдары тек материалдық игіліктердің ғана ұйытқысы емес, сонымен бірге, мәдени-рухани өмірдің де қайнар көзі, бастау тірегі. Қазақстандағы ғылым докторларының 85-90 пайызы, қоғам қайраткерлерінің 70-80 пайызы ауылдан шыққан, қазақша оқыған азаматтар екен. Ендеше, бүгінгі ауылдың күйреуі біздің ұлттық қасиетімізге, рухани қайнарымызға кері әсер етуге тиіс. Социализмнің өзі ауылды жоя алмады. Енді келіп жекешелендіру жүргізіп, не болсаң ол бол деп тастап кету дұрыс емес. Әлі де болса, ұйымдастыру мен көмек қажет. Олай дейтінім, Қазақ даласының табиғи экожүйесі, әсіресе, ауыл шаруашылығы ұжымдасып тіршілік құруды ғана қажет етеді. Ал, нарықтық жүйе бел алып, жеке кәсіпкерлер үстемдік құрғанда қазақ халқының бұрынғы этноұтастығына, туыстық-бауырмалшылығына міндетті түрде салқыны тиюге тиіс. Яғни, қазақтың бұрынғы рулық-енишілестік дәстүрі, оның адамдарды ұйыстырғыш қасиеті екінші кезекке ығысып, оның орынын бірыңғай пайда табуға негізделген нарықтың заңы алмастырады. Сөйтіп, өзінен-өзі қанаушы және қаналушы тап пайда болады. Мұндай қоғамдық қатынаста ең басты «құндылық» ақша ғана болады. Бұл әкені ұлына, шешені қызына жат ететін қоғамдық құрылыс екенін біз жақсы білеміз. Біз ауылды күйрету арқылы, халқымыздың ғасырлар сынынан өткен, ең бастысы экожүйеге мінсіз бейімделген іргелі тәжірибесі мен тағылымын тәрік етіп отырмыз. Мұның салдарын бүгінгі жер басып жүрген ұрпақ соншалықты сезіне қоймауы мүмкін. Алайда, қоғамдық-әлеуметтік қатынастың құбылуы, яғни, шаруашылық-мәдени типтің өзгеруі, сөз жоқ, этнос сапасының өзгеруіне алып келетіні хақ. Мемлекеттік өреде түбегейлі ойласып атқаратын істің ең маңыздысы осы болуға тиіс.

Ауылдың қалыптасқан инфрақұрылымын бұзуға болмайды. Әсіресе, бөлімшелердегі мектептерді жаппау керек. Адамның өзі баласы үшін өмір сүреді. Егер, мектеп жабылса олар ауылды тастап, мектебі бар басқа елді мекенге көшеді. Ал, халқы көп шоғырланған ортада бірден-бір күнкөріс көзі болып отырған малын сыйдыра алмайды. Малдан басқа

кәсіппен айналысудың орайы да келе бермейтіні белгілі. Сөйтіп, қазақ қарақан басын қарақтап, бір-біріне жат болып шұбырады да кетеді. Бұған жол беруге болмайды. 1997.

* * *

Адамға қатысты айтылғанда, маргинал немесе дүбәра дегеніміз сыртқы өктем күштің әсерімен ассимиляцияға түскен бейбақтар. Содан да болар олар өз ұлтының өлігінің үстінде тұрып, өктем күштің жырын шабытпен жырлай береді. Маргиналдар өздерін білімдар, парасатты, ұлтишыл, діндар етіп көрсетуге қатты тыраштанады. Бұл жолда олар икемді де ілкімді келеді және ұдайы өз бойындағы дүбәралықты жасыру үшін ұлттың ең киелі қасиеттеріне жармасады. Егер маргиналдар ақын-жазушы болса шығармаларына «аруақ», «тұмар», «аруана», «Тәңір», «Ұмай-ана», «қара жер», «көк аспан», «тұлпар», «арғымақ», «ару» сияқты киелі атаулар мен ұғымдарды оңды-солды қолданып, қисынды-қисынсыз судай сапыруды әуезе көреді. Бірақ, сол киелі атау-ұғымдардың мән-мағынасын еш уақытта халықтық таным-түсінік өресінде түсінбейді, түсінбеген соң кісілік қалыптарында (норма) басшылыққа алмайды. Яғни, олардың адамгершілік қарым-қатынасын ұлттық қадір-қасиеттер реттемейді. Сондықтан да оларға белгілі бір мақсатқа жету үшін айла-әрекеттің бәрі оңтай.

* * *

1907 жылы Нью-Йоркте Пуччинидің «Чио-чио сан» операсын тыңдаған жапонның атақты сыншысы пікір сұрағандарға: «Жапон тыңдаушылары үшін Батыс музыкасы тым күңгірттеу, керек десеңіз, әйгілі Карузоның өзінің ән салғаны алыстағы орман арасынан үрген иттің дауысы мәнзелдес», – деп жауап берген екен. Дәл сол сияқты А.В.Затаевичке Асанқайғының зары мен Жаяу Мұсаның жоқтауы («Сапар») бұл дүниедегі ең көңілді музыка болып естілген. Демек, қазақ музыкасы туралы пікір сырттың қандай дуалы аузымен айтылса да, оны төлтума өнеріміздің түпкілікті бағасы ретінде қабылдауға асықпаған абзал. Өкініштісі, біздегі өнер иелерінің арасында өз халқының бағасынан гәрі өзге жұрттың «ән, бәрәкелдісін» жоғары қоятындар бар екенін жасыра алмаймыз. Одан да өткен өкініштісі, өзге жұрттың үлгісінде өнер көрсетіп, өзге жұрттың музыкасын орындап, сол жолда жеткен жеңісі мен шыққан биігін ұлттық өнеге, идеял ету үрдісі бүгінгі таңда бел алып барады. Бір сәт ойланып көрейікіші, егер, репертуарында 200-дей музыкалық шығарма бола тұрып, соның ішінде екі-ақ шығарма қазақ

музыкасы болса, оның өзі түпнұсқа (аутентті) қалпында орындалмаса, осыдан кейін ондай өнерпазды қалайша қазақ музыкасының қайраткері ретінде қабылдауға болады?

* * *

«Келеді күн жауғалы бұлт айналып,
Шешеннен сақау озды тіл байланып.
Тұлпардан мәстек озып бәйге алғаны –
Дүние, кеткенің бе шырқ айналып...» –

деп Бұқар жыраудың жырлағаны бар. Расында, жапалақты сұңқар, жабыны тұлпар деп айта салу оңай болып барады. Біз құндылық бағдарымыз бұлыңғыр тартқан заманды бастан кешіп отырмыз. Әйтпесе, байқап қарашы өзің, тәуелсіздік алғалы, міне, он бес жыл болды, он бес жылда он бес рет әліппе шықты, ішінде бір батырымыз жоқ. Бұдан соң қайдан елдің рухы өседі? Өсіп келе жатқан ұрпақ түс көріп рухтана ма? Түс көріп, қаһарман бола ма? Ол мүмкін емес қой. Бізге алдымен құндылық бағдарын айқындап алу керек. Шын асылдарды танып, таңдап, саралап, өтірік бопсаламай, оны біздің төл тарихымызға енгізу керек. Мәңгілікті жырлаған күйлерімізді, жырауларымыздың рухты сілкіндіретін поэзиясын, жалпы, ұлтымыздың асқақтығын көрсететін ұлы мұраларымызды жаңғыртып, насихаттауды жолға қою керек. Ғасырлар аясында қазақ халқы туындатқан төлтума мұралар, керек десеңіз, өзгеде жоқ мұралар, шүкір, баршылық. Бір ғана мысал, мүйізі қарағайдай орыс халқында эпос жоқ. «Игорь жорығы туралы» жыры бар-жоғы 7-8 беттік баллада. Ал, біздің мың беттік, бес жүз беттік жырларымыз – біреу-екеу емес, жүздеген және ол біздің әріден келе жатқан түркілік рухымыздың айғағы. Сол сияқты, қазақта сандаған ғасырдың дыбысқа айналған айғағындай мыңдаған күйлер бар. Осы орайда, дәстүрлі музыкалық мәдениетінде аспапты музыкасы болмаған елдер еске түседі. Демек, қазақ халқының рухын өз болмысындағы құндылықтар арқылы ғана оятуға болады. Өз халқының төл құндылықтарымен қаруланған ұрпақ қана ұлты үшін ойланбай құрбан бола алады.

Сондықтан, сөзіміздің басында айтқан «демократия», «жаһандану», «ашық қоғам», «адам құқығы» деген ұғымдарды тек қана ұлт тағдырымен шендестіру арқылы парықтап отырған абзал. Бізде демократияны «бәріне рұқсат» деген ұғыммен шатастыратындар бар. Демократия – ауыздықталса ғана демократия. Ол ұлтқа қызмет етуі керек. Осы орайда, анархияға ұласқан демократияны тұмылдырығы алынған қабаған итке теңеуге болар еді...

* * *

Бүгінгі таңда ұлттық томаға-тұйықтықты проблема етіп көтеріп жүргендер қара басының қолайын күйттеген дүбара маргиналдар ғана. Әйтпесе, ХХІ ғасырға тұяқ іліктірген мына қым-қуыт заманда томаға-тұйықтықтың қауіп туралы сөз қозғаудың өзі күлкілі жайт. Себебі, қазір ұлтаралық, мемлекетаралық мейлінше ілкімді саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани аралас-құраластық, яғни, мейлінше тегеурінді әлемдік коммуникация дүние жүзі халықтарын томаға-тұйықтық қауіпіне емес, керісінше, ұлттық төлтумалықты шайып кететін қауіпке тіреп отыр. Болашағына жауапкершілікпен қарайтын мемлекеттер мұндай үрдіске қазірдің өзінде қарсы шаралар қолдануда. Осы уақытқа дейін әлемдік бір үлгілі жүйені адамзаттық өркениеттілікке жетудің кепілі санап келген Америка социологтарының өзі соңғы кезде ұлттық-этникалық төлтумалықты дәріптей бастады. Америкалық патриотизмнің ең берік іргетасы этномәдени даралықта екеніне көздері жете бастаған сияқты. Сондай-ақ, Францияның тіл тазалығына қатысты, Жапонияның оқу жүйесін ұлттық ділді сақтауға бағыттауына қатысты, Германия мен Израильдің этнотұтастануына қатысты, Англияның дәстүршілдікті мемлекеттік рәсім деңгейіне көтеруіне қатысты, Қытайдың этнологиялық үрдіске бейімделуіне қатысты, Ресейдің шіркеулік руханияты этномәдениетке тұғыр ете бастауына қатысты т.б. мемлекеттік деңгейде жүргізіліп отырған шаралар еріксіз назар аударады.

* * *

Қазақ ұлтының төлтумалығына басымдық сипат беру дегенді, меніңше, қазақ ұлтының қазақстандықтар үшін бірден-бір тірек ұлт екенін мойындау деп түсіну керек. Өйткені, тек қазақ ұлты ғана, тек қазақ тілі ғана Қазақстанда этнокіріктіруші (этноинтегрирующий) рөл атқара алады. Өкініштісі, біз осы ақиқатты мойындауға батылдығымыз жетпей, тәуелсіздік алғаннан бергі уақытымызды жасанды жалпақиешейлікпен көлегейлеп келеміз. Жай ғана көлегейлеу емес, турасын айтсақ, қазақ ұлтының тарихи құқы аяқасты етіп отырмыз. Мұндай қиянатқа халықтың төзімі шыдас бермей ме деп қорқамын.

* * *

Үш ғасырға созылған отаршылдық ойранынан кейінгі ел-жұрт беттесіп отырған проблемаларға түсіністікпен қарауға болады. Осы орайда, ұзақ уақыт отаршылдықта болып, азаттыққа қол жеткізгеннен

кейінгі елдер беттесетін қиындықтардың өте ұқсас болатыны назар аудартады: әлеуметтік ауыртпалық, тұралаған экономика, қабындаған коррупция, жұмыссыздық, маскүнемдік, есірткінің дендеуі, жезөкшелік, жұқпалы аурулардың етек алуы, сыртқы ықпалдың күшеюі, т.б. Мұның бәрі – өтпелі кезеңде этностың өмір-салты мен этнокіріктіруші институттарының күйреуі барысында көрініс табатын зардаптар. Рас, отаршылдық артта қалды, өз тағдырымыздың тізгіні өз қолымызда. Алайда, этнос болмысына отаршылдық кезеңде сіңген құлдық менталитет әлі де бізбен бірге ілесіп келеді. Мұндай дерттен ада ұрпақ әзірше әлеуметтік-саяси тізгінге ие боларлық межеге жете қойған жоқ.

* * *

Бұқаралық ақпарат құралдарының ең бір киелі қызметі (функциясы) бар. Ол – ақпараттық, ағартушылық қызмет. Төртінші билік, анау-мынау дегеннің бәрі астына қойылған көпшік. Біздің Қазақстандағы мыңдаған бұқаралық ақпарат құралдарынан жаңағы аталған критерий табыла қоймайды. Оның орнына өсек бар, өтірік бар, қулық бар, сұмдық бар. Соған әй-шәй дейтін ешкім жоқ. Орыс тілді басылымдарды қарап қалсаң, қазақтың қыздары тәнін сатуға жарнама беріп жатады. Кім қой дейді осыған? Қазақстанға сырттан кіретін ақпарат құралдарының саны өз ішіміздегі ақпарат құралдарынан көп. Шетелдік басылымдар өз мемлекетінің сойылын соғады. Рухани тұрғыдан, идеологиялық тұрғыдан, экономикалық-саяси тұрғыдан өктемдік жасайды. Әр ел басылымдарының өздерінің ұлттық менталитеттерінің идеалдары бар. Ол бізге күштеп таңылады. Содан халық әрі-сәрі күйге түседі. Ақпараттың тасқыны, оның экспансиялық әсері ұлттық қасиетімізді мүлде құнсыздандырып кетпей тұрғанда, тізгінді қолға алуымыз керек.

* * *

Ауыл қазақ ұлтын ұлт еткен, тарихи қалыптасқан әлеуметтік құрылымдарымыздың бірегейі еді. Қазақтың ұлт ретінде қалыптасуына және ұлттық қадір-қасиетінің осы уақытқа дейін сақталуына, қазақ тілінің өркендеуіне, руханиятының дамуында ауылдың атқарған тарихи рөлін еш нәрсемен салыстыруға болмайды. Керек десеңіз, осы заманға лайықты жоғары оқу орындары да, оның ұлт болмысына тигізетін шапағаты да, қазақ ауылдарының шапағатымен өрелесе алмайды. Небір ғұлама ғалымдар, небір өнердің майталмандары мен шаруаның ығын білетін ақылман азаматтар – ауылдың қойнынан шыққандар. Былайша

айтқанда ауыл қазақ халқының ұлттық төлтумалығын орнықтырудың, сақтаудың және сабақтастырудың ең киелі әлеуметтік құрылымдарының бірі болды.

* * *

Қазақ даласындағы соңғы үш-төрт мың жылдың аясында тұрақты қалпын сақтаған рулық жүйенің қалыптасуының өзі біздің артта қалғандығымыздың немесе озықтығымыздың белгісі емес, рулық жүйені – ұжымдасып өмір сүру қажеттігі дүниеге келтірген. Бұл далада қойын біреуі жайып, ол қойды екіншісі күзетіп, үшіншісі өнімін ұқсатып, төртіншісі ел-жұртты жаудан қорғап, бесіншісі қора-қопсысын сайлап дегендей ұжымдасып тірлік құрмаса, жеке-жеке нарықтың бәйгесіне түсіп көгеріп кетем деу мүмкін емес.

Ал, біз не істедік? Үлкен империя құлағаннан кейін бүкіл байлықты елге таратып бердік. Нарықтың заңы бәсекелі өмір ғой. Сол бәсеке әрі қарай өзінен-өзі гүлденіп, дүрілдеп жүре берер деп ойладық. Жоқ, мүлде олай болмады. Керісінше, халық аз уақыттың аясында күнкөріс тіршілігі үшін бөлінген дүниені жылдам сарқып үлгерді. Нәтижесінде, өте қиын күндерді басынан кешті. Әсіресе, 90-шы жылдардың басы, 93-94 жылдары қазақ ауылдарында кәдімгідей аштық болды. Ақырында мал ғана тіршілік тірегі екендігіне халықтың көзі жетіп, қазір Қазақ даласында қара-құра мал пайда бола бастады. Ол мал әрине, «Ауыл жылына» бөлінген қаржының арқасында біткен мал емес немесе ауылшаруашылығын дамытудың жаңаша бір үлгісін (формасын) ойлап табудан пайда болған мал емес. Ауыл халқы төрт түлік малға арқа сүйесе ғана қайырлы тірлік болатынына көзі жетті.

... Жамбыл облысының Талас, Сарысу аудандарын аралап қайтқанымда алды 5-6 мың қойы бар, арты 100-500-дей қойы бар байларды көрдім. Енді, осының екінші бір жағымсыз жағы бар. Ол қандай дейсіз ғой? Егер, біз осы даланың гасырлар сынынан өткен ұжымдық өмір – салтын ұстанбасақ, онда қазақ арасында да біз қанаушы, қаналушы таптарды дүниеге әкелетін түріміз бар. Жаңағы Талас ауданындағы меншігінде 5 мың қойы бар адамның есігінің алдында «Джип» қаңтарулы тұр. Онишақты түркіменнің алабайы үйінің айналасында арыстандай өріп жүр, маңына жақындау мүмкін емес. Өздерінің Алматыда, Астанада бір-бір үйлері бар, шалқақтап жүр. Ал, қойды жайып барлық бейнетін көтеріп жүргендердің жағдайы мәз емес. Үрерге иті, сығарға биті жоқ. Жалдамалы қойшы-қолаңшылар шонжар бастығынан алатын тиын-тебенмен жанұясындағы онишақты жанды әзер асырап, қалт-құлт күйде

өмір сүріп отыр. Ең өкініштісі, нарықтық қатынас адамдар арасындағы мейірім, қамқорлық, туыстық қатынас, әдет-ғұрып, жол-жора, жөн-жоба сияқты елді ел ететін дәстүрлі құндылықтарды құнсыздандыра бастаған. Ауылдағы бизнесменсымақ өз қарауындағы жалдамалы малшыға адам ретінде, өз ұлтының бір мүшесі ретінде қарауды ұмыта бастаған. Бизнесменсымақ үшін қарауындағы адамдар меншігіндегі мал сияқты ақша жасайтын тетіктердің біріне айналған. Бұл не болды сонда? Біз ауылды мұндай шаруашылық үлгісімен көгерте алмаймыз. Көгерту былай тұрсын, сүттей ұйып отырған елдік қалыбымыз бұзылып, қазақ ұлтының болмысындағы мейірім, шапағат, парасат сияқты ғажайып қасиетін шайып аларымыз анық. Біз, адам баласының жарық жалғанға тек қана ақша табу үшін, баю үшін, ішп-жеу үшін келмейтінін әсте естен шығармауымыз керек. Демек, қазақ арасын әлеуметтік-психологиялық дерт меңдемей тұрғанда, кешіктірмей, ұжымдық шаруашылық жүйесімен қайта табысу қажет деп ойлаймын.

...Экожүйеге қатысты мынадай бір ақиқат бар. Табиғат еш уақытта тіршілік атаулыға бейімделмейді. Керісінше, тіршілік атаулы табиғатқа бейімделу арқылы ғана бақыт табады.

...Соғыстан кейінгі тұралаған жағдайымызды да ұжымдық шаруашылық тез қалпына келтірді. Соғыстан кейінгі қиын жағдайда да елдің тезірек еңсе көтеруіне осы ұжымдық шаруашылық жүйесінің шапағаты мол болды. Менің әлі есімде шалғайдағы біздің ауылға Үкімет тарапынан екі-ақ нәрсе келетін. Бірі – бес-алты бөшке керосин, екіншісі – жиырма шақты қап тұз. Осыдан басқа тіршілікке қажет өнімнің барлығын біздің ауыл өзі өндірді. Жыл аяғы бітіп көктемде мал төлдегеннен кейін, ауылға Кеңес өкіметінің өкілі келеді, мал басын санайды, еңбек күнді шығарады. Осындай, бәленшеке, сен керемет еңбек еттің, екі мың еңбек күн таптың, әр еңбек күніңе 8 сомнан ақша шықты. Сен бәленбай мың ақша таптың дейді. Елдің бәрі қуанып қол соғады. Сосын әлгі уәкіл тұрып: бірақ, Ұлы Отан соғысынан кейінгі еліміздің ауыр жағдайына байланысты сіздерге ақша берілмейді дейді. Міне, алпысыншы жылға дейін менің ауылымда бірде-бір адам Кеңес үкіметінен бір сіріңке алған жоқ. Бір тиын алған жоқ. Алайда, сол ауыл өркендеді, мал басы өсті, сол ауылдан ғалым, жазушы, өнерпаздар, тамаша еңбек адамдары шықты. Ұжымшар болып басталғанда біздің ауылда 2500 ғана қой болған екен, мен онынысы сынып бітірер жылы 30 мың қой болды. Осы орайда, ұжымдық шаруашылықтың ұлттық төлтумалығымыздың сақталуына, халықтың бірлік-пәтуасының орнығуына айрықша ықпал еткенін атап өткен абзал.

...Қазақ даласында жоқ ауыл шаруашылығына мемлекет тарапынан миллиардтап ақша бөлінсе де, оның ең соңғы құйылар жері ауылдағы бизнесменсымақ байшыкештің қалтасы болмақ. Ал, байшыкеш атаулыда «алдымен бай болсам, сонсоң Құдай болсам!» дегеннен басқа идеал болмайды. Бұл – әлеуметтік өмір тәжірибесінде мың сан рет дәлелденген ақиқат.

...Осыдан біраз жыл бұрын Германияға барғанда қазақтың етін сағындық та, ет асқымыз келді. Сонсоң, дүкенге барып, аппақ қардай қойдың етін алып келіп астық. Сол етті қанша қайнатсақ та көбігі тоқтамай шыға берді. Көбігі шыға-шыға ең соңында жаңағы етіміз желімге айналды. Дәл осындай жағдай Сауд Арабиясында да болды. Қажылыққа бардық. Араб елі, күн ыстық. Құрбандыққа сойылып жатқан қой деген көп. Біз де бір қой сатып алып бауыздап құрбан шалдық. Қазанға салып ассақ, тура жаңағы Германиядағы жағдай. Сөйтсек, мына біздің Қазақтың даласы жер бетіндегі жұмақ дала екен зой. Жұмақ болатын себебі бұл далада төрт маусым болады. Ал, төрт маусым болатын жерде, бақсақ шөп піседі, ол тұқым төге алады. Германиядағыдай өгіз жейтін көк жасық өлең шөп болмайды. Қазақ даласында піскен, шұрайлы шөпті мал сүйсіне жейді. Сол себептен, бұл жердегі малдың еті жұғымды, әрі сапалы. Ол етті ассаң дәмді болып піседі. Ал еуропа тамағының тек қана қуырылатыны еттерінің асуға жарамайтындығынан.

* * *

«31»-телеарнада 11.12.2001. Түнгі 1.30-да «Ең қызық оқиға» деген айдармен тікелей эфир жүргізілді. Шарты – кімде-кім бастан кешкен ең қызық оқиға айтса, түнгі клубқа тегін билет алады.

Сонымен тікелей эфир хабары жүріп жатыр. Бір мезгілде қазақ қызы телефон шалып бастан кешкен оқиғасын айта бастады.

Қыз: Биыл Ыстықкөлде дем алдым. Ұнатқан жігітіммен елдің көзінше су ішінде кездесіп, шауқат жасастық.

Жүргізуші: Қалай екен?

Қыз: Класно! Сол күні кешке жігітім бес-алты досымен, қыздармен оңаша үйге алып барды. Біз групповой секс жасадық. Как обычно, еркектер бір-бір қимылдаған соң, дәрмендері болмай қалды. Сол кезде қыздар өнерлерін көрсетуге кірісті.

...2000, 2001, 2002 жылдар. Тұрақты түрде түнгі 24.00-ден бастап, әрбір 15-20 минут сайын «Эротикалық торап» деген айдармен жезөкшелер үйіне шақырған жарнама беріледі. Онда жезөкше қыздар

жалаңаш төсін, бөксесін көрсетіп, өліп-өшкен ынтық үнмен: «Осы қазір жетші, күтемін!» – деп үздігеді. Ал, жезөкше қыздардың адресі мен телефоны әсем әуенмен көмкерілген.

...Сөз арасында, Қазақстанның барлық қалаларында, ең ұрымтал орындарында, ең сәнді ғимараттарды иемденген түнгі клубтар, казинолар және сауна-жезөкшелер үйі сол қалалардағы кітапхана, клуб, театр, музей, мектеп санынан әлденеше есе артып бара жатқанын жан дауысымыз шырқырап тұрып айтып, осындай сұмдықтарға жол беріп, ауыз жаласып отырған қала әкімшіліктеріне нағылет айтамыз.

...«А-1» телеарнасының негізгі мақсаты тек қана секс туралы хабар беру. Әрбір материалы «Осы сәттен бастап білгеніңді ұмыт» деген девизбен басталады. Яғни, халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесін ұмыттырып, жадын өшіріп, мәңгүрт ету негізгі мақсат.

«НТК» телеарнасының қарапайым хабарынан бастап, көлемді бағдарламаларына дейін қазақ ұлтын, Қазақстан мемлекеттігін мойындамауға бағытталған. Ондай арам пиғыл елеусіз түрде көрермен санасын улап отырады.

Мәселен, бір ақпараттық жаңалықтарда Алматыдағы Абай атындағы Опера және балет театрында бас қосу болғанын айта келіп «Бас қосу соңында Кеңес Одағының халық артистері өнер көрсетті» деп түйіндеді. Ол айтып отырғаны Е.Серкебаев, Б.Төлегенова, Ә.Дінішев сияқты Қазақстанның халық артистері. Алайда, телеарнаның ниеті бұзық, әрекеті қаскөй журналистері тыйым көрмеген соң төрімізде тайраңдап, елді ішінен іріту үшін осындай іліп-шалған ірткі сөздерді ұдайы қыстырып отырады. Олар үшін хабар арасында «біздің ұлы отанымыз» деп Ресейді айта салу үйренішті жағдай. Немесе, космонавтарымыз Тоқтар мен Талғатты «Ресей космонавтары» деп атап көрсетуден ешқашан жаңылмайды. Сол сияқты, ауа райы туралы хабар арасына «Көкшетау. Бүгін Көкшетау қаласының іргесінің қаланғанына 240 жыл. 1761 жылы Көкшетауда шіркеу ғимараты жұмыс істей бастады» деп құйтырқы дерек қосады. Яғни, мақсаты 1761 жылы Көкшетауда Абылай ханның ұлт тағдырын шешкен ұлы ордасын жоққа шығару, ұрпақ жадынан өшіру. Мұның бәрі, бір қарағанда ұсақ елеусіз мысал сияқты көрінгенімен, қазақтарды өзіне өзін жатсындыратын, ұлтты іштен ірітетін қатерлі қаскөйлік. 27.08.2001.

«КТК» телеарнасы тұрақты түрде, түн ортасы ауа екі сағат бойы «Шамшырақ» деген бағдарламасын бастап, тек қана жыныстық қатынас тақырыбы бойынша көрерменмен тікелей эфирге шығады. Мәселен, 2003 жылы 5 наурыз күнгі «Шамшырақ» бағдарламасы түнгі сағат 02.30-дан 04.30-ға дейін жүргізеді. Бағдарламаны жүргізген Ескендір Сіргебаев

деген жас жігіт. Тақырыбы: «Сіз алғаш рет кіммен, қай жерде және қалай кездесіп, жыныстық қатынас жасастыңыз?».

Ескендір: Ал, құрметті достар, сонымен біз, енді, біз бүгін «Шамшырақ» бағдарламасының кезекті хабарын бастаймыз. Бүгінгі тақырыбымыз, былайша айтқанда сіздерге қоятын сұрағымыз: «Кіммен, қай жерде және қалай?». Былайша айтқанда, алғашқы жыныстық қатынастарыңыз, яғни, тән ләззәті дегендей, адамға барлық жағынан әбестігі жоқ. Өйткені, қазақ халқы романтиканы сүйеді дегенді білесіздер. Сіздер, яғни, сіздерді, яғни, сіздер біздің «Шамшырақ» бағдарламасының көрермендері осыны әртүрлі және әртүрлі жағдайларда, қызықты жағдайлар болсын, ол мейлі трагедиялық жағдайлар болсын, қай жағдай болсын, әйтеуір, біз үшін қызықты болатын болса хабарласыңыздар. Байланыс телефоны сіздерге белгілі: 58-36-70.

«Көрерменге бірінші сұрақ: Кіммен? Ұлмен? Қызбен? Әйелмен? Еркекпен? Одан қала берсе секс-шоу дүкенінен сатып алынған ойыншықпен? Екінші сұрақ: Қай жерде? (Бұл кезде ашық жыныстық қатынастар көрсетіліп жатады). Адам баласы Чарльз Дарвиннің теориясы бойынша маймылдан жаратылса да, оларға ұқсап талдардың үстінде жыныстық қатынаста бола алмайды (Осы кезде тал үстінде жыныстық қатынас жасасқан маймылдарды көрсетеді). Және де ақ аю құсап, ақ қардың үстінде бола алмайды (Осы сәт ақ аюлардың шағылысын көрсетеді). Алайда, адам баласы төсек қатынасын тек төсек үстінде ғана емес, одан да көптеген жерлерде ләззаттандыратын қатынаста бола алады (Осы тұста әртүрлі орындарда жыныстық қатынас жасасқан адамдарды көрсете бастайды). Мысалы, машина ішінде... одан қала берсе офисте... міне, тура осылай... адамның қиялы түпсіз терең!

Осы сұраққа әркім әртүрлі жауап берді, бәрі де қазақтың қыз-жігіттері, айтуға аузың бармайтын анайы шындық айтылды. Кісәпір көріністер, жаныңды аздырар музыка ойналды. Тек аяқ жағына таман былай болды.

«Ескендір: Саламатсыз ба? Есіміңізді айтып қалсаңыз? («Гүлсезім» деген дауыс естіледі). Осы күнгі қыздар бірден есімін айта салады, кішкене ломатса ету деген болмай ма екен! Сонымен, Гүлсезім, кіммен?

Гүлсезім: Сізге бір сұрақ қояйын деп едім...

Ескендір: Негізі маған болмайды... жарайды.

Гүлсезім: Сіз осы сұрақты қазақтарға қою дұрыс деп ойладыңыз ба?

Ескендір: Енді, біз енді, ұлы сөзде ұяттық жоқ деп ойладық...

Гүлсезім: Қазір, мұны үлкен кісілер көреді, жастар көреді, бірақ, бұл бәріне ортақ тақырып емес деп ойлаймын... Тағы айтайын, өзіңіздің басыңыздан өткенді айтсаңыз қайтер еді...

Ескендір: Жоқ, ол туралы айтпаймын, өйткені, біз сіздер үшін қызмет етеміз...

Гүлсезім: Дұрыс емес, негізінде!».

Өз ойым: Наразылығын жеткізіп айта алмаса да, Гүлсезімге рақмет!

Осыдан кейін де жүргізуші жігітіміз тоқтаған жоқ. Тағы да бейне клип. Тағы да кісәпір көрініс, азғын әуенсымақ. Тағы да бірнеше телефон байланысы болды. Бейпіл сөздер, бейбастақ тірліктер. Екі сағат бойы естір құлақтан ұят, ұрпағымызды аздырар, бейбастақ хабардың сыйқы осындай. Есімізден танғандай халдеміз. Өміріміз сұрқай тартып, ұрпақ тәрбиесі үшін төккен теріміз бен, шеккен азабымыз зая кеткендей күй кешіп отырмыз.

* * *

Қазақстан аумағына тарайтын 4115 газет-журнал мен 237 телерадионың 90 пайызы орыс тілінде, 6 пайызы өзге шетел тілінде, қалған 4-ақ пайызы қазақ тілінде. Осы деректі нақтылай түсу қажет. Қазақстанда шығатын газет-журналдың жалпы саны 2320 шамасында. Бұл басылымдардың 453-і ғана мемлекеттік тілде. Сол 453 басылымның тиражы Қазақстанда шығатын жалпы газет-журналдар тиражының 4-5 пайызын ғана құрайды. Ал, Қазақстан азаматтарының 60 пайыздан астамы қазақтар екені белгілі.

Енді, мына дерекке қараңыз. Қазақстанға Ресей Федерациясының 5248 газет-журналы тарайды екен. Сол газет-журналдардың 2728-і ғана Қазақстанның Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелген. Ең сұмдығы ресейлік басылымдардың басым көпшілігі Қазақстанда басылып, Қазақстандағы қаптаған акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер арқылы тарайды. Оданда өткен сорақылығы, Ресейдің «Известия», «Труд», «Комсомольская правда», «Московские новости», «Новая газета», «АиФ» сияқты басылымдары қазақстандық қосымша шығарып, сол арқылы қазақстандықтардың ой-санасына орысшылдықтың ұрығын сеуіп жатқанын, сөйтіп, ел ішіне тұрақсыздықтың іргетасын қалап жатқанын қайтерсіз.

Ал, телешабуылдың зиян-зардабын айтып тауысу мүмкін емес. Қазіргі қаптаған кәбілді (кабельді) телеарналарды былай қойғанда, «Еуразия», «Рахат», «Русское радио», «Еуропа плюс» (атауларынан-ақ пиғыл-ниеттерін байқап отырған боларсыз) сияқты қуатты телерадио арналар тікелей де, қазақстандық арналар арқылы да еліміздің ақпарат кеңістігіне өктемдігін жүргізіп, Ресейдің империялық саясатымен жұртшылықтың санасын шырмап алған. «31-арна» акциясының 20 пайы-

зы СТС Медияның қолына тигелі бұл арна негізінен Ресейдің сойылын соғып шыға келді. Қазір Қазақстанда теледидар жүйесі негізінен «АлмаТВ», «Секатель», «Универсальный», «Стандарт» сияқты кәбілді телетоптамалар пакеті арқылы көрсетілетіні белгілі. Ол пакеттердің әрқайсысы 50-60-тан астам небір жат пизғылдағы телеарнаны қамтиды. Осы пакеттерді кімдердің жасақтайтынын, қандай ұстанымдарды басшылыққа алып жасақтайтынын, яғни, Қазақстан телекөрермендерінің рухани-психологиялық тағдыры кімдердің қолында екенін жұртышылық мүлде білмейді.

...Қаптаған телеарна материалдарының мазмұнына ден қойсаңыз, жаныңыз түршігеді. Тәулік бойы тек қана христиан және яхуди дінін насихаттайтын («Спас»), тек қана афро-америкалық секс клип беретін («Ти-2», «Ру-Муз»), тек қана шектеу-тәртібі жоқ төбелесті көрсететін («Боец»), төсек қатынасын ашық әйгілейтін («Рен»), небір кісәпір киноларды толассыз жалғастыратын («AXN scifi», «TV-1000», «Много-TV»), тек қана совет заманының болмысын сағынышпен насихаттайтын («Настальгия»), тек қана ақымақ, жынды адамдардың тірлігін бейнелеп, бейпіл анегдоттар айтатын («НСТ»), т.б. арналар Қазақстаннан өз көрерменін, өз аудиториясын, өз әлеуметтік топтарын тауып, оларды өзінше арбауда, өзінше мәңгүрттендіруде.

Рас, шетелдік телеарналар ішінде «History», «Animal planet», «Discovery», «Discovery Sc», «Europe WS», «National geographic», «Euro sport», «Mezzo», «Культура», «Рыбалка» сияқты танымдық-тәрбиелік мәні зор телеарналар да бар. Алайда, мұның бәрі де орыс тілінде. Осы тұста телесоциологтар әлдеқашан көз жеткізген мына ақиқатты да айта кету керек. Жат тілдегі арналардың хабарлары негұрлым тартымды болған сайын, тұрғылықты ұлт өкілдері үшін солгұрлым зиянды. Өйткені, тартымды да өрелі хабарды жат тілде көрген адам өзінің ұлттық құндылықтарын жатсынып, өз болмысынан жерінетін болады. Бұл – телесоциологияның әлем мойындаған ащы шындығы. Өкініштісі, жоғарыдағы жібі түзу арналарды қазақ тілінде сөйлету Қазақстан Үкіметінің өңі түгілі түсіне де кірер емес. Осылайша, постсоветтік кеңістікте Ресейдің ақпараттық тұзағына шырмалған, дәлірек айтқанда Ресейдің ақпараттық экспансиясын бастан кешіп басы қатқан бірден-бір ел Қазақстан ғана болып қалып отыр.

...Республика телеарналары үшін қан мен қасіретке малышынған фильмдерді көрсету, ашық сексті шып етпестен насихаттау, түнгі клубтар мен мейрамханалардағы музыканттардың өнерсымағын еш талғамсыз экранға шығару, әсіресе, шетелдік секс клиптерге еліктеп-солықтаған жастардың қиқалақ эстрадасымағын тамсана жарна-

малау, ондаған-жүздеген сериялы шетелдік сериалдарды тасқындату, шет елдердің тарихы мен мәдениетіне қатысты деректі фильмдерді көрсетуді әуезе көру, оның есесіне қазақтың төл мәдениетіне мүлде көңіл бөлмеу жоғарыда аталған телеарналардың үйренішті әдеті. Қазақта «Ауруын жасырған өледі» деген мәтел сөз бар. Тіптен, айтуға ауыз бармаса да, кейбір сорақылықтарды көргенде үндемей қалу мүмкін емес. «НТК», «Рахат», «КТК», «31» сияқты телеарналардың тікелей эфир арқылы «Еркектің ұлы мүшесінің көлемі мен күшін қандай белгісінен білесің?» (қазақ тілінде, қазақ қыздары ғана жауап берді), «Қыз ретіндегі пәктігіңнен неше жасыңда, қай жерде айырылды?» (қазақ тілінде, қазақ қыздары ғана жауап берді), «Оральды секс туралы ашық әңгіме» (орыс тілінде), «Ақсүйектер өмірі. Ойнас» (орыс тілінде), «Альфонс. Шақыру бойынша жұмыс» (еркек гей туралы, орыс тілінде) сияқты небір азғындықты сөз ететін телехабарлар сағаттар бойы жүргізіліп жатқанда өмірдің еш қызығы да құны да қалмайды. Мұндай сұмдықтарды айтып тауыса алмайсың. Ең сұмдығы, осының бәрі озық өмір-салт пен мәдениеттіліктің үлгісі ретінде, А.Даллес айтқандай айрықша икемділікпен насихатталатынын қайтерсіз... Осы орайда, БАҚ-тарды иемденген алпауыттарға «Ау, азаматтар-ау! Мақұл, сөз бостандығы, демократия дегенді жселеу етіп тапқан дәулеттерің сендердікі-ақ болсын. Алайда, сендер ие болып отырған БАҚ-тардың өнімін тұтынушы халық сендердің меншіктерің емес қой. Тәйт!» дейтін құзырлы орын әзірше болмай отыр.

Айтары жоқ, Қазақстанның ақпарат кеңістігіндегі сорақылықты, дәлірек айтқанда, қылмысты тізбелей берсем жүрегім ауырады. Аузы аңқиып, құлағы қалқиып отырған жас ұрпақтың бейкүнә болмысы қалай уланып жатқанын ойлағанда жанымды қоярға жер таппай қаламын. Мен журналистиканың маманымын ғой, бұл ретте менің күйім грек мифологиясындағы көріпкел Кассандраның күйі сияқты – бұл бетінде болашағымыздың қандай қасіретке тап болатынын білесің, бірақ оған ешкімді де нандыра алмайсың. Қасіреттің көкесі осы екен.

...Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясы мектеп оқушыларының арасында социологиялық зерттеулер жүргізіп, зерттеу нысанына 15 мың оқушыны, 5 мың ата-ана, 5 мың мұғалімді қамтыған. Осы зерттеудің қорытындысы бойынша оқушылардың 35 пайызы күн сайын немесе аптасына бір рет алкогольді ішімдік пайдаланатыны, 15 пайызы есірткі қолданатыны, олардың ішінде 3 пайызы есірткіні тұрақты қолданатыны анықталған. Бұл әлемдік аяда ұлттық мемлекет үшін аса қауіпті жоғары көрсеткіш болып табылады. Яғни, Қазақстанға бағытталған ақпараттық соғыс және оған Қазақстан үкіметінің салғырт қарауы өз нәтижесін бере бастады деген сөз.

Әрине, мұндай үрдістің ақыры ұлттық-мемлекеттік қауіпсіздігімізге зардабын тигізетінін терең сезінуіміз қажет-ақ. Ағылшынның әйгілі қоғамтанушы ғалымы А.Тойнбидің сөзі еске түседі. «Егер, мемлекет дегеніміз әлеуметтік-мәдени феномен ретінде өркениеттің басты белгілерінің бірі екенін мойындасақ, онда өркениеттің мәдени элементін жанға, қанға, сөлге, бітім-болмысқа теңеуге болады; бұл қасиеттермен салыстырғанда экономикалық, боса-болмаса саяси жоспарлар өркениетті қозғайтын күштің және табиғат туындысының жасанды, мән-маңызы шамалы, қатардағы көрінісі сияқты екенін де мойындауға тура келеді», – дейді А.Тойнби. Яғни, біз тәуелсіздікті орнықтыру үшін осы уақытқа дейін экономикалық және саяси жоспарларға көбірек мән беріп келсек, енді елдің мәдени-рухани тағдырына мемлекеттік өреде айрықша мән беретін кез келді деп ойлаймын. Бұл мәселені неғұрлым ертерек қолға алсақ, солғұрлым осы уақытқа дейін атқарған экономикалық және саяси оң әрекеттеріміздің игілігін көреміз.

Мен бұл проблеманы баспасөз бетінде сан мәрте көтеріп, Республика Парламентіне, Министрлер кабинетіне, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне талай рет жаздым. Хатыма мән беру былай тұрсын, жауап та болмады. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа да жаздым. Ол хатым сол кезде Президент аппаратында істейтін тележурналист Нұртілеу Иманғалиұлының қолына түскен еді. Нұртілеу маған телефон шалып: «Ақа, орынды проблема көтерген екенсіз, жаным ұяда болса Президентіміздің қолына тигізуге тырысамын» – деді. Бірақ, Президенттің қолына тигізуге Нұртілеудің қауқары жетпеді. Хатым Президент төңірегіндегі «Президентті жағымсыз хабармен жабырқатуға болмайды!» деген «қорғаннан» өте алмады. 2009.

* * *

Дүние жүзіндегі дамыған елдердің баршасы БАҚ-қа ұлттық, мемлекеттік қауіпсіздікке пәрменді ықпал ететін тетік ретінде айрықша мән береді. Ашығын айту керек, Қазақстанда бұл проблемаға ойдағыдай көңіл бөлінбей келеді. БАҚ-тың ұлт мүддесіне қызмет ету тетіктері құқықтық тұрғыда жеріне жете бекемделмеген, нәтижесінде, атқарушы билік органдары БАҚ-қа тиісті деңгейде бақылау жасай алмай, ықпал ете алмай отыр. Демократия мен сөз бостандығын бір жағынан желеу еткен, тәуелсіз БАҚ дегенді екінші жағынан желеу еткен, белгілі бір «мықтыға» арқа сүйеуді үшінші жағынан желеу еткен Қазақстан БАҚ-ы қазір тура мағынасында ұлттық және мемлекеттік қауіпсіздікке өлшеусіз нұқсан келтірудің қайнар көзіне айналған. Қазір Қазақстандағы БАҚ-тың демократиясын – анархия, сөз бостандығын – бассыздық, тәуелсіздігін – жабайылық, арқа сүйейтін «мықтысының» болуын – се-

парация деп бағаласа әсіре сөз бола қоймас. Басын ашып айтуға тура келеді, біздің мұндай алаңдаушылығымыз алдымен орыс тілді БАҚ-тарға қатысты болып отыр.

Орыс тілді басылымдар өздерінің мазмұн-болмысын қазақ ұлты мен Қазақстан мемлекетіне оппозицияда ұстауды нормаға айналдырып алған. Ел өмірінің жақсылығынан гөрі көлеңкелі жағын айызы қана жазады. Қазақстанның мәдени-рухани өмірінен гөрі шетелдік мәдениет, оның ішінде тобырлық дүбара «мәдениет» мейлінше көтере дәріптеледі. Яғни, Қазақстан халқына Қазақстанды жатсындыру орыс тілді БАҚ-тардың идеялық темірқазығы болып отыр.

Тек қана орыс тілді басылымдар жезөкшелер жарнамасын береді, жезөкшелікті ашық насихаттайды, түнгі клубтарды, казиноларды, тобырлық өнерсымақтарды мәдени-рухани жетістік ретінде үлкен шеберлікпен насихаттайды.

Ал, елдің саяси өміріне қатысты материалдары мейлінше икемділікпен елдің лауазымды адамдарын, әсіресе билік басындағыларды бір-біріне айдап салуға бағытталып отырады.

* * *

АҚШ ОББ-сының (ЦРУ) жетекшісі, Стратегиялық операция Басқармасының бастығы болған Ален Даллестің тұжырымдамасын (концепциясын) келтіре кетуге болады. Онда: «...біз қолда бардың барлығын, бүкіл алтынымызды, барша материалдық дәулетіміз бен ресурстарымызды адамдардың есалаң, ақымақ болуы үшін сарп етеміз... Адамның миы, пенде атаулының санасы құбылмалы. Біз олардың санасын сансыратып, елеусіз ғана жалған құндылықтардың ұрығын себеміз, сонсоң сол жалған құндылықтарға сенуге мәжбүр етеміз... Біз суреткерлер деп аталатындарды жан-жақты қолдап-қолпаштаймыз, олар зинақорлықты (секс) пір тұту, зорлық-зомбылық (садизм), сатқындық сияқты қай-қайдағы азғындықты адам санасына сықап сіңіретін болады. Мемлекет басқару ісін біз былық-шылыққа ұластырамыз... Адалдық пен парасаттылық келемеж етіліп, ешкімге қажеті жоқ ескіліктің қалдығына айналады. Арсыздық пен бетбақтық, өтірік пен алдап-арбау, маскүнемдік, есірткіқұмарлық, адамдардың бір-біріне хайуандық үреймен қараушылығы және көргенсіздік, опасыздық, сондай-ақ ұлттардың бір-біріне деген өшпенділігі – міне, осының бәрін біз ілкімді де елеусіз түрде орнықтыратын боламыз!» – делінген.

Вашингтонда 1996 жылы ақпараттық соғыс бойынша V ғылыми конференция өтті. Конференциядағы баяндамалар басылған кітаптың көлемі мың беттен астам. Ал, ондағы ой-тұжырымдардың өзегінде ақпараттық қарудың экономикалық жағынан мейлінше тиімді және

экологиялық таза екені әспеттелген. Бұхар жыраудың «Бауыздамай ішер қаныңды, өлтірмей алар жаныңды» дегеніндей, ақпараттық соғыстың ең жаңа және ең «гуманный» соғыс екені жан-жақты мадақталған.

...АҚШ-тың ақпараттық соғыс саясаты мен әдістемесін (методикасын) Ресейдің ұрымтал пайдаланып, оны Қазақстанға қатысты жытқырлықпен қолдануында болып отыр. Мұны тура мағынасында да, бейнелі мағынасында да «постимпериялық» немесе «путиндік» әдіс деуге де болады. Бұл ретте, Путин өзін А.Даллестің аса дарынды «шәкірті» ретінде көрсете алғанын аңғару қиын емес.

Ресейде «Мемлекеттік құпия туралы», «Ақпарат, ақпараттандыру және ақпаратты қорғау туралы», «Халықаралық ақпараттық алмасулар туралы» және басқа да осы тектес федералдық заңдар қабылдап үлгерді. Бұл заңдардың қай-қайсысы да БАҚ-қа мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі ретінде және Ресей мүддесінің пәрменді құралы ретінде қараған. Осы заңдарды қаперге ала отырып С.П.Расторгуев былай деп жазды: «Ақпараттық соғыс дегеніміз – жауыңа өз үстіндегі сауытын өзінің қалай шешіп тастауын мақсатты түрде үйрету»*.

* * *

Жетпістен астам телеарна, жетпісі жетпіс түрлі насихат жүргізеді. Күндіз-түні афро-америкалық поп-музыка, сексclip жас ұрпақтың басты алданышы. Әрине, ол жай ғана алданыш емес, әлі ақылы толыспаған, асыл мен жасықты парықтай алмайтын жастар үшін жан-жүрегін баурайтын қиял-ғажайып әлем. Бірақ, күнделікті беттесетін нақтылы өмірде жоқ әлем. Яғни, ақылы толыспаған жас сана екіге жарылады. Қиялдағы өмір мен нақтылы өмір. Осының бәрі қазіргі адамдар үшін, әсіресе, жастар үшін үлкен психологиялық ауыр жүк. Олар өмірден өз бағытын таба алмай басы қатады, іштей булығыады. Нәтижесінде, өзін-өзі өлімге қияды немесе өте ауыр қылмыстар жасайды. Сөйтіп, біз байлық қуып, тезірек елдің әлеуметтік жағдайын түзейміз деп отырғанда, халықтың болашағы болып табылатын жастар этностың ұлы сабақтастық дәстүрінен қол үзеді, этностың бір мүшесі ретінде бойында болуға тиісті құндылықтардан жұрдай болып шығады. Мұндай жастар өзі тұрғылас өзге елдердің жастарының алдында өздерін рухани жарымжандар сияқты сезінеді. Жалын атқан жастарға тән асқақ сезімдерден ада болады. Сөз жоқ, мұның салқыны елдік сапада да көрініс табады. Қасіреттің көкесі осы болса керек.

XI. 2010 – II. 2011.

* С.П.Расторгуев. Информационная война. – Москва, 1998.

БІТІГІШ

Қандай болсаң, солай көрін немесе қалай көрінсең сондай бол.

Мәулана.

Живи как шишешь и пиши как живешь.

К.Н.Батюшков.

...Әлемнің бар ақылды адамдарын бір жерге жинай алмайсың...

Олай болуы теория жүзінде мүмкін бола қалса, онда олардан ақыл шықпаған болар еді.

Сондықтан олардың ақылдарын ғана жинаймыз.

Көркем әдебиетті қайта оқу деген тамаша бір дүние бар. Бүгінде мен жоғары оқу орнын бітірген 22 жасыма дейін оқып шыққандарымды қайта оқып жүрмін. Әсері керемет. Балаң кезде мағынасын онша түсінбей немесе тереңдеп енуге білімнің жетпей тұрған кез бен ақыл толысқан, білім-білік артқан кездегі оқығанның екеуі екі түрлі болады екен. Жас кезінде оқыған кітабынның нобайы болса да есте қалады, атын ұмытпайсың, соны бір өмірде екі-үш рет оқу керек екен. Адам үш-төрт жылда өмірге көзқарасы өзгереді дейді ғой.

Сол қайта оқыған кітаптарымының бірі Қойшығара Салғараұлының «Алтын тамыр» атты кітабы болды. Бұл кітаптан ерекше әсер алдым. Тарих ілімінде жоғымның орны біраз түгенделгендей болды.

Тарих менің осал жерім. Тарих жайлы білімім – мектеп бағдарламасы көлемінде ғана. Ал біз мектепте оқыған жылдары тарих пәні бағаланбайтын, оны кім болса сол оқытатын, оқулығы жұп-жұқа, одан тысқары шығып, терең түсіндіретін мұғалім жоқ еді.

Тәуелсіздік таңы атқан соң да ел тарихын терең танығысы келгендердің ішінде бола алмадым. Он бес жыл қызмет пен ғылым қудым. Одан соңғы мерзімде де бір жағы жұмыс, бір жағы заманнан қалып қоймау, әйтеуір бір істе өз үлесімді қоссам деген ниеттен туындаған керекті-керексіз бір істермен әуреленіп уақытым өтті.

Сонымен Қойшығара Салғараұлының бір кітабын қайта оқимын деп барлық кітабын іздеп тауып оқыдым. Әдетімше кітаптардың өзіме ұнаған тұстарының беттерін қағазға жазып алып отырдым.

Нәтижесінде осы бір еңбек туды.

Жазушылардың өз шығармаларын жазуы, елге жеткізуі де әртүрлі. Біреулер жазғанын жалаулатып, бітер-бітпесте газет-журналдарға үзінділер беріп, барынша насихаттауға құмар, ал біреулер үн-түнсіз, жазады, ұсынады, тағы жазады, оны адамдар қаншалықты оқып жатыр, қоғамдық пікір қалай, оған мән бере бермейді. Өйткені олар өздерінің еңбектеріне сенімді, бағасын біледі, әйтеуір, түптің-түбінде жарып шығатынын сезеді. Қойшыға – осы кейінгілерден. Осынысымен де бағалы. Ешкімге тәуелді емес. Жазды, тапсырды. Басылып шығатынына, оқылатынына, елге керек екеніне сенеді. Өйткені жазғандары – терең тамырлы еңбектер.

Қойшығара Салғараұлы аса еңбекқор. Еуразия Ұлттық Университетіндегі сабағы мен ғылыми жұмыстарынан бос уақытының бәрін тек ізденуге арнаған. Үлкен ұлыммен көрші тұрады, үйіне барып тұрам. Қашан барсам бірдеңені түртпектеп, кітаптарды ақтарып отырғанының үстінен шығамын. Зердесі де мықты. Абай айтқан:

«Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар:

әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек;

екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек;

үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек;

төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек.

Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер», – деген талаптардың бәрінің үдесінен шыққысы кеп жүрген Азамат.

«Бес бәйіт» деп те аталып жүрген Үндінің көнеден жеткен ақыл-қазынасы «Панчатантрада»: «Дүниедегі барша тіршілік иелерінен адамды айырып тұратын төрт-ақ қасиет бар: соның бірі – білімділік, екіншісі – ұстамдылық, үшіншісі – ақыл, төртіншісі – әділдік. Ғалымдық, оқымыстылық, ойлап сөйлеушілік – бұлар білімділік. Зерделілік, төзімділік, әдептілік және ізеттілік – ақылдылықтың белгісі. Ұяттылық, ізгі ниеттілік, өзін-өзі тежей білу және өз басын қадір тұту – бұлар ұстамдылыққа жатады. Шыншылдық, міндетін орындай білу және мейірімділік – әділдіктің белгісі. Осы қасиеттер түгел бір адамның басында болса, ол адам бұл дүниеде қиындыққа ұшырамайды, жоқтық көрмейді. Бұл қасиеттер оны рақатқа жеткізбеген сәтте де, ол уайымдамайды, кейде зиян келсе де күйінбейді. Осы төртеуін даналық десе болады, ол таусылмас қазына, қанша жұмсаң да ортаймайды, жоқшылыққа ұрындырмас қор да сол. Даналық өмір бойы тозбайтын сапалы киім, ұзақ өмірде ләззаты сарқылмайтын рахат» – делінеді. Еңбекқорлығына

осы аталған қасиеттер қосылған Қойшыға мамандығы журналист бола тұра, ұмтылып, ізденіп, зерттеушілік қабілеті ұшталып, тарихшы-ғалым дәрежесіне жетті.

Расында, «Қажырлы адам талпынып төменнен жоғарыға ұмтылады, сол таудай талабы арқылы үлкен дәрежеге жетеді» – деген ұлағатты сөздің өмірде жүзеге асуына Қойшығара Салғараұлының осынау шығармашылығы дәлел.

Қазыбек би «Уақ, Бура мен соған жапсарлас Арғынның басты адамдары зорлық пен параға айналды» деп есітіп, «Сол рас па?» деп сол жақтың бір кісісінен сұраса, миңгірлеп жауап қата алмапты. Сонда Қазыбек би: «Ауруын жасырған ажалсыз өледі, зорлықтан қорыққан амалсыз көнеді. Айтайын десе, бұған сор. Айтпайын десе, елге сор. Отыз тістен шыққанды отыз рулы ел білер. Қазақтың қайғысы қалмақ еді, берекемен жауын алмақ еді. Мынау берекені бұзатын – құрт ауру, не қылған ауыр салмақ еді. Қазақтың түбіне жететін ауыр дерт, зығыр майындай жайылмаса игі еді...», – деп, кейіп, шынын айта алмаған кісіге ренші білдіріп, жантайып жата кетсе керек. Сол секілді әркім өз күйін күйттеп, өз мұнын мұндап жүре бермей ақиқатты іздеушіге айналса, онда біз өткенімізді тани түсеміз, сол арқылы жарқын болашаққа жетеміз.

«Қаламгердің үш қырына қарап баға береді: 1) шығармашылығы; 2) қоғамдағы қайраткерлігі; 3) жеке басының қасиеті» деп Төлен Әбдіқұлы айтқан үш қырдың үшеу де бүгінгі Қойшығара Салғараұлының бойынан табылады.

Мен үшін Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігінен» «Қажымұраты» анағұрлым артық. Сондай-ақ ата-бабасының күмәнді тарихын немесе өзінің басып өткен өмірін көрсететін (әдетте, тек жақсы жағынан) кітаптар қанша әдемі безендірілсе де бір шолып шығудан артылмайды. Сол сеніммен Салғараұлының танымдық кітаптарын талдап, оны өз түсінігіммен толықтырып, автордың барлық кітабын оқуға уақыты я құлқы жоқ оқырман болса, осы жазбалар арқылы танып-білер деген оймен осы зерттеуге кірістім.

Кітапты «Бітігші» деп атадым, өйткені Қойшығара Салғараұлының пайымдауынша «Бітігші» деген «Тарихшы-ғалым» деген сөз екен.

Ұлы қағанат тарихы

Біз алдымен Түрк қағанатының тарихта хандық ретінде аталған 552 жыл мен Қазақ хандығы құрылған 1456 жылға дейінгі аралық Қойшығара Салғараұлының кітаптарында қандай сатыларды құрайды, қандай

тарихи оқиғалармен бедерленген, қандай атақты тұлғалары болған деген сұраққа жауап іздегіміз келді. Менің өз ойымша, қазақ хандығы құрылғалы бергі тарих біршама ашып көрсетілген де, оған дейінгі мерзімнің тарихы күнгірттеу, жазбаша сөз қалдырғандардың әрқайсысы әртүрлі деректер жазған, атауларда да шатасу бар. Осыған қазақ тарихына қатысты зерттеулер жүргізіп келе жатқан тарихшы ғалым не дейді, үңіліп қаралық...

...Адам ата мен Хауа ананың жер бетінде пайда болғанына 200 мың жыл өткен... Олардың кіндік қаны Оңтүстік Шығыс Африкада тамған екен. Кейін бұл екеуінің ұрпағы еуропаоид, монголоид, негроид деген нәсілдерге бөлінген.

Адамзат баласының жүріп өткен ұзақ жолы үш кезеңге: анайы кезең, жабайы кезең, адамдық кезең деп үшке бөлінеді. Осының ішінде үшінші кезең адам баласының нағыз адам кейпіне енген «*homo sapiens*» кезеңі. Одан бұрынғыларының зерттеуге жататын ерекшеліктері болмаған.

...Генетик ғалымдар әлемдегі барлық адам баласының түп анасы деп 18 әйел танылғанын айтады, олардың жетеуінен тек еуропалықтар, төртеуінен америкалық үндістер мен азиялық тыбалар (тувалар) мен алтайлықтар тарапты.

...Адам тегін анықтау үшін Англияда кез келген мамандандырылған шағын фирмаға 150 доллар шамасында ақша төлеп, еуропалықтар тараған жеті әйелдің қайсысынан тарағанын біліп алуға болады екен.

...Түрктен алғашқы қағанаты Алтайда пайда болыпты. Бұған дейінгі осы түрк атауының өзге түрі ретінде 73 түрі аталыпты. Оның ішінде біз бұрыннан құлағымыз үйренген авар, албан, гүн, кангюй, массагет, сармат, сақ, сяньби, соғды, усұн, хорасан атаулары бар екен.

...«Түрк» деген атаудың қайдан шыққаны жөнінде аңыздар көп. Соның бірі – Нұх пайғамбардың үш ұлы – Хам, Сим, Иафет, Иафеттің сегіз ұлының үлкені Түрк. Бұл түрк тайпасының ең алғашқы бірлестігі деп саналады.

...Түрк мемлекетінің тарих сахнасына алғаш шығуы 545 жыл. Ол әуелі қытай жазбаларында «Ашина» тайпасы аталған, ал 552 жылы атақты Түрк қағанаты құрылды.

...VI ғасырдың сексенінші жылдары Түрк қағанаты Шығыс және Батыс қағанаты болып екіге бөлінді. Шығыс қағанаты 630 жылы, Батыс қағанаты 657 жылы құлады.

...Түрік қағанаты екі жарым ғасыр өмір сүріп, оның орнына Басыми, Қарлық, Ұйғыр, Түргеш хандықтары құрылды.

...Қаңлы (Кангюй) мемлекеті алғаш рет біздің жыл санауымыздан бұрынғы 127 жылы белгілі болған. Оның таңбасы тік бір сызық.

...Үйсін атауы біздің жыл санауымыздан бұрынғы 105-106 жылдан белгілі.

...Ұлы даланы мекендеген ежелгі түрктен қыр жайлаған далалық бөліктерін «Қыпшақтар» деп атаған. Бұл атау VIII ғасырдан бері белгілі. Бұл атауды бір зерттеушілер «құбашық» (сары түске жақын) деген сөзден шыққан десе, Олжас Сүлейменов «ики пчак» (екі пышақ – тік екі сызық таңбалы) деген сөзден шыққан дейді. Сөйтіп қаңлының қыпшақпен туыстығын дәлелдейді.

...Албан мен Суан тайпалары Дулаттан да көне тайпа.

...Христианиа жыл санауға дейінгі VII ғасырда Ғұздар атауы пайда болды. Олар ішгұздар, тысгұздар болып екіге бөлінді. Келе-келе орналасуына қарай қыр-ғұздар (қыр ғұздары), ой-ғұздар (ой ғұздары) және ой мен қырдың ортасында жатқандары «ой-қыр» деп аталған. Осыдан келіп қырғыз, оғұз және ұйғыр атауы шыққан. Бұл тайпалардың пайда болу тарихы да есте жоқ ескі замандардан бастау алса керек.

...Түрк атауын олардың ыдырауынан кейін араға бірнеше ғасыр салып барып, қыпшақтардың ығыстыруымен Кіші Азияға барған түрк тілдес өзге бір халық – оғыздар қайта тірілмеді. Бұл – түрк атауының тарих сахнасына үшінші шығуы еді.

...Түрк мемлекетінің тікелей мұрагерлері Моңғол және Татар хандықтары. Қытайлар моңғолды – сиуңну, татарды – дунху деп атаған.

...Моңғолдар (сиуңнулар) түрк тілінде сөйлеген екен. Бұл пікір Ю.Клапрот, К.Риттер секілді зерттеушілердің жазуында бар және 1982 жылы Моңғолияның Бұлғын аймағынан табылған қазбалардан кейін беки түскен.

...Сиуңнудың билеушісі Тұман (Тыумән) ханның үлкен ұлы Мүде (Маудун, Модэ) ержүректігімен, қаталдығымен, ұйымдастырушылық қабілетімен тарихта қалған тұлға. Бұл хан жөнінде Қойшығара Салғараұлының кітаптарында тәптіштеп баяндалған.

...Түрк қағанатының іргесін қалап, шаңырағын көтеріскен, атағын шығарып, айбынын асырған екі қаған – Бумын мен Істіми. Бумын қаған Түрк елінің бірінші қағаны, ол хандықты 540-550-жылдары басқарған. Бумын қаған өзі құрған мемлекеттің ішкі бірлігін, сыртқы тұтастығын, ел адамдарының құқықтарын қорғайтын заң кодексін жасатқан, бұл кодекс XVII ғасырдағы Тәуке ханның жеті жарғысы іспеттес.

...Құтылығ – Екінші Шығыс Түрк қағанатын орнатушы қаған. 682-691 жылдары хандық құрған.

...Қапаған – Құтылығтың інісі, 691-716 жылдары хандық құрды.

...Тоңюкөк – Түрк ордасының уәзірі, ақылман.

...Могилиян (Білге қаған) – Құтылығтың үлкен ұлы, 716-734 жылдары қаған болды.

...Күлтегін – Құтылығтың кіші ұлы.

...Хунну – байырғы түркілер, оның ішінде моңғолдар да бар.

...VIII ғасырдың соңында екінші Шығыс Түркі қағанаты құлап, оның орнына Ұйғыр хандығы құрылған.

...Тоғызыншы ғасырдың алғашқы жартысында қырғыздар ұйғыр ордасын қиратқан.

...Бүгінгі моңғол империясының негізін қалаушылар Алтайдағы «Ергенеқон» деген жерден Бөрте – чино бастап шыққан қауым.

...Корея түбегінен Амурға дейінгі аралықтағы жерді мекендеген халықтар құрбандыққа шошқа шалатын болған. Олар негізінен татарлар дейді тарих. Шошқа шалу себебін де түсінуге болады. Әуелі құрбандыққа тек жылқы малы, оның ішінде ақ түстісі таңдалған, бірақ жаугершілік заманда жылқы тұқымын бұлай азайта беруге болмаған.

...Моңғол ордасы өз тарихын IX ғасырдан бастап, XIII ғасырда ғана Моңғол империясы болып атанды.

...Татар мен моңғол өзара тектес. Әбілғасы шежіресінде Аланиа ханнан екі бала – Татар мен Моңғол туады.

...Көне шумерлер тұтқын құлдарды «сагтар» деп атаған. Ол «дана» (штук) деген сөз. Кейін ол «құл» деген мағынаға ие болған. Сагтарды шумерлер қаласын күзетуге, малын бағуға, сыртқы жаулардан қорғауға пайдаланған.

Тарихтың атасы Геродоттың жазуына скифтер дегеніміз де сақтар.

...Орыс халқының тарихы 862 жылдан, француздардың тарихы 843 жылдан басталады.

...Алтын орда 1243 жылы құрылды. Шыңғыс ханның ұлы Жошының баласы Бату хан болды.

...Өзбек хан 1337 жылы Өзбек мемлекетін құрды.

...Ақ орда XIII ғасырдың ортасына қарай пайда болды.

...Ноғай, Татар, Ұйғыр мемлекеттері тарих көшіне ілесе алмады, біртіндеп жеке мемлекет болудан қалды.

...Бұл замандар бір жағынан ержүректік пен мәрттік, бір жағынан аярлық пен сатқындық қатар жүрген кез еді.

Бұл ойлар Қойшығаның кітаптарында менің көзіме түскен негізгі тұжырымдар болғандықтан, олардың арасына сөз қосып, талдап, әсірелеп жатпадым.

Қойшығара Салғараұлы өз кітаптарында жүздеген авторларға сілтеме жасайды. Олардың ішінен іріктеп бізге танымалдарын алғанда, олар:

Н.А.Аристов, В.В.Бартольд, Сы-ма Цянь, ибн ал-Аср, С.Г.Кляшторный, С.Е.Малов, Г.Рамстед, А.Н.Бернштам, Н.Я.Бичурин, Л.Гумилев, Рашид-ад-дин, М.Қашғари, В.Радлов, П.Карпини, Г.Е.Грумм-Гржимайло, М.Х.Дулати, Әбілғазы баһадүр, С.Аманжолов, О.Сүлейменов, Ә.Марғұлан, Қ.Сартқожаұлы.

Тарихты зерделеуші Қойшығара Салғараұлының еңбектерінен біз алған тағылым – осылар. Бұлардың әрқайсысы бір-бір докторлық диссертациялық материалдардан асып түсетін, талдауы да, тұжырымы да, ұсынысы да жетерлік еңбектер.

Енді автордың соңғы отыз жыл көлемінде жазып, жариялаған кітаптарына талдау жасап көрелік.

Алтын тамыр

Бұл – Қойшығара Салғараұлының тарих тақырыбына қалам тартқан алғашқы көлемді еңбегі. Ол социализмнің жалы әлі күдірейіп тұрған сонау бір кезде, империяға жаңа басшы келіп, соңы алып елдің ыдырауына келіп тірелген «қайта құруды» қолға алып жатқан 1986 жылы жарық көрген.

Бұл кітапты шыққан жылдары оқып шыққанмын. Ол кезде баспадан шыққан кітап әрі кеткенде 3-4 айда аудандағы кітап дүкендерінен табылатын. Ол кезде кітап дүкендерін аптасына екі рет қарап тұратынбыз. «Алтын тамырды» оқығаныммен тереңіне үңіліп, мүше-мүше етіп, көне тарихты зерделеуге ол кездегі білімім мен қабілетім жетпеген болса керек. Кітапты қайта парақтағанда есіме тек қана көне түркілердің айбарлы ханы Мүдеге қатысты оқиғалардың нобайы ғана түсті.

Роман жер бетіндегі жазуы болған үш-ақ пайыз халықтың тізімінде бола алмаған қазақ халқының көне тарихы көмескі тартқанына өкінішпен басталған. Ұлт деген не? Ол қалай құралады? Автор өзіне осы сұрақтарды қояды да жауап іздейді. Ол біздің көбіміз ойлайтындай бір рудың ұлғайып, көп жылдар өткен соң ұлысқа, одан өркендеп халыққа, сонан соң ғана халықтың дамуы нәтижесінде ұлтқа айналады екен, – деген ішкі ойымызға тойтарыс береді.

Сөйтеді де, ілгері, дамыған ел атанатын бүгінгі итальяндықтардың негізінде римдіктер, германдар, этрустар, гректер, арабтар болғанын, француздардың негізі де галлдардан, римдіктерден, германдардан және басқалардан құралып, бүгінде бір ел, бір мемлекет болғанын алға тартады.

Осы орайда біздің есімізге Мұхаммед пайғамбарымыздың өзі еврей қызы Рейхана, Әбу Сұфианның қызы Хабиба, еврей қыздары Сафия, Меймуна, Фәтима, киндиянка Асма, грек қызы Марьята деген әйелдерге

некелескенін оқығанымыз есімізге түседі. Сөйтіп ол кезде біздің бүгінгі тұрмысымыздағыдай руға нақты бөлініп алу түгілі, ұлттардың арасында да «сен анаусың, сен – мынауың» деген ашық шекара болмаған екен-ау, бір жерде тұрып жатқан халықтар бір адамның баласындай бірге тұрмыс кешіп, араласып-құраласып жүре берген сияқты», – деген ойға беки түсеміз.

Автор кітапта ол дәуірде бір халықтың екінші халықты жаулап, мал-мүлкін талап ала беруіне байланысты, сондай шапқыншылықтың салдарынан қоныс аударғанда, тектес, тілдес халықтар өзара қосылып, ассимиляцияға ұшырап, ділі беріктеулерінің ішіне өңгесі сіңіп, жұтылып кете барғанын сөз ете келе, бір кезде түрік тілінде сөйлеп, көшпелі тірлік құрған болгарлардың тынымсыз шапқыншылықтың салдарынан Шығыстан Батысқа қоныс аударып, ығысып барған жеріндегі өзінен мықты славян тектес халық ретінде танылып жүргенін мысал етеді. Орта Азия мен Қазақстан жерін басқыншылықпен жаулап алған моңғолдардың бертін келе өзбек, қазақ болып кеткенін айтады. Орыстардың ішіне жеңіспен келген варягтар да келе-келе русь болып кеткенін тілге тиек етеді. «Қазақ халқының құрамы да сол халықтар секілді. Кезінде әрқайсысы өзгелермен терезесі тең мемлекет болған Үйсін, Қыпшақ, Найман, Керей және басқа халықтар бастарынан өткен тарихи жағдайлар нәтижесінде бүгінде қазақ деген бір ұлтты құрап отыр» дейді.

«Өз тегін білген жан өзгені де түсіне біледі». Кітаптағы негізгі дінгекті ой осы. «Жете білмеу – жел сөзге желеу. Қазақтың шығу тегін бірде оғуздарға, бірде түріктерге, бірде сақтарға апарып телдік. Тіренішсіз тайғақ пікірден біздің біліміміз де қыстан шыққан малдың жілік майындай толымы жоқ, құр жылаңғарақ жылтырағы ғана бар бірнәрседей болды» – деуімен Қойшыға өзінің тарих қойнауына сүңгіп, одан ой толғап, елінің тарихын білмек болған себебін түсіндіргендей.

«Халық тарихы – қатпарлы қыртысы мол, тереңде жатқан қазына. Оған екінің бірінің қолы жете бермейді. Халықтың қасиетін түсініп, сөзін ұғыну үшін біздің әрқайсымызға парасатты білікке негізделген терең де сапалы білім керек. Біліксіз білім тұл. Білікті ешбір оқу орны, ешқандай кітап бермейді. Ол адам бойына ана сүтімен тарайды, атаның үлгі-өнегесімен дариды. Білігі мен білімін домбыраның қос ішегіндей үндестірген төзімі берік, еңбекқор жан ғана тарих қатпарын ашып, әлгі қазынаға қол жеткізеді».

«Аңыз түбінде ақиқат бар. Аңыз ойдан шығарылмайды, тек ілгеріге жеткізуші ұрпақтың оған арман-тілегін кіріктіруі нәтижесінде түрленеді. Бүгінгі білімді зердеге, есте қалған аңызға байыппен қараумен

бірге, тонна мыстан алтынды айыра білер зергер көздің қарақтылығы керек».

«Тарихты зерделегенде табан тірер дәйекті дерегіміз деп жүрген қытай жазбалары көршілерінің атын білмегендіктен емес, біле тұрып, әдейі қорлау, кемсіту мақсатында қасақана өзгертіп, бүлдіріп мазақ еткен. Қытайлық емес адам аттары өзгертуге ұшыраған. Осылай Орта Азияны мекендеген халықтардың көне тарихы бұрмаланды».

Кітапта біздің жыл санауымыздан 200 жылдай бұрынғы қытай балгерлері бал ашатын жауырынға жазылып қалдырылған сөздерде түркі әлемінің ең алғашқы атауларының бірі, тарихта ұзақ жылдар аты сақталған «хунну» тайпасының аты бар. Хунну ханы Туман түркі жұрты хандарының ішіндегі ең алғашқы атағы көпке жайылған айбарлы хан. Сол «хунну» сөзі Бичурин бойынша – «жауыз құл» немесе «кекшіл құл» деген сөзден негіз алады екен.

Туман хан тұсында көне қытайлықтардан жеңіліп, оларға салық төлеп тұрған ел Туманның ұлы Мүде хан тұсында Хань империясы хуннуларға салық төлегенін автор нақты дәлелдемелер келтіріп, орнықты сипаттайды. Қытайлықтардың жай ғана «құл» демей, «жауыз, кекшіл құл» деуінің өзі қытайлықтардың өздерімен үнемі күресіп келе жатқаны үшін оларға ызалы өшпенділігін көрсетеді. Кітапта хуннулар – байырғы түркілердің ішіндегі моңғолдар екені айтылған.

Қай заманда, қандай ел болсын өзінің іргесін кеңейтіп, байлығын арттырсам, ықпалым арта түссе деген арманмен жүрген. Сәті келгенде жері кеңіп, қазынасы толған елдердің көп жылдар уысынан шығармаған алтын тізгіні қолдарынан сусып жерге түсуі де аз болмаған. Ондай сәтте, «алтынға арбалып, талай жыл көз құртын түсіріп жүрген үміткерлер жан-жақтан жапа-тармағай, жанталаса таласып, бос тізгінге қол созды. Бірақ бәрі бірдей жете алмады. Бір қолды бір қол ұстап, бір қолды бір қол қағып, тізгінге жібермей қойды. Жай жібермей қойған жоқ, қағылған қол қаққан қолдан сол сәтінде қарымта қайтарып бақты. Осылайша кеше ғана айбарлы да сұсты көрінген үйдің қабырғасы қақырап, кума жел соға бастады. Ал алтын тізгін жанталаса жұлмаласқан қолдардың бірінен біріне өтті».

Осы жолдарды оқып, «біздің бабаларымыз қандай қатыгез заманды басынан өткізген» деп ойланасың. Талас. Тартыс. Әлдінің әлсізді бағындыруы, құртуы. Жетпейтін не? Билік қана. Үстемдік құру ниеті ғана. «Адам аң секілді болған екен-ау ол кезде» – дейсің. Бүгінгі тірлігіміз де соның мәдениеттірек, жасырындау, айлалырақ түрі екеніне де көз жеткізесің.

Имам Ғаззалидың: «Ей, адам! Сырт-сипатыңды тануда – бас, бет-пішін, аяқ, қол, сүйек, еттен басқаны танымайсың. Ішкі жан дүниенің ахуалын білуден: уақыты келіп қарның ашса – нан жерсің, шөлдесең – су ішерсің, кейде ашуың келсе – бір кісіге тиісіп зәбір берерсің, шаһуат талабымен қатын аларсың – бұлардың бәрі де төрт аяқты хайуанаттарда да бар қасиет. Енді сен өз ақиқатыңды жан-жақты білуге талап қылғайсың. Өз нәсілің не, ол қандай нәрсе, қай жерден келдің және қай жерге барасың? Бұл ғаламның қонақжайына не үшін келдің? Соңындағы ұрпақ сені не үшін мадақ етпек? Мұрат-мақсаттарың не?» – деп адамның аңнан айырмасын анықтап берген сөздері мен пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа саллалаһидың: «Бұл дүниеде қанша уақыт тұруыңа қарап іс қылғын. Алайда артық істермен шұғылданып, өміріңді босқа өткізбе. Ақыретте қанша уақыт тұратыныңды ойлан. Аллаға өлшеусіз мұқтаждығыңды және жаһаннам жалынына қаншалықты шыдай алатыныңа қарап іс істегің» – деген сөзі бүгінгі адамдарды мейірім-шапағатын молайтуға бағыттары аян.

«Біздің басымызды жұтау да, тоналу да емес, тойымсыздық жұтады», «Бүгінде ақыл ақшаға, марапатқа жалтақтаған заман» дейді автор кітабының бір жерінде.

Қазақта, әсіресе, ауылдық жерде «пәленшеке» немесе «ағайындар», «бауырлар» деп адамдар арасындағы дистанцияны жасанды жақындату басым, ол, біздер өскен ортада басымырақ байқалады. Айтып тұрған сөзінің рас-өтірігін айыра алмайсың. Өйткені саған айтқан сөзі мен сен туралы айтқан сөзінен айырма көресің.

Кітаптың басты геройларының бірі Мүде хан. Соңғы кезде Мүде туралы Қойшығара Салғараұлы өте мазмұнды, мағыналы киносценарий жазды. Оны қолжазба күйінде оқуға беріп еді, қатты сүйсініп оқып шыққам.

Кітапты қайтара оқығанымда Мүде ханның бұл кітаптағы бейнесі де тереңінен ашылғанын түйсіндім. Оның аузына автор салған алғашқы сөздің өзі Мүденің табиғатын барынша ашқандай: «Көк тәңірі Жер-ана бізге үлгі алсын, үйренсін деп жан-жануарларды жаратты. Өлдісінің әлсізін талап жейтінін көрсетті. Біз сол арқылы кім күшті, кім батыл, кім ақылды болса, тірлік сонікі екенін білдік. Демек, өмір сүреміз десек, біздің күшті, ақылды болуымыз керек. Маған арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, түлкідей айлалы, жыландай улы, қырандай қырағы сарбаздар қажет».

Мүде әскерін айтқанынан шықпайтын, ержүрек етіп тәрбиелеуді ойлайды. Оның есебінше: «үрей, тек үрей ғана әскерді ашқанда алақаннан, жұмғанда жұдырықтан табылуға мәжбүр етеді. Ақылын үрей билеген жан ойлаудан қалады. Ойсыз жан ойранға бейім. Айтқаныңды ақылға

салмайды. Жарлығыңды орындауда жалаң семсердей, сілтесең – көсуді біледі».

Кітапта Мүде ханзада әкесі Тұман ханның Цин елі басып алған ежелгі атақонысты қайтарып алуды армандағанмен, ол үшін жетерлік ұмтылыс жасап отырмағанын ұғынып, оның үстіне әкесінің өзін ел билеуден алыстатып, тоқалынан туған ұлды хан ету мақсатын түсініп, Мүде енді өз бетінше әрекет жасауға бел байлайды. Сөйтіп әскерді барынша ержүрек, қайтпай соғысатын қайсар етіп тәрбиелеуге күш салады. «Жанын үрей билеген жауынгер ақыл, сезімнен ада, алдында анасы тұрса да аямайды. Шап десең шабады, ат десең атады. Тек әмір бере біл». Мүденің жауынгерлерді жаттықтыруда ұстанған ережесі осы. Осыған сай сарбаздарды соғыс өнеріне жан-жақты үйретіп, машықтандыру қолға алынады.

Мүде юечжи елінде болғанда көріп, бір данасын еліне ала келген, қарсыласының жүйкесін жұқартып, зәресін кетіретіндей қорқынышты дыбыс шығарып, ысқырып ұшатын жебені жасату үшін тұтқынға түскен бір ісмерді шақырып, ол жебе жасаудан бас тартып, еш көнбей қойғанында аяусыз қаталдықпен, тұтқындар ішінен оның жасөспірім бауырын танып қалып, оны төрт атқа екі аяқ, екі қолынан байлатып, аттарды далаға айдап жібермек болған кезде ғана көніп, ысқырма жебе жасауға кіріскені әсерлі суреттеледі.

Жауынгерлердің дайындығын көретін алғашқы сынақта екі мың сарбазды ысқырма жебемен қаруландырып, өзі бастап, шауып келе жатып, «Менің жасағанымды қайталаңдар» деп әмір беріп, алғашқы жебені бірінші мыңбасыға бағыттап жіберіп қалады. Көзсіз орындаушы болып қалыптасқан жауынгерлер ханзаданың әрекетін бұлжытпай қайталайды. Бірен-саран дағдарып, мыңбасыға аяушылық білдіргендердің басы алынады. Бірінші сынақ Мүде ойлағандай сәтті аяқталады.

Екінші сынақта Мүде алдымен екінші мыңбасыны көздегенмен, нысанаға өзінің астындағы ақбоз атын іліктірді. Бұл, біріншіден, алғашқы сынақты қайталамау болса, екіншіден, жақсы ат баласымен пара-пар хунну үшін жеңіл сынақ емес еді. Ақбозды аяп садағын ұшырмаған талай сарбаз жазаланды. Жаза жеңіл емес еді, олар өз абдырауы себепті бастарынан айрылды.

Аяулы ақбоз аттың орнына Байдың жазығынан жабайыланып кеткен шұбар айғыр алдырылды, оны Мүде өзі жуасытып, өзі үйретті.

Үшінші сынақта Мүде жебесін жолаушылап келген әкесі Тұманға бағыттады. Жауынгерлер бұл жолы шімірікпеді. «Мейірімнен ада, қатал заман өз дегенін істеді». Мүде Тұман ханмен бірге ханның ақылшы көсемдерін де бірге жазалады.

Ордаға келіп, хан тәжін басына киген Мүде араға біраз күн салып анасына сәлем беруге барған сәтіндегі екеуара әңгімені автор былай суреттейді:

– Байғұс шалды аямаған екенсің балам...

– Мен әкеме кеше алмағаным – елін қор, ерін – құл еткені болды. Батыр елді бақташыға айналдырды. Бұрын алым-салық төлеп, алдымызда құрақ ұшып жүргендер, бүгін едіреңдеп есерленді, елімізді малиша айдап, шығанға шығара құды. Ал әкем ертеңін көрмеді, ешкімге ерік бермеді...

Әкемнің айыбы сол – жанында мықты жауы барын біле тұра, өзі мықты болуға ұмтылмады. Бүгінгісіне малданып, ертеңгісін ұмытты. Соның салдарынан елін шұбырындыға ұшыратты. Онысын бір мен емес, келер ұрпақ та кешпейді.

– Әкеңді айыптағанда, өз айыбыңды ескердің бе ұрпақ алдындағы? Атаңа бүгін не істесең, ертең соның өз алдына келмесін қайдан білдің? Бүгінгі тірлігіңмен ұрпаққа жаман үлгі көрсетіп отырған жоқсың ба? Әкесін аямағанның баласы кімді аяйды. Ертең ұрпағың бірін-бірі өлтіріп, қырқысып кетпесе неғылсын...

– Мен ұрпақ алдында бүкіл мақсатты ісіме жете алмасам, елді еркіндікке шығарып, атамекеніне оралтпасам, ұлды құлдыққа, қызды күндікке түсуге мәжбүр етсем ғана айыпты болам.

– Ел бастаудың еншісі ауыр, балам... Көтеруге жеке шамаң келмеуі де мүмкін. Қалтарыс, бұрылысы көп мынау тірлікте көпті көрген көсем қарттар тайғақта – таянышың, қиындықта жебеушің еді ғой. Анау ақ басты аталарың мен ағаларыңды неге жазаладың?

– Тұтастық – елдің күші. Бөлінген елде береке жоқ. Сол таяныш, сүйеніш болады деген көсем қарттарың тұтас елді бөлшектеуге, іріткі салуға ұмтылса, жазаламасқа шарам не, аба!

Бас кеңесшінің ынтымақ, бірлікке шақырғаны, басқаларының оны қолдағаны да рас. Бірақ ол бірлікке шақыру ма еді?! Бұл ең алдымен елге жасаған опасыздық! Содан соң басымды балаға игенше мықты жауыма иейін, сонда ол менің еңбегімді елеусіз тастамас, билікке қолым жетер деген тоғышар топастық! Хош, жарайды, кеңесшіге де келісейік. Біріктік делік. Бірақ бұл терезесі тең туыстық, достық негіздегі бірлік пе? Тәуелді болып барып бірігу, өз қолыңды өз еркіңмен бұғаулау емес пе. Бұл өзіңді қойып, бүкіл ұрпағың жалтаңдаумен өтсін дегендік қой. Оған қалай көн дейсің, аба-ау! Тіпті мен көнгенмен де, елдің еркіндігін аңсаған ұлдары көне ме. Ал оларды зорлап көндіремін деу, бүтінге жарықша түсіру, тұтастыққа жік салу болмақ.

– Ия, мұныңның жаны бар. Кісіге қараған күн қараң. Еркіндік еншің болғанға не жетсін. Дегенмен, көп сеніміне енген адамдар еді, солар үшін ел өзіңнен теріс айналып жүрмесе...

– Ел ессіздік жасамайды. Қашанда еріне қарайды. Ері өрге бастаса, биікке шығады, ылдиға тартса, құрдымға кетеді. Елге еркіндік әперсем деген арманым бар. Өз ісіме сенбесем, жемісін терем демесем, әуелден әрекетке барып нем бар. Ел берекесін кетіретер есерлікке бармасын, аба. Елдің дауыл өтіне өзге емес, өз кеудемді тоссам, бірге пана болмаймын ба! Ал бірге бірлер қосылса, ірге ел емес пе. Іргелі ел ықпаса керек.

– Ықпас елдің туын жықпасы бол, балам! Бердім батамды. Көк тәңірі қолдап, Жер-ана қорғап жүрсін өзіңді. Бар, енді отырма, халқыңа бар. Менен кеткен, халқыңа жеткен екенсің. Енді сені ұл еткен халқыңның бағы ашылсын! Қоршаған жауың қорынып, құлдығыңнан табылсын!

Іле ханым шарта жүгініп, көкке қолын созып, жалбарына тілек тіледі».

Осы диалогтан біз қай заманға болса да лайық, келісті, қағидалы шешімді көреміз.

Тұман хан өліп, оның орнын ұлы Мүде басқанын естіген көршілес далалық дунху ханы кеңесшілерін жинап ақылдасты. Олардың кеңесе келе жасаған тұжырымы мынау болды. «Тұман ханның көзін көрген ұлы дәрежелі шонжарлар жас балаға мойын ұсынып, бағынбайды. Әрқайсысы өз билігін жүргізуге тырысады. Ал әлдекімдердің көмегімен әкесін өлтіріп, билік басына келген жас бала бәрібір олардың басын қосып, хуннуды ежелгі жауынгер күйіне келтіре алмайды. Ел ішіндегі алауыздық еменнің өзегіне түскен құрт іспеттес, іштен жеп, елеусіз құрта береді». Осындай болжамнан кейін дунху ханы хуннудың тамырын басып көрмек болып, елші жіберді. Елші Мүдеден ел мақтанышы болған, күніне мың ли жерге тоқтаусыз шаба алатын атты қолқалап келгенін жеткізеді.

Мүде ақылдасуға өз уәзірлерін шақырғанда олар бірауыздан: «Дунху бізді қорлап отыр. Елшілерді масқаралап елден қуып жіберелік» деді.

Мүде:

– Көрші жатқан елміз. Көңілі кетіп сұраған бір тайды қимай, бермеуіміз ұят болар. Берелік, – деп, атты елшілерге беріп жібереді.

Бұны Мүденің бізден қорыққаны деп түсінген дунху ханы арада бір ай өткенде тағы елші жіберді. Сөйтіп Мүдеден жақында үйленген ханымын сұратты.

Мүде, ақылшыларының қарсы болғанына қарамастан бұл өтінішті де орындады.

Осыдан қанаттанып, әбден есіріктеген дунху ханы көп ұзатпай тағы елші жіберіп, екі елдің арасындағы, көптен мал тұяғы тимей қараусыздау жатқан мол жер бар еді, соны сұрады.

Бауырлары мен кеңесшілерін жинап ақылдасқанда олар Мүденің дунхулар не сұраса да бере салатынына көндіккен сынай танытып, ақыры бос жатқан жер ғой, бере салайық, – десті.

Сонда Мүде:

– Жоқ! Берілмейді! Жерді беру деген не сұмдық. Жер деген елдің тірегі емес пе! Жерсіз ел бола ма?!

Сендер күні кеше хуннудың бір биесі құлындаса, орны толар сырты түк, іші бөк бір ат үшін, хуннудың бір қатыны босанса, орны толар әйел үшін дунхумен соғыспағаным үшін мені жігерсіз, намыссыз санап, жек көрдіңдер. Ерік берсе, қолдарыңда билік болса мені түтіп жегілерің келді.

Ал бүгін елді ел етіп отырған жердің тағдыры таразыға түскенде, еш қиналмай-ақ берейік дейсіңдер. Қане, айтындаршы, қай биең құлындап, қай қатының босанып жер табады? Жоқ, таппайды! Таба алмайды!

Жер – елдің асыраушысы. Асыраушысынан айрылған өледі. Жерді беру – бүгінгі тоқтығына тасыған, бірақ ертеңгі күні қарны қайта ашарын ойламаған тоғышардың ісі. Жерді берем деу – елді асыраушысына айыру деген сөз. Ондайлар – елдің жауы.

Жер – ұрпаққа қалдырар жалғыз мұраң. Жерді беру – ұрпағыңды сол мұрадан айырып, ертең біреуге тәуелді ету, құлдыққа беру. Жерден айрылу – елдігіңнен, ерлігіңнен, еркіңнен айрылу. Жерді берейік деу – ұрпақтың жауы. Жауға аяушылық жоқ. Өлім!

Қасиетті Жер-ананы ел дұшпанына берейік дегендердің бәрінің басы алынсын!

Қасиетті жер-ана үшін өлім – ақ өлім. Жер берілмейді. Дунхумен соғысамыз, – деп айғайға басты.

Хуннудың әбден жаттығып, соғыс өнеріне машықтанған әскері дунху жерін дауылды күнгі өрттей үйтіп өтті, өз даңқына өзі масайраған дунхудың есірік ханы әскерін де жинап үлгере алмай қапыда қалды.

Мүденің жігер-күшінің нәтижесінде Орталық патшалық та тізе бүкті.

Осы жерде Мүденің әлсіз тұсы да суреттеледі. Біздің дәуірімізге дейінгі 200-ші жылдың қатты қысында жолындағысын жапырып, өрттей қаптап келе жатқан хунну әскеріне Орталық патшалықтың иесі, Хань династиясының негізін қалаушы, соғыс өнеріне де тәжірибелі, байсалды да ақылды хан Гао-ди өзі әскерін басқарып қарсы шығады да, бір жеңіс, бір жеңіліс болып жатқан бір мезгілде алдауға түсіп қоршауда қалып, бір апта аштықта әрі суық сорып, өлімше болғанда, Гао-ди Мүденің өзімен бірге ала шыққан жас тоқалы қытай қызын есебін тауып көп сыйлық беріп, өзіне қаратып алады. Сөйтіп, тоқалдан Мүдені тоқтатудың жолын тауып, өздерін қамаудан босаттырмаса, көп әскердің қырылатынын, басқа амал жоқтығын айтып, өтініш жасайды. Жеңістің буымен ақ төсегіне қонақтаған жас ханды аяр әйел арбауға алады: «Жалғанда жалғыз қалып, барлығыңнан не пайда? Әлемнің екі қожасы бір-біріңді мұқатқанда, құртқанда не мұратқа жетесіңдер? Одан да бір-біріңе сүйеніш, тіреніш болмайсыңдар ма? Дүние

кезек, сиырдың бүйрегіндей құранды елің бар. Ертеңгі күні қолыңнан күш кетіп әлсірей қалсаң, сүйенерің кім болмақ? Хань империясына несіне қызығасың. Бүгін жерін тартып алғанмен бәрібір онда тұра алмайсың. Қарсыласың бір-бірімен қидаласып жүрген даланың дара-дара хандары емес, ордалы жыландай ұялы жау. Бір-бірлеп алғанда шырт еткізер шыбықтың өзі топтап алғанда сындыруға қиын екенін ойлан, хан ием! Жасаған жақсылығыңды ұмытар жан емес мен білетін Гао-ди. Жаныңда жатқан жақының мен айтамын мұны саған. Жағынған жандайшаптарың айта алмайды, айтпайды. Қыран құс торғайды қуғанымен өлтірмейді. Мықтылығыңды таныттың, ақылыңа алдырттың, сол бір жолға жетеді. Босат Гао-диді, хан ием!» – дейді.

Осы сөзге иланып Мүде хан бас дұшпанын босатып, әскеріне де еркіндік беріп жібереді.

Мүде хан қоршаудан босағандардың қуанышымен қоса, азу тісін ақситып айбат шегіп бара жатқанын көргенде-ақ өзінің оңбай қателескенін түсінеді. Ұлы өмір тәтті тірліктің ащы сабағын Мүдеге алғаш рет осылай ұсынады. Жеңіске жетіп, табысына тасынған ердің әйел тіліне арбалып, өрге домалаған тасына өзі кедергі болған тұсы осы еді.

Осы орайда біздің есімізге Мұса Шорманұлын өлімнен алып қалған Кенесары ханның бәйбішесі еске түседі. Ол оқиға былай болған екен.

1883 жылы Кене хан ел еркіндігі жолында шаһит кеткен әкесі мен ағаларының орнына өзі атқа қонып, тікелей ұлт-азаттық жолындағы күреске бел буып, қайратына мінген кезі дейді. Қаһары да, қайраты да тасып тұрған, 36-37 жастағы мүшел шағы екен.

Сол кезде Шорманның тұңғышы Мұса да баламын демей, 15 жасынан елге бас болып, 19 жасқа шығып, жаңа көтеріліп келе жатқан күн көзіндей жарқырап, шапақ шашып, қалың қауымға танылып, айтса сөзі, атқарса ісі ұнап жатқан кезі екен. Аға сұлтандық жауапкершілік лауазымы бар болғандығынан да болар Кене ханның үстінен Омбыдағы орыс әкімшілігіне Мұсаның жазған шағым хаты ханның өз қолына түсіпті. Айғақ анық, асуға да, атуға да негіз және дәлел бар.

Жазалау үшін жіберген сарбаздары Мұсаны алып келіп, өлімге бұйырылатындарға жасалған қамау үйінде ұстайды. Ажал күтіп, тәңірге жалбарынып жатса бір күні әлдебір жанашырдан мынандай хабар есітеді: Кене ханның бәйбішесі отағасына шәй беріп, көңілі жай болып дастарқан басында отырғанында: «Хан ием! Мұса өлімге қияр бала емес қой» депті. Сүйікті зайыбының бір ауыз байсалды сөзіне құлақ асқан ақылды хан жас Мұсаны өз алдына әкелдіріп: «Неге менің күресіме қарсы болдың? Дәлелдеп шыныңды айт», – дегенде дәлелдеп отырып ол шындығын өзіне

бетпе-бет ашық айтқан соң Мұсадан ол: «Осы жазадан босатсам не қылмақ арман-мұратың бар?» – деп сұрағанда 19 жасар Мұса: «Еліме еңкейгенше қызмет ету» деген екен.

Осыдан соң болашақта Мұса мырза Шорманов атанған жас Мұса, бүкіл қазақ жұртына үлгі-өнеге, ұлтшылдық ұлағат танытып, шарапатын тигізді. Ертістің бүкіл сол жағындағы ұлан-ғайыр қырға, Есіл, Нұра аралығына соның ықпалымен еуропалық озық үлгі, өнеге-ғылым енді. Шоқандай ұлтымыздың ұлына Мұса мырзаның нағашы ағалық ақылы, Г.Н. Потаниндей оның ақ пейілді достарына қазақ халқының қасиетін танытуы, т.с.с. тамаша тәлімдер мирас болды.

Мұса мырзаның осылай ханның ақылды бәйбішесінің арқасында аман қалуынан қазақ жұртына қанша ғажап шарапаты тиді десеңші! Ақкелінде тұңғыш еуропалық типтегі 6 жылдық мектеп ашылды, алғашқы екі жылы ата-баба діні, Алланы таныту, төрт жылы бастауыштық пәндер болды. Ол мектептен ұлтымыздың ұлтшыл ұлдары: Алаш арысы Мұқтар Саматов (1894-1938), Асфандияр Шорманов (1893), Ғабдул-Ғазиз (Бөкеш) Имантайұлы Сәтбаев (1894-1937), Әбікей Зейінұлы Сәтбаев (1882-1937), Әбдікәрім Жәмінұлы Сәтбаев (1897-1937), Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (1899-1964) секілді бүкіл қазақ халқына қадірлі азаматтар алғаш білім алды, қанат қақты, Алланы білді, әріп таныды, тамаша ұлтжандылық тәрбие алды.

Мұса мырзадай пассионарлық тұлға Кене хан жазасынан аман қалып, басшы болмағанда, ондаған академик шықты дейтін Баянауылын көзге елестету қиын болар еді!

Қытайлардың есебі қашанда алға жүретінінің мысалы кітаптағы Мүде ханға қызын беруге Гао-диді иландырғысы келгендердің сөзінен көрінеді: «Мүде ханның қойнында Қытай патшасының қызы жатса, ол көзі тірісінде сізге әрі ұл, әрі күйеу бала болады. Ал ертең, Мүде ханның көзі жұмылған күні қызыңыздан туған жиеніңіз таққа отырады, оған біз көмектесеміз. Сонда олардың тізгіні біздің қолымызға өтеді».

Мүде ханға әйелдікке берген қызының шаңырақ түйесіне мінгізіп жіберген, бұрыннан қызы мен әйелін оқытып тәрбиелейтін, еркектік қасиетінен айырып тастаған сауатты да ақылды Чжун-хин Юе өзін мұндай мүсәпір халге душар еткені үшін қытай императорын барынша жек көріп, Мүдеге беріле қызмет еткен. Сол Юе Орталық патшалықтан елшілер келе жатыр дегенді есітіп Мүдеге былай дейді: «Қытайдың бір ғана аймағының халқындай халыққа императоры қызын беріп, салық төлеп тұруының себебі неде деп ойлайсыз? Көрге үйренген көрге ұмтылады. Төрге үйренген төрге ұмтылады. Хуннулардың күші еркіндігінде.

Жердің сонысын, судың тұнығын іздеп, еркін көшіп үйренген елдің баласы үнемі ат үстінде. Жұтқаны таза ауа, жегені ет, ішкені қымыз. Тәні сау, жаны таза. Аңсары – ерлік. Қапасқа төзбейді. Үйкүшіктікке көнбейді.

Халқының қамын ойламаған хан болмайды. Ханды хан ететін халық. Халқы жоқ хан болмайды. Егер жассырмай шындығын айтсам, менің жобалауымша, хуннулар бүгінгі бар байлығы – еркіндігінен айрылып, басқа елге тәуелді болатын сияқты десем шамданбаңыз. Мені қытайлық деменіз. Қытай императоры мені бағаламады, адалдығымды таптады. Мен де енді хуннумын. Тек сізге ғана адал қызмет етемін.

Енді себебін айтайын... Сіз қытай киімі мен тамағына тым үйірсіз. Ал халық сізге қарайды. Хан ұнатқанды олар да ұнатуға тырысады. Соның өзінде мол болуын қалайды. Сөйтіп олар ертең әбден үйреніп алған соң қытай матасынан басқаны кимейді, күріштен басқаны жемейді. Сонда мұның бәрін олар қайдан алады? Хуннудың өзінде бұлар жоқ қой. Демек, өзінде жоққа құмарлық өзеге тәуелді болуға мәжбүр етеді. Хунну халқы бүгін қытайдың киімі мен тамағына құмар болса, ертең үйрене келе оның салт-дәстүрін де өгейсімейді. Сөйте-сөйте хуннулардың қалай қытайшыл болып кеткенін байқамай да қалуға болады. Әрине, бұл достық пен туысқандыққа астасып, содан өріс алып жатса, сөз басқа. Ал керісінше, көптің азды жұтынына, бардың жоқты өзіне тәуелді ететініне бақса ше?

Сол үшін өзіңіз бас болып үйренгеннен бас тартып, ата-баба дәстүрін ардақтауыңыз керек. Ұрпаққа берер өнегеңіз де содан бастау алмақ. Ол үшін бірінші кезекте хуннудың өз киімі мен тамағының басқа елдікінен артық екенін жалпы көпке дәлелдеуіңіз керек. Көзі бар халыққа қамқа мен жібектен тері мен жүн жақсы дегенмен дәлел болмаса беркерге кетеді немесе қытай киімі киілмесін, қытай тамағы желінбесін деп жарлық беруге де болмайды. Қору жалпы құмарлықты қоздырады. Тыйым салған жарлық көпшіліктің қолдауына ие бола алмайды. Өз киіміміз бен тамағымыздың артық екенін елшілер алдында мен дәлелдеп көрейін, соған келісім беріңіз, хан ием» дейді.

Ертеңіне елшілер келгенде Юе сөз алып қытайдың сыйға әкелген киімдері мен маталарын, қап-қап күріші мен шарабын кері алып кетуін талап етеді. Дәлел үшін елшілер ішінен қытай киімін киген бір адамды, өздерінен ешкі терісінен тігілген бешпет пен шалбар киген бір жүйрігін едәуір жерге жаяу жарысқа жібереді. Қайтып келгенде, ел көзіне бұта жырып түте-түте болған қытай жібегі мен ештеңеден бүлінбеген хунну киімін салыстырып көрсетеді. Ел, әрине, өз адамының киімін қолдап, қуаныш білдіреді.

Қытайдан елшілікке келген бір адамды және өз ішінен бір адамды бұлақ арнасынан қазылған шұңқырға басын ғана қылттып бір сағатқа отырғызып, уақыты келгенде ел алдына шақырса, ет жеген хунну жақ жүні үрпигені болмаса әлі тың, ал күріш жеген қытайлық аяғын басуға шамасы келмей екі жақты сүйеумен сүйретіліп зорға жетеді.

Осылай Юе жасанды мата мен табиғи матаның, қуаты мол ет пен қуаты ұзаққа бармайтын күрішті салыстырып, өз халқына өнеге етеді.

Қойшығара Салғараұлында тарихта үш Шыңғысхан болған, соның біріншісі Мүде хан еді деген тұжырым бар. Бұл біздің дәуірімізге дейінгі 170-ші жылдар еді дейді.

Ал, бізге кеңінен танымал Шыңғысхан XII ғасырдың ортасы мен XIII ғасырдың бірінші ширегінің басында қайтыс болған моңғол әміршісі болған хан. Шыңғысхан тарихта бірінші болып, билікке өз туыстарын ғана емес, өзі сенетін адамдарды тағайындады – ол бөтен болсын, дұшпан болсын, қарамады. Оның бұл әдісі дұшпанды дос етіп, бір ту астында бірігуге алып келді. Билігін кеңейту үшін 20 жыл бойы үздіксіз шайқасқан Шыңғысхан Александр Македонский сияктанып ақыр соңында бұл шайқастың ешуақытта таусылмайтынын түсінді, ол тек дұшпандарымен ғана шайқаспады, дұшпанға айналған серіктестерімен де шайқасты.

Шыңғысханның осы мінездері Қойшыға бірінші Шыңғысхан атаған – Мүдеден де көрініс тапқан.

Шыңғысханның заманында моңғолдардағы ең ауыр жаза «саған сенген адамдардың алданғаны үшін» берілген.

Шыңғысхан жаулап алған елдеріне салар салығын ешуақытта 10 пайыздан асырмаған.

Тарихта Шыңғысхан айтыпты деген мынадай сөздер бар:

...Әр тайпа өз тілінде сөйлей берсін. Оны менің тілімде сөйле деп зорламайық. Әр құсты тәңір жаратқан, әрқайсысы өзінше сайрайды. Егер дүниеде тек кара қарға қалса қайтер еді немесе, тек бүркіт, тек тотықұс қалғанмен қызық болмас еді. Ал күшіген ғана жайласа тіпті сорақы болар еді.

...Егер ұлдары әкесінің жолын қумаса, інілері ағасының сөзін тыңдамаса, күйеуінің әйеліне сенімі болмаса, әйелі күйеуін жүре тыңдаса, ежелер келіндерін ұнатпаса, басшылар қызметкерлерінің жүрегіне жол таба алмаса, айналасындағы адамдарды өз соңына ерте алмаса, игілікті басқа жандардан молырақ игеріп байығандар басқалардың да баюына көмектесіп, қол ұшын бермесе, басқа халықтың әдет-ғұрпы мен заңына, ақыл парасаты мен адамгершілігіне менмендікпен қараса, мемлекет тәртібін мойындамаса, ондай елде айлакерлер мен ұрылар, қылмыскерлер

мен басқа жолға түскендер өз Отанының басына қара түнек орнатады. Басқаша айтқанда ол елдің байлығы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетеді, бүкіл халық дәрменсіз бейшараға айналады.

...Егер әркім өз пиғылын арамдық ойдан тазартатын болса, бүкіл ел ұры-қарыдан ада болып, зиянды әдеттен пәк болар еді.

...Момын халықтың арасында жүргенде қошақандай момын бол, ал шайқасқа шыққанда жемтік көрген аш бүркіттей шүйіл.

...Сөзді айттың ба, ол жақсы ма, жаман ба, әзіл ме, шын ба, бәрібір оны қайтарып ала алмайсың, сондықтан әр сөзіңді безбендеп өлшегендей салмақтап айт.

...Ер кісі бір мезгілде барлық жерді жарық етіп отыратын Күн емес. Олай болса, ері аңға шыққанда я жорыққа кеткенде, әйелі ерінің отбасын жақсы сақтап, үй ішін үлбіретіп отыруы керек. Әйел парықсыз болса, өзінікімен қоса ерінің де абыройын аяққа таптайды.

...Арақ-шараптан ақыл да, пайда да, абырой да, қайырымды мінез-құлық та, адамгершілік те күтпе. Ішуді тыюға жігерің жетпесе, шаманды байқап, мөлшермен іш, мүлдем ішпейтін кісі – ең қадірлі адам.

Шыңғыс қағанға телініп жүрген қоғамдық ережелер кішкентайынан Шыңғыс қаған мен оның бәйбішесі Бөрте бағып-өсірген Құтқудың қолымен темір тақтайшаларға ойып жазылған. Құтқудың тегі – түрк. 1206 жылғы құрылтайда Шыңғыс Құтқуға былай деп бұйрық береді: «Бізге бағынышты адамдарды топтастыр: киіз шатырларда тұратындар мен ағаш үйлерде өмір сүретіндерді бөл. Ешкімнің өзіне қарсы шығуына мүмкіндік берме. Адамдардың арасындағы ұры-қарыларды құрт, өтірікшілерді бақылауға ал, өлімге лайықтыларды өлтір, жазаға лайықтыларды жазала. Сонан соң бүкіл халыққа қатысы бар қарарларды Көк Дәптерге тірке!».

Шыңғыс хан отарлап алған жерлерінде тепе-теңдікті сақтаған. Отырарды басып алғанда Бұхардан арнайы дін білгірін алдырып мұсылман дінін зерттеген. Оны тыңдап болып, барлық парыз нәрсені мақұлдап келіп қажылықты дұрыс деп есептейтінін айтыпты. «Барлық әлемді Құдай жаратты, барлық жер адам үшін киелі, сондықтан арнайы бір жерді басқа жерден ерекшелеу дұрыс емес» деген. Пайғамбарымыздың қажыға баруды міндетті парыз демегенін естігенде барып: «сендердің діндерің жаман емес екен» деп, дін мәселесінде еркіндіктер берген.

Шыңғысханнан кейінгі Шығыстан шыққан әміршілердің бірі, хан тұқымынан болмаған соң «хан» аталмай «әмір» аталған Әмір Темір тұмай жатып зәбір көрген адам. Оның анасының қарнын жарып жібергенде ішіндегі нәресте өлмей қалған, тек оң қолы мен оң аяғының сіңірлеріне қанжар тиіп, туғаннан қолы жарымжан, аяғы ақсақ болып туған. Оның:

«Мен басқаша бола алмаймын. Қанжардың шабылуымен дүниеге келген мен ешқашан періште болмаймын» – деген сөзі бар екен. Ол: «Адам алу үшін туған. Қолдарымызға қарайықшы, олар беру үшін жаратылмаған ғой. Жер бетіндегі барлық нәрсе өзіңе бағындырып алу үшін жаратылған. Мен жаулаушымын және сендердің барлығыңнан да көп жетістіктерге жеттім» – деген.

Шынында Темір үлкен жаулаушы, бірақ, бір жағынан, ол – жасампаз. Қанша ғимараттар, мешіт-медреселер салған, сүйікті немересі Ұлықбекке заманауи білім бергізген, оның нәтижесінде ол әлемге әйгілі астроном болды.

Түркістанды жаулап алған соң Темір Иассауи ілімін зерттеген. Сонда Иассауидің: «Адамдар жердің байлығын тонамауы тиіс, олар рухани өмірін дамытсын. Өйткені адам баласы бойындағы барын беру үшін жаралған» деген ілімін естіп әуелі: «Мен жалғыз қолыммен екі қолы барлардан көп игілік ала аламын» – деген өз пікірін мақұлдағанымен, кейіннен Иассауи іліміне мойынсұнып, адамдар бойындағы бар асылын жұртқа беру үшін де жаралғанын түсініп, Иассауиге Түркістанда аймақтағы ең үлкен кесене тұрғызған.

Қойшығара Салғараұлының кітабында мына секілді өнегелі сөздер көп-ақ:

«Тарих сабағы – ұмытпауды тілейтін сабақ!».

«Зұлымдық жаңа зұлымдық тудырады!».

Кітаптың бір жерінде: «Құранның өзі бастауын Тәураттан алған» делініпті. Зерттеп, салыстырып көру керек екен. Құраннан бұрын Інжілді оқыған және екеуін де алғаш рет орыс тілінде оқыған маған екеуінің ұқсастығы айқын көрінгендей болып еді.

«Біз орыс ғалымдарының жазғандарындағы түркті – түркі, турокты – түрік деп аударып келеміз. Бірақ осының екеуі де сол баяғы бір Түрк».

Кітапта қазақтың бір де адамының біреудің басын кесіп алып, қанжығасына байлап жүруі болмағаны, ондай әдет хуннуларда кездесетіні айтылады. *«Оған себеп – жеңілген елдің дүние-мүлкі, мал-жаны талауға түскенде, хуннудың ханы, не қолбасшысы жауынгерлерге үлесті өлтірген кісісінің санына қарай берген. Дәлірек айтқанда, хунну соғыста өзі өлтірген адамының үй мүлкіне, мал жанына ие болған, әйелін күң, балаларын құл еткен. Сонымен бірге әр бозбала соғыста өзінің тұңғыш өлтірген дұшпанының қанын ішетін дәстүр болған».*

Біздің эрамыздан бұрынғы 280 жылдары Мүденің талқандауынан аман қалған «дунхулар Ухуань және Сәнби тауларының жықпыл-жықпылына тығылып бас сауғалап, содан кейін осы аттас екі елге айналған. Ухуандар

тарих бетінде азды-көпті із қалдырғанмен, арпалысқан алай-түлей заманда халық болып қалыптасып, ел болып есейіп, дәуірлеп кете алмады. Оған, әрине, жеке билікке құмартқан ру көсемдерінің бірлікке ұйымай, бұра тартып, тұтас халықты тұс-тұсқа таратып, бөлшектеп әкетуі» де себепкер болып еді. «Бірлікке жарықшақ түсіріп, халық тағдырын қара бастың мүддесінің бодауына байлаған ру басыларының әрқайсысы өз үстемдіктерін сақтап қалу мақсатында күшті көршілерінің бірінің қолына еніп, соның қолшоқпарына айналды» да, мұның ақыры ухуань халқының құрып бітуіне алып келді.

«Бұрыс алды – ынтымақ» дегенде дана халқымыз тап басып, тауып айтқан-ақ қой. Бірақ сол ынтымақты көздеп, ел болып ұйысудың орнына «хан тұқымдарының дара биліктің дабылын қаққанына ессіз еліріп, бауырлас халықтардың бірін бірі қырып, ақыры, өзге жұрттың езгісіне түсуі де содан болса керек. ...Өзімізді алсақ, біз де, төре тұқымын төбемізге көтеріп, солардың сілтемесімен ру-руға бөлініп алып, бір-бірімізді тұралатып келе жатқан жоқпыз ба?».

«Өз сөзімізге өзіміз ие бола алмасақ, өзгеден адалдықты қалай талап етеміз?».

«Өз күшігін өзі жеген қасқырдай әкесі баласын өлтіріп немесе баласы әкесін бауыздап жатқан сол бір қарғыс атқан заманда еркімен жүрер ер қайда. Еркексіз тұра алмайтын сайқал әйелдей тақ та иесіз тұра алмайды. Біреуі адалдықтан аттамағанымен, басқа біреуі аттағаны былай тұрсын, табанымен таптап өтіп, таққа жармасады».

Қытайдың бүкіл солтүстігін иемденген, Сәнбидің бір бұтағы саналатын Тоба елінің тәуелділігі Тоба Хун билік басына келгенде, Тоба Гуй кезінен де асып түсіп, әбден шегіне жетті. Ол «қарауындағы елге ана тілінде сөйлеуге, сәнби киімін киюге, ата-баба дәстүрлерінше шаш өсіріп, өріп жүруге және өз тайпаласынан әйел алуға тыйым салатын жарлық шығарды. Бүкіл сәнбилердің аты қытайшаға алмастырылды, өзі де атын өзгертіп Тоба юань аталды».

Кітап авторы сақтың түп төркіні қайдан шыққан деген сауалға да жауап іздепті. «Біраз ғалымның еңбегінен сақтың төркіні көне ирандықтар дегенге іші онша ұйи бермейтіні кездесіп қалады» дей келе, археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі, белгілі ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың «Этностар шежіресі» деген мақаласындағы түйінді ойлар сақтарды ескіше X-IV ғасырларда Сарыарқа, Алтай, Тянь-Шань, Хинган жерінде тұрған түркі тайпаларының атасы екеніне күмән келтірмейтінін жазады.

«Тіл – адамдардың ұлы жетістігі, өзара қатынастарының ұлы құралы. Ол – қоғамдық құбылыс, тарихи дүние. Жаңа ұрпақ ата-

бабамыздың дәстүрі мен салтын, мәдениеті мен мұрасын өзінен бұрын өткендердің тілі арқылы алады. Тіл тарихы – халық тарихы. Тіл халықпен бірге жасасып, бірге дамиды. Кез келген халықтың тілі сол халықтың қоғам болып тіршілік ете бастаған кезінен бергіні белгілеген, соның көбін өз ішіне сақтап келген тамаша қойма тәріздес. Сол қойманы ашып, ішіне кіру, қазынасын танып білу әр кезде де саналы ұрпақтың мұратты ісі, абыройлы міндеті болған, болып қала бермек».

Профессор Сәрсен Аманжоловтың мына бір пікірі көңіл толтыралық: «Жер адамнан бұрын жаралған. Қазақтың бүгінгі жерін әуелден басқа ел жайлаған емес. Мұнда, негізінен, ежелден түрлі ру, тайпа атымен аталып, кейін қазақ аталған елдер жайлаған. Бұған қазіргі жер-су, тау-тас аттары куә. Ол аттардың көбін сонау ескі замандағы ата-бабаларымыз қойған» – деуінде үлкен мән-мағына жатыр.

Орыс зерттеушісі, академик С.П.Толстов «Орта Азия халықтарының көне тарихы мәселелерінің негіздері» атты еңбегінде: «Сақ тайпалар одағы – қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ және түркімен халықтарының арғы аталарының түп тарихы» дейді. Сондықтан да сақтар біздің ата-тегіміз деген тұжырымның нақты ғылыми негізі бар екенін білуге тиіспіз.

Парсының атақты патшасы Дарий скиф патшасы Иданбарысқа елші жіберіп, өзіне құлдық ұрып, жер-суынды маған тарту ет, – деген талап қояды. Иданбарыс астамсыған Дарийге: «Біздің қорғар қаламыз, егін егіп, баптап күтіп отырған жеріміз жоқ. Сондықтан да сенен қаламызды қиратар, халқымызды тонар, егінімізді таптар деп қорықпаймыз. Сенімен бірден айқасқа түспеу себебіміз де сондықтан. Ал сен бізбен қайткен күнде де соғысуды қаласаң, онда біздің ата-бабамыздың зиратын бұзып көр. Ал бізге қожалық етуіңе келсек, менің қожам – Тәңірі ғана, соны ғана мойындаймын» дейді.

Сыр бойындағы ел Қоқан хандығына бағынып тұрғанда сол елде Арғынбай атты шешен болыпты. Жасы сексенге келгенде ағайын-туғанның өтінішін қимай бір дауға билік айтуға барғанда сол елдің Жайынбай деген датқасы мұны «Мұрагерсіз қу бас шал, саған сөздің керегі не?» – деп кемсітіпті.

Текті қарт содан кейін сөзден біржолата қалыпты, естіген сөзі жанын жаралапты. Сонан кейін ағайындары бас қосып ақылдасып Арқа еліндегі ақылдылығымен аты шыққан Данабике деген, теңі табылмай отырып қалған қызды айттырыпты.

Қыз әкесі қызым келісім берсе мақұл деп көніп, құдалыққа келгендерге қыз сәлем айтыпты: «Маған қалың малға жиырма бес лақ, отыз құр ат, қырық қайралған қылыш, елу егеулі найза, алпыс сылақшының қалағы, жетпіс күйек, қапқа салып сексен сүйек берсін» депті.

Қызды алатын болдық, Данабике дегенге ақылды қыз ба десек, сұраған нәрсесін кара, – деп құдалықтан келгендер Арғынбайға барып, құда түсе барғанын, әкесінің сөзін, қыздың сәлемін қуанышпен жеткізіпті.

Сонда Арғынбай: «Ой, әттегене-ай, бекер істеген екенсіңдер. Ұят болды-ау, мұны мен істетіп отыр деп ойлады-ау байғұс бала...» деп қатты өкініпті. Сөйтіп: «Мұндағы сандардың бәрі адамның жасы ғой. Жиырма беске келгенде, тасқа ойнаған лақтайсың. Отыз жасқа келгенде мінілмеген құр аттайсың, қырық жасқа келгенде қайралған кара қылыштайсың, елуде адам егеулі найзадай, алпысында ақылға келіп, сылақшының қалағындай бұрысыңды ақылмен дұрыстайсың. Жетпіске келген адамның көңілі тетік ісі жоқ, құр байланған күйекпен тең, сексенге келген адамның қайрат қылар күші жоқ, саудыраған сүйекпен тең» дегені екен, тақырға шөп шықпайды дегені сенен бала тумайды дегені. Сендер барып Данабикеден кешірім сұраңдар, – депті.

Қойшығара Салғараұлы кітапта өзі көзі жеткен нәрсені батыл айтады және өзімен-өзі сырласқандай оқырман үшін ұғынықты тілмен бере біледі: «Көне түріктер өзен-суды асыраушы анам деп түсінген, қасиеттеп қадір тұтқан. Мысалы, Енесай – Енисей, Ұлыене – Лена, Об – Обь, Қатын – Катунь».

«Кез келген бас айналдырардай керемет көрінген дүниенің құпиясы ашылса, баланың да ақылы жетердей жай қарапайым бір нәрсе болып қалатыны – өмір ақиқаты».

...Білмегенге дауа жоқ, ал азды-көпті білгенді айту парыз. Тыңдау – тыңдаушыда; қате десе қалыс қалдырар, дұрыс десе – кәдеге жаратар, қалай болғанда да оның, әйтеуір, ұтысы бар, ұтылысы жоқ. Өйткені айтылмыш ой бұрыс-дұрысына қарамай, екінші ойға қозғау салмақ, ізденіске түрткі болмақ. Сондықтан көңілге түйген ойдың көзін ашып, көп игілігіне ұсыну – азаматтық парыз».

«Қазақ» деген сөз алғашқыда өз ұлысынан, тайпасынан бөлініп кеткендерге берілген есім, «еркін», «басы бос» деген мағынаны білдіреді дейтін ғалымдар пікірі, есте жоқ ескі заманда пайда болып, ғасырдан ғасырға көшкенде түрлі-түрлі өзгеріске ұшырағанымен, түп мағынасын жоғалтпай бүгінге жеткен «ҚАЗАҚ» атауының ең соңғы мұрагері болған халқымыздың осы атты иеленген кездегі тарихи жағдайына сай келеді».

...Қалайда, білу мұраты – ізденіс екені даусыз. Іздену, салыстыру шындыққа жол ашады».

«Қазақ халқының өзара үш жүзге бөлінуі біздің бүгінгі күнгі облыс-облысқа бөлінуіміз секілді әкімшілік-аумақтық басқару тұрғысында ғана болғанын түсіне тұрып арамызда жүзге бөліп, жік тудырушылар

бар. Олар сол арқылы жеке басының пайдасын көздейді. Ата аруағын шақырғансып, жалған намыс қоздырып, қолында билігі, елге ықпалы бар жандардың көлеңкесіне тығылып, өзін соның ең жақын жанашыры етіп көрсетіп, күріштің арқасында күн кешкен күрмектей күн кешуді ойлайды. Емшектесіне де еміренбейтін ондай тасбауырлар атасын да жарытып білмейтін, бірақ мансабы бар айдаладағы біреуге бас иіп, соның жыртысын жыртқансып, жанын жалдап шыға келеді. Оның сол адаммен бүгін қандай ауыз жаласып, әмпей болса, ертең сырт беріп жауласуы да сондай оңай. Өйткені оған керегінің өзі әлгінің туыстығы, туыс намысы емес, өзіне тигізер пайдалылығы. Пайдасы болмаса, бірге туып, бауыры жабысып қалса да бәрібір. Ондайлардың достығы да, туыстығы да, дана Абай айтқандай – сатулы.

Осының бәрі сайып келгенде білімсіздіктен. Алайда білімсіздікті сауатсыздықпен шатастыруға әсте болмайды. Білімсіз – тоғышар топастың туысы. Ал топас адам үйретілген хайуан тақылеттес, бірақ одан қауіптірек. Одан адамгершілік іс күтудің өзі ағаттық. Оның тіршілігінің саяр арнасы – «көп айтса көнді, жұрт айтса болды», тояр ішер тамағы, ел елер мансабы болса жетіп жатыр. Одан арғысы – бәрібір, пұл болмаса, күл болсын...

Білімдінің басы ашық, оған рушылдық, ұлтишылдық бұлты оралмайды. Өйткені ол атаның баласы емес, Адамның баласы, көкірегі сара, көңілі шуақты.

Міне, адам мен адамның арасындағы осынау айырмашылықты сезінген сайын бәрін білуге деген құмарлық жаныңды баурап, дегбіріңді алады екен. Үлгерсем дейсің бәріне. Есесі кеткен есердің өлермендігімен Уақыт-тұлпардың жалына жармасың. Өмірге, тірлікке деген тойымсыз құмарлық та осы сәттен басталады. Бәріне үлгерсем дейсің...».

«Заманында дүниені тұлпарының тұяғымен дүр сілкіндірген атақты сақтарды да, әлемдегі ең ірі құл иеленуші мемлекет Рим империясының күйреуіне себепкер болған Шығыстың көшпелі жауынгер халқы – хуннуларды да, тіпті «атаның да атасы бола ма» деп балалар айтқандай, көненің көнесі деп келген шумерлер мен майялардың да түп тегі түркілер екені одан әрі де біле түссем деген ниетке ықыластандырады екен...».

Бұдан бес ғасыр бұрын адамдар тек өз төңірегімен ғана аралас-құралас болған. Сауат жоқ. Кітап жоқ. Бірқалыпты, күнде қайталанып жататын тірлік. Ешқайда шықпайды, жолаушылап шығатындар бірен-саран арманшылдар ғана. Сондықтан сырттан келген адам құрметті, ол өнер адамы болса – көп есе құрметті. Сырттан келгендерді құдайдай күту себебі осыдан келіп шыққан.

Қазіргі заман басқаша. Қазір білімсіз болу – күнә. Өйткені ақпарат жеткілікті, ақпарат алу оңай. Бұқаралық ақпарат құралдарының жазба түрі де, электрондық нұсқасы да даяр, кімді іздесең де табасың.

Білім тек іс арқылы әйгіленеді. «Білім – ағаш, іс – жеміс» деген сөз бар. Білім иесі оны пайдалану үшін іске жұмсайды, ал егер білгенін іске асыра алмаса, онда білімді адам болып саналмайды.

Кімде-кім бір нәрсеге талаптанса оның іздеген мақсаты, көздеген нысанасы болсын, соған жетуге талаптансын, жеткеннен кейін қанағат тұтып, әрі аспай тоқтай білсін. Бұрынғылар айтқандай: «Мақсатсыз ілгері аттаған тез шаршайды, өйткені мақсатсыз құлшыныс болмайды».

Көмбе

1989 жылы жарық көрген.

Бұл кітабының басында «қыпшақ» атауын зерделей келе автор: «Олжас Сүлейменов қыпшақтардың рулық таңбасы – екі тік сызықты – қатар жатқан екі пышақтың белгісі деп түсіндіріп, «қыпшақ» этнонимін осы екі пышақ (иқи пчак) сөзінен шығарады. Ал «қаңлының» рулық таңбасы – бір сызық. Сондықтан Н.А.Аристов қыпшақты қаңлымен бір туыстас, не содан бөлініп шыққан тайпа деп санайды. Ал Кляшторный көне түрік ескерткіштерінің тілінде «қыпшақ» сөз «жолы болмаған», «бақытсыз», «сорлы», «қырсыққан» деген ұғымды білдіреді» – дейді. Сонымен бірге «қыпшақ қобы» деген сөздегі «қобы» – «бос» дегенді білдіреді» дегенді айтады. Менімше, «қобы» бұл арада көтерілу, өсу, бөсу мағынасында. Соған сай, қыпшақ қобы – қыпшақ мақтансы, қыпшақ бөспелік, қыпшақ өркөкіректік деген тәріздес ұғымдарды білдіреді. Шығыс Қазақстан, Семей жерінің тұрғындары орынсыз бөсіп, лепіріп кеткен адамды жаратпай «ой, мынау тіпті қобып кетті ғой» деп отырады. Ал, «қобы» сөзін қарашайлар «тұру, көтерілу» деген мағынада қолданады, «ерте тұрдым» дегенді «ерте қобтым» дейді.

Осы орайда оңтүстік қазақтарында да осы қарашайлардың алған мағынасында қолданатындар бар екені еске түседі. Жаңылыспасам, Шерхан Мұртазада да осылайша қолданылған бір сөз бар еді...

Қойшығара Салғараұлы түркілерді «744 жылы (кей деректерде 745 жылы) Орхон өзенінің бойында ұйғырлар жеңіп, Ұйғыр хандығын құрды» дейді.

«Албан, Суан тайпалары Дулаттан да көне тайпа» «Алб» – тау (алып), «Суб» – су деген сөздерден шығып, тау елі, су елі дегенді білдіреді».

...Ой жүйелі болмай, сөз киелі болмайды. Өйткені үзік ойдан түзік сөз шықпайды. Ой жүйелілігі, негізінен ойға азық боларлық деректің жаңсақсыз нақты болуына байланысты.

...Бір мәселе төңірегінде тұжырым дара болмай, екеу-үшеу, кейде одан да көбейіп кетсе, онда сенімге сызат түсіп, көңілге күдік оралады, ой жүйелілігінен жаңылып, сан саққа жүгіреді.

Біздің жыл санауымызша 402 жылы Жужан хандығы шаңырақ көтерген. Содан 552 жылға дейін бірде әлсіреп, бірде күшейіп хандық жалғасып келген. Сол хандықтың ең танымал ханы Анахуан еді. Оның анасы қытай қызы Хэулюйлин еді. Оның түрікше аты Биба қатын. Сол әйелдің тағдырын хандықтың қалыптасуы мен дамуына қоса суреттегенде автордың байқағыштығына, қисынына, тарихты зерделеудегі ізденгіштігіне қайран қалмасқа адам жоқ. Биба қатынды зорлықпен жужанның ханы Дәулуньге беріп жібереді. Биба жиырмаға келгенде ханды анасымен бірге өз адамдары бауыздап өлтіреді, олай етуге қатыгез ханның өз әскерін қытайлықтарға орынсыз айдап, шекарасын бұзып, жаулап алуға тырысқаны, соның нәтижесінде елдің берекесін кетіргені себеп болды. Бибаны Футу батырға қосады. Бұл жылдар әйел бақытының жылдары болып, ол бес ұл көреді. Футу әкесі Ноғай өлген соң таққа отырады. Біраз жылдардан соң Футуды теленің ханы Мивоту өлтіреді. Осы жерде Хэулюйлин белін бекем буып, хандықты сақтап қалады, таққа 17 жасар ұлы Чеунуды отырғызады. Ол әскер арасында қатаң тәртіпті қалпына келтіріп, жаттығуларды үзбейді. Оның бар арманы әкесін өлтірген Мивоту ханынан кек алу болады да, ақыры оны қолға түсіріп, адам естімеген азапты қорлық өлімімен өлтіргісі келіп оны тамаққа әбден тойғызып, зорлап екі аяқ қымыз ішкізіп, ірі бір жылқыға қолын артына байлап басын салбыратып атқа таңады атты қуалауға бұйырады. Дұшпаннан кек осылай алынады.

Сөйткен анасы хандыққа қауіп төніп, бірнеше рулар бөлініп кету қауіп туғанда, ханды (өз ұлын) өлтіртіп, орнына екінші ұлы Анахуанды отырғызады. Хэулюйлиннің бұл әрекетіне қарсы шыққан оның немере қайнағасы Шифа отыз мың әскермен келіп хан ордасын қоршауға алады. Қоршаудан Анахуан мен інісі Игюйфа қашып шығады да, қоршауда қалған ханның анасы мен екі інісі өлтіріледі. Шифа өзі хан деп жариялайды. Оны Анахуанның әкесінің інісі Силифа Поломын жеңіп таққа отырады. Императордың қолдауымен Анахуан Поломыннан тақты қайтара жеңіп алады.

Міне, көрдіңіздер ме, бір ғана әулеттің төңірегінде қанша ұрыс-керіс, тақ таласы, аяусыз өлтіру болған. Біріне бірі билікті тартып алған, айламен алған, сырт күштердің көмегімен алған, бірақ сол билік ешкімге оша бермеген.

Туғандар бірін-бірі қырғаннан еш мұратқа жетпейтініне, қайта әлдекімге жем болып, бұл күндеріне зар болып қалатынына осы оқиғалар мысал бола алады.

Бүгінде де бір елге барып орналасқан әрбір қытай уақыт өте келе сол жерге елуге дейін туыстары мен достарын тартады екен. Олар Еуропа мен Американы айтпағанда Эмиратта, Оманда, Катарда көбейіп-ақ қалды, қазір Израильге, Оңтүстік Африка Республикасына, Латын Америкасына кіріп жатыр.

546 жылдың жазында Түрік ханы Бумын өздерінің берекесін алған, салық азабын тарттырған жужан ханы Анахуанға қарсы көтерілу жайында кеңес өткізеді. Сонда Бумын жиналғандарға алдымен жужандарға қарсы емес, теле хандығын бағындырып алу қажеттігін айтады да, оның себебін телелердің бұларға зияны болмағаны, жужандардан бұлар секілді әбден зәрезап болғандардың бірі екенін растай отырып, телелер жужанды жеке соғысып жеңе алмайды, сондықтан алдымен телелерді өзімізге қаратып алсақ, оларды жужандардың езгісінен құтқарамыз және күш біріктіреміз дегенді айтады.

Нәтижеде бір елге біріккен олар жужандармен соғысып, жеңіп шығады. Бумын 552 жылы ұлы даланың шығыс бөлігін түгел бағындырып, ақ киізге көтеріліп, хан болады.

Бумын хан 553 жылы өз ажалынан өліп, орнына оның ұлы Қара Ыстық болады. Бірақ көп өтпей ол да кенеттен қайтыс болады да оның орнын інісі Кушу Муган-хан алады. Ол да 572 жылы қайтыс болып, орнына інісі Тобо-хан (Арыстан) отырады.

Осы Арыстан түрік хандарының ішінде бірінші болып будда дінін қабылдайды. Оның бұл дінге еліккені сондай, Будданың отанында тумағанын арман қып өткен.

Арыстан өлген соң қағанат Батыс және Шығыс қағанаты болып екіге бөлініп кетеді.

«Мансапқорлардың іші тар, қызғаншақ болып келетіні белгілі. Ал іші тар, қызғаншақ кісіден кісілік шықпайды».

Автор мынадай бір аңыз әңгіме айтады. *«Ерте заманда Түрік деген бір әділ патша болыпты. Оның халқына адалдығын, әділдігін, бейбіт өмір қамтамасыз еткенін көре алмаған бір патша оған қарсы соғыс ашыпты. Түрік патша жеңіске жетіп, жау әскерінің қолға түскендерін бұрыннан келе жатқан үрдіске орай құлақкесті құл етіп қорлаудың орнына бостандық беріп бәрін де еліне қайтарыпты да оларға: «Патшаның міндеті қарауындағы елді соғысқа итеріп, қырғын таптыру емес, керісінше, елге бейбітшілік әперіп, халқын байлыққа кенелту. Сендер*

кінәлі емессіңдер, өз патшаларыңның әмірін орындадыңдар. Сендерді танымайтын, білмейтін басқа елмен соғыстырып, қырғын табуға мәжбүр еткен патшаларың кінәлі. Сондықтан сендерге азаттық. Елдеріңе барыңдар, патшаларыңа сәлем айтыңдар. «Өзгенің бақытын қызғанған өз бақытынан айрылады. Осыны есіне сақтасын», – дейді».

Аңыз «осылай болса екен» деген арман-қиялдан туады. Оның негізінде белгілі бір кейіпкер болғанымен, бірте-бірте ол түрленіп, игіленіп, ізгіленіп, ақыр соңында көпке үлгі боларлық идеал дәрежесіне жетеді.

«Ойы мен қырына қиялыңның өзі жете бермейтін сонау тым алыста қалған көне замандардан түрлі жолмен бізге жеткен тарихи дара тұлғалар жөніндегі азды-көпті деректерден басқа, жалпы халық өмірін жан-жақты ашып көрсететін мәліметтер жоққа тән. Сондықтан, қажет пе, қажетсіз бе, көңілің қалай ма, қаламай ма, бәрібір әлгі бар дерек арқылы сол кездегі ел өмірін, халық тірлігін білуге мәжбүрсің. Міне, осындай ақиқат жағдайды біле тұрып, осы күні кейбір азаматтардың тарихи тақырыпқа қалам тартқандарды «хандарды жазады» деп кінәлап, байбалам салуы өкінішті. Олар сенің халықтың қалаулы ұл-қыздары жөнінде жақ ашпай, сол замандағы жекелеген хандар мен патшалардың іс-әрекетін жіпке тізіп көрсетумен шектелген тарих әділетсіздігіне көнбей, архив ақтарып, шаң мен қорғасын демін жұтып, сол хандар, патшалар жайында айтылған деректер арқылы өз халқыңның ескі замандағы тыныс-тірлігін, әдет-ғұрпын білуге талпынған еңбегіңді, ізгі ойыңды мансұқ етеді. Тогышарлықтың соқпағын сілтегенге мәз, ал ол қайда тиді, кімге тиді, онда шаруасы жоқ. Сонда да еңбектене беруді, талмай ізденуді мұрат тұттық. Еңбек пен білім екі жақтап демемесе, ешқандай іс жүзеге аспайды, ешқандай болжал мен қиял шындыққа айналмайды. Негіздің негізі – осы екеуі зой».

Түрік қағанатында бір кездері бағы жүріп хан болған Сылиби-хан Сыбо Сары өзен (Хуанхэ) бойынан қоныстық жер бергені үшін императорға «империя үшін ит болып үріп, Көк ұлының терістік қақпасын қорғауға» уәде беруімен тарихта аты қалған.

Цин империясының билеушілері түркілерді «жабайы, варвар» деп атап, оларды құртудың бірнеше формуласын жасаған. Олар: «жабайылардың қолымен жабайыларды құрту», «жабайыларға жабайылармен шабуыл жасау», «жабайыларға қарсы жабайылармен соғысу», «жабайылардың көмегімен жабайыларды басқару» болып келген.

Жалпы, қалай айтылғанда да бұл тұжырымдардың мағыналық төркіні бір, көне қытайлық билеушілердің жемтігін қияның қиынынан аңдып, тосып жатқан жыртқыштай көшпелі көршілерін бірінің қолымен екіншісін тұншықтыру, сөйтіп бірін-біріне талатып, ақырында таластан тал-

маурап шыққанын көп күш-қайрат жұмсамай өзіне тәуелді болуға мәжбүр ету. Мұны жүзеге асырудың талай жылғы тартыста сыналған алуан жолы да болған. Соның бірі – алтынмен арбап, жібекпен жібіту тәсілі. Былайша айтқанда, ру-тайпа көсемдеріне сыйлық деген атпен алтын бұйымдар, бума-бума жібек маталар беріп, оларды өздеріне қаратып алып отырған. Қытай билеушілерінің бағына, көшпелілердің сорына өз соңынан ерген рудың, не тайпаның мақсат-мүддесін, арман-тілегін сатып, баюды ойлаған дүниеқоңыз сатқын ру-тайпа көсемдері аз болмаған.

Енді бір сыналған тәсіл – мұрагерлер арасындағы тақ таласына дем беру. Бұл – мұрагерлердің біреуін заңды тақ иесі деп танып, соның қолтығына су бүрку арқылы оны өзге мұрагерлерге қарсы қою жолымен жүзеге асырылды. Бауырласының соңынан еріп, сенімді серігі болуды қорлық көріп, жеке билікке ұмтылған мұрагерлер мансапқорлық көкірек көзін бітеп, қыздырманың қызыл тілімен бейне қуғыншыдан құтыламын деп қашып келіп аранға түсетін аңқау аңдай сырттың құрған тәуелділік торына өз еркімен келіп түсе берген. Қытай әкімшілігі болса, бұл жағдайды өз пайдасына қапысыз пайдаланып отырған.

Көшпелі елдің бостандығына бұғалықты император сарайында тәрбиленген, болмаса бауырластарымен баққа таласта жеңіліп, император қолтығына келіп тығылған ханзадалар қолымен салуды да қытай әкімшілігі осындай тәсілдің біріне айналдырған.

Тан империясына дейінгі кезде көшпелілер мен Орталық мемлекеттің сан ғасырлардан бері қақтығыста келгенде қытай жағы жеңіске жетсе, қолға түскен көшпелілерді енді бас көтермейтіндей етіп қырып-жоюшы еді, болмаса мың-мыңдап тұтқынға алып, құл ретінде пайдалануға Қытайға айдап жатушы еді. Тан империясының императоры Тай-цзун мен оның қолбасшылары бұл үрдісті өзгертіп империя мен көшпелілер арасындағы соғыста тандықтар жеңіске жетсе де, тіпті түріктер кінәлі өздері болғанда да, ондай жағдайлар байқалмайды, көшпелілерге үнемі кеңшілік жасалып, жеңілген жауды қырып-жоюға, жәбірлеп қорлауға жол бермеді. Мұндай әрекеттің кезінде далалықтар арасында Тай-цзунның беделін көтеріп, ол «қайырымды император» аталған. Бірақ осынау қайырымдылықтың бәрі оның далалықтарға жаны ашығандықтан, болмаса биік адамгершіліктен туындап жатқан қасиет емес, дара билік үшін бірінің алқымын бірі шайнап, қырқысқан мынау алмағайып аласапыран заманда қарсыласына сілтер сенімді шоқпарды қолына ұстау саясатынан туған аярлық еді. Осы майысқақ саясаттың нәтижесінде Тай-цзун бүкіл Азияға дара билік жүргізу мүмкіндігіне ие болды. Тай-цзунның адамды танып, оны бағалай білетін жеке басының қасиеті де ерекше болған. Кореяға (Ляоға) қарсы соғыста қатты жараланған түрік қағаны

Ашина Сымоның жарасын императордың өзінің тікелей аузымен со-рып, жебенің уытын кетіруі оның өзіне адал берілген бағыныштыларын да бағалай білетіндігінің бір көрінісі. Тай цзун «патшалық етуші ешкімге күдіктенбеуі керек» дейді екен. Оның кезінде мәдениет гүлдене түскен. Оның ең басты қасиеті өзі басқарған елге тыныштық, бейбіт тұрмыс, байлық әперуді мақсат тұтуы болса керек. Өлерінен бір жыл бұрын ғана, 648 жылы батыс түріктерін жеңіп, аз да болса тыныс алғандай болғанда былай депті: «Үйшік ойнап, ақ таяқты ат қылу балалардың ермегі; алтын әшекей тағынып, асыл жібекке орану әйелдердің ермегі; пұлын беріп, пұл алып, сауда көрігін қыздыру саудагердің ермегі; биік мансап, сый-құрмет әкімдердің ермегі; қарсыласын қақыратып, жеңістен жеңіске жету қолбасшының ермегі; елде бірлік-тыныштық орнату патшалардың ермегі. Менің көңілім енді ғана жайланды».

Хандар мен патшалардың тарихтағы бағасы таққа құмарлығы мен ол үшін таласы арқылы да білінеді. Жазушы Бексұлтан Нұржеке: «Қалмақ мемлекетінің түбіне жеткен – тақ талас. Өз бақталасынан тақты тартып аламын деп, Әмірсана Қытайдан көмек сұрайды. Қытай әскері қалмақты қырып-жойып бара жатқанын көріп, өзі шақырып әкелген Қытай әскеріне Әмірсана өзі қарсы шығады. Бірақ, бәрі кеш: қалмақ мемлекеті жер бетінен жойылып кетеді» – деуі таққа орынсыз құмарлықтың нәтижесінде тұтас мемлекеттердің егемендігінен айрылып, өзге елдерге бодан боп қалу мысалын келтірген.

Қалмұқан Исабаевтың мына сөздері де сондай мысалдардың бірі: «Бір мемлекетке өзге мемлекет байлығы үшін қызығады. Сосын есебін тауып кіріптар ете бастайды. Ұлы Осман империясы да жәрдем беруші елден кіріптар елге қалай айналғанын білмей қалған. Сұлтан өзі әр отар елдегі бектерін түрік емес, грек, армян ұлтынан алған. Түптеп келгенде олардың іске жаны ашымағаннан сұлтанның көзін алдап, қызық қуғызған, қойнына қыз салып, аңшылық жасатқан. Салық түсімі біртіндеп азайған, оны молайту үшін ештеңе жасалмаған, сөйтіп түсімнің азаюын тоқтату мүмкін болмай қалған. Алым-салықты өсірген, оған отар елдер көтеріліп қарсы болған. Оны басу үшін әскерін көбейткен. Ол тағы шығын. Амалсыз әскерді қысқартқан. Ол – елдің күшін әлсіретіп, отар елдер біртіндеп азаттыққа шыққан. Англия, Франция секілді мықты елдерден қарыз сұраған. Олар өз шарттарын қойған: саудаға, кәсіпкерлікке еркіндік, ішке еркін кіруге рұқсат. Бара-бара сол елдердің әскери кеңесшілерін алдырған. Олар Осман әскерін осы заманғы соғысқа үйретеміз деп, өздерінде ескірген қару-жаракты сатып алуға кеңес берген. Сөйте-сөйте құлдырап, басқа сатар ештеңе қалмаған соң өндіріс орындарын, жерді сата бастаған. Оларды шетелдіктер иеленген. Темір жолдар мен жаңа порттар-

ды шетелдіктер салған. Шетелдік банктер ашылып, ақша көптігінен басымдыққа ие болған. 1875 жылы Түркияның кірісі 17 миллион лир болып, оның 13 миллионы сыртқы қарыздар мен шетелдік банктердің өсімдерін өтеуге жұмсалған. Осылай Осман империясы күйреген. Содан тек 1920 жылдары Мұстафа Кемаль Ататүрк бастаған Халық партиясы Түрік елін тәуелсіз деп жариялап, түрік халқы бұрынғы империяның отырықты орналасқан жерін иеленіп қалған».

Көрнекті жазушы Әбдіжәмил Нұрпейісов болса бұрында да, бүгінде де халықтың тағдыры оның билеушісінде екенін айтады: «Білем, халық тағдыры қашанда ел тізгінін ұстаған жігіттерде. Халық айналайында сын жоқ. Әлем сахнасына қазір-ақ шыққысы кеп құлшынып тұрса да, бірақ не пайда, үлкен орынды алып алған тым кішкентай, болымсыз шенеуніктер халық сорлының қолын байлап, жолын кесіп, етекбасты масыл болып отыр».

Демограф Мақаш Тәтімев те талай-талай менмін деген ел мен оның көшбасшысының қателігі мен жаңылыс басуының тұтас халыққа зиянды әсері болатынын айтады: «Бұрынғы жауынгер көшпелі халықтың ұрпағы енді езіліп-жаншылып, жылқы мінезінен қой мінездіге айналып, әбден жуасыған. Бұл процесс біртіндеп мынадай технологиялық сатылармен төмендеген: батырдың тұқымы жуасқа, жуастың тұқымы ынжыққа, ынжықтың тұқымы азғынға, ал азғынның тұқымы сатқынға айналған болса, сатқынның тұқымы ең соңында мәңгіртке айналып кеткен».

Құтылығ жаратылысы хан тұқымы болғанымен билік пенен мансапта жұмысы жоқ, ержүректілігімен ерекше аты шыққан батыр еді. Байлыққа, атаққа таласып қырқысып жатқан туыстарын жек көретін. Ерлік істі ермек еткен батыр-балуан жігіттерден нөкер жиып, аң аулап, ауылымен сыртты жайлап, өзінше жүретін.

682 жылдың жазында Құтылығ ауылына Тоңюкөк келеді. Оның ордаға шақырусыз келуі күтілмеген жағдай еді. Екеуі ақ ордада оңаша қалғанда Тоңюкөк сөз бастады:

– Уа батыр, бұрынғылардан қалған жоралғы – ағасыз ел болмайды, жағасыз тон болмайды. Болған күнде де ағасыз елдің бағасы жоқ, жағасыз тонның панасы жоқ. Табғач (қытайланған тобалар) жұртына текті ұлың құл болды, сұлу қызың күң болды. Аға болар бектерің түрік атын тастап табғачша киім киіп, табғач қағанынан шен-шекпен алғанына мәз.

Суга кеткен тал қармайды. Қармағанда қол созарымыз өзіңсің, Құтылығ. Ел қысылса, еріне қарайды. Қараған еріміз өзіңсің, Құтылығ. «Өшіп бітуге айналдым, ұрығым құрып бітуге айналды» – деп күңіренген халқың бар. Естимісің үнін, Құтылығ?

– Уа, Тоңюкөк, неге бүйітіп таусыласың? Неге мені қинайсың? Сен білмейтін бұл далада не сыр бар? Аяқта тұсау, қолда бұғау, бұлқынғаннан не пайда. Бұлқынған боздақтардың да бітіргені анау – бірі алдаудың торына түсіп арманда кетті, бірі бақталастықтың бодауында басынан айырылды, елдің қайғысына қайғы қосқаннан басқа не тындырды?! Жоқ, Тоңюкөк, ерлік өлген, адалдық өшкен. Кімге сенермін? Қысқа күнде қырық қырқысқан бектерге ме? Әлде табғачтың алтыны мен жібегіне атасы мен анасын сатуға дайын хан тұқымы – асыл тектерге ме?

– Кімге сенем дейсің... Күліп тұрып көзіңе, желкеңе қанжар сілтеген бектер қашан ерге серік болып еді. Баққа таласып бауырласын бауыздаған ханзадалардан қашан адалдық көріп ең. Қысылтаяң шақ келсе, қашаннан елі еріне сенбеуші ме еді, ері еліне сүйенбеуші ме еді. Азаттық аңсаған елінің азапты ащы айқайы құлағыңа жетпегені ме әлі, Құтылығ?

Қарғаның мыңы – бір кесек, жаманның жүзі – бірге есеп. Бір өзі жүзге тең арысым еді Юлдузбек (Ашидэ Юаньның түрікше аты). Қолға түсіп қор болды, табғач қағаны тұтқындап алдырды емес пе?!

Бірақ ердің міндеті кездескен қиындықты көріп қиналып, қытығы алынбаған қыздай қыңсылау емес, тәуекел деп тас жұтып, тағдырын тағы да бір сынау ғой».

Осылайша тәуекелге бел бұған екі ер Юлдузбекті ерлік пен айланың нәтижесінде бұғаудан босатып алады.

Құтылығ ордасында бас қосқанда Тоңюкөк пен Юлдузбек екеуі нақты ұсыныстардан тұратын бағдарын айтады. Оларды саралап көргенде, былай деп нақтылауға болар еді.

Бірінші түйін. Табғачтарға тәуелді түрк тайпалары арасында үгіт жүргізіп, өзіне тарту;

Екінші түйін. Жиналған жауынгерлерді көлікпен, тамақпен, қарумен жабдықтау;

Үшінші түйін. Барлау мектебін ұйымдастырып, солардың хабарлары арқылы жаудың ой-мақсатын, іс-әрекетін біліп отыру;

Төртінші түйін. Түрк қағанатын қалпына келтіру, елді басқару және билік жүйесін орнықтыру;

Бесінші түйін. Жау елдерге шабуыл жасап, қағанат қуатын арттыру, сөйтіп тәуелсіз дербес мемлекет орнату арқылы толық азаттыққа қол жеткізу.

«Әкеге баладан, балаға әкеден мансап жақын болған заман туды емес пе...».

Түрік елі де, жауынгерлері де Тоңюкөкті әулие тұтып ерекше сыйлайтын. Бұл сыйлауда оның алдағыны көріпкелдей дәл болжайтын

даналығына деген құрмет пен айтқанына көніп, айдауына жүрмегенді аямайтын аса қаталдығынан туған қорқыныш астасып жататын.

Қапаған қаған шығыстағы қындандар мен татабтарды бағындырған соң әлемде өзінен мықты, өзінен ақылды ешкім жоқтай алшаң басып, астамси бастады. Тоңюкөк оңашада ақыл салып көріп еді, оның сөзін тыңдар болмады. Қайта оның жанашырлық сөзі қағанның басына қонған бақты көре алмаған іштар қызғаныштықтың белгісі ретінде қабылданды. Сөйтіп оны ордадағы келелі кеңеске қатыстырмай, шеттете бастады.

Сол жылы Қапаған жоқтан өзгені сылтау етіп, баласын бастатып қытай шекарасын бұзуға жұмсады. Тоңюкөктің бұған кедергі болғысы келгенінен ештеңе шықпады. Сөйтіп жеңіліс тапты және шалыс басқан осы қадамы алдағы қайғылы жағдайға алып келді.

Осы оқиға бас болып, ақыр соңында 715 жылы Қапаған қытайдан бірнеше рет жеңіліп, еліне оралып келе жатқанда байету тайпасының әскері жолығып, Қапағанды ұстап басын кесіп алып император сарайына жөнелтті.

«Бірақ бұдан Қапағанда ерекшеленетін ештеңе жоқ еді деген пікір тұмауы тиіс. Біз біреуді жамандасақ, оның бүкіл тірлігін жоққа шығаруға дайын тұрамыз. Жалпы, тарихи дара тұлғалар туралы пайымдағанда оларды бір-бірімен салыстырып, сол арқылы түйін жасау әрқашан шындықтың бағасын аша бермейтін секілді. Парасатты байлам – әрбір дара тұлғаның болмысы сол өзі өмір сүрген кезеңінің болмысымен сабақтастырылып, оның сол кезеңге қатысы, яғни өз уақытының мұқтаж-мұратын түсінуі, осы мұқтаждықты өтеу үшін рахаттан безініп жан қинап еңбектенуі, талмай күресуі, қажет болса басын бәйгеге тігуі; қоғам мен ортаны дамудың жаңа жолына түсуге бағыттаған іс-әрекеті таразылануы арқылы жасалмақ.

Құтылығ та, Қапаған да өз заманы тудырған дара тұлғалар. Сондықтан олардың тарихтан алар өзіндік орны, өзіндік бағасы бар. Бірақ, қалай дегенде де олар халық жүрегінен жаратылған талант та, өз дәуірінің биігінен қараған ақыл-ой иелері де емес. Олардың халықты сүюі, оның мұң-мұқтажын ойлауы, келешегін көздеуі өздерінің мансап тұғыры – сол халық иығындағы хан тағының шайқалмай ұсталуымен өлиенеді. Олар тақ шайқалмаса – қамқоршы, шайқалса – жазалаушы. Тас жазудағы: «Өлімші халыққа жан кіргізіп асырадым. Жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым» деген қаған мақтаншыындағы қамқорлық төркіні де осы ақиқаттан өріс тартады».

Қапаған қағанның үлкен баласы Фугюй (Бөгу). Бөгу – бұқа деген ұғымды білдіреді. Білге – дана. Тоңюкөктің: «Елтеріс қағанға, Түрік Бөгу

қағанға, Түрік Білге қағанға, Түрік Қапаған қағанға мен Білге Тоңюкөк ақылшы серігі болдым» дейді.

Қапаған қаған тақта отырғанда орнын інісі Күлтегінге емес, Бөгуге беруді ойлайды. Күлтегін болса ол орынға ағасы Могилянды қойғысы келеді. Ағасының (Қапағанның) көңілін алаңдатып жүрген Күлтегіннің ересен ерлігіне деген қызғаныш. Осыны сезген Күлтегін ағасынан бойын аулақ салады, өйткені Қапаған іс жүзінде кіші хан етіп Фугюйді белгіліп, бар билікті соның қолына беріп қойған еді.

Күлтегіннің ержүректігі елге тарап кеткенін көре алмай, бірде Оғуздарға қарсы жорықты Қапаған Күлтегінге берудің орнына өзі бастап аттанады. Бұл Күлтегін үшін ерекше қорлық болғанмен ол сабыр сақтап ордада қалады. Сол кезде қарлұқтар ордаға шабуыл жасайды. Олар ордада Күлтегін бар екенін білмеген болатын. Күлтегіннің батыл әрекетімен қарлұқ әскері жеңіліс табады. Қапаған әскері де оғуздарды жеңіп, елге оралғанда оған қарсы көтерілген топқа аз ғана әскермен барамын деп, қапыда қаза табады.

Күлтегін хан тағын Могилянға бергісі келіп кіші хан ордасында жатқан Фугюйді өз қолымен өлтіреді. Бірақ Могилян таққа отырудан үзілді-кесілді бас тартады. *«Осы жасқа келгенше мен де біразды көріп, біразды ойға түйген жайым бар. Сонда байқағаным: орынсыз қонған бақ басқа кесел, еңбексіз жеткен тақ жасқа кесел болады екен. Билікке қызығып, көтере алмас салмақты иыққа салу жараспас. Қазанатты нығайту жолында жан аямай, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалып, оқ пен оттың ортасында жүрсің. Тақ саған лайық, өзің бол қаған. Ал мен саған адал қызмет етейін»* деді.

– *«Жо-оқ, аға ініге емес, іні ағаға қызмет етсе керек-ті. Ата жолы солай. Сонсоң, қай жағынан алып қарағанда да қаған болып ел басқару менің қолымнан келмейді. Менде қол бастар батырлық болғанымен, ел бастар көсемдік жоқ. Аузымнан қолым бұрын жүреді. Ақылдан ашуым алда. Нені болсын істеп тастап, ақырын артынан ойлаймын. Ал ел басқарар адамның әрқашан ашуы ақылынан жеңіліс тауып отыруы міндет. Екіншіден, мен ес біліп, ат арқасына мінгелі бүкіл өмірім соғыспен өтіп келеді. Жау дегенмен кісі өлтірген қолым қан. Кезінде қазанатқа қас болған талай елдің қағанын, қадір тұтқан батырын өлтірдім. Солардың туған-туысқандарының менде ала алмай жүрген кегі бар, жандарын жеп мазалап жүрген намыс деген жегі бар. Мен таққа көтерілсем, солардың бәрі маған елдікпен емес, жаулықпен қарайды. Қазанаттың қазіргі жағдайында бұлай істеу өте қауіпті.*

Ал сіз қаған болсаңыз олай болмайды. Сізде менде жоқтың бәрі бар. Түрік халқы қазір ерлікке зәру емес, естілікке зәру. Қаған ағамның

қатыгездігі мен қит етсе қылышқа жүгірер қайырусыз тентектігінен ығыр болған ел шілдің боғындай шашырап, ыдырап кетті. Енді оны қайыра біріктіру үшін білектің күшімен бірге жүректің жылуы керек. Сол жылу сізде бар. Қапаған ағамнан қашып кеткен ру-тайпа көсемдерінің көбі сізді жақсы көреді. Егер сіз таққа отырсаңыз солардың біразы-ақ өз еркімен ата жайлауына қайта оралуы мүмкін. Ал олар маған сенбейді. Әкеміз шаңырағын көтерген қазанаттың қабырғасы қақырап, құлап бітсін демесеңіз билікті қолға алыңыз. Мен сізге адал қызмет етем. Қиындыққа мені сал, қиып түспесем маған серт!..»

Могилян оған әрі сүйсіне, әрі таңдана қарап, келісімін береді, сөйтіп Білге қаған деген атпен ол ел тізгінін қолына алады да Тоңюкөкті көшіріп әкеліп бас уәзір етіп тағайындайды.

Тоңюкөк келгенде ағайынды екеу Будда мен Лао цзыға арнап храмдар салмақ болып келісіп отырған еді. Бұған дана қарт қарсы болады: *«Будда мен Лао цзының ілімі адамды сүюге үйретеді. Ал бұл әскерлердің жауынгерлік рухын түсіріп, соғысу қабілетін жояды»* дейді.

Елде тыныштық, бейбіт күн орнайды. Осындай күндері, қырық жеті жасында Күлтегін батыр қайтыс болады. Білге қаған да, ел де оған қатты қайғырады. 734 жылы қытайдың мол сыйлығына сатылған Мейлу-бек Білгені у беріп өлтіреді. Содан кейін түрік қағанаты бар болғаны он ақ жыл өмір сүреді. Оның орнына ұйғыр қағанаты шаңырақ көтереді.

Көне дәуірде оғыз тайпасынан шыққан данышпан қарт Қорқыт атаны біреулер аңыз кейіпкері ғана деп, бірі нақты болған тарихи тұлға еді деп екіұдай пікір айтады. Қойшығара Салғараұлы Қорқытты Тоңюкөк болса керек деп соны пікір айтады. Оған дәлел ретінде екеуінің өмірлеріне байланысты деректердің сәйкестене беретінін айтады. Екеуі де бір кезеңнің перзенттері, VII ғасырдың орта шенінде туып, VIII ғасырдың басында қаза болады. Екеуі де өз ғұмырларында үш қағанға уәзір болған. Екеуі де оғыз тайпасынан шыққан. Осына айта отырып автор бұл дәлелдердің кездейсоқтық емес екенін әлі де зерттей түсу керек дейді.

Бүгінде тарихшылардың кейбірі Қорқыттың мазарын Сырдария бойында екені күні бүгінге жеткен нақты ақиқат болса да, ондай мазар Дербентте де болған, жергілікті ел соған табынған дейді.

Осыны жаза келе Қобыланды батырдың және қырғыз батыры Манастың мазары да бірнеше жерде деп айтылатынын тілге тиек етеді.

Автор, жарты әлемді жаулап алып, әмірін жүргізген, көне мәдениеттің туын көтеріп, салтанат сайранын құрған небір іргелі елдерді дауылды күнгі теректей шайқаған жауынгер түріктердің көне гректер, парсылар, қытайлар қатарына қойылмай «жабайы» аты арттарынан жабысып қалмайтынына жауап іздейді.

«Бұл орайда «жабайы» деген түсініктің өзі жалпы көнеден қалған ұғым екенін естен шығармаған абзал. Ең алдымен «жалпы мәдениет дегеніміздің өзі не?» деген мәселенің басын ашып алу қажет. Мәдениет ұғымының 1891-1919 жылға дейінгі аралықта 7-8 ғана анықтамасы болса, 1920-1950 жылдары оның саны 157-ге жетіпті. Ал француз социологы А.Моль алпысыншы жылдардың аяғында мәдениет ұғымының 250 түрлі анықтамасы мен түсініктемелерін санамалап шыққан. Кеңес үкіметінің зерттеушілері мәдениет ұғымына мынадай нақты анықтама беріпті және бұл мақұлдауға лайық: «Мәдениет дегеніміз адамның табиғатқа, қоғамға және өзіне қызметтің әр алуан жемісінде тарихи, әлеуметтік тұрғыдан негізделген көзқарасы (қатысы); ол адамды тіршіліктің өн бойында қарекет-қимылға құлшынтып, бағыт беріп, ретке келтіріп, қоғамның өзгермелі дүниеге бейімделу қабілетін қамтамасыз етеді».

Тұмар ханшайым (Томирис) – біздің жыл санауымызға дейінгі VI ғасырда сақ-массагеттердің әйел патшасы. Ол 37 жасында ерінің орнына таққа отырып, 7 жыл патшалық құрады да қайтыс болады. Бұл жылдар сырттан көз алайтушылардың көбеюінен шапқыншылықта өтеді. Патшайымның жалғыз ұлы да жаугершілікте, әйгілі II Кир патшамен соғыста мерт болады. Томирисінің Кирмен қиын-кескі соғысының нәтижесінде парсы әскері тас-талқан болып жеңіліп, II Кир қаза болады. Томирис II Кирдің басын кесіп алып, қан толтырылған тұлыпқа салдырады да: «Өмір бойы аңсағаның қан еді, құмарың қанғанша іш!» деп тұлыпты дарияға лақтырады.

Абылай ханның болашақты болжап айтқан пікірін терең талдап қарасақ, астарында бес заман бар: бақ-талайлы жолбарыс заман, алысумен өтетін аю заман, жұлысумен күн өткізетін ит-құс заман, бұлаңдаумен күнелтетін түлкі заман, қорғалап жан сақтайтын қоян заман.

«Алфавиттік жазу – дүние жүзі мәдениетінің баға жетпес зор табысы, мәдениеттіліктің жоғары көрсеткіші. Қазіргі кезге дейін табылған, көне түрк әрпімен жазылған жазуы бар жүз қырықтан астам ескерткіштер соның айғағы. Мұның елу үші Тувадан, жиырма сегізі Хакасиядан, отыз сегізі Моңғолиядан, алтауы Алтайдан, он алтысы Жетісудан табылып тіркеуге алынған. Бұлардың ішінде ғылымға «Орхон-Енесей» жазуы деген атпен енген ескерткіштер – қағандар мен қаған қасындағы кеңесші даналардың кесенесі жанына ойып жазылған туындылардың маңызы ерекше».

Ғалым Құлмат Өмірәлиев Орхон ескерткіштері Білге, Моюн-чур секілді қағандардың, Тоңюкөк секілді дананың, Күлтегін секілді батырдың атынан айтылған, солар жазған сөз болып көрінгенмен, оны қаған қа-

сындағы шежірешілер, хаттама иелері, білімді, білікті ғұлама кісілер жазған деп өте әділ атап көрсетеді.

«Қарақалпақ – қара айдар (ғұллақ түрікше – айдар) деген ұғымды білдіреді екен. Орыс жазбаларында «черные клобуки» деген атпен 1146 жылы хатқа түскен атау да осы мағынаны береді. Дегенмен, қалпақ (бас киім) деген сөз де бұл ұлттың атауына жат емес сияқты» дейді Қ.Салғараұлы.

«Көмбеде» қыпшақтың атақты биі Әнет бабаның өз жұртының кісімісінген хан-бектеріне моңғол келе жатқанда ағайын арасындағы аз-кем араздықты ұмытып, бірігіп күш жинап апаттың алдын алуға шақырып, анасына бір, мынасына бір барып түсіністік таппай, шіренген шәрттіктердің жауды қалпақпен ұрып алардай шіренгеніне нала болып, *«Ит екеш ит те сырттан бәрі келгенде өзара ырылдасып таласқанын қойып, бәрі бірігіп, шуылдай үрісіп, ортақ жауының алдынан шығушы еді зой...»* деп айтты деген мына бір шер-өлеңі екен:

*Достан қалды көңілім, қастан-дағы,
Жаман түгілі жақсыдан асқан бағы.
Өз жұртының мұратын олардағы
Етіп жүр мансабының баспалдағы.
Тақ – жемтік, хан атаулы төбеттердей,
Таласты, елді аздырды бөгет көрмей.
Бәрі бітті – бірлік жоқ, береке жоқ,
Не қалды қасиеттен өбектердей.
Бірлік болса келер еді аспандағы,
Ессіздің есті болып, тасқан шағы.
Қуғын-сүргін көп көрген халық едік
Алдағы айырылдық па астан тағы.
Ірілік, азаматтық тілде қалды,
Сорлы халқым кімге ерді, кімге нанды.
Сөзде мықты, істе жоқ өңкей қиқым
Ұғыса алмай, ұға алмай ішім жанды».*

Еңбекте аты Қабылан болғанмен заты қорқау бір жігіттің екіжүзділігі, айлакерлігі, жағымпаздығы суреттеледі. *«Мынау қарғыс атқан қағынған заманда әділетсіздік зардабын шеккен ата-ана ақ арманын баласының болашағына артса, онда тұрған не айып бар. Әлсіздің әлдіні жығып салып, талап жатқан мынау тіршілікте таяқты көп жеген бір байғұс та, ең болмаса балам алысқанның алқымын езер мықты болар ма екен деген үмітпен атын Қабылан қойыпты. Сөйткен үміті алданып, Қабыланы қабылан болмай, қарғылы итке айналыпты. Асылы, қожасының айтқанын ойланбай атқару, бағыттағанына ойланбай*

бару – жағымпаздық емес, берілгендік, сенгендік. Берілгендік негізінде адалдық жатады. Ал жағымпаздың жөні бөлек. Ол ойланбай іс істемейді, сөз айтпайды. Өйткені ол сол айтқан сөзімен, атқарған ісімен қожасының көңілін табуға ұмтылады, сол арқылы өзіне қалайда пайда түсіру жағын көздейді. Жағымпаздың негізінде екіжүзділік жатады. Онда адалдық болмайды. Жалпы, жағымпаз жан ас бергеннің қолын жалап, еркелей беретін тексіз ит тәрізді. Текті ит те иесін айырбастамайды ғой...

Қабылдар ертең табынғанынан мықтырақ біреу табылса, ешқандай қиналып жатпай-ақ оны сатып, ананың қосын жегіп жүре береді. Ұялып-қызармай ақ елдің көзіне жаңа табынушысына елтең қағып, бас шұлғып тұрғанын көресің... Бұлардың өзгелерден ерекше қасиеті ел басшыларының пенделік осал тұстарын тамыршыдай тап басып тани біледі. Соның арқасында олардан қолдау табады, қошемет көреді. Сұқ иттей сұғынған сұмырайлардың жоғары мансап иелерінің төңірегінде өріп жүретіні де содан».

«Жаныңнан қорқып, жауыңа сатылма. Сатқындық халқыңның санасын ірітіп, рухын жүнжітетін, ұрпақтың ұнжырғасын түсіретін апат. Шын асыл иілмей сынады...».

Кітап соңында «Ой өрнегі» деген атаумен берілген, бірінен бір өтерлік, іші өнегеге толы үш әңгіме бар.

Қазақтың қилы тарихы

Кітап 1992 жылы жарық көрген.

«Жол дегеніңіздің өзі табиғаттың ерекше жаратқан құбылысы емес, барлы-жоғы адам тіршілігінің ізі. Адам жүрмесе, олардың өзара мақсатты қатынасы болмаса, жер бетіне бірде-бір жол түспес еді ғой. Оның орнында, аң жортқан соқыр соқпақ, мал жүрген шұбырынды із ғана қалар еді. Ал жолды тек адам ғана салады. Кез келген дала жолының біріне түсіп көріңіз, алыс па, жақын ба, бір су көзіне – құдық па, бұлақ па, өзен бе, әйтеуір біріне жеткізіп жығылады. Ал су бар жерде ел бар. Демек жол ел мен елдің арасын жалғайды. Көне ұғыммен айтсақ, ру мен рудың, тайпа мен тайпаның арасын сабақтастыра жалғап жатады. Ол, былайша айтқанда, солардың бір-біріне қатынасқан ізі ғой. Олай болса мынау айқыш-ұйқыш жол осы даланы сонау ықылым заманнан бері мекендеп келе жатқан ру-тайпаның сан ғасырлық сапырылысқан тірлігінің шежіресі іспеттес емес пе?! Ендеше жол мен сол жолды салған адам-

дардың тірлігінің өзара ұқсастығына таңдануға бола ма? Меніңше, бұл – табиғи заңдылық.

...Адам өмір жолында бір қателік жіберсе, оны білмегендіктен жасаған шығар дейміз, кешіріммен қараймыз. Сол қателікті тағы қайтала-ласа, қиналамыз, бірақ ақтар себеп іздейміз. Ал сол қателігін үшінші рет қайталаса – түңілеміз, амалсыз оны санасыздар санатына қосамыз...

...Кешегіміз түгенделмей бүгінгіміз бүтінделмейді. Ал кешегімізді түгендеу дегеніміз жақсылығыңды да, жамандығыңды да жасырмай алға салып, ақыл таразысына тарту ғой. Сонда ғана өткеннің дұрысы – өнеге, бұрысы – сабақ болмас па бүгінге.

...Ақылы бар адам атасын даттап атақ алмас болар. Бірақ атасының қатесіне қайғыланбаған ұрпақ та оңа қоймас. Қайғысыздық – қамсыздық белгісі. Қамсыз ұрпақ, ізденіс-талпынысы жоқ ұрпақ баяғы бір қатені сол қаз-қалпында қайталай бермек. Несіне жасырамыз, әлі күнге өзекті өртер өкінішіміз де осы емес пе?

Бабам еді деп бауырға тартқанымыз болмасын, парасат парқы да, азаматтық нарқы да, сындағы ерлігі де, жайшылықтағы кеңдігі де ешкімнен кем емес, бабаларымыз ғасырлар бойы мынау ұлан-ғайыр кең-байтақ даласында өз бетінше еркін өмір сүре алмай, мезгіл-мезгіл біреулерге тәуелді болып, неге соларға жалтақтаумен күн кешті? Осындайда зәуқайыр есті азаматтары ел қамымен бірігіп енші алып, өз алдына отау тіге қалса, неге солар өзді-өзімен қырқысып, әлгі көтерілген шаңырақты өздері қиратып, тезірек ортасына түсіруге асығады? Бір емес және бірнеше рет қайталай береді, қайталай береді. Содан қашан бастарына нөқта кигізіліп, шылбырын басқа біреу ұстағанша сол. Бір ғажжабы, нөқталанса болды, тып-тыныш, таққа да, баққа да таласпайды, жымдағы қояндай жытық қағып, шылбыр ұстағанның «тәйт» деген бағытына зытуға дайын. Жайшылықтағы өрлігінен де, намысқойлығынан да із жоқ».

Әдетте билік тізгінін қолға алған басшы азаматтар халық қамын, ел бірлігін ойлап, сол жолда бірлесе қызмет істеуге тиісті ғой. Міне, қытай саясаты осы тиісті міндетті асыртпауға күш салады. Ол үшін алдымен басшы азаматтар арасына шен-шекпенді шүлен қылып таратып, хан-задалардың бәрін де хан тағынан үміткер етіп дәмелендіріп, бір желіктіріп қояды. Содан кейін бәрін жарылқаушы ортақ қамқор әке рөліне енген қытай императоры енді солардың ішінен мансап десе анасында да сата-тын найсаптау біреуіне айрықша ілтипат танытып, ерекшелей бастайды. Мұны көрген, хан тағында отыр дегені болмаса, негізгі билік тізгіні басқадағы хансымақтың өз-өзінен ішкені ірің, жегені желімге айналады. «Көктің ұлының» (императордың) көңілі анаған ауды, менің орнымды

соған әпергелі отыр» деп уайымдайды. Сөйтіп енді ол алдымен Көктің ұлына неден жазықты болғанын өзі де білмесе де, қарадай шабылып оның назарын өзіне қайта аудару үшін, қарауындағы халқын қанап, тапқан-таянғанын соның аузына тосып, сыйлық деген атпен сықпыртып үсті-үстіне пара бергіштейді. Сонымен бірге: «Менің орныма отырғалы жүрген сенсің ғой, тоқтай тұр, бәлем», – деп өзінің бірге туған бауырын жау тұтып, оның көзін қалайда құртудың жолдарын іздейді. Ана байғұстың оның орнына хан болсам деген ойы да болмауы мүмкін. Бірақ арам ойлы бауыры тарапынан үсті-үстіне жазықсыз жәбір, қастандықты қиянат жасалып жатқанын сезіп, білгеннен кейін енді ол да ойласа бастайды. Міне, дәл осы кезде қытайдың саясаткерлері не істерін білмей, іштей толқып жүрген оның қолтығына суды бүркіп-бүркіп кеп жібереді. «Әйда, қимылдап қал», – дейді олар осы тұста ерекше жанашырлық танытып. «Сенің ешқандай жазығың жоқ. Анда анандай, мында мынандай істеді (оны істетіп отырған өздері екенін, әрине, сездірмейді), қашанғы төзуге болады. Қарсы тұр, күрес! Біз сенің жағындамыз». Осыған малданған мына байғұс та енді туған бауырын шын жау көріп, оған ашық қарсы шығады. Сөйтіп тұтастыққа жарықшақ түседі. Ел екіге айрылады. Өйткені әрқайсысы өз пайдасын ғана ойлаған, теңдікке емес, үстемдікке, әділеттікке емес, өктемдікке ұмтылған өзіншіл ру-тайпа басшылары осындай айтыс-тартыс кезінде ерекшелене көзге түсіп қалуға тырысады. Себебі әрқайсысы осы тартыста өзі қолдаған адамы жеңіске жетсе шені артып, шекпені жақсара түсетінін біледі. Әрине, жан бермек оңай емес, екі жақ та барын салып бағады. Ақырында екеуі де титықтап барып, біреуі әйтеуір өлдім-талдым дегенде жеңіске жетеді. Сол кезде осы жан-жал өртін өз қолымен тұтатып, оның «жану» барысын қалт жібермей бақылап отырған қытай саясаткерлері бейне суға түсіп кетіп, шыға алмай жүрген аңды көріп, соны сырттай бақылап тұрып, әбден дымы құрып, өліп-талып жағаға зорға шығып, тыпырлауға дәрмені келмей жатқанда ұстаған аңшыдай, келеді де әлгі ішкі тартыстан қажып-талып, құр сүлдері қалған жеңуші жақтың мойнына ешқандай қиындықсыз тәуелділік қамытын кигізе қояды.

Әрине, кезінде осындай жанашырың болып көрініп, араңа жік салатын, іштен ірітіп күш-қуатыңды алатын жегі құрт саясаттың сұрқия сырын танып, пәленің неден шығып жатқанын зерделей білген әр заманның өз Иоллығ тегіні болғаны хақ. Бірақ бар ақыл-ойын, қайрат-күшін тек биік мансапқа қол жеткізуге ғана жұмсаған ел басшылары оларды осы пасық мақсаттарын жүзеге асырудың құралына айналдырып бақты. Сөйтіп оларды әлгі жегікүрт саясатының авторларына ұстап берді немесе өздерінің қаншалықты «адал» берілгендіктерін дәлелдеу үшін өз қолдарымен құртып отырды.

Өмір, шіркін, қашан да күрделі ғой. Кейде әлгіндей елдің құты болған жайсаң жандардың құтқармас жұты болған жуан жұдырық жұлымыр топтың өз ортасынан да көкірегі ояу, көзі ашық білікті азаматтар шыққан. Олар өз ұяластарының ығымен кетпей, әділетті жақтап, жетімге пана, жесірге қорған болуға тырысқан. Олардың арасынан жөнсізін жөндеп, тентегін тыйып, ел болуға өнеге таныту үшін билікке ұмтылып, шенге таласып, күреске түскендері де болған. Елді билеу, оны табанға салып илеу емес, қайта соның қамын ойлап, қамқоршысы болу екенін ісімен дәлелдегілері келген еді олардың. Бірақ олар ол мақсаттарын жүзеге асыра алмады. Өйткені ондай кезде елдің бүкіл парақор, жалақор, пысықайлары таласын тоқтатып, бәрі бөріге жабылған ауыл иттеріндей бас біріктіріп, серке азаматтың сағын сындыруға күш салып бақты. «Балықтың тілін бақа түсінеді» дегендей ондайлармен ауыз жаласқан, қолында билігі бар жемқор ұлықтар да әділетті белінен бір-ақ басып, өкімет атымен небір сорақы әрекеттерге барып, халық қамын ойлаған азаматтың қанатын қырқудың айла-шарғысын жасай берген. Мұндай тірліктер жылдан-жылға, ғасырдан-ғасырға ұласты. Осыдан келіп, өзім деп ет жүрегі езілген ерлердің, халық қамын ойлаған қабырғалы азаматтардың көзін жоюдың сынақтан өткен сан түрлі айла-амалы қалыптасты.

Оларды кісінің ала жібін аттамаса да ұры, тышқан мұрнын қанатпаса да кісі өлтіруші – қарақшы; ел бірлігі үшін күресіп, басын бәйгеге тігіп жүрсе де жік салушы – бұзақы атандырды. Надан халық бұған сүттей ұйып сенді, ел арасынан сенбейтіндер табыла қалса, «бұл қалай?» деп күдік білдірсе, оларды да бәрібір түбінде соны шындық деп мойындауға мәжбүр етті. Олардың басқаша етуге, мойындамауға лажы қалмады. Өйткені бұған көнбей шындыққа ұмтылғандары мезгілінен бұрын мерт болып жатты.

Міне, осыдан келіп, мансаптан басқа мұңы жоқ жетесіз басшының, зердесіз қосшының соңынан ерген елдің халқы ақырында халықтық қасиетінен айырылып, қара күш – бос тобырға айналары аян. Ал мылқау күштің қашанда беті қабыл – маңдайы тасқа тимей, тұйыққа тірелмей ойласпайды.

Фариза Оңғарсынованың Асанқайғының толғауы деген өлеңінде былай делінеді:

*Билікпен жаншып жеңгенге
шіренер шәрттік бегің көп.
Тепсініп дұшпан келгенде,
тебініп шығар ерің жоқ.
Адамда ой жоқ, пайым жоқ,*

биліктен басқа уайым жоқ,
нар мая сирек – айыр көп.
Ақиқатты айтып алқындым,
от пенен суға шарпылдым –
сөзіме құлақ салмадың,
ұқпадың дүние жалғанын,
алауыздықтан танбадың,
жақсыларыңды жалмадың,
ашылғанын сезбей артыңның.
Ендеше тағдыры халқыңның
қолында кетер әркімнің.

«...Бала кезінде ауыл-үйдің иттерін арасына майлы сүйек тастап таластырмағандар кемде-кем шығар. Жанға қанша ауыр болса да, ата-бабаларымыздың тірлігі осы бір көріністі еске салады. Әрине, көне қытай саясаткерлері біз секілді балалық қызықтаудан аулақ болатын. Бектер мен билердің, шоралар мен сұлтандардың, ханзадалар мен хандардың ортасына қызықтырар қызылала шекпенін тастап өзара қырқыстырып қойып, ақырында бәрін де өзіне тәуелді ету саясаты кешеге дейін бір тыйылған жоқ. Рас, саясат жүргізушілер өзгеріп отырды. Әуелде оның иесі қытай императоры мен оның мұрагерлері болды десек, XVIII ғасырдың басынан бастап олардың орнын Шыңғыс ханның ұрпақтары басты. Одан кейін саясат тізгінін орыс патшасы қолына алды.

Осы арада жалпы көшпелілерден бөліп, нақтылық үшін өз халқымыздың тағдырына байланысты сөз суыртпақтасақ, патша самодержавиесінің қазақ даласын билеу жөнінде үш дүркін жасаған реформасының (1822, 1824, 1868 жылдар) әуелі елдік ұйтқымызды жойып, ұлттық тұтастықтан; содан кейін әр ұлысымызды бөлшектеп, әр бөлек губернияға теліп территориялық тұтастықтан айырғанын көреміз. Мұның бәрі ғасырлардан ғасырлаға ұласып, бойына сіңіп, санасын улап, соған еті үйреніп, «неге бұлай» деп ойланудың өзінен қалған халықтың бойындағы шенқұмарлық дертті одан әрі асқындыра түсу саясаты еді. Отарлаушы елдің отарланушы елдің әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, мінез-құлқын алдымен білуге күші салатынының, одан ештеме де аямайтынының сыры да осында. Ғылымды перде етіп алға ұстап, соның тасасында тұрып, халқымыздың осал тұсын қапысыз танып алған патша үкіметінің далалық өкілдері енді келіп, жерімізді уездік, облыстық жүйелерге жіктеп алды да, ел арасында болыс сайлау, старшын сайлау дегенді шығарды. Соның салдарынан бұрынғы тайпалар арасындағы алауыздық оты өршіп келіп, енді рулас, аталас адамдар арасында лаулады. Сол ақ екен, олардың тізгінін ұстаған надан

пысықайлары шен қуалап, пара беріп; дау қуалап, пәле теріп, қалай да бірін бірі жығудың айдау жолына түсті. Тынымсыз тартыс, тоқтаусыз айтыс пәлеқорлар мен жалақорлардың кәсібі өсіп, өркен жаюына өріс берді. Отызыншы жылдың нәубетінде қырғын табуда Одақта алдыңғы орынға шығуымыз да сол ескі дерттің салқыны жатқанын жасыра алмасақ керек.

Міне, осындай жағдайлар – ғасырлардан ғасырларға ұласқан алашапқын, бір-біріне пәле іздеген айтыс-тартысты тірлік бір біздің ғана емес, бүкіл көшпелі халықтардың болмысына батыл еніп, қырқысып мал табуды, жағынып жал табуды қанына сіңіріп кеткен тәрізді. Ал бойға сіңген жаман әдеттен бір күнде арылу және мүмкін емес. Соның салқыны қазір де бар. «Ассалаумағалейкүміміз» түзу шықпаса болды, арыз жазып азапқа түсетіміз, болмаса бір қызмет болса; бір-бірімізден қызғанып, өзара өштесіп, іштей жауығып шыға келетіміз әлі де бар ғой...

Арыз жазушылардың бірігіп, бірлесіп қол қойып жазатындары да жиіледі. Меніңше, арызышылдарды біріктіріп жүрген күш – өзімишлдік. Екіншіден, ол да осы өзімишлдіктен туады: «Маған жоқ екен, өзгеге де болмасын» деген насықтық. Ал осының бәрі тарихтан тағылым алмаған надандықтың, жоғарыда айқанымыздай, соқыр жандай қарманып күндік тірлікпен күн кешудің, ертеңін ойламаудың, оған жаны ашымаудың салдары. Оларда ұрпаққа өнеге қалдыру деген жоқ. Сондықтан адамдарды тарихпен тәрбиелеуге ерекше көңіл бөле жүрген жөн. Жеке адамның бойындағы адамгершілік парасат, білімге негізделген білік, сара таным, биік өре адамның өзіне тән жеке бастың байлығы емес, ол сонымен бірге сол адам мүшесі болып отырған қоғамның да байлығы. Олай болса ол байлықты қорғау керек, рәсуә етуден сақтау керек».

Расында, бізде бүгінде бір кілтипан болып тұр – біз әлі дүниеге тоймай тұрмыз. Тоқтайтын, сабырға келетін, руханиятқа оралатын кез келді, бірақ біз бәрін тоқтатып қойып, дүние қуудамыз (ол дүние билік пен аса мол байлық иемденгендердің өздеріне опа бермей, ашкөздік орға жығып жатқанын көзіміз көріп тұрса да). Әрине 70 жыл ішінде артық ақша ұстап көрмегендіктен бойымызға сіңіп кеткен ақшаға деген құмарлық басылмай жатыр-ау деп өзімізді жұбатуға болады, бірақ тұтас бір ұрпақ ақшаның басымдығында, соны ең негізгі санаған ниетте тәрбиеленіп жатқаны да бізді ойлантуы тиіс.

Осы орайда Кри үндістерінің көне даналығы еске түседі:

Ең соңғы ағаш кесілгенде,

Ең соңғы өзен уланғанда,

Ең соңғы балық ұсталғанда,

Тек сонда ғана ақшаны жеуге болмайтынын түсінесің.

Адамдар қатыгезденіп, сыншыл, шамшыл болып барады. Кешірім мен мейірім азайды. Зердесі де қысқарды, өйткені уақыт тапшы, ақпарат көп. Бұрын бір ән көп жылдар бойы ұмытылмайтын. Қазіргі әннің көбінің ғұмыры үш-төрт ай ғана. Содан соң басқа бір ән алға шығады.

«...Бүгінде көп адам тарих дегенде халқымыздың бүкіл ғұмырнама-сын емес тек Ұлы Октябрь революциясынан бергі кезді ғана еншілеуге бейім тұратын сияқты. Кейінгі кезде, тіпті, біздің тарихымыз, нағыз өміріміз тәуелсіздік алған жылдан бері ғана басталғандай, тек сол кездерді ғана әспеттеу, насихаттау да белең алып тұр. «Бізде бұрын мемлекет те, шекара да болмаған» деген сөздерді де кез келген аудиторияда айта салуға қысылмайтын болып барамыз. Олар бұны, үлкен тарихтың бергі бір кезеңі ғана екеніне көз жұмып қарап, одан арғымызды иен далада тайпа-тайпа болып, бір-бірімен жауығысып босып жүрген, қараңғылықтың шырмауындағы көшпенді тірлік деген бір ақ ұғымға оп-оңай ақ тели салады. Дегенде, халқымыздың адамзат керуенімен бірге жүріп өткен ұлы жолының болмысынан хабардар болмай, оны соңғы кезеңнің болмысымен салыстырып өзіндік ой түймей тұрып, кім-кімнің болсын тарихқа адал талдау жасап, бүгінгі күн үшін пайдалы қорытынды жасау мүмкін емес».

Туыстас өзбек пен қазақ халықтарының кезінде бір халық болып, бір тудың астында бірігіп, бір әкімшілік жүйеге бағынғанын, кейін араға жік түсіп, өмір жолдарының екіге айырылып, ірге ажырасқанын ел аузындағы аңыздардан, қисса-дастандардан хабардар болғанбыз.

Бүгінгі өзбектер қазақты орыстанып кеткен деп жек көреді. Оларда: «Орыс болу үшін әуелі қазақ болу керек» деген мәтел бар. Оның үстіне олар үшін Қазақстанның қазба байлығының молдығы да күншілдікке сеп. Бүгінгі өзбектер қазақты онша менсіне бермейді, төбесінен қарағысы келеді, лажы бар жерде бір ақсатып не болмағанда бір түйреп өтуге әзір тұрады.

«Алаша хан дегеніміз басқа емес, Қасым ханның баласы Хақназар хан болса керек...».

«Бірде қазанат түйеден сұрапты: «Түйе-аға, осы сіздің мойныңыз неге қисық?» – деп. Сонда түйе: «Ей, бауырым-ай, менің неге қисық емес деп сұрайтын түзу жерім бар ма еді?!» – депті налып. Сол түйе айтқандай, өзін күтуге қолы тимей, өзгеге жалтақтаумен күн кешкен жұрттың өкінбейтін, бармақ тістемейтін жері бар ма? Бүгінгі жариялылық жарыққа шығарған жағдаяттарды біліп, Демократия әперген еркіндікті көріп, «біз неге өйтпедік, неге бүйтпедік» деп өзімізді өзіміз қаншама кінәлап, жанымызды шыжықтай шыжғырғанмен, меніңше дәл қазір түсер пайда жоқ. Өйткені бұл бейкүйез бейқамдық дерттің тамыры

тереңде жатыр. Ендігі мақсат сол тереңдегіні танып, дерт тамырын жалаңаштау болмақ, ем-домы сонсоң жасала бермек».

«Қазақ кезінде рушылдықты бөліну үшін емес, бірігу үшін пайдаланған. Руын бөле қарау, өз руын ғана ардақтау тектінің ісі емес».

«Бұрынғы тұтас ру-тайпаның бірлігін мақсат тұтқан ұрпақ орнына ауыл-ауыл болып, енге таласатын, шекпенге қырқысатын, «Жарлыққа» деп ұлығына көз сүзетін ұрпақ келді. Осылайша мүдделі бір шаруасын тындырған отаршылдар енді, келер ұрпақтың туған топырағындағы төл мәдениетінің рухани нәрінен қорек алып, еркін жетілуіне мүмкіндік бермес үшін сол халықтың ғасырлар бойы пайдаланып келген алфавитін өзгертіп, жаңа жазу тәсілін күштеп ендірді. Сөйтіп жас ұрпақты ата-бабасының өмір бойы жиган-терген кісілікке тәрбиелер бай тәжірибесінен, өнеге мұрасынан оп-оңай бөліп тастады. Көне түріктер қолданған төл қарпінің орнына соғды қарпіне, соғдының көне ұйғыр қарпіне, көне ұйғырдың араб қарпіне, арабтың латын қарпіне, латынның орыс қарпіне көшірілуі отарлаушы елдің отарланушы елдің санасына кезең-кезеңімен жасалған қиянатшыл қатыгездігінің айғақ болар куәгері, қалдырған ескерткіш іспеттес. Ең өкініштісі, осынау отаршылдық атты анықтауышты арқалаған саясаттың бүкіл халыққа, оның санасына жасалған қиянатшының кеңес үкіметі тұсында мықтап жалғасын табуы еді».

Қазақтың ру шежіресін білу арқылы тарихын жазуға болатынын қазақтардың өзінен бұрын орыс ғалымдары Н.Аристов, Н.И.Гродеков, П.Н.Рычков, А.И.Левшин, Г.С.Саблуков, В.В.Григорьев, Г.Н.Потанин, Н.Н.Березин түсінген бе дерсің. Олар қазақ шежіресіне мән беріп, жинап, баспаға ұсынып, еуропа тілдеріне аударып жатқанда қазақ зерттеушілері әлі ояна қоймағанын автор өкінішпен айтады: *«Біз ру шежіресіне тарихи дерек деп қарамадық. Ру десек жікке бөліну деп қабылдадық. Осыдан келіп адамдардың өмірбаянының бір-біріне ұқсамайтынындай, халықтардың да өмірбаяны бір-біріне ұқсамайтынын біліп тұрып, халықтың өзі басынан кешірген кейбір тауқыметтерге қарамастан ғасырлар бойы сары алтындай сақтап бүгінге жеткізген тарихи материалдарын алдын ала дайындаған қалыпқа салып, сонымен өлшеп-пішітік, сыймағанын алып тастадық, жетпегенін керіп-создық. Сөйтіп тарих жасадық»* дейді.

«Қағазға түсіп, хатталмаған шежіреде айтушының таным-түсінігіне, білім-білігіне байланысты алысты жақындатып, жақынды алыстатып, шатастыратыны болады. Бұл ретте ұзынсонарда шырдан қажетті ізін шығарып ала білер тәжірибелі аңшының көзқарақтылығындай біліктілік керек-ақ. Онсыз қиын. «Арғыннан әрі ассаң адасасың» – деп Мәшһүр Жүсіп айтқандай, шежіренің бергі кезеңі болмаса, арғы кезеңіне аяқ басқан сайын адасасың, шатасасың».

Ғылым докторы Бақыт Кәрібаеваның: «Артық сезім – ақылға нұқсан. Бақсақ, кешегі барымта, бүгінгі рушылдық пен жікшілдік жарқыншағы осы басы артық желік сезімнің бел алуынан» – деген сөзі әрбір қазақты ойландыратын-ақ сөз.

Жазушы Мұхтар Мағауин де өз адамы болмаса: «Сен кімсің, қайдан келдің, неге отырсың?» деп аузы көбіктеніп, зәр төккенін, «мынау кім, не істейді?» деп ойқастағанды немесе тура тартып, «ей, сен кім едің, не бітіріп едің?» деп бұралқы сөзбен тиісіп, іліп-шалғанды талай көрдік. Мұның бәрінің себебі бар екен. Әуелгі себеп, әрине, мәдениеттің төмендігі, білімнің кемдігі, кісіліктің жоқтығы. Бірақ ең басты себеп ол емес. Басты себеп өздерін көсем санап қалған ағалардың өздерін өкшелеп біреулердің келіп, орнын алып қоюын қаламаған бейшара пендешілігі. Сондықтан әрбір жас жігітті потенциалды жау ретінде қабылдау. Алдын ала тосқауыл қойып, жолын кесуге, жібермеуге тырысатын, әлдеқалай өтіп кетсе, күшігінен талап, дарынсыздығын дәлелдеп, кемшін санада қалдырып, оған болмай бара жатса, саяси айып тағып, қоңырау байлап, әйтеуір бір кінәрат іліп қоюға ынтызарлық» – деп бүгінге дейін жармасып қалмай келе жатқан ұлтымыздың азаматтарының бір кінәратын жайып салады.

Сол жазушы: «Бізде рулық сана да жоқ. Жіктік, топтық сана ғана бар» депті тағы бір жерде.

«Ұлт ретінде шындалмаған елдер жаһандастыру кезінде жойылады, олар алпауыт елдердің ықпалымен жүріп, сол елдің құрамына сіңіп кетеді. Сонымен қатар, бұл тұрғыда ұлттың саны да елеулі әсер етуі мүмкін. Қазақ халқының саны қазір 8,5 миллион, жойылып кетпес үшін қазаққа ұлттық жігер, мемлекеттік жігер керек. Ұлттық жігерді ояту үшін мынадай мобилизация керек: біріншіден, саяси-техникалық мобилизация. Яғни, саяси топтардың, партиялардың мүдделілігі. Екіншіден, идеологиялық мобилизация. Мұнда ұлттық идея, тіл, дін, ұлттық экономика, жалпы, мемлекеттік мүдде көтерілуі тиіс. Үшіншіден, әкімшілік мобилизация. Яғни, ұлтты мемлекеттің өзі қорғауы керек. Ең соңғы, төртіншісі – қаржылық мобилизация. Яғни үлкен-үлкен қаржы қорлары ұлтты сақтап қалу үшін, ұлтты шыңдау үшін жұмсалуда тиіс. Сонымен, жаһандастыру ұлтсыздандырусыз жүрмейді, тек оған мобилизациямыз болса ғана қарсы тұра аламыз». Бұл тарихшы ғалым Әзімбай Ғалидың сөзі.

Біздің ұлтта үлгі боларлық мінездер онша көп емес, бұрын болған, қазір айрылып қалып тұрмыз. Баяғы ержүрек, уәжге тұратын, бірауыз сөзге тоқтайтын қазақ қайда? Ұлттың мінезі дегеніміз – тұтас ұлттың күнделікті тұрмыста, қызметте, отбасында ұдайы қолданатын, пайдаланатын әдет-ғұрпы, дәстүрі десек, бізде қазір осылардан не бар? Мысалы, бір

ұлттарда тамақтың тоқтығы – басты идеология, бір ұлттардың ақылы мен айласы қатар жүреді дегендей.

Біз ше? Мысалы қонақжайлылығымыз – керек адамдарды жақсырақ, керек еместеулерін қалай болса солай күте салуға айналды ма? Айналды. Тамақты адалдан табу деген бар еді, қазірде адалдан табудың орнын алдап соғу, бермей кету, барымта басып кетті, адалдар артта шаң жұтып қалды. Ата-әженің балалары мен немерелеріне ақыл-кеңес беріп, жөн сілтеп отыратыны қазір бар ма? Жоқ. Болар ма еді, оны тыңдайтын құлақ та жоқ. Атаның берген ақылын керек санайтындар қала түгілі, ауылда да қалмауға айналды. Аталар да ақыл беруге бейім емес. Бірер жыл бұрын «Хабар» арнасында «Еркектің аты — еркек» деген хабар жүріп тұрды. Соның жабылуға жақын қалған сәтіндегі бір хабарында актерлар Бекжан Тұрыс пен Дулыға Ақмолданың екеуара сөзінде бір ойланарлық сөз айтылды, кімдер ұқты, кімдер ұқпады білмеймін: «бүгінгі ақсақалға «ақыл бер» десең, «қатын бер» дейді» – деді. Бұл түсінген адамға ауыр айып. Мұндай көрініс те бар ма бізде? Бар. Рушылдық, жікшілдік, топтық сана ұлтшылықтан басым ба? Басым. Енді несі қалды біздегі дәстүршілдіктің?!

Тойды қалай өткізіп жүрміз? Тойларымызда ешбір игі дәстүр қалған жоқ, жаппай арақ ішу, көпіртіп ұзақ-ұзақ сөйлеу, есіріп билеу. Алпыстан асқан «әжелер» бозбалалармен бірге секеңдеп билей жөнеледі. Өзбектерді айтсаң шекесі тырысып кететіндер бар бізде. Сонда да олардың бізбен салыстырғанда ұлттық ерекшеліктерін сақтауға келгенде озық екенін мойындауға тиісіміз. Оларда той өткізудің мың жылдық дәстүрі қалпын бұзбай сақталып келеді. Той өткізу кештері біздегідей таусылмайтын сөздер емес, нағыз концерт. Ересектер үшін той мен құдайы ас таңғы сағат 6-дан 8-ге дейін өткізіледі, әр шақырылған қонақтар тобына жарты сағат уақыт беріледі, бір топ қонақ келгенде бір топ қонақ тұрып кетіп жатады. Ұзыннан-ұзақ стол жайылмайды, ауланың шамасына қарай столдар қойылып, үсті мезгіл-мезгіл жаңартылып тұрады. Біздің студент кезімізде солай еді, әлі солай. Ешкім жұмысынан қалмайды, шақырған сағат-минуттарына туралап келеді де, тамақ жеп, кірген-шыққанда жақсы тілегін айтып кете барады.

Тәжіктерде кісісі өлген үй міндетті түрде ораза кезіндегі бір кеште тамақ дайындап, ауызашар жасап, құдайы ас береді. Ол қашан өлгені бәрібір, өткен ораза мен осы оразаның екі арасында кісісі өлгендер сөйтеді. Ол кештерде біздегі той дастарқанындай дастарқан, қарқ-қарқ күлкі болмайды, иман мен ізгілік көресіз. «Қазақстан» телеарнасы 2009 жылы оразаның соңғы күнгі таңертеңгі хабарының таңғы сауалына: «Сіз азаматтық некені қолдайсыз ба?» деген сауал қойыпты. Осындай харам әңгімені оразаның кезінде сөз етпесе болмас па еді?!

Бізде дәстүр сабақтастығы жоқ. Бұрынғыдан ештеңе қалмай барады. Барлығын тап-тұйнақтай етіп, ережеге түсіріп қоюға болмас әрине, бірақ, осы мінез – біздің ұлтымыздың мінезі деп көрсетерлік ештеңеміз жоқ.

Бүгінгі қазақта мәрттік пен сөзде тұру, уәжге тоқтау үрдісі жоғалмаса да әбден былғанған; еңбекқорлықпен, ізденгіштікпен тағы мақтана алмаймыз. Сонда не қалды?!..

«Арғын» сөзінің дерегін іздей отырып Қойшығара Салғараұлы алдымен «ар» сөзіне талдау жасайды.

«Сонау ерте замандағы көне тайпалардың адамдары сыртқы басқыншы тайпалардан қорғану үшін тұрақ-мекенін айнала ор қазып, оны қорғаушылардың әрқайсысына бөліп беретін болған. Осы әр адамға тиесілі ордың бөлігін «ар» деп атаған. Әр қорғаушы өз арын жауға бермей қорғауға, қажет болса сол үшін жанын қиюға тиіс. Егер қорғаушы қорқақтық тынытып, арын тастап кетсе, ондай адам бүкіл қауым алдында айыпталып, масқараланған. Ондай адамды, «бір сынаған жаманды екінші қайтып сынама», – деп жыраулар айтқандай, ар қорғауға екінші қайыра жіберілмеген. Сөйтіп ол қарғанды болып, арсыз атанған, яғни қорғар жері жоқ, ел қорғауға жарамсыз адам қатарына шығарылған.

Міне, қазіргі тілдік қорымызға ұят пен намыс ұғымының қоспасындай болып енген «Ар» сөзінің әуелгі негізгі мәні, шығу тарихы осындай».

«Адай» сөзінің шығу төркінін зерттегенде, біздің жыл санауымыздың бас кезінде кангюйлердің қарамағында болған дай деген халық болған, солардан «адай» атауы шыққаны қисынды деген пікір айтады. IX ғасырға қарай дайлар оғыздар құрамына енген. Оғыздар Маңғыстауды түбек емес арал деп түсініп, өз тілдерінде «ада» – арал деп, ал аралдықтарды «адаи» атаған екен.

Түрік сөзін «Түрік» атты кісіден таратып, кейін оның ұрпақтарының моңғол, татар (қазіргі моңғол, татар ұғымымен шатастырмау керек) болып екіге бөлінгенін хабарлайтын шежіре дерегімен үндесіп жатқанын аңғару онша қиын емес. Малға ен-таңба салу осы бөліністің тудырған қажеттілігі сияқтанады маған. Халқымыздың құрамындағы ру-тайпалар таңбаларының бәрінің төркіні тек екі таңбаның – таяқша сызық пен дөңгелек сызықтың негізінде жатуы да осыны мегзейді. Осы арада бүкіл түркі тілдес халықтар таңбасын да зерттеп, салыстыра қарау қажеттігі де туады. Сондай дала-теңіздің төсінде заманалар дауылымен сапырылған көшпелі ру-тайпалар толқындарының толассыз араласқан қозғалысындағы олардың өткен тірлігінің тынысын тануда таңбалар да тарихқа адал қызмет етпек. Ал осындай қызметшілері көп болған тарихтың дерегі куәлі, айтқаны уәлі, танымы мол, тағылымы берік болмақ.

Өз тегін осындай тарихтан танып білген елдің халқының ұлттық санасы жоғары. Жоғары сана жоғары танымға ғана тән. Өйткені танымы мол жанның түсінігі анық, пайымы нақ, білігі баянды. Демек, руды білу, тайпаның тарихын тану – бүгінгі кейбіреулер айтып жүргеніндей, ғасырлар қойнауында мидай араласып, өзара бауырласып, қауымдасып кеткен жұрағаттың жігін ашып, «сен анаусың, мен мынауымын» деп жіліктеп жіктеуге қызмет етпейді, қайта керісінше, тұманды түсінікпен жүзге бөлініп, руға таралып, тұтастықтың туын жоғары көтере алмай жүрген бүгінгі тоғышарлардың санасын оятып, оларға қазақ деген халықтың негізін құраған ру-тайпалардың көктен түспегенін, сырттан келмегенін, әлімсақтан жаратылыс негізі бір, тілі бір, ділі бір жұрт екенін соқырға таяқ ұстатқандай анықтықта тұшынуына көмектеседі».

Қойшыға теңеу де тапқыш. «Көрпе көктеген кексе әйелдің қолындағы көземел инедей көстендеп» деген бірауыз тенеудің өзі не тұрады?!

Ұлы қағанат

Бұл кітап Қойшығара Салғараұлының 2008 жылы жария көрген, бұрынғы кітаптардағы кейбір ойларды ғылыми тұрғыдан қайтадан сүзгіден өткізіп, соңғы жылдарғы зерттеулерімен толықтырып жазған жаңа кітабы. Кітап бұрыннан қалыптасып қалған қағидалар аясында қалып қоймаған, жаңа пайымдаулар мен тың тұжырымдарға толы.

«Еуроцентристік бағыттағы ғалымдардың еуропалық емес басқа халықтардың тарихтағы рөлін төмендетуді арнайы мақсат етпегенін де әділдік үшін айтып кеткен жөн. Бірақ еуроцентристік бағыттағы ғалымдардың арасында еуропалықтардың отарлаушылық саясатына қызмет еткен әсіреұлтышыл патриоттардың болғанын және олардың өз халқының артықшылығын дәріптеуді мақсат етіп, өзге халықтардың тарихи рөлін әдейі жоққа шығаруға күш салғандарын да, сондай-ақ олардың беделінің кей жағдайда әділдік таразысының басын теңестіруге мүмкіндік бермей, өзімізді өлермендіктің өріс жаюына себепші болғанын да жоққа шығара алмасак керек».

«Адамдық ізденістің, ілгерілеудің қозғаушысы да, жаңалық атаулының пайда болуының себепшісі де – қажеттілік деп ой түюге болады». Шынында, теріштілікте жүрген, тек өсімдікпен және өзінен әлсіз аңдардың етін шикідей жеп жүрген ежелгі адамның жай отына күйіп өлген аңның етін жеп үйренуі – қажеттіліктен туындаған бастапқы сананың көрінісі болған. Одан әрі қарай арнайы аулау мақсатында аңшылыққа үйренген. Ол үшін тастардан құрал жасап, тасты тасқа

соғып от жағуды үйреніп, жанған оттың астында қалған кейбір тастардың балқып, икемге келетінін көріп, олардан үшкір құралдар жасауды үйреніп жетіле түскен. Таяқты үшкірлеп судағы балықты алуды, ағаш шоқпармен аңды ұрып алуды үйренген. Осылайша пышақ, найза, сүңгі, кейінірек садақ пен оның жебесі пайда болған.

Сана жетіліп, аңшылар аң-құстың тірлігін бақылап, қашан ауып келеді, қашан кетеді, қашан балалайды деген сұрақтардың жауабын тапқан.

Бірте-бірте түрлі себеппен тірідей қолға түскен аң-құсты ұстау арқылы мал асырап, оны уақыты келгенде сойып жеуді үйренген. Сол малдың жағдайымен қыс пен жаз үшін жайлы өріс іздеймін деп көшкіншілікке үйренген.

Тілдесу қажеттілігі туындап сөз шыққан. Әртүрлі жерде жүргендер әртүрлі тілде сөйлей бастаған.

Әуелі ананың төңірегінде топтасқан адамдар, кейінірек күші ер адамның төңірегінде топтасқан.

Үйреншікті жеріне сыйыса алмай тайпа-тайпа болып ұрысып, бірінің жерін бірі тартып алуды, бірін-бірі аяусыз өлтіруді үйренген.

Біртіндеп рулар, олар іріленіп тайпалар, бірте-бірте жеке мемлекеттер пайда болған.

Осылайша біртіндеп өркениетке жете берген».

«Ұлы дала көшкіншілері дегеніміз – мемлекеттік құрылымы рулық-тайпалық жүйеде қалыптасқан, осыған орай белгілі бір аумақты ру-ру, тайпа-тайпа болып тұрақты мекен еткен, сол мекендеген жерінің суы мен жайылымын жер бедерінің табиғи ыңғайына қарай жыл мерзімінің өзгермелі райына сәйкес төртке бөліп, бір бөлігін көктемгі көктеуі, екіншісін жазғы жайлауы, үшіншісін күзгі күзеуі, төртіншісін қысқы қыстауы ретінде пайдаланып, соның бірінен екіншісіне кезегімен уақытында қоныс аударып көше жүріп, мал шаруашылығына басымдық беру арқылы экономиканың өзге салаларын да жүйелі бір қалыпқа түсірген және соларға сай өзіндік рухани-материалдық мәдениетті тудырға еуразиялық ежелгі халықтардың, ру-тайпалардың жиынтық атауы болса керек».

Қойшығара Салғараұлы «көшпелі, көшпелілер», «көшпенді, көшпенділер» деген сөздер гректің «номад», орыстың «кочевник» деген сөздерінің баламасы ретінде алынғанын, бірақ дәл мағына бермейтінін айтып, олардың орнына «көшкінші, көшкіншілер» деген атауды пайдаланған жөн екенін дәлелдейді, солай айтылып, жазылуы жөн болар еді дейді.

Қазақ хандығының Жәнібектен кейінгі ханы Бұрындықтан халқы безіп, жұртта жалғыз қалып, Самарқанға тұрмысқа шыққан қызының қолына барып өлгенін жазады.

«Басшысыз ел бағымындағы жылқы сияқты. Айқайға айқай қосып, тықсыра қуып, бірер сойылдап алсаң, қайда айдасаң солай қарай жосып береді».

«Тозған жұқа таптауға оңай, тозған жіңішке үзуге оңай. Бірақ жұқа қалыңға айналса, жіктейтұғын алып-ты, жіңішке жуанға айналса, үзетұғын алып-ты».

Шынына келгенде Мұхтар Мағауиннің: «Қытайдың бес мың жылдық қазба тарихы, үш мың жылдық жазба тарихы бар. Басқа ұлтқа айналып кеткен, тілін ұмытқан қытай жоқ» – деуі әрбір ізденуші, зерттеуші үшін «тарихыңды түгенде, ондағы олықлықтарды толтыр, ақтаңдақ қалмасын» деп тұрғандай. Тарихты түгендеу үшін Қойшығара Салғараұлы сияқты зерттеушілікке, ізденушілікке бейім, жасап жатқаны қазағына аса қажет екенін түсінетін азамат керек шығар, сірә.

Көне қытайлықтардың өздері қарым-қатынас жасаған көрші халықтардың, тайпалардың халықтық атауына, адамдарының есімін беруінен, негізінен, үш түрлі жағдай аңғарылады. Біріншісі – қытайлықтардың өздері берген кемсіткен қорлық атауы. Екіншісі – сол халықтың не тайпаның төл атауының дыбыстық естілуі. Бірақ өз тіл ерекшеліктеріне қарай оны үнемі бұзып береді. Көбіне басқы буынын алады да, соңына қытайша басқа сөз тіркейді. Мысалы, түрік – тужиө, түргеш – тучишы, т.б. Үшіншісі – төл атаудың мағыналық аудармасы. Сондықтан бұл арада аталған атаулардың көне заманда дәл қай мағынада аталғанына кепілдік беру қиын. Мәселені дұрыс түсінуге себебі тие ме деген мақсатпен тек сол тайпа атауларын берген қытай иероглифтерінің көне сөздер сөздігіндегі мағынасын ғана беруге мәжбүр боласыз. Ал иероглифтер 5-6, кейде одан да көп мағына беретіні болады. Осыдан-ақ атаулардың мағынасын дұрыс түсінудің қаншалықты қиын екенін бағамдай беріңіз.

Чин мен Хән патшалықтарының тұсында төңірегіндегі ұсақ кінәздіктерді жаулап, өздеріне қосып алу арқылы жерін кеңейтіп, халқын көбейту дәстүрге айнала бастаған. Енді ұсақ кінәздіктер өздерін қорғау үшін қиын-қыстау кезде көмек қолын созатын қосымша күш іздеуге мәжбүр болды. Осылайша жауласушы кінәздіктер өздерінің көшкінші көршілерімен тікелей байланысқа шығып, олардан өздеріне одақтас табуды көздеді. Бұл үш түрлі жолмен жүзеге асырылды.

Біріншісі – көне қытайлықтардың көшкінші көршілермен елші алмасу арқылы бейбіт келісімге келіп, ортақ тіл табысуы.

Екіншісі – көне қытайлықтардың өздері бұған дейін «жабайылар» деп келгендерді қатарға қосып, терезе теңестіріп, олармен қыз беріп, қыз алысуы арқылы құдандалы болуы.

Үшіншісі – ірі кінәздік иелерінің көшкінші көршілерін күшпен өздеріне тәуелді етіп, олардың әскерін өзінің негізгі қарсыласын жеңер көмекші құралға айналдыруы.

Сырттан келген зерттеуші ғалымдар мен саяхатшылар Ұлы дала тұрғындарын «жабайы» деп қабылдап, солай деп жазуы бөтен халыққа деген қиянат, үстемдіктің, менсінбеушіліктің бір көрінісі.

Елдік негіздері

Шыққан жылы 2007 жыл болғанымен соңына қарай сөз арнап отырған себебіміз – бұл кітап тарихқа арналмаған, саясаттану, әлеуметтану, философия ғылымдарының төңірегіндегі көсемсөздік жазбалардан тұрады.

Кітапта алдымен қазақ елінің бүгінгі ахуалына талдау жасалады. Елдің жетістіктері мен жеңістері жария етіледі. Тәуелсіздік үшін күрес жолы баяндалады.

Тәуелсіздікті рабайсыз, шектеусіз еркіндік деп ұққан, басқарудың әсірешіл жолын ұстанғысы келген топтың өзара ырду-дырду болып, күні бүгінге дейін бір мәмілеге келе алмай жатқаны баяндалған.

Жазушы азаттық алған елдердің тарихын терең зерттеген, өзі азаттық күресіне қатысқан Фресис Фанонның: «Қара тері мен ақ бетперде» атты кітабында тәуелсіздік үшін күрескен африка елдерінің азаттық алғаннан кейінгі жағдайлары жөніндегі мынадай тұжырымын келтірген: «Отар елдердің тәуелсіздік үшін күрескен басшылары сол күрес кезінде ұлттық намысы, ұлттық тәуелсіздігі, саяси азаттық жайында ғажайып ұрандар көтереді. Бұдан соң бүкіл ұлт көтеріліп, жеңіске жетеді. Осыдан кейін үлкен парадокс, яғни қарама-қайшылық басталады. Азаттық үшін қан төккен халықтың мүддесі былай қалады да, билік басына келген сол ұлттың орта тап өкілдері империалистердің, отарлаушылардың жүзеге асырған әдістерін одан әрі жалғастыра береді. Сол тетіктерді қолға алады. Бұл – өз халқын отарлаушылар секілді қанай беру деген сөз. Оларға өз халқын люмпенпролетариатқа айналдыру өте тиімді. Содан кейін көтеріліс кезіндегі біршама жоғары деңгейге көтерілген ұлтшылдықтың температурасы төмендейді. Орта тап пен интеллектуалдардың жалқаулығы, әсіресе ой жалқаулығы нәтижесінде ұлтшылдық зардап шегіп, әлсірей береді».

Осы орайда біздің есімізге қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің: «Халық деген бейшара ғой – сойыл соғысқанда бірге соғысады да, үлеске келгенде құм асайды» деген сөзі түседі.

Қазақстанда отарсыздану үдерісін тәуелсіздік алғаннан кейін бірден бастап кете алмадық. Біздегі отарланған сана оянған рухымызды дер кезінде демеп әкете алмады.

«Ұлт зиялысы дегеніміз сол өзі шыққан ұлттың бар жақсы қасиетін бойына сіңірген; кісілік парасаты биік; халқының мүддесін жеке бастың мүддесінен жоғары қойып, саналы зұмырын соған қалтқысыз қызмет етуге арнаған; ұлттық дамудың мүддесін көздейтін әлеуметтік мұраттарды алға шығарып, қолдап, қорғап отыратын; осы жолда кездескен қиындыққа қаймықпай қарсы тұрып, қажет болса мақсатты ісінің жолында күресіп, құрбандыққа бара алатын, рухы биік, ары таза, қайраткер адам.»

Ал, «зиялы қауым» дегеніміз осындай зиялы адамдардан құралған шоғыр».

«Қазақшылдық – отансүйгіштік қасиет, патриотизм. Өкінішке қарай, қазір көптеген қандастарымыздың бұл қасиетке ие бола алмай, аты қазақ болғанымен, заты қазақ болмысынан оқшауланып, не ол емес, не бұл емес, дүбара күй кешіп жүр. Бүгінде бір қазақты әуелі «орыстілділер», «қазақтілділер» деп екіге бөліп, содан кейін бір қазақты: «таза қазақ», «шала қазақ», «ада қазақ» деп үшке бөлетінді шығардық.»

Мұның таза қазағы – ұлттық дәстүр бесігінде тербеліп, ана тілімен ауызданып, төл мәдениеттің құндағынан шыққандар.

Шала қазағы – ана тілі уызының дәмін тату бұйырмай, өзге мәдениет бесігінде тербеліп өскенімен, өзінің қазақ екенін сезініп, төл мәдениетіне саналы түрде тартылушылар.

Ада қазағы – қазақтық болмыстан жұрдай, өзге мәдениеттің өгей баласы болып кеткендер».

Белгілі тарихшы ғалым Хангелді Әбжанов қазіргі қандастарымызды таным-түсінігіне қарай, тіпті, сегізге бөледі. Олар:

- 1) Бар болмыс-бітімімен нағыз қазақ қалпындағы қазақтар;
- 2) кешегі өктем ұлт – орыстардың сойылын соғып жүрген қазақтар;
- 3) тілі, ділі орыстанып кеткенмен, халқына бүйрегі бұратын қазақтар;
- 4) жаһанданудың салмағынан жаншылып, Америкаға, Батысқа бас иетін, өзінікіне мұрнын шүйіретін қазақтар;
- 5) басқа діннің ықпалына түсіп, не ол емес, не бұл емес қазақтар;
- 6) тарихи отанына сағынышпен жеткенде бауырларының өзін де, сөзін де түсінбей айран-асыр болып жүрген оралман қазақтар;
- 7) жүзге, жерге бөліну дертінен айықпаған «ортағасырлық» қазақтар;
- 8) жекешелендіру мен нарықтан қарық болған «жаңа қазақтар».

«Біртұтас қазақты ру мен жүзге, бай мен кедейге, жақсы мен жаманға бөліп-жармай, тұтас жақсы көретін адам – қазақшыл адам болып

есептеледі. Ал осындай қазақшыл адамның халқына құлай беріліп, оны қалтқысыз сүюін, қазақтың дамып, өркендеуі үшін аянбай беріле еңбек етуін – қазақшылдық дейміз.

Қазақшылдық пен қазақшылықты шатастыруға болмайды. Екеуі мәні де, мазмұны да екі басқа, өз алдына жеке ұғымдар. Қазақшылдық негізінде парасаттылық, қазақшылық негізінде – пендешілік жатады. Қазақшылық – қазақтың атымен жасалынатын іс-әрекеттің былықшылықпен азды-көпті байланысқа түскен түрі. Қазақшылдық – қазаққа алаңсыз қызмет ету».

«Ұлт дегеніміз – тарихи жағдайларға байланысты белгілі бір аумақты тұрақты мекендеп иеленуі арқылы тілдің, діннің, мәдениеттің, дәстүрдің, әдет-ғұрыптың ортақтасығы негізінде қалыптасып, елдік мүддесі біріктірген адамдардың жиынтығы».

«Ұлттық сана дегеніміз сол ұлтты құрайтын халықтың әр адамының жеке тұрмыс-тіршілігінің сыртында өз ұлтының мүддесін, халқының тағдырын, ұрпағының болашағын ойлау қабілетінің ұлттық деңгейге көтеріліп, жалпы қоғамға тән ортақ сипатқа ие болған ұжымдық түрі, яғни ұжымдық сана».

«Ұлттық намыс дегеніміз ұлтты құрайтын халықтың әр адамының ұлтқа қатысты айтылған кез келген кемсітушілікті, ұлтқа қарсы жасалған іс-әрекетті бейне өзіне бағытталғандай қабылдап, соған қарсы жан дүниесінде пайда болған сезімнің буырқанған серпілісінің жалпыхалықтық сипатқа айналған ұжымдық түрі. Ұлттық намыс – азаттықтың жаршысы, құлдықтың қас жауы. Ол бар жерде құлдыққа орын жоқ».

«Ұлттық мінез – ұлттық дәстүр негізінде тәрбиеленген ұлт адамы мінезінің белгілі бір түрінің ұлт мүшелерінің бәріне бірдей болмаса басым көпшілігіне тән ортақ деңгейге көтеріліп, жалпылық санат алуы».

Бұл сөздер автордың жеке тұжырымы ретінде құрметке лайық және оған түсіндірме беріп, сөз қосып жату керексіз.

Қазіргі кезде сақтануға тиісті жаман мінездің бірі – мақтаншақтық. Мақтаншақтық – надандықтың белгісі. Ол – ұлттық мінез емес. Жалпы түркі халықтары мақтануды ұнатпаған. Махмұт Қашғаридың «Диуан-и лұғат» атты еңбегінде: «Түрікте өзін ұнату, мақтану жоқ. Түріктер үлкен ерліктер және жанкештілік жасағанның өзінде ерекше іс істемегендей сезінеді», – деп жазады.

Қоғам мүшесінің бірде-бірінің жасаған жақсы ісі де, жаман ісі де назардан тыс қалмай, дер кезінде өзіне лайық әділ бағасын алып отырған. Бар тірлігі таразыға тартылып, соған орай ортасы өз бағасын беріп

отырғаннан кейін, адамның өзі туралы «мен бүйттім, мен өйттім» деп мақтануының да, ақталуының да қажеттілігі болмаған. Бәрін өскен ортасы дұрыс та әділ бағалап отырған соң, адам ештеңеге аландамай, басынша қоғам талабына сай тірлік кешуді ғана мұрат тұтқан.

Мақтаншақтық жат мінез біртіндеп қазақтың болмысына еніп, әдеттегі тірлікке айнала бастады. Қазір мақтанды ұнатпайтын қазақ аз.

«Ұлттық дәстүр дегеніміз – белгілі бір ұлтты құрайтын халықтың ата-бабаларының халық болып қалыптасу жолындағы бүкіл тіршілік тәжірибесінен сан ғасырлар бойы тірнектеп жинап, сұрыптау тезінен өткізіп, бір жүйеге келтіріп, қалыпқа түсірген өмір сүру заңы, яғни қатал тірліктің қағидаларынан қорытып, уақыттың өзі бекітіп берген ережесі».

«Обал деген не? Табиғатпен қойындасып жатқан өскен қазақ қоғамы үшін обал дегеніміз өзіңді қоршаған ортаның табиғи болмысына (жанды-жансызын алаламай) зиян келтіруге, жамандық жасауға, яғни жандыны жәбірлеуге не өлтіруге, жансызды бүлдіруге не құртуға тыйым салатын ұғымдар жиынтығы».

«Сауап деген не? Ол өзіңді қоршаған ортадағы жанды-жансыздың бәріне бірдей жақсылық жасауға, қамқорлық көрсетуге үндейтін ұғымдар жиынтығы».

«Өркениет дегеннің әдіс-тәсіл арқылы жасалған және еліктеу, іздену жолымен бір ұлттан екінші ұлтқа ауысқан ұғымдар мен техниканың жиынтығы, ал ұлттық мәдениет болса, әдіс-тәсіл арқылы жасалынбайтын және еліктеу, іздену жолымен өзге ұлттардан алынбайтын сезімдер жиынтығы».

Қойшығара Салғараұлы тіліміздің өркендемей жатқанының себебіне орай мынадай тұжырым айтады: «Өз ұясында өз ата-анасымен өзге тілде шүлдірлесіп өскен баланың сыртқа шыққанда қазақша көкірек ашып, күмбірлемесі анық. Қазіргі қазақ мектебінде оқитын балалардың сабақ аралық үзіліске шыққанда бір-бірімен қазақша шүйіркелеспей, орысша шүлдірлесетіні осының айғағы». Расына келгенде солай: тіліміздің теңдік алуына отбасы, мектеп, қоғам болып бірлесіп кіріспесек, тәуелсіздіктің жиырма жылындағы нәтижені ала береміз.

Зия Көкалып: «Мәдениет дегеніміз бір ғана ұлттың дін, мораль, құқық, ақыл-ой, эстетика, экономика және тұрмыс-тіршілігінің үйлесімді жиынтығы» дейді.

Автордың осы ойларын саралай келе мәдениетке қатысты өз ой-пікірлерімізді білдіргіміз келеді.

Мәдениет, тіл мен дін жарлықпен биіктемейді, өшіп те кетпейді. Олардың өркендеуі адамдардың санасындағы өзгеріске байланысты.

Біздің ертеніміз – мәдениетіміздің деңгейіне байланысты. Қарап отырсақ, адамзат жаратылғалы жақсы өмір сүрудің жолын іздеумен, әділеттілікке, бостандыққа, лайықты тұрмысқа ұмтылумен келеді екен... Осы мақсатты жүзеге асыру ниетімен пайғамбар дәрежесіне көтерілген патшалар Мұса мен Сүлеймен, қазақ хандары Тәуке мен Абылай түрлі заңдар мен ережелер шығарды. Платон, Томас Мор, Кампанелла, Бұхар секілді ақылмандар өз басшыларына қиялдағыдай қоғам құрудың мемлекеттік жобаларын жасады. Олар мемлекеттегі әрбір адамның қарны тоқ, дені сау, шат-шадыман күн кешуін армандады. Бірақ, түптеп келгенде арман орындалмады. Себебі, олардың идеялары бұл мәселелердің бәрін мемлекет тарапынан күшпен реттеуге бағытталған болатын: олар әділетсіздікті болдырмау үшін бардан жоққа алып беруді ұсынды, адамның бәрі бірдей, демек, байлық адал жолмен келмейді, сондықтан оны әділеттілікпен қайта үлестіру керек деді. Олар құлдықты болдырмау, адамдардың бірі-біріне үстемдік етпеуі, кедейлікті жою адамдардың лайықты тұрмыс кешуіне жол ашады деп есептеді.

Олар мінезі, әрекет-қимылы, ұмтылысы әртүрлі, тоғышары мен икемдісі бар, үйлесе жұмыс істей алмайтын мінезсіздері бар адамдардан өзіне де, өзгелерге де дән риза, кіммен болса да бірігіп жұмыс істей алатындардың қоғамын құру мүмкін деді.

Бірақ олардың идеясы бостандық пен әсіре ұйымдастырушылықты, тыныштықты, тұрақтылық пен дамуды, еңбек қабілеті әртүрлілер мен әділеттілікті бір-біріне үйлестіре алмады. Бастамаға жол берілмесе – тоқырау, іру, бостандық берілсе – бетімен кету бола берді.

Нақ осы жерде екі негізгі нәрсе: адамдардың әр істі атқаруға жеке қабілетінің іс жүзінде тең еместігі мен әлеуметтік институттарды әлеуметтік ортаның құбылып жатқан жағдайына орай ұдайы бейімдеу қажеттігі есепке алынбаған еді. Заңдарда белгіленген шектеулер теңдікті де, әділеттілікті де қамтамасыз ете алмады, керісінше дамуды тежеді. Тарихтағы ереуілдер, бүліктер азамат соғыстары осы себептерден болды. Олар тарихтың ең басты мазмұнына айналды, адамзаттың тиімсіз өмір сүру үрдісін қалыптастырды.

Қоғамның ілгері қарай жылжуы біркелкі болмады, ол бірде тез, бірде жай жүрді. Әлеуметтік ұйымдардың біріндегі тоқырау ерте ме, кеш пе жаппай наразылық, тақтан құлату, қантөгіс пен бүлінуге алып келді. Қалпына келтіру кезеңі қоғамды қайтадан жаңа, биігірек сатыға көтерді, бірақ көп мезгіл өтпей тағы да тоқырауға ұшырады. Алға серпінді жылжудың көбі кері кетумен бітіп жатты.

Мәдениеттің мәні бүкіл даму проблемасының негізгі факторы. Бұл жерде мәселе – ұжымда (елде, ортада) қалыптасқан мінез-құлық норма-

ларында, адамдардың арақатынасы мен әлеуметтік құндылықтарды қалай қабылдайтынында. Мекеменің мәдениеті – оның мүшелерінің мінез-құлқының жиынтығы (мемлекеттікі де солай). Адамның бәрі табысына ма-саттанады, еңбегінің зейнетін жұмсап демалғысы келеді. Бірақ, адамдар әрқилы. Біреулер өзіне-өзі сын көзбен қарайды, мекеменің жолы болма-са, оның жауапкершілігін өз мойнына алуға әзір, жетілуге тырысады, бір сөзбен айтқанда, дамуға ұдайы дайын. Ал, кейбіреулер жауапкершілік-тен қашады, себепті басқа біреуден іздеуге бейім. Олар дамуға әзір емес, тоқкөңіл. Ондайлар әдетте кінәмшіл де өшпенді. Мұндай адам бас-шы болса, оған өзін-өзі өзгерту керек екенін түсіндіру де аса қиын.

Мәдениетті қолдау десе оны шығармашыл адамдарды қолдау деп тү-сінетіндер бар. Мәдениетті қолдаудың формасын келтіруге социалистік қоғамдық құрылым икемдірек екені рас еді. Бірақ біз экономикалық тәсілдің басқа түріне көшейін деп емес, мәжбүр болған соң көшкенімізді ұмытпауға тиіспіз, сондықтан бұрынғы қоғамды көксей бергеннен май шықпайды. Әйтпесе қарапайым адамдар үшін бұрынғы құрылым барлық жағынан жақсы өмір еді. Оны ұстап тұру мүмкін болмады. Өмірдің жа-санды дамуын эволюциялық дамуға өзгерту жолына – бүкіл жер жүзі түгелдей дерлік ғұмыр кешіп жатқан нарық жолына біз де түстік. Оның біз үшін ең басты жетістігі тәуелсіздік пен еркіндіктің барлығы. Бұрынғы кезде басқан ізің андулы болатын, қарапайым адамның ақшасы бастық-тың ақшасынан құнсыз болды, бар ақшасына лайықты нәрсе алудың өзі қиын болушы еді.

Ұлттың рухы — халқының мәдениеті биік болса көтеріңкі болады.

Бізде экономикалық өмірдегі масылдық пиғыл мәдениетте де қа-лыптасқан. Өзін кісімін деп жүрген көп адамдардың пікіріне қарасаң мәдениетті мемлекет көтеруі, қолдауы, қорғауы тиіс, ол – мемлекеттің міндеті, біз қол қусырып қарап отырсақ та болатын секілді. Олай емес.

Мемлекеттен басқа мәдениетті тарататындар мен өмірге ендіретіндер кімдер, мәдениетті деп кімді айтамыз? Мәдениеттің өлшемі жалпы көпшіліктің мәдениетінің биік деңгейі ме, мәдениеттілігі жағынан елге үлгі боларлық зиялы азаматтардың көптігі ме, жоқ, аса дара, данышпан азаматына көбірек байланысты ма? Зиялы деген ұғымды қалай түсінеміз, зиялы екеніміздің бағасы мен атауын кім береді, кім белгілейді?

Мәдениетті зиялылар жасайтын болса, зиялы дегеніміз кімдер?

Италияның ғұламасы Антони Грамши зиялылардың екі түрі болады дейді. Бірі, қарапайым халықтың ортасынан шыққан естияр, көзі ашық аза-маттар. Екіншісі, сауатты, білімдар, кәсібі маман деңгейіне көтерілгендер.

Шын мәнінде зиялы болуға жету үшін уақытты босқа өлтірмеу керек. Зиялылық алдымен көп білу, сонан соң сонысын өмірге пайдалана білу, тәрбиелілік, үлгілілік. Адалдық, арлылық. Уақыты елтең-селтеңмен өткен адам зиялы бола ала ма? Әсем галстук, қымбат көзілдірік немесе сұлу таяқ зиялы етіп көрсететін кез өтті. Тауысты әсем етіп тұрған құйрығы. Егер құйрығын кесіп тастасаң, жай құстан айырмашылығы шамалы.

Халықтың халық болмағы алдыңғы қатарда жол көрсетіп жүрген азаматтарында. Елді өсіру де, өшіру де солардың қолында. Егер олар жетілген, озық ойлы болмаса, онда қиын. Қарапайым халық бәріне сенеді, қайда жетелесең, сонда ереді.

Достоевский зиялыларды: табаны жерге тиіп тұрғандар мен тимей тұрғандар, – деп екіге бөлген. Табаны жерге тиіп тұрғандар дегеніміз ұлттық ділі бар, ұлттық рухқа арқа сүйейтін және оны көтеруге тырысатын, ұлтына ұстын болуға әрқашан дайын азаматтар, ал табаны жерге тимей тұрғандар – ол ұлттың жақсысы болса пайдаланып, жаманын түзетуге атсалыспайтындар, өз ұлтының басынан асыра қарағысы келетіндер. Олар биік мансапты шенеунік те, пайдасыз интеллектуал да, замана бағытын түсініп алған «приспособленец» те болуы мүмкін. Етікшінің пиғылындағы уәзірлер мен депутаттар да кездеседі. Өз сөздерінде ең қымбат нәрсе халық деп, халықты алдап қана қойғысы келетін, шын мәнінде халыққа емес қара басына ғана қызмет ететіндердің бәрін соларға жатқызуға болады.

Ашыған қаймақ сүттің түбіне шөгеді, ол – ащы, сүйкімсіз. Жақсы зиялы сүттің бетіндегі қаймақ сияқты сүйкімді, ал, өзін зиялымын дейтін, бірақ көңіл түкпірі менмендік пен үстемдікке толы, өзін халықтан биік ұстайтындар, биік болуға құқылымын деп есептейтіндер, шын мәнінде ыдыстың түбіне шөккен ашыған қаймақ секілді.

Ницшеде мынадай ой бар: «У кого есть зачем жить, может вынести почти любое как». Оны өмір сүруден мағына тапқан адам, өмірде қандай ауыртпалық болса да төзуге дайын тұрады деп түсіндіруге болады. Шынында, ең негізгісі мағыналы өмір сүре білу ғой. Сен өлгенде бір адам да сен туралы жаман айту түгілі жаман ойлай алмаса, нағыз мағыналы өмір сол. Шын зиялы адам да сол болса керек...

Мәселені «Өмір сүруге зиянды тигізбе» деп қойған дұрыс. Ол: рұқсат, өмір сүр, ізден, қимылда, ойлан, пайдаңды тигіз дегені. Мәдениетті деп осы талапқа жауап беретіндерді де айтамыз.

Мәдениеттің бастауы – бесік жыры, бізде оны айта білетін аналар азайып барады, тіпті қалмады десе боларлық.

Мәдениет дегеніміз көшеде бара жатқан әрбір адамның тротуарға түкірмеуінен бастап, үлкенге ізет, кішіге құрмет жасауы, көкірек көзінің ашық болуы, жаны мейірімге толы болуы.

Мәдениет деп бағзы заманнан келе жатқан әдет-ғұрыптың жақсысын, өнер үлгілерінің озықтарын бүгінге ұқыптап жеткізуді, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруды да айтамыз.

Қазақ жас ел. Кәрі елдер бар, мысалы – Қытай, Үрім т.с.с. Еліміздің жастығы мінезімізден қылаң беріп тұрады. Еліккіштік, билікқұмарлық соның белгісі.

Өзін өзгелермен салыстырып көргісі келгендер, алдымен өзгенің озығын, артықшылығын танысын. Оның жақсысын көре алмаса немесе аз ғана көрсе, соны түйсіну барысында кемшіліктері өзі-ақ көрінеді. Өзгенің жеткен биігіне өзі жете алатынына сенімді адам оны күндемейді, күндейтіндер оның жеткен жеріне жете алмасын білетіндер.

Сонымен Қойшығара Салғараұлының кітабының тұжырымы біздің еліміз ұзақ жылдар азат өмір сүріп, кемелденіп қалыптасқан, ұлттық құндылықтарынан айырылмаған елдермен салыстырғанда бұзылған халықтық қалпын қайта қалыптастырып, төл мәдениетіне оралу арқылы ұлттық сананы оятып, ана тілін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, т.б. сақтап қалуға зәру дегенге саяды.

Сондай-ақ автор тарихшы ғалым, профессор Қамбар Атабаевтың тарих ғылымын зерттеуді атауынан бастап түбегейлі өзгертіп, реформа жасауға, «Қазақстан тарихы» емес, «Қазақ тарихы» деп қайта жазып шығуға жатады дегеніне қосылады. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында бұл салада көп ілгері жылжу бар. «Батыс дереккөздеріндегі Қазақстан тарихы», «Қазақ хандығының тарихы мен мәдениеті жөніндегі Қытай мұрағатының құжаттары», «Ежелгі дүниедегі және Қазақстандық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы» атты көптомдық кітаптар шықты. Ендігі тындырылар іс түрлі авторлардың түрліше дәлелдеп, түрліше топшылауын бір ізге түсіріп, тарихымыздың толыққанды бір оқулығын жасап, оқырман қауым алаңдамастан, сеніммен өз пікірін қалыптастыра алатын жағдайға жеткізу болғаны жөн.

Отаршылық кезеңнен бүгінге дейін

Қойшығара Салғараұлының «Оян, қазақ» деген шағындау шығармасы бар. Оны оқып, арасына сөз қыстырудың есебін таба алмай, ондағы негізгі ойларын кесек-кесек күйінде беруді жөн санадым.

Ұғыну керек, ұқтыру керек түгелдей,

Асығу керек, кірісіп іске бөгелмей.

Салғырттық қазір ажалмен бірдей біздерге

Жатқанда мына тірлігіңнен түк өнбей.

*Жақсарту керек, ағарту ісін Естілер,
Тұрғанда жұрттың Мені өлмей.*

Иә, иә, Есті Азаматтар ағарту ісін қолға алуы керек, тірлігіміздің сапасын жақсартып, ел мәдениетін көтеруі керек. Әрбір елім деген есті азамат ағарту жұмысына өзінің үлесін қосуы керек. Сана ағармай, жүрек ағармайды. Жүрек ағармаған жерде отаншылдыққа орын жоқ. Ғасыр басында Ресейде патшалық монархия құлап, қазақ халқын бодандық бұғауынан босату мүмкіндігі туған өліара сәтте Есті Ағаларымыздың бәрінің бірдей қайда жүргеніне, қандай жұмыс атқарып жатқанына қарамастан, ағарту ісіне жаппай ат қосулары әсте тегін емес.

Бүгінгі күнге қалай жеткеніміздің себеп-салдарының тарихи шындығын тиіп-қашып айтқанымыз болмаса, әлі күнге зерделі құлақ ұйып тыңдайтындай, білімді сана тояттап қабылдайтындай етіп, ғылыми негізін ашып, саралай талдап, сараптап айқындаған жоқпыз. Тарихи сауатсыздық бізді әлі күнге сағымға алдандырып, ойсыз тірлік кешуге мәжбүр етіп жүр. Бәрі – сол білмегеннің, бұрыс таным-түсініктің кемшіндігінің кесірі. Төл тарихымызды өз мәнінде танып-білсек, ненің неден болғанының себеп-салдарын анық түсінсек, бұл күнде арқамызға аяздай батып отырған алауыздықтың, шенқұмарлықтың, атаққұмарлықтың, көреалмаушылықтың халықтық қасиетіміз, ұлттық мінезіміз емес, отарлау саясаты кезінде халқымызға сырттан күштеп таңылып, ғасырлар бойы арнайы мақсаткерлікпен жұқтырған дерт екеніне көз жеткізер едік. Көз жеткізсек, бұл күнде ішке түсіп, дене жайлаған дерт уытын бұдан әрі өршітпей, одан ел болып айығудың қамына кіріскен болар едік. Амал Ендігі жерде ерте-кеш демей, баршамыз бірігіп, осынау «жұқпалы дерттің» одан әрі өріс алуына жол бермеуіміз керек. Ол үшін тарихи деректер арқылы әуелі бұл қауіпті дерттің біздің халқымызға қалай жұққанын, оның кеңінен таралуына отарлаушылардың қандай әрекет жасағанын нақты біліп алып, содан кейін барып, одан емделудің жолын көп болып қарастырған жөн Ең басты мақсат – осы дертті, әсіресе, жас ұрпақ болмысына жұқтырмай, оларды аман сақтап қалу болуға тиіс.

Жалпы бүкіл көшкіншілерге, оның ішінде біздің халқымызға да тән ортақ қасиет – бас еркіндігінің болуын бәрінен де жоғары қоюы. Тарих дерегіне қарап отырсаңыз, байырғы көшкіншілер өміріндегі бүгінгі ұрпақты риза ететін де, ренжітетін де тірліктердің бәрі осыдан туындайды. Ортақ Отанына қауіп туғанда болмаса, әр ұлыс, әр тайпа, әр ру өз билігі өзінде болып, тізгінін өзгенің қолына бермей үйренген олар аз ғұмырында біреуге тәуелді болмауы үшін бәріне де барған: естігеннің есін тандырап ерліктер де тудырған, сананы сансыратар сатқындықтарға

да барған. Ең арғысы, намаз екеш, намаз кезіндегі имамға ұюға тиісті бір сәттік тәуелділіктің өзіне шыдамай, «намаз да болса, кісіге қараған күні құрысын» деп бұлқынып, мінез танытқан ата-бабамыздың осы бір бас асаулығын отарлаушылар өз пайдаларына айтудай-ақ пайдаланып баққан. Ағайын арасына от жағып, түрлі жолмен оларды бір-біріне айдап салу арқылы өздері жұқтырған алауыздылық дертін өршітіп, ақырында тайпа мен тайпаның, ру мен рудың ғана емес, тіпті, бірге туған аға мен інінің, әке мен баланы өзара жауығып, атысып-шабысып кетуінің айла-шарғысын жасап отырған. Бұған ел ертеңін ойлайды деген азаматтардың жете мән бермеуі мен көпшілік мәдениетінің төмендігі де өз септігін тигізгені сөзсіз.

Тарих – ұлы ұстаз. Сол ұстаздан дәріс алып, алды-артын бірдей барлап, шолып отыруға мүмкіндігі болмаған, жазба тарихы жоқ, елдің соқыр жандай қарманып, күндік тірлігімен күн кешері мәлім. Олар өткеннің өнегесіне өріс беріп, кешегісін бүгінмен салыстырып сабақтастыра алмайды. Болашағы буалдыр тартып, көз алды тұтасқан тұманға айналады. Отаршылдықтың аққаптал айласы мен дүлей күші асқақ арман, биік мақсат дегеннің бәрінің жолын кесіп, бір күннің, тек бүгіннің ғана мұратына қызмет етуге итермелемек. Ал бұлай өмір сүрудің мұраты – «мен анандан артық болсам, мынадан жоғары тұрсамға» ғана негізделері сөзсіз. Осыдан келіп халқымыздың арасынан даңққұмарлық, билікқұмарлық, шенқұмарлық, шекпенқұмарлық дертімен ауырғандар жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаулап бой көтерері тағы даусыз. Жанын осындай түрлі құмарлықтар билеп алған адамның ар, намыс, нысап, қанағат тәріздес асыл қасиеттерден жұрдай болып, оның орнын қызғаныштың қызыл итіне берері тағы шындық. Қызғаныштың қызыл иті болса, ананы да қорып, мынаны да қорып, шәу-шәу етіп иесіне тыным бермейді. Мұның аяғы таусылмайтын талас-тартысқа, бітпейтін дау-жанжалға ұласып жатады.

Осыған орай, тіршілік сахнасына бұларға араағайындық жасайтын бітімші, арашашы, көмекші деген секілділер шыққан. Олар да көктен түспеген, осы ортадан шыққан, өз пайдасын көздегендер. Сондықтан олар ел бірлігін, ағайын татулығын ойлап, бас қатырып жатпаған, әлгі дау-жанжал, талас-тартыс секілді кеселді қылықты өршітпесе, өшірмеген. Қайта осыдан молырақ пайда тауып қалу үшін, әділеттілікті аттап өтіп, өздеріне тиімсіз жағын тиімді жағына жығып беруге күш салған.

Осыдан кейін жеңуші мен жеңілуші пайда болады.

Тарихтың бізге ұсынар тағылымы да осында. Елді көреген көсем басқарса, елдің Естісінің бағы жанады. Елді көркеуде надан басқарса, елдің Естісі есінен танады. Ал осының екеуі де, сайып келгенде, халықтан көрініс табады.

«XVI–XVII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары» деп аталатын тарихи құжаттар мен материалдардың жинағындағы 24-ші нөмермен берілген: «Қазақтарды орыстардың боданына тарту жөніндегі Петр біріншінің айтқандары бойынша А.Тевкелевтің жазбаларынан» деген құжатқа назар аударалық. Сонда Петр Бірінші қазақтардың ұлан-ғайыр даласын орыс империясының құрамына кіргізу үшін ештеме аямай, үлкен шығындарға қарамай, миллион сомға дейін қаржы шығару туралы нұсқау бергені айтылған. Онда: «Қазақ ордасы – бүкіл Азия елдеріне шығар қақпаның кілті. Сол себепті оны Россияның протекциясына кіргізудің Ресей үшін тиімді де қолайлы шаралардың бәрін қолдану керек» делінген.

Отарлаушылар алдымен, хан тағынан үміткер ханзадalar мен сұлтандар арасына жел жүгіртіп, оларды тақ таласына итермеледі. Солардың ішіндегі билікқұмар, шенқұмар, атаққұмарларын ерекше бағалап, оларға «ананы анандай қылсаң, мынаны мынандай қылсаң, біз сені қолдап, қолыңды биікке жеткіземіз» деп уәдені үйіп-түгіп беру арқылы ел ішіне іріткі салып бақты. Айтақтағанына алаңсыз жүгірген мұндай ханзадalar мен сұлтандардан ештеме аяған жоқ. Ақшаны да, атақты да, шен-шекпенді де бірінен кейін бірін беріп жатты. Олар кейін қазақтар арасына кеңінен таратқан алауыздылық дертінің алғашқы арамза ұрығын ханзадalar мен сұлтандар арқылы ел ішіне егуді осылайша бастаған болатын.

Патша әкімдерінің уәдесіне марқайып, тақ таласына түскен ханзадalar мен сұлтандар енді өздерін қолдайтын қошеметшілерді көбірек тарту мақсатында ру-тайпа басшыларымен астыртын жұмыс жүргізіп, «ертең хан болғанда жарылқаймын» деп, оларды өз тараптарынан уәдемен қарық қылып, алдарқатуға кірісті. Осы жолда айтқандарына көніп, айдағанына жүргендерді барынша қолдап, керісінше келіспегендеріне тізе батыратынды шығарды. Төңірегіне ел ішіндегі сөз тасығыш, ел аздырғыш пысықай қуларды жинап, оларды қарсыластарын мұқататын қару етіп пайдаланды. Мұндай пысықайлар сый-сияпаттан да құр қалған жоқ. Отарлау саясатын жүргізушілер сүттей ұйып отырған елдің ішін осылайша алатайдай бүлдіру арқылы бұрынғы бір хандықтағы елдің туыстық тұтастығына жік салып, ынтымақ-бірлігіне ақау түсіріп үлгерді. Айтыс, тартыс басталды. Ақыры өзара талас-тартыстан көз аша алмаған елдің ығыр болған жұртшылығы бірте-бірте арашашы көмекті енді өз елінің басшыларынан емес, өздерін осындай күйге түсіруге мәжбүр еткен патша әкімдерінен күтетін халге жетті. Бірін-бірі жамандап, соларға арыздана бастады. Осыған байланысты қалағанын қолдап, қаламағанын зорлап, мол билікке қол жеткізіп алған патшаның далалық ұлықтары енді елдің ішкі тірлігіне еркін араласып, өз дегендерін істеуіне мүмкіндік алды.

Бөлшектеудің салдарынан баяғы тұтас бір Қазақ хандығының орнына Тәуке хан өлгеннен кейін ортақ өгізді жайына қалдырып, онаша бұзауын күйттеген, бір-біріне бағынбайтын дербес бес хандық орнады. Бұған XVII ғасырдың аяғы, XVIII ғасырдың басында ұлы жүз жерін жоңғарлар басып алғанын, ал XIX ғасырдың бас кезінде сол жердің біраз бөлігі Қоқан хандығына бағынғанын қосыңыз. Мұның бәрі, сайып келгенде, бұрынғы тұтас бір хандықтың ғана бөлшектенуі емес, сонымен бірге бұл – тұтас бір халықтың да, оларға тән ортақ намыс пен ортақ ұлттық рухтың да бөлшектенуі еді.

Сөйтіп, 1868 жылдан бастап, даланы билеудің жаңа тәртібі бойынша бар қазақ даласы – губернияларға, губерниялар уездерге, уездер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Қазақ даласында тегі, негізі беймәлім нөмірленген ауылдар қаптады. Осыдан кейін ел арасында съезд құрып, болыс старшын (старшина) сайлау дегенді шығарды. Осының әлегінен шен-шекпен үшін болатын ру-тайпалар арасындағы бұрынғы алауыздық өрті өршіп келіп, енді ағайындас, аталас адамдар арасына түсіп, лапылдай лаулады. Пәлелі жерде жемсауын парамен толтырып үйренген патша әкімдері бұл өртке жел беріп отырды. Бұрын араларында қанша жерден араздық болса да, ата аты аталып, ағайын намысы сынға түскен жерде бірігіп шабатын қазақтың әрқайсысы енді өз ауылының ғана жырттысын жыртатын күйге ұшырады. Ар-намыста шаруасы жоқ, сағымдай құбылып: «заманына қарай адамы» дейтін, «аталастың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» дейтін, өтірік айтуға жүзі жанбайтын, пара беріп, пара алудан талмайтын, мансапқа анасын айырбастап, атасын сататын, пәле теруге машықтанып, жала жабуға жаттыққан, сөзге жылмаң, іске сырдаң пысықайлардың жаңа түрі сұрыпталып, жетіліп шықты. Әр рудың, әр атаның тізгін ұстайтын осындай пысықайлары патша ұлықтарының айтағына еріп, шен қуалап пара беріп, дау қуалап пәле теріп, қалайда бірін-бірі жығудың қамына кірісті. Сөйтіп, халықтың ел қамын ойлайды деп үміт еткен жақсылар дегені, сол кездің куәгері Ахмет Байтұрсынұлының дәл тауып айтқанындай: «салынып дауға, сатылып жауға, болыстыққа алысты». Осының нәтижесінде тынымсыз тартысқа, тоқтаусыз айтысқа түскен елдің арасынан өсек аңдып, сөз тасуды кәсіп еткен пәлеқорлар мен жалақорлардың қазақ арасында бұрын болмаған өзіндік жаңа түрі пайда болды. Мұндайлар жоғары жақтағы ұлықтардан да, жергілікті болыстардан да қолдау тауып, көтермеленіп отырды. Осыны көріп, өзі куәгері болған Абай: «Бас-басына би болған өңкей қиқым, мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын» деп күйінді.

Халқының отарлау саясатының жеміне айналып, құрып бара жатқанын көрген елдің есті азаматтары әр кез – әр кезде өз үнін шығарып, «қалың елі, қазағы, қайран жұртын» оятуға, ес жиюға шақырып бақты. Олардың кейбіреулері елді билеу табанға салып илеу емес, қайта соның камын ойлап, қамқоршысы болу екенін ісімен дәлелдегісі келіп, билікке өздері де ұмтылып көрді. Бірақ олардың бір де біреуі ол мақсаттарына жете алған жоқ. Өйткені, ондай кезде елдің бүкіл пәлекор, жалақор пысықайлары бірігіп, серке азаматтың сағын сындыруға күш салды. Ондайлармен ауыз жаласқан ұлықтар да әділеттен аттап, үкімет атымен небір сорақы әрекеттерге барып, «халқым» деп қабырғасы сөгіліп жүрген азаматтардың көзін жоюдың сынақтан өткен сан түрлі айла-амалын ойлап тауып, қалыптастырды.

Міне, осындай жағдайлар – ұрпақ үлгі алар елдің естісін тұқыртып, ессізін құтыртып отырған отаршылар саясаты ғасырдан-ғасырға ұласып, бір-біріне пәле іздегендей айтыс-тартысты тірлікті қазақ болмысына мықтап ендіріп, қырқысып мал табуды, жағынып шен алуды қанына сіңіріп кетті.

Өкінішке қарай, бұл үрдіс бостандық әкеледі, теңдік әпереді деп күткен, соның жолында мыңдар мен миллиондар қанын төккен кешегі Қазан төңкерісінен кейін де тоқтаған жоқ. Сатылап бағындыру жүйесіне негізделген мемлекеттік аппарат бұрынғы отарлау саясатының жемісін теріп, оған кедергі болар ұлт азаматтарын өздері мұңын мұңдап, жоғын жоқтап жүрген халқының қолымен ұстатып, жау етіп көрсетіп, атқанын атып, атпағанын итжеккенге айдатып, олардың орнына мансаптан басқа мұңы жоқ, әсіресе белсенділерді, ұраншыл ұрдажықтарды дәріптеп отырды. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Төбелеске шығатын адам сияқты түсін ұрып, тұлданып: «Жасасын бибауырмалдық» деген қазақ болса, қошемет айтып, қол шапалақтап, төбесіне көтеретін болды. Қазақтың көрген қорлығын, зорлығын айтатын адам болса, ауызға қағып сөйлетпейтін болды». Билік басына осындай ұраншыл әсіре белсенділер келді. Кешегі «коллективтендіруді жедел жүзеге асырамыз» деп, қазақтың қоректік соңғы талшығына дейін қалдырмай тартып алып, аштан қырған да, «халық жауларының» жоспарын асыра орындаймыз» деп, ары бар, ақылы бар қазақ азаматтарын қозыдай көгенге тізіп, айдатқан да, атқызған да солар.

Қазақта: «көргені бар көргенін істейді, көргені жоқ ойына келгенін істейді» деген сөз бар. Сол айтқандай, алдында ұлағатты өнегесі, кісілікті көргені жоқ әлгі көргенсіздер ойына келгенін істеді. Соның салдарынан халықтың тең жартысына жуығы ана тілінен айырылды; ел әдет-

ғұрпынан, салт-дәстүрінен ажырады; азамат кісіліктен қалды; баласы ата-анасын кәрілер өткізетін, ата-ана баласын жетімдер үйінде қалдыратын болды; сөзден дуа, істен береке кетті; тұқым жалғастырар ұрпақ наша тартып, арақпен алысты; жер уланды, су буланды. Ертеңің тұманды, ажалың әлдеқайдан – ядролық тажалдан ба, экологиялық апаттан ба, әлде көше бұзығының қолындағы пышақтан ба, бір құдай білсін!

Қазақ халқын іштен ірітіп, сырттан берік құрсауға алу үшін ғасырлар бойы тайпа мен тайпаны, ру мен руды, аға мен ініні, әке мен баланы бір-біріне түрлі жолмен айдап салып, атыстырып-шабыстырып отырған отарлаушылардың мақсатты түрде табанды түрде жүргізіп келген осынау жымысқы, құйтырқы саясаты жұқтырған алауыздылық дертінің қазақ жанын жайлап, санасын улау жолдары, қысқаша айтқанда, міне, осындай.

Бұл күнде арқаға аяздай батып отырған алауыздылық, шенқұмарлық, көрсеқызарлық, қайталап айтуға тура келеді, қазақ халқының халықтық қасиеті, ұлттық мінезі емес, отарлаушылардың күштеп таңған, арнайы жұқтырып, әдейі асқынта өршіткен дерті дейтініміз де осыдан. Бұл дертті және адам баласына тән, әркімде әртүрлі деңгейде, әр формада көрінетін күншілдік, қызғаншақтық, мансапқорлық тәріздес жағымсыз көп мінез-құлықтармен шатастыруға болмайды. Бұлар – біреуде болса, біреуде болмайтын, жеке пенденің адами кемшіліктері. Бұлар және сонау адамзат жаралғаннан бар, адамзат қауымының қай-қайсысынан да кездесетін қасиеттер. Ал біздің айтып отырғанымыз осы жекелерге тән келеңсіз мінез-құлықтарды отарлаушылардың қолдан өршітіп, жалпыландырып, жұқпалы дертке айналдырғандығы, сол дерттің қазіргі ел дербестік алып, толыққанды тәуелсіздікті баянды ету үшін күресіп жатқан кезде де халқымызды әлсіретіп отырғандығы.

Ұлттық сана деген абстракты ұғым емес, ол – ұлт тірлігінің тұрмыстық көрінісі, былайша айтқанда, сол ұлтты құрайтын халықтың бүкіл ғұмырнамасының, әдет-ғұрпының, салт-дәстүрінің, әдебиеті мен мәдениетінің, өнерінің, тұрмыс-тіршілігінің тарихын білу дәрежесі, яғни халықтың өзін-өзі жете танып, түсінуі. Ұлттық сана ұлттық дүниетанымға негізделеді. Ал ұлттық дүниетаным дұрыс таным-түсінік арқылы үріс жайып, ұлттық дәстүр арқылы өз болмысын танытады.

Елдің көрікті, басшысының ерікті болмағы ежелден сол елдің халқының ұлттық санасының деңгейіне, елдік мәдениетінің дәрежесіне тәуелді. Ұлттық сана өсіп, жоғарылаған сайын, бұрынғы топ-тобырлар деңгейіндегі жұрт қабырғалы халыққа айналып, тіршілік күйбеңінен тұмай қоймайтын пенделік ырың-жырыңның бәрін ортақ мүдденің бодауына байлайды да, ұлт намысы алдыңғы ілекке шығады. Халық басшы

азаматтарының саясат иірімінің ағысына қарай жасаған характерінің мәніне түсініп, көлденең киліккен қыздырманың қызыл тіліне еріп қызынбай, жоққа алданбай, түпкі нәтиже жемісіне сеніп, халықтық байыпты мінез танытады.

Ұлттық сана төмен болса, халық халықтық қасиетінен айырылып, мылқау күш-тобырға айналады. Мұндай кезде ортақ мүдде жеке бастың пайдасының құрбандығы болады да, ұлт, халық, намыс деген қасиетті ұғымдар тілде бар да, ділде (жүректе) жоқ рухани алыпсатарлардың көпшілік күзін алдар құралы мен ұранына айналады. Ел болашағын ойлаған есті азаматтың алысты болжаған аңғарлы саясаты жұртынан қолдау таппай, бар уақыт «жалаңаш патриоттардың» жайдақ айқайын басуға, соларға түсіндіруге, басқаша айтқанда, өзімен-өзі арпалысуға кетеді. Адамзаттың ұзақ тарихының сабағы осыны көрсетеді.

Күлбілтелемей турасын айтсақ, жоғарыда әңгіме еткен отарлаушылардың зұлым саясатының салдарынан қазақтың ұлттық санасы замана талабына ілесе алмай, кенжелеу қалып отырғаны байқалады. Бұл, кең мағынасында, қазақтың елдік мәдениетінің де кейінде қалғанын көрсетеді. Сондықтан да қазақ арасындағы қазіргі ұлтжандылық көп жағдайда ұлттық жоғары санаға емес, дертке ұшыраған жерлестік түйсік, қандастық соқыр сезімге негізделген. Содан да болар, қазақта шамдану бар да, шамырқану жоқ; кіжіңдеу бар да, қыжыл таныту жоқ; ұрандасу бар да, ұйымдасу жоқ; халқым деу бар да, оның қамын жеу жоқ. Айналып келгенде жетер жеріміз баяғы бос сөзді судай сапырып, өзара қауқылдасумен ғана шектеліп қала береді.

Қазір заң өзгерді, заман өзгерді. Бұрынғыдай билеушінің аузына қарап, болмаса өктем елдің ығына жығылып, айтқанына бас шұлғып, жағынып жан сақтап, қосақ арасында күн күретін жағдай келмекке кетті. Уақыт талабы қатал, өз тағдырыңды өзің ойлап, тәуелсіздігіңді; қасиетіңді көрсетіп, халықтығыңды; елдігіңді білдіріп, бірлігіңді танытпасаң – нарық құрдымына түсіп жұтыласың, өйткені қазіргі ілдәлдән ертеңге жарамайды. Оны қазірдің өзінде анық сезініп отырмыз. Сондықтан үлкен бар, кіші бар, басшы бар, басқа бар жабыла жұмылып, жатпай-тұрмай ұлттық сананы ояту, оны замана талабына сай көтеру қамына кірісу керек-ақ. Онсыз отарлаушылардың екі жарым ғасырдан астам уақыт бойы, мақсатты түрде халықтың халықтық қасиетін жойып, қалың тобырға айналдыру үшін әуелі елді бөлшектеп, мемлекетсіздендіруге; халықты бірлігінен айырып, ұлтсыздандыруға; содан кейін дәстүрі мен дінінен ажыратып, ұрпағын рухсыздандыруға; сол арқылы жалпы мәңгүртендіруге бағытталған зұлым саясатының жұқтырған қасіретті дертінің зардаптарынан айыға алмаймыз.

Тарихи сауатсыздық бізге отарлаушылар жұқтырған алауыздылық дертінің диагнозын дәл қойып, одан жедел емделудің орнына, бірін-бірі ауыстырғанымен, отарлаушылық мән-мағынасынан айырмашылығы жоқ, ешқандай өзгеріске ұшырамаған ақ патша отаршылдығы мен қызыл патша отаршылығы қалыптастырған теріс түсінікпен халқымыздың туыстық, қандастық, бауырмалдық тұтастығының негізі болған рулық-тайпалық-жүздік жүйені әлі күнге қазақ жұртшылығын тұралатып келе жатқан «дауасыз дерт» деп тануға мәжбүр етіп отыр. Соның салдарынан осыдан бір жарым ғасыр бұрын отаршылдардың түрлі қулық-сұмдығын жұмсап, қазақтың туыстық, қандастық, бауырмалдық, ағайынгершілік тұтастығын іріту үшін тамырына балта шауып, өркенін көктей солдырған жүзшілдік, рушылдық жүйесінің баяғы есте қалған елесіне мәз болып, оны отарлаушылардың жасап отырған қитұрқы қулығына алданып, күні бүгінге дейін өзара жікке бөлініп, жүз жыртисудың құралы етіп келеміз.

Бірлікке бейімдеп, елдікке ұжымдастырар бауырмалдыққа негіз болған жақсы қасиетімізді асқынған дертке балап, қазіргі таңда оны жікке бөлудің құралы етіп, байбалам салып жүрсек, оны тарихи сауатсыздық дегенде не дейміз?

Ашып айтқан жөн, мәселе рушылдықта, жүзшілдікте, болмаса халықшылдықта емес, мәселе жоқты желеу етіп, арамызға жік салып, ұрпақты тарихи жад жойылған, ұлттық санасы ұйқыға кеткен, елдік мүддені ойлауды қойып, бірыңғай орындаушылыққа шыққан жанды роботқа айналдыруды мақсат еткен отарлаушылар саясатының ығында кетіп, ұйытқы қасиетімізді іріткі деп түсініп, қасиетсіздендіруімізде. Отарлаушылар мүдделі болып отырған алауыздылық дертін одан әрі қоздыруға өзіміз көмектесіп, ел тағдырын шешетін түйінді мәселелерге немқұрайлы қарап, бейтарап қалып жүргеніміз де осы тарихи сауатсыздығымыздың кесірі. Өйткені, тарихи сауаты бар, ұлттық санасы оянған елдің халқы таразыға тартылып, қай жағы басары белгісіз болып тұрған қазіргідей алмағайып кезде біздегідей бұйығы ұйықтап жатпайды; зиялы қауымы бүгежектеп, бас қамын күйттеумен болмайды; жастары арақ ішіп, наша тартып, бір-бірімен төбелесіп жүрмейді.

Бір нәрсенің басы ашық: жан жарасын да, тән жарасын да жаздырмай тырналай беру сол жан иесіне қажет емес, оған тек зиян. Демек, сұрастыра келе өмірі көрмеген-білмеген қайдағы бір қаймана қазақпен міндетті түрде туыс болып шығатын бауырмал халықты «жікшіл» деп, «рушыл» деп байбаламдап, алауыздылық дертінен пайда болған жарасын жазуға мүмкіндік бермей, тырналап, аузын қайта-қайта ашып, ушықтырып жатса, ол қазаққа емес, басқа біреуге керек болғаны ғой. Мұны да ескерген, осы төңіректе мықтап ойласқан жөн шығар, ағайын!

Мұның бәрі сайып келгенде, «ештен кеш жақсы» деген халық даналығына жүгініп, өткенге салауат, қалғанға береке деп, ендігі жерде селқостанбай, түсініктің дұрыс болуы үшін тарихи сананы дұрыс қалыптастыруға, сол арқылы ұлттық сананы оятуға жаппай бет бұру керектігін көрсетеді. Қазіргі міндет – жұққан дерттен өзіміздің емделіп, жазылуымызбен бірге, өсіп келе жатқан жас ұрпақты осы дерттен алдын ала сақтандырып, аман алып қалу. Бұл үшін олардың өткенді терең біліп, бүгінін дұрыс пайымдауына, ертеңіне тура бағыт алуына көмектесу парыз.

Ұлы дала

Бұл кітап әлі жария көрген жоқ, баспаға енді ғана тапсырылған. Кітапты «Ұлы дала» деп атауының себебін автор «Қазақ халқының тарихы бүгінгі Қазақстан Республикасының ғана аумағында қалыптаспаған, сондықтан ежелгі тарихты білу үшін Ұлы даланы мекендеген халықтардың тарихымен ұштастыра қараған жөн» дейді.

Кітап сөзден сөз, ойдан ой қуып, ғылыми деректерге негізделіп, салыстыру тәсілін пайдаланып, пікір иелерінің сілтемелері беріліп жасалған толыққанды ғылыми еңбек. Кеңес дәуірінде басталып, тәуелсіздік жылдарында да біраз уақыт жалғасын тапқан «ғылым докторлығын баяндама жасау арқылы да қорғауға болады» деген ереже қазіргі күні де болғанда баяндама жасатып, бірден ғылым докторлығын бере салуға жарайтын құнды жұмыс.

Автор кітабына кіріспе сөзінде былай дейді: *«Туыстас көрші хандықтардың сарай тарихшылары билеушілеріне жағғынып, өздерін қалайда жоғарылатып, өзгелерді барынша төмендетуге тырысса, сырттан келгендер «біз ғана мәдениеттіміз, қалғандардың бәрі жабайылар» деп санайтын өркөкірек отандастарының көңілінен шығу үшін өзге жұрттың адамын құбыжық, салт-дәстүрін анайы етіп көрсетіп жазуға күш салып баққанын көреміз. Бірақ, амал жоқ, дұрыс болсын, бұрыс болсын, көне тарихымызға қатысты басқа жазба дерек болмағаннан кейін, осыларды танымға талшық етуге, былайша айтқанда, сабан арасында жүрген санаулы дәнді тауып алып, кәдеге асыруға тура келеді. Сол себептен де қазір бізге тарих жазудан бұрын, алдымен тарихымызға қатысты деректердің түпнұсқасын тауып, олардың әрқайсысын жан-жақты зерттеп, өзге деректермен салыстырып, ғылыми зердеден өткізу парыз. Сондай-ақ күні бүгінге дейін бұл деректердің бәрін бірдей түпнұсқадан емес, көбін орыс тіліндегі аудармасы арқылы пайдаланып келгенімізді де назардан тыс қалдырмауымыз керек сияқты. Себебі, тіл ерекшелігіне*

қарай түрлі атауларды бұзбай, дәл бере алмайтындығының сыртында, кейбір аудармашы-зерттеушілердің тірлігінің хатқа түскен және түспеген дерек көздерінің тарих үшін бірдей қызмет атқаратынын мойындай отырып, «но источник, какой бы ни был, может быть полезен тогда, когда исследователь сам хорошо знает, чего он от него хочет» деген академик Б.Д. Греков пікірімен үндесіп, олардың кейбірінің түпнұсқадан өзіне не керегін ғана алып, қажетіне бағындыра ой түйетін қиянатты әдеттің орын алғаны қазір ешкімге жасырын сыр емес. Демек, дерек мағлұматын түпнұсқадан танып-білу – бұрмаланған шындықты әуелгі қалпына келтірумен бірге, төл тарихымызды жазуға қажетті шынайы материалдар дайындаудың да бірден-бір дұрыс жолы болмақ. Сайып келгенде, мұның бәрі қазіргі таңда деректану ғылымына ерекше көңіл бөліп, оны кең ауқымда жан-жақты жедел өрістетудің қажеттілігін көрсетеді. Сондықтан да бар күшті деректануға жұмылдыру қажет».

Автор кейбір кертартпа әріптестерінің әлі күнге дейін кешегі отаршылық заманында туған жалтақтықпен немесе бір кездері өздері ұғынған шиыр жолдан шыққысы келмей: «Деректі өзінше танып, өзінше ізденіп, соны пікір айтуға талпынған біреу шыға қалса, оны түртпектеп, «сен өзің не деп тұрсың, есің дұрыс па? Бұл жөнінде «Бартольд былай деген», «Левшин олай деген», «Гумилев сөйткен», «Аристов бүйткен» деп, солардың атақ-даңқымен ананың өз ойын айтуына тыйым салып, ауызын тығындап, үндетпеуге тырысатындар бар. Бүгінгі тарихымыздың көр-жерден құраған кедей үйдің құрақ көрпешесіндей бір-бірімен үйлесімін таппай, зордың күшімен қиюластырылған, өзара сабақтасқан байланысы жоқ, үзік-үзік кезеңдер тарихынан құралуының да себебі осыдан болса керек» деуі тарихымызды жаңаша түгендеудің қажеттігін, мұндай істе жылдан-жылға кейінге сырғытып кешіге бермей іске кірісетін сәт туғанын айтады.

2007 жылы шыққан «Түріктер» деген кітабындағы сөздерін қайталап, автор түріктерді: *«Мемлекеттік құрылымы рулық-тайпалық жүйеде қалыптасқан, осыған орай белгілі бір аумақты (территорияны) ру-ру, тайпа-тайпа болып тұрақты мекен еткен, сол мекендеген жерінің суы мен жайылымының әрқайсысын жер бедерінің табиғи ыңғайына қарай жыл мезгілінің өзгермелі райына сәйкестіре бөліп, бір бөлігін көктемгі көктеуі, екіншісін жазғы жайлауы, үшіншісін күзгі күзеуі, төртіншісін қысқы қыстауы ретінде пайдаланып, соның бірінен екіншісіне кезегімен уақытында қоныс аударып, көше жүріп, мал шаруашылығына басымдық*

беру арқылы экономиканың өзге салаларын да өз қажеттілігіне қарай дамытып, жүйелі бір қалыпқа түсірген және соларға сай өзіндік рухани-материалдық мәдениетті тудырған ежелгі халықтардың, ру-тайпалардың жиынтық атауы» дейді де: *«Осы анықтама ғана өткен ХХ ғасырдың басында соңғы өкілін Қызыл империя қырып-жойып, зордың күшімен жаппай отырықшылыққа көшіргенге дейін өмір сүрген қазақ халқының өмірі бүкіл көшкіншілердің ежелгі шынайы болмысынан толық хабар бере алады. Өйткені бұл зорлықпен отырықшылыққа көшкендер – ұлыдалалық ежелгі көшкіншілердің өмір салтын сол күйі кейінгі замандарға жеткізгендердің мұрагер ұрпағы, соңғы тұяғы болатын»* деп түйіндейді.

Кітапта Қойшығара Салғараұлы өзінің бұрынғы кітаптарында топшылаған түрік халықтары 545 жылы пайда болған деген пікірді теріске шығарады. Оны былай дәлелдейді: *«Ешбір халық қалыптасқан халық күйінде көктен түсе қалмайды, не жерден қаулап өніп шықпайды. Және халық деген бір жылда салынатын құрылыс та, бір маусымдық кезеңде өсіп-өніп, қаптап кететін шегіртке де, болмаса нақты бір жылдың бір күнінде өмірге келетін жеке адам да емес. Халық деген ұзақ жылдар бойы ру-тайпалардың өзара бірігіп, дамып, жетіліп қалыптасуы арқылы пайда болатын адамдардың ұлы бірлестігі екені белгілі. Сондықтан түрік халықтарының пайда болуы жөніндегі ресми тарихта көрсетілген «545 жыл» деген нақты деректі білдірмейді. Мемлекеттің пайда болуы мен халықтың пайда болуының аражігін ажыратпау шындыққа қиянат. Сондықтан мұны – барлы-жоғы, көшкінші халықтардың көне тарихының әу бастан зерттеу аясынан тысқары қалдырылғандықтан, енді олар туралы бірдеме айту керек болғанда, тілге тиек етер ештеме таппаған ғылыми дәрменсіздіктен туған шарттылық деп қана қабылдаған ләзім. Тек өкініштісі – ғылымдағы осындай шарттылықпен алынған жылдардың кейін уақыт өте келе үнемі нақтылыққа айналып кете баратыны, сол арқылы тарихи сананың қалыптасатыны. Қазіргі таңда жекелеген зерттеу еңбектерді былай қойып, академиялық шығармалардың өзінде түрік халықтарының тек тарихы ғана емес, олардың этникалық шыққан түптегінің де сол әлгі қытай жазбаларында көрсетілген нақты бір жылдан басталатыны осының айқын көрінісі. Бұған қазіргі тарих ғылымында аталмыш ортағасырлық түріктердің бүкіл түрік тектес халықтарының «түп атасы» деп танылып жүргені де толық айғақ бола алады».*

Осыны айтады да автор түрік халқы Түрік қағанаты құрылғаннан бері халық ретінде атала бастады деген тұжырымға күмән келтіреді.

Халық пайда бола салып қағандық (хандық) бола салмайтынын, халықтың бірлесіп, елдік негіздері қаланып, жер иеленіп барып мемлекет атануы мүмкін екенін алға тартады.

Осыған қатысты оқырманымен сырласа, пікірлесе отыратын автордың: «Ежелгі дүниенің ескі карталарын зерделей қарап, ондағы ежелгі өркениет ошақтары орналасқан өңірлердегі белгіленген елдік атаулар мен жер-су аттарына байыптай назар аударсақ, онда оқырманымыз әлгі атаулардың (этнонимдердің, топонимдердің, гидронимдердің) арасынан толып жатқан таза түріктік ұғымдағы атауларды өз көздерімен көрер еді. Көрген соң, сөз жоқ, «ау, көне заманда түріктер болмаса, христиан эрасынан бұрынғы төртмыңыншы-үшмыңыншы жылдарда Оңтүстік Еуропа, Египет, Алдыңғы және Кіші Азия жерлерінде бұл атаулар қайдан, қалай пайда болған» деген ойға қалар еді. Әсіресе, адамзат баласы салған қалалардың ең көнесі деп танылған екі қаланың бірдей «Йер-қон» («Жерге қон») аталуы және оның біреуінің көне Палестина жерінде, екіншісінің атақты Ніл-дарияның орта ағысында (ертеде гректер Египетті жаулап алғаннан кейін ол «Йерқонполь» аталаған. Қ.С.) орналасқанына қарамастан, аттарының сонау Шығыстағы Алтай түріктерінің ата қонысы делінетін ежелгі «Ергене-қонмен» еншілес болуы – кім-кімді болсын нақты сендіріп тастамағанымен, «түріктердің ежелгі халық болуы да мүмкін-ау» деген ойды түйсінуіне аз да болса ықпал етер еді» деуінде терең негіз жатыр.

Өз түсіндірмелерінің бірінде зерттеуші ғалым: «Қазір «түрік тектес» немесе «түрік тілдес» деп ешкім қолданбайды. Қазір жұрттың бәрі – ғалымдар да, ғалым еместер де «түркі тектес», «түркі тілдес» деп алады. Бірақ, бұл – кезінде совет ғалымдарының қолдан жасаған атауы. Атаудың түбірлік тұлғасы «түркі» емес, «түрік». Ал «түркі» – «түрік» түбір сөзіне «і» тәуелдік жалғауы жалғану арқылы жасалған туынды сөз. Мысалы, қазақ – қазақы (қазақы бала), қалмақ – қалмақы (қалмақы ер) деген сияқты түрік – түркі (түркі шежіре) деген мәнде. Тіл білетін, тілін құрметтеген адамның «түркі тектес халықтар» (түріктің тектес халықтары), болмаса «түркі тілдес халықтар» (түріктің тілдес халықтары) деп айтпағаны да, жазбағаны да жөн. «Түркі тектес не түркі тілдес халықтар» деудің ұғымдық мағынасы – «түріктің өз ішінде тектес, не тілдес тағы басқа халықтар бар» дегенді білдіріп, қате түсінік қалыптастыратынын пайымдағанымыз дұрыс болмақ» деп, кезінде «түрк», «түркі», «түрік» деп әртүрлі аталып жүргенді қоятын кез келді» дегенге тоқталады.

«Түрік» деген атаудың өзі қайдан шыққанына тоқталғанда, Қойшыға түрк халықтарының шығу тегі жөнінде қағазға түсіп хатталған төл жазба деректемелері жоқ болғанымен, табан тірер ауызша әңгімелер мен аңыздар бүгінге дейін жеткен дейді. Сөйтіп «Скиф аңызы», «Эллин аңызы», «Түрк аңызы» атауларымен тарихта Геродаттан жеткен екі аңыз бен Әбілғазы баһадүрден жеткен соңғы аңызды белгілі үш аңыз деп біртіндеп талдап береді.

Сөйтіп: «Түрік» – «түр», «тұр», «тур» сөздерінен тараған бүкіл ру-тайпалардың басын біріктіретін жалпы атау. «Түр» сөзіне «ік» жұранғы жалғану арқылы жасалған. Мұндағы «ік» – түбір сөзге жалғану арқылы белгілі бір ұғымның жиынтық мағынасын білдіретін жаңа сөз жасайтын өнімді көне жұрнақ» деген тұжырым жасайды.

Сөйтіп «түрік» сөзінің сөз жасау заңдылығымен өмірге келгенін айтады. Кезінде түр тайпасынан тарап, кейін өз алдарына жекелеген бірнеше халықтар құрап кеткен, жоғарыда айтылған, ас, қай, қаз, қаң, маң, дай секілді тегі бір, тілі бір халықтардың жиынтық атауы дейді. Олардың ортақ «түрік» деген бір атаудың шаңырағына бірігуінің себебі де осыдан деп таниды.

Ал, осынау ұлан-байтақ далада өмір сүрген байырғы адамдардың түп ұйытқысы – тұрлардың мекен еткен аймағының «Тұран» аталуына талдау жасау арқылы былай дейді: «Тұран» – «тұр» және «ан» деген екі сөзден тұрады. Тұр-дың мәні белгілі, оны жаңа айттық. Енді қалатыны – «ан» болса, ол «аңғар», «үңгір», «қуыс» деген сөздерді береді» дейді. Сөйтіп «Тұр-ан» «тұрдың мекені», «мекен иесі тұр» деген мағынаны береді. Кейін Орта Азияның оңтүстік өңірін парсылардың жаулап алып, өз үстемдіктерін жүргізуіне байланысты «ан» сөзі парсының «стан» сөзімен алмастырылып, бұрынғы Тұран келе-келе енді Түрікстанға айналды» дейді. Қарап тұрсаң қисынды сияқты.

«Жалпы көшкіншілер тарихында Ұлы Даланы мекендеген түрлі көшпелі халықтардың әр кезеңдердегі тарихи-әлеуметтік үрдістерге орай бірде бірігіп, ірі бірлестіктер құрап, далалық империяға (қағанатқа) айналатыны; бірде іштей ыдырап, жеке-жеке иеліктерге (шағын хандықтарға) бөлініп кететіні ежелден бар құбылыс. Осындай бірігулер кезінде әртүрлі өзіндік атауымен аталатын халықтар енді бұрынғы төл аттарын тастап, өздері құрамына кірген, жаңадан ұжымдасқан бірлестігінің (қағанатының) атымен аталып кете барады. Сондай-ақ мұндай жаңа бірлестіктердің ұйытқысы болған жетекші тайпалардың кейде бұдан бұрынғы, бір кезде өздері құрамына енген, кейін іштей ыдыраудың әлегінен құлап, аты тарих сахнасынан шығып қалған

мемлекеттің әйгілі бұрынғы атауын қайта тірілтіп, өмірге әкеліп жататыны да тарих үшін жаңалық емес. Бұл ресми тарих жазып жүргендей жаңа далалық империя құрушылардың бөтен өзге бір халық емес, сол бұрынғы ыдыраған империяның өз құрамында жүрген, тарихи-әлеуметтік жағдайларға орай күшейіп, бас билікке қол жеткізген өз халқы (тайпасы) екенін, соған орай жаңадан құрылған империяның аты өзгергенмен заты өзгермейтінін де көрсетеді.

Ал ыдырау кезінде мұның бәрі керісінше болады. Ірі бірлестіктен (қағанаттан) бөлініп шыққан әр халық (тайпа) өзінің осы бірлестікке кіргенге дейінгі атауын қайта жаңғыртып иеленіп жатады. Кейде, тіпті, осы бөлінуге себепші болған адамның (көсемінің) атымен де аталып кететіні болады. Көшкіншілер тарихында жеке адамның есімінің халықтық, кейін елдік (мемлекеттік) атауға айналып кете баратынының мәні де осында (мысалы Ногай, Өзбек халықтары мен «Ногай хандығы», «Өзбек мемлекеті» атауларының шығу тарихы осылай)».

Қойшығара Салғараұлының пайымдауынша, түрктің елдік атау ретінде тарих сахнасына үш рет шығып, екі рет жоғалып кеткен. «Оның, шартты түрде алғанда, біріншісі – көне заман авторларының Түрікті кісінің аты етіп көрсететін кезені. Аңыз дерегінің Түрікті қазіргі барлық жан иесінің түп тегін әлемдік топан судан сақтап қалған Нұх пайғамбардың немересі етіп көрсетуіне қарап, бұл кезенді қалайда осы дүниежүзілік апаттан кейінгі дәуір деп топшылауға толық болатын сияқты. Бұл «Түріктің» ел атауы ретінде тарих сахнасынан алғаш көрінуі.

Түрік атауының тарих сахнасына екінші шығуы біздің жыл санауымыздың VI ғасырының алғашқы жартысына келеді. Бұл ретте қытайдың көне жазбаларында бірнеше деректер берілген. Соның «Сүй кітабында» берілген дерек бойынша «Түріктердің арғы атасы Пиңлиаңда аралас-құралас (көшіп жүрген) хулардан еді. Оны Ашына деп атаған. Осы «Түріктер» кейін Жыужән қағанатын құлатып, маңайындағы тектес көшпелі халықтардың басын біріктіріп, атағы әлемге жайылған әйгілі Түрік қағанатын құрады.

Түрік қағанаты да өзінен бұрын өмір сүрген далалық империялардың жолын құшып, әуелі екіге бөлінеді, содан кейін араға біраз уақыт салып барып, қағанат ретінде өмір сүруін тоқтатады. Қағанаттың құлауымен бірге түрік атауы да тарихтан ғайып болады.

Сөйтіп елдік атау ретінде тарих сахнасынан VIII ғасырдың ортасында шығып қалған түрік атауын бірнеше ғасырдан кейін қыпшақтардың ығыстыруымен Кіші Азияға барған түрік тектес басқа халық – оғыздар қайта тірілмеді. Бір ғажабы, Түрік хандығы тарихқа танылған

кезде (545 ж.) хандықты құраған халықтардың арасында оғыздар жоқ. Онда олар Чылы (теле) халықтарының құрамында. Олар кейін, Бумын қаған чылыларды бағындырған соң (546 ж.) барып, Түрік хандығының құрамына енеді. Бұл да көшпелілердің елдік атауының шығу тәркінін іздегенде есте ұстар ерекшеліктің бірі секілді. Қалай болғанда да, бұған дейін тарихтан екі рет өшіріліп, үшінші рет өмірге қайта келген бұл атау қазір бізге осы Түрік мемлекетінің атымен белгілі.

Міне, осы айтылғандардың бәрін қорытындыласақ, бүгінгі тектік, тілдік ортақтастығы бар сан алуан халықтардың бәрін тұтастырып, бір киелі шаңырақ астына топтайтын түрік атауының өте көне атау екенін және оның осы халықтардың шығу тегінің бастауы – мынау Ұлы Далада ерте-ерте замандарда мекендеген түрлі-түрлі тайпалардың басын қосқан байырғы далалық ірі мемлекеттің атынан шыққанын, ал сол ежелгі тайпалардан өнген ұрпақтардың бөлшектенуден тұтастыққа көшіп, бас біріктіріп дәуірлеуге бағыт алғанда сол баяғы ата-бабаларының атақ-даңқын қайта жаңғыртып, бұрынғы айбарлы атқа ие болатынын пайымдаймыз. Мұнда табиғат аясында күн кешіп, бас бостандығын бәрінен жоғары санап, бұла өскен сол халықтардың еркіндігі мен азаттығын ардақтаған ата-бабаларының арман-мүдделерімен тоқайласып, іштей үйлесім тауып, сабақтаса жалғасып жатқаны да «мен мұнда лап» тұрғандай. Қытай көне жазба деректемелеріндегі ежелгі түріктер жөніндегі деректер, жоғарыда айтқанымыздай, түрік атауының тарих сахнасына екінші рет пайда болған сәтінен, яғни 545 жылдан бастап, қайтадан шығып қалған кезіне, яғни 744 жылға дейінгі кезеңді қамтиды».

Кітаптың «Сақ атауы жөнінде бірер сөз» атты тарауында «сақ» деген басында парсылардан шыққан атау және ол – «жабайы» (варвар) деген мағына береді дейді автор.

Сөйтеді де «сақ – бүкіл скиф-сақ халықтарына көне парсылардың берген ортақ атауы. Сақтарды гректеніп кеткен скифтерден бөлу керек болғанда, мысалы, көне грек тарихшысы Страбон оларды «азиялық скифтер» деп атайды. Рим жазушысы Үлкен Плиний де осылай ерекшелейді. Мұндай ерекшелудің Геродотта да бар. Демек, сақ – тым ерте замандардан бар, көне парсылар үшін өзіндік мағынаға ие, қалыптасқан, орныққан атау» дейді.

Кітапта осы секілді тың тұжырымдар, дәйекті болжамдар көп-ақ. Кітап үш бөлімнен тұрады, бірінші бөлім бастау тарихы жазбаша күйде қалмаған халқымыздың бір арманы – түп-түқиянын тану болғандықтан іздене, зерттей түскеннің дұрыстығын дәлелдеудің қажеттігін түсіндіреді.

Екінші бөлімде байырғы түркілер қалай пайда болды, қалай дамыды, олардың құрамында далалықтардан кімдер болды дегенге жауап береді.

Үшінші бөлім – түрік-сақ халықтарын зерделеуге арналған.

Қойшығара Салғараулының шамамен жиырма баспа табақтай болатын бұл кітабын шағын ғана зерттеу еңбегімізде тұтастай түсіндіріп беруді мақсат тұту біріншіден өте қиын іс еді. Олай етпеуімізге тағы бір себеп – әлі жарық көрмеген кітап жайында кеңірек толғаудың өзі де орынсыз сияқты. Бізге қазір кітапқа қызығушылық туғыза алсақ, сол да жетіп жатыр.

Түйін

Біздің тарихымыз құжатқа зәру. Оның үстіне осы күнге дейін құжатқа мұқияттылық жоқтың қасы. Еліміздің тарихынан сыр шертер шетелдердегі архивтерді ақтаруға құнтсыздауымыз. Француз тарихшылары Ланглуа мен Сенбостың: «Құжат жоқ болса тарих та жоқ» деп айтқандары бар. Бізде, аты мәлім адамдарды құжат табылып қалады-ау деген елден қазбалап іздеу аз да, аты белгісіз, бар-жоғы да күмән, болмаса – ауыл арасының батыры аталған өз атамыздың «батырын» барынша көтермелеу, атын тарихқа ойып жазуға тырысу, ол үшін ескерткіш орнату мен арнайы кітап шығару, ондай «батырымызға» арнар кітапты толтыра алмаған жағдайда руға арнап кітап шығару өрістеп кетті.

Менің алтыншы атам Көшкінбайдың Бұлтбай батыр аталған ағасы болған. «Шәкәрімді жазғанша өзіміздің Бұлтбай батырды неге жазбайсың?» – дейді маған бір ағам. Оған: «Бұлтбайды Мылтықбай Ерімбетов жазып қойған, батырдың елге белгілі бір оқиғасы ғана ауыздан-ауызға өтіп бүгінге жеткен екен, одан басқасын құрастырып жазудың қандай қажеті бар» – десем: «Жұрттың бәрі солай құрастырып-ақ аталастарын батыр етіп көрсетіп жатыр ғой» дейді.

Мылтықбай жазған, біздің ауылдың бәрі білетін оқиға былай болыпты: Қоқан хандығына қарап тұрған кезіміз болса керек. Қоқан ханының біздің елге бекіткен бегі келіп алым-салығын жинап, Қызылқұмның етегі мен Сырдың жағасындағы тоғайдан аң аулап кетіп тұрады екен. Бірде аң аулауға нөкерлерімен келіп, тоғай ішінде жолбарысқа кезігіп, соны алмақ болып қоршайды. Күні бойы өздері жабылып жолбарысты ала алмай: «Осы елде жолбарыс аулай алатын батыр бар ма?» деп сұрастырғанда, жергілікті адамдар Бұлтбайды алып барыпты. Бұлтбай салмағы он пұт келетін аса ірі кісі болған екен. Ат көтере алмай, түйе мініп жүреді екен.

Жолбарысқа жаяу жақындап келіп, қолындағы шоқпарын бір сілтегенде жолбарысты сұлатып түсіріпті. Қоқан бегі риза болып: «Сені осы елдің атынан бек етемін, Қоқанға келіп, ханнан бұйрық алып кет» депті. Оған Бұлтбай: «Мен Қоқанға түйемен бір-екі ай жүріп баруым керек, олай уақыт кетіру елге иелік етуге кедергі болады. Менің орныма мынау Тұрлыбек барсын» деп ағайындас бір еті тірі азаматты ұсыныпты. Сол Тұрлыбек көп жылдар Қоқан ханы атынан елде бек болған екен.

Бұдан басқа ерлігі ел аузында қалмаса, қазақ елін қорғар ұрыстарға қатысқаны жайлы ауызша болса да ақпарат сақталмаса, ол атамыз туралы қалай кітап жазуға болады. Жалған құрастырулар менсіз де жеткілікті және ондай кітаптардың өмірі жазған адамның өмірімен бірге түгесіледі. Мұндай «біз басқалардан кембіз бе» дейтін аруақшылыққа бағынатын жалған намысқа жығылудың орнына онша бағаланбай жүрген (бағалану өз руынан шыққан іздеушілерге тура пропорционал болып кеткен заманда) нақты тарихи тұлғаларды ел зердесінен өшірмеудің қамын жасаған жөн ғой деймін.

Алтын Орда, Ноғай ордасы, Ақ Орда (Көк Орда), қазақ болғанымызға дейінгі қазақ рулары құрамында болған хандықтар мен тайпалардың тарихын барынша айқындап, ашып көрсете білсек, соларды кітап етіп оқырманға ұсынсақ нұр үстіне нұр емес пе?!

Біз әлі Абылай мен Әбілхайыр арасын ашудың өзінде біріміз бірін, біріміз екіншісін мадақтап, онымен де қоймай мадақтаған ханымызды айбындата түсу үшін мадақтамаған ханымызды жерге тығып жүрген жоқпыз ба?! Біздер әлі де Кенесары мен Жәңгір хандар жайлы кеңестік түсініктен толық арыла алдық па? Осының ақ-қарасына жеттік пе?

Баянауылдағы Жасыбай батырдың зиратын сақтап қалғандарға, Жасыбай атымен Қазақстандағы ең сұлу көлді атағандарға рақмет айта отырып, осы батырдың бағы біздің көптеген хандарымыз бен батырларымызға бұйырмағанын да естен шығармауға тиіс екенімізді, сол олқылықтың орнын толтыру тәуелсіз елдің тарихшыларына сын екенін де айтар кез келді.

Александр I туралы Карамзин айтқан: «Нам лучше безмолвствовать красноречиво» дегенді ұстанғанымыз жетер, енді бұқпантайды, «кім не деп қаладыны» қойып тарихымыздың нақты бет-бейнесін түгендейтін заман туды.

Қойшығаның кітаптарын оқып, зерттеушілік мінезін тереңнен таныған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір кездері оны Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңестің қызметкері етіп, одан соң Қытай еліндегі қазаққа қатысты құжаттарды зерттеуге жұмсап, ол елден ағамыздың мол олжамен оралып, өзінің зерттеушілік еңбектерін толықтыра түсуге

мүмкіндік жасапты. Таңдаудың тарихшы ғалымдарға емес Қойшығара Салғараұлына түсуіне де оның еңбекшілдігіне, тазалығына деген сенім болса керек.

Қойшығара Салғараұлының зерттеушілік ісіндегі ең бір құрмет тұтуға лайық тұсы – нақтылық. Тарихты әркім өз білігіне, біліміне қарай жазған. Қазақтың тарихын негізінен сырт зерттеушілерден қалған жазбаларда ғана бар. Олардың жазғандарының кейбірі әлгі аңызда айтылатындай үш зағиптың пілдің біреуі құйрығын, біреуі тұмсығын, біреуі жотасын сипап көріп бейнелегені сияқты өз таным-түсінігіне, жұрттан естігеніне қарап жазған. Олармен сұхбаттасқандардың сауат-санасы қандай болғаны да бір Аллаға ғана аян. Қазақтың табиғатын танымайтындардың жазғандары қалай болғанда да жаңсақтыққа, тереңінен танымай, білмей, шамалап жазуға жол берген. Кеңес үкіметінің саясатына орай тек отарлаушы ел ғана жақсы, тек солар ғана жеңімпаз деп суреттеу үшін сол тұстағы ғалымдарымыз нақты деректердің өзін қасақана бұрмалап көрсеткен кездері бар. Өкінішке орай, олардың барлығы дерлік қазақ ғалымдары болған. Әрине, зерттеушілердің ішінде өте ұқыпты, байқағыш, бақылағанда дәл түсетіндер де болған. Енді осы жазбалардың ішінен бір қап жүнді ағын ақ, қоңырын қоңыр, қарасын қара етіп айырғандай етіп айыру бүгінгі зерттеушілеріміздің міндеті.

Осы орайда тағы бір айта кететін жайт: академиялық ғылыми мекемелерде қызмет істейтін ғалымдар сырттан келіп тарих жөнінде қалам тартатын жазушыларды, журналистерді, басқа салалардың мамандарын онша жақтыра бермейді. Оларды зерттеуші, ізденуші деп емес, әйтеуір бір нәрсе жазғысы келгеннен соң жазып жүр деген пікірде жүреді. Осылай ойлайтындардың көбі өздері ештеңе тындырмайды, олардың әрбіріне берілген тақырып аясында ғана жұмыс жасап, белгіленген айлығын алып жүре береді. Сосын тарих ғылымымен айналысады, кандидаттық, докторлық диссертация қорғаған деп алыстан айбатынан қорқып жүргендеріміздің көбі елдікке, ұлт рухын көтеруге қажет танымдық нәрселерді зерттемеген, Кеңес үкіметінің кезіндегі өзіне, карьерасына зияны тимейтіндей тақырыптардан қорғаған болып шығады, мәселен «Кеңес дәуіріндегі Қазақстан темір жолының қалыптасу тарихы», «Қазақстанда социалистік жарыстың даму барысы» деген сияқты. Осы орайда орыстың атақты ғалымы, химиялық элементтер жайлы белгілі кестенің авторы Дмитрий Менделеевтің 1865 жылы 31 қаңтарда Санкт-Петербург университетінде: «Спирт пен судың қосылуы туралы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғағанын айта кетуге болады. Диссертацияда ғалым екі-ақ қорытынды жасапты: «а) спирттің судағы

оптимальды көлемі 40 градус болғаны дұрыс; б) сөткесіне 150 грамнан артық арақ ішу денсаулыққа зиян келтіреді». Осы ұсыныстың екеуінің де бүгінге дейін өзектілігі белгілі, диссертация авторының ұсыныстары 150 жыл өтсе де өзгеріске ұшырамағаны бұл жұмыстың бағалылығын көрсетеді. Осымен салыстырғанда Салғараұлының еңбектеріндегі топшылаулар, дәлелдеулер, тұжырымдар қазақ халқының ата-баба тарихын аша түсерлік жұмыс екенін сөзсіз. Осындайда бір өзі тұтас академиялық институттың тірлігін атқарып жүрген Олжас Сүлейменов секілді жанкештілерге Қойшығара Салғараұлының, Ақселеу Сейдімбектің аттары қоса аталуы жөн деп ойлаймын.

Жүсіп Баласағұн сонау XI ғасырда айтып кеткен:

«Есіктегі есті ер сүйген адамшылықты,

Тақтан биік көтерер сүйем табалдырықты» деген сөзі Қойшығаң үшін әбден лайық сөз.

Шығыс жауһары «Субашидте» де:

«Мақтауға тым есіріп желпінбейтін

Даттауға иіні түсіп өкінбейтін

Адамдар болса, өзін өзі баққан

Адаспай адамшылық жолын тапқан», –

делінген.

«Панчатантрада»: «Әр адам үш нәрсеге ынтық болады, ал оған жету үшін ол тағы да төрт шартты орындауы тиіс. Сол үш нәрсенің бірі – емін-еркін өмір сүру; екіншісі – жұрттың құрметіне бөлену; үшіншісі – келешекке пайдасы тиетін игі еңбекке үлес қосу» делінеді. Осының үшеуі де Қойшығара Салғараұлының бойынан табылады. Келешекке пайдасы тиетін игі іс те, тәуелсіз пікір ұстанымы да, осы екеуі арқылы жұрттың құрметіне бөлену де жетерлік.

Пауло Коэльо айтады:

«Біз болашағымыз өткенімізге байланысты анықталады деп ойлаймыз, басқаша болуына сенбейміз...

Өз басым мынадай диалогты мақұл санар едім:

– «Жасай алмаймын.

– Сен жасай аласың – мүмкін еместі жасашы. Бұл – өз ойыңа қарсы тұру, осыны жасап көресің бе?

– Әрекет етіп көремін.

– Мен сенен әрекет етіп көресің бе деп сұрап тұрған жоқпын. Осыны жасайсың ба?

Иә, мен мұны жасаймын».

Адамның тұлға, азамат ретінде өсуі мен дамуы – оның алға қарай жылжуы. Бұл – әрекет, сондықтан ол кіші ме, үлкен бе құрметке ие».

Қазақтың өз алдына хандық құрған дәуіріне дейінгі көне тарихының түгелделуі жолындағы ізденістері Қ.Салғараұлын тұлға ретінде танытып, азамат ретінде өсіріп, дамытып келеді.

Хадистерде: «Алла тағала пендеме көтерсін деп жүк артамын, көтерсе көңілін ағартамын, көтермесе тағы артамын», – дейді екен.

Уақыт деген ұры. Халық ісіне үлес қосамын деген адам алдымен сол ұрыдан сақ болуы тиіс.

Ибн Сина айтады:

«Тындырмасаң ештеңе, өміріңде осы өткен,

Шығып қалдым деп түсін, адам деген есептен.

Бүгін бітір ісінді, келіп тұрса қолыңнан,

Ертең, мүмкін, тұрмасың, жатқан мамық төсектен».

Аристотельдің: «Шығармашылықпен айналысу – тазару» деген сөзі бар.

Жүсіпбек Аймауытовта: «Қазақтың азаматтарына нақ қазір мына үш қасиет айрықша керек: біріншісі – білімділік, екінші – ұлтшылдық, үшінші – табанды батылдық» деген ой бар. Осы сөз айтылғалы жүз жылдай болыпты. Не өзгерді? Не қойды?! Бізде Қойшығара Салғараұлы секілді ақыға емес, арға жүгініп ұлт жоғын түгелдеуге қатысып жүргендердің қарасы қай көлемде?!..

Мәулана аталып кеткен Жалаладдин Руми: «Адамдардың жақсысы – адамдарға пайда келтіргендер» деген екен. Осындай, еліне, адамдарға пайда келтіргендердің әлеуетімен біздің елдігіміз беріктеп, тәуелсіздігіміз орнықпақ.

Қазақтың Кеңес үкіметін орныққанға дейінгі басты жоқтаушыларының көшбасында тұрған Ахмет Байтұрсынов:

«Тұрмысы бұл заманның күреспен тең,

Тәуекел, күреске тұс, бар дағы сен.

Дүниеде барлығыңды кім біледі

Үйіңде ынжықтанып отырсаң сен», –

деген.

Ол тағы да: «Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенше істеп кетемін. Малша оттап, асап ішіп, халық үшін қам қылмай, қарын тойғанына мәз болып, мал өлімінде өлмеймін», «Еңбексіз егін шықпайды, терлесен, терің тегін қалмайды» деп кетіпті.

Біздің бүгінгі зиялыларымызда саясат сахнасына араласып, біркелкі ойлайтындар, біркелкі сөз айтатындар көбейіп бара жатқан сияқтанады. Орыстың ұлы зерттеушілерінің бірі Василий Розанов: «Біркелкі ойлау – мәдениеттің төмендігінің белгісі» деген екен. Қойшығағаның саясатпен де, саясаткерлікпен де шаруасы шамалы, оның саясаты – қазақтың көне

тарихындағы үзіктерді жалғап, ақтандақтарды болдырмау жолындағы жұмыс. Ол өз кітаптарын роман, роман-эссе деп атағанымен олардағы оқиғаларда ойдан құрастырылған ештеңе жоқ, тек фактілер мен болжамдар ғана бар.

Жас сөз зергерлеріміздің бірі Қасым Аманжолұлы былай дейді: «Сөзбен жұмыс істеуге машықтануға болады, білім жинау да көп қиын емес. Енді тек жанның күші керек. Ал оны бір жерден үйреніп алуға, тауып келуге еш болмайды, туа бітті маңдайға жазылып қоятын бұйрық ісі де емес. Ол – жұмыр бастының бәріне о бастан ортақ болған, бірақ кейбірі өмірінде кірлетіп алатын – тазалық екен. Оның бар болғаны, қалтқысыз күзету керек; дамылсыз дамыту керек. Өмір бойы...».

Андре Моруаның: «Тума жазушы айтатыны болғасын ғана жазады және оны қағазға түсіру арқылы ғана жұрт назарына ұсына алатынын жақсы біледі. Егер сізді ақ қағаз өзіне баурай тартатын болса, санаңызда шығар жол іздеп бұлқынып жатқан ойларыңызды көпшілікке жеткізу үшін қандай құрбандыққа да даяр болсаңыз, қандай сәтсіздікке ұрынсаңыз да, нендей сынға ұшырасаңыз да жаза беретініңізді сезінсеңіз, әдемі фразалармен адамды, затты немесе сезімді дәл бейнелей алғанда ғаламат күй кешетініңізді аңғара алсаңыз ғана іске кірісіңіз!» – дейді. Қойшығара Салғараұлының еңбек ету қалпы осы талаптарға сәйкес келеді.

Қазақтың көрнекті ақыны Қадыр Мырза Әлі: «Бұл дүниеге келген адам өмір-бақи еңбектенуі керек.

Негізі, жазушының үш дәуірі болады. Біріншісі, оқушының деңгейіне жете алмаған әдебиет. Екіншісі, оқырманның деңгейінде қалып, көңілінен шыққан әдебиет. Үшіншісі, жазушының оқырманға ілестірмей, оза шапқан кезіндегі әдебиет. Ал, осы үшінші дәуірдегі әдебиет – оқырманның ертеңге ұстайтын жолдамасы іспетті» деген сөзі де Қойшығараның болашаққа бет алған, танымы мен тағылымы мол, кей жерлері күмән келтіретіндей болғанымен, қазақ қамы үшін шын жүректен туындаған еңбектер екенін ашып көрсетеді екен.

Дүниеге жаңа зерттеушілер, ізденушілер, ұлтына қызмет етуге құмбыл кісілер келер. Қойшығандар соларға жолашар болып қалар. Сонда Айгүл Кемелбаева айтқан: «Бір данаға бір дана ес, ол бірақ даналықтың келесі сатысына үшінші біреу арқылы өтеді» дегеннің растығына көзіміз жетер.

Қойшығара Салғараұлы танымшы-тарихшы ғана емес, философ та. Ол айтқан сөзін қоғам мүддесімен салыстыра безбендеп, үйлестіріп барып айтады. Расында әркім не айтам десе де құқылы. Бірақ ел жанашыры айтқан сөзінің қоғамға пайда-зиянын да ойлап айтуы тиіс. Абайды философ емес деушілер Мұхтар Әуезовтің: «Абайды философ емес деуге келетін жері – онда философиялық жекеше толғаулы еңбектер, трактат-

тар жоқ» деген сөзіне сүйенсе керек. Біздіңше, философ болу үшін оның оқуын бітіріп, Гегельден дәйексөз келтіре сөйлеу шарт емес. Философия дегеніміз, қарапайым тілмен айтсақ – ойшылдық, жол көрсетушілік емес пе? Мұхтар Әуезов неге Абай туралы романын «Абай жолы» деп атаған. Өйткені Абайдың ұлтты жетелеуге жарарлық ойы, жолы барына сенімді болған.

Абай дала философы, ондай болмаса, мынадай келелі сөздерді айтар ма еді: «Жүз тура жолдағы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін», «Арсыз қолым істеді, Арлы бетім ұялды». Немесе: «Ақылдың жетпегені арман емес» дегенді...

Мұндай сөздер Абайда жүздеп саналады.

Қойшығанды философ деуімізді де ол кісіге оңайлықпен қия қоймайтындар табылар. Бірақ бәріне уақыт төреші. Адам өзінің шын бағасын ерте ме, кеш пе, бәрібір алады.

«Тышқан тірлік» деген теңеу бар. Бүгінгі тамағының тоқтығының ғана уайымында жүргендерді солай атайды. Қапты тесіп, дайынды төгіп-шашып жеп, басқа тесер қап қалмағанда өзінің таптап тастағанын қайтадан кеулеп, ұдайы абыржуда жүретін тышқан қалай жақсы мысал етіп алынған деп таңырқаймын. «Құмырсқа тірлік» деп айтпаймыз, өйткені ол жинағанын жүйелеп, әдемілеп жинайды, бір шетінен жейді, келер жазға дейін жететінін, тіпті одан да арғысын ойлайды.

Орыстар мұғалімді «учитель» демей «училка» дейтін болған. Қазақшаласақ, «ұстаз» емес, «үйретуші» яғни «білгенін ғана үйретуші» дегенге келеді. Қазіргі мұғалімдердің көбі сол «үйретушіге» айналып бара ма деп қауіптенем. Оған мұғаліммен бірге мемлекет те кінәлі сияқты. Мұғалімнің аптасына 18 сағат сабақ бергенде алатын еңбекақысы еңбек өтіліне қарай әртүрлі, бірақ 300 доллардан аспайды. Бұл ақша Алматыға ұшақпен бір рет ұшып барып келуге жетер-жетпес. Сондықтан да мұғалімнің сапасы төмен, олардың сапында ер азаматтар жоқтың қасы. Мектеп пен ұстаз – мемлекеттің негізі. Біз негізімізді осылай төмендетіп алмасақ игі. Олай болмауы Салғараұлы сияқты, бүгіндері жазуын бұрынғыдан үдете түсіп, шеберлігі шыңдалып келе жатқан, білген үстіне біле түссем, мәселенің нық-қанығына жетсем, сөйтіп барып шәкірттеріме жеткізсем деп жүргендердің көп болуына байланысты. Ондайларды қолдау мен көбейту – мемлекеттің ісі.

Ешкім ешкімнен артық та емес, кем де емес. Шынымен басына түссе, санасы оянса, адам түрленіп, өзгеріп кетуі оп-оңай. Бірақ, адамның бойындағы бар дарыны жоғалып, жойылып кетуі де тез. Оның басты себебі – енжарлық пен ойсыздық.

Сіз оның жанына жанаса қалғанда өмірдің мағынасын сезініп, жауап таба алмай жүрген сұрақтарыңызға жауап табылып, мәселелеріңіз өзінен-өзі шешіле салғандай болатын адамдар бар. Ондайлар өзіне тартып тұрады, олардан көрінбейтін бір жылу еседі, күш, білім, даналық, дархандық, ізгілік, махаббат нұрына бөленгендей боласыз. Солай бола тұра олар қарапайым әрі тәубешіл.

Олардың жанында қашан да сенімді боласыз, қорғап тұрғандай сезінесіз, өмір сүре бергің келеді, алға адымдай түскің келіп, қалай да жеңіп шығатынына сенім ұялайды.

Олардың жанында рухани өсесіз, өзіңді-өзің Тұлға болып қалыптастырып келе жатқандай сезінесіз.

Олар түнгі сайын далада алыстан жарқырап көрінген жарық іспеттес. Осылай бола тұра олар: «Мен жай ғана адаммын, көптің бірімін. Өзімді біреуден артық санамаймын, бірақ ешкімнен кем де емеспін. Мен жеткен жетістікке шынымен қаласаңыздар сіздердің әрбіріңіз жете аласыздар» дейді. Оның айтуынша, адам өз проблемалары мен сәтсіздіктерінің сиқырлы шеңберінен шығу үшін еркіндік пен тәуекелге барып, өзін ылғи қатып қалған ережелерден, «ұят болмай ма?» деген секілді шектеулерден босатып, еркін болған жөн, «ілігері жылжуға батылы жетпегендерді ептеп «құйрығынан» түртіп жіберу керек».

Адам еркін болуы үшін алдымен материалдық қажеттіліктерден еркін болуы тиіс. Оның үшін өзін, отбасын қаржы-қаражат, басқа да мұқтаждықтармен (үй, автомашина, т.с.с.) жетерлік жағдайда қамтамасыз етуі керек. Оның керегі жоқ дейтіндер жалқаулықтан немесе жауапсыздықтан айтады. Олар болмаса адам амалсыз тұрмыстық жағдайға аландайды. Рухтық пен материалдықтың тепе-теңдігі болуы тиіс. Ол үшін адам өзіне өмірден не керек екенін айқын сезіне білгені жөн. Мұндай жағдайға жету адамның өзіне байланысты.

«Жетелеген ит ауға жарамайды» деген мақал дұрыс. Ұмтылып тұрған ат қана жарыста озады. Жетістікке жету үшін іштегі қорқыныш пен қауіпті басу, өзіңе сенімділік болуы тиіс. Содан соң барып өзіңе рахат әкелетіндей істі таңдау жөн. Ол – ісіңнің болашағына сенімнен келіп шығады. Істің қалай да табыс әкелетініне сенімді адам тегін істеуге де әзір болады. Өзің бастап жалғастыруды біреуге тапсырған істің жүзеге асуы қиын.

Қазіргі ілімдерде дұрыс өмір сүруді үйрететін бағыттар бар. Олар, ең алдымен, қате шешімдерден сақтануды насихаттайды. Ол үшін болжағыштық сезімін жетілдіру қажет дейді. Адамның ішкі сезімін жетілдіру арқылы, қателесіп бара жатқанда іштен сигнал түсетіндей жағдайға жетуге болатынын дәлелдейді. Екіншіден, ол тәсіл бос әурешілікпен айна-

лыспауды ұсынады, яғни іске жұмсалған мың доллардың жыл соңында сонша болып қайтуынан сақтанудың қажеттігін айтады. Зандылық былай: қандай істі болмасын қолға алған адам жетістікке жетуі тиіс. Онсыз ол істе мағына жоқ.

Мықты адамдарға тепе-теңдікті сақтап тұру үшін бірауық «жеңілдеп алу» маңызды. Ол үшін өз өмірімен салыстырғанда өзгеше, ерекше, төмен күн көрістегі адамдармен араласып, олардың ойлары мен мұңдарын бөліскен жөн. Бұл – «сілкінуге», адамның тез өзіне-өзі келіп, тәубе етуіне алып келеді.

Күләш Ахметованың: «Әншіні басқа жақтан алдырарсың, жұмысшыны шақырып жұмсарсың. Бірақ басқа елдің ақынын, ғалымын, зиялысын алып келіп, қазақтың мүддесін ойлата алмайсың» деген сөзі Сен Симонның: Егер француздардың 50 ғалымын, 50 әртісті, 50 агрономын, 50 фабрикантын құртса, француз ұлты құриды, ал француздардың 50 мың шаруасын, 50 мың қызметкері мен 50 мың жұмыскерлерін құртса, француз ұлты өмір сүре береді» дегеніне дөп келеді. Біз еліміздегі Қойшығара Салғараұлы секілді терең тарих қойнауынан сыр тартқан тарихшы-ғалымдарымызға барынша қолдау көрсетуге тиіспіз.

«Қазаққа бола берсін, қазақ өсе берсін, қазақ жетіле берсін» деп жүргенде сырт көздер көп. Бекболат Тілеухан: «Бүгінде Қазақстан байы өлген әйелдің күнін кешіп жүр. Әркім сол жесір әйелге сөз салады. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері халқымыздың рухани жетілуіне, тәуелсіздіктің баянды болуына мүдделі емес көптеген жаулары бар» депті бірде.

«Кеңес заманындағы адамдар кетсе барлығы тез өзгере қалады, халықтың жағдайын түсінетін, ақылды, адал адамдар келер де, елдің жағдайы тез түзеліп кетер деген ойда болдық. Бұл ойымыз аңғалдық екен» дейді тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Парламент депутаты болған математик-академик Асқар Жұмаділдаев.

Қойшыға бүгінде ақсақалдық жасқа жеткен. Бойына біткен мінездері – нағыз ақсақалдың қасиетін көрсетеді. «Сақалды кейбіреулердің бетінен емес, жүрегінен көргім келеді» деп Шейх Мұхаммед Батлук айтқандағыдай ақсақалдығы жүрегінен, пейілінен, табиғатынан көрініп тұр.

Ізгілікке ұмтылу адамның бойында бар, маңдайына жазылған нәрсе. Әділетсіздік көрсе адам іштей болса да наразы болады. Бір қылмысқа бір ержүректік іс тең келсе жаман болмайды, тек ізгі іс байқаусыз, елеусіз қалып қояды да, нашар іс көп секілді көрінеді. Жақсылық жамандықтан 15 пайыз көп жасалғанда қоғамның тазара бастағаны. Керісінше болса – қоғамды ізгілендіру керек болады.

Өмірден бір нәрсе алу үшін, өзіңе өзің сатқындық жасауың керек сияқты... Әсіресе саяси қайраткерлер үшін солай. Саяси қайраткер – белгілі бір дәрежеде оңбаған екені өзіне аян адам. Қаншама жоғары өрлеген сайын, ол арлы адамға ешбір лайықсыз нәрселерге ымырамен қарауға және келісуге мәжбүр. Мұны қай саясаткер қай елде болмасын солай жасайды.

Руханият әлемінде басқаша... Суреткерлер әлемінде де бәсеке, күн-дестік, бірін-бірі аяғынан шалу бар, бірақ ол оңбағандықпен, қатыгездікпен жасалмайды. Өйткені руханият саласындағылардың алдында екі мақсат тұрады – ақша табу мен әсемдік, сезім әлемі арқылы шамашарқынша еліне қызмет ету. Саясатта бір-ақ мақсат – қайткен күнде де билікке жету. Оны оңбағандық деп батыл айтып жатқанымыз – сол.

Рас, суреткерлер де екіге бөлінеді – жасаушы және орындаушы болып. Жасаушы – жасампаз, оның ішкі дүниесі түпсіз байлыққа ие, сол байлықтан өзінің шығармашылығына керектісін күреп ала береді. Ал, орындаушы, белгілі бір биікке жетіп алған соң, бар арманы – сол биігінен төмендеп қалмау, қайткен күнде де публиканы өзіне қаратуын бәсеңдетіп алмау қамында болады. Оның алған асуы биіктеген сайын, өзінің әдеттеніп алған ісін аса шеберлікпен жалғастырады. Олар атақты болған сайын тәуекелге көбірек барады және де тәуекелге баруға қорқақтана беретін болады. Бұлай ететіндер түрлі шығармашылық одақтардың басшылары мен қызметкерлері ғана емес кезінде атағы шыққан, үлкен концерт залдарын толтырып жүрген белгілі өнер қайраткерлерінің ішінде де бар. Қорқақтық – «күндердің күнінде өз мүмкіндігімен төмендеп қаламын ба» деген қауіптен болады.

Жасампаз өнер иесі қорықпайды, ол өзіндік «мені» бар адам, қашан да кешегіден бүгін жақсырақ орындаушы немесе жазушы болуға, өзін-өзі таңқалдыра өмір сүруге тырысады. Төсекке жатқанда адам жастығының жайлы жерін іздейтіні сияқты шын шығармашыл азамат өз шығармасында бұрынғыларынан өзгеше бір жаңалық болуын қалайды және оған мүмкіндігі жетеді.

Шоқан Уәлиханов: «Әркімге халық қымбат. Туған халқымды мен де сүйем. Ол – мәдениет сатысында төмен қалған ел. Әр халықты жоғары сатыға көтеру – көзі ашық ұлдары мен қыздарының міндеті. Менің халқымда ондай ұлдар мен қыздар жоқтың қасы» деп, өз заманында көңілі толмағандай пікір білдірген болса, бүгінгі ашықтық, ақпарат молдығы заманында тәуелсіз елдің ұл-қыздарының ондай болуға құқысы жоқ.

«Кісі қисық ағаш еменді екі-үш айналып, қабығын шұқып, діңін түрткілеп көрді. Содан соң, неге екенін өзі де білмейді, қисайған жағына

қарата қалың табанымен қайқайта тұрып тепті. Былқ етпейді. Әлі қаншама тұрады. Жоқ. Әуелде қисық орнаған. Содан соң, тамыр тартып, жапырақ жайып, бой созған сайын ауыр салмағы төмен тартып, мысқалдап, бұрынғыдан әрмен қисая берген. Теріс бітімін көріп, ешкім түзеген. Немесе түзелмеген. Сол қалпы жуандап, бұтақтана түскен. Қисық қалпында. Енді аз ба, көп пе, уақыт өткен соң, кесімді мезгілінен көп бұрын, түбінен қырқыла құлайды. Қарлы жауын жауып, екпіндей дауыл соқса болғаны. Өрең тұрған қисық ағаштың ғұмыры санаулы» (Мұхтар Мағауиннің «Қисық ағаш» хикаятынан). Осы қисық ағаш сияктанып қиялай беретін кей адамдарға керісінше – өзбетінше, өзі таңдап алған бағытын індете зерттеп, өзі білген, өзі көзі жеткендерін алдындағы шәкірттеріне, түсінетін ортаға жеткізуді мақсат тұтқан Қойшығара Салғараұлына құрметпен қарауға тиістіміз деп санайтындардың біріміз.

Төзім. Ол сәтсіздіктерге көну немесе қиыншылықтарға қарсы тұра алмау ғана емес, ол – талант!

Төзім – ол шыдымдылық, жеңіске деген жігер, күту қабілеті және әлемді қалай болса солай қабылдау. Төзім – ол үміттену өнері. Өмірдегі әрбір қадам біздің төзіміміздің шекарасын кеңейтеді.

Алға мақсат қойып, оған жете білу үшін төзім керек. Ол үшін:

– үлкен мақсатты кішкене мақсаттарға бөлу және оған сатылап жетуге тырысу, бірден аттап кете алмайсың;

– жолай азғана жеңіліс бола қалса беріліп кетпеу, тағы да, тағы да ұмтылу;

– бастаған істі аяғына жеткізу, ол үшін барлығына шыдау;

– күту, ол үшін уайым шеге бермеу.

Шыдаған, төзген адамға барлығы өз уақытында келеді.

Кең көлемде алсақ ХХІ ғасырда адамдар өз қажеттіліктерін қанағаттандырудан басқа ештеңені ойламайтын болып алды. Осы жағдай адамдарды бүгінде діннен сая іздеуге итермелеуде. Бірақ Кампучийде Пол Пот жүздеген мың адамды жазықсыз құрбан етіп жатқанда будда ілімі бір рет те тоқтап айтпай, үнсіз қалып еді ғой...

Байлық үш түрлі болады, дүние байлық, тән байлығы, рухани байлық. Дүние байлық адалдықпен мол жиналмайды. Тән байлығы құдайдан және адамның өзінен. Рухани байлық – адамның болмысынан, ниетінен, өмірлік жолынан көрінеді.

Карл Маркстың: «Экономика – бұл базис, басқаларының бәрі – надстройка» деген сөзі бар. Бұған келісе отырып, экономика, әлеуметтік қорғау (оған экология да жатқызылады) және мәдениет үшеуін тең санағанды жөн дегіміз келеді. Экономика арқылы қалған екеуі жетіле-

тіні рас, бірақ үшеуін қатар алып жүрмесе, экономика белгілі бір деңгейге жеткенде тоқырайды. Дала ошағы – мосының үш аяғы сияқты, үшеуі тепе-тең және берік орналаспаса, қазандағы ас төгіледі. Барлық саясат осы үшеуінің аясында жүргізілуі тиіс. Алдымен экономиканы көтеріп алайық, сосын барып адамдарды әлеуметтік жағынан қорғаймыз, экологияны сақтаймыз, адамдардың мәдениетін көтереміз деуге болмайды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Әуелі экономика, сосын саясат» дегенде басқаны айтқан. Президенттің ойы – экономиканы жетілдіріп алмай, саясатпен айналыссақ, жетпей тұрғанды сынап, жан-жаққа тарта берсек, экономиканы дамыта алмаймыз, экономика дамымаса қаржы тапшы болады, қаржы тапшы болған соң қанша ұрандатсаң да ештеңеге жетісе алмайсың» дегенге келеді.

Ал өмір сүрудің ең басты қағидасы – ұят. Жеке адам үшін де, мемлекет үшін де! Сондықтан біз айтқан үш базистің үшеуінен де биік тұратын басты базис – ұят болуы тиіс. Адамзаттың мыңдаған жылдарғы тәжірибесі, бұрын-соңғы діндер Ұятты ең маңызды санаған. Бұрын-соңғы қоғамдардың бәрі әділеттілік тек ұятқа мойынсұнғанда ғана халқына жақсы тұрмыс сыйлаған. Нарық экономикасы сынды қатыгездеу қоғамда да ұятқа басымдылық берілсе адамдарды теңсіздіктен, еріксіздіктен қорғау барынша дұрыс жүреді. Билл Гейтс деген әлемдегі ең бай адам бүкіл жинаған дүниесінің тең жартысын Құдай берген денсаулығы мен жағдайына қарай, қанша тырысса да жеткілікті күнелтуі мүмкін еместерге бөліп беремін дегені – оның ұятының оянғаны.

Ең негізгісі – өмірдің мағынасын табу, адамның өзін-өзі тануы, яғни – ұятының ояу болуы, өз ұяты алдында жауап бере алуы.

Біз адам өмірінің және мемлекеттің іргетасы ұят екенін түсінгенімізше, біздің барлығымыздың бірдей жолымыз болмайды. Бүгінгіше біреулер біреулерден жалақыны мың есе көп алатын, миллион есе бай болатын қоғам тіршілігі жалғаса береді.

Рас, экономика – ең негізгісі, ол өрлемесе, басқа салаларға жол ашылмайды.

Экономиканың дамуы, әлеуметтік қорғауды жақсарту заңдармен, шешімдермен, ережелермен жүзеге асуы мүмкін. Ал заңдар арқылы мәдениетті жетілдіру, адамдардың ұятқа жат қылықтарын түзету мүмкін емес. Адамдардың ұяттан аттауы заңдармен реттелмейді, заң арқылы адамдардың бірінің-біріне қиянаты, озбырлығы, қылмысы ғана тәртіптеледі.

Заңдар, әдетте, өлі сөздерден тұрады. Ол сөздер белгілі бір жағдайда ғана «тіріледі». Ал, «тірі сөз» деп біз, біреулердің ұятын оятуға қабілетті

сөзді айтамыз. Ұятты ояту – зиялылық. Нағыз зиялы рухани құндылықтарды материалдық игіліктен жоғары қояды.

Адамды адам етіп тұрған – оның өмірге деген көзқарасы, ой-тұжырымы, сенімі мен сезімі. Бұлар, қазіргі тілмен айтқанда, адам сапасына жатады. Адам өзіндік сапасын жетілдіру арқылы жетістіктерге жетеді. Әрине, қызмет бабында жетістікке, түрлі лауазымдарға айла мен өмірге бейімделе білу, өзін басшылық алдында қайткен күнде де жақсы жағынан көрсетіп қалуға тырысу арқылы да жетіп жататындар аз емес. Бірақ, бұлай ету арқылы адам, біріншіден, биік лауазымға жете алмайды және екіншіден, бұл жағдайда, адамның өзінің бағасынан, атқарып жатқан қызметінің бағасы жоғары болады.

Қызмет орнында жеке адамдық сапаны көтеру үшін басшылық тарапынан адамға мән беру мен құрмет тұтуды теңестіру қажет. Мәселен атақ-даңқы, беделі мен абыройы биік адамның көбірек құрметтелуі жоғары болып, оның қызмет сатысындағы жеке тұлға ретінде бағасы одан төмен болып жататыны кездесіп қалатыны жиі. Ал қызметі жоқ адам – біздің қоғамда адам қатарынан шығып қалады. Осыдан барып, дулы ортада жүру үшін адамдардың көбісі бедел мен абыройды пайдаланады. Содан адамға емес, атақ-даңққа мән беріледі, сөйте-сөйте барлық адамды қызмет орнына қарап бағалау жаппай үрдіске айналады.

Дипломы бар, бірнеше тіл білетін, анкетасы барлық жағынан сай қызметкерлердің ішінде де істеген ісінің сапасы, пікірлері, жеке қасиеттері кемшін түсіп жататындар баршылық. Суретшілердің қағаз бетіндегі әсем етіп салған суреті шын бейнеге айналғанда сұрқай бірдеңе болатыны сияқты, анкетасының мүлтіксіздігіне қарап қана бағалауға болмайды. «Пәлен қызметке қалай да көтерілемін» деп қатты тырысқан қызметкерден басшыларға жағынғыш, біреулерді жұмсауға икемді, қарамағындағыларға күдікшіл басшы шығады. Оларда атқарып отырған қызметінде жаңашылдық, жігерлілік, шеберлігін шыңдау аз болады.

Әнші, артистерді бір-бірімен салыстырып, анаусы жақсы, мынауысы жаман деп бөлмеу керек. Әркімнің мүмкіндігі, көңіл қалауы әртүрлі. Ұнаса жақсы, ұнамаса тыңдамай қоя сал. Қызметшілерді ұнамаса қуып шыға бермейді, олардың тағдыры әртүрлі, бұл деңгейге әртүрлі жолмен жеткен, біреулері білімімен, тәртіптілігімен, мінезімен; біреулер айламен; біреулер жағынумен; біреулер туыскандық жолымен; біреулер басқа жолмен; біреулер жоғарыдан төмендеп, біреулер өмір бойы тырбаңдаумен біртіндеп өсіп жеткен. Әркімнің отырған қызметі бүгінгі ниетіне сай, мүмкін, олардың қызмет биігінде жеткен жері сол болар, сондықтан қалай болған күнде жабысып айырылып қалмауға тырысуда шығар, біреулер

жұлдызды сәтім әлі алда деп күтумен жүр, біреулер уақытының өткенін мықтап сезініп, сонысын мойынсұнып бәріне төзіммен қарауға үйреніп жүрген шығар. Өркениетті елдерде қызметке алуды кадр қызметінің басшысына тұтастай сеніп беріп қояды, жекеменшік мекемелерде ол істі меншік иесінің әйелі немесе өте жақын адамы атқарады, өйткені бұл – басшының ең сенімді адамы атқаруға тиіс іс. Бізде биігірек қызметті әдетте бастық өзі шешеді, одан былайғыларын кеңсе басшылары жеке бақылайды. Конкурс, тест, сұхбат бәрі сол шешуші тұлғалардың шешіміне бейімделеді. Негізінен айтушысы бар адамның жолы көбірек болады. Анкетаға қарап қабылдай салу да кездеседі. Жолы болғыш, бір көргенде ұнай кететін адамдар болады, таңдау алдымен соған түседі. Басшыға көбіне бәрібір, алған қызметкері жақсы болып шықса жақсы, басқаша болса, «дұрыстап тандамапсыңдар» дей салады, формальды түрде: «кадр үшін жауап беретіндер бар» деп өзін арашалай салады. Бірақ, қызметшілермен жұмысты басқаратындар, шешім жасар алдында қарамағындағылардың әрбірінің өз тағдыры бар екенін ұмытпайтын мейірімді, мінезді кісі болғаны жөн.

Тіршілікте реттілікті, қисындылықты, әділеттілікті, бақытты болуды әркім де аңсайды, бірақ кездейсоқтық, ретсіздік, бұрмалау көп кездеседі. Сондықтан адам еш ойына келмеген жағдайлар бола қалғанда да аласұрмауы, бірқалыптылықтан танбауы тиіс.

Профессионал емес, кездейсоқ адамдар қызмет сатысында тез көтеріледі. Өйткені ол өзінің білімсіздігін икемділікпен, жағынудың жолын әбден біліп алумен жасыруды үйреніп алады.

Қызметкерді бағалауда анықтамалар мен «кеңес берушілерге» емес, сезімдік ерекшеліктерге, жеке принциптеріне назар аударған жөн. Адамдарды бағалауда субъективтілік керек.

Барлығын нақты жоспарлау қиын, жаңылу, қателікті еңсеру арқылы шеберлік жетіледі. Адамдық сапа осылай қалыптасады.

Оқығандарым мен зердеге түйгенімдерімді барлап қарасам, олар ұлттың 1-2 пайызының ғана өзіндік пікірі болатынын айтады. Қалғандары соларға ереді екен. Сол өзіндік пікірі барларды сан жағынан, әсіресе сапа жағынан өсіруге тиіспіз.

«Ердің бағасы елге еткен еңбегінің зор яки кішілігінде емес, ел деген жүрегінің таза болуында; тілегінің елмен ортақ болуында» деген Мағжан ақынның сөзі қашанда өзекті.

«Саған өз өмірбаяныңды барынша ұзақ баяндап жаз десе ең соңғы бетке не жазар едің?» – деген сұрақ өмірге бейтарап қарай аламайтын адамның бәрін де ойланта керек.

Міржақып Дулатов өткен ғасыр басында «Қазақ» газетіне былай деп жазған екен: «Ресей Думасына қазақтан депутат сайлану мүмкіндігі болғанда біз қазаққа шын пайдалы депутат таңдауымыз керек. Ол ақ жүрек, таза болса, жұртты я сатып, я алдап кетпейтін болса. Халық үшін ерінбей қызмет етерлік, екіталай жерде жанын қиярлық ержүректі болса. Өз пайдасынан жұрт пайдасын артық көретін болса. Саясат ісіне жетік болса. Білімді шешен, оқыған көсем болса. Халықтың қалпына, салтына, тұрмысына жете таныс болса. Міне, депутат болуға осындай адамдар лайық. Жақсы болу үшін депутат болу шарт емес, депутат болу үшін жақсы болу шарт. Депутат болған кісі абыройлы, жақсы болса, жұрттың алдына Алла бергендер түседі».

Бұл сөз депутатқа ғана қатысты деп санамау керек (оның үстіне бүгінгі депутаттарға ол кездегідей болудың қажеттілігі де шамалы), бұл барлық зиялыларға, ілгері ойлыларға, сезім-парасат биігінде көрініп жүргендердің бәріне бірдей қатысты. «Депутат» деген сөздің орнына «зиялы» не «өзгеше ой иесі» деп қойып шықсақ, Міржақып сөзіндегі талаптарды орындауға қатыстылардың бәрі қазақты көркейтуге, рухын өсіруге қызмет ететіндер деп санауға әбден болады.

«Мен бір нәрсе жасайын деп едім, бірақ оның орындалуы мүмкін емес деп санаймын» – дейтіндер кездесе: «Иә, мен де кезінде көп нәрсені мүмкін емес деп санайтынмын» – дейтін боламын. Кез келген істі атқару бірталай уақытты талап етеді, бірақ мүмкін емес істі атқаруға одан көп есе уақыт керек...

Әл Харизи: «Сөз бар болғаны гүл ғана, ал іс – сол гүлден түйнеген жеміс дейді.

Иранғайып: «Сөздің құны бөздің құны құрлы болмай жатқан» деп бағалаған бүгінгі заманда «Ең қасиетті нәрсе – сөз!» дейді Салғараұлы. Терген мен жиғаның өмірдің мағынасын іздеуге емес, құлқынның қамын ғана күйтесе, қанден тірлікке ғана табынса, ондай өмірдің несі өмір. Қойшығара Салғараұлымен түйісетін, үндесетін жеріміз осы екенін көңілге медеу тұтамыз. Ағамыздың ғұмырының ұзақ, елге берерінің молая беруіне тілек қосамыз.

Қойшығаның жандай досы Ақселеу Сейдімбектің: «Тарих көшінің ұлы шеруінде әр ұрпақтың өзіне ғана тиесілі міндеті болады. Ол міндетті тек сол ұрпақ қана келістіріп атқара алуға тиісті. Себебі кез келген ұрпақ – өзі ғұмыр кешкен кезең үшін өткен мен болашақ арасының жанды көпірі. Оның тал бойында өзіне дейінгі сан ғасырдың жүгі бар. Сол жүктің сабақты жібіне дейін қалдырмай болашаққа қол жалғау – жер басып жүрген тірілердің ең киелі міндеті. Тарих көпірінен өткізіп үлгере

алмай, артта қалдырған асылдың кез келгеніне енді қайтып болашақ ұрпақтың қолы жетпейді. Қолы жетпегені былай тұрсын, арттағы жолда қандай асылдардың шашылып қалғанын білместен, қолына іліккенді малданып ғұмыр кешеді» дегені өткенімізді зерделеуге соңғы қырық жыл ішінде мықтап кіріскен Қойшыға секілді бітігшінің және өзімен қатарлас өткеніміздің қойнауына үңіліп қалам тартып келе жатқандардың тарих алдындағы ұлы мұраты жолындағы аянбас еңбектерінің не үшін жасалып жатқанына жауап береді. Өткеніміз бен болашағымыздың жанды көпірлерінің бірі осынау асыл азаматымызға алдағы ғұмырында да толымды еңбектер бере беруін тілейік.

Біздің Қойшығара Салғараұлының кітаптарын алдын ширек ғасыр, соңғыларын үш-төрт жыл өткенде қайта оқып шыққанда көңілге түйгеніміз, оған қатысты түрлі ойларды, соған лайық өз пікірімізді жеткізгіміз келгені осылар, құрметті оқырман. Барлық ойымызды көрнекті ғалым Серік Қирабаевтың сөзімен түйіндегіміз келеді: «Әдебиет – мәңгілік нәрсе. Ол жазылған дәуіріне ғана емес, кейінгі ұрпаққа, барлық заманға қызмет етеді. Оны оқыған ұрпақ өзінше ұғады, одан өміртануға керек ой, сөз таба алады».

Қойшығара Салғараұлы да жазушы болуға талаптанған әрбір жас сияқты әуелі өлең жазған. Ол «Ілгешек» деген атпен кітап болып шыққан. Одан сатира саласында да бағын сынап көрген, сықақтары мен скетчтері сахналардан, Қазақ радиосынан орындалған. Одан кейін «Сол бір күндер», «Соқпақ жолға бастайды», «Тоғысқан тағдырлар» атты әңгімелер мен хикаяттар жинағын, «Үбедей» атты ертегі кітап шығарған. Абайды тереңірек танымаққа ұмтылып «Таным баспалдақтары» деген зерттеу еңбегін жариялатқан. Біз жоғарыда сөз еткен кітаптарынан басқа, кейінгі кезде «Елдік негіздерін» дамыта түсіп «Оян қазақ» атты бір еңбек жазды. Қытай елінде болғанда ізденген, зерттеген, көзі жеткен дүниелерді елге оралған соң бірнеше ғылыми-зерттеу еңбектері етіп жариялаған. «Мүде хан» атты киносценарийі жеке кітап болып жарық көрді.

Менің жазушы-ғалыммен сұхбаттарымның бір нәтижесі – енді ғана баспаға ұсынып отырған «Ұлы дала» атты еңбегін қолжазба күйінде оқып қарауға берді. Ол туралы осы кітапта жеке тарау жазылды.

Әдебиеттің сана-саласында барлығы жиырмадан астам кітаптары жарық көрген автордың кей кітаптары өзінде жоқ. Түрлі сапарларда ел ішінде болғанда сондағы таныс-жақындарынан өзінде жоқ кітаптарын енді-енді жинастыруға бет алыпты. Кітаптардың уақыт өте келе ескіріп, ұрланып, жоғалып кететінін ескеріп, Салғараұлымен бір сұхбатта ол кісіге барлық еңбектерін қайта қарап, заманға лайықтап жүйелеп, элек-

тронды нұсқасын дайындап, жеке сайт ашып не болмаса «Әдеби әлем» сынды сайттарға ұсынып, бүгінгі оқырман қай түкпірде жүрсін оқи алатын етіп жариялауды ұсындым. Ол кісі мақұл көрді де еңбектерін әзірлеуге уағдаластық. Мұнымыз – бүгінгі оқырманмен бүгінгі талапқа сай сырласу, жаңа оқырмандар аясын кеңіту жолы болатынына сенімдіміз.

Бүгінгі ұрпақ – біздің артымыздан келе жатқан төртінші ұрпақ. Мына мол ақпарат заманында оларға адаспайтын сөз, жаңылыспайтын ой беретін Қойшыға сынды азаматтарымыздың сөзін жаңа ұрпаққа, одан әрі келетін ұрпаққа жеткізудің бір жолы деп осынау еңбекке қалам тарттық.

Алланың ризалығы болсын!

01.2012-04.2012

АБЗАЛДЫҚ ӘЛІПШЕСІ (Әкесінің өз ұлына өсиеті)

Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық болсын.

Саққұлақ би – Бөгенбай батырдың шөбересі.

Әзизім!

Бұл өмірде менің көзім жеткені: адам ақылды болып жетілуіне жаратылысына біткен қасиетіне қосымша екі нәрсе себепкер болады, ол – тәжірибе мен білім. Тәжірибе – басыңнан өткенінді, көргенінді көңіліңе түй, одан тәлім алу болса, білім тек оқу арқылы келеді.

Атадан балаға қанмен тараған ақылдылық, байсалды мінезді тәжірибе мен білім толықтырса, төңірегіне нұр шашып тұратын азаматтар солардан шығады.

Сондықтан оқу, үйрену, тыңдау, іздену, талаптану әрбір өзін құрметтейтін адамның басты бағыты болуы керек.

Білім

Білім адамның ішінен шығатын нәрсе емес, сырттан келетін нәрсе. Оқымай білімді боламын дегендер, тормен су алғысы келгенмен тең. «Біз қанша білсек, сонша нәрсе қолымыздан келеді. Сондықтан да білім – күш», – депті ағылшын философы Френсис Бэкон.

Өзен қайтсе үлкейеді? Өзіне келіп құйған бұлақтардың бәрін қабылдай берсе. Білімділік те солай, құр оқып қана қоймай, бойыңа сіңіре білсең ғана, білімдар боласың.

VII ғасырда өмір сүрген, мұсылмандардың алғашқы төрт халифасының бірі Әзірет Әлінің /Әбу Әли ибн Әбу Талиб/ ілімнің қақпасы аталып кеткенін сынау мақсатында жерлестері оған он адамды кезекпен жібермекші болған, олардың бәрі Әзірет Әліге бір сұрақ: «Білім артық па, байлық артық па?», – деп сұрайтын болып келіскен. Егер осы сұраққа он түрлі жауап берсе ғана халифаны мойындамақ болыпты. Сонда Әзірет Әлі сұрақтарға былай деген екен:

1. Білім артық, өйткені ол пайғамбарлардан қалған мирас, байлық бақылдардан қалған мұра.

2. Білім сені бағады, байлықты сен бағасың, сондықтан да білім артық.

3. Білім артық, ол досыңды көбейтеді, байлық дұшпаныңды көбейтеді.

4. Білім іздей берсең көбейеді, оны жұмсағанмен азаймайды, байлық жұмсасаң азаяды, білім артық болатыны осыдан.

5. Білім артық, оны ұрыдан сақтаудың керегі жоқ, ал жиған дүниенді ұрылардан күнде қорғау керек.

6. Білімнің көп болса сені құрметтейді, байлығың көп болса қызғанады, білімнің артық болатыны сол.

7. Білім артық, білімнің көп болғанмен есеп-қисап жүргізбейсің, байлығыңа ұдайы есеп жүргізіп тұруың керек.

8. Білім қанша көп болса да іріп-шіріп бүлінбейді, дүние-мал бүлінеді, сондықтан да білім артық.

9. Білім артық, ол жаныңды байытады, байлық жан дүниенді шектейді, өзінді тура жолдан тайдыруы мүмкін.

10. Білімді адам орнымен сөйлейді, мәдениеті артады, байлығы мол, бірақ білімсіз адам байлығына мастанып мақтанады, астамшылық көрсетеді, сондықтан білім артық, – деген екен.

Білімнің артықшылығын бұдан артық дәлелдеуге болмас.

Білім өмірде – таяныш, жолда – дос, жалғыздықта – жолдас, қуанышта – бастаушы, қайғыда – медет, күресте – құрал, зұлымдыққа қарсы айла деп діни хадистерде бекерге айтылмаған. Қараңғылық – бар бәленің бастауы, тасырлық та, тоғышарлық та содан, қараңғылықтың бұғауы мен надандықтың кісенінен азат ететін жалғыз күш – оқу.

«Білген адам – өкінбейді, мейірбан адам – мазасызданбайды, батыр адам – қорықпайды», – дейді Конфуций. Өзі сүйіп көрмеген адамға махаббаттың не екенін түсіндіре алмайсың. Сондай-ақ өзін-өзі аяйтын, жанын кешіп жұмыс істегісі келмейтін адам білімдар бола алмайды.

«Мәдениеттің үш түрі бар: тұрмыстық мәдениет, яғни, жаңа ақпараттарды жай ғана жиюшы; діни мәдениет, оның мағынасы, белгілі бір нұсқаулықтарды орындаумен шектеледі; санаулылардың мәдениеті – өзін-өзі дамыту», – депті Худживри ұста.

Білу дегеніміз жеңу. Ғылым, білім – тоғышарлыққа ем.

Өз қанатың болмаса өзгенің қанатымен ұша алмайсың.

«Іздеген сирек болса да табады, іздемеген ешуақытта таппайды», – дейді Бальзак. Білім көңілге күдік туғызады, ал күдік тағы да жетігірек білуге жетелейді, демек, білім қосыла береді. Білім – адамның ақылын қозғап отыратын керемет күш, адамзат ақиқатқа баратын жолда білу арқылы жапа шегіп жатады. Тоғышарлық болса ештеңеге күдіктенбеуімен, ештеңені білмеуімен, білгісі келмеуімен, солай бола тұра, бәрін білемін деуімен мықты болғысы келеді. Білімділік – күдіктену арқылы көзіңнің жетуіне, тоғышарлық – тоңмойындыққа алып келеді.

Исаак Ньютон өлерінде былай депті: «Мен Ұлы Мұхиттың жағалауынан бір ғана кішкентай тас тауып алған балаға ұқсаймын, таптым да қуандым... Ал ол Мұхиттың жағалауы мен түпсіз тереңінде ол секілді тастар қаншама». Омар Хайямның соңғы сөзі былай болыпты: «Алла! Мені өзің берген білімім үшін кеше гөр!».

Қазақтың тарихы келте, жөнді сақталмаған дегенді көп айтамыз. Бір өзі мыңға, миллионға татитын Абайымыздың қадіріне де енді жеткендейміз. Мен қазақты үшке бөлген болар едім: Абайды оқығандар, Абайды оқысам деп жүргендер және Абайды оқу керектігі ойына кіріп те шықпайтындар, – деп.

Ең жоғарғылар – туғаннан біліп туғандар, келесісі – оқып барып, танып-білгендер, одан кейінгісі – тал қармағанда ғана оқитындар, одан төменгі адамдар оқу керектігі ойына кіріп те шықпайтындар. Олар – надандар. Ал надандар – тірі өліктер.

Ең бағалы табиғи тасты алмаз дейді, оны қырландырып, тәртіпке келтірген соң ғана бриллиантқа айналады. Бриллиант үлкен болып, қыры көп болған сайын бағалы. Оқу-біліммен қырланған ақыл да солай.

«Білім – күш», – дедік. Шын мәнінде, білім бар болғаны кілт қана, оның орнын тауып қолдана білсең ғана күш-қайратқа ие боласың.

«Білімсіздік – бұл ымырт, оны жамандық кезіп жүреді. Көшені жарықтандыруды ойласаңыздар, мархабат; ең бастысы ақыл ойды ағартуды ойласаңыздар екен», – дейді Виктор Гюго.

Құр оқи бергенмен ештеңе шықпайды, әлсін-әлсін ойыңды қозғап қой, пайдаланылмай қалған ақылды тот басады.

Көп адам өзінің не тындырып жүргенін, ақыл-қабілеті қай деңгейде екенін біледі. Көп білген сайын адам білім-танымға тойымсыз келеді. Мұхаммед пайғамбар мен дана Шәкәрімді жылдап тау-дала кездіріп ойландырған сол білім-танымға асықтық. Осыған керісінше, адам аз білген сайын өзіне-өзі риза болады, тоқкөңіл келеді.

Білім де талпынсаң қонады. «Ит маржанды не қылсын», – деп ұлы Абай айтқандай, маржанды қажетсінген адам, оны іздеп тереңге бойлай білген адам табады. Ал тереңге бойлау үшін талап керек.

Білімі ақылынан көбірек адам, білімінен таяқ жейді.

Өмірден үлкен ұстаз жоқ. Киікбай деген би айтқан екен: «Нағыз бақ еңбектіге бітеді, өмір үйретіп данышпан етеді. Ақылым – атам, білімім – бабам», – деп.

«Білім деген зейін, ал ақыл басқа», – деуші еді өмірінің 45 жылын ораза ұстап өткізген, сексеннен асып қайтыс болған Сақы нағашым. Дүниенің сыры тек білумен түгенделмейді.

Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі, – деген Әл-Фараби бабамыз.

Неміс халқында бала тәрбиелеуде екі ерекшелік бар, біріншісі: баласымен тең кісідей сөйлеседі, сөйлесе отырып мүмкіндігін байқайды, осал жерін байқатпай көтеріп отырады, екіншісі: баласын ең негізгі нәрсеге, сөйлеп тұрған адамның мінезіне, дауыс екпініне, қысқасы, биязы-оспадарлығына қарамастан тыңдай білуге үйретеді. Себебі тыңдай білмейтін адамның айтар ойы да аз болады.

Талантты деп ерекше қабілеті бар адамды айтамыз. Талант ескі гректер мен римдіктерде табиғи сый мен қабілет.

Даль оны – жолы болу, табыс, бақыт деп бағалаған. Эдисон: Талант дегеніміз бір процент қана қабілет, ал қалған 99 проценті еңбек, – депті.

Талант асыл тас сияқты. Қанша үйкесең, соншама жалтырайды.

«Алаған қолым береген», – деген қазақ. Біреуден үйрену үшін, оған да үйрете алатын бір нәрсең болуы керек.

Оқыған, естіген жақсы ой, пайдалы әңгімелерді тарата жүр, менен басқа ешкім білмесін деме. Ағаш саған өзінің саясын, жемісі мен гүлдерін беріп тұрса, мен ғана пайдаланамын деп түбімен көтеріп әкетсең, солады.

Адамгершілік

Нағыз адам жер бетінде өзін қарыз адамдай сезінеді, әйтпесе ол масыл ретінде сезінуі тиіс еді.

Адамға – адам болу, ойлай білу, тыңдай білу – осы үш қабілет керек.

Өзі үшін ғана өмір сүріп, өзіне ғана пайда болсын деген адам бақытты бола алмайды. «Өзің үшін өмір сүргің келсе, біреулер үшін өмір сүр», – депті Сенека.

Кісі болар кісінің

Кісіменен ісі бар.

Кісі болмас кісінің?

Кісіменен несі бар, – деген Ақсуат би.

Адам ағын су емес. Ағын су артына қарай алмайды. Артыңа қара, ізің қандай болып түсіпті, үңіл.

Адамды өзінің артықшылықтарын көрсету, басымдылық көрсету, жеңіске қол жеткізу мүмкіндіктерін иелену тілегі басқарады.

«Адамдардың мінез-құлқы қажеттілігіне байланысты өрбиді», – деді бізге заң тарихынан сабақ берген Дюков деген заңгер.

«Адамда алдымен өзінің қажеттіліктерінің төңірегінде ғана қызығу болады, өзінің ауырған тісінің уайымы елдегі аштық пен апаттан зәрірек», – деп Д.Карнеги дұрыс айтқан.

«Жай адам өзінің күнеларын кешіруді сұрайды, тек таңдаулылары ғана өзінің абайсыздығы үшін тәңіріне жалбарынады», – дейді суфизм ұстаздарының бірі Зуннун Мысыри.

Адам қандай болса, сөзі сондай.

«Адамды досына қарап таны», – деген сөз бар. Бірақ адамның досына ғана қарап емес, жауына қарап та кім екенін тануға болады.

Үлкен істерде адамдар өзін сол іске лайықтап ұстауға тырысады, ал ұсақ істерде адамның шын бетпердесі анықталады.

Адамның бағасын өзі емес, өзгелер қояды. «Адамды бөлшек санға ұқсатуға болады. Оның төмені адамның өзі туралы ойлағаны, жоғарысы адам туралы өзгелердің ойлағаны. Төмені көп болған сайын қорытынды азая береді», – дейді Лев Толстой.

Ой қуу бар, іс қуу бар, сөз қуу бар.

Көшеде келе жатсаң, түрлі иттер көресің. Біреуі үлкен, біреуі кішкене. Әрқайсысының даусы да әртүрлі. Сонда да бір-бірінен тайсалмай, ұялмай, кезек күтіп отырмай үріп жатады. Адамның өзге мақұлықтардан айырмашылығы – саналылығында. Сол сана – кезек күттіретін. Біздің қазақта: «Салиқалы сана бер», – деген бата бар. Санадағы өзгеріс тұрмыстағы өзгеріс секілді көрініп тұрмағанмен, тұрмыстың түзелуіне бірден бір әсер ететін сол.

Мінің жоқ болып көрінуге тырыспа, кемшілігі жоқ адамның артықшылығы да жоқ. Тағдыр дегеніміз – адамның өзінің өміріндегі жіберіп алған кемшіліктерінің жиынтығы. «Ыстық пешке бір отырып қойған мысық қайтып ыстық пешке отырмайды. Суық пешке де», – деген Марк Твен. Қателіктерді болдырмау да біздің тәжірибемізге, білімімізге, санамызға байланысты.

Адамды айыптауға асықпа. Әуелі өзіңе қара. Айыптайын деп тұрған сол мінез өз бойыңда жоқ па екен, біліп ал. Әбден азғындап кеткен адамнан да бір жақсы қасиет табылуы мүмкін. Қанішер де, қарақшы да адам баласы, мүмкін ол да бір кезде қой аузынан шөп алмайтын момын, әдептен озбайтын тәртіпті болған болар, оны бұзылып кетуге итермелеген бір нәрсе бар шығар.

Адам адал болған сайын өзге жұрттың адалдығына күмәндануы азаяды. «Адам неғұрлым ақылды, мейірімді болған сайын, соғұрлым өзгенің

жақсылығын бағалағыш келеді», – депті Блез Паскаль. Лұқпан хакім: «Адамның 362 тамырының біреуі ғана харам», – деген.

«Тәрбиелі адамдар адамның жеке басын ардақтай біледі, сондықтан да ол әруақытта мейірбанды, жайдары, сыпайы келеді», – дейді Чехов.

Адал адам адалдығы үшін төлем төлеп тұрады.

Әркім әрнәрсенің құлы. Құл емес ешкім жоқ.

Бәрі ұғуға байланысты. «Барлығын айқын көріп тұрған адам бақытсыз», – депті Пастер.

«Арық қазған адам суды өз ырқына көндіретіні секілді, мерген жебені өз қалағанына тигізетіні секілді, балташы ағаштан өз керегін жонып алатыны секілді шынайы азамат та өзін өзі билей алады, ұстамды келеді», – дейді Будда.

Кемшіліксіз адам жоқ. Жан-жақты жетілген, үлгі боларлық деген адамды жақынырақ танысаң, бір жағымсыз қылығы табылады. Кейде теледидардан көріп, радиодан немесе мінберден сөзін естіп данышпан деп ойлаған адамыңды жақынырақ танып, үңіліп қарасаң, түңіліп қалатын кезің болады. Ал бір қарағанда тоңтеріс немесе жеңілтек көрінген кейбірі сен ойлағаннан мүлде биік болып шығады. Сабан менен алтынның түсі ұқсас, салмағы бөлек. «Ұлы адамның үнін есті, үйіне барма», – деп қазақ бекер айтпаған. Әйтеке бидің мынадай сөзі бар екен:

«Азынаған айғырды үйірінде көр,

Аңқылдаған жігітті үйінде көр».

Өзіне деген сенімді үзгісі келетіндерден қаш, олай ету ұсақ адамдардың қылығы, қайта сенің мүмкіндігіңді бағалап, оны әрі қарай дамытқысы келетіндерге жанас. Әбу Саид ибн Әбу Қайыр шайық айтады: «Тоқырап қалған ой мен ұшқары пікірден қаш, бетінді тағдырың боларлық ойларға бұр».

«Өзінің сеніміне қарай іс жасаған адамның бәрі парасатты емес, ол үшін оның сенімі де парасатты болуы керек», – дейді Достоевский.

Өркениеттің дәрежесі халықтың жалпы мәдениетінің деңгейімен өлшенеді. Штраустың 60 жылдығына Австрияда өзі туған кішкене қаладағы газетке: Штраус өзінің 60 жасқа толған тойына стадионда музыкалық қабілеті бар жерлестеріне «Көгілдір Дунайға» дирижерлік жасайды, сол тойға келіңіздер, – деген хабарландыруға 60 мың адам скрипкасымен келіп, бүкіл стадион оркестрге айналып, мерейтой иесі дирижерлік еткен екен. Ал біздің классикалық музыка шеберіміз Мыңжасар Маңғытаевты осылай бағалай білеміз бе?! Мәдениеттің деңгейі дегеніміз осының өзі және осы сияқты нәрселерден құралады.

«Есі бар адам өмірге икемделеді, ессіз адам өмірді өзіне икемдегісі келеді», – дейді Бернард Шоу, – Қоғамның дамуы байсалды ақылдылардан гөрі шыдамсыз ізденушілерге көбірек байланысты».

Неге біз біреу мақтаса: «міне мен қандаймын!» – деп, ал ұрысса: «ол қандай,ә?» – деп ойлаймыз.

Түсіну дегеніміз – сезіну. Түсіну дегеніміз – келісу. Бір нәрсені шындап түсіну үшін оны істеп көру керек. «Сіз мені түсінбедіңіз», – дегеннен гөрі, «Мен сізге жеткізе алмадым-ау», – десең ұтасың.

Қолынан іс келетіндерді көре алмау, дарындыларға зиян жасау, ұлыларға өшпенділік жасау бұрыннан келе жатқан нәрсе.

Адам адамды өзіне ұқсастықтары үшін де жақсы көруі мүмкін.

«Жек көрсе жақсы көріп, жалғандықты – шындықпен, зорлықты – шыдаумен жеңу мүмкін», – деген Махатма Ганди.

Егер өмірде көп нәрседен құр қалсаң, оған өзінді ғана айыпта.

Кісіні көлеңкесі жетелемейді, кісі көлеңкесін жетелейді.

«Ең алынуы қиын қамал – адамның бас сүйегі», – депті Маркс.

Мені ешкім ауыстыра алмайды деген адам ыдыстағы суға саусағын сұғып, қайтып алып қарасын, саусақтың ізі қалар ма екен.

Түсініксіз болған жаман. Бірақ әбден түсінікті болсаң ол да жаман. Мені түсінбей қалады деп қорықпа, оны түсінбей қаламын ба деп қорық. Маған түсінікті нәрсе жұрттың бәріне түсінікті деп ойлап қалма.

Біреу сөзінді түсінбей қалса күлме. Қанша түсіндірсең де ұқпайтын, мүмкіндігі шектеулі адамдар болады.

Жаның жалқау болмасын. «Пендеде бір іс бар – жалығу деген. Ол – тағдырда адаммен бірге жаратылған: оны өзі тапқан емес. Оған егер бір іліксе – адам баласы құтылмағы қиын», – депті Абай.

«Енжарлық жан дүниенің сұмпайылығы», – деген Лев Толстой.

Адамның ішінде дұрыс істемегенде, қате сөйлегенде, бұрыс ойлағанда соғылатын қоңырауы болады. Бірақ көп адам сол қоңырауды тоғышарлықпен, менмендікпен тұншықтырып тастап отырады.

«Адамгершілігің пәс болса әділетті бола алмайсың», – дейді Вовенарг.

Адамдардың қатыгез, қайырымсыз, әділетсіз, өркөкірек, өзімшіл, енжар екеніне өкпелеу – тастың төмен қарай құлдырауына, жалынның жоғары қарай жануына таңқалғанмен бірдей.

Әпсана:

– Тақсыр, мен өмірімде көп күнә жасадым. Күнәларымнан арылтып, Алланың кешірімін әперші, – депті бір кісі имамға. – Сенің жаның бес арықтан лай су ағып құйылып жатқан бір тоғанға ұқсайды екен. Біріншісі – сенің көздерің, мұсылман әйелдерге көзіңді сүзбе. Екіншісі – сенің аузың, ораза ұстап, дұға оқып жүр, жақсы сөз айт. Шарифат қаламағанды ішіп-жеме. Үшіншісі – сенің миың, әділетсіздік пен зұлымдықтан, менмендік пен өркөкіректіктен арыл. Төртіншісі – сенің аяқтарың. Көргенсіз жолға

баспа. Бесіншісі – сенің құлағың. Өсек пен кеселді сөзді терме, естімеген бол. Тек сонда ғана сенің арықтарыңның суы тұнықталады, сенің жаның мен жүрегің тазарады, сені күнәларыңнан мен арылта алмаймын, өзін арылтасың, – депті.

Адамға есекке қарағандай қарасаң, есек секілді бірбет етіп аласың.

Өркөкірек адам, қолындағы шамын желдің өтіне ұстағанмен тең. Бірақ, маған жұдырығын түйіп келетіндерді, мен де жұдырығымды түйіп қарсы аламын, өйткені сырт киімді шешуге суық пен желге қарағанда күннің ықпалы көп болмақ: қаһар мен ашуға қарағанда, ізгілік, достық ыңғай мен ізеттілік адамдардың өз пікірінен айналуына анағұрлым көбірек ықпал етеді. Сондықтан біреудің жасаған ісі орынсыз деп есептесең де бірден жұдырық түйе барма. «Тікен ексең, жүзім шықпайды», – дейді Ахмед Йүгінеки.

Бір жылдан кейін сенің қандай киім кигенің естен шығуы мүмкін, бірақ қандай адам екенің елдің есінен шықпайды.

Бақыт қонса басшы да, бай да болу оңай, азамат болу бақыт қонса да қиын.

Адам өмірінде атаққа, билікке, байлыққа, білімге, абыройға ұмтылады. Ұстай білмесең, бәрі де баянсыз.

Ақыл

Ең ақылды адам – өзінің шамасын білетін адам.

Ақылың көп болған сайын өмір сүру қиындай түседі. Ақылдың азабы қарғыспен тең. Абай:

«Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда.

Көбінің сырты бүтін, іші түтін», – дейді. «Сұм өмір абақты ғой саналыға», – деген Мағжан. Әріректен қозғасақ, тегі өзімізбен тектес Анахарсис бір тоғышарға: «Мен үшін елім қайғы, ал сен – еліңе қайғысың», – депті деседі.

Ақылды болуға жетелейтін үш жол бар: бірінші, тәжірибе жолы – ең ащы жол, екінші, ұқсау жолы – ең жеңіл жол, үшінші, ойлау жолы – ең таза жол, – дейді ежелгі қытай мақалында.

Еркекке түрден гөрі ақыл көбірек керек, ал сұлу әйелге ақыл одан да көбірек керек.

Ақылды адам ғана ыңғайсыз жағдайға түседі, өйткені ақылсыз ыңғайсыз жағдайға түскенін сезбейді де.

Алма ағашы жемісті көп салған сайын басы төмен иіле береді, ақылды адам да солай.

Жанып тұрған оттан ғана тұтатуға болады. Тұтатып алғаннан от өшіп қалмайды. Үйреткеннен білігің азайып қалмайды. Жақсы ұстазды оңбаған ғана ұмытады.

Біреудің ізімен жүрген адам ешуақытта оның алдына шыға алмайды. Пайдаланып жүрген кілтің жылтырап тұрады, – дейді Бенджамин Франклин. Ақылды пайдаланып тұрмасаң да тот басады, – депті Боуви. Ағынды су өрлейді, ағынсыз су сасиды.

«Ақылмен арыстан да ұстауға болады, ал күшпен тышқан да ұстай алмайсың,» – депті Махмұт Қашғари.

«Малда да бар жан мен тән,
Ақыл мен сезім болмаса», – дейді Абай.

Жақсы адамды көргенде оған теңелу жайында ойлан да, ал жаман адамды көргенде өзіңді-өзің зертте, – деген екен Конфуций.

«Өресі биік тұлғаларды алдыңғы қатарға шығара алмаған және солардың ақыл-ойы мен іс-әрекетінің игілігін пайдаланып, жемісін тұтына алмаған қоғам ауыр дағдарысқа ұшырайды», – дейді Әл-Қайс.

Мен өзім жолықтырған әрбір адамнан өзімде жоқ жақсы қасиеттер көрем, олардан үйреніп жүремін. Менде мынандай міндер бар: жалқаулық, уақытты босқа өткізуге бейімділік, болмашы нәрсеге ашулану, уайымшылдық, бір шешімге келудің қиындығы.

Мен Алладан күндердің күнінде: артта қалып барасың деп белгі жасап тұрғанын тілер едім.

Абайда бір қасірет бар. Ол – тобырдан биіктеп кетіп, оны ерткісі келіп артына қайырылып, соңына еретін ешкімді таба алмағаны. Бүгінгі даналарға Абайдан гөрі жеңіл – сауаттылар көп, мәселе соларды ерте білуде.

«Өзгелерге көп нәрсені кешкенмен, өзіңе ештеңені кешпе», – деген Публилий Сир.

«Әрбір адам лайланып аққан бұлақ, оны түгел қабылдап әрі таза қалу үшін сен бір шалқар теңіз болуың керек», – депті Ницше.

Өмірден өнеге алмау – тоғышарлық. «Тоғышарлық ақылдың түні, айсыз және жұлдызсыз түн», – деген Цицерон. Конфуций: «Қайғысыз – адамды сүйе білуге, адаспай – білімдар болуға, қорықпай – батырлыққа жетуге болмайды», – деген екен.

Лао Цзы айтқан екен: «Ақиқатты тануға ақылы жетпегеннен адамшылық күтпе», – деп.

Америка Президенті болған Бенджамин Франклин: Тәжірибе мектебі – өте қымбатқа түсетін мектеп, бірақ ақымақтар үшін одан басқа үйренетін мектеп жоқ, – депті.

Егер адамдарға ұнағың келсе, олардың ақылын бағалай біл.

Кеңес беру парадоксы: Ақылды адамға кеңесіңнің керегі жоқ, ақылсыз онымен бәрібір пайдаланбайды.

Тыңдай білмейтін адамның айтар ойы да аз болады.

«Дүниедегі ең оңай нәрсе кісіге ақыл айту, ең қиыны – өзіңді-өзің түсіну», – депті Әл Фараби.

Басқалардың ісіне ақылды пікір айту өз ісіңе ақыл айтудан жеңіл.

Француз моралисі Ларошфуко: Ылғи өзін жұрттан ақылдырақ етіп көрсеткісі келгеннен артық ақымақтық жоқ, – деген.

Осы орайда ілгеріректе оқыған бір үлгілі әңгіме есіме түседі: Бір патша төңірегіндегілерге таза қағазға бір сызық сызып, үнсіз сауал тастапты. Сарайдағылар жұмбақты шеше алмай ойланып қалыпты. Ақыры бір ақылдысы оның жанына одан ұзынырақ сызық сызыпты. Ол – сен мінсіз болсаң, сенен де мықтылар бар дегені екен.

Ойлағаныңды айту – үлкен бақыт. Үш түрлі адам болады: біріншісі, ойлаған ойы, айтқан сөзі мен істеген ісі үш түрлі; екіншісі, ойлаған ойы мен істеген ісі бірдей, айтқан сөзі басқа; үшіншісі, ойлаған ойы, айтқан сөзі және істеген ісі бірдей адамдар. Нағыз адам – соңғысы.

Ойлағаныңды айта алатын кез де, айта алмай қалатын кез де кездеседі.

«Бидің айтқанын құл да айтады, бірақ аузының дуасы жоқ», – дейді Төле би.

Қоғам ылғи үздік адамдардан құрылуы мүмкін емес; қайта онда елеусіз қарапайым топ пен орта деңгейдегі адамдар көбірек. Менделеев таблицасы тек алтын мен радийден тұрмайды ғой, онда да қарапайым елеусіз элементтер көп, оның әрбірінің табиғат анықтаған өз рөлі бар, оларсыз таблица толық бола алмайды.

Олжас Сүлейменовтің «Жер шетінде тұрғандағы бір минут үнсіздік» деген өлеңінде «қолтығына Лениннің томын қыса жүретіндердің де, академиктердің де, билік иелерінің де ішінде оңбағандары кездесе береді. Оларды сүренсіз, сұрқай, енжар кейпінен танысын», – дейді. Қалтасындағы дипломына немесе бүгінгі биік қызметіне қарап бағалаудың қажеті аз.

Эпиктет айтыпты: «Ақылды сөз айтқандардың бәрін ақылды деу, қолында балтасы бардың бәрін ұста деумен бірдей».

Жыланды неге ақылдылықтың символы дейміз? Өйткені оның шағуы ақиқат секілді, жаныңды ауыртады, тіпті өлтіріп жіберуі мүмкін.

Егер барлық мисыздар бір адамға жабыла қарсы келіп жатса, оны данышпан дей бер, – депті Джонатан Свифт.

Конфуцийдің: аса ақылдылар мен аса ақымақтар ғана өзгермейді, – деген сөзі бар.

Ақылсыз адам ешқашан да тығырыққа тірелмейді, өйткені онда ақылды адамдарға толып тұр.

Ертеде маймылдарды асқабақпен аулаған: асқабақтың бүйірін кішкене ойып, ішіне күріш салған. Маймыл қолын салып, күрішті уыстап алған соң, қолы қайтып шықпай қалады. Қолын ашуға қорқаулық жібермейді, асқабақты аунатып күрішті түсіруге ақылы жетпейді.

Ауыз – адамның қақпасы. Егер ашық қалдырсаң ақылың сыртқа шығып кетеді. Жабық ауыз тістің сақталып қалуына да көмектеседі. Бірақ айтылуы тиіс, ретті сөзін бар болса, тартынба, айт. Момындық, ұяңдық жасама. «Жақсының бір аты бар залым деген, жаманның бір аты бар момын деген», – дейді қазақ. Момындық көрсетсең жаман екен деуі мүмкін. Гамлеттің: «Вы можете расстроить меня, но играть на мне нельзя», – дегенін де есінде тұт.

Ақылдыларды жұрттың бәрі жақсы көреді деп ойлама. Тек жемісі бар ағашқа ғана таяқ лақтырады. Жай биік ағашқа түседі. Құрт тәтті алмаға түседі. Семіз мал қасаптың пышағына алдымен ілінеді.

Құр бекерден тұрған желден пайда жоқ. Желге – желкен керек. Ақылдың желкені – шәкірт. «Неважно, есть ли у тебя исследователи, а важно, есть ли у тебя последователи», – деген Е.Евтушенко.

«Ақылды керексіз ұштай берсең топастандырып аласың», – депті Лихтенберг.

Қорғасынның жартылай ыдырауына 1700 жыл керек екен. Адамның толық тоқырауына одан мың есе аз уақыт та жетеді.

Қателіктің өзі – тәжірибе. «Қатенді дер кезінде мойындау, оны түзелмейтіндей жағдайға жібергеннен анағұрлым жақсы», – деген Лев Толстой. Тағдыр солай шығар деп өзімізді-өзіміз жұбатамыз, шын мәнінде тағдыр дегеніміз – өмірде өзіміз жіберіп алған қателіктеріміздің жиынтығы.

Өзіңнің өмірлік бағытыңды дұрыс ұстанғың келсе өткен өміріңе жалтақтай берме, өйткені ол ешқашан да өзгермейді. Өткенінді жіберіп алған қателіктеріңді болдырмау үшін ғана есіңе түсір.

Еңбектің рахатын адам өзі көре бермейді. «Төңкерісті ойлап шығаратындар – утопистер, орындаушылар – фанатиктер, ал оның пайдасын көретіндер – оңбағандар», – дегенді оқығаным бар.

«Ішінде дәнегі жоқ жаңғақ шағылғанда ұятқа қалады», – депті Саади. Үндемегеннің ақылды боп көрінетіні жаңғақтың шағылмай ішінің толы я қуыс екенін көрсетпей қалғанынан да болуы мүмкін.

Бірақ Монтескье: «Айтатын ойың жоқ болса, үндемегенің жақсы», – деген.

Қарау басқа, көру басқа. Бәрі қарап, біреуі ғана көруі мүмкін. Шалшыққа қарап, шалшықты ғана көретіндер бар да, одан жұлдызды көретіндер бар.

Тауықтың суға тұмсығын батырып аспанға қарағаны – аузына алған суын жұтуға мүмкіндік берген тәңіріне тәубесі дейді. Шошқа аспанға қарай алмайды.

Күлді қанша үйгенмен төбе болмайды, – дейді Қорқыт баба.

Жас ұлғайғасын ақыл өзінен өзі толысады деген бекер. Бірақ жетілуге бейім адамның өмірге көзқарасы мен өзін қоршағандарға пікірі жасы ұлғая келе өзгеріп, ақылы толысып отырады. Моцартқа тұстас бір композитор әуелі: «мен ғанамын», – дейді екен. Біраз жылдардан кейін «мен және Моцарт», – дейтін болыпты, тағы біраз жылдан кейін «Моцарт және мен», – депті. Аяғында «тек қана Моцарт», – деген екен.

Марк Твен: мен 14 жасымда әкем топас сияқты көрінетін, оның сөздеріне зорға шыдайтынмын, бірақ 21 жасқа келгенде әкемнің 7 жыл ішінде қалай ақылды болып кеткеніне таңқалдым, – депті.

Әпсана: Баласы нашар болып өскен бір әке баласына әсер ететін барлық тәсілдері таусылған соң есік алдына бір бағана көміп, баласының әрбір нашар ісі үшін оған бір шегеден қаға беріпті. Біраз жылда бағана шегеге әбден толыпты. Балаға бұл әсер етіп түзеле бастапты. Енді әке баласының әрбір жақсы қылығы үшін бір шегеден суыра беріпті. Ең соңғы шегені суыратын мерекелік сәт келгенде бала жылап жіберіпті. Неге жыладың дегенде: шеге жұлынып таусылғанымен орындары үңірейіп тұр ғой, – деген екен.

Денсаулық

*Амандықта қадір жоқ,
Алдырған соң білерсің.
Денсаулықта қадір жоқ,
Ауырған соң білерсің, –*

деген жыраулар сөзінде. Сол айтқандай, жастықта өзіміз қадірін біле бермейтін бір нәрсе – деннің саулығын күту. Шопенгауэр айтқандай: «Денсаулық – ең ұлы қазына, басқалар оның алдында ештеңе де емес», – дегендей, деніміз сау, өзімізді күшті сезінген кезде бізге де бір күні кәрілік пен кесел жетеді деп ойлай бермейміз.

Американдықтар Ауди мен Данн төрт мың адамды зерттеп, солардың 10 пайызы ғана дені сап-сау, 30 пайызы – ауру, қалған 60 пайызы – білінбей өршіп келе жатқан кесел иелері екенін анықтаған.

Осынау заманда тәніңді аурудан қорғап қалудың мүмкіндігі бар ма? Жоқ-ау сірә. Адам жағдаяттар мен жайсыздықтарға төтеп бере алатын болуы керек.

Қоғамды салауатты ұстау үш нәрсе арқылы жүзеге асады: Әлеуметтік-экономикалық даму, қоршап тұрған ортаны таза ұстау арқылы ауруға қарсы күрес адамның қартаймауы үшін молекулярлық-гендік деңгейдегі медициналық күрес, ең негізгісі – адамның өз денсаулығына ұқыптылықпен қарауы. Өз уақытында Мечников айтқандай: «Баласын гигиена талаптарына сай тәрбиелемеген ана – болашақ алдында кінәлі». Өз денсаулығымызға өзіміз темекі шегіп, арақ ішіп, жүйкемізді аямай тамақты көп жеп қиянат жасаймыз. Сөйтіп, француздар айтқандай денсаулықты бұзу үшін жаман ештеңе жасамай-ақ, жақсы нәрсені мөлшерінен артық пайдалансаң жетіп жатыр, мысалы: тәтті тамақ, ұйқы, құр жату.

Денсаулықты сақтау үшін адамға берілетін төрт-ақ кеңес бар: күш жұмсалатын еңбекке белсенді болу, дұрыс тамақтану, зиянды қылықтардан аулақ болу, жүйкені аяу. Бірақ көбіміз осы кеңестерді біле тұра ұстанбаймыз. Ұстай алмаймыз, ұстағымыз келмейді, жалқаулық жібермейді, ұмытып кетеміз, ұмытып кеткіміз келеді, сөйте келе денсаулық бұзылғанда ғана өкінеміз. Менің орнынан бір тұруға зар боп жатқан мектепте досым Берік айтады: «Осыдан тұрып кетсем дене шынықтырумен айналысар едім, бір тынбай еңбек етер едім, шаршадым деп айтпас едім», – дейді. Ауырмай тұрып денсаулықтың қадірін біл. Соған орай, Вальтер Шененберг айтқан бесінші кеңес: «Деннің саулығы тек өзің ғана ала алатын асу».

Менің сүйікті дәрігерім Николай Амосов: Бүгінгі заманғы медицина емдеуді жақсы-ақ меңгерген, бірақ сап-сау етіп жібере алмайды», – деген. Демек ауырмай тұрып саулықты сақтаған жөн.

Қара жұмыстан шаршасаң, шаршағаның 3-4 сағатта басылып кетеді, ал жүйкең шаршаса қалпына келу үшін ең болмағанда екі апта керек. Сол себепті ой еңбегінен шаршаудан абайла. Дәрігер-психотерапевт Введенский ой еңбегімен айналысатындардың денсаулығына нұқсан келтірмей еңбек өнімділігін арттырудың алты шартын айтады:

1. Жұмысқа біртіндеп кірігу;
2. Жұмыстың тәртібі және қалыптылығы;
3. Жұмыстың ұдайы және ретті орындалуы;
4. Еңбек пен демалыстың алмасып тұруы;
5. Қоғамның сіздің еңбегіңізге жылы көзқарасы;
6. Ұдайы шынығу және жұмысқа қалыптасу. Ақыл және мінез гигиенасы.

Амосов адам организмі денсаулығын қалпына келтіруді кез келген нүктеден бастап қайтарып алуға қабілетті деп сенеді. Сонда да уақыт өткізіп, әдеттеніп алып қиналғанша ертерек бастаған жақсы. Жігерсіздік, уайымшылдық, кінәмшілдік – мінездегі ауруға тікелей бастап баратын міндер. Сол міндердің ішіндегі бүгінгі біздер үшін қиыны ішімдікке мойынсұнған. Сөйтіп жігерсіздік таныту.

Адам баласына өте зиянды, халықтың сана-сезімін уландырып, ұрпағын кемтарлыққа, жарымжандыққа және мәңгүрттікке шалдықтыратын әдет-тердің бірі – арақ-шарапқа әуестік. Ол бүгінгі күні қазақ үшін аса қауіпті дертке айналды. Тарихтан белгілі, Американы жаулап алған Еуропалық отаршылдар жергілікті үндістерді бағындыру үшін ішімдікке үйреткен. Денсаулықтары мықты, өжет халық тез арада елдік және жауынгерлік қасиеттерінен айырылып, келімсектердің айтқанына көніп, айдағанына жүрді. Бүгінгі қазақ халқының тағдыры да осы үндістердің тағдырына ұқсап кетуден қауіптенесің.

Маскүнемдік бойға біртіндеп сіңеді. Аз ғана ішіп жүрмін ғой, салынып, соңына түсіп кеткен жағдайым жоқ деп кейбіреулер өзін-өзі алдайды. Германиялық дәрігер Ханс Мольдің зерттеуінше арақтан жеңілу, яғни, ішімдіктен азғындаудың алғашқы алты нышанының бірі – жылына ең азы төрт мәрте мас болу. Содан әрі асканды маскүнем деп есептеуге болады. Маскүнемдіктің екінші белгісі ішкенін мойындамай, ант-су ішу.

Арақтың құрамында болатын алкаголь тірі клеткалардың барлығы үшін зиянды у. Алкагольды іше салысымен ол асқазан сөлінің, қанның құрамына еніп, адамның бауырына келеді. Оның уытын кетіріп, қайтадан залалсыздандырып, қан айналымына жіберетін бауырдың өз клеткалары алкагольдің зардабынан уланып, әуелі ісініп-қабынып, арақ ішілу тоқтатылмаса, бірте-бірте асқынып, бауырдың клеткалары іріп айықпайтын ауруға – бетегеге (цирроз) әкеліп соқтырады. Сонымен қатар маскүнемдікке салынған адамның миынан бастап, жүрек еттері, бүйрегі және басқа ағзалары да уланып, зақымданады. Ең бастысы адам рухынан, жігер-күшінен айырылады, араққа толық мойынсұнып, аңсары ауып тұрады, онсыз көңілінің хошы келмейтін бағынышты мақұлыққа, тәуелді құлға айналады.

Ұзақ және дені сау өмір кешкісі келген адам алдымен рухын таза сақтауы керек. Құзғын 100 жыл, қолтырауын 400 жыл өмір сүреді. Ал адамзаттың басым бөлігі 80 жастан артық өмір сүрмейді, оның 30-ы ұйқыға кетеді, 10-ы санасы жетілмеген мерзім десек, қалған жартысын ұқыптап пайдалана білу керек. Белсенді өмір кешкен, қоғам өмірінен тыс қалмағандар ұзақ өмір сүретіні ғылыми дәлелденген. Сондай-ақ шығармашылық еңбекпен айналысатындар: ғалымдар, жазушылар, артистер өзгелерден ұзағырақ өмір сүреді, себебі олар ой еңбегінің нәтижесін көріп, рахаттанады.

Зерттеуші В.Шепельдің дәлелдеуінше, адамға мынадай «гигиеналық үштік» сақтау шарт:

1. Еңбек гигиенасы: қатты шаршамау, күндік кесте және тамақ тәртібін сақтау;

2. Байланыс гигиенасы: адамдармен сөйлесу мәдениетін сақтау, жақсы көңіл күймен жүру;

3. Жеке гигиена: өз тәнің мен жаныңның саулығын бақылау.

Мамандар адамдардың күнделікті тіршілігі мынадай ең төменгі дәрежедегі талапқа сай болуына үндейді:

– күніне 4-6 гимнастикалық үзіліс;

– күніне 6-10 км жаяу жүру;

– бір күнде 2000 калория қуат жұмсау /ол өмірді 28% ұзартады/;

– дұрыс тыныс алу, соған тиесілі жаттығуларды жасап тұру;

– күніне екі рет 5-ші қабатқа дейін шығып түсу /Н.Амосовтікі/.

Айтулы балерина Майя Плисецкая айтады: «Кім көп жұмыс істесе, соның күші көбейеді. Егер мен бір күн жұмыс істемесем оны өзім сезінемін, екі күн жұмыс істемесем әріптестерім сезіп қояды, үш күн істемесем жұрттың бәріне көрініп тұрады» – дейді.

Менің ең алғашқы жазу дәптерлерімнің бірінде, 1960 жылғы, Бүкіл-дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Жарғысынан алынған мынадай сөздер бар екен: «Здоровье является состоянием полного физического, душевного и социального благополучия, а не только отсутствия болезней или физических дефектов». Осы сөздер маған мынаны ұқтырды:

1. Денсаулық – тек ауырмау деген сөз емес.

2. Денсаулық – менің өз шаруам ғана емес.

Өзіме де, әйеліме де, балаларыма да, туыстарыма да, қоғамға да мен денім сау болса керегірекпін. Сондықтан өз денсаулығым үшін күрес – қоғамның денсаулығы үшін күрес.

Мінез

Қытайдың бір данагөйінен сұрапты. Жұмсақ өміршең бе, қатты өміршең бе? – деп. Жұмсақ, – депті де тілін көрсетіпті. Ал тісім болса жоқ.

«Кішкене кілт үлкен сандықты ашады», – дейді Р.Гамзатов.

Лай суды жайына қойсаң, тұнық болады.

Кеудеңе өкпе-реніш жинама. Көзе тамшыдан толады, кеудеге де зіл біртіндеп жиналады.

«Ашу тасыса ақыл төгілер», – дейді халқымыз. Көңілде кірбің қалмасын десең, ашуланба. Қайнаған судан шәйнектің қабырғасына қақ тұратынын білесің бе? Ашуланып, түтіккенің, ашуланған себебіңнен де зиян. «Ашу пышақ болғанда, ақыл – таяқ, кемиді сол таяғың жонғаннан соң», – дейді Ақмолла ақын. «Бабаңнан жүз жас үлкен бол, Балаңнан жүз жас кіші бол», – дейді Мұзафар Әлімбаев.

Тоғайға от түссе, құрғағы мен суы бірдей жанады. Үлкен дауыл ұзақ тұрмайды, нөсер де солай – құйып өтеді.

«Құмарлықтан асқан от, ашудан асқан бейнет, өтіріктен асқан қиянат, құштарлықтан асқан телегей теңіз жоқ», – деген Будда.

«Дымы қалмай күйіп кету дегенді күл ғана біледі», – дейді Иосиф Бродский.

Мен оңашалықты жақсы көрем. Керексіз отырыстарда өзімді қоярға жер таппай, шаршап кетемін.

Сыннан қорықпа, сын – тазартады. Сынаушылар қашанда толып жатады. Әрқайсысының әртүрлі мақсаты бар: біреулер көре алмағаннан, біреулер шынымен келісе алмай айтады. Салтыков-Шедрин айтқан: «На языке государство, а в мыслях – пирог с казенной начинкой», – деп.

Бір нәрсе болып қалса: солай болатынын біліп едім, – дейтіндер табыла кетеді. Біліп тұрып су лайлайтын өсекшілер де толып жатыр. Өсек кейде өзінен озып бара жатқанды қаралау мақсатында арнайы шығарылады.

Арыз-құрыз, жік, жала, есеп өссе,

Бір-біріңді жоқ қылар өсек ессе.

Өз шешеңнің емшегін өзің турап,

Итке тастау дегенің осы емес пе?! – деген Сүйінбай ақын. Әбділде Тәжібаевтың поэзиясының шыңы: «Не тапты қазақ Құлагерді ұрып жыққаннан», – деген бір қатар өлең ғой деп ойлаймын.

«Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Содан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық деп білесің», – дейді данышпан Абай.

Адам баласының бойындағы ең нашар қасиет – күншілдік. Күншіл болма, ол неге менен озып кетеді деме, мен неге оған жетіп, озып кетпеймін де. «Кісінің денсаулығын титімдей сатқындықтың өзі бұзады», – деген Николай Рерих «Жанды этика» деген кітабында.

«Көп білгенге көп надан болады қас,

Маужуд пенен мансухты ол айырмас.

Бәйтерек те күндейді көлеңкесін,

Байқап тұрсаң осы жұрт соған ұқсас», –

дейді Абай.

«Пенденің сауабы таразыға түскенде, жақсы мінезден пайдалы ештеңе болмайды. Жақсы мінездің дәрежесі ораза ұстап, намаз оқығанмен бірдей», – дейді пайғамбардың хадистерінде. «Шын кішіпейілділік адам таңдамайды, шын әділдік өз адамдарын өзгелерден айырып қарамайды, шын білімге зұлымдық жат, шын жанашырлық туыстарға ғана болмайды, шын сенім алтын көрсе де айнымайды», – дейді Конфуций.

Мінезің қабілетіңе дұшпан болмасын. Ішкі жан дүниен сайрап, еркін өзінде болғандықтан да ақылгөйсіп қажеті жоқ. Санаң тайталасып тұрғанда сезімге бас ұрып және қажеті жоқ.

«Мінез, құлық – әркім өзінің кейпін көрсететін айна» – дейді Гете.

Біздің халық ат жарыстырады, бір елдерде ит таластырады, қораз шоқыстырады. Бұл да мінез.

Көрсеқызар болма. Қызықты қуып іздеме. «Ненің қызығын көп іздесең, соның азабын бір тартарсың», – деген Абай.

Қарғыстан абай бол. Дүниеде қарғыс жаман, біліп айып жасағанға зауал бар.

Алданудың ең төте жолы – өзінді өзгелерден қумын деп есептеу, – депті Ларошфуко. Бір адамнан немесе бір топ адамнан қу болып шығу мүмкін шығар, бірақ барлық адамнан қу болып шығу мүмкін емес, бәрібір біреу болмаса біреу ішінде не жатқанын біліп қояды.

Сыр жасырғысы келген адам, өзінде жасырын сыр бар екенін жасырғаны дұрыс.

Ұстамды бол. Ол мінезділіктің белгісі.

Нар түйеге оқ тисе

Жай түйедей бақырмас

Артқы аяғын бір сілкер, – деген Жаншуақтың Құлиязы.

Рухыңды биік ұста. «Тән үшін сүрген өмірдің рахаты болмайды, тән үшін сүрген өмір азап шектіреді. Рух үшін сүрген өмір ғана рахатқа жеткізеді», – деген екен Лев Толстой.

Бірінші тілегіңді басып тастамасаң, кейінгілерінен қашып құтыла алмай қаласың.

«Өзіңе тілемеген жамандықты басқаға да тілеме. Өзіңе тілеген жақсылықты басқадан қызғанба», – деген Ғабиден Мұстафин.

Біреу мақтай қалса күпінбе. Мақтауға лайықсың ба, жоқ, бекер айтылып тұр ма, ішің біліп тұрады, өзінді алдама. Евгений Евтушенконың «Жарамсақтану» деген өлеңінде мынадай ой бар: «Шәуілдек қанденді бульдогсың деп қайта-қайта көтермелей берсең, шынымен бульдог шығармын деп қалады», – деген.

Жағдайың қалай деп сұрай салғанға бар шыныңмен жағдайыңды айта жөнелудің қажеті жоқ.

Егер біреуді нашар деп, оңбаған деп, болмағыр деп айта берсең, ол шынымен солай болып кетеді. Өзі құлдырап жүрген адамға барлық дүние құлдырап бара жатқандай болады. Ларошфуко айтыпты: «Жаманға ылғи жаман көзбен қарау дұрыс емес, жақсылықты жаман көңілге де егуге болады, өйткені ол тас емес, көңіл ғой».

Екі құлаққа бір тіл келетіні екі есе тындап, бір рет сөйле дегені емес пе?!

Анахарсис: «Тілің мен нәпсіңе ие бол», – депті.

Н.Рерих айтқан екен: «Бос сөздерді алып тастауға кеңес беремін», – деп.

Қалай сөйлеуді үйрену қаншалықты керек болса, қалай, қай жерде сөйлемеу соншалықты керек.

Менің сөзім – менің уәдем. Сөзден тайсам – уәдесіз болғаным. Патшалардың сөзі ісіне ылғи сай келе бермейді, өйткені сарайда олай еттірмейтін күштер болады.

Айтылуы тиіс сөзіңді айтпай қалып, ішіңе жинай берсең – ол да жаман. «Атылмаған оқтан – айтылмаған сөз жаман», – деген Мұхтар Әуезов. Түтін шыққан жерден от та шығады, айтылмаған сөзің – түтін, одан от шығып кетуі мүмкін.

Андамай сөйлеген ауырмай өледі, – дейді қазақ. Британ парламентіндегі таусылмайтын айтыс-тартыстардың бірінде бір лейбористка Черчилльге: «Мен сіздің әйеліңіз болсам, кофенізге у салып берер едім», – депті. Черчилль кішкене уақыт өткізіп, жұрттың мысқыл күлкілері басылған кезде: «Егер сіз менің әйелім болсаңыз, ол уды ойланбай-ақ ішіп салар едім», – деген екен.

Тіл ақылдың алдына түсіп кетпеуін қадағала.

Біреудің айтқысы келмей тұрған сөзін сұрап мазалама. Сұрақ қою біреудің ішкі жан дүниесіне зорлықпен ену секілді. Өйткені, кейде, айтқысы келмейтін, есіне түсіргісі келмейтін нәрселерді сұрап адамның жанын ауырту мүмкін ғой. «Сөзіңді қанша түрлендіріп айтқанмен, бәрібір, ар жағында не жатқаны көрініп тұрады», – дейді американ философы Ральф Эмерсон.

Өзгені өзінен де артық түсінсең қанеки.

«Францияның ең әдемі қызының өзі тек өзінде барды ғана бере алады», – деген француз мәтелі бар. Сөзің мағыналы болу үшін айтатын ойың мағыналы болуы керек.

Өз пікіріңді алдымен өзің құрметте, айтылып, аяқсыз қалып қоятын сөзді айтпа. Айтқан әрбір сөзің мен жасаған әр ісің өзіңнің табиғатыңа, өмірлік принциптеріңе сай болса, адамдар қалай ойлап қалар екен деп жалтақтама, ал егер сенің ісің мақұлдана қалар болса, менің ісіме берілген баға артық болып кетті-ау деп те қысылма. Дұрыстығыңа сенсең өзбе-тіңше, еркін өмір сүр.

Сөз бен ақиқат екі түрлі болған кезде сөзіңнен тез қайтқаның дұрыс.

Айтқан сөзің түсініксіз болса, айтар ойың түсініксіз болғаны.

Кейде үндемей қалу да үлкен сөз айтқанмен бірдей. «Үндемесем өзіме өзім төремін, үндесем – сөзім өзіме төре», – депті Саади.

Өзіңді өзің тежеуді үйрен және оны ұдайы жаса, себебі өзін-өзі тоқтата алмайтын адам, тежегіші жоқ машина сияқты.

Қызғанба және қызықпа. Адамның көзі өзгенікін өзінікінен бұрын көреді, оған әдеттенбе. «Алтын тақта алтын асықпен ойнап отырып, көршілерінің күміс қасығына көзін сатады», – деген мәтел бар.

Көршінің сиыры өліп қалса, қуанып қалатындар да кездеседі.

Орыста «злорядство» деген сөз бар, ол – табалау, қиянатқа қуану деген сөз. Мен бір басшы қызметкер инфаркт болып, қозғала алмай үйінде жатып қалғанда, қарамағындағы, одан аз-маз қысым көрген бір директордың «мен де барып, оның жанының қалай қиналып, пенде болып жатқанын көрейінші», – дегенін естігенде төбе шашым тік тұрған.

Шыдамсыз болма. Шыдамсыздарға қымбатқа түсетін нәрсені шыдамдылар тегін пайдаланады.

Ішіндегі ойын жасырамын деп те көп сөйлейтін мылжындар болады, ештеңе ойламайды демесін деп те көп сөйлейтін мылжындар болады. Көп сөйлеу мен көп айту екі басқа.

Біреудің әзілін көтеріп үйрен, бірақ өзің әзіл айтуға абайла: оның әзілді қалай қабылдайтынын қайдан білесің.

Өзіңде бардың барлығын бір ақ рет көрсетіп қойма, ертең де күн бар. Адам – жұмбақ, ол түгел шешіліп болған соң, қызық болмай қалады.

Екі нәрсе есінде болсын: лажы барынша мұң шақпа және ешкімнен ештеңе тіленбе. Көбісі мұңынды бәрібір түсінбейді, сөз етеді, көңілің қалады. «Сұраушының сүйген асын кім берер», – дейді Мұқағали. Кімнен, нені, қай көлемде сұрағаның – сенің ақыл-парасатыңның, мүмкіндігіңнің, ұятыңның өлшемі.

Жақсылық жасасаң міндет етпе деген қағиданы білетін боларсың, ал абырой-атаққа ие бола қалсаң, оны да міндет етпе. Сенің алған мемлекеттік атағың немесе үлкен орденің бүгінгі еңбегіңе берілген баға, өмір бақи атақты болуға берілген вексель емес.

Кішіпейіл жандардың бір қасиеті – бойына біткен қарапайымдылығынан көзге түссем деуден аулақ, елеусізденіп, кішірейіп жүре береді. Ал, шын мәнінде олардың бойында асыл қасиеттер мол болады. Бірақ оны жұрттың бәрі біле бермейді, екіншісі біреу көре бермейді. Себебі, адамшылыққа астасқан жан сұлулығы жүректің тереңіндегі нәрсе, бір сәті түсе кетпесе жарқ етіп жарыққа шыға бермейді ғой.

XVIII ғасырда өмір сүрген қытай ғұламасы Хун цзы чен: «Қызулықпен уәде берме. Мастықпен ашуланба. Қуаныш үстінде жоспарлар жасама. Шаршап отырғанда келешектегі істерің туралы ойлама», – деген екен.

Біреу жайында айтылғанда күлме. Мүмкін оның орнында сенің атың аталуын мезгеп тұрған шығар.

Жақсылық та, жамандық та бойға біртіндеп сіңеді. Бара-бара оған қалай көндігіп, билігіңнен айрылып қалғаныңды білмей қаласың.

Лао-цзының мына сөздері ылғи есте жүретін екен:

«Үй ішіндегі құпияны сыртқа шашпа;

Өз ата-ананың кінәсін ешуақытта аузыңа алма;

Қайырымдылық қылсаң, қайтарымын дәмепте;

Өзіңнің өтінішінді орындамағандарға өшпенділік жасама;

Өзгенің кемтарлығын келеке қылма;

Жаңа мүлікке есіңнен танып, ескіні ұмытып кетпе».

«Бес нәрсені бұрын болжап, ойластыр: бірінші, өлмей тұрып, тіршіліктің қадірін біл; екінші, ауырмай тұрып, денсаулықтың қадірін біл; үшінші, басыңа іс түспей тұрып, бостандықтың қадірін біл; төртінші, кедейлік келмей тұрып, барлықтың қадірін біл; бесінші, кәрілік келмей тұрып, жастықтың қадірін біл», – делінген Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде.

«Сабырлы ғана ағып жатқан өзен терең болғаны», – дейді Шекспир.

Ұятың мақұлдамай тұрған іске кіріспе. Айтып жіберген сөздерім үшін көп қызардым, айтпай бүгіп қалғандарым үшін бір рет те олай болған жоқ.

Ұяты бар адамның ғана мойнындағы қарызы есте жүреді.

Қорқақтық та ұяттың бір аты.

Ұят түтін емес көзіңді ашытпайды, бірақ ұяты бар адамның жанын ауыртады.

Вольтер айтыпты: «Адамдар өз тіршілігінде тәртіпке айналып кеткен кейбір қылықтарының ұят екенін сезінбейтін болып кетеді».

Ашумен басталған іс ұятпен тынады.

Шіркеуден попты сақалынан сүйреп сыртқа алып шыққан төңкерісшіл топтың ішінен біреу: Қайда құдайың? Бар болса бізге неге ештеңе істей алмай тұр, – десе, поп: саған осыдан басқа тағы не істеу мүмкін, – депті.

Абыройын жабу мен киім киюді адам бастапқыда әдеп үшін емес, суықтан, желден, жаңбырдан, күннен қорғанып жасаған, ұят адамға қажеттіліктен кейін келген сезім.

Фашизм идеологтарының бірі Геббельс: «Басыңды жоғалтудан қорықпа, бет-бейнеңді жоғалтудан қорық», – депті.

Аспанға тас лақтырма, төбеңе қайтып түседі.

Ағысқа қарсы жүзем десең, әуелі ойланып ал. Өзіңдікі жөн бе, күреске дайынсың ба, зерделеп көр. Қалыптасып, заңдылыққа айналып кеткен әдеттерді бұзамын деп талайлардың мойыны қайырылған.

Ешкімді қудалама. Құдай қудаланғандардың жағында болатынын ұмытпа.

Сенің алдында келе жатқандарға қаһарлы баға берме, өйткені сенің артыңда да келе жатқандар бар.

Сенің айтқаның ылғи дұрыс бола бермейді. Патша да, данышпан да қателеседі. Бала кезімізде біреу ұрды деп үйге жылап келсек, әкеміз: мені неге ұрмайды, – дейтін. Өмірде келіспеушілік кездессе алдымен өзіңнен көр, өзіңді ақтай алсаң ғана өзгені айыпта.

«Жақсылық көрсем – өзімнен,

Жамандық көрсем – өзімнен,

Тағдыр қылды дегенді

Шызарамын сөзімнен», – дейді Сұлтанмахмұт.

Еркіндікті меңгерем десең, оны шектей біл.

Барлығын естуге құмартпа, өйткені өзіңді жамандағанды да естіп қаласың.

Қазақта қандай нашар қылық-мінез бар екенін ой таразысына салсақ, соның біріншісі – жалқаулық пен енжарлық. Одан басқа ішімдікке құмарлық, дінді қастерлемеу, жікшілдік пен алауыздық секілді дерттері бар.

Біздің мінезімізге ХХ ғасырда терең ендеп кірген тағы бір нашар қасиет бар, ол – қызметі үлкенге табыну. Адамзат жаратылғалы әуелі қара күшке табыну, кейін мықты топқа бағыну, кейіннен барып, лауазымға бас иіп, пара арқылы ойлағаныңа жету жолдары болған болса, бүгінде ақыл мен қабілетке қарап, билік пен байлықты иелену жолы басталды. Ең дұрыс, ең әділ жол – осы.

Аш адамды ақылға салу оңайға түспейді. «Сананы тұрмыс билейді» деген қағида да осыған саяды. Өзіңде жоқ затты өзгенің үйінен көрсең, аз ба, көп пе, қызғаныш болады. Сәнді сарайдың ішінде еденге түкірмейсің. Тұрмысы оңды адамдар көбейсе – әлеуметтік орта өзгереді. Әлеуметтік орта өзгерсе – адам өзгереді, сонда ішімдік те, жезөкшелік те, жікшілдік те өз-өзінен қойылады, рулық намыстан ұлттық намысты қорғауға, одан тұрақты даму жолына түсеміз.

Құлдық пиғыл соғыс жағдайынан да жаман, өйткені соғыс кезінде сені жігерленуге өмір өзі мәжбүр етеді. Ал құлдық психология жігеріңді құм етеді, жалтақ боп жаман үйренесің. Мұса пайғамбар өзінің халқын 40 жыл шөл далада соңынан ертіп жүруін екі себеппен түсіндіріпті: біріншіден, артымнан ергендерді құлдық рухынан арылтқым келді, екіншіден, нашарлардан, жарамсыздардан құтылғым келді, – депті.

Қазақтағы өзге ұлттардан ерекшеленіп тұратын ерекше қабілет – не-ні болса да оңай түсінетіндігі, жаңаны тез қабылдайтындығы, өмірге тез үйлесіп кетуі біздің жалпы адамзаттық өркениетте көштен кейін қалып қоймауымызға мүмкіндік береді.

Қазақ жайлы мынадай бір өлең бар:

Қазақ десе тиеді бәрімізге,

Қызарамыз жасымыз; кәріміз де.

Елдік деген қасиеттің бір мысқалы,

Бұйырмалты-ау, ағайын, әлі бізге.

Мардымсыз сөз, жарытпас жұтаң ақыл

Шөлге айналған шөп шықпас ойы тақыр.

Сәл байыса мақтанып, күмбілдеген,

Оқығаны қоқизан неткен пақыр.

Ішкен-жеген қазақтың бір олжасы,

Міндет үшін бергішпіз қонақасы.

Дұрыс та шығар. Бірақ барлық қазаққа бір баға қоюға бола ма? Еврейлер өз адамы әдепсіз қылық жасап алса: өзін сондай ақылды азаматсың, тегің таза, ұят іске қалай барғаныңды түсінбеймін дейді. Біз: оңбайсың, тегінде де ештеңе жоқ, бар қазақ солай, – дейміз. «Оңбайсыңнан» гөрі «саған не болған» дұрыс-ау сірә. Кісіге баға қоярда, көп алдында сөйлегенде осы да есінде болсын.

Қазыбек би қайтыс болғанда жерлеуге Арқадан Түркістанға түйемен он бес күнде жеткізген қазақ аруақты ерлерін қандай ардақтаған. Қос түйенің ортасына қом жасап, тоқтамастан суыт жүріп отырған. Жолдағы ел алдынан шығып, мәйітті тоқтатпастан, әйелдері жоқтау айтып, ерлері өз қонысынан ұзағанша артынан еріп отырған. Жолаушыларға сусын ұсынылып, шалдыққан түйелер ауыстырылған. Дәстүр тазалығы, рух биіктігі деп осыны айтпаймыз ба?!

Әубәкір Смайылов деген жас ақын жігіт 25 жасында мынадай өлең жазды:

Жақсыны даттап – жоқ қылдық,

Жаманды мақтап – көптірдік.

Қанденге қасқыр алғызып,

Құмайға тышқан соқтырдық.

Жалғанның жалған екенін,

Қос мүшел жасқа кеп білдік.

Әрненің айтып әділін,

Білейік сөздің қадірін:

Бүгін бар, ертең жоқ тірлік!

«Көз құрты, көңіл – қос арсыз,

Дініңіз болса бос, әлсіз,

Дүние боққа бой ұрып

Ұятты қылық жасарсыз».

Көз құрты көңіл – қос арсыз

Қалмасын бір сәт назарсыз.

Дүниеден бойды тез жидым,

Бөз жимай, асыл сөз жидым,

Дүниеде сөз гөй ажалсыз!

Бұл өлең «Сөз» деп аталады. Сөздің ақтығына, ниеттің тазалығына үндейді. Өркениетке ұмтылудың белгісі.

Адам табиғаттың бір бөлшегі. Сондықтан адамда тіршіліктен өліге айналған минералдардың, өсімдік әлемінің және жануарлардың мінезі болады. Мәселен, сіз ашуланшақ, қызғаншақ және сезімтал болсаңыз – сіздің жануарларға көбірек ұқсағаныңыз. Егер сіз романтик (қиялшыл, ерме) болсаңыз – өсімдік мінездессіз, егер сіз ұқыпты, қимылыңыз есептеулі, киім киісіңізге дейін тәртіпті, өзіңізге өзіңіз қатал болсаңыз, онда сіз минералсыз.

Ар-иман

*«Жақсы ниет – ниет қана қарасаң,
Дұрысы оны іс қылуға жарасаң», –*

дейді Жүсіп Баласағұн. Ниет тазалығы дегеніміз арлылық, имандылық. Инжілде мынадай сөз бар: «Ниетіңе орай жаза аласың, өлшеміне қарай үлес аласың».

«Есті адамдардың мынадай үш үлкен қасиеті болады: біріншіден жұртқа берген ақыл-кеңесін өзі орындайтын болады, екіншіден – еш уақытта әділдікке қарсы шықпайды, үшіншіден – төңірегіндегі жандардың қателіктеріне кешірімшіл келеді», – дейді Лев Толстой. Сол үш қасиет те адамның ішінен шығатын ар-иман үкімінен болады. Сондықтан да Менандрдың: «Әр адамның құдайы – өзінің ары» дегеніне мойынсұнамыз.

*Адамға ащы татпай тәтті қайда?
Тер төгіп тапқан абзал адал пайда.
Әркімді жаратпаған тәңір жсайға
Өлшемі адамшылық, туралықта! –*

деп Қожа Ахмед Иассауи ақылман ертеде-ақ айтып кетіпті. Біз оқушы кезімізде орысша киімі мен жан жағы келісті етіп қырылған сақалын көріп атеист деп ойлайтын Ыбырай Алтынсарин айтады: «Әрбір жақсы амалдардың асыл түбі иманнан, яғни иланудан келеді. Иманнан бұрын намаз, ораза мәнісін үйретіп мұсылман етемін деуші кісі күнәһар болар», – дейді. «Ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі тексермей кеткен кісі тәуір жігіт түгілі, әуелі адам ба өзі», – дейді Абай.

Мейірімді болу үшін әдепті болу керек. Әдепті болу үшін ақылды болу керек. Ақылды болу үшін оқу, оқығаныңды тоқи білу керек. «Адамдағы нысап, әділет, мейірім – үшеуін қосып айтқанда, мұсылманша ождан

деген ұғым туады. Мұны орысша совесть деп атайды», – дейді Шәкәрім «Үш анықта». Тағы да:

*«Ақылды сол – нысап пен ар сақтайды,
Арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды.
Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп,
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды».*

Және:

*«Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан,
Анық төмен болмай ма хайуаннан.
Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан», –*

дейді.

Үмітіңді үзбе. Үміт түнгі аспан сияқты, қай жағынан қарасаң да жаңа жұлдыздар көргендей боласың.

Жақсылық пен жамандықтың тағдыры бір Алладан деп мойынсұнып, шүкіршілік ете отырып, болашақтан үміт ету, өзіңнен артылып өзгеге жақсылық жасай алатын дәрежеге жетуге тырысу, ол үшін білім алуға, ізденуге, заңдарға бейімделіп, қолға алған кәсібіңді мықтап меңгеруге ұмтылу керек. Азға тоқмейілсігеннің алар үлесі аз болады. Адам үмітсіз өмір сүруі мүмкін емес, бірақ үміттену талаптылыққа, жетілуге ұмтылуға негізделмесе, үміті қиял күйінде қалып қояды. Жалған сеніммен құры қарап отырған адам өз өмірін жақсарту үшін күрестен аулақтайды.

*Ар қайда? Рахым қайда? Әдеп қайда?
Быт-шыт боп неге жүрміз әрбір сайда?
Көз жұмып, «көппен көрген ұлы той» деп,
Береді бұл надандық кімге пайда? –*

деп қазаққа Шәкәрім 100 жыл бұрын айтып кеткен.

Күнәдан арылудың жолы – тәубеге келу. «Қай елде діннен безу және Құдайдан баз кешу бел алса, ел-жұрт түрлі азғырушыларға еріп ынтымақ-бірліктен айрылса, ол елдің ақырзаманы жақын», – деген екен Әмір Темір.

«Мұсылманшылық кімде жоқ,

Тілде бар да, ділде жоқ», – деп Базар жырау дінге шын сену мен жай әдетке айналып кеткен, жұрттың бәрі жасағаны үшін жасайтын рәсімге айналдыру екі басқа екенін айтқан.

Аңыз: Адамдық ақыл-парасат, шарифат, хадистерден мың сұрақ қойып, кім шешсе соған тұрмысқа шықпақ болған патша қыз Мәликенің барлық сұрақтарына жауап берген Әбділдәға Мәлике басын иген. Соның бірі: «Өзінде бар, оны беруге асықпайды, өзінде жоқты алуға өзгеге жұмсайды, ол қандай адам, – деген сұрақ еді. Оған Әбділдә: Бұл ақырзаманның дүмше молдалары, олар халыққа насихат айтады, бірақ

сол насихатқа лайық қасиеттерді өзінің бойына сақтамайды, – деп жауап берген екен.

Екіншісі: – Шыққан тесігіне қайтып сыймайтын не?

– Бұл – жаман сөз, ауыздан шықты, қайтып кіргізе алмайсың.

Әбунасыр Әл-Фарабидың «Азаматтық саясат» деген еңбегін оқысаң, оның дүние жайлы ойларын, адам өмірі, оның рухани өмірі жолдарын қалай түсіндіретінін білесің, адамға сенім қажеттілігін, өзіне-өзі сену керектігін, сол арқылы ішкі рухани патшалықтың көктегі күшпен тілдесе алатынын, адамның ғаламдық дәрежедегі көре білу қабілетінің қасиетін сезінесің. Сөйтесің де рухани тазарасың, ішкі дүниені босап, жаның рахаттанып қалады.

Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде: «бір сағат ілім үйрену бір кеш бойы құлшылық етуден жақсы, бір күн бойы дәріс алу – үш ай ораза тұтқаннан жақсы», – дейді. Пайғамбардың өзі де құр күтіп отыра беретін соқыр сенімді емес, оқуға, ілім-білімге, ізденуге үндегені осыдан-ақ көрініп тұр.

«Сенімнің үздік белгісі – төзімділік, екі жақты шыдамдылық», – дейді тағы да. Жақсылық пен жамандықтың бәрі Құдайдан болса мен ізденгенмен, ұмтылғанмен не болар дейсің демей білімге, өнерге ұмтылу арқылы жетілу иманның басты қағидасы деп тану керек. Жеңіске өзінің ақтығына, адалдығына, сонымен бірге, қабілеті мен жігер-күшіне сенген адам ғана жетеді. Сондықтан адам иманға сенім келтіре отырып өзінің танымдық қабілеттерін жетілдіріп отыруы керек. «Таным мен сенім – кісінің қос қанаты», – дейтін ұлағатты сөздің астары осы.

Түгел алғың келсе өмірдің ырысын

Таза болсын сөзің, ойың, жұмысың, –

деп Жүсіп Баласағұн жырлағандай діни сенім ой тазалығы, сөз тазалығына жетелесе, ғылым-таным, оқу, іздену, өзін-өзі шыңдау арқылы жұмыс ілгері жүреді, осылайша ілгері баса бергенде ғана өзгелерден қалмай өркениетке жетеміз.

Сенім туралы бір мысал: Мәшһүр Жүсіпке бала көтермей жүрген бір әйел: «Тұмар жазып беріңіз, септігі тиер ме екен», – деп өтініпті.

Тұмарды алған соң екі ұлды болған әйел, оны қастерлеп сақтапты. Қартайып, өлерінде тұмарды балаларына тапсырып жатып, осы тұмарды алған соң олардың дүниеге келгенін айтыпты. Бірнеше жылдардан кейін екі ұл тұмарды ашып оқыса, ондағы дұға араб қарпімен жазылған: «Я, Алла, мені Мәшһүр Жүсіп етіп жаратқаның рас болса осы әйелге бала бер», – деген сөздер екен. Сенімнің күші деп осыны айтпаймыз ба?!

«Қиянаты бардың иманы жоқ», – депті Шәкәрім қажы.

«Қазақ тілінде «таза» адам деп үсті-басының тазалығын ғана емес, ар ұятының тазалығын айтады», – деген екен Ғабит Мүсірепов.

Өмір – ылғи жұпарлы жеміс, гүл ме

Ой – жырасы болады тегістің де

Адал, мөлдір қалпыңда қалу деген

Оңай емес құбылған жер үстінде, –

дейді Фариза Оңғарсынова.

«Арлы бол, жарлы болма», – дейді қазақ: «Малым – жанымның садағасы, жаным арымның садағасы», – дейді тағы да. Алдымен керегі – ар, одан кейінгі керегі – жан, ал мал осылар үшін садаға, ол тек аштан өлмеу үшін керек дегені. Демек, адамдықтың ең жоғарғы өлшемі – ар. Ол – жан киюге болар қасиет. «Өлімнен ұят күшті» дегенде қазақ осы арды айтқан. Арыңа, атыңа, атаңа, тегіңе лайықсыз нәрсе жасап өмір сүргенше, өлген артық дегені. Ауыр айтылған, бірақ әділ айтылған.

Адамдықты ойласаң,

Мал мен бастан ар жақсы», – деген екен Майлықожа ақын. «Малының көптігін иманын жоғалтқан мақтан етеді», – дейді Бөлтiрiк шешен.

«Жақсылыққа үлгі көрсетіп жетпесе, уағыз айтумен жету қиын», – деген екен Сенека.

Ақтабан-шұбырынды дәуіріндегі Жоңғар шапқыншылығында алты алашқа аты жайылған данагөй Әнет баба тоқсаннан асып, жүзге жақындаған шағы екен. Жолындағыны жаппай қырғыншылыққа ұшыратып келе жатқан жаудың тегеурініне шыдамай ел кері шегініп, ауа жөнелгенде, әлі бұғанасы қатып үлгермеген екі баласын үріккен елмен бірге аттандырып: «Өсер кіндігім өркен жаяр еліммен бірге болсын, өз сүйегім туған жерімде қалсын, қайта оралар кейінгі ұрпаққа тілеулес болып ата мекенінде жатар!» деп көшкендерге ілеспей жұртта қалып қойған деседі. Үлгі деген осылай болар.

Әйтеуір анадан тәуірмін ғой деме. «Жаманға салысып жақсы бола ма? Жақсыға салысып жаман болады-дағы», – дейді Абай.

Отбасы

Іскер азамат үшін қиын нәрсенің бірі – үй-ішімен, туыстарыңмен қарым-қатынас.

Ата-анаңа сенің жан-жақты жеткілікті етіп қойғаның аз, оларға сенің жақсы сөзің, көңілің де керек. Соған бір мезгіл уақыт тап. Уақыт жоқ деп жүре беріп, алшақтап кетпе.

Анаңды әйеліңнен кейін қойма.

Әйелің ісіңнен хабардар болсын. Опасыз әйел болмаса, сенің ісіңе әйеліңдей жаны ашитын адам аз. Сен іскерлікпен айналыса жүріп жетілесің, ойың ілгері озады, өмірге көзқарасың өзгереді. Ал, әйелің

үйде отырып қалса, онымен ой бөлісіп тұрмасаң, бара-бара әйелің сені, сен әйелінді түсінбейтін боласың, араларыңа сызат түседі, әйелің саған тәуелді секілді болып қалады, керексіз адамға айналады, ол, сөз жоқ қауіпті. Ел басқарып отырған адамдардың әйелдері қоғамдық жұмыстармен айналысатыны, бірдеңе жетпегендіктен емес, ерінің көлеңкесінде қалып қоймау тілегінен туындайтын нәрсе.

Ағайынға жағамын десең қазанды бол, ол үшін әйелің жақсы болуы керек.

Әпсана:

Бір жігіт серілік қуып, үстіндегі жанат ішігінен айырылып үйіне келіп, түрлі себептер айтқанда, әйелі көргенді елдің қызы екен, былай деп басу айтыпты:

– Ішкі атқа айырбастағаның жақсы болған екен, ат жігіттің қанаты ғой. Атты сиырға айырбастағаның да жөн болыпты, сүтке сүт қосылсын, елге-ел қосылсын деген шығарсың. Сиырды тымаққа айырбастағаның да дұрыс болған, жігіттің басы түзелмей, ісі түзелмейді, басыңды түзегенің орынды ақ. Тымығыңның суға кеткені – басыңа төнген бір қауіптен құтылғаның, шығасы шықпай, кіресі кірмейді, енді ісің оңалар, – деген екен.

Туысқандар – табиғаттың өзі сыйлаған достарың. Досың өзгеруі мүмкін, тіпті әйелің де өзгеруі мүмкін, бірақ туысыңды өзгерте алмайсың, оның аты сенімен мәңгі бақи бірге аталады.

Өмірде туған-туысқансыз, ағайынсыз адам кемде-кем. Тағдыр тауқыметімен балалар үйінде тәрбие алған адамдар да, өз елінен түрлі себеппен сырттап кеткендердің өзі де есін жинай келе тым болмаса жамағайын туыстарын іздеп табуға тырысатыны біздің халыққа тән қасиет. Кім де болса адамнан тараған, ал адам көп тамырлы, жапырақ-бұтақты ағашқа ұқсайды, туыстар дегеніміз сол ағаштың бұтақтары.

Туыстарға негізінен бауырмалдық тән. Туыстық сезімі ерекше, бауырлас адамдар бір-біріне асығып, бірін-бірі сағынып тұрады. Өмірдегі қызық-қуаныштарда, түрлі жағдайларда бірінің жанынан бірі табылады.

Бауырмалдық сезім татулыққа алып келеді.

Туыстық қарым-қатынас рушылдық емес, екеуі екі басқа. Рушылдық – ағайындас немесе ірі рулардың адамдарының бірігуінің нәтижесі. Рушылдық немесе соған ұқсас қасиет-пиғылды барлық халықтар басынан өткізген, өткізіп те жатыр. Ежелгі Рим мемлекетінде де бұдан үш мың жылдай бұрын рулық бөлініс болған. Сананың жетілуіне байланысты рулық намыс ұлттық намысқа, сөйтіп бірте-бірте жалпыадамзаттық мәселелер үшін күресетін парасат деңгейіне дейін жетеді. Рушылдықты

төңкеріс жолымен ешкім тоқтата алмайды. Санамыз рушылдықты мақұлдайтын деңгейден көтерілгенде, оның керегі жоқтығы анық болады, сонда ол өзінен-өзі, ұрансыз-ақ жойылады.

Өткен өмірінде талай-талай өзгерістерге ұшыраған халқымыздың туыстарға тән бауырмалдық қасиеті түсінбестікке, кейде қатыгездік пен тасбауырлыққа алып келетін жағдайлар кездесіп қалады. Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде құдайдың екі түрлі адамға қиямет күнінде рахым етпейтіні айтылады. Соның бірі – жаман көрші, екіншісі – туған-туысқаннан мүлдем қол үзіп кеткен тасбауырлар.

Елден қол үзіп кеткен, жаңа қонысқа да сіңісіп кете алмайтындарға Андрей Вознесенскийдің «Құмырсқа» деген кішкене ғана өлеңінің оқиғасын мысал етейін: Бір құмырсқа өзеннің арғы бетіне өткендермен бірге, сондағы өмірді көргісі келіп, қайыққа жармасып, бірге өтіпті. Арғы беттегі құмырсқалар оны бөтенсіп, жабыла талапты. Қайық қайтқан кезде, қайтпасам болмас деп қайта тырмысып қайыққа мініп, бергі беттегі өз құмырсқаларына келсе: бізді неге тастап кетіп едің, – деп олар да талаған екен.

«Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала шықпайды», – депті Ахмет Байтұрсынұлы.

Туыстарға байланысты ұсақ-түйек ұғыспастыққа ешуақытта барма, ниеті бұзықтар мен сөз тасушылар жетерлік, оған ерме. Дүние-пұлға қарамай, әрқашан береке-бірліктің өзегін сақта. Бауырмалдық сезімі жоқ адам өзгелерге мейірбан бола алмайды. Туысқанның арын өз арыңдай ардақтау, қайғы мен қуанышын бөлісу, қиындығына ортақтасу мен бірге қызықтау, тарыққанда мүмкін болса қол ұшын беру – туыстар арасында бұлжытпай сақталатын, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан жақсы қасиет, соны сақта, жалғастыр.

Кейбір адамдар «таза жүремін, ешкімге қарыз болмаймын, ешкімді қарыз қылмай ақ қояйын», – деп ойлайды да, төңірегін байланысын үзіп алады. Өмір сүрудің құпия мәнінің бірі – айналадағылардан қара үзіп қалмаудың сыры – тұрмыстық деңгейдегі байланысты үзбей, ағайын-туыс, дос-жаранның қызығы мен қиыншылығында бірге болу, хабар алып тұру, шақырғанда бару, сұрағанда аз да болса беру, ақыл-кеңес сұраса жөнін айту. Әрине, жол көрсету адалдыққа, арлылыққа бағытталсын.

Туыстарыңмен қатынаста қиыны: бар болып бере алмау (ондай жағдай да кездеседі) немесе, жоқ болып қалса, жоқ екенін түсіндіре алмау. Қанша рет жағдайын реттеп беріп, бір рет қараса алмай қалсаң, сені жек көретін туыс та табылуы мүмкін. Адамның қызметі немесе байлығы өскен сайын туыс-жекжаты көбейеді. Олардың қажеті таусылмайды, бірін реттесең, бірі шығады. Ащы болса да ақиқат осындай. Сондықтан, оны да бір іске

үйрет, мына қағида есінде болсын: «ашты бағамын десең балық бер, аш болмасын десең балық аулауды үйрет». Жас парторг кезімде Лениннің ескерткішіне көп роза көшеттерін ектіріп, ертеңіне адамдар ұрлап түгелдей суырып алып кеткен кезде бір тәжірибелі ағаның айтқаны есімде: ұрламау үшін төңіректегі үйлерге гүл көшеттерін тегін таратып беру керек, – дегені. Өзгенікіне сұқтану заманнан-заманға қалмай көшіп, ертеден келе жатқан нәрсе. Сұқтанбасын десең өзбетімен күн көретін жолды нұсқа.

Ер жігіттің басында он пәле бар, соның тоғызы ағайын мен қатыннан, – деген сөзді бір биден естіген едім деп Мәшһүр Жүсіп айтып жүреді екен.

Әйелінді ісіңе араластырма. Мен жоғарыда әйелің ісіңнен хабардар болсын дегем, екеуі екі басқа. Ақылды болса жақсы, ақылсыз болса абыройыңа нұқсан келеді. Жалпы, әйеліне иелік ете алмаған еркектен нағыз азамат ешуақытта шықпайды, жақсы болғанда үйде басқа, түзде басқа, екіжүзді өмір кешеді.

Үйінде бақытты адам – ең бақытты адам.

Өзінді қоршағандарды таластырмай, ұрыстырмай, нала қылмай жүргенде ғана жігітсің. Жігіттік те оңай емес. Жігіт деп онымен пікірлескенде өзінді жігітше сезіне алатын адамды айтуға болады.

Ер жігіттің қадірін

Жақыны білмес, жат білер, – деген ескіден қалған сөз бар. Жат білген қадірінді жақының да білгені жақсы. Білмесе жақындарыңмен арыздас, мойындат немесе мойында. Мойындасаң жөндел, жақының да қадірінді білетін болсын.

Берекең кетпесін.

Бетеге кетсе – бел қалады,

Бектер кетсе – ел қалады,

Берекең кетсе, нең қалады? –

деген сөз бар қазақта.

«Бірлігі жоқ ұлыстың

Көптігінен не пайда?

Ұстары жоқ қылыштың

Өткірінен не пайда?

Бір-біріне от шашқан

Ерлеріңнен не пайда?

Құлқын үшін топтасқан

Ездеріңнен не пайда?» –

дейді Фариза ақын.

«Бірлік жоқта байлық та берекесіз,

Бауырмалдық болмаса, бақ та келте», –

бұл да Фаризанікі.

Ағайын-туысқа бір әулеттің жалғасымыз деген сезіммен қарау, соған лайық жақындық жасап, ілтипат көрсете жүру, хал-жағдай сұрасып, қажет жәрдем-көмек көрсету, сөйтіп бауырластық сезімді нығайта беру басты парызымыздың бірі де.

Жан жағыңды тең ұста – ата-ананды, әйел-балаларыңды, туыстарыңды, достарыңды, қызметтес әріптестеріңді. Олардың қызығын бірге қызықта, олардың барлығы сенің тіректерің, егер бүгін тірек болғысы келмей тұрса – айыпты өзіңнен ізде. «Ошақтың үш бұтының біреуі құласа – қазандағы сүт төгіледі», – деген қырғыз мақалы бар. Сол ошақтың үш аяғын тең ұстай тұра, жанатын оты бол. Әкенің үлгісіздігі – балаға, баланың нашарлығы – әкеге сор. Тегіңнің нашарлығын ойласаң арғы-бергіңді, туыс-нағашыларыңды қатар күйтте.

Мен үлкенмін, мені сыйлауға үйдегілер міндетті деп есептеме. Сені сыйласын десең, сыйлы болатындай үлгіде бол. Жұмысқа барып келуді ғана білетін, отбасында ақшаның тапшылығы ғана ортақ сөз болатын, көңіл күйінің көтеріңкілігі тек арақ-шарапқа байланысты бір әке келініне Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер» деген кітабын көрсетіп: «Көрдін бе, Бауыржанның келіні атасы туралы кітап жазыпты, сендер қашан сондай болар екенсіңдер? – десе керек. «Келіні атасы туралы кітап жазу үшін, атасы Бауыржандай болуы керек қой», – деген екен келіні.

Эрих Мария Ремарктың: «Что может дать один человек другому кроме капли тепла. И что может быть больше этого», – деген сөзі бар. Бұдан дәл айту қиын шығар. Тарата жүретін жылуың мол болсын.

Достық пен махаббат

«Тым болмаса бір нағыз досы жоқ адам өмір сүрмей-ақ қойса болады», – дейді Демокрит.

Мінсіз дос іздеген адам доссыз қалады.

«Жұрттың бәріне бірдей дос боламын дегендер ешкімге де дос бола алмайды», – деген Аристотель.

«Өз достарыңды бағалай біл, бірақ әкеңнің достарың құрметте», – депті Омар Хайям. Оның мәнісі: ол әбден сыналған достық дегені.

«Дос – жаманшылықта, батыр – шайқаста, адал – қарызын қайтаруда, әйел – кедейлікте, туған-туыс – кемдік тарлықта танылады» – дейді үнді нақылы.

Тегі түрік Анахарсистің анасы грек қызы болған: Өз тілімен қатар грек тілін жете меңгерген ол елінен терезесі тең адам таппай Грекияға, Солон атты философты іздеп барып: «Мен саған дос болайын деп келдім», –

дейді. «Досты өз елінен іздер болар», – депті бөтенді қабылдағысы келмеген Солон. Сәл тосылып: «Сен өз еліңдесің, өз сөзіңе өзің жауап беріп тұрсың, бұл менімен достасқың келгені болар», – деген Анахарсис. Келушінің тегін адам емес екенін сезген Солон Анахарсисі жылы қабылдапты, соңы өмір бойғы достыққа ұласыпты, екеуі де сол замандағы жеті ақылманның тізіміне еніп, тарихта қалған.

Адамдардың өзара жақындасып, үйлесіп кетуі бір-бірінің пікір-көзқарастарына деген құрметтен, жолдастық жолымен басталады. Базбіреу жолдастық дегенді достық деп ұғады. Жолдастықтың достыққа ұласатыны бар, бірақ бәрі бірдей достық дәрежесіне жетпейді. Бір-біріне әбден үйренісіп, сіңісіп, бірінсіз-бірі өмір сүре алмайтындай боп кеткен ерлі-зайыптылар мен туыстар да кездеседі. Жолдастықтан да, махаббаттан да, туыстықтан да туындайтын бұл сезім – достық сезімі, ол бәрінен биік, шынайы. Бірақ өте сирек.

Кейде достық деп жүргеніміздің көбінің есепке құрылғанын көреміз. Кей досыңның есептеп жүргенінен шықпай қалған күні теріс айналады, соның өзі жақсы. Өз тарапыңнан адал болсаң, пейілің түзу болса, мойыма. Қанша әдемілегенмен шындық сондай. Иманжүсіп: «Дос болып, қас қылғаннан сақта, Құдай», – деген.

Досыңның кемшілігіне төзе берсең өзіңе жұғады. «Ат пен есектің ақыры бір болса, мінездес болады», – дейді Мәшһүр Жүсіп. «Достарыңның арасындағы келіспеушілікке шешім айтқаннан жауларыңның келіспеушілігіне ара түскенің жақсы, өйткені екі досыңның арасына билік айтсаң, бірінен айрыласың, ал екі жауыңа төрелік айтсаң, біреуімен достасасың», – депті жеті ақылманның бірі Биант.

«Бүгінгі достарыңа ертеңгі дұшпаныңа қарағандай қара, өйткені ертең сондай болып қалуы мүмкін», – депті Б.Грасиан.

Осыған орай лак елінің мынадай аңызы есіме түседі: Түлкі жыланмен дос болыпты. Бір күні олар өзеннің арғы бетіне өткісі келіпті. «Мен жүзе білмеймін, мені мойныңа орап өт», – депті жылан. Өзеннің ортасына келгенде жылан түлкінің мойнынан қыса бастапты. «Қой» деп қойдыра алмаған түлкі қулыққа көшіпті: «Біздер жақсы дос едік, су түбіне кетерде бет-жүзіңе бір рет қарайыншы» – депті. Жылан түлкінің қарсы алдына басын тіктеп қарай қалғанда, түлкі жыланның басын қыршып үзіп тастапты. Өзеннің арғы бетіне өткен соң жыланның жансыз денесін жолға ұзынынан жатқызып жатып түлкі: «Адал дос осылайша түзу болуы керек», – депті.

Достың жалған бола беруі мүмкін, бірақ дұшпанның жалған болуы мүмкін емес. Достық қолын созғандардың көбісі келеді де кетеді, ал дұшпандар топтала, көбейе береді.

Марзбан намада: «Дұшпандарыңның көптігінен қорықпа, олардың бірігіп кетуінен қорық», – депті.

«Егер жау табам десең, өз достарыңнан асып кетуге тырыс, дос іздесең, достарыңа өзіңнен асып түсуге жағдай жаса», – деген Ларошфуко. Мұның ақиқат болатын себебі не? Егер достарымыз өзімізден асып түссе, бұл оларға саликалы ретінде сезінуге мүмкіндік береді, ал егер сен олардан асып түссең, бұл оларды кемсітеді, көре алмаушылық және қызғаныш сезімдерін туғызады.

Сондықтан, сенің достарыңның барлығы болмаса да, кейбірі табысына қарағанда, сәтсіздіктеріңнен көп қанағат алары рас.

«Өзіне лайық немесе өзінен асып түсерлік серік таппаған жолаушының сапарға жалғыз шыққаны жөн», – дейді Будда.

Қарға қарғаның көзін шұқымайды, – деген бір мақал бар. Әкем айтқан еді: соғыс кезінде өлген адамдардың қарға алдымен көзін шоқып жегенін көрдім деп. Сөйткен қарға өз қарғасының көзін шоқымаса, адамдардың осы қасаң мінезден де үйренерлік бір нәрсесі бар екен-ау деп ойладым.

Жауыңды жеңе алмасаң, онымен одақтас. Жауыңды жеңу үшін оны әлсіздік етуге тырысудан гөрі, одан күштірек болуға тырыс. Ақтабан-шұбырынды кейбір тарихшылар айтатындай тұтқиыл шабуылдың нәтижесінде болған төтенше бақытсыздық емес, жоңғарлардың жеңісі мылтық атуды үйреніп, оны өздерінде жасап шығарып, қаруланғанның нәтижесі.

Дұшпандасқан кісіңе жақсылық жасау арқылы да өш алуға болады.

«Дұшпандарың сенің көлеңкең. Билігіңнің көптігін көлеңкеңнің ұзындығымен өлшей бер», – деген Акбар деген билеушінің сөзі бар.

Жауларым жоқ дегенің – жетістіктерім жоқ дегенің.

«Өзіне-өзі дос адам, жұрттың бәрімен дос бола алады», – деген Сенеканың сөзін Н.Рерих жиі мысалға келтіреді екен.

Махаббат өте биік ұғым, сирек кездесетін нәрсе. Оны бірауыз сөзбен түсіндірсек: саған жақсы болуын қалаймын... Егер: «бізге жақсы болса екен» делінсе, онда теңдік бар, бірақ саудаласу да бар, ол махаббат емес.

Любовью заболеть каждый сможет,

Любовью исцелять не каждый способен, – депті XVIII ғасырда өмір сүрген өзбектің ақын қызы Увайсий. Қазақшасы: Махаббатпен ауыру қиын емес, Махаббатпен емдегенге не жетер.

Жан қалауынан – махаббат, сана қалауынан – достық, тән қалауынан – құмарлық туады. Демек махаббат пен құмарлық екі басқа. Қайың отпен достасуға құмартыпты. От қайыңға өзінің жалындаған гүлін ұсыныпты. Жас қайыңның күлі ғана қалыпты.

Жұбайлар бірінің-бірі көңіл күйі уақытша болмай қалу құқығын сыйлағаны дұрыс, үйлену өз құқығынды басқаға беріп, оның міндеттерін бөлісу деген сөз.

Тең теңіне өте сирек кездесетініне еркегінің билігі мен байлығын әйелінің жүріс-тұрысын көргенде көзің жетеді. Әйеліне қарап еркегін бағала, – дегенді осыған да жатқызуға болады.

Ақиқат пен бақыт

Шындық қолға ұстап келе жатқан алау секілді, ұстағанның қолын күйдіреді.

Адам шындыққа кездеспей тұрмайды, бірақ көбісі оны айналып өткісі келеді.

Шындық жек көргізеді.

Шындық майысуы мүмкін, бірақ сынбайды.

Шындықты айт, ашуланба, сұрағанға азғантай болса да бер. Осылай ғана Құдайтағаланың дегеніне жақындауға болады, – дейді Будда.

Шындық көп, ақиқат біреу.

Тұмаудың жұқпалылығы, тез тарайтыны, денсаулықтың жұқпалы еместігі, бос сөз оңай тарап, ақиқаттың тарауының қиын екендігі сияқты.

Қателесіп, қайғы шекпеген, қиындық көрмеген кісі ақиқаттың да, бақыттың да не екенін білмейді.

Ақиқат жол-жөнекей жұлып ала салатын гүл емес, ол ұзақ жолдың түпкі мақсаты, – деген Гераклит.

«Саған ұнамағаны үшін ақиқатты жоққа шығарма», – депті Чернышевский.

Таңқалу үшін бір сәт қана жетеді, ал таңқалдыру үшін бір өмір де жетпей қалуы мүмкін.

Картаға қарасаң, бүкіл бір құрлық алақандай жерде екенін көресің. Бірақ сен тұрған қала сол картада бір ақ нүкте. Содан қорытынды жасай бер.

Піл мен масаның суретін бір жерге салсаң, пілді кішкене, масаны үлкен етіп салуға мәжбүр боласың.

Ит құйрығын бұлғаңдатса, сүйек тастаймыз; үрсе, таяқтағымыз келеді.

Оңбағандарды іздеме. Оңбағандықты жақсы адамдар да жасайды. Мың қарғаны бір кесекпен үркітуге болатынындай, ойсыз тобырды бір ауыз сөзбен ертіп кетуге болады.

Көзсіз берілу – сатқындықтан онша алыс емес.

Алдымен дастарқанның төрінде тұрып, босаған соң лақтырып тастайтын бөтелкеден, төменде жылы орны бар, пайдаланып болған соң тазалап жоғары алып қоятын шәйнек жақсы.

Әр ісің қағида бұзады, біреуі – адамгершілік қағидасын, біреуі – Құдай сөзін, біреуі – өз қағидаларыңды.

Оттың ертеңі – күл. Қатты жанған алау тезірек сөнеді.

Шөпті арнайы, жұмсақ, құнарлы топыраққа ексең, түгел шықпайды да, асфальттың жарығына түсіп кеткен бір-екі дән өседі.

Бір кеселге көп дәрі қолданып жатса оның жазылуы қиын болғаны.

Үлкен тасқа сүрінбейді, айналып өтеді.

Әкке сөндіру үшін су құйса, жанады.

Жай тұрғанда сені бағындырып тұратын адамдар болады.

Ұжымда жұмыс істегенде, бір жұмысты басқалардан гөрі тәуірлірек атқарсаң, алдағы кезде сол секілді жұмыс сені табатын болады.

Өзіңе жәрдем беретін сөзді өзіңе-өзің айта алмайсың.

Шөлдеп тұрғанда көзенің әсемдігін көзің көрмейді.

Теңіз ойыншық бола алмайды, ал аквариум керісінше. Кішкене нәрселерге қызығасың, үлкен нәрселерге құрметпен қарайсың.

Жаман адамдар бізде көп деген бекер сөз. Бірақ жақсы адамдар азы рас.

Өмір түрлі заңдылықтар мен ережелерден тұрады. Ол күнделікті тәжірибеден жинақталады. Артур Блох деген американ жазушысы 1977 жылы «Мэрфи заңы» кітабын бастырды, сонда мынадай ойнақы тұспал бар: «Егер бір жайсыздық болуы тиіс болса, ол міндетті түрде болады». Бұл ой өмірде Мэрфи заңы аталып қалып қойды. Осы секілді заңдылықтар мен ережелер әртүрлі.

Питердің принципі: Адам қызмет сатысында өзінің қабілеті жете алмайтын биікке дейін көтеріледі.

Тыңдау аксиомасы: Әсершіл адамдар бірнәрсеге көңілі толмағанда, сөйлескен адамынан ақылшыны емес түсіне білетіндерді көргісі келеді.

Көзқарас иллюзиясы: Адам басқа біреуге өзі қандай көзбен қараса, оның да өзіне сондай көзбен қарауын тілейді.

Зимерги заңы: Қажет болмай қалған жұмысты істеп тастауға дайын адамдар көптеп табыла кетеді.

Шайтанның суретін салу ережесі: Шайтанның суретін салу қораздың суретін салудан оңай, өйткені шайтанды ешкім көрген емес, сондықтан ұқсамайды деп ешкім айта алмайды.

Лерманның байқауы: Сізге әрқашанда я уақыт, я ақша жетпей тұрады.

Тоддтың алғашқы екі саяси принципі:

– Сізге не айтып жатса да, барлық шындықты түгел ақтарып айтпайды.

– Не туралы айтылса да, сайып келгенде, әңгіме қашан да ақша туралы болып шығады.

Уотергейт принципі: Үкіметтегі коррупция қашан да ол үкімет орнынан түскен соң хабарланады.

Алинскийдің радикалдарға арнаған ережесі: Мәселеге араласудан аулағырақ тұрған адамның өз пәктігін сақтап қалу мүмкіндігі көбірек.

Мейердің заңы: Күрделендіру оңай, жеңілдету қиын.

Люст заңы: Барлық әйел жалғыз ғана данасы қалған затты сатып алғысы келеді.

Ширлидің заңы: Адамдардың көбісі бір-біріне лайық.

Бір бөлмеде жату ережесі: Қорылдайтын адам алдымен ұйықтап кетеді.

Таныстардың кездесіп қалу принципі: Егер сен көшеде біреумен келе жатып, мені ешкім көрмесе екен деп тілесен, таныстар кездесе беретін әдеті бар.

Гейтс заңдылығы: Біреуге қиналғанда жәрдем берсең, кейін ол қарамай кеткенмен, қинала қалса, алдымен есіне сен түсесің.

Деннистон заңы: Қайырымдылықтың өзі – жаза.

Эдельштейннің ақылы: Сіз жайында өзгелер не ойлайтынына бас ауыртпаңыз. Олар сіздің өздері туралы не ойлайтыныңызда білгісі келіп мазасызданып жүр.

Мидер заңы: Егер бір оқиға кездессе, ол тек менің басымда ғана болған екен деп ойлайсың.

Свипл ережесі: Кім қаттырақ айғайласа соған сөз беріп құтылады.

Паркинсонның тоқтата тұру заңы: «Кейінге қалдырайық» деу орындамаудың ең шошынарлық түрі.

Паркинсонның аксиомасы: Әрбір бастық қарсыластардың емес бағыныштылардың санын көбейтуге тырысады.

Джейдің басқарудағы бірінші заңы: Жағдайды өзгерту – басшының басты қасиеті, ал жағдайды басқалардан бұрын өзгерту – білікті басшының белгісі.

Мэтчтің нақылы: Жоғары қызметке ие болған ақымақ адам, таудың басында тұрған адам сияқты: төмендегілер оған ұсақ болып көрінеді, ал төмендегілерге өзі ұсақ болып көрініп тұрғанын сезбейді.

Хансеннің баяны: Адам мезгіл-мезгіл шындыққа сүрініп тұрады, бірақ әрқашан ұшып тұрып, ештеңе болмағандай әрі қарай жүре береді.

Менкен заңы: Қолынан келетін адам жұмыс істейді. Қолынан келмейтін біреулерге үйретеді. Үйрету қолынан келмейтіндер – басқарады. Басқару да қолынан келмегендер – билік етеді. (соңғысы – Мартиннің қосымшасы).

Ерегістің бірінші заңы: Ешуақытта ақымақпен ерегіспе, адамдар екеуіңнің айырмашылығыңды байқамай қалуы мүмкін.

Букер заңы: Ең кішкене тәжірибе үлкен теориядан артық.

Бридж ойынының бірінші заңы: Айыпты қашанда әріптесің.

Рейберн ережесі: Келісіммен өмір сүргің келсе – келіс.

Басшылықтың толыққанды еместігінің бірінші заңы: Бастыққа өзіңнің ақылдырақ екенінді білдіре көрме.

Перкинс заңы: Төмен отырған сайын таяқты көп жейсің.

Стюарттың кері әсер заңы: Келісіп алғаннан сұрап алған жеңіл.

Уитцлер заңы: Кімдікі дұрыс екені білінбейтін жерде кім жауапты екені көрініп тұрады.

Шредер заңы: Бір шешімге келе алмаудың өзі жұмсақтықтың белгісі.

Хлейдтің заңы: Күрделі мәселені шешуді жалқау қызметкерге тапсырса, ол ең оңай жолын табады.

Купердің метазаңы: Жаңа заңдарды орындамауға болатын жаңа жолдар табылады.

Осы айтылған заңдылықтардың бәрі өмірлік тәжірибеден алынған және әмбебап.

Өмірге байсалды көзқарас принципі біздің организмімізге күніне тым болмаса жиырма минут тыныш жалғыздық керегін айтады. Ішкі дүниенің тыныштығы бізді ең негізгілерді қосалқылардан айыруға, жүйкені қалпына келтіруге, кездейсоқтыққа дайын болуға, көрегендікке, байқағыштыққа, түсіністікке және ақылға келуге үндейді.

Африкандықтардың ұлттық поэзиясының алты шарты – бүкіладамзаттық постулаттардың жиындығы мынау:

Бірінші – жастай жер жастанбау;

Екінші – кедейшілікке ұрынбау;

Үшінші – қиындықты көп көрмеу;

Төртінші – өмірдің дәмін ұғыну;

Бесінші – балалардан бақыт сезіну;

Алтыншы – соңғы ұйқыға алаңдамай, жаныңның қиналмай аттануы.

«Бақыт – бостандықта, байлық – еңбекте», – дейді қазақтар. Бальзак: «Бақыт – өжеттік пен еңбек арқылы келеді», – дейді. Американ экономисі Ю. Стэнли бақыттың мынадай формуласын ұсынады:

Бақыт = Игілік : Қалау.

Демек, үсті көп болып, асты азая берсе, қорытынды ұлғаймақ. Басқаша айтсақ: бақытқа қол жеткізу игілігіңнің көбейіп, көңіл қалауыңа кететін бейнет пен шығын азайғанда жүзеге асады.

«Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында», – дейді Әл Фараби.

Ақиқат пен бақыт бір біріне байланысты. «Басқа бақыт қонғанда сенен асқан данышпан жоқ, бақыт бастан тайған күні өзіңнің кім екеніңді сезесің», – дейді біздің қазақта.

Бақытқа қол жеткізгісі келгендер күнделікті рахат пен қажеттілігін шектей білу керек, өйткені рахат сезімнің көбейіп кетуі бақытқа кедергі келтіреді.

Сенека бекер айтпаған: «Бақытты деп біздер рахатқа жирене қараудан рахат ала білетіндерді айтамыз», – деп.

Уақыт

Лұқпан хакім қартайып, өлерінде: «Есіктегі басым төрге жеткендей болған жоқпын», – деген екен. Өмірдің байқаусыз зырғып өте шығатынына мысал бұл. Бір күннің өткенде жай ғана бір күнім өтті деме, өмірімнің бір бөлігі өтті де. Солып, төгіле бастаған гүл жапырақтарына қарап, кейін сен де солай болатыныңды ойла.

Жаңа күнге жеңетініне сенімді күреске, жаңа өмірге кіргендей жарқын көңілмен кір. «Ағарып атқан әрбір таң қиындықтан шығу жолын көрсетеді», – депті Омар Хайям наурыз хадистерінде.

Дұрыс пайдалана білгендерге өмір қысқа емес. Дұрыс пайдалана білмегендерге уақыт жетпей қалған сияқты болады. Тығырыққа тірелдім деп түңілгендер – өзіне берілген уақытты өздері қысқартып жүргендер. Өмірден өш алғысы келгендер өзіне-өзі қол жұмсайды, өзіне-өзі наразы адамдар өмірден өш алғысы келгендей етіп жұмыс істейді.

Адамзат тарихындағы ең алғашқы философиялық трактаттардың бірі – египет папирусына жазылған «Өмірден түңілген адамның өзінің рухымен әңгімесі» деп аталатын шығарма. Бұнда адам өзінің рухымен сөйлесіп, оған: бұл өмір нашар, сондықтан мен өзіме-өзім қол жұмсап, тезірек жоғарғы өмірмен қауышсам, – дейді. Оған рухы: төменде қалай болса, жоғарыда да солай, – деп жауап қатады. Демек, жоғарғы жақта жақсы болуы үшін, төменгі жақ дамыған болуы керек. Жоғарыда, аспанда, ең төменнен өсіп жетілмеген ештеңе жоқ.

Бұл өте ерте заманғы ақыл. Оның белгілі болғанына үш мыңдай жыл болды. Бүгін бұл әңгімені еске түсіру арқылы біз әрқашан өзіміздің даму мүмкіндігімізден асып түсуге ұмтылған асығыстығымыздың негізсіздігін еске түсіруіміз керек.

Бір күннің өткеніне өкінетін жағдайға жеткенде ғана өмірдің қадірін сезіне бастадым де. Жегістік деген үлгеру деген сөз.

«Өмір ойын сияқты, біреу күресу үшін келеді, біреу саудаласу үшін, ал ең бақыттылары қарап тұру үшін», – депті Пифагор.

Бізде уақытты босқа өлтіру деген қылмыс бар, ол қылмыстың ең көп тараған түрі.

«Уақыт – өмірді жасайтын материал. Ол шіркін ақсүйектікті мойындамайды. Ханға да, қараға да берілетін мерзім – тәулігіне 24 сағат. Адамның босқа кеткен әрбір сәті отқа жаққан ақшамен тең, кісінің кісілігі уақытты сезінуден басталады», – депті бизнесті насихаттаушы англиялық Кэссон.

Замана – соққан жел. Мағыналы өмір сүргін келсе оған желкен бол. Желкен болу, ұдайы желдің өтінде тұру – айтуға ғана оңай. Оған мықтылық керек. Жай мата желкен бола алмайды.

Өмір сүру тақтайдай тегіс жолдың басынан соңына шығу емес, оның бұрылыс-бұлталаңы, өткел бермес асулары, қиын-қыстау кезеңдері өмірдің қуанышты сәттерімен араласып, сапырылысын жататын нәрсе.

Адамның тууы мен өлуін ең қысқа сөзбен бейнеле десе, мен айтар едім: сүт, сия, қан. Сүт – келу, яғни, тумас; сия – білу, тану, яғни, өмір сүрмек; қан – біту, яғни, өлмек. Немесе, таңның атуы, күні бойғы өмір, күннің ба-туы.

Барлық жаман нәрселерді екі түрлі жолмен емдеуге болады: біріншісі – уақыт, екіншісі – үндемеу. Өткенге қарап басыңды и, ертеңге қарап білегіңді сыбан, – деген.

Өмір мейрам емес, сондықтан өмірде ылғи көңілді бола беру мүмкін емес. Біз таңданумен, үміттенумен, сүюмен өмір сүреміз. Өмір заңы – алда атқаратын іс көп, көретін қызық көп.

Өмір сұрқай дейміз біз. Өмірді сұрқай ететін өзіміз. «Өткеніңнен қызулы от алуың да, өртеніп біткен күл алуың да мүмкін», – деген Жорес.

Уақыт өтіп бара жатыр дейміз біз. Талмудта: «Уақыт өтіп бара жатқан жоқ, уақыт тоқтап тұр, біз өтіп бара жатырмыз», – дейді. Нақ осы ойды Лев Толстой былай айтыпты: «Дүниеде жүрмін деп ойлама, дүниеден өтіп барамын деп ойла».

Әпсана:

Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонскийді шығыста солай атаған, Құранда да ол «қос мүйізді Зұлқарнайын» деген атпен белгілі) бір елді жаулап алып, сол елдегі ең атақты адамды алып келіндер, осы жерге әмірші етемін дейді. Ол елдің ең атақты адамы бұрынғы падишаның ұлы, бірақ бұл дүниенің қызығынан безіп, зиратты мекендейтін жігіт екен. Ол Ескендірге келгісі келмейді, қарсылығына қарамай, зорлап алып келеді.

– Уа, падишам. Мен сізге екі сүйек берейін, бірі патшанікі, бірі қайыршынікі, соның қайсысы кімдікі екенін ажырата аласыз ба? – дейді. Ескендір қарап көріп, басын шайқайды.

– Түбінде патша мен қайыршының арасында айырмашылық болмайтын болса, онда қайыршыдан падишаға айналудың маған қажеті бар ма? – дейді жігіт.

– Сені жұрт өз бақытын қайтарған жарымес қайыршы деп еді сен да-
нышпан екенсің, билікті қолыңа ал, сенің қойған шартыңның бәріне көне-
йін, – дейді Ескендір.

Сонда жігіт:

– Уа, падиша! Сіздің қолыңыздан бәрі келетіні рас болса, онда маған
өлмейтін өмір, қартаймайтын жастық, сарқылмайтын байлық, қайғыға
айналмайтын қуаныш бер. Осы төрт шартымды орындасаң, елге әмірші
болайын дейді. Ескендір өзінің айтқандарының бәрі бола бермейтінін,
жер жүзін жаулап алу ниетінің мағынасыз екенін осы жолы түсінген екен
деседі.

Өмір қарызға берілген нәрсе сияқты, қандай қарызды болсын қайтару-
ды ұдайы есте сақтау керек.

Өзіне өзі жаны ашымайтын адамға көмектесудің пайдасы жоқ. «Саты-
лап көтерілгісі келмейтін адамды онымен сүйретіп шығара алмайсың», –
деген Эндрю Карнеги. Саған баспалдақ ұсынса, онымен көтеріп шы-
ғармады деме. Баспалдақпен көтерілуге жүрегі дауаламайтындардың одан
түсуі тіпті де қиын болады.

Айнаға өкпелеме. Ұрпағың – айнадағы өзің. Ұрпағыңа бүгін еккеніңді
бірнеше жылдардан кейін аласың: мінез, тағдыр, келешек.

Балаларыңа жәрдем бере тұрып, оларды өздеріне өздері жәрдем беруін
талап ет, әйтпесе оларда кедергіні бұзу қабілеті табандылық, мінезділік
болмай қалады. Байқайсың ба, құс балапандарына аузымен тамақ береді,
бірақ өз бетімен ұшуды үйрету үшін көтеріп ұшып, биікке шыққанда
тастап жібереді.

Өмірде жеңіс пен жеңіліс кезек келеді. Жеңсең, әрине, жақсы. Жеңген
жақтың жарасы тезірек жазылады.

«Жеңген иттің құйрығының қайқысы-ай,

Артын ашып, абыройын жаппаған», – деген Иран-Ғайыптың өлеңде-
рінде.

Жеңдім деп тасыма. Дүние кезек екені есіңнен шықпасын. Жеңгендердің
жеңілгендерге қызыға қарайтын кезі болады, алдыңнан кездескен
кедергілерге қуанатын кезің де болады.

Александр Македонский мен Диоген екеуі Аристотельдің шәкірттері
болған. Македонский жеңімпаз патша болды, Диоген тәркі дүние бо-
лып, бөшкені баспана етті. Кезекті жорыққа аттанып бара жатқанда
Македонский Диогеннің бөшкесінің жанына тоқтап, «не тілегің бар айт,
орындап кетейін», – депті. «Күннің көзін қалқаламай былай тұршы», –
депті Диоген. «Егер мен Александр болмасам, Диоген болар едім», – деген
екен сонда Македонский серіктестеріне. Даңқтың, атақтың, жаулап алған
жерді сақтап қалудың міндеті мен жауапкершілік салмағы патшаның

өзіне оңай соқпайтынын осыдан білуге болады. Жеңістің бақытымен бірге
соры да бар.

Омар Хайямның «Наурызнамасында» мынадай мысал бар: Ескендір
Зұлқарнайын жер жүзін адақтап шыққанға дейін жер-жаһанды жаулап алу-
ды көксейтін бірнеше түстер көрген екен. Солардың бірінде жәми жаһан
оның саусағына жүзік болып тағылғанға ұқсайды. Бірақ бұл жүзіктің тасы
болмапты. Бұл түсі жайлы Аристотельден сұрағанда, ол: сен жаһанды жа-
улап аласың, бірақ одан саған келер-кетер пайда болмайды, себебі, түсінде
көрген жүзігің мемлекет, тасы оның сұлтандары мен халқы, мемлекетті
басып алғандарға халық түгел мойынсұна салмайды, – депті.

Сол Александр өлер алдында өзі түсетін табытының екі жанын тесіп,
қолын шығарып жерлеуді өтініпті. Бұнының қалай дегендерге: менің жер
дүниені түгел жаулап алуға тырысуымда ешқандай мағына жоқтығын, о
дүниеге өзіммен бірге ештеңе алып бара жатпағанымды кейінгілер көріп,
ғибрат алсын, – деген екен.

Өмір бақи біз екі қатерлі күштің қарамағында боламыз: біреуі өлім,
екіншісі – адамдардың пікірі.

Сені ешкім іздемей қоятын жағдайдан сақтан. Үйіңде телефоның мен
есігіңнің шылдыры естілмей, сағаттың шылдыры ғана естілсе, сол жаман.

Жасың ұлғайған сайын айналайын деген сөзді көп айт, сонда сүйкімді
боласың. Бірақ «айналайының» шын болсын, шын болмаса бәрібір сезіп
қояды, алдай саламын деп ойлама. Қартая білу де өнер. Қазына боп қартаю
бар, қазымыр боп қартаю бар.

Өзіңнің қажетті екеніңді сезін, бірақ қажетті екенмін деп өзің ғана ой-
лап жүрме. Тіптен қажетсіз адамдар болмайды, белгіленген мерзімге дейін
ғана қажетті адамдар болады.

Бұлақтың суын ішіп болып жөніне кетіп бара жатқандарды көріп ой-
ладым: адамды да осылай пайдаланып болып, жөнімізге кетіп жатады
екенбіз-ау деп.

Бенджамин Франклин күнделікті ұсақ тіршіліктің мынадай 13 принци-
пін ұстанады екен: ұстамдылық, үндеместік, тәртіп, тәуекел, қабілеттілік,
ашықтық, әділдік, тиімділік, шаманы білу, таза тәбеттілік, тыныштық,
ниет тазалығы, қарапайымдылық.

«Өз ойларыңды қанатым деп есепте, тілегіңді ұрпағым де», – дейді
қытай нақылы.

Бір нәрсеге қиналғанда немесе қайғы басқанда, бір жерде басқа біреу
сенен де бетер қиналып немесе қайғыланып жүргенін ойла. Сөйт те тәубеге
кел. «Аяқ киім жоқтығынан жалаңаяқ жаркештілігіме зығырданым қайнап
жүргенде, аяғы жоқ адамды көріп, тәңіріме тәубе еттім», – дейді қытай
нақылы.

Сүлеймен патшаның сақинасының сыртында «Бәрі өткінші», – деген сөз бар екен. Қиналғанда, қайғы басқанда соны көріп өзін-өзі жұбатады екен. Бір күні жазуды оқып, жұбанудың орнына ызасы келіп, сақинасын алып, лақтырып жібергенде, сақинаның ішкі жағында тағы бір жазу барын байқайды. Сақинаны алып, оқып қараса: «Бұл да өтеді», – деген сөз екен. Ащы мысқылмен Сүлеймен патша сақинаны қайта киіпті және бұдан былай қолынан тастамаған екен деседі.

Еңбек

Жан иелерінің өзге жаратылыстан айырмашылығы – өз қорегін өзі табуға тырысатындығы. Адам да алдымен дайынды жеген, кейін дайынды көбейтуге әрекет жасаған, қолдан өсірген, сақтаған, етін, жүнін, терісін пайдалануды үйренген.

Қашан да болса жұмысқа қабілеті бар адамдардың 20 пайызы қандай жағдайда да жұмыс істейтіндер, 15 пайызы ешуақытта жұмыс істемейтіндер, ендігі 65 пайызы стимул болғанда ғана жұмыс істейтіндер.

Бізде мен үшін өкімет не істеп жатыр? – деп ойлау көп, мен өзім үшін не істеп жатырмын деп ойлау аз.

Адам жұмыстан өлмейді, жалғыздықтан, құсадан, керексіздіктен өледі, құсқа қанат қандай керек болса, жұмыс адамға сондай керек.

Арманың биік болсын. Өзеннің арғы бетіне тура осы тұсқа өтуі керек адам жоғарырақ алады. Сонда ғана ағыспен керекті тұсыңа барасың.

«Істеп жүрген жұмысыңнан бақыт табам десең, оның үш шарты орындалсын: бірінші, атқаруға тиіс жұмысыңа шамаң келетін болсын, екінші, ол жұмысты шектен тыс ауырламайтын бол, үшінші, істеген жұмысыңның қорытындысы болсын», – деген Рескин.

Бүгін істеу керек нәрсені бүгін істе, ал көңілің қалаған нәрсені ертең не бүрсігүні істесең де болады. Лажы болса көңілің қалаған нәрсе қажет нәрсе болсын.

Өзбектерде: «бекер жүргенше, бекер істе», – деген мақал бар (бекер сөзін өзбекшеден қазақшаға аударғандағы мағынасы – тегін). Сол рас, тым болмаса жұмыс үйренесің, уақытың босқа кетпейді, қабілетің мен жұмыскерлік қалпыңды айнытпайсың, тәжірибең артады.

Жігіт адамға бас кесір – еріншектік, ортаншы кесір – ұйқышылдық, кенже кесір – кедейлік кесірлік, – дейді Төле би.

«Өзің жете алатын нәрсені құдайдан сұрап қайтесің», – депті Эпикур.

Басқа жәрдем жоқ кезде суға батып кетпеудің амалы – қолмен есе беру, есе беру.

Былай қарасаң, біреулердің жолы болғыш та, біреулер қанша тырбанса да ештеңе шығара алмағандай болып көрінеді. Мүмкін кейбіреуге сәттілік жиірек жолығатын шығар, бірақ мен жолы болғыштарға сенемін, қанша қадалып жұмыс істесем, сонша жолым болады.

Абылай хан Төле бидің малын бағып жүріп: «мен қазаққа хан боламын» деп ашық мәлімдеп, талаптанған. Сол талаптың нәтижесінде қазақтың ең ұлы, ең ардақты ханы болды.

«Сен кім болсаң да мейлің, тіпті, көр қазушы болсаң да, өз ісіңнің ең шебер маманы болуың керек», – деп өсиеттепті Джозеф Кеннеди, Америкадағы президенттер әулетінің басшысы, Джон, Роберт Кеннедилердің әкесі.

Әрбір оқиға біз оған дайын болған кезде бізге тап болады.

«Жизнь не против тебя, она всегда на твоей стороне», – деген Далай лама.

Бойдағы өзің білмейтін қасиетің кездейсоқ ашылуы мүмкін.

Кез келген уақытта бақытсыздықтың өзі адамдағы жасырын мүмкіндіктерді оятатынын жиі кездестірдім.

«Сені суық суға тастап жіберсе, өзіңнен-өзің мықты жүзгіш боп кетесің», – дейді Сократ.

Өмір сағат сияқты – бұрап тұрмасаң тоқтап қалады, қатты бұрап жіберсең серіппесі үзіледі.

Қазіргі жасөспірімдерге қызығамын. Оларда компьютерлік жаңа технология арқылы «саусағының ұшында» тұрған білімді игеру мүмкіндігі бар. Жаңа технологиялар әр адамға өз мүмкіндігін ашуға және өз өмірінің қожасы болуға қажетті құрал. Тек ұмтылыс керек.

Бүгінде өмірде өзіңді лайықты сезінуге ең керектілердің бірі – тіл білу. Тіл мен іскерлікте шекара болмайды. Еңбегің жемісті болу үшін, өзге мемлекеттермен байланысып, өзге тілділермен сөйлесуге мәжбүр боласың. Біреу арқылы сөйлескенің ауызба-ауыз сөйлесіп, өз құлағыңмен есітіп, бірден түсінгендей болмайды. Тілін білмейтін елге барсаң – қой сияқтысың. «Қанша елдің тілін білсең, сонша рет адамсың» деген.

Бақытты болу дегеніміз – рахат сезімде жүру. Адамның өмірінің басым көпшілігі жұмыспен өтеді, сондықтан алдымен істеген жұмысыңнан рахат ал.

Біреуге жәрдем беру рахатын сезін. Өзіңді өзің қадағала, қандай жағдайда көңіл күйің көтеріңкі болады, біліп ал, егер ол оңды іс болса, жиі жаса. «Бұлақ көрсең көзің аш деген ұлағатты нақылды орындауға дайынмын, жолымда бұлақ кездескен жоқ» деп ақталуға бола ма? Сәл жәрдеммен мүмкіндігі ашылып, қабілеті дами кететін талант, тапшылықтан алға жылжымай тұрған, келешегі мол табыс беруі мүмкін іс – көзің ашуға арзатын бұлақ емес пе?!

Белсенділігіңді төмендетіп алма.

Біздің жақта жаз ұзақ, әрі ыстық. Сол ыстықта аттың жұмыр тезегін домалатып, әлдебір жаққа алып кетіп жататын нән қара қоңыздарды көретінімін. Өздері өте үлкен, көлемі алдындағы домалай-домалай жұп-жұмыр болған тезегімен шамалас. Қоңыз жайымен, өз табысын дөңгелете кетіп бара жатады. Өзге дүниемен шаруасы жоқ. Ешкімге зияны да жоқ-ау сірә. Кейбіреулердің өмір сүру тәртібін сол қоңызға теңеймін. Жұмысқа барады, келеді. Берген айлықты үйіне әкеледі. Басқа ештеңемен шаруасы жоқ. Жұмыссыз отырмын деп те, жұмыс көбейіп кетті деп те шағынбайды. Бәрібір.

Бұл – әдеттенуден. Бір қалыпты өмір, өзгермейтін тіршілік, біркелкі тамақтану адамды әдеттендіреді. Ештеңені өзгерткің келмей қалады. Сондықтан әдеттенуден сақтан. Үй ішімен қарым-қатынаста да әдеттенуге бой алдырма.

Жалтақ болма. «Бір мақсатты көздеп үлкен жолға шыққанда саған үрген кез келген итке тұра қап тас ата берсең, онда ешуақытта көздеген мақсатыңа жете алмайсың», – депті Федор Достоевский.

Сағаттың механизмі қанша қарапайым болса, сонша аз бұзылады. Бақыт та сол сияқты.

Бақыт та, бейбақтық та алдын ала маңдайға жазулы, ал адам өзінің пейілінен екеуінің біріне тап болады, – дейді Лао-цзы.

«Бақыт күле қарап тұрған адаммен салғыласу – жағасынан асып, төгіліп тұрған өзеннің жиегінде жайбарақат тұрумен бірдей», – дейді XII ғасырда өмір сүрген ассириялық ақылман Ахикар.

Асқар Сүлейменов «бақ» деген сөз бен «сор» деген сөздің екеуінің де үш әріптен тұратынынан сәйкестік көреді.

«Бақытта дос болмайды. Бақытты адам таудың ең басындағы адам. Жол тек төменге – бақытсыздыққа қарай», – депті Төле би соңғы сөзінде.

Басқару

Бір өзің ештеңе жасай алмайсың. 200 жыл өмір сүретін үйеңкі де жаңа отырғызылған кезде жалғыз болса өліп қалады. Сондықтан төңірегіңе тілеулестеріңді топта, оларды шашау шығармай басқаруды үйрен.

«Көпте ақыл жоқ. Көптің соңынан итше ере бермей, адасқан көптің атының басын бір бұруға жарағандық – ерлік», – дейді Абай.

Басқару – өзгелерді барлық жұмыстарды өздері істеуге мәжбүр ету өнері.

Басқаруда шаруаның тірлігін өнеге ет: жақсы ауа райы болса, тыңайтқыш бер, сөйт те адамдардың өзімен-өзі өсуіне мүмкіндік жаса: сонда адамдар сені таңқалдыратындай өнім береді.

Проблема айсберг сияқты, ешуақытта түгел көрінбейді.

Жұмысты қалай жүргізуді білмейтін адам оны басқаруға ұмтылмас болар, ол автомашина жүргізуді білмейтін адамның рульге отыруымен бірдей.

Ақылды басшы таудан төмен аққан суларды өзіне жинап алатын өзен сияқты өзін қарамағындағылардан төмен қоюы керек.

Өзіңді өзің зертте. Түркістандағы қасиетті Қожа Ахмед Иассауидың кесенесінің қақпасында: «Дүние – уақыт, оны өзіңе бағындыра біл», – деп жазылған және «Егер кімде-кім өзін-өзі таныса, ол адам өзінің Құдайын да таниды», – делінген.

«Күштен – құдірет, жарықтан – нұр алып пайдалануға болады. Тек қана жарық пен күштің шыққан тегін түсініп алған жөн», – дейді Николай Рерих.

«Өзгені жеңсең мықтысың, өзіңді жеңсең құдіреттісің», – депті Лао-цзы.

Еврей халқында өзім ұнататын мынадай қасиет бар: олар өзін-өзі зерттей, тани жүреді. Жастары білім алған соң он-он бес жыл түрлі, бір-біріне ұқсамайтын жұмыстарды істеп өзінің қабілетін, қандай іске қызығатынын өзі тексереді. Сөйтеді де жақсы білетін, жақсы көретін, осы салада өз мүмкіндігіңді толық игеремін-ау дегенін ұстайды, біреуі саясатты, біреуі дінді, біреуі кәсіпкерлікті, біреуі етікшілікті таңдайды, бірақ әрбірі өз ісінде жетістікке жетеді, сол істе үздік болуға ұмтылады.

Сөйлей білуді үйрен. Қай жерде не айтатыныңды біл. Бір ойды бірнеше түрлі мағынамен жеткізуге болады. «Сөзбен айтып өлтіруге де болады, мылтықпен атып өлтіруге де болады», – дейді Қазбек би. «Сөйлей білуді үйренбеген карьера жасай алмайды», – деген Наполеон.

Болжай біл, көру оңай – болжау қиын, қарамағындағыларға сен. Салқынқанды бол. Тәуекелден қорықпа. Қарамағындағылардан көп біл. Әртүрлі пікірде болуды қолда.

Әуелі қарамағындағылардың пікірін тыңда. Ортақ тіл табу үшін өз тіліңді тістей тұруға әдеттен. Егер қызметкерлердің пікірі дұрыс болса, менің айтқаным болуы керек деп ешуақытта қасарыспа. Ол іске зиянын тигізеді.

Қалмақтарда «өзің білме, білгеннің тілін алма», – деген қарғыс бар.

Қарамағындағылардың бәрін бірдей көр, бірақ қабілетіне қарай бағала. Ракка да, суықтап қалғанға да бірдей аспирина беретін дәрігерлер бар, оған ұқсама.

Табанды болу дегенді бірбеткейлікпен шатастырма. Табандылықта принциптілік бар: «бұл менің өмірлік қағидам, бұдан айни алмаймын», – деген. Ал бірбеткейліктің негізінде принципсіздік жатыр.

Қарамағындағылар саған келгенде мәселені талқылау үшін келмесін, оны зерттеп, нақты ұсыныспен келетін болсын. Сонда ғана олардың қабілетін тани аласың. Аузыңа қарап отырып, сенің идеяларыңды мақұлдай жөнелетіндерден пайда аз. Жарамсақтанғандар, пысық көрінгендер, басшының ойын өрбітіп, ертеңіне өзіне қайтып жаңа ой ретінде айтып ойлы атанып жүретіндер айналанда толып жүреді. Біреудің баласы немесе жиені болғаны үшін қабілетсіз болса да бірге істеуге мәжбүр болған кездер қазірге дейін бар, бірақ өтіп бара жатыр. Кімнің қабілеті қандай болса, соған лайық жұмыс істейтін заман туып келеді.

Ізден. Гелийді ойлап тапқан Содди деген ғалым. Ол оны іздеген соң тапқан. Ұдайы іздеген. Армандаушы арманынан күштірек болуы керек. «Тайды күтіп мінген ат та мінеді», – деген Әмір Темір.

Басшы қандай болса, ұжым сондай. Хатшысы бұлғақтап бос жүрген мекеменің өмірі қысқа. Фирма туралы пікір фирмаға соғылған бірінші телефон қоңырауына берілген жауаптан-ақ қалыптасады.

Әр адамның кілті өзгеше, соны тап. Сонда ғана басқара аласың. Өзің ғана істеп, төңірегіндегілер істемесе, сен істі тоқтатқан күні керек болмай қаласың. Төңірегіндегілерге іс үйретсең, олар сені өмір бойы құрметтейді.

Гете айтыпты: «Майдалардың арасында жүрсең ұсақтайсың, ірілердің арасында өзің де өсесің», – деп. Жақсылармен жанас.

Бізде басқару туралы ілім болған емес. Кім тәртіпті болып, нашар жағынан көзге түспесе, қызмет сатысында өсе берген.

Өзіңді өзің басқара біл. «Өзін өзі басқара алмаған, басқаны да басқара алмайды», – деген ағылшын мәтелін есінде тұт.

Әпсана:

Жыланның басы мен құйрығы келіспей қалады. Құйрық: мен алдында жүруім керек, – дейді. Бас: бұрыннан мен алдында жүретінмін, енді неге соңына түсуім керек, – деп көнбейді. Оған риза болмаған құйрық ағашқа оралып қалады да, бас ілгері жылжи алмай қалады. Содан бас амалсыз құйрықты алға жібереді. Құйрықта көз жоқ, жанып тұрған отқа түсті де кетті. Ұстаз бен шәкірттің, бастық пен орынбасардың арасында да осындай жағдайлар жиі ұшырасады.

Адамды басшы қызмет беріп сына деген сөз бар. Қарамағындағыларға айқайлама. Қызметіңнің өсуі даусыңнан білінбесін. Жақсы қойшы қойдың жүнін қырыққанда жұлмайды, терісін кеспейді, өткені одан жүн көбеймейді. Біреуді жерлеп ұрысқанда шектен шықпа. «Біреуге кісінің көзінше ақыл айтсаң, ескерту жасағандай болады», – деген Қабуснамада. Оны есінде тұт.

Жүре тыңдама, ол қарамағындағыларды менсінбегенің. Қарамағындағыларды еркінірек ұста. Николай I: «Россияны мен басқарып отырған жоқпын, 35000 чиновник басқарып отыр», – деген екен.

Скрипканың ішегін жай сүйкесең жақсы дыбыс шығарып, қатты ұрып қалсаң барқырап кететіні де ойландыратын нәрсе емес пе.

Қарамағындағыларға жобалап отырған ісінің тиімділігін түсіндір. Императрица Екатерина II-ден бір шетелдік елші: «Басқаларға көне қоймайтын дворяндарыңыз сіз айтқанда ылғи тыңдайтынының мәнісі қалай?» – дегенде: «Мен оларды ешуақытта өздеріне тиімсіз жұмысқа жұмсамаймын», – депті.

Істің бастапқы кезінде қателеспеуге тырыс. Жолдың бас жағында бір қадамға қателессең, аяғыңда басқа жақтан шығасың.

Тапсырмаңның орындалуын мезгіл-мезгіл қадағалап отыр. Жоғарыдан төмен түскен ақпарат пен нұсқаулар өзгермеуі мүмкін емес, соны ең төменгі қызметкерлерден біліп тұр.

Кеңестік тәрбие көрген біздегі басшы қызметкерлер қызметі өскен сайын жұмысым жеңілдеді, рахатын көруім керек деп ойлайды. Жәрдемші көп, айтқан тапсырманы қағып алып, орындап жатқанда оған үйрену, қалыптасу қиын емес. Өздігіңнен іздену, үйрену, өз сөзіңді өзің дайындауға өзіңді зорлау осы жерде керек. Ол – қабілеттіліктің, біліктіліктің, парасаттың белгісі.

Асып-саспа. Үрейге берілме. Қарамағындағылар титімдей солқылдақтығыңды сезсе, құрметтемей қояды. Кеме ойылғанда, ойықты бітеңдер деп басқару пультінде тұрып қалған капитан, орнынан кетіп, кеменің тесігін бітеуге қатыса кеткен капитаннан дұрыс.

Өмір – театр, айыпты қашан да – режиссер.

Мәселені «кімдікі дұрыс» деп емес, «қайсысы дұрыс», – деп қой. «Мәселені дұрыс қоя білудің өзі оны жартылай шешу деген сөз», – депті Дмитрий Менделеев. Оны күрделі ету оңай, қарапайым ету қиын.

Бір күн түсіндіргенше, бір сағат істеп көрсеткен жақсы.

Өзгерте беруге құмар болма. «Алтын балық» туралы ертегі есінде ме? Өзгерте бергісі келетін адам бастапқы жағдайына қайта оралып қалуы ықтимал.

Біреуге берген тапсырмаңның орындалуын қайта-қайта тексере берсең, еккен өсімдігінді күніне суырып алып, өніп жатыр ма, жоқ па деп тексеріп көргенмен бірдей.

Басшы өз қателіктерінен тәжірибе жинап жұмыс жүргізгенмен мықты басшы бола алмайды. Ол алдымен ең қымбат нәрсені – уақытты жоғалтады. Басшының қателесе беруге қақысы жоқ. Оның бетіне көптеген адамдар қарап отыр, ал басшының қатесі қарамағындағылардың болашағын

бұлыңғыр етеді. Сол себепті басшы өз қатесінен емес, өзгенің қатесінен сабақ алуы керек.

«Ер үстінде ұйықтамасаң,
Атқа мініп нең бар?

Халық қамын ойламасаң,
Датқа болып нең бар?» – депті Саттар Ерубәев 23 жасында.

Ер жігіт ел үшін туады, жау шапса ерге айтады, артылып қалған жүкті нарға артады.

Өзім білем дегенінді өзің көтер. Қай мәселеде болсын жауапкершілік жеке болуы керек.

Жақсы орынға нашар қызметкер отырғанша бос тұрғаны жақсы. Егер адам қызметке лайық болмаса адамды өзгертемін деп әуре болма, қызметті өзгерт. Сенің өмірінді өксітетіндер жұмыстан босатылғандар емес, жұмыстан босатылмағандар.

Қарамағындағы қызметкердің пікірі сенің пікіріңе қарама-қарсы болғаны үшін қудалама. «Саған қарсы келуге батылы жететін адамға ғана сенуге болады» – деген Екатерина-II.

Ұраншылдықтан сақтан. Жақсы кәсіпорында жақсы жұмыс істеу жайлы ұранның керегі жоқ.

Бір жұмысты бітіруге нақты күн белгілеме. Ол асығыстыққа алып барады. «Асығыс жұмыстан ақаулы бала туады», – деген М.Шолохов.

Басқару ісіне ешуақытта уақытша адамды қоюға болмайды. Ол, уақытты сұрасаң, өзіңнің сағатыңды алып, қанша уақыт болғанын айтқан соң, сағатыңды қайтармай кете баратын адамға ұқсас.

Орманшы ормандағы аңның санын білу үшін әрбір түп ағашты ара-лап, санап шыққаннан, суатқа келген аңдарды санағаны нақтырақ болады.

Мұхиттан жүзіп өту үшін өзің қорабль құруың шарт емес. Дайын нәрселерді пайдалану, өзің жасап шығарғаннан тиімді кезде басыңды ауырттып жатпа. «Иті бар адамға өзі үруінің қажеті жоқ», – депті бір американдық жарнама агенті.

«Біледі» деген сөз, өзінен-өзі «қолынан келеді», – деген сөзбен алмасып кетпеуі керек.

«Ақыл асқазанға байланысты», – деген сөзді Энгельс немістің әскери теоретигі Клаузевицтің сөздерінде кездестірдім деп жиі айтып жүреді екен.

Екі түрлі менеджер болады. Біреуі: «Бұл қанша тұрады?» – деп сұрайды, екіншісі «Бұл не береді?» – дейді. Соның екіншісін басшылыққа ал.

Басшының есінде үш нәрсе тұруы керек: кісіге құрмет, сатып алушыға ілтипат, сапа. Бағасына сапасы лайық зат шығарғанда ғана ол салада ұшпаққа жетуге болады.

«Сатып тұрған мен емес, затымның өзі» – деген қағида бар.

Басқарушының 10 ұлағаты: адалдық, тәрбиелілік, кісіге құрмет, ұйымдасып жұмыс істеуге бейімділік, зерттей білу, жаңашылдық, істің сапасы, жұмысқа кірігіп кету, азаматтық сезім, тиімділік.

Пешке отын салғанда біреулеп салады. Бір құшақ ағашты бірден саламын десең, есікке тіреліп қалады. Көп жобаны бірден қолға алу да сол сияқты.

Бір биіктен бір биікке көтерілу үшін әуелі төмен түсіп, сосын көтеріледі.

Үлкендерге жастарды көмекке беруден, жастарға үлкендерді көмекке берген дұрыс.

Қарны тоқ адамға нан беріп жұмыс істете алмайсың. Нан наны жоқ адамға ғана қымбат.

Сеніміңді жоғалтпа. Ары итеріп жіберу оңай, солай жаса деп сыбырлайтындар толып жатыр. Сақтап қалсаң дұшпаның болса да, достасып кетуіңе жол ашылады.

Әпсана:

Бір патшаға «төңірегіндегілердің бәрі дүниеқоңыз және сенімсіз, оларды ауыстырып, орнына әлі биліктен бүлінбеген, сенімді адамдарды қойыңыз», – деп кеңес беріпті. Сонда патша ойланып отырып: Жақында мен базарға бардым. Бір бұрышта үсті-басы шыбыннан көрінбейтін бір қайыршыны көріп, жаным ашып, шыбындарын үркіттім. Қайыршы болса: уа, мырзам, неге олай еттің? Менің үстімдегі шыбындар әбден тойып, құрғана қонақтап отыр еді. Енді оның орнына аш шыбындар келіп, мені тағы да талайтын болды ғой, – деді. Менің жаңадан қойған қызметкерлерім де алдымен өздері тойынуға тырыспас па екен? – депті.

Бір адамды жұмысқа қабылдағанда сен бір-ақ адамның жауапкершілігін емес, оның отбасының жауапкершілігін мойныма жүктедім де. Оның үй-іші, балалары, ертеңі есінде болсын. Балаларын аяққа тұрғызуға, кәрі әке-шешесін қамтамасыз етуге сен берген қаржы жетпейтін қызметкердің көңілі ылғи алаң болады.

Ешқандай кінәсі жоқ адамды жұмыстан шығарып жіберу – үлкен күнә. Олай етпеу үшін жұмыс орнын қысқартпауға әрекет жаса, жаңа жүйелерді іске қос, әркімге қабілетіне қарай іс бер.

Егер адамдар ертеңгі күніне сенбесе бәрі де құлдырайды. «Америка ештеңе істемейді. Істеп жатқандар американдықтар» – дейді американдық саясаткерлері. Ұйым ештеңе істемейді, істейтіндер ұйымдағы әрбір қызметкердің өзі және оларды үйіріп басқара білетін басшы.

Бос қапты тұрғызып қоя алмайсың. Қанша сүйегенмен отырған орнында ештеңе тындырмайтын адамдар сол сияқты.

Тобыр орташа қабілеті бар адамнан да топас болады. Балаларды топқа бөліп оқытатын себебі, ол мұғалімге өзінің білгенін ғана үйретуге мүмкіндік береді.

Адамды үндетпей тастап, келісті, мойындады, мақұлдады деу біз өскен заманда ғана дұрыс деп есептелді.

Ананың орнында болсам қанша іс тындырар едім деп ойлайтындар өзі отырған қызметінде ештеңе тындырмаған адамдар.

Алдыңа келген адам өз пікірімен келіп, сенің пікіріңмен кетсе жұмысыңның рахаты да, қызығы да сол.

Жағдаяттарымының бәрін реттеп алайын, сосын елге қызмет етемін деп жүргендер өз жағдаяттарының құлдығынан ешуақытта босай алмайды.

Көлеңкесі қою ағаштың астында ештеңе өспейді. Біреудің көлеңкесімен келе жатқан, өзі ештеңе үйренбеген адамның қызмет сатысында биікке көтеріле алмайтыны, көтеріле қалғаны тез құлайтыны содан.

Еркін боламын десең «жоқ» деуді үйрен.

Ескірген бәтіңкені бірден тастамайды, біраз сақтайды, үй жұмыстарына киеді, жыртылса, жамайды. Үйіңді жөндегенде артылған ширек құты сырларды қимай қаңсығанша сақтайсың. Ескі достары мен қызмет-тестерін қимай жүк етіп соңына ертіп жүру осы психологиядан ауысқан.

«Үлкен ағаш көлеңкесімен талайды қорғауы мүмкін, бірақ өзі күнге шығып қалып қояды», – деген үнді нақылы.

Адам биіктеген сайын, оның төңірегіндегілерге көлеңкесі көбірек түседі. Ол көлеңке пайдалы, әрі, пайдасыз болуы мүмкін.

Салтыков-Щедринді губернатор етіп жіберіп тұрып Александр II: Ал енді өзің сынап жазғандарыңды өзің жаса, – депті.

«Карьера жасаймын десең: сұр киімдер ки, өзінді қалтарыста ұста, инициатива жасаушы болма», – депті Талейран.

«Менің халқым», – деген сөзді біреулер «менің мүлкім, не істесем де өз еркім», – деп түсінеді. Билікке, не байлыққа жете қалсаң адамдардың басынан асыра қарама, халықтан биік болған ешкім жоқ. Бауыржан Момышұлы айтыпты: «Халық жүрген жолмен жүр – адаспайсың. Халықпен бірге бол – жалғыздық көрмейсің», – деп. Тағы да: «Халықтың әр сөзінде атомның өзегіндегідей сығымдалған ой жатады, оны атомды бұзғандай бұза білсең, атомның қуаты секілді ұлы күш шығады, ол жер бетіне бұрынғыдан да ойлырақ сана әкеледі», – депті.

Адамды қолына билік беріп сына деген. Қаймақ әуелі сүттің бетіне жиналады, бірақ ашыған қаймақ сүттің түбіне түседі. Билікке барған азаматтың кейбірі осыған ұқсайды емес пе?! Демек билік иесі болу мен азамат басшы болу екеуі екі басқа. Шынымен мықты тұлғалар үлкен

қызметке барса да ұсақ пиғылды шенеуніктер құсап қызметін пайдаланып, үлесті молырақ қармауға тырыспайды. Олар елдің, ұлттың атын төмендетпеу үшін жұмыс істейді. «Айлығым аз, тартпақтамағанда қайтемін» – дегендерді айлығы аз тартпақтайтыны жоқ жерге жіберу керек.

Билік деген сөз – адамдардың үстінен билік құру деген сөз. Адамдардың үстінен билік құру үшін олардың жанын ауырту керек. Билік дегеніміз, сонда, адамның жанын ауырту және қорлау болып шығады. Сондықтан даңқ пен билік, байлық пен пайда – бұлар өктемдіктің құралы дейміз.

Билік жайлы Фариза ақын былай деген:

*Қадір қалмай талант пен өнерде тұк,
Өмір кетіп барады өлеңдетіп.
Адамдар жүр Жердегі адам құнын
Жылдан жылға өздері төмендетіп.
Жаныңа үміт құймасын жалын сенім.
Қадіріңнің өлшемі – тағың, шенің.
Билік болса болғаны қолыңда тек,
Көк тиындай қажетсіз арың сенің.
Құрығы ұзын адамның құны да артық,
Құны артықтар жүзіне нұры қалқып,
Күлімдесе – көн дала кең болады,
Қабақ шытса – демінен шыны балқып.
Биліктіге бәрі дос, бәрі жақын,
Әулие сол – тобырлар табынатын.
Жекжатына жарбақтар «әулиенің»,
Келе алмаса маңайлап жанына тым.
Күш, билігі болмаса данышпан да
Адам емес – басынан бақ ұшқанда.
Ожау ұстау – бәрінің мұраттары –
атан ба, әңгі есек пе, арыстан ба.*

Билік теңіздің суы сияқты, іше сала қайта ішкің келеді.

«Елді билеуден адамның өзін-өзі билеуі қиын, жағдайы келгенде бақ көтеріп, таққа отыру бола береді. Бірақ соның буымен өзін-өзі ұстай алмай, абыройын ашатындар көп», – дейді данышпан Абай.

Д. Менделеев: «Даңқты болуға ұмтылсаң отырыстардан, әсемпаздықтан, әйелдерден аулақ бол. Таныстарың көп болмағаны дұрыс», – деген екен.

Ылғи биікте болады екем деп қалма. Биікке жақындаған сайын құлап кету қаупі көп. Ұдайы жеңе бермейсің. Сондықтан бір күні жеңіліп қалуың мүмкін екені естен шықпасын.

Лажы болса, әрине, ұшқан жақсы. Бірақ құлаған жаман да.

Ең биіктен алға баратын жол тек төменге бастайды.

Іскер әлемде бақыт деген сөз болмайды. Бақыт жоғары жетістік жолындағы күрес бар жерде, жетістік пен табыс бар жерде болмайды. Өйткені онда тоқтау жоқ, соңы жоқ.

Бизнес пен байлық

Бизнес пен байлықты қысқа ғана сөзбен түсіндірер болсақ: Тап, Таны, Игер, Иелен, Тұтын.

Белгілі бір мақсатқа жету үшін қарапайым нәрседен ақ бастау керек. Алдымен темірдей тәртіп пен айқын логика керек.

Бизнесті сезіне білу табиғи дарындылықпен бірге, асқан төзімділік пен еңбекқорлықты қажет етеді. Сонымен бірге біліктілік, адами мәдениеттілік қажет. Өзін-өзі ұстай білу, сыпайыгершілік, қиындыққа мойынсұнбайтын табандылық керек.

Ең бастысы – жауапкершілік. Бизнес адамы үшін берген уәдесінің үдесінен шығу, сөзінде тұру шарт, себебі сенің сөзіне сеніп әріптесің сенің ақпаратыңды жан-жаққа таратып жібереді, соған сәйкес түрлі жоспар-жобалар құрылады.

Сонан соң – сәттілік. Ол өзінен-өзі келмейді. Ол бизнестік тәжірибелерді меңгеру, оны іс жүзіне асыру қабілетіне байланысты. Сәттілік кездейсоқтық емес. Өмірде кездейсоқтықтан гөрі заңдылық басым, кездейсоқтық кинода көбірек кездеседі. Луи Пастер өзінің дәрісін кездейсоқ ашқанын сынағандарға: «Ол рас, бірақ жан-жақты даярланған адамға ғана қолайлы жағдай туып, бақ қонады», – деген екен.

«Кездейсоқтық біздің тұрақсыз немесе сезімсіз екенімізді көрсетіп тұрған жоқ, біздің қандай екенімізді абайсызда ашып алды», – дейді Плуларх.

Аз ғана тәжірибе үлкен теориядан пайдалырақ. Түсінудің ең жақсы жолы – өзіңнің көзің жетуі. Сондықтан тәжірибе жасап көруден қашпа. Он ісіңнің тоғызы шығынға батырса да, оныншы іс соның бәрін жауып кетеді, соған сеніп жұмыс істе.

Өнімді нашар алған диқан ендігі жылы тұқым сеппей қойса, арғы жылы өнім алуы тіптен қиындайды.

Шығыста ертеден келе жатқан мынадай ұлағат бар: «Я, Алла, маған қолымнан келетін істі атқаратын қуат бер, қолымнан келмейтін іске ұмтылмайтын ерлік бер, осы екеуін бір-бірінен айыра алатын ақыл бер».

Қай істі болсын атқаруға кіріскенде қорқыныш, бір шешімге келе алмау, күдік – осы үшеуімен күресе біл, – депті Р.Уотермен. Ештеңеге тәуекел етпеген адам ештеңе ұта алмайды.

Машинаның бұзылып тұрғанын, оны жүргізудің қауіпті екенін білмейтін адам қорықпастан рульге отыратыны сияқты, қиындықтың қай-қайсысы болса да маманға ғана белгілі. Білмейтінге қиындық қарапайым ғана нәрсе.

Үлкен жолға шығар алдында үрейленетіндерден алдағы мақсатын, бұл өмірде неге қол жеткізгісі келетінін сұрап тұр. Бұл ой көкжиегін кеңейтеді.

Бір жерде отырып күтіп отырған адам бір жерде тұрған зат сияқты, оны шаң басады.

Пеш салғанмен жылы бола салмайды. «Салып бердім ғой, не қыл дейсің», – деу біз басып өткен заманның түрді мазмұнмен шатастыратын қателігі. Пеш салғаннан кейін отын табу, оны пешке салу, тұтату, мезгіл-мезгіл қарап, отынын толықтырып тұру керек, сонда ғана жылы болады. Бизнесіте де солай.

Мақсатқа жету үшін мақсат еткен нәрсенді айқын білуің, соның орындалатынына сенуің керек.

Сенбесең – бастама. Бастадың ба, аяғына жеткіз. Орта жолда тоқтағаннан қайтуға да күш кетеді. Орта жолға барғанда, көп жүрдім-ау, тағы қанша жүрер екенмін, – деген уайымшылдың сөзі, жақсы жүрдім, енді азғана қалды, – деген дұрыс.

Істі бастамай тұрып ойланған, қорытынды шығара алмай ойланғаннан жақсы.

«Бір істі қолға алған кісі құдық қазушының кебін киеді. Егер де ол құдықты терең қазып судың көзіне жетпей тоқтаса, онда бар еңбегінің зая кеткені», – депті Конфуций.

«Бір тәуекел бұзады

Мың қайғының қаласын,

Бір жақсы сөз жазады

Мың көңілдің жарасын», – деген нақыл сөз бар қазақта. Асықпа. Черчилльдің Хрущевқа айтқаны есінде болсын: «Апанды екі басып, аттап өтуге болмайды. Ішіне түсіп кетуің мүмкін».

Жайбасар да болма. «Ақырын жүрсең сорың сені қуып жетеді, жылдам жүрсең сен сорыңды қуып жетесің», – деген Мұқағали.

«Бір жұмысты тындыруға құлқың болмаса, оның нәтижесі де ойдағыдай болмайды». Бұл Гамперсон заңы. Бір жұмысты ойдағыдай етіп істеуге шалағайлық жасаған адам, оны қайта істеуге уақыт пен күш жұмсауға мәжбүр болады.

Қолға алған ісің орындалмай қалса, болмашы себептерді айтып, өзіңді-өзің алдарқатпа, ең басты себебін тап, соны келешекте болдырмауға тырыс. Асанбай Асқаров айтқан бір мысал есіме түседі: Архиерей өзінің қол астындағы діншілдерін аралап, өз көзімен көріп қайтқалы елге

шығыпты. Ол жақындаған кезде, тәртіп бойынша, шіркеуде қоңырау соғылып қарсы алуы тиіс екен. Бір жердегі шіркеуде қоңырау соғылмапты.

Жергілікті шіркеу ұстаушы дьяконды шақырып оның себебін сұрағанда, ол, қоңыраудың соғылмауына он екі себеп айтқан екен. Соның ең соңғысы: «ол жерде қоңырау жоқ еді» болыпты. Соғылар қоңырау болмаса алдыңғы он бір себептің керегі бар ма еді?!

Ағаш кесіп жатқан араң өтпей қалса, уақытым кетіп қалады деме, қайрап ал, әйтпесе өтпес арамен ағаш кесуге көп күш босқа кетеді, ол жігеріңді құм етіп, уақытыңды алады.

Біреудің соңынан қалмай, тәптіштеп түсіндіре бастасаң, түсіндіре алмайсың. Пайда іздеп жүр ме деп ойлап қалуы мүмкін.

Шыңға бір ғана үлкен секіріспен шығамын деп дәмеленбе. Өздері бір нәрсе істеуге тырысқан адамдарға ғана тағдыр оңынан келеді. Биікке тек бір текпішекпен шығады. Өзіңді-өзің жігерлендір, жетекте, үйренуге зорла, басқа адамдар мені қашан жетелейді деп күтіп отырма. «Жұмысты істеуге ықыласты адам білетін адамнан артық істейді», – дейді Г.Мурей.

«Біреудің жоғын біреу ысқырып жүріп іздейді», – деген мәтел бар қазақта. Өз жоғыңды өзің ізде. Сонда ғана табылады.

Үлкен істерге ұмтылғандарды құрметте, оны жүзеге асыра алмаса да, оның талабының өзі құрметтеуге лайық.

Маңдай терімен табыс табуға ұмтылмайтындардан аулақ жүр. Ертегілеріміздің жолдан кездескен немесе тауып алған байлыққа үндейтінімен келіспеймін.

Жұмыс ылғи қызық болмайды. Өмір бақи бұранда бұрап немесе темір тесіп тұратын адамдар болады, олар да керек. Оларға жұмысының қызықсыз болғаны үшін қымбатырақ төле. Бір мезгіл ақыл-ойын жұмсай алатын басқа жұмыс бер.

Ешкімді жалынып, зорлап ұстап қалуға болмайды, қанша басы алтын қызметкер болса да істегісі келмегендерде ықылас, құлшыныс болмайды. «Осында істейсің бе, кетесің бе өзің шеш, қалсаң біздің жұмыс тәртібімізбен істе», – деу керек.

Қарамағындағылар ақшаның қалай жасалып жатқанын білмесе, қызықпайды. «Жұмысты жақсы істеу керек, сонда табыс та мол болады», – деген әншейін ұран ғана. Табысқа қалай қол жететінін айту керек. Есеп-қисаптан хабары болып, соның қаншалықты тиімді екенін білмеген адам жұмыс істемейді, әншейін жұмыс істеген түр білдіріп жүре береді. «Мен кішкентай адаммын», – деген ойдан айыр, шын мәнінде өндірістің бір қожасы сол екеніне көзін жеткіз.

«Айтқанды істе, өз жұмысыңнан басқада ісің болмасын», – деген дұрыс емес. Адамда қызығу, творчестволық ұмтылыс болмай қалады. Таңертең жұмысқа асыққаныңда не істеп, не қоятыныңды білген рахат емес пе?!

Қызметтестеріңді есеп-қисап жасауға үйретпесең, оның еңбегіне төленіп жатқан айлығы ылғи да аз секілді көрінеді. Чжуан-цзы айтты деген бір аңыз бар. Маймылдардың патшасы таңертең каштан жаңғақтарын таратып тұрып: қазір үшеуден берсем, кешке төртеуден жетер еді, – депті. Оны жақтырмай маймылдар шулап кетіпті. Онда қазір төртеуден, кешке үшеуден берейін, – депті патшасы. Маймылдар қуанып сандарын шапаттапты. Еңбекақыны көп төлеген жақсы, бірақ кіріс пен шығыстың арасы жақын немесе тепе-тең болса, онда тосыннан болған баға немесе салықтағы өзгерістерден, жаңадан пайда болған бәсекелестерден мекеме көпке бармай күйреуі оңай.

Айналада жүргендердің көзінде оты жоқ, жансыз, құр сүлдесі жүргендер болса мекеменің келешегі жоқ. Сені қоршағандар рахат үшін емес, бала-шағасын бағу немесе уақытын өткізу үшін ғана жүргендер.

Армандай білуді үйрет. «Бақыт құсы деген бар, бірақ оны ұстау көп еңбекті қажет етеді. Сен бақытты болуға міндеттісің. Өзіңнің бақытыңды іздеп табатын өзің» де.

Отыз адам отыз қап ұнды отыз көлікпен әкелгенше, отыз қап ұнды бір адам бір ғана көлікпен әкелген тиімді ғой. Сондықтан бірігу, кооперация жасау керек. Өзім тоқ болсам болды дегендер солай жасайды. Мешітке жинаған ақшаны жеп қойып жатқан заманда біріккендердің басына адал адам табу қиын. Бірақ сондай адамдарды тәрбиелеп жеткізу керек.

Бізде бүгінгі күндері ұжымдық құрылым жоққа шығарылып, жеке тұлғаның рөлін биікке көтеріліп отырғанын байқау қиын емес. Бұл дұрыс та. Қоғамның жұмысын өзінің жұмысындай беріліп істейтін адам аз. Халық айтса қалып айтпайды: «Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар», – деген ғой. Бірақ, адам баласы қоғамнан тыс, жеке өзі өмір сүре алмайды, ондайлар бірен-саран бар, олар адам кейпін жоғалтқандар. Адамзат қоғамын құмырсқаның илеуіне ұқсата бер, онда әркімнің міндеті бар, әрқайсысы әртүрлі әлеуметтік топқа жатады. Оларда өзара жәрдем дамыған, сүйреп келе жатқан табысына шамасы келмей жатса басқа біреуі сүйресіп жатқанын көресің. Зерттеулерге сүйенсек, жалғыз құмырсқаны жеке қамағанда он құмырсқаны бірге қамағанның гөрі үш есе қысқа өмір сүрген.

Халықты алдауға болмайды. «Халық деген бейшара ғой, сойыл соғысқанда бірге соғысады, үлеске келгенде құм асайды», – деп Мұхтар Әуезов осы қағиданы ұстанбағандарға ашынғаннан айтқан.

Бизнеспен айналысуға түрткі болатын заттар – пайда мен мақтаныш.

Егер адамдарда эгоистік қызығу болмаса, толық қайтарым болуы қиын. Адамның табиғаты солай. «Адам өзі үшін істегенде ғана шын ықыласпен істейді», – дейді Герцен.

Рейнольдс Додсонның тығырықтан жол табу жөніндегі кеңестері:

1. Ойдағыдай болар деп ойла, бірақ ойдағыдай болмай қалатын жағдайға дайындал. Мұндайға іштей алдын ала әзір адам әрдайым тез оңалады. Тығырыққа тірелетін жағдайды бажайлаудың амалы: басыңа күн туатын ауыр ахуалдарды ойша өткеру. Бұл тұйыққа тірелген сәттің кесапатынан аман-сау өтуіңе кепілдік береді.

2. Әрекет жасамас бұрын әуелі бұл ісіңнің пайда-зиянын ой елегінен өткіз. Асығыстық арандатуы мүмкін. Батылдық әрекет бастар алдында асықпай ойлану қажеттігін жоққа шығармайды.

3. Ақыры тәуекелге бел буған екенсің, енді ештеңеге алаңдама.

4. Орайы келіп жатса, жәрдем сұраудан да жалтарма. Әдетте осындай өмір өткелдерінен өткен адамдардың қолғабыс-көмегі арқасында ғана ойдағыдай нәтижеге қол жетеді. Жеке-дара қимылдауға талап қылғандар таудай қиындықтарға жолығады.

5. Болмашы нәрселерге алданып, шырматыла берме. Бірінен соң бірі туындап жатқан шұғыл мәселелерді шешу үстінде ең басты мақсатыңды екі елі естен шығарма.

6. Қандай қиын жағдай тумасын, шыншыл бол. Қиын түйінге кінәлі өзің болған шақтарда жалған сөйлеп, жалтаруға немесе жылы жауып қоюға құштарлық оянуы да мүмкін. Ақталудың ұят екені өз алдына, пәлендей пайдасы да жоқ. Шындық ақыры анықталған кезде жалған сөздің зардабы алғашқы ағат істен әлдеқайда зор зиян әкелуі мүмкін.

7. Үнемі «ойдағыдай болар» деп үміттен. Қиын түйіндер әлдеқашан пісіп-жетілген мәселені шешудің енді шегінерге жол қалмағанының көрінісі. Дағдарыс өзгеріс жасауға итермелейді.

Тығырыққа тірелген шақтарда қандай ауыр ахуалға тап болғаныңмен, мұның өзі саған жаңа мүмкіндіктер беретінін жадында ұста. Ұтылсаң мұның бәрі болашағыңа сабақ. Ұтып шықсаң – бұл өмірдегі ең үлкен жеңісің болуы да ықтимал.

Бұл кеңестер өзіңе, жолдастарыңа бірде болмаса бірде керек болады.

Халқымызда: «Кімнің бай болғысы келмейді – Құдайы қаламайды, кімнің батыр болғысы келмейді – жүрегі дауаламайды», – деген сөз бар.

Етті көп жейтінімізге мақтанамыз. Ол мақтаныш етерлік нәрсе емес, ескі замандағы ұстаған аңын бұтарлап, бөліп жегеннен қалған, ұмыта алмай келе жатқан әдет.

Қазақ жүз теңгесі бірден екі жүз теңге болып кетпесе менсінбейді. Ағамның ұстазы, самарқандық өзбек академигі біздің үйде қонақта оты-

рып: «Біздер, өзбек халқы құдай несібе үлестіргенде өз қолынан емес, біреулер арқылы алған екенбіз, ұдайы біреудің қолына қарайтынымыз содан, ал, сіздер, қазақтар несібені құдайдың өз қолынан алғансыздар» дегенде: біз қандай ұлы халықпыз деп мақтаныш етіп едім. Сөйтсем несібе желмен келетін емес, еңбекпен, ұқсатумен, саудамен, есеппен, тәуекелмен молаятын нәрсе екен. Сол кезде мен отыздан асып кеткен едім, осы қарапайым нәрсеге ақылым жетпепті.

Ескі машинаны жөндеп, сапасы өзге мата шығара алмайсың. «Ескіні жамасаң есің кетеді» деген. Қимағанмен, қымбатқа түскенімен технологияны өзгертіп тұруың керек. Келешегін ойлаған кәсіпкер төрт-бес жыл пайдаланған соң, өмірден әлі қала қоймаған жүйені жақсы істеп тұрса да, сатып жіберіп, ең жаңа жүйені іске қосады. Бір қарияға етегіндегі алжапқышы ескіріп, сетіней бастағанын байқап, қаладағы студент немересі жаңа алжапқыш сатып әкеліп береді. Ертесіне қараса, кемпір шешей немересі әкелген алжапқышты қырқып, ескі алжапқышқа жамау етіпті. Немересі тағы бір оралып келгенде, әжесі басқа жерінен сетінеген алжапқышын қолымен басып тұрып, өткенде бекер істегеніне өкінген екен. Ескі технологияға жаңа тетіктер жамап, жөндеп, жақсы тауар шығара беремін деп жүргенінде ескі алжапқыш секілденіп тағы бір жері жарамсызданып жыртылады. Аз шығынмен көп пайда табу қиын.

Пайда да ақыл бар жерге үйіріледі.

Кеше ерте сияқты болып тұрып, ертең кеш болып қалуы мүмкін. Ерте сияқты болуы – батылсыздықтан. Көңілің шауып тұр, бірақ бастауға батылың бармайды. «Пустое желание целого мешка. Не стоит кисета табака» – деген орыс мақалы. Қазақшасы: Көңілдің құр қалауының бір қабы, Татымайды насыбайға бір атым.

Біздің қазақ жалқау халық. Бірақ жалқау бізге теңессін деп өмір тоқтап тұрмайды, қатардан қалып қоймауға тырысу керек. «Уайымсыз салғырттық деген нәрсе бар, ол Алланың, халықтың, дәулеттің, ғибраттың, ақылдың, ардың дұшпаны, бірі бар жерде бірі болмайды», – дейді Абай. Адамы жалқау ел – кедей. Жалқаулық – кедейлік кепілі.

Адам өмірінде көлгірсудің, пысықтықтың, ішкі есептің, бақ пен тактың керек болмай қалатын кездері болады.

Бизнестің ұраны: «Жоғары өрле немесе жолды босат, сатыда тоқтама». Әрі қарай өсуге ұмтылмасаң іскер азамат ретінде біттім дей бер.

Біреудің идеясын өзгерту оның ісіне араласумен тең. Одан да өз идеяңды ұсын, идеясын өзгертсе өзі өзгертсін. Біреуге бірнәрсе үйреткің келіп тұрса да, үйреткің келіп тұрғанын әшкерелеме, ол білмейтінін бетіне басқандай болып қабылдануы мүмкін.

«Менде бір алма бар, сенде бір алма. Екеуін алмастырсақ екеуімізде де бір-бір алма күйінде қалады. Менде бір идея бар, сенде бір идея.

Екеуін алмастырсақ сенде екі идея, менде екі идея болады», – дейді американдықтар.

Зат пайдалы болса ғана керек. Қанша әдемі болғанымен жазылмайтын қаламды жаныңа салып жүрмейсің.

Темірді қызған кезде әркім де соғады, әңгіме темірді қыздыра білуде.

Проблема айсберг сияқты, ешуақытта толық көрінбейді.

Міндеттерін орындау өз құқын білуден жауапты. Осыған орай мынаны есіңе тұт: ешуақытта заңды бұзуға әдеттенбе. Рас, заңнан сәл ғана аттасаң, көрініп тұрған табысқа ие бола кететін кезің көп. Сонда да заң бұзуға барма. Қыл көпірді көзіңе елестет. Арғы беті – мол табыс. Арқан үсті – шекара, екі беті – заңсыздық. Тепе-теңдікті ұстай алмасаң құлайсың. Уақытша пайда үшін қыл көпірге өзіңді итермелеме. Заңды бұза салу, орындамау бүгін оңай болғанмен, ертең-ақ заңды құрметтейтін, оны мүлтіксіз орындайтын заман келеді. Платон ақылман айтыпты: «Заңы әлсіз, әлдебіреулердің билігінің астында жататын елдің келешегі жоқ. Заң биліктегілерден биік болып, биліктегілер заңның құлы болған ел – Құдайдың мейірімі түскен ел», – депті.

Алған өнімің шеккен бейнетіңнің көрінісі. Жеңіске жетсең, өзім жеттім деп, жеңіліп қалсаң өзгелер айыпты деме.

Жолыңда көп кедергі кездеседі, ал кездеспесе сенің ешкім болмағаның.

Кедергіні ұсақ деп қарама. Ірі істердің жүзеге асуы көбіне ұсақ нәрселерге байланысты.

Наның жүріп, тасың өрге домаласа тасыма, тауың шағылып, өзгелерден үстемдік көрсең жасыма.

Саған жақсы сөйлеп отырып, басқалардың бәрін жамандап отыратындарға сенбе.

Көп адамдар бірінші сәтсіздіктен кейін өзінің мақсаттары мен жоспарларынан бірден бас тартады. Табандылықтың жоқтығы – мыңдаған адамдардың ең осал жері.

Картопты Америкадан бір священник әуелі Францияға әкеліп егіп көбейтіп жұртқа сатпақ болған. Үйренбеген адамдар сатып алмақ түгілі, тегін де алып жемеген, Сосын священник картоп сақтаған қойманы күндіз король әскерімен күзеттіріп, түнде күзетсіз қалдырған. Төңіректегі адамдар түнде ұрлап, жеп көріп, егіп көбейтіп аз жылда картоп бүкіл Еуропаға тарапты деседі. Бұл бейтаныс нәрсені өмірге ендірудің қиындығына, тиме деген нәрсеге жұрттың құмар болатынына мысал.

«Пісіп қалған құрбақа» феномені: Су құйылған кастрюльге құрбақаны салып отқа қойып қыздыра бастағанда құрбақа жылуды біртіндеп сезіп, алай-бұлай жүзіп, ақыры пісіп өлген. Екінші құрбақаны қайнаған су толы кастрюльге тастап жібергенде, құрбақа бірден ырғып, құтылып кеткен.

Өзге тірлікке біртіндеп үйлесермін, келген қауіптен жайлап құтылармын дегендерге үлгі бұл.

Күрескендер жеңілуі мүмкін. Күреспегендер – жеңіліп қалғандар. Ақиқатты үйренгеннен басынан өткізген жөн.

Жеңілсең мойыңда, өзіңді өзің алдама. «Бейқамның және бейқамсыған адамның сыбағасы бір, өйткені бейқамдық адамды сәтсіздікке бастайтын сияқты, бейқамсыған адамның өтірік бейқамдығы да сәтсіздікке бастайды», – дейді Фараби баба.

Күресуден шаршап, енжар күйге көшкен адам, онысын біле тұра мойындағысы келмей, ақылдырақ болып көрінгісі келіп тұратыны бар, олай жұбату өзіңе зиян. Бір істі жүзеге асырғысы келмегендерге я уақыт, я ақша жетпей тұрады. «Үйтейін деп едім, бүйтпей қалды» деп, өзіңді алдарқату – ол да зиян. Ол табансыздыққа, сәл қиындыққа шыдай алмайтын жігерсіздікке бастап апарады.

Құламансаң – тұрмайсың. Сәтсіздікті солай бағала. Менің құлауым орнымнан тұрып тағы ұмтылуым үшін керек деп ойла.

Жоғалтпасаң – таппайсың, болмаса – жоғалтпайсың.

Жеңістің жүз әкесі бар, жеңіліс – жетім.

«Тез істеп, нашар істесең, тез істегенің ұмытылып, нашар істегенің есте қалады. Ал, егер, жайлап істеп, жақсы бітірсең, жайлап істегенің естен шығады да, жақсы бітіргенің есте қалады». Бұл сөзді Сергей Королев айтқан.

Адам боп өмірге келген соң лайықты өмір сүру керек. Ол үшін сенің тұрмысың оңды болсын.

«Атаның малы балаға мал болмайды», – деген қазақ сөзі әкең бай болған болса да, сен ол байлықтың қалай жасалып жатқанын білмейтін болсаң, оны ұстап қалуың қиын, өз бетіңе жіберсең, ол малдан ештеңе де қалмайды, – дегені.

Адамға мал бітуі – ақыл мен еңбектің нәтижесі.

«Бастаған ісің автомобиль сияқты – өз бетімен ол тек жоғарыдан төмен қарай ғана жүреді», – деген американ менеджерлерінің қағидасы бар. Істі бағыттай алмай бетімен жіберсең, нәтижесі құлдырайды, атам қазақ әкенің малы балаға мал болмайды дегенде, әкеге ұқсап әрі қарай алып кетудің қиындығын ойлап айтқан.

Табысқа тек білімнің арқасында және табысқа жетудің тексерілген әдістерін қолдану арқылы жетуге болады.

Кедей болып қала беруден гөрі байып кету оңай. Себебі, кедейге барлығы қиын, қиын болып қала береді де.

«Аспайды аштың ойы астан» деген.

Адамның алдында ой-шеңберін шектейтін, көрінбейтін қабырға болады. Соны барынша әрірек ысырсаң, кеңістігің ұлғаяды. Мынадай бір эпсана бар: Графтың кір жуушысы жас қыз кір жуып шаршап орындықта отырып ойланыпты: «Мен ертең өскен соң графқа тұрмысқа шығамын, сонда өз кірімді ғана жуатын боламын», – деп. Графтың әйелі кір жуу тұрмақ, баласын да бағып-қақпайтынына ол қыздың ой-өрісі жетпейді, өйткені оның алдындағы қабырғасы тиіп тұр.

Табыстан табысқа жетіп дәулетті болу үшін қарапайым екі-ақ тәсілді білу керек: қалай әрекеттенуді және сол әрекетке қажетсіз артық нәрселерді болдырмауды.

Бизнес ойын сияқты. Ол кәдімгі спорт ойындары сияқты, сол ойындардан қиын да емес. Бірақ спортшыдан өзгешелігің – бұнда намыс, өз мүмкіндігіңді ашу секілді категориялармен қатар, отбасыңның игілігі, бүкіл армандарың ойын таразысында тұрады.

Бизнесе жарқырап шығу үшін соншалықты данышпан болудың керегі жоқ. Жалпы қағидалар – ұқыптылық, тәуекел, есеп. Сосын ойын тәртібін жете білу, ең керегі сол. Басқарушы ғана емес, бүкіл команда жете білсін. Ұжым команда емес, команда біртұтас, түйін болып еңбек ететін, тірліктен толық хабардар, ақшаның қалай жасалып, қайда жұмсалып жатқанын білетіндер. Ойынға бүкіл командаңды тарта біл, олар Ойынға қаншалықты деңгейде тартылса, өзі-ақ үйренуге, көп білуге ұмтылады.

Сөзден бұрын сәлем, істен бұрын ынтымақ, – дейді өзбектер.

Кедей болу, ең қажетті заттарың болмауы – үлкен бақытсыздық, бірақ бай болып туудың бақытсыздығы да одан кейін емес. Өйткені өз басыңнан қиындық пен нағыз өмірді өткізе алмайсың.

Американдық әйгілі миллионер Фордтың өмірінде мынадай бір оқиға болған: Клубта қайырымдылық қорына арналған жәшікке Форд 10 доллар ақша салыпты, сәлден кейін оның ұлы кіріп, қор жәшігіне 1000 доллар ақша тастапты. Сонда үлкен Фордтан: сіз миллионерсіз, балаңыздан жүз есе кем ақша салғаныңыз қалай, – деп сұрағандарға: «Мен миллионердің баласы емеспін ғой», – деп жауап қайырған екен. Өзің тапқан дүниені әкенің дүниесіндей ғып шашып-төкпейсің, өйткені оның қалай жиналғанының бағасын білесің.

Балаңды кішкентайынан қолына ақша беріп үйрет. Отбасыңның бюджетін алдына жайып сал, қалай жұмсалғаны дұрыс болатынын ойланып өссін. Мектепте бизнесті үйретпейтіні өкінішті.

Балаларына үлкен байлық қалдырсам қадірлі болам деме. Ол онша атаулы сый емес. Одан да сол байлық қалай жасалатынын үйрет.

«Тойсаң тоба қыл», – деген қазақ атамыз. Қанша бай болсаң да қарапайымдылықпен өмір сүр. Өзіңе тыныш болады. Ұдайы қара уылдырық

алып тұруға ақшаң жетуі уайымынан, ол уылдырықтың шын дәмін сезіну уайымы басым болсын. Ең өзіншіл нәрсе – еркіне жіберілген қарын, ол не жегенін ертең-ақ ұмытып, жей беруден басқаны білмейді.

«Адамды адам ететін ақша. Ешқашан тас кедей лайықты және айтулы бола алмайды», – дейді біздің ғасырымыздан 600 жыл бұрын өткен грек ақыны Алкей. Мен бұл пікірді бұрын да өмірде көп кездестіре жүріп мойындамаушы едім, жасым қырықтан асқанда растығына көзім жетті.

Ешуақытта өте байып кетпе, уақытыңда тежел. Байлық өскен сайын, уайым да өседі. Көлдің тақырға, байдың пақырға оп-оңай ақ айналып кететініне мысал көп.

Қаржы еркіндігі белгілі бір деңгейге жеткенде ақша онша үлкен шешуші маңызға ие болмай қалады. Сіз бұдан былай жақсырақ тамақтануға, көбірек саяхат жасауға немесе жақсы машина мінуге ұмтылмайтын халге жетесіз.

Қарау бай байлықты молайтып, оны жұмсамай да қоғамға пайда келтіруі мүмкін, өйткені оның байлығы ерте ме, кеш пе қоғамға қайта оралады.

Байлықты жасыруға болады, кедейлікті жасыруға болмайды. Байлық ақылға келеді.

Америкада: ақылды болсаң, неге бай емессің, – деген мәтел бар.

Шахмат ойнауды әркім біледі, бірақ гроссмейстерлер санаулы.

Үлкен дәулетке ие болған адамдар туралы мынадай қате пікір тарап кеткен: олардың барлығы қатыгез, салқынқанды қанішерлер, аяусыз адамдар сияқты. Шынына келсек, олардың басқалардан айырмасы – жігер-күшінің көптігі, оның табандылықпен астасуы. Сондықтан байдан жиіренбе, оған кесір келтіруге тырыспа. Бүгіндегі аса бай елдердің көбінің бастапқы капиталы көпестердің мүлкі болған. Жеткілікті адамдар кедейлерден көп болмай елдің өркениетке жетуі қиын.

Ақшаның көмегімен жүзеге асатын арман-тілектер тек бизнес арқылы жүзеге асады.

Бизнес деген сөзді көп адам алыпсатарлық, тонау деп түсінеді. Бизнес ең алдымен интеллект, табандылық пен тәжірибе, содан кейін барып ақша.

Кәсіпкерлік – пайда табу ғана емес, ол – еркіндік, ешкімге тәуелді болмау, өз күшінді байқау, оған сенімді болу әрі оны орынды арнаға жұмсау, ол, керек болса абырой, мәртебе! «Сауданы жасағанда тек пайда табуды көздеме, халықтың мұқтажын өтеу үшін жаса, сонда жаның рахат алады», – дейді Мұхаммед пайғамбар.

Кісінің сақилығы біреуге өзінде барын берумен емес, өзі онсыз қиындық көретін нәрсесін берумен бағаланады.

Аш адам аш адамның жағдайын ылғи да түсінеді, жақсы болсаң тоқ кезінде аштың жағдайын түсіне біл.

Ештеңесі жоқ адамнан, болған үстіне бола берсе деген адам кедейірек. Қанағат керек. Ауданда сот болып істеген бір кісі, істі болған адамның жазасын жеңілдету үшін әкеліп берген парасының тең жартысын өзіне қайтарып береді екен. Неге олай етесіз, өздері әкеп беріп тұрғанды қайтарып беруіңіз қалай? – деп сұраса: «біріншіден, бұл мені қанағатқа үйретеді, екіншіден, түгел айырылдым деп есептеп келген ақшасының жарымын қайтарып алған адам менен сый алғандай болады, ешуақытта мені жамандамайды және қарғамайды, мүмкін ол біреуден қарыз алған шығар, онысын бірден қайтарып береді, үшіншіден үкімді жеңілдетуді де ебімен, заңнан алшақтап кетпейтіндей етіп жасаймын» – деген екен.

Тоқтыққа үш жолмен жетуге болады: еңбекпен, тілемсектікпен және ұрлықпен. Соңғы екеуі кездейсоқ тоқтық. Кездейсоқ келген жеткіліктілікті, байлықты ұстап қалу қиын, тіпті мүмкін емес. Желмен келген несібе желмен ұшып кетеді.

Егер өзіндегі енжарлықты сезінсең, онда сен ешуақытта ақша категориясымен ойлай аламын демей-ақ қой және сен ешуақытта бай бола алмайсың. Кедейлік өзінің ақыл-есі кедей болуға тартып тұратын адамдарға жабысқақ келеді. Байлық та сол заңдылыққа бағынады. Кедейлікке мойынсұну – кедейліктен шықпау деген сөз.

Нан қарынды іздемейді, қарын нанды іздейді.

Жазықта кетіп бара жатып тек көкжиекті ғана көресің, бизнесте ол жеткіліксіз, көңілің көкжиектен әріректі көріп тұруы керек.

Балықты аулаудың рахаты, ауланған балыққа тойыну рахатынан көп биік. Бір нәрсені іздеп табу құштарлығы табылған нәрсеге рахаттанудан басым.

Ақша кез келген адамға керек. Сол үшін де ол құнды.

Сенің бір өзің ғана баға деңгейін өзгертуге шамаң келмейді. Ендеше, жалғыз жол – құнының арзан-қымбаттығына қарамастан не қаласаң да сатып ала алатындай жағдайға жету.

Бірақ, ақшаның құлы болма. Әңгіме ақша табуда емес, мағыналы өмір сүруде. «Адамдардың пайдалысы – адамдарға пайда келтіргендер», – дейді Омар Хайям.

Ақша жасау үшін адамға тез қимылдай білу қажет. Ол үшін түрлі жағдайға бейімделе біліп, өз болмысын толығымен бір ғана мақсатқа бағындыру шарт. Тек тынымсыз ізденіп, қимылдап, шешім қабылдап, мүмкіндіктерді пайдалана білген адам ғана бизнесмен бола алады.

Бүкіл саналы ғұмырында өз еркімен бірде-бір батыл қадам жасай алмайтын адамдар болады. Олар өмір бойы көпшіліктің соңынан ілесіп оты-

рады. Ал қаржы мәселесінде көпшілік әрқашанда жеңіліс табады. Қаржы дегеніміз саясатқа тікелей қарама-қарсы дүние. Саясатта көпшілікке қосылған женеді, қаржыда – керісінше.

Сатушылардан сатып алушылар көп болған жағдайда ешнәрсе сатып алмауға тырыс, сатып алушылардан сатушылар көп болған жағдайда ешнәрсе сатпа.

Көпшіліктен алшақ тұрып, бағаның ауытқуы тудырған мүмкіндіктерді қалт жібермей де баюға болады. Тек батылдығы жетерлік бірлі-жарым адамдар ғана осылай байиды.

Бизнестің бар мәні айырбаста. Ақшаға – тауар, тауарға – ақша, ақшаға тағы да тауар. Пайданың нормасы бағаның жоғарылағанына емес, сауданың жылдамдығына байланысты. Жыл бойына 30 пайыз пайда түсіргеннен, ай сайын 3 пайыз пайда тапқан тиімдірек.

Ақшаң әрқашанда айналымда болсын. Әрбір теңге – кішкене жұмысшы. Соған жұмыс істетеді біл.

Чарльз Диккенстің формуласы: «Бір жылғы табысың 20 фунт болып, шығының 19 фунт 19 шиллинг және 6 пенс болса – жақсы. Табыс 20 фунт болып, шығын 20 фунт 6 пенс болса – ол кедейлікке бастайтын жол».

«Ақша жоқ» – дей бергенмен ештеңе өнбейді, одан да ақша болуы үшін кішкене бір әрекет жасап көр. «Қараңғыны қараңғы деп сөккенше, қолдан келсе бір майшамды жақсайшы», – деген бар. Сондықтан «ақша жоқ» деп көз жасыңды төккенше, тәуекел деп терінді төк.

Он теңгені жиырма теңге ету мен мың теңгені екі мың теңге етудің бейнеті шамалас, біріншісінде он теңге пайда қылсаң, екіншісінде одан жүз есе көп пайда қыласың. Айналымда жүрген ақшаңды басқа нәрсеге жұмсама, әсіресе бастапқы кезде. Енді байып келе жатқан адамнан қарыз сұрама, – деген ескі сөз бар, ол бизнесін енді жолға қойып келе жатқан адам, есі болса қарыз сұрағаныңмен бермейді, көңілің қалады, – дегені.

«Бастарың қосылғанда бірінді-бірін жамандап, теріс пиғыл таратып күнаһар болғанша нәпақаны айт» – деген Құранда. Нәпақаны табудың жолы саудаға икемділік. Сауда – күніге сауылатын сиыр. Егіншілікпен айналыссаң да, табысың арту үшін сауда керек. Бүгінде тауар өндіруге 30 пайыз бейнет кетсе, оны лайықты сатуға 70 пайыз бейнет кетеді.

Артық зат сатып алма. Қашан да тауарыңнан сатып алушыларың, офисіңнен бизнесің басым болсын.

Қазақ, еркелік жасап қойған балаға ескерту жасай бастасаң: «Ұрыспа, патша ғой бұлар» – деп жатады. Ал нарық әлемінде патша – сатып алушы. Оған ұрысуға болмайды, өйткені сатып алушы саған тәуелді емес, сен оған тәуелдісің. Сатып алушы сенен зат сатып алса, саған пайдасы тиеді,

сол себепті сатып алушымен дауласуға болмайды, онымен әзілдеспе де, түсінбей қалса тағы да табысыңа зиян. «Сен алмасаң, тауарымды басқа біреу алар» дегеніңді қабағыңнан танып жүрмесің.

Сенің затыңды сатып алмай, көршіңнің затын сатып алғандарды жек көрме. Сатып алушы – патша, өзі біледі, ол сенімен емес, сен онымен санасасың, амал жоқ.

Сататын затың неғұрлым жақсы әрі ерекше болса, сатып алушыны табу да соғұрлым қиын болады. Ал зат неғұрлым қарапайым әрі үйреншікті болса, сатып алушылар да соғұрлым көп болады. Қарапайым адамдарға қарапайым заттар керек. Ал әлемдегі адамдардың оннан тоғызы қарапайым адамдар.

Жасаған затым арзан болсын деп, арзан шикізат іздей берме, арзаннан арзанқол бұйым шығады. Арзанның сорпасы татымайды, арзан затқа жұрт күдікпен қарайды. Ал тегіннен-тегін ешуақытта беруші болма, тегін нәрседе қадір болмайды, тегінді теуіп кетеді, онымен жақсы көріне алмайсың, бағасыздық жауапсыздыққа әкеледі. Біреудің көңілін жықпау үшін, тіпті атыңды шығару үшін де қаржыңды жай бере салудан тартын, олай істеудің салмақтырақ себебі болсын. Алла Пугачева айтады: мен ауру балаларға қайырымдылық үшін жәрдем беруім мүмкін, бірақ, неге дені сап-сау адамдарға қайырымдылық деп тегін концерт беруім керек, – деп. Соныкі дұрыс.

Бар қаржыңды бір іске жұмсама. Жолың болмай қалса қайтесің. Кейде екі есе пайда болады деп жобалаған жұмысыңа жұмсалған ақшаның өзі қайтпай қалатын кезі болады. Орыста: «Барлық жұмыртқаны бір корзинаға салма», – деген мәтел бар. Бизнесте жолы болғандар ақшалы болады, жолы болмағандар ақшасыз қалады, ал сұмырайлар ақша үшін жанын жалдап, шерменде күй кешеді.

Біреуден алған ақша тез жұмсалады, кісінің қолынан алған несібе баянсыз, несібеңді Алладан сұра.

Азар болса қарыз алармын деп лажы болса ойлама. Ол өте қауіпті. Уақтылы қайтара алмасаң, ең алдымен сенімнен шығасың. Сенім де несиеге берілетін нәрсе. Несие алып, қайтара алмағаның – сенімнен шықпағаның. Біреуден қарызға ақша аларда кейін қалай қайтаратынына берік есебің болсын, ол есеп тәуекелге сүйенсе сүйенсін, бірақ есепті тәуекел болсын, кейін көре жатармыз болмасын.

Егер нақтылы жоспарға несие алсаң, бәрі ойдағыдай. Ал несиені тұрмысыңа жұмсау үшін алсаң жақсы ат алмайсың.

Қаржы саласында ешқашан да естіген нәрсеге сенуге болмайды. Сол себепті біреудің ауызша идеясын ешуақытта қаржыландырма, ақшаны нақты іске жұмса.

Барды жоқ деме, жоқты бар деме. «Барды жоққа, табылғанды табылмағанға айырбастама, өйткені мұндай саудадан сен ұтылып қаласың», – деген Рашид ад-дин Хамадани деген монғол династиясының жоғарғы дәрежелі уәзірі.

Меншік иесі болған екенсің, сезімге, жанашырлыққа бой алдыра берме. Сенен біреу қарыз сұрай қалса, оның қайтуына сенімің болмаған жағдайда жауабын кейінге қалдыр. Көптеген шығындардан сақтанудың жолы осы. Кейінге қалдыру – өтінішті орындамаудың ең сыпайы түрі. Егер біреудің жағдайын ескеріп қарыз бере қалсаң қайтаруға шамасы келетіндей етіп бер, сонда ол өзін қарыздар сезінеді, егер қайтара алмайтындай етіп қарыз берсең, жауласасың. «Қарыздың азы борышты қылады, көбі жек көргізеді», – деген Сенека. Тек сұрағаны үшін қарыз бере отырып, адамгершілік тұрғысынан сен ол адамға опасыздық істейсің. Оның өз күшіне деген сенімі әлсірейді. Өзін-өзі қадірлемейтін болады. Ол ақшаны қарызға сұрағанымен, түбі, сен оны кешіп жіберер ме екен деп дәмеленумен болады. Әкемнің: «жақын жолдастарыңнан қарыз алма, ақшаға карта ойнама, қарызыңды қайтара алмасаң немесе ұтып қойсаң, ақшаның ашуы араларыңды ащы қылады» деген ақылының да дұрыстығына уақыт өте келе көзім жетті.

Ешкімнің ақыл алғысы келмейді, бәрінің ақша алғысы келеді.

Алған тез ұмытады, берген ешуақытта ұмытпайды.

Халқымыздың: «қарны тойған қарта боқ сасиды», – деген мақалы бар. Тойым ағам айтқан еді: «Адамның жиған дүниесі өзінің құнынан асып бара жатқаны мінезінен көрініп тұрады», – деп. Мен де осы сөзге қосыламын. Байыған сайын қарапайым болып, өркөкірек пейіл, артық істер жасамасаң құның жоғары болғаны.

Біреуді ақшасы көп болғаны үшін мақтап, жарамсақтанба. Әрине, бай адам ақылды да, мәдениетті де болуы мүмкін. Бірақ байлығы үшін оны жақсы көруге де, жек көруге де болмайды. Бәрін ақшаға сатып алуға болады деп ойлайтындар, өздері ақшаға тез-ақ сатылатындар.

Дүниеде ақшаға сатып алуға болмайтын екі нәрсе бар, ол денсаулық пен адамгершілік. Осы екеуі болмаса байлық та, билік те ештеңе емес.

Байлықты – барлық, қызықты – жұбаныш, саулықты – мәңгілік кепілі деп ұқпа.

V.1995 – IX.1995

ӨЗІМЕ САБАҚ

*Умным становится тот, кто считает ум
необходимым для себя*

Ницше

I. МӘДЕНИЕТТІҢ МӘНІ

XIX ғасырдың аяғы дүрбелеңдер мен төңкерістерге толып, тобырлар дәуірінің басталуымен ерекшеленді. XX ғасыр басында сол тобыр алып бір елдің басқару ісіне араласты. Ғасырдың екінші бөлігінде білім нақты жеңіске жетті, сол жетілген білімнің кейбір нәтижелері өзін ойлап тапқан адамзаттың тағдырына қауіп төндіруге айналды. Ғасыр аяғы, сонымен бірге, жаһандық ақпараттың жүзеге асуын және «homo globalis» – «жаһандық адамды» дүниеге әкелді.

Жаңа XXI ғасырға аяқ бастық. Бұл дәуірде заман жаңаша дамиды, алдағы уақыт – білім мен біліктің дәуірі. Жаңа диктаторлар болмайды, ескіден қалғандары да ойына не келсе, соны жасай алмай қалады, яғни, шексіз билік болмайды. Соғыс бола қалса, ол – идеялар соғысы болады. Жалпы, адамзат дамуының түбіне жететін нәрсе – өркениеттер қақтығысы. Экономикалық тоқыраулар мен саяси катаклизмдер онымен салыстырғанда жолда қалады.

Нағыз адамды елеусіз жүргендердің арасынан іздеген жөн. Бұрын да солай еді, қазір бұл мінез-құлық тіпті бағалы. Елеусіз болуды мінез ете алу – ұлылықтың белгісі. Нағыз еңбек адамдары осылар және өзінің парызын да өзгелерден жоғарырақ сезінетіндер солар. Әлемнің тұтқасы да осы адамдар.

«Ешқандай құндылықты мойындамайтын, ешқандай ақиқатқа бағынбайтын, ақшадан басқа ештеңені құрметтей алмайтын ұрпақ келді» дейді біреулер. Рас та шығар. Біздіңше, бір кезде қазіргі адамдардың орнына олардың «homo – ештеңе оқымайтын» жаңа түрі келуі мүмкін. Бұл homo – асып-сасу, қорқыныш, қауіп, өзара сенімсіздік болып жалғасып кете беретін бағыттарда дамуы да ғажап емес.

Мемлекеттік жарлықпен барлық нәрсені бірдей реттей салуға болмайды. Мәселен, мәдениет, тіл мен дін жарлықпен биіктемейді, өшіп те кетпейді. Олардың өркендеуі адамдардың санасындағы өзгеріске байланысты.

Біздің ертеңіміз – мәдениетіміздің деңгейіне байланысты. Қарап отырсақ, адамзат жаратылғалы жақсы өмір сүрудің жолын іздеумен, әділеттілікке, бостандыққа, лайықты тұрмысқа ұмтылумен келеді екен... Осы

мақсатты жүзеге асыру ниетімен пайғамбар дәрежесіне көтерілген патшалар Мұса мен Сүлеймен, қазақ хандары Тәуке мен Абылай түрлі заңдар мен ережелер шығарды. Платон, Томас Мор, Кампанелла, Бұқар секілді ақылмандар өз басшыларына қиялдағыдай қоғам құрудың мемлекеттік жобаларын жасады. Олар мемлекеттегі әрбір адамның қарны тоқ, дені сау, шат-шадыман күн кешуін армандады. Бірақ, түптеп келгенде арман орындалмады. Себебі, олардың идеялары бұл мәселелердің бәрін мемлекет тарапынан күшпен реттеуге бағытталған болатын: олар әділетсіздікті болдырмау үшін бардан жоққа алып беруді ұсынды, адамның бәрі бірдей, демек, байлық адал жолмен келмейді, сондықтан оны әділеттілікпен қайта үлестіру керек деді. Олар құлдықты болдырмау, адамдардың бірі-біріне үстемдік етпеуі, кедейлікті жою адамдардың лайықты тұрмыс кешуіне жол ашады деп есептеді.

Олар мінезі, әрекет-қимылы, ұмтылысы әртүрлі, тоғышары мен икемдісі бар, үйлесе жұмыс істей алмайтын мінезсіздері бар адамдардан өзіне де, өзгелерге де дән риза, кіммен болса да бірігіп жұмыс істей алатындардың қоғамын құру мүмкін деді.

Бірақ олардың идеясы бостандық пен әсіре ұйымдастырушылықты, тыныштықты, тұрақтылық пен дамуды, еңбек қабілеті әртүрлілер мен әділеттілікті бір-біріне үйлестіре алмады. Бастамаға жол берілмесе – тоқырау, іру, бостандық берілсе – бетімен кету бола берді.

Нақ осы жерде екі негізгі нәрсе: адамдардың әр істі атқаруға жеке қабілетінің іс жүзінде тең еместігі мен әлеуметтік институттарды әлеуметтік ортаның құбылып жатқан жағдайына орай ұдайы бейімдеу қажеттігі есепке алынбаған еді. Заңдарда белгіленген шектеулер теңдікті де, әділеттілікті де қамтамасыз ете алмады, керісінше дамуды тежеді. Тарихтағы ереуілдер, бүліктер азамат соғыстары осы себептерден болды. Олар тарихтың ең басты мазмұнына айналды, адамзаттың тиімсіз өмір сүру үрдісін қалыптастырды.

Қоғамның ілгері қарай жылжуы біркелкі болмады, ол бірде тез, бірде жай жүрді. Әлеуметтік ұйымдардың біріндегі тоқырау ерте ме, кеш пе жаппай наразылық, тақтан құлату, қантөгіс пен бүлінуге алып келді. Қалпына келтіру кезеңі қоғамды қайтадан жаңа, биігірек сатыға көтерді, бірақ көп мезгіл өтпей тағы да тоқырауға ұшырады. Алға серпінді жылжудың көбі кері кетумен бітіп жатты.

Ғалымдар осының сырын ашты. Бақсақ, мәселе қоғамның құқықтық немесе әкімшілік құрылымында емес, бәрінен бұрын қоғам мәдениетінің сипатында, яғни оның сапасында екен.

Мәніс әлеуметтік құрылымда болып шықты: ол әділетті ме, әділетсіз бе, адамды адам пайдалана ма, жоқ па, бәрібір екен. Айталық, бір

мекеменің немесе кәсіпкердің жұмысы жақсы жүреді, біреулерінікі қанша әрекеттенсе де жүрмейді, әйтеуір бір кедергі табылады да тұрады. Фирма ылғи құлдырауда, жабылып қалу алдында болады, бәсекелестері озып кетеді. Неге бұлай? Басқару дұрыс емес пе? Әлде, басқа себебі бар ма?

XX ғасырдың 60-шы жылдарының ортасында ғалымдар Уэнделл Френч пен Сесил Белл «табыс құпиясын» тапты, мәселе ұйымның сыртқы өзгерістерді қалай қабылдауында болып шықты. Нақтылай айтқанда, барлығы мекеменің сырттан келетін мүмкіндік пен қауіпті бағалау қабілетіне байланысты екен. Мекеменің болашағы – ол өзінің төңірегіне және өз қызметіне бұдан он жыл бұрынғыдай көзқараспен қарай ма, жоқ, өзінің мақсаты мен мүддесін, тәсілдерін, бүгінгі мен болашағын ескере отырып ұдайы өзгертуге дайын ба, осыған байланыстылығы арқылы дәлелденді.

Сонымен, мәдениеттің мәні бүкіл даму проблемасының негізгі факторы екені мойындалды. Бұл жерде мәселе – ұжымда (елде, ортада) қалыптасқан мінез-құлық нормаларында, адамдардың арақатынасы мен әлеуметтік құндылықтарды қалай қабылдайтынында. Мекеменің мәдениеті – оның мүшелерінің мінез-құлқының жиынтығы (мемлекеттікі де солай). Адамның бәрі табысына масаттанады, еңбегінің зейнетін жұмсап демалғысы келеді. Бірақ, адамдар әрқилы. Біреулер өзіне-өзі сын көзбен қарайды, мекеменің жолы болмаса, оның жауапкершілігін өз мойнына алуға әзір, жетілуге тырысады, бір сөзбен айтқанда, дамуға ұдайы дайын. Ал, кейбіреулер жауапкершіліктен қашады, себепті басқа біреуден іздеуге бейім. Олар дамуға әзір емес, тоқкөңіл. Ондайлар әдетте кінәмшіл де өшпенді. Мұндай адам басшы болса, оған өзін-өзі өзгерту керек екенін түсіндіру де аса қиын.

Бұл құпия анықталғаннан бері мекемеде ұйымдық дамуды, яки жүйелілікті бақылап отыратын топтар құру қажеттігі туындады. Мәселен, олар мекеме ісін ұйымдық жағынан ұдайы қайта қарап, мекеменің болашағын болжау мен жоспарлауды, оны қалай жүзеге асыруды ойластыруы керек. Қазіргі тұрақты даму теориясы деп жүргеніміз де осы.

Бұл теорияда үш басты ереже бар. Біріншісі, ұжымдағы адамдар арасындағы, оның ішінде басшы мен бағыныштының арасындағы қатынас мәдениеті. Мәдениеттің өлшемдері басқару тәсілі, клиентке құрметпен қарау, фирма өнімінің сапасын басты назарда ұстау, жаналықтарға, бәсекелестерге жіті қарау.

Мекемедегі мәдени ахуалға орай туатын сәтсіздік себебін нарық бағасынан, бәсекелестердің аяқтан шалуынан, өнімнің болмай қалуынан, саяси тұрақсыздықтан, әлемдік тығырықтан т.с.с. сыртқы факторлар-

дан көргісі келетіндер көп-ақ. Мұндай мекемелерде тиімді басқару шешімдерінің қабылдануы қиын. Сондықтан да олардың жағдайы нашар, қызметкерлері наразы, өзара алақөз, бастыққа мәймөңкешіл келеді.

Бұған керісінше, төңіректегі болып жатқан жағдайды мұқият бақылап отыратын, байқалған кемшіліктерді өз мекемесінде болдырмауға тырысатын басшылар жоғарыдағы кемшіліктерді жоюға қабілетті.

Екінші мәселе – даму жөніндегі сарапшыларды пайдалану. Мекеме басшылары өздеріне дәлелді сын айтып отырғаны үшін сарапшыларға ақы төлейді. Сарапшылар мекеменің жеткен жетістігіне тоқмейілісіп, тоқтап қалмауын қадағалайды.

Үшіншіден, сарапшылар бастықты мекеменің жұмыс ұйымдастыру тәсілін, оның құрылымын, басқару тәсілін өзгертетін уақыт болған жоқ па деген ойға шақырады. Бірақ, өз шешімін тықпаламайды. Басшы да өзгерту керек деп таппаса, сарапшы пікірімен келіспейді, келіссе ғана талдау жасауға кіріседі. Өзгеріс қажеттігіне келіскен соң барып ұйымдық өзгертулер жасайды. Оны ұжыммен ақылдасып жасамайды, олай ету мүмкін де емес. Бірақ өзгертудің нәтижесінде ұжымда нендей жақсылық болатыны айтылады. Ұжымға ғана емес, әрбір қызметкер үшін не болатыны айтылады. Бұл оларды ынталандырады.

Тұрақты ұйымдық даму теориясы мекеме деңгейінде талқыланып оң нәтиже бере бастаса, ондай мекемелердің саны ұдайы өсіп отырса, бүкіл ел көлемінде жетістіктер болады.

Өмірдің уайымы көбейіп, онда тартсаң мұнда жетпей, кәрілік үшін қайғы басып, балаларға білім беру қиындап тұрғанда адамдар білімге емес, қызыққа ұмтылады. Түрлі қисынсыз оқиғалар, өлгеннен кейінгі оралу, ұрыс-керіс, шоу, біреулердің істі болуы жайлы оқиға, басып алу мен тартып алу, секс секілді көлеңкелі нәрселер қызықталады. Олар бизнес көзіне айналады. Ақша жоғары бағаланады, нәтижесінен ақша өнбейтін нәрсенің бәрі қызықсыз секілді болады.

Осы дәлелдеулерге бүгін көзі жетпегеннің ертең көзі жетеді. Өмірде зерттелмеген, дәлелденбеген нәрсе аз. Барлығы өз ырғағымен, өз орнында жылжып келеді, тек оның солай екені мен себебін сезіне бермейміз.

Мәдениетті қолдау десе оны шығармашыл адамдарды қолдау деп түсінетіндер бар. Мәдениетті қолдаудың формасын келтіруге социалистік қоғамдық құрылым икемдірек екені рас еді. Біз экономикалық тәсілдің басқа түріне көшейін деп емес, мәжбүр болған соң көштік. Әйтпесе қарапайым адамдар үшін бұрынғы құрылым барлық жағынан жақсы өмір еді. Оны ұстап тұру мүмкін болмады. Өмірдің жасанды дамуын эволюциялық дамуға өзгерту жолына – бүкіл жер жүзі түгелдей дерлік ғұмыр кешіп жатқан нарық жолына біз де түстік. Оның біз үшін ең ба-

сты жетістігі тәуелсіздік пен еркіндіктің барлығы. Бұрынғы кезде басқан ізін аңдулы болатын, қарапайым адамның ақшасы бастықтың ақшасынан құнсыз болды, бар ақшасына лайықты нәрсе алудың өзі қиын болушы еді.

Өмір бір орнында тұрмайды, бір саланы басқа бір жетіліңкіреген сала алмастырып немесе одан озып тұратынын мойындау керектігін де айтқан жөн ғой деймін. Станиславский көзі тірісінде «кәсіби театрдың түбіне халық театрлары жетеді-ау» деп қауіп еткен екен. Оның айтқаны келер ме еді, қайтер еді, ғылыми-техникалық даму өз дегенін істемесе, әр адам өз үйінде отырып ақ ел иелерін, ең соңғы жаңалықтарды, ұлылар мен айтулы өнер адамдарын бірге қатысып жүргендей болып экраннан көре алатын болмаса.

Қазақ еліне өзге елдерден кейін қалып қоймайтындай жан-жақты бәсекеге қабілетті болу маңызды. Осы орайда, Елбасының мына бір сөздері еріксіз еске түседі: «Біз тарихи тұрғыдан көштен қалып қойған халыққа айнала бастадық»... Түп-түгел рас. Қанша көкірек керсек те, қанша мойындағымыз келмесе де, расы сол! Әрбіріміздің ендігі мақсатымыз – көштен қалып қоймауға тырысу болуы керек, «мені баяғы қызметтерім үшін немесе елге еткен еңбегім бар еді, сол үшін неге ұдайы құрметтемейді» – деу емес. Халық тарапынан қабылданған өнерпаз көрерменсіз қалмайды. Ал, көрермен дегеніміз ақша. Егер орта қабілетімен, бетінің жылтырына сеніп немесе туыс жағалап әдеттенгендердің бәрінің қолын бұрынғыша жылы суға малып қойсын дегенге келсек, ол қателік болар еді, себебі, ол нарық талабына сәйкес келмейді.

Президентіміз 1998 жылы наурызда зиялылармен кездескенде: «Жер байлығы, ел байлығы деген ұғымдар бұрыннан бар. Сонымен қатар, ер байлығы деген ұғым да болуға тиіс. Ол – ұлттың биік рухы. Оны көтеру халықтың өзіне деген сенімін арттырады» – деді.

Рухымыз қайтсе биік болады?

Менің ойымша, ұлттың рухы – халқының мәдениеті биік болса көтеріңкі болады.

Бізде экономикалық өмірдегі масылдық пиғыл мәдениетте де қалыптасқан. Өзін кісімін деп жүрген көп адамдардың пікіріне қарасаң мәдениетті мемлекет көтеруі, қолдауы, қорғауы тиіс, ол – мемлекеттің міндеті, біз қол қусырып қарап отырсақ та болатын секілді.

Мемлекетіміз бір жылды мәдениетті қолдауға арнап, өз міндеттерін белгілеп алып, оны жүйелі түрде жүзеге асырып жатыр. Мемлекеттен басқа мәдениетті тарататындар мен өмірге ендіретіндер кімдер, мәдениетті деп кімді айтамыз? Мәдениеттің өлшемі жалпы көпшіліктің мәдениетінің биік деңгейі ме, мәдениеттілігі жағынан елге үлгі боларлық зиялы азаматтардың көптігі ме, жоқ, аса дара, данышпан азаматына

көбірек байланысты ма? Зиялы деген ұғымды қалай түсінеміз, зиялы екеніміздің бағасы мен атауын кім береді, кім белгілейді?

Мәдениетті зиялылар жасайтын болса, зиялы дегеніміз кімдер?

Елдегі зиялы қауым өкілдері оқтын-оқтын республика Президентіне үндеуі жариялап жатады. Дұрыс. Барлығы да елге белгілі азаматтар. Бірақ олардың барлығы бірдей зиялы ма? Олардың зиялы екенін кім белгілепті, маған осы түсініксіз. Зиялыны қызметімен өлшейміз бе, оған жазушы мен артисті, депутат пен мемлекеттік шенеунікті жатқызамыз ба, некрологқа қол қоюға жеткендерді айтамыз ба, өлшемін кім белгілейді. Жоқ, әрқайсымыз өзімізді-өзіміз зиялы деп белгілеп аламыз ба?

Италияның ғұламасы Антони Грамши зиялылардың екі түрі болады дейді. Бірі, қарапайым халықтың ортасынан шыққан естияр, көзі ашық азаматтар. Екіншісі, сауатты, білімдар, кәсіби маман деңгейіне көтерілгендер.

Шын мәнінде зиялы (интеллигент) болуға жету үшін уақытты босқа өлтірмеу керек. Зиялылық алдымен көп білу, сонан соң сонысын өмірге пайдалана білу, тәрбиелілік, үлгілілік. Адалдық, арлылық. Уақыты елтеңселтеңмен өткен адам зиялы бола ала ма? Әсем галстук, қымбат көзілдірік немесе сұлу таяқ зиялы етіп көрсететін кез өтті. Тауысты әсем етіп тұрған құйрығы. Егер құйрығын кесіп тастасаң, жай құстан айырмашылығы шамалы.

Халықтың халық болмағы алдыңғы қатарда жол көрсетіп жүрген азаматтарында. Елді өсіру де, өшіру де солардың қолында. Егер олар жетілген, озық ойлы болмаса, онда қиын. Қарапайым халық бәріне сенеді, қайда жетелесең, сонда ереді.

Достоевский зиялыларды екіге бөлген: табаны жерге тиіп тұрғандар мен тимей тұрғандар, – деп. Табаны жерге тиіп тұрғандар дегеніміз ұлттық ділі бар, ұлттық рухқа арқа сүйейтін және оны көтеруге тырысатын, ұлтына ұстын болуға әрқашан дайын азаматтар, ал табаны жерге тимей тұрғандар – ол ұлттың жақсысы болса пайдаланып, жаманын түзетуге атсалыспайтындар, өз ұлтының басынан асыра қарағысы келетіндер. Олар биік мансапты шенеунік те, пайдасыз интеллектуал да, замана бағытын түсініп алған «приспособленец» те болуы мүмкін. Етікшінің пиғылындағы уәзірлер мен депутаттар да кездеседі. Өз сөздерінде ең қымбат нәрсе халық деп, халықты алдап қана қойғысы келетін, шын мәнінде халыққа емес қара басына ғана қызмет ететіндердің бәрін соларға жатқызуға болады.

Ашыған қаймақ сүттің түбіне шөгеді, ол – ащы, сүйкімсіз. Жақсы зиялы сүттің бетіндегі қаймақ сияқты сүйкімді, ал, өзін зиялымын дейтін, бірақ көңіл түкпірі менмендік пен үстемдікке толы, өзін халықтан биік ұстайтындар, биік болуға құқылымын деп есептейтіндер, шын мәнінде ыдыстың түбіне шөккен ашыған қаймақ секілді.

Ницшеде мынадай ой бар: «У кого есть зачем жить, может вынести почти любое как». Оны өмір сүруден мағына тапқан адам, өмірде қандай ауыртпалық болса да төзуге дайын тұрады деп түсіндіруге болады. Шынында, ең негізгісі мағыналы өмір сүре білу ғой. Сен өлгенде бір адам да сен туралы жаман айту түгілі жаман ойлай алмаса, нағыз мағыналы өмір сол. Шын зиялы адам да сол болса керек...

Мәселені «Өмір сүруге зиянды тигізбе» деп қойған дұрыс. Ол: рұқсат, өмір сүр, ізден, кимылда, ойлан, пайданды тигіз дегені. Мәдениетті деп осы талапқа жауап беретіндерді де айтамыз.

Ұлы Абай: «Қазақ салған егіндей», – дегенде қазақтың өмірге икемсіз екенін айтқан. Диканшылыққа бейімделу бізде әлі де қиын жүріп жатыр. Түгін тартсаң майы шығатын жерде тұрып, қазақтың кейбірі ғана болмаса іскерсінгендердің өздері жерлерін біреулерге жалға беріп, қызығын соларға көрсетіп қойып, қарап отыр.

Бізде бүгін адамдардың ерекше бір тобы бар. Еңбекке епсіздігін өзінен көрмейді. «Өзің диуанасың, кімге пір боласың», – дегендей шөптің басын сындырмайтын кедейдің кербезі бола тұрып, сөз айтқанда аузымен орақ орады. Ауыл ағасынан бастап, ел басына дейін оның көңілінен шықпайды. Кеңес үкіметі ондайларға қолайлы еді, ашық айтып, сәлем айтып, тұспалдап, атын қоймай жазып, наразы біреулерге ақыл қосып «аптарика» жинайтын, сонысы арқылы айтқанын болдыратын, сұрағанын алатын. Нарық келсе де олар сол тәсілін көксейді. Бірақ жекеменшік одан несіне қорықсын. Шын пиғылы тілеулестік емес жұлмалау екенін сезген соң аузына су да тамызбайды.

Мәдениеттің бастауы – бесік жыры, бізде оны айта білетін аналар аза-йып барады, тіпті қалмады десе боларлық.

Мәдениет дегеніміз көшеде бара жатқан әрбір адамның тротуарға түкірмеуінен бастап, үлкенге ізет, кішіге құрмет жасауы, көкірек көзінің ашық болуы, жаны мейірімге толы болуы.

Мәдениет деп бағзы заманнан келе жатқан әдет-ғұрыптың жақсысын, өнер үлгілерінің озықтарын бүгінге ұқыптап жеткізуді, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруды да айтамыз.

Қазақ жас ел. Кәрі елдер бар, мысалы – Қытай, Үрім т.с.с. Еліміздің жастығы мінезімізден қылаң беріп тұрады. Еліккіштік, билікқұмарлық соның белгісі. Биліктен айрылып қалған қазақ мәңгіреді де қалады. Өзбек өйтпейді, олардың бастығы жұмыстан босаса кетпенін иығына салып жүре береді, орыс өйтпейді, бірер күн арағын есепсіз ішіп, «жазылады» да жұмыс іздейді. Қазақ неге бүк түсіп жатып алады?! Бұл да мәдениетке қатысты.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басындағы нарыққа бетбұрыс Шығыс Еуропадағы социалистік елдерде алдымен Польша мемлекетінде басталған. Өз ресурстары аз, артта қалған елде жекешелендіру басталғанда жан-жақтан жұлмалау, әркім өз пайдасын көздеп талан-таражға жол беру белең алғанда, елдің озық ойлы жиырма-отыз азаматы: «өзімізді-өзіміз таламайық, ертеңіміздің тамырына балта шаппайық, келер ұрпақтың алдында күнәһар болмай, бірлігімізді, елдігімізді сақтайық, алдымен еліміздің көркеюіне қызмет етейік» – деп үндеу көтерген. Ол бүкілхалықтық қолдау тауып, ел еңсесі барынша тез көтерілді. Мәдениеті биік адамдар шоғыры қалыптасқан елде осылай болады.

Егер қазақтың ең жақсы, ең жаман қасиеті қайсы десе, жақсысы – тез қабылдайтын алғырлығы, жаманы – сол тез қабылдайтын алғырлықтың есебінен жаман қасиетті де тез жұқтыратыны дер едім. Сонда бүкіл болмыс тепе-теңдіктен тұратын болғаны ғой. Ақ пен қара, жақсы мен жаман, мейірімділік пен залымдық, т.с.с.

Өзін өзгелермен салыстырып көргісі келгендер, алдымен өзгенің озығын, артықшылығын танысын. Оның жақсысын көре алмаса немесе аз ғана көрсе, соны түйсіну барысында кемшіліктері өзі-ақ көрінеді. Өзгенің жеткен биігіне өзі жете алатынына сенімді адам оны күндемейді, күндейтіндер оның жеткен жеріне жете алмасын білетіндер.

Базбіреулер көшеде ағызып өтіп бара жатқан шетелдік машинаға тас атқысы келіп тұрады. Ол мінез: «осы адам машинаны адал емес жолмен алып, мініп жүр-ау» деген күдіктен туады. Ол пиғыл өзгеру үшін адамдар мемлекеттегі жағдайды бақылап, өз уысында ұстап отырғанына сенуі, «егер бұл мерседес мініп жүрсе, онда мықты кәсіпкер болғаны, ұры болса түрмеде отырар еді» деген ойда жүруі керек, соған сенуі керек. Бұл да мәдениет. Көп адам жақсы өмір сүргісі келе тұра, сол үшін ештеңе еткісі келмейді. Біртіндеп бұл қойылады, сонымен бірге әрбір бай адамды ұры немесе барымташы деп ойлау да қойылады.

Бізге әлемдік іліммен сусындамай болмайды. Ол үшін интернетті пайдалану дәрежесіне жетуіміз керек. Ал, интернетте орысша ақпарат 2-3% қана, 50%-тейі ағылшынша. Бүгінде интернетті пайдаланушылар саны 113 миллион адам, оның 62 миллионы АҚШ-та, 20 миллионы Еуропада, 14 миллионы Азия мен Таяу Шығыста. Америка халқының 30%-і интернетті пайдаланады, ТМД елдерінде 0,6% қана адам пайдаланады, оның төрттен үші ресейліктер.

Мейірбандық, әділдік, ізгілік, имандылық, қайырымдылық, төзімділік қазақтың қанында бар, соны сақтау, дамыту керек. Қазақ жамандық жақсылыққа, жалған шындыққа, әділетсіздік әділетке, жасандылық ақиқатқа,

түн күнге, құмарпаздық ожданға, жиреніш сүйіспеншілікке, тозақ жәннатқа айналатынына, надандық Аллаға мойын ұсынумен, бет бұрумен, бағытталумен аяқталатына сеніп келе жатқан халық.

Күпі мен шекпен, киіз үй бүгінгі тұрмысқа лайықсыз болса, аңсай беру керек пе?! Ұлттық киімді тек наурыз мейрамында киіп, киіз үйді де сонда ғана тіксек, ол, оның өмірге қайта оралғаны емес, белгілі бір шараға декорация ретінде ғана қалғаны. Жеті жарғыны қанша мақтағанмен бүгінгі өмірімізді құқықтық жолмен реттеуге жарай ма?

Бізде ауызды қу шөппен сүртетін жыламсақтық бар. Ол әсіресе шығармашыл азаматтарымызда басым. Оның мәнісі – бұрынғы күні олар бүгінгіден гөрі қадірлі де сыйлы болған. Ол кезде менмен басшы да, қарапайымдау халқымыз да «теріс жағымыздан айтып барса, жазып жіберсе, хатқа түсіп мәңгілік қалып кетемін бе, жеп отырған нанымыздан айрылып қаламыз ба» деп қорыққан.

«Ол үй дегенде, мен бүй деген едім», – деп өлілер жайлы өзінікін дұрыстап мақала жазғандардікі – орынсыз. Ол сөз кімге үлгі болады. Өлі аруақ жауап бере алмасын біліп, құрастырып жатпасын кім білген. Ана жаққа барып, рухтары жолыққанда не дейді?!

Қазақты рухсыз деп айту – теріс. Рухсыз болсақ жоңғарларға жеңіліп, тоз-тоз болған болар едік. Рухсыз болсақ желтоқсан оқиғасы болмас еді. Олай болса, өткен ғасыр ортасындағы алапат соғысқа қатысқан 900 мұсылман қызының ішіндегі екі батырдың екеуі де қазақ болмас еді. Шетелге барған қазақ баласы тез арада сол елдің тәртібіне үйреніп, сіңісіп кетеді. Соның бәрі кездейсоқтық емес. Өмірде кездейсоқтық болмайды, бәрі – заңдылық.

Вьетнамға қарсы қытай елі жиырма шақты рет соғысқан. Кей жерлерін, тіпті, 400 жылға дейін иеленіп тұрған. Бірақ вьетнамдықтар өз мемлекеттілігін сақтап қалды. Ғасыр ортасындағы АҚШ-тың Вьетнамға қарсы соғысы да жеңіліс тапты. Себеп неде? Вьетнамдықтар өз рухын жоғалтпады, күрескерлігін ұштап, соғыс жүргізудің жаңа тәсілдерін ұдайы меңгеріп, жетіліп отырды. Бүгінгі күні Вьетнам елі өз қабілетін кәсіпкерлік пен қайраткерлікке жұмсауда. Қазіргі кезде Вьетнам елі жедел дамып келе жатқан төрт елдің бірі. Біз ше? Кеше өр едік деп мақтана аламыз, ендігі өмірімізді вьетнамдықтарға ұқсата аламыз ба, жоқ, арақ рухынан айырған американдықтарға ұқсап рухымыздан айрылып қаламыз ба, өзімізге байланысты.

Құлдық пиғыл соғыс жағдайынан да жаман, өйткені соғыс жағдайында өмір сені жігерленуге мәжбүр етеді. Бұрынғы танкист, соғыс ардагері бір ағамыз: «ішімізде ұрысқа енді кіре бергенде танкісі кенет істен

шығып, артта қалып қоя беретін біреу болды» дейді, онысы арам да қорқақ пиғылдан қасақана болып жүрген әрекет екенін байқаған командир бір күні ол солдатты топтың алдына шығарып атып тастапты.

Құлдық психология жігерінді құм етеді, жалтақ боп жаман үйренесің. Балтық жағалауындағы кеңес елінің құрамындағы елдерге сол кезде барғанда мен бір нәрсені байқадым: адамдары алшандай басып жүреді, мен өз елімдемін, өз елімнің қожасымын дегені ісі мен қимылынан сезіліп тұрады. Рух көтеріңкілігі деген осы.

Елге орталықтан барған кісілердің көбі бұрындары адырайып, айбат шеге баратын. Оларға көбіне кездейсоқ адамдар кездесетін, шын оқырман немесе ізденуші азамат олардың келіп кеткенін соңынан біліп жататын. Кездесуге қатысатындардың көбі – жиналыстан әбден мезі болған маскалар болатын. Көбіне оларға айтқан сөз – далаға атылған оқпен тең боп шығады. Бірақ кездесу ұйымдастырып, көз бояп шығарып салу шарт еді. Солардың көбі темір сағат берсең ренжіп, шатақ шығарып, қомақты нәрсе берсең сүйісіп әрең айырылысқанын талай көрдім.

Бүгінгі күні шығармашыл адамдарға қиянат жасап, қолбайлау болып отырған ешкім жоқ. Олар кітабымды шығар, концертімді көр, көрмеме бар дегеннен гөрі шығармасы бағалы болып, ол дұрыс насихатталса, соған риза болу керек. Адамды оқымаса, бармаса, көрмесе болмайтын-дай құмарлыққа жеткізуіміз керек.

Шетелдерде клуб деп тілектестер мен тілеулестер өз еркімен біріккен ұйым аталады, біздегі клубтар ондай болмаған, олар мәжбүрлік клубтары еді. Олар белгіленген нәрселерді міндетті түрде атқаруы тиіс болды. Зорлап толтырылған залдар мен зорлап жаздырылған газеттердің заманы енді-енді өтіп келеді.

Ілік іздеймін дегенге сөз көп. Феминистер әйелдің еркектің үстінде жатпайтынын да теңсіздік деп есептейді.

Японияда «аспаннан жерге түсу» деп аталатын бір тәртіп бар – барлық министрлер 60 жасында жайлы креслоларын тастап жеке құрылымдарға кетеді. Одан жасы үлкендері тек сайлануға ғана құқылы, тағайындалуға құқы жоқ. Осы тәртіпті біздің кейбір зиялымын деп жүрген азаматтарымызға ендірсек, бір кезде берген жақсы шығармасын, бұрынғы атақ-даңқын немесе биік болған қызметін міндет еткенді қойып, өмірге, нарық экономикасы жағдайына өзгеше көзқараспен қарар ма еді деп ойлаймын кейде. Шын сыйлы болса, құрметті өзі ұйымдастырмай ақ, өзгелер жасайды.

Тегінде, бүркіт жұмыртқасын қақаған суықта жарады, балапанын дауыл тұрған кезде ұшырады. Өмірдің басты мағынасы бойындағы барды бере білу. Біз көптен күтіп, қиналып алған тәуелсіздігімізге он жыл

да толмаған елімізге берерімізді осы кезде берейік. Ұшатын құсқа көмек оның қанаты енді қатайып келе жатқанда керек. Ендеше мемлекеттілігі жаңа қалыптасып келе жатқан елімізге біріміз қанат, біріміз құйрық болғанымыз жөн болар.

Тентектің екі түрі бар. Біреуі біреуге қиянат жасайтын тентектік, екіншісі, біреудің қиянатын көтере алмай жасалатын тентектік. Тек менікі дұрыс деп тентектік жасауға болмайды. Біздің кей зиялыларымызда, нақтырақ айтқанда, өзін белгілі адаммын деп есептейтін кісілерімізде, тек менің ғана айтқаным дұрыс деу бар. Жалпы, біреудің айтқаны дұрыс боп тұрғанның өзінде, айтқанды ғана орындау адамның ойлау қабілетін кемітеді. Ойлау қабілеті шектелген адамның өмірі қызықты болмайды. Ол жаппай құбылысқа айналса, ондай елдің болашағы бұлдыр.

Адамдардың мақалаларын оқып, теледидар мен радиодан сөзін тыңдап, концерттерде көріп тұр-қимылына, сөзіне қарап баға қойып жүресің. Кейіннен жолығасың, қызметтес, сапарлас боласың, сонда бұрынғы қойған бағаңа өзгеріс енеді. Біреуі сен ойлағаннан биік, біреуі сен ойлаған биіктен табылмайтындай аласа.

Біздегі отырыс – шақыруларға таңқаламын. Міндетті түрде 4-5 сағат үстелге отырасың. Міндетті түрде қатысушылардың тайлы-таяғы қалмай сөйлейді. Ең ұнамайтыны барлық тост үй иесін мақтауға арналады. Сөз берер алдында сөз айтушыны парықсыз мақтайды. Мақтау сөздердің шеннен шығып кететіні сонша, ол даттау сөзге айналып кеткендей болады. Осының мәдениетке қатысы қалай, бұны кім жөндеуі керек?!

Біз, неге, бір нәрсе жасасақ көрсетіп жасағанды тәуір көреміз, оған мақтау күтеміз? Өзімізге қимағанды басқаға шашуға бейімбіз. Біреу мақтаса екен дейміз де тұрамыз. Үйімізде теледидарымыз да жоғымыз қалаға барсақ ресторандатқымыз келеді. Той жасасақ аста-төк болуы керек деп шығынданамыз. Түгі жоғымыз да сөйтеміз. Шамаңа қара, тойды ойланып бер, қарызданып қалма деуші шықса, оны жек көреміз. Оңтүстіктің мал базарына бара қалсаңыз өзбектің саудагерлерін көресіз. Бірінен соң бірі келіп қазақтардың салмағы үш пұттан асатын үш-төрт жасар қошқарларын саудалайды. Бірақ бірінің берген бағасынан екіншісі аспайды. Ал біздің қазақтың алымсағы біреу саудаласып тұрса, екпіндеп, одан асыра бағалап, жеңіп алуға құмар.

Неге олаймыз? Азғантай мал бітсе неге әуелейміз. Таққа мінсек – елді көрмей, атқа мінсек – жерді көрмей аспандайтынымыз неміз? Кімнің де болса шыққан тағын ел көтеріп, мінген атын жер көтеріп тұрғанын неге тез ұмытамыз. Мақтап тұрған кісінің сөзінің жалған екенін көріп тұрып несіне көтеріліп қаламыз. Мәдениетсіздік дегенге бұл да жатады. Бұл да білімсіздіктен.

«Басқадан кем болмас үшін білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек» – дейді Ахмет Байтұрсынов. Бұдан артық айтып болмас.

Уақыт өзгерді. Заман да өзгерді. Сол өзгерісті тезірек сезінгендер ұтып жатыр. Ұдайы өзгеру, қысқарту, айлықтың уақытылы берілмеуі жүйкені жейді. Сондықтан қосымша бір кәсіпті мықтап меңгеру керек. Ол аз болса да табыс кіргізіп отырсын. Біреулер әлі кешегі замандағыдай «аузыма сал, мен тек аузымды ашып отырамын» деп отыр.

Кәсіпкер болып қалыптасу үшін білімнің өзі аздық етеді, оған, әуелі, мінез керек, төзімділік керек. Кейбіреулер тарақтағы бит сияқты: бір жағынан қысылып өліп қаламын ба деп ұдайы қалтырауда болады, бір жағынан жылы-жұмсақты барынша сорады.

Зерттеушілер соғыс кезінде ұл балалардың көп туылатындығын анықтаған. Бір дәрігер асқазан тесілгенде, асқазанның сыртындағы бүкіл іш майлары жабыла жиырылып, иненің жасуындай ғана тесікті бітеуге әрекеттенеді дейді. Бұл – табиғи жұмылу, өмір үшін өзінше күрестің белгісі.

Экономикалық теория ғылымында «экономикалық адам» – «homo economicus» – деген термин бар. Ол адамның экономикалық қызметін, оның негізін, алғышартын, өмір сүру жағдайын немесе тұтас қоғамның мүмкіндігін ашу қабілетін мінездеп береді.

Библияда да экономикалық уағыздар бар.

Аристотель философ болумен қатар экономист болған.

Адамның экономикалық белсенділігінің негізгі стимулы – жеке қызығу.

Жеке меншік – адамзаттың қалыпты қозғалысының негізі. Одан дұрысырақ даму жолы жоқ немесе әлі ашылып дәлелденген жоқ.

Мүмкіндік пен қалау екеуі бірдей өссін, мүмкін емес нәрсені қалағаннан артық қиыншылық жоқ.

Мәдениеттіліктің бір белгісі – өз ана тіліңе деген құрмет. Бүгінде тұрмыстық дәрежеге дейін төмендеп, қайта көтеріле бастаған тілімізді зорлап қайта ендіруге тырысудамыз, олай болмайды. Нені болса да бұзуға кететін уақыттан жөндеуге кететін уақыт бірнеше есе көп болады. Өзге тілді білуге адамды итермелейтін нәрсе мәжбүрлік. Керек болса немесе ертең керек болады деп есептесең – тезірек үйренесің. Мысалы, менде мектепте жүргенде орыс тілінің қадірін түсінерлік ақыл болмады. Кейіннен, керек болған кезде сөйлесіп жүріп, газет оқып-ақ үйреніп кеттік. Қазақ тіліне де сондай қажеттілік қалыптастыра алсақ – тілдің қадірі болады.

Кейбіреулер «рух әлсіреп барады» деп айта беруді әдетке айналдырып алды. Сол рухты сақтау, көтеру үшін Сен, Мен, Ол не істеп жатыр-

мыз деп әуелі өзімізден-өзіміз сұрап алуымыз керек. Жезөкшелікті жамандайтын журналист іссапарға барған жерінде мейманхананың айналасындағы жезөкшелерді жағаламасын. Менің сөзім мен сезімім – менің арымның өлшемі деп әрбіріміз айта алсақ, нағыз зиялылық, мәдениеттілік сол. Нәпсісін тыюға ожданы жеткен адам – мәдениетті адам. Сондай жағдайға әрбіріміз өзімізді-өзіміз біртіндеп жетелесек, сөйте-сөйте көбейсек, ұлттың мәдениеті сонда артады. Жаппай имандылық солай орнығады.

Мұсылманның бес парызының өзі рет-ретімен келеді. Бүгінде бізде ораза ұстайтындар көбейді, ол жақсы, бірақ алдымен ораза ұстаудан бастамайды, әуелі адам өзінің ішкі пиғылын тазартып, тәубеге келіп алады, оны иман дейді. Одан кейін намазға жығылады. Содан кейін барып ораза ұстаса оның мағынасы түсінікті болады. Қажыға бару – содан соң. Мұхамед пайғамбар қажылықты міндетті деп есептемеген. Шыңғыс хан Бұхардан арнайы дін білгірін алдырып мұсылман дінін зерттеген. Оны тындап болып, барлық парыз нәрсені мақұлдап келіп қажылықты дұрыс деп есептемейтінін айтыпты. «Барлық әлемді Құдай жаратты, барлық жер адам үшін киелі, сондықтан арнайы бір жерді басқа жерден ерекшелеу дұрыс емес» деген. Пайғамбарымыздың қажыға баруды міндетті парыз демегенін естігенде барып: «сендердің діндерің жаман емес екен» деп, дін мәселесінде еркіндіктер берген.

Біздегі діннің бұлай ете берсек, «осы кісі дініне берік» дейтін формасы ғана қалып, мазмұнынан айрыламыз ба, ішкі салмағы қалмай қала ма, сөйте-сөйте діннің тек аты ғана қала ма деп ойлаймын кейде. Өздерін мұсылманбыз деп есептейтіндерді бақылай жүрем, сонда байқайтыным – көбі қалай дұрыстап құлшылық етуді білмейді. Тілді кәлимаға келтіруді «Я, Алла» дегеннен әрі асыра алмайды. Ораза айты Құдайға жақындаудың қуанышы ретінде жасалатынын, оны ораза ұстағандар мен ораза ұстағандарды құрметтеу үшін мейрамдайтынын білмейді. Бұрындары тойланатын 1 май, 7 ноябрь мейрамдарымен теңестіріп жібергенбіз. Өзге діндегілер айтта «С праздником» десе қуанып қалады. Олардың да діни мейрамына құтты болсындар айтылады, мұнымыз екіжүзді моральдың бір көрінісі емес пе?

Дінді ұстауға да, жалпы рухани өсудің қайсысына болса да, тілді пайдаланудағы сияқты ішкі қажеттілік, намыс болу керек.

Менандрдың «Адамның Құдайы – өзінің ары» деген сөзіне мойынсұнып, әр кісінің Өз Құдайы – ары биік болуын тілей жүргеніміз жөн.

Көбіміз кедейміз, сол себепті қазақша кітап, ұнтаспаларды сатып алмай, жанынан өте шығамыз. Шамасы келетін топ бар, бірақ оларда руханилықты жетілдіруге қажеттілік жоқ, олар бәрін білеміз, сондық-

тан өзгелерден озықпыз деп есептейді. Осы жерде кінәні рухани дүниені қалыптастырушыларымызға артамыз. Ауыл, аудандардағы кітапханаларымыздағы социализмді насихаттайтын кітаптардан жиреніп, керектілерін де жойдық. Халыққа тек бай әншінің ғана дауысы жететін болып барады. Олардың да биліктегілерге ғана қызмет еткісі келетін болып кетті. Халық пен шығармашыл адамдарды тегін жақындастыруға тырысып жүргендерді шенеуніктер әпенді санайды.

Шынымен мәдениетті, рухты көтеруге ат салысқымыз келсе, бұл іске әркім қолынан келген көмегін жасасын. Біреу бизнесте жеткен жетістігім ұлттымын рухын көтеруге де тиесілі деп қаржылай жәрдем беріп тұрсын. Біреу оқулық жазсын, біреулер аудармалар жасап, қазақ тілінде оқитындарды сусындатын. Біреу кітаптарды арзан басып шығарсын, көп табыс болмаса ұлты үшін қызметі болар. Ана дүниеге артылдырып алып кетіп жатқан ешкім жоқ. Аш болмай, жоқ болмай жүрсем болды, ұлтыма қызмет еттім дегенді мақтаныш етейік. Осының бәрі ұрансыз, жарнама-сыз, мақтансыз, мақтау күтүсіз жасалсын.

Мәдениет – өмір сүрудің үлгісі.

Мәдениет саясаттан аулағырақ, көзге түссем деген пенделік пиғылдан, тақ, бақ, билік құмарлықтан биік болуы керек. Адам өз деңгейін, өзінің не тындырып жүргенін, не атқара алатынын біледі, сол секілді, өз мәдениетінің деңгейі де өзіне аян. Соны мезгіл-мезгіл ойша жаныңа қатар қойып байқап, болуы тиіс деңгейден жоғары ма, төмен бе, салыстыра жүрген жөн. Бұл орайда өзін алдарқату немесе аяу керексіз.

Катарсис деген сөз бар. Мағынасы – қиналу мен қорқу арқылы рухтың тазаруы десе болады. Бірақ ол тек рухтың тазаруы ғана емес, қиналу арқылы әркімнің өзін-өзі тазартуы. Ол – төзімділік қана емес, жеңу.

Адамның бойында ұдайы қатысып тұратын өз соты бар, оның аты – ұят. Бостандық тек мақтаныш ететін ғана нәрсе емес, оны әр күні, әр қимылыңмен, әр пиғылыңмен қорғау керек. Біз бостандықтың қадірін білетіндей қиындықтарды басымыздан кешірген халықпыз.

Имам дегенді Әл-Фараби жол көрсетуші, жетекші деп ұғындырған. Жазушы да, депутат та, өнерпаз да сынаушы болғанша, жетекші болсын, имам дәрежесіне көтерілсін.

«Ақырзаман келе қалса, адамдардың мінез-құлқы қалай өзгерер еді?» деген француз газетінің сұрағына Марсель Пруст: «Онда өмір бірден кереметтей көрініп, адамдар жалқаулығын тастап Лувр галереясын көруге баруға; қыздың аяғына жығылып, ғашықтығын дәлелдеуге; я болмаса Үндістанға сапар шегуге уақыт тапқан болар еді» депті. Өзі өлер жылы демікпе сырқаты мендеп тұрғанына қарамастан, Тюльри галереясына барып, рахаттана қызықтаған, сол жолдан қайтып келе жатып қайтыс болған.

XX ғасыр адамның мүмкіндігі шексіз екенін көрсетті. Уақытты мейлі саясат, мейлі адамдардың бақ-берекесі, мейлі өнердің өрлеуі немесе жұмыр басты пенденің әлі де тіршілік жасау мүмкіндігі тұрғысынан қарастырсақ, соңғы жүзжылдықтың тұла бойды тітіренткен қос үрей, қорқынышты сезімін түсінеміз: адамды қауіп-қатер билеген. Сөйтіп, бұл ғасыр ең қанқұйлы ғасыр ретінде тарихта қалды. Ғасыр ішінде үш рет адамзат саны жартылай азайып барып, қалпына келді. Бүгінде соғыс жоқ, бірақ қасірет күту бар, әркім-ақ ол қай жақтан келіп қалар екен деп абыржығандай күй кешуде. Нью-Йорктегі қыркүйек оқиғасы осы жағымсыз қасиеттердің XXI ғасырда да жалғасып келе жатқанын дәлелдеді. Қорқынышты сезімнің бұлай жалғаса бермеуі үшін пәлсапа да, адамгершілік нормалары да, геосаясат та, қорқыныш жауапкершілігі де емес, ең бастысы тиімділік керек. Адамдар өзіне де, өзгеге де, яки бәрімізге бірдей тиімді жолды таңдауға бет алатын болады.

Адамның тағдыры екі алақанының арасында. Біреулердің ойы мен қолының қалай қимылдауына өзінің ғана емес, бүкіл адам баласының тағдыры тәуелді. Адамзаттың әрбір жаңашыл іске барарда осы әрекетім еліме, адамзатқа қаншалықты тиімді, ол бүкілғаламдық зиян әкелмес пе екен деп ойлағаны жөн болады. Шын білім, шын ғылым қатыгездікке алып бармайды. Сахаровтың атом бомбасын ойлап тауып, кейін оның адамзатқа келтіруі мүмкін қасіретін сезінгенде бұл тапқырлығынан бас тартып, бүкіл өмірін ядролық күшті саяси ойындарда пайдалануға қарсы болуға арнауы осы тиімді ойлаудың нәтижесі.

Дәуірді алға сүйрейтін шикізат яки ақша емес, зерде (интеллект). Қазба байлық өз-өзінен халықты алға сүйрей алмайтынына Ирактағы жағдай мысал.

Адамның адамгершілігі біреуге істеген қызметімен емес, қоғамның дамуына қосқан үлесімен өлшенсе – өркениетке жету деген сол.

XX ғасыр физика ғасыры болды, XXI ғасыр – биология ғасыры болады.

Ғылыми-техникалық прогрестен адамдардың рухани санасы артта қалып барады. Жаңа жетістіктер біздің дамуымызға қызмет етумен бірге құрып кетуімізге де қызмет етуі мүмкін.

XXI ғасырда – командада жұмыс істеу дамиды. Ол іс Кеңес үкіметі елдерінде өз нәтижесін көрсеткен.

Жұлдызшылар ғасырмен бірге Балық патшалығы аяқталды, ол – қиялшылар дәуірі еді, енді Су құюшы дәуірі басталды, ол – даму мен рухани өзгерістер дәуірі болады дейді. Дамудың жалғасатыны рас болар, ал руханилық, адамдарда иманның оянуы олар бүгінгі деңгейінен едәуір биіктеген күнде ғана жүзеге асады.

XXI ғасырдың екінші ширегінен бастап адамдардың бір-біріне қатынауы азаяды, тек сағынысқан кезде көру үшін ғана барады. Олай ету қазірдің өзінде басталып кеткен. Зат іздеу, оны саудалау, сату мен сатып алу немесе өзге де келісімдер интернет арқылы жасалады. Интернет арқылы хат жазысады, танысады, сөйлеседі, ғашық болады, үйленеді, ажырасады, соттасады, табысады. Электрондық табысу бүгінгідей табысумен салыстырғанда қолайлы әрі тиімді ғана емес, оны көңілдегідей алмастыруы да мүмкін.

Отан деген сөзді біреулеріміз өз мемлекетіміз, кейбіреулер өз ауылымыз деп ойлаймыз. Интернет жүйесі ендірілгелі осы ұғым кеңірек мағынаға ие болғандай. Өйткені Австралияда немесе Жапонияда жүріп өз еліндегілермен кедергісіз әп-сәтте ауызба-ауыз, я электрондық пошта жүйесі арқылы сөйлесе алса, бару-келу кедергісіз болса, онда сырт жерде жүріп-ақ өз Отанында жүргендей жүруге, өзін өз Отанының азаматымын деп есептеуге болатын сияқты.

Компьютерлендіруді бірыңғай жақсы жағынан айтуға да болмайды. Оның нәтижесінде адамдарда жасанды интеллект қалыптасып келеді. Жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық санаттарының аражігі жоғалып барады.

XXI ғасыр – заңдарға, әсіресе адамгершілік заңдарына бағыну ғасыры болады. Оған алдымен сананың жетілуі, екіншіден заңды орындамаудың тиімсіздігі себеп болмақ. Сөйтіп, адамгершіліктің жалпы ережелері бұдан төрт мың жыл бұрын негізі қаланған Шумер елі заңдарының бүгінгі жетілген түрлерімен кірігіп, тізе қосып әрекет етеді.

Батыс адамының басым бөлігі жұмысқа әбден берілген. Қызметте де, үйде де, жолда да – жұмыс. Жұмыс уақыты мен бос уақыт екеуі араласып кеткен. Оған ұялы телефон, интернет жәрдем береді. Бұрынғы «Жұмыста – жұмыспен, өзге кезде өз тіршілігіңмен» деген қалыпты тұрмыс дағдысы бұзылған. Демалуға уақыт жоқ, әлгі «ойыншықтар» мен бас толы ой оған мүмкіндік бермейді. Тамақ асығыс-үсігіс ішіледі. Адамдар ұмытшақ, күйгелек, ашуланшақ, яғни стреске бейім. Бастықтың көзіне түсу, мансапқа жету, көп ақша табу – мақсат сол, осындай тұрмыс өмірдің мағынасы болуға айналған.

«Егер адам не үшін өмір сүретінін білсе, онда оған қалай өмір сүретіні бәрібір» деген қағиданы осындайда еске жиі түсіріп, жалғыз жұмыс қана өмірдің мағынасы бола алмайтынын ұмытпаған дұрыс.

XXI ғасырдың ортасына қарай дене кемістігі бар адамдардың өмір сүруі жеңілдеп, жасанды көз бен құлақ пайда болуы мүмкін. Сонымен бірге, бүгінгі бағытқа сенсек XXI ғасыр адамының орта жасы қазіргіден

анағұрлым ұзағырақ болады деседі, зейнеткерлік жасы жетпіске барып, көмек қажет етпейтін, жасы жүзден асса да өзі тұрып-жүре алатын адамдар көбейетін сияқты.

XX ғасыр әйелдердің еркектерге тәуелді болмай өмір сүре алатынын көрсетті, алдағы өмірдің түбегейлі өзгеруіне осы да себеп болуы мүмкін. Өйткені, бұл тәуелсіздіктің ақыры әйелдерді қатыгездікке ұрындыруы ғажап емес.

XXI ғасыр ортасына қарай қазіргідей отбасы болмайды дейді кейбір болжаушылар. Голландияның астанасы Амстердамда қазір 350 қарттар үйі бар, ол қоғамға да, сондағы қарттардың өздері мен отбасына да тиімді деседі. Сонда да, адам баласы, әсіресе Шығыс халықтары елуден асқанда мансап қуа бермей, өзін отбасы мен балаларға арнауды мақұл көреді, бұл ғасырда да осы пиғыл жалғаса береді. Елуден асқанда адам өмірден шаршай бастайды, сол кезде басты алданыш – балалар мен немерелер болып қалады.

Алдағы бірер онжылдықтар ішінде бұрынғы Кеңес Одағының оншақты елі мен күні ыстық Африка адамдарынан басқалардың үйлену жасы 30-35 жасқа қарай қарай көтеріледі. Жас адам алдымен өзін-өзі жеткізіп, отбасын бағып-қаға алатын кезде ғана тұрмыс құратын болады. Отбасы құру жауапкершілігі келісімшарт арқылы реттеледі. Бала саны, оның дүниеге қай кезде келгені тиімді, жоспарлы түрде жүреді, «сүйікті бала – қалаулы уақытта» деген мақсат орнығады.

XXI ғасырдың екінші ширегінде көмір мен мұнайдың орнына отынның басқа түрі келуі мүмкін. Күніне 9-10 сағаттық жұмыс күні қайтадан келеді.

XXI ғасырда жаңа жетістіктер мен бұрын кездеспеген құбылыстар ашыла береді. Осыдан жүз жыл бұрын бар болғаны 12 химиялық элемент белгілі еді, қазір – 92. Дегенмен, кейде ашылып жатқан жаңалықтың ашылу мерзімі ғана белгіленеді, ал шын мәнінде ол жаңа нәрсе болмауы мүмкін.

XXI ғасырдың ең басты жетістігі өзінің ешқашан қиындық көрмейтініне сенімді, сондықтан дүние жинауға қызықпайтын адамдар көбейеді. Жинаған білімі мен білігі өміріне жетіп артылатын болғанда да дүние жинауға ұмтылған адам заманына лайық кісі деп саналмайды.

Аристотель: «білу мен түсіну – өнер, тәжірибе емес» дей келіп, «өнерді білген адам тәжірибесі мол адамнан ақылдырақ, өйткені ақыл көбірек білімге байланысты, тәжірибелі адам «не екенін» біледі, бірақ «қалай екенін» білмейді, өнерлі, яғни білімді әрі түсінігі мол адам «қалай» екенін де біледі. Сондықтан кәсіпті жақсы меңгерген адам тәжірибесімен өз кәсібін ғана дұрыс атқарады, ал үйретуші мәселенің қалай туындағаны мен жолы қалай екенін айта алады» дейді.

XXI ғасырдың басты проблемалары: ауыз су, таза ауа, радиациялық залалдар, биологиялық қару, ақпарат құралдарының адам мінезіне теріс әсері.

Ең үлкен тоқырау экологияға байланысты болады. Адамзат табиғатты қорғауды шындап қолға алмаса, «ертеңгі келер пайданы сезіну тапшылығы» жалғаса берсе, ғаламдық өзгерістер нәтижесінде өмір сүру режимі өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Болашақтағы бұлғақтар ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылады.

Ал, тоқыраудың барлық түрінің ең қатерлісі – сенімнің тоқырауы.

Жері үлкен, шекарасы көлемді, халқы аз елдер үшін қиындықтар туады. Соғыссыз-ақ жеңілу, жерді беріп қою қаупі пайда болады. Жері аз көрші, өз еліне сыйыспаса, алдымен жақын елге көз алартады. Жаулап алу қарусыз жасалады.

Тағы 20-50 жылда қазіргі адамзат саны екі есе өседі. Басты проблема адамдардың жер бетіне сыйысуы және оларды азық-түлікпен қамтамасыз ету болады.

Жер шарында елу жыл соғыс пен жаппай қырылу болмап еді, халық саны үш есе өсті. Сондықтан, соғыс – адам санын реттеуші деген сорақы ойды да мойындауға тура келеді.

Соғыс – дамудың қозғаушы күші болатыны да бар. Екінші дүниежүзілік соғыс – Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропалық Одақтың дүниеге келуіне, қару-жарактың принципті жаңа түрлерінің, атом бомбасы мен ядролық реакторлардың пайда болуына әкелгені шындық.

Жетілудің дамуы тоқтық арқылы келеді. Қарны тоқ адамның қайырым-мейірімге, мәдениетке ұмтылуы басым.

Аң-құстардың табиғатын зерттегендер, бұлар өте көбейіп кеткенде көбірек жасағандары мен әлсіздері өздерін артық санап, басқалары тіршілік ету үшін өздерін қырғынға ұшыратып, реттеп отырады дейді. Орталық Азия елдерінде адамдар саны жүз жыл ішінде қуғын-сүргінге, соғысқа қарамастан жеті рет өсті. Бірақ адамдардың кей бөлігінде аң-құстардағыға қарама-қайшы – өзінен басқасын жоюға тырысу барлығын айтпағанда, өз ішінде азаюды аң-құсша реттеу мүмкін бола қоймас. Жаратушының зілзала, түрлі апаттар, жаппай аурулар арқылы реттеп жататыны осы қарсылықтың бір түрі емес пе екен?!

Дамыған елдерде қызмет көрсету саласы өсіп, өндіріс көлемі төмендеп келеді. АҚШ-та бүгінде өндіріс көлемі жалпы өнімнің 29,9 пайызын, Ұлыбританияда – 30, Францияда – 28,7 пайызды құрайды. АҚШ-тың ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемі жалпы өнімнің екі-ақ пайызы. Соның өзінде өзге елдерден тамақ сатып алып жатқан жағдайы жоқ. Сондықтан, біздің елімізде жалпы өнімнің 48 пайызын ауыл шаруашылығы құрайтын

еді, сол төмендеп кетті деу қисынсыз, олай болуы – біздің индустриясы дамып бара жатқан елге айнала бастағанымыздың белгісі.

Біздің тұрмыс деңгейіміз табиғи ресурстардың көптігіне тәуелді болудан қалатын кез алыс емес. Халықаралық сауда дамыған сайын тауар арзандайды. Мұнай мен газдың бағасы алдағы жиырма жылда 50 пайызға төмендейді. Болашақтың тірегі: микроэлектроника, биотехнология, телекоммуникация, жолаушы ұшақтары жүйесі, машина жасау мен робототехника, компьютерлік техника, материалдар туралы ғылымдар болмақ.

Жапондықтарда зәрдің құрамындағы қанттың мөлшерін дәретке отырғанда көрсетіп тұратын унитаз қазірдің өзінде бар, қан қысымын өлшейтін, кардиограмма түсіретіндері де бар деседі. Музыканы ең үздік өнер иесінен де артық ойнап беретін пианинолар пайда болды, қолыңды дұрыс қимылдатып көзбояу жасап отырсаң жарап жатыр.

Келешекте білікті, көп қырлы мамандар аса бағалы болады. Қарапайым қызметтердің ішінде балаларды тәрбиелейтін, қарттарға қарайтын қызметтерді адамдар көбірек керек ететін болады, яғни сауаты мен мейірімділігі қатар жүрген адамдарға жұмыс жетіп артылады. Адамдардың көбі тұрмыстық істерді өздері атқармайды, оның ішіндегі отбасы үшін аса жауапты жұмыстардың өзін ақы төлеп істететін болады.

Шығыстың іргелі ілімі Агни Йога адам эволюциясының келесі сатысы мынадай түсініктерден тұрады дейді: бірінші – әріптестік пен кооперация, екінші – әйелдің нақты теңдігі, үшінші – психикалық қуатты зерттеу, төртінші – ойдың мағынасын түсіну.

Адамдар бас изей беруді азайтады, саналы шешімдер қабылдауға ұмтылады, олар істің орындалуына тікелей қатысып, атсалысып, бірігіп жұмыс істеуге бейімделіп, адамзатқа ортақ құндылықтарға саналы түрде үлес қосуға тырысатын болады.

Болжаушылар адамзат алдында тұрған жақын арадағы төрт қауіпті айтып жүр. Олар:

– жоғары технологиялы қару пайда болып, оның әлдебір әумесердің (жүйкесі нашар немесе диктаторлық шамшылдығы басым) қолына тию қаупі;

- халықаралық терроризм;
- діндердің арасындағы келіспеушіліктің ушығуы;
- бірін-бірі қолдайтын халықаралық қылмыс;
- есірткі.

Жаппай жаһандану процесі мәдениеттің де әмбебаптануына алып келуі мүмкін. Ұлы технология аясындағы рухани тоқырау содан туындайды.

Орыс ғалымы В.М.Межуев «жаһандану – әлемдік қауымдастықтағы ұлттық мемлекеттер мен аймақтардың бір-біріне өзара тәуелділігінің ар-

туы, олардың жалпыға ортақ экономикалық, саяси және мәдени ережелері бар бір жүйеге бірте-бірте тартылуы, интеграциялануы» дейді.

Жаһандану көрінісінің мысалдары – ЮНЕСКО, компьютерлендіру бағдарламалары, ғарышты игеру, бүкіләлемдік қуатты корпорациялар, Халықаралық сауда ұйымы, Халықаралық туристік ұйым сияқты әлемдік ұйымдар, әлемдік қаржы институттары т.с.с.

Жаһандануды былайша сипаттауға болады: бір ел мен екінші елдің арасындағы кедергілер азаяды, кең көлемде қауымдасудың мәні мен мағынасы артады, ақпараттар беру ісі жеңілдейді, қаржылық, ақпараттық салаларда біртұтас кеңістік жүйесі қалыптасады.

Жаһандануды жақтаушылар, жаһандану нарық жүйесінде баға біркелкілігін жүзеге асырады, сондықтан, түбінде бағаның реттелуі, оның бірыңғай әрі салыстырмалы түрде төмен болуы мүмкін екендігін алға тартады. Жаһандану – халықаралық қатынастарды біркелкілендіру. Халықаралық конвенциялар жүйесі қалыптасып, оған түрлі елдер мүше болып, соған сәйкес өздеріне түрлі міндеттемелер алып, құқықтарға ие болуы – жаһанданудың нәтижесі.

Жаһандануға қарсылық білдірушілер оған мықты елдің әлсіз елді езуіне рұқсат беруші деп қарайды, Батыстың Шығысты бағындыруына орайластырылған процесс деп санайды. Жаһандануды экономикалық, яки мәдени империализмнің, тіпті отарлаудың жана түрі дейтіндер де бар. Жаһандану кезінде қуат-күші әртүрлі елдерде, мәселен, экономикасы дамыған елдер мен дамымаған елдерде, әскери күші мол елдер мен әлсіз елдерде бұл жіктелу тереңдей түседі дейді. Байдың байып, кедейдің кедейленуіне, бай елдер кедей елдердің игерілмеген байлықтарын талан-таражға түсіруіне жол ашылады деп санайды. Тұтас халықтар экономикалық босқындарға айналады, халықтардың ұлттық ерекшеліктері мен мәдениетіне қауіп төнеді дейді. Әдетте, мәдениеттер мен дәстүрлердің текетіресі, өмір көрсетіп отырғанындай, жақсылыққа апара қоймайды.

Жаһандану еркін кіре бастаған нақ осы сәтте халқымыздың еліктегіштігі де біздің төл мәдениетімізді сақтап қалуға зиянды әсерін тигізеді. Жалпы, еліктегіштік пен өзін төмен санау – біздің ұлтымызға соңғы екі-үш ғасыр ішінде әбден сіңісіп бара жатыр, одан арылуға тиіспіз.

Жаһандану процесі ұлттық мемлекеттер үшін тиімсіз дейді бұған қарсы топ. Себебі, жаһандану нәтижесінде ұлттық мемлекеттердің егемендігі мен дербестігіне нұқсан келеді, ұлттық және стратегиялық тәуелсіздігіне қауіп төнеді. Сондықтан бүгінгі таңдағы ұлтшылдықтың өршуін жаһандануға қарсы әрекет деп танушылар да жоқ емес.

Ұлттық мемлекеттердің әлсіреуіне жаһанданусыз-ақ әлемдегі миграциялық процестердің артуы, туризмнің жаппай өрістеуі, экономикалық байланыстар кешенінің пайда болуы өз әсерін тигізіп отыр.

Ұлтшылдықты арттыру арқылы жаһанданумен күресу нәтиже бермейді. Түптің түбінде ұлтшылдық көріністерін мықты ұстана отырып, жаһандық даму процесімен қатарлас даму саясатын ұстанғандардың жолы дұрыс болып шығады. Оның дұрыстығына ұлттық мәдениетпен бірге орыс, ағылшын тілдері арқылы келіп жатқан жаһандық мәдениеттің қатар дамуы көріністері, АҚШ долларының өз теңгемізбен бірге қолданысқа еніп кеткені, домбыра мен скрипканың бір әуенді бірге ойнай бастағаны дәлел бола алады. Осы арада тепе-теңдіктің болуына, өзге мәдениеттің төл мәдениеттен артық еніп, тұмшалануына жол бермеуге баса назар аударылуға тиіс. Ол үшін жаһандану процесінің елге келген ықпалы ұдайы зерттеліп, талданып тұруы керек. Сонда ғана ұлттық мемлекеттердің саяси әрі экономикалық қауіпсіздігіне нұқсан келмейді. Жаһандануды мойындамайтындар мен менсінбеушілер артта қалып қояды.

Дәстүрлі мәдениет сырттан келетін мәдениетке төтеп беруі үшін елдің рух-санасы жоғары, күнделікті ақпарат құралдары теріс әсерді беретін хабарлардан таза болғаны дұрыс. Ұлт тіліндегі хабарлар, дәстүрлі мәдениеттің озық үлгілері жүйелі түрде әрі өзге тілдегілерден молырақ жасалмаса, ұлт рухының әлсіреуі, әсіресе жас буынның басқа бағытқа көшіп кетуі шапшаңдайды.

«Театр тобырды халыққа айналдырды» депті неміс ойшылы Томас Манн. Ал бүгін сол театрдың орнын басқан – теледидар ойсыз тобырдың санын көбейтіп-ақ жатыр. Көркемөнер мен киноның орнын масс-медиа мен шоу бизнес баса бастады.

Болашақта адам тағдыры ақпарат көздеріне тәуелділігі бұдан да артады. Ақпарат көздері жабыла қолдаса, кісі емес кісі – кісі болып шығады. Ақпараттың шындап дамыған кезі – кітап пен газеттің жаппай шыға бастаған кезі десек, оның басталғанына біржарым ғасыр болды. Соңғы уақытта олар арзан сөзге, ашық-шашық пиғылға үйір. Таяу болашақ – ақпараттың талдамалы дүниелерді көбірек жария ететін көздерінде, сананың оянуы солар арқылы жасалады, сана оянған сайын халық нақты ақпаратты көбірек керек ететін болады. Бүгінгі күні кітап оқымайтындар көбейіп, поэзия мен махаббаттың мәні өзгеріп, оның тым қарабайыр, жеңілтек түрі пайда болса, ол – сананың бүгінгі деңгейінің өлшемі.

Өзге ұлттардың мәдениетін өркендетуге, дін мәселесіне келгенде сындарлы діндерге қолдау көрсетуге бейімделген жөн. Еуразиялық мәдени кеңістіктің қалыптасу бағыты осының дұрыстығын көрсетеді. Діннің жаңа бағытын ашу партия құрудың халықаралық түріне айналып барады. Адамдардың ықыласын сатып алу немесе жан-жүйесіне әсер ету арқылы тілеулестерінің қарасын көбейтетін діндер пайда болды. Жаһандану жергілікті мәдениетті сөзсіз бағындырып алуды немесе жо-

йып жіберуді мақсат етпейді, қатарлас, бірге дамуды ұсынады. Компьютер бағдарламаларының ұлт тілінде сөйлеуі, интернет жүйесінде ұлт тіліндегі сайттардың пайда болуы осыған дәлел.

Тағы жарты ғасырдай уақыт өткен соң ұсақ мемлекеттер жойылып, тек ұлы мемлекеттер қалады. Ұлы мемлекет болудың бірінші белгісі – халқы 50 миллионнан кем болмауы, оған қоса, ол мемлекетте саяси, экономикалық дербестік, берік шекара, халқында мықты рух, жоғары патриоттық сезім болуы керек. Бұл сан босқа белгіленбеген, соншама халқы бар мемлекет әрі өндіруші, әрі тұтынушы. Қазақстан секілді 15 миллион халқы бар елдер өз өнімдерін басқа елдерге сатуға мәжбүр, себебі тұтынушысы аз. Тіл мәселесіндегі шешімдер осы жағдаятты ескере жүргізілуі керек. Жер бетінде 214 мемлекет бар, олар 6100 тілде сөйлейді, оның ішінде 300 тіл тұрақты, ал олардың 150-і ғана мемлекеттік тіл. Соңғы ғасырда 250-дей тіл жойылған болса, оның бәрі де саны аз, халқының сауаты төмен ұлттар еді.

XXI ғасырда ізгілік азайып, қатыгездік көбейеді. Бұрын автомашина жүргізушілер жолда бұзылып тұрған машина көрсе, тоқтап жәрдем беріп кететін, бүгінде өйтпейді. Бұрын тайгадағы аңшы өзі демалған жерге құрғақ отын, тұз, сіріңке тастап кететін, қазір ол жоқ. Тастап кете қойғанда да келесі келгендер оны жалғастырмайды, барды бүлдіріп, сындырып, жойып кетеді. Семейдің жаңа көпірін салған жапон менеджері көпір төңірегін көгалдандыру үшін егілген 40 мың түп ағаштың бірер ай ішінде үштен бірі ғана қалып, басқасы сындырылып жарамсызданғанын таңырқай айтады. «Өздеріне арнап жасалған жақсылықты, өздері жоққа шығаруының себебін ешбір түсіне алмай басым қатты» дейді ол.

Кейбіреулер қатыгездік азаяды деседі. Мұны бұрынғы кезде елдің көзінше ат құйрығына байлап сүйретіп, басын шауып, асып, қазыққа отырғызып, көлденең ағашқа қағып өлтіретін болса, қазіргі өлтіру одан гөрі жұмсағырақ, жан қинамай, жасырын, байқаусыз жасалады деп түсіндіруге тырысады.

Қисын бойынша адамның сауаты ашылған сайын қатыгездік азаюға тиіс, ал бүгінгі күні ол керісінше артып келеді. Қатыгездік жасап, онысын «жер бетінде жұмақ орнатуға тырысып жатырмыз» деп түсіндіретіндер де табылады. Осының бәрі – сауаттанудың бір деңгейге келгенде тоқтап қалғандығынан. Көп адам: «өзіме жетерлік сауатым бар, оқығанымды түсіне аламын, сол жетеді» деп ойлайды.

Адам жаратылысында ізгілік пен зұлымдық бірге жүреді. Соның қайсысы алдымен көрінеді, ол – қоршаған ортаға, адамның тағдырына, санасына байланысты. Біреудің тағдырын шешу қолына тиген адам санасыз болса, адамгершілік заңдарын аяққа таптайды. Құдай берген жанды Құдай емес, басқа біреу алған болып шығады.

Адамның миында үш қабат бар, олар, бейнелеп айтсақ: аң, құс, үй жануары мінездес. Бұлай бөлінудің арасында айқын айырма болмауы да мүмкін. Біреу тәрбиеге, ортаға байланысты аңға ұқсайды, яғни сол секілді өшпенді, көбіне енжар болып келеді. Керек кезінде ғана ұмтылады. Дұрыс тәрбие оны құс секілді еркін, өзімен-өзі болу дәрежесіне өсіреді, яғни мидың екінші қабаты іске қосылады. Тағы бір қабатында, адам үй жануарына ұқсап, аузына бірдене тастауды ғана күтіп отыратын болады.

Атам заманнан аурудың жазылмайтын бір түрін екінші түрі алмастырып келген: туберкулезге ем табылғанда рак кеселі шықты. Енді СПИД келді, демек, қисынға қарағанда, рақтың емі табылуға тиіс. Бірақ, жазылмайтын бір кеселге ем табылған әр мерзімде емі жоқ екінші кесел түрі әзір тұрады.

Ғасырлар тоғысына қарай еркектер нашар жағына қарай өзгерді. Олар топастанып, қорқақтанып кетті. Бір қызығы, дамыған елдердегі топастық дамушы елдердегіден де кеңірек қанат жайып барады.

Экологияның салдарынан деп жүрген, сәбилердің дүбәра боп туылуының сыры арақ, болмаса, тамақты тойып жемеу секілді себептерден де болуы мүмкін.

Құдайдың өзінің бөліп берер ештеңесі жоқ. Біреуден алып, біреуге береді. Токтардың артық төгіп-шашқаны – аштың үлесі. Біреудің байлығы – біреулердің кедейлігі.

Тек жекеменшікті қорғаған қоғамда әділеттілік болмайды. Жетістіктен гөрі бақытты болу сәті маңызды. Басым көпшілік үшін бір тойғаны, аяғын созып жата кетер өз үйі бары – бақыт. Ірі байлыққа қапелімде ие бола калудың уақыты бітті.

Бүгінде бірыңғай мемлекеттік меншік қайта қаралып, жекеменшік тұрақты дамып жатқан кезде оның мәнісін жете біліп жатпаған сияқтымыз. Платон қоғамдағы келіспеушіліктің басты себебі жекеменшікте жатыр дейді. Аристотель жекеменшікті қызу жақтаған: «Бір нәрсе сенің жеке меншігіңде екенін сезіну рахатын сөзбен жеткізу қиын», – деп түсіндіреді... Ол мемлекетті басқару ісінде монархия да, аристократия да (Платон қолдағандай), демократия да тиімді нысан бола алмайды дейді. Байларды мемлекет басына қойғанмен, олар заңдарды орындамайды, кедейлер ештеңе жоғалта қоймайтын болғандықтан жауапсыз, сондықтан олардың екеуіне де мемлекетті басқару ісін тапсыруға болмайды. Мемлекетті полития, яғни орта тап басқаруы керек дейді.

Бізде ғасырға жуық уақытта қоғам үшін маңыздысы жоспарлар мен идеялардың болуы деп келді. Ұзақты күн қара жұмыс істеген адамға: сен бай адамнан гөрі ақылдысың, парасаттысың, ізгісің деді. Мемлекетті басқару ісіне кәсібилікті меңгерген маманды емес, тәртіпті кедейді қойған

дұрыс деп саналды. Үлкен қызметке жеткендер бара сала ақылды, білімді бола қалып, ақыл үйрете бастайтын болды. Біз осындай иллюзияға сендік, ал иллюзия – идеялардан, үміттерден, принциптер мен максаттардан тұрады. Бұларды бағалау арқылы өмірді таныған адам оның құлы екенін білмедік. Оның үстіне біз осының төртеуінен де ауытқыдық.

Батыстың индивидуалистік пиғылы, жеке бақыт құқығына ұмтылу, біреуге тәуелді болмау ниеті бүгінде Шығысқа өткен. Шығыс кәсіпшілеріндегі бүгінгі пиғыл – жеке тірлік жасау. Ол АҚШ-та ХХІ ғасырдың отызыншы жылдарындағы ұлы депрессияға дейін болған. Одан кейін жеке жұмыстан, күш-қуатты, қаржыны кооперациялап жұмыс жүргізу әлдеқайда артық екеніне көздері жеткен. Жаһандану процесі осылай Шығыс пен Батыстың аражігін жақындатып жатыр.

ХХІ ғасырда өз күші мен қабілетіне сенетіндер көбейеді, сол арқылы Шығыс пен Батыстың қарым-қатынасы одан да әрі жымдаса түседі.

Шығыс пен Батысты теңестіруді «Маған қанша жасалса, оған да солай болсын» деген Шығыстық қисынға телуге болмайды. Жаңа Гвинея секілді елдерде бүгінге дейін жалғасып келе жатқан: «соғыста өлгендердің саны теңескенше қоймаймыз», я болмаса «сен мені, менің әулетімді, менің руымды қаншалықты әлсіретсең, мен де сені соншалықты әлсіреткенше қоя алмаймын» деген қысастық ХХІ ғасырда қайта келмейді.

Хаммурапи заңындағы құрылысшының сапасыз салған үйі құлап, үй иесі өлсе, құрылысшыны өлтіру керек дегенін мақұл көру қабылданбайды, ал үй иесінің баласы өлсе құрылысшының баласын өлтіру керек дегені бұдан былай тіпті де мүмкін емес.

Өмірді тану шегі болмақ емес, ол және де адамның қандай қоғамда өмір сүріп жатқанына байланысты дамымайды.

Марксті біз айғайлап ұран қып, өзімізді зорлап оқып, ештеңе шығара алмадық, капиталистер үндемей оқып-ақ, шаруашылық жүргізудің капиталистік тәсілін сынау арқылы өздерін сынаған ұлы экономистің айтқандарынан қорытынды шығарып, тиімді пайдаланып кетті. Ал, әлеуметтік әділеттілік идеясы ХХІ ғасырда да, одан әрі де өзекті болып қала береді.

Адамдар дұшпандықты адамдардан іздегенше, өзінің ақымақ ойлары мен сезімінен іздесін. Теріс ойларымыз бен жарамсыз сезімдеріміз – біздің дұшпанымыз, кеше де дұшпан болған, кейін де дұшпандығын қоймайды.

Сезімге бағынудан гөрі парасат пен тәжірибеге бағыну бағалы.

Жан баспаған тоғайда жүргендерді ұялы телефонмен қамтамасыз етсе, олар өшпенділікті азайтып, тіпті қойып та кеткен болар еді.

Жаңа басталған ғасыр қандай болса, ондай болсын, бірақ адамның терең немесе атүсті сезімдерін, мәселен – қызғанышты, күншілдікті жо-

йып жібере алмайды. Мәдениет пен ғылымның дамуы адамның мінезіне де әсер етуі мүмкін, бірақ күншілдік пен қызғаныш секілді сезімдердің толық жойылып кете қоюы қиын.

Тышқандарды бақылап көрген ғалымдар, олардың өшпенділерінің арасынан лидерлер шығатынын айтады, момындары өз үлесінен құр қалып, мақұлшыл қалыпта жүре берсе керек. Адамдар да солай екендігі біздің өзге мақұлықтардан ұзап кете қоймағанымызды көрсетеді.

Бұдан былайғы биліктегілер тордағы құс немесе аквариумдағы балықтар сияқты: барлық жағынан ашық көрініп тұратын болады. Бірақ, солай екен деп лидердің жеке өміріне, ішкі дүниесіне қол сұғу – орынсыз болмақ.

Кез келген бастықтың алдында бел бүгіп, «бұранда» болатындар, өз пікірін басшы пікірінен төмен қоятындар өте көп. Олар дамуға қызмет етпейді. Біреуді шұқу, сыбырға құлақ тұру, сығалау, бір нәрсе сезіп қалса жариялауға әзір тұру да сол мінездің адамдарында болады.

Бас игіш, айтқанды орындап, өз пікірін тұншықтыратын адамдар көбейген сайын қоғам тұрақсыздана түседі. Ондай адамдар ат деген жағына орынды-орынсыз оқ жаудыруға әзір солдаттар секілді. Ницше осындай жағдайды бақылап барып: «Сіздердің іштеріңізде солдаттар көп-ақ екен, бірақ жауынгерлер аз көрінді» деген.

Ницшеге сенер болсақ, екі түрлі мораль бар, біреуі – «құлдық», екіншісі – «қожайындық». «Қожайындық» мораль лайықты, әрі болашақ үшін керемет. Ол – мықтылар жолы, олар жеке қабілетті, тәуекелшілдікті, өзіне сенімділікті, жігерлілік пен алға қойған мақсатты орындаудағы табандылықты жоғары қояды. «Құлдық» мораль әлсіздерге тән, олар алдымен мейірімділікті, жанашырлықты, альтруизмді, тиянақтылықты бағалайды.

Жеке қабілет арқылы дамудың шыңына шығамыз деу – капиталистік демократияның қателігі.

Адамгершілік қағидалары елде қандай билік тұрғанына тәуелді емес. Олар тұрақты және мақсаттың өсуіне ғана тәуелді. Тек, норма мен нақты жағдайдың ара жігі алшақтап кетпеуі керек.

Антон Чехов XX ғасыр басында «орыстар өздерінің өткенін жақсы көреді, бүгінін жек көреді, болашағынан қорқады» деген. Өткенді жақсы көретіні – ол өтіп кеткен, онымен бірге барлық трагедиялар мен қауіп-қатерлер өткен, ол халықтың мінезін шыңдады, сонымен оның миссиясы бітті, өткенді уайымдай бергеннен өзгерер ештеңе жоқ дегені. Бүгінін жек көретінін қазіргі жағдайға орай қарасақ: кешегі күнгі өлмес ауқат болса да ауызға тұрақты тастап тұру тоқталып, кездесетін қиындықтарды шешу адамның өз мойнына түсіп қалғандығы дер едік. Ал болашақтан қорқаты-

ны – өткендегі көрген қиындықтары есінде қалған, жақсы жаққа қарай өзгеру жалпыға бірдей емес, сүйеушісі барлар мен өлермендерде ғана кездесетіні көңілдерін құлазытатын шығар.

Саясатта да өмірдегідей: жартыкеш шаралар мен ықпал ету жігерлі әрі батыл әрекеттерден гөрі көбірек зиян келтіреді.

Себеп пен салдарды, түр мен мазмұнды араластырып алудан бетер қауіпті ештеңе жоқ.

Демократия таза күйінде ұзақ сақтала алмайды, оның охлократияға (қара ниет пен бақай есепке) айналып кетуі оңай. Перикл дәуірінде дауыс беру арқылы Сократтың өлтірілуі соның дәлелі.

Адамзат ғұмырында тек рахат өмірден тұратын алтын ғасыр болған емес. Алғашқы адамдар табиғаттың еркін сыйы ретінде бәрін алды деушілер бар. Қоршаған ортадағы сананың пайда болуы нәтижесінде бөлініп шыққан адам еркіндікте болғанымен, өмір сүру қиындығымен езілген. Одан кейінгі формация адамының да, одан кейінгісінің де өз қиындықтары болған.

Адамдар планетаның тұрғыны екенін, жаңа аспектіде іс-қимыл жасау керектігін, жеке тұлға ретінде, отбасы немесе ру, мемлекеттер мен оның одақтастары тұрғысынан емес, планеталық аспектіде әрекет ету керектігін түсініп үлгерген. Түсінбегендер басты қауіп қай жерден келетінімен ісі жоқ, өзімен-өзі жүр.

«Менен кейін топан су қаптаса да мейлі» дейтін өзімшіл тоғышарлық, «маған не жоқ, бізден басқа да ойланатындар, біз үшін мәселе шешетіндер жетерлік» дейтін енжарлық өзін заманының тең мүшесі санайтын кісіге лайықсыз. Шеткі үй құласа, ортаңғы үй шет болады. Осы орайда қаржы магнаты Джордж Сороспен келіспесе болмас: «Қоғамдық қатынастар мен саясатта субъектілердің көзіне елестеткені шын жағдайдың санасында қатысып жүреді».

Адамзаттың ар-ұяты биік бөлігі жер бетіндегі барлық адамның тағдыры бір екенін түйсінген, өздерін ол үшін жауапты сезінеді.

Бүкіл әлемге қатысты қағылатын қоңыраулар бар. Оны кімге арналып соғылып жатыр деу керексіз. Болашақ дәуірде әлемдегі әрбір қоңырау – бәріміз үшін соғылады.

II. ТАНЫМ ПАТШАЛЫҒЫ

Өмір – саяхат. Мәселен, көзбен көресің, ұстап көресің, иісін немесе өзге әсерін сезінесің. Бірақ ештеңені алып кете алмайсың. Яғни: кел, көр, рахаттан. Сырттай қарағанда да, ішкі дүниеде де солай. Кісі бұл саяхатта көре, сезіне, тани жүріп, шамасы келсе, санасы жетсе, күнәларын түзетеді, жан дүниесі тазарады, байиды. Адамзат баласының бәріне қойылар бір талап: саяхатқа келдің, көр, пайдалан, саяхат тәртібін сақта, саяхатқа шыққаныңа риза болып рахаттан, бірақ уақытша екеніңді ұмытпа.

Кісі өзінің бұл өмірде жолаушы ғана екенін сезінбесе, өмірінде кездейсоқ кездесіп қалған сияқты болып көрінетін заңдылықтар көбейеді. Саяхат ерте аяқталады.

Адамның алдында таңдау көп. Таңдау жан мен тәнді, рухты таза ұстау секілді мінез ережесіне бағытталған болса, адам қай жолмен жүрсе де жетістікке жетеді, ол мейлі сауда болсын, мейлі кәсіпкерлік болсын, мейлі шығармашылық немесе мемлекеттік қызмет болсын.

Адам өмірде бәрінің де: махаббаттың, отбасының, биліктің, саясаттың, тәрбиешіліктің, спорттың, соғыстың, ой және қол еңбегінің дәмін татып көргенде ғана рухани өсудің барлық сатысынан өтеді.

Әр адамда адамдық және жануарлық жан бар. Қалыпты жағдайда тән тамақты – жаннан, жан – рухтан, рух – Құдайдан алуы керек. Бұл байланысты бұзуға немесе жоққа шығаруға болмайды, жабайы қағидатпен тек тәнін тамақпен тойындыру, басқа уайымдарды ұмыту кісіні кері кетіреді.

Алдымен Тәңірі түсінігі, соңынан барып Адам, Жер, жануар, өсімдік түсінігі жүреді.

Рух биіктігі рухани адамгершілік және интеллектуалдық қажеттіліктің заттық қажеттіліктен қаншалықты биік екендігімен өлшенеді.

Жер-ананың ең негізгі заңдарының бірі – біреуге жамандық келтірмеу әрі тілемеу.

Адамның ниеті, іс-қимылы жақсы болсын, жаман болсын өзіне қайтып оралады. Ниет түзулігін ұстанбайтын, оны іс жүзінде қолданбайтын адам өз іс-қимылымен өзіне ғана емес, ұрпағына да зиянын тигізуі мүмкін.

Құдай адамға жасаған істерін адамның өз қолымен жасайды. Демек, Тәңір тілеуімді берсін деген кісі, соған лайық өмір сүруі керек.

Адам күнделікті тұрмыста бойындағы Жаратушыға деген, Жерге деген, туыстары мен балаларына, табиғатқа, жалпы адамдарға деген махаббатын азайтып алып, қателеседі.

Алладан ата-ананы да артық көрмеген абзал дейді мұсылман дінінде. Біздің бүкіл болмысымыз Құдайға бағытталмаса, онда пенде тірлікке жақындай түсеміз. Оның салмағын адамдардың жасаған қиянатынан, со-

дан кейін ет жақындардың, балалардың берген соққысынан түсінесің. Осыған ақылы жеткен кісі Алласына шүкіршілік етеді. Сондықтан адам өзінің ақылдылығын Құдайға деген махаббаттан биік қоймауға тиіс.

Біздің жанымызда махаббат қаншалықты мол болса, біз төңіректегі әлемді өзімізге соншалықты бағындырамыз, сөйтіп жамандықты жақсылыққа айналдырамыз. Сырттай ренжуге, ұрысуға, түсінбеуге болады, ал ең бастысы, іштей адам жаны махаббатқа толы болсын. Бұл өнерге бірден үйрену оңай емес.

Ойлап көрсек, біз біреуді жақсы көреміз, біздің махаббаттымызға ештеңе – ақша да, отбасының жағдайы да, қоғамдағы жағдай да, дарынның жоқтығы да, тіпті парасаттылық та әсер етпейді. Бір нәрсеге тәуелді болу – алу деген сөз. Ал, махаббатта ең бастысы – алу емес, беру. Егер біз өзімізді сатып кеткен немесе ғайбаттап жүрген адамды жақсы көре берсек, біздің ол адамдағы Құдайды жақсы көргеніміз.

Таңертең ояғанда «Құдайға шүкір, тағы бір күнге аман жеттім» деп шүкіршілік етіп, адамдарға титімдей болса да бір жақсылық істеуге талпынған адам – Құдайды сүйе біледі, ондай адам – адамдардың ішіндегі ізгісі. Адамдарға көп берген кісінің өзі де өмірден үлесін мольна алады. Жатарда күндіз жасаған іс, айтқан сөздеріне шолу жасап, кемшілік жіберіп алған мезеттері үшін Тәңірінен үнсіз кешірім сұраса, өзін ренжіткендей жағдай болған болса, себепкер болған адамды көңілімен кешірсе, осы оқиғаға қатысушылардың жаны жайланады, өшпенділік жоғалады.

Қай адамды болса да, адамдықты қорлағаны үшін, өзін орынсыз ұстағаны үшін жақсы көре алған адам – жетілген адам.

Құдайға сенбеу арқылы пайда болатын өзімшілдік, тек тоқтыққа ғана ұмтылу адамдағы ең басты сезімді – Құдайға деген биік махаббатты шынайы ете алмайды.

Затқа құштарлығы мен пайдакүнемдігін жасыру үшін пәндәуи пиғылын дүниәуи ізденіс, ата-баба дәстүріне адалдық және болашақ алдындағы жауапкершілік деп ақтағысы келетіндер қашан болса да толып жатыр.

Аспан мен Жердің байланысы жайлы азды-көпті білмейтін адам аз. Жерде қалай болса Аспанда да солай. Бірақ, Аспанда ақпарат толық, ол Жердегілерге әртүрлі жолмен жетеді. Адам бір нәрседен жапа шексе немесе қайғыға ұшыраса, онда өзінде бір нәрсенің дұрыс болмағаны. Бірақ, ол өмірде заңдармен немесе ережелермен реттелген. Сөз, әрине «ана жермен жүрме, көгалды баспа, жолды мына жерден ғана кесіп өт», деген сияқты тұрмыстық шектеулер туралы емес. Аспан айыптауы адамға жеткенде, ол әділетсіздік секілді көрінеді. Тәңірі қателеспейді. Асықпайды да. Оның қимылы жасырын, әрі қашан болары белгісіз. Осыны түсінген адамдар

Жаратушыны сүйеді. Сол адамдар өз іс-әрекеті оның өткенін, бүгінін, болашағын анықтайтынын, Алла адамның тағдырын солайша реттейтінін біледі.

Кісі басына бір қайғы түсе қалса, «мен Құдайға не жаздым?» – деп налidy, оны әділетсіздік санайды. Шын мәнінде, айыптыға жаза кешігіп, әрі құпия сақтай келеді.

Адамда өз қателіктерінен басқа қанымен келген күнәлары болуы да мүмкін. Ол – адамның күнәсі өзінен артылып балаларына, одан олардың балаларына өтіп, соның есебінен ата-ананың күнәсі өз ұрпағына да зиянын тигізеді деген сөз. Сондықтан, күнә жасар алдында кісі өзін ғана емес, ұрпағын да ойлаған жөн.

Адам Тәңіріне көңілі шындап бұрылып, өзінің еткен әрекеттері үшін кешірім өтінгенде, оның жаны мен тәнінде таңқаларлық өзгерістер болады. Адам өзінің жетілмегенін Жаратушы алдында мойындағанда, өзгеруге, әлем кеңістігімен кірігуге Жаратушыдан керекті күш алады.

Тәңіріден кешірім сұрау дегеніміз істеген ағаттығыңа ұялып өзіңді мүжу, сөгу немесе өкіну емес. Ол – арылу, өзіңді өзгертуге ұмтылу, бар ойды соған бағыттау, келешекте еш уақытта ол қателікті болдырмау.

«Не жазып қойғанымды білмей тұрмын, бірақ Тәңірге жалбарынып кешірім сұрағым келеді, оны қалай айтқан дұрыс» дегендерге: «Я, Тәңірі, мен бір нәрсеге айыптымын, бірақ оның себебін таппай тұрмын, сонда да менің қатемді кешіре гөр. Маған қатемді түсінуге, бұдан былай ондай қателік жібермеуге мүмкіндік бер» деу орынды.

Әр күні: «Я Тәңірі, менің туыстарым мен таныстарыма денсаулық бер, ал маған төзім бер» деген адам өзін көптеген қателіктерден қорғайды.

Махаббат – ең негізгі құрылым, егер ол бүтін болса, басқа қателіктер апатқа алып келмейді. Адамдар махаббатты көп сезімнің бірі деп ойлайды, оны өз қалауына бағындырғысы келеді. Ол дұрыс ниет емес. Біз өзіміз махаббаттың бір бөлігіміз, ол жер шарын құшақтап тұр. Махаббат пен өмір бізге берілген, біз оны бұзуға тиіс емеспіз. Ал бізде ұсақ жекеменшік пиғыл пайда болып, өзіміздегі махаббатты өлтіре бастасақ, онда – әлем кеңістігімен байланыстырып тұрған ең жоғарғы рухани құрылымды жойғанмыз, біздің өзімізге тиесілі емес нәрсені бағындырғымыз келгені.

Қазіргі кездегі кеселге ұшыраудың ең басты себебі – адамдық құндылықтарды Құдайға деген махаббаттан жоғары қою. Мысалы: бала сүю тілегі, біреуге деген махаббат, рухани қатынастар, тән рахаты. Осыларды абсолютті деп есептеген адамдар кеселге ұшырайды.

Құлшылық ету мақсатқа айналмауы керек. Ол – Алланы сүю деген мақсатты орындау құралы ғана болып қалсын.

Діннің қалыптасу, дәуірлеу, кемелдену, тоқырау дәуірлері болады. Дін фанатизмге айналғанда тоқырау пайда болады, яғни, ол өзге діндермен бітіспес тартысқа түседі.

«Меніңше бір ғана шынайы дін бар. Бұл дін әлі ашылған жоқ, бірақ оның біраз бөлігі мінәжат арқылы байқалады. Бар адамзаттың ілгерілеуі бүкіл шынайы діндердің барған сайын пәрменді бірігіп, олардың пәрменді насихатталуына байланысты. Барша ақиқатты жақсы көретіндер ол діндердегі айырмашылықтар мен ақауларға шұқшмай, олардың бірлігі мен артықшылығын іздегендері жөн» – дейді Лев Толстой.

Махатма Ганди: «Аш адамға Құдай нан түрінде келеді» – дейді. Демек, аш адам үшін тоқтық – жұмақ. Соловьев Седой: «Құдай бар, әсіресе, керек кезде» – дейді.

Адамдар көпшілігінде өткенге, яғни тұрмыстық жағдайға мән бергендіктен, барлық діндер рухтық жағдайды, яғни болашақты мегзеген. Ол рухты көтерген, бірақ толғаусыз ойлау мен қаталдыққа алып келген. Болашақта жұмақ та, тозақ та жоқ. Болашақта Құдай бар. Сондықтан қорқу, уайымдау, ренжу мағынасыз, тек сүю керек.

Құдайға барар жол санадағы сатылардан тұрады. Әр сатыға көтерілу үшін біраз уақыт сонда тұрып, соны сезініп, соны мақсат етіп барып жоғары өрлеуге болады.

Құдай адамды өзіне ұқсатып жаратқан дейді көне кітапта. Жетілдірсем, дамытсам, ұлғайтсам, өзгертсем, қоссам деген ниеттің; жүрекке жетсем, көрсем, жеңсем, алсам деген пиғылдың таусылмайтыны соған дәлел.

«Мені сатып кеткендерді бәрібір жақсы көремін. Маған әділетсіз қарағандарды да жақсы көремін. Менің алға қойған арман-мақсатымды қорлағандар мен үмітімді бұзғандарды да жақсы көремін. Қандай қолайсыздық болмасын, я Құдай, саған деген махаббаттың тазаруы мен ұлғаюы деп білемін» деген сөздер де бізге көне кітаптардан жеткен.

Мұсылман баласы түнде жатарда Я, Алла! – деп Алладан амандық сұрап, таңертең тұрғанда Иншалла! – деп Алласына шүкіршілік етіп, күннің басқа кездерінде Ла иллаһа иллалла! – деп Алласына сыйынып жүруі тиіс.

Жер бетінде саналы өмір жүйесін құруға болады. Бірақ оған бүкіл адамзат баласын түгел қатыстыру мүмкін емес.

Өз өміріне, тындырып жүрген ісіне риза немесе бір істі үйренуге, яки атқаруға талпынғыш кісілердің ағзасы таза болады.

Кісі өз көңілінде өзін қандай түрде көргісі келсе (дені сау, сұлу, бай, бақытты т.с.с.), солай көре білуі керек. Өмірдегі барлық оқиғалар біз ойлағандай дамиды.

Ницшенің өмір жайлы жеке моральдық көзқарасы мынадай: «Өмірдің құндылығы оның биологиялық мағынасында – тек өмір ғана абсолютті құндылыққа ие және ол құндылығы бар барлық нәрсені туындатады; күштінің еркіндігі – еркіндік кім жеткілікті күшке ие болса, еркіндікті жеңіп алуға және қорғап қалуға кімнің күші жетерлік болса, соныкі; теңсіздік – адамдар бір-бірімен тең емес, олар әрқайсысында өмірлік қуаттың қанша қоры бар екеніне байланысты бір бірінен жақсы не жаман».

Мораль деген – қоршау. Қоршаудың ішінде болғандардың жігері жасиды, еркіндік шектелген жерде жігерге тосқауыл қойылады.

Адамның даму сатыларын нақтылар болсақ, ол шамамен мынадай: ши-кізат – талаптану – іздену – еңбек – шығармашылық – жаңашылдық – жетілу.

Алға қойған мақсатқа жетудің үш шарты:

- 1) өмірді сол күйінде қабылдауды үйрену;
- 2) мақсатқа жету жолында өміріне наразылықты бойға жиғызбайтын позиция ұстану;
- 3) белгісіз күштермен тиімді қарым-қатынастар жасауды білу.

Пенде тірліктегі кейбір құндылықтарды әсіре бағалау керексіз. Олар:

Сенім. Біреуді қатты құрметтеп, идеал жасаса, ол сенімнің бүлінуі оңай. Мәселен, коммунизм идеясы өте жақсы, бірақ оған біреулер қатты сеніп, табынуы оны жеңіліске ұшыратты.

Билік. Билікті көп адам жақсы көреді. Ол дұрыс, әрі зиянсыз. Бірақ билікқұмарлар өзгелерді мұқату арқылы оны зиянды етеді.

Ақша мен дүние-мүлік. Бұлар қанша болса да, адамға жетпейді. Ақша мен дүние-мүлік аз болса, машина мен көп қабатты үй болмаса жолым болмады деу, одан жаманы – байларға күншілдікпен өшпенді қарау және оларды байлығы үшін жек көру, сол пікір иесіне келер табыс пен жетістікке тежеуіш болады.

Ізгілік, діндарлық. Ізгілік те, діндарлық та жақсы. Бірақ, ізгіліктің сырт белгілерін жасай немесе діни рәсімдерді орындай жүріп, оны мықтап ұстанбау орынсыз, ал мендегі ізгілік пен діндарлық өзгелерде неге жоқ деп оларды жек көруге тағы болмайды.

Атақ, даңқ, құрмет. Бұларға ие болғандар өзге қарапайым тобырды жек көрсе, онда зиянды. Мен «жұлдызбын» деу мүмкіндікті шектейді, қалайда жетсем деп бір биікке өлердей ұмтылу, өзгені күндеу, өзіне риза болмау да зиян.

Мансап, болашақ. Кісі өз болашағын жоспарлап алып, оған жете алмаса, ызалануы немесе уайымға салынуы – зиян.

Сұлулық пен тартымдылық. Өзін әдемімін деп қызықтап, осының әсерімен өзгелерді өзінен төмен санау орынсыз. Өзін-өзі ұсқынсызбын деп айыптау да зиянды.

Әдептілік талаптары, қоғамдық пікір. Бұл ересек кісілерге тән. Олар жастардың «әдепсіз» мінезін жақтырмайды. Әскери адамдар мен шенеуніктердің көбісі көршілермен аралас-құралас өмір сүрмейді, бұл екі әрекет те орынсыз.

Өмір сүру тәсілі. Кісі өзінің өмір сүру тәсілін өзгелердікімен салыстырып, сыни көзқараста болса немесе ата-анасы баласының оқуды жақсы оқып, жақсы ақы төлейтін жұмысқа орналасса, үй-жайы, балалары болса дегенді ұдайы ойлай берсе, оның орындалуына өзі кедергі болады. Ондай адам баласы қиялындағыдан басқаша өмір сүре бастаса абыржи бастайды, сөйтеді де оны өз қалауындай өмір сүруге итермелейді, ұрпақтар қайшылығы осындай себептерден пайда болады.

Адамдардың арасындағы қарым-қатынас. Жақсы тәрбие алған адам өз білетінінен гөрі жұпыны, дөрекі жағдайға түссе көңілі қобалжиды немесе ренжиді, өзінің мәдениетін өзгелерге таңбақ болып түсінбестікке тап болады.

Жұмыс. Көптеген адамдар өмірінің басты мақсаты жұмыс деп есептейді, уақытының басым бөлігін соған бөледі. Сүйікті ісін, болашақ жайлы жоспарлар мен идеяларды, жұмыс бабындағы өсу немесе байлыққа жетуді басты мақсат етеді. Ондайлардың жұмысы сәтсіздікке ұшырап тұрады, сол арқылы тағдырдан жиі ескерту алады.

Білім, интеллект. Бұл қасиеттерге аса көп мән беру ғылыми қызметкерлер мен өнер адамдарына, зиялыларға тән. Бұл қасиет былай алғанда өте орынды болғанымен, білім мен зиялылыққа ұмтылмайтындарды жек көргізетіндей дәрежеде терендесе, онда дұрыс болмағаны.

Адамдардың мінез-құлқындағы саналылық пен байсалдылық. Мен өз пікірімді біреуге айтып, оны неге тез түсіне қалмады деп ренжісем – орынсыз.

Тән саулығы. Ауырып қалам ба деп қобалжу, дене бітіміне көңілі толмау немесе өзінен әлсізді кемсіну – ауыруға жол ашады. Тіптен «бәлен жерім ауырып отыр» деп жалған себеп айтқаннан адамның тап сол жері ауырып қалатыны ғылымда дәлелденген.

Отбасы, балалар. Болашақ отбасын қиялында жоспарлап алып, оның кейбіріне аса мән беріп (махаббатқа беріктік, бой сұлулығы, түсіністік т.с.с.), олай болмаған күнде ренжу проблеманы шешудің орнына тереңдетеді.

Төсек қатынасы. Төсекте әріптеске немесе өзіне көңілі толмау – күнә.

Қабілет. Ойдағыдай жетістікке жете алмаса ренжу, өмірім босқа өтті деп түңілу, керісінше үлкен жетістікке жетсе, өзгелерді менсінбеу – керексіз. Бұның екеуі де күнә және оның жазасы болады.

Жетілу. Өзін немесе біреуді жетілді, толысты деп есептеп, біреулерді соған салыстырып менсінбеу – күнә.

Шығармашылық, жасампаздық. Өз өнерін биікке бағалау артистерде, музыканттарда, суретшілерде, жазушыларда кездеседі. Бәрі менен төмен, я менің өнерім бәрінен жоғары, мені түсінбейді деу, осы пікірдегі шығармашыл кісілердің қабілетін төмендетеді, түсінбестік тереңдейді, түптеп келгенде күнәға жетелейді.

Мақсат. Әркім-ақ алдына мақсат қояды. Бірақ сонысы орындалмай қалса еңсесін түсіру, уайымға салыну, шырт етпе болу мен өшпенділік жазасын алады. Мақсат қою дұрыс, бірақ оны өмірдің мағынасы етудің керегі жоқ. Пенделік мақсат жеңіске жетуге ұмтылушы кез келген сатыда жеңіліс табуға әзір болғанда ғана тез орындалады.

Қазіргі ілімдердегі рухани ізденулерде үш бағыт бар: бірінші бағыт – ақпаратқа бағыну. Бұл бүгінгі өмір шындығынан теріс айналу. Оны бәрінен баз кешуді насихаттайтын бағыттарды ұстанатын жаңа діндер уағыздауда. Екінші бағыт – этикалық қағидаларға, дұрыс мінез-құлыққа оралу. Бұны ұстанатындар көне (классикалық, консервативтік) діндер. Үшінші бағыт – тәжірибе нәтижелерін пайдаланушылар, олар сиқыршылар мен дуалаушылар. Олар сананың өсуі мен рухани өрлеуді мойындамайды.

Соңғы жылдары адам қуатының деңгейі күрт өсті. Бұрын жылдап жасайтын жұмысты қазір бірнеше айда, тіптен, бірнеше күнде жасауға болатын болды. Адамның кәсіби мүмкіндігі артты, бірақ мүмкіндік артқанмен, ой-санасы кәсіби мүмкіндігінен қалып қойғандар бар.

Барлығы жылдам шешілетін заманда өмірден лайықты орын алғысы келген кісі бір мезгілде әрі әулие, әрі адам, әрі іскер болып қалыптасуы керек.

Қазіргі заманғы адамның әрқайсысының санасында екі қарама-қайшы процесс қатар жүруі керек: бүгінгі тірліктен бас тартып, Ғарышқа ұмтылу – әулиелік; алған ақпараттарын жүзеге асыру, белсенді қимылдау – икемділік. Бұл жаңа сана, онда ғарыш – бірінші, өркениет – екінші. Әрбір адам әулие пиғылда болуы керек, басымдылық икемділікке емес, киелілікке беріледі. Саудагер де, саясаткер де, ғалым да әулие болуға ұмтылғаны жөн.

Адамдағы негізгі үш ішкі сезім – жігер, рух және «мен».

Өмірге аса құштар бола тұрып, бір мезгілде өмірге наразы кісілер болады. Саналы шешім қабылдай алатын кісі ештеңеге абыржымайды. Әрбір

абыржу – кісіні уайымға салған жағдайдың себебін терең түсінбеуден келіп шығады.

Адам өз өмірінде кездейсоқ оқиғалардың не себепті болып жатқанының заңдылығын білмейді. Адамның санасы жаңа оянған кезде, күн күркірегеннен, найзағайдан, оттан қорқатыны сияқты бұлдыр болашақ яки белгісіздік кісіні шошытады. Нақ осы шошыну болмас үшін адам өзінің болашағын өзі жасайтынына сенімді болуы керек. Бірақ, адам болашағын бір өзі ғана жасай алмайды, оған бізге белгілі немесе белгісіз кейбір күштер де әсер етеді. Сол күштердің бізге әсер ету заңдылықтарын біле білген кісі ғана өз болашағын болжай алады.

Адам есту, көру, сезіну арқылы түрлі ақпарат алады. Мақсат – солардың өзіне керегін тандай білу, пайдаға жарату.

Адам өзін қоршап тұрған әлемге наразы болмауы, оны сол күйінде, жетістігімен, кемшілігімен қабылдай білуі керек. Төңірекке наразы болу – ішкі әлеміне зиян келтіру. Бірақ, бұл белсенді көзқарас, батыл пікір болмауы керек деген сөз емес.

Көп адам көңіліне бір идеал бейне жасап алады да, кездескен адамын сол идеалымен салыстыра жүреді. Бәрі бірдей ол идеалға сай болуы мүмкін емес. Біреу өшпенді, біреу күлегеш, біреу күншіл, біреу қызғаншақ, біреу сөзшен, біреу мешкей. Олардың бәрін идеалмен салыстыруға болмайды, олардың бәрі бір қалыпқа сыймайды, сондықтан адамдар қандай болса, сол күйінде қабылдауға үйрену керек. Менің көңілімдегідей бола қоймады деу адамның көңілінде абыржу туғызады. Іштей наразылық немесе қарсылық пайда болады, соның өзі – күнә. Ал оны өзің ойлағандай қалыпқа келтіруге тырысу, сол үшін іштей болса да өштесу немесе уайымға берілу – қате. Ол – дауыс көтеріп ұрсысумен бірдей. Өзінді қоршаған ортаны қалай болса солай, өзгертусіз қабылдай білуді үйрену – жетілудің жолы.

Қолдан идеал жасаудың тағы бір түрі бар, ол – тұрмыста бәрі жақсы, бәрі ойдағыдай болғанда кездеседі. Ал сол тыныштық бұзылғандай бір нәрсе жасалса болды, адамның ішкі дүниесінде наразылық, тіпті өшпенділік пайда болады. Өмірде мағына қалмағандай күйзелуге баратын да сәттер кездеседі. Оның себебі – кейде болмашы ғана нәрсеге, мәселен, орнықты жұмыстан қысқарып қалу, жақсы көрген адамына қосыла алмау, бала сүю бақытының кешігуі, ұдайы болатын ақша тапшылығы т.с.с. істерге айрықша мән беруден шығады. Пенде тірлікке жабыса бермеу, негізгі назарды Құдайды сүюге арнау нақ осы жағдайда өз пайдасын тигізеді.

Әрбір қателік – жігердің әлсіреуінің, қателік жібермеу инстинктінің жойылуының нәтижесі.

Адам қате көзқараста болғанда немесе түсінігі дұрыс болмағанда кездесетін күнәлар:

– менмендік, өзіне-өзі сүйсіну, өзінің маңыздылығын артық бағалау, өз пікірін ғана дұрыс деп есептеу;

– өзіне немесе тағдырына наразылық. Өз мүмкіндігін жоғары санау және оның жоғары бағаланбағанына өкпелеу;

– адамдарды айыптай сөйлеу немесе жек көру;

– алуға тиіс үлесімді алмадым немесе мені өмір орынсыз жазалады деп өмірге өкпелеу;

– үстемдікті аңсау. Әйелі би болса немесе басшы қызметтен айрылып қалса, дұрыс түсінбеу;

– қызғаныш. Өзгелерге мүлік ретінде қарау. Қызғаншақ кісіге әдетте еркін және іштей тәуелсіз жұбай жолығады.

Кісі бойын кеселге ұшыратуға, қуатын кемітуге әкелетін қате сенімдерді уақытында ысырып отырған дұрыс.

Көңіл көз соңынан еріп кетпеуі керек. Ал, көңілдегі теріс пиғылды ұдайы басып тастауға әдеттену, керісінше жақсы ойды, көзқарасты мақұлдап, жетілдіріп отыру арқылы адам тек өзінің орынсыз пиғылынан арылмайды, бүкіл әлемде, адамзатта кездесетін тоғышар пиғылға тосқауыл қоя алады.

Адамның және оның ұрпағының келешегі стратегиялық құрылымның жағдайына байланысты. Сондықтан оларды пайдалану мен бұзудың кез келген әрекеті өрістік өзін-өзі реттеудің жүйесін қорғауды іске қосады, көбіне олар ауыр кеселдер түрінде кездеседі.

Адамдардың әлсіз энергияларға, олардың ауытқуларына деген сезімсіздігі, оны дұрыс қабылдамауы, физикалық әсер етуге қолапайсыздық, өз өміріндегі оқиғалардың себеп-салдарын түсіне алмау физикалық деңгейдегі тоғышарлыққа алып келеді.

Өмірде кездесетін ауру, қиындық, қолайсыз жағдайлар, адамның, оның мінезінің, психикасының күйзелісі – өрістегі деформация мен оның үндестігінің өзгеру себебін болдырмау үшін жасалып жатқан төлемнің көрінісі.

Біреуге ренжіген адам, алдымен сол адамды іштей ақтауға тырысып, соңынан кешіргені мақұл.

Дұрыс болу мен кең болудың бірін таңдау керек болса, кендікті қалаған жөн.

Ұзақ өмір сүретіндер – мейірбанды жандар, өзгелерге жақсылық тілеп отыратындар.

Үндестік дегеніміз – махаббат. Адам өз бойындағы махаббатты сезінуге ұмтылуы керек, сонда ғана ол теріс мінез бен әдеттерден аулақ болады.

Адам өзін қоршаған ортаны сүйе алмаса, жаны жайсызданып, қиналады. Содан барып жасанды көңіл көтеруге әуестенеді: маскүнемдік, нашақорлық, содан шығады. Нашақорлық пен маскүнемдіктің негізгі

себебі – адам жанындағы махаббат деңгейінің төмендеуі. Ондай жағдай реніштен, адамдарға деген махаббатты өлтіруден болады.

Кейде кісіге бір сыртқы әсер сезіледі. Оны қарғыс тиген, теріс дұға оқылған, көз тиген деп жатады. Ол да адамның өзінен. Өмір сүру қағидасын бұзбаған, асылық іс-әрекеті немесе пиғылы болмаған кісіге ол жұқпайды.

Адамға жүрген-тұрғанда бір нәрсе ұнамай қалу жиі болады. Бірақ ол ішкі қарсылықты, өшпенділікті туғызатындай терең әсер етпеуі керек. Ой мен мінезді бақылаудан тыс қалдырмаған жөн.

Адамда туа бітті болатын ерекше қасиеттердің өзі (суретшілік, ән айту, музыка аспабында ойнау, құрастыру, жаңалық ашу) – адамды тексеру. Мен ерекше жаратылғанмын деген астам пиғыл ол қасиеттердің жоғалуына немесе одан да үздігірек біреудің тезірек шығып, оның алдына түсуіне әкеліп соғады.

Мен жұртқа жақсы қарасам, олар да маған жақсы қарауға міндетті деп ойлау орынсыз. Олай ойлағанның көңілі қалады. Жақсы қарап, жақсы жауап күтіп, олай болмай қалса: төңірегіндегілер менің жанымды түсінбеді деген ыза пайда болады, ол ағзаға зиян келтіреді.

Болып жатқан апаттар мен қорқынышты жағдайлар – адамдардың рухани кедейлігінен. Оларды болдырмау үшін жер бетінде болып жатқан, бірақ біз ешуақытта қиындықтарды осымен байланыстырмайтын – рухани іруді тоқтату керек.

Адам қуатының артуы одан өз әрекеттерін, көңіл күй ауаны мен ойларын мұқият бақылап жүруді талап етеді: ешуақытта ешқандай үзілді-кесілді пікір айтуға болмайды, өйткені ол сіздің тарапыңыздан өзгелерге әсер ету болып табылады. Сондықтан да көне діндер момындық пен ешбір талқылаусыз бағынудың дұрыстығын насихаттайды.

Кісі ауырса, күнделікті тірлікпен ісі болмайды. Егер ауру жазылмайтындай күдікті болса, онда басқаның бәрі ұмыт болады. Адам ойланады және өмірдің мағынасына үңіледі. Өлім қаупі алдында адам өмірге көзқарасын күрт өзгертеді. Бұрынғы құндылықтар мен сүйікті істері өзінің мағынасын жояды. Адам тіршіліктің уайымдарын ұмытады. Содан ағза тазарады. Сонда жазылып кету мүмкіндігі жоғарылайды.

Ауру – адамның бағытынан ауып бара жатқанын білдіретін белгі. Оған апат ретінде қарау қажет емес, ол адамды құтқару үшін келеді. Адам ауырып, күйзеле келе жіберген қатесін түсініп, рухани жетілуі, дамудың жаңа жолдарын іздеуі керек.

Таблетка мен сиқыршылық тәсілдер жәрдем береді деп ойлайтын адам – ауру адам. Кеселден қорғаушы ең негізгі күш – жоғары этикалық заңдарды орындау.

Табиғат физикалық қорғау жолына түскенде, мысалы, динозаврдың салмағы артып, тасбақаға тас қақпақ пайда болғанда эволюция тоқтады.

Құрып кетпегендер – физикалық өте аз қорғалғандар, өзінің психологиялық құрылымын өзгерткендер, мінез-құлқын Жерде болып жатқан процестерге бейімдеп өзгертуге дайын жүретіндер. Этика кеше сән-салтанат еді, бүгін – қажеттілік, ертең ол аман қалудың жалғыз ғана шарты болып қалады. Адамзатта тек өзінің физикалық денсаулығын ғана ойлайтындар көп болса, онда олар динозаврлардың тағдырын кешуі мүмкін.

Біздің иммунитет деп жүргеніміз – тұтастық, биоөріс қабығының сапалық деңгейі. Этикаға, махаббатқа және әлемді тануға ұмтылмаған адам өзіне зиян жасайды. Бүгінде, егер адамда күш аз болса, ол тек әулие болуға тырысуы керек, егер күш көп болса, әулиелікті пенде тіршілікпен байланыстыра жүргізуге болады.

Адамдарды емдегенде әсер ету күшін көбейту емделушіге пайданан гөрі зиян келтіреді, уақытша жеңілдеткендей болғанымен, мәселені түпкілікті шеше алмайды. Зорлық қанша әдеміленсе де – зорлық. Ең тиімді және қауіпсіз – адамзатқа бұрыннан белгісі тәсіл – Тәңірге шынымен жалбарынып, жазған-жаңылғаны үшін кешірім сұрау.

Ауру әртүрлі функцияларды атқарады. Біріншісі – ескерту, екіншісі – адамның дұрыс дамуына мүмкіндік бермейтін істі тоқтату, үшіншісі – теріс хабарламаны таратуға жағдай жасайтын тетікті жою.

«Кісі ауырып қалар болса, алдымен өмір сүру тәртібін өзгертсін, ол жәрдем бермесе ішетін асын реттесін, ол да жәрдем бермеген жағдайда ғана дәрігерге барсын» деген көнеден бүгінгіге жеткен қағидаға жаңадан қосар ештеңе жоқ.

Егер адамның денсаулығы жоғала бастаса, оған бөтен ешкім де жәрдем бере алмайды, тәнін тазартып, аурудан арылу адамның өзінің ғана қолынан келеді. Ол – жанды, тәнді тазарту мен дұрыс тамақтану арқылы болады. Дәрігер ауруды жазуы мүмкін, бірақ бұрынғыдай өмір сүру мен тамақтану қалпын жалғастырған адам бұрынғы ауруын қайтадан табады.

Жоғарғы заңдарды бұзған адамдар тез қартайды.

Кез келген заңдылық көптеген кездейсоқтықтардың түйісуінен келіп шығады.

Өткенге өкіну мен келешектен қорқу ауыр кеселдерге ұшыратады.

Тұрмыстық бір істі жолға қоюды қатты аңсаған адам, оны болдырмауға өзі себепкер. Біреуді қатты сүйіп, идеал жасау сүйген адамының қарамай кетуіне жол ашады. Құдай неге маған бала бермеді деп қобалжу – бала пайда болуына тосқауыл. Адам алдына бір мақсат қойып, оны қалайда орындауға қатты әрекеттенсе, бастапқыда орындалуға бет алып келе жатқандай болған іс көбіне-көп қасарысып орындалмайды. Оның себебі – кісінің өмірге көзқарасы дұрыс болмауында. Жеткісі кеп жүргенінің түк мағынасыз, пәндәуи тірлік екенінде.

Отырып қалған қыздар қашан күйеуге тиемін, қашан бала туамын деп ойланып, уайымға түсіп, күдер үзе бастаса, арманының орындалуына өзі кедергі жасайды. Бүгінгі күніне қуану, сол күндердің қадірін білу мен содан рахат алу, менің де жұлдызды сағатым туады деп сену – болашақ армандардың орындалуына жол ашады. Қорқыныш пен сарыуайым қай істе де болашақты жабық етеді.

Адамдардың болашаққа көзқарасындағы қателігі үлкен уайым тудырады. Мәселен, пайда болған баланы алдырып тастау, екі адамды бірдей жақсы көріп, біреуін таңдау жолындағы адасу адамның өз өміріне де қауіп әкеледі. Бұндай жағдайларда адам қаншалықты шыншыл болса, соншалықты жақсы.

Біреуге ренжу, ұрсысып қалу, арыз жазу, сотқа беру – өмірде мұның бәрі болуы мүмкін, бірақ оны тереңге жібермей, шын көңілмен емес, өшігусіз, іштей бәрін кешіре, жаны аши жүріп жасау керек. Преферанс ойнағандарды бақылаған адам ұтылып бара жатқандарға жаны аши қарайтын ойыншының өзі ұтылып қалатынын байқайды. Ал өмір ойынында кешірімшіл, қайырымды кісі ғана ешуақытта ұтылмайды.

Адамның ауыруына себеп болатын нәрселер:

– тәнді дұрыс сақтамау. Суық тигізу, ыстыққа күйу, таза су ішу мүмкіндігі болмауы, шектен тыс ауыр зат көтеру, жүйке тоздырарлық жағдайда ұзақ уақыт ой еңбегімен шұғылдану. Сондай-ақ тамақты көп ішу, темекі, арақ;

– тәннің энергетикалық байланысына әсері: көз тию, қарғыс. Көз тию – қызғаныштан, көре алмаудан, өшпенділіктен. Ал, қарғыс өтетіндей адамның қорғаныш қабаты әлсіресе, онда адамның бойындағы бір нәрсе дұрыс болмағаны.

– ұдайы күдіктену, күтуден болатын кеселдер: рак, СПИД, алапес.

Барлық аурудың себебі адамның өзінен. Өз ойынан, өз уайымынан, өз ісінен, өз сезімінен.

Ауру мен қате түсініктің байланысы бар. Ренжуді тастаған адамның ауруы жеңілдейді.

Юлий Цезарь кеселдер мен бас ауруына мынадай емдер қолданған: қиын жорықтар, қарапайым өмір сүру тәсілі, таза ауада ұдайы жүру, еңбекке бас қою. Осының бәрі ағзаның әлсіреуіне мүмкіндік бермейді.

Қартая бастағанда кісиде пәндәуи құмарлықтардың бәсеңдеуі, мәселен, жыныс қатынасының сиреуі немесе жойылуы, тамақтың дәмін сезінудің нашарлауы, адамның өз еркінен тыс сол құмарлықтардан Тәңірі қалауымен бас тартуынан болады.

Ауру – менің ішімдегі жеңілмеген стресс. Оны жеңудің жолы – кеудедегі махаббаттың мол болуы.

Әйелін қатты қызғанатын, оған ренішті немесе оны жек көретін адам әтек болуға өзі қолайлылық туғызады. Ал, бір адаммен ғана қатынас жасауға өзін бағындыра алмаған әйелдерден сайқал шығады.

Егер адам ұдайы нашар тамақ ішсе, онда организм азады, ал егер тамақтан анда-санда бас тартып тұрса, онда ол пайдалы.

Егер еркек әйелді жек көрсе, ауырады. Ол рухтың тәнді жек көргенімен бірдей. Ал егер әйел еркекті жек көрсе, ол бедеу болады. Жанын жек көрген тән өмір сүре алмайды. Ерлі-зайыптыларда ері әйелінің, әйелі ерінің рухы таза болуына көмектеседі.

Әйел рухани жағынан бай немесе дарынды болса, оның бала тууы қиындауы жиі кездеседі, я болмаса туған бала толыққанды болмайды. «Тұлпардың тұқымы бар, туымы жоқ» деген халық өлеңі – нағыз даналық.

Еркек – рух, яғни өрістік құрылым, әйел – тән. Әйел еркектің қабырғасынан жаралған дегенді ғылым тілімен айтсақ, өріс – затты тудырады.

Адам моншаның буында отырып неге құлап түседі, я өліп кетеді? Моншаға кірер алдында үш нәрсе дұрысталуы керек: нашар көңіл күй болмауы, өткенге өкінбеу, келешектен қорықпау керек. Моншаға күніге бару зиянды, бірақ күндер аралатып, ұдайы бару керек, сонда организм бу мен ыстықты жақсы көтереді, үйренеді.

Егер адам көбірек сынап-мінесе, нашар ойласа бауыры ауырады, егер біреуді ренжітсе немесе біреуден ренжу көрсе – жүрегі; туыстарына, өзіне, жағдайға жиі ренжісе – асқазаны ауырады. Төңірекке наразылық, өзінің өміріне өкіну, жағдайды ұдайы қабылдамау өте терең реніш туғызады да, ол өкпе рагіне алып келеді.

«Бхават-Гитада»: «үш сағаттан артық тұрған тамақты жеуге болмайды, оны кір басты» дейді.

Яһудилік ілімде қаны шығарылмаған етті жеуге тыйым салады. Қан табиғи тән көрсеткіштерін сақтаушы деп есептеледі.

Тамақ жеп отырып сөйлесудің, теледидар көрудің дұрыс емес екендігін айту барлық халықтардың мәдениетінде бар, өйткені, ол кезде жоғарғы әлемнен келген ақпарат адамның ішкі санасына еркін өтеді, жол ашық.

Тамақты аз ішу немесе ұдайы калориясы төмен тамақ ішу жұрттың бәріне бірдей ұзақ және бақытты өмір қамтамасыз етеді деген бекер. Әркімнің табиғаты әртүрлі. Тойып тамақ ішпеу адамдағы зат алмасу процесін тежейді.

Тамақты тежеу жігер еркіндігімен бірге жүрмесе, өзіңді-өзің зорлап көндірсең – зиян.

Адамның басы немесе басына біткен бір мүшесі ауырса, ол – жек көруден, қызғаныштан, күншілдіктен, кеуде тұсы ауырса – өкпелеуден; одан төменгі жағы ауырса, өзінің немесе өзгенің махаббатын тұншықтырғаннан.

Жазылмайтын кеселдер түгелдей дерлік мұңға берілуден. Уайымшылдық, өзіне және тағдырға наразылық сондай кеселге ұшыратады. «Дөрекіге шаттық тән, нәзік жанға қайғы үйір» дейді Есенин. Бұндағы дөрекілер – өзін материалдық құндылыққа бағыштағандар, нәзіктері – тек рухани құндылықтар үшін өмір сүретіндер, олар бара-бара нәзігірек және мұңдырақ бола береді, бірақ ол сырттай ғана, ал іштей өздеріне ұқсамайтындарға өшпенділік өседі. Адам материалдық та, рухани да құндылықтармен өмір сүре алуы үшін алдымен оның кеудесіндегі махаббаты мол болуы керек.

Реніштің бәрін ішке сақтап, жинай берген кісінің қуаты кемиді. Ренішті кешіру арқылы кісі оны жадынан мүмкіндігінше тез өшіруге мінезін тәрбиелегені мақұл. Егер реніш келтірген кісі о дүниелік болып кетсе, реніші үшін, яки ренішке әкелген ойлары үшін оның аруағы алдында кешірім сұрағаны жөн.

Бойында махаббаттың үлкен қоры бар адам ғана нағыз дәрігер бола алады. Сонда ғана оның дәрісі тәнді емдейді, ал махаббаты жанды емдейді.

Адамды ауру ететін үш бастау бар:

1. тән кеселі. Ол – ауыртпалықтың артып кетуінен, температуралық режимнің бұзылуынан, дұрыс тамақтанбаудан, жұмыс пен демалыстың орынды алмасып тұрмауынан болады;

2. жан кеселі. Ол – сезімталдықтан, өкпешілдіктен және де көз тию, қарғыс секілді сыртқы әсерден болады.

3. рух кеселі. Ол – адамның бойында теріс пиғылдың көбеюінен болады.

Осы үшеуін де болдырмауға тырысу керек.

Зерттеушілер адамның дені сау жүруінің үш негізін белгілейді:

1) таза ауамен тыныс алу мен спорттық жаттығулар;

2) экологиялық таза тамақ;

3) тұрақты түрде медициналық тексеруден өтіп тұру.

Қазақ осының үшеуін де ұстана бермейді.

Уайымшыл, еңсесі езілген адамның энергетикасы аз.

Өзіне-өзі қол жұмсағандарды салыстырып, ойланып қарасақ, олар өмірлік тонусы төмен адамдар немесе жарқылдап отырып-ақ бірден мұңдана қалатын сезімтал болып шығады. Бұндай мінездің адамдарына аз ғана қиыншылық алынбайтын қамалдай көрінеді, ауыр жағдайға итермелейтін сол.

Темекі шеккенді қоя алмағаны үшін немесе семіріп кеткені үшін, кейбір құштарлықтарға еліктегіштігі үшін өзін-өзі айыптау жазылмайтын кеселге ұшыратады.

Адам біреуді өте жақсы көрсе, жақсы көрген адамына зиян жасайды.

Егер адам басқа бір адамға қатты байланып, оның көңілін өзіне ғана аударып алса, онда ол адамның қорғану жүйесі бұзылады. Сондықтан өзге адамның жанын өзіне тым жақындату ниетіне құмарта бермеген дұрыс. Ондай сезімнің адамға емес, жануарларға, затқа, жұмысқа бағытталғаны жөн.

Махаббат адамда дүниеге келмей жатып та, өлгеннен соң да болады, бірақ адам оны өзінің санасында бір адаммен болған сезім кезінде ғана белгілейді және сол махаббатты даму үшін құрал емес, мақсат еткісі келеді. Бұлай болғанда, адамда алдымен пенделік махаббатты, соңынан Құдайшыл махаббатты жойғысы келетін қызғаныш туады.

Жақсылық жасауға шындап ниеттенгеннің күнәлары кешіріледі. Шәкәрім: «Мен тарыдай жақсылық қылсам, таудай зұлымдығымды жасырғалы қылам» дегенде осыған мегзейді. «Бетімнің қалыңдығы – жанымның рахаты» деген ұйғыр мақалы: «беттің қалыңдығы ұятыңды оята алмай қалмасын» дегенді де білдіреді.

Жамандық дегеніміз не? Жасаған бір ісің әртүрлі жағдайда әртүрлі мағына беруі мүмкін. Жамандық – бұзу, жақсылық – жасампаздық жолы.

Адамның кәсіби деңгейі, ақыл-қабілеті ең басты нәрсе емес. Оларды дамыту әлемдік дамудың, этиканың дамуынан тыс болса, ол өте зиян.

Егер адамның өзі жақсы болса, басқаның жақсы жақтарын көбірек көреді, жаман қасиеттері көп болса, жаман жақтарын көп көреді.

Егер адам өзгені алдаса – театр; егер өзін-өзі алдаса – кесел. Егер адам әлдекімді жек көремін немесе ол менің назарымның түсуіне лайықсыз деп өзін-өзі сендірсе, кеселге ұшырайды. Ішкі дүниесінің шыншыл болуы адамның дені сау жүруінің бір шарты.

Отырып, асықпай, екі қолды тізеге қойып көрсеткен қызықтары үшін, әрбір рахат сезімі үшін Тәңіріге бір-бір рет рақмет айтқан жөн.

Дұға – ол мақсат. Ал мақсатқа пенделік нәрселерді қоймау керек, ол мақсат емес, құрал ғана болып қалсын. Мұса пайғамбар сондықтан да алтын бұзауға табынып тұрған тобырға басып кіріп, оларды өлтірген. Егер бірден тоқтатпаса, барлық халық соған ауып кете ме деп қауіптенген.

Адамның жаны пенделікке қарай төмендегенін қалай байқауға болады? Егер адамның жаны ақшаға жақындап, жабыса бастаса, онда ол өз еркінен тыс ақшасы жоқты мүсіркеп, ақшасы көпті көре алмай, өзінен тартпақтағысы келгендерді жек көріп, қарызын қайтара алмағандарды сөге бастаса, табысы ойдағыдай артпағанына өкінсе, ақшасын азайтып алса өмір сүргісі келмей қалса, төмендегенінің белгісі. Тек ақшаны ойлап, тек сол үшін күрескен кісі – құл кепіетіне түскені. Қайта ақша кісінің қажетін өтейтін құл есебінде болуы керек. «Құлға құл болма» дегенде

Мұхаммед пайғамбар: «өрең өзіңе құл болып жүргендерден төмендеп кетпесін» дегенді айтқан болуы керек, бірақ ол сөзді «ақшаға құл болма» деп түсінсе де теріс емес.

Пенде тірліктің бірінші деңгейі – тамақ, жыныстық тәбетті тойындыру, үй, мүлік, ақша. Оларды жақсы көрген адам тойымсыз, қатыгез және өкпешіл болып кетеді. Жаным таза болсын дегендер осыларды шектей біледі.

Адам егер өлген адамға реніш сақтаса, өзіне зиян келтіреді, ондай реніш түрлі кеселге соқтырып, жүйкенің бұзылып мінездің өзгеруіне алып келеді.

Өзінен қабілеті төмен адамдарды менсінбей, жек көруден сақтана жүрген жөн. Кісі қанша ренжісе, жек көрсе, қорлай сынаса, оның жаны соншалықты пенделік тұңғығына тартқаны.

Ораза ұстап, тәбетті шектеп, соның нәтижесінде өзгелерді жек көріп, менсінбей, олардан озықпын деген ойды малданғаннан гөрі, ораза ұстамай, ішіп-жеп жүрсе, бірақ өзгелерге менменси қарамаса, соңғысы дұрыс.

Аулаға кіріп орналаспақшы болған адамды қуып шыққан дұрыс. Аулаға кірген адамды жек көрсе, ол дұрыс емес. Ал, аулаға кірген адамды өлтіргісі келсе, онда ол – адамның шектен шыға бастағанының, шұғыл түрде түзелуге тиіс екенінің белгісі.

Тән талаптарын мезгіл-мезгіл тежеп тұрған дұрыс, тыныс алудан бастап нәпсілік құмарлыққа дейінгі нәрселерді шектеу рухты көтереді, жанды тазартады.

Тән азығын шектеумен қатар, рухани азықты: құлақ арқылы келетін: дыбыс, әуен, сөз; көру арқылы келетін: сурет, фильм, кітап; тыныс жолымен келетін: иіс, тері арқылы келетін заттар және зиянды заттар (темекі, арақ-шарап, есірткі), осының бәрін шектей отырып, керектісін мөлшерімен пайдаланған жөн.

Құмарлықтан арыла білуді үйрену керек. Арақ, темекі, есірткі, төсектегі әріптесті өзгерте беру секілді нәпсілік құмарлықтар адамның өзімшілдігінен немесе өзін-өзі ұстай білмейтін жауапсыздығынан. Ішкі дауысты, нақтылап айтсақ, ішкі Құдайды тыңдай білу керек. Ол адастырмайды.

Өсекші, араққор, қызыққұмарлардан гөрі қызғаншақ, өркөкірек адамдар қауіптірек.

Адамның басына кей-кейде келіп қалатын қате ойдан арылу үшін оны ұмытуға тырысып, қуалаймыз. Себеп – біздің жанымыздың пенделік бір нәрсеге жабысқанында. Осы орайда ауруды жою емес, ауру болған себепті жоюға тырысудың дұрыстығына көзіміз жетеді. Жаман ойлардан арылу, оны қуалау емес, ауыздықтау дұрыс.

Буддизм (панча-шила) моральдық бес талап қояды: жамандық жасаудан тартыну, алдамау, ұрлық жасамау, сезімге ере бермеу және ішімдікке құмар болмау.

Ману заңдары ашу-ыза арқылы келетін кемшіліктерді былай атайды: сөз тасу, озбырлық, күншілдік, ашушандық, біреудің мүлкіне көз салу және күш көрсету.

Адамның ішкі дүниесін тап басып тану қиын. Канттың: «менің уайымдайтыным екі нәрсе – жұлдызды аспан мен адамның ішкі дүниесі, оның өз адамгершілік қағидалары» деп айтқаны бар екен.

Адам баласында озық ойларға, ерекше пікірлерге қарсы бірігіп топтасу бар. XX ғасырдың сексенінші жылдары Ермолов атындағы театрдың режиссері В.Фокин театрда реформа жүргізіп, оны жаңа заманға, нарық талабына сай, ешкімге қол жаймайтын, ешкімге жарамсақтанбайтын мәдениет мекемесіне айналдырғысы келген.

Театрда қалыптасып қалған өнер труппасы бұл идеяға өре түрегеліп қарсы болды. Реформатор режиссер туралы, қасиетті өнер ордасы – театрды жезөкшелер жайлайтын ресторанға айналдырып, «қариялардан» құтылмақшы деген өсек таратты, ол өсекті арызға айналдырып көп қол жинап жан-жаққа жолдады. Ал, режиссердің мақсаты мемлекеттің болмашы айлығына алақан жайып отырып қалмай, нарыққа бейімделу, театрды жарым-жартылай болса да өзін-өзі қамтамасыз етуге жеткізу, сөйтіп, мәңгілік кедейліктен құтылып, жаңаша жұмыс жүргізу болатын. Сонымен, жоқ жерден пайда болған қорқыныш артистердің мықты қоғамдасуына, біреуге бәрінің қарсы шығуына әкеліп соқты. Арызшылар жағдайдан анағұрлым асып түсетін дау-дамай ұйымдастырды, теледидар араласып, атақты адамдар шығып, абыройын сала жалынды сөздер айтты. «Мен осы фойеде өлгім келеді» деді бір актер. Реформатор режиссерге нағыз жанына тие шабуыл жасалды. Бірінші әйелінен туған баласына біреулер телефон соғып, әкең сені көргісі келмейді, сен қашанғы төзесің, кел, жәрдем береміз деп шақырған. Ақыры режиссер жұмыстан кетіп тынған, яғни өзін қорғаудың қашқындық жолын мақұл көрген. Осыған ұқсас жағдай біздегі бір театрда да болды. Өйткені адамдар қайда болсын, жалпылай алғанда, бірдей.

Адамдардың көбі өмірде жарқын түсті киімді ұнатпайды, оны шектен шыққандық деп таниды. Тобыр жарқын жүзділерді жақтырмайды.

Шығармашыл еместер өнімсіз тұрақтылықты місе тұтып, даму жолын жатырқайды, тыныштықты көксейді.

Әдеп пен түсінікке негізделмеген қабілет қауіп әкеледі.

Бір істі, мен осыған жаратылғанмын деп есептеп, ұдайы істеудің деген зияны бар. Қайта оралып тұру керек, яғни адам өзін-өзі ол істен айы-

рып, уақытша қоя тұрып, ойланып алу керек. Дарын мен өзін бір іске арнаудың артынан еріп кетпеген жөн.

Жанның тазаруына өзгелердің пендешілік пиғылы да себепкер болады: ішіндегі біреулерге деген байқаусыз менсінбеу өзге бір адамның төңірегіне жасаған өркөкіректігімен емделеді.

Егер біздің біреуді құрмет етуіміз арта түссе, ол адаммен жанымыз жақындасады.

Адам айна сияқты. Айнаға жылы шырай танытсаң – күлімсірейді, ашулансаң ол да ашуланады.

Мақтау сөздер рухты топастандырады.

Өркөкірек адам шыншыл бола алмайды, олар өшпенді, тырысқақ және өкпешіл келеді.

Уайымшылдық, өзіңді-өзің жек көру – қажетсіз.

Іс арасында оқтын-оқтын демалып алу керек, түнде жатарда: мен барлық нәрседен азатпын мені ештеңе ойландырып тұрған жоқ, деп өзіңе өзің бұйрық бергенің жөн.

Жабырқай берген адам өз рухының алдында күнәһар.

Қуана білмеген адамнан қорқу керек, өйткені ондай адам әдетте қайғыра да білмейді.

Мен жек көріп отырғаным жоқ деп барып жек көруді тоқтату оңайырақ, мен ренжімеймін деген соң да ренішті тоқтата салу қиын.

Актерларға рөлдегі кейіпкерлерімен бірігіп кетпеді оқытады, өмірде де солай: бұл өмірді одан жоғары тұрған әлеммен араластырып алмау керек. Сөйте тұрып біздің әрқайсысымыз сахнада қалу үшін бір мезгілде әрі актер, әрі кейіпкер болуды үйренуіміз керек.

Бақыт деген түсініктің бастапқысы – ішкі әлеміңнің жағдайы, екіншісі – сыртқы жетістік.

Бақытсыздық адамның рухын шыңдайды, ол ақылды бола бастайды. Адам бақытсыздықты да қажеттілік деп танығанда солай болады.

Қабілеті болмаса да, тағдырдың соққысын қабылдай білетін адам дарынды болып кетеді.

Адамның түсінуі қаншалықты қиын болса, түсініп алған нәрсесі ішінде ұзағырақ сақталады.

Жалқаулық – әрі кемістік, әрі жетістік. Жалқаулық үнемді, ол рухани жетілуге жол ашады. Бүгінде қалыпты жетілу үшін әрі ақылды, әрі топас болу керек. Бұл – ақылды адамның кей-кейде қисынсыз, ақылға сыймайтын, ойланбаған іс-әрекеттерге барып қалуы мүмкін деген сөз.

Француз төңкерісінің туында «Бостандық. Теңдік. Туысқандық» деп жазып қойылған. Хрущевтың заманындағы коммунизм құрушылардың моральдық кодексінде де «бейбітшілік, еңбек, бостандық, теңдік, туыс-

қандық және барша халықтардың бақыты үшін» делінетін. Бірақ бостандық бар жерде теңдік болмайды, теңдік бар жерде бостандық жоқ. Мәселе мынада: бостандық – пенделік бақыт пен байлықты, ал теңдік – рухани байлықты көрсетеді.

Байлық – ізгіліктің таразысы. Ақша, әсіресе ол көп болса, адам жанын сынға түсіреді. Ақша – адамдағы теріс ойлар, сезімдер мен іс-әрекеттердің дамуына жәрдемдесетін құрал.

Қисынға салсақ, жеткілікті отбасынан шыққан адам байлықты өмір сүрудің табиғи ортасы ретінде қабылдайды, байлығын малданып, өзін үстем, өзгелерді төмен көрмейді.

Ақша жасай білу де – қабілеттілік. Ол қабілет адамда негізінен туа бітті болады.

Билік пен байлыққа қызықпау үшін не жарымес, не шын данышпан болу керек.

Бизнес – адамға көп ақша табуға мүмкіндік беретін әрекеттің бір түрі. Бұрынғы-соңғы діндер мен ілімдер онымен айналысуды теріс демейді.

Байлық күнә емес, байлықты мақсат ету, байлықты пайдалана білмеу мен орынсыз шашу – күнә. Байлықтан, барлықтан бас айналып, өзгелерді менсінбеу, тоққөңілділік немесе оны шексіз өсіре беруге тырысу – күнә.

Байлық жүрген жерде қорқыныш, қобалжу, күнестік һәм күдік қатар жүреді.

Адам ауық-ауық ақшадан теріс айналып тұрса, дені сау болады. Көп адамдар ақшаны өмірдің мағынасына айналдырып алып, күпірлік жасайды.

Менсінбеу – басқаларды бағалауда қателікке алып баратын жол. Байлықты шексіз өсіруге тырысу сарандық, ашкөздік, ақшаны көпе-көрінеу керексіз іске жұмсау – байлық иесінің өзіне-өзі риза болу пиғылын өсіреді, сөйте-сөйте оны өзі өмір сүрген ортадан ажыратады.

Мүлікке тәуелді болу кісіні қуатынан айырады.

Мен біреуді ақшасы үшін күндесем, менде ақша болмайды, ақшасы жоқты жек көрсем де солай болады.

Билік пен байлықтың бір адамның қолында тұруы әсте қауіпті. Байлығы бар билік иесі билігін пайдаланып байлығын асыруға тырысады, байлығын өсіріп алған соң, одан жоғары билікті сатып алады.

Олар байлығын қорғау үшін билігін пайдаланады, байлық көзін тексергісі келгендерден байлығын билігінің жәрдемімен қорғайды, не болмаса байлығын жұмсап, тексерушіні, я оның жоғарырақ басшысын сатып алады.

Бұлай жасап жүргендер үшін білім мен біліктілік бағалы емес. Олардың ықпалымен жасалған заңдар талапайға жол ашады.

Биліктегілердің мундирі бірдей. Бір мундирдегілердің бірін-бірі сатуы сирек.

Билік – орынтақ, одан ешкім өз еркімен тұра қоймайды және онда отырған кісінің қалтасын ешкім тексермейді.

Бұның бәрі рухты әлсіретеді, елдің байлығы текке талан-тараж болады. Имансыздық деген дәл осы.

Ақшаны жек көру мүмкін емес. Өйткені ол өмір сүру үшін керек. Жиырмасыншы ғасырдағы ақшаға жиіркене қарауға бағытталған: «жарлы болсаң да, арлы бол», «көп ақша қылмыстық жолмен ғана келеді» деген қағидалар адамның ақшаға деген құмарлығын азайта алмады.

Ақшаға байланысты қате түсініктер бар. Олар мынадай болып келеді:

ақша өмірдегі басты нәрсе емес;

адал жолмен мол ақша таба алмайсың;

ақша тек ауыр жұмыспен табылса ғана адал;

барлық адамнан бірдей еңбегіңе ақша сұрама;

кедейлік – тағдыр;

ақшаны кейінге сақта;

саудаласу – ұят;

ақша қарыз алма, барынды жұмса;

ақшаны рахатқа жұмсау орынсыз.

Мұның бәрін осыны керісінше жасайтындар ойлап тапқан.

Кедейге көмектесудің екі түрі бар: бірі – ақша таратып беріп тұру, екіншісі – кәсіп істеуге мүмкіндік жасау. Ақша таратқанмен кедейді тойындыру қиын, оның үстіне еті үйренеді, жалқау тартады. Жалпы, кедейлік – жалқаулық пен ақылсыздықтың қорытындысы. Осының біреуі керісінше болса, адам кедей болмайды. Бұлардан басқа ішіне өнері сыймағандықтан ретсіз өмір сүретін қас дарын ғана кедей болуы мүмкін.

Жиған дүниесі өз керегінен артыла бастаған адам мына қағидаларды есте тұта жүргені абзал:

– сөзден іске көшуді кешіктірме;

– жақыныңды жақсы көр және оған болашаққа сілтемей, қазір көмектес.

Оған өз дегеніңді таңба, оның мүддесімен санас;

– өз сеніміңді дәлелде, қорғап бақ, бірақ өз қателіктеріңді мойындай біл, сонда ғана алға жылжисың;

– жамандық, қызғаныш ойлама: кекшілдік сезімінен арыл. Адамдар бір-біріне бауыр екенін және көп нәрсені бейбіт жолмен шешуге болатынын ұмытпа. Қажет болса, әлсіздерге жақтасып, зорлықпен күресуге дайын бол.

Адам ақша келіп түсетін жолды өзі кеседі.

Талпынбаған адамға жәрдем беруді кейінгі ілімдер жөн санамайды. Ницше бұл орайда тіптен қатал: «Құлап бара жатқан адамды әрі қарай итеріп жібер. Ол ниетке барғандар құрметке лайықсыз. Тұлдыры жоқ кедейлер мен құрып бара жатқандар – өзіне құрметі жоқтар. Өмір талабы – әлсізді құтқару емес, құтылуға тырысқандарға ғана жәрдем беру» дейді.

Құмырсақалардың арлы-берлі сабылған іс-әрекетін бақылаған кісі мынадай тағылым алар еді: олар тоқтап тұрған құмырсаққа жоламайды, тырмысып бірнәрсе сүйретіп, шамасы келмей жатқандарын жәрдемсіз қалдырмайды.

«Бүкіл бәле – нәпсіңнен, нәпсіңе құл болып, мойның жар бермеуден. Алдымен кінәні өзіңнен ізде» дейді Құл Қожа Ахмед Иассауи.

Күншілдік пен басқаның жетістігіне қызғана қарау зиялылар санатындағы адамдарға да тән. Біреудің жетістігіне шынымен қуану нағыз достар мен шын сүйіспеншілік иелерінде ғана болады.

Егер адам бір істі тындыруға шектен тыс тырысса, бастапқы кезде тәп-тәуір нәтижеге жетеді. Сонда ол өзінің өмірге қатынасы дұрыс па, осыны ойлап көруі керек. Егер ниет астарында күнәға жатарлық пиғыл болса, онда түптің түбінде істеген ісінің нәтижесі оң болмайды. Табыс емес, күйреу келеді, іс табандап, ілгері баспай қояды.

Мақсат – білім мен біліктілікке ғана жетелесін. Байлыққа жету мақсаты – мағынасыздығымен қоса адамды тәуелді де етеді. Байлықты аса арттырудың біреулердің жәрдемінсіз, сұранусыз немесе озбырлық жасамай жүзеге асатын кезі жоқтың қасы.

Білім-білікке салыстырғанда билік ештеңе де емес. Қызмет істеп тұрған кезде бір қауым ел танитыны рас, бірақ қызметтен кетісімен ұмытатыны мұның да баянсыз екенін білдірсе керек. Байлық та солай. Берсең – жақсысың, бермесең – алакөз. Байлықты дамытамын, сақтаймын деп жүргенінде ғұмырың өтеді де шығады.

Билік күші мен саяси күштер арқылы мәдениетті шұғыл көтергісі келетіндердің орыстың ұлы патшасы Петр Біріншінің боярлардың сақалдарын зорлап алдыру мен еуропаша киінуге итермелеу арқылы мәдениеттірек еткісі келмек болғанынан ештеңе шықпағаны есінде болғаны жөн. Одан шығар қорытынды: саясат мәдениетті қалыптастыра алмайды, қайта мәдениет саясатты қалыптастырады. Мәдениеттілері көп ел ертерек жетіледі.

Менің өмір тәжірибем мынадай қағидаларды үйретті: күштінің жағына мойын бұруды үрдіс етпе, ол – жігердің жасықтығы мен қорқақтықтан, оған әдеттенген адам қоршылық комплексінен ада бола алмайды; пайдасы тиіп қалар деп бай мен барға жарамсақтанба, кісі қолынан алған

несібе барлық адамға бірдей жұғымды емес; көптің соңынан көзсіз ерме, көпте көбіне тобырлық психология басым болады.

Әркімнің бақ-талайы – өзінен.

Әр адам өзі үшін өзге біреу өмір сүріп бермейтінін түсініп, алдыңғы қатарлы өркениет жолына түсуге өзі ұмтылғаны жөн. «Өзімнің қуат-қарымымды, мүмкіндігімді өзім ғана білемін, сондықтан өзім үшін өзімнен артық жағдай жасайтын ешкім жоқ» деп қимыл жасағаны дұрыс.

Өзінді өзін жетілдіру, тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу, кейде – өз табиғатың қабылдай бермейтіңге өзінді-өзің зорлау болып шығады.

Егер біздің әрқайсымыз өзіміз туралы өзге адамдардан гөрі көбірек ойласақ, ондай қоғам өміршең бола алмайды.

Болашақ – білімде. Жақын жылдары адам баласы кедей мен бай болып емес, білімді мен білімсіз болып бөлінеді. Петр Бірінші 1714 жылы білім негіздерінен сусындап алмаған дворяндарға үйленуге тыйым салған, жарлық шығарған.

Егер білімге ұмтылу, бәрін білсем деу – өзгеден артық болсам, асып түссем деу үшін ғана керек болса, онда ол бекершілік.

«Табиғаттан мейірім күтіп отыра алмаймыз!» – деген ұран болған. Шынында табиғат заңдылығына киліккендер бастапқыда біршама жетістіктерге жетті. Жаралғалы түрен көрмеген тың жер жақсы өнім берді. Жасанды ұрықтар әуелгі кезде мал басының артуына жәрдемдесті. Бірақ табиғат өте күрделі, оның заңдылықтарына бағынбаса бәрібір болмайды: әлгі жер көп ұзамай өнім беруін тоқтатты, жасанды ұрықтан туған мал ұсақталып қана қойған жоқ, сонымен бірге әрі қарай ұрпақ жалғастыруға қабілетсіз болып шықты.

Жүйе жетілген сайын, оның әлемнен бөлектену үрдісі де күшейе түседі. Демек, нағыз жетілу – өзін-өзің жоққа шығару болуы керек – осы ғана аман қалудың кепілі.

СССР-ды таратсақ жұмаққа жете қаламыз деп ұрандағандар бүгінде үндемейді. Үндемейтіні қателігін мойындаудан, ештеңе де сикыршы таяқшамен сілтеп қалып өзгерте салатын ертегідегідей емес екенін түсінуден болса мейлі. Кеңес Өкіметінің қалдықтарын жою үшін сол дәуірдегі қолындағы малының еті мен сүті, есік алдына еккен егінінің өнімімен және өкімет мүлкінен ұрлап-жырлаумен күн көргендердің пиғылын, олардың балаларының ата-анасынан көргендерінен қалыптасқан ой-өрісін өзгертпей болмайды. Бұл пиғылдағылар демократияға бірден көшіп, оған көндіге салмайды. Ол үшін ештеңе ойламай, тапқанын араққа салып жүргендерді өзге өмірге жетелеу керек. Бұл бір немесе бірнеше жылдың, тіпті бірер ұрпақтың атқара салатын ісі емес.

Қилы заманды қырмызы күндер өзінен-өзі алмастыра салмайтыны мемлекет үшін де, жеке адам үшін де бірдей тиесілі қағида.

Демократия – сайлаушылардың сайланушыларды бақылауда нақты құқығының болуы. Төңкерістер елде осы талап орындалмаудан, содан келіп шығатын тағылық, лас істерге бару және жемқорлық нәтижесінде болады.

Социализм адамның рухани дамуын мақсат етсе, демократия алдымен адамның меншігін, мүлкін қорғауды, сол арқылы оның рухани жетілуін көздейді. Нағыз демократия орныққанда барып тұрақты рухани өрлеу келеді.

Кеңестік социализмнің жеңіліс табуының себебі: рухани жетілмеген әрі қатыгез адамдардың жаны ояу, жетілген адамдарды басқаруы еді.

Саясат тізгін мен қамшыдан тұрады. Тізгінді ұстағандар саясатпен айналысудың бар қызығын толық көреді, қамшысын алғандардың қызығы мен таяғы қатар жүреді, бірақ оларда кейде қамшыны өзге біреуге жұмсау мүмкіндігі болады, бұл ойы шектеулі кейбіреулерге рахат әкеледі. Сондықтан кіші биліктің өзіне құмарлар көп.

Саясаткер бола тұрып парасатты, рухани бай болып қалу ілуде біреудің ғана қолынан келеді.

Ұлы адамдар үлкен топқа кіруден қашпайды, үш-төрт адам отырған жерде отыруға құмартпайды, өйткені – аз адам жиналған жерде тұлға жоғалады, себебі – әркім өз көңілінде өзін ешкімнен кейін санамайды.

Физикалық деңгейде адам қарсыласын өлтірсе де өзі тірі жүре береді, жұқа, рухтық деңгейде адам қарсыласын өлтірсе өзі де өледі.

Әділетсіздікті, парасатсыздықты жек көре тұрып адамдарға деген махаббатын іштей сақтай білу және бір мезгілде сырттай әділетсіздік пен парасатсыздыққа қарсы күресу керек.

Көңіліндегі сайтаныңды құртуға немесе қуып шығуға, оны ұдайы бақып озуға немесе жеңуге тырыспа. Оны махаббатыңмен де жеңуге болады.

Егер адам қателік жасап, сонысы үшін жазасын алмаса, ол адамның бойына өшпенділік жиналады.

Өмір – тәртіп емес. Зат алмасу дегеніміз – бұзу, бірақ, ретімен келетін бұзу. Өмір – хаос пен тәртіптің арасындағы құбылмалы процесс. Тәртіптің хаостан қауіптірек болатын кезі аз емес.

Өмір заңдылықтарының кейде адамның нашар қасиеттерінен де құралатын кездері болады. Қызметі ретсіз өсетіндер, мақталатындар мен награда алатындар қалталылар мен ептілердің арасында лайықтылармен салыстырғанда көп кездесетін себебі сол.

Біз кейде кейбір іске төрешілік жасаймыз, пікір айтамыз. Сол пікір арқылы біреулер баға немесе сый алып жатады. Бірақ, бәрі бекер, нағыз

төреші – уақыт. Өмірдегі бар сыйды алып болып, өле сала аты өшіп жатқандар қаншама. Керісінше, кезінде бағасын ала алмағандардың кейбірі – мәңгілік.

Адамда өшпенділік қайдан пайда болады? Пендешілік жағдаяттарға көп көңіл бөліп, соларды жақсы көргендердің, яғни басымдылық жүйесін дұрыс алып бармағандардың бойында өшпенділік жиналады.

Біздің өмірге көзқарасымыз, оны нақты қабылдауымыз әртүрлі. Бір затқа қарасақ біз әртүрлі нәрсені көреміз. Өйткені біз әртүрлі ойлаймыз.

Сонда да бізді біріктіретін бір нәрсе бар: біз ақиқатты іздейміз. Жақсымыз да, жаманымыз да. Ақиқатты өз пайдамызға қарай бұрып алғымыз келеді. Содан ақиқаттың өзіне көзқарасымыз әртүрлі болып шығады.

Өмірде сәйкессіздік көп, соның қарапайым ғана мысалы: ат – соғыс құралы, есек – бейбіт еңбек құралы, ат – қадірлі, есек – қадірсіз. Соғыста атты пайдалану баяғыда қойылды, қисын бойынша бейбіт еңбек құралы өзінің лайықты бағасын алуы керек, бірақ есек қадірсіз күйінде қалып қойды.

Өмірдің мағынасы парасаттылық пен әділдікте, зерде мен қабілетте ғана емес. Ол Құдайға деген махаббатты кеудеңе сіңіруде жатыр. Тек жоғарыда айтқандарды абсолютті құндылық деп түсінетіндер парасатсызды, қабілетсізді, топасты және жетілмегендерді жек көре бастайды. Ал кез келген жек көру кеудеге өшпенділік жинайды.

Адам табиғатына жақсыға тез үйреніп кету тән, үйреніп алған соң одан да жақсы болуды көздейді, олай бола қоймаса наразы бола бастайды.

Пенделікке байланысты нәрселердің ешқайсысына табынуға болмайды.

Өзгелерге өте сенгіш, олардың бәрін адал, таза, уәдесіне берік деп санайтын адамның берген қарызы қайтпайды, алған акциясының құны төмендейді. Тәңірінің Мұса пайғамбарға айтқан «сақтансаң сақтаймын» деген сыбыры – «бос белбеу болма, жинақы бол» дегені.

Рухани биіктік – ең үлкен бақыт, адамды адам етіп тұрған сол.

Мәдениет өркениетке әкеледі дегеніміз – рух биіктігі ақшаға алып келеді дегенмен теңесіп кетпеуге тиіс. Онда бұл ақшаны мақсат етіп жұмсау мен руханилықты мақсат етіп жұмсау тең түскенмен бірдей.

Ұдайы тынбай жұмыс істей берген адам ақылынан адасады немесе жеке өмірі ойран болады. «Өмірден жылдам тек өлім ғана. Ертеңге қалдыруға болатын істі бүгін істеудің не керегі бар?» деген тунис мақалы бар. Толстой қарт: «Жұмыс... бүкіл еуропалықтар айтатындай ізгі іс қана емес, ол жамандық та, я болмаса жамандыққа бастар жол; адам еңбекке араққа құмартқандай құмартып, өзінің рухани өміріне зиян келтіреді, іс

алдындағы міндеттілікті адамдар алдындағы міндеттіліктен алға қойып алады» дейді.

Уақыт деген – ырғақ. Ырғақ арқылы бізге уақытты басқару жеңіл. Адам бірнеше сағат бойы бір ырғақпен жүрсе, ойлаған ойы санасының астарына енеді. Сондықтан да Құдай жолына табынуға барғандар жаяу жүрген.

Кез келген адамда махаббаттың екі астары болады: біріншісі – жоғарғы, онда махаббат бір объектіге жанасу, жұғысу арқылы болады және ол көп объектіге тәуелді келеді. Екіншісі – ішкі махаббат, ол жақсы көретін адамға байланысты, оның шығармашылығы мен жасампаздығына қатысты.

Көктемде болашақпен байланыс, күзде өткенмен байланыс күшейеді.

«Менде байлық жетеді» немесе «Менің денем қартайып барады» деудің керегі жоқ. Мен деген сөзді затқа, ақшаға, машинаға, үйге байланысты айтуға болмайды. Орыстардың «люблю» деген сөзді осыларға да арнайтыны махаббат деген киелі ұғымның мағынасын төмендетеді.

Келешекті қатаң жоспарлаудың қажеті жоқ, болып жатқан қолайсыздықтарға да қатты өкінбеген жөн, өткенді өкінішпен еске түсірмеген дұрыс.

Өртүрлі жағдайлар адамның алдынан көзге көрінбейтін қорған соғады. Кейбір қорғандар кісі аттап өте алмайтындай биік болады. Мәселе – содан қалай өтуде.

Адам өмірі біреудің қате әрекетіне тәуелді болмау керек, заңға тәуелді болу керек. Мемлекетке бір адам емес, бір мекеме емес, заң басшылық жасауы керек.

Үйде тәртіп болғанды жақсы көретін әйелге тәртіп бұзғыш еркек тап болады. Бұл пенделік тіршілікті ерекше идеал еткеннен туады. Жұбайлыққа адалдық, үй ішіне ұқыптылық, тазалық пен тәртіпті сүю, тұрмысты қалыпты ұстау, тыныш тірлік ұнайтын әйелге арақ ішетін, «балыққа» кетіп қалатын, ақша үнемдемейтін, үйге сыймайтын, ұрыс-керіске үйір адам кездеседі.

Махаббат – кісіні уақытша топастандыратын іс. Он сегіздегі кезінде бойшаң, әдемі, бай, тәрбиелі жігітті аңсап идеал жасаған қыз көңіліндегіден басқалай жігіттерге үстірт көзқараста болады. Әдетте, нақ сондай мінездегі қыздар отырып қалады. Он жыл өткен соң, іштей: «Менің көңілімдегіден сәл төмен болса да мейлі» деп ойлай бастайды. Көбіне ол да болмайды. Тағы бес жыл өткенде өзінен анық төмендегілерге көз салудан арланбайтын болады. Тағы бес жылда «кім болса сол болсын, мейлі» деуге көшеді. Сонда ғана оған бастапқы кезде аңсағанындай жігіт кездесуі мүмкін. Демек, идеал жасап, тек соны күту идеалыңнан алшақтаады.

Дүниеге қызыға беру алдымен ұсақ, кейіннен ірілене беретін шығындарға ұшыратады. Мәселен, алдымен ақша жоғалту, ұсақ ұрлыққа ұшырау, машинаны ұрып алу болса, соңы ұдайы жолы болмау, үйін үптеп кету, өртке ұшырау, тіпті, баланың наркоман болып кетуі, кездейсоқ өлім секілді қайғыларға жалғасуы мүмкін. Қазақтың «Құдай, бергеніңе шүкір» дейтін тәубешілдігі дұрыс. Бірақ Құдай өзі жеткізер деп алаңсыз отыруға да болмайды.

Үйінде бір-бірімен ұдайы ұрыс-керіс жасап отыратын ерлі-зайыпты, күйеу бала-қайын ене, келін-қайын енелер бар. Кез келген қайталана беретін ұрыста біреуі – донор, біреу – вампир. «Жұлдызы қарсы» деп осындайларды айтады.

Ұрыс-керіс кісідегі қуаттың бір түрінің кемдігінен болады. Ол – ауа, тамақ, тыныштық т.с.с. Сол қуатты өзгеден іздейді. Ол мінез ересек кісілерде көбірек кездеседі. Ұдайы наразы болып отыратын мінез сол. Ақыл айту, намысқа тию, сынап-мінемесе отыра алмау да содан.

Ұрыс шығарудың негізінде адамның бойындағы ішкі бір кемшілік жатады. Ол – өзіне деген құрметтің жетіспеуі, өз күшіне деген сенімнің аздығы, оған өзгелер тарапынан жылу мен жақсы көзқарастың аздығы, содан келіп шығатын: «жалғыз қалып қоймас па екенмін» деген сияқты уайымдар. Бұлар адам бойына негізінен бала кезінде сіңеді. Соны қайтаруға тырысу адамның ұрысқақ болуына себепкер болуы мүмкін, өйткені ол өз кемшілігін жоюдың басқа жолын білмейді. Адамға осы кемшілігінен арылуды ұсынуға болады. Ол үшін оның бойындағы кемшіліктің себебін тауып, оны білдірмей түзетуге тырысқан дұрыс. Оны тікелей жасамай, біреудің мысалымен, яки ойша жасауға болады. Сонда донор-вампир моделі үзіледі.

Баланы өбектеп, қолтық астында сақтай берсе, ондай бала еркін қимылға үйрене алмайды, өскенде жасық, жігерсіз, өз пікірі жоқ адам болып қалыптасады.

Халық тағдыры – ел тізгінін ұстаған азаматтарда. Тізгін иесі дегенде билеушіні ғана емес, жетілуге бастай алатындарды да айтады. Билеушісі озық, жетекші азаматы көп елдің ісі өрге басады. Соларға адалдық, табандылық сабыр тілей жүру керек. Менің әкем намазының батасында патшаға саулық тілей отырып, Құдай оған сабыр беруін де қоса тілеуші еді. Ең биікте тұрған билеуші кеңпейіл болғаны жақсы, өйткені ол озбыр болса, оның қателігін түзетер одан биік тұрған ешкім жоқ. Биіктегі билеуші өзіне ең жақын тұрған, өзі олардың айтқандарын көп рет тыңдаған көмекшілерінің адалдығы мен мейірбандығын да зерттеп тұру керек.

Біз ұлттық рух туралы, оны көтеру керектігі жайлы көп кеңес береміз. Бірақ, рухты ақыл айтумен өркендетуге болмайтынын түсіне бермейміз.

Абай тойында аты мәреге жете бере жығылған шабандоз бала, бір аунап түсіп қарғып тұрып, аттың жүгенін сыпырып алып, мәреге жаяу жүгірді. Нағыз ұлттық рухтың көрінісі деген осы. Осы секілді істерді молайта алсақ – рухымыздың өскені.

Ердің бағасы елге еткен еңбегінің үлкен я кішілігімен ғана өлшенбейді, елге деген жүрегінің таза болуына, өз өмірінің ел өмірімен бірге өрілуіне де байланысты. Білімді әрі білікті бола тұрып, ол еңбегі елі үшін емес, өзі үшін жасалғандай, қоғамнан тыс өмір сүретін кісі данышпан болғанымен бағасыз.

Өзі үшін емес, үй ішіндегілері – күйеуі, балалары, немересі үшін өмір сүретін әйелдер болады. Нақ осы мінездегі әйелдің ері үйден қашатын, балалары тыңдамайтын болады.

Егер әйел ерін сүюді тоқтатса, оның көзіне шөп салса, ол үшін күресіп әуре болғаннан ештеңе шықпайды. Уақыт өте келе орнына келуі мүмкін, бірақ ұмытылмайды. Соны жасыру үшін әйел қызғануды көбейтеді. Өзі уақытында бәрін басынан кешірген әйел келінін көп аңдиды.

Әкенің орны төрден сайланған үйдің балалары жігерлі, еркін болып өседі. Аналары әкесін пір тұтатын, сөзі теріс болса да балаларының көзінше жымыып қана қоятын әйелдің балалары әкелеріне Тәңірге табынғандай табынып өседі.

Бала кезінде ешкім дауыс көтермеген, зекімеген, жасқамаған, ешкім ешқашанда намысына тимеген бала сөйлескенде еркін, қысылмайтын, жауаптарын қасқайып тұрып беретін болады. Жапондар балаларын осылай тәрбиелейді.

Кемсіту, қорлау мектебінен өткен адамда құлдық психология қалыптасады.

Бойжеткен қыздың ата-анасы кейбір қыздарды «жеңілтек» деп сынап-мінеп отырса, қызы өзін сақтау мақсатында ешкімді жолатпайтын кінәмшіл, бейкүнә қалпын қалайда сақтауды басты міндет санайтын пиғылда жетіледі. Ондай пиғыл санада абыржу, алаңдаушылық туғызады. Қыздың «отырып қалуына» басты себептің бірі – осы.

Адам санының өсуі де тоқтыққа тәуелді. Жастарды отау құруға үндеумен, көп бала тууға шақырумен ештеңе өнбейді, ол әншейін ізгі ниет күйінде қала береді. Балалы болуға жағдай жасаудан басқа амал жоқ. Жатақханада немесе пәтер жалдап тұрған қыз бен жігітке тұрмыс құрар болса үй берсе, неге қосылмасын?! Әр жана туған бала үшін жүз мың теңгеден ақша мен ай сайынғы қолдау болса, яғни алда кездесуі мүмкін тауқыметтердің шешілуі жеңілдер болса, аналар неге тумасын?! Бұлай болмағанда ер мен әйел қатынасының тауарлық сипат алуы өрши береді.

Олай болса кедей елдерде неге туу көп? Батыс оны халықтың санасының төмендігімен түсіндіреді, менің ойымша, оның себебі қиыншылықта өмірге келген балалардың біреуі болмаса біреуі тірі қалар деген табиғи инстинкте жатыр.

Еркектердің өмірге көзқарасында өркөкіректік басым. Мәселен, әйелі кетіп қалған еркек «мен әйелімді қоя бердім» деп отырады, «әйелім тастап кетті» деп мыңнан біреуі ғана айтуы мүмкін. «Ақындықты, күйшілікті қойып кеттім» дейді. «Оның киесін ұстай алмадым, пенде тірлікпен болып кеттім» деп мойындайтындары жоқтың қасы.

Қазіргі әйелдер еркектердің осы мінезіне төзе-төзе өзгерді. Олар еркек туралы шындап шешімге келерде алдымен тиімді-тиімсізін саралайды. Екеудің бірін таңдайтын болса, тиімдісін, яғни, кім дұрысырақ қамтамасыз ете алатынын таңдайды.

Балаға ешуақытта «топас, сенен ештеңе шықпайды, саған сенуге болмайды» деген жөн. Баланың ашық өрісі оны қабылдап, оны солай болуға итермелейді. Үлкендердің: «періште «әумин» деп қалады, жаман сөз айтпа» деп жататыны содан.

«Сен – мықтысың», «сен – тектісің» деп ұғындыру мен «сенен миыңа май құйса да ештеңе шықпайды» деудің бала үшін екеуі де бірдей зиян. «Олай бол, бұлай болма» дей беру баланың келешегіне залал келтіреді. Бала сол бағдардан ауытқи қалса, оны трагедия санайтын болады.

Кісі өткен өмірін есіне түсіріп, болған қиындықтардың себебін табуға тырысқаны жөн. Сөйтіп, оны болдырмауға әрекет еткені дұрыс. Ол үшін көзін жұмып, жайғасып отырып, басынан өткен қиындықтарын ойша еске алып, оның соңы өзі үшін тиімді етіп аяқталатынын көз алдына келтіріп, қиялдансын. Өз кінәсін түсінсе, мойнына алып, Құдайдан кешірім сұрасын. Мұның бәрі өзінің ниетін тазарту үшін, біреуге кесір жасамау мен зиян тілемеу арқылы жасалсын.

Екі түрлі мінездегі, ниеттегі адамдар бірдей түс көрсе, бірдей жорылмайды.

Жұмақ деген не? Жұмақты адам өзіне-өзі жасайды. Біреу туыстарын, балаларын, немерелерін жинап алып, үйі у-шу болып жатса – демалады. Ол кісі үшін жұмақ сол. Біреу тыныштықты сүйеді. Біреу табиғатқа құмар. Біреулер ұйқыдан, біреулер сағаттап сөйлесуден жалықпайды. Демек, адамның өз жанына жақын іспен айналысуы – жұмаққа енуі.

Маған бір отырыста бір кісі ұнамауы мүмкін. Немесе, ұдайы у-шу, ұрыс-жанжал болып жататын көршілерім ұнамайды. Ондай жағдайлардың бәрінен қаша алмайсың. Одан да бетер болуы мүмкін еді деп, тәубеге келу керек. Мысалы: көршімнің үйі өртенсе, менің үйім де қоса өртенуі мүмкін еді, осыған тәубә деген жөн.

Өмір адамды кейде өзін қоршаған адамдарға наразы болуға мәжбүр етеді. Сонда да «менің ортам – әлемдегі ең жаман адамдар» деп ойлау жарамайды. «Құдайға шүкір, бұдан жаман болуы да мүмкін еді» деп шүкіршілік ету ғана ортаға Аспан арқылы ақыл береді. Осының бәрін өмірге өкпелемей, шындап тілеу керек.

Баласы жоқ ерлі-зайыпты екеуі бірдей тек болашақ бала жайлы ойлай берсе, онда баланың болмауына өздері себепші болады. Немесе тек ақшаны ойлай берген кісіден дәулет қашады.

Жас келіншек «менің шешем ылғи қыз туған, ұл тумаған» деп ұдайы ойлай берсе, ұл тумауы мүмкін. Әр істе адам өз ойын жігерленуге бағыттағаны дұрыс.

Кісі өзіне-өзі ренжіп, айыптай беруі жөн емес. Ол өзіне өлім тілегенмен бірдей. Екі адам орманда адасып кетті делік. Біреуі бар әрекетін, ақыл-ойын жұмсап, жол табуға тырысты. Екіншісі таяқты алып, өзін-өзі сабалай жөнелді. Өзін-өзі айыптай берген адам осының екіншісіне ұқсайды.

Адамның өзін-өзі айыптауы, оған өзге біреуді айыптағаны үшін болатын зиянмен бірдей залал келтіреді.

Біз табиғаттың сұлулығына, күрделілігіне, тереңдігіне бойлай білмейміз. Аңғармаймыз, таңданбаймыз, сүйсінбейміз. Уақыт таппаймыз. Уақыты бардың құлқы жоқ.

Адамды сүй деп көп айтамыз. Қалай? Адамды сүю үшін оған сынсыз, құмарсыз, есепсіз, құрметпен қарай білу керек.

Адам мезгіл-мезгіл ақылына тыныштық беріп тұрғаны дұрыс.

Тағдыр бізге әрқашан бір емес бірнеше жол ұсынады, соның қайсысын таңдайтыны адамның өз қолында. Адамның тағдыры жазып өткен жолын түркілер қисмет дейді. Ауыру, жақынынан айрылу, байып кету – қисмет. Алдағы тағдыр, ол – пешене, қисмет емес.

Өмірде жеткен жетістігіне қанағат етіп, жетпегеніне қиял арқылы жетсе, адамның бойы жеңілдейді.

Көңіліндегі оқиға жүзеге ассын деген кісі, оны ұзақ әрі табанды түрде көз алдына келтіргені жөн.

Адам өзімен-өзі ақылдасып, күдікті ойларын ұзақ талқылауға ерінбегені дұрыс. Ол – тазарудың бір жолы. Бірақ, бұл – адам ешқандай күдіктенбесін деген сөз емес. Тіптен күдіктенбеу – өз өмірін қалай болса солай бетімен жіберумен, яғни ағысқа ерумен тең.

Талаптың бәрінің төлемі бар. Ол дұрыс болмаған сайын төлемі қымбаттайды. Орынсыз талап орасан төлем арқылы ғана келеді.

Ізгілікті көбірек екенге ізгілікпен қарымта қайтады және керісінше, біреуге жамандық тілегенге жамандық үйірсектейді.

Жігерсіздік өз мүмкіндіктерін жұмылдыра білмеуден туады.

Ой – жүйрік, оған еріп кете беруге болмайды. Ере берсең қияға шарықтап, бірте-бірте адастырып кетеді. Лажы барынша өз уақытында тоқтап, тірліктің күйкі проблемаларын бір уақ серпіп тастаған дұрыс. Шығыс діні – Дзен ойдың ағысын тежеуді емес, толық тоқтатуды ұсынады. Олар: ой ағысын бірнеше сағатқа тоқтатып қойғанда ғана адам Жоғарыдағы күштермен тікелей байланыса алады дейді. Мұсылмандардың «әумин» деп бет сипауы да ой ағысын тоқтатуға бағытталған рәсім.

Кездейсоқ кездесетін кереметтер уақыты өтті. Дүниеде болып жатқан істердің бәрінің себептерін іздейтін заман келді.

Жүздеген жылдар бұрын, үйлерде Библия секілді жалғыз ғана кітап болатын кезде, жындыханадағылар өздерін Иисус пен Марияға теңейтін, қазір олардың бірі Сталин, бірі Мадонна болып сезінеді. Демек, ойдың өсуі жындыханадағы адамдарда да болады. Оған теледидар сияқты сыртқы өзгерулердің әсері бар.

Жастарды қарттарға көмектесуге бергеннен гөрі, қарттарды жастарға көмектесуге берген дұрыс. Сонда қария өз ақылы мен тәжірибесінің бағасына қарай күтім көрер еді. Ол нағыз лайықты тұрмыс болған болар еді.

Жаппай адамгершілікке тек әлеуметтік прогресс арқылы қол жеткізуге болады.

Ұят – өзінің және өзгенің істері мен мінезін ізгілік пен зұлымдық тұрғысынан анықтайтын, адамның моральдық өзін-өзі бақылау қабілетінен көрінетін этика санаты.

Құқықтарды талап ету үшін әуелі міндеттерді орындап алу керек. Құдайдан бір нәрсе тілеу де солай: әуелі Құдайға жағатындай міндеттер түгелденсін.

Ниет пен мақсат – жақсы болған күнде де құр идея, әңгіме оны жүзеге асыруда. Ол, әсіресе, халықтың пайдасына қызмет ететін болса бағалы.

Зиялылардың бір міндеті – адамдарды өз танымында биікке көтеру. Ол үшін танымдық еңбектерді адамдарға мүмкіндігінше көбірек жеткізуге, сіңіруге тырысу керек.

Әркімнің өзінің жеке игілігін ойлауы табиғи нәрсе, бірақ тек өзінің ғана игілігін ойлап, қоғам мүддесі елеусіз қалса, өмірдің өзі мағынасыз ұсақ-түйекке айналмай ма?!

«Сіз мені түсінбедіңіз» дегеннен гөрі, «мен сізге ойымды жеткізе алмадым-ау» деген тиімді. Бірақ, ол жағынуға тырысудан болса – керексіз, өз идеясын қалайда өткізу үшін болса – орынсыз, тек адамзат дамуына үндес болғанда ғана дұрыс.

Ақылынан айласы көп, өмірге бейімделе білетін адам өзінің айнала-сындағылардан әлдеқайда жоғары көтерілуі тез. Оның шығармашылық

ержүректігі мен ұранға толы сөздері жай ғана авантюризм екенін, ол өзінің айналасында шу көтеріп, бағасын көтеріп жатқанын, өз мамандығында, қоғамда жасанды алға жылжуға ұмтылып отырғанын сұрғылт тобыр уақытында түсіне бермейді. Ондай адамдар осы тәсілмен тарихта қалуға есеп жасайды.

Дарыны аздың дабылы көп. Шын даналар, Аристотель, Иисус Христос және Мұхамед пайғамбар тарихта өздерінің ойлары мен істерінің арқасында қалды. Тарихта қалу үшін халық жадында қалатын сөзі мен ісі болуы керек. Қазіргілердің көбі бұлай ұмтылмайды, бірақ солай екеніне сендіргісі келіп көзбояушылыққа барады, олар өздеріне ақша мен атақ халық жадында қалудан гөрі керегірек екенін білдіргісі келмейді, бірақ не істесе де сол пиғылы көрініп қалады.

Қалың жұрттан аз ғана озып шыққан, демек, оған түсінікті адам танымал қоғам қайраткері болады, я әділет іздеуші ретінде атағы шығады. Немесе белгілі жазушы болады. Жұрттан едәуір алға шығып кеткен адам танымал болуы қиын, өйткені екі деңгейде болғандықтан жұрт пен оның бірін-бірі түсінуі қиындайды. Біреуді жоғары бағалау, онымен ой ортақтығын білдіреді.

Атақтылар мен қабілеттілердің ортасында достық аз, біріне-бірі шын-дап риза болу жоқ. Араларында жай ғана сыпайы сөздер, жалған мақтау бар, шын көңілден шыққан ризалық жоқтың қасы. Өйткені, адамдар өзінен мүмкіндігі жоғарылардан қауіптенеді, сондықтан оны байқамаған болып, бағаламауға тырысады, керісінше, өзіне жете алмайтыны көрініп тұрған, өзінен төменіректі әсіре мақтап, көтермелей жүреді. Демек, адамның жүрегі өзінен төменгіні көреді.

Дарындары ұқсас, қабілеттері қарайлас, табиғаты туыстас, зейін байлығы мен көзқарас байлығы бір-бірімен орайлас, дүние танымы мен ой өрістері бір-біріне жақын адамдар ғана бірі туралы екіншісі ешуақытта жаман сөйлемейді, олардың өзара пікірлері шыншыл, түйсіктері ұқсас, айтқандары дәл, көңіл көкжиектері қарайлас келеді.

Адамды танығысы келгендер алдымен оның озығын, артықшылығын танысын. Оны көре алмаса немесе аз көрінсе, кемшіліктері соны білу ба-рысында өзі-ақ көрінеді.

Құдай біреуді ақылды, біреуді ақымақ етіп жаратқан. Ақымақты жаратқаны ақылдының ақылды екенін аңғарту үшін керек болған. Ақыл-дының ақымақты қалай пайдаланғанынан оның қаншалықты ақылды екенін білуге болады.

Адамдарда бір-біріне ынтықтық, жақын тұту сезімі бар. Ол тұрақты болмайды, өзгеріп тұрады. Өзгерген кезде, бақылап-байқаған кісі, ол

өзгеріс адамдардың бір-біріне махаббаты азайғандықтан емес, көңілінен шықпауынан болғанын түсінеді.

Кісі өзінің қалауын шектей жүруге тиіс, күнделікті тұрмыста шашып-төгу жарамайды, ішкі дүниеде өшпенділік түгілі, қынжылу мен теріс ой да болмағаны дұрыс. Шашып-төгу ақша мен азық-түлікке ғана емес, уақытты да босқа кетірмеуге қатысты. Яғни, барлық қалаудың шегі болуы керек.

Көңіл қалауын шектеу мен үнемділік, өзіне жұмсамағанды қайы-рымдылық жолына жұмсаумен толыға салмайды.

Айтқанды істе деу ойлау қабілетін кемітеді. Ойлау қабілеті шектел-ген адамның өмірі қызықты болмайды. Ол бүкіл елде жаппай құбылысқа айналса, ондай елдің болашағы бұлдыр.

Өмір сүру формуласы: жеңіс пен жеңіліс – кезек. Сәтсіздік, жайсыздық, тіпті, бақытсыздық та кездесіп қалуы мүмкін. Олардың бәрін де көңілге ауыр алмаған мақұл. Оны тек тәжірибе деп қабылдап, адам өзіне байланы-сты жағын қайталамауға тырысса – жетілуге ұмтылғаны.

Мәселені «Өмір сүруге зиянды тигізбе» деп қойған дұрыс. Ол: рұқсат, өмір сүр, ізден, қимылда, ойлан дегені.

Адам өз кемшілігін өзгенікін көргендей көрмейді, бірақ өз жетістігін басқалар көріп тұрғаннан артық көреді.

Бір ойды, мәселені түсіндіргенде немесе дәлелдегенде: «Бұл маған ке-рек емес, сіздерге керек» деу жөн емес. Қисынға салсақ, өзіне керек емес нәрсеге кісі араласпайды, я араласпауы керек. Керек емес нәрсеге дендеп еніп, бойға сіңіре алмайсың, оны көңілдегідей түсіндіріп, біреудің санасы-на ендіру одан да қиын.

«Менің іліміме бағынсын, оған табынсын» деп талап ету, «мен үшін осындай іске бар» деумен бірдей, ол әулиелікке жатпайды.

Ілім жалпыға ортақ және өмірден ұзап кетпеген жағдайда ғана сіңімді, ғұмыры ұзақ. Мәселен, Нұх пайғамбардың жеті заңының бір де біреуін бүгінге дейін жоққа шығара алмайсың. Сондықтан да ол бүгінге жеткен:

- 1) Басшыларға бас и;
- 2) Құдайды қарғама;
- 3) Құдайдан басқаға табынба;
- 4) Жақын туысыңмен тұрмыс құрма;
- 5) Өлтірме;
- 6) Ұрлық қылма;
- 7) Тірі малдың етін жұлып жеме.

Дарын атақ-абырой әкелетін, ерекше мүмкіндік иесі ретінде құрметке бөлейтін жақсы қасиет болғанымен, оның жұмсалар көзін таппаса, онда ол сорға айналады, ол иесімен бірге біртіндеп солып, сөне бастайды.

«Тақа тұяқты, тұяқ тұлпарды, тұлпар ерді, ер елді сақтар болар» деген қазақ мақалы бар. Демек тұлғаларға тақа болар зерек адамдар көптеп керек. Елдің дамуы мен жетілуі тақа болуға жарайтындардың белсенділігіне тура пропорционал.

Ұйқы мен демалуға кеткен уақытты, егер ол мөлшерлі шамада болса, босқа өткен уақыт қатарына жатқызбаған жөн. Босқа өткен уақыт деп бос әңгіме-өсек пен салғыласуға, орындалмайтын қиялға, керексіз нәрсені оқуға немесе мағынасыз телехабарды көруге, карта ойынына, уайымдау мен өкінішке, күдікке, т.с.с. пайдасыз істер мен зиянды сезімдерге кеткен уақыт саналады.

Адамда өзінің қалыпты жағдайын сақтауға керекті күш-қуатының тепе-теңдігі болуы керек. Жағымды екен деп көп ұйықтауға, тамақты көп жеуге, қызық-мейрамдарға берілуге болмас. Өзіне өзі өмір жайлы бір сабақ бергісі келген адамға, сабақтың ең бастысы – төзім деген бір сөзге сияды деуге болар еді. Екіншісі – ішкі қарсылықты болдырмау. Содан кейінгісі – қобалжи бермеу, өкінішке ұрынбау, өзінді сөкпеу, мақтан сүйгіш болмау, күндес болмау, мәселені бірінің үстіне бірін жинай бермеу, т.с.с.

Махаббат – биік ұғым, ол тек бір адамның екінші бір адамға сүйіспеншілігі ғана емес. Сол ұғыммен қатар жезөкшелік деген ұғым жүреді, ол махаббатты жер жастандыратын қарсы ұғым. Кей адамдар махаббаты мол секілді көрінгенмен жанының жезөкшелігін жасыра алмайды. Үлкен ақын да, айтулы ғалым да, атақты суретші де, саясаткер де жаны жезөкше болып кездесуі мүмкін. Қажет кезінде жақсы көргендей болып, керек болмаған күні теріс айналу да – жан жезөкшелігі.

Билікқұмарлықтан келіп шығатын ашкөздік, қатыгездік – жан мен тән жезөкшелігі. Сондықтан, билікқұмарлық адамдағы барлық кемшіліктердің ең ауыры әрі зияндысы.

Махаббат пен достық екеуінің бір айырмасы: достық бір жақты болмайды. Тағы бір айырмасы: достықты адамның өзі таңдап алады, махаббат көбіне ұрын келеді.

Аристотель «достықтың көбісі сұхбаттың жетімсіздігінен ыдырайды» деген.

Шын махаббат қолайлылық әкелмейді. Тарихта да, дастандарда да шын махаббат қосылмай қалғандардың арасында болады.

Кей әйел махаббатты қызғанышпен қорғап қаламын деп ойлайды. Махаббатты қызғанышпен қорғай алмайды, құртады. Қызғанышпен махаббаты емес, көрсеқызарлықты, жеңілтектікті, жауапсыздықты ғана қорғауға болады.

Егер жақсы көретін адамымыз біздің ең ізгі және кіршіксіз сезімдерімізді таптаса да, махаббатымызды сақтап, сүйікті адамымызды кешіре білу қабілетіміз қаншалықты биік тұрса, адами бақытқа да соншалықты мол ие бола аламыз.

Қорқу да – құрметтің белгісі. Құдайдан қорқу жаныңды тазартады, ерінен қорқатын әйелдің баласы жақсы болып өседі.

Библияда «Болезнь не дает людям грешить» деген сөз бар. Ауру адамға күнәға баруға мүмкіндік бермеу үшін беріледі, – деген сөз бұл. Адам ауырса Алласын аузына алдымен алатыны осы. «Бір жерден бүлдіріп алдым ба, бойыма күнә артып алдым ба» деп Құдайға жалбырынып кешірім сұрайтынымыз сол шығар. Қартая бастағанда кісі Құдайшыл болатыны да осы себептен болар.

Кемшілігін жасырып айтпай отырғанда, мені түзетуге тырысып отыр деп емес, артықшылығымды мойындап отыр деп түсінетіндер де бар.

Адам баласының көктемі, жазы, күзі, қысы болады. Кейде қыс түспей күз созыла түседі, я болмаса қыс тез өтіп, ерте жылымық келеді. Кейбіреудің көктемі мен жазы ұзақ.

Біздің бір қасіретіміз – ойлауға уақыт таппайтынымыз. Көбіміз ойлау керек деп есептейміз. Кейбіреуіміз біз үшін ойланатындар бар ғой деген масыл пиғылды сіңіргеміз.

Өмірінде қателікке ұрынған адам айыптыны іздеп, уақытын кетірмегені, шығатын жолды іздегені, қателікті қайтып болдырмауға тырысқаны дұрыс.

Бақыт деген сөзге өте үлкен мағына беріп, қол жетпейтіндей көретін кезіміз көп. Бақыт деген ұғымның негізін таңертең аман-есен, ауырсынбастан тұрып, жұмысқа бару, үйдегі бірлік, жұмысындағы түсіністік, осыларды рахаттана сезіну құрайды.

Ересек кісілерде өткенін көп айта беретін әдет болады. Оның себебі, олардың кезінде бәрі дұрыс болғандай көрінеді, соның өтіп кеткеніне, көбіне үлгермегеніне, арманының орындалмағанына, үмітінің ақталмағанына өкінеді.

Оған керісінше, жас адамдардың ойы мен сөзі болашаққа бағытталады. Өйткені, оларды болашақтың қандай бағытта жалғасатыны қызықтырады, болуы мүмкін қиындықтардан қауіптенеді.

Әр ұрпақ өзінен алдыңғы ұрпақтың қателіктерін болдырмай өмір сүруге ұмтылады. Есейе келе көңілдегісінің көбісі орындалмайтынын сезеді. Сөйтеді де, өзі алмаған биікті ұрпағы алса деп ойлайды. Өзінің бар орындалмаған үмітін балаларына аударады.

Адамның басында біреулерге деген сыни пікір үйіріліп жүріп алатын кезі бар. Одан құтылудың жолы – кешіру.

Сөйлеушіден тыңдаушы бағалы.

Адам өзін-өзі мақтау қажеттілігіне қарсы тұра білу керек. Мақтаулы көрінуге тырысу өзгеге үстем қарауға алып барады.

Мақтауға да, даттауға да құлағы керең бола білген адам, егер онысы айладан, менмендіктен болмай, шын пиғылға айналған болса – жетілуге бет алған адам. Ескіден қалған бір сөзде: «Жетілу үшін молаға барып қабірдегі адамды бір түн мақта, ертеңіне барып бір түн датта, сонда қалай міз бақпайтын болса, мақтау мен даттауға солай міз бақпауды үйренсең, сонда жетілгенің» делінген.

Біреуге жақсылық жасаған адам одан қайтарым күтпесін, жақсылықты қайтарымсыз, шын көңілмен жасағанда ғана қайтарым өзге жолдармен өзі келеді. Демек, жақсылық жасасам, қайтарымын күтіп емес, өзім үшін жасадым деп ұғынған ұтады.

Кісі өзінен білімсіздеу, өзінен тәжірибесіздеу адамға пікірін таңбағаны дұрыс. Ішкі дүниесі әртүрлі адамдардың бірі жақсы, бірі жаман болмайды.

Әр адамда өзінің саналы әлемі болады. Ол кездейсоқтыққа жол бермейді. Бастан өткен әрбір іс бізді бір нәрсеге үйретеді.

Қайғы екіге бөлінсе – жеңілдейді, қуаныш екіге бөлінсе екі есе артады.

Айналадағы әсемдіктен, қоршаған нәрсенің бәрінен қуат алуды үйрену керек. Сонда күш алу көздері көбейеді.

Біреудің өткен кезде жіберіп алған айыбын бетіне басу, онысы үшін ұялту ниетінен аулақ болған жөн. Ол мысалдарды ұмыту адамның түзелуіне жол ашады. Түпкі мақсат – сол.

Ұрыс-керіске кірігіп кете беретін кісі ішкі дүниесіндегі қобалжу сезімінен ешуақытта арылмайды. Сондықтан келіспеуге кірісудің орнына достық қалыпқа шақыруға тырысқан жөн.

«Адам біреуге қол ұшын беріп, биікке шығуға көмектескенде ғана оған жоғарыдан қарауға қақылы; еркектер кәріліктің келгенін мойындап, махаббатты ұмыттық дейді, шын мәнінде керісінше, махаббатты ұмытқан күні кәрілікті мойындайды; бүкіл әлем шын басында өмір сүрсек дейді, ал бақыт дегеніңіз сол тауға өрмелеп, биікке көтеріліп келе жатқан сәттің өзі емес пе?!» – дейді Маркес.

Мына өмірде ешкім бәріне бірдей қожайын емес екенін түсініп алған адам ешкім ешкімнен кіші де, ұсақ та емес екенін түсінеді.

Ешкімге тәуелді болғысы келмеген адам сұраншақ болмай: «Сұрасам аса зәру нәрсені сұрадым, қайтарым жасауға тырысамын, ол үшін жарамсақтанып, төмендемейін» дейтін принципті ұстанғаны жөн.

Адам мен қоршаған ортаның бір-біріне әсерін зерттейтін геосаясат ғылымы мемлекет пен оның адамдарын өзін-өзі сақтау және дамыту үшін

планетадағы басқа халықтармен «өмір кеңістігі» жолында бәсекелестік күрес жүргізіп отыратын тірі организм ретінде қарайды.

Ағаштың түбіндегі ылғал қашан қашып кеткенін біз байқай бермейміз. Адамда де өмір сүруге құштарлық, шаттана қуану сезімі сол ылғал секілді қайтып кетіп тұрады, оны да байқау қиын. Адамның қуат алар ылғалын толықтырып тұру үшін, ол өмірінен рахат сезіне білуі, қанағатшыл болуы, ойлай білуі, өмірін өзгертіп отыруға дайын болу керек.

Біреу бай болу үшін, бірнеше жүз адам кедей болуы керек, ал біреу орасан байлыққа ие болса, онда мыңдаған, тіпті жүздеген мың адам кедейленеді. Тіпті кейбір ерте қимылдаған, ақылын жетілдірген, рухын биіктеткен тұтас мемлекеттер бай болады да, кейбір мүмкіндігі мол мемлекеттер басқалардың бетіне жалтақтаумен қалады. Дүниеде бар байлық ашылған, шектеулі, есептеулі. Оның реттелген жүйесі бар. Сол жүйеге енгендер ғана ұтады. Жалғыз адам түгілі, жеке дамығысы келетін мемлекет те сәтсіздікке ұшырайды.

Өткенге өкінбеу үшін өткенге өкінетіндей мүмкіндікке жетудің өзінде өткеннің ізі жатқанын түсіну керек.

Дос-туыстарымен келіспеушілікке барудан гөрі, олардың өзгеруіне әсер ететін құрмет қатынасын таңдаған дұрыс. Сонда бейбіт өмірдің дәмін екі жақ бірдей сезінеді.

Ескіден қалған бір ақиқат бұл күнде ерекше мағынаға ие: егер адам бақытты өзі үшін іздесе, бақыт жақындаудың орнына қашады. Егер адам оны өзгелер үшін іздесе, онда ол адамды өзі табады.

Ешкімді дұшпан тұтпауға әдеттену керек. Біреу дұшпандық танытса, оны ойдан қуып шығуға тырысқан дұрыс. Біреудің басында «үймелеп» қалған ой, өзгелерге де түседі. Сөйтіп, салмақ жан-жақты түседі.

Біреуге жалған ризалық білдіріп, жарамсақтану арқылы біреудің көңілін табуға тырысқаннан, кісі өзіне риза боларлықтай жұмыспен айналысқаны жөн.

Өкпелеу қолайсыздық туғызады. Оның орнына байланыс жасауға ұмтылу – мәселені бейбіт шешудің жолы.

Көзқарас кең көлемде болғаны дұрыс. Әркім өзіне тиімді көзқарасты ұстанса, өзге ойдағылардың, тілдегілердің, діндегілердің қамын кім жейді.

Қай істе болсын, кінә іздеу әрекеті қажетсіз.

Болашақтың жарқын болуына үміт арта отырып, бүгінгі күннің қызығымен рахаттанған дұрыс.

Қолға алған іс біткен кезде қалай болатынына қобалжу істің жүруіне кедергі жасайды. Байсалды қарау тілеулестікке, шабыт пен тиімділікке алып барады.

Әркім өз қиыншылығын өзі жеңуге үйренсін.

«Мен еш нәрсені нашар орындауға тиіс емеспін» деп айта алатын адам, осы сөзді ұстануға өзін ғана бағыттамайды, өзгелерге де үлгі болады.

Шамшылдық – күнә.

Көңілі өсіп, астамси бастаған кісі, оны сезіне сала жол бермеуге тырыспаса, кейін кеш болады. Астамшылдық пиғылдың адамды басынуы оңай, осы пиғылдан ада кісі ғана өзін еркін сезінеді.

Кісі басқаларды айыптай қарамауды, дене жаттығуы секілдендіріп, күніге жасағаны дұрыс. Айыптау арқылы біреуді өзгерту қиын.

Күпіршілік төрт түрлі болады:

1. Ұрлық жасау; ішкілікке салыну; әке-шешеге қарамау; зинақорлық. Бұлар – айқын тәртіпсіздік.

2. Сарандық; тәкаппарлық; ашкөздік; долылық; жынысқұмарлық. Бұлар – құпия күпіршілік.

3. Өтірік айту; өсекке еру; жалақорлық. Бұл – тоғышарлық.

4. Құдайсыздық; жалпақшешейлік; өзімшілдік. Бұл – имансыздық.

Шортанбай адал мен арамды ажырату қабілетінен айырылғандар деп мыналарды айтыпты: кереметі кеткен пір, қасиеті қашқан төре, әділдікті ұмытқан би, жақыннан басқа қасы жоқ мырза, малдан зекет бермеген саран, жабағы жүнін сатқан бай, құтырған құл.

Адам күніне бір мезгіл, тіпті бірер минут қана болса да өзіне үнсіздік сыйлағаны жөн. Ештеңе істемей, бір мезгіл тыныштық көру, одан рахат ала білу керек.

Анда-санда қатты айғайлап, қатты күліп, көз жасын төгіп, осылай жасау арқылы бойдағы теріс қуатты алып тастап тұрған жөн.

Қандай да бір қасиеті үшін біреуді ұнатып қалған кісі, оны сездіруге бата алмайтын, қорқатын, әйтпесе қолы жетпейтін болса, іштей-ақ құрмет жасай бергені мақұл, сонда онысы ол кісіге көзге көрінбейтін байланыс арқылы жетеді.

Өткенді болған жағдайынан жақсарту мүмкін емес, оны жалған боямалап, өзінді алдағанмен, ол оқиғаның куәларын қанағаттандырмайды.

Өткенді өкінішпен еске алу керексіз. Өз өмірінде үстірт жасалған әрекеттерге көп мән беру ештеңе бермейді.

Адам өзі құмартқан ісін жиірек жасауына болады, солай етсе сезімі қанағаттанады, бірақ оның соңына түсіп елігіп кетпегені мақұл.

Алудан гөрі беруге ниеті көбірек ауатын жағдайға жеткен кісі бақытты. Ол жәрдемнің, әсіресе, байқатпай жасалғанда, сыйы мен бірге сәлемі жүргенде, жиналып қалған төлемін жасап жібергенде бағасы артады. Олай жасаған кісінің жаны жайлана түседі.

Біз «бер» деген сөз қалыпты жағдайға айналған ортада өстік, «беремін» дегенді үйрену қиын соғып жатыр, бірақ, бұрынғымыз адамзат қоғамының ізгі заңдарына қайшы еді.

Бір адамнан жақсылық та, зұлымдық та шығады. Оның тек жақсы жағын бағалап, жаманына мән бермеуге жеткен кісі – жетілу жолындағы кісі. Жаманына мән бермеу, бақылап отырған кісі үшін ғана емес, байқап отырған кісінің өзі үшін де керек.

Біреуге қызмет ете кетуге даяр тұру керексіз қасиет.

Біреуді сендіре алатын, пікірінен айныта алатын мүмкіндігім, я өкілеттігім бар деп малдану қажетсіз. Біреудің пікірінің өзгеруі сыртқы әсерге емес, оның ішкі дүниесіне тәуелді болғаны жөн.

Керемет көргенде құр таңырқап қоймай, оған тебірене білуді үйрену керек.

Өз өмірін қарапайымдандыра білген кісі ұтады. Азға қанағат ету – көбірек келуге жол ашады.

Ылғи үлгілі болуға тырысу – адамның жігерін топастандырады, ондай мінез адамды бір ізді, тіпті, сұрқия етіп жіберуі мүмкін.

Басқа кісі туралы теріс ойлау – өзің туралы теріс ойлаумен тең.

Жақсы істен ғана емес, жаман істен де үлгі алып үйренген жөн. Жауыздықта та қонымды қасиет болады, одан да үйренерлік іс бар. Жаманнан қалай болғанда жаман болу мүмкін екенін үйренудің өзі – үлкен мектеп.

Бір істі өте жақсы орындадым деген адам – тығырыққа бет алған адам. Жетілуде шек жоқ. Әрі қарай қалай жетілу мүмкін деген адам, бұдан жақсы болу мүмкін емес дегенмен бірдей.

Кісі өзін өзгелермен салыстырып: «мен оған қарағанда тәуір екенмін ғой» деп тоқмейілсу және «мен онымен салыстырғанда ештеңе де емес екенмін-ау» деп уайымдау бірдей қажетсіз.

Құлшыныс пен тәубені тең ұстай білген адам – жетілудің жолындағы адам.

Күнде таңертең тағдырының ең шешуші күніне қадам басқалы тұрғандай талпыныс жасаған, бой-басына қараған кісі ғана жағымсыз күйден өзін-өзі құтқарады.

Бойын лайықты ұстай білудің өзі кісілік. Үлгінің үлкені – сол.

Танымның атасы – өзінді-өзің тану, демек, күлудің атасы да – өзіңе өзін күлу, яғни, өзіңе-өзің сырт көзбен қарай білу.

«Базарға бар да, бағынды сына» деген сөз бар. Оны қарапайым ғана ұғыммен: базарға барып, затыңды саудалап көр, мүмкін саған тиімді болар, деп түсінуге де болады. Мүмкін бұл жерде тек сауда жасайтын базар ғана айтылып отырмаған шығар? Ойлап көрсек, шешенге – топ алдына шығып сөйлеп байқа, қызға – тұрмыс құрарда тиімді адамыңа жолық, маманға – білім мен білік жарысында бағаң қалай екенін байқа, мүмкін жеңіс қолыңда тұрған шығар, бағынды сынап көр деп те айтылған сияқты.

Одан да тереңірек ойлап қарасақ, сауда базарында да, өмір базарында да, барған кезінде қанағатың мен қорқаулығыңды сына, адалдығың мен астамшылығың қандай, байқап қара, дегдарлық пен дүниелік бақ сынасын деп тұрған жоқ па екен?...

Азамат болуға ұмтылған адамда дүниеге, заманға, уақытқа, кеңістікке деген көзқарас, адам тану, ар тану, мінез тану, ел тану, жер тану, серіктес тану, тіршіліктің күнгейі мен көлеңкесін тану қабілеті ұдайы даму үстінде болуға тиіс.

Адам өз бойын ұдайы бақылап, ұқыптап тексеріп отырғаны жөн, осылай ету бүкіл ұлтқа да керек. Ұлттың озық ойлы азаматтары өз халқының сипатын, мінезін, тәрбиесін, көзқарасын, мәдениетін зерделеп, егер де жаңадан еніп келе жатқан жарамсыз мінез-құлық байқалса, оған ел иелерінің назарын аударып, оны болдырмаудың шараларын көрсетіп, қоғамдық пікір қалыптастырып, ұлтты дұрыс жолға бағыттап отыруға тиіс.

Өзінді-өзің ұдайы тәрбиелеп, жетілдіру деген кейде өз табиғатыңа жат нәрсені жасауға өзінді-өзің зорлау да болып шығады, олай ету үшін төзім керек.

Еркіндік дегеніміз ерікке шексіз ырық беру емес, ол – еркінді билей білу, оны тежеп-тізгіндеп ұстау.

Мемлекеттің көркеюі ұлттың рух биіктігіне байланысты. Мемлекет ұлтты қалыптастырмайды, қайта ұлт мемлекетті қалыптастырады.

Сұлулыққа іңкәрлік пен білімге асықтық – кісі мәдениетінің өлшемі.

Тіршіліктің тірегі, адамдар арасындағы аманаттық байланыс – үміт пен сенім. Үміт күйреп, сенім қирауы – тіршіліктің тірек-тамырына балта шабады.

Әйелі бар еркекті әйелінен айырып, оны жақсы көріп қалған әйелге қосу қазіргі дуағөйлердің қолынан келеді. Бірақ, отбасын бұзған адамның әрекеті ізсіз қала алмайды. Өз бақыты үшін өзге біреуді бақытынан айырудың түбі бақытқа апармайды. Адамды еркінен тыс теріс әсерге итермелеушінің қиянаты да ізсіз қалмайды.

Атом күші электрондардың қуатымен анықталатыны секілді, кез келген толқынның қуаты жеке адамдардың қуат-күшіне байланысты.

Бабалар ерлігі мен елдігін, олардың үлгісін, ата-бабаның абыройын айтып мақтанарда, алдымен соларға лайық болуды ойлаған абзал.

Кейде тобыр санасыз топқа айналады, сыртқы бір әсердің нәтижесінде жүгенсіз болып кетеді. Көкпаршылар мен «Битлз» көрермендері солай.

Өмірден өз қалауын ала алмаған, сезімі қорланған адамдардың жанына жара түседі, олар өзгені өз деңгейінде көргісі, өз жағдайына дейін төмендеткісі келеді. Өйткені, олардың сол арқылы көңілі тынышталады, жарасы емделеді.

Ашу-ыза келе қалған күнде де, оның отын байсалдылықпен, төзімділікпен сөндіре білетін, кінәлілерге кешіріммен қарай білетін кісімен адамдардың бәрі достыққа ұмтылады.

Достық біздің өмірде өзіміз таңдап алу мүмкіндігіне ие аз ғана нәрсеміздің ең қасиеттісі.

Менің өз сезіміме иелік етуді өзіме қой, ол менің ұятымның ісі дей алатын кісіге артық ақыл айтудың керегі жоқ.

Тәнін сатқан әйел кінәлі ме, жоқ, сатып алған еркек кінәлі ме? Әділдігіне бара білсек – еркек кінәлі. Еркектікі – құмарлық, әйелдікі, мүмкін қажеттілік.

Дені сау адамдардың денсаулығы жайлы ілім мыналарды мақсат тұтады:

- 1) адам тегінің сапасын жетілдіру;
- 2) қарын, көз, ой-сана мешкейлігіне тосқауыл жасау;
- 3) қимыл әрекетсіздігін болдырмау, яғни, ой және дене қимылын пайдалану;
- 4) стресті болдырмау, шұғыл ренжімеу;
- 5) сөз сөйлеу мәдениетін жетілдіру;
- 6) ой тазалығына жету, оның арамдыққа бой ұрмауын ұдайы тексеру;
- 7) ішкі нанымның кедейлігімен күрес;
- 8) дінсіздік, жасанды әсерлерді болдырмау.

Адам өмірінің негізгі мақсаты – шындық іздеу. Шындық жолдан адамды адастыратын екі нәрсе бар, ол – тән тілегі мен нәпсі. Осы екеуіне тыйым сала білген адам – жетілу жолындағы адам.

Байлық, билік, бедел үшеуі де ақылсызға жоламайды. Ең болмағанда, олар есебі бар адамға жұғысады.

Бірден көп нәрсені қалаған адам, бірден көп жолға түсуге тырысқанмен бірдей.

Біреуге жақпайтын мінез біреуге жақсы болып көрінсе, ол, я махаббат, я шексіз құрмет.

Әрбір адамды Тәңірі өзгеше, біріне-бірі ұқсамайтын етіп жаратқан және олардың әрқайсысына белгілі бір қабілет дарытқан. Ал, ниет пен таңдауды адамның өзіне қалдырған.

Ұлтты құртатын үш нәрсе бар: дәстүрсіздік, еліктегіштік, тұқым араласуы. Осы үшеуі де қазақтың кемшіліктері санатында.

Өзін-өзі сүю, өзін жөнсіз көтермелеу – адам баласындағы өзгермейтін екі қасиет осы.

Тек өз басын ғана ойлау – өзге әлемдерді жоюдың бағдарламасы сияқты. Тылсым табиғатқа деген өшпенділік жазылмайтын кеселге ұшыратады. Сондықтан адамдарға ренжімеу, жұмысқа байланысты ашу-ызаны бол-

дырмау керек. Жалақыны аз төледі, мені бағаламады, маған әділетті емес дегендерді себеп етсең, реніш-өкпе таусылмайды. Ол себеп емес, салдар. Себеп сіздің жаныңыздың тазармауында. Осыны болдырмау үшін мынадай тілекті іштей қайталап жүрген жөн: «Мен өзімді жақсы көремін, мен басқа адамдарды жақсы көремін, мен Жер-Ананы жақсы көремін, мен Ғарышты, Тәңіріні жақсы көремін».

Сонымен, өз басын ғана ойлау – пенделік нәрселерді тым жақсы көру мен осыған бола Киелі Рухтан баз кешуге дайын болу дегеніміз – тазалықтан, жетілуден, махаббаттан ада болу. Өзін ғана ойлау өзге құрылымдарға зиянын тигізеді. Адамның әрбір қимылының шегі болуы керек, оның әр жағы – құлдырау.

...Будданың намысына тигісі келіпті. Бір ауылға келгенде, оны бәрі жабылып сөгіпті. «Болдыңдар ма, мен жүруім керек, көрші ауылда мені күтіп отыр. Егер болмасаңдар ертең келейін, сендер де келіндер, айтып болмасаңдар, сонда айтыңдар» депті ол. Сонда топтың ішінен «біз саған намысыңа тиер қаншама сөз айттық, соның бірі де әсер етпегені ме, бір ауыз сөз қайтармадың?» дегендерге: «Мен де он жыл бұрын сіздер секілді ойлаушы едім, сол кезде сіздер күткендей жауап берген болар едім, қазір мен өз сезімімді ауыздықтай аламын, өз ісімнің дұрыстығына сенемін, өзім секілді ойлай алмағандарға жаным ашиды. Сіздердің сөздеріңіз осыны есіме түсіріп, рахаттандырады» деген екен. Демек, «жаның шыққыр» деп сөгетін жерде «басың аман болсын» немесе «саған жақсы болса болды», «сені бәрі жақсы көрсе екен», «бай бол» дегенді шынымен айтуға кісі өз жігерін жеткізе білгені жөн.

Орта жолды ұстанған дұрыс, бірақ орта топта болу шарт емес. Орта топта қашанда керексіздер көп. Ол топ ақылдылар мен белсенділерді жақтырмайды. Оларға көп өзгеріссіз тыныш өмір керек.

Байқасақ, болашақ – тек мақсат, міндет, қағидат және үміт қана емес. Болашақ – бұл ізгі мұрат, бұл рух пен бекзаттық, парасаттылық, адамгершілік және әділеттілік. Осылар өшіп қалмауы керек. Демек, өзінің жоспарлары мен үмітінің күлі көкке ұшқанын қабылдай алмаса, іштей сатқындық, пасықтық, әділетсіздік, ізгі-мұраттың құлауы, руханилықтың қорлануы – ауыр кеселдерге ұшыратады.

Сүтті ылғи анамен байланыстыра айтамыз, өйткені сүт ішкен кезде адамның кеудесіндегі махаббаты ұлғаяды.

Қарапайым ойлайтын адам өзіне ұрлыққа түскен көршісін барынша жек көреді. Рухы мықтырақ адам көршісін емес, сондай тәртіпке төзетін қоғамды айыптайды, ал рухани өте бай адам көршісінің мысалында бүкіл адамзат теріс жолға түсіп жатқанына өкініш білдіреді.

Көз алға қарайды, ақыл артқа қаратады.

Өмірге дұрыс көзқарастағы адам ғана сынақтан өтеді.

Өмірде тәуекелге жиі-жиі баратын адам мейірбанды бола бастайды.

Қиын жағдайларға тап болған кезде ызакорлық көрсететін адам тез «сөнеді».

Болашақтан қорқудың да, өткенге өкінудің де керегі жоқ. Қиын кездегі ең қауіпті кезең айыптыны іздеу, ондай кезде өзінді я өзгені айыптау керексіз.

Адамның жануардан айырмашылығы біреу-ақ: жануар тек қазіргісімен өмір сүреді, мысалы шөп берсең жейді, артылғанын таптайды, су берсең ішеді, тағы берсең төгіп тастайды. Адам ертеңге сақтайды, демек ертеңі үшін өмір сүреді.

Билік саласындағы әрбір адам кез келген уақытта: «Мен қолымнан келгенімді жасадым. Менен де жақсы істейтіндер болса – мархабат» дей алуы керек. Бұл жаңалық емес – қадым заманғы Рим империясының билік формуласы.

Қрыловтың бір мысалында маймыл, есек, теке мен аю квартет құрады. Музыка еш үйлеспеген соң, олардың отырған орынын ауыстырады. Сонда да ештеңе шықпайды. Топ немесе команда ішіндегілер Қрыловтың квартетіндегілерге ұқсас болса, ештеңе жасалмайды.

Білім оқумен ғана емес, зеректікпен де келеді. Бағзы замандағы ақындарымыз бен шешендеріміз соның дәлелі. Олардың көбінің білім-сауатынан гөрі зеректігі, қисыны мен ойлау қабілеті, есте сақтау қабілеті жоғары болған.

Өзімізді-өзіміз кімбіз деп ойласақ, сол болып шығамыз. Адамдардың ауырып отырмын дей бергені ауру болатыны мен жетем деген мақсатына жетіп жататыны да осыған мысал.

Қазақ елі мен жерін білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғаған. Бүгінгі шешендердің рухы бұрынғы қазақтарға болған. Бүгінде заман өзгерді, білек пен найзаны білім мен ақыл алмастыру дәуірі туды. Өткенді көксеу кейінге шегіндіреді, өткенді көксеу емес, құрметтеу керек, мақтаныш ету үшін ғана еске түсіру керек. Кешегі құралдармен ұлттың бұрынғы рухын сақтап қала алмайтын болғандықтан, бүгін рухымызды көтерер тәсілдер мен әдеттерді сіңіруіміз керек. Соның жолында патша да, уәзір де, әкім де, қарапайым адамдар да қайрат, жігер, намыс күшін жұмсауы керек. Өткенге мақтанба – оны ешкім алып кетпейді, бүгінге тоқмейілсіме – тоқырап қаласың, өзінді ешқашан ешкімнен қор санама, тең сана, тең болуға ұмтыл.

Теңсіздіктің қай түрі болса да күншілдік пен өшпенділікті тудырады. Кедей байды, надан ақылдыны, тоғышар білімдіні, көріксіз көріктіні күндейді, жек көреді.

Сүлеймен патша жер бетінде жағдайы болмай, тағдырына нала болып жүрген адамды, аңды, балықты, жан-жануарлардың барлық түрінің бірін қалдырмай жинап, соларға арнап теңіз жағасына үлкен дастарқан әзірлеп, сый-сияпат дайындатқан. Шақырылғандар түгел жиналып, дастарқанға отырар сәтте, теңізден алып жайын шығып дайындалған заттардың бәрін бір-ақ қылғытыпты да, қайтадан ғайып болыпты. Осыны көрген Сүлеймен өзінің жасамақ болған ісінің Құдайға күпірлік екенін ұғып, жалбарынып кешірім сұраған екен. Осы секілді ойлары мен істері оны пайғамбар дәрежесіне көтерген.

Ұқсас себептердің қорытындысы да ұқсас болады.

Егер адам төңірегіндегілерден ақылдырақ болса, ол өзгелерден ақылсыз болғанда қалай қолапайсыз көрінер болса, бұл жолы да солай қолапайсыз көрінеді.

Өмірде кездейсоқ бола кеткендей көрінетін нәрсенің бәрінде заңдылық бар.

«Я, Тәңірі, менің дұшпандарыма саулық бер, ал маған төзім бер» – деп шынымен сұрай алу дәрежесіне жеткен адам – жетілген адам.

Өмірдің басты мағынасы – бойындағы барыңды бере білу.

Әрбір мезетті өзгелерге мін тағу емес, төңірекке махаббат тарату үшін пайдалану керек. Адамның махаббаты қаншалықты мол тараса, кеудесіне одан да көп махаббат келіп құйылады.

Кісінің жаны махаббатты қаншалықты көп таратса, адами құндылықтарға да соншалықты көп тәуелді болады. Егер Жан махаббатты тудырмаса, онда ол өшпенділікті тудырады. Егер мені біреу ренжітсе, іштей: «Мен сені жақсы көремін» деп тұруым керек. Егер біреу маған жақсы қылық көрсетсе, оған да соны айтқан дұрыс. Бейтаныс адаммен сәлемдесуге ұялған кісі онымен ойша тілдессін. Әрбір осындай жағдай – бір кісінің өзге бір кісіге махаббат жолдап жатқанын білдіреді.

Махаббат, үлкен есеппен алғанда адами сезім емес, Құдайлық сезім, адамдарда осы сезім қаншалықты мол болса, адам Құдайына соншалықты жақындай түседі.

Махаббат парасатсыз болуы мүмкін және онсыз өмір сүре алады, ал парасат махаббатсыз өмір сүре алмайды.

Кісінің өзін-өзі құтқару ережелері:

Бірінші: өзің үшін өліммен бетпе-бет келер қиын жағдайда оны бағалауды тоқтата тұру керек, өзіңнен өзің «соңы қалай болар екен, аман қалар ма екенмін» деп сұрама. Болған іс биік Еріктің ісі екенін біл.

Екінші: ешқандай бақытсыздық немесе тағдырдың сынағы адамды езіп тастауға не тазалауға берілмейді. «Құдай адамға шамасы келмейтін салмақ салмайды» деген мәтелдің мағынасы осында.

Үшінші: қиыншылық түскен кезде, ешуақытта қорқуға я өкінуге, не ашулануға болмайды.

Төртінші: қандай жағдай болып қалса да, алдымен және жаныңды сала көкірегіңдегі Құдайға деген махаббат сезімін сақтап қал.

Ізгілік, қиын кезде көмек беруді көңіліңнің қалап тұруы Құдайға ұмтылудың қосалқы түрі.

Және, бесінші, жарысқа алдын ала дайындалу керек. Көңілің қалаған кез келген нәрсенің күйреуі, кез келген жоғалту кезінде: «Я, Алла, мұның бәрі менің тазаруым үшін жасалған нәрсе деп қабылдаймын. Не болса да, менің Саған деген махаббатым кемімейді, арта түседі» деген мақұл.

«Бұл дүние басқа бір әлемге өткел екені күмәнсіз. Өткел үсті – кісіге сын, онда шын мәнінде бақытты адам жоқ. Адамдар зиялы және қараңғы болып екіге бөлінеді. Мақсат қараңғылардың санын азайту. Біздің ғылым үйрету деп аспандайтынымыз да сол», – дейді Виктор Гюго.

Жетілу – мақсат, жоспар, міндет қана емес, сонымен бірге руханилық, мораль және парасат екенін білген жөн. «Ақылдырақ болсам, ілгері дамысам, қоршап тұрған өмірді танысам» деу өзіңді өзгертпей, өзгелерге жәрдем бермей мүмкін емес. Адам солай істей бастағанда ғана «бақыт» деп аталатын нәрсенің не екенін сезінеді.

Парасат «сен – маған, мен – саған» деген қағидатпен жұмыс істейді. «Егер мен саған адамгершілікті қатынас жасасам, маған да солай қара» дейді. Демек, парасат адамдардың мінез-құлқы бір-біріне қалай да бір байланысты екенін белгілейді. Ал егер біреу мораль нормаларын өзге біреумен қатынаста адал орындап, бірақ ол кісі сатып кетсе, онда ол оны ғана емес, жалпыадамзаттық мораль мен парасатты да қорлағаны. Ал махаббатты ешкім қорлай алмайды. Егер мен біреуді жақсы көріп, ол маған сатқындық жасаса, мен өзім сол сезімді қорламасам, менің махаббатым өзгенің сатқындығынан қорланбайды.

Адамның жануардан айырмашылығы оның өмірінде таңдау мен жігердің болғанында емес, дамыған санасы бар екендігіне.

Адам болашаққа жабыса бастаса, әлсірейді. Сол кезде алдына ешқандай жоспар мен мақсат қоймай, қазір бір нәрсені орындай қалсам демей, толық босансуы керек, ешқандай салмақ пен қысымның керегі жоқ. Бар жұмысты қойып, тек қуаныш пен махаббат іздесін. Махаббат дегенде төсек қатынасы емес, босаңсыған кезде ләззат іздей бермеген де дұрыс.

Рухани өмірдегі күпірліктер мына ретпен келеді: менмендік, ашкөздік, ашушандық, қараулық, уайымшылдық, күншілдік, уақытты босқа өлтіру.

Бүгінгі күнгі ең үлкен күпірлік – тұрмыстық жағдайы жақсы болуы үшін адам өзгелерді жек көруі, сөйтіп махаббатты сатуы, ал ол адамдағы имани сезімді өлтіреді, өзгелердің сезіміне де шабуыл жасайды.

Екінші – өткенге, бүгінге немесе болашаққа өкіну, оқиғаны тездетуге немесе тоқтатуға тырысу, яғни, уақытқа қарсы бағытталған барлық қателіктер.

Үшіншісі – адамдарды жек көру мен оларға ренжу, адамға деген дәреке қатынас.

Төртінші – тірі және өлі объектілерге ғайбат сөз айту.

Шопенгауэр: «Әрбір ірі қасірет, тәндікі не жандыкі болсын, біздің өзімізге лайық; егер біз оған лайық болмағанда, ол қасірет бізді қуып жетпеген болар еді» дейді.

Таза ақпаратты пенде тірліктегі қылығына қарай құрметтеу не жазалау тетігінен алуға болады, ол үшін жан мен тәннің пенделік талаптарынан арыла білу керек. Шын емші мен байланысшылар ашығудан, қиналудан азап шекпеген, яғни, дүниеге құмартпаған. Шын емшілердің әулие дәрежесіне көтерілу себебі де сол.

Ауру рухтың құралы болып табылады, бірақ біздің жетілмеуіміз рухты аяғына дейін тануға мүмкіндік бермейді және ауруға тек рухтық тәсілмен әсер ете алмаймыз. Сондықтан, біздің жетілмеген рухымызды медицина толықтырады. Медицинадағы ерте диагностика жасауға ұмтылу – рухтану жолындағы қадам.

Сонымен, адам біртіндеп рухқа, руханият пен мәдениетке қайта оралып келеді, өйткені бұл – арылудың жалғыз мүмкіндігі.

«Я, мені Жаратушы Тәңірі! Менің саған деген махаббатым – менің үлкен бақытым және өмірімнің мағынасы. Бұл тірлікте мен иеленген және ие болатын бақыт – маған және менің ұрпағыма Саған деген махаббатымды арттыратын құрал мен тәсіл. Менің өмірімде болған және болатын бар жағдайды Сен жіберген нәрсе ретінде қабылдаймын, менің жаным оны сүйіп қабыл алады» дей білген және сонысына шынымен сенген адам – жетілген адам.

Бақыттың рецепті көп, солардың кейбірі: қиындыққа қайыспай қарсы тұра білу, ешқашан ашуға жол бермеу, өзгені кінәламау, тағдырдың кездестірген әділетсіздіктерін санамаламау, жасанды уайымсыз болып көріне тұрып мылжыңбас уайымшыл болмау. Кездескен қолайсыздықтарға бейтарап болып, бетімен жібермеу. Жеңуге талпыну – депрессияға қарсы ең тамаша күрес. Өмірге қалыпты және шыншыл қарау.

P.S. Ойдың сезімге, мінезге және көзқарасқа айналуы бірден емес, біртіндеп болады. Менің ойларым да осы сатылардан біртіндеп өтті.

Мұхтар Әуезов: «Адамның қай мінезі қасиеті болса, сол мінезі міні де болмақ» деген екен. Артық ақылдымып, түсіндіремін деп көп әуреленіп кетсем, құрметті оқырманым кешірет... Жеткізу – бізден, қабылдау-қабылдамау еркі өзіңізге.

Сүлеймен патшаға Сава патшайымы бірдей киінген алпыс баланы әкеліп, «осылардың жартысы ұл, жартысы қыз, соны айырып беріңіз» дегенде, Сүлеймен бір қап жаңғақты әлгі балалардың алдына шашып тастап жинап алуды бұйырыпты. Сонда ұл балалар жаңғақты жинап қалталарына салыпты да, қыз балалар етегіне жинапты. Менің жазғандарымды да бір кісі қалтасына, біреулер етегіне салар, бір кісі көңіліне түйер, біреулер керек етпес, дегенмен тым болмағанда ойды қозғауға септігі тиер.

Сол патшайым Сүлеймен патшаға тағы бірнеше жұмбақ айтыпты. Жан-жануар мен өсімдіктің тілін білген Сүлеймен патшайымның жұмбақтарының бәрін шешіпті. Соның бірі: «Өлмей тұрып жерге кіретін не?» деген жұмбақ болса, бұған патша: Дән» деп жауап беріпті.

Ал сол бір түйір дәннен қос уыс астық шығады.

Демек, дән – менікі, ардақты оқырман, ал, санаға түскен сол дән тудырған астық – әрине, тек Сіздердікі!

XII.1999 – XII.2001.

МАЗМҰНЫ

Беташар	3
Конфуций	4
Сенека	37
Толстой тағылымы	53
Шәкәрімнің ар ілімі	97
Сөз-күдірет	306
Ақселеу асуы	342
Бітігші	619
Абзалдық әліппесі	710
Өзіме сабақ	774

Кітап жөніндегі ой-пікірлерімен бөліскісі келген оқырмандар үшін
автордың байланыс құралдарын береміз:
тел. 87011110260,
e.mail: makekemel@mail.ru,
сайт: www.kemel.info

Кітапты шығаруға жауапты –
«Қазығұрт» баспасы» ЖШС-нің президенті –
Темірғали Мұратбекұлы КӨПБАЕВ

Мырзагелді КЕМЕЛ

Екі томдық шығармалар жинағы

Бірінші том

Редакторы **Күнімжан ЕРЛЕПЕС**
Суретшісі **Нұран АЙЫМБЕТ**
Техникалық редакторы **Дарико ОМАРҒАЛИЕВА**
Беттеген **Нұрбүбі САДЫҚОВА**

ИБ № 399

Басуға 02.09.2013 ж. қол қойылды.

Қалыбы 60x90 $\frac{1}{16}$. Офсеттік басылым.

Қаріп түрі: Times New Roman.

Шартты баспа табағы 53,0.

Мемлекеттік тапсырыс есебінен 4000 дана + баспа есебінен 1000 дана.

Тапсырыс №

«Қазығұрт» баспасының
компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«Қазығұрт» баспасы, 050009, Алматы қаласы,

Абай даңғылы 143, 522-офис.

Телефон (факс): 8(727) 394-42-86

e-mail: kazygurt@list.ru

http: //www.kazygurt.kz

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93а,
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

ISBN 978-9965-22-459-1



9 7 8 9 9 6 5 2 2 4 5 9 1